

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ
КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ КОРКЫТ АТА
KORKYT ATA KYZYLORDA UNIVERSITY



KORKYT ATA
UNIVERSITY

Педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент Манат Кеңесқызы Жайлауованың 60 жылдығына арналған
**«ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІК ЖАҒДАЙЫНДА ЗАМАНАУИ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР»**
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

(Қызылорда қ., 22 қараша 2024 ж.)

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции
**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ПСИХОЛОГО-
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО
ПРОСТРАНСТВА: ОПЫТ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**
посвященной 60-летию кандидата педагогических наук,
доцента Манат Кенесовны Жайлауовой

(г.Кызылорда, 22 ноября 2024 г.)

MATERIALS

of International scientific and practical conference
**«ACTUAL PROBLEMS OF MODERN PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL
EDUCATION IN THE DIGITAL SPACE: EXPERIENCE AND PERSPECTIVES»**
dedicated to the 60 th anniversary of candidate of pedagogical sciences,
associate professor Manat Kenesovna Zhailauova

(November 22, 2024. Kyzylorda)

УДК 37.0(069)
ББК 74.00
П 24

Редакция алқасы: М.Ә. Бөрібаева, Қ.Ә. Омаров, Н.А. Сақтаганова, Ш.М. Майгельдиева, Б.Ж. Бекжанова, Л.Д. Жамансариева, Г.К. Накыпова, А.У. Керейбаева, Д.Т. Байболова

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Манат Кеңесқызы Жайлауованың 60 жылдығына арналған «ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІК ЖАҒДАЙЫНДА ЗАМАНАУИ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 22 қараша, 2024 - Қызылорда: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, 2024. – 1132 б.

Материалы международной научно-практической конференции «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ПСИХОЛОГО - ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО ПРОСТРАНСТВА: ОПЫТ И ПЕРСПЕКТИВЫ» посвященной 60-летию кандидата педагогических наук, доцента Манат Кеңесовны Жайлауовой, 22 ноября, 2024. – Кызылорда: Кызылординский университет имени Коркыт ата, 2024. – 1132 с.

Materials of International scientific and practical conference «ACTUAL PROBLEMS OF MODERN PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE DIGITAL SPACE: EXPERIENCE AND PERSPECTIVES» dedicated to the 60th anniversary of candidate of pedagogical sciences, associate professor Manat Kenesovna Zhailauova, november 22, 2024 – Kyzylorda: Korkyt ata Kyzylorda University, 2024. – 1132 p.

ISBN 978-601-7345-16-7

Жинақта ғалымдардың, ЖОО профессор-оқытушылары мен колледж, жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің, мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің, докторанттар мен магистранттардың цифрлық білім беруде жоғары және жалпы білім беретін мектептерде оқыту дизайнын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, бастауыш білім беруді цифрландырудың өзекті мәселелері, цифрлық трансформация жағдайында мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің даму тенденциялары жөніндегі ғылыми-тәжірибелік мақалалары ұсынылған.

В сборнике представлены научно-практические статьи ученых, преподавателей высших учебных заведений, колледжей и учителей общеобразовательных школ, воспитателей дошкольных учреждений, докторантов и магистрантов, посвященные психолого-педагогическому сопровождению дизайна обучения в высшей и средней общеобразовательной школе в контексте цифровой реальности, актуальным проблемам цифровизации начального образования, тенденциям развития дошкольного обучения и воспитания в условиях цифровой трансформации.

The collection includes scientific and practical articles by researchers, faculty members of higher educational institutions, college lecturers, secondary school teachers, preschool educators, doctoral students, and master's students. The articles are dedicated to the psychological and pedagogical support of educational design in higher and secondary schools within the context of digital reality, the current challenges of digitalization in primary education, and trends in the development of preschool education and upbringing in the era of digital transformation.

Электронды басылым
Электронное издание
Electronic edition

© 2024 Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС
ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ
PLENARY SESSION

**ПЕРСОНИФИКАЦИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ СТУДЕНТОВ В
ЦИФРОВОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ УНИВЕРСИТЕТА**

**Каргапольцева Н.А.,
доктор педагогических наук, профессор, профессор кафедры общей и
профессиональной педагогики ФГБОУ ВО «Оренбургский государственный
университет», г. Оренбург, Российская Федерация**

karna1@yandex.ru

+79226254082

Проблема качественной подготовки специалистов в образовательной среде современного университета является актуальной, что обусловлено переходом развитых стран к всеобщему высшему образованию на основе доступности цифровых технологий, расширением потенциала неформального образования, обеспечения качества образовательных ресурсов средствами персонификации профессионального образования. Цель персонификации, согласно документам ЮНЕСКО, заключается в том, чтобы обучающиеся взяли на себя ответственность за процесс обучения и его результаты. (1)

Инновационный потенциал образовательной среды способствует изменению образовательных программ профессионального образования, а также актуализирует расширение спектра образовательных технологий их освоения. Широкое использование электронного обучения, сетевых форм организации взаимодействия преподавателей и студентов в системе профессионального образования, мотивирует образовательных партнеров, бизнес-структуры на реализацию совместных программ и проектов. (2)

Проблема персонификации образовательного процесса терминологически соотносится с известным в педагогике понятием индивидуализации. (3) Сравнительный анализ этих понятий позволяет уточнить, что индивидуализация относится к профессиональной деятельности преподавателя, который учитывает индивидуальные особенности студентов в коллективном обучении, а персонификация мотивирует студента к активному образовательному взаимодействию, развивает его субъектную позицию.

Таким образом, основное отличие этих понятий в том, что персонификация учитывает в образовательном процессе не только индивидуальные особенности обучающихся, но и активизирует их внутренний потенциал, образовательную мотивацию личности. Именно субъектная позиция способствует успешному освоению современных образовательных программ, спроектированных на таких идеях, как: быстрое обновление содержания образования, ориентация на технологичность образовательного процесса; развитие мобильности, вариативности образовательной деятельности; выявление и создание условий для осознания личностью своей уникальности и самобытности; построение нелинейного образовательного процесса в открытой образовательной среде, способствующего самоорганизации и формированию осознанного выбора в различных видах деятельности.

Стратегия персонификации образования предполагает принятие студентами ответственности за процесс обучения; построение индивидуального образовательного маршрута, образовательной траектории с учетом потребностей и возможностей обучающихся; развитие познавательной мотивации и образовательного выбора; развитие активной позиции обучающихся, их ответственности и самостоятельности; педагогическое сопровождение личностного самоопределения и поддержка достижений; использование возможностей дистанционных технологий для обеспечения персонифицированного образования.

Реализация идей развития университетского образования заключается в создании образовательной среды, которая предполагает разработку и внедрение новых форматов социального партнерства для поддержки каждого студента, укрепление гуманистических межличностных отношений между участниками образовательного процесса, ориентацию на значимые события в жизни университета, важные для обучающихся. Организация персонафицированного образовательного процесса включает реализацию стратегий самообучения студентов, установление связей между основными и дополнительными программами образования.

Внеаудиторная деятельность и дополнительное образование студентов также способствуют реализации идей персонализации образования, создают ситуации личностного успеха каждому студенту, повышают мотивацию к обучению, развивают навыки самоорганизации и самоконтроля. Внеурочная деятельность дает возможность выходить за рамки аудиторной работы, участвовать в конференциях, экспериментировать в лабораториях, особенно при сетевом и проектном сотрудничестве вузов.

Проектирование индивидуальных образовательных маршрутов самими обучающимися позволяет выбирать курсы по содержанию и роду деятельности, отвечающими их интересам, в том числе в условиях дистанционного обучения. Гибкая система внеаудиторной деятельности учитывает индивидуальные характеристики студентов, определять темп, уровень сложности образовательных программ, способствует повышению качества учебных достижений. (4)

Внеаудиторная деятельность становится также эффективным средством персонафикации обучения, поскольку является способом обучения, направленным на осознанное самостоятельное принятие решений, фиксацию и оценку результатов, внутреннюю рефлекссию и формирование таких личностных свойств, как самопонимание, самооценка и самопрогнозирование себя и своей деятельности.

Апробация и внедрение инновационной педагогической идеи о персонализации профессионального образования студентов в цифровой образовательной среде позволяет объединить элементы преемственности, интеграцию аудиторной деятельности и дополнительного образования, что способствует формированию и успешной реализации студентами своего личностного потенциала.

Успешно реализуемый в России Федеральный Проект «Цифровая образовательная среда» является направлением Национального проекта «Образование», который создает и направляет внедрение в образовательных организациях цифровой образовательной среды, а также обеспечение реализации цифровой трансформации системы образования.

В рамках Проекта ведется работа по оснащению организаций современным оборудованием и развитие цифровых сервисов и контента для образовательной деятельности. Характеризуя содержательную направленность Проекта, следует отметить такие положения, как:

цифровая образовательная среда рассматривается исследователями как часть образовательной среды; предоставляет возможности для развития субъектности участников образовательной среды, выбора программы образования, формирования индивидуального образовательного маршрута, образовательной траектории; включает ресурсы организации образовательной среды (технические, технологические, методические), обеспечивающие управление образовательным процессом; трансформирует механизм взаимодействия субъектов образовательной среды; связывает между собой понятия: «цифровая образовательная среда», «электронное образование», «дистанционное образование»; «онлайн-обучение», «онлайн-курсы», «информационно-образовательная среда», «виртуальная образовательная среда»; ориентирована на создание открытой, доступной, качественной и безопасной цифровой образовательной среды, индивидуализацию обучения.

В отличие от образовательной среды цифровая образовательная среда, интегрирует ценностные, мотивационные, эмоциональные и рефлексивные механизмы субъектов обучения.

В современных исследованиях (5) выделяются такие направления цифровизации образовательной среды, как перенос учебных материалов в электронную среду; проектирование интерактивной электронной образовательной среды взаимодействия преподавателя и обучающихся, обеспечивающей доступ к электронным информационным и образовательным ресурсам университета; разработка инновационных учебных ресурсов; организация инновационных форм обучения за счет использования ресурсов электронной образовательной среды университета; использование в образовательной деятельности ресурсов «искусственного интеллекта».

Цифровизация образовательной среды создаёт предпосылки для развития цифровой грамотности преподавателя и студентов вуза как субъектов коммуникации.

Среди коммуникативных умений, необходимых для преподавателя современного университета в аспекте соответствующих направлений цифровизации образовательной среды, исследователи (6) отмечают умения использовать офисное программное обеспечение для представления учебных материалов и педагогической работы; использование Интернет-ресурсов для образовательных целей; применение средств синхронной и асинхронной Интернет-коммуникации; разработка электронных учебников с элементами интерактивных технологий; осуществление образовательного процесса в онлайн и (или) смешанном режиме; взаимодействие в сетевых педагогических сообществах; использование технологии искусственного интеллекта в образовательных целях; субъектное участие преподавателя университета не только как пользователя, но и организатора, разработчика ресурса цифровой образовательной среды, сопровождающего студентов в освоении профессиональной деятельности.

Список литературы:

1. Personalized Learning // Unesdoc Цифровая библиотека URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000250057> (дата обращения: 07.09.2024).
2. Аксенова А.Ю., Примчук Н.В. Принципы персонификации образовательного процесса в постнеклассической дидактике (антрополого-аксиологический подход). // Человек и образование. - 2022. - №1. - С. 177-186.
3. Лопанова Е.В., Савина Н.В. Соотношение понятий персонализация, персонификация и кастомизация образования // Проблемы современного педагогического образования.. - 2021. - №№ 72 (4). - С. С. 181- 184.
4. Ильина С.П., Циммерман Н.В. Развитие идеи индивидуализации образования как историческая предпосылка персонифицированного обучения // Человек и образование. - 2020. - №№ 4 (65). - С. С. 57-63.
5. Казаков И.С. Научно-методическое обеспечение персонифицированного обучения в педагогическом вузе // Вестник Сочинского государственного университета туризма и курортного дела. - 2011. - №№ 1 (15). - С. С. 66-69.
6. Тряпицына, А. П. Особенности коллективного исследования персонифицированного обучения в современной ситуации развития отечественного образования / А. П. Тряпицына // Персонификация образовательного процесса в открытой образовательной среде современного образования : сборник докладов XII научно-практической конференции, Санкт-Петербург, 07 июня 2022 года. – Санкт-Петербург: Центр научно-информационных технологий "Астерион", 2022. – С. 6-10. – EDN IGODNX.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЙЫНДАУ

Сардарова Ж.И. п.ғ.д., қауымд.проф.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Аннотация. Мақала бүгінгі күнгі өзекті мәселе - инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагогтарды дайындауға арналған. Автор бүгінгі таңда «Арнайы педагогика» мамандығының қажеттілігі мен маңыздылығы басты факторлармен негіздей отырып, Қазақ ұлттық педагогикалық университеті базасында осы бағытта маман даярлау жұмысына шолу жасаған. Жалпы инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлаудың айрықша ерекшелігі құзыреттілік тәсілге бағдарлану болуы керек, оған сәйкес білім беру процесінің күтілетін нәтижесі білім мен дағдылар жүйесі емес, негізгі құзыреттер жиынтығы болып табылатындығын негіздеген.

Тірек сөздер: Инклюзивті білім беру, болашақ педагог, ерекше қажеттіліктері бар оқушылар, білім алушылар, құзырет, құзыреттілік

Аннотация. Статья посвящена актуальному на сегодняшний день проблеме - подготовке будущих педагогов в условиях инклюзивного образования. Автором проведен обзор работы по подготовке специалистов в данном направлении на базе Казахского национального педагогического университета, обосновав основными факторами необходимости и значимости специальности «Специальная педагогика». В условиях инклюзивного образования в целом отличительной особенностью подготовки будущих учителей должна быть ориентация на компетентностный подход, в соответствии с которым обосновано, что ожидаемым результатом образовательного процесса является не система знаний и умений, а совокупность основных компетенций.

Ключевые слова: Инклюзивное образование, будущий педагог, учащиеся с особыми потребностями, обучающиеся, компетенции, компетенции

Annotation. The article is devoted to the current problem - the training of future teachers in the context of inclusive education. The author reviewed the work on training specialists in this direction on the basis of the Kazakh National Pedagogical University, justifying the need and importance of the specialty "special pedagogy" today with the following factors. A distinctive feature of the training of future teachers in the context of inclusive education in general should be the orientation towards a competency approach, according to which he substantiated that the expected result of the educational process is not a system of knowledge and skills, but a set of key competencies.

Key words: inclusive education, future teacher, students with special needs, learners, competence, competences

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласындағы реформалар гуманистік бағытқа ие, ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың білімі ерекше орын алады. Бүкіл әлемде инклюзивті білім беру жалпыға бірдей қабылданған тенденция болып табылады, ол ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту мен тәрбиелеуді білдіреді. Инклюзивті білім беру балалардың барлық санаттарының сапалы білім алуға қол жеткізуін, әлеммен байланыстың кедергілерін жоюды және жалпы қоғамға интеграциялауды қамтамасыз етеді. Білім беруді реформалау жағдайында болып жатқан әлеуметтік-педагогикалық процестердің мәнін түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлауы бар мұғалімдерді даярлау қажеттілігі туындайды. Дені сау балалармен жұмыс істеуге ғана емес, сонымен қатар көптеген әлеуметтік факторларды, жақын ортаның ерекшеліктерін және

әлеуметтену ерекшеліктерін ескере отырып, дамуында әртүрлі ауытқулары бар балаларға бағытталған жоғары деңгейлі мектеп мұғалімдері бұрынғыдан да қажет.

Бүгінгі таңда «Арнайы педагогика» мамандығының қажеттілігі мен маңыздылығы келесі факторлармен негізделеді:

біріншіден, белгілі бір бұзылыстары бар балалар санының күрт өсуімен байланысты (балалардың 85%-да дамуында кемшіліктер бар және олардың шамамен 9-11%-не арнайы педагогтың (дефектологтың) көмегі аса қажет);

екіншіден, инклюзивті білім беру жағдайында арнайы педагог ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуында әлеуметтік маңызы бар тұлға болып табылуымен сипатталады.

"Ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті" қамтамасыз етудің мемлекеттік деңгейде бекітілген кепілдіктері ("ҚР Білім туралы" Заңы) білім беру жүйесінің алдына бүгінгі таңда шешуін табу үстіндегі міндеттер қойды. Соның ішінде инклюзивті білім беруді белсенді енгізумен байланысты жоғары мектептің маңызды міндеті педагог кадрларды инклюзия жағдайында жұмысқа дайындау болып табылады. Педагогика саласында қажетті құзыреттіліктерді меңгерген және әркімге қолжетімді, түрлі білім алушыларға білім беру қажеттіліктеріне, олардың жеке ерекшеліктеріне бағдарланған білім бере алатын жаңа мұғалімді даярлау. Бұл бағытта Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қазақстандық жоғары педагогикалық білімнің флагманы ретінде «Арнайы педагогика» мамандығы бойынша педагог кадрларды даярлаудың бай тарихына ие. Себебі елімізде алғаш арнайы білім беру жүйесіне педагог кадрларды даярлау 1975 жылдан бастап осы университет базасында жүзеге асты.

Бүгінгі таңда «Арнайы педагогика» кафедрасы үш сатыға (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкес сұранысқа ие *9 білім беру бағдарламаларын* жасақтап, бәсекеге қабілетті мамандар дайындауда.

Кафедраның басты миссиясы - арнайы педагогика саласындағы озық зерттеулер нәтижелерінің трансформаторы болу, арнайы педагог мамандығының сұраныс беделін арттыру және оны дамытудың қуатты драйвері болу. Оның нақты дәлелі -2023-2024 оқу жылына арналған «7М01908 - Арнайы педагогика: аутизм спектрі бұзылған балаларды сүйемелдеу» пилоттық білім беру бағдарламасы ХАМК Университетінің (Финляндия) халықаралық сарапшыларының және Назарбаев Университетінің кеңесшілерінің қатысуымен әзірленіп, іске асуда.

1) Барлық педагогикалық мамандықтарға «*Инклюзивті білім беру*» пәні (3 кредит)

2) Педагогикалық емес мамандықтарға *Инклюзивті білім беру ортасы*» пәні minor (минор).

Бұл курстың мақсаты - болашақ педагогтарда инклюзивті білім беру әдіснамасын жүйелі түсіну негізінде білім берудегі инклюзивтілік қағидатын іске асыруға негіз болатын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру жүйесіне қосудың практикалық міндеттерін шешуге ықпал ететін кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Курстың соңында студент:

Білуі тиіс: ЕББҚ бар балалардың жас, психофизикалық және жеке ерекшеліктері; инклюзивті тәжірибенің ерекшеліктері, қиындықтары мен кедергілері; инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық технологиялары;

Қолдана білу: ЕББҚ балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру; оқу-тәрбие процесінде ЕББҚ балаларды сүйемелдеуді ұйымдастыру;

Меңгеру керек: ЕББҚ бар балалармен тиімді қарым-қатынас жасау дағдылары; олардың әлеуметтенуіне және бейімделуіне ықпал ететін ЕББҚ балалар үшін қолайлы ортаны ұйымдастыру дағдылары.

Аталған курстарға білім алушылардың қызғушылығын, ынтасын және оны игеру сапалығын анықтау үшін курс басында және аяғында мониторинг жүргізілген болатын.


Алғашқы мониторинг мақсаты: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге білім алушылардың қызығушылығы мен дайындық деңгейін анықтау. Өткізу мерзімі: 1-ші апта.

Сауалнама нәтижелері:

88% - білім алушылар пәнді игеруге ерекше ниет білдіріп, оқуды қолдады:

8 % - жауап беруге қиналды

4 % - қолдамады



Қорытынды:

1. Инклюзивті білім беру жағдайында пәннің өзектілігін, маңыздылығын мазмұнды ашуға назар аудару қажеттілігі


2. Пәнді сапалы меңгеру үшін инновациялық технологиялар мен оқытудың белсенді әдістерін кеңінен қолданудың маңыздылығына баса назар аудару.

Екінші мониторинг мақсаты: пәнді меңгеру деңгейін анықтау. Өткізу мерзімі: 15-ші апта

Сауалнама нәтижелері

Мақсаты: пәнді меңгеру деңгейін анықтау.

Өткізу мерзімі: 15-ші апта



Сауалнама нәтижелері: Білім алушылардың:

97 % - ы пән материалын толық игерген және оқытуға қанағаттанды

3 % - жауап беру қиыналды

Қорытынды:

1. Пәнді сапалы меңгеру, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

2. ЕББҚ балалардың дамуы үшін психологиялық қауіпсіз және ыңғайлы арнайы білім беру ортасын құра алады
3. Олар психофизикалық және жас ерекшеліктерін, ЕББҚ білім алушылардың әртүрлі топтарының ерекше білім беру қажеттіліктерін біледі.
3. ЕББҚ білім алушылардың әртүрлі санаттарымен атаулы жұмыс істеу үшін қажетті инклюзивті технологияларды қолдану негіздерін меңгерген.
5. ЕББҚ оқушыға арналған жеке білім беру маршрутын жобалай алады

Жалпы инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлаудың айрықша ерекшелігі құзыреттілік тәсілге бағдарлану болуы керек, оған сәйкес білім беру процесінің күтілетін нәтижесі білім мен дағдылар жүйесі емес, негізгі құзыреттер жиынтығы болып табылады. Бұл ретте негізгі ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: академиялық құзыреттер (жаңа білімді үйрену қабілетін айқындайтын); әлеуметтік-тұлғалық құзыреттер (қоғам мен мемлекеттің идеологиялық және адамгершілік мұраттарын ұстану қабілетін қамтамасыз ететін); кәсіби құзыреттіліктер (проблемаларды тұжырымдауға, міндеттер қоюға, оларды шешу жолдарын анықтауға, жоспарлар әзірлеуге және олардың педагогикалық қызметтің әртүрлі салаларында орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді).

Зерттеушілер инклюзивті білім берудің тиімді болуы үшін бүкіл қоғамның және, ең алдымен, олардың кәсіби ойлауының басты құрамдас бөлігі болуы керек және инклюзия саясатын жүзеге асыратын оқытушылардың менталитетін өзгерту қажет екенін атап өтті. Бұл инклюзивті білім берудің негізгі проблемаларының біріне айналатын мұғалімнің жеке басы. Мұғалім жоғары мәдениетке, моральдық тұрақтылыққа және кәсіби құзыреттілікке ие болуы керек. Ал бұл өз кезегінде жаңа міндеттер қою – инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін жоғары білікті мамандарды даярлау.

Қазіргі жағдайда білім беру инклюзивті білім беру саласында білімі мен дағдылары жоғары, сондай-ақ шығармашылық әлеуеті бар бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауды талап етеді. Мұғалім білім алушылардың шығармашылық қызметке тартып қана қоймай, сонымен қатар өздерінің шығармашылық әлеуетін дамытуға үйретуі керек. Мұғалімнің әр оқушымен диалог табуға деген ұмтылысы кәсіби табыстың негізі болып табылады.

Болашақ мұғалімдерді инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа дайындаудың маңызды факторы эмоционалды құзыреттілік болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, тұлғаның дамудағы өзін-өзі жүзеге асыруы, кәсіби салада оның өмірлік тәжірибесіне, біліміне, дағдыларына, қабілеттеріне ғана емес, сонымен қатар эмоционалды құзыреттілік деңгейіне де тікелей байланысты.

Ғалымдардың тәжірибелері мен зерттеулері көрсеткендей инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдердің жұмысқа дайындығын қалыптастыру келесі принциптерге негізделген: - бала өмірінің құндылығының негізгі басымдығын анықтайтын ізгілендіру принципі; - білім беру және әлеуметтік кеңістіктегі әр баланың жеке басына құндылық қатынасының принципі (толерантты қарым – қатынас пен өзара әрекеттесу ортасын құру, және әрқайсысының жеке ерекшеліктеріне құрметпен қарау).

Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдердің жұмысқа дайындығын қалыптастыру процесінде ғылыми принцип ЖОО-да немесе біліктілікті арттыру курстарында білім алушыларға хабарланатын ЕББҚ балалардың даму ерекшеліктері туралы, даму бұзылыстарының түріне және дәрежесіне байланысты білім беру мазмұнын бейімдеу немесе оңайлату мақсаттары мен әдістері туралы мәліметтер қазіргі ғылыми жетістіктеріне, зерттеулерге сәйкес келуі керек деп болжайды.

Қолжетімділік қағидаты инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерінің жұмысқа дайындығын қалыптастыру процесінде оларға ұсынылатын барлық

ақпарат қолжетімді болуы тиіс, бұл ретте әрбір білім алушы ақпарат алудың және онымен жұмыс істеудің қажетті құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс деп болжайды. Теорияны практикамен байланыстыру принципі іргелі болып табылады, өйткені сабақтарда немесе курстарда алынған және практикада қолданылмаған білім маңыздылығын жоғалтады. И.Гете атап өткендей," теория мен практика ингаляция және дем шығару ретінде және оларды бөлек қарау жүйенің бұзылуына әкеледі.

Ынтымақтастық принципі білім алушылардың оқытушының ынталандырушы рөлін ерікті түрде қабылдауына негізделген университеттің білім беру процесінде шығармашылық қатынастарды дамытуды көздейді, бұл одан үйренуге, онымен сөйлесуге деген ұмтылыста көрінеді. Ынтымақтастық нәтижесінде студенттер де, оқытушылар да субъектілер болып табылады және қарым-қатынас серіктестері ретінде әрекет етеді. Мұғалімдерді инклюзивті білім беруге дайындауда ынтымақтастық принципі бұрынғыдан да маңыздырақ, өйткені. инклюзивті білім беру идеясының негізі мұғалімдердің басқа мамандармен, ата-аналармен және т. б. ынтымақтастығы болып табылады.

Арнайы педагогикадағы педагогикалық оптимизм принципі бұл принцип мұғалімнің өз еңбегінің оң нәтижелеріне қол жеткізуге деген сенімі ретінде түсіндіріледі. Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін жалпы білім беретін мұғалімдерді дайындауда болашақ қызметке оптимистік көзқарас ерекше маңызды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, болашақ мұғалімнің дайындығы құзыреттер кешені арқылы мазмұнды түрде ашылатын және өзекті жағдайларда тиімді кәсіби-педагогикалық қызмет мүмкіндігін анықтайтын тұлғаның күрделі интегралды субъективті сапасы ретінде анықталады және бұқаралық мектепте "ерекше" балаларды оқытуға жағдай жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететін маңызды детерминант болып табылады. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың тең өмір сүру құқығын танудағы әлемдік әлеуметтік тенденцияларды талдау, сондай-ақ жалпы білім беретін ұйымдарда білім алу инклюзивті білім беруді идеалды іске асыруға қол жеткізу үшін тек физикалық орта құру ғана емес, сонымен қатар ең басты шарт инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрлардың жұмысқа дайындығын қалыптастыру болып табылатынын тағы да дәлелдейді.

Қазіргі кезде инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагогтарды дайындау жұмысына оң қадам жасалып, өзгерістер орын алуда:

- бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі;
 - инклюзивті білім беру жағдайында болашақ педагогтарды дайындауға арналған білім бағдарламалары бәсекеге қабілеттігі күшеюі;
 - жоғары инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;
 - ЖОО-да ЕББҚ студенттер проблемасына қызығушылық танытып, тереңірек енуі;
 - ЕББҚ студенттерді қолдау бағдарламаларын іске асыру;
- оқытушыларға көмектесу үшін біліктілікті арттыру курстары мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу қарқындылығы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мовкебаева З.А. Роль высших учебных заведений в модернизации процесса образования лиц ограниченными возможностями в развитии// Вестник КазНПУ имени Абая (Серия «Специальная педагогика». - № 1-2 (28-29). – 2012. – С. 34-38.
2. Оралканова И.А. Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дис. ... докт.философии (PhD). Алматы, 2014. – 210 с.
3. Alexina Li (1), Gulmira Kudabayeva (2), Zhannat Sardarova (3), Olga Aimaganbetova (4), Danna Naurzalina (5), Nadezhda Kuldashaeva (6), Viola Nikitenko (7). Psychological features of decision-making policy in a conflict situation among university employees. International Journal Of Psychology Social Psychologu.-Vol.51,Issue S1, July.2016. Стр.76-76.

4. Инклюзивті білім беру үдерісінде қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 200 б.

5. Сардарова Ж.И. Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтардың цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру. Әл-фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Хабаршы, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы, №1 (70) 2022 ж., 47-60 беттер.

ӘОЖ 37.372

«ӘЛІППЕНІ ОҚЫТУ МЕН ОҚУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕМЕЛЕР»

Жұмабаева Әзия Елеупанқызы, п.ғ.д., профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ Бастауыш білім беру кафедрасының меңгерушісі

E-mail: aziya_e@mail.ru

Аннотация. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы әдістемесінің негізінде құрастырылған «Әліппені» оқыту мен оқуда қолданылатын жаңа тәсілдемелер мен педагогикалық технологиялар сипатталады.

Тірек сөздер: «Әліппе» оқулығы, жаңа тәсілдемелер, педагогикалық технологиялар, дыбыстық әдіс, дыбыстық жалқылаулы-жалпылау әдісі.

Аннотация. В статье описываются новые подходы и педагогические технологии, применяемые в обучении и преподавании «Әліппе», составленного на основе методики Ахмета Байтұрсынұлы.

Ключевые слова: учебник «Әліппе», новые подходы, педагогические технологии, звуковой метод, звуковой частно-обобщающий метод.

Abstract. The article describes new approaches and pedagogical technologies used in teaching and learning the "Әліппе" textbook, developed based on the methodology of Akhmet Baitursynuly.

Keywords: "Әліппе" textbook, new approaches, pedagogical technologies, phonetic method, phonetic specific-generalization method.

Заман талабына сәйкес білім әлеміндегі даналыққа жетелейтін, ұлттық рухта тәрбиелейтін «Әліппе» құрастыру – бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі.

Министріміз Асқат Қанатұлының *Ахмет Байтұрсынұлы әдістемесін жаңғырту бастамасы* ұлттық құндылыққа негізделген «Әліппе» пәнінің оқу бағдарламасы мен оқулығын жаңаша қарастыруды мүмкін етті.

Ахмет Байтұрсынұлы әдістемесінің негізінде құрастырылған «Әліппені» оқыту мен оқуды *жаңа тұрғыдан сипаттау* бүгінгі баяндамамыздың негізгі арқауы болып отыр.

«Әліппені» оқу мен оқытуда білім алуға ынталы, дыбыспен жаттығу арқылы әріптану білігі бар, оқу мен жазу жолдарын білетін, бастапқы тілдік ұғымдарды, сөйлеу әрекетінің түрлерін меңгерген, байланыстырып сөйлей алатын тұлғаны қалыптастыру *қағидасы* ұстанылады.

Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі педагогикалық тәсілдемелер мен технологиялар қолдана алады. Атап айтқанда, олар:

- 1) оқытудың коммуникативтік (қатысымдық) тәсілдемесі;
- 2) зерттеушілік тәсілдеме
- 3) белсенді іс-әрекеттік тәсілдеме;
- 4) ұлттық құндылықтарға бағытталған тәсілдеме;
- 5) дамыта оқыту технологиясы;
- 6) саралап оқыту технологиясы;

7) дыбыстық әдіспен оқыту технологиясы.

«Әліппе» оқулығында оқушылардың *коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру* мақсатында «тыңдалым», «айтылым», «оқылым», «жазылым» шартты белгілерімен тапсырма-материалдар қамтылып, әр сөйлеу әрекетінің тапсырмалары күтілетін нәтижеге жетудің құралы ретінде қарастырылған.

Сонымен бірге оқулық материалдары зерттеушілікке бағыттайтын, болжам жасауға, қарама-қарсы пікір айтуға, белгілі тақырыпқа пікірталасқа түсуге және ізденіске жетелейтін тапсырмалар жүйесінен тұрады. Оқулықта берілген «Не үйрендім? Не білдім?» өткенді бекіту сабақ материалдары оқушылардың «не білемін?, нені білгім келеді?, нені үйрендім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйрету мақсатын көздейді.

Белсенді іс-әрекеттік тәсілдеме – нәтижеге жеткізетін ең тиімді тәсілдеме, өйткені адамның жадында бірінші кезекте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Бұл айтылғандарды Ахмет Байтұрсынұлының «білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу» деген қағидаты нақтылай түседі. Демек бұл тәсілдемедегі өзіндік әрекет арқылы «жасай білу», «құрастыру» «Әліппенің» дидактикалық аппараты жүйесін түзудің негізгі қағидасы болып табылады. Кез-келген әріп пен дыбысты танытудың 1-сабағына берілген әртүрлі заттардан әріп сұлбасын жасау және 2-сабақтағы орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құрастыру осы тәсілдеменің жарқын мысалы бола алады.

Әліппенің тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар 1-сынып оқушысының бойына *ұлттық құндылықтарды қалыптасуына* бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. «Сөз тану» шартты белгісімен берілген тыңдау материалдары (жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, өлеңдер) оқушылардың ойын, есте сақтауын дамытып, тілін ұстартады, 1-сынып оқушысының бойына *ұлттық құндылықтарды қалыптастыруды* көздейді.

«Әліппені» оқу мен оқытуда *дамыта оқыту технологиясын қолдану* оқушылардың оқу әрекеті тәсілдерін игеріп, өз іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренуін мүмкін етеді. Оқу әрекетінің мазмұны, оны меңгеру әдістері оқу тапсырмаларынан құралып, оқушылардың танымдық белсенділігі арттырылады, оқушының өздігінен ізденуіне мүмкіндік жасалады. Оқушы *сөйлеу барысында логикалық ойлау операцияларымен* (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) айналысады.

«Тиісті көлшікке түсір» тапсырмасы арқылы сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолдануға машықтандыру көзделеді. «Тиісті көлшікке түсір» суретті-моделі бойынша орындалатын оқу әрекеті мынадай жүйеде берілді: суретті модель оқушыда «Бұл не?» рефлексиясын тудырады. Бақылау, ойлау басталып, қызығушылық пайда болады. Оқу міндеті туындайды. Мотивті шешудің міндеттерін ойша іздей бастайды: жаңбыр тамшыларынан түсіп келе жатқан сөздерге мән береді, қай көлшіктегі сөзге тиесілі екенін анықтап, сөздерді оқиды. Мұғалім басшылығымен міндеттер нақтыланады: тамшылардағы сөздерді көлшіктердегі сөздермен байланыстырып, сөз тіркесін құрайды.

«Әліппені» оқу мен оқытуда оқушыларды қабілеті, мүмкіндігі, ерекшелігіне қарай *саралап оқыту* жүзеге асырылады. Әліппенің әр бетінің соңғы бөліктерінде бекіту және саралау материалдары орналастырылып, саралау материалының тапсырмалары сабақ жоспарында үш деңгейде қарастырылады.

«Әліппенің» басты ерекшелігі – оқулықта берілген оқу материалдары мен тапсырмаларының Байтұрсынұлының *дыбыстық әдіс* жүйесін қолдануды мүмкін ететін формада берілуі. Дыбыстық әдіспен оқыту – «Әліппені» оқыту үдерісіне қойылатын дидактикалық талаптардың барлығын бір тізгінге ұстап отыратын басты қағидат және тілдік бірліктерді (сөйлем, сөз буын, дыбыс) практикалық түрде үйрету әдісі.

Оқулықтың әліппеге дейінгі кезең – 9, 10, 11, 12-сабақ материалдары Ахмет Байтұрсынұлының дыбыспен жаттығу ұстанымы негізінде құрастырылып, сабақ мақсаттары дыбыспен жаттығу әдісі негізінде анықталған. Дыбыспен жаттығудың сабақ мақсаттары мен тапсырмалары әдіскер ғалымның **«Дыбыспен жаттығу»** еңбегінде көрсетілген *«әуелі балаларға әртүрлі дыбыс бар екенін білдіру»; «балаларға таныс сөздерді алып, олардың*

ішіндегі қандай дыбыстар барын айырту»; «бөлек-бөлек дыбыстарды тіздіріп, сөз айтуды білдіру»; «сөз ішіндегі дыбыстарды, екі, үш буынды сөздің, тұтас сөздің ішіндегі дыбыстарды айырту»; «дыбыстарды қосып, сөз айтуды үйрету» әдістемелік талаптарының негізінде түзілген. Дыбыспен жаттығу жолдары сабақ жоспарында жан-жақты қарастырылған. Дыбыспен жаттығуды А.Байтұрсынұлының әдістемесімен берудің артықшылығы көп. Өйткені А.Байтұрсынұлыша айтсақ, оқушылар «дыбыстарды тізіп үйренсе, әріптерді тізуі қиын болмайды. Сөздің ішінде қанша және қандай дыбыстар бар екенін айыруды білсе, әріптерін қою қиын болмайды».

Жаңа дыбыс пен әріпті танытуда дыбыстық жалқылаулы-жалпылау әдісін жүйелі қолдану оқушылардың дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларының дамуына, оқу мен жазу жолдарын меңгеруіне, түрлі оқу әрекеттерін үйренуді мүмкін етеді.

Көкшіл түспен берілген оқу материалдары – сюжетті сурет, дыбыстық талдау сызбасы бар жеке сурет, дыбыстың айтылу сұлбасы, әріптің баспа және жазба түрлері, әріптің сұлбасын түрлі заттармен жасау үлгісі арқылы оқушылардың дыбыстық талдау дағдыларын дамыту көзделеді.

Қызғылт түспен берілген буын, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін арқылы оқушылардың дыбыстық жинақтау дағдыларын дамыту жүзеге асырылады.

«Әліппе» оқулығы – Отанын сүйетін, ана тілін меңгерген тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік беретін білім мазмұнын тасушы; ғылым мен білімнің бастау көзі; оқыту мен тәрбиелеу құралы; оқушының құндылық-мәнді қарым-қатынас жүйесін құрай алуы үшін қаланатын сенімді іргетас.

Сонымен қатар, «Әліппе» оқулығы тұтас ұлтымыздың төл дидактикасын қалыптастыруға, сөйтіп, қазақи ойлау жүйесін орнықтыра отырып, әлемдік білім құндылықтарында өзінің лайықты орнын алатынына сеніміміз мол. Өйткені, Ахмет Байтұрсынұлының ізімен жүру талай-талай ой қазынасына жеткізетіні белгілі.

Демек Ахмет Байтұрсынұлы әдістемесінің негізінде ұлттық табиғи логикамен жазылған «Әліппені» жаңа тұрғыда оқыту ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңірген жеке тұлғаның қалыптасуына негіз бола алады деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы, «Ана тілі», 1992. - 445 б.

2. Жұмабаева Ә., Құрман Н., Сабденова Б. Әліппе. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық. – Алматы, «Атамұра», 2021. - 112 б.

3. Жұмабаева Ә.Е., Сабденова Б., Жұмабаева Ж. А., Жамалова И.К. Әліппе. Оқыту әдістемесі (1-сынып) – Алматы, «Атамұра», 2021.

**ЖАПОНИЯДАҒЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ
ҰСТАНЫМДАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

С.Н.Жиенбаева, п.ғ.д., профессор

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Түйіндеме: Мақалада Жапония бастауыш мектептеріндегі сапалы білім беру ұстанымдары және ерекшеліктері зерделенген.

Тірек сөздер: жаһандану, сапалы білім беру, оқу бағдарламасы, құндылықтар, өмірмен байланыс.

Резюме: В статье рассмотрены принципы и особенности качественного образования в начальных школах Японии.

Ключевые слова: глобализация, качественное образование, учебные программы, ценности, связь с жизнью.

Resume: The article discusses the principles and features of quality education in primary schools in Japan.

Keywords: globalization, quality education, curricula, values, connection with life.

Табысты элеуметтік-экономикалық және адамзат қоғамының саяси эволюциясының барлығына тарихи кезеңдегі білім берудің даму деңгейіне тікелей байланысты болды. Кез келген қоғамның ілгерілеуі үшін тиімді жұмыс істейтін білім беру жүйесінің маңызы мен рөлі тарихи кезеңдерде және бүгінге дейін өзекті болып келген. Жаһандану жағдайында жалпай компьютерлендіру және адамзат қоғамының өмірінің барлық аспектілерін цифрландыру кезінде білім беру жүйесінің тиімсіздігі кез-келген елді әлемдік дамудың аутсайдеріне айналдыруы мүмкін.

Білім беруді тиімді, сапалы, өмірге пайдалы етіп қалай ұйымдастыру керек деген сұрақ туады. Бұл жағдайда элеуметтік-экономикалық дамуда айтарлықтай жетістіктерге жеткен елдерде білім беру жүйесін құруды зерттеу тәжірибесі өте маңызды. Осындай елдердің бірі-Жапония. Бұл елдің білім беру ерекшелігін зерттеуде көптеген әдебиеттерді саралай келе, соңғы бір жарым ғасырда Жапонияда үш білім беру реформасы жүргізілген. *Бірінші реформа* 1871 жылы басталып, бастауыш және орта мектептер ашылған, міндетті нақты үш жылдық білім тегін болды. 1908 жылы жапон мектебінде міндетті оқу мерзімі 6 жылға дейін ұзартылды. *Екінші білім беру реформасы* 1947 жылы екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін басталды.

Жапондық білім беру жүйесі құрылымы жағынан американдық үш деңгейден тұратын мектеп жүйесі бастауыш, орта мектеп және университетіне ұқсас болды. Франция білім беруді басқарудың орталықтандырылған және мектеп жүйесі үлгі болды. Алайда, мазмұны жағынан адамгершілік пен ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған. Соның ішінде алты жасқа толғаннан кейін жапондық балалар бастауыш мектептің бірінші сыныбына түседі (Shogakkou), онда 12 жасқа дейін білім алады. Жапониядағы бастауыш мектептердің оқу бағдарламасына жапон тілі (алғашқы 1850 таңбаны үйрену), арифметика, жаратылыстану, музыка, сызу және еңбек, дене шынықтыру пәндері кіреді [1]. Бастауыш мектеп оқушылары сабақтар аяқталғаннан кейін түрлі үйірмелерге қосымша сабаққа жіберіледі. Олардағы тапсырмалар балалар арасындағы қылмыс деңгейін төмендетуге ықпал етеді және әртүрлі элеуметтік дерттердің алдын алу шарасы ретінде қызмет етеді [2]. Білім беру жүйесінің үшінші реформасы 1984 жылы, 1987 жылы басталды жапон мектебінде оқыту 6 жастан басталады. Білім беру жүйесі үш құндылық: денсаулық; адамгершілік, мораль; білімнен тұрады. Бастауыш мектепте балалар жапон, математика, жаратылыстану, элеуметтану (этика, тарих, этикет), музыка, бейнелеу өнері, дене шынықтыру және үй шаруашылығы пәндерін оқиды. Білім өмірмен байланыстырылып, қажетті дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Оқу әрекеті зерттеуге, жобаларды қорғау түрінде болып, оқушы белгілі бір

нәтижеге қол жеткізеді[3]. Мектептегі оқытудан басқа джуку – барлық жастағы мектеп оқушылары үшін қосымша сабақтар ұсынатын арнайы жекеменшік мектептер – бастауыштан толық орта деңгейге дейін мектептер қызмет жасайды. Джуку сабақтары әдетте кешке, аптасына екі-үш рет өтеді. «Джуку» ұғымының аудармасы «шеберлік мектебі», бірақ «репетиторлық мектеп» деп айту дұрысырақ болар еді. Онда арнайы жалданған мұғалімдер балаларға күндіз мектепте не айтылғанын тағы бір рет түсіндіреді. Бұл білімді тереңірек түсініп меңгеруге және жаңа білімдерді қосады. Джуку мектеп бағдарламасын жақсырақ меңгеруге, сырқаттануына немесе басқа себептермен мектепке бармауына байланысты үлгермеуіне, емтиханға дайындалуға ұмтылатын оқушылар барады.

Джукудың 2 түрі бар – академиялық және академиялық емес. Академиялық емес джукуда мектеп оқушылары музыкалық аспаптарда, өнерде, жүзуде немесе соробанда ойнауды үйренеді. Көптеген бастауыш мектеп оқушылары ата-аналарынан оларды джукуға беруін сұрайды, өйткені олардың достары сол жерге барады немесе олар сыныптан гөрі мұғалімдермен тығыз қарым-қатынасты ұнатады[4]. Джуку балалардың өмірінде маңызды әлеуметтік рөл атқарады, оларға бір-бірімен байланысуға және жаңа достар табуға көмектеседі, сонымен қатар оларды көшеден және оған қауіп төндіретін барлық адамдардан аулақ ұстайды.

Екінші құндылық - білім беруді адамгершілік, моральмен байланыстыру және күнделік өмірде дағдыға айналдыру. Бастауыш мектептегі басты мақсаттардың бірі дұрыс мінез-құлық, тәртіпті, тәуелсіздікті, сыйластық, жанашырлық, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, адалдық және табандылық сияқты дәстүрлі құндылықтарды сақтауға үйретіледі. Бұл этикалық негіз оларды өмірлік қиындықтар арқылы басқаратын, жауапкершілік пен есеп беру сезімін оятатын компас ретінде қызмет етеді[5]. Соның ішінде балалардың тәуелсіздігі бірінші сыныпта оқушылар мектепке өздері жетуі керек. Ата-аналар балаларды шығарып салуға болмайды, мектепте телефонға тыйым салынады (оны тек жоғары сыныптарда қолдануға болады). Асхана жоқ, 4-6 сыныпта тамақты кейде өздері жасайды, сыныпта тамақты өздері құйып, орнын өздері жинайды. Кезекпен аспазшы, тазалаушы қызметін атқарады. Тіпті кір жуатындар, үтіктейтіндер өздері. Оқушылардың кез келген ортаға тез бейімделуі үшін жылдан жылға бір сыныпта қалдырмайды, өзге сыныпқа ауыстырылады және мұғалімдер де 3-4 жылдан кейін басқа мектепке ауыстырып жібереді. Педагогтерге сурет салу, театр, еңбек, оригами, дене шынықтыру, музыка және басқа салалардағы сабақтардың әдістемелерін игеруге көп көңіл бөлінеді. Педагогтерге оқыту шеңберінде балалар психологиясы, балалардың физикалық және психикалық денсаулығы, тамақтану және әлеуметтік қатынастар бойынша курстар оқытылады[5,6].

Көптеген зерттеулерде оқушылар "Үй экономикасы" пәні енгізіліп, оқу бағдарламасы 90-шы жылдары белсенді түрде әзірленді. Пән төртінші сыныптан бастап барлық оқушылар үшін міндетті болып табылады. Оқу пәніне үй жинау, тігін, тамақ дайындау, қоқыстарды сұрыптау, дүкендерде сауда жасау, тұрмыстық техникамен жұмыс жасау, балалар мен қарттарға күтім жасау дағдылары кіреді. Жапония мектептерінде техникалық жұмысшылар болмайды [5]. Сондықтан оқушылар сыныпта және мектеп маңында өз бетінше тәртіп орнатады. Жапониядағы еңбек тәрбиесінің аспектілерін зерттей отырып, Кими Икезакидің "Гонконг пен Сингапурдағы жапон мектептері арасында "Үй экономикасы" пәнін оқыту бойынша оқушылардың көзқарастары мен ойлары" атты мақаласына жүгіндік [2]. Автор екі жыныстағы оқушылардың сүйікті тақырыптары тамақ дайындау және сатып алу, яғни практикалық тақырыптар екенін атап өтті. Теориялық (қоректік заттар, қоқыс, бөлмелерді безендіру) ұнамайды. Сондай-ақ, автор сауалнамаға қатысқандардың 78% - ы "Үй экономикасы" пәнін ұлдар мен қыздар да оқуы керек деп санайды.

Жапон мұғалімдері томодачи сөзін қолданады накама жасауға тырысады. Оны зерттеуші Cave(2007) былай деп сипаттайды: "Накама болу-бұл сіздің жеке ұнатуларыңыз бен ұнатпауларыңызға қарамастан, бір-біріңізге ерекше көмек пен қолдау көрсетуді талап ететін қарым-қатынас. Осылайша, бөлінген топты «накама» деп атау оның мүшелерінің бір-біріне ерекше түрде-жеке қалауы бойынша емес, бір-бірінің алдында ерекше жауапкершілігі бар

екенін білдіруді білдіреді." (Bamkin, 2019, 258-бет; Bamkin, 2015, 4-бет; Cave, 2007; Poukka, 2011, 197-210 б.) [7,8,9]. Басқа зерттеулер моральдық дамуға қатысты нақты пікірталастарды қарастырды Cave (2007) жапон бастауыш мектебінде өзін-өзі қалыптастыруды зерттеу дербестік пен әлеуметтік өзара тәуелділік арасындағы тепе-теңдіктің іс жүзінде қалай жүзеге асырылатындығын, екі сынып мұғалімдерінің сенімдері, тәжірибелері, негіздемелері мен ұмтылыстарына байыпты қарау арқылы қалай жүзеге асырылатындығын зерттейді[9]. Бұл жерде талқыланбағанымен, оқу жоспарының құрылымы сонымен қатар жан-жақты зерттеулер мен дене шынықтыруды қарастырады, бұл адамгершілік тәрбиесіне қосымша орын бере алады. Сол сияқты, адамгершілік сабақтары міндетті түрде пәндік сабақтарға енеді (Cave, 2007) пәндік сабақтың мазмұны арқылы өзін-өзі тануды зерттеу үшін). Үшінші құндылық денсаулық, бастауыш сынып оқушыларының тамақтануы, оның құрамын министрлік бекітіп, нутрициологтың қадағалауында болады. Оқушылардың денсаулығы үшін қимыл-қозғалыстың, денешынықтырудың маңызына саналы түсінуге, тамақтану, денсаулық мәдениетінің ерекше мән беріледі.

Жыл мезгілдерінің еркшелігіне қарай Жапониядағы оқу жылы сәуір айында басталып, үш триместрден тұрады[10]. Мектеп оқушыларының демалысы шамамен екі айға созылады: қыс, көктем және ең ұзақ — бір айдан сәл астам — жаз. Жапониядағы оқу жылы сәуір айында басталып, үш триместрден тұрады. Мектеп оқушыларының демалысы шамамен екі айға созылады: қыс, көктем және ең ұзақ — бір айдан сәл астам — жаз. Қорыта айтқанда, Жапония еліндегі бастауыш мектептегі білім беру ерекшелігі, білімнің өмірмен байланыстығы, дербестікке, үй тапсырмасын сыныпта орындап, үйге берілмеуі, баға қойылмайтындығы, барлық оқушылар музыка аспабында ойнауы, жобалармен айналысады, өз пікірін қорғайды, топпен жұмыс істеуге, ортақ шешімге келуі, өзіне-өзі қызмет етуге басымдық берілген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Японская система образования [Электронный ресурс]/Режим доступа: <https://edunews.ru/education-abroad/sistema-obrazovaniya/v-yaponii.html>.
2. Система образования в Японии [Электронный ресурс]/Режим доступа: http://diplomabroad.ru/yaponiya/sistema_obrazovaniya_v_yaponii/.
3. Система образования в Японии [Электронный ресурс]/Режим доступа: <https://vseobr.com/sistemy-obrazovaniya/yaponija/>.
4. Железняк О.Н. Образовательная система Японии сегодня // Проблемы Дальнего Востока. 2001. № 5. С. 85-93.
5. Прасол А.Ф. Особенности национальной педагогики в Японии // Япония. Путь кисти и меча//2000. - № 4.- С.12-17.
6. Салимова К.И. Общеобразовательная школа Японии в ХХТ в. // Педагогика. -2006.- № 8. - С.88-96.
7. Джурицкий А.Н. Чему и как учат школьников в Японии // Народное образование. -2001.- № 5. С. 251-257.
8. Bamkin, S. Moral education at Japanese elementary school. London: WCMT. (Open in a new window) [Google Scholar](#), 2016.
9. Cave P. Primary School in Japan: Self, individuality and learning in elementary education. London: Routledge, 2007
10. Khan, Y. Japanese moral education past and present. Cranbury: Associated University Presses. 1997

**БІЛІМ БЕРУДІҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ
БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІНЕ МИКРО ОҚЫТУДЫ (BITE-SIZE LEARNING)
ҰЙЫМДАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Ақжолова А.Т. ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
E-mail:aktoty_72@mail.ru

**Қаршыға А.С. 7М01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
мамандығының 2 курс магистранты**
Абай атындағы ҚазҰПУ

Аннотация

Мақалада білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ бастауыш білім педагогтеріне микро оқытуды (bite-size learning) ұйымдастыру мүмкіндіктері қарастырылған.

«Bite-size learning» немесе микро оқыту студенттерге белгілі бір мақсатқа жетуге көмектесу үшін ақпараттың дұрыс көлемін қамтитын шағын оқу бірліктерін ұсынатын білім беру тәсілін білдіреді. Микрооқыту үздіксіз оқыту мәдениетін қалыптастырады, оны өзекті етеді, студенттерге бүкіл оқу модулін іздемей-ақ ұмытып кеткен ұғым туралы түсінігін жаңартуды жеңілдетеді. Бұл студенттерге бірте-бірте бірін-бірі құрайтын шағын мазмұн бөліктерімен таныстыру арқылы күрделірек пәндерді түсінуді тереңдетуге көмектеседі.

Тірек сөздер: микро оқыту, мұғалім, студент, электрондық оқыту, онлайн модульдер, цифрлық трансформация.

Аннотация

В статье рассмотрены возможности организации микрообучения (bite-size learning) для будущих педагогов начального образования в условиях цифровой трансформации образования. «Bite-size learning», или микрообучение, относится к образовательному подходу, который предлагает небольшие учебные единицы, которые содержат правильный объем информации, чтобы помочь учащимся достичь определенной цели. Микрообучение создает культуру непрерывного обучения, делает ее актуальной, облегчает учащимся обновление своего понимания концепции, о которой они забыли, без необходимости искать весь учебный модуль. Это помогает учащимся углубить понимание более сложных предметов, постепенно знакомя их с небольшими частями контента, которые образуют друг друга.

Ключевые слова: микрообучение, учитель, студент, электронное обучение, онлайн модули, цифровая трансформация.

Annotation.

The article discusses the possibilities of organizing micro-training (bite-size learning) for future primary education teachers in the context of digital transformation of Education. «Bite-size learning» or micro-learning refers to an educational approach that offers students small units of learning that contain the right amount of information to help them achieve a specific goal. Micro-learning creates a culture of continuous learning, makes it relevant, makes it easier for students to update their understanding of a forgotten concept without looking for an entire training module. This helps students deepen their understanding of more complex subjects by gradually introducing them to small pieces of content that make up each other.

Key words: micro-learning, teacher, student, e-learning, online modules, digital transformation.

Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында цифрлық байланыс арналармен және технологиялық бағдарламалармен жабдықталған ақпараттық коммуникациялар қоғамды түбегейлі өзгертеді. Бұл өзгерістер білім беру жүйесіне, оқыту технологияларына тікелей ықпал етеді және өзгерістерге ұшыратады. Атап айтқанда білімнің кез келген жерде қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін тиімді оқыту технологиялары іске қосылады. Бұл оқыту технологияларын түбегейлі жаңа деп айтуға болмайды, дәстүрлі оқыту технологияларының заманауи цифрлық технологиялардың педагогикалық әлеуеті арқылы жетілдірілуі әрі жаңара толығы деп айтуымызға болады.

Білім беруде цифрлық технологияларды қолдану білім алушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеріп, оқытуды жекелендіруге, оқу-танымдық іс-әрекет түрлеріне сәйкес білім беру контенттерін қалыптастыруға мүмкіндіктер береді.

Осыған сәйкес болашақ педагогикалық мамандарды даярлауда жаңашылдық үрдістерді кеңінен қолдану, білімді ақпараттандырудың басымдығы анықталады. Еліміздің экономикасын түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасауды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы қабылданып, оның міндеттерінің бірі ретінде - орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттырудың белгіленуі осының дәлелі. Осы тұрғыдан келгенде болашақ бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби мәнді сапаларын, басқарушылық құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық коммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерін толық пайдалану мәселесін зерттеу педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің қатарына жатады [1].

Сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау контекстінде микрооқыту технологиясын (bite-size learning) қолданудың пәндік аумағының жедел дамуымен, әр түрлі зерттеулердің артуымен негізделеді. Микро оқыту-бұл күнделікті тәжірибеге оңай сіңетін және интеграцияланатын ақпараттың немесе тапсырмалардың шағын бөліктерін қамтамасыз етуге негізделген оқыту әдісі.

Оқу материалын кішігірім бөліктерге бөлуден тұратын микрооқыту идеясын, оның өтуі тиісті «микро-әрекеттердің» дәйекті орындалуымен қамтамасыз етілетіндігін, 1950 жылдардың аяғында американдық бихевиорист Б.Скиннер ұсынған және одан әрі Н.Краудер айтарлықтай дамытқан «бағдарламаланған оқыту» тұжырымдамасынан бастау алады. 1963 жылғы еңбегінде Д.Аллен мен Р.Буш микро оқытуды уақыт пен қатысушылардың саны бойынша қысқартылған білім берудің өзара әрекеттесуі ретінде анықтады.

XXI ғасырдың басында ақпараттандыру және компьютерлендіру процестері білім беру процесінің жұмыс істеуі үшін жаңа контекстік жағдайларды қалыптастырды және бұрын аталған «бағдарламаланған оқытудың» шектеулерін еңсеруге мүмкіндік берді. 2004 жылы Г.Гаслер, Э.Хуга және С.Кланның «интеграцияланған микро оқыту» жаңа тұжырымдамасын ұсынған жұмысының пайда болуы айтарлықтай прогреске қол жеткізді. Бұл тұжырымдама компьютерлік ойындарда қолданылатын геймификация принциптеріне негізделген eLearning форматын ұсынды [2]. Басқаша айтқанда, авторлар қазіргі заманғы компьютерлік құралдардың және сол уақытқа дейінгі әртүрлі компьютерлік ойындарда кеңінен қолданудың арқасында қол жетімді болған «ойын орамасы» түрінде ұсынылған микро оқыту негізінде оқушылардың сапалы білімін кезең-кезеңімен күшейтуді ұйымдастырудың жаңа тәсілін ұсынды.

Қазіргі басылымдарда (шетелдік және отандық) микрооқыту әртүрлі терминдермен, маркерлермен немесе метафоралармен белгіленуі мүмкін, мысалы: микродозалық оқыту, микро модульдік оқыту, «ұсақталған» немесе «микро түйіршікті» оқыту, үлестік оқыту (bite-sized learning), капсулалық оқыту, «ұсақталған» оқыту (learning nugget) және т.б.

О.Л.Чуланова мен А.А.Хисмаутдинова жүргізген талдау көрсеткендей, әр түрлі авторлар микрооқытуды ұқсас, бірақ сәл өзгеше тұжырымдамаларда анықтайды, оны «оқыту формасы», «оқыту тәсілі», «оқытудың тиімді форматы», «жаңа ақпаратты ұсыну тәсілі» немесе белгілі бір «оқу материалын беру тәсілі» деп санайды [3]. «Микрооқыту» ұғымымен

байланысты қазіргі семантикалық кеңістікті дәлірек түсіндіруді Е.З. Власова тұжырымдаманың дихотомиялық сипатына назар аудара отырып ұсынады.

Екінші жағынан, микрооқыту оқу мазмұнын ұйымдастырудың нақты тәсілі ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда оқу материалы тәуелсіз мамандандырылған оқу элементтерінің жиынтығы болып табылатын микроконтент түрінде болады. Бұл элементтерді әртүрлі авторлар микрокурстар, шағын блоктар, микро оқыту модульдері немесе микро модульдер, микромедиа ресурстары немесе микро тапсырмалар деп түсіндіреді. Қазіргі авторлардың еңбектерінде кеңінен ұсынылған микрооқытудың негізгі сипаттамалары микроконтент деңгейінде көрінеді.

Кесте 1. Микрооқытудың негізгі сипаттамалары

Атауы	Сипаттама
Фокустау	Элементтер арасындағы нақты құзыреттілікті, дағдыны, ұғымды немесе байланысты дамытуға бағытталған.
Қысқалық	Мазмұнды артық материалсыз минималды көлемде ұсыну.
Уақыт	Оқу сабағының ұзақтығы сегменттеу мүмкіндігімен 1-2 (5) минуттан 10-15 (20) минутқа дейін.
Автономия	Әр микромодульдің салыстырмалы тәуелсіздігі және өзін-өзі қамтамасыз етуі.
Әртүрлілік	Ақпаратты берудің әртүрлі тәсілдерін қолданатын мультимедиялық формат.
Қызықты	Геймификация және ойнатылатын кейіпкерлер сияқты әртүрлі мотивациялық құралдарды енгізу
Интерактивтілік	Жылдам кері байланыс пен диалогтық өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету.
Дереу кері байланыс	Материалды меңгеру деңгейін және проблемалық аймақтарды анықтау мақсатында оқу тапсырмаларының орындалуын бағалау.
Мультиплатформалылық	Кез келген жеке құрылғыдан оқу материалдарына қол жеткізу.

- *Фокус*: микроконтенттің әрбір бірлігі (микромодуль немесе оның сегменті) білім алушылардың белгілі бір құзыреттілігін, дағдысын, түсінігін немесе зерттелген элементтер арасындағы байланысын дамытуға бағытталған.

- *Қысқалық*: мазмұны оқу материалының минималды көлемінде артық мазмұнсыз ұсынылған.

- *Уақыт*: бір оқу сабағының ұзақтығы 1-2 (5), 10-15 (20) минутқа дейін, сабаққа 1-ден 5 минутқа дейінгі бірнеше сегменттер кіруі мүмкін.

- *Автономия*: әрбір микромодуль салыстырмалы тәуелсіздігімен және өзін-өзі қамтамасыз етуімен ерекшеленеді.

- *Әртүрлілік*: мазмұн бейне, аудио, инфографика, анимация және гипермәтін сияқты ақпарат берудің әртүрлі тәсілдерін қолданатын мультимедиялық форматта ұсынылған.

- *Қызықтылық*: геймификация, көрнекілік, ойын кейіпкерлері, сюжеттер және динамикалық мазмұн сияқты әртүрлі мотивациялық құралдарды (білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып) енгізу.

- *Интерактивтілік*: «білім алушы – интерактивті электрондық ресурс», «білім алушы – білім алушы», «топ – топ», «білім алушы – оқытушы» және «топ – оқытушы»

коммуникацияларының түрлі желілері бойынша жылдам кері байланысты қамтамасыз ететін оқу қызметінің диалогтік қағидатын пайдалану.

- *Жылдам кері байланыс*: білім алушылардың оқу (бақылау) тапсырмаларын орындау сапасы бойынша, әдетте, қалыптастырушы (диагностикалық-консультациялық) бағалау шеңберінде материалды меңгеру деңгейін бағалау, ағымдағы проблемалық аймақтарды анықтау және оларды еңсеру тәсілдерін ұсыну үшін қамтамасыз етіледі.

- *Мультиплатформалылық*: компьютерлерді, планшеттерді және смартфондарды қоса алғанда, кез келген жеке құрылғыдан микромодульдерге қол жеткізу.

Дәстүрлі оқыту мен микрооқытудың мазмұны мен іске асыру жолдарындағы айырмашылықтарына тоқталатын болсақ:

Мазмұны бойынша

Дәстүрлі оқыту	Микро оқыту
Қымбат, құрылымдалған, оқытушы басқарады (trainer-driven)	Шығындар бойынша тиімді, икемді, қозғалады, үйренемін-оқушыларға (learner-driven)
Жазбаша мәтіндерге негізделген	Ойындар, аудио, бейне, графика
Барлық мазмұн бірдей басымдыққа ие	«Білуге тиіс» және «қажет болғанда зерттеймін»
Бір реттік пайдалану	Бірнеше рет пайдалану, бөлісу мүмкіндігі
Сегменттер = 50-90 мин.	Сегменттер = 1-3 мин

Іске асыру бойынша

Дәстүрлі оқыту	Микро оқыту
Ұзын слайдтар, дәрістер	Шағын, қысқа сабақтар
Қағазға арналған PDF, HTML	Мобильді, желі, мазмұн алмасу мүмкіндігі
Топ бір қарқынмен оқиды	Қарқынды өз бетінше таңдау, жеке таңдау, траектория
Бір мезгілде	Сізге қажет кезде
Жұмысқа дейін немесе жұмысты тоқтату	Жұмыс уақытында, бір сәтте немесе өз уақытында

Зерттеуші Y.N. Romanenko микрооқыту әдісін ЖОО білімалушылардың тұлғааралық дағдыларын дамыту құралы ретінде келесі критерийлерді пайдаланды:

1. Оқыту мақсаттарына микрооқыту әдісі арқылы қол жеткізу.
2. Микрооқыту әдісі арқылы дараландырудың жоғары деңгейіне жету.
3. Оқу процесі қызықты, белсенді, икемді және білімалушыға бағытталуы.
4. Әдістің білімалушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуі.
5. Әдісті қол жетімді технологиялар мен ресурстар болған кезде қолдану.

Y.N. Romanenko ЖОО білімалушылардың тұлғааралық дағдыларын дамытуда оларға практикалық тапсырмалар ретінде кейстер, шығармашылық тапсырмалар, әртүрлі тест түрлері, Migo және Jam Board топтық жұмысы, эссе жазу, рефлексия ұсынған. Микрооқытуды білімалушылармен өзара әрекеттесудің екі негізгі жолы арқылы өткізді: Moodle платформасында білімалушылар жеке тапсырмалар мен тест орындап, кері байланыс алып отырған және Telegram мессенджер арқылы білімалушылар толық ақпарат алып отырды (тапсырмалар жарияланды, сауалнамалар ұсынылды, білімалушылар өзара пікір алмасты, тапсырмаларды орындады және оқытушымен топтық және жеке жұмыстар орындады) [4].

Болашақ бастауыш білім педагогтеріне жүргізілген сауалнама мынаны көрсетті: білімалушылардың 70% жуығы оқу процесінде микроформаттарды күнделікті пайдаланады, 23% анда-санда, 8% мүлдем қолданбайды.

Білімалушылар үшін маңызды ақпаратты алу форматы жылдар өткен сайын түбегейлі өзгеруде. Мысалы, электрондық пошта арқылы көлемді хат ала отырып, біз оны басынан аяғына дейін ешқашан оқымаймыз, тек бізге пайдалы болып көрінетін ақпараттың бір бөлігін ғана аламыз. Орта есеппен алғанда әр қызметкер бір сандық құжатты қарауға небәрі 20 секунд жұмсайды. Бұл ретте ол барлық мәтіннің тек 25% оқиды. Кейбір қызметкерлер тек хат тақырыбымен таныса отырып, мазмұны туралы қорытынды жасайды. Өкінішке орай, статистикаға сүйенсек, адамдардың көпшілігі бір ай ішінде зерттелген материалдың 80% ұмытады, ал бір жылдан кейін олар ақпараттың 10% ғана есте сақтайды. Бұл дерек атақты ғалым Г.Эббингауздың ұмыту қисығында көрініс тапқан. Микро оқыту - ұмытуға қарсы күрестің өзекті құралы.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде микро оқытудың дәстүрлі тәсілден айырмашылығы туралы айтқанда, біз екі маңызды құрамдасқа назар аударуымыз керек: контент және сату (ақпаратты жеткізу арналары).

Микро оқытудың ерекшеліктері оның артықшылықтары болып табылады. 3-7 минуттан бөліп оқыту мидың жұмыс жадын назар аудару кезеңімен үйлестіреді. 1,2 млрд. жуық білім алушы мобильді құрылғыларға қол жеткізе алады және оларды оқытуда пайдалануға дайын.

Микромодульдер ұзақтығының нақты нормативтері жоқ, алайда олар қысқа болуы тиіс. Егер күндізгі оқу туралы айтатын болсақ, онда 50/20/8: 50 минут ережесін еске алу керек - күндізгі оқу модулінің максималды жайлы ұзақтығы; 20 - әрбір 20 минут сайын белсенділік түрі өзгеруі тиіс; әрбір 8 минут сайын аудиторияны (сауалнама, дауыс беру, сұрақтар, жауаптар) тарту қажет.

Электрондық оқытуда модульдердің ұзақтығы шамамен 3 минут болуы тиіс деп есептеледі, бұл ретте әрбір 20 секунд баяндау қарқынының ауысуы, алайда микромодульдер мен олардың элементтерінің ұзақтығының нақты нормативтері жоқ. Оқытудың оңтайлы ұзақтығын анықтау үшін болашақ бастауыш білім алушыларынан сұрастырғанда, мүлдем қысқа модульдер тиімсіз болып шықты. Ал, ең танымал ұзақтығы -2 мен 8 минут аралығындағы жаңа тақырыптарды түсіндіру, қабылдау уақыты деп танылды. Микромодульдің ұзақтығы туралы айтар болсақ, контент түрін де, беру түрін де ескеруіміз керек.

Қарастырылған «Микрооқыту технологиясы (Bite-Size Learning)» арқасында микро сабақтар цифрлық білім беру ортасында түрлендіріледі, барлық пәндік курстар шағын сабақтар негізінде модуль жүйелеріне өзгертіле бастайды. Бұл әсіресе болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби шеберліктерін шыңдауда айқын көрінеді. Білім алушылар микросабактардан кәсіби құзыреттілікті жетілдірудің өзіндік білім беру траекториясы жасауға мүмкіндік алады.

«Микрооқыту технологиясы (Bite-Size Learning)» қазіргі білім берудегі оқу процесін икемді, тиімді және барлық оқушылар үшін қолжетімді етуге ұмтылатын маңызды және өзекті бағытты білдіреді.

Осы технологияны оқып үйренудің негізгі қорытындыларының бірі микрооқыту технологиясы болашақ бастауыш білім педагогтеріне оқу қажеттіліктері мен стильдерінің әртүрлілігін ескере отырып, оқу процесін жекелендірудің қуатты құралы болып табылады. Бұл оқу материалын әр студенттің жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге, білім мен дағдыларды оңтайлы игеруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>

2. Уоллер У. Образования и школа: критическая оценка. – Калифорния: изд. Дональд Дж., 2006. – 120 с.
3. Сорокин П.А. Социальная мобильность / пер. с англ. М.В. Соколовой. –М.:Academia, LVS, 2005. – 156 с.
4. Romanenko, Y.N., Solodovnikova, E., Maksimenko, N. Microlearning as a new method of teaching soft skills to university students. *Frontiers in Education*. 2023. Vol. 8.
5. Гуркова В.С. Шаталова В.Ф. Микро оқыту әдісі. // Жас зерттеушілердің ғылыми зерттеулері және әзірлемелері. 2016. № 9-11. 50-55 беттер.
6. Монахова Г.А., Монахов Д.Н., Прончев Г.Б. Микробілім беру білім берудің цифрлық трансформациясының феномені ретінде // Білім және құқық. 2020. No 6. 299-304 б.
7. С.А. Нуржанова, А.С. Стамбекова, П.Б.Сейітқазы. Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдары. [file:///C:/Users/User/Downloads/185-197%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/User/Downloads/185-197%20(1).pdf)

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Жумадуллаева Айгүл Аязбайқызы

Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының доценті
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

*Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар.
Ұлт тәрбиесі, бала тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан
тақтақ жол болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен жетелеуге міндетті.
Мағжан Жұмабаев*

Қай ел, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, келешек ұрпаққа оқу- білім және өнегелі тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының елін, жерін, өз тілі мен мәдениетін, тарихи ұлттық құндылықтарын қастерлейтін, батырларын үлгі тұтатын, елінің болашағына сеніммен қарап, өзіндік бағасын түйсінуді, қуаттап қолдауын пайымдайтын көрсеткіші болып табылады. Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. «Мәңгілік ел» идеясында өскелең ұрпақ тәрбиесіне баса мән берілген. Осы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетілген.

Ұрпақ тәрбиесіндегі басты ұстаным-тәрбиелеудің ұлттық жолдарын саралап, айқындап бала бойына сіңіре білу. Яғни, бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеу. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру

Қазіргі жаһандану, космополитизм, ұлттық бірегейліктің тозуы, еуропалық елдердің «әлем азаматтарын» тәрбиелеуге қайта бағдарлануы жағдайында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын ұлттық құндылық тұрғысынан толықтыру, сабақтастық тұрғыда қарастыру өте маңызды болып отыр. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «МТО негізгі ұлттық құндылықтарға негізделген қоғамды қалыптастыруда аса қуатты әлеуетке ие. Ерте жастан бастап балалар әдебиеті мен халық ауыз әдебиеті арқылы қазақ халқының мәдениетін сақтау және мұра ету – бұл баланы қазақ

халқының мәдени-тарихи кодына сәйкес баулудың және балада өзіндік сана-сезімді тәрбиелеудің әмбебап тәсілі» делінген. Сонымен қатар, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың моделінде «ұлттық құндылықтарды балаларды ерте жастан толыққанды дамытудың заманауи теорияларымен үйлестіруге бағытталады» деп атап көрсетілгендей, бүгінгі таңдағы басты педагогикалық міндеттердің бірі тұлғалық мәдениеттің негізін қалыптастыру болып табылады. Сол сияқты кадрларды даярлауда теория мен практиканың бірлігі үшін жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын жетілдіру қолға алынған. Модельде профессор-оқытушылар құрамының сапасын әлемдік тәжірибе деңгейіне жеткізу үшін білімдерін жетілдіру, академиялық тәжірибе алмасу көзделген. Енді «ұлттық құндылықтардың мәні неде?» деген сұраққа жауап іздейік.

А.А.Бейсенбаева, Г.К.Нургалиеваның пікірінше, баланың адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекетіндегі адамгершілік сана-сезімі, дағдысы, өзіндік «Мен» бейнесі арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қасиеттерімен ықпалдасып, субъекті ретінде танылады. А.Нуровтың ойынша, әрбір тарихи кезеңде олар ұран, үндеу, жарғы, нұсқау және заң қызметін атқарады, тәртібі мен сақталуы барлығына міндетті. К.Қабыкееваның айтуынша, бұл – белгілі бір ұлттың, ұлыстың тарихында көрініс тапқан, бүкіл халықтың ортақ мүддесі бағытында мәнді және құнды болып табылатын ата-балалардың ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесі. Соңғы психологиялық, педагогикалық зерттеулердегі ұлттық құндылық туралы анықтамаларға талдау жасай келе мынандай тұжырымға келдік: ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары.

Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Балалық шақ – бала әлемді өзінің жас ерекшелігіне сәйкес танып білетін кезең, ересек адамның әлем, онда оның басқа адамдармен әрекеттесу процесінде ашқан құпиялары, мағыналары және интерпретациялары пайда болады. (Л.И.Божович). Мектепке дейінгі балалық шақта, жас ерекшеліктерінің ыңғайына қарай 5 жастан 7 жасқа дейін қалыптасатын құндылықтар тұрақты жеке тәрбие болады. (Я.Г.Абдуллин). Мектепке дейінгі кезеңде алғашқы адамгершілік түсініктер, сезімдер, жеке тұлғаның әлеуметтік және мәдени дағдылары одан әрі дамытуды анықтайтын әдеттер, құндылық қатынастары қалыптасады (А.К.Меңжанова). Зерттеулерді негізге ала отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық құндылықтар қалыптастыру кезеңдерін көрсеттік. Олар дайындық кезең, базалық кезеңі, көркемдік-танымдық кезең, эмоциональдық-әрекеттік кезең негізге алынуы қажет.

Бүгінге дейінгі білім беру ұйымдарының қызметіндегі басым бағыттарға мыналар жатады: әр баланың жан-жақты, оның ішінде физикалық қасиеттері, әлеуметтік, адамгершілік, интеллектуальдық бастамашылығы, дербестігі және жауапкершілігі дамуын қамтамасыз ету. Жас ерекшеліктері сәйкестік қағидатын іске асыру – балалардың психологиялық даму ерекшеліктеріне сәйкес мектепке дейінгі білім берудің мазмұны мен әдістерін ұсыну. Қоғамда қабылданған мінез-құлық ережелер мен нормаларына негізделген балаларды позитивтік әлеуметтендіру; мектепке дейінгі білім беруді дараландыру, бұл балалардың жеке ерекшеліктерін, мүмкіндіктері мен мүдделерін ескере отырып, білім беру процесін құру; ересек пен баланың жеке тұлғаға бағытталған бірлескен әрекеті, бұл әр баланың бірегейлігін, түрлі балалар әрекеттерінде олардың бастамасын қолдау және дамыту; тәрбиеленушілердің отбасымен тиімді өзара ықпалдастықты ұстану. Сондықтан отбасында, мектепке дейінгі ұйымда баланың ұлттық сипаттағы заттық дамытушы ортаны құру.

Бұл балаларға кішкентай кезінен бастап өз елінің бір бөлігі екенін сезіну, әр баланың өзін қауіпсіз сезінуі үшін оны жақсы көретініне, оған қамқорлық жасайтынына сенімді болуы керек; балаларды эмоциональдық қолдау, әр баланың сезімдері мен қажеттіліктеріне құрметпен, ізгі ниетпен қарау, даралығына құрмет көрсету, оның бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; жынысына, ұлтына, тіліне, әлеуметтік мәртебесіне, психофизиологиялық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан барлығын бірдей жақсы қарау; балаларды қазақ халқының құндылықтарына, отбасылық құндылықтарына, отаншылдыққа,

отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, танымдық қызығушылықты дамыту, білім алуға деген ұмтылысты қолдау, мектепте одан әрі оқуға ынтыласын арттыру есептелінеді. Бұл басым бағыттарды жүзеге асыруда тәрбие процесінде мынадай құндылықтар негізге алынады. Мәселен, жалпы адамзаттық құндылықтар, мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасылық дәстүрлер, еліне адал болуға, ұлтына қызмет жасауға, ұлт мәдениетіне, бірлік пен төзімділікке бағытталады. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық құндылық қалыптастыруда мынандай иерархиямен жүзеге асырылады. Отбасына басталатын болғандықтан 1 жасында өзі туралы, жақын адамдары, отбасы мүшелері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру, 2 жасында мәдени-әлеуметтік нормалар және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын игерту, туған елі және жері, отаны, елдіктің нышандары туралы алғашқы түсініктерін ұғындыру. 4 жасында туған Отанымыз Қазақстан туралы түсініктерін мәдениетіміздің қайнар көздері арқылы кеңейту.

Туған ел, мемлекет, рәміздер және ұлттық салт-сана туралы білімдерін толықтыру, қазақтың әдет-ғұрып мәдениетіндегі ізгілікті балалардың бойына сіңіру.

Педагогика ғылымында тәрбиенің тұтастығына әсер ететін факторлар: отбасы тәрбиесі, мектепке дейінгі ұйым тәрбиесі, қоғамдық тәрбие. Мектепке дейінгі балалардың игеретін дағдылары мен құзыреттіліктері: байланыстырып еркін сөйлейді, қарым-қатынасқа белсенді, өзі-өзіне қызмет етеді, ой-өрісі кең, іздепаз, білуге құштарлы, физикалық белсенді; жеке қасиеттері: көпшіл, тіл табыса алады, мәдениетті, кішіпейіл, парасатты, өзіне сенімді, мейірімді, рухани байлығы: елін, жерін қастерлейді, отанын құрмет тұтады, отбасын қадірлейді, ұлтының дәстүрлерін біледі, адамгершілігі мол, бауырмал болады. Балалық шақта өмірлік, ұлттық құндылықтар жүйесінің қалыптасуы қоршаған әлем туралы түсінігін кеңейтетін арнайы ұйымдастырылған әлеуметтік, мәдени, білім беру, заттық дамытушы ортасы бұл қалыптасуды жеделдете алады. Соның ішінде кітап — ұлттық құндылықты жеткізу құралы. Мектепке дейінгі кезеңнен балаға адами қарым-қатынас құндылықтарын өмірде қолдануға, білімнің мінез-құлыққа айналуына және «өзін-өзі реттеу» формаларының пайда болуына ықпал етеді. Балаға кітап оқу бесік жырынан басталады және кітап үшінші педагог қызметін атқарады. Әр жас кезеңдегі балалардың көркем шығарманы қабылдау ерекшелігі әртүрлі. 2-3 жаста сөз бен әсерді қабылдайды. 3-4 жаста кейіпкерлер мен олардың іс-әрекетін қабылдайды, 4-5 жаста оқиғалардың ретін, кейіпкерлердің мінезін, олардың қарым-қатынасын қабылдайды. 5-6 жаста күрделі сюжетті, ертегі шығармасының бөліктерін (басталуы, шарықтау шегі, шешілуі), оның неғұрлым нәзік ерекшеліктерін қабылдайды. 6-7 жаста шығарманың мәнін, бейнелеу құралдарын, кейіпкерлердің тереңдігін, сезімдерін суреттеуді қабылдайды. Осындай мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшелігін ескере отырып, нәресте кезеңінен бастап (күтім жасап жатқанда (жуыну, тамақтандыру және т.б.) тақпақтар мен ертегілер айтудың, көркем шығармалардың орны ерекше. Нәресте кезінен кітап оқудың құндылығы зор, бала интонацияны және дыбыстарды түсінеді, қабылдайды. Атап айтсақ, балаға арналған әдебиеттен жақсылық пен зұлымдықты, сұлулық пен ұсқынсыздықты ажыратады. Көркем шығарма балалар үшін қоғамдық өмірге бағдарланудың эталоны. Ата-ана – бала – педагогтың қарым-қатынас және ана тілінің құндылығын түсіну құралы. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымда кітап бұрышын ұйымдастырудың қажеттілігі осында. Кітап бұрышында балаларға кітапты дауыстап оқып беру, кітаптармен толықтыруға ата-аналарды тарту, кітапты уақытша пайдалануға үйге беру қажет. Кітаптың кітап бұрышында тұру мерзімі орташа есеппен 2-2,5 апта, кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау, балалардың талғамына және жас ерекшелігіне қарай ең кемінде 10-12 кітап болуы керек. Сіздердің назарларыңызға, еліміздегі және шетел тәжірибелерінен баланы кітапты қарауға тыңдауға қызығушылығын тудырудағы тиімді әдістерді ұсынып отырмыз.

Қызылорда қаласындағы «Бегім ана» балабақшасына мультфильм құрастыру бойынша итальяндық ғалым Джанни Родари В.Я.Проптың әдістемесін қолданады. Бұл әдістеменің ерекшелігі түрлі-түсті иллюстрация немесе сызба түрінде бөлек карталарда сюжеттер бейнеленеді (мысалы, «...баяғы бір заманда», «ерте-ерте, ертеде қояндар отбасы

өмір сүріпті» т.б.). Алдымен, ол балаларға таныс ертегіні талдап, қайталап айтып беруге көмектеседі. Келесіде педагог балалармен бірге ертегі функцияларының иллюстрацияларын немесе сызбаларын бірге ойластырып, мультфильм түсіретін нұсқалар дайындай алады. Уақыт өте келе ол таңдалған карталардың көмегімен олардың құрылымын құра отырып, өзіңіздің ертегілеріңізді ойлап табуға мүмкіндік береді.

Келесі АҚШ елінде қалыптасқан «Буктрейлер» әдісі кітапқа деген қызығушылығының, мотивациясын оятуда мүмкіндігі жоғары. Буктрейлер — кез келген еркін немесе көркем формадағы кітап туралы баяндайтын қысқа бейне. Әдістеме 4 кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңінде, кітап туралы қысқаша бейне роликті қарау, одан әрі қабылдауға бағытталған буктрейлердің мазмұны бойынша әңгімелесу, көркем шығарманы қабылдайды. Келесі кезекте әдеби шығарманы тікелей қабылдау (тыңдау) жүзеге асырылды. Оқу үрдісіне буктрейлерлердің осылай эпизодтық енгізілуі балалардың реакциясын көруге, олардың қызығушылық деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бөлігі ретінде қолданылады. Әдеби кештерді өткізу барысында тәрбиеші автордың өмірбаянын айтып берді, оның шығармасы бойынша буктрейлер көрсетілді, оны көргеннен кейін балалар қай шығарманы ұнатқанын, қай шығарманы оқуға құштарлығын білдіретінін айта алды. Жазушының шығармасы бойынша әдеби ойын немесе шығарма бойынша драматизациялық ойын ұйымдастырылады. Сонымен қатар, топтың кітап бұрышында көрме ұйымдастырылып, балалар кітаптар мен иллюстрацияларды тамашалады. Үшінші кезеңде бірте-бірте балалар буктрейлерге қызығушылық таныта бастады, буктрейлер қалай жасалатыны туралы сұрақтар қоя бастады, сондықтан балалар буктрейлерді жасауға шақырылады. Балалар үшін таңдау жағдайы жасалды – шығарма жанрын таңдау, біз бірлескен немесе жеке буктрейлер жасаймыз, иллюстрацияларды жинаймыз немесе бейненің қалай дубляждалатынын өз сызбаларымызды саламыз. Жұмыстың төртінші кезеңі – көркем әдебиетке деген қызығушылықты тудыру үшін буктрейлер жасау бойынша ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасау (кітап бойынша қысқаша бейнеролик; кітапқа бейне аннотация; кітаптың ең жарқын және ең танымал сәттерін қамтитын, оның мазмұнын визуалды түрде көрсететін миниатюралық бейне (тизер) қызықтырылады. Сондықтан мәтінді көрнекі түрде бейнелеуде буктрейлерлердің келесі түрлерін қолдану: ойын түрінде (кітапқа негізделген шағын фильмдер, онда бейнені түсіру немесе кітаптың фильмге бейімделуінен үзінділерді пайдалану); көркем әдебиет (цитаталар, иллюстрациялар, кітап беттері, фотосуреттер және т.б. бар слайдтар жиынтығы); анимация (кітап бойынша мультфильм).

Мектеп жасына дейінгі балалардың кітапқа қызығушылығын қалыптастыруда Финляндия тәжірибесін де ұсынамыз. «Финляндия білім беру жүйесінің табыстылығы неде?» деген сұраққа жауаптың бірі осы деп ойлаймын. Мектепке дейінгі кезеңнен баланың кітапқа қызығушылығын туғаннан кейін 2 айдан бастайды екен. Ата-аналары 1 жастан кітапханаға балаларын апарды. Кітапханаға коляскаларымен кіреді. Кітапханада 100 кв балаларға арналған оқу залы бар, жас ерекшелігіне қарай кітаптар топтастырылған. Баланың кітапқа қызығушылығын оятуда кітапханада иттер қызмет жасайды. Ол үшін иттер арнайы үйретілген. Ит кітапты оқыған кездегі тыңдауына балалар қызығып бірге тыңдайды екен. Мектепалды даярлық тобындағы балалар кітап тыңдауға жаттыққаны соншалықты веб камера арқылы интерактивті тақтадан кітапты көріп отырып, педагогтың оқығанын тыңдайды.

Сонымен төмендегідей қорытындылаймыз.

- Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың кітапқа қызығушылығын дамытуға жеткілікті мән беру;
- Жайлы, тартымды жабдықталған балалар кітапханаларын көбейту;
- Жұмыс істеп тұрған кітапханаларда балаларға арналған оқу залдарын ұйымдастыру;
- Балалардың жас ерекшелігіне қарай кітаптар қорын толықтырып, жаңартып отыру;
- Баланың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін отбасымен ықпалдастықты күшейту;

- Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін жетілдіру үшін білім жетілдіру курстарының бағдарламаларын әзірлеу, жүргізіліп жатқан курстарға жаңа модульдер қосу;
- Қазақ тіліндегі балаларға арналған кітаптар мен цифрлық ресурстарды көбейту;
- Желідегі жауыздықты насихаттайтын балаларға арналған контенттерді бұғаттауды қолға алу.

Қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу – олардың болашақ тұлға болып қалыптасуының негізгі тірегі. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген бала өз елінің патриоты болып өсіп, мәдениетін құрметтеп, салт-дәстүрін дәріптейтін азаматқа айналады. Бұл тәрбиенің жүзеге асуы тек білім беру ұйымдары мен тәрбиешілердің ғана емес, сонымен қатар отбасының, қоғамның және мемлекеттің ортақ міндеті болып табылады. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие – ұлт болашағының кепілі.

ӘОЖ 37.372

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ СӨЗДІКТЕРІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛҮЙРЕНІМ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Омарова Г.Ж. PhD, аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

E-mail: gulnar-aidos@mail.ru

Аннотация. Мақала Қазақстан Республикасындағы үш тілді білім беру саясатын жүзеге асыру бағытына арналған. Тілүйренім құралы ретінде бастауыш сыныптарға арналып жасалған электронды оқу сөздіктерінің тиімділігі сөз болады.

Тірек сөздер: көптілділік, бастауыш мектеп, аударма сөздіктер, идеографиялық суретті сөздіктер, ортақ тақырып, тақырыптық үлгідегі сөздік, электронды сөздіктермен жұмыс.

Аннотация. Статья посвящена направлению реализации политики трехязычного образования в Республике Казахстан. Рассматривается эффективность электронных учебных словарей, созданных для начальных классов в качестве средства изучения языков.

Ключевые слова: многоязычие, начальная школа, переводные словари, идеографические иллюстрированные словари, общая тема, тематический словарь, работа с электронными словарями.

Annotation. The article is dedicated to the implementation of the trilingual education policy in the Republic of Kazakhstan. It discusses the effectiveness of electronic learning dictionaries created for primary school as a language-learning tool.

Key words: multilingualism, primary school, translation dictionaries, ideographic picture dictionaries, common theme, thematic dictionary model, working with electronic dictionaries.

«Әр елдің тілін, өнерін білген кісі өзгемен бірдейлік деңгейде сұхбаттаса алады» деген Абай атамыз. Қай кезде де бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтың қарым-қатынасы кеңейіп отырған. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының шет елдермен халықаралық байланыстары күннен-күнге арта түсуде. Осы байланыстарды дамыту үшін ұрпағымызды көп тілділікке тәрбиелеуіміз қажет.

Бастауыш мектептегі жаңартылған білім беру мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартында: «Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің алуан түрлі саласында үш тілде диалог жүргізе алатын, өз елінің мәдениетін бағалайтын, басқа елдердің мәдениетін түсінетін және сыйлайтын Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді» - делінген [1]. Бастауыш сыныптардың оқушыларына үш тілді сөйлесім әрекеті арқылы мәдениетаралық қатысым

құралы ретінде меңгерту, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру, олардың әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-қоғамдық, әлеуметтік-мәдени орталарда тілдік шектеуді сезінбей, өзін еркін ұстауына мүмкіндік туғызу – үштілділікке үйретудегі негізгі ұстаным болып табылады. Көп тілді тұлғаны қалыптастыру үшін оқу үдерісін ұйымдастырғанда, оқытудың ұстанымдары, мазмұны, әдіс-тәсілдері, құралдары ерекше іріктеліп, оқытудың нәтижесі назарда ұсталғанда көп тіл білетін тұлғаның қалыптасуы мүмкін.

Көптілді тұлға қалыптастыруда тілдік пәндердің орны ерекше. Тілді бірден, біржола меңгеру мүмкін емес, ол үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан оқушылар анықтамалық әдебиеттермен, лингвистикалық сөздіктермен жұмыс істеуі қажет. Бұл дереккөздер оқушылардың нақты ақпарат алуына және қолдануына ыңғайлы, оларға лексикалық бірліктер туралы дәл, ғылыми-сенімді ақпаратты тез және оңай алуға мүмкіндік береді. Оқушылардың өзіндік ізденісіне, өз бетінше білім алуына мән берілген жаңа білім беру стандартының «Тіл мен әдебиет» білім беру саласында бастауыш мектептің 4-сыныбын бітіргенде «оқушы түрлі дерек көздерінен қалай ақпарат табуды біледі»- деп, күтілетін оқыту нәтижелерінде атап көрсетеді [1;9]. Бұл өз кезегінде бастауыш мектептегі тіл сабақтарында оқушылардың әртүрлі анықтамалық-энциклопедиялық дереккөздермен (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар) жұмыс істеу білігін қалыптастыруды талап етеді. Осы дереккөздердің ішіндегі сөздіктермен жұмыс көптілділікке үйретудің басты құралы болып табылады.

Сөздік – сөздердің мағынасы, қолданылуы, жасалуы, басқа тілге аудармасы туралы мәлімет беретін және белгілі бір ұстанымға сәйкес орналасқан сөздер жиынтығынан (морфемалар, сөз тіркестері, идиомалар және т.б.) тұратын анықтамалық кітап. Сөздіктер шартты түрде энциклопедиялық және лингвистикалық болып бөлінеді. Энциклопедиялық сөздікте белгілі бір салаға қатысты ұғым, дерек, зат, құбылыстар сипатталса, лингвистикалық сөздіктер әліпбилік тәртіппен белгілі бір тілдің лексикасы және фразеологиясын түсіндіруді мақсат тұтады. Лингвистикалық сөздіктердің ішінде көптілділікке үйретуде екі тілді не көптілді аударма сөздіктер жиі қолданылады.

Аударма сөздіктер бір тілдегі сөздерді басқа тілдің балама сөздерімен беріп, ұлттар арасында сөз алмасу үдерісін, өзара қарым-қатынас жасауды дамытады. Аударма сөздіктердің екі түрі бар: оның бірінде белгілі бір шет тілдегі сөздер мен фразеологизмдер ана тіліне аударылып беріледі де, екіншісінде, керісінше, ана тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер шетел тіліне аударылады.

Сөздіктерді құрастырғанда материалдың орналасуы басты назарда болады. Сөздіктерде негізінен сөздер әліпбилік ретпен орналастырылады. Материалдардың орналасуының әліпбилік емес ұстанымдарының ішіндегі бастысы лексикалық бірліктермен берілген ұғымдардың жіктелім жүйесін айқын көрсетуге жағдай жасайтын жүйелілік ұстанымы (логикалық жіктелім). Осыған сәйкес сөздіктер берілген сөздердің әліпби тәртібімен көрсетілуіне немесе сөздермен белгіленетін ұғымдар топтарының рет ретімен көрсетілуіне қарай екі түрге бөлінеді: әліпбилік сөздіктер, идеологиялық сөздіктер немесе ұғымдар сөздігі. Әліпбилік емес ұстаныммен жасалған идеологиялық сөздіктер идеографиялық сөздіктер немесе «тақырыптық» деп те аталады. Бұл сөздікте ұғымдардың жіктелу логикасы жасалып, сөздікке енгізілетін барлық сөздер осы жіктелу айдарымен орналасады. Идеографиялық сөздіктер қостілді және көптілді болып келеді. Идеографиялық оқу сөздіктері тілүйренім үшін ерекше маңызды оқу құралдарының бірінен саналады. Түсіндірме сөздіктердегі әліпбилік түзілім тәртібі тілдің лексикалық құрамын бейнелеудің сан ғасырлар бойы қалыптасып, тұрақтанған, ыңғайлы әдісі болып табылады. Алайда әліпбилік сөздіктерде лексикалық бірліктердің арасындағы жүйелі семантикалық байланыс толық көрініс таба алмайды. Сөздерді әріптердің орнына сәйкес әліпби, графика және орфография заңдылықтарына орай тізбелеп беретін сөздіктердің бір кемшін тұсы осы мәселеге байланысты [2]. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларына өзге тілдерді тез меңгеру ісінде идеографиялық сөздіктердің қосар үлесі зор.

Идеографиялық оқу сөздіктері өзге тілді меңгерту құралы ретінде ерекшеленеді. Оның үш негізгі қызметі бар: оқыту, анықтама беру, жүйелеу. Басқа сөздіктермен өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтары болумен қатар оның өзіне ғана тән мақсат-міндеті де бөлек. Тілді үйретуге арналған сөздіктің бір түрі ретінде идеографиялық сөздік лексикалық қорды оқу мақсатына сәйкес кешенді түрде сипаттайды. Идеографиялық оқу сөздіктерін түзуде лексикалық жүйені оқытудың әдістемелік аспектілері де ескеріледі. Атап айтқанда, оқыту кезеңі, жас ерекшелігі, білім деңгейі, оқу мақсаттары т.б. Бұл сөздіктің көлеміне, сөздік бірліктердің берілуіне, сипаттаманың әдіс-тәсілдеріне өз деңгейінде әсер етіп отырады. Тақырыптық үлгідегі идеографиялық оқу сөздіктерінде кез келген лексикалық бірліктер беріле бермейді. Онда нақты бір тақырып бойынша ұйымдасқан, шоғырланған мағыналы сөздер ғана түзіледі. Әр тарау өз ішінен тақырыпшалар мен шағын тақырыптарға жіктеледі. Тақырыптық микрожүйе құрастыруда сол тақырыпқа сәйкес сөзжасам модельдері, сөзжасамдық ұялар ескерілуі тиіс. Сөздерді топтастыруда оның жүйелі сипаттары толық ескерілуі керек. Идеографиялық сөздік құрастыруда сөздердің тақырыптық және лексика-семантикалық байланыстарының маңызы зор. Сол себепті идеографиялық оқу сөздіктерін түзуде мағынадан тұлғаға қарайғы функционалды-семантикалық бағыт пен тілдік бірліктердің семантикалық жүйелілігі ұстанымына ерекше назар аудару қажет [2].

Тақырыптық сөздікте лексикалық бірліктерді іріктеу мәселесі орыс тіл білімінде И.П.Слесарев, П.Н.Денисов, В.В.Морковкин, Л.Г.Саяхова т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз болады. Сөздік бірліктерді тақырыптық жағынан топтастырғанда, тілдің коммуникативті, функционалды жағы ескеріледі. Сөздік түзуде алдымен қажетті тақырыптар анықталып, кейін әр тақырыпқа қажетті сөздер нақтыланады. Идеографиялық оқу сөздікте сөздер тақырыптық, семантикалық тұрғыдан үйлесіп, ұйымдасып келуімен қатар ол сөздер әліпбилік тәсілмен өз ішінен саралануы мүмкін [3].

Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертудегі орнын арнайы зерттеген Э.Ә. Иісова лексика-семантикалық топтардың берілуіне байланысты идеографиялық сөздіктердің төмендегідей өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді:

– сөздіктің негізгі мақсаты – тілді оқыту міндетіне сәйкес тілдің лексика-семантикалық жүйесін (лексика-семантикалық топ жиынтығын) нақты бейнелеу; сол себепті сөздік негізгі лексика-семантикалық топтар мен олардың өзара иерархиялық байланысын қамти отырып, оқу мақсатына сәйкес лексика-семантикалық топтарды іріктейді;

– сөздерді лексика-семантикалық топтарға біріктіре отырып, тұтас бірліктер түзеді, онда сөздер, тұтас дүниенің бөлшегі ретінде қызмет етіп, сөздік қор жүйелі түрде меңгеріледі;

– сөздерді семантикалық негізде жүйелей отырып, идеографиялық сөздіктер адам жадында сөз бірліктерінің сақталу тәсілі мен сөз қолданыстың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетіндіктен, қажетті сөзді тез табуға мүмкіндік береді [4];

Байқап отырғанымыздай, сөздер тақырып ортақтығына байланысты жүйелеу жолымен іріктеледі. Түсіндірме, орфоэпиялық, орфографиялық сөздіктердің материалдары қосымша көз, көмекші материал ретінде пайдаланылады. Идеографиялық сөздіктердің негізгі нысаны сөздердің тақырыптық бірлігі болып табылады. Бастауыш сыныптарға арналған тақырыптық сөздік құрастырғанда жаңартылған білім беру бағдарламасында пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында берілген ортақ сегіз тақырып бойынша сөздік минимум жасау тиімді болып табылады. Мысалы, «Өзім туралы», «Менің мектебім», «Менің отбасым және достарым», «Бізді қоршаған әлем», «Саяхат», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті», «Тағам және сусын», «Дені саудың жаны сау» Аталған топтар одан әрі ұсақ топтарға жіктеледі.

Бастауыш сыныптарға арналған идеографиялық суретті сөздіктер құрастырғанда лексикалық минимумға іріктеліп алынған әрбір сөздің үш тілде де айтылуы, дұрыс жазылуы, түсіндірмесі мен оның сөз тіркесі, сөйлем ішінде қолданысының берілуі маңызды.


Қазіргі кезде ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты лексикография саласы да жаңа бағыт бойынша дамуда. Бүгінгі күні жасөспірімдер үшін қарапайым қағаз

сөздіктерді қолдану қызық емес, оған отбасындағы компьютерлер мен ұялы телефондардың бар болуы себеп. Техникалық мүмкіндік бар кезде, ақпаратты онлайн түрде, уақыт жұмсамай іздеу өте тиімді. Жасөспірімдердің көпшілігі онлайн аударма арқылы керекті ақпараттарды іздестіріп, қолданады. Алайда онлайн аудармасы берілген сөздер бастауыш сынып оқушысы үшін түсініксіз болуы мүмкін. Тек сөздердің аудармасын қарап шығу, оқушының тілді меңгеруіне толық мүмкіндік бермейді. Яғни басқа тілге аударылған сөздің сөз тіркесінде, сөйлем ішінде қолданысы қатар берілмегендігі сөздің лексикалық мағынасын меңгеріп, сөйлеу тілінде қолдануына қиындық келтіреді.

Үштілді білім беру жағдайында оқытудың тиімділігін арттырудың басты шарттарының бірі ретінде электронды сөздік жасау мәселесін қойдық.

Электронды сөздік бастауыш сынып оқушыларына түсінікті, әрі қарапайым түрде жасалынды. Сөздіктен оқушы берілген әр сөздің аудармасы, орыс, ағылшын және қазақ тілдерінде сөз тіркестерімен және сөйлем ішінде қолданылуы жайлы мағлұматтар алады. Ағылшын тілінде дыбысталуы арқылы сөзді дұрыс айтуға үйренеді.

Электронды сөздіктің алғашқы бетінде 8 ортақ тақырыптар бөлініп, көрсетіледі. Әр бөлімді таңдағанда ішінде әліпби ретімен берілген сөздер шығады. Кез-келген әріпті таңдау арқылы бірнеше сөздердің аудармалары және әр сөздің сөз тіркесі мен сөйлемдегі қолданысы беріледі.



№1	Атым (есімім)	Имя	Name
№2	Алты	Шесть	Six
№3	Аяқ	Нога	Leg
№4	Арық	Тощий	Skinny
№5	Ақ	Белый	White
№6	Адал	Честный	Honest
№7	Ауқатты	Состоятельный	Rich
№8	Ақылды	Умный	Smart

№1	Атым (есімім)	Имя	Name
	Орындаушының аты Менің атым (есімім) Жансая	Имя исполнителя Моя зовут Жансая	Artist name My name is Zhansaya
№2	Алты	Шесть	Six
№3	Аяқ	Нога	Leg
№4	Арық	Тощий	Skinny

Бастауыш сынып оқушылары ұсынылған электронды сөздікті пайдалану арқылы үштілді білім беру жағдайында жаңа сөздермен танысып, сөздік қорларын молайтып, сөздерді күнделікті өмірде қолдану аясын кеңейтеді. Мұндай электронды сөздіктердің тиімділігі оқушылардың өз бетімен ізденуіне, жаңа ақпаратпен танысуына, тілдерді жеңіл әрі қызықты меңгеруіне, ақпараттық құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.- Астана, 2020. (2020.28.08. берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#))
3. Мұханбетжанова А.Р. Екі тілді идеографиялық оқу сөздіктеріне қойылатын дидактикалық талаптар. ksu.edu.kz/files/nauka/20_m_hanbetzhanova_a_r.pdf
4. Саяхова. Л.Г. и др. Иллюстративный тематический словарь русского языка. – Москва: Рус.яз., 1989.
6. Иісова Ә.Ә. Идеографиялық оқу сөздігінің тілдік жүйені меңгертудегі орны. фил. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2009.

DEVELOPING DIGITAL COMPETENCE IN PRIMARY SCHOOL TEACHERS AND STUDENTS: INTERACTIVE LEARNING ACTIVITIES AND SERIOUS GAMES

DAIVA JAKAVONYTĖ-STAŠKUVIENĖ, JOLITA KUDINOVIEŅĖ,
Vytautas Magnus University, Lithuania

In Lithuania, the updating of the key document governing the content of education – the General Curriculum (2022) – has focused on the flexibility, modernity and motivation of teachers and pupils (*General Curriculum*, 2022). Digital competence is defined as motivation and ability to use digital technologies to perform tasks, learn, solve problems, work, communicate and collaborate, manage information, create and share digital content effectively, appropriately, safely, critically, independently and ethically (*Competence Development Framework*, 2022).

The aim of this article is to present the concept of digital competence and serious games and the interactive tools for developing digital literacy skills of primary school teachers and students.

Components of digital competence (*Competence Development Framework*, 2022; *General Curriculum*, 2022):

- **Digital material:** includes searching, filtering (selection), analysing and critically evaluating, managing, reorganising, integrating and automating the processing of digital material.

- **Digital communication:** communicates and collaborates digitally, including social and civic activities in digital spaces, observes accepted computer network etiquette, protects online reputation, manages digitally delivered information.

- **Digital protection:** uses digital technologies confidently, protects personal data and privacy in digital environments, uses digital technologies to protect the environment, uses digital devices confidently.

- **Problem solving:** creatively uses digital technologies to solve problems, including critically evaluating possible solutions to a problem and selecting digital technologies, and assessing digital competence.

When we think about the person of the future, universal competences such as the ability to learn continuously, to question, to solve problems, to argue and to make choices are all taken into account in the development of digital content for primary school students (Taddei, 2018).

Why a serious game?

Educational games: a lever for motivation and learning. Since the 2000s, edutainment, enhanced by digital tools, has demonstrated its positive impact on motivation and learning (Sailer & Hommer, 2020). By engaging participants, games encourage reflection and exploration of practical training cases.

They create a supportive framework for tackling complex issues. The fun aspect of the game helps to defuse any tension or apprehension that some people may feel when faced with complex issues such as inclusion, thus creating a caring and stimulating learning environment.

Raising teachers' awareness of learning barriers and prejudices. This game raises teachers' awareness of the importance of removing barriers to learning for all. It helps to deconstruct prejudices about inclusion, interculturalism, gender equality, STEM and critical thinking, while encouraging them to reflect on their practices. The game is therefore versatile enough to be used by different STEM teachers in bilingual and non-bilingual contexts.

Definition of edutainment. Edutainment integrates game mechanisms into learning to make it more engaging, interactive and motivating, thereby facilitating comprehension and memorization. It differs from game-based learning in that it uses features such as points, rankings and challenges to enrich the learning experience. Edutainment can be referred to by several terms, depending on the context. Here are a few synonyms and terms.

Ludicisation: ludicisation completely transforms an educational activity into a game, rethinking its dynamics to make it immersive and interactive, centred on storytelling and problem-solving. It goes further than gamification, which simply adds game mechanisms to an existing activity (Sanchez & Romero, 2020).

Gamification: uses game mechanisms (points, badges, rankings) in non-game environments to motivate learners, without transforming the activity itself. It aims to make the experience more interactive and attractive.

Serious games: games specifically designed to teach specific skills or concepts, with explicit educational objectives.

Game-based teaching: emphasises the use of games as a key teaching tool.

Educational games: games designed specifically to teach concepts or develop specific skills, often aimed at young audiences.

Edutainment transforms the learning situation by changing the way learners perceive and experience learning, going beyond simple points or badges (Sanchez & Romero, 2020).

Higher levels of engagement and motivation. Game components (points, badges, rewards) increase learner engagement and motivation by making activities more interactive and stimulating. (An, 2022; Kapp, 2016).

Better learning, error-positive learning. Games foster iterative learning by allowing risk-free trial and error (Papert, 1993).

Қорытындылай келе, қорқыныш – бұл адам өмірінің әртүрлі аспектілеріне күшті әсер ететін ең маңызды эмоцияларының бірі. Онтогенездің алғашқы кезеңдерінде пайда болатын бұл сезім адамның бүкіл өмір жолында сақталады. Жалпы алғанда, өмірінде бірде-бір қорқыныш сезінбеген адам жоқ деп те айтуымызға да болады. Себебі, бір адамдар ауруынан жазылмай кетуі мүмкін деп өлімнен қорқады, екіншісі әлеуметтік мәртебесін жоғалтып алудан қорқады, үшіншісі өрмекшілерден қорқады т.б. дегендей. Айта кетерлігі, бір-біріне ұқсамайтын бұл сезімдердің барлығы денеде таңқаларлық ұқсас психофизиологиялық өзгерістермен ғана емес, сонымен қатар ұқсас субъективті сезімдермен де бірге жүреді екен. Мақалада біз көптеген ғалымдардың «қорқыныш» ұғымына берген анықтамаларын ұсына отырып, қорқыныш түрлерінің кейбір жіктемелерін келтірдік.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Намазбаева Ж.И. Психология. - Алматы: Print-S, 2005. - 296 б.
2. Гуляихин В.Н., Тельнова Н.А. Страх и его социальные функции //Философия социальных коммуникаций. 2010. № 10. с. 53-60.
3. Страх // Малый энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона. - 2-е изд., - Т. 1-2. -СПб., -с.1907-1909.
4. [Изард К.Э.](#) Теория дифференциальных эмоций // [Психология эмоций](#). - [Питер](#), 2007. - 464 с.
5. Щербатых Ю. В. Психология страха. - М.: Эксмо, 2007. - 512 с.
6. Дорофеева Г.А. «Страхи: определение, виды, причины» Известия Южного федерального университета. Технические науки, 2002. – с.177-184.

УДК 37.36

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТИҢ ИКЕМДІ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қасым Гүлжайна Көбейсінқызы
№2 Мәртөк мектеп-гимназиясы., Әлеуметтік педагог
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР
E-mail: Guli_2507@bk.ru

Аңдатпа: Соңғы уақытта барлық ұйымдардың қызметкерлерінің кәсіби даму процесінде soft skills рөлі артып келеді. Алайда, мұғалімдердің soft skills-ті иеленуінің маңыздылығы мен қажеттілігі, демек, білім беру процесінің көптеген қатысушылары әлі тиісті деңгейде түсінбейді. Мақалада кәсіби емес дағдылар (soft skills) ұғымы қарастырылып,

педагогикалық саладағы маманның дамуы үшін осы дағдылардың маңыздылығы анықталды. Мектеп мұғалімдерінің, СПО педагогикалық қызметтегі soft skills маңыздылығын бағалауға қатысты сауалнамасының деректері келтірілген.

Кілт сөздер: кәсіби емес дағдылар, жұмсақ дағдылар, әмбебап құзыреттер, жалпы кәсіби құзыреттер, педагогикалық білім

Аннотация: В последнее время усиливается роль soft skills в процессе профессионального развития сотрудников всех организаций. Однако важность и необходимость владения soft skills педагогами, а значит и формирования их у студентов, обучающихся на педагогических направлениях, пока не осознается в должной мере многими участниками образовательного процесса. В статье рассмотрено понятие надпрофессиональных навыков (soft skills) и определена значимость данных навыков для развития специалиста в педагогической сфере. Приводятся данные анкетирования школьных учителей, преподавателей СПО, касающийся их оценки важности soft skills в педагогической деятельности.

Ключевые слова: надпрофессиональные навыки, soft skills, универсальные компетенции, общепрофессиональные компетенции, педагогическое образование

Abstract: In recent years, the role of soft skills in the professional development of employees of all organizations. However, the importance and necessity of soft skills possession by teachers, and hence their formation among students studying in pedagogical directions, is not yet realized in due measure by many participants of the educational process. The article considers the concept of professional skills (soft skills) and determines the importance of these skills for the development of a specialist in the pedagogical sphere. The data of the survey of school teachers and teachers concerning their assessment of the importance of soft skills in teaching are given. The most formed teachers were the ability to dialogue and management of students, the least emotional intelligence and the ability to negotiate.

Keywords: soft skills, generic competencies, General professional competencies, teacher education

Сапалы білім негізі – жан-жақты ақпараттық материалдарды, көрнекі құралдар мен ұтымды технологияларды, тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, білім алушыға ешбір кітаптан таба алмайтын білім беру.

Жаңа ғасырда ғылымның, техниканың, өндірістің қарқындап өсуі білім берудің барлық жүйесін жүйелі дамытуды талап етіп отыр, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу үшін іргелі өзгерістер керек.

Қазіргі кезеңдегі білім беру ісінің негізгі нысаны – жас ұрпақтың біліктілігін қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сондай-ақ ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүріп, қызмет жасауға қабілетті тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру болып отыр

Қазіргі уақытта оқу бағдарламаларын жобалау орталығы, дүниежүзілік экономикалық форумы, экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымы сияқты беделді ұйымдары дербес зерттеулер негізінде қоғам өмірінің өзгеруіне елеулі дәрежеде әсер ететін бірнеше әлемдік тенденциялардың ықпалын анықтайды. Олардың ішіндегі ең басты және жиі кездесетін үрдістер: біріншіден, өмір сүру және әлем жағдайының өзгеруінің өте жылдам қарқынмен жүруі. Екіншіден, технологиялар мен қоғамның тұрақты және үздіксіз дамуы айтарлықтай дәрежеде кәсіби саланың өзгеруін анықтауда. Осыған сәйкес бұл үрдістер болып жатқан өзгерістер контекстінде адамдардың тиімді қызмет етуіне қажетті сапасына талаптар қоюда, бұл ең алдымен, икемді дағдылармен (soft skills) сипатталады[1].

Soft skills-болашақтың дағдылары. Әрине, жақында soft skills жұмысқа қабылдаудың негізгі критерийлері болады. Бұл дағдылар әсіресе құнды, өйткені олар құзыреттілік пен әдептілік деңгейін көрсетеді.

Әлеуметтік немесе икемді дағдыларға деген қажеттіліктің артуын ең алдымен, бүгінгі күні экономика мен еңбек нарықтарының кірігуінің ұлғаюымен, әлеуметтік және мәдениетаралық дағдыларды меңгерген құзыретті қызметкерлерге сұраныстың артуымен түсіндіруге болады. Әлемдік экономикалар өзара байланысты болғандықтан, көптеген тілдік және мәдениетаралық дағдылар жаһандық ауқымда үлкен мәнге ие болуда. Сол себепті де бұл дағдыларды дамыту – қазіргі білім берудегі тренд болумен қатар, оның құрылымдық мазмұнын пысықтауды да талап етуде.

«Икемді дағдылар» - салыстырмалы түрде жаңа термин (бұл дағдылар жұмсақ немесе өтпелі деп те аталады). Бітірушінің біліктілігі мен кәсіби құзыреттеріне тікелей қатысы бар «қатты дағдылардан» айырмашылығы, икемді дағдылар әмбебап, мамандандырылған емес және көбінесе жеке қасиеттері мен әлеуметтік дағдыларымен байланысты.

Бүгінгі таңда әлемдік үрдістерге байланысты кәсіби сала да сапалы деңгейде өзгерістер орын алуда. Жұмыс берушілер мамандардан олардың тез өзгертін жағдайларға бейімделуіне және кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға көмектесетін жақсы дамыған икемді дағдыларды (soft skills) талап етуде. Т.А. Яркова, И. И. Черкасова бұл дағдылар маңызды білім беру нәтижесі болып табылатынына баса назар аударады, сондықтан олардың білім беру процесі шеңберінде мақсатты дамуын ұйымдастыру қажет деп тұжырымдайды.

Шетелдік ғалымдардың басым көпшілігі икемді дағдыларды кейбір жеке қасиеттер тобы, дағдылар, эмоциялық интеллект, жеке басының атрибуттары және т.б. жиынтығы ретінде кеңінен қарастырады. Оның ішінде skills кәсіби қызмет үшін маңызды әмбебап дағдылар ретінде анықталады және толық мазмұнын келесі кестеден көре аламыз (кесте 1).

Кесте 1- Икемді дағдыларға берілген сипаттама мазмұны (soft skills)

№	Авторлар	Анықтама мазмұны
1	Л. К. Раицкая, Е. В. Тихонова	soft skills - кәсіби құзыреттілікті тиімді іске асыру үшін еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби емес дағдылар, жеке қасиеттер мен атрибуттар жиынтығы
2	Л. К. Сальная	soft skills - жеке тұлғаның басқа компоненттерін қолданады: «маманға кәсіби табысқа жетуге мүмкіндік беретін белгілі бір жеке қасиеттердің, эмоционалдық интеллектінің, коммуникативтік құзыреттіліктің ұштасуы. Ол адамға жұмыс орнында пайда болған жағдайларды тиімді шешуге көмектесу және оның жұмысқа орналасу аумағын кеңейту басымдылығына ие».
3	L. H. Lippman, R. Ryberg, R. Carney, A. Kristin	soft skills - бірнеше басқа, көп көлемді жеке тұлғаның компоненттерінің жиынтығы, яғни адамдарға олардың ортасында тиімді бағдарлауға, басқалармен жұмыс істеуге, өз жұмысын тиімді орындауға, сондай-ақ өз мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін дағдылардың, құзыреттіліктің, мінез-құлықтың, қондырғылардың, жеке қасиеттердің кең жиынтығы
4	E. Dall'Amico, S. Verona	soft skills - ерекше емес және жеке қасиеттері мен қондырғыларымен (сенімділік, тәртіп, өзін-өзі басқару), әлеуметтік (коммуникация, командада жұмыс істеу, эмоциялық интеллект) және басқару қабілеттерімен (тайм-менеджмент, мәселелерді шешу, сыни ойлау) тығыз байланысты
5	В. Шипилов	soft skills - көптеген өмірлік жағдайларда адамға қажет және пайдалы болуы мүмкін әлеуметтік-психологиялық дағдылар
6	А. Яркова, .И.Черкасова	Soft skills келесі түрде сипаттайды: бұл кәсіби салаға немесе мамандыққа қарамастан адамдардың табысты кәсіби және өмірлік өзін-өзі анықтауы үшін маңызды және қажетті әмбебап дағдылар

Қарастырылған анықтамалардың негізінде келесі soft skills сипаттамаларын бөлуге болады:

- Soft skills-бұл жай ғана дағдылар емес, өмірде де, кәсіби қызметте де кәсіби тұрғыда және өмірде жүзеге асыру мен дамуға байланысты қасиеттердің кең жиынтығы (жеке қасиеттер, зияткерлік ерекшеліктер, қондырғылар, дағдылар және т.б.).

- Soft skills жеке қасиеттер, әмбебап дағдылар, адам қызметінің тиімділігіне әсер ететін кәсіби емес және жүре қалыптасатын дағдылар деп түсініледі.

- Олар кәсіби қызметтің ерекшелігіне байланысты емес, яғни soft skills кәсіби қызметтің түрлі түрлеріне ортақ.

М. Э. Волкова олар тек өмірлік жағдайларда ғана қажет емес, сонымен қатар кез келген маманның қызметі үшін маңызды дей келе, «soft skills коммуникативтік, көшбасшылық, командалық жұмыс, қажеттік, көпшілік алдында сөйлеу, «ойлау» және басқа да» [2] деп бөледі. Ол тек кәсіби дағдыларды меңгеру маманға өзін толық көлемде жүзеге асыруға көмектеспейтіндігін, және жақсы дамыған soft skills қажеттігін айтады.

Шетелдік ғалымдар L. H. Lippman, R. Ryberg және т. б. өз жұмыстарында «soft skills» ұғымын анықтау кезінде олардың мақсаттары мен маңызына назар аударады – адамға неге және не үшін қажеттігін біріншіден, жұмыста және өмірде табысқа жетуге мүмкіндік беретіндігімен; екіншіден, кәсіби өзін анықтаумен, дамытумен, проблемаларды шешумен байланысты кең мазмұндағы міндеттерді шешуде қолданылатындығымен, сонымен қатар жұмыс берушілер тарапынан аса бағалайтындығымен түсіндіріледі.

Әлеуметтік дағдыларды дәстүрлі практикамен салыстырсақ, ол ең алдымен, әрекеттік маңызды сапалармен ұштастырылады. Өйткені әрекеттік маңызды сапалар – бұл «кәсіби маманның іске асыратын қызмет түрлері мен нысандарының тиімділігіне әсер ететін және олар арқылы көрініс табатын индивидтің сапасы» [3, с. 28]. Міндет тұрғысынан маман екі топтағы міндеттерді шешеді: кәсіби және жеке кәсіби қалыптасу және жүзеге асыру міндеттері. Осыған сәйкес адам қызметтің екі түрін жүзеге асыра алады – кәсіби және метакәсіби.

Кәсіби қызмет келесі міндеттерді шешуге бағытталған: тұтыну құнын құру және алу, еңбек субъектісінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондай-ақ кәсіби маманды дамыту, жетілдіру.

Метакәсіби қызмет жеке тұлға мен кәсіби маманның қызметін қалыптастыруға, дамытуға және іске асыруға бағытталған. Ол екі міндетті шешуді қамтиды [4]: кәсіби даму (кәсіби қабілеттілікті дамыту, мотивация және т. б.) және мансаптық даму (әлеуметтік-кәсіби мәртебені өсіру және сақтау).

Икемді дағдылар мазмұны мен түрлерін талдауға сүйенсек, олар жалпы кәсіби маңызды қасиеттер тобына да, ал олардың кейбірі метакәсіби (өзіндік дамуды басқарумен байланысты сапалар) қатарына да ене алады. Өйткені егер икемді дағдыларды міндеттер тұрғысынан қарайтын болсақ, олар кәсіби қызметтің жалпы міндеттерін шешеді, сондықтан да әрекеттік маңызды сапалар қатарына жатады. Бұған қоса, адамның даму және оқыту процесінде алған білімі, біліктілігі, қабілеті және жеке қасиеттері-бұл құзырет негізінде қалыптасатын маңызды шарттар. Сол себепті бұл тұрғыдан икемді дағдылар құзыреттілік компоненті бола алады деген көзқарастар да орын алуда.

Енді икемді дағдыларды топтау түрлеріне тоқталсақ, зерттеуші ғалымдардың түрлі көзқарастарын көре аламыз:

1) В. Шипилов soft skills келесі топтарға бөледі:

- базалық коммуникативтік дағдылар – командалық жұмыс, келіссөздер жүргізу, өзін-өзі таныстыру, презентациялар өткізу, сатудың базалық дағдылары, көпшілік алдында сөйлеу, нәтижеге бағытталуы, іскерлік хат, клиентке бағдарлануы.

-Self – менеджмент дағдылары-эмоцияларды басқару, күйзелісті басқару, өз дамуын басқару, жоспарлау және мақсатты болжау, тайм-менеджмент, энергия, ынта, бастамашылық, табандылық, рефлексия, кері байланысты пайдалану.

– тиімді ойлау дағдысы-жүйелі ойлау, креативті ойлау, құрылымдық ойлау, логикалық ойлау, ақпаратты іздеу және талдау, шешімдерді әзірлеу және қабылдау, жобалық ойлау, тактикалық және стратегиялық ойлау.

– Басқарушылық дағдылар – орындауды басқару, жоспарлау, қызметкерлерге міндеттер қою, мотивациялау, міндеттерді іске асыруды бақылау, тәлімгерлік (қызметкерлерді дамыту) - менторинг, коучинг, ахуалдық басшылық және көшбасшылық, кеңестер жүргізу, кері байланыс беру, Жобаларды басқару, жіберу [5].

2) А. Э. Цымбалюк [6] Drew C. Appleby [6] ұсынған топтамаға сәйкес soft skills жіктелесін келесі мазмұнда ұсынады:

- Мотивация және адалдық (Motivation and Commitment).

- Бастамашылық, білуге құмарлық (Enthusiasm).

– Амбицалар (Ambition).

- Мақсаттар (Goals).

- Таланттар (Talents).

- Қатысу (Attendance).

- Дайындық (Preparation).

- Тұлғааралық өзара іс-әрекет дағдылары

(Interpersonal Skills).

- Ойлау дағдылары (Thinking Skills).

3) : Цымбалюк А. Э., Виноградова В. О. Келесі мазмұнда топтайды:

Soft skills, адамның өзіне бағытталған: өз эмоцияларын басқару, өз дамуын басқару, өзін-өзі оқыту, өзін-өзі реттеу және т. б.

- Басқа адамдарға бағытталған Soft skills:

коммуникативтік дағдылар, командалық жұмыс және көшбасшылық дағдылары, келіссөздер жүргізу, эмпатия және т. б.

- Soft skills, Жалпы кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған ойлаудың кең дағдылары (сыни, стратегиялық, жүйелі және т.б.), мәселелерді шешу, жауапкершілік, шешім қабылдау, бейімділік, орындаушылық және т. б.

Сонымен қатар, авторлар, soft skills – бұл кәсіби қызметтің ерекшелігіне тәуелді емес, бірақ жалпы кәсіби және метапрофиялық міндеттерді шешуге байланысты оның тиімділігіне әсер ететін әрекеттік маңызды сапалар деген анықтамасын ұсынады[4].

Қорыта келе және жоғарыда ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, келесі тұжырым жасай аламыз:

1 Soft skills - бұл дағдылардың синонимі емес, одан да кең ұғым болып табылады.

2 Soft skills жеке қасиеттер, зияткерлік ерекшеліктер, әлеуметтік-психологиялық дағдылар, әмбебап дағдылар, кәсіби емес және жүре пайда болатын дағдылардың сипаттамалардың жиынтығы арқылы түсініледі

3 Soft Skills тұлғаның кәсіби, әлеуметтік, жеке өмірлік қызметі тиімділігіне әсері мол.

4 кәсіби қызметтің ерекшелігіне байланысты емес, әр түрлі кәсіби қызмет түрлеріне бірдей болып табылады.

5 Әлеуметтік педагогтің икемді дағдыларын қалыптастыру және дамыту –бүгінгі күн талабы сұранысы мен тез өзгермелі қоғам жағдайында бейімдеудің басты көрсеткіші.

Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашыл» адамға деген сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір дәлелдеп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1) Ермаков Д. С., Аамантай Ж.А., Изучение и развитие «гибких» навыков как психолого-педагогическая проблема. материалы Международной научно-практической конференции «Образование и психолого-педагогическая наука: системность, преемственность, инновационность», посвященной 110-летию со дня рождения академика Т.Т.Тажибаева – алматы: казахский университет, 2020. – С.17-19.

- 2) Цымбалюк А.Э., Виноградова В.О. Психологическое содержание soft skills //Ярославский педагогический вестник. – 2019 – № 6 (111). – с. 120-127.
- 3) Л.Р.Газизулина. Развитие мягких навыков в ходе иноязычной подготовки аспирантов .вестник нижегородского университета им. н.и. лобачевского. серия: социальные науки, 2019, № 4 (56), С. 275–279
- 4) К.С.Еремеев. Направления совершенствования воспитательной работы со студентами в условиях цифровой трансформации общества

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР (АКТ) НЕГІЗІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙН

Туткабаева Сауле Сатыбалдыевна

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
информатика пәнінің мұғалімі
E-mail: stutkabaeva@mail.ru

Аннотация

Мақалада педагогикалық дизайнердің функциясын тек әдістемелік сауатты педагог орындауға қабілетті деп тұжырымдауға болады, өйткені, бағдарламалық оқыту құралы педагогикалық дизайн оқытудың психологиялық және педагогикалық қағидаларын есепке алумен шектелмейді (оқыту әдістемесінде осылай қабылданған), құрастырылған өнімнің келесі сапаларын минимум ретінде анықтауды және жүзеге асыруды қарастырады:

Тірек сөздер: Педагогикалық дизайн, ақпарат әлі де оқыту емес.

Аннотация,

В статье можно сделать вывод, что только методически грамотный педагог способен выполнять функцию педагогического проектировщика, поскольку педагогическое проектирование программного образовательного средства не ограничивается учетом психолого-педагогических принципов обучения (т. принятый в методике преподавания), он считает, что должны быть определены и реализованы как минимум следующие качества конструируемого продукта:

Ключевые слова: Педагогический дизайн, информация до сих пор не преподает.

Annotation

In the article, it is possible to conclude that only a methodologically literate teacher is capable of performing the function of a pedagogical designer, since the pedagogical design of a software educational tool is not limited to taking into account the psychological and pedagogical principles of learning (i.e. accepted in the teaching methodology), he believes that it should be defined and implemented as at least the following qualities of the constructed product:

Key words: Instructional design, Information is not instruction

Жаңа мемлекеттік білім беру стандартының барлық елдердегі талаптарының бірі білім беру үдерісіне ақпараттық-коммуникативтік технологияны ендіру болып табылады. Осыған байланысты заманауи ақпараттық технологиялар негізінде құрылған оқытудың жаңа моделін құру қажеттілігі туындады. Бүгінгі таңда заманауи оқушы электронды мәдениет әлемінде өмір сүріп жатқандықтан, білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану басты қажеттілік болып саналады.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарына виртуалды оқыту ортасы мен оқу бағдарламасын басқару жүйесін кеңінен ендіру әртүрлі білім беру деңгейлерінде (мектептер, университеттер, қосымша білім беру мекемелері) педагогтарға жағымды және тиімді оқыту траекториясын құруға мүмкіндік берді. Оқыту үшін қолданылатын көптеген технологиялар мен сандық құралдар, ресурстар оқытушыларда оқыту мазмұнын берудің интегралды және негізгі компоненті ретінде технологияны зерттеу қызығушылықтарын тудырады.

1998 жылы білім беруде ақпараттық технологияларды пайдаланушы жетекші идеологтардың бірі Девид Меррилл (M. David Merrill) «ақпарат әлі де оқыту емес» («Information is not instruction») деп түсіндірді. Бұл мәлімдеме педагогикалық қоғамдастықта соңғы он жылда терең тақыланған маңызды ереже болып табылады.

Оқытушылар дәстүрлі басылған оқулықтардың, мақалалар, нұсқаулықтар мен библиографиялық анықтамалықтардың электронды нұсқасын құрастырды. Бірақ олар құнды және қол жетімді ресурстар болып табылады. Осындай қайтадан өзгертулердің нәтижелерін нағыз оқыту бағдарламалары деп есептеуге болмайды.

Интернетке ақпаратты талдаусыз және оны оқыту ресурстары деп атаусыз салуға мүмкіндік береді, тіпті жақсы қаржыландырылатын жобалар да бар, олар факультеттерге өз оқытуларының материалдарын ойламай тасымалдауға тиімді немесе Интернетте сайт ашуға және еркін рұқсат алуға мүмкіндік береді. Қалайша мәтіндер, сілтеме, таныстырылым және видео қоймалары оқыту ресурстары болып табылады? Оқытушылар мен мұғалімдер тиімді электронды ресурстарды құруды қалай болжайды?

Педагогикалық дизайн

Педагогикалық дизайн кез келген тыңдаушыларға түсінікті және қолжетімді ақпараттың үлкен көлемін оқу материалы блогында талдау, беру (интерпретация) үрдісін сипаттайды. Ол ақпараттық-коммуникациялық педагогикалық технологияның бөлінбейтін бөлшегі болып табылады.

Ақпараттық технологиялар педагогикалық дизайнның мүмкіндіктерін мынадай салаларда кеңейтуге мүмкіндік береді:

- ұсынылатын ақпараттарды визуализациялау;
- бар ақпараттарды жүйелеу;
- білімді алу және оқыту нәтижесі түсініктерінің формасын өзгерту; алынған білімді бақылау; оқытудағы даралану, тұлғалық тәсілдерді күшейту; санаулы уақытта жариялауды жүзеге асыру.

Сонымен педагогикалық дизайн – бұл оқыту мен оқу материалын жағымды, тиімді, нәтижелі ететін педагогикалық құрал. Ертеде оқу үдерісін «компьютерлендіру» жайында сөз қозғағанда, оқулықтар және тіпті оқу-әдістемелік кешендер туралы емес, әрекет ететін оқу айналасын «оқыту ортасын» құру жөнінде айтылғанын көрсетеді.

Ақпараттық технология саласындағы прогресс бүгінде ашық оқу архитектурасымен оқу үдерісін құру жайлы айтуға мүмкіндік береді. Бірақ «педагогикалық дизайн» («instructional design», немесе ID) ұғымы шетелде кеңінен қолданылады және соңғы онжылдықтағы тенденцияларға сәйкес «компьютер», «принтер» немесе «интернет» ұғымдары Қазақстанда да кеңінен таралды.

Негізгі қадамдар

Педагогикалық дизайн оқу материалдарын жобалау үрдісі ретінде – бұл бірізді кезеңдер қатарында топтастырылған процедураны айқын сипаттау. Оқу материалдарын құру өндірістік цикл мәні бойынша негізгі бес кезеңнен тұрады.

1. Оқыту құралын таңдау. Мұнда барлығы мақсатты аудиторияны талдау мен зерттеу, оқытудың күтілетін жағдайлары мен формалары, материалдар мазмұны және оларға қол-данылатын немесе демонстрацияланатын әдістерден басталады. Сосын оқу міндеттерін егжей-тегжейлі қарастыруға және құралдарын нақтылауға, сонымен қатар оқытудың барлық міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін қажетті білім, білік және дағдыны айқындауға кірісу қажет.

2. Болашақ оқыту материалдарының сценарийін немесе сызбанұсқасын

3. жасау, оқу материалын рәсімдеу және типтік экранның сыртқы түрін бекіту, әртүрлі фрагменттердің жұмыс макетін дайындау және әрбір элементін эксперттік бағалау. Бұл кезеңдегі негізгісі – болашақ оқуға қойылатын техникалық талаптарды нақтылау.

4. Оқу материалының сыналатын нұсқасын дайындау, иллюстрацияны, анимациялық әсерді және интерактивті элементтерді, аудио немесе видео тізбекті таңдау, құрастыру. Бұл кезеңде жеке кемшіліктерді айқындауға, оларды жылдам түзетуге және жұмыс жоспарына оперативті түрде өзгерістер енгізуге болады.

5. Міндеттерді толығымен орындай отырып, материалдарды бағалау және аяқтау. Мұнда шеттегі экспертиза мен моделдеудің барлық түрлері максималды тиімді: топты тестілік оқытудан бастап дайындалған өнімнің күшті және әлсіз жақтарын айқындау бойынша ойға шабуылға дейін педагогикалық эксперимент жүргізу.

6. Оқу материалдарын сүйемелдеу және дамыту. Бұл қадамда сіз сәтті модульдерді жасау және тестілеу, толықтыру және кеңейту кезінде пайда болатын кішігірім техникалық мәселелерді шешуге, логикалық байланыстарды анықтауға, жаңа нұсқаларды дайындауға немесе қолданыстағы әзірлемелерді пайдалана отырып, жаңа курстар жасауға болады.

Зерттеу/әзірлеу. Кез келген жобаның негізгі «техникалық» кезеңі құрастырылған материалдар жалпы құрылымда өзіндік орын алған кезде жаңа элементтермен және логикалық байланыстармен өсіп, өзара ретке келіп үйреніседі. Мұнда барлық жобаның мақсаттарына және аудиторияның ерекшеліктеріне негізделі отырып, материалды, стильді, түрді жеке элементтерді таныстыру нысанын ұсынуға арналған әдістерді таңдауға болады. Бұл кезеңде жалпы мазмұн элементтерінің контенті орнығады, ең тиімді жаттығулар таңдалып алынып, кері байланыс формалары және материалдық даму тестері (тапсырмалар және бақылау әдістері) әзірленеді және интерфейс, жеке тақырыптар немесе сұрақтар арасындағы байланыс (өту ережелер) анықталады.

Дайындаушылар командасында педагогикалық дизайнер жауап беруі тиіс бірнеше міндеттер бар, олар:

- Мақсатты аудиторияны талдау (оқушылар);
- Күтілетін оқу нәтижелерін және құзыреттіліктерді талдау;
- Оқу материалдарын талдау және құрылымдау;
- Оқу және оқыту құралдарын іріктеу;
- Оқу жұмыстарының қолданылатын әдістерін анықтау;
- Бағалау әдістерін құрастыру;
- Оқу материалдарын рәсімдеу стилін жасау және «келісім шарт тізіміне» қосу;
- Мәтін (оқу материалы) авторларына әдістемелік көмек көрсету;
- Әзірленген материалдарды әдістемелік редакциялау және зейін қойып оқу;
- Әзірлемелердің оқу тиімділігін бағалау.

Жоғарыда келтірілген бірізділік дизайнердің жұмыстарды орындау тәртібін көрсетеді. Бірақ, жоғарыда айтылғандай, белгілі бір себептерге байланысты кейбір жұмыстар кейінге қалдырылып, басқалары қосалқы жүруі мүмкін. Оқу жұмысының пайдаланылатын әдістерді анықтау сияқты кейбір тапсырмалар жұмыс тобының барлық мүшелерін бір уақытта қатысуын талап етеді. Оқу материалының стилін әзірлеу және «келісім-шарт тізіміне» қосу секілді жұмыстарды дизайнер суретші мен бағдарламашымен бірге орындайды.

Оқу материалдарын әзірлеушілердің типтік тобы төрт адамды қамтиды:

- жобаның жетекшісі;
- педагогикалық дизайнер;
- суретші (интерфейсті әзірлеуші);
- бағдарламашы/программист.

Педагогикалық дизайн білім беру веб-сайттарын құрастыру және жасау бойынша болашақ мұғалімнің қызметі негізіндегі білім беру саласындағы жобалау деп түсіндіріледі. Осыдан

болашақ мұғалім-студенттерді мазмұндық қарым-қатынасқа дайындауда тек өзіндік web-технологияны емес, эргономика, оқу материалдарын құрылымдық моделдеу элементтерін енгізу қажет.

Оқу веб-сайтының функционалдық моделі оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша келесі блоктардан тұрады:

- Оқу материалын мазмұндау (мазмұндық компонент);
- Жобаны, тапсырманы, мысалдарды, лабораториялық жұмыстарды қолдау (іс-әрекеттік компонент);
- Онлайн-тестілеу, веб-форумдар құралдары (интерактивті компонент);
- Оқытудағы веб-сайтты пайдалану бойынша ұсыныстар (әдістемелік компонент);
- Байланыс ақпараттары, сабақтар кестесі (ұйымдастырушылық компонент).

Педагогикалық дизайн педагогикалық тиімділігі, әдіснамалық мақсаттылығы және оқытудың техникалық мақсаттарына сәйкес техникалық жетістіктермен сипатталатын оқу-әдістемелік құралдардың дамуын болжайды.. Бағдарламалық оқытудың мазмұндық блогы кем дегенде мыналарды қамтуы керек:

- сюжеттің сипаттамасы;
- білім беру мақсаты;
- аудио және бейне материалдар;
- графика, анимация;
- оқу, шоғырландыру және бақылауға жататын тіл және (немесе) сөйлеу материалдары;
- пәнмен байланысты белгілер;
- материалдарды таныстыру әдістері мен ерекшеліктері.

Қорыта келгенде, педагогикалық дизайнердің функциясын тек әдістемелік сауатты педагог орындауға қабілетті деп тұжырымдауға болады, өйткені, бағдарламалық оқыту құралы педагогикалық дизайн оқытудың психологиялық және педагогикалық қағидаларын есеп-ке алумен шектелмейді (оқыту әдістемесінде осылай қабылданған), құрастырылған өнімнің келесі сапаларын минимум ретінде анықтауды және жүзеге асыруды қарастырады:

- функционалдық;
- педагогикалық;
- әдістемелік;
- психологиялық;
- техникалық;
- эстетикалық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Курносова С.А. ЖОО студенттерін педагогикалық дизайнды жобалауға дайындау мәселесінің теориялық-педагогикалық алғышарттары // Іргелі зерттеулер. - Пенза: Академиясы жаратылыстану тарихы. - 2011. - № 12-4. - Б.747-751. [Орыс тілінде]

2. Merrill M.D., Drake L., Lacy M.J., Pratt J., the ID2 Research Group. Нұсқаулық дизайнды қалпына келтіру. Білім беру технологиясы. – 1966. - 36(5).

**ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА
МАТЕМАТИКАНЫ ОҚИТУ ӘДІСТЕРІ**

Сейлова Зоя Тулеубаевна п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Мизамдин Арайлым ПМНО-24-1м тобының магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: stsoias62@mail.ru

E-mail: mizamadin01@bk.ru

Аннотация Бұл мақалада ерекше білімді қажет ететін бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқыту әдістері қарастырылады. Әр баланың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеру арқылы математикалық білім беру жолдары сипатталады. Мақалада визуалды құралдарды пайдалану, ойындық әдістерді қолдану, психологиялық қолдау көрсету, практикалық тапсырмаларды енгізу және заманауи технологияларды пайдалану сынды оқыту әдістері талданады. Ұсынылған әдістерді қолдану оқушылардың математикалық дағдыларын қалыптастыруға және олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Тірек сөздер: Ерекше білімді қажет ететін оқушылар, математиканы оқыту, бастауыш сынып, оқыту әдістері, визуалды құралдар, ойын арқылы оқыту, психологиялық қолдау, технологияларды қолдану.

Аннотация В данной статье рассматриваются методы преподавания математики ученикам начальных классов с особыми образовательными потребностями. Описаны способы обучения математике с учетом индивидуальных потребностей и возможностей каждого ребенка. В статье анализируются методы использования визуальных средств, игровые методы, психологическая поддержка, практические задания и использование современных технологий. Применение предложенных методов помогает формировать математические навыки учащихся и повышать их интерес к учебному процессу.

Ключевые слова: учащиеся с особыми образовательными потребностями, преподавание математики, начальная школа, методы обучения, визуальные средства, обучение через игру, психологическая поддержка, использование технологий.

Annotation This article discusses methods of teaching mathematics to primary school students with special educational needs. It describes approaches to teaching mathematics by considering the individual needs and capabilities of each child. The article analyzes methods such as the use of visual aids, gaming techniques, psychological support, practical tasks, and the application of modern technologies. Implementing these suggested methods helps to develop students' mathematical skills and increases their interest in the learning process.

Keywords: students with special educational needs, teaching mathematics, primary school, teaching methods, visual aids, game-based learning, psychological support, use of technology.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды жалпы білім беру жүйесіне қосу және оларды тиімді оқыту – білім беру саласының маңызды бағыттарының бірі. Ерекше білім қажеттіліктері (ЕБК) бар балалардың даму деңгейі, қабілеттері, психологиялық ерекшеліктері әртүрлі болғандықтан, олардың білім алуы арнайы әдістемелерді талап етеді. Әсіресе, бастауыш сыныптағы математикалық білім – логикалық ойлауды, кеңістікті қабылдауды және сандық түсінікті қалыптастыратын негізгі құралдардың бірі. Сондықтан математика пәнін оқытуда балаға лайықталған, қызықты әрі тиімді тәсілдерді қолдану аса маңызды [1].

Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың оқу үдерісінде түрлі қиындықтар туындауы мүмкін. Бұл оқушылардың арасында зейін, жады, сөйлеу, есту, көру қабілеттерінде қиындықтары бар балалар да кездеседі. Осындай ерекшеліктерді ескере отырып, олардың жеке білім алу қажеттіліктеріне сай арнайы тәсілдер мен құралдарды қолдану қажет [2].

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға математиканы оқыту әдістері:

1. Даралау әдісі. Оқушылардың әрқайсысына жеке көзқарас қажет. Әр оқушының таным деңгейі әртүрлі болғандықтан, олардың мүмкіндіктерін ескеру маңызды. Бұл әдіс арқылы оқушыға жеке тапсырмалар беріледі, қолдау көрсетіледі және сабақ қарқыны бейімделеді [3].

2. Визуалды құралдарды пайдалану. Визуалды материалдар, мысалы, сандар карточкалары, түсті фигуралар, бейне анимациялар, оқушылардың назарын ұстап тұруға және материалды жақсы меңгеруге көмектеседі. Визуалды әдістер оқушылардың логикалық ойлауын және есептерді тез түсінуін жеңілдетеді [4].

3. Ойын әдістерін қолдану. Ойын – балалар үшін ең қызықты әрекет түрі болғандықтан, математиканы ойын түрінде оқыту тиімді нәтиже береді. Бұл әдіс мотивацияны арттырады және оқу процесіне қатысуды жеңілдетеді. Мысалы, санайтын ойындар, арифметикалық ойындар балалардың логикалық және шығармашылық ойлауын дамытуға әсер етеді.

4. Психологиялық қолдау көрсету. Ерекше білім қажеттіліктері бар оқушыларға психологиялық қолдау көрсету олардың оқу процесіндегі сенімділігін арттырады. Оқытушының жағымды қатынасы, мақтаулар және олардың жетістіктерін бағалау баланың өзін-өзі бағалауын нығайтады.

5. Практикалық тапсырмалар. Математиканы күнделікті өмірмен байланыстыру арқылы оқушылардың қызығушылығын оятуға болады. Мысалы, дүкенде сатып алу-сату операцияларын жасауды, заттарды өлшеуді, санауды үйрену сияқты тапсырмалар арқылы математиканы практикада қолдануды жеңілдетеді.

6. Технологияларды пайдалану. Мультимедиялық құралдар, интерактивті тақталар, компьютерлер және планшеттер ерекше білім қажеттіліктері бар балалардың оқуына қызығушылық арттыруда тиімді. Әртүрлі компьютерлік бағдарламалар мен анимациялар оқушылардың математикалық ойлауын дамытуға көмектеседі.

7. Қайталау және бекіту әдістері. Ерекше білімді қажет ететін оқушылар үшін қайталау маңызды. Бір есепті бірнеше рет орындау, жаңа материалды қайта түсіндіру арқылы оқушылардың материалды терең меңгеруіне жағдай жасалады [5].

Ерекше білімді қажет ететін бастауыш сынып оқушыларын оқытуда жоғарыда аталған әдістерді жүйелі түрде қолдану олардың оқу үлгерімін арттырып, математикаға деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Бұл әдістер балалардың танымдық, логикалық, ойлау қабілеттерін дамытып, өз бетімен ойлау және есеп шығару дағдыларын қалыптастырады. Әр оқушыға жеке көзқараспен қарау олардың өзін-өзі бағалауын арттырып, оқу процесінде нәтижелі болуына септігін тигізеді.

Ерекше білімді қажет ететін бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқыту – педагогикалық шеберлікті талап ететін сала. Мұғалімдер әр баланың ерекшелігін ескеріп, оларды білім алуға ынталандыратын, оқыту үдерісін жеңілдететін әдіс-тәсілдерді таңдауы қажет. Ерекше білімді қажет ететін бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқыту әдістерін қолдану, мысалы, даралау, визуалды құралдар, ойындар, психологиялық қолдау, практикалық тапсырмалар және технологиялар, оқушылардың танымдық дағдыларын дамытады. Әр әдістің тиімділігін арттыра отырып, оқушыларға математиканы меңгеру процесін жеңілдетуге және олардың оқу процесіне қызығушылығын арттыруға болады. Мұндай әдістемелік қолдау ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоғамға бейімделіп, білім алу процесінде жетістікке жетуіне ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Смайылова, А.Ж. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту әдістемесі. Алматы: Білім, 2019.

2. Сәдуақас, Б. (2019). Инклюзивті білім берудің ерекшеліктері мен әдістері. Астана: Ғылым баспасы.

3. Жағыпарова, Р. (2021). Бастауыш сыныптарда оқыту әдістемесі. Алматы: Білім және өнер.
4. Рахимов, М. (2018). Математика сабақтарында визуалды әдістерді қолдану. Педагогика журналы, №2, 15-23 бет.
5. Құлтаева, Н. (2022). Мектепте ерекше білім қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту. Астана: Инклюзивті педагогика.

ӘОЖ 373:37
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Сапарбаева Улданай Алибековна
№6 Б Момышұлы атындағы мектеп-гимназия
«Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі
Жетысай қаласы
Түркістан облысы
uldana.taxa@mail.ru

Резюме: развитие способностей учащихся через национальные ценности
Summary: developing students' abilities through national traditions and work
Кілт сөздер: ұлттық құндылық, мәдениет, тәрбие, еңбек
Ключевые слова: национальная ценность, культура, воспитание, труд
Keywords: national value, culture, education, work

Ұлттық құндылықтар әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан - ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы.

Біздің ата-баларымыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі - әлемде теңдесі жоқ тәрбие десек артық айтқандық емес. Баланың жастайынан ұлттық құндылықтарды дәріптеуінің, елімізді, туған жерімізді, дініміз бен тілімізді құрметтеуінің негізі осы ұлттық тәрбиенің негізінде жатыр. Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат тәрбиелеу үшін ұлттық құндылықтарымызды басшылыққа алу қажет. Оның маңыздылығы мен қажеттілігі зор. Біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына.

Еңбек тәрбиесі жасөспірімдерді еңбекқорлыққа еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеп, олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған тәрбиенің бір саласы. Қазақстанның халыққа білім беру жүйесінде еңбек тәрбиесі отбасында, мектепте, мектептен тыс мекемелерде жүзеге асады. Отбасында бала кішкене кезінен еңбек тапсырмаларын орындауға, еңбекқорлыққа, төзімділікке баулынады. Еңбек тәрбиесі мектепте білім берумен тығыз байланыста жүзеге асады. Оқу еңбегінің барысында балада ұқыптылық, еңбекқорлық, еңбек ету дағдысы қалыптасады.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқу процесінде өзіне-өзі қызмет ету, оқу құралдарын дайындау, мектеп үйін жөндеу, табиғатты қорғау, т.б. қоғамдық пайдалы жұмысқа қатысуы олардың ой-өрісінің кеңеюіне, қабілеттіліктерінің, бейімділіктерінің дамуына мүмкіндік жасайды. Педагогика ғылымы еңбек тәрбиесін жас ұрпақты отбасы мен мектепте тәрбиелеудің жалпы үрдісінің бір бөлігі ретінде қарастырады. Оқушыларды еңбек етуге, еңбекқорлыққа баулу, оларға кәсіптік бағдар беру қазіргі таңда барлық оқу жүйесінде оқушы әрекетінің белсенділігін қамтамасыз етудің бір тәсілі болып табылады.

Жеке тұлғаның дамуындағы басты құрал – еңбек, ата-бабаның ұлттық дәстүрі мен қолөнерін еңбек арқылы қабілеттерін дамытуда одан әрі дамыту.

Осындай тұлғаның тәжірибесін насихаттау, озат ұстаздардың тәжірибесін таратуда ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін зерделеу үшін арнайы ғылыми-педагогикалық журнал қажет болды.

Бүгінгі таңда дамыған елдерде ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданылуына байланысты жаңа технологиялық революция басталды.

Сондықтан адамдар жаңа функционалдық талаптарға тап бола бастады. Жұмысшы тек өндірістік тапсырмаларды жақсы орындап қана қоймай, сонымен қатар жобалай білуге, шешім қабылдауға және шығармашылық жұмысты орындауға қабілетті болуы керек.

Адамзат баласы жасаған мәдениет екі түрге бөлінетінін білесіздер. Біріншісі – рухани мәдениет, екіншісі – материалдық мәдениет. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жатса, адам баласының шаруашылыққа байланысты күнкөрісінен туған дүниелері материалдық мәдениетті құрайды. Зиялы қауым арасында, тіпті оқымысты ғалымдар арасында мәдениет және өркениет ұғымдарын шатастырушылық әлі де кездеседі. Осы арада олар шаруашылық жүргізу мәдениетінің, саяси мәдениеттің, экономика мәдениетінің тағы сол сияқты мәдениеттердің болатындығын ескермеді.

Осыдан барып, мәселен, көптеген адамдар мәдениетті тек қана өнер туындылары құрайды деп ойлайды да, оны өркениетпен тең қойып, жаңсақ түсініктерге жол береді. Мәдениет тарихында күні кешеге дейін еуропалықтар Батыс дүниесінің ғана мәдениетін мойындап келді. Оларда мәдениет жасаушы тек еуропалықтар делінген кеудемсоқтық теория белең алды. Бірақ Шығыс өркениетін жасаған мәдени мұралардың ғажайып үлгілері оларды өздерінің менменсіген қисындарынан бас тартуға мәжбүр етті.

Дәстүрлі мәдениетімізді, яғни қолөнеріміз жайлы ауыз толтырып айта аламыз. Қолөнер мәдениетіміз өте тереңнен бастау алады. Скифтің алтынмен апталған, күміспен күптелген дүние мүліктерінен бастап, өзіміздің күні кешеге дейін әке-шешеміз тіккен киіз үй – қолөнердің ең ұлы шыңы [1].

Киіз үйдегі сүйектен, ағаштан, киізден, шиден т.б. жасалған қажетті заттардың бәрінен құрастырылған ғажайыпты ақыл-ойдың нәтижесі, табысы деп қабылдауға болады. Бұл ретте көшпелілер өзінің тұтынатын қолөнер заттарын өнер деңгейіне жеткізген. Мен бала кезімде шешей қымыз сапырып отыратын мүйіз ожауды ұстап ойнаудан жалықпайтынмын. Кейін тура сондай мүйіз ожауды Орталық мемлекеттік музейден көргенде көзіме жас үйірілді. Қандай сұлулық! Неткен әдемілік! Демек, көшпелілер өнер деңгейінде өмір сүрген. Тұтынған заттарының барлығы өнер деңгейінде болған. Ол тозса, қайтадан одан да жақсы қылып жаңасын жасайтын болған. Қолөнердің ұлы туындысы – киіз үй.

Ғылымның қарыштап дамып, жаңа технологияның енуіне байланысты мамандыққа қойылатын талаптар да өзгеріп, өмірде екі-үш мамандықты меңгеру қажеттілігі туындауда. Технологиялық білім жалпы білім берудің негізгі бөлігі болып табылады. Мұнда негізгі мазмұнды меңгеру үшін технологиялық білім берудің тұрақты бөлігі жеткілікті.

Педагогика ғылымдарының жамып отыруына байланысты мұғалімдерге қойылатын талап анықталғаннан кейін, бүгінгі таңдағы оқушының қазіргі заман талабына сай кәсіпке даярлығын түсіндірдік. Бұл мәселенің теориялық негіздерін жасау оқушылардың "кәсіптік даярлығы" ұғымының мәнін анықтауды қажет етеді.

Оқушылардың әртүрлі іс - әрекеттерінде белгілі бір материалды пайдалану арқылы оқушылардың даярлығы" ұғымы: озық дәстүрлерде қалыптасқан жеке тұлғаны қалыптастырудың жалпы гумандық мұраттарына сай іске асыруға мүмкіндік беретін біріктірілген қасиеті. "Қазіргі уақыттың мәнділігін түсінуін, өнертану мен кәсіптік білім және іскерліктің практикада қолдана алатын тәжірибесінің қалыптасуының өзегі көркем мәдениет болып табылатын күрделі біртұтас білім деп түсіндірілетін ұғымды біздің проблемамызға байланысты ұстанамыз.

Себебі, мұндағы түсінікте педагогика ғылымындағы даярлықтың дәстүрлі мотивациялық, мазмұндық, процессуалдық компоненттері қамтылған.

Білім берудің негізгі тарауларын оқуға қолайлы оқу материалдары негізінде студенттерге бағыт-бағдар беруді және шығармашылықты дамытуды қамтамасыз ететін және болашақта

жалпы еңбекті қалыптастыруға техникалық және әдістемелік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін арнайы дайындалған мұғалімдер кеңінен таралған жеке-мамандандырылған білім беру және олардың интеллектуалдық, тұлғалық, этикалық және эстетикалық дамуын, өзіндік кәсіби өзіндік санасын және қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етеді [2].

Бұл мақсаттарға еңбектің политехникалық экономикалық және экологиялық аспектілеріне, ақпараттық және жоғары технологияларға жеткілікті көңіл бөлінсе, бірқатар жұмыстарды дайындау және өзін-өзі тәрбиелеуді қалыптастыру, ұлттық, аймақтық, отбасылық құндылықтарды жаңғырту және сақтау дәстүрлері, адамгершілік құндылықтары. Технологиялық білім берудің негізгі мақсаты студенттерді өз бетінше жұмысқа дайындауға, жаппай кәсіпті меңгеруге көмектесу

Студенттердің шығармашылық және эстетикалық дамуын, студенттердің өзін-өзі тану қабілетін қамтамасыз ету, олардың кәсіпкерлік әлемді зерттеуге кәсіби бағдарын анықтау үшін практикалық тәжірибе элементтерін қалыптастыру. Технологиялық білім беру саласында келесі міндеттерді жүзеге асыру қажет.

Ұлттық мәдениет қоғам, мемлекет қызметінен, оның әлеуметтік институт тарынан, сондай-ақ ұлттық дәстүрлерден, рухани құндылықтардан, ойлау стилі мен қағидаларынан, моральдық нормалардан, стереотиптері мен тұлғааралық және топаралық мінез-құлық таптаурын мен өзін-өзі көрсету үлгілерінен, тіл мен өмір сүру салтынан көрінеді.

Ұлттық мәдениеттің ең негізгі ерекшелігі – бұл оның әртүрлілігі, өзіндік ерекшелігі және қайталанбастығы.

Ұлттық мәдениетті құрушылар міндетін тұтастай алғанда этностар, сондай-ақ қоғамның білімді бөлігі – ұлттық элита: өз мемлекетінің рухани және саяси дамуы үшін жауапкершілікті өз мойнына алатын жазушылар, ғалымдар, философтар, суретші-гуманитарийлер орындайды.

Өз мәдениетінің ерекшеліктерін дамыту арқылы ұлт еліктеушілік пен қорланған көшірмеден аулақ болады, мәдени өмірді ұйымдастырудың өз түрлерін жасайды. Даралықтың кез келген белгісі сияқты ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігі бір мезгілде ұлттың жалпы өркендеуі, өз болашағына сенімімен және дүниежүзілік өркениеттегі орнымен айшықталады.

Әр ұлттық мәдениеттің өзіндік нышандары мен ерекшеліктері бар. Бұл географиялық және әлеуметтік-тарихи жағдайларда өмір сүріп жатқан елдер мен халықтар айырмашылығының және олардың бір-бірінен салыстырмалы оқшаулануының салдары болып табылады.

Дәстүрлі мәдениет пен оның қызметі.

Ұлттық мәдениет – бұл мәдениеттің дәстүрлі және жаңа элементтерінің күрделі кешені. Кез келген халыққа өз тарихи өткені мен жетістіктерін қастерлеу, өз ойындағы болашағында және болашаққа ұмтылуында осы өткеніне сүйену үнемі тән.

Қазақ қолөнерінің барлық түрінде кеңінен қолданатын қолөнер туындылардың көркемдік-эстетикалық мәнін ашып, әшкекейлеп, айшықтай түсетін өнер. Сондықтан оқушының жеке дара қабілетін ескеріп, өз білімімен ізденуіне, ойын жеткізе білуге, шығармашылық жұмыс жасауына жағдай жасауымыз керек. Осы бағытта оқушыларды еңбекке баулу арқылы эстетикалық тәрбие беру маңызды ірі қызмет атқарады. Қазақ халқы – кең байтақ елімізде қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы, ұлттық қолөнердің үздік үлгілерін атадан балаға мұра етуші.

Қазіргі заманда бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылу үшін, алдымен, өзіміздің ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрді, мәдениетімізді сақтай отырып, келешек ұрпақты сол арқылы рухани адамгершілікке тәрбиелеуіміз керек. Салауатты да саналы ұрпақ қамын ойлар болсақ, сол қоғам иелерін жан-жақты, ақыл парасаты мол, ізетті, кішіпейіл, мәдениетті азамат етіп тәрбиелеу ұстаздың, әрбір ата-ананың қоғам алдындағы борышы [3].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жәнібеков Ө. Қазақ қол өнерінің мәдениеті - Алматы: Өнер, 1982ж
2. Қоянбаев Б. Педагогика - Алматы: Атамұра, 2000ж. - 118б
3. Әмірғазин Қ. Қазақ қол өнері - Алматы: Дайк-Прес, 2004ж.

ӘОЖ: 347.785

ОҚУШЫЛАРДЫ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Сапарбаева Светлана Қуатбекқызы

Музыка пәні оқытушысы

№ 1 «Мырзакент» мектеп- гимназиясы КММ

Мақтаарал ауданы

Түркістан облысы

sveta.saparbaeva@mail.ru

Резюме: методика приобщения учащихся к творчеству через музыкальные произведения

Summary: methods of introducing students to creativity through musical works

Кілт сөздер: көркем шығарма, білім, дағды, әдістеме екіпін, саз, ырғақ, әуен, тембр, гармония

Ключевые слова: художественное произведение, знания, навыки, методика, техника акцент, глина, ритм, мелодия, тембр, гармония

Keywords: artwork, knowledge, skills, technique, technique accent, clay, rhythm, melody, timbre, harmony

Жас ұрпақты тек белгілі бір білім деңгейінде оқытып қана қоймай, жаһандық білім беру жүйесіндегі жаңа стандарттар негізінде бәсекеге қабілетті тұлға ретінде шығармашылыққа баулу, оның жан-жақты дамуына жағдай жасау, оқушылардың өзін-өзін үздіксіз жетілдіріп, қосымша білім алуын қамтамасыз ету мәселесі – қоғамымызда елеулі орын алып отырған басты міндеттердің бірі. Бұл міндет мектеп жағдайында оқушыларды музыкалық шығармалар арқылы шығармашылыққа баулуда арнайы мамандардың тікелей қатысуымен жүзеге асырылуы шарт.

Сабақта оқушыларды тек шығармашылыққа баулып қана қоймай, оқушының өзіне ұнайтын іс-әрекет түрлерімен айналысуына, рухани дамуына және демалуына ықпал ете отырып, дербестікке, қажетті іскерлік-дағдыларға тәрбиелейді. Соның ішінде оқушының музыкаға деген ынтасы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу, сахналық қойылымдарда ән айту, шешендік өнер, әртістік шеберліктерін шыңдау, музыкалық қабілетін қалыптастыру, эстетикалық талғамы мен музыкалық сезімдерін дамыту қазіргі заманда аса өзекті болып отырған қажеттілік.

Белгілі жазушы М.Әуезов адам бойындағы шабыт пен шығармашылық оның тынымсыз еңбек етуімен тығыз байланысты екендігін айтты.

Музыка әлемі адамның ішкі жан-дүниесін еліктіріп қана қоймай, адамның тілімен айтуға күші жетпейтін күрделі бейнелердің адамның сана-сезіміне орнығуына, ой-өрісінің дамуына әсерін тигізетін күдіретті құрал. Музыкалық шығармаларды тыңдау кезінде оны түсіне алмайды деген адамның өзі де әртүрлі сезімтал құбылысқа қалай берілгенін байқамай қалатын кездер де болады. Музыка адамдағы эмоциялық сфераларды аша отырып, сол арқылы идеялар әлемін, алуан құбылыстарды және болмыс шындықтағы процестерді суреттейді. Музыканың адам сезімін, ойын, іс-әрекетін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде маңызы зор.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында жас ұрпақтың музыкалық шығармашылық қабілеттерін жалпы өнерге деген қызығушылығы арқылы арттырып, сана-сезімін, рухани дүниетанымын кеңейтудің әсері зор екендігі атап өтілген. Сондықтан да сабақта оқушылармен жұмыс істеу барысында, яғни музыкалық шығармашылық қабілетті дамытудың барлық мүмкіншіліктерін пайдалану арқылы алдымен, әрбір шәкірттің музыка өнеріне деген құштарлығын қалыптастырып, эстетикалық талғамын қанағаттандыруға, музыка жөніндегі түсінігін кеңейтуге, ішкі рухани байлығының ірге тасын өз беттерінше қалауға баулу қажет [1].

Заманымыздың көрнекті ғалымдары О.А.Апраксина, Н.А.Ветлугина, Д.Б.Кабалевский, В.Н.Шацкаялар өз еңбектерінде шығармашылық ойлаудың қалыптасуында музыканың маңызды орын алатынын ерекше атап көрсеткен болатын.

Б.В.Асафьев балалар музыкалық шығармашылығын дамыту теориясының негізін қалап қана қоймай, музыка сабағында балаларға берілетін білім, дағды, әсер, есту қабілетінің мәдениетін қалыптастыруды қадағалап отыруға ерекше назар аударды. Ол әрбір баланы тұлға деп қарап, оған өз мүмкіндіктерін көрсету мақсатында, өздерінің сезімдерін, ойларын, музыка тілінде жеткізу үшін көңілінен шығатын жұмыстарымен айналысу қажеттілігін айтты. Көңілден шығатын жұмыстармен айналысу қажеттілігі дегеніміз – сабақта оқушылардың өз бетімен еркін айналысуына жағдай жасау, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және шығармашылық іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушылардың музыкаға деген шексіз сүйіспеншілігін ояту.

Л.Г.Дмитриева өзінің тұжырымдамасында балалардың шығармашылығын дамыту, яғни олардың шығармашылық бейне туралы түсінік, белгілі бір әуенге кіріспе, қарапайым сүйемел ойлап табу дағдыларын қалыптастыру үшін алғашқы кезде бір ғана музыкалық-тағылымдық материалға жүгінген жөн деп санады. Дегенмен де оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында қолданылатын материалдар неғұрлым көлемді және көп болса, соғұрлым олардың музыкалық материалды қабылдауы да тез және тиянақты болатынына ешкімнің шүбәсі болмас еді.

Музыка сабақтарында ойындық іс-әрекеттерге, күнделікті қарым-қатынаста, қоршаған ортамен өзара байланыста болу қарастырылған. Бұл жағдайларда мұғалім елімізде әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне сәйкес қажетті көрнектілік және оқу құралдар жиынтығын пайдалану, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас рухани тәрбиені жобалап және ұйымдастыру мүмкін болды. Оқушының тілі оның күнделікті мінез-құлқын бағыттау мен реттеу құралына айналатынын айтылса, оның ерік әрекетінің дамуы сол әрекеттің мақсаттылығының дамуы, мақсат пен міндеттердің арасындағы қатынасты анықтау, әрекетті орындаудағы сөздің реттеушілік мәнінің артуымен және байланысымен түсіндіреді. Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, балалар бос уақытта ерік қасиеттері мақсатқа ұмтылушылық, батылдық, табандылық, ұстамдылық, дербестік түрлері мен тілінің қалыптасып дамуына толық мүмкіндік бар.

Балаларда ертегідегі, әдеби шығармалардағы сипатталатын әрекетті, оқиғаның көркем-рухани ойын түсінуді қалыптастыруға қойылатын талаптар анықталған. Рухани-адамгершілік тәрбиені күшейту балалар үшін көркем әдебиеттер тізімін қайта қарауға және едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді.

Шығармашылық – ең дарынды балаларды анықтау, олардың бойында алға қойған мақсатқа жетудегі табандылықты, өз бетімен жұмыс істеу әдетін қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Шығармашылық бос уақытта тәрбие жұмысының бүтіндей бір кешенінің қорытынды кезеңі болғанда көп пайда келтіреді. Шығармашылық тек жыл бойғы жұмыстың қорытындысы ғана емес, сонымен бірге бос уақытты кең жолға қоюдың тамаша ынталандырмасы, оқушыларды білім жағынан өсуге ынталандыратын, олардың бойында мерекеге қызығушылықты, табандылықты тәрбиелейтін жарыс.

Шығармашылық музыкамен қатар дүниені тану, музыканы қабылдаудың жалпы деңгейіне де жақсы әсер етеді, балалардың білім сапаларын арттыруға мүмкіндік береді және қандай да бір дәрежеде педагогқа бағыт береді. Бірақ шығармашылық оқушылар үшін жаңа оларды

қызықтыратын ақпараттың елеулі көзі болып табылатындықтан оны тереңдетіп дайындаудың негізгі түрі бола алатындығына назар аудару керек [2].

Шығармашылық оқушылардың өмірімен байланысты көрнекі түрде көрсетілетін шараларға қатысудың алғы шарттарын анықтайды, ал кейбіреулердің бойында ізденушілік іс-әрекетке ұмтылысты туындатады. Шығармашылықты ұйымдастыруда оқушылардың өздерін тартқан дұрыс (оларға оқылатын тақырып бойынша шағын баяндамалар дайындауды, нақты бір тақырып бойынша рөлдерді ойнауды, оларды іріктеуді тапсыру.

Оқушылардың музыкалық шығармалар арқылы шығармашылығын дамытуда сөздік қорды және қарым-қатынас формасын, сондай-ақ қоғамдық орындарда және тұрмыстағы жұмсақ мінез-құлықты пайдаланумен, құрмет пен қошеметтілікке негізделген үлкендермен, құрбы-құдастарымен қарым-қатынас нормалары мен ережелерін оқушының орындауы қарастырылған. Шығармашылықты тек қажетті үлгіде әрекет етуді ғана емес, сондай-ақ белгілі жағдайда әрекетті, сөзді, ым-ишаратты орынсыз пайдалануды болдырмауды болжайды. Балаларды басқа адамдар жағдайын байқауға үйрету қажет.

Бала өмірінің алғашқы жылынан бастап қашан жүгіруге болатынын, қашан өзінің тілегін басқару қажеттілігін түсінуге үйренуі қажет, себебі, белгілі сәтте, белгілі жағдайда мұндай мінез-құлықтар жіберілмеуі керек болады, яғни олар іс-әрекеттерін қоршағандарға құрмет сезімін басшылыққа алумен орындауға үйренуі тиіс. Сонымен сөйлеу және көріну манерасында табиғилық пен үйлесімділікте қоршағандарға құрмет баланың сапалы қасиеті ашық көңіл-көпшілдігін білдіреді.

Қарым-қатынас мәдениеті сөйлеу мәдениетін көрсетеді. Бұл кең мәселе аспектілерінің бірі ретінде тілдік қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуді қарастырады. Сөздік мәдениет мектепке дейінгілерде жеткілікті сөздік қордың болуын, қалыпты өнді сақтау мен жүйелі сөйлей алуды болжайды. Мінез-құлық мәдениетінің басты құраушы бөлігі ретінде мәдени-гигиеналық дағдылар қарастырылады. Тартымдылықтың қажеттілігі, беті-қолды, денені, шашты, киімді, аяқ киімді тазалықта ұстау тек гигиенаның талаптарымен ғана емес, сондай-ақ адамдардың қарым-қатынас нормаларымен айқындалады. Балалар кез келген затты кір қолмен ұстаудың немесе тартымсыз киімге қараудың жағымсыздығын түсінуді үйренуі қажет, осы тәртіптерді сақтауда қоршағандарға құрмет пайда болады. Оқушылар музыка сабағына дайындық кезінде жаңа материалды ойын түрінде меңгеру мүмкіндігін ғана емес, сонымен бірге қосымша әдебиет пен интернет компьютерлік желісін пайдаланып зерттеу жұмысын жүргізу, ұсынылатын тақырыптар бойынша жобалық жұмыс орындау мүмкіндігін алады [3].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дүкембай Н.С., Г.Н. Дүкембай Педагог-Музыканттың әдіснамалық мәдениеті. - Алматы: Эверо, 2019ж
2. Дүйсембінова Р.Қ. Музыкалық білім беру педагогикасы. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2006ж.- 216 б.
3. Сүлейменова Р.Ә., Жұмалиева Г.Ғ. Музыка пәнін оқыту әдістемесі (бастауыш сыныптарға арналған): Оқу-әдістемелік құрал.-Астана: Фолиант, 2008ж. -232 б.

Сапарбаева Айжан Қуатбекқызы

Оқытушы, ғылым магистрі

Оқушылар сарайы

Шымкент қаласы

angel.ayana@mail.ru

РЕЗЮМЕ: Значимость формирования социально-психологического климата в педагогическом коллективе в учебно–воспитательной деятельности

SUMMARY: The importance of the formation of socio-psychological climate in the teaching staff in educational activities

Мұғалімнің шәкірттермен қарым-қатынасты әлеуметтік қызметті атқарушы және нақты жеке тұлға ретінде педагогикалық іс-әрекеттің құрамды бөлігі. Қарым-қатынастық арқылы мұғалім оқушылар туралы ерекше қажетті ақпаратты алып отырады.

Тікелей қарым-қатынастық жеке тұлға әр түрлі жағдайларда және іс- әрекетте диагностикалық және коррекциялық жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді. Өмірдің түрлі жағдайларына байланысты біздің іс-әрекетімізбен қатар мінез-құлқымыз да өзгермелі.

Соған сәйкес қарым-қатынастық стильдері де өзгермелі болады. Қарым-қатынастық стилі адамның басқа адаммен өзара әсерлесуі барысындағы мінез-құлқын көрсететеді. Сонымен адамның қарым-қатынастық стилі, оның анықталған нақты бір қарым-қатынастыққа орнықталынуы, бағытталуы, соған дайындығы мен адамның сол жағдайдағы өзін көрсетуі.

Педагогикалық қарым-қатынастық стилінен біз педагогпен оқушы арасындағы біріккен іс-әрекеттегі өзара әсерлесудің әлеуметтік психологиялық ерекшеліктерін көреміз. Педагогикалық қарым-қатынастық педагог және оқушылардың өзара әрекеттесу, ынтымақтастық формасы.

Қарым-қатынастық процесінде сонымен қатар ойлармен және сезімдермен алмасу жүзеге асырылады, белгілі бір жағдайларда қарым-қатынастықты оңтайландырып, адамдар арасында неғұрлым тығыз байланыстарды қалыптастыра алатын топтық эмоциялық күй-жағдайлар туындайды.

Осы кезде доминантты қажеттіліктер мен қызығушылықтар болашақ педагогтардың психологияға қызығушылығын арттырады. Нәтижесінде студенттердің жеке және қоғамдық мәселелерін психологиялық әрекеттер арқылы шешімін табуға тырысып, ол оқыту мен тәрбиелеу процесіне әсер етеді. Олардың зерттеулерінің нәтижесінде студенттердің танымдық эмоциялық, ерікті қасиеттерін қалыптастыруға болады [1].

Біріншіден, қарым-қатынастықтың құрылымы барынша ойластырылған және операцияланған, басқаша айтқанда, нақты құрылымдық компоненттері болды. Екіншіден, қарым-қатынастықты іс-әрекет ретінде қарастыру адамның өзге іс-әрекеттерімен салыстырып, оның жалпы адам өміріндегі маңызын түсінуге мүмкіндік берді.

Үшіншіден, қарым-қатынастықты іс-әрекет ретінде түсіну оның ішкі, қажеттілік-мотивациялық қырын бірінші орынға шығарып, зерттеуде қарастырылып отырған коммуникативтік операцияларды жай ғана тіркеп отыру аясынан шығарып жіберді. Қарым-қатынастықтың сыртқы және ішкі қабаттары тұтас психологиялық категорияның өзара байланысты мәнді элементтерін анықтайды.

Педагогтың оқушылармен қарым-қатынастық стилі - әлеуметтік және адамгершілік жағынан байытылған сатысы. Педагог өзінің педагогикалық іс-әрекеті және үйренушілердің оқу іс-әрекеті негізінде қарым-қатынастық қиындықтары пайда болады.

Педагогикалық іс-әрекетте қиындықтар пәндік мазмұнның өзімен, педагогтың меңгерілуі оның іс-әрекетінің негізі болып табылатын білімдерге ие болу деңгейі және

сипатынан да туындауы мүмкін, сондай-ақ кәсіби-педагогикалық іскерліктерден, дидактикалық құзырлылықтан да, үйренушілерге педагогикалық әсер ету тәсілдері және құралдарынан да туындауы мүмкін.

Осыдан, педагогикалық қиындықтардың негізгі бағыттары білім беру процесінің дамуы, мазмұны және формаларымен, мұнда оқыту мен тәрбиелеу іс-әрекетінің субъекті ретіндегі оқытушының ерекшеліктері және қарым-қатынастық процесімен байланысты.

Білім беру ортасындағы өзара әрекеттесуші тұлғаларды дамытудың, түрлі жағдайларда оқушылардың жетістікке жетуіне итермелейтін, сыныптық тапсырмаларды орындауда іскерлік пен тәсілдерді меңгеруде ықпал ететін мұғалім мен оқушы арасындағы бірлескен іс-әрекет неізінде болатын қарым-қатынастық мәселесі. Мектеп қабырғасындағы жасөспірімдердің негізгі іс-әрекеті қарым-қатынастық. Бірақ осы жастағы оқушылардың жас ерекшелік деңгейінде болатын психологиялық өзгерістерге байланысты қарым-қатынастықта да бірнеше қиындықтар кездеседі [2].

Осы мәселені шешудегі маңызды фактор бірлескен педагогикалық іс-әрекетке қатысушылардың субъект-субъекттік өзара үйлесімді психологиялық жағдаймен қаруландыру нәтижесінде оқытудың нәтижелілігін арттыру. Оқытудың нәтижелілігі педагогикалық әдістерге ғана негізделмейді, оқушылардың танымдық әрекеттерін ұйымдастырудың маңыздылығына да байланысты.

Білім беруде оқыту үрдісінің тиімділігі немесе жекеленген оқушыларға психологиялық-педагогикалық ықпалдың тиімділігі мәселесінеен артық мәселені табу қиын. Осыдан, кез-келген педагогикалық іс-әрекет, ол сабақ немесе тәрбиелік-дамытушылық іс-шаралар мұғалім мен оқушы әрекетінің түрлі формалары мен өзара әрекеттестігінде көрінеді.

Педагогикалық қарым-қатынастықтың өзгешелігі ең алдымен, оның көпобъектілі бағыттылығынан көрінеді. Ол тек үйренушілердің өзара әрекеттесуінің өзінде олардың тұлғалық дамуы мақсатына бағытталмаған, сондай-ақ, педагогикалық жүйенің өзіне негіз болып табылатын, оқу білімдерін игеруді ұйымдастыруға және осы негізде шығармашылық іскерліктерді қалыптастыруымен сипатталады.

Педагогикалық қарым-қатынастық кем дегенде үш бағыттылықпен ерекшеленеді оқудағы өзара әрекеттесудің өзіне, үйренушілерге (қазіргі жағдайлары және болашақтағы бағыттары) және игеру пәніне меңгеру.

Педагогтың шәкірттерімен қарым-қатынастықы оқу-тәрбие үрдісін басқарудың өзіндік каналы ретінде іске асады. Бірақ қарым-қатынастық каналдарында ақпараттық тасқын өте көп. Әрбір оқушыға әр түрлі ақпарат тасқыны әсер етеді.

Оқушының дамуы мен жеке ерекшеліктеріне байланысты олар бір-біріне қарама-қайшы келуі де мүмкін. Осындай жағдайда педагогтың оқушылармен қарым-қатынастықы белгілі дәрежеде бүкіл ықпал ететін ақпараты біріктіріліп, ықпал етуші элементтерді нақтылайды [3].

Егер кіші мектеп жасындағы балалар үшін мұғалім барлық бейнесімен ерекше із қалдырып, оларға күшті әсер ететін тұлға болып саналатын болса, ал ересек балалар мұғалімнің әрбір қимыл-қозғалысына, іс-әрекеті мен сөйлеген сөзіне, оның ақыл-кеңесіне, өзге адамдармен басқа мұғалімдермен қарым-қатынастықына, оқушыларға қоятын талаптарына өздерінше іштей сын көзімен қарайды.

Мұғалім оқу-тәрбие процесінде оқушыларға белгілі талаптарды қойып негіздейді. Педагогикалық талаптарды саналы, байыптылықпен орындау, оқушыларға талап тақырыбы не танымдық тұрғысынан қызғылықты, іс-әрекетке пайдалы екенін мұғалім жеткізе білмесе талап тиімсіз болады. Педагогтық белгілі де айқын позиция қалыптасқанда ғана мұғалім оқушылармен өзара қарым-қатынастықтарындағы сөйлесу, құпия сақтау, сыйлау сенімділік, билік құрады. Қазіргі таңда мұғалім тек сабақ беріп қана қоймай, оқушымен оқу процесінде қарым қатынасты дұрыс жүйелі ұйымдастырса оқушы тұлғасының педагогикалық-психологиялық дамуына ықпал ететін міндеттер шешіледі:

Мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынастық тәжірибесінде әр уақытта да ойдағыдай қалыптаса бермейді. Көп жағдайда бұл мұғалімнің басқару стиліне, оның оқышылармен қарым-қатынастық шеберлігіне байланысты.

Өзіндік әміршілдік автократиялық басқаруда мұғалім активке сүйенбей, ұжымды өзі басқарады, оқушылардың өз көқарасы ескерілмей, тек талап қойылып оны орындау қатаң бақыланады. Авторитарлық басқаруда автократиялық басқару стилінің негізгі белгілері тән, бірақ ұжым өмірінің мәселелері бойынша талқылауға қатысуға рұқсат берілгенімен әр уақытта шешімді мұғалім өзі қабылдайды. Басқарудың демократиялық стилінде мұғалім ұжымды қолдап, өз бетінше белсенділіктерін ынталандырады.

Бұрмалаушылық басқаруда мұғалім оқушылардың өмірі мен іс-әрекетіне аз араласады, оларды басқару ісінен шеттетіледі, басқару тек формальды жүреді. Бірізділік емес басқару стиліне тән ерекшелік мұғалім сыртқы жағдайлар мен өзінің эмоционалдық стильдерінің кез келгенін іске асырады, ол көп жағдайда мұғалім мен оқытушылардың өзара қарым-қатынастық жүйесін түсініспестікке және әр түрлі жағдайға алып келеді.

Басқару стилі мұғаліммен оқушылардың өзара қарым-қатынастықының барлық жүйесіне із қалдырады, мұғалім өз оқушыларымен қалай қарым-қатынастық жасайды, оқушылармен оның жиі болып тұратын келіспеушіліктері, ұжымдағы психологиялық ахуал.

Психологиялық зерттеулер негізінде оқушылармен қарым-қатынастық жасау белсенділігіне байланысты шарытты түрде мұғалімдерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топта қарым-қатынастық мұғалімдердің күнделікті тәлімгерлік міндеттерінен шығып, ерекше белсенділігімен, сенімділігімен және тиімділігімен ерекшеленеді [4].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. – М.: Педагогика, 1989г
2. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Мектеп, 1982г
3. Ананьев Б. Г. Человек как предмет познания психологии. — СПб.: Питер, 2001г
4. Мясищева В.Н. Психология отношений. Москва, 2011г.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ "ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ" ОҚУ ПӘНІ: ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖОЛДАРЫ

Тулөпберген Саят Маратұлы, дене шынықтыру мұғалімі

ЖШС "Ansar-Kausar 2020" мектебі, Қызылорда қаласы

E-mail: sayat.tulepbergen@mail.ru

Аннотация

Білім берудің цифрлық трансформациясы-заманауи технологияларды дидактика мен оқыту мазмұнына интеграциялау арқылы жүйені жетілдіру процесі. Бұл мақалада "дене шынықтыру" пәнін оқытудың цифрлық және аралас форматтарына көшіру мүмкін .стігі айқындалады, осы оқу пәнін трансформациялауға түбегейлі жаңа тәсіл ұсынылады. Оқушылардың дене шынықтыруға деген ынтасын арттырудың және олардың спортқа деген тұрақты қажеттілігін қалыптастырудың мүмкін жолдары ұсынылады

Тірек сөздер:

Цифрландыру, цифрлық мектеп, дене шынықтыру, цифрлық дене шынықтыру

Аннотация

Цифровая трансформация образования – неизбежный, в том или ином виде, процесс совершенствования системы через интеграцию современных технологий в дидактику и содержание обучения. В данной статье определяется невозможность перехода предмета «Физическая культура» в цифровой и смешанный форматы обучения, предлагается принципиально новый подход к трансформации данной учебной дисциплины. Предлагаются

возможные способы повышения уровня мотивации учащихся к физической культуре и формирования у них устойчивой потребности в спорте.

Ключевые слова

Цифровизация, цифровая школа, физическая культура, цифровая физическая культура

Annotation

The digital transformation of education is an inevitable, in one form or another, process of improving the system through the integration of modern technologies into the didactics and content of education. This article defines the impossibility of the transition of the subject "Physical Culture" into digital and mixed learning formats, and proposes a fundamentally new approach to the transformation of this academic discipline. Possible ways to increase the level of motivation of students for physical education and the formation of their sustainable need for sports are proposed.

Key words:

Digitalization, digital school, physical education, digital physical education

Білім беруді цифрлық трансформациялау мәселесі соңғы уақытта өте өзекті болып отыр: ашық ақпаратпен өзара іс-қимыл принципін өзгерту, оның қолжетімділігін арттыру және оның санын бірнеше рет ұлғайту сияқты факторлар ғылыми-техникалық мәдениеттің жаһандануына алып келеді, демек, жаңғырту қажеттілігін, ең алдымен, қазіргі заманғы білім беру институтын талап етеді. Атап айтқанда, қоршаған шындықтың қазіргі жағдайлары педагогикалық процесті және оның құралдарын өзара бейімдеу арқылы білім беру технологияларын үнемі жетілдіруді талап етеді. Ашық ақпаратпен өзара іс-қимыл принципін өзгерту, оның қолжетімділігін арттыру және оның санын бірнеше есе арттыру сияқты факторлар ғылыми-техникалық мәдениеттің жаһандануына алып келеді, демек, жаңғырту қажеттілігін, ең алдымен, қазіргі заманғы білім беру институтын белгілейді. Шамадан тыс консерватизм және заманауи цифрлық және мультимедиялық технологиялардың кең мүмкіндіктерін елемей білім беру жүйесін дамытудың тұйық жолы екені анық. Сондықтан, білім берудің цифрлық трансформациясы – бұл цифрлық мектепке көшу немесе осы процестің тиімділігін арттыру мақсатында ақпараттық технологияларды, дидактика мен оқыту әдістемесін өзара бейімдеу арқылы білім беру жүйесін сапалы түрлендірудің мақсатты, басқарылатын процесі болсын, сөзсіз. Бүгінгі таңда цифрлық және мультимедиялық құралдардың мүмкіндіктері соншалықты кең, сондықтан оларды сенімді түрде айтуға болады: олар кез-келген оқу пәнінің дидактикасында, бастауыш, орта және жоғары білім деңгейінде тиімді қолдана алады. Сонымен қатар, цифрландырудың қазіргі жағдайындағы ерекше қызығушылық дәстүрлі білім берудің цифрлық түрде ұсынылатын ең қиын пәндерінің бірі – "дене шынықтыру" оқу пәнін трансформациялау процесі болып табылады. [3, 687.].

Сонымен қатар, оқыту дидактикасындағы өзгерістерді жан-жақты деп санай отырып, яғни.әр білім беру пәніне әсер ете отырып, "дене шынықтыру" сияқты оқу пәнінің мазмұны және оның Цифрлық дәуірдегі білім берудегі орны туралы негізді сұрақ туындайды. Сонымен, физикалық дамудың қажеттілігі жалпыадамзаттық дамудың ажырамас компоненті ретінде айқын: дене шынықтырудың қалыптасуы мен дамуы тұлғаның толыққанды, үйлесімді дамуы, денсаулықты нығайту, өмір сүру ұзақтығын арттыру үшін өте маңызды процесс болып табылады [6]. Дене тәрбиесі мен дамудың маңыздылығы, білім берудің барлық кезеңдерінде жеке тұлғаны қалыптастырудағы дене шынықтырудың рөлі туралы көптеген заманауи зерттеушілер мен педагогтар өз еңбектерінде мәлімдейді [2, 25.]. Сонымен қатар, дене шынықтыру-бұл оқытушының оқу процесіне үнемі қатысуын талап ететін ең нақты оқу пәні

Дене белсенділігін мөлшерлеу, оқушылардың жағдайын және жаттығулардың дұрыстығын бақылау, қауіпсіздік ережелерін сақтау – осы факторлардың барлығы дене шынықтыруды білім беру бағдарламалары шеңберінде қалай ұсыну керек, осы пәннің мазмұны мен дидактикасы қандай болуы керек деген өте негізделген мәселені көтереді. Қазіргі уақытта қол жетімді заманауи технологияларға сәйкес дене шынықтырудың мазмұны

мен дидактикасын анықтаудың бірнеше тәсілдері бар. Дене шынықтыруды оқу пәні ретінде өзгертудің үш негізгі жолын ажыратуға болады: Оқытудың дәстүрлі түрі. Тиімділік тұрғысынан ең оңтайлы консервативті шешім емес, ол жаңа, тиімді даму жолдарын іздеуге құлықсыздық сияқты көрінеді. Оқушылардың "дене шынықтыру" пәніне қызығушылық танытпау мәселесі, ең алдымен, дидактика мен оның қазіргі мазмұнының жетілмегендігімен байланысты. Сонымен, оқушыларда көптеген спорт түрлерінің арасында таңдау жоқ, сабақтар тек жалпы топта өткізіледі, ал бағалау алдын-ала белгіленген "Планк" сандары бойынша нормативті түрде жүзеге асырылады. Оқушылардың мүлдем басқа физикалық деректерін, олардың белгілі бір спорт түріне деген қызығушылығын ескере отырып және сабақтың жалпы мәжбүрлі топтық формасынан алшақтай отырып – белгілі бір түрде тұлғаға бағытталған тәсілді енгізу арқылы оқушылардың дене шынықтыру мен спортқа деген ынтасы мен қызығушылығын арттыруға болады. Н.И. Васильеваның пікірінше, "күндізгі және қашықтықтағы формаларды біріктіруге мүмкіндік беретін және технологияның жеке кемшіліктерін оларды бір үлкен плюске айналдыру арқылы жоюға арналған"аралас оқыту түрі. Васильеваның пікірінше, "аралас оқыту технологиясы" Қашықтықтан оқытудың ең маңызды педагогикалық кемшіліктерін түзетуге мүмкіндік береді: мұғалім мен оқушының, сондай-ақ оқушылардың әртүрлі моторлық әрекеттерді игеру, командалық спорт түрлерінде жаттығулар мен комбинацияларды орындау процесінде бір-бірімен тірі өзара әрекеттесуінің болмауы, жоғары мотивациясы жоқ оқушылардың қызығушылығының төмендеуі" [1, 185.].Қашықтықтан / цифрлық оқыту түрі. Қазіргі мұғалімдердің жеке тобының пікірінше, қашықтықтан дене шынықтыру-бұл миф емес, шындық. "Қашықтықтан білім беруді қолдану дене шынықтыруға бірқатар мүмкіндіктер береді, формалар мен әдістердің алуан түрлілігі оқушылардың пәнді оқуға деген қызығушылығын арттырады, оқу процесін қызықты, қызықты етеді, студенттердің ой-өрісін кеңейтеді, пәнді оқуға деген ынтасын арттырады", - дейді И. П. Щенкова. Нақты шараларда жарақаттанудың болмауы оның алдын-алу жұмыстарымен қалай қамтамасыз етілуі керек екенін елестету қиын, өйткені бүгінгі күні дене шынықтыру сабақтарында күндізгі форматта да әртүрлі жарақаттар үнемі тіркеліп отырады. Әрине, бұл, ең алдымен, пәннің ерекше сипатымен байланысты және жарақаттанудан толықтай аулақ болу мүмкін емес, бірақ қашықтықтан форма ретінде елестету қиын, тіпті жарақаттанудың алдын-алудың барлық шаралары болса да, дәстүрліден әлдеқайда нашар болмайды. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, дене шынықтыру, тіпті цифрландыру жағдайында да, дәстүрлі күндізгі форматта оқытылуы керек, бұл, ең алдымен, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты, бірақ дидактикадағы жаңалықтарды қажет етеді деген қорытынды жасауға болады. Сонымен, оқушылардың қызығушылығының жоқтығынан көрінетін қазіргі заманғы "дене шынықтыру" оқу пәнінің негізгі кемшіліктері жеке көзқарастың болмауы, оқу мазмұнында қандай да бір таңдаудың болмауы, оқушыға түбегейлі қызық болмаса да, "барлығын" оқыту принципі болып табылады. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, "дене шынықтыру"оқу пәнін трансформациялау бойынша келесі шаралар ұсынылады: Элективті сипат және тақырыпты бағалаудан құтылу. Нормативтің едәуір ескірген критерийі пән ретінде дене шынықтырудан толығымен алынып тасталуы керек, ал студенттердің негізгі мотивациясы бағалау немесе қажеттілік емес, физикалық өзін-өзі жетілдіруге деген өз қалауы мен қызығушылығы болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Корчак К.И. Информационная социализация и её потенциальные угрозы на ступени среднего общего образования в свете тенденции цифровизации // Народное образование. - 2021. - № 4(1487). - С. 184-190.
2. Уваров А.Ю. Модель цифровой школы и цифровая трансформация образования // Исследователь/Researcher. - 2019. - №1-2 (25-26). - С. 22-37.
3. Чошанов М.А. Е-дидактика: новый взгляд на теорию обучения в эпоху цифровых технологий // ОТО. - 2013. - №3. - С. 684-696.

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ.

Болат Бекзат Қанатұлы

Әбіл Кекілбаев атындағы BINOM school мектеп лицейі
bekzatkanatovic6@gmail.com

Аннотация: Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін- өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды

Кілт сөздер: Дене тәрбиесі, денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттер, педагогикалық жұмыстар, жеке тұлға, денсаулық, деңгей, табиғи күш-қуат, нығайту, дене мүшелері, гигиеналық негіздері, дене- қозғалыс қабілеті, мүмкіндіктер, қимыл-қозғалыс, жаттығулар, дамыту сергек.

Аннотация: Внедрение физического воспитания является одной из педагогических работ, направленных на решение задач укрепления здоровья, образования, развития, воспитания, повышения уровня здоровья личности, укрепления природных сил, частей тела в соответствии с гигиеническими основами и физическими упражнениями. двигательные возможности самостоятельно выполняет двигательные упражнения, постоянно развивает себя, учит бодро и весело ходить.

Ключевые слова: Физическое воспитание, укрепление здоровья, воспитание, развитие, воспитательные задачи, педагогическая работа, личность, здоровье, уровень, природная сила, укрепление, части тела, основы гигиены, физическая двигательная способность, возможности, движение, упражнения, развитие внимательности.

Annotation: The implementation of physical education is one of the pedagogical works aimed at solving the problems of strengthening health, education, development, education, increasing the level of health of a person, strengthening natural forces, parts of the body in accordance with hygienic principles and physical exercises. motor skills independently performs motor exercises, constantly develops himself, learns cheerfully and walks cheerfully.

Key words: Physical education, strengthening of health, education, development, educational tasks, pedagogical work, individual, health, level, natural strength, strengthening, body parts, hygiene basics, physical movement ability, opportunities, movement. , exercises, development alert.

Бүгінде білім – қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді.

Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Мектеп– үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс-оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, өзін-өзі ұстауы – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам.

Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі-педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, шығармашыл тұлға құзіреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды.

Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Бұл міндетті тек кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті ұстаздар ғана атқара алады. «Құзырлық» сөзі туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) – жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген.

«Құзырлық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т.Г.Браже.

Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Білім беру жүйесіндегі негізгі талап – сабақта білім берудің жаңа технологиясы әдістерін қолдана отырып, оқушыларды өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей алатын деңгейге жеткізу. Соңғы кезде мектеп оқушыларының оқу пәндеріне деген қызығушылығы мен белсенділігі әр түрлі себептерге байланысты біршама төмендеп барады[1].

Осы орайда мұғалім тиімді технологияларды сабақ үрдісінде тиімді қолданғаны дұрыс. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізілген әрбір сабақ оқушылардың ойлауын және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты.

Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді.

Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты

зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені.

Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (Астана, 2000 жыл) 18-бабының 8-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірлену мүмкіндігі», – атап көрсетілген. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады[2].

Дене шынықтыру сабағы оқушылардың ақыл-ойының жақсы дамуына тікелей әсер етеді. Сабағымыздың мақсаты дене шынықтыру сабағында адамгершілік, еңбек және эстетикалық тәрбие беру арқылы олардың бойында бұғып жатқан ізгілік қасиеттерін шындап, ақыл-ойын, парасат-пайымын дамыту, ойын өріске шығару болып табылады.

Тәрбие беруді мына төмендегі үш бағыт бойынша жүргізуге болады:

- оқушының өзіне деген көзқарасы;
- басқа адамдар мен коллективке байланысы;
- болған іске деген жеке пікірі;

Оқушының өзіне деген көзқарасын тәрбиелеу үшін өз-өзіне талап қоя білетін, принципті, ішкі тәртіпті, мәдениетті бала болуға жағдай және мүмкіндік туғызып, алдағы уақытта соны жіті бақылап отыру керек.

Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі жоғары класс оқушыларын іс- шараларды, болмаса кез келген ортаны ұйымдастырып, басқара алатындай деңгейде тәрбиелеуге міндетті. Оларды мақсатқа ұмтылып жеке білетін, еңбекті сүйетін, өзін-өзі ұстай білетін, өнертапқыштыққа құмар қылып, әрі кез келген қиыншылықтағы күрмеулі жіптің түйінін тауып шеше білетін, қолға алған ісіне батыл кірісе алатын, өзіне де өзгеге де қатаң талап қоятын жеке тұлғаны тәрбиелеп шығарсақ қана біз оларды бәсекеге қабілетті етіп баули аламыз. Ал бұл қасиеттердің экспериментке түсіп, анық шындалатын жері спорттық секциялар мен әр түрлі бағыттағы спорттық жарыстар.

Тәрбиенің дұрыс берілуі көбінесе мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, оның моральдық және мәдениеттілігіне, коллективте психологиялық дұрыс жағдай туғыза білетін шеберлігіне, біліктілігіне байланысты.

Дене тәрбиесі сабағындағы мұғалімнің ең басты қаруы – бұл қарапайымдылық. Оқушының бойындағы жауапкершілікті арттыра түсу үшін ұстаз оған сенім артуы тиіс. Оқушының өз бетінше шешім қабылдауына жағдай туғызған жөн. Бірақ, мұғалім әрбір оқушыны бақылап жүріп, оларға дер кезінде қажетті тәрбие беріп отыруы керек

Дене тәрбиесі сабақтарының оқу жылына тоқсанға арналған әр сабақ жоспары. Әр сабақ жоспарын екі нұсқада құрастыруға болады. Бірінші нұсқасы кесте түрінде құрастырылады

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты

болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр. Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты.

Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін- өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды.

Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек[3].

Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс. Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған.

Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді. Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кіші-гірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады. Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға

үйрету дегеніміз – бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар – мақсат, жалпы және арнайы (арнайылық) міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Оқушы-спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барысында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға қол жеткізуге болады[4].

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім–қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады. Баланың бойында оның өміріне қажетті іс-әрекет тәсілдері мен технологияларын қалыптастыруға негізделген оқытуды ұйымдастырудың амал-тәсілдерін, формалары мен әдістерін айқындау – қазіргі таңда кезек күттірмейтін көкейкесті мәселелердің бірі.

Дене тәрбиесі әдістемесінің ерекшеліктері. Жоғары мектеп жасында дене тәрбиесі сабақтары қыздар мен жас жігіттер арасында бөлек жүргізіледі. Олардың ағзаларының анатомиялық, физиологиялық және психологиялық өзгешеліктері, ерекшеліктері дене тәрбиесі жаттығуларын үйрету, дене қасиеттерін дамыту амалдары мен әдістерін әр түрлі түрде таңдауды, жүктемені әр түрлі беруді, сабақты бөлек ұйымдастыруды талап етеді. Қыздарға қарағанда жасөспірім жігіттердің жүктеме көлемі мен қарқынын ұзақ, жоғары деңгейде орындауларының функционалдық мүмкіншіліктері көп. Олар үлкен жүктемелерді жүрек соғу жиілігі аз, қан қысымы жоғары жағдайда орындайды. Осы жүктемелерден кейінгі ағзаның қалпына келуі қыздарға қарағанда жас жігіттерде аз уақыт алады. Жоғары мектеп

жасындағы оқушыларға сабақ бергенде ең алдымен күш, күш-жылдамдығы жаттығуларына, күш төзімділігіне, аэробты төзімділікке көп көңіл аудару қажет. Қимыл үйлесімділігі қабілеттілігін дамыту жаттығуларының арасынан қимыл-әрекетті тез, басқаша құра алу, тепе-теңдікті ұстап, бұлшық еттерді босаңсыта білу жаттығуларына назар аударса дұрыс болады.

Жоғары сынып жасындағы оқушылармен өткізілетін дене тәрбиесі сабақтары көбінесе жаттықтыру түрінде жүргізіледі. Жаттығуларды ойын әдісімен орындаулар азайтылып, сабақтарда көбінесе жарыс әдістері қолданылады. Осы жас кезеңінде олардың дене құрылымдарын, дене және техникалық дайындықтарын ескеріп, жеке тапсырма беру әдістерін көбірек қолданамыз. Қосымша жаттығулар беру арқылы олардың жаттығулар техникасын тез меңгерулеріне, дене қасиеттерін дұрыс деңгейде дамытуларына көмектесеміз.

Мектеп бағдарламасындағы оқу материалдарын үйрену және меңгеру дұрыс ойластырылып, сабақтар бір-біріне байланысты, сабақтасты болып жүргізілуі қажет.

Дене тәрбиесі сабағына байланысты ерекшеліктер:

1. Спорт зал болмауы мүмкін, онда сабақтар көбіне таза ауада мектеп ауласында өткізіледі.
2. Сабақтарды ұйымдастыру күрделілігінде. Сабақтар аралас түрлерде, көбінесе ойын түрінде жүргізіледі. Дене тәрбиесі сабақтарын ұйымдастыру кездерінде бұрыннан қолданып келген әдістер, көбінесе айналмалы, топтық, жеке дербес тапсырма беру әдістері қолданылады. Мысалы: дене деңгейіне байланысты бөліп жаттықтырғанда, кіші шеңберде әлсіз оқушылар, үлкен шеңберде күшті, мықты оқушылар жасайды. Сапта оң жақ қатарда үлкен сынып, одан кейін төменгі сынып оқушылары тұрғызылады. Кіріспе бөлімінде жалпы бой қыздыру жаттығулары бірге жүргізіледі. Негізгі бөлімде сыныптар бойынша топтарға бөлініп, оларға мектеп бағдарламасындағы материалдар бойынша спорт түрлері, жаттығулары беріледі. Мұғалім барлық топтарға барып қателерін түзеп, әдістемелік нұсқаулар беріп отырады [5].

Сабақтан тыс уақыттарда сынып, мектеп спорт белсенділерін, мұғалім көмекшілерін дайындауға күш салу керек. Дене тәрбиесі үйірмесінің сабақтары жетісіне 3 рет бір сағаттан өткізіледі. Үйірме сабақтары оқушылар оқу бағдарламасындағы спорт түрлерінің негізгі жаттығуларының техникасын жетілдіру, дене дайындығының деңгейін жоғарылату және сынақ жаттығуларын орындауға дайындайды. Басқа барлық жұмыстар дене тәрбиесі мұғалімінің тапқырлығымен, білімділігімен, біліктілігімен, ұйымдастыру белсенділігі және шеберлігімен үлкен мектептердегі жұмыстарға ұқсас жүргізіле береді.

Жас ұрпақтың жалпы дене қуатын дамыту үшін, үлкен өмірге, еңбек етуге, Отан қорғауға дайындау үшін, олардың мектепте оқыған кезеңдерінде мынандай негізгі міндеттерді орындауымыз керек:

- денсаулықтарын нығайту, мүсін түзулігін қалыптастыру, ағзаларын дамыту және шынықтыру;

- негізгі қозғалыс ептілігі мен дағдысын қалыптастыру, оларды әр түрлі өмір жағдайында қолдана білу шеберлігіне үйрету;

- жігер-күш, дене қасиеттерін дамыту, жеке және қоғамдық гигиена дағдыларына үйрету.

Дене тәрбиесі үрдісі күрделі, әр жақты және мектептің басқа оқу-тәрбие жұмыстарымен өте тығыз байланысты болғандықтан, ол терең ой-толғаныстарын, көлемді білімділікті керек етеді. Дене тәрбиесі міндеттерін дұрыс түсінген мұғалім жеке оқушылардың таңдап алған спорт түрлерінен жоғарғы жетістіктерге жетуін ғана емес, барлық оқушылардың денсаулықтарын нығайту, қозғалыс ептілігі мен дағдыларын қалыптастыру арқылы үлкен өмірге дайындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Андреева Г.М. Психология социального познания. М., 2000.
2. Зязюн И.А, Основы педагогического мастерства. Киев, 1987
3. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе // Алматы. 2005.
4. Е. Қ. Уанбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» атты оқу құралы, 2006 ж.

5. Е.Қ. Уанбаев пен Ф.Ж. Уанбаева «Дене тәрбиесі және спорттың теориясы мен әдістемесі» оқу құралы Өскемен қаласы 2008 ж.

ӘОЖ371.124 : 373.3 : 37.016 : 51 : 371.385.5

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ФАКУЛЬТАТИВ САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сарсенбаева Дана ПМНО-24-1м тобының магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:dana_sarsenbayeva@mail.ru

Аннотация Бұл мақалада бастауыш сыныптардағы математика пәнінен жүргізілетін факультатив сабақтарды ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын дамыту, олардың ойлау қабілеттерін арттыру және шығармашылық деңгейін көтеру үшін факультатив сабақтар үлкен рөл атқарады. Математика пәнінен факультатив сабақтар оқушылардың логикалық ойлауын, зейінін және нақты ғылымдарға деген қызығушылығын дамыту жолдары талқыланады.

Тірек сөздер: факультатив сабақтар, бастауыш сынып, математика пәні, әдістемелік құралдар, зерттеу дағдылары, оқушылардың қызығушылығы, логикалық тапсырмалар, білім сапасы.

Аннотация В данной статье речь идет об организации факультативных уроков по математике в будущих начальных классах. Факультативные занятия играют большую роль в развитии математической грамотности учащихся младших классов, совершенствовании их мыслительных способностей и повышении творческих способностей. В статье рассматриваются способы развития логического мышления, внимания и интереса к реальным наукам у студентов-математик.

Ключевые слова: Факультативные занятия, начальные классы, предмет математики, подготовка учителей, исследовательские навыки, интерес учащихся, развития логического мышления, качество образования.

Annotation Abstract this article deals with the organization of optional lessons in mathematics in future primary classes. Optional lessons play a big role in developing the mathematical literacy of elementary school students, improving their thinking abilities and raising their creativity. The article discusses ways to develop logical thinking, attention and interest in real sciences of mathematics students.

Key words: research work, primary school, mathematics subject, teacher training, methodological tools, research skills, student interest, education quality.

«Бастауыш сыныптардағы математика пәнінен жүргізілетін факультатив сабақтарды ұйымдастыру» тақырыбы қазіргі білім беру жүйесінде өте өзекті. Факультатив сабақтар негізінен негізгі оқу бағдарламасынан тыс, қосымша білім беру ретінде ұйымдастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын дамыту, олардың ойлау қабілеттерін арттыру және шығармашылық деңгейін көтеру үшін факультатив сабақтар үлкен рөл атқарады. Бұл сабақтар оқушыларға математиканың күрделі мәселелерін қарастыруға, шығармашылық ойлауын дамытуға, жаңа білім алу мүмкіндігін береді.

Факультатив сабақтарды ұйымдастырудың мақсаты:

- Бастауыш сынып оқушыларының математика пәніне деген қызығушылығын арттыру;
- Оқушылардың математикалық дағдыларын тереңдету және кеңейту;
- Оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін дамыту;
- Оқушыларды математикалық мәселелерді шешуге ынталандыру және оларды практикалық тұрғыдан қолдануға дағдыландыру.

Міндеттері:

- Математика пәні бойынша оқу бағдарламасын толықтыру, қосымша тақырыптарды енгізу;

- Әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың белсенділігін арттыру;
- Математикаға деген қызығушылықтарын ояту үшін қызықты тапсырмалар, ойындар мен жаттығулар ұйымдастыру;
- Оқушылардың түсіну қабілетін арттыру үшін әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсыну.

Факультатив сабақтардың құрылымы сабақтар қарапайымнан күрделірекке қарай құрылады, әр сабақтың мақсаты мен міндеті нақты анықталады. Сабақ барысында оқушылардың білімдерін тексеру, өзара пікір алмасу, әртүрлі әдіс-тәсілдермен тапсырмаларды орындау, оқу үлгерімін бақылау маңызды. Әр сабақта жаңашылдық, шығармашылық көзқарас қажет. Оқушыларды жаңа тәсілдермен таныстыру, мысалы, математикалық ойындар арқылы оларды қызықтыруға ұйымдастырылған болуы қажет.

Факультатив сабақтарда қолданылатын бірнеше әдіс-тәсілдер:

Диалогтық әдіс: Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін сабақта сұрақ-жауап түріндегі әдіс қолданылуы керек. Математика туралы өз ойларын ортаға салуға мүмкіндік беру маңызды.

Проблемалық оқыту: Оқушыларға жаңа тақырыпты өздігінен зерттеу үшін жағдайлар жасау, мәселені шешуге бағытталған тапсырмалар ұсыну.

Топтық жұмыс: Оқушыларды топтарға бөліп, математикалық есептерді бірге шешуге ынталандыру, өзара пікір алмасуды ұйымдастыру.

Ойындар мен жарыстар: Математикалық сайыстар мен жарыстар оқушылардың білімін тексеруге және қызығушылығын арттыруға тиімді құрал бола алады. Мысалы, «Математика чемпионаты» немесе «Білім сайысы».

Жобалық жұмыс: Математикалық тақырыптарды терең зерттеп, оқушыларға жобалар жасауға мүмкіндік беру. Бұл олардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту барысында көрнекі құралдар оқушылардың жаңа ұғымдарды қабылдауын жеңілдетеді, олардың қызығушылығын арттырады және логикалық ойлауын дамытуға көмектеседі. Сондықтан сабақ барысында қолданылатын құралдар мен ресурстардың маңызы зор. Оларға интерактивті тақталар мен компьютерлер: Оқушылар үшін қызықты тапсырмалар, бейнемазмұндар және ойындар көрсету жатады. Оқу құралдары: Математикалық құралдар (сызғыш, шеңбер сызу т.б.), қосымша кітаптар мен жұмыс дәптерлері. Математикалық ойындар мен бағдарламалар: Математикалық тапсырмалар мен логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған мобильді қосымшалар мен интернет-ресурстар.

Қорыта айтқанда, факультатив сабақтар оқушылардың жалпы білімін кеңейтуге, олардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес білім алуға мүмкіндік береді. Мұндай сабақтар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, пәндерге деген қызығушылықтарын арттыруға және оларды өз бетімен зерттеу жұмыстарын жүргізуге ынталандырады. Мұғалімдер факультатив сабақтарды қызықты, өзекті және қолданбалы етіп ұйымдастыру арқылы оқушылардың білімін тереңдетуге септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нұрғожина, С.М. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқыту әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті, 2019.

2. Ахметов, Т.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу қабілеттерін дамыту. Астана: Оқу әдебиеті, 2020.

3. Мұхамедьярова, Ж.С. Математика сабағында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі. Педагогикалық ғылымдар журналы, 2022, №4, 67-72 б.

4. Stud.kz сайты

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫНА ӘСЕРІ

Изтлеуова Замзагул Жанпайзовна
география пәнінің мұғалімі

Аннотация

Бұл зерттеу жұмысы цифрлық білім беру платформаларын енгізу және олардың оқушылардың білім сапасына әсерін талдауға арналған. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың дамуы білім беру жүйесінде жаңа мүмкіндіктер туғызуда, атап айтқанда цифрлық платформалардың қолданылуы арқылы оқушылардың білім алу процесі тиімдірек және ыңғайлы болуда. Зерттеуде цифрлық платформалардың әртүрлі аспектілері қарастырылады, оның ішінде онлайн-курстар, оқу материалдарының интерактивтілігі, бағалау жүйелері мен оқушыларға бағытталған адаптивті оқу құралдары. Сонымен қатар, платформаларды енгізудің оқушылардың оқу үлгеріміне, мотивациясына және оқу сапасына қандай әсер ететіні анықталады. Бұл жұмыстың мақсаты - цифрлық білім беру жүйесінің тиімділігін бағалау, оның мектептерде және жоғары оқу орындарында қалай қолданылатынын көрсету және білім беру сапасын арттыру жолдарын ұсыну болып табылады.

Abstract

This research paper focuses on the implementation of digital educational platforms and their impact on students' academic performance. With the rapid development of information technologies, new opportunities are emerging in the education system, particularly through the use of digital platforms, which make the learning process more efficient and convenient for students. The study examines various aspects of digital platforms, including online courses, the interactivity of learning materials, assessment systems, and adaptive learning tools tailored to students' needs. Additionally, the paper analyzes how the introduction of these platforms affects students' academic performance, motivation, and overall learning quality. The objective of this work is to assess the effectiveness of digital education systems, demonstrate their application in schools and higher education institutions, and suggest ways to improve the quality of education.

Аннотация

Настоящее исследование посвящено внедрению цифровых образовательных платформ и анализу их воздействия на качество образования учащихся. В условиях быстрого развития информационных технологий в системе образования открываются новые возможности, в частности, использование цифровых платформ, которые делают процесс обучения более эффективным и удобным для учащихся. В исследовании рассматриваются различные аспекты цифровых платформ, включая онлайн-курсы, интерактивность учебных материалов, системы оценки и адаптивные учебные инструменты, ориентированные на потребности учащихся. Также анализируется влияние внедрения таких платформ на успеваемость, мотивацию и качество обучения. Цель работы — оценить эффективность цифровых образовательных систем, показать их применение в школах и высших учебных заведениях, а также предложить пути улучшения качества образования.

Кіріспе

Қазіргі әлемде ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру жүйесіне де айтарлықтай өзгерістер алып келді. Цифрландыру процесі білім беру саласына жаңа мүмкіндіктер туғызып, оқытудың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаруда. Цифрлық білім беру платформалары мен мобильді қосымшалар оқушылардың білім сапасын арттыруға, оларды жеке дара қажеттіліктері мен даму деңгейіне сәйкес оқытуға мүмкіндік береді. Бұл баяндамада біз білім беру саласында цифрлық құралдардың қолданылуы, онлайн оқу платформалары, цифрлық оқулықтар мен виртуалды зертханалардың тиімділігі және олардың оқушылардың білім сапасына әсері туралы талқылаймыз және цифрлық білім беру

платформаларын енгізудің білім сапасына әсерін зерттеу және оның мүмкіндіктері мен қиыншылықтарын талдау.

Цифрлық білім беру платформаларының анықтамасы

Цифрлық білім беру платформасы – бұл онлайн режимде білім алуға мүмкіндік беретін, арнайы дайындалған, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданатын жүйе. Мұндай платформалар білім беру процесін басқаруға, оқытушылар мен студенттер арасындағы байланыс орнатуға, оқу материалдарын тиімді пайдалануға және оқушының білім деңгейін бақылауға мүмкіндік береді.

Цифрлық платформалар келесі қызметтерді ұсынады:

Онлайн курстар мен бейнемазмұн (мысалы, видеолекциялар, вебинарлар);

Тапсырмалар мен тестілеу жүйесі;

Білім алушылардың прогрессін бақылау;

Форумдар мен онлайн қоғамдастықтар;

Интерактивті жаттығулар мен оқу құралдары.

Цифрлық білім беру платформаларының оқушылардың білім сапасына әсері

Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларының дамуы
Цифрлық платформалар оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Олар интернет ресурстары арқылы өздері ақпарат іздеп, білімдерін тереңдетуге дағдыланады. Бұл дағдылар қазіргі еңбек нарығында аса маңызды болып табылады.

Жеке

оқу

траекториялары

Әр оқушының өзіне ыңғайлы оқу траекториясын таңдай алуы оқушылардың білім сапасын арттырады. Мұғалімдер платформаларды әр оқушының деңгейіне сәйкес келетін тапсырмалармен толықтыра алады.

Білім

алу

процесінің

тиімділігі

Қазіргі таңда білім беру процесі көбінесе ақпаратты ұсыну, өңдеу және талдау негізінде жүзеге асады. Цифрлық платформалар оқушылардың ақпаратты тез әрі тиімді өңдеуіне, оны өз бетімен пайдалануына көмектеседі. Бұл олардың білім сапасының артуына ықпал етеді.

Қолданбалы

дағдылардың

дамуы

Цифрлық платформаларда оқу барысында оқушылар ақпаратты іздеу, сұрыптау, сараптау дағдыларын қалыптастырады. Бұл дағдылар жалпы білім сапасын жақсартады және нақты өмірде қолдануға пайдалы болады.

Білім беру саласында цифрлық құралдарды қолданудың артықшылықтары. Цифрлық білім беру құралдары оқу процесін айтарлықтай жеңілдетіп, оны тиімді әрі қызықты етеді. Білім беру платформалары мен мобильді қосымшалар оқушыларға әртүрлі форматта білім алуға мүмкіндік береді. Мысалы, интерактивті тапсырмалар, бейнемазмұн, геймификация элементтері оқыту процесін тартымды етіп, оқушылардың мотивациясын арттырады. Сонымен қатар, цифрлық ресурстар оқушылардың білім деңгейін нақты бақылауға және жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқу жоспарын құруға мүмкіндік береді.

Онлайн оқу платформаларының рөлі. Онлайн оқу платформалары білім алушыларға кез келген уақытта және кез келген жерде оқу мүмкіндігін ұсынады. Мұндай платформалар оқушыларға толыққанды курстар, бейнемазмұн, тесттер мен интерактивті тапсырмалар арқылы білім алу мүмкіндігін береді. Ең танымал платформалар арасында Coursera, Khan Academy, edX және басқа да халықаралық білім беру ресурстары бар. Бұл платформалар тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде кеңінен қолданылады және оқушыларға түрлі тақырыптар мен салаларда терең білім алуға көмектеседі. Онлайн платформалардың тиімділігі оқушылардың өз бетімен білім алуын қамтамасыз ету, материалды түсіну деңгейін бақылау және өзіндік бағалау мүмкіндігін береді.

Цифрлық оқулықтар мен виртуалды зертханалардың тиімділігі. Цифрлық оқулықтар мен виртуалды зертханалар қазіргі заманғы білім беру құралдарының ажырамас бөлігіне айналды. Олар дәстүрлі оқулықтардан айырмашылығы, тек мәтіндер мен суреттер ғана емес, сонымен қатар интерактивті элементтер мен анимациялар арқылы материалды жеңіл әрі қызықты етуге мүмкіндік береді. Виртуалды зертханалар оқушыларға нақты уақыт

режимінде тәжірибелік жұмыстар жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, химия, физика немесе биология пәндерінде виртуалды зертханалар арқылы түрлі тәжірибелерді қауіпсіз орындау мүмкіндігі туады. Бұл білімнің тереңдігі мен сапасын арттыруға үлкен әсер етеді.

Цифрлық платформалардың білім сапасына әсері. Цифрлық білім беру платформалары оқушылардың білім сапасын жақсартуға көптеген жолдармен әсер етеді:

-Индивидуализацияланған оқу процесі: Цифрлық құралдар арқылы оқушылардың оқу қарқынын бақылау мүмкіндігі пайда болады. Әр оқушы өз деңгейіне қарай тапсырмаларды орындап, көмек алу үшін жеке оқытушылардан кеңес сұрау мүмкіндігіне ие болады.

- Жылдам кері байланыс: Онлайн платформаларда оқушылар өздерінің нәтижелерін жылдам тексеріп, қателерін түсініп, келесі қадамдарды жоспарлай алады. Бұл әдіс оқушының жеке дамуында өте маңызды.

- Өртүрлі білім беру әдістері: Цифрлық ресурстар әртүрлі тәсілдермен оқытуға мүмкіндік береді (бейнемазмұн, тексттік материалдар, геймификация, тәжірибелер), бұл оқушының әртүрлі стилде оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Қиыншылықтар мен шектеулер. Цифрлық білім беру платформаларының қолданылуының да қиыншылықтары бар. Біріншіден, интернетке қол жетімділік мәселесі Қазақстанның шалғай аймақтарында әлі де өзекті болып отыр. Оқушылардың көпшілігі қажетті құрылғыларға, интернетке тұрақты қол жеткізу мүмкіндігіне ие емес. Сонымен қатар, цифрлық оқыту құралдарын тиімді пайдалану үшін мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларға деген білімі мен дағдылары жетілдірілмеген болуы мүмкін. Бұл мәселелер білім беру процесін толықтай цифрландыруға кедергі келтіреді. Цифрлық білім беру платформаларының енгізілуі және пайдаланылуы бірқатар қиыншылықтарға да алып келуі мүмкін:

Интернетке қолжетімділіктің болмауы. Ауылдық жерлерде немесе инфрақұрылымы әлсіз аудандарда интернетке қолжетімділік мәселесі әлі күнге дейін өзекті. Бұл оқушылардың онлайн білім алуына кедергі келтіреді.

Техникалық қиыншылықтар. Платформаларды қолдану кезінде техникалық ақаулар немесе жүйенің бұзылуы оқушылардың оқу процесіне кедергі жасайды. Сонымен қатар, кейбір оқушылар мен мұғалімдер жаңа технологияларды пайдалану бойынша қажетті дағдыларға ие болмауы мүмкін.

Мұғалімдердің дайындық деңгейі. Цифрлық платформаларды тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің арнайы білімдері мен дағдылары қажет. Бірақ барлық мұғалімдер цифрлық технологиялармен толық таныс емес, бұл олардың жұмыс сапасына кері әсер етуі мүмкін.

Оқушылардың экран алдында көп уақыт өткізуі. Цифрлық білім беру платформаларының көп қолданылуы оқушылардың ұзақ уақыт экран алдында отыруына әкелуі мүмкін, бұл денсаулыққа теріс әсер етуі мүмкін.

Қорытынды

Цифрлық білім беру платформаларының енгізілуі білім беру жүйесін жаңғыртып, оқушылардың білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Оқытудың тиімділігін арттыру, оқушылардың өз бетімен білім алу мүмкіндігін беру және оқу процесін қызықты әрі қолжетімді ету мақсатында осы платформаларды қолдану қажет. Алайда, цифрлық құралдардың толыққанды әсер етуі үшін инфрақұрылымдық мәселелерді шешу, мұғалімдер мен оқушылардың цифрлық дағдыларын жетілдіру, сондай-ақ әлеуметтік теңсіздіктерді жою бағытында жұмыстар атқару маңызды. Цифрлық білім беру жүйесі әлемнің барлық елдерінде білім беру сапасын жақсартудың тиімді құралы бола алады.

Цифрлық білім беру платформалары білім беру жүйесіне елеулі өзгерістер әкелді. Олардың енгізілуі оқу процесін тиімдірек, қолжетімдірек және икемдірек етуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, платформалардың оқушылардың білім сапасына оң әсері бар, себебі олар өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын дамытады, білімді тереңдетеді және ақпаратты өңдеу қабілеттерін жетілдіреді. Дегенмен, платформаларды тиімді пайдалану үшін инфрақұрылымның дамуы, мұғалімдердің дайындық деңгейі және техникалық ресурстарды қамтамасыз ету маңызды.

Цифрлық білім беру платформаларының болашағы зор, бірақ оларды енгізу кезінде кездесетін қиыншылықтарды жеңу үшін кешенді шаралар қабылдау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шаймерденова, Р.Ә. (2020). Цифрлық білім беру технологиялары: теориясы мен тәжірибесі. Алматы: Қазақ университеті.

Бұл кітапта цифрлық білім беру технологияларының теориялық негіздері мен олардың білім беру үдерісіндегі қолдану тәжірибесі кеңінен қарастырылады.

2. Бүркітбаева, А.А. (2021). Цифрлық білім беру платформалары және олардың оқу процесіне ықпалы. Педагогика және психология журналы, 7(2), 34–41.

Мақалада цифрлық платформалардың оқу процесіне және білім сапасына қалай әсер ететіні зерттелген.

3. Ғалымжанова, Н.С., & Қайратұлы, А. (2022). Цифрландыру дәуіріндегі білім беру: өзекті мәселелер мен шешімдер. Алматы: Білім.

Бұл зерттеуде цифрлық білім беру платформаларының енгізілуі мен білім сапасына әсерін талдау жүргізілген.

4. Семенова, Л.А. (2021). Цифрлық білім беру платформаларын тиімді пайдалану жолдары. Ресей педагогикалық журналы, 9(4), 98–107.

Автор цифрлық білім беру платформаларын қолданудың тиімді әдістерін қарастырады және олардың оқушылардың білім сапасын жақсартудағы рөлін зерттейді.

ӘОЖ 541.124

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Ізмағамбетов Е.І

**№98 орта мектептің директордың оқу жұмыс жөніндегі орынбасары
Erkebulan-91-91@mail.ru**

Цифрлық технологиялар бүгінгі күні қоғамның барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында да кеңінен қолданылуда. Ғаламдық цифрландыру білім беру үрдісіне де жаңа әдістер мен мүмкіндіктер алып келді. Мектептерде цифрлық технологияларды қолдану тек оқушылардың білім деңгейін арттыруға ғана емес, сондай-ақ олардың жеке дағдыларын дамытуға, ақпаратты тиімді пайдалануға және заманауи талаптарға сай болуға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялар білім беру үрдісінің құрылымын өзгертті. Дәстүрлі сабақтардан цифрлық платформалар мен құралдар арқылы өткізілетін сабақтарға ауыстыру мүмкіндігі пайда болды. Мысалы, компьютерлік жабдықтар, интерактивті тақталар, интернетке қолжетімділік және цифрлық оқыту құралдары оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, білім сапасын жақсартуға көмектеседі.

Цифрлық технологиялар арқылы оқушыларға интерактивті тапсырмалар, бейне сабақтар, виртуалды зертханалар және оқытудың басқа да инновациялық әдістері ұсынылады. Бұл құралдар пәндерді қызықты әрі қолжетімді етіп көрсетеді. Сондай-ақ, цифрлық технологиялар мұғалімдерге де тиімді оқытуға қажетті ресурстарды оңай қолданып, оқу бағдарламасын икемді етіп құруға мүмкіндік береді.

Мектептерде цифрлық құралдар түрлі мақсатта қолданылады. Олардың кейбірі:

Интерактивті тақталар: Олар арқылы мұғалімдер сабақтарын көрнекі және қызықты етіп өткізе алады. Интерактивті тақталарды қолдану арқылы материалды визуалды түрде көрсетуге және тікелей интерактивті жаттығулар жүргізуге болады.

Компьютерлер мен планшеттер: Бұл құрылғылар оқушыларға ақпаратты іздеп, өңдеуге, сондай-ақ түрлі тапсырмаларды орындауға көмектеседі. Олар тек ақпарат алу құралы ғана емес, сонымен қатар өз бетімен үйрену және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Онлайн платформалар мен білім беру қолданбалары: Интернет арқылы білім беру платформалары (мысалы, Google Classroom, Zoom, Teams) оқушыларға әртүрлі форматтағы білімді алуға, тапсырмаларды орындауға және мұғалімдермен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Edmodo, Coursera, Khan Academy сияқты платформалар түрлі тақырыптарды қосымша меңгеруге мүмкіндік береді.

Виртуалды және қосымша шындық (VR және AR): Бұл технологиялар нақты өмірде тәжірибе жасау қиын немесе мүмкін емес тақырыптарды визуализациялауға көмектеседі. Мысалы, VR арқылы оқушылар физикалық зертханасыз химиялық эксперименттер жасай алады немесе AR арқылы күрделі 3D модельдерді зерттей алады. Цифрлық технологиялардың білім беру саласындағы артықшылықтары өте көп. Онлайн платформалардың арқасында оқушылар сабақтарды кез келген уақытта және кез келген жерде ала алады. Бұл әсіресе қашықтықтан оқыту кезеңінде маңызды болды.

Оқушылардың белсенділігін арттырады цифрлық құралдар арқылы өткізілетін сабақтар оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, оларды белсенді етеді. Интерактивті тапсырмалар мен ойындар оқу материалының тиімді игерілуіне ықпал етеді. Цифрлық технологиялар мұғалімдерге әрбір оқушының деңгейін ескеріп, жеке бағдарлама әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе қосымша көмек немесе керісінше, тереңдетілген білім алуды қажет ететін оқушылар үшін маңызды.

Тез және нақты кері байланыс алу: Мұғалімдер онлайн платформалар арқылы оқушылардың жұмыстарын тез тексеріп, нәтижелерін бірден беруге мүмкіндігі бар. Бұл оқушылардың жетістіктерін нақты және уақтылы бақылауға мүмкіндік береді.

Дегенмен, цифрлық технологияларды қолдану барысында кейбір қиындықтар да туындайды: Техникалық жабдықтау мәселелері: Кейбір мектептерде қажетті цифрлық құрал-жабдықтар мен интернеттің жеткілікті деңгейде болмауы оқыту процесін қиындатады.

Оқушылардың назарын жоғалту мүмкіндігі: Цифрлық құралдарды қолдану оқушыларды алдандыруы мүмкін. Әсіресе, әлеуметтік желілер мен ойындарға байланысты оқу процесінен бөлінуі ықтимал. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы: Мұғалімдер үшін жаңа технологияларды меңгеру белгілі бір қиындықтарды туғызуы мүмкін. Сондықтан оларды қолдану үшін арнайы оқыту курстарын ұйымдастыру қажет. Цифрлық платформаларда оқушылардың жеке мәліметтерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды. Осыған байланысты ақпаратты қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлу керек.

Цифрлық сауаттылықты арттыру – қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі. Бұл тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де қатысты. Цифрлық сауаттылықты дамыту үшін келесі қадамдарды жүзеге асыру қажет: Оқытушылар мен оқушыларды цифрлық құралдарды тиімді қолдануға үйрету: Жаңа технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру үшін арнайы курстар мен семинарлар өткізу маңызды.

Оқушылар мен мұғалімдерге онлайн қауіпсіздіктің маңызды екенін және жеке мәліметтерді қорғаудың жолдарын үйрету керек. Оқушылардың өз бетімен іздену және шешім қабылдау дағдыларын дамытады, цифрлық технологиялар тек ақпарат алудың құралы ғана емес, сондай-ақ оқушыларға өз бетімен зерттеуге, шешім қабылдауға және сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік береді.

Мектептерде цифрлық технологияларды қолдану қазіргі заманның қажеттілігі болып табылады. Олар білім беру үрдісін жеңілдетіп, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану арқылы мұғалімдер оқыту әдістерін жаңа деңгейге көтере алады. Дегенмен, цифрлық технологияларды қолдану барысында қауіпсіздік мәселелерін де ескерген жөн. Цифрлық сауаттылықты арттыру және технологияларды тиімді қолдану – болашақ ұрпақты заманауи талаптарға сай дайындаудың бірден-бір жолы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахметова, Ж. Қ. (2021). *Цифрлық білім беру технологияларының тиімділігі және оны білім беру процесінде қолдану мәселелері*. Алматы: Білім баспасы.

2. Мухамедов, Н. Е. (2020). *Қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация*. Білім және инновация, 3(15), 24-31.
 3. Кенжебекова, Г. С. (2019). *Мектептегі оқытуда цифрлық технологияларды қолдану әдістемелері*. Нұр-Сұлтан: Қазақ университеті баспасы.
 4. Асанова, С. Б. (2018). *Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту және олардың оқушылардың білім сапасына әсері*. Педагогика журналы, 5(22), 10-15.
- Рахимжанова, Л. Т. (2022). *Білім беру жүйесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: Мүмкіндіктер мен перспективалар*. Тәжірибелік конференция материалдары, Алматы

ӘОЖ 371.124-055.2 : 37.037.1

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУШЫ ФАКТОРЛАР

Сахиева Молдир Ерназаровна

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі,
педагогика пәнінің оқытушысы

Е-mail: m.sahieva@bk.ru

Нурадинова Гулсिम Амангельдиевна

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі,
педагогика пәнінің оқытушысы

Е-mail: gulsimka_n@mail.ru

Аннотация: қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерде білім алушы денсаулығын сақтау - өзекті мәселе. Оқу-тәрбие жұмысын қазіргі заманның талаптарына сәйкес жүргізу, оқушының денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық қызметкерлер мен оқытушылардың бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Педагогика ғылымында осы туындаған мәселені шешудегі тиімді жолдары мен құралдарын негіздеу қажеттілігі туындайды.

Мақалада оқу-тәрбие процесінде денсаулық сақтау технологияларының тиімділігі мен маңыздылығы қарастырылған.

Тірек сөздер: денсаулық, салауатты өмір салты, қашықтықтан оқыту, цифрлық гигиена.

Аннотация: защита здоровья студентов в условиях социально-экономических изменений в обществе - актуальная проблема. Проведение воспитательной работы в соответствии с современными требованиями, эффективное решение вопросов защиты и укрепления здоровья студентов зависит от совместной эффективной работы медперсонала и преподавателей. В педагогической науке необходимо обосновать эффективные пути и средства решения этой проблемы.

В статье рассматривается эффективность и значение здоровьесберегающих технологий в образовательном процессе.

Ключевые слова: здоровье, здоровый образ жизни, дистанционное обучение, цифровая гигиена.

Annotation: protecting the health of students is a topical issue in the socio-economic changes in society. Carrying out educational work in accordance with modern requirements, the effective solution of issues of protection and strengthening of student health depends on the joint effective work of medical staff and teachers. In pedagogical science there is a need to substantiate effective ways and means to solve this problem.

The article considers the effectiveness and importance of health technologies in the educational process.

Key words: health, healthy lifestyle, distance learning, digital hygiene.

Цифрлы білім беру процесі цифрлы ортада жүзеге асырылады. Ақпараттық орта цифрлы білім беру ортаның қажеттігімен сипатталады. Цифрлы білім беру ортасы мұғалімдер мен оқушылардың сандық бағдарламаларды және сандық-әдістемелік ресурстарды – спутниктік теледидар, бейнесабақтар, бейнежазбалар, электрондық оқулықтар, пәннің сандық оқу-әдістемелік кешенін тиімді пайдалану кеңістігі болып табылады.

Цифрлы ұрпақ өкілдерінің-цифрлы педагогтің көпшілігі көбіне заманауи цифрлық технологияларға когнитивті даму тұрғысында және әлеуметтік даму тұрғысында бағдарлануы керек.

Когнитивті даму:

- 1) Үнемі жаңашылдыққа және өзін-өзі жетілдіру;
- 2) Шығармашылыққа ұмтылу;
- 3) Сындалы ойлауға қабілеттілік, түрлі ақпараттар ағынын параллельді түрде өңдей білуге қабілеттілік;
- 4) Әртүрлі ақпарат көздерін пайдалана білуге бейімділік;
- 5) Ақпаратты өңдеудегі және шешім қабылдаудағы жоғары жылдамдық пен ептілік.

Әлеуметтік даму:

- 1) Өзін-өзі танытуға ұмтылу;
- 2) Қарым-қатынастардың «тік» (иерархиялық) түрінен «көлденең» (серіктес) түрінебасымдық беру;
- 3) Мәдениетаралық және еларалық қатынастарға ашық болу;
- 4) Оптимизм мен өз күшіне деген сенімділік[1]. Цифрлық білім беру процесінің қалыптасуына әсер ететін факторлар әрине жақсы қалыптасқан, бірақ біздің жеке тұлға ретіндегі әлеуметтік жағдайымыз, психологиялық күйіміз, денсаулыққа қатысты факторлар еленбей қалады ма деген қорқыныш туады.

Білім биігіндегі болашақ заманауи ұстаз өз кәсібін жетік білетін бәсекеге қабілетті болуы шарт. Ұстазға тиесілі мақсаттарға жетудің басты жолдары осы. Елімізде ұстаздар мәртебесін көтеруде бірқатар жұмыстар атқарылуда. Дәл қазіргі уақытта мұғалімнің әлеуметтік жағдайы бұрынғыдан әлдеқайда жоғары екені рас. Цифрлық білім беру кеңістігінде өз денсаулығымыз бен жұмысымызды қаншалықты жүйелі бақылап жүрміз? Ұстаздар қауымы өз психологиялық тұрғыдан денсаулықтарына қаншалықты мән береді? Немесе, кәсіптік техникалық оқу орындарында болашақ ұстаз дайындап жүрген оқытушылар қаншалықты білім алушылардың денсаулығына назар аударады, деген сұрақтар мазалайды.

Денсаулық бұл – адамның ең ұзақ ғұмыры бойындағы әлеуметтік белсенділігі мен тиімді еңбекке қабілеттілік дәрежесін, биологиялық физиологиялық және психологиялық қызметін сақтауы мен дамыту процесі. Ендеше, жас ұрпақтың дені сау, білімді азамат болып ер жетуі, қоғамнан өз орнын дұрыс таңдай алатын, еркін ойлау қабілеті қалыптасқан, мәдениетті, іскер жеке тұлға тәрбиелеу ең алдымен, ата-анасына, одан соң мектепке дейінгі ұйымға және қоршаған ортаға байланысты[2].

М.Жұмабаевтың авторлық ұсыныстары, педагогикалық қорытындылары мен кеңестері қазақ халқының поэзиясымен, салт ғұрыптарымен және ең жақсы дәстүрлерімен табиғи астасып жатыр. Автор еңбегінде тәрбиенің бағыттарын жіктей отырып, оның дене тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, эстетикалық және рухани тәрбие деген түрлерін ажыратады. Бұл көрсетілген бағыттардың үзілместей байланысын көрсетуге ұмтыла отырып: «Егер адам баласы тәрбиенің осы төрт түрін толық алса, оны тәрбиелі адам деп санауға болады. Егер ол шыныққан, күшті және өмірде кездесетін: ыстық, суық, аштық, кедейлік сияқты құбылыстардан қорықпайтын, ойлауға, дұрыс жол табуға қабілетті болып өссе, егер ол көркем сөзді, сиқырлы әуенді қабылдай алатын, көрген ғажайыптарынан ләззат алатын, жақсыны ғана қалайтын, мораль тұрғысынан кіршіксіз таза болып өссе, онда біз толық тәрбие алған нағыз адам туралы айта аламыз», - деп жазады[3].

Пандемия кезіндегі қашықтықтан оқыту талаптарының денсаулыққа кері әсерінің бар екенін мойындау керек. Көздің нашарлауы, дененің қимылсыз бір қалыпта болуы, артық салмақ, дұрыс тамақтанбау деген секілді кері әсер ететін факторлар жиілеуде.

Денсаулық мәдениеттілігінің төменділігі, денсаулыққа қарамаушылық себептері, оқушылардың арасында салауатты өмір салтының теориясын білмейтіндігінен деп саналады. Компьютер, планшет, смартфон алдында ұзақ отыру, көз бен экран ара-қашықтығын сақтамау, «Сабағымды орындап бітірейін» деген оймен бір орында ұзақ отыру, дұрыс тамақтанбау бұл - денсаулықты құлдырататын факторлар. Демек, қазіргі кезде білім алушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу, оны арнайы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Сабақтағы орындалатын сергіту жаттығулары жалпы шаршауды сейілететін, қолдарын, саусақтарын дем алдыратын, көру және есту қабілеттерінің дамуына әсер ететін қысқа ғана жаттығулар жиынтығынан болғаны дұрыс. Десекте, бұл сергітулер арнайы мұғалімнің көмегімен орындалатыны рас. Ал, қашықтықтан, болмаса, онлайн форматта оқитын білім алушылар қаншалықты сергіту жаттығуларын орындауда деген сұрақ туындайды. Тіпті ата-аналарда бұны ескермейді ме? Әлде уақыттың тапшылығынан мән берілмейді ме? Осы сұрақтарға жауап беру өте қиын әрине. Ал, болашақта біздің ұрпағымыздың денсаулығы қаншалықты деңгейде болары белгісіз. Сондықтан, цифрлық гигиенаны сақтауды біз осы бастан ұрпағымыздың денсаулығына әсер ететінін біліп назарда ұстауымыз қажет.

Сергіту жаттығуларының түрлері өте көп. Кейбір оқытушылар сабақ процесінде өздерінің шығармашылығымен жүзеге асырады. Сабақта денсаулық сақтау технологиясының түрлерін белсенді қолдану біздің сабақта алғашқы қатардан орын алады. Оның түрлері көп, сергіту түрлерін ұтымды қолдану арқылы білім алушыларды сабақ уақытында жалықтырмай, қажетті мәліметтерді оңай сіңіруге мүмкіндік бере аламыз.

Мысалы, жылжымалы көрнекіліктер, қозғалмалы ойындар, бір орында орындалатын қимылдар, қол моторикасына арналған сергітулер, психологиялық жаттығулар білім алушының денсаулығы үшін маңызды. Компьютер алдында әр жарты сағат сайын көзді, басты, мойынды айналдыруды дағдыға айналдыру қажет.

Бір сағаттан соң орнымыздан тұрып түрлі жаттығулар жасап, қажет болғанда таза ауада демалған абзал.

«Бірік life» деген атаумен студенттерге арналған жаттығулар кешенін өзіміз ұсынып келеміз. Бұл бес саусақты жұмып жұдырық ретінде «бас бармаққа» – жүз атауы, ұраны, «балан үйрекке» – ру атауы, «ортан терекке» - ру белгісі, «шылдыр шүмекке» - қимыл-қозғалысы, «кішкентай бөбекке» - ырғақты әуені деп белгіленді. Мұнда студенттер өз тарихын танумен қатар, ұлттық-рухани құндылыққа назар аударып, руға байланысты қимыл-қозғалыстарын үйренеді. Бұл жаттығуларды тікелей өз ережесімен орындаса, түрлі ауруларды да емдейтін мүмкіндігі бар. Аурудың алдын алуға бағытталған жаттығулар кешені жалқау бұлшық еттердің ширақ жұмыс істеуіне, студенттерді сергек, әрі белсенді болуға шақырады. Студенттер қызығушылық танытып, өздерінің руларына тән жаттығуларды орындап меңгергісі келетіндігін де жасырмайды. Көпшілігі сабақ үстіндегі сергіту сәтін қашан болатынын күтіп жаңа жаттығуларды үйренуге асықса, біршамасы өз руларының белгілері мен тарихын зерттеп те үлгерді.

Осы жаттығулар кешенін толығымен жүргізу барысында студенттер бейнекамераға түсіріп өз папкаларына жинақтайды. Сабақ соңында интербелсенді платформалар көмегімен презентациялап үздік жасалған жұмысқа дауыс береміз. Осылай студенттерді бір жағынан цифрлық гигиенаның бір бөлігіне үлес қоса отырып тәрбиелей аламыз.

Егер, денсаулық қалыптастырушы білім беру технологияларын үнемі қолданар болсақ, тәжірибе жүзінде келесі мақсаттарды жүзеге асыруға болады:

- студенттердің денсаулығын сақтап, салауатты өмір салтына дайындау, үйрету;
- студенттерді білімді, жан-жақты дамыған, денсаулығы жақсы, рухани жағынан дамыған етіп тәрбиелеу;
- білім алушылардың үйлесімді өсуін қамтамасыз ету;

- таным сферасын дамыту;
- агрессивтіліктің алдын алып, өзара қатынас мәдениетін қалыптастыру;
- өмірлік құндылықтарға негізделген материалдарды сабақта кеңінен пайдалану;
- бар мүмкіндіктерді пайдаланып, оқушыларды білімді, толыққанды жетілген, психологиялық дамыған тұлға ретінде тәрбиелеу болып табылады [4].

Расында жағымсыз энергиядан арылуымыз үшін психотехникалық жаттығулар жасау қажет-ақ. Биоөрісте жүретін көзге көрінбейтін энергиялар адам бойынан табылатыны рас. Сол себепті баршаңызды денсаулық сақтау технологиясының мүмкіндігін пайдаланып, цифрлық гигиена саулығына мән беріп, салауатты өмір салтын ұстануға шақырамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бузаубакова К.Д. Беделбаева А.Е. «Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі» оқулық, Тараз 2023ж.
2. К.Төлеутайұлы, С.Ж.Төлеутаева «Валеология негіздері» Қызылорда 2004ж.
3. Э.А.Орынбасарова «Педагог этикасы және қарым-қатынас мәдениеті» Алматы, 2017
4. Князбаев Ғ.А. Денсаулық сақтау технологияларын балалардың қимыл әрекетін белсендету Әдістемелік нұсқау // «Тараз университеті» баспасы. -Тараз, 2019.

ӘОЖ: 370.196

БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кішібаева Дариха Жүнісбекқызы

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Юсупова Радмила Нуралықызы

2-курс студенті

Кентау гуманитарлық-техникалық колледжі,

Кентау қ, Қазақстан Республикасы

kishibayeva@mail.ru

Аннотация: Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын еліміз бірінші орынға қойып отыр. Білім беру мен білім алудағы атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздарың еншісінде екені айтпаса да белгілі. Бүгінгі күні еліміздің әлемдік біртұтас білім кеңістігіне ену жағдайында мамандар дайындау сапасын арттыру білім беру жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылуда. Қоғамдағы үдемелі өзгерістер педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерге жаңа кәсіби ойлауды қалыптастыруды көздейді. Сондықтан баланың бойында жақсы қасиеттердің болуына, олардың жан- жақты дамуын, рухани бай тұлға қалыптастыра білуіміз керек. Оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы бойында өзіне деген сенімділік пен жауапкершіліктерді дамыту болып табылады.

Тірек сөздер: Білім кеңістігі, жоғары мәдениетті, бәсекеге қабілетті, мұғалімдердің іс-әрекеті.

Аннотация: Наша страна ставит на первое место обучение будущих поколений в соответствии с современными требованиями. Не говоря уже о том, что интенсивная работа в образовании зависит непосредственно от учителей. На сегодняшний день повышение качества подготовки специалистов в условиях интеграции страны в единое мировое образовательное пространство является одной из важнейших задач системы образования. Поступательные изменения в обществе предполагают формирование нового профессионального мышления будущих учителей в системе педагогического образования. Поэтому необходимо развить в ребенке хорошие качества, формировать духовно богатую

личность. Развитие уверенности в себе и ответственности у учащегося с использованием новых подходов в обучении.

Ключевые слова: пространство знаний, высокая культура, конкурентоспособность, действия учителей.

Annotation: Our country puts the education of future generations in the first place in accordance with modern requirements. Not to mention that intensive work in education depends directly on teachers. To date, improving the quality of specialist training in the context of the country's integration into a single global educational space is one of the most important tasks of the education system. Progressive changes in society imply the formation of a new professional mindset of future teachers in the system of pedagogical education. Therefore, it is necessary to develop good qualities in the child, to form a spiritually rich personality. The development of self-confidence and responsibility in the student using new approaches in teaching.

Keywords: knowledge space, high culture, competitiveness, teacher actions.

Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын еліміз бірінші орынға қойып отыр. Білім беру мен білім алудағы атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздарың еншісінде екені айтпаса да белгілі. Бүгінгі күні еліміздің әлемдік біртұтас білім кеңістігіне ену жағдайында мамандар дайындау сапасын арттыру білім беру жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылуда. Қоғамдағы үдемелі өзгерістер педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерге жаңа кәсіби ойлауды қалыптастыруды көздейді. Сондықтан баланың бойында жақсы қасиеттердің болуына, олардың жан- жақты дамуын, рухани бай тұлға қалыптастыра білуіміз керек. Оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы бойында өзіне деген сенімділік пен жауапкершіліктерді дамыту болып табылады. Қазіргі кезде заман талабына сай қоғам өмірінің жаңа сапасының негізін құрайтын жан-жақты білімді, жоғары мәдениетті, бәсекеге қабілеті мол тұлға қажет. Ондай тұлға жалпы орта білім беру арқылы, немесе мектеп арқылы даярланады. ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес мектеп оқушылары бүгінгі заманда және келешекте қол жетімді табысқа жету үшін, бұрынғыдан да анағұрлым дағдыларды меңгеруін қажет етеді. Сондықтан қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі өзгерістердің бірі- жаңартылған білім беру мазмұнына көшу болып табылады және оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қарастырылып, енгізілуде сабақ – мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі Заманауи қоғам бәсекеге қабілетті, шығармашыл, жаңа өзгермелі жағдайларға тез бейімделуге дайын, өзін-өзі дамытатын, өз бетінше шешім қабылдай білетін азаматтарды тәрбиелеуге қабілетті, кәсібилігі жоғары мұғалімдерді қажет етеді делінген Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында [1]. Осы қоғамдық сұранысқа сәйкес лайықты маман дайындауда ең бастысы олардың кәсіби шыңдалуына басымдық берілуде. Жоғары педагогикалық білім берудің маңызды құрамдас бөлігі - болашақ мұғалімдердің инновациялық технологиялар негізінде кәсіби білігін арттыру болып табылады. Қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық, техникалық және мәдени дамуында білім беру жүйесінің рөлі өте жоғары екені белгілі. Тек осы білімділік қуаты ғана мемлекетіміздің лайықты бейнесін және әлемдік қауымдастықтағы орнын қамтамасыз етеді, қоғамдағы әрбір адамның және халықтың әлемдегі статусын анықтайды. Ал, жоғары мектеп интеллекттік, ғылыми және мамандық қуаттың басты қозғаушы күші болып табылады. Еліміздегі зияткерлік және шығармашылық тұлғаны жасау мәселесі, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату заманауи қазақ қоғамының өзекті міндеттерінің бірі болып отыр. Осы тұрғыдан келгенде болашақ мұғалімдердің іс-әрекетін қалыптастыру мазмұны ең алдымен іс-әрекет негізінде толықтырылумен байланысты деуімізге болады [2 190 с.]. Бұл әсіресе бүгінгі күнгі нарық заманындағы өте өзекті мәселеге айналып отыр. Педагогикалық іс-әрекет – мақсатты бағытталған адам іс-әрекетінің ерекше түрі, себебі мұғалім өзінің алдына белгілі бір мақсат қоймауы мүмкін емес. Кең мағынада педагогикалық іс-әрекет жинақталған адамзат тәжірибесін болашақ ересектерге беру мәңгі әлеуметтік функциясын орындауға бағытталған. Осыдан шығатыны педагогикалық іс-әрекет адам баласын қоғамдық өмірге кірістіру бойынша ерекше, әлеуметтік және тұлғалық детерминацияланған іс-әрекет. Біздің өміріміздің кез келген саласындағы сапалы өзгерістер,

тіпті білім берудегі, мұғалімнің оқу орнындағы рөлін жаңа көзқарасын қалыптастырусыз болмайды. Білім беру мазмұнын жаңартуға көшу білімге құзыреттілік көзқарас шеңберінде жұмысқа жаңа талаптар қояды, білім беру үдерісін дербес жекешелендіру жағдайында жұмысқа дайындықты қалыптастырады. Білім беру құрылымын жаңғырту дәстүрлі репродуктивтік оқыту дағдыларын еңсеруге және оқушылардың танымдық белсенділігін және тәуелсіз ойлауын қамтамасыз ететін жаңа даму, конструктивті білім беру моделіне көшуден тұрады. Білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы оқытудың белсенді болуын, білім беруді саралауды жүзеге асыру керек екенін, оқу процесінде интербелсенді қарым-қатынас жасау керек екендігін болжайды. Бүгінгі білімгер - ертең білімді ұстаз, тағылымды тәрбиеші, басқадан ойы озық тәлімгер болуы маман болып қалыптасудың баспалдақтарында басталады. Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі білім саласындағы туындаған қиындықтар ұстаздар қауымын тығырыққа тіреп, дағдарысқа әкелді. Бұл дағдарыстан шығу үшін педагогтар бас қосып, қиыншылықтан шығу мәселелерін біріге қарастырды. Республикамыздағы белсенді, ізденіс үстіндегі оқытушылар өз қолдаушыларымен бір ұжым болып, ынтымақтастық педагогикасының аясында біріге қызмет етуге ынта білдірді. Олардың ерекшеліктері: біріншіден, жаңашылдық жолындағы авторлық курстар мен ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар ұымдастыру арқылы білім беру мазмұнын тереңдетумен айналысатын даму деңгейі жоғары дәрежедегі топ. Екіншіден, өзін-өзі жетілдіруші, қалыптастырушы, басқарушы жаңашыл жүйе. Үшіншіден, әр аймақтан ерікті түрде жаңашылдық ілімін қолдаушы, сыннан өткізуші, таратушы креативті оқытушылар тобы – жаңа үдерісті толық іске асырушы жаңашыл топ. Педагогикалық білім берудің заманауи тенденциясы болашақ мұғалімдердің іс-әрекеттерін қалыптастыруға үлкен талаптар қояды. Алайда болашақ мұғалімдерді қалыптастыру процесінің өзгермейтінділігі – жоғарғы мектепке қойылатын басты міндеттердің бірі, өйткені, бүгінгі күнгі педагог жан-жақты, инновациялық білімдермен қаруланған болуы тиіс. Мұндай сипаттағы білім тұлғаның бүкіл өміріндегі қоршаған ортамен ақпарат алмасуымен жүретін тұлға қалыптастырудың үнемі жалғасын тауып отыратын процесі болып табылады. Бүгінгі күнгі іс-әрекеті қалыптасқан мұғалім дегеніміз мұғалімдердің өздерінің шығармашылық ғұмырында жасайтын әрбір іс-әрекетінің «акме» деңгейінде болуын айта аламыз [3, 236]. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты мақсат – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтық әлеуметтік, экономикалық жағынан кемелденуі болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық өсіп-өркендеуінің түпқазығы – білім мен ғылым екендігі даусыз. Бүгінгі заманда жаңа компьютерлік технологияларды енгізумен бірге «технология» деген ұғым жиі кездеседі. XX ғасырдың 60-шы жылдарындағы АҚШ пен Англияда пайда болып, содан бұл термин өмір қажеттілігіне байланысты дүниежүзіне таралып кетті. Педагогикада бұл ұғым оқушылардың аз ғана күш жұмсап, ең жақсы жоғарғы нәтижеге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған. Егер материалдық өндіріс саласында еңбек затын бірте-бірте терең меңгеру негізінде еңбек өнімінің өсуіне әкелетін жаңа технологиялар жасалса, ол білім беру саласында басқаша, технологиялар ұстаз іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан істелген конструкциялар ретінде жасалынады. «Технология» деген термин гректің түп тамыры «techne» - өнер, шеберлік, кәсіп және «logos» - ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе білімді беретін деген сөзді құрайды. Ол өндірістік үдерістерді жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы деген [4, 144б.]. Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» ұғымы әр түрлі түсіндіріледі. Жаңа педагогикалық технология деген не? Ол үшін алдымен «техника», «технология» терминдерінің мағынасын түсініп, тереңінде не жатыр, соны ақылмен аңғаруымыз қажет. Ол үшін әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымының тарихына көз жүгірткеніміз жөн.

«Техника» терминінің екі мағынасы бар екені айқын:

- біріншісі - өндіріс құралдарының жиынтығы;
- екіншісі - бір істі орындағанда қолданылатын тәсілдер жинағы.

«Технология» термині сол тәсілдер жүйесі (ілім) деген мағынаны білдіреді. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа

жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып, саралауды, жастардың шығармашылық әулетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды. Атап айтқанда: білім мазмұны жаңа біліктермен ақпараттарды қабылдау қабілеттілерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде; ақпараттық дәстүрлі әдістері - ауызша және жазбаша, телефон немесе радиобайланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде; баланың жеке басын тәрбиелеу, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде; мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі рөліне мән берілуде [5,208 б.]. Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер - тарихи объективті процес. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат - білім беру жүйесін қайта қарап, оқушылардың шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда оқушының білім сапасын бұрынғыдай білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап - білім сапасы оқушының алған білімін жеке басын әрі қарай дамытуына, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді деп тұжырымдалады. Инновация дегеніміз (латын сөзі in - в, nous - жаңа) – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни, инновациялық процесті мазмұнды дамыту, жаңаны ұйымдастыру, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз. Инновациялық технологияларды тиімді қолдану - болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға негіз болады. Бүгінде болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда көптеген инновациялық технологиялар бар, оларға: миға шабуыл, ТРИЗ, жобалау технологиясы, ойын технологиясы, кейс стади және т.б технологиялар жатады. Болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың бір көрінісі - сабақтарда оқытудың технологияларын тиімді қолдана білуі. Кейс стади технологиясын қолдану арқылы студенттедің бойында тиянақтылық, жүйелілік іс-әрекеті қалыптасса, миға шауыл технологиясын қолдану арқылы өзіндік пікірлері қалыптасады. Осылайша, жоғарыда аталған технологияларды пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік аламыз. Болашақ мұғалімдердің іс-әрекетін қалыптастыру мәселелерін шешу, психологиялық-педагогикалық ғылымдардың озық жетістіктерін қолдану, оның ішінде инновациялық технологияларды қолдану, болашақ мұғалімдердің білім беру тәжірибесіне инновациялық оқыту технологиясын ендірудің тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ
- 2 Таубаева Ш. Введение в методологию и методику педагогического исследования: учебное пособие. -Түркістан: «Тұран» баспасы, 2007. - 190 с.
- 3 Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. - Алматы, 2007. - 236 .
- 4 Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары: Оқу құралы: -Алматы: ЖШС «КАЗПРОФТЕХ», 2007. -144 б.
- 5 Еркибаева Г.Г. Оқыту үрдісіндегі жаңа технологиялар: теория мен практика: Оқу әдістемелік құрал. –Алматы: ГиГаТРЭЙД, 2014. - 208 б.

МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАНЫ САҚТАУ

Бақытбек Ә.Б.

Музыкалық білім мамандығының 2 курс студенті

Қызылорда облысы Болашақ университеті

E- mail: dauletbakytbek72@gmail.com

Бұл мақалада музыкалық мұраның маңыздылығы, оның халықтың мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігі ретіндегі рөлі талқыланады. Мақалада музыкалық мұраны сақтау қажеттілігі мен оны қазіргі жаһандану дәуірінде қорғау жолдары қарастырылады. Музыкалық мұраны жаңғырту әдістері, цифрлық технологиялар арқылы сақтау мен қазіргі орындаушылардың рөлі талқыланады.

Кілт сөздер: музыкалық мұра, жаңғырту, цифрлық технологиялар, ұлттық мәдениет, орындаушылардың рөлі

В данной статье рассматривается значение музыкального наследия как неотъемлемой части культуры и истории народа. Обсуждаются необходимость сохранения музыкального наследия и пути его защиты в условиях современной глобализации. Рассматриваются методы обновления музыкального наследия, сохранения с помощью цифровых технологий и роль современных исполнителей.

Ключевые слова: музыкальное наследие, обновление, цифровые технологии, национальная культура, роль исполнителей.

This article discusses the importance of musical heritage as an integral part of a nation's culture and history. It addresses the necessity of preserving musical heritage and the ways to protect it in the context of modern globalization. Methods of revitalizing musical heritage, preserving it through digital technologies, and the role of contemporary performers are examined.

Keywords: musical heritage, revitalization, digital technologies, national culture, role of performers

Музыкалық мұра – халқымыздың мәдениеті мен тарихтың ажырамас үлкен бір бөлшегі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалатын қазына, біздің әлемге, адамзатқа деген көзқарасымыздың, сезімдеріміз бен ойларымыздың айнасы іспетті. Музыкалық мұрамызды сақтау халық үшін, мәдениетіміз бен тарихымыз үшін маңызды міндет десек қателеспегеніміз. Қазіргі жаһандану, жаңғыру мен жаңару дәуірімізде өзекті мәселеміздің бірі. Әлемдік мәдениеттің үздіксіз өзгеру мен ұлттық мұраларымыз ұмыт болып жатқан заманда ендігі бір асыл қазынамыз ұмыт болса тарихымыздан да, мәдениетімізден де айырылып қалмақпыз. Музыкалық мұра – бұл тек әуезді әндеріміз бен күйлеріміз, музыкалық аспаптарымыз ғана емес, ол еліміздің ұлттық рухани дүниесі, халқымыздың ішкі сезімдері мен өмір сүру дағдылары, әдеп – ғұрып, салтымызбен тарихымыздың айрықша көрінісі. Халқымыздың және әрбір халықтың музыкалық мұрасы оның дүниетанымын, рухани таным – түсінігін, тұрмысын, философиясын және әлеуметтік жағдайын бейнелейді. Мысалы, қазақтың күй мен жыры, еліміздің қаншама қындықтан тайсалмай, мойынсұнбай өткендігі, көне дәстүрлері мен табиғи мінез – құлықтарын паш ететін ең құнды мұрасы болып қалмақ. Әрбір әуезді әуендеріміздің өзіндік мағынаға ие екендігі белгілі. Күй мен жырларымыз – өткен ғасырымыздың куәгері. Жалпы, музыкалық мұра өткеніміз бен болашағымыздың арасындағы көпір іспетті, ұлттың рухани күшін нығайтуға мүмкіншілігі өте көп.

Музыкалық мұраны сақтап қалу қажеттілігі. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениетіміздің бірегейлігін сақтап қалу үлкен мәнге ие. Әлемдік мәдени түрлі ағымдар, техникалық прогресстер, цифрлық технологиялар музыкалық индустрияның жылдам

дамуына әсерін беріп, ұлттық музыканың сақталуын қиындатуы әбден мүмкін. Музыкалық мұрамызды сақтау арқылы біз қазіргі мәдени мұрамызды ұрпақтан – ұрпаққа еш мүлкісіз жеткізе алатынымыз анық. Қазір жастар арасында ұлттық музыкаларымызды насихаттау үлкен рөл ойнауда. Өйткені қазіргі жаһандық музыкалар, шетелдік әуендер жастардың санасын уламауы тиіс. Өз мәдениетімізбен жастар таныс болуы, білуі және тануы қажет. Әрбір халықтың музыкасы оның ұлттық сәйкестігін бейнелейді.

Музыкалық мұраны сақтау – бұл көпқырлы және кешенді процесс. Оның құрамында тек мәдени объектілерді сақтау ғана емес, сонымен қатар оларды ұрпаққа жеткізу, жаңа форматта қайта жаңғырту мен кеңінен насихаттау да бар.

Музыкалық мұраны жаңғырту әдістері. Музыкалық мұраны жаңғырту бірнеше әдістермен жүзеге асырылуы мүмкін. Мұнда дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіру, өткен мен бүгінгі күннің арасындағы байланысты сақтай отырып, өнердің жаңа бағытын табу маңызды.

• **Жанрлық және стильдік жаңарту**

Ескі халық әндерін немес классикалық шығармаларды жаңа жанрларда орындау – музыкалық мұраны жаңғыртудың тиімді әдісі. Мысалы, қазақтың халық әндерін немес дәстүрлі күйлерін рок, джаз, поп – музыка жанрларында орындау олардың жаңа өмірге келуіне мүмкіндік береді. Бұл әдіс дәстүрлі музыка мен қазіргі заманның музыкалық талғамдарын үйлестіруге, сондай-ақ жаңа ұрпақты қызықтыруға септігін тигізеді.

Қазақтың әйгілі «Қара жорға» биінің заманауи өңделген нұсқалары немес халық әндерінің электроникамен араласқан стильдері жастар арасында үлкен қызығушылық тудырады. Осылайша, ескі мұра жаңа технологиялармен үйлесіп, өз мәнін жоғалтпай, тыңдаушыға әсер етеді.

• **Цифрлық технологияларды пайдалану**

Цифрлық технологиялар музыкалық мұраны сақтап, жаңғырту үлкен рөл атқарады. Музыкалық шығармаларды цифрлық форматқа көшіру, архивтеу және онлайн платформалар арқылы тарату ұлттық музыканы кең аудиторияға жеткізуге мүмкіндік береді. Әлемдік деңгейде танымал Spotify, YouTube, SoundCloud секілді музыкалық платформаларда ұлттық әндер мен күйлерді жариялау, оларды тыңдаушылардың кең аудиториясына таныстыру музыкалық мұраны жаңаша рухпен өмірге әкелуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, дәстүрлі аспаптардың жаңа технологиялармен бірігуі – ұлттық музыка мен қазіргі заманғы техника арасындағы көпір. Мысалы, қазақтың домбырасы мен қобызын электронды өңдеулер арқылы жаңа бояулармен таныстыру ұлттық музыканың дамуына жаңа мүмкіндік ашады.

• **Қазіргі орындаушылар мен шығармашылық топтардың ықпалы**

Заманауи музыканттар мен орындаушылар ұлттық музыканы жаңғыртуда үлкен рөл атқарады. Олар ескі әндер мен күйлерді жаңаша өңдеумен ғана шектелмейді, оларды тыңдарманға жаңа көзқараспен ұсынады. Мысалы, қазақ эстрадасының жұлдызы Роза Рымбаева, Мұхит Мұхамедханов, Қанат Адамбеков сияқты орындаушылар халық әндерін қазіргі заманға сай орындап, ұлттық музыканы жаңа деңгейге көтерді.

«Ұлы дала балладасы» сияқты шығармашылық жобалар, ұлттық музыканы заманауи формада орындау арқылы халықтың музыкалық мұрасын жаңғыртты. Сонымен қатар, жастар арасында ұлттық аспаптармен ойнауды насихаттайтын оқу – жаттығу бағдарламалары мен фестивальдар өткізу де өте маңызды.

• **Білім беру мен мәдени насихат**

Ұлттық музыканы сақтап, оны жаңаша рухпен таныту үшін білім беру саласы маңызды рөл атқарады. Мектептерде, колледждерде және университеттерде ұлттық музыканы оқыту, дәстүрлі әндер мен күйлерді орындау сабақтарын өткізу, сондай-ақ арнайы музыкалық мектептер мен студияларда дәстүрлі аспаптарда ойнауды үйрету ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған музыкалық мұраны сақтауға көмектеседі.

Мәдени шаралар мен концерттер ұйымдастыру, ұлттық музыканттарды қолдау, олардың шығармашылығын насихаттау да маңызды. Мысалы, «Алматы Музыкалық фестивалі»

сияқты іс-шарадар ұлттық өнерге жаңа толқын алып келеді, оның ішінде жаңа орындаушылардың дауысы, ұлттық дәстүрлердің жаңғыртылуы мен танылуы қамтамасыз етіледі.

Қазіргі әлемде жаһандану үдерістері ұлттық мәдениеттердің бірегейлігін сақтауға үлкен қауіп көндіреді. Әсіресе жастар арасында жаһандық музыкалық трендтердің басым болуымен қатар, ұлттық музыкалық мұраны ұмыту қаупі бар. Дегенмен, ескі әндер мен күйлерді жаңаша формада жаңғырту арқылы халықтың музыкалық мұрасы тек жоғалмай, қайта өмірге келеді.

Музыкалық мұра мен цифрлық технологиялардың байланысы қандай?

Қазіргі уақытта цифрлық технологиялар музыкалық мұрамызды сақтауда өте маңызды құралға айналып отыр. Дыбыс жазу мен өңдеу, интернет желісі арқылы тарату мен сақтау жүйелері музыкалық шығармаларымыздың жоғалуына жол бере қоймайды. Жалпы музыкалық шығармаларымыздың кең аудиторияға түсуі мен есте сақталуы осы цифрлық технологиялардың бірден – бір әсері екендігі белгілі. Музыкалық мұраны тек интернет желісі арқылы немесе архивтерде сақтау арқылы ғана емес, жастарға насихаттау арқылы да мұрамызды сақтауға мүмкіндігіміз бар. Түрлі білім беретін мекелерде, яғни балабақшалар, мектептер мен жоғары оқу орындарында да сабақтар ұйымдастырылып және арнайы мамандарды да даярлауымыз тарихи, мәдени мұрамыздың халқымызда сақталып, айрықша орны болатыны сөзсіз. Музыка тек дыбыстар мен әуезден тұрмайды. Ол сөздер, поэзиямен, би мен бейнелеу өнерімен тығыз байланысты. Музыкалық шығармаларға арналған түрлі кітаптар, ғылыми зерттеулер, мақалалар, сонымен қатар өнердің басқа да түрлерімен үйлесімділік, олардың синтезі ұлттық музыканың жан- жақты сақталуына ықпалы зор.

Қорытындылай келе, музыкалық мұраны сақтау – тек мәдениеттанушылар мен музыканттардың емес, барша қоғамның міндеті. Әрбір әуеніміз, әрбір күй, жырымыз біздің өткеніміз бен қазіріміздің және болашағымыздың айрықша бір көрінісі. Оны сақтау бізге, ұлтымыз үшін де, өз мәдениетіміз бен тарихымыз үшін де білу және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Музыкалық мұраны сақтау мен жаңғырту – мәдени мұраны болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Ол ұрпақтар арасындағы байланысты сақтап қазіргі заманның тілінде сөйлетуге мүмкіндік береді. Ескі әндер мен күйлерді жаңаша өңдеулермен ұсыну, оларды жаңа музыкалық технологиялар мен жанрлар арқылы жаңғырту – бұл ұлттық музыканы заманауи қоғамда танымал етуге және оның мәнін жоғалтпауға септігін тигізеді. Тек осылай ғана біз музыкалық мұрамызды сақтап, оған жаңа рух беріп, оны әлемге таныта аламыз. Ескі әндерді жаңарту мен жаңғырту – музыканың тірі екенін, оның уақыт өте келе өзгеріп, дамитынын көрсетеді. Мұндай үдеріс ұлттық мәдениетіміздің сақталуына, жаңаруына және әлемдік сахнада танылуына үлес қосады. Әндер тек өткеннің мұрасы ғана емес, олар бғінгі қоғамның қажеттіліктеріне сай жаңғырған музыкалық туындыларға айнала алады. Заманауи әрі дәстүрлі стильдердің үйлесуі – өнердің мәңгілікке ұммытылуының белгісі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құдайбергенова, Ш. (2004). «Қазақтың музыкалық фольклоры». Алматы: Қазақ университеті.
2. Байбатыров, Б. (2010). «Қазақ музыкасының тарихы». Алматы: Ғылым.
3. Сәрсенбаев, С. (2005). «Музыкалық мәдениет және фольклор». Алматы: Жазушы.
4. Әуезов, М. (2006). «Әдебиет және музыка». Алматы: Атамұра.
5. Кемелбаев, Н. (2007). «Қазақ музыкалық өнері». Алматы: Ана тілі.
6. Қожабекова, А. (2012). «Қазақ халық музыкасы: тарихы мен теориясы». Алматы: Қазақ университеті.
7. Ғабдуллин, Ш. (2008). «Қазақ халқының музыкалық мұрасы». Алматы: Мектеп.
8. Тұрғанбекова, А. (2013). «Қазақ музыка өнерін сақтап қалу жолдары». Алматы: Қазақстан.

9. Музыка және мәдени мұра: ғылыми еңбектер жинағы. (2009). Алматы: Қазақ мемлекеттік университеті.
10. Жанғараев, С. (2011). «Қазақтың ұлттық музыка өнері: теория және практика». Алматы: Білім.

УДК 541.124

ОСОБЕННОСТИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ЛИЧНОСТИ СОВРЕМЕННЫХ ПОДРОСТКОВ

Махамбетова А. А. Магистрант 2-го курса
Кызылординский университет имени Коркыт Ата.
e-mail: mahambetova_84@mail.ru

Аннотация: Основная цель статьи - выявление особенностей познавательных процессов подростков цифрового поколения в сравнении с познавательными процессами подростков другого культурологического периода, чтобы иметь понятия закономерностей личностного развития современных детей, что в свою очередь необходимо для развития психолого-педагогической науки, внедрения новых методик обучения и воспитания детей в эпоху цифровизации.

Ключевые слова: познавательные процессы, цифровое поколение, подросток, мышление.

Annotation: The main goal of the article is to identify the characteristics of cognitive processes in adolescents of the digital generation in comparison with the cognitive processes of adolescents of another cultural period in order to have concepts of regularities of personal development of modern children, which in turn is necessary for the development of psychological and pedagogical science, and implementation of new methods of teaching and educating children in the digital era.

Keywords: cognitive processes, digital generation, teenager, thinking.

Человек живет и действует в окружающей его среде. Он испытывает потребности, которые пытается удовлетворить, пытается ориентироваться в информации, поступающей из окружающей среды, создает планы и программы действий, переживает эмоциональные состояния, делает анализ допуская ошибки.

Высокоэффективная система образования является одним из основных факторов обеспечения устойчивого роста экономики страны и казахского общества. В условиях современного динамичного развития и глобальной конкуренции от образования требуется, чтобы оно было качественным и непрерывным на протяжении всей жизни. Перед казахстанской системой образования поставлена задача овладения современными методиками и программы обучения, повышения уровня преподавания, обучения востребованным знаниям и навыкам, профессионально-техническая подготовка, аналитическое мышление и другие навыки. Современный человек должен быть мобильным и результативным, иметь возможность быстро менять профориентацию, быть готовым к освоению меняющихся технологий.

Средства цифровых коммуникаций в современном мире являются важнейшими элементами для каждого человека. Их быстрое появление и развитие в буквальном смысле изменило окружающий мир, быт человека, образование, да и самих людей. Преобразования окружающей среды формируют новые качества субъекта и стимулирует развитие и социализации личности в условиях глобального развития цифровых технологий.

Процессы психики человека, такие как ощущение, восприятие, внимание, воображение, память, мышление, речь считаются важнейшими компонентами любой человеческой деятельности. Для удовлетворения своих базовых потребностей, общения, получение знаний и формирования трудовой деятельности человек должен каким-то образом воспринимать информацию, мир, обращая при этом внимание на важные моменты, в то же

время иметь представление что нужно делать, запоминать, обдумывать, высказывать. Следовательно, без участия психических процессов человеческая деятельность невозможна. Более того, психические процессы не просто принимают активное участие в деятельности человека, но и развиваясь в течении жизни представляют собой особые виды деятельности.

Психология видит своей задачей установление основных законов психической деятельности человека, прослеживая пути развития, раскрывая лежащие в ней механизмы, описывая происходящие изменения.

Познавательная деятельность человека – это весьма сложный процесс взаимодействия внешних и внутренних факторов. Влияние внешних факторов являются определяющими в развитии познавательной активности человека, но по мере развития сознания человека, утверждения направленности его личности все большую роль в его деятельности приобретают внутренние условия: опыт, мировоззрение, интересы и потребности. Эти факторы в своем противоречивом единстве и составляют направленность в деятельности личности, которая и оказывает влияние на все развитие психологических процессов человека.

Развитие психических процессов протекает неравномерно. На начальных этапах жизни прежде всего развиваются процессы, обеспечивающие контакт человека с внешней средой через наглядные образы, такие как ощущения и восприятия.

Подростковый же возраст - остро протекающий переход от детства во взрослую жизнь. При этом ребенок все более входит в общую жизнь социума. С одной стороны, это благоприятный период для развития психических познавательных процессов, с другой стороны имеет и негативные проявления (дисгармоничность в строении личности, протестующий характер поведения). Стремясь к самореализации, подросток начинает показывать успехи в конкретном виде деятельности, интересы становятся более дифференцированными и стойкими. Подросток начинает больше ориентироваться на "взрослую жизнь". Роль данного возрастного периода в формировании, развитии и совершенствовании познавательных процессов - восприятия, памяти, внимания; формирование высших психических функций - речи, чтения, письма, позволяющего ребенку производить уже более сложные операции были отмечены исследованиями многих ученых. Речь подростка более свободна, произвольна, имеет обширный словарный запас, становятся доступными обобщение и абстракция.

Стоит подчеркнуть, что все происходящие анатомо-физиологические изменения влияют на психическое развитие подростка опосредованно, через культурные и социальные представления о развитии и культурном взрослении, а природные (биологические) особенности являются только предпосылкой развития, но непосредственно не определяют его результаты.

Социальная зрелость подростка определяется как возможность самостоятельно определять свою судьбу, например, выбирать место учебы, представлять характер профессии.

С двумя этими понятиями зрелости связано такое понятие как "психологическая зрелость", означающее сознательную регуляцию человеком собственного поведения, осознание собственных возможностей, целей и ответственности за свои поступки.

Подросток постепенно достигает социальной зрелости (усваивает нормы общества, включается во взрослую жизнь, наступление которой зависит от экономических и культурных условий). Живя в настоящем, он своей внутренней позицией обращен в будущее, в самостоятельную жизнь.

Любая возрастная периодизация базируется на нескольких важных основаниях. У социологов акцент делается на изменении общественного положения и социальной деятельности личности. Психологов прежде всего интересуют психологические изменения - в развитие личности и содержания его деятельности. Педагогический подход к подростку связан с содержанием воспитания и обучения на данном этапе развития. По сути, все подходы, имея лишь некоторые различия, в основе интегративны между собой.

Развитие познавательных процессов и в особенности интеллекта в подростковом и юношеском возрасте имеет две стороны — количественную и качественную. Количественные изменения проявляются в том, что подросток решает интеллектуальные задачи значительно легче, быстрее и эффективнее, чем ребенок младшего школьного возраста. Качественные изменения прежде всего характеризуют сдвиги в структуре мыслительных процессов: важно не то, какие задачи решает ребенок, а каким образом он это делает. Поэтому наиболее существенные изменения в структуре психических познавательных процессов у лиц, достигших подросткового возраста, наблюдаются именно в интеллектуальной сфере.

Если рассматривать все психические процессы в отдельности, то можно сказать что, ощущения и восприятие в подростковом возрасте уже достаточно хорошо развиты, и наиболее интересующие процессы данного возраста являются тенденции развития мышления, речи, воображения и памяти. По мнению многих ученых эти процессы составляют суть когнитивной сферы психики человека.

Мышление в подростковом возрасте определяется сложностью умственных действий и операций (анализ, синтез, сравнение, обобщение, абстракция и т.п). У подростка продолжает развиваться теоретическое мышление. Ребенок в состоянии достаточно легко абстрагироваться от конкретного, наглядного материала и рассуждать в чисто словесном плане. На основе поступающей информации он уже может строить гипотезы, проверять или опровергать их, что говорит о приоритетном развитии у подростка логического мышления.

Одной из существенных особенностей подросткового возраста считается то, что в процессе обучения ребенку удастся освоить на логическом уровне все мыслительные операции. Ж. Пиаже определяет данный период развития мышления подростков как стадию формальных операций, причем отдельные умственные операции превращаются в единую целостную структуру. При активном развитии логической памяти подросток в основном стремится использовать этот вид памяти, при этом замедляется развитие механической памяти, в результате чего у подростка могут возникнуть проблемы в запоминании большого объема поступающей информации [1, с32].

Важнейшими компонентами современности стали средства цифровых коммуникаций. Их быстрое появление и применение в повседневной жизни сильно изменило и повлияло на окружающий мир, образовательную среду и на людей, не говоря уже о детях, родившихся и живущих в эпоху цифровизации. Это дети, которые развиваются в условиях глобального распространения цифровых технологий. Для современного ребенка важнейшими средствами деятельности и общения становятся компоненты цифровой реальности, что дает отражение в развитии высших психических функций: внимания, памяти, мышления, что влияет на структуру развития личности человека в целом.

Согласно культурно-исторической теории деятельности Л.С.Выготского “высшие психические функции” человека имеют социальную природу [2, с385]. Учитывая, что компоненты цифровизации стали важнейшими средствами деятельности и общения современного ребенка это не могло не найти отражение в развитии высших психических функций. Меняются сами познавательные процессы, предположительно существует специфика познавательных процессов современного ребенка.

Согласно теории поколений, разработанная американскими учеными- демографами Нейлом Хоувом и Вильямом Штраусом, современные подростки относятся к поколению Z или к так называемому цифровому поколению. Современные дети с раннего возраста включены в цифровую среду, что дает отражение на особенностях их развития.

Сегодня хорошо видно, что дети, относящиеся к цифровому поколению- они другие. Становление информационного общества очень сильно повлияло на социализацию детей. Американский психолог Шерри Постник-Гудвин отмечает, что для современных детей общение в Интернет сети предпочтительнее живого общения. они не представляют себе жизни без мобильного телефона или компьютера, ориентированы на немедленное достижение результата и сосредоточены в основном на краткосрочных целях.

Основная отличительная черта современных подростков-это наличие клипового мышления. "Клиповое мышление"- это процесс отражения многочисленных разных свойств объектов, без какой-либо определенной связи между ними, информационный поток отличается фрагментарностью, полной разнородностью, высокой скоростью переключения, отсутствием целостной картины. В формировании такого мышления современных детей ведущую роль играет Интернет и социальные сети, где широко применяются приемы "клиповой" эстетики. Человек привыкает к постоянно сменяющимся картинкам и образам, ему становится уже тяжело воспринимать классические ленты, литературу, информацию которая требует определенной сосредоточенности, у человека снижена способность к анализу.

Можно отметить и положительную сторону клипового мышления, такое как, развитие когнитивных навыков через другие, развитие способности к многозадачности. Ларри Розен отмечает, что данная способность выражается в том, что ребенок может одновременно осуществлять несколько задач (делать уроки и одновременно слушать музыку, при этом еще общаться в мессенджерах). Но негативной стороной такой многозадачности является слабая способность к длительной концентрации внимания, предпочтение наглядной информации в сочетании с низкой способностью к чтению и пониманию объемных текстов, забывчивость. Современный ребенок креативно подходит ко многим задачам, мыслит нетрадиционно, быстро переключается и параллельно может обрабатывать многочисленные потоки поступающей информации. Однако делают они это, глубоко не вникая в смысл, просто выделяя, по их мнению, наиболее важное и принимают на этой основе решения. Из-за обилия ресурсов современные дети стали реже использовать творческое мышление, полагаясь на готовые ответы и решения.

Современные дети отличаются не только спецификой мышления, отличия имеются и в специфике внимания, которая носит избирательную направленность на определенные предметы или явления. Зарубежные исследования показали, низкую устойчивость и концентрацию внимания современных школьников по сравнению с предыдущим поколениями школьников, тем временем показатели распределения и переключения внимания показали достаточно хорошие результаты [3, с196].

В ряде исследований, посвященных изучению современных детей раскрывают проблемы в коммуникации вне Интернета и мессенджеров. Традиционная непосредственная система общения переходит в онлайн- коммуникацию, где взаимодействия с окружающим миром происходит посредством виртуальной сети. Подростки, выросшие в условиях соцсетей и мессенджеров, могут испытывать трудности в развитии социальных и эмоциональных навыков, что влияет на их способность к командной работе и пониманию различных точек зрения. Е.В.Филиндаш отмечает тот факт, что "отсутствие реального контакта, глубины и искренности, заинтересованности, использование маски, которая задает модель и речевого, и этикетного, и тематического общения, придает ему характер псевдообщения, углубляет чувство оторванности от реального социума" [4, с.243]

В проведенных исследованиях В.И.Блинова, Е.Ю. Есенина, И.С.Сергеева отмечают такие черты присущие современным детям, как инфантилизм, индивидуализм, интраверсия, необщительность и неумение взаимодействовать сообща, нетерпеливость, клиповость. К положительным чертам данные авторы относят: на познавательном уровне - это постоянное желание к познанию чего-то нового, неизведанного, быстрая скорость поиска нужной информации, ее восприятия и переработки, на социальном уровне-это стремление к самореализации, уверенность в себе, открытость к межкультурному общению, что также происходит посредством Интернета [5].

Учитывая все выше сказанное, можно с уверенностью сказать, что познавательные способности современных подростков формируются под влиянием как новых возможностей цифровой среды, так и сложностей, связанных с информационным перенасыщением. Развитие этих способностей требует сбалансированного подхода и здесь необходим выбор

адекватного стиля обучения, включающего как использование технологий, так и навыков критического и творческого мышления.

Современное образование сейчас другое, чем было 20 лет назад. Изменения затронули как сами подходы, так и внедрение технологий. Главной целью образования должно быть обеспечение всестороннего развития ребенка, развитие в нем личных качеств, которые он сможет применить во взрослой жизни. Необходимо выстраивать образовательный процесс, учитывая психологические характеристики современного школьника, которым присущ иной тип мышления и сознания. Современные дети, привыкшие к быстрому получению информации, предпочитают интерактивные, визуальные и практические методы обучения. Учителям возможно необходимо адаптировать свои методы обучения, учитывая темпы развития и уникальности каждого ребенка. Для современных детей важно знать, насколько правильны их предположения, верно ли они понимают материал, дети хотят, чтобы им дали возможность продемонстрировать их более глубокие знания в какой-то области и здесь важна искренняя заинтересованность и обратная связь со стороны учителя.

Взаимодействие педагога и учащегося сейчас носит характер партнерских отношений, где диалог между ними включает доверительное общение, совместное обсуждение, акцент на личностных достижениях.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. А.А. Реан. Психология подростка/ Полное руководство. –СПб.: Прайм-Еврознак,2008.-с 504
2. Л.С. Выготский. Психология развития человека.- М.,2005.-с 1136
3. Е.А.Сорокоумова. Е.С.Николаева. Поколение Z в процессе самопознания// Материал Четвертой Международной научно-практической конференции.-2015.- с196
4. Е.В. Филиндаш. Особенности информационного общества, иницирующее одиночество в среде российской молодежи.// Вестник университета. 2015 г.№8 с.243
5. В. И.Блинов, Е.Ю.Есенина, И.С.Сергеев. модели смешанного обучения:организационно-дидактическая типология. Интернет ресурс.URL:<https://ciberlinka.ru/article/n/modeli-smeshannogo-obucheniya-didacticheskaya-tipologiya> (22.08.2022).

ӘӨЖ 001.51

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Тұрсынбекова Н.Б. әлеуметтік ғылымдар магистрі, оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

E-mail tursynbekova.n@bk.ru

Аннотация. Қазіргі заманда ақпараттық технологияны қолдана отырып, білім алу, дағдылану, компьютермен жұмыс жасай білу, компьютерлік бағдарламаны меңгеру, ақпаратты іздестіру және өңдеу педагогтің ізденімпаздылығын қалыптастырып, шығармашылыққа итермелейді.ЖОО-да педагогтардың цифрлық технологияны жоғары меңгерген, цифрлы құзыретті болуы және болашақ педагогтарды цифрлы құзыретті маман ретінде даярлау бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып отыр.

Тірек сөздер: құзіреттілік, цифрлық құзіреттілік, цифрлық сауаттылық, ақпараттық коммуникациялық технологиялар, болашақ мамандардың құзіреттілігі.

Аннотация. Использование информационных технологий в современном образовании, обучение навыкам работы с компьютером, освоение компьютерных программ, поиск и обработка информации формируют стремление педагога к исследованию и побуждают к

творчеству. Одной из актуальных проблем сегодняшнего дня является высокая цифровая компетентность педагогов в вузах и подготовка будущих педагогов как цифрово компетентных специалистов.

Ключевые слова: Компетентность, цифровая компетентность, цифровая грамотность, информационные и коммуникационные технологии, компетентность будущих учителей.

Annotation: The use of information technologies in modern education, training in computer skills, mastering computer programs, searching and processing information form the teacher's desire for research and encourage creativity. One of the urgent problems of today is the high digital competence of teachers in universities and the training of future teachers as digitally competent specialists.

Key words: Competence, digital competence, digital literacy, information and communication technologies, competence of future teachers.

«Цифрландыру тұтас елдер мен өңірлердің бәсекеге
қабілеттілігін анықтаушы факторға айналды»
Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев

«Құзыреттілік», «цифрлы-креативті құзыреттілік» ұғымдары бір-бірімен тікелей байланысты және педагогтерді ғылыми іс-әрекетке, зерттеушілік іс-әрекетке жетелейді. Жоғары білім беру жүйесін жаңарту мен оған инновацияларды ендіру – адами капитал сапасын арттырудың негізгі талаптарының бірі. Жоғары білім берудегі инновациялар кәсіби құзыретті болашақ мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Кәсіптік білім берудің тиімділігін оның интернационалдануы және ЖОО-ның әлемдік рейтингтерден көрінуі арқылы бағалауға болады. Ал, әлемдік рейтингтен көріну кәсіптік білім беру жүйесінің цифрлық мүмкіндіктеріне, болашақ мамандардың цифрлық сауаттылығы мен құзыреттілік деңгейіне тікелей байланысты екенін көрсете алады. [3] Білім беруді тез өзгеретін сыртқы жағдайларға бейімдеу қажеттілігін сезіне отырып, Еуропалық одақ білім беруді цифрландырумен және оны түрлендірумен белсенді түрде айналысады. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жасау барысында көптеген өркениетті, дамыған елдердің тәжірибесі қолданылды. Ақпараттық қоғам дамыған және қол жетімді инновациялық және ақпараттық технологиялардың және қол жетімді инновациялық және ақпараттық технологиялардың инфрақұрылымы есебінен халықтың хал-ахуалының жоғары деңгейіне жетуге бағытталған. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар қоғамды жаңғыртудың маңызды факторлары адамдардың өмір сүру салтына, экономикалық көрсеткіштерге ықпалы АКТ қазіргі Қазақстан азаматтарының өмірі мен экономикасы үшін АКТ даму маңыздылығын сипаттайды.

Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың алғы шарттары:

-әлемдік бәсекеге қабілетті білім бере алатын педагогтердің цифрлық технологияларды меңгеру қажеттілігі;

-педагогтердің цифрлық-ақпараттық, коммуникативтік іскерлігінің болу қажеттілігі;

- педагогтердің цифрлық сауаттылығының қалыптасу қажеттілігі;

-педагогтердің цифрлық технологияны меңгеру бойынша өз білімін ұдайы жетілдіру қажеттілігі және т.б.



Сурет 1. Педагогтің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі қызметтері

Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда цифрлы ортаның зерттеушілік қызметінің маңызы зор, себебі педагог өзіне қажетті инновациялық ақпаратты тез тауып, оны өңдеп, өз жағдайында қолдана алуы тиіс. Цифрлық құзыреттілік цифрлық техниканы игерудің жоғары дамыған шеберлігіне ғана емес, логикалық ойлауға, ақпаратты басқару біліктілігіне негізделеді. Болашақ маман цифрлық құзыреттілік деңгейіне жету үшін: цифрлық құралдардың жалпы құрылымын білуі; инновациялық қызметтегі цифрлық технологиялардың әлеуетін түсінуі; алынған ақпараттың сенімділігі мен дұрыстығына мән беруі және ақпаратты сыни бағалауы және т.б. қажет. Цифрлық құзыреттілікті білімнен бөлек, цифрлық іскерліктер мен дағдылар құрайды. Цифрлық дағдыларға электрондық құрылғыларды пайдаланудағы функционалдық сауаттылықпен байланысты цифрлық құрылғылар мен қызметтерге қол жеткізу және қолдануға қажетті негізгі дағдыларды жатқызуға болады. Атап айтқанда, әртүрлі техникалық құрылғылармен, файлдармен, интернетпен, цифрлық сервистермен (әлеуметтік желілермен, мессенджер, ақпараттық порталдармен) жұмыс істеу қабілеті; цифрлық контент құру қабілеті; ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті (деректерді жинау, құрылымдау, дұрыстығын тексеру, сақтау және қорғау); цифрлық ортада күрделі кәсіби міндеттерді шешумен байланысты іс-әрекеттер және т.б. Цифрлық құзыреттілік ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық этиканы сақтауды қоса алғанда, цифрлық ортада жайлы өмір сүру үшін, кәсіби қызметтегі цифрлық міндеттерді оңтайлы шешу үшін ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Цифрлық құзыреттілік - бұл 21 ғасырдағы құзыреттіліктің жаңа түрі. Ғалымдар сұранысқа ие құзыреттерді цифрлық экономикаға көшу кезінде анықтайды. Осылайша, американдық ғалымдар тобы цифрлық құзыреттіліктер мен олардың дәйекті дамуы үшін қажетті шарттарды анықтап, оның ішінде оларды жоғары білікті студенттер мен оқытушылар құрамының пәнаралық көшбасшылық қабілеттеріне қосады. Г.Раско, Э.Оборн, М.Барретт атап өткендей, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен болашақтың құзыреттілік шеңбері кеңейіп келеді, олардың арасында цифрлық технологияларды иелену өзгеріп отырған цифрлі әлем жағдайларына тез бейімделуге мүмкіндік береді.[1]



Сурет 2. Цифрлық ортадағы педагогтың қызметі

Цифрлық құзыреттілік саласына маңызды үлес қосқан, эмпирикалық тестілеуді пайдалану арқылы цифрлық құзыреттілік теориялық моделін жасаған Р.Дж.Крумсвиктің зерттеуіне сүйенсек, «цифрлық сауаттылық» термині халықаралық деңгейде кеңінен қолданылғанымен, «цифрлық құзыреттілік» ұғымы қолайлы термин болып табылады, өйткені ол кеңірек және тұтас мағынаға ие, ал техникалық дағдылар осы күрделі цифрлық құзыреттіліктің бір бөлігі ғана. Ал цифрлық құзыреттілік – бұл болашақ педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кәсіби контексте жақсы педагогикалық түсінумен және оның оқу стратегиялары мен білім алушылардың цифрлық базасы үшін маңыздылығын ұғыну мен ұштастыра пайдалану қабілеті. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, цифрлық құзыреттілік – бұл индивидтің өмірде іс-әрекеттің әртүрлі аймағында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қауіпсіз таңдау, сенімді, сындарлы және тиімді пайдалануы, цифрлы контентпен жұмыс, қарым-қатынас, тұтыну және т.б. Заманауи педагогтің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың төмендегідей артықшылықтары бар:

- педагог өз бетінше кәсіби біліктілігін жетілдіреді;
- танымдық белсенділігі артады;
- креативті ойлауы қалыптасады;
- шығармашылық ізденісі қалыптасады;
- құзыреттілігі қалыптасады;
- педагог өз бетінше жаңа ақпаратты, жаңа платформаны игереді;
- өзін-өзі дамытады. [2] [3]

Педагогикалық цифрлық құзыреттілікке жету үшін белгілі немесе жаңа ұғымдарды түсіну жеткіліксіз, қазіргі зерттеулерден хабардар болу және қандай цифрлық технологиялар, цифрлық платформалар бар екенін білу қажет-ақ. Мәселен, мұндай технологияларды тәжірибеде қолдана білу, педагогтермен үнемі кездесіп тұру және оларға білім берудегі жетістіктерге жалпы пайдаланушылық құзыреттілік қолданушы дағдылары, соның ішінде бейнефотосуреттерді пайдалану, жедел хабар алмасу жүйелерін пайдалану мүмкіндігі, АКТ-ны пайдаланудың этикалық және құқықтық нормаларын сақтай отырып, интернет пен мәліметтер базасын іздеу дағдылары. Жалпы педагогикалық құзыреттілік оқытудың әдістері мен мазмұнын терең қайта құра алуы пәндік-педагогикалық құзыреттілік болашақ педагогтің қызметі өз пәні бойынша дидактикалық материалдар және пәннің цифрлық контентін өз бетінше дайындаудың озық әдістерін меңгеруі, цифрлық ресурстарды кешенді әрі тиімді пайдалануы жету үшін нақты қолдау көрсету маңызды. [4,5] Педагог цифрлы орта өзінің цифрлық-практикалық дағдыларын тезірек жетілдіреді, білім алушыларға кәсіби қолдау көрсете алады, жаңа цифрлы контенттер жасай алады және т.б. Педагогикалық цифрлық құзыреттілікке ие болу болашақ педагогтерге бар педагогикалық құндылықтар, өздерінің теориялық, кәсіби білімдері мен игерілген цифрлық дағдылары арасындағы теңгерімді табуға

мүмкіндік береді. Цифрлық Қазақстан жағдайында педагогтің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру маңызды болып табылады, цифрлы білім беру ортасы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1) Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық. -Тараз: «ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2022. -314 б.
- 2) Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық.-Тараз: «ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2024. -129 б.
- 3) <https://digitaletiquette.kz/news/151>
- 4) <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 5) www.smart-pedagog.kz

ӘӨЖ: 343.225.1

АУТИЗМ СПЕКТРІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕУ

Сәрсенбай Ұ.

8D01303 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ-ның 1-курс докторанты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
e-mail: ulmekensarsenbay@mail.ru

Аннотация. Мақалада аутизм спектрі бұзылыстарымен ауыратын балаларды қоғамға бейімдеу мәселелері қарастырылады. Аутист балалардың әлеуметтенуі мен қоғамда өз орнын табуы үшін білім беру, психологиялық қолдау, отбасылық көмек және әлеуметтік инклюзияның маңыздылығы талданады. Сонымен қатар, аутист балалардың эмоциялық және психологиялық қажеттіліктерін ескеретін терапевтік қолдау, қоғамдағы түсінік пен қабылдаудың маңызы атап өтіледі. Аутист балалардың қоғамға толыққанды бейімделуі үшін кешенді және көпжоспарлы жұмыс жүргізу қажет екендігі көрсетілген.

Тірек сөздер: аутизм, аутист, бейімдеу, түзету, диагноз, ерекшелік.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы адаптации детей с расстройствами аутистического спектра к обществу. Анализируется важность образования, психологической поддержки, семейной помощи и социальной интеграции, чтобы аутичные дети могли социализироваться и найти свое место в обществе. Кроме того, подчеркивается важность терапевтической поддержки, понимания и восприятия в обществе, которые учитывают эмоциональные и психологические потребности аутичных детей. Показано, что для полноценной адаптации аутичных детей к обществу необходимо проводить комплексную и многоплановую работу.

Ключевые слова: аутизм, аутизм, адаптация, коррекция, диагностика, специфичность.

Annotation. The article discusses the issues of adaptation of children with autism spectrum disorders to society. The importance of education, psychological support, family assistance and social integration is analyzed so that autistic children can socialize and find their place in society. In addition, the importance of therapeutic support, understanding and perception in society, which take into account the emotional and psychological needs of autistic children, is emphasized. It is shown that for the full adaptation of autistic children to society, it is necessary to carry out complex and multifaceted work.

Keywords: autism, autism, adaptation, correction, diagnosis, specificity.

Тұңғыш президент Н.Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға

қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі. Бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сол азаматты балабақшадан бастап болашақ өмірге бейімдеу, дені сау адамдардың арасында өздерін жайлы сезіну үшін қолайлы атмосфера қалыптастыру – білім беру ұйымдарының міндеті болып табылады. Ерекше қажеттілігі бар балаларға инклюзивті білім беріп, әлеуметтендіруге екінші амал тұрғысынан келетін ғалымдар адам әлеуметтендіру үрдісіне белсенді араласады, қоғам өміріне тек қана бейімделмейді, өзінің өмірлік жағдайына және өзіне ықпал етеді деген пікірді ұстанады.

1943 жылы доктор Л.Каннер алғаш рет бала аутизмін психикалық дамудың жеке бұзылысы ретінде ерекшеленеді. Ол бала дамуындағы ауытқушылықтың ерекше түрін сипаттап, оны ерте жастағы бала аутизмі деп аталды. Бала аутизмін айналасындағы адамдармен эмоциялық қарым-қатынасты орнатудағы үлкен қиындықтардан, тәртіптің қайталанатын, біртекті түрлерін үнемі қайталай беруге талпынуынан, белгілі бір объектілермен іс-әрекеттерге қатты берілуінен, сөйлеу тілін меңгеру мүмкіндігінің сақталғанымен, сөйлеу тілінің болмауы (мутизм) немесе сөйлеу тілінің адамдармен қатынаста пайдаланбауынан, басқа салаларда танымдық қабілеттерінің жақсы болуынан байқаймыз. Л.Каннер бұл бұзылыстар ерте жастан екі жарым жасқа дейін байқалады деп есептеді, бұл кейіннен аутизмнің балалардың психикалық дамуының туа біткен және ерекше бұзылыстары деп айтуға мүмкіндік туғызды [2].

Аутист балалармен жұмыс істеу — өте ерекше әрі жауапты процесс. Бұл балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесу, тілдік дамуы және эмоциялық жағдайы көп жағдайда өзгеше болады. Ерекше қажеттілігі бар балаларды жалпыға бірдей білім беру орталықтарына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқы рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады [1]. Осы заң шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларға білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды. 2000 жылдардың басында педагогтардың 80%-ы бұл жүйеге қарсы болса, 2007 жылы 49% ғана қолдамаған. Қазіргі уақытта, бұл жүйені педагогтар қауымы толықтай қолдауда. Бұл инклюзивті білім берудің дамып келе жатқанын көрсетеді.

Аутист балаларды қоғамға бейімдеу — күрделі әрі маңызды процесс, себебі олар көбінесе әлеуметтік қарым-қатынаста қиындықтар көреді және өзара әрекеттесуде ерекше тәсілдерді қажет етеді. Алайда, дұрыс қолдау, білім және дайындық арқылы аутист балалардың қоғамға бейімделуіне көмектесу мүмкін. Бұл процесс бірнеше бағытты қамтиды:

Қоғамдық орындарда бейімделу: Аутист балаларға қоғамдық орындарда (дүкендерде, мектептерде, парктерде) қажетті қолдау көрсету керек. Бұл үшін қолжетімді орындар мен арнайы көмектер болуы маңызды. Мысалы, тыныш бөлмелер немесе арнайы қоғамдық көліктер болуы мүмкін.

Қоғамдық түсінік пен қабылдау: Аутист балаларды және олардың қажеттіліктерін түсінетін қоғам құру маңызды. Бұл үшін мектептерде, жұмыс орындарында және жалпы қоғамда аутизм туралы ақпараттық науқандар өткізу қажет.

Аутизмі бар балаға өзінің басты проблемаларын, яғни қарым-қатынастағы және өзара әрекеттік жағдайдағы қиындықтарды жеңу үшін қатарларының, құрбыларының, құрдастарының, сыныптастарының, достарының әдеттегі ортасы ауадай қажет екенін ескерген жөн. Балабақша мен мектеп оған тек тәрбие мен білімді ғана беріп қоймайды, сонымен бірге ең алдымен, басқа адамдармен бірге өмір сүру мүмкіндігін де үйретеді. Сондықтан, мұндай балаларды үйде оқу түріне көшірмей, мектепте қалдыру, яғни инклюзивті оқыту өте маңызды.

Бұған дейін аутизммен ауыратын балаларды тек арнайы мектептер, орталықтарда ғана бейімдейтін. Алайда бүгінгі әлемдік тәжірибеге сәйкес, аутизм белгісі анықталған баланы оқшаулаудың қате екені айтылып келеді. Сол себепті аутизм белгісі бар балаларға барлық бала секілді орта мектептерде білім алуына жағдай жасауға арналған шаралар қолға алынды. Бұл үрдіс елімізде де ерекше қарқынмен жүзеге асырылып жатыр. Жоғары оқу

орындарындағы педагогикалық мамандықтардың білім беру бағдарламаларына арнайы модульдер енгізілген. Сондай-ақ 2025 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдар мен ерекше білім беру қажеттілігі бар жандарды, оның ішінде аутизмі бар балаларды қабылдауға дайындалған мектептердің үлесін 70%-ға дейін, ал колледждер мен ЖОО-лардың үлесін 100%-ға дейін арттыру жоспарланған [3]. Қазір балабақшаларда инклюзивті білім беру жобасы жүзеге асып жатыр. Егер инклюзивті білім беруді дамытып, барлық балаға тең дәрежеде білім берсек, аутист балалар да қоғамнан шетте қалмас еді. Аутист балаларды қоғам қабылдауы үшін халықты бұл синдроммен толықтай хабарландыру керек. Аутист балалардың ішкі әлемі көбінесе жеке және ерекше. Оларды түсіну үшін көп уақыт пен күш салу қажет. Мұндай балаларға тек кәсіби мамандардың ғана емес, туыстарының да жанашырлығы мен қолдауы қажет.

Балалармен жұмыс жасау кезінде ең бастысы — олардың ерекшеліктерін қабылдау және оларды жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасау. Аутист балаларды қоғамға бейімдеу — олардың әлеуметтенуіне, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік беру үшін кешенді көзқарасты талап ететін процесс болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы ҚР заңы-11 шілде 2002 г. № 343-П.
2. 2. Башина В.М. Аутизм в детстве.-М.: Медицина-1999.
3. <https://aikyn.kz/190655/autist-balalardyn-sany-artty/>

ЖЕТКІНШЕКТЕР ПСИХОЛОГИЯСЫ МЕН ҚАБІЛЕТІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сабинова Ж.Н.- Пс.ғ.к., доцент,

Султанова Н.Б.-магистрант

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Андатпа. Бұл мақалада жеткіншектердің психологиялық даму ерекшеліктерін зерттеуші ғалымдар еңбектерімен олардың қабілетінің дамуына типтік түрлерімен физикалық, әлеуметтік, танымдық дамуының маңыздылығы сипатталады.

Тірек сөздер: жеткіншек, тұлға, құндылық, қабілет, қарым-қатынас.

Абстракт. В данной статье рассмотрено значение физического, социального и познавательного развития с типичными типами развития их способностей на основе работ ученых, изучающих особенности психологического развития подростков.

Ключевые слова: подросток, личность, ценность, способности, взаимоотношения.

Abstract. This article examines the importance of physical, social and cognitive development with typical types of development of their abilities based on the work of scientists studying the characteristics of the psychological development of adolescents.

Key words: teenager, personality, value, abilities, relationships.

Өтпелі жас - кезеңдік құрылымның бір элементі ретінде емес, ең алдымен динамикалық даму көрсеткіштері негізінде зерттеу керек, өйткені онтогенездегі баланың қалыптасу шарттарын зерттемей, психологиялық ерекшеліктерді анықтау мүмкін емес. Индивидуалдылықтың қалыптасуын динамикалық процесс ретінде қарастыратын, оның маңызды ағымы, ең алдымен ішкі қарама-қайшылықтарды шешу, сонымен қатар қызмет түрін өзгерту болып табылатын белсенділік көзқарасына іргелі идеялар енгізілген. Бұл қажеттіліктер категориясына қатынастың бастапқы өзгерісін қалыптастыру. Орыс ғалымдары зерттеген кезде мыналар анықталған болатын: жеткіншектік кезең үшін маңызды әрекет - бұл әлеуметтік мақұлданған іс-әрекеттерде айқын көрінетін өзара әрекеттесу

ережелері мен шеңберін білу. Выготский атап өткендей, дағдарыс кезеңдерінде көзқарастар қалыптасады және оны түсіну алдымен ақыл-ой, кейінірек биологиялық дағдылармен бекітіледі. Авторлық теория бойынша дағдарыс кезеңінің өткен тәжірибенің маңызды оқиғаларынан туындайтын формациялармен байланысы бар. Тәрбие өнімділігі қоғамға деген көзқарастың өз тұлғасына деген көзқарасының өзгеруін ашады. [1]

Белгілі бір кезеңдегі баланың қалыптасуының ерекшелігі осындай сәттерде көрінеді: егде жастағы адамдармен қарым-қатынастағы қиындықтар:

- қыңырлықтың, теріс және қиын қабылдаудың, өнімді бағалауға немқұрайлылықтың көрінісі;

- жалпы білім беретін оқу орнынан, колледждерге ауысу, өйткені жеке тұлға үшін маңыздысы мектеп мекемесінен тыс қалыптасады,

- жеткіншектік топтарын іздеу (өзіне сай қабілетті адамды іздеу, соған ұқсасын табу);

- жеткіншектер өз ойларының жүргізу идеясын зерттейді.

Жеткіншектер тұлғасы мен басқа жасөспірімнің жеке басын салыстыру кезінде оның ішкі және сыртқы тұлғасы арасында салыстыру орын алатын қорытынды қалыптасады. Ол өзін ересек адам деп санауды қоршаған ортадан талап етуге тырысады, өзінің де жеке көзқарасы бар екенін түсінеді. Бұл кезеңнің ең маңызды қалыптасуы - өзін нәресте ретінде емес, ересек адам ретінде танудың пайда болуы. Оның тұлғасымен байланысты эмоциялардың қалыптасуы да жүзеге асады, ол жетілген адам сияқты және үлкен болып көрінуге тырысады, бірақ өз кезегінде өзінің мәнділігі мен қабылдауына қатысты үлкен мотивацияға ие, өзінің балалық шағын елемейді. [2]

Ғалымның еңбектерінде растауды табу өтпелі кезеңінде, кез келген психикалық сәт сияқты, жүйке байланыстарының соңғы қалыптасуының пайда болуын білдіреді, бірақ бұл көріністер, оның пікірінше, қызметтегі маңызды белсенділікке байланысты қалыптасады, ол өткен тәжірибе болып саналады. Тәрбиелік іс-әрекеттің арқасында тұлғаның қоғамға деген көзқарасының өзгеруі оның жеке басына көңіл бөлуге дейін жүзеге асырылады. Бұл қалыптасу кезеңінің соңында мінез-құлық пен қабылдауда елеулі өзгерістер көрінеді. Ересектік, баланың тең құрамдас бөлігі ретінде ересек қарым-қатынас шеңберіне өтуге дайын екендігін көрсетеді. Өтпелі кезеңіндегі дербес жетілу элементтерін іс-әрекетке және оқуға қатысушылардың, жасы мен отбасына жақын адамдармен, қарт адамдармен және сәбилермен қарым-қатынасынан байқауға болады. Жеке басы анықталды:

- когнитивтік салада – жеке оқуды, материалды өз бетінше меңгеруді дамытудың алғы шарттары;

- әлеуметтік-рухани салада – аға ұрпақты қолдауға қатысу және оларға көмектесуге ұмтылу, өз пікірлерін қорғау әрекеттері;

- әртүрлі жыныстағы тең жастағы романтикалық көріністерде - жеке уақытты жоспарлаудағы шеңбер және назар аударуға деген ұмтылыс.

- көрнекі түрде – үлкендерге тән мінез-құлыққа еліктеу, киіну және сөйлеу, жаргон сөздерді қолдану. Ерте жетілу және оның сезімі балада өзін сәби емес, қоғамның жетілген мүшесі ретінде сезінудің пайда болуымен сипатталады:

- шынайы тілек білдіру, тұлғаның дербестігін бағалау;

- өз өмірінің белгілі бір саласын жетілген адамдардың араласуынан жасыру және шектеу қажеттілігі;

- басқалардың құптамауына қарамастан, олардың белсенділік стратегиясын қалыптастыру [3].

Теорияларға сәйкес, автор жеке тұлғаның қалыптасуының өтпелі кезеңі келесі кезең – романтикалық көріністерді қалыптастырады деп түсінді. Тарихта бұл өсу мен өзін-өзі сезіну арасындағы аралық кезең. Бұл кезең онда, психиканың тұрақсыз көріністері және бақыландырылған көріністері жанжалмен және реттелмейтін стресстік жағдайлармен сипатталады. Ғалымдар бастапқыда белгілі бір кезеңді сипаттайтын маңызды шеңберді белгілей отырып, жеке тұлғаның мінез-құлқының қалыптасу мәселесін көрсетеді. Жасөспірімдердегі өзін-өзі жүзеге асырудың шамадан тыс маңыздылығы шаршауды,

шамадан тыс көңілділіктің пассивтілікке ауысуын, өзіне деген сенімділіктің ұялшақтық пен қарапайымдылыққа айналуын, эгоцентризмнің ерікті қолдау мен өзара көмекке айналуын, рухани дамудағы зорлық-зомбылық әрекеттері жеткіліксіз маңызды ұмтылыстармен және белгісіздікпен ерекшеленеді. Бұл салада коммуникация қажеттілігі шектеуді ауыстырады және осалдық, әр нәрсеге сезімталдық өз эмоциясының құнсыздануына, оқуға деген құлшыныс – осы кәсіпті менсінбеуге, қызығу – интеллектуалды немқұрайлылыққа, қарама-қайшылықты идеяларға құлшыныс – түпнұсқаға деген сүйіспеншілікке, бақылауға қызығушылық – бәрін түсіндіруге шексіз талпынысқа айналады.

Ғалымның зерттеуінде бұл уақытты «дауыл мен күйзеліс» кезеңі деп белгіледі. Ол бұл кезеңнің мазмұнын өзін-өзі түсіну өтпелі кезеңі деп сипаттайды, оны жеңгеннен кейін жеке тұлғаға «өзіндік даралық сезімі» беріледі. Сондай-ақ дағдарыс жасын зерттеуге елеулі үлес қосты неміс психологы Шпрангер, ол бүгінгі күнге дейін өзінің орасан зор маңызын жоғалтпаған «Жасөспірімдік кезең психологиясы» басылымын шығарады. Ғалым өтпелі кезең жасы ұлдар үшін 14-21 жас, ал қыздар үшін 13-19 жас аралығында қалыптасатынын анықтады. Көрсетілген уақыттың бастапқы кезеңі 14 жастан 17 жасқа дейін. Бұл өтпелі кезеңмен түсіндіріледі, оның құрылымы балаға тәуелділіктен құтылу. Автор өтпелі кезеңнің рухани-психологиялық теориясын қалыптастырды. Осыған байланысты бұл жасты қоғамның рухани ортасына бейімделу кезеңі көрсетеді. Оның жұмысы мен зерттеулері организмнің физиологиялық қалыптасуының психиканың ерекшеліктерімен байланысын зерттеуге бағытталған. Осыны зерттеген кезде «Өтпелі кезеңі әрқашан «дауыл мен күйзеліс» кезеңін белгілей ме» деген сұрақтың жауабын нақтылауға бағытталған мәлімдемелер жасалады[4].

Психолог бұл процестің қалыптасуының 3 түрінің сипаттамасын бекітеді:

1. Бірінші түрі жеткіншектік шақ жаңа қайта туылу сияқты бастан өткерілетін бұзақылық, өзімшілдік реакциясын білдіреді, соның нәтижесінде жаңа Мен жүзеге асады;

2. Қалыптасудың келесі түрі икемді, баяу және өте бірте-бірте өсу мен қалыптасумен түсіндіріледі, сондықтан жеке тұлға өзінің жеке басындағы маңызды және қажетті өзгерістерді игермей, жетілген өмірге бейімделеді;

3. Үшінші түрі – жеткіншектің өзінің дербестігі мен сана-сезімін көрсете отырып, өз еркінің күшін пайдалана отырып, жеке өтпелі кезең мен қобалжу сәттерін жеңе отырып, өз идеяларын өнімді түрде жүзеге асыруы және өзін-өзі тәрбиелеуі арқылы көрінетін осындай даму факторы. Белгілі бір тип ішкі тәртіп пен оларды бақылаудың маңызды көрсеткіштері бар тұлғаларға тән.

Ғалым Штерн «досың кім екенін айт, мен сенің кім екенінді айтайын» деген ескі мақалды өзгертуге әрекеттеніп, оған басқаша түсінік береді: «Маған сіз үшін ненің құнды екенін айтыңыз, сіз өмірдің ең жоғары құндылығын сезінесіз, мен сізге кім екеніңізді айтамын.» Керісінше, ең жоғары құндылық ретінде сезілетін тұлғаның қалыптасуын анықтайды және әртүрлі түрде түбегейлі жолдары көрінеді. Сезімтал құндылықтар деп адамның жеке басының және оның іс-әрекетінің түрлері түсініледі. Психолог деректердің 6 түрін бөліп көрсете отырып, адамның сол типке байланысты қабілетінің даму ерекшеліктерін сипаттайды:

- Теориялық тип – жеке тұлғаның ұмтылысы объективті шындықты тануға бағытталған.

- Эстетикалық тип – жеке тұлғаның объективті санасы өзінің жеке қабылдауын көрнекі іздеуде жеке қабылдау мүмкіндігін игеруге тырысуға бағытталған.

- Экономикалық түрі – бұл адамның көзқарастары пайда табуға бағытталған. Аз энергиямен ең жоғары нәтиже алуға ұмтылу.

- Әлеуметтік түрі – энергия махаббат, достық қарым-қатынас және басқа адамдарға көмек іздеуге бағытталған.

- Саяси тип – бұл тұлғаның қасиеттері билікке, басқаларға үстемдік жасауға және ықпал етуге бағытталған.

- Діни тип – мұндай тұлғалардың энергиясы өмір мен дүниенің мәнін табуға бағытталған[5].

Әрбір түрді анықтай отырып, автор жеке адам өз құндылықтарының бір ғана іске асуын іздейді деп мәлімдемейді. «Әйтпесе, - деп түсіндіреді ол, - бұл құндылықтар ағымдары олардың даралығына бағытталған. Құндылықтың әртүрлі қасиеттерінің тәжірибелері белгілі бір тұрақты көзқарастарда жетекші мәнге және артықшылықтарға ие.

Қорыта келгенде, жеткіншектік кезең жастардың физикалық, қимыл-қозғалыс және шығармашылық әрекеттерінің әртүрлі формалары мен түрлерінде танымдық қажеттіліктерін белсенді түрде ұғынуға әрекет жасайды. Бұл жеткіншектік кезіндегі дамуының, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерімен толық түсіндіріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Хилько М.Е. Возрастная психология: конспект лекций / М.Е. Хилько, М.С. Ткачева. - М.: Высш. Образование, 2006. – 194 с.
2. Кон, И. Психология ранней юности / И. Кон. - М.: Просвещение, 2016. - 225с.
3. Абрамова, Г.С. Возрастная психология: учеб. пособие для вузов / Г.С. Абрамова. - Москва: Изд. центр "Академия": Раритет, 2015. - 702с.
4. Аверин В.А. Психология детей и подростков: Уч. пос.-2-е изд.,перераб. – СПб. Изд-во Михайлова В.А.,1998. – 379 с
5. Лобанов, А.П. Интеллект и личностный рост: Учеб. пособие / А.П. Лобанов, С.И. Коптева, О.А. Ткачук. - Минск: БГПУ, 2015. - 128 с.

ӘОЖ 37.031.2: 371.315.7

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ

Нұрманова Ақжарқын Дарханқызы, техника ғылымдарының магистрі
Астана қаласы әкімдігінің "Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі" ШЖҚ МКК

E-mail: akjarkin_00@mail.ru

Аннотация

Мақалада колледжде сабақ өткізу кезінде цифрлық білім беру рәсімдерінің тиімділігі туралы айтылады. Сандық білім беру жүйесіне негізделген оқыту сапасын жақсартуға бағытталған бірнеше платформалар қарастырылуда. Оқу процесінде Word world, class room screen, Canvas, Learningapps, Joyteka бағдарламаларын тиімді пайдалану мүмкіндіктерін көрсетеді.

Тірек сөздер

Білім беру, интернет-ресурстар, цифрлық технологиялар, онлайн оқыту

Аннотация

В статье рассказывается об эффективности цифровых образовательных процедур при проведении занятий в колледже. Рассматриваются несколько платформ, направленных на улучшение качества обучения на основе цифровой системы образования. Отображает возможности эффективного использования программ Word wool, Classroomscreen, Canva, Learningapps, Joyteka в процессе обучения.

Ключевые слова

Образование, [интернет-ресурсы](#), [цифровые технологии](#), [онлайн обучение](#)

Annotation

The article describes the effectiveness of digital educational procedures when conducting classes at school. Several platforms aimed at improving the quality of education based on the digital education system are considered. Displays the possibilities of effective use of Word world, Classroomscreen, Canva, Learningapps, Joyteka programs in the learning process.

Key words:

Education, Internet resources, digital technologies, online education

Цифрлық инфроқұрылым заманауи білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан заманауи білім беру жүйесінде ІТ технологияларды дамыту, әр түрлі білім беру платформаларымен жұмыс жасау өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан болашақ мамандар үшін базалық компьютерлік дағыларының болуы аздық етеді. Қарыштап тұрған заманда болашақ мамае кез келген ІТ технологиямен және түрлі платформамен жұмыс жасай алу құзіреттілігі жоғары болуы тиіс. Болашақ ұрпақтың жан-жақты дамып, заман ағымына сай білім алуы үшін цифрлық білім беру жүйесінің маңызы зор болып табылады. Жас ұрпақтың өмірлік потенциалдарының қалыптасуына, жүйелік байланыстармен жаңаша ойлау қабілетінің дамуына цифрлық білім беру технологиялары көмегін тигізеді. Жеке адамды тәрбиелеп, қалыптастыру үшін педагогиканың маңызы аса зор. Тәрбие мен білім берудегі бұл ғылым үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қазіргі кезде жаһандану үрдісі барысында балаға заманауи білім беру, инновацияландыру қажет. Біз бұрын инновацияны байқай бермейтінбіз. Инновация білім жүйесі арқылы біз жаңа әдістерді, әрекеттерді, процессті қалыптастыруды жақсартатын жаңа құралға қол жеткіземіз. Оның студентке практикалық және теориялық білім беруде қолданамыз. [1, 174б.].

Арнайы пәндерде оқытуда студенттердің қызығушылығын арттыру мақсатында дәстүрлі емес сабақ форматын таңдадым. Инновация білім жүйесі оқушылардың жаңа сабақты толықтай сіңіре алуынан көп көмектесті. Сабақтың әр кезеңіне инновациялық тиімді деген әдіс- тәсілдерді қолданып, әр тапсырмадан соң, кері байланысты күтілген нәтижеге сай ала алдым. Инновациялық әдіс- тәсілдердің ішінде, атап айтатын болсақ:

- ✚ Word wool;
- ✚ Classroomscreen;
- ✚ Canva;
- ✚ Learningapps;
- ✚ Joyteka-ны пайдалану тиімді болды.

Word wool платформасы сабақтың өткен білімді еске алуға өте тиімді. Білім алушылар арасында бұл платформа көптеп қолданысқа ие. Платформаның артықшылығы ретінде түрлі тапсырмалар орындатуға, олардың әртүрлілігін қамтамамыз етуге болады. Менің жағдайымда өткен сабақты еске алу кезінде платформаның «Кездейсоқ дөңгелек» деп аталатын түрін қолдандым. Одан басқа оның мынадай функциялары бар: Сәйкестендіру, жұбын тап, мысықты «ұста» ойыны, тағы да басқа 20-ға жуық мүмкіндіктері бар.

Classroomscreen платформасы – бұл 8 түрлі мүмкіндігі бар электронды тақта.

Мен Classroomscreen платформасы арқылы жаңа сабақты электронды тақта ретінде қолдандым. Classroomscreen платформасының мүмкіндігіне сурет салу, топқа бөлу, кездейсоқ ұшырасу, мәтін жазу, бағдаршам әдісі, QR код енгізу, уақыт және тағы басқалары. Мен сабақ кезеңдерінде де уақыт және таймер мүмкіндігін қолданып, сабақты жоспарлаған уақытымен іс-әрекеттер орындалды. [2, 30б.].

Canva платформасын тек білім алушыларға емес, жаңа сабақты түсіндіруде мұғалімнің өзіне де, студенттердің өзіндік жұмыстарына қорғауына да таптырмас құрал. Оның қарапайым презентация айырмашылығы – өздігінен анимация қосылады. Процессор тақырыбын canva платформасы арқылы түрлі инфографикаларды қолданып, сабақтың жаңа білім кезеңіне дайындадым. Білім алушыларға интерактивті тақта арқылы көрсетіп, өзім ауызша түрде түсіндіріп өттім. Білім алушылардың есінде жаңа ақпараттар 70 пайыз көру арқылы қалатын болғандықтан, canva платформасын заманауи көрнекілік ретінде пайдалану өте қолайлы.

Learningapps платформасы тапсырмалар жиынтығы өте көп. Ұстазға тапсырмалар жиынтығы жасап, білім алушыларға қол жетімді бола алады. Мен бұл платформадан

«Миллион кімге бұйырады?» тест тапсырмаларын жасадым. Бұл тапсырмадағы мақсатым, жаңа сабақты пысықтау, тексеру, есте сақтау болатын.

Joyteka платформасы арқылы тегін және ақылы түрде ұстаздар жеке тапсырмалар құрастырып, білім алушылардың сабақ барысында көтеріңкі көңіл күйде, ынталы түрде білім алуына жағдай жасайды. Платформаның 5 түрлі мүмкіндігі әр сабақтағы оқу мақсатына жетуіне тиімді жағдай жасайды.

5 мүмкіндігіне мыналарды жатқызамыз.

- ✚ Квест;
- ✚ Бейнеролик арқылы тест;
- ✚ Викторина;
- ✚ Термин;
- ✚ Тест.

Соның ішінде квест ойынын пайдаландым. Оның бір тиімділігі дайын үлгілер қарастырылған. Мұғалімнің де, білім алушыларды да уақытын үнемдеуге көмектеседі. Осындай АКТ арқылы ұйымдастырылған әдіс – тәсілдер кейін кері байланыс алу барысында әр білім алушының жоғары деңгей көрсетіп, сабақтың толық түсінгенін байқаймын. Мұндай әдіс- тәсілдерді жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке, жұптық немесе топтық түрде беруге болады. Заманауи білім беру барысында тек оқушылардан ғана инновация нәтижелерін күтпей, әр педагог заманауи әрі жаңашыл ұстаз болу тырысуы міндетті. [3, 3б.].

Қорыта келе білім беру жүйесінде ақпараттандырудың басты мақсаты болашақ ұрпақтың халықаралық аренада өзін көрсете алатындай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану сабақ мазмұнының ашылуына білім алушының қызығушылығын арттыруына, тақырыпты толық түсінуіне септігін тигізеді. Цифрлық білім беру жүйесі арқылы білім беру процесінің жеңілдеп, оқушының дамуына жол ашатынына практика тұрғысынан дәлелдеп көз жеткіздік десек те болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шығармашылық іс-әрекетті дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. -Шымкент-Москва, 2009. — Т. III. — Б. 174–178.
2. Цифрлық дәуір педагогикасы. ХХІ ғасырдағы білім беру; Қазақстанның ашық университеті
3. <https://www.google.com/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=&cad=rja&uact=8&ved=2ahUKEwif6u qlsf7AhWNjYsKHdO7D8kQFnoECAoQAO&url=https%3A%2F%2Fbilimdinews.kz%2F%3Fp%3D109692&usg=AOvVaw2GtY8AZC3t4fDEIoHuiXJU>
4. <https://bkokdi.kz/kz/smartconf2020/1-section/6178-news.html>

ӘОЖ 541.124

ИНКЛЮЗИВТІ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТЕЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

Баешова Мадина Натиевна педагог-зерттеуші

Арал ауданы «№177 орта мектебі» КММ

arlan_06@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін инклюзивті цифрлық білім беруді ұйымдастыруда психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңызы қарастырылады. Сандық технологиялар оқу үдерісіне қатысуға қиындықтары бар балалар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, алайда оларды тиімді пайдалану үшін арнайы

психологиялық-педагогикалық қолдау қажет. Зерттеу инклюзивті цифрлық білім берудің тиімділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдістер мен құралдарды талдайды және педагогтар мен психологтардың рөліне ерекше назар аударады.

Тірек сөздер: Инклюзивті білім беру, цифрлық білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері, психологиялық-педагогикалық қолдау, арнайы білім беру, оқытуды бейімдеу, сандық технологиялар, мүмкіндігі шектеулі балалар, оқыту әдістері, қашықтан оқыту.

Аннотация

В данной статье рассматривается значимость психологического и педагогического сопровождения при организации инклюзивного цифрового образования для детей с особыми образовательными потребностями. Цифровые технологии открывают новые возможности для детей, испытывающих трудности в обучении, однако для их эффективного использования требуется специальная психолого-педагогическая поддержка. Исследование анализирует методы и инструменты, применяемые для повышения эффективности инклюзивного цифрового обучения, и подчеркивает роль педагогов и психологов в этом процессе.

Ключевые слова: Инклюзивное образование, цифровое образование, особые образовательные потребности, психолого-педагогическая поддержка, специальное образование, адаптация обучения, цифровые технологии, дети с ограниченными возможностями, методы обучения, дистанционное обучение.

Annotation

This article examines the importance of psychological and pedagogical support in organizing inclusive digital education for children with special educational needs. Digital technologies open new opportunities for children facing learning difficulties; however, effective use of these technologies requires specific psychological and pedagogical support. The study analyzes methods and tools used to enhance the effectiveness of inclusive digital education and emphasizes the role of educators and psychologists in this process.

Key words: Inclusive education, Digital education, Special educational needs, Psychological and pedagogical support, Special education, Learning adaptation, Digital technologies, Children with disabilities, Teaching methods, Distance learning.

Білім алу – әркімнің құқығы, ал инклюзивті білім беру – бұл құқықтан айырылғандарға қол жеткізудің жолы. Заманауи цифрлық технологиялар физикалық немесе психикалық кемістіктеріне қарамастан білімді барлығына қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Барлық балалар физикалық, интеллектуалдық, әлеуметтік, эмоционалдық, тілдік немесе басқа да кемістіктеріне қарамастан, жалпы білім беретін мектептерде сапалы білім алуға қол жеткізуі керек. Әрбір баланың қайталанбас ерекшеліктері, қызығушылықтары, қабілеттері мен оқу қажеттіліктері бар, білім беру жүйесі осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін икемді және әртүрлі болуы керек. Жалпы білім беретін мектептер балаға бағытталған педагогиканы қабылдауы және барлық оқушылар, соның ішінде қосымша қолдауды қажет ететіндер үшін оқу ортасын құруы керек.

Бұл мақалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін инклюзивті цифрлық білім беруді ұйымдастыруда психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңызы қарастырылады. Сандық технологиялар оқу үдерісіне қатысуға қиындықтары бар балалар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, алайда оларды тиімді пайдалану үшін арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау қажет. Зерттеу инклюзивті цифрлық білім берудің тиімділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдістер мен құралдарды талдайды және педагогтар мен психологтардың рөліне ерекше назар аударады. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласында да жаңа мүмкіндіктерді ашуда. Әсіресе, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін цифрлық құралдар мен әдістер оқу үдерісін жеңілдетіп, білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Дегенмен, цифрлық ортада тиімді инклюзивті

білім беруді ұйымдастыру үшін педагогтар мен психологтар тарапынан арнайы қолдау қажет. Осы баяндамада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға цифрлық білім беру жағдайында қандай психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қажеттілігі қарастырылады.[3, 67-72бб]

1. Инклюзивті цифрлық білім берудің маңызы

Инклюзивті цифрлық білім беру мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Мысалы, есту қабілеті төмен балалар үшін субтитрлер, көру қабілеті төмен балалар үшін экранды үлкейту құралдары секілді арнайы бейімделген сандық технологиялар оқыту үдерісін жеңілдетуге көмектеседі. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті білім беру олардың әлеуметтік ортаға интеграциялануына, оқу процесінде өз қабілеттерін толықтай көрсетуге мүмкіндік береді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, мысалы, есту, көру, қозғалыс немесе сөйлеу қабілеттерінің шектеулі болуы, жалпы оқу үдерісіне толықтай қатыса алмай жатады. Цифрлық технологиялардың көмегімен олар үшін арнайы бағдарламалар, құралдар және әдістемелер дайындалып, оқу үдерісіне қатысуын арттыруға жағдай жасалады.

Цифрлық білім беру құралдары:

- Жазбаша ақпаратты оқуға қиындық туғызатын балалар үшін мәтінді дыбыстау бағдарламалары,
- Қимыл-қозғалысы шектеулі балаларға арналған арнайы басқару құралдары
- Көру қабілеті төмен балаларға арналған экранды үлкейту құралдары және т.б.

Осы құралдардың көмегімен ерекше қажеттіліктері бар балалар жалпы білім беру үдерісіне толықтай қатыса алады. [2, 23-28бб]

2. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңызы

Ерекше қажеттіліктері бар балалар цифрлық білім беру жағдайында оқытуды бейімдеуге, өздерін сенімді сезінуіне және жаңа оқу материалдарын меңгеруіне көмек көрсететін психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет етеді. Психологиялық-педагогикалық қолдау балалардың оқу үдерісінде кездесетін қиындықтарды жеңіп шығуына көмектесіп, мотивациясын арттырады. Сондықтан ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқу үдерісінде психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңызы зор. Бұл қолдау, ең алдымен, балалардың өзін сенімді сезінуіне, олардың қызығушылығын арттыруға және оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Психологтар мен педагогтар баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқыту стратегияларын қолдануы тиіс.

Психологиялық-педагогикалық қолдау мына аспектілерді қамтиды:

- Мотивацияны арттыру: Баланың білім алуға қызығушылығын ояту және оның өзін-өзі бағалауын жоғарылату.
- Стресс пен күйзелісті жеңілдету: Цифрлық ортаға бейімделу кезінде балалар жиі күйзеліске ұшырайды. Оларға жағымды эмоционалды жағдай жасау арқылы бейімделу процесін жеңілдетуге болады.
- Жеке ерекшеліктерді ескеру: Әрбір баланың оқу қарқыны, қабылдау ерекшелігі мен зейініне қарай жеке тәсілдер таңдау.[1, 45-52бб]

3. Цифрлық технологияларды қолдану арқылы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету әдістері

Цифрлық технологияларды пайдалану ерекше қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде маңызды рөл атқарады. Цифрлық білім беру ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін әртүрлі оқыту әдістерін ұсынады. Білім беру платформалары, бейімделген оқыту құралдары және қашықтан оқыту әдістері балаларға білім алу үдерісінде өздерін жайлы сезінуге көмектеседі. Мысалы, Google Classroom және Moodle секілді платформаларда оқу материалдарын баланың қажеттіліктеріне бейімдеу функциялары бар. Мәтінді дыбыстау, экранды үлкейту, түсінікті интерфейс сияқты құралдар балалардың оқуына жеңілдік береді.

Олардың кейбір әдістері төменде көрсетілген:

- Арнайы онлайн платформалар: Moodle, Google Classroom секілді платформаларда арнайы бейімделген оқу материалдарын жасауға болады. Мысалы, мәтінді дыбыстау немесе оқу қарқынын реттеу сияқты функциялар қолжетімді.
- Интерактивті бағдарламалар мен ойындар: Ерекше қажеттіліктері бар балалардың зейінін арттырып, сабаққа қызығушылығын оятуға бағытталған цифрлық ойындар мен бағдарламалар. Баланың қызығушылығын арттырып, танымдық әрекеттерін дамытуға арналған.
- Коммуникация құралдары: Есту немесе сөйлеу қабілетінде шектеулері бар балалар үшін ым-ишара тіліне арналған онлайн бағдарламалар немесе видеооқулықтар қолданылады.
- Қашықтан оқыту мүмкіндігі: Қашықтан оқыту платформалары балалардың өзін еркін сезінуіне және жеке темпте оқуына мүмкіндік береді. Қозғалыс мүмкіндігі шектеулі балаларға үйден шықпай-ақ білім алуына мүмкіндік береді.
- Мультимедиялық материалдар: Балалардың ақпаратты визуалды және аудио форматтарда қабылдауына мүмкіндік береді.[5, 20-21бб]

4. Инклюзивті цифрлық білім беруді ұйымдастырудағы қиындықтар

Цифрлық инклюзивті білім беруді жүзеге асыру барысында бірнеше қиындықтар кездеседі. Олардың ішінде:

- Техникалық қиындықтар: Әрбір мектеп немесе отбасы қажетті техникалық құралдармен жабдықталмаған болуы мүмкін.
- Мұғалімдер мен ата-аналардың жеткіліксіз дайындалуы: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған цифрлық құралдарды қолдану үшін педагогтар мен ата-аналардың цифрлық сауаттылығы жоғары болуы керек.
- Психологиялық кедергілер: Кейбір балалар цифрлық технологияларды қолдануда өзін сенімсіз сезінеді, бұл олардың оқу нәтижелеріне кері әсер етуі мүмкін. [4, 14-20бб]

Инклюзивті цифрлық білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуына үлкен мүмкіндік береді. Алайда, бұл үдерісті сәтті жүзеге асыру үшін мектептерде қажетті құралдармен жабдықтау және мұғалімдер мен ата-аналарды арнайы оқыту маңызды. Инклюзивті цифрлық білім беру тиімді болу үшін педагогтар мен ата-аналар арнайы дайындықтан өтуі қажет. Оқытушылардың цифрлық сауаттылығы, цифрлық құралдарды дұрыс пайдалану қабілеті маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, кейбір мектептер мен отбасы арнайы білім беру құралдарымен толықтай қамтамасыз етілмегендіктен, техникалық қиындықтар туындауы мүмкін.

Қиындықтар ішінде:

- Техникалық қолдау қажеттілігі: Әр балаға жеке бейімделген құралдар мен құрылғыларды қолдану қиындық тудыруы мүмкін.
- Оқытушылар мен ата-аналардың жеткіліксіз дайындығы: Ерекше қажеттіліктері бар балаларды цифрлық білім беруге икемдеу үшін педагогтар мен ата-аналар цифрлық ортада жұмыс істеуге дайын болуы керек.
- Психологиялық кедергілер: Балаларға цифрлық білім беруде олардың өзін сенімді сезінуіне жағдай жасау маңызды.

5. Қорытынды және ұсыныстар

Заманауи технологиялар балалар мен ересектердің білім беру тәжірибесін әртараптандыруға және жақсартуға мүмкіндік береді. Ал инклюзивті білім беру әлі заңнамалық және институционалдық негізге ие болмаса да, көптеген жаңалықтарды мектептер мен университеттерге ынталы ұстаздар әкелсе де, оқу үдерісіне цифрлық құралдарды енгізу қарқын алып, заманауи білім беру жүйесінің бір бөлігіне айналууда. Бейімделетін платформалар әрбір оқушының жеке ерекшеліктері мен оқу қарқынын ескеретін жекелендірілген оқу бағдарламаларын жасауға көмектеседі. Бұл материалды меңгеру үшін көбірек уақыт пен ерекше тәсілдерді қажет ететін мүмкіндігі шектеулі балалар үшін өте маңызды. Дауыс көмекшілері және мәтінді дыбысқа шығару бағдарламалары

сияқты көмекші технологиялар сөйлеу және есту қабілеті бұзылған балаларға көмектесіп, оқу процесін қол жетімді және ыңғайлы етеді. Мұндай қызметтер оқушыларға мұғалімдермен және құрдастарымен жақсы қарым-қатынас жасауға, пікірталастарға қатысуға және білімдерін көрсетуге мүмкіндік береді. Осы технологиялардың барлығы шын мәнінде тиімді болуы үшін инклюзивті бастамаларды қолдау мен қаржыландыруды қамтамасыз ететін заңнамалық және институционалдық базаны әзірлеу қажет. Мемлекеттік саясат білім беру ұйымдарына инновациялық технологияларды енгізу үшін жағдай жасауға және мұғалімдерді осы құралдармен жұмыс істеуге дайындауға бағытталуы тиіс. Инклюзивті цифрлық білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алу құқығын қамтамасыз етеді және олардың әлеуметтік бейімделуіне көмектеседі. Алайда, бұл үдерісті сәтті жүзеге асыру үшін мектептерде қажетті құралдармен жабдықтау және педагогтар мен ата-аналарды оқыту маңызды.

Ұсыныстар:

- Цифрлық құралдар мен платформаларды жетілдіру: Оқу материалдарын баланың жеке ерекшеліктеріне бейімдеу мүмкіндіктерін арттыру.
- Мұғалімдерді арнайы даярлау: Педагогтар мен психологтар цифрлық құралдарды тиімді пайдалану және ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау бойынша арнайы оқытудан өтуі қажет.
- Психологиялық қолдау көрсету орталықтарын ашу: Ерекше қажеттіліктері бар балаларға көмек көрсету мақсатында арнайы психологтар мен педагогтардан тұратын орталықтар ұйымдастыру.
- Инклюзивті цифрлық білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім алу құқығын қамтамасыз етіп, олардың әлеуметтік бейімделуін арттырады. Сондықтан, білім беру жүйесін цифрландыру аясында инклюзивті білім беру мәселелеріне ерекше назар аудару керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сеитова, А. Ж. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері // Білім әлемі журналы. – 2020. – №3. – 45-52 бб.
2. Смирнова, А. Г. Особенности психолого-педагогической поддержки детей с ОВЗ в условиях цифрового образования // Вопросы психологии и педагогики. – 2021. – №2. – С. 23-28.
3. Қаратаева, Ш. Ж. Білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдану: Қазақстан тәжірибесі // Цифрлық Қазақстан. – 2019. – №4. – 67-72 бб.
4. Варламова, Е. М. Инклюзивное образование и цифровые технологии: новые возможности и вызовы // Современное образование. – 2021. – №3. – С. 14-20.
5. Семенова, М. В., и Николаев, А. И. Образование детей с особыми потребностями: подходы, технологии и поддержка. – М.: Академия, 2020.

ӘОЖ 541.124

ИНТРОВЕРТ ТИПІНДЕГІ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН КӨРСЕТУДЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЫҚПАЛЫ

Байниязова Б.Л. 2-курс магистрант
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:bainiyazovab@mail.ru

Аннотация. Мақалада интроверт типіндегі жеткіншектердің әлеуетін көрсету мәселесі қарастырылады. Интроверт типіндегі жасөспірімдер көбінесе ішкі әлеміне бейім, сыртқы әлемге қатысты біршама тұйық болуы мүмкін, алайда олардың әлеуеті жиі еленбей қалады. Педагог-психологтың рөлі мұндай жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін

түсіну және оларды қолдау арқылы олардың ішкі әлеуетін ашуға бағытталған. Мақалада интроверт ұғымының зерттелу деңгейі, педагог-психологтың интроверт жеткіншектермен жұмыс істеудегі әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Тірек сөздер: әлеует, интроверт, интроверт жеткіншек, психологиялық әдістер, психологиялық қолдау

Аннотация. В данной статье рассматривается вопрос раскрытия потенциала подростков-интровертов. Подростки с интровертированным типом личности часто ориентированы на свой внутренний мир и могут быть несколько замкнутыми в отношении внешнего мира, однако их потенциал часто остается незамеченным. Роль педагог-психолога заключается в понимании психолого-педагогических особенностей таких подростков и поддержке, направленной на раскрытие их внутреннего потенциала. В статье рассматривается уровень изученности понятия интроверсии, а также методы и подходы работы педагог-психолога с интровертированными подростками.

Ключевые слова: потенциал, интроверт, интровертированный подросток, психологические методы, психологическая поддержка.

Annotation. This article addresses the issue of revealing the potential of introverted adolescents. Teenagers with an introverted personality type are often oriented towards their inner world and may be somewhat reserved in relation to the external world, yet their potential often goes unnoticed. The role of the educational psychologist is to understand the psychological features of such adolescents and provide support aimed at unlocking their internal potential. The article explores the level of research on the concept of introversion, as well as the methods and approaches used by educational psychologists when working with introverted adolescents.

Key words: potential, introvert, introverted adolescent, psychological methods, psychological support.

Қазіргі ғылыми психологиялық әдебиеттерде «жеке тұлғалық әлеует», «шығармашылық әлеует» ұғымдарын кездестіруге болады. Бұл ұғым осы мағынада, А. Маслоудың теориясында, сондай-ақ, К. Роджерстің «Мен-концепциясында» қолданылады.

Э. Фроммның теориясында адам болмысының негізгі ерекшелігі ретінде өз потенциалдарын, қабілеттері мен дарындарын, басқа да ішкі ресурстарын өнімді пайдалануын атап көрсетеді. Ал, К. Юнг психикалық өмірдің негізгі мазмұны ретінде – адамның өзінің мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға ұмтылысын, яғни өзін-өзі толыққанды іске асыру жолындағы талпынысын алға тартады [1].

Ағылшын тіліндегі сөздік бойынша «*potential*» сөзі «*дамымаған формада, жасырын (латентті) бар, бірақ іске қосылып, көрінуі мүмкін*» дегенді білдіреді [2].

Осы тұрғыдан алғанда, интроверт жеткіншектерде де әлеуеттің үлкен қоры бар, бірақ өздерінің ішкі әлеуетін, шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін сыртқа шығаруда қиындықтарға тап болады. Себебі тұлғалық типіне сәйкес, жеткілікті деңгейде көрсете алмауы салдарынан интроверт жеткіншектердің өзін-өзі актуализациялауы төмен. Педагог-психологтың дұрыс бағыт-бағдары мен қолдауы арқылы бұл жағдайды тиімді үйлестіруге болады. Педагог-психолог маман ең бірінші интроверт типіндегі жеткіншектердің әлеуетін дамытуда ішкі қорқынышын жеңу және өздерін сыртқы әлемге көрсету жолдарын табу сынды маңызды міндеттерді басшылыққа ала отыра, қолдау көрсетеді.

Интроверсия мен экстраверсия – бұл тұлғаның қасиеттерін категориялау критерийі немесе олардың өлшену көрсеткіші. Бұл ұғымдар К. Юнг пен Г. Айзенкке тиесілі [3].

Интроверсия мен экстраверсия ұғымдарын алғаш рет К.Юнг өзінің ғылыми жұмысы барысында енгізген. К. Юнг интроверсияны адамның ішкі психикалық белсенділігіне бағытталған мінез-құлық ретінде анықтады [3].

Г. Айзенк экстраверсия мен интроверсияны тұлғаның сыртқы немесе ішкі әлемге әлеуметтік бейімделуі ретінде қарастырып, бұл факторды өз темперамент құрылымының теориясына енгізген [4].

Темпераменттің ерекшеліктеріне, оның ішінде интроверсия мен экстраверсия мәселесіне қызығушылық ресейлік және шетелдегі жетекші психологтардың еңбектерінде де көрініс тапқан. Ресейде тұлғаның индивидуалды-психологиялық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеумен *И. П. Павлов, В. М. Русалов, Б. М. Теплов, В. Д. Небылицын, В. С. Мерлин* және басқа ғалымдар айналысты. Экстраверсия мен интроверсияны зерттеуге ерекше көңіл бөлген ғалымдардың бірі – Е.П.Ильин. Ол интроверттер мен экстраверттердің тұлғалық ерекшеліктерін, олардың іс-әрекетінің тиімділігі мен қабілеттерін жан-жақты зерттеп, экстраверттер синтетикалық типтегі тапсырмаларды орындауда табыстырақ болады деп, ал интроверттер аналитикалық тапсырмаларды жақсы орындайды деген қорытындыға келді [4]. Шетелдік зерттеушілер арасында темперамент мәселесін Г. Айзенк, Р. Пломин, Я. Стреляу және т.б қарастырды [4].

Кесте – 1

Белгілер	Сипаттама	Автор
Әлеуметтік қарым-қатынас жасау қабілеті	Ұялшақтық, жалғыздыққа ұмтылу, сақтық, шағын әлеуметтік ортаны таңдау.	К. Г. Юнг Г. Айзенк С. Айзенк
Қоршаған ортаға деген қатынас	Өзін-өзі бақылау деңгейі жоғары, эмоцияларын бақылауға қабілетті, агрессивті емес, пессимист, тәртіпті әрі бірқалыпты өмір сүруге ұмтылады.	К. Г. Юнг, Г. Айзенк, С. Айзенк.
Сенімдер	Ішкі сенімдерін қиындықпен өзгертеді, ішкі нормалардың бұзылуын ауыр қабылдайды.	К. Г. Юнг
Ойлау ерекшеліктері	Анализ жасауға бейім; ойлау барысында жүйелілік пен логикалық тәртіп тән.	Р. Драммонд, А. Стоддарт
Жұмыс істеу қабілеттілігі	Жұмысқа қиындықпен кіріседі; тапсырманы орындаудың ортасында және соңында жоғары тиімділік көрсетеді.	Р.Бэкан

Интроверсия белгілері әртүрлі авторлардың еңбектерінде [4].

Ғалымдардың еңбектерін қорытындылай келе, интроверт жеткіншектердің әлеуетін көрсетуге кедергі келтіретін негізгі факторлар:

- Қателік жасаудан қорқу;
- Ішкі сенімсіздік және қорқыныш;
- Үлкен топтарда өзін жоғалту;
- Ішкі шектеулер, өзіне деген жоғары талап;
- Эмоционалды тұйықтық;

Жеткіншектердің дамуындағы психологиялық теориялар мен зерттеулер интроверсия мен экстраверсияның әртүрлілігін, сонымен қатар әр тұлғаны қолдау мен әдістерді қажет ететіндігін көрсетеді. Психолог маман интроверт жеткіншектердің әлеуетін көрсету үшін ең бірінші аталған факторларды жеңуге көмектесуі керек

Психолог маманның міндеттері:

- Интроверт жеткіншектердің жеке тұлғалық ерекшеліктерін түсіну және олардың әлеуетін дамыту;
- Әлеуметтік, эмоциялық және когнитивті дағдыларын жетілдіру;
- Интроверт балалардың ішкі ресурстарын тиімді пайдалану жолдарын көрсету;

- Жеткіншектерге өзін-өзі тану, мақсат қою және өзін-өзі бағалау қабілеттерін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер ұсыну [5].

Жеткіншектердің мәселелерін шешу үшін қолданылатын әдістер:

Когнитивті қайта құрылымдау. Жеткіншектердің ойлау үлгілерін өзгерту үшін когнитивті-психологиялық әдістер қолданылады. Бұл әдіс олардың мәселелерге қатысты ойлау тәсілдерін қайта құруды мақсат етеді. Мысалы, теріс ойлар мен сезімдерді объективті тұрғыдан бағалау және оларды конструктивті түрде өзгерту

Қиындықтарды шешуге арналған стратегияларды үйрету. Жеткіншектерге стресстің әсерін азайтуға, мазасыздықты жеңуге арналған әдістерді жүргізу (релаксация техникалары, тыныс алу жаттығулары).

Эмоционалды интеллектіні дамыту. Эмоциялық және әлеуметтік жағдайларын түсінуге көмектесетін тренингтер мен жаттығулар өткізу. Бұл олардың өз эмоцияларын тануға және басқалардың эмоцияларына бейімделуге көмектеседі.

Өзін-өзі тану Өз эмоциялары мен реакцияларын бақылауға, өзін-өзі түсінуге үйрету. Психолог жеке немесе топтық сессияларда олармен жұмыс істейді.

Рөлдік ойындар мен тренингтер. Жеткіншектердің әлеуметтік дағдыларын дамыту мақсатында рөлдік ойындар жүргізу. Әртүрлі әлеуметтік жағдайларды ойнау арқылы қақтығыстарды шешу, топта жұмыс істеу және өз пікірін білдіру дағдыларын жетілдіруге болады [6].

Арт терапия. Шығармашылық жолмен өзін-өзі білдіруге көмек көрсету үшін сурет салу, музыка, немесе театр өнері арқылы эмоционалды жағдайларын көрсету.

Тыныс алу және релаксация жаттығулары. Психологиялық күйзеліс кезінде тыныштандыру және ішкі үйлесімділік табу үшін тыныс алу жаттығуларын үйрету

Сурет – 1.



Педагог-психолог жұмысының бағыттары.

Интроверт жеткіншектердің психологиялық дамуы мен жеке тұлғалық әлеуетін ашу бұл — тек білім беру процесінің бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар тұлғаның толыққанды дамуына ықпал ететін маңызды процесс. Психологтың рөлі осы бағытта ерекше болып табылады, себебі ол жеткіншектерге өздерінің ішкі ресурстарын тануға, эмоцияларын басқаруға және әлеуметтену дағдыларын дамытуға көмек көрсетеді. Педагог-психолог жеткіншектердің өз әлеуетін анықтап, оны дамытуда және тұлғалық өсуінде жетекші рөл атқарады.

Қорыта айтқанда, психологиялық қолдау мен түзету бағдарламалары жеткіншектердің әлеуетін ашуға бағытталған нақты әдіс-тәсілдермен толықтырылса, олардың тұлғалық, әлеуметтік және психологиялық тұрғыда үйлесімді дамуына ықпал етеді. Психологтың

кәсіби қолдауы, әрбір жасөспірімнің өз-өзіне сенімді, үйлесімді тұлға болып қалыптасуына жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. О теоретических аспектах самоактуализации личности. Вестник ОГУ №6 (125)/июнь`2011.
2. Allen R. The Penguin English Dictionary. Penguin Books, International Edition, July 29, 2003.
3. Кейн С. «Интроверты. Как использовать особенности своего характера», 2015
4. Юнг.К. Г. Психологические типы/ Юнг К. Г., пер. с нем. С. Лорие, В.Зеленского. - 2-е изд. - Москва: Академический Проект, 2020. - 538 с.
5. Эшдавлатова Х.Х.Основные направления деятельности школьного психолога, Евразийский научный журнал, 2018
6. Иванова А.В. Развитие творческих способностей подростков в рамках психологопедагогического сопровождения, 2016

ӘОЖ 008.009:39

ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ – ҚОҒАМДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІК.

Темірбай Әсем Шынтасқызы

Көркем еңбек пәні мұғалімі

Қызылорда қаласы, №10 Дарынды балаларға арналған (Білім инновация) лицей-интернаты

E-mail: assem1temirbay@mail.ru

Мақалада еліміздегі «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» сияқты бағдарламалар негізінде жүзеге асырылып жатқан көркемдік білім беру жүйесіндегі ұлттық сәндік қолөнердің мәні мен мазмұндық ерекшеліктері қарастырылады. этномәдени білім мен тәрбие – қоғамдық қажеттілік екендігіне түсіндірмелер беріледі.

Кілт сөздер: ұлттық қолөнер, этномәдениет, оюрух, көркем бейнелер, мәдени құндылықтар, этномәдениет белгілері.

В статье рассматриваются сущность и содержательные особенности национального декоративного ремесла в системе художественного образования, реализуемого на основе таких программ, как «культурное наследие», «Рухани жаңғыру», «семь граней Великой Степи». даны разъяснения, что этнокультурное образование и воспитание – общественная необходимость.

Ключевые слова: национальные ремесла, этнокультура, оюрух, художественные образы, культурные ценности, признаки этнокультуры.

The article examines the essence and substantive features of the national decorative craft in the system of art education, implemented on the basis of such programs as "cultural heritage", "Rukhani Zhangyru", "seven facets of the Great Steppe". It is explained that ethnocultural education and upbringing is a social necessity.

Keywords: national crafts, ethnoculture, oyurukh, artistic images, cultural values, signs of ethnoculture.

Қай уақытта да қай ұлттың болсын көзі ашық , көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып жүрген өзекжарды мәселелердің бірі –ұлттық білім беру. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан , баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиеленуі тиіс» деп Мағжан Жұмабаев ұлт тәрбиесінің бағытын көрсетіп берген.Қай кезде де ұлт өмірін өркендетуші саналы да , салауатты , ұлтжанды рухы биік, ақыл парасаты мол , мәдени –ғылыми өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу –қоғам алдындағы басты міндет және де қоғамдық қажеттілік. Этномәдени білім беру дегеніміз жастарға шығармашылығын дамытатын мүмкіндіктер , ұлтымыздың бай мәдениеті, ұлттық болмыс,

тарихы, тілі, ұлттық құндылықтар туралы білім беріп, жан-жақты, Отанын сүйетін, адамгершілігі мол, рухы биік, жаһандық өркениеттің халықтарына төзімді жеке тұлғаны тәрбиелеу. Этномәдениет ата-бабаларымыздың тәрбиеге байланысты ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірибе жиынтығы, қанша уақыт өтсе де тат баспайтын адалдығы айнадай ұлттық қазына.

Халқымыз өз ұрпағын ізгілікке инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуді басты мақсат санаған. Олай болса, бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрі негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін терең сіңіру қажет. Халық батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай «өткенін білмеген, одан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы-тұл, келешегі тұрлаусыз». Тәуелсіздік алғаннан бері қоғамымыздағы өзгерістер еліміздің әулеметтік-экономикалық жақтарын түгел қамтыды, сонымен қоса сана сезімімізге көптеген өзгеріс болуына әсер етті. Сол өзгерістерді дұрыс жолға бағыттауда білім беру саласының ықпалы зор. «Тәрбиесіз берген білім-адамзаттың қас жауы» деп Әбу Насыр Әл Фараби ғұламамыз айтып кеткендей, қазіргі білім ұлттық бағытта болмаса, шығар нәтиже кеңес үкіметі кезіндегі жеке бастың және ұлттық қажеттілігін емес идеологияның табынушыларын жасап шығарған машинаға айналады. Сондықтан да, этно мәдени білім бере отырып, білім саласының алдында педагогиканың жақсы үлгілерін сақтай отырып, қазіргі қоғамға қажетті, ұлттық мүддені жоғары қоя алатын, барлық құндылықтарды сақтай отырып, жаһандану заманында ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуға ұмтылатын ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр. «Бұлай тәрбиеленген жас қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды, қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады» деген Міржақып Дулатов.

Тәуелсіздік алғаннан бері бұл мәселе біздің еліміздің үнемі назарында болып келеді: 1994 жылы Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру концепциясы, 1995 жылы Қазақстан Республикасының білім саласындағы мемлекеттік концепциясы, 1996 жылы Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру концепциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, 2002 жылы Йоханнесбургте өткен тұрақты дамудың Дүниежүзілік Саммитті декларациясын жүзеге асыруды міндетке ала отырып, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының үш бағыттан тұратын, яғни экономикалық, экологиялық, этномәдени білім берудің 2007-2024 жылдарға арналған Концепциясын қабылдады, «Қ.Р.2011-2020 жылдарға арналған білім бағдарламасы» негіздерінде білім саласының бұрынғы жүйесін қайта қарап, ұлттық мәдениетке негізделген білім жүйесін дамытуды көздеп отыр. Бұл құжаттарда ұлттық сұранысқа негізделген, мәдени, тарихи, ұлттық дәстүрлерін есепке ала отырып білім жүйесін реформалау қажеттігі атап көрсетілген. Көп ұлт мекендеген Тәуелсіз Қазақстанның ерекшелігі де этникалық білім берудің қажеттігін туындатады. Кез-келген халық ғасырлар бойы жинаған қоғамдық және әлеуметтік тәжірибесін, ата-бабалардан алмасқан тәжірибеге өз үлестерін қосып келесі ұрпаққа мәдениетін, тарихын аманат етіп отырған. Ежелден келе жатқан тарих толқынында халық-үлкен күш, ол мәдениетті, тарихты жасаушы жалғыз таусылмас қазына, құндылықтардың қайнар бұлағы. Сол таусылмас қазына мен қайнар бұлақтан өркен алатын жас ұрпақты халық дәстүрінде білім беріп, тәрбиелеу қазіргі білім саласының басты міндеті. Қырғыз халқының дана ұлы Шыңғыс Айтматов «...өз халқының және басқа халықтардың тарихы, мәдениетінен, тәжірибесінен бейхабар адамның болашағы жоқ, бүгінгі күнмен ғана өмір сүреді»-дейді. Өйткені тек білімді адам ғана басқаның мәдениетін, өз төл тарихы мен мәдениетін бағалай алады, өз халқының ажырымас бөлігі екенін сезініп, сол халық мәдениетінің қажеттілігін өтей алады. Ал этномәдени білім жеке тұлғаның этномәдени ерекшеліктерінің қалыптасуына және оқу мен тәрбиенің ұлттық жүйесін дамытуға негіз болады. Этномәдени білімді жолға қоюдың жолы оқу процесіне жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, авторлық бағдарламалар жасап, арнайы пән ретінде енгізу деп есептеймін. Көптеген оқу орнында этномәдени білім беру тек тәрбие жұмысының бағытында іске асырылып, кей пәндерде үстірт оқытылып, тақырыптарда элементтерін

қолданып отырады. Ал біз кезінде кеңестік үкіметтің саясатының салдарынан ұлттық тамырымыздан алшақтап кеткендіктен , жоғалта жаздаған Мұхтар ағамыз айтқан «Төрт анамызды» толығымен сезіну үшін , ұрпақ тәрбиесін шынымен жан ашырлықпен қолға алу үшін этномәдени білім беруді оқу орындарында үстірт емес жауапкершілікпен қолға алуымыз керек. Арнайы пән ретінде енгізуді қолға алсақ біз ұлттық құндылықтарды бағалай алатын, күзіреттілік деңгейі жоғары , ұлттық мәдениет арқылы жаһандық мәдениеттің мәнін түсіне алатын жеке тұлғаны дайындай аламыз. Этномәдени білім беруде көп нәрсе біліктілік , ұғымдылық , танымдылық тұрғысынан берілу керек. Біз әлемдік деңгейдегі білім берудің озық үлгілерін жоққа шығармаймыз, оны зерделеу , білу қажет. Бірақ дүние жүзінің ұлттары мен ұлыстарының мәдениеттері , салт-дәстүрлері , тілдері сан түрлі болғандықтан , сусындайтын этномәдени білім мен тәрбие көздері де сан түрлі. Осы рухани көзді елемей ұлтсыздандыруға апаратын жол. Сондықтан, әлемдік деңгейдегі білімді қажетінше пайдаланып өз этномәдени білім мен тәрбиеге негізделген ұлттық білім жүйесін дамыту қажет . Этномәдени білім беру жүйесіне көшу бір күндік нәрсе емес, әулеттік-экономикалық және демографиялық негіздерді ескере отырып ұзақ перспективаны қамтитын ұзақ процесс .Бүгінгі жастарымызды бізден әлдеқайда сауатты болуға бағыттауымыз , бағыт-бағдар беруіміз керек. Абай ағамыз айтқандай «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар , мінез деген нәрселерімен озады. Одан басқа нәрселермен озым демектің бәрі ақымақтық», сондықтан да жастарымыз озық болсын десек этномәдени білім мен тәрбиені оқу орындарында басты назарда ұстау керек. Біз халықтық тәлімнің ақ уыз шырынан нәр беретін текті тәрбиеге қол жеткізетін ұлттық қазына , рухани байлық атты қасиеттерімізді үнемі назарда ұстауымыз керек. Бұлардың бәрі жас ұрпаққа үйренумен , таныммен , тағлыммен келеді. Сондықтан да, қазіргі оқуымыз да , тәрбиеміз де этномәдени тұрғыда болуы керек деп есептеймін. Мемлекеттің қалыптасып кетуі жоғарыда айтылған құндылықтарсыз мүмкін емес. Қазіргі басты құндылығымыз –Тәуелсіз Қазақстан . Қазақстан сияқты Тәуелсіздіктің жолымен енді дамып келе жатқан мемлекетке тұрақтылықпен даму үшін жастарды этникалық білім мен тәрбие тұрғысынан өмірге даярласақ , олардың ұлттық рухы биік болады. Ал рухы күшті елдің қашанда бағы таймайды. Өршіл намысты, биік рухты ұрпағы бар елдің еңсесі биік. Ұлттық рух бар жерде ғана отаншылдық сезімі қанат жаяды. Ал, этномәдени білім мен тәрбие отансүйгіштікті қалыптастыру үшін аса қажет. Кешегі күнсіз келешек жоқ. Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата – бабаларымыздың мол мұрасы мен сусындату біздің міндетіміз. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы, бабалар мұрасына байланысты. Демек, бабаларымыздың өнеге өсиетін пайдалана отырып тәрбиелеу ұлттық тұлғаны қалыптастырады. Этномәдени білім мен тәрбие тектіні , дарынды , дананы , талантты құрметтеуге үйретеді. Ал, осыны үйренген жас ұрпақ ертең елді алға жетелейді. Осы айтылған мәселе бойынша Жезқазған политехникалық колледжінде жүргізіліп жатқан іс-шаралармен таныстыра кетейін. Ұжым басшылары осы бағыттағы жұмыстың нәтижелі болуына ат салысып , «Этномәдениет» пәнін енгізу ұсынысына қолдау көрсетіп , пән ретінде сағаттар бөліп берді. Шүкіршілік , өз халқымыздың тарихына үніліп, жоғымызды жоқтап, барымызды қадірлеуге , бабалар рухына тәу етуге дағдылана бастадық. Сондықтан да, арнайы «Этномәдениет» пәніне бағдарлама жасалып , оқу-әдістемелік кешені жинақталды. Тәжірбие ретінде , 1-ші курс студенттері «Этномәдениет» пәнінен дәріс алады. Пән болып аталғанмен негізгі мақсат халықтық дәстүрде тәрбиелеу болып табылады. Бағдарламада ұлттық тағлым , салт-дәстүр, шешендік өнер, болашақта қажет отбасы әдебі , ұлттық ұғымдар , тиымдар , ырымдар т.с.с тақырыптар қамтылды. Бағдарлама алдымен жастардың сұранысына қарай , яғни нені көптеп білгісі келетінін сауалнама арқылы анықтап жасалынды. Көпшілігі қала балалары болғандықтан және де ата-аналарының үнемі жұмыста болуына байланысты ұлт тәрбиесінің үстірт екенін баса көрсетті және де «Этномәдениет» пәнінің қажеттіліктерін түсіне білді. Қазақ елі –бұл күні ғаламдасу иіріміне түсіп келеді. Ғаламдасу-есік-терезесі жоқ ұлы дала тұрғындары санасына салмағын салуда. Осыған қарсы қоятын күшіміз даналардан жеткен сүрлеу-сөз өнері, әдет –ғұрып, салт-дәстүр , таным , тыйым, ырымдарымыз. Осыны басшылыққа ала

отырып жасалған бағдарлама жастардың ұлттық негізде білім мен тәрбие алуына негіз болды. 21-ғасыр кәсіптік білім және кәсіби оқыту заманы. Болашақ кәсіби мамандар бойына ұлттық үлгіде тәлім беру қоғамымыздың қажеттілігі, ұлттық сұраныс.Тәуелсіздігіміздің мүмкіндігін пайдаланып , жастарымызды нағыз саналы , өз елі алдында жауапкершілігі жоғары кәсіби маман етіп даярлау біздің –міндетіміз. Өйткені , қазіргі кәсіби мамандар тек өз ісінің шебері ғана емес, сонымен қоса заманына бейімді, білімді, мәдениетті, өз халқының мәдени мұрасын терең түсінетін саналы, жан-жақты дайындалған, ұлжанды , отанын қадірлейтін , адами құндылықтар дарыған маман болу керек. Ұлы француз жазушысы В.Гюго былай деген: «Халықтың ұлылығы санымен өлшенбейді, адамның ұлылығы бойымен өлшенбейді, жалғыз ғана өлшем оның ақыл –ойының және өнеге деңгейінің дамуы». Елбасының тікелей тапсырмасымен білім беруді жан-жақты дамытуға байланысты жасалып отырған сара саясатының арқасында ,заманға сай жастардың жан-жақты өсіп , дамып жетілуіне , лайықты білім мен тәрбие алуларына толықтай жағдай жасалуда. Ұлы мақсат қойған ұлы жетістікке жетеді демекші , келешекте,мақсатымызға жетеміз деп ойлаймын , өйткені ұлт болашағы – ұрпағында болса , ұрпақ тәрбиесі-ұстаз қолында. Өз мақаламды Бауыржан Момышұлының сөзімен аяқтағым келеді:«Тәрбиелі-тәртіптің құлы, тәртіпті –елдің ұлы»

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру концепциясы, 1996ж.
- 2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы » заңы .
3. Қазақстан Республикасының тұрақты білім берудің 2007-2024жылдарға арналған Концепциясы.
4. «Қ.Р.2011-2020 жылдарға арналған білім бағдарламасы»
- 5.Ж.Артықбаев. «Этнология және этнография». Астана,2001ж.
- 6.Проблемы этногенеза и этнической истории народов Казахстана.,1990
7. Наурызбаев «Этномәдени білім» Алматы, 1999ж

ӘОЖ 373.3 : 371.3 : 004

ЦИФРЛАНДЫРУ БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ Зұлхарнаева Г.Т.

№132 Т.Айтбаев атындағы орта мектебінің математика пәні мұғалімі
Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Н.Ілиясов ауылы
E-mail: guzi.zulkharnaeva@gmail.com

Бұл мақалада цифрландыру бүгінгі білім берудегі жаңа бағыттары туралы баяндалады. Цифрлік сауаттылық - бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі. Цифрлік сауаттылықты қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде назар аударылуы керек.

Тірек сөздер: цифрландыру, цифрлік сауаттылық, технология, ғылым, онлайн оқыту, ақпарат, реформа.

В данной статье описаны новые направления цифровизации в современном образовании. Цифровая грамотность – это готовность и способность человека использовать цифровые технологии уверенно, эффективно, критично и безопасно во всех сферах жизни. Цифровая грамотность — основа безопасности в информационном обществе, важнейшее знание ХХІ века. В развитии цифровой грамотности следует уделять равное внимание чтению, математической и естественнонаучной грамотности.

Ключевые слова: цифровизация, цифровая грамотность, технологии, наука, онлайн-обучение, информация, реформа.

This article describes new directions of digitalization in modern education. Digital literacy is a person's willingness and ability to use digital technologies confidently, effectively, critically and safely in all areas of life. Digital literacy is the basis of security in the information society, the most important knowledge of the 21st century. Digital literacy development should place equal emphasis on reading, math and science literacy.

Key words: digitalization, digital literacy, technology, science, online learning, information, reform.

Бүгінде еліміздің экономикасының барлық салаларын цифрландыру күн тәртібінің басты тақырыптарының бірі. Осы бағытта басталып жатқан белсенді жұмыстың алғашқы бағыттардың бірі білім беру деп аталады.

Цифрлік сауаттылық - бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі. Цифрлік сауаттылықты қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде назар аударылуы керек.


Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сикырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Заманауи технологиялар біздің өмірімізге тұрақты түрде енгізілуде, «Цифрлік» тұжырымдамасын тек ғылыми конференцияларда ғана емес, күнделікті өмірде де жиі кездесетін болдық. Кейбір адамдар әлі күнге дейін цифрлау үрдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікірталастарда. Цифрландыру процесті және өндіріс кезеңдерін толық автоматтандыруды, өнімнің дизайнынан бастап, оны түпкілікті тұтынушыға жеткізумен аяқтауды, сондай-ақ кейіннен өнімге техникалық қызмет көрсетуді білдіреді.

Ғылымның қарқынды дамуы барысында көптеген корпорациялар өндірістің барлық деңгейлерінде жаңа технологияларды қолдана отырып жұмыс істеуге дайын қызметкерлерді талап етеді және арнайы дағдыларға ие емес қызметкерлер қажеттілігі артта қала беруде. Осы проблемаларды шешу, әрине, білім беру процесін қайта жаңғыртуды талап етуі тиіс.

Цифрландыру тікелей бұрын қол жетімді болмаған жоғары оқу орындары мен мектептер үшін ашылатын цифрлік технологияның оқу құралдарымен байланысты. Олардың ішінде онлайн оқу аса ерекшеленеді.

Мысалы, онлайн оқыту нарығының кестесін қарастырайық (1-сурет). Графиктен көріп отырғанымыздай, онлайн оқыту Солтүстік Америкада (АҚШ, Канада), Батыс Еуропада (Еуропа елдерінің көпшілігі), сондай-ақ Азияда (Қытай, Жапония) ең күшті дамыды. Шығыс Еуропада онлайн оқыту нарығын дамыту бұрын айтылған елдерге қарағанда әлдеқайда аз екенін атап өту маңызды.



Сурет 1 – Аймақтар бойынша 2013 және 2016 жылдардағы онлайн оқыту нарығының үлесі

Цифрландыру үрдісі, мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді. Мектептік білім беру процесіне енгізілген жаңа технологиялар мектеп оқушыларын қарапайым лекцияларға қарағанда әлдеқайда көп қызықтыра алады. Мәселен, мысалы, Англияның Гранж мектебі мектептің ішіндегі «қала» сияқты жасалған. Гранж мектебінде телевизия мен радиостанциялар құрылып, балаларға әлем шынайылығындағы жағдайларды жақсартуға көмектеседі.

Қазір Қазақстан Үкіметінің ақпараттық технологияларды игеруді барынша жылдам дамытуға ұмтылып отырғандығын байқауға болады. Қазіргі ақпараттық технологиялар дегеніміз – цифрлы сана мен технологияларға қол жеткізудің басты алғышарты.

Қазіргі заманғы цифрлық технологияларға деген қажеттілік жалпыға бірдей шындыққа айналғаны рас. Ақпараттық технологиялар адамзаттың қызметін бірнеше есе жақсартты. Әрбір даму кезеңінде жұмыс істеудің жылдамдығы мен сапасын арттырды, тиімділікті күшейтті. Әр жолы олар адамзатқа сапалы серпіліс жасауға, бүгінгі өмірді елестету мүмкін болмайтын заттарды ойлап табуға мүмкіндік берді.

Қазір білім беру саласында цифрлық трансформация жүріп жатыр, оның аясында оқу мақсаттары мен мазмұнын, құралдары мен әдістерін, сондай-ақ оқу жұмысының ұйымдастырушылық формаларын жаңарту процесі іске асуда. Бұл жаңартулар дамып келе жатқан цифрлық ортада жүзеге асырылады [1, 168б].

Соңғы онжылдықтарда әлемде білім беру жүйесіндегі иммерсивті технологияларын трансформациялау цифрландыру контекстінде көп байқалады. Ақпараттық қоғамның дамуы мен адамзат білімінің артуы барысында, бұл технологиялар жоғары білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып, инновациялық тәсілдер мен оқу әдістерін енгізуді қажет етеді. Ақпараттық технологиялардың күннен күнге қарқынды әрі жылдам дамуы - жаңа технологияларды игеріп, оларды білім беруде қолдануға кең мүмкіндіктер ашады. Осындай ақпараттық технология дамыған дәуірде дәстүрлі білім беру жүйесі студенттер мен оқытушылардың барлық қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмайтыны рас. Осы жаңашылдықтардың бірі — иммерсивті технологиялар, олар студенттерді білім беру үдерісіне терең енуіне мүмкіндік береді, виртуалды немесе толықтырылған шындық арқылы

жаңа оқу тәжірибелерін ұсынады. Бұл технологиялар білім берудің цифрлық трансформациясының маңызды бөлігіне айналып, студенттердің кәсіби және коммуникативтік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, иммерсивті технологиялар шетел тілдерін оқытуда ерекше мүмкіндіктер ашып, тілдік ортаға терең енуге және мәдениетаралық біліктіліктерді дамытуға көмектесетінін де атап өткен жөн. Осылайша, иммерсивті технологияларды білім беру үдерісіне енгізу уақыт талаптарына тиімді жауап беретін, бейімделгіш және икемді оқу ортасын құруға маңызды қадам болып табылады, сондай-ақ цифрлық экономика жағдайында студенттердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Иммерсивті технологиялар, яғни толықтырылған және виртуалды шындық технологиялары алғашқыда компьютерлік ойындар мен ойын-сауық индустриясында қолданылды. М. Шанмутамның [2] зерттеуінде иммерсивті технологиялардың мүмкіндіктері қарастырылады, мысалы, басқа планеталарға виртуалды саяхаттар немесе орта ғасырлық атмосфераға рөлдік ойын арқылы ену. Уақыт өте келе бұл технологиялардың қолдану аясы айтарлықтай кеңейді, ол өнеркәсіп, маркетинг, сәулет салаларында дами бастады. Профессор Мохтаб Нохтабаидің [3] зерттеуінде өнеркәсіптік құрылыс саласындағы 158 сарапшыдан сауалнама алынған еді. Респонденттердің 75%-ы VR және AR технологияларын жұмысында қолданатынын, ал 15%-ы келесі 5 жылда оларды қолдануды жоспарлап отырғанын сауалнамада мәлімдеді. Бұл иммерсивті технологиялардың кәсіби оқытуда да тиімді қолданылуы мүмкін екенін көрсетеді.

VR және AR құралдарын енгізу қазіргі конструктивистік білім беру тәсілдерімен жақсы үйлеседі. Конструктивизм дегеніміз — бұл иммерсивті технологияларды жүйелі және кезең-кезеңмен қолдану әдісі, яғни студент өзі зерттеп отырған пәндер мен процестердің моделін құрастыра алады. Осыған байланысты иммерсивті тәсіл арқылы білім беру жүйесі мен қатысушылардың өнімді өзара әрекетін ұйымдастыруға арналған әдістер кешені түсіндіріледі, олар виртуалды ортада (VR/AR) модельденеді. Мұндай виртуалды орта интерактивтілік пен мультисенсорлық қасиеттерге ие, бұл жан-жақты кәсіби дамуды қамтамасыз етеді. Профессорларды даярлықтағы иммерсивті технологиялардың артықшылықтарына практикалық дағдыларды нақты кәсіби қызметке жақын жағдайларда үйрету мүмкіндігі жатады.

Профессор Дж. Куероның [4] зерттеуінде медицинадағы иммерсивті технологияларды қолданудың нақты мысалы қарастырылады. Хирургиядағы VR және AR - дамып келе жатқан технологиялар, олар студенттердің алдын ала операциялық жоспарлауына және операция кезінде навигацияны жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл мысал оқытушының рөлінің трансформациясын көрсетеді, өйткені ол «білімді жеткізушіден» оқу үдерісінің «қолдаушысына» айналады. Виртуалды әлемде тек көзбен көру емес, басқа сезім мүшелерін де қолдану арқылы материалды қабылдауды күшейту, ақпаратты меңгеру сапасын арттырады және студенттердің оқу пәніне деген қызығушылығын жоғарылатады [5, 139б].

Виртуалды және толықтырылған шындық технологияларын қазіргі кәсіби білім беру саласында қолдануды талдау келесі негізгі қорытындыларға әкеледі.

VR және AR технологиялары оқу процесін сапалы трансформациялаудың үлкен әлеуетіне ие. Оларды конструктивті түрде қолдану практикалық бағытталған кадрларды даярлау, оқытудың көрнекілігі мен интерактивтілігін арттыру үшін түбегейлі жаңа мүмкіндіктер ашады. VR және AR технологияларын білім беру жүйесіне кеңінен енгізуге бірқатар маңызды кедергілер бар. Олардың қатарында жабдықтарды қаржылық қамтамасыз ету шығындары, білікті кадрлардың тапшылығы және пайдаланушылардың денсаулығына ықтимал қауіптер де бар. Дегенмен, жарқын болашақта бұл технологиялар қазіргі кәсіби білім берудің келбетін толықтай өзгертуі мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Уваров, А.Ю. Образование в мире цифровых технологий: на пути к цифровой трансформации / А.Ю. Уваров. – М.: Изд. дом ГУ-ВШЭ, 2018. – 168 с.

2. Shanmugam M. Research opportunities on virtual reality and augmented reality: a survey. URL: <https://ieeexplore.ieee.org/document/8878796>
3. Mojtaba Noghabaei. Trend Analysis on Adoption of Virtual and Augmented Reality in the Architecture, Engineering and Construction Industry URL: <https://www.preprints.org/manuscript/201912.0369/v1>
4. Quero G., Lapergola A. Virtual and Augmented Reality in Oncologic Liver Surgery // Surgical Oncology Clinics. 2019.
5. Goldberg D., Hillier V. A scaled version of the General Health Questionnaire // Psychological Medicine. 1979. No. 9(1). P. 139

ӘОЖ 004.087 : 070 : 159.942.5

ЦИФРЛЫҚ МЕДИАНЫҢ СТУДЕНТТЕР КҮЙЗЕЛІСІНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Мухамедали І. «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты
 Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
inzhumukhamedali@gmail.com

Аннотация

Бұл мақалада цифрлық медианың студенттердің күйзеліс деңгейіне әсері қарастырылады. Технологияның дамуымен интернет, әлеуметтік медиа және цифрлық платформалар студенттердің оқу процесі мен бос уақытының маңызды бөлігіне айналды, бірақ оларды шамадан тыс пайдалану да күйзелісті тудырады. Мақалада цифрлық күйзелістің негізгі көздері, соның ішінде ақпараттың шамадан тыс жүктелуі, әлеуметтік салыстыру және кибербуллинг, сондай-ақ ұйқының бұзылуы және эмоционалдық күйреу сияқты психикалық денсаулықтың жағымсыз әсерлері талданады. Сондай-ақ цифрлық медианың оң аспектілері және басқару бойынша ұсыныстар, соның ішінде сандық детокс және гаджеттерді пайдалану үшін шекараларды белгілеу ұсынылған. Мақала студенттердің психологиялық денсаулығын сақтау үшін цифрлық және нақты өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығын көрсетеді.

Тірек сөздер: цифрлық медиа, күйзеліс, медитация, эмоционалдық күйреу, цифрлық детокс.

Аннотация

В статье рассматривается влияние цифровых медиа на уровень стресса у студентов. С развитием технологий интернет, социальные медиа и цифровые платформы стали важной частью учебного процесса и свободного времени студентов, однако их чрезмерное использование также приводит к стрессу. В статье анализируются основные источники цифрового стресса, включая избыточную информацию, социальное сравнение и кибербуллинг, а также негативные эффекты на психическое здоровье, такие как нарушения сна и эмоциональное выгорание. Также рассмотрены положительные аспекты цифровых медиа и рекомендации по управлению, включая цифровой детокс и установление границ для использования гаджетов. Статья подчеркивает важность сохранения баланса между цифровой и реальной жизнью для поддержания психологического здоровья студентов.

Ключевые слова: цифровые медиа, стресс, медитация, эмоциональное выгорание, цифровой детокс.

Annotation

The article examines the impact of digital media on students' stress levels. With the development of technology, the internet, social media, and digital platforms have become an integral part of students' study processes and leisure time, but excessive use can also lead to stress. The article analyzes the main sources of digital stress, including information overload, social comparison, and cyberbullying, as well as negative mental health effects, such as sleep disturbances and emotional burnout. It also highlights the positive aspects of digital media and offers

management recommendations, including digital detox and setting boundaries for gadget use. The article underscores the importance of maintaining a balance between digital and real life to preserve students' psychological well-being.

Key words: digital media, stress, meditation, emotional burnout, digital detox.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы Жолдауында жастардың денсаулығы мен саналы ақпараттық орта қалыптастыруға баса назар аударды. Президент жастарды цифрлық сауаттылыққа үйрету, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету секілді мәселелерді шешу керектігін атап өтті [1]. Бұл бағытта жасалған бастамалар цифрлық медиа мен жастардың психологиялық әл-ауқаты арасындағы байланысты реттеуге бағытталған, ал бұл студенттердің цифрлық медианы дұрыс пайдалануына және күйзелісті төмендетуіне септігін тигізеді.

Бүгінгі таңда студенттер үшін цифрлық медиа тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірдің бір бөлігі болып табылады. Бір жағынан, олар сізге қажетті деректерді іздеуді, дос табуды, әлем туралы білуді жеңілдетеді. Бірақ әлбетте оның кері әсері де бар. Олай болса студенттерде цифрлық медиа арқылы туындайтын күйзелістің негізгі көздерін қарастырайық:

1. Мағлұматтың шамадан тыс болуы. Әлеуметтік желілер мен жаңалықтардан күніне қаншама ақпарат ағылады. Мұның бәрі когнитивті шиеленісті тудыруы мүмкін, өйткені миға көптеген деректерді өңдеу қиынға соғады. Студенттер өздерін осы ағыннан қалып қоймай, бәрінен хабардар болу керек секілді сезінеді. Осының әсерінен біршама студенттер оқуға ғана емес, әрбір жаңалыққа, жаңа трендтер мен өзгерістерге уақыт бөліп, үлгеруге тырысады. Нәтижесінде, бір нәрсені өткізіп алғандай сезіммен жүріп, мидың шаршауы, күйзеліс және үрей пайда болады [2,32-346].

2. Өзінді басқалармен салыстыру. Әлеуметтік желілерде адамдар өмірлерінің ең жақсы сәттерін ғана бөліседі: әдемі саяхаттар, сәтті жобалар, көңілді кездесулер. Студенттер бұл "мінсіз суретті" көреді және саналы түрде өздерін басқалармен салыстыра бастайды. "Неліктен біреудің жағдайы жақсы, мен оқу үстінде отырмын, демалуға және саяхаттауға уақытым жоқ?" - мұндай ойлар көбінесе адам басқа адамдардың профильдеріне тым көп назар аудара бастағанда пайда болады [3,55-566]. Бұл салыстыру қызғаныш сезіміне, өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне және кейбір жағдайларда тіпті күйзеліске әкеледі. Осы мәселе бойынша Жан Твендж әлеуметтік желілерде өзінді басқалармен салыстыру мен күйзелістің арасында тығыз байланыс бар екенін анықтаған.

Сонымен, цифрлық медиа өмірдің ыңғайлы әрі қызықты етуге арналғанымен, кейде оған күйзеліс пен теріс эмоциялар қосып жатады. Ақпараттық шамадан тыс жүктеме, өзінді басқалармен салыстыру және өзгенің бағалауына тәуелділік өз-өзіне деген сенімділікті төмендетіп, мотивацияны әлсіретуі мүмкін.

Цифрлық медиа құралдарының ұзақ уақыт бойы әсер етуі стресстің, депрессияның және алаңдаушылықтың пайда болуына себеп болуы мүмкін. Бұл көбінесе демалудың жетіспеушілігімен және гаджеттерді түнде пайдаланудың нәтижесінде ұйқы режимінің бұзылуымен байланысты [4,102-1046]. Александр Тарасов, Галина Щербакова, Жан Твендж сынды қазіргі заманғы психолог ғалымдардың зерттеуінде көрсетілгендей цифрлық медиа студенттердің психикалық денсаулығына былайша теріс әсер етеді:

Біріншіден, ұйқының бұзылуы. Гаджеттерден шыққан көк жарық ұйқы гормоны – мелатониннің бөлінуін тежейді, бұл ұйқының сапасына кері әсер етеді. Мэри Карскеадон осы құбылысты зерттеп, түнде экранға көп қарау ұйқы циклін бұзатынын атап өткен. Бұл, өз кезегінде, студенттердің оқу процесіне және жалпы жағдайына әсер етеді.

Екіншіден, Жан Твендждің айтуынша, әлеуметтік желілердегі ақпараттың көптігі мен хабардар болу қажеттілігі студенттер арасында эмоционалдық күйреу туғызады. Эмоционалдық күйреу дегеніміз адам психикасына ұзақ мерзімді стресс немесе шамадан тыс ақпараттық қысым әсер еткенде туындайтын күйзеліс жағдайы. Бұл жағдайда адам шаршау, мотивацияның төмендеуі, бей-жайлық, тіпті оқу мен жұмыстан бас тарту секілді белгілерді сезінеді. Әсіресе, студенттер арасында үнемі жаңалықтар мен әлеуметтік медиадағы

ақпаратқа қол жеткізу қажеттілігі эмоционалдык жүктемені арттырады, нәтижесінде олардың өнімділігі төмендеп, оқу процесіне деген қызығушылығы азаюы мүмкін.

Үшіншіден, кибербуллинг. Кибербуллинг – бұл интернет немесе әлеуметтік желілер арқылы басқа адамдарға психологиялық қысым көрсету, қорлау немесе мазақтау әрекеттері. Мұндай қысым адамға жағымсыз пікірлер, орынсыз фотосуреттер немесе қорлайтын хабарламалар түрінде келеді. Кибербуллинг адамның өз-өзін бағалауына, күйзеліс деңгейінің жоғарылауына және әлеуметтік байланыстардан оқшаулануға себепші болуы мүмкін. Кибербуллингтің әсерін зерттеген Мишель Юэллс, онлайн ортадағы агрессия мен негативті пікірлер студенттердің өз-өзін бағалауы мен психологиялық әл-ауқатына теріс ықпал ететінін көрсеткен.

Ал ендігі кезекте осы цифрлық медиа құралдарының студенттер күйзелісіне оң әсеріне және ол арқылы қалай күйзелісті төмендетуге болатындығы жөнінде қарастырып көрейік.

Цифрлық медиа арқылы студенттер кез келген уақытта онлайн кеңес алу немесе психологиялық қолдау алу мүмкіндігіне ие болады. Жеке психологиялық қолдау көрсететін сайттар студенттердің күйзелісті жағдайдан шығуына көмектеседі. Бұл, әсіресе, офлайн терапияға қол жеткізе алмайтын немесе психологиялық мәселелері туралы ашық айтуға қиналатын студенттер үшін маңызды.

Медитация қосымшалары арқылы студенттер оңай медитация және тыныштандыру жаттығуларын орындай алады. Бұл құралдар күйзеліс пен уайымды төмендетуге, тыныштық сақтауға көмектеседі. Ғалым Марк Шварцтың пікірінше, медитация күйзелісті басқарудың тиімді құралдарының бірі болып табылады, себебі ол адамның өзін-өзі бақылау қабілетін күшейтіп, ойларын тыныштандыруға көмектеседі. Шварц медитацияның әсерін зерттеу барысында оның студенттердің эмоционалдык тұрақтылығын арттыруға, күйзеліс деңгейін төмендетуге және зейінін шоғырландыру қабілетін жақсартуға ықпал ететінін атап өткен [5,63-65б.].

Цифрлық медиа арқылы студенттердің қолдау топтарына қосылып, бір-бірімен тәжірибе алмасуы психологиялық әл-ауқатқа елеулі әсер етуі мүмкін. Студенттер Instagram, Facebook сияқты әлеуметтік платформаларда арнайы топтарға қосылып, ортақ мәселелермен бөлісіп, кеңес ала алады. Бұл топтар жеке қиындықтарды жеңуге ғана емес, сонымен бірге білім мен кеңес алу үшін тиімді орта құрады. Мұндай платформаларда студенттер ұқсас жағдайларда болған немесе осы мәселелермен бетпе-бет келген адамдармен таныса алады, олардан мотивация мен қолдау алады. Мысалы, бір студент оқу барысында күйзелістен шыға алмай жүрген болса, сол топтағы басқа бір студент өзінің осыған ұқсас тәжірибесін бөлісіп, қалай жеңгенін айтып беруі мүмкін. Бұл қатынастар студенттің жалғыздық сезімін жояды, себебі олар өздерінің мәселелерімен тек өздері емес, басқалар да күресетінін түсінеді. Әлеуметтік желілердегі қолдау топтары студенттерге жай ғана ақпарат алу мүмкіндігін ғана емес, сондай-ақ күш-қуат пен мотивация береді, бұл эмоционалдык әл-ауқатты нығайтуға мүмкіндік береді. Өзіне сенімді бола отырып, олар оқудағы қиындықтарды жеңуге және өз мақсаттарына жетуге ұмтылыс жасауы мүмкін.

Habitica, Strides секілді әдет қалыптастыруға арналған қосымшалар арқылы студенттер жақсы әдеттерді дамытып, оларды күнделікті өмірде қолданады. Habitica — бұл әдеттерді қадағалап, тапсырмаларды орындауды қызықты әрі мотивациялық етіп жасайтын қосымша. Strides қосымшасы пайдаланушыға нақты мақсаттар мен әдеттерді орнатуға, сондай-ақ әрбір мақсат бойынша жетістіктерді өлшеуге мүмкіндік береді. Осы қосымшаларды қолдану денсаулыққа пайдалы әдеттер (ұйқы режимін сақтау, үнемі спортпен шұғылдану) студенттердің жалпы психологиялық денсаулығын жақсартады және күйзелісті төмендетеді.

Білім беру платформалары студенттерге өзін-өзі дамытуға және жаңа дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді, бұл олардың өзін-өзі бағалауын жақсартуға көмектеседі. Әр түрлі онлайн курстар мен ресурстар арқылы студенттер жаңа білімдер мен тәжірибелерге қол жеткізе алады. Мысалы, платформада ұсынылған білім беру бағдарламалары арқылы олар

өздерінің кәсіби дағдыларын немесе жеке қасиеттерін дамытып, жаңа ақпаратты меңгере отырып, сенімділік деңгейін арттырады. Бұл процестер студенттердің психологиялық жағдайына да әсер етеді. Өзін-өзі дамытуға бағытталған әрекеттер адамның өзін-өзі бағалауының өсуіне және өзіндік жетістіктерін сезінуіне ықпал етеді. Осылайша, студенттер өздерін жақсырақ түсініп, өмірлік мақсаттарын анықтауға көмектесетін дағдыларды үйренеді, бұл олардың психологиялық әл-ауқатын жақсартады және күйзеліс деңгейін төмендетеді.

Жоғарыда айтылғандай цифрлық медиа студенттерге психологиялық қолдау, уақытты тиімді басқару, әлеуметтік байланыс орнату және релаксация құралдарын ұсыну арқылы олардың психологиялық күйзелісін төмендетуге көмектеседі. Ең бастысы, цифрлық құралдарды тиімді пайдалану арқылы студенттер оқу мен жеке өмірдегі күйзелісті жеңілдетіп, эмоционалдық жағдайларын жақсарта алады.

Цифрлық медиаға байланысты стрессті төмендету үшін виртуалды және нақты өмір арасында тепе-теңдікті сақтау маңызды. Осы бойынша бірнеше ұсыныстар тізбеген әзірлеп қойдым. Ең алдымен цифрлық детокс жүргізу. Цифрлық детокс - бұл саналы түрде цифрлық құрылғыларды пайдалану уақытын қысқарту немесе тоқтату арқылы цифрлық әлемнің артық ақпаратынан арылу. Бұл әдіс адамдарға психологиялық тұрғыдан жеңілдік сезінуге, көңіл-күйін көтеруге және өмірдегі маңызды нәрселерге қайта назар аударуға көмектеседі. Цифрлық детокс адамдарға әлеуметтік желілерде болған негативті әсерлерден немесе ақпараттың артықшылығынан аулақ болуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәжірибе жаңа қарым-қатынастар мен тәжірибелерді бағалауға көмектеседі [6,51б.]. Келесі, шекараларды орнату. Цифрлық құрылғыларды пайдалану уақытын шектеу, әсіресе ұйықтар алдында, ұйқының сапасын жақсартуға ықпал етеді. Ұйқы мен демалыс үшін электронды құрылғылардан алыстау маңызды, өйткені олар көк жарық шығарады, ол ұйқы циклін бұзады. Осылайша, цифрлық шекаралар орнату студенттердің психологиялық денсаулығына және жалпы әл-ауқатына оң әсер етеді. Дене жаттығулары мен спорттық белсенділік күйзелісті төмендету үшін өте маңызды құрал болып табылады. Спорттық жаттығулар эндорфиндердің (көңіл-күй гормондары) өндірісін арттырады, бұл адамға позитивті әсер етіп, көңіл-күйін жақсартады. Жүйелі дене жаттығуларын жасау ағзаға тыныштық әкеліп, психологиялық және физикалық жағынан жақсаруына ықпал етеді. Бұл әдістердің барлығы виртуалды әлемнен шығу және денсаулықты жақсарту үшін тиімді тәсілдер болып табылады, өйткені олар физикалық және психологиялық деңгейде тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, Цифрлық медиа студенттердің өмірін жаңаша, қызықты әрі тиімді етсе де, оның жағымсыз әсерлері де жоқ емес. Студенттердің күйзелісіне басты себеп ретінде ақпараттың шамадан тыс болуы, әлеуметтік желілердегі өзін басқалармен салыстыру және цифрлық әлемдегі теріс тәжірибелерді атауға болады. Мұның бәрі эмоционалдық күйзеліске, ұйқының бұзылуына және өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне әкеледі.

Алайда, цифрлық медиа құралдарының оң әсерлері де айқын. Студенттер онлайн кеңестер мен психологиялық қолдау, медитация, әлеуметтік байланыс, және қолдау топтары сияқты ресурстарды пайдалана алады. Сонымен қатар, цифрлық медиа арқылы студенттер өздерінің дағдыларын дамыту, жаңа әдеттер қалыптастыру, және білім алу мүмкіндігіне ие. Бұл жағдай студенттердің психологиялық денсаулығын нығайтып, күйзеліс деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

Дегенмен, цифрлық медиа мен шынайы өмір арасында тепе-теңдікті сақтау өте маңызды. Цифрлық детокс, шекараларды орнату және спорттық белсенділік сияқты ұсыныстар арқылы студенттер өздерінің эмоционалдық әл-ауқатын арттыра алады. Осындай әдістерді қолдана отырып, олар күйзелісті жеңіп, психологиялық тепе-теңдікті сақтай алады.

Сондықтан, цифрлық медиа ресурстарын тиімді пайдалану арқылы студенттер өздерінің психологиялық денсаулығын жақсартып, оқудағы және жеке өмірдегі күйзелістерін жеңілдетуге мүмкіндік алады. Цифрлық әлемнің қызықты мүмкіндіктері мен қазіргі заманғы психологияның ұсыныстары студенттердің өмірін сапалы түрде өзгертуге үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы, (1 қыркүйек, 2023ж.)
2. Щербакова Г. (2019), Студенттердің психикалық денсаулығы: цифрлық әлемдегі қауіптер, Психология және білім журналында, 12(3), 45-59.
3. Твендж Ж. (2021), Әлеуметтік желілер мен жастар: күйзеліс пен эмоционалдық денсаулық, Жас ғалым, 6(1), 25-32.
4. Дерн, Б. (2020), Цифрлық медиа және студенттердің психологиялық күйзелісі. Психологиядағы жаңа зерттеулер
5. Филиппова Н. (2022), Медитация және психологиялық қолдау: студенттер үшін жаңа мүмкіндіктер, Психологиялық зерттеулер, 14(4), 60-73.
6. Тарасов А. (2020), Цифрлық медиа: заманауи қоғамдағы әсері және психологиялық аспектілері, Алматы: Дәуір баспасы.

ӘОЖ 378.18 :378.6 :37.026.8

МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Накыпова Гулнур Кабылтаевна, педагогика ғылымдарының магистрі
«Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» білім беру
бағдарламасының аға оқытушысы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
E-mail: gulnur_1220@mail.ru

Аннотация: Ұсынылған мақалада жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылды. Кәсіби құзыреттілік қалыптастыруда маманның кәсіби мәселелер мен міндеттерді кәсіби қызмет жағдайында шешу қабілеті, еңбек өнімділігі мен тиімділігін анықтайтын білім мен дағдылардың жиынтығы, адамтану саласында ересектерге білім берудегі педагогика ғылымы мен оның практикасы үшін маңызды басымдықтары, андрагог-педагогтың немесе тұлғаның әрекет субъектісі ретіндегі дамуымен байланысты қызмет түрлері көрсетілді.

Тірек сөздер: профессиональная компетентность, магистр, магистр, магистрант, магистр, специалист компетентность

Аннотация: В этой статье мы рассматривали вопрос формирования профессиональных компетенций магистрантов в послевузовском образовании. В формировании профессиональной компетентности были продемонстрированы способность специалиста решать профессиональные проблемы и задачи в условиях профессиональной деятельности, совокупность знаний и умений, определяющих производительность и эффективность труда, важнейшие приоритеты педагогической науки и ее практики в образовании взрослых в области человековедения, виды деятельности, связанные с развитием педагога-андрагога или личности как субъекта деятельности.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, магистр, магистр, магистрант, магистр, специалист компетентность

Annotation: In this article, we considered the issue of the formation of professional competencies of undergraduates in postgraduate education. In the formation of professional competence, the ability of a specialist to solve professional problems and tasks in the conditions of professional activity, a set of knowledge and skills that determine productivity and labor efficiency, the most important priorities of pedagogical science and its practice in adult education in the field of human studies, activities related to the development of an andragogue teacher or personality as a subject of activity were demonstrated

Key words: professional competence, master's degree, master's degree, master's degree, specialist competence

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-тарауында **магистр** – магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже; **магистрант** – магистратурада білім алатын адам; **магистратура** – білім беру бағдарламалары «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру» деп көрсетілген [1].

Кәсіби құзыреттілік-бұл мұғалімнің кәсіби мәселелер мен міндеттерді кәсіби қызмет жағдайында шешу қабілеті. Кәсіби құзыреттілік-бұл еңбек өнімділігі мен тиімділігін анықтайтын білім мен дағдылардың жиынтығы. Бүгінгі біздің көтеріп отырған мәселеміздің өзі магистранттардың білім алуында кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы өзекті. Өйткені, адамтану саласында ересектерге білім берудегі педагогика ғылымы мен оның практикасы үшін маңызды басымдықтары, стратегиялық бағыттары жолында білім берудің үздіксіздік жүйесі ересек адамның, яғни андрагог-педагогтың немесе тұлғаның әрекет субъектісі ретіндегі дамуымен байланысты қызмет атқарады. Мұндағы кәсібилік мәселесі аясындағы біліктілікті арттыру жүйесі бойынша негізгі нысан: ересектер, андрагог-педагогтер деуге негіз бар.

Ересектерге білім беру ілімімен андрагогика ғылым саласы айналысады. Андрагогика – даму үстіндегі ғылым. Егер біз, андрагогикалық тұрғыда қарасақ, магистранттар ересек білім алушылар болып табылады.

Б.А.Тұрғынбаева өзінің еңбектерінде: оқытудың ересек адамның іс-әрекеті ретінде әлеуметтік-андрагогикалық ерекшелігін қалыптастыратын негізгі шарттарын белгілеудің қажеттігі туындайтындығын негізге алады да, андрагогика ғылымының негізгі шарттарын:

- өз білім алуындағы жетекші рөл үйренушінің өзіне тиесілі;
- ересек үйренуші өзін-өзі басқаруға, өзін-өзі көрсетуге ұмтылады және солай сезінуі тиіс;
- ересек адамда өзінің және өзгелердің үйренуі барысында қажет болуы мүмкін өмірлік тәжірибесі бар;
- ересек адам өмірлік маңызы бар мәселелерді шешу мен нақты мақсаттарға жету үшін білім алады;
- ересектер үйренуші оқыту барысында алған білім-білік-дағдыларды кейінге қалдырмай пайдалануды көздейді;
- ересектердің оқу іс-әрекеті кейде шектейтін, кейде көмектесетін уақыттық, кеңістіктік, тұрмыстық, кәсіптік және әлеуметтік факторлар арқылы өзгеріске түседі;
- ересектерді оқыту үрдісі оның барлық (жоспарлау, жүзеге асыру, бағалау және түзету) кезеңінде оқытушы мен үйренушінің бірлескен іс-әрекеті түрінде ұйымдастырылады деп түсіндіреді. [2].

Осы тұста бүгінде «life-long education», яғни «өмір бойы оқу, өмірлік оқу» халықаралық терминіне сай біліктілікті арттыру жүйесін дамытудың басты стратегиялық бағдары – магистранттардың (ересектердің) кәсіби жолында өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, креативті ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, академиялық ұтқырлығы жоғары, гуманистік ойлауы басым, инновациялық іліммен қаруланған адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа форматын қалыптастыру жұмыстарын атқарады.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, маманның білім алуға ұмтылысын оятып, өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, өзін өзі тану, өзін кәсіби дамыту, ішкі ресурстарын толығымен пайдалануға қабілетті тұлғаның қалыптасуына қолайлы жағдайлардың туғызылуын талап етуде. Осыған орай болашақ маманның өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен еңбектенуіне қол жеткізетін жолды таңдау маңызды. Ол үшін сабақ беретін оқытушы бойында ізденімпаздық, ойлай білу, белгісізге ұмтылу, алдына қойған мақсатына жетуде табандылық көрсете алатын, болашақ маман бойына да осы қасиеттерді дарыта білетін,

шығармашылықпен қызмет етуге дайындығын қалыптастыра алатындай сапалардың болуы маңызды. Осы орайда жоғары оқу орындары үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан – жақты дамыған, кәсіби құзыретті маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс, себебі жоғарыда айтылғандай қоғам өзінің әлеуметтік – экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік (компетенттілік) және құзырет (компетенция) ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, «қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс-әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері» [3].

Құзырет (Компетенция) – нақты әрекет пен процестерге байланысты тиімді, өнімді әрекеттер жасай алатындай дара тұлға сапаларының өзара байланысқан бірлестігі (білім, білік, дағдылар, қызмет түрлері).

Зерттеу мәселемізді әдіснамалық тұрғыда негіздеу барысында болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» «маман құзыреттілігі» ұғымдарына берілген әртүрлі түсініктемелердің бар екендігіне көзіміз жетті.

«Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік - кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады.

Кәсіби құзыреттілік мәселелері, болашақ мамандардың құзыреттілігі туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табады. Бүгінгі күні шетел ғалымдарының еңбектеріндегі кәсіби құзыреттілік аяқтамалары «тереңдетілген білім», «міндетті шешудегі теңдік жағдайы», «қызметті орындаудағы қабілеттілік» (Britell G.K., Blank W.E.) және басқалар бұл ұғымның мәнін толық аша алмайды [4].

Э.Ф. Зеердің зерттеуінде кәсіби білім салыстырмалы талдау жүйесінде беріледі, маманның әлеуметтік - кәсіби даярлығы кәсіби біліктілікпен, негізгі біліктілік және құзырлылықпен анықталады [5].

Біліктілік - қызметкердің кәсіби даярлығының түрі, оның белгілі бір жұмыс саласындағы білімі, іскерлігі мен дағдысы.

Тұлғаның негізгі біліктілігі дегеніміз - тұлғаның белгілі бір кәсіби сала бойынша орындалатын жұмысқа қажетті жалпыкәсіби білімі, іскерлігі, дағдысы және қабілеттілігі мен қасиеттері.

Оның еңбектерінде негізгі біліктіліктің бес түрі анықталған: әлеуметтік - кәсіби бағыттылық (қажеттіліктің, мотивтің, құндылықтың үстемдігін сипаттайды); кәсіби құзырлылық (жалпы кәсіби және саяси білім мен дағдылар, оқу үдерістерін ұйымдастыру мен жобалау, мәселені шешу т.б.); когнитивтік қабілеттілік (қадағалау, бақылау, креативтік, т.б.); тұлғалық қасиеттер (дербестік, жауапкершілік, сенімділік) және кәсіби маңызды психофизиологиялық қабілеттер (іс-әрекет координациясы, реакцияның шапшаңдығы, сөйлеу, эмоциясы т.б.).

Болашақ маманның кәсіби даярлығы өз алдына дербес, бір – бірімен тығыз байланысқан, ғылыми – теориялық, қоғамдық – саяси, психологиялық – педагогикалық және арнайы даярлықты біріктіретін біртұтас жүйе болып табылады.

Ғылыми–теориялық даярлық ЖОО оқу пәндері арқылы ғылым негіздерімен таныстырып, олардан терең теориялық білім беруге дайын болуды көздейді.

Қоғамдық – саяси даярлық болашақ мамандарды қоршаған дүниені, табиғатты, қоғамдық өмірдің құбылыстарын тану әдіснамасына, әлеуметтік – экономикалық даму

мәселелерін пайымдау, талдау, маңыздысын ажырата білуге, адамдармен қарым – қатынастағы жоғары мәдениеттілікке үйренуге мүмкіндік береді.

Психологиялық–педагогикалық және арнайы даярлық болашақ маман ретінде жан – жақты қалыптасуға жағдай жасайды.

Бірқатар ғалымдар педагогикалық білімнің негізі педагогтарды кәсіби даярлау екендігін айтады. Кәсіби педагог - маман әдістемені жақсы меңгеруі, оқушыларды дамытуда оқу құралын мақсаттылықпен пайдалана білуі керек. Күрделі жұмысты шығармашылықпен шешуде оқушылардың техникалық ойлау қабілетін іс - әрекетімен дұрыс ұштастырып, оны саналы түрде қабылдай білуге баулу қажет. педагогтың кәсіби сапасы мен тұлғалық қабілеті болашақ ұрпақты оқыту, дамыту және тәрбиелеудегі шығармашылық іс - әрекетті орындауға бағытталады.

Болашақ маман – педагогтың іскерлігі оның даярлығының негізгі компоненті болып табылады. Сондықтан, маманның кәсіби-педагогикалық іскерлігі қоғамдық - саяси, жалпы ғылыми, арнайы, психологиялық-педагогикалық және кәсіби - әдістемелік білім жүйесінің негізінде қаланады және осы сапалардың бір - бірімен ұштаса қалыптасуы педагогтың кәсіби іс-әрекетін атқаруға қабілеттілігі деп түсінеміз.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің психологиялық тұжырымдамасын жасай отырып, А.К. Маркова мынадай анықтама береді: «кәсіби құзыреттілік - бұл мұғалімнің білім, білік және осы еңбекті жүзеге асыруға қажетті олардың нормативтік белгілерінен хабардарлығы; психологиялық сапаларды меңгеруі, нормаға және үлгіге сай нақты кәсіби қызмет» және оның мазмұнын екі көрсеткішке – процессуалдық және нәтижелілікке бөледі. Процессуалдық көрсеткіш үш блоктан тұрады: педагогикалық қызмет, педагогикалық қарым – қатынас және мұғалімнің жеке бас тұлғасы – теориялық жағынан тепе – тең емес, практикалық жағынан жиі сәйкес келетін оның еңбегінің үш жағы. Нәтижелік көрсеткіш екі блокқа бөлінеді – оқу және оқыту, тәрбиелілік және тәрбиелену [6].

Е.В. Набиева университет студенттерінің зерттеушілік қызметке дайындығын зерттей отырып, педагогикалық зерттеушілік құзыреттілікті үш функционалдық компоненттен (педагогикалық мониторинг, педагогикалық рефлексия және педагогикалық фасилитация) тұратын және зерттеушілікке деген ынта негізіндегі нақты білім, біліктердің жиынтығынан тұратын күрделі педагогикалық құбылыс деп есептейді [7].

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «базалық құзырет» ұғымы қолданылып келеді [8]. Бұл құзыреттіліктер - өмірдегі мәселелер мен жағдайларды шешуде іс - әрекеттің сапалы, табысты өтуін қамтамасыз ететін жеке тәжірибеге енген білім, білік, дағды, қабілеттің жинағы немесе әмбебап жүйесі. Сондықтан осы тұрғыда жоғары кәсіби білім беру базалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Құзырет білім, білік, шығармашылық әрекеттің қорытындысына сүйеніп, төмендегідей негізгі белгілерімен ерекшеленеді:

1. Көп функциялы – күнделікті, кәсіби және әлеуметтік өмірде кездескен кез келген жағдайдан шыға алады және кезкелген мақсатты және міндетті шеше алады.

2. Метапәнділік және пән аралық – бұл түрлі жағдайда қолданылады.

3. Интеллектуалдық дамуды, яғни абстракциялық ойлауды, рефлексия, өзінің жеке позициясын анықтай алууды, өзін - өзі бағалауды, сын тұрғысынан ойлауды талап етеді.

4. Көпқырлылығы – түрлі ақыл – ой үдерісін, интеллектуалды біліктілікті, ақыл ойды қажет етеді.

Отандық педагогикада «құзыреттілік» ұғымы көбіне кәсіби дайындық, кәсіби шеберлік пен мамандықты меңгеру деңгейі ретінде қарастырылып келеді.

Ғалымдар іс-әрекеттің бағыт-бағдарлық негізінің құрылымында мынадай бөлшектерді бөліп қарастырады:

а) пән мен тәсілдер (ойлау, ұйымдастырушылық, байланыс);

ә) осы іс-әрекетте жасалатын пән мен үрдістің мәні туралы ұғымдық білім;

б) өз тәжірибесінде мақұлданған іс-әрекет тәсілдерінің жиынтығы;

в) осы іс-әрекетті шешілуге міндетті тапсырмалардың толық емес, ақпараттар жеткіліксіз, себеп-салдарлық байланыстың айқын емес, шешімдердің белгілі нұсқаларының жарамсыз болуы сияқты мәселелік жағдайда орындау тәжірибесі;

г) құндылық-мәндік мақсаттарына сәйкес жағдайларға және өзінің мінез-құлқына өзіндік сынық жүргізу жағдайында көрініс табатын рефлексия тетігі. Осылайша, құзыреттілік жеке адамның қасиеті ретінде сан алуан түрде болады: біліктілік дәрежесі, жеке тұлға ретінде өзін өзі көрсете алу тәсілі (әдеті, өмір салты, қызығушылығы), жеке адамның өз бетінше дамуының нәтижесі немесе қабілеттілігінің көрініс табу түрлері ретінде.

Ғалымдардың зерттеуінде құзыреттілік ұғымы өз құзыреттілігі аясында өз құқығына, міндет-борышы мен қажетті өкілеттілігі бар кәсіби міндеттер саласына сәйкес өз бетінше әрі жауапкершілік таныта отырып әрекет ете алу қабілеті деген мағынада қарастырылып, төмендегідей бағыттары қарастырылады:

- алдын-ала анықталған кез-келген мәселелерді шешу, жасау және талдау үшін, білім мен білік, өмірлік тәжірибелерді игеру;

- өмірде кездесетін танымдық кедергілерді өзбетінше шешу, жеке көзқарастарды анықтау үшін қажетті маманның білімділік деңгейі;

- маманға белгілі бір саланың стандарт талабына сай қойылатын жоғары біліктілік дайындығы;

- өмірге қажетті нақты кәсіби біліктілік пен білімді игеру т.б. Бұдан «құзырет» ұғымының кәсіби-педагогикалық мәні бар деген қорытынды жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» //Егемен Қазақстан. 2007, 15-тамыз.

2. Тұрғынбаева Б.А. Ғылыми-педагогикалық мамандар дайындаудың жаңа формасы. Жоғарыдан кейінгі білімдегі акмеологиялық амал: теория және тәжірибе. - Алматы, 2013. - 236 б.

3. Ожегов С.И. Словарь русского языка // под ред Шведовой Н.Ю. - М.: Сов энциклопедия, 1973. – 846 с.

4. Britell T.K. Competency and Excellence // In: Minimum Competency Achievement Testing / eds. R.M. Taeger, C.K. Title. – Berkeley, 1980. – P. 23-29.

5. Зеер, Э.Ф. Личностно-ориентированные технологии профессионального развития специалиста: Науч.-методич. Пособие / Э.Ф. Зеер, О.Н. Шахматова - Екатеринбург, изд-во Урал. гос. профессионально-педагогического университета, 1999 - 245 с

6. Маркова А.К. Психология профессионализма. - М.: МГФ «Знание», 1996. - 308 с.

7. Набиева Е.В. Формирование исследовательской компетентности студентов педагогического университета через систему спецкурсов по единой программе. автореф. канд. пед. наук Текст. /1999

8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 18.08.2010 ж., ҚР Білім және ғылым министрінің №454 бұйрығы.

ӘОЖ 378.147.34

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫН СТУДЕНТТЕРІНДЕ ОЙЛАУ ДИЗАЙНЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аманбайқызы Р., 3 курс докторанты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

e-mail: raikhan.83@mail.ru

Аннотация. Инновация мен креативтілікке бағдарланған қазіргі заманғы білім беру жағдайларында жоғары оқу орындарының студенттерінде ойлау дизайнын қалыптастыру маңызды міндет болып табылады. Мақалада ойлау дизайн ұғымы, оның негізгі

компоненттері және білім беру процесінде қолданылатын әдіснамалық тәсілдер қарастырылады.

Тірек сөздер: ойлау, ойлау дизайны, эмпатия, прототиптеу, шығармашылық ойлау, идеяларды топтастыру.

Аннотация. Важной задачей является формирование дизайна мышления у студентов вузов в современных образовательных условиях, ориентированных на инновации и креативность. В статье рассматривается понятие дизайна мышления, его основные компоненты и методологические подходы, применяемые в образовательном процессе.

Ключевые слова: мышление, дизайн мышления, эмпатия, прототипирование, творческое мышление, генерация идей.

Abstract. An important task is to form the design of thinking among university students in modern educational conditions focused on innovation and creativity. The article considers the concept of thinking design, its main components and methodological approaches applied in the educational process.

Key words: thinking, thinking design, empathy, prototyping, creative thinking, consolidation of ideas.

Бүгінгі қоғамда жоғары оқу орындарының түлегі күн сайын жағдайдың тұрақты даму динамикасына жауап бере отырып өмір сүріп, жұмыс істеуі керек. Қазіргі заманғы адамға шығармашылық, стандартты емес, сыни және сындарлы ойлау қажет. Осы айтылған ойлауды дамыту үшін жағдай жасау-қазіргі заманғы педагогикалық үдерістің негізгі міндеттерінің бірі. Үшінші мәдениет, атап айтқанда, жалпы білім беру пәні ретінде дизайнның қалыптасуы жағдайында ойлау дизайнын дамытудың тиімді құралдарын іздеу барған сайын өзекті болып келеді. Бұл жоғары білім беру жүйесіндегі педагогикалық даярлық сапасын арттыру проблемаларының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Алайда, бүгінгі таңда қазіргі заманғы педагогикада оқытудың жеке нысандарына, оқытудың әртүрлі әдістері мен құралдарын әртүрлі үйлесімде пайдалану жоспарлануда. Жоғары оқу орындарында бір әдістемені екіншісімен ауыстыру ғана емес, оқу жоспарларын түбегейлі қайта құру қолға алынып, жалпы маманды қалыптастырудың бүкіл жүйесіне көзқарас өзгеруде.

Ойлау жүйелілігінің оқытудағы маңыздылығын дәріптеген ежелгі грек ойшылы Сократ өз шәкірттерімен пікірталас жүргізуде дұрыс жауапқа әкелетін сұрақтар қоюға бағытталған оқыту әдісін қолданған. Жоғары деңгейдегі ойлауды қалыптастыруға бағытталған жүйелі сұрақ қоюдың бұл түрі қазіргі ғылымда сократтық сауал қою әдісі деп аталады. Оның ізін жалғастырушы Платонның пікірінше, оқытудың осы әдісінің қағидасы — оқушы білімін ең жоғарғы деңгейге көтеру үшін мұғалім өзін білімсіз күйде көрсетуі тиіс[1].

Теориялық әзірленуін, практикалық жүзеге асырылуын және маңыздылығын талдай отырып педагогикалық теория мен практиканың логикасы қазіргі заманғы білім берудің күн тәртібіне ерекше міндет қояды: студенттерде «ойлау дизайны» деп атауға болатын ерекше ойлау типін қалыптастыру. Оны кешен ретінде басшылыққа ала отырып, сананы ерекше бағдарлап, бағалау пайымдауларынан және шығармашылық қызмет тәсілдерінен тұлға заттардың әлеміне эстетикалық көзқарасты қалыптастыра алады.

Дизайн көптеген қызмет аясын қамтитын өнер түрлерінің синтезі болып табылады: жоспарлағанға дейін жекелеген заттарды жобалау, қазіргі заманғы қоғамның жаңа мәдени қажеттіліктерін қалыптастыру және игеру. Бұл дегеніміз ойлау дизайнын ойлауға қызмет ететін ойлау қызметі ретінде ғана емес, мұндай ойлау қазіргі әлемдегі адамның жайлы өмір сүру мүмкіндігінің кепілі болады. Ойлау дизайнын неғұрлым нақты анықтау үшін кәсіби міндеттерін жоғары деңгейде орындайтын маманның ойлау ерекшеліктеріне сүйену қажет.

Ойлау дизайны интуитивті болуға, заңдылықтарды табуға және эмоционалды тартымды ғана емес, функционалды да болатын идеяларды ойлап табуға адамның табиғи (және дамитын) қабілетіне сүйенеді. Егер жағдайды талдау оңай болмаса немесе онда жеткілікті көлемде метрикалық деректер болмаса, ойлау дизайны көмектесуі мүмкін. Қажет

кезде шешім қабылдау немесе жаңа бір нәрсе ойлап табу, бұл әдістеме проблеманың мәнін түсінуге және шабыт табуға көмектеседі.

Ойлау дизайн ұғымын ашу үшін өнімді ойлау тетіктерін ашу қажет, олар қандай да бір дәрежеде өзара тығыз байланысты және ортақ мәнге ие. Гештальтпсихологияның өкілдері (М.Вертгаймер, В.Келер, К.Коффка және басқалар) ойлауды тек өнімді процесс ретінде түсіндіретін бағыт өкілдері болып табылады. Ойлау өнімділігін олар оны басқа психикалық процестерден ерекшелетін өзіндік ерекшелік ретінде қарастырады. Ойлау белгісіз буындарды қамтитын проблемалық жағдайда пайда болады. Жағдайдың өзгеруі осындай шешімге әкеледі, білім қорында жоқ болса да нәтижесінде жаңа нәрсе пайда болады.

А.Н. Леонтьев бойынша, ойлау - шындықты оның объективті қасиеттері, байланыстары мен қатынастары, оларға тікелей сезімдік қабылдаумен қол жетімсіз объектілер кіретін саналы түрде бейнелеу процесі деп санайды[2].

А.В.Брушлинский бойынша, ойлау деп сөзбен тығыз байланысты, өз бетінше іздеудің және практикалық қызмет негізінде пайда болатын шындықты талдау барысында едәуір жаңаны ашудың әлеуметтік негізделген психикалық процесі[2].

Ойлау белсенді мақсатты қызмет болып табылады, оның барысында қолда бар және жаңадан келіп түсетін ақпаратты өңдеу, сыртқы, кездейсоқ, оның екінші дәрежелі элементтерін зерттелетін жағдайлардың мәнін көрсететін негізгі, ішкі элементтерден алып тастау жүзеге асырылады, олардың арасындағы экономикалық байланыстар ашылады. Бұл шындықты жалпыланған және жанама тану, оның процесінде адам ойы қоршаған шындықтың мәніне шексіз тереңдей түседі, оның заңдылықтарын ашады. Ойлауды басқалардан ажырататын ең басты белгі психикалық процестер - жаңа білімді ашуға бағытталуы - оның өнімділігі.

Ойлау дизайны - бұл ең алдымен шығармашылық ойлау.

Шығармашылық ойлау туралы алғашқылардың бірі болып американдық психолог Дж.Гилфорд жазды. Ол ойлаудың "шығармашылығы" ондағы 4 ерекшеліктің үстемдігімен байланысты деп есептеді: [3]

1. Бірегейлігі, айтылған идеялардың өзгешелігі, зияткерлік жаңалыққа деген ұмтылысы айқын көрінеді. Шығармашылық адам әрдайым дерлік және барлық жерде өзінің, басқалардан өзгеше шешімін табуға тырысады.

2. Семантикалық икемділік, яғни объектіні жаңа қырынан көру, оны анықтау мүмкіндігі жаңа қолдану, іс жүзінде функционалды қолдануды кеңейту.

3. Бейнелі бейімделу икемділігі, яғни объектіні қабылдауды келесідей өзгерту мүмкіндігі оның жаңа, бақылаудан жасырылған жақтарын көру.

4. Семантикалық стихиялық икемділік, яғни әр түрлі идеяларды шығару мүмкіндігі белгісіз жағдай, атап айтқанда, осы идеялар үшін сілтемелер жоқ.

Кейіннен шығармашылық ойлауды анықтауға басқа да авторлар әрекеттер жасалды, бірақ ол Дж. Гилфорд ұсынғаннан іс жүзінде айырмашылығы жоқ [4].

Сонымен, шығармашылық ойлау - субъективті жаңа өнімнің жасалуымен және оны жасау жөніндегі танымдық қызметтегі жаңа құрылымдармен сипатталатын ойлау түрлерінің бірі. Жоғарыда айтылғандардың бәрінен келіп шығатыны, «ойлау дизайны» - бұл белгілі бір арнайы білім (конструкторлық, көркемдік және т.б.) бар, сондай-ақ шындыққа және онда болу тәсіліне стандартты емес көзқарас қалыптасқан ойлау түрі [5].

Ойлау дизайны - бұл қолданушыға бағытталған шешімдерді әзірлеуге ықпал ететін әдіснама. Оның көмегімен күрделі мәселелерді жүйелі түрде талдай отырып шешуге болады. Болашақ педагогтар үшін бұл дағдыны игеру балаларды оқыту мен тәрбиелеуде креативті тәсілді қалыптастыру үшін маңызды болып табылады.

Бұл екі ұғымның да ұқсастықтары көп, алайда «ойлау дизайн» ұғымы

- бұл шығармашылық ойлаудың бір бөлігі және ол материалдық заттарды ұғынуға және өзгертуге бағытталған.

Болашақ педагогтердің ойлауы шығармашылық процесте болады, сондықтан педагогтің табысты қызметі үшін дамыған шығармашылық ойлау қажет деп айтуға болады.

Осының негізінде педагогтер үшін шығармашылық ойлаудың белгілі бір қасиеттерін бөліп көрсетуге болады.

- дербестік (мысалдарға, дәстүрлерге, негіздерге сүйенбей ойлай білу);
- тұжырымдамалық (ескіні сындыра отырып, бос орынға жаңа нәрсені ұсыну керек).
- байқампаздық;
- диалогтылық, өзара іс-қимыл және қарым-қатынас ашықтығы (командада жұмыс істей білу, сыпайылық, жауапкершілік);

Ойлау дизайн процесі нақты, әлеуметтік маңызды жобалық міндетті шешу процесі болып табылады. Кез-келген міндетті шешу - бұл белгісіз адамды іздеу, ол логикалық және интуитивтік бастаудың, талдау мен синтездеудің, ассоциативтік ойлау, эвристикалық әдістер мен тәсілдер арқылы жүзеге асады. Педагогтің шығармашылығында модельдеу құралдарына маңызды рөл беріледі: санада пайда болатын бейнелердің түрлі комбинациялары бүкіл ақыл-ой процесін едәуір жеңілдететін көптеген сызбаларда көрінеді. Шығармашылық ойлау дизайны икемділікпен, жүйелілікпен, эмоционалдылықпен, түпнұсқалығымен сипатталады.

Ойлау дизайны-бұл қолданушылардың қажеттіліктерін түсінуге, идеяларды құруға және оларды прототиптеу арқылы сынауға баса назар аударатын мәселелерді шешу әдістемесі. Бұл тәсіл адамдардың қажеттіліктері мен контексттерін сенімді түрде қарастыратын шығармашылық шешімдерді табуға көмектеседі.

Ойлау дизайны бірнеше негізгі кезеңдерді қамтиды:

Эмпатия - қолданушылардың қажеттіліктері мен проблемаларын түсіну. Мақсатты аудиторияның проблемалары мен қажеттіліктерін терең түсіну. Педагогикалық университет контекстінде бұл студенттер болашақ оқушылардың қажеттіліктерін олардың үміттері мен параметрлерін тыңдау арқылы үйренуі керек дегенді білдіреді.

Мәселені айқындау - шешілуі тиіс нақты проблеманы тұжырымдау. Бұл кезеңде шешілуі керек мәселенің мәні тұжырымдалады. Бұл оқу процесіндегі кемшіліктерді анықтау немесе оқытудың жаңа әдісін жасау болуы мүмкін.

Идеяларды топтастыру - идеялар мен баламалы шешімдерді шығару. Идея миға шабуыл жасауды және анықталған мәселені шешу үшін идеяларды құруды қамтиды. Студенттер монотонды шешімдермен шектелмей, әртүрлі тұжырымдамаларды ұсынуды үйренеді.

Прототиптеу - идеяларды тестілеу және визуализациялау үшін прототиптер жасау. Прототиптерді жасау идеялар мен тұжырымдамаларды визуализациялауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл мәселені шешуге деген көзқарасты тез тексеруге және өзгертуге көмектеседі, бұл оны икемді етеді.

Тестілеу - прототиптерді тексеру және кері байланыс алу. Осы кезде қандай аспектілер жұмыс істейтінін және қайсысы жақсартуды қажет ететінін түсіну үшін қолданушылардан (бұл жағдайда студенттер мен оқытушылардан) кері байланыс жинау маңызды.

Бұл кезеңдер студенттерге сыни және шығармашылық ойлауды, сондай-ақ командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Болашақ педагогтерде ойлау дизайнын қалыптастыру үшін ойлау дизайнын білім беру процесінің құрылымына енгізу қажет және оны бір пәннің шеңберімен шектеуге болмайды.

Болашақ педагог шығармашылық дамыған толыққанды оқушы тұлғасының дамуы мен қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі инструмент ретінде қарастырыла алады. Сондықтан да болашақ педагог ең алдымен өзін өзі және өзінің шәкірттерін тудыра алатындай болуы керек. Болашақ педагог тұлғасында ауқымды ойлау, шығармашылық көзқарас, эрудиция тәріздес сапалар болғаны абзал[6].

Сабақ үдерісінде ойлау дизайнын қалыптастыру келесі кезеңдер арқылы жүзеге асады:

Тапсырманың контекстін құру: оқытушы жобаны немесе сұранысты студенттердің қатысуына ықпал ететін нақты мәселелерге сүйене отырып тұжырымдайды.

Топтық жұмыс: Студенттер командаларда жұмыс істейді, бұл ойлар мен идеялармен алмасуға, сондай-ақ коммуникативті жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Брейкаутты өткізу: интерактивті сессиялар, онда студенттер өз идеяларын жүзеге асырады және оларды талқылай алады, бұл олардың шығармашылық деңгейін арттырады.

Шешімдерді прототиптеу: студенттер ұсынылған мәселенің қарапайым шешімдерін жасайды, бұл білімді практикалық қолдануға ықпал етеді.

Кері байланыс және рефлексия: нәтижелерді талқылау және оларды топтарда сыни тұрғыдан түсіну түсінуді тереңдетуге және жақсарту бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық университет студенттерінде ойлау дизайнын қалыптастыру -бұл жастарды оқыту мен тәрбиелеуде жаңа көкжиектер ашатын күрделі, бірақ қажетті процесс. Ойлау дизайнын дамыта отырып, болашақ педагогтер өз қызметінде тиімдірек бола алады, оның бірінші ерекшелігі-оқушылар мен жалпы білім беру ортасына қатысты нақты мәселелерді анықтау және шешу мүмкіндігі. Конструктивті оқыту әдістемесі студенттерді процеске белсенді қатысуға, сыни тұрғыдан ойлауға және шығармашылық шешімдер табуға ынталандыру арқылы осы мақсатқа жетудің күшті құралдарын ұсынады. Бұл өз кезегінде олардың кәсіби және жеке дамуына ықпал етеді, оларды тиімдірек етеді.

Ойлау дизайнын қалыптастыру инновациялық педагогикалық тәсілдермен үйлесімді түрде үйлеседі, өйткені ол оқушыларда эмпатияны қалыптастырады, олардың проблемаға назар аударуына ынталандырады, бақылау процесінде алынған барлық нәрсені терең түсінуге ынталандырады, эмоцияларды ұтымдылықпен үйлестіре отырып, идеяларды тудыруға үйретеді, студенттерді жұмыс жасауға ынталандырады, осылайша сіздің идеяңызды тексереді және өзін-өзі жүзеге асырады. Жүргізілген зерттеулер толық емес, ол студенттердің ойлау дизайнын дамытудың ең тиімді әдістерін және жоғары оқу орындары түлектерінің дайындығын жақсартуда көрмелер құру қызметін пайдалану мүмкіндіктерін одан әрі іздеуге негіз бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Р. Калдыбекова, Б. Абдиманопов, Н. Карменова, Г. Бердыгулова. Оқушылардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын сұрақ қою әдісі арқылы қалыптастыру жолдары. Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы.
2. Агабабян А. Р., Арутюнян Н. Д. К вопросу взаимосвязи креативности с личностными характеристиками // Ананьевские чтения, 2007: Материалы научно-практической конференции. СПб., 2007
3. Афанасьева О. В. Творчество: свобода и необходимость: сущность творчества. Пути повышения творческой активности. М., 1995
4. Банюхова А. Е. Проявление креативности в зависимости от статуса в группе и типа профессии. Психология XXI века: Материалы научно-практической конференции студентов, аспирантов и молодых ученых. СПб., 2008
5. Барышева Т. А., Жигалов Ю. А. Психолого-педагогические основы развития креативности. СПб., 2006.
6. С.К. Абильдина, С.Х.Медиева, Р.Б. Асилбаева, Қ.Т. Аналбекова. Болашақ педагогтардың педагогикалық дизайнды қолдануындағы шығармашылықтың рөлі. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(77), 2023 ж.

Керейбаева Ж.У.

№144 Сақтапберген Әлжіков атындағы
орта мектептің тарих пәні мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі
e-mail: K.zhibek92@mail.ru

Аннотация. Мақалада Қазақстандағы репрессиялық саясаттың салдары өте ауыр болғандығы айтылады. Қазақстанда Кеңес үкіметіне қарсы көтерілістің ірі ошақтары жайында мағлұмат беріледі. Жазықсыз адамдар азапталып, еңбек лагерінде жұмыс істеуге мәжбүр болды, жер аударылды және атылды.

Тірек сөздер: ұлт зиялылары, қуғын-сүргін, қуғын-сүргін саясаты, деректер, Қарақұм көтерілісі, Асан көтерілісі.

Аннотация. В статье говорится о том, что последствия репрессивной политики в Казахстане были чрезвычайно серьезными. В Казахстане появились крупные очаги восстания против Советского правительства. Невинных людей пытали и заставляли работать в трудовом лагере, депортировали и расстреливали.

Ключевые слова: интеллигенция нации, репрессии, политика репрессий, факты, Каракумское восстание, Асанское восстание.

Annotation. The article says that the consequences of repressive policies in Kazakhstan were extremely serious. Kazakhstan appeared large foci of rebellion against the Soviet government. Innocent people were tortured and forced to work in a labor camp, deported and shot.

Key words: intellectuals of the nation, repression, policy of repression, facts, Karakum uprising, Asan uprising.

Қазақ зиялыларының көрген қасіретін, рухани жан азабын жеткізу өте ауыр. Сталиндік саяси қуғын-сүргін қоғам өмірінің барлық саласын қамтығандықтан, тіпті оның құрығына әйелдер мен балалар да ілікті. Ал ХХ ғасырдың 20-50 жылдары қазақ халқының тарихында аса бір азалы жылдар болды. Бұл ұлт зиялылары тағдырында айрықша бейнеленді. Ұлт зиялылары деп кімдерді атаймыз? Зиялылық ұғымына айқындық беруге тырысқан М.Шоқай: «Оқыған, тәрбие көрген адамдардың бәрін **зиялы** деп атап, оны сол адам өзі тән болған **«ұлт зиялысына»** қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттардың төңірегіне жиналған оқымыстыларды зиялы деп атауға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалыптқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады» деген болатын [1, 3-5 б].

Қазақ халқы үшін ХХ ғасырдың ең ауыр қайғысы атанған сталиндік қуғын-сүргін кезінде талай абзал азаматтарымыздың басы оққа байланды. Көрнекті тарихшы ғалым К.Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» атты кітабында: «1930 және 1932 жылдардағы бұрынғы Алаш қозғалысына белсенді түрде қатысқан қазақ зиялыларының басым көпшілігі саяси сот процестері шығарған үкімге байланысты әртүрлі ұзақ мерзімдерге концлагерлерге айдалды, атылды, жер аударылды. Одан аман қалғандарына «халық жауы», «шетелдер пайдасына қызмет еткен шпион» деген жалған айыптар тағылып, 1937-1938 жылдардағы үлкен террорда жаппай атылып, айдалды» деген қорытынды жасаған еді [2].

Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған соңғы деректер бойынша, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбандарының саны 40 миллионға жеткені айтылып жүр. Дегенмен де, нақты есебі әлі күнге анықтала қойған жоқ. Сол сталиндік қасіреттің Қазақстанды да айналып өтпегені баршаға аян.

Кейбір деректер бойынша 1929-1932 жылдарда 372 көтеріліс болды. Ең ірі қақтығыстар Бетпаққара, Созақ, Бостандық, Ырғыз, Қазалы, Қызылқұм, Қармақшы, Ақсу, Бөрібай,

Сарқант, Абыралы, Шұбартау және т.б. аудандарда өткенін білеміз. Зырянов Өскемен, Самара, Шемонаиха, Қатонқарағай аудандарында күшті толқулар болған. Наразылық салдарынан халықтың едәуір бөлігі республикадан тыс жерлерге, атап айтсақ Қытайға, Иран мен Ауғанстанға кетіп жатты [3, 413-414-б].

Қазақ шаруаларының ұйымдасқан алғашқы көтерілістерінің бірі- Қарақұм көтерілісі еді. Қарақұм көтерілісі – кеңестік әміршілдік жүйеге қарсы бағытталған қарулы қақтығыс. Бұл көтеріліске [Қазалы ауданы](#), [Қармақшы ауданы](#), [Тереңөзек ауданы](#), [Аламесек](#), т. б. аудандардың жеке-жеке топ болып, шаруа жайымен көшіп-қонып жүрген шаруалары қатысты. Көршілес [Ырғыз ауданы](#), [Арал ауданы](#), [Қарсақпай ауданының](#) бірқатар ауылдары да осы бас көтеруге қосылды. Жаңа өкіметтің қысымына шыдамай, Қарақұмды паналаған ауылдар қолдарына қару алып, қорғануға мәжбүр болды. Көтерілісшілердің үлкен бір тобын дінбасы Ж.Бәйімбетов басқарды. Қуғыншы қызыл әскерлердің Қармақшыдан және Ырғыздан шыққан отрядтары 7 сәуірде көтерілісшілер жасырынған жерге таяу келіп, қанды шайқас болды. Ұрыс кезінде көтерілісшілерден 35 адам өліп, 23-і жарақаттанған. Ал қызыл әскерлерден 40 адам өліп, олар кейін шегінуге мәжбүр болған. 1930 жылы 13 сәуірде Аралға келген әскери округтік комиссия Қарақұмға үкімет комиссиясын жіберуді ұсынды. Нәтижесінде ҚазОАК төрағасының орынбасары Әліби Жангелдин, жазушылар [Сәкен Сейфуллин](#) мен [Ғабит Мүсірепов](#), т.б. бар мемл. комиссия Қарақұмға аттанды. Бірнеше күнге созылған келіссөзден кейін, олар қаруы бар көтерілісшілердің қаруын тапсыруға көндірді. Көтерілісшілер жағынан келіссөзге қармақшылық Бәйімбетов, т.б. қатысты. Олар үкімет алдына 7 шарт қойды. Мемлекеттік комиссияның шешіміне қарамастан, Қазақстан К(б)П Өлкелік комитетінің 1-хатшысы Ф.И.Голощекиннің тапсырмасымен, келіссөзге қатынасқан [4, 298-б].

Бәйімбетов, Ы.Әлмағамбетов, Б.Байбахтин, М.Қыпшақбаев, С.Қуандықбаев, Ө.Өмірбаев, Б.Талқанбаев, Т.Ахметов [Алматыға](#) әкелініп, абақтыға жабылды. 1930 жылы 15 шілдеде Қазақстандағы Біріккен Саяси Бас басқармасының үштігімен олар түгелдей ату жазасына кесілді. Осыдан кейін Қарақұмдағы шаруалар қайтадан бас көтеріп, өздеріне Жұбановты хан етіп сайлады. Сонымен, тамыз-желтоқсан айларында болған қарулы қақтығыстан кейін көтеріліске қатысты деген айыппен қолға түскен 586 адамның 210-ы кедейлер мен орташалар ретінде босатылды, 6 адамның ісі ОГПУ-дің Қарсақпай аудандық бөліміне жан-жақты тексеруге жіберілді. ОГПУ-дің Ерекше үштігінің шешімімен 175 адам ату жазасына кесілді. 172 адам 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзету лагеріне жіберілді. 6 адам Қазақстанның өзге аймақтарына жер аударылды. Шығыс [Сібірге](#) 5 жылға 1 адам, еңбекпен түзету лагеріне 3 жылға 9 адам айдалды. Көтеріліске қатысушылардан 37 адам қаза тауып, 6 қызыл әскер, 3 саяси қызметкер, 3 коммунар өлген [5].

Осы тұста айта кететін жайт Қазалы ауданында болған Асан көтерілісі. Көтеріліске 3000-ға жуық шаруа қатысты. Көтерілістің себебі Кеңес үкіметінің зорлықшыл саясатына қарсы туындаған еді. Бұл көтерілісте де қарулы әскер күшімен басылып-жаншылып, қозғалыс басшыларынан адам ату жазасына кесілді.

Тарих беттерін ақтаратын болсақ, не бір тарихи тұлғаларды кездестіруге болады. Сондай тарих бетінде ізі мәңгілікке қалған тұлғалардың бірі - Сталин. Миллиондаған жазықсыз жандардың өміріне себепкер болған Сталин қоғамдық өмірі мен саяси санада орын белгілеп, *"сүйікті көсем, әке және ұстаз"* ретінде дәріптеуге қол жеткізді. Сталиннің аузымен айтылған әр сөз, ол жазған әр сөйлем мемлекеттік идеологияның өзегі болып табылды. Сталиндік репрессия зобалаңы 1937-1938 жылдары өзінің шыңырау шыңына жеткен болатын. Бұл кезеңді бүгінде ұлы зұлмат-зобалаң жылдары деп атайды. Сталиндік репрессия жылдарында қаншама көзі ашық, көкірегі ояу арыстарымыздан айрылды. Тіптен айтып түгелдеу мүмкін емес [6].

Сталиндік қуғын-сүргін, зобалаң көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарымызға ғана ажал болып тиген жоқ, сондай-ақ жесірлері мен жетімдерінде зар жылатты. Қанша арулар, бейкүнә балғындар қайғы-қасіретпен қатар, қатаң қудалау, мен қатігездіктің де құрбаны болып жатты. Міне, бүгінгі таңда жандарын шүбереке түйіп, бастарын оққа байлаған

арыстарымыз армандаған тәуелсіз мемлекетте өмір сүрудеміз. Тарихта аттары алтын әріппен жазылған кешегі алаш азаматтарының, оның ішінде «Үлкен террордың құрбандары» болған азаматтарымыздың есімдерін жас ұрпақ ұмытпауы тиіс. Ел үшін еңіреніп, арманда кеткен арыстарымызды ардақ тұту арымызға да, азаматтығымызға да үлкен сын болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қайырбекова Б. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан (саяси қуғын - сүргін). Қызылорда, 2013 ж. -112 б.
2. Қозыбаев М.Қ. Ақтандақтар ақиқаты. Алматы, 1992 ж.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 4 том-Алматы, 2010ж. -752 б.
4. Сыр елі Қызылорда облысының энциклопедиясы, -542 б.
5. Байқадамов Н. Қарақұм қозғалысы: Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу//Сыр бойы.-2012ж. 26 мамыр -8-9 б.
6. Жалдыбаев Ә. Жүргеновта жазықсыз жазаланды: ақтандақтар ақиқаты// Ақиқат.-2009ж.- №8.-30-35 б.

ОӘЖ 37.013

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АГРЕССИЯСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-НЕГІЗДЕРІ

**Акылбекова Эльмира Акылбековна
Даниярова Айтолкын Темирболатовна., Боранбайқызы Айдана.**

(БІ Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ.)

Аннотация: мақалада инстинк пен әлеуметтік норманың бір-біріне қайшылығы, қимылдың шектелуінен ішкі жағдайдың туу салдарынан агрессияның, яғни зорлықтың пайда болуы. Адам зорлықты өзіне, өзгеге және қоршаған сыртқы ортаға қатысты жасайды. Өмірге құштарлық және өлімге ұмтылуы, осы қарама-қайшылықтың түсінігі махаббат пен өшпенділіктің бірдей теңдігін көрсетеді.

Тірек сөздер: эмоция, адам, қарым-қатынас, агрессия, инстинк, өмір.

Аннотация: В статье конфликт между инстинктом и социальными нормами, возникновение агрессии, то есть насилия, обусловлено рождением внутренней ситуации вследствие ограничения движения. Человек совершает насилие над собой, другими и окружающей средой. Желание жизни и желание смерти, концепция этого контраста, показывает одно и то же равенство любви и ненависти.

Ключевые слова: эмоция, человек, отношения, агрессия, инстинкт, жизнь.

Annotation: In the article, the conflict between instinct and social norms, the emergence of aggression, that is, violence, is caused by the birth of an internal situation due to the restriction of movement. A person commits violence against himself, others and the environment. The desire for life and the desire for death, the concept of this contrast, shows the same equality of love and hate.

Key words: *emotion, human, relationship, aggression, instinct, life.*

Психология ғылымында психикалық құбылыстарының ішіндегі көп зерттелінген құбылыс эмоциялық құбылыс болып табылады. Дегенмен эмоцияның жан-жақты қырларының ерекшеліктерін әрбір жеке адам түрліше өткізетін болғандықтан психологтар арасында бұл мәселе үнемі шешімі шексіз болып қала береді.

Эмоциялық тұрақсыздықтың бір көрінісі – агрессивтілік адамның жеке тұлғалық қасиет ретінде де, эмоциялық жан күйзелісі ретінде де зерттелінеді. Сондықтан бұл мәселені зерттеу бірнеше бағыттан тұрады.

Психоаналитикалық бағыт – бұл тұжырымның негізін қалаушы З.Фрейд.

Ұзақ жүздеген жылдар бойы, оның теориясы қызу да қатаң тартысқа айналған. Фрейд еңбегінің арқасында агрессия және агрессивтілік моральдық тақырыптың ой тартысы, ғылыми сараптаманың негізгі объектісіне айналды. Фрейдтің бастапқы жұмыстарының тұжырымы бойынша бүкіл адамзат әрекеті бұл тікелей болмаса жанама «эростың» ағыны, өмір инстинкті, өмірдің сақталып – мықтылануына бағытталған энергия көзі. Агрессия бұл тұрақты емес, алайда қашып құтыла алмайтын өмірдің бір бөлігі.

Бері келе заманға сай көптеген оқулықтарда көрсетілгендей агрессияның деректемесінің тәртібін психоаналитикалық анықтамада - «Танатос» деп көрсетеді. Танатос - өлім мен талқандалуға деген инстинкті қызығушылық, ұмтылыс. Фрейдтің ұғымы бойынша танатос бұл өлімге ұмтылыс, танатостың энергиясы жарық өмірдің аяқталып, талқандалуына бағытталған [1,586].

Үлкен қарама – қайшылықтың бір бағыты өмірдің сақталуы мен талқандалуы, ал басқа механизмдер қызмет етуі танатос энергиясының мақсаты, бағытталуы, өзімен бой алып, өзіме бағыттау. Фрейдтің тұжырымы бойынша бүкіл адамзат әрекеті эрос пен танатостың арасындағы өзара қарым-қатынасы мен тартыс күшінің нәтижесі. Осылай танатос жанама себепкер болу арқылы агрессия сыртқа шығарылып, өзге біреуге бағытталады.

Агрессия, өзгеге бағытталу: Инстинк пен әлеуметтік норманың бір-біріне қайшылығы, қимылдың шектелуінен ішкі жағдайдың туу салдарынан агрессияның, яғни зорлықтың пайда болуы. Адам зорлықты өзіне, өзгеге және қоршаған сыртқы ортаға қатысты жасайды. Өмірге құштарлық және өлімге ұмтылуы, осы қарама-қайшылықтың түсінігі махаббат пен өшпенділіктің бірдей теңдігін көрсетеді. Өлімге ұмтылу зорлық-зомбылықты әкелсе, ал махаббат агрессивтілікті (сексуалдық) тудырады. Фрейдтің агрессияны табиғи қайнар деп қарастыруы пессимистілік. Бұл әрекет тек туа бітіп қоймай, танатостың энергиясы іштен шықпай қалуы индивидтің өзін-өзі талқандалуына әкеліп соқтырады. Агрессияның сыртқа эмоция арқылы көрінуі, талқандаушы энергияның азайып, жеңілдеуін ыңғайлы тәсілмен сыртқа шығарылуы көңілге үміт ұялатады. Осылай әрдәйым шығарылуы агрессивті мінез-құлықты, қызбалылықты, кекшілдікті, сарказм мен өсекке жақындылықты бойына сіндіруі мүмкін [2].

Этиологиялық көзқарас: К.Лоренц агрессия – бұл ұзақ эволюциялық даму деп қарастырады. Лоренцтың ойы бойынша агрессия – бұл біткен инстинк, өмір сүру үшін күресу, бүкіл адамдарға және жануарларға тән қасиет. Адам бұл өзінің әрекеті табиғатқа тиесілі екенін түсінуі қажет. Агрессияны зерттей келе ол оны жануарлармен ортақ табиғи заңдылық деп қарастырады.

Агрессия генетикалы фонды жақсартуға көмектеседі, яғни күшті энергиясы мол индивидтер өзінің ұрпағын сақтап қала алады. Күшті жануарлар өз ұрпағын сақтап қалуға күші жетеді. Агрессивтілік бірлесе жасалған функцияның бірі. Осы мезетте жиналған энергияның саны, өнбойынан агрессияның сыртқы шығуына әкеледі. Басқа тіршілік иелеріне карағанда адамдарда бір-біріне деген зорлық-зомбылығы көбірек. К.Лоренцтің ойы бойынша бүкіл тіршілік иелерінде туа біткен инстинкті тартыстан басқа, ол өзінің ұмтылысын үстем ұстайтын мүмкіндікке ие және бұл мүмкіндік өзінің құрбанына қиянат әкелетін әрекетке тиесілі. К.Лоренц осылай тұжырымдай келе агрессияны құтыла алмайтын туа біткен күш деп қарастырады. Сондай ақ оның айтуы бойынша агрессияны жеңілдетіп, кейбір әрекеттерді бақылауға алуға болады. Оның жорамалы бойынша адам әртүрлі әрекеттер жасау арқылы, біреуге қиянат келтірмейтін жағдайлар, агрессия энергиясының қауіпті деңгейге дейін жинақталуын жеңілдетеді .

Лоренцтің тұжырымы бойынша – достық жылы қарым-қатынас махаббат ашық агрессияның ушығуын жауып жеңілдетуі мүмкін [3].

Аңшылық гипотеза: Адри - Голливуд сценарисі «әуесқой архиолог», бірнеше кітаптар жазған. Адридің тұжырымдауы бойынша, іріктеп алу нәтижесінде аңшылықтың жаңа түрі пайда болуы: «Біз аштықта болмас үшін – шабуылдадық. Біз қауыпке лайықты қарсы тұрмасақ онда біз тіршілік етуді тоқтатар едік. Біз аңшылыққа анатомиялық және физиологиялық жағынан икемделгіміз». Бұл табиғи аңшылық адамзат агрессиясының негізін

құрайды. Адридің тұжырымдауы бойынша осы аңшылық инстинкт адам миының дамуы – қару-жарақтың шығуы, адамды бір-біріне шабуылдайтын тіршілік иесін құрайды [4,106б].

Э.Фроммның агрессияға көзқарасы: Агрессия – бұл өлімге, қайғыға ұмтылыс. Э.Фромм зорлықтың бірнеше формасын көрсетеді: ойын арқылы зорлық, біреуден кек алу үшін, сеніміне жай түскендей болған кезде, біреу-біреуді өз билігіне жүгіндіруі, оны қорғансыз объектіге айналдыру, оған ойына келгенін жасау, балағаттап, қорлау негізгі мақсат-қайғыруға мәжбүр ету. Адам өзі жаңа нәрсені біліп, шығара алмаған кезде, ол өз күшін талқандауға жұмсайды. Яғни адам, дегені болмаған кезде зорлыққа, агрессияға жол береді. Адам бойындағы қайрымдылыққа, махаббатқа, сенімге көңілі қалған жағдайда, талқандауға кіріседі. Көңілі қалу өмірді жек көруге әкеліп соқтырады. Зорлық-зомбылық бір индивитке және топқа қатысты болуы мүмкін. Зорлық-зомбылық талқандауға бағытталса, ал өмірді қорғауға бағытталған – агрессия бұл басқаша түсінік. Реактивті зорлық-зомбылық өзінің бостандығын, мәртебесін қорғауға бағытталған, мұның негізгі мақсаты құрып – қалыптастыру болып саналады.

Сөйтіп Э.Фроммның белгілеуінше фрустрациялық қажеттілік пен құмарлық көпшілік арасында әдеттегі құбылыс, агрессия мен зорлық әрдайым көрініп отырады деп атап көрсетті.

Фромм зорлық пен агрессия проблемасын адамның әлеуметтік мінез-құлқы сұрағымен байланыстырды. Көпшілік топ өз индивитінің нақты ерекшеліктерін, сондай-ақ зорлыққа қатынасын мақсатты бағыттап қалыптастырады.

К.Ю.Юнгтің агрессияға көзқарасы: агрессия, зорлық-зомбылық санадағы санасыз адам психикасындағы қимыл әрекет деп түсіндіреді. Индивидтің дау-дамайы оның қорлықтан құтылмайтын түнек бөлігі, рухани талқандалуы, жеңуі, жаңаруы [5].

Ал С.Розенцвейг – фрустрацияны шақыратын үш себебін бөліп көрсетті:

1. Мақсатқа жетуге қажетті нәрселер болмауы болмаса қажетін қанағаттандырудан айрылу «ішкі айрылу» және «сыртқы айрылу» болып бөлінеді. «Сыртқы айрылу» - фрустратор адамның өзіне байланысты емес; «ішкі айрылу» - фрустратор адамның өзіне байланысты.
2. Затты болмаса қандайда бір объектіні жоғалту, ертеректегі қанағаттың қажеттілігі.
3. Дау-дамай бір уақыттағы бір-біріне үйлеспейтін жағдай, тұрақсыз күй немесе қатынас.

Агрессия фрустрациялы жағдайдан шығудың бір жолы болып қарастырылады.

Жалпы алғанда агрессияда өмір сүруге қажетті өзіндік оң, сау қасиеттері де бар, мысалы қайсарлық, мақсатқа жетудегі табандылық, жеңіске ұмтылу, кедергілерді жеңу сияқты қасиеттер. Сондықтан тәрбие жұмыстары балалардың мінезінен агрессияшылдықты толық алып тастауға емес, оның жойқын, бейәлеуметтік көрінісін шектеу мен бақылауға және оның мақсаткерлік, табандылық, өз-өзіне қорған бола білу, жағымсыз не зиян нәрсеге "жоқ" деп айта білу сияқты оң көріністерін ынталандыруға бағытталуы тиі.

Агрессияға жол бермеуге болады:

- ✓ Балаға сүйіспеншілік көрсету - шамадан тыс агрессияны болдырмаудың ең абзал жолы болып табылады.
- ✓ Ата-аналар өз тарапынан баланың агрессивті мінез-құлқының себептерін түсінуге және оларды жоюға тырысу керек.
- ✓ Балаға тасып тұрған қуатын сарқуға мүмкіндік беріп тұрыңыз, ол өзі жалғыз немесе досымен бірге ойнасын; аса белсенді баланың қолын бос қалдырмаңыз, оның тасыған қуаты "бейбіт" мақсатта (спорт, ғылыми үйірмелер, "көркем өнер" және т.с.с) жұмсалсын.
- ✓ Зорлық-зомбылық пен қатыгездік көріністері бар фильмдер мен телебағдарламаларды қарамағаның қадағалаңыз.
- ✓ Балаға дос табуға көмектесіңіз, оны құрдастарымен қарым-қатынас жасауға үйретіңіз, бірігіп жасаған істер арқылы балалар жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларын тезірек меңгереді.
- ✓ Балаға қатысты физикалық жаза қолданбаңыз!

Агрессия генетикалық фонды жақсартуға көмектеседі, яғни энергиясы күшті адамдар сондай-ақ олардың жазбаларын жүргізе алады. Мықты жануарлар өкілеттігі бар олардың беріктігін сақтаңыз. Агрессивтілік - бұл бірге жасалған ерекшеліктердің бірі. Осы сәтте жинақталған энергия мөлшері организмнен агрессияның сыртқы бөлінуіне әкеледі. Басқа жаратылыстарға қарасақ, адамдар бір-біріне зорлық-зомбылық көрсетеді. Сәйкес К. Лоренц, барлық тіршілік иелерінде болатын туа біткен инстинкттен басқа, оның өз инстинктында үстемдік ету қабілеті бар және бұл қабілет мыналарға жатады: кез келген өз денесін асыра пайдалануға әкеп соқтыратын әрекет. К. Лоренц сондай-ақ агрессияны қарастырады болуы тежеуге болмайтын туа біткен күш. Сондай-ақ, оның айтуынша, агрессияны әлсіретіп, кейбір әрекеттерді бақылауға алуға болады. Оның пікірінше, әр түрлі іс-әрекеттерді жасау, адамның біреуді ренжітпейтін жағдайлары агрессиялық энергияның қауіпті деңгейге дейін жиналуына ықпал етеді.

Аңшылық гипотезасы: Адри - бірнеше кітап жазған голливудтық "әуесқой археолог" сценарист. Сәйкес Адриге іріктеу нәтижесінде аңшылықтың жаңа түрі пайда болды: "Біз аштықесік – біз шабуыл жасадық. Біз едікгер біз лайықтыға қарсы болмасақ, өмір сүруді тоқтатыңыз заттар. Біз анатомиялық және физиологиялық тұрғыдан аңшылыққа бейімделгенбіз" " Бұл табиғи адам аңшысы адамның негізін қалады [5] .

Сәйкес Адри үшін бұл аңшылық инстинкт адам миының дамуы болып табылады - адамға бір-біріне шабуыл жасайтын тіршілік иесін құрайтын қару-жарақ шығару.

Агрессия болып табылады өлімге деген құштарлық, мұң. Э.Фромм зорлық-зомбылықтың бірнеше түрін атап көрсетеді: ойын зорлық-зомбылық, зорлық-зомбылық біреуден кек алу үшін, ол жаңа ғана сенімге ие болған сияқты, біреу -біреуді өз билігіне бұрылуға мәжбүрлеу, ол үшін ойлағанын істеу үшін оны қорғансыз нысанға айналдыру, қорлау және қорлау. Басты мақсат - қайғыру. Адам өздігінен жаңа нәрсені үйреніп, үйрене алмаса, ол өз күшін талқандауға бейім. Яғни, адам жоқ кезде зорлық-зомбылыққа, агрессияға жол береді. Адамнан, махаббаттан, сенімнен түңілген жағдайда, ол жеңіліске ұшырайды. Көңілсіздік өмірді жек көруге әкеледі. Зорлық-зомбылық бір адамға немесе топқа қатысты болуы мүмкін. -Зорлық-зомбылық жеңіліске, агрессия өмірді қорғауға бағытталғанымен, бұл басқа ұғым. Адамның бостандығын, мәртебесін қорғауға бағытталған реактивті зорлық-зомбылықтың негізгі мақсаты, басты мақсатрып – оның ішінде мұңды қалыптастыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бекмуратова. Г.Т. Мінез-құлқында ауытқушылықтары бар балалардың ерекшеліктері психологиялық тұрғыда зерттеу. Этнопсихология және этнопедагогика, конференциядағы материалдар тезисі. - А. 2010 ж.
2. К. Бютнер. Жить с агрессивными детьми., 1996г.
3. С. Колосова «Агрессия и агрессивность» газета «Школьный психолог». 2012г. №26,27,28.
4. Н. Елікбаев, Қ. Рахметов Социализм және ұлттық психология., - 2017ж
5. Сафонова Т.Я. Цимбал Е.И. и др. Жестокое обращение с детьми. - М., 2017.

**ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ
МӘДЕНИЕТІН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Омарова Л.Т. п.ғ.м., аға оқытушы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:lazzat-79@bk.ru

Нұрғазы Назым Алмасқызы

Педагогика және психология БББ, 4-курс студенті

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:nazymnurr@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада цифрлық білім беру кеңістігінде студенттердің толеранттылық мәдениетін дамыту ерекшеліктері қарастырылады. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру үдерісін жаңа деңгейге көтеріп, қатысушылардың мәдениаралық қарым-қатынастарын кеңейтеді. Алайда, осы жағдайларда толеранттылықтың маңыздылығы арта түседі, себебі түрлі мәдениеттер мен көзқарастарға құрметпен қарау цифрлық ортада сынға түседі. Мақалада толеранттылық мәдениетін қалыптастыру үшін цифрлық білім беру платформаларының мүмкіндіктері мен олардың қолдану ерекшеліктері талқыланады. Авторлар цифрлық құралдардың толеранттылықты дамытуға қосқан үлесін, сондай-ақ бұл процесті тиімді ету үшін педагогикалық әдістер мен тәсілдерді ұсынады.

Тірек сөздер: Цифрлық білім беру, толеранттылық, студенттер, білім, мәдениет, жастар, құрмет пен түсіністік.

Аннотация: В данной статье рассматриваются особенности развития культуры толерантности студентов в цифровом образовательном пространстве. Стремительное развитие цифровых технологий поднимает образовательный процесс на новый уровень, расширяя межкультурные взаимодействия участников. Однако в таких условиях возрастает значимость толерантности, поскольку уважительное отношение к различным культурам и взглядам подвергается испытанию в цифровой среде. В статье обсуждаются возможности цифровых образовательных платформ для формирования культуры толерантности и особенности их использования. Авторы рассматривают вклад цифровых инструментов в развитие толерантности, а также предлагают педагогические методы и подходы для повышения эффективности этого процесса.

Ключевые слова: Цифровое образование, толерантность, студенты, образование, культура, молодежь, уважение и понимание.

Annotation: This article explores the features of developing students' tolerance culture in the digital educational space. The rapid development of digital technologies has elevated the educational process to a new level, expanding intercultural interactions among participants. However, in these circumstances, the importance of tolerance increases, as respectful attitudes towards different cultures and viewpoints are often challenged in the digital environment. The article discusses the potential of digital educational platforms and their application features for shaping a culture of tolerance. The authors examine the contribution of digital tools to the development of tolerance, as well as propose pedagogical methods and approaches to make this process more effective.

Key words: Digital education, tolerance, students, education, culture, youth, respect and understanding.

Цифрлық білім беру кеңістігінің қарқынды дамуы білім беру жүйесін жаңа бір деңгейге көтеріп, оқу процесінің әртүрлі қырларын ашуда. Әр түрлі мәдениеттер мен көзқарастарды білдіретін студенттер арасындағы қарым-қатынаста жаңа сипатқа ие болды. Заманауи білім беру контекстінде толеранттылық маңызды әлеуметтік құндылықтардың бірі болып табылады, әсіресе әртүрлі мәдениеттер мен пікірлердің тоғысында өмір сүретін

цифрлық ортада. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық білім беру кеңістігі студенттердің толеранттылық мәдениетін қалыптастыру үшін маңызды ортаға айналады.

Толеранттылық мәдениет — бұл әр түрлі мәдениеттер мен көзқарастарды құрметтеу, әлеуметтік және мәдени айырмашылықтарды түсіну мен қабылдау, әртүрлі ұлттар, діндер мен этникалық топтарға деген ашықтық пен төзімділік. Студенттердің бойында толеранттылық мәдениетін қалыптастыру, әсіресе цифрлық кеңістікте, олардың әлеуметтік және психологиялық дамуына, қоғамдағы мәдениетаралық келісімге әсер етеді.

Толеранттылық мәдениет — бұл адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін маңызды әлеуметтік құндылықтардың бірі. Толеранттылық адам құқықтарын құрметтеу, әртүрлі мәдениеттерді қабылдау және бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Бұл мәдениет адамның өзін-өзі қадірлеуін, өзгені құрметтеуін және әлемдегі әртүрлілікті қабылдауын білдіреді.

Цифрлық кеңістік студенттерге әртүрлі мәдениеттер, тілдер мен идеялармен танысуға мүмкіндік береді, бірақ сонымен бірге ол виртуалды әлемде қарым-қатынастар мен әлеуметтік өзара әрекеттесулерді өзгерте отырып, толеранттылық мәселелерін жаңа қырынан көрсетуі мүмкін. Интернеттің анонимділігі мен ашықтығы кейде кемсітушілік, агрессия мен қақтығыстарды туындатуы мүмкін. Сондықтан, цифрлық білім беру кеңістігінде толеранттылық мәдениетін дамыту — болашақ ұрпақтың жеке тұлғалық және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Студенттердің бойында толеранттылық мәдениетін қалыптастыру бірнеше ерекшеліктер мен факторларға байланысты.

Цифрлық технологиялар студенттерге әлемнің әр түкпірінен ақпарат алу мүмкіндігін береді. Әлеуметтік желілер, онлайн курстар, форумдар мен блогтар арқылы олар әртүрлі мәдениеттер, тілдер, діни нанымдар мен көзқарастар туралы біле алады. Бұл сандық кеңістіктің көпмәдениетті табиғаты студенттердің әлемді түсінуге деген көзқарасын кеңейтіп, әртүрлі мәдениеттер мен ұлттардың өмір сүру салты мен құндылықтарына деген толеранттылықты арттырады.

Қазіргі таңда ақпарат ағыны өте көп, сондықтан студенттердің ақпаратты сын көзбен қабылдау және бағалау қабілеті маңызды. Бұл тұрғыда цифрлық сауаттылықты дамыту — маңызды фактор. Студенттерге тек ақпаратты тұтынушы емес, оны талдайтын және оған сын көзбен қарайтын тұлға ретінде білім беру керек. Ақпараттың шынайылығын тексеру, жалған ақпараттан қорғау, көпмәдениетті контекстте түсіністік қалыптастыру — толеранттылықты дамытуда маңызды рөл атқарады.

Цифрлық білім беру кеңістігі интерактивті оқыту әдістерін енгізуге мүмкіндік береді. Мысалы, виртуалды жобалар, вебинарлар мен онлайн-семинарлар ұйымдастыру арқылы студенттер әртүрлі мәдениеттер мен қоғамдармен танысып, өзара пікір алмасуларға қатыса алады. Бұл оқыту әдістері студенттердің бір-біріне деген құрметін арттырып, оларды толерантты қарым-қатынасқа тәрбиелейді. Мысалы, кросс-мәдениетаралық зерттеулер мен тақырыптық дискуссиялар — толеранттылықты арттыру үшін тиімді құралдар болып табылады.

Әлеуметтік желілер мен онлайн платформалар студенттер үшін коммуникация мен пікір алмасудың маңызды алаңы болып табылады. Цифрлық кеңістік — қоғамдағы түрлі мәселелер туралы пікір білдіруге, мәдениетаралық диалог құруға мүмкіндік береді. Бұл ретте студенттерге әлеуметтік желілерде және форумдарда мәдениетаралық түсіністік пен толеранттылықты сақтай отырып пікір алмасуды үйрету өте маңызды. Мұндай диалогтар арқылы студенттер өз пікірін ашық білдіріп, басқа мәдениеттер мен көзқарастарды құрметтеуді үйренеді.

Цифрлық білім беру жүйесінде толеранттылық мәдениетін дамытуға арналған арнайы курстар мен тренингтер маңызды рөл атқарады. Бұл курстарда студенттер әртүрлі мәдениеттер мен этникалық топтар туралы, олардың тарихи және әлеуметтік контекстері туралы ақпарат ала алады. Сонымен қатар, пікірталас алаңдары мен дискуссиялар

ұйымдастыру арқылы студенттер өзара түсіністік пен құрмет көрсету дағдыларын қалыптастырады.

Цифрлық білім беру кеңістігі студенттерге әртүрлі тақырыпта жобалар жасауға мүмкіндік береді. Бұл жобаларда студенттер түрлі мәдениеттер мен ұлттардың өкілдерімен қарым-қатынас жасап, олардың тұрмыс-тіршілігін зерттеуге мүмкіндік алады. Жобалық жұмыстар арқылы олар толеранттылықтың практикалық маңызын түсініп, өз көзқарастарын кеңейте алады.

Цифрлық кеңістікте толеранттылық мәдениетін дамыту үшін бірқатар негізгі принциптер мен тұжырымдамалар бар:

1. **Әртүрлілікке деген құрмет:** Цифрлық ортада әртүрлі тілдер, мәдениеттер, ұлттық және діни көзқарастар кездеседі. Сондықтан толеранттылық мәдениеті әртүрлілікке деген құрмет пен қызығушылықты ояту арқылы жүзеге асады. Бұл принцип ақпараттың ашықтығын, демократиялық пікірталастарды және әртүрлі ұстанымдардың тыңдалуын қамтамасыз етеді.
2. **Құқықтарды сақтау және теңдік:** Әр адам, оның әлеуметтік немесе мәдени тегіне қарамастан, білім алу құқығына ие болуы керек. Толеранттылыққа негізделген цифрлық ортада теңдік пен әділеттілік басты принциптердің бірі болуға тиіс.
3. **Қарым-қатынас мәдениеті:** Цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынас тек ақпарат алмасу ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік нормалар мен этикалық стандарттарды сақтау болып табылады. Бұл адалдық, сыпайылық, сабырлылық және өзара құрмет принциптеріне негізделеді.
4. **Жалпыадамзаттық құндылықтар:** Толеранттылық мәдениетін қалыптастыру жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйенеді. Оған бейбітшілік, ынтымақтастық, әділдік және құқықтар мен бостандықтарды сақтау кіреді.

Толеранттылық мәдениет – заманауи қоғамның басты құндылықтарының бірі. Ол адам құқықтарын қорғап, әлеуметтік бейбітшілікті сақтай отырып, әр адамның өз мәдениетін, көзқарастарын және сенімін еркін білдіруіне мүмкіндік береді. Әр түрлі халықтар мен мәдениеттердің арасында түсіністік пен сыйластық орнату қоғамның барлық саласында тұрақтылық пен дамуға жол ашады. Толеранттылықтың негізінде адамгершілік пен әділеттілік жатыр, ал оны өміріміздің әр күнінде ұстану – барша адамзаттың жарқын болашағына жасалған қадам болып табылады.

Цифрлық білім беру кеңістігінде толеранттылық мәдениетін дамыту — бұл тек білім беру процесінің бір бөлігі ғана емес, болашақ қоғамдастықтың мызғымас негіздерін қалыптастырудағы маңызды қадам. Цифрлық кеңістіктің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, студенттердің бойында көпмәдениетті, төзімді және жауапты азаматтық позицияны қалыптастыру маңызды. Құндылықтар мен этикалық нормаларды саналы түрде дамыту арқылы студенттер тек өз білімдерін ғана емес, қоғамдағы өзара түсіністік пен келісімді нығайтуға бағытталған күш-жігерлерін де арттыра алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахметова, А. А. Цифрлық білім беру және оның қазіргі қоғамдағы рөлі. Алматы: Мектеп. 2017 ж.
2. Григорьева, Н. В. Толерантность как ценность в образовательном процессе. Москва: Просвещение. 2018 г.
3. Кенжебекова, М. Ш. Цифрлық технологиялар мен білім беру: даму бағыттары. Алматы: Қазақ университеті. 2020 ж.
4. Мельникова, А. В. Цифровая грамотность и толерантность в образовательной среде. Санкт-Петербург: Питер. 2016 г.
5. Смирнов, И. В. Развитие толерантности через интернет-платформы в образовательных учреждениях. Новосибирск: Сибирское издательство. 2021 г.

Арыстанбекова Г.И., Абиева Г.У.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің арнайы пән оқытушылары, педагогика ғылымдарының магистрі

gulzi.arystanbekova@mail.ru

Аннотация. Мақалада цифрлық білім беру ресурстарын білім беруде қолдану тәсілдері сипатталған. Ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты, адамзат өмірінің барлық салалары цифрландырумен өзара байланысты болды. Сандық технологияларды білім беруде қолдану идеясы ақпараттық технологиялардың дамуы басталғаннан кейін бірден пайда болды. Бұл кезеңде цифрлық технологияларды қолдануды теориялық және практикалық міндеттермен қатар оқу-әдістемелік құжаттамамен байланыстырудың маңызы зор. Мақалада цифрлық білім беру ресурстарының оқу процесіне енгізу кезіндегі мүмкіндіктері, сонымен қатар туындауы мүмкін мәселелерге шешім кеңестері сипатталған.

Түйін сөздер: цифрлық, цифрлық білім беру ресурстары, цифрлық технологиялар, ақпараттық технологиялар, білім беру.

Аннотация. В статье приведены пути использования цифровых образовательных ресурсов в преподавании. С развитием информационных технологий, абсолютно все сферы жизни человека стали взаимосвязаны с цифровизацией. Идея использования цифровых технологий в образовании появилась сразу же после начала развития информационных технологий. На данном этапе является важным связать использование цифровых технологий с учебно-методической документацией, а также с теоретическими и практическими заданиями. В статье описаны основные возможности внедрения цифровых образовательных ресурсов в образовательный процесс, а также даны советы по решению проблем, которые могут возникнуть при их использовании.

Ключевые слова: цифровые ресурсы, цифровые технологии, информационные технологии, обучение.

Abstract. The article describes the ways of using digital educational resources in teaching. From the start of development of information technology, absolutely all spheres of human life have become interconnected with digitalization. The idea of using digital technologies in education appeared immediately after the development of information technologies began. At this stage, it is important to link the use of digital technologies with educational and methodological documentation, as well as with theoretical and practical tasks. The article describes the main possibilities of digital educational resources into the educational process, and also gives tips on solving problems that may arise when using them.

Key words: information resources, digital technologies, information technologies, education.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты-цифрлық технологияларды пайдалану мен дамыту арқылы мемлекет экономикасының бәсекелестігін және халық өмірінің сапасын арттыру [5]. Мемлекеттік бағдарламада көрсетілген білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақты оқытып тәрбиелеуде сандық білім ресурстарын белсенді түрде қолдану қажет..

Ең алдымен, цифрлық білім беру ресурстарының ғылыми негіздерін ажыратып алайық.


«Цифрлық» термині–латынның Digitus сөзінен шыққан, ол «саусақ» дегенді білдіреді.«Саусақ» санау құралдарының ең алғашқы түрлерінің бірі болып табылады және осыдан сандық жүйелерді көрсету үшін дискретті мәндер аймағы пайда болады. [6,16]

Цифрлық технология термині (digital technologies) ағылшын тіліндегі педагогикалық әдебиеттерде қолшатыр термині ретінде қолданылады. Оның ішіне әртүрлі жақында пайда

болған (бұлтты, мобильді, ақылды технологиялар) және дәстүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кіреді. Цифрландыру технологиялары дегеніміз—бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. [6,17] Цифрлық технологиялар—бұл ақпараттық қоғамдағы өмірге бейімделген тұлғаны тәрбиелеуді қарқындату және оңтайландыру мәселелерін табысты шешетін құрал.

Ғылыми әдебиеттерде “цифрлық білім беру ресурстары” термині жан-жақты қарастырылады, тәсілдердің алуан түрлілігі, терминологияның түсініксіздігімен және әртүрлі пікірлерімен сипатталады. Соның ішінде В.А.Красильникованың пайымдауынша, “электрондық ресурс” білім беру және педагогикалық программалық құралдар арқылы немесе ақпараттық коммуникациялық технологиялар және компьютерлік оқыту құралдары арқылы анықталады. “Білім беру ресурсы - білім беру функциясын жүзеге асыратын және студенттер мен оқытушылар пайдаланатын білім беру ортасының компоненті”-дейді В.А. Красильникова өз жұмысында. [2,175]

Цифрлық білім беру ресурстарының (ЦББР) құрылымы цифрлық, электрондық, компьютерлік формадағы сандық медиа құрылғыларында орналасқан білім беру деректерін қамтиды. ЦББР-дың басты мақсаты—білім беру саласында білім сапасын арттыра отырып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу. ЦББР құрамына білім беру процесінің көрнекілігі мен сапасын арттыруға қажетті аудио, видео, фото материалдар, статикалық және динамикалық модельдер, диалогтық модельдеу мен виртуалды шындық объектілері, тексттік файлдар және басқа да құралдарды жатқызуға болады (1 сурет).



Сурет 1. Цифрлық білім беру ресурстары құрамы

Цифрлық білім беру ресурстарына қойылатын негізгі талаптар:

- 1) ҚР Білім министрлігінің нормативтік актілеріне, оқулық мазмұнына сәйкес болуы керек;
- 2) Білім берудің жаңа түрлерін бағдарлауға, оқытудың жоғары интерактивтілігін және мультимедиялығын қамтамасыз ету қажет;
- 3) Білім берудің деңгейлік саралау және саралау мүмкіндігін қамтамасыз ету, білім алушылардың жас ерекшеліктерін және мүмкіндіктерін ескеру;
- 4) Білім алушылардың пән бойынша дағды, білім мен білікке негізделген өмірлік мәселелерді шешуде тәжірибе жинақтауға бағытталған оқу іс-әрекеттерінің түрлерін ұсыну тиіс;
- 5) Өздік және топтық жұмыстарда қолдануын қамтамасыз ету;
- 6) Дәрісті жоспарлауда цифрлық білім беру ресурстары нақты айқындалу тиіс;
- 7) Нақты мәліметтер болуы шарт;
- 8) Цифрлық білім беру білім алушы үшін түсінікті болуы керек;
- 9) Цифрлық білім берумен қатар басқа да бағдарламалар қолданылуы керек [7,76]

ЦББР-ды оқыту кезінде қолданудың негізгі мақсаты белгілі бір пәннің оқыту тәсілін толықтай өзгерту емес, тек сол дәстүрлі тәсілдерге көмекші құрал ретінде қарастылуы қажет.

Цифрлық ресурстарды қолдану жиілігі мен формасы оқытылатын пәнге байланысты жеке анықталуы керек. Әдетте ЦББР келесі түрде жіктеледі (2 сурет):



Сурет 2. Цифрлық білім беру ресурстарының жалпы жіктелуі ЦББР-ді мақсаты бойынша келесідей жіктеуге болады (3 сурет):



Сурет 3. Цифрлық білім беру ресурстарының мақсаты бойынша жіктелуі

Оқу процесінде цифрлық білім беру ресурстарын ендіру кезіндегі басты міндетінің бірі әрбір студенттің жеке дағдылары мен білім деңгейі, ақпаратты қабылдау жылдамдығына байланысты студенттің өзіндік жұмысын жасауға қажетті материалға кез келген уақытта қол жеткізе алуы болып табылады. Ақпарат көзі ретінде берілген ресурстар білім беру үдерісінде әрбір студентке жеке тәсілді қарастыруға жол аша отырып, оқытушының жұмысын әлдеқайда жеңілдетеді. Студенттерге цифрлық ресурстардың оң әсерін қарастырсақ:

Цифрлық технология есебінен оқыту оқушыларды білімдірек етеді. Оқыту құралдары мен технологиялары студенттерге өзін-өзі оқудың тиімді дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олар онлайн-ресурстарды зерттеу, табу және пайдалану үшін не қажет екенін анықтай алады, өзекті мәселе бойынша ақпаратты қолдана алады, тіпті алған кері байланысын да бағалай алады. Бұл олардың тиімділігі мен өнімділігін арттырады. Цифрлық оқыту құралдары мен технологиялары студенттерді қызықтырып қана қоймай, сонымен қатар аналитикалық ойлауды дамытуға негіз болатын-сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытады. Ашық сұрақтармен жұмыс істеу барысында оқулықты уақытша жаттаудан гөрі, фантазия және логикаға арқа сүйеу арқылы зерттеу балаларға шешім қабылдау арқылы жауап табуға үйретеді.

Цифрлық оқыту студенттердің ынтасы мен жауапкершілігін арттырады. Цифрлық оқыту құралдары мен технологияларын пайдаланатын студенттер өздерінің білім қорын кеңейтуге қызығушылықтары артады. Олар өздерін белсенді оқитынын түсінбеуі мүмкін, себебі бірлесіп оқу, командалық жұмыс, проблемаларды шешу, кері оқыту, тұжырымдамалар жасау, карталар көмегімен, ойын элементтерін қолдану, қойылымдар ұйымдастыру, рөлдік

ойын және әңгімелеу сияқты қызықты әдістер арқылы білім алу жүзеге асырылады. Цифрлық оқыту үлкен ақпарат көлемі ұсынылған оқулықтарға немесе бір жақты дәрістерге қарағанда әлдеқайда интерактивті және есте қалатын болғандықтан, дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда жақсы астар яғни, жақсы көңіл-күй және пәнге деген перспективалы көзқарасты қамтамасыз етеді. Бұл олардың оқу барысында алған ақпараттың есте сақтау деңгейі мен тестілеу нәтижелерінен көрінеді. Сонымен қатар, студенттер өздерінің үлгерімдерін бақылай алатын болса, бұл мотивация мен білімгердің өз алдына есеп беруді жақсарты алады.

Цифрлық оқыту құралдары мен технологиялары жылдам ақпарат алмасу аясын кеңейтеді. Цифрлық технология құралдары арқылы оқыту студенттерге көбірек ақпарат алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар бұл ақпараттың жеке қажеттіліктеріне сай реттеліп, бейімделуін қамтамасыз етеді. Әр оқушыға олардың оңтайлы қарқынымен және жолымен білім алуға көмектесу қабілеті -цифрлық оқытудың маңызды артықшылығы.

Оқушылардың цифрлық оқыту құралдары мен технологияларын меңгеруі есебінен жұмыспен қамту мүмкіндіктерінің артуы. Проблемалық оқыту арқылы цифрлық білім берудің жауаптарын алу мақсатында сындарлы, бірлескен және студенттердің назарын нақты оқу тәсілдеріне назар аударта отырып оқыту әдістеріне баса назар аударады. Студенттер тарапынан алатын оң әсерімен қоса, оқытушының дәстүрлі сабақ форматындағы кейбір іс-әрекеттері ЦББР арқылы автоматтандырылады (кесте 1).

Кесте 1. – Цифрлық білім беру ресурстары жиынтығының міндеттері [1,44]

Оқытушыға сабаққа дайындалуға көмек ретінде	Студентке үй тапсырмасын дайындауда көмек ретінде
жекелеген цифрлық объектілер көмегімен сабақты жоспарлау және моделін құру;	материалды ұсынудың жаңа формасы есебінен оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артуы;
тақырып туралы білімді тереңдету мақсатында қосымша және анықтамалық ақпараттың көп мөлшері;	кез-келген ыңғайлы уақытта студенттердің өзінің жетістіктерін бақылай алуы;
ЦББР жиынтығынан ақпаратты тиімді іздеу;	энциклопедиялық сипаттағы қосымша ақпаратты жылдам алу мүмкіндігі;
бақылау және өзіндік жұмыстарды дайындау (мүмкін нұсқалар бойынша);	баяндамалар, рефераттар, презентациялар және т.с.с дайындауға арналған объектілердің үлкен мәліметтер базасы;
шығармашылық тапсырмаларды дайындау;	оқушының пәнді өзіне ыңғайлы қарқынмен және қабылдаудың жеке ерекшеліктеріне байланысты материалды игеруді ұйымдастыруда көмектесу;
интернет немесе портативті жад арқылы басқа мұғалімдермен қызмет нәтижелерімен алмасу.	виртуалды ортада студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту;

ЦББР-ды оқыту процесінде қолдану екі жолмен жүзеге асырылады: [8,78]

1. Дайын цифрлық технология құралдары арқылы оқыту материалдарын жүктеу есебінен. Бұл жағдайда пән бойынша тексттік файлдар, аудиоматериалдар, бейнематериалдар, графикалық файлдар алдын ала қажетті платформа форматында дайындалуы тиіс.

2. Екінші бағыт мамандандырылған бағдарламалық жасақтама құралдарын қолдана отырып, цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеуді көздейді.

Қоғамның барлық саласы , еңбек нарығы цифрлық ресурстарды кеңінен қолдана білетін мамандарды талап етіп отырғандықтан, болашақ маман иелерін цифрлық білім беру ресурстарын кеңінен қолдана білуге үйретіп, жаттықтыру-біздің негізгі міндетіміз болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахматова С.С. Использование информационных технологий при обучении в педагогическом вузе // Современные проблемы науки и образования. 2018. №3.
2. Красильникова В.А. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: учебное пособие. Оренбург, 2006. 231 с.
3. Чеботарев А. Цифровые технологии настоящего и будущего // Авиапанорама. 2018. №4 (130).
4. Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар, –Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 5-24 б.
5. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017 жыл.
6. Поначугин А.В. and Лапыгин Ю.Н., 2019. Цифровые образовательные ресурсы вуза: проектирование, анализ и экспертиза. Вестник Мининского университета, 7(2 (27)).
7. Лапинский В.В., 2009. Педагогические требования к цифровым образовательным ресурсам. In Современные достижения в науке и образовании: сб. трудов III Междунар. науч. конф (pp. 16-23).
8. Мартынова Е.В., 2019. Дидактические возможности цифровых образовательных ресурсов. Наука и общество, (1), pp.75-79.

ӘОЖ 37.025; 159.9

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Бекжанова Бахытжамал Жорабекқызы,
БББ жетекшісі, қауымдастырылған профессоры, PhD
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Қызылорда қаласы, Bekzhanova77@mail.ru
Алтынбаева Аружан Батырбекқызы, 2 курс магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Қызылорда қаласы, altynbaevaab@mail.ru

Аннотация. Мақалада ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім беру тиімділігі мен сапасын арттыруға ықпал ететін психологиялық түзетудің заманауи әдістері қолданудың өзектілігі мен қажеттілігі талқыланады. Автор сабақта арт-терапия, психоэмоционалды қолдау, ойын, музыка терапиясының әдістері, цифрлық технологияларды қолдану балалардың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын көтеруге мүмкіндік беретінін атап көрсетеді. Психологиялық түзетудің заманауи әдістерін қолдану ЕББҚЕ балалардың әлеуметтік қиындықтарын азайтуға, олардың оқу жетістіктерін жақсартуға көмектесетіні туралы ақпараттар қамтылған

Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, заманауи әдістер, арт-терапия, ойын терапиясы, инклюзивті орта.

Аннотация. В статье рассматривается актуальность и необходимость применения современных методов психологической коррекции, способствующих повышению эффективности и качества образования детей с особыми образовательными потребностями. Автор подчеркивает, что арт-терапия на уроке, психоэмоциональная поддержка, методы игровой, музыкальной терапии, использование цифровых технологий позволяют повысить интерес детей к учебной деятельности. Содержит информацию о том, что применение

современных методов психологической коррекции помогает снизить социальные трудности детей в ООП, улучшить их учебные достижения.

Ключевые слова: инклюзивное образование, современные методы, арт-терапия, игровая терапия, инклюзивная среда.

Annotation. The article examines the relevance and necessity of using modern methods of psychological correction that contribute to improving the effectiveness and quality of education for children with special educational needs. The author emphasizes that art therapy in the classroom, psycho-emotional support, methods of gaming, music therapy, and the use of digital technologies can increase children's interest in learning activities. It contains information that the use of modern methods of psychological correction helps to reduce the social difficulties of children, improve their educational achievements.

Key words: inclusive education, modern methods, art therapy, game therapy, inclusive environment.

Инклюзивті білім беруді дамыту өзекті мәселе болып табылады. Көптеген елдер мен халықаралық ұйымдардың күш-жігеріне қарамастан, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар сапалы білім алу кезінде әлі де кедергілерге тап болады. Ресурстардың тапшылығы, тәрбиешілердің жеткіліксіз дайындығы және тиісті инфрақұрылымның болмауы инклюзивті білім беруді көптеген адамдар үшін қол жетімсіз етеді.

Соңғы жылдары өзгермелі қоғам жағдайында білім берудегі жаңа қағидаттарға және әлеуметтік-мәдени саясатқа сәйкес заманауи тәсілдер дайындау бойынша жұмыс жүріп жатыр. Соңғы зерттеулер көрсеткендей, Қазақстанда да, шетелде де ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны жыл сайын артып келеді. 2011 жылдан бастап Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізу басталды, ол ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеумен қамтамасыз етуді, психологпен жұмысты қоса алғанда, жалпы мектептерде білім алуға мүмкіндік береді [1]. Алайда, мектеп педагогтары, психологтары әлі күнге дейін мұндай балалармен жұмыс істеудің практикалық әдістері мен бағыттарының жетіспеушілігін сезінеді.

Жоғарыда айтылған қайшылықтарды ескере отырып, біздің мақаланың мақсаты жалпы білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен тиімді педагогикалық-психологиялық жұмыстың бағыттары мен әдістерін сипаттау және негіздеу болды. Әдістерді таңдау кезінде біз нақтылық және жүйелілік принциптерін басшылыққа алдық, яғни таңдалған әдістер дәлелденген тиімділікке ие болуы керек және орта мектеп жағдайында қолдануға ыңғайлы болуы керек.

Әр түрлі әдістердің ішінен біз ойын терапиясы мен арт-терапияны таңдадық. Ойын терапиясы - бұл балалардағы эмоционалдық, ерік-жігер мен мінез-құлық бұзылыстарын түзету әдісі, ол әр баланың қоршаған әлеммен қарым-қатынас жасау тәсіліне негізделген ойын болып табылады. Әйгілі ғалымдар А. С. Спиваковская, В. В. Лебединский, О. С. Олихейко ойын терапиясын ПДТ, шизофрения, аутизмі бар балаларды психокоррекциялау үшін қолданылады [2]. Бірінші кезеңде маман баланы әртүрлі ойын жағдайларында бақылайды, содан кейін оны мақсатты ойын әрекеттеріне тартады. Ойын терапиясы музыка арқылы ұйымдастырылып, түрлі ертегілерді тыңдау және сурет салу кезінде психотерапиялық әдістерді қолдануды қамтиды.

Ойын балаға түсінікті ұйымдастырылады, ал педагог оған айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға көмектеседі. Маман қоршаған әлемге бейімделуді дамытуға, сөйлеуді, танымдық процестерді және пәндік-практикалық әрекеттерді дамытуға ықпал ететін ойындар мен материалдарды таңдайды. Ойынның мазмұны әрқашан баланың психикалық даму деңгейіне сәйкес келетінін ескеру маңызды.

Ойын терапиясын қолданудың мақсаты – баланы қандай да бір арнайы мінез-құлық дағдылары мен әдістеріне үйрету емес, ойын барысында педагогтың толық бақылауымен баланы толғандыратын және аландататын жағдайларды ескеріп, түсінуімен өмірге, түрлі жағдайларға бейімделуге, әлсіз тұстарын жеңіп шығуға мүмкіндік беру.

Біздің тәжірибемізден біз баланың назарын ойынға аударған кезде, әртүрлі тапсырмаларды ойын түрінде орындау арқылы әдеттегі сабақтарға қарағанда айтарлықтай жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады деп айта аламыз. Ойын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың көпшілігі үшін белсенділіктің негізгі тәсілі болғандықтан, олар ойын процессіне өздері қуана қатысады.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен ойын терапиясының ең қолжетімді және көрнекі түрлерінің бірі қуыршақ театры болып саналады. Баланың ойын барысындағы әрекеттерін, сезімдерін бақылай отырып, оның эмоционалды әлемін түсінуге болады. Қуыршақ театрын ұйымдастырған кезде бала бейсаналық түрде өзінің қорқыныштарын, ішкі сезімдерін білдіреді. Педагог бүкіл ойынның барысын мұқият бақылауы маңызды. Топтағы балалардың ойын әрекеті олардың адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы идеяларымен өте тығыз байланысты. Сондықтан балалардың қоршаған ортадағы адамдардың әлеуметтегі рөлдері туралы түсініктерін қалыптастыру, нығайту және кеңейту маңызды. Сонымен қатар бұл ойын үлгісі мінез-құлықтың әлеуметтік нормаларын дамытады.

Ойын терапиясының ең басты құндылығы - оны жеке және шағын топта (3-4 балаға дейін) өткізуге болады, бұл бір сабақта бірнеше баламен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ойын терапиясы сеансын өткізу үшін көптеген заттар қажет емес, психологтың кеңсесінде болатын бірнеше ойыншықтар жеткілікті. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып біз ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауға ойын терапиясы әдістерін қолдануды ұсынамыз.

Аталған барлық мәселелермен қатар, ЕББҚЕ балалардың ата-аналарымен бірге тәрбиелік шараларды жүргізу қажет. Мұны істеу үшін, ең алдымен, дамуында ақауы бар балалар қайда және нені оқуы керектігі туралы мұғалімдер мен ата-аналар қауымдастығының пікірлерін негіздеуге бағытталған білім беру іс-шараларын ұйымдастыру керек. Осыларды басшылыққа ала отырып бастауыш сынып мұғалімдерінің жауапкершіліктерінің жоғары екендігін айтуымызға болады.

Біз қарастырғымыз келетін келесі психокоррекциялық бағыт - бұл арт-терапиясы. Арт-терапия (ағылш. art - "өнер" + терапия) - өнер мен шығармашылық терапиясы үшін қолдануға негізделген психологиялық түзету бағыты. Арт терапия – бұл адамның психологиялық, эмоционалды сезімдерін шығармашылық жол арқылы, өнер арқылы жұмыс бағыты. Арт-терапияны қолданудың негізгі мақсаты - ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы қоғамға бейімдеу, оны қосу, ішкі сезімін тани отырып қолдау көрсету, түзету жұмысын жасау. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудағы арт-терапия, ең алдымен, психолог маманымен бірге сурет салуды білдіреді. Бұл әдісінің негізгі өзегі - түрлі түсті бояулар жүйесі. Дайын сурет бойынша психолог баланың қандай түстерді жиі қолданатынын көріп, сол бойынша анализ жасап, әрі қарай қалай жұмыс жасау керектігін біле алады. Арт терапиясы баланың эмоционалды күйіне әсер етіп, шығармашылықпен жұмыс жасаудың ең көрнекті үлгілерінің бірі. Осылайша, біз арт-терапия баланың психикалық жағдайын диагностикалауға мүмкіндік беретінін көреміз, сонымен қатар оның көркемдік қабілеттерін ашуға негізделген керемет жұмыс үлгісі болып табылатынына көзіміз жетті.

Арт-терапия барысы әдеттегі бейнелеу сабағына айналмауы үшін кейбір шарттарды сақтау керек екенін түсіну керек:

- Арт-терапия - бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың өзін-өзі көрсетуіне және белсенділігіне ықпал ететін жұмыс түрі. Сондықтан әрбір жұмыс түрі баланың мүмкіндіктерін ескере отырып таңдалады, сабақтың әрбір кезеңі оған қызықты болуы керек және жағымды эмоциялар мен сезімдер тудыруы керек;

- бала кейбір тапсырмаларды орындаудан бас тартуға және өзіне ұнаған сурет түрлерін таңдауға құқылы;

- бақылаушы бағалау мен салыстырудан аулақ болу керек;

- әрбір педагог, психолог арт-терапияның негізгі мақсаты оқыту емес, түзету екенін есте ұстауы керек [3].

Даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс істеуге арналған арт-терапияның бірнеше түрі бар: изотерапия; ойын терапиясы; музыкалық терапия; ертегі терапиясы, библиотерапия, мульттерапия. Сонымен, изотерапия - бұл бейнелеу өнері, ең алдымен сурет салу терапиясы. Изотерапия, бір жағынан, көркемдік рефлексия, яғни кері байланыс әдісі; екінші жағынан, кез – келген жастағы адамның көркемдік қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін технология; үшінші жағынан, эмоцияналдық түзету үшін қолдануға болатын әдіс түрі болып табылады.

Сондай-ақ, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда музыка тыңдауға негізделген музыкалық терапияны қолдану тиімді. Музыкалық терапия музыканың жеке тұлғаның эмоционалды жақтарын реттеу және дамыту қабілетіне негізделген. Музыкалық шығармалар адамға әр түрлі әсер етеді, түрлі эмоцияларға бөлейді. Музыка әдетте жарқын және қуанышты көңіл-күйді тудырады. [4].

Арт-терапияның тиімділігі туралы сабақтарға қатысуды дамыту мен жандандырудың оң динамикасы, өз шығармашылығының нәтижелеріне қызығушылықтың артуы, Тәуелсіз сабақтардың уақытының артуы айтады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудағы Арт-терапия көбінесе шығармашылық мүмкіндіктердің ашылуына ықпал етеді, тіпті арт-терапия тоқтатылғаннан кейін де олар сабақ барысында алған дағдыларын алған шығармашылықтың әртүрлі түрлерімен өз бетінше айналысуды жалғастырады.

Аталған барлық жұмыс түрлерін, яғни арт терапиясын, ойын терапиясын, музыка терапиясын ұйымдастыру үшін цифрлық білім беру ресурстары қажет екені баршамызға мәлім. Сол себептен әрбір жасалған жұмыс бойынша сапалы нәтижелерге қол жеткізу үшін инклюзивті білім беруді цифрландыру қажет. Білім алу ресурстары барлық білім алушылардың, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктерін ескере отырып жасалуы керек. Материалдар мен тапсырмалардың әртүрлі үлгілерін жасау, сонымен қатар сыныптағы әрбір білім алушының қабілеттерінің түрлі деңгейлеріне сай болуы – бұл ең негізгі қағидаттардың бірі. Мұғалім оқу материалдарын баланың қабылдау деңгейіне бейімдей білуі, барлық оқушыларға білім берудің қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін әртүрлі оқыту әдістерін қолдана білуі оса маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жубакова С.С., Байменова Б.С. Исторические предпосылки развития инклюзивного образования в Казахстане // Евразийский Союз Ученых. 2015. №4-7 (13).
2. Гончарова В.Г. Комплексное медико-психолого-педагогическое сопровождение лиц с ограниченными возможностями здоровья в условиях непрерывного инклюзивного образования / В.Г. Гончарова, В.Г. Подопригора, С.И. Гончарова. - Красноярск.: СФУ, 2014. - 248 с.
3. Башкирова Е.Н. Развитие детей с ОВЗ приемами арт-терапии [Текст] // Психология в России и за рубежом: материалы II междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, ноябрь 2013 г.). - СПб.: Реноме, 2013.
4. Лебедева Л.Д. Практика арт-терапии. Подходы, диагностика, системы занятий. - СПб: Речь, 2003.

**«ИНФОРМАЦИОННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ КАК КОМПОНЕНТ
ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ»**

Мандаева А.Е. докторант 1 курса
Аплашова А.Ж, к. пс. наук, профессор
Павлодарский педагогический университет
имени Әлкей Марғұлан, г.Павлодар
E-mail: mandaeva_1982@mail.ru, aplashova.arna@mail.ru

Аннотация: В статье рассматриваются важность информационной безопасности в контексте профессиональной подготовки будущих педагогов-психологов.

Учитывая быстрое развитие технологий и увлечение объемами информации, необходимы новые подходы к формированию у студентов навыков безопасного обращения с информацией. Анализируются правовые нормы и стандарты Республики Казахстан, касающиеся информационной безопасности. В статье подчеркивается важность развития цифровой компетентности педагогов-психологов и ее влияние на повышение их способности адаптироваться к изменениям в обществе.

Ключевые слова: информационная безопасность, цифровизация образования, профессиональная подготовка, педагог-психолог, цифровая компетентность.

Аннотация: Мақалада болашақ педагогикалық психологтарды кәсіби даярлау контекстінде ақпараттық қауіпсіздіктің маңыздылығы қарастырылады.

Технологияның қарқынды дамуы мен ақпарат көлеміне деген қызығушылықты ескере отырып, студенттердің ақпаратты қауіпсіз өңдеу дағдыларын дамыту үшін жаңа тәсілдер қажет. Ақпараттық қауіпсіздікке қатысты Қазақстан Республикасының құқықтық нормалары мен стандарттары талданады. Мақалада педагог психологтарының цифрлық құзыреттілігін дамытудың маңыздылығы және оның қоғамдағы өзгерістерге бейімделу қабілетін арттыруға әсері атап көрсетілген.

Түйін сөздер: ақпараттық қауіпсіздік, білім беруді цифрландыру, кәсіби дайындық, педагогикалық психолог, цифрлық құзыреттілік

Abstract: The article discusses the importance of information security in the context of professional training of future educational psychologists.

Given the rapid development of technologies and the fascination with the volume of information, new approaches are needed to develop students' skills for safe handling of information. The legal norms and standards of the Republic of Kazakhstan concerning information security are analyzed. The article emphasizes the importance of developing the digital competence of educational psychologists and its impact on increasing their ability to adapt to changes in society.

Keywords: information security, digitalization of education, professional training, educational psychologist, digital competence

В современном обществе информационные технологии занимают ключевую роль в различных сферах жизни, включая образование. В условиях стремительного развития цифровых технологий, с одной стороны, расширяется доступ к знаниям и возможностям для образовательного процесса, с другой – возникают новые угрозы, связанные с безопасностью информации. В контексте подготовки будущих педагогов-психологов информационная безопасность становится неотъемлемой частью компонентом профессиональной подготовки, поскольку специалисты в области педагогики и психологии активно используют различные цифровые ресурсы для взаимодействия с обучающимися, родителями и коллегами.

Современные реалии требуют от педагогов-психологов не только глубоких знаний в области педагогики и психологии, но и навыков работы с информацией. [1].

«Информационная безопасность – это не только защита данных, но и формирование у обучающихся критического мышления». В Республике Казахстан разработаны различные

законы и нормативные акты, регулирующие вопросы информационной безопасности. В частности, Закон Республики Казахстан "О национальной безопасности" (2012) подчеркивает важность защиты информации как стратегического ресурса страны. Также следует отметить Закон "О защите персональных данных" (2013), который определяет права граждан на защиту их личной информации. Педагоги-психологи играют ключевую роль в формировании у студентов навыков безопасного обращения с информацией. Педагог должен быть не только носителем знаний, но и защитником информации своих учеников" [2].

Развитие информационных технологий по-разному влияет на культуру обучающихся. Потому, что каждое событие имеет положительные и отрицательные стороны. Кто то делает правильный выбор и использует его во благо, а кто то наоборот. Необходимо формировать правовую культуру среди обучающихся имеющей такое заблуждение. Для эффективной подготовки будущих специалистов необходимо внедрение специальных курсов и тренингов по информационной безопасности в учебные программы

Информационная безопасность представляет собой совокупность мер, направленных на защиту информации от несанкционированного доступа, уничтожения, искажения или утраты. [3]. В рамках этой концепции особое внимание уделяется защите персональных данных, конфиденциальной информации, а также предотвращению кибератак и иных угроз в цифровой среде.

Следует отметить, специалисты в области педагогики и психологии, чья профессиональная деятельность тесно связана с обработкой личных данных обучающихся, родителей и коллег, обеспечение информационной безопасности является не только обязательным компонентом их практики, но и важнейшей составляющей их профессиональной этики, требующей соблюдения строгих стандартов конфиденциальности и защиты информации.

В образовательной сфере можно выделить несколько основных типов рисков, с которыми могут столкнуться педагоги-психологи с своей работе:

- ✓ Нарушение конфиденциальности. Психологи в образовательных учреждениях часто работают с чувствительной информацией о личной жизни, психоэмоциональном состоянии обучающихся, их проблемах в семье и прочем.
- ✓ Киберугрозы. В последние годы широкое обучающиеся и педагоги активно используют цифровые платформы для общения, обучения проведения различных мероприятий. Однако с этим приходят и угрозы в виде вирусов, фишинговых атак, утечек данных.
- ✓ Манипуляция с личными данными. В интернете активно распространяются различные методики манипуляции и психологического воздействия. Как педагоги и психологи, специалисты могут стать мишенью для манипуляции, что потребуют от них высокой осведомленности в области информационной безопасности.
- ✓ Применение цифровых технологий для диагностики и терапии. В последние годы в психологической практике активно применяют онлайн-тестирование. Виртуальные консультации, а также различные психологические игры и симуляции. Все эти данные могут быть уязвимыми, если не соблюдаются соответствующие меры защиты.

Роль информационной безопасности в профессиональной подготовке педагогов-психологов, заключается в том, что для эффективной работы в условиях цифровизации будущие специалисты обязаны обладать компетенциями в области защиты информации. [4]. Этот процесс включает несколько важнейших аспектов, такие как:

- Осознание угроз информационной безопасности, возникающих в ходе использования цифровых технологий в профессиональной деятельности, включая защиту персональных данных и предотвращение утечек конфиденциальной информации
- Знание правовых норм и этических стандартов, регламентирующих обработку и защиту информации в сфере образования и психологии, что способствует соблюдению законодательства и профессиональных норм.

- Развитие навыков работы с безопасным цифровыми инструментами и платформами, позволяющими минимизировать риски, связанные с кибератаками и несанкционированным доступом к данным.
- Формирование культуры информационной безопасности, что подразумевает не только технические, но и социально-этические аспекты работы с информацией, включая осознание ответственности за сохранность данных.

Подготовка педагогов-психологов в области информационной безопасности является неотъемлемой частью их профессиональной подготовки в условиях активно развивающихся цифровых технологий. [5].

Включение информационной безопасности в образовательную программу педагогов-психологов может осуществляться через различные формы:

<i>Мероприятие</i>	<i>Описание</i>
Лекции и семинары	Обучение вопросам цифровой безопасности, защите личных данных, этике работы с информацией. Формирование у студентов осознанного отношения к вопросам информационной безопасности
Практические занятия	Тренировки по использованию безопасных методов передачи информации, освоение инструментов защиты данных, обучение действиям в случае угроз безопасности
Моделирование ситуации	Проведение ролевых игр и симуляций, в которых студенты могут столкнуться с реальными угрозами информационной безопасности и учатся правильно на них реагировать
Курсы повышения квалификации	Курсы для преподавателей и педагогов-психологов, работающих в сфере образования, для обновления знаний и реагирования на новые вызовы в области информационной безопасности

Таким образом, информационная безопасность становится важным элементом профессиональной подготовки будущих педагогов-психологов. В условиях цифровизации образования специалисты этой области должны не только обладать необходимыми знаниями и навыками для защиты информации, но и уметь эффективно использовать современные цифровые технологии в своей работе, гарантируя безопасность данных и соблюдение этических норм. Включение основ информационной безопасности в учебные программы поможет будущим педагогом-психологам предотвратить риски и угрозы, повысив их профессиональную компетентность в работе с информацией и обеспечив безопасность обучающихся и их семей.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Абрамова С.В., Бояров Е.Н., Храпаль Л.Р., Рубцова С.Ю. Информационная безопасность современного профессионального образования: проблемы, угрозы, пути решения // Современные проблемы науки и образования. – 2020. – № 6.;
2. Концепция кибербезопасности <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000407>.
3. Баева И.А. Психологическая безопасность образовательной среды: учеб. пособие / под ред. И. А. Баевой. М., 2009. 152 с
4. Темербекова А.А. Ведущие тенденции, принципы и психолого-педагогические условия эффективного формирования информационной компетентности учителя / А.А. Темербекова // Мир науки, культуры, образования. — 2009. — № 3(15). — С. 122–124. 12.
5. Информационные технологии в педагогике и психологии. Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения [Богдановская Ирина Марковна, Зайченко Татьяна Петровна, Проект Юлия Львовна](#) "Издательский дом "Питер", 23 окт. 2014 г.

**ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУ ДИЗАЙНЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҚОЛДАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУ**

Жайлаубаева Алтын Майқанбаевна

Педагогика ғылымдарының магистрі "Райымбек батыр атындағы орта мектеп"КММ

математика пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы

E-mail:zh.altyn1979@mail.ru

Аннотация: Цифрлық білім беру жүйесі қазіргі қоғамның даму талаптарына сәйкес мектептерде оқу үдерісін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Қазақстандағы білім беруді цифрландыру үрдісі оқушыларға заманауи, тиімді және қолжетімді білім алуға жағдай жасап, педагогикалық әдіс-тәсілдердің инновациялық жетістіктерін пайдалануды талап етеді. Бұл зерттеу оқушылардың танымдық мотивациясын арттыру үшін геймификацияны қолданудың тиімділігін қарастырады. Математика пәнін оқытуда геймификация элементтерін қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, оқу үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасалады. Оқу мотивациясын арттыру үшін цифрлық ресурстар мен онлайн платформалар қолдану тиімді. Жаңа әдістер мен технологиялар білім беру жүйесінің дамуына ықпал етіп, оқушыларды заманауи білім беру жүйесіне тиімді бейімдейді.

Тірек сөздер: Цифрлық білім беру, геймификация, оқу мотивациясы, танымдық мотивация, онлайн платформалар, математика, заманауи технологиялар, оқыту әдістемесі, білім беруді цифрландыру, инновациялық әдістер.

Аннотация: Цифровая образовательная система позволяет поднять учебный процесс на новый уровень в соответствии с требованиями современного общества. Процесс цифровизации образования в Казахстане создает условия для получения учащимися современного, эффективного и доступного образования, что требует применения инновационных педагогических методов. Исследование рассматривает эффективность использования геймификации для повышения познавательной мотивации учащихся. Применение элементов геймификации в обучении математике повышает интерес учащихся к предмету и способствует их активному участию в учебном процессе. Использование цифровых ресурсов и онлайн платформ играет важную роль в повышении учебной мотивации. Новые методы и технологии способствуют развитию образовательной системы и эффективной адаптации учащихся к современной образовательной среде.

Ключевые слова: Цифровое образование, геймификация, учебная мотивация, познавательная мотивация, онлайн платформы, математика, современные технологии, методика преподавания, цифровизация образования, инновационные методы.

Abstract: The digital education system has enabled schools to elevate the learning process to a new level, meeting the demands of modern society. The digitalization of education in Kazakhstan provides students with modern, efficient, and accessible learning opportunities while requiring the use of innovative pedagogical methods. This study explores the effectiveness of using gamification to enhance students' cognitive motivation. By applying gamification elements in teaching mathematics, students' interest in the subject increases, and their active participation in the learning process is encouraged. The use of digital resources and online platforms plays a crucial role in improving learning motivation. New methods and technologies contribute to the development of the education system and effectively adapt students to the modern educational environment.

Keywords: Digital education, gamification, learning motivation, cognitive motivation, online platforms, mathematics, modern technologies, teaching methodology, education digitalization, innovative methods.

Цифрлық білім беру жүйесі бүгінгі қоғамның сұранысына айналып, оқу үдерісіне жаңа мүмкіндіктер қосты. Қазақстанда білімді цифрландыруды дамыту оқушыларға заманауи әрі қолжетімді білім алуға жағдай жасап отыр. Дегенмен, цифрлық ортада оқушылардың оқу мотивациясын сақтау мен арттыру мәселесі ерекше назарды талап етеді. Мемлекет басшысы “Жаңа дәуірде мектептің жағдайы мемлекеттің дамуына тікелей ықпал етеді. Ал мектептің қандай болмағы ұстазға байланысты. Қазіргі таңда педагогика саласы ғылымның аса маңызды тармақтарының біріне айналды. Сондықтан, бұл салаға жаңа көзқарас қажет. Заманауи технологияның көмегімен білім беру жүйесін жедел әрі тиімді жаңғыртуға болады. Біз білім саласын ең үздік халықаралық стандарттарға сай дамытуымыз керек” деп атап өтті. Осыған орай, оқушыларды цифрлық білім беру ортасына тиімді бейімдеу және олардың оқу үдерісіне белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ету мақсатында оқыту дизайнын психологиялық-педагогикалық қолдау арқылы мотивацияны көтеру аса маңызды болып табылады.

Цифрлық даму кезеңі білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге және әдіснамалық мәселелерді шешуге бағытталған заманауи технологияларды пайдалануды талап етеді. Білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану оқыту әдістемесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді және ақпаратты кеңінен қолжетімді етуге жағдай жасайды. Осы орайда, білім беру процесін жетілдіруде цифрлық құралдар мен әдіснамалық шешімдер басты назарда болуы керек. Мұның барлығы Қазақстанның халықаралық аренада бәсекеге қабілетті, заманауи және инновациялық ұлт ретінде дамуына септігін тигізеді.

Білім беруді цифрландыру оқыту мен бағалау процесіне, әсіресе математика саласында айтарлықтай өзгерістерді әкеледі. Цифрлық технологияларды пайдалану оқу процесін қызықты әрі тиімді ете алатын онлайн ресурстарға, интерактивті тапсырмаларға және компьютерлік модельдеулерге қол жеткізу арқылы математиканы оқыту мүмкіндіктерін кеңейтеді. Педагогикадағы ең маңызды мәселелердің бірі – оқушылардың танымдық мотивациясын дамыту. Бұл тақырыпты көптеген ғалымдар, атап айтқанда, Д.В. Аткинсон, Н.В. Афанасьева, Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев, А.К. Маркова, А.Г. Маслоу, С.Л. Рубинштейн, Х. Хекхаузен және басқалар зерттеген.

Қазіргі білім беру жүйесінде бұл мәселе келесі қайшылықтармен өзекті:

1. Оқушылардың танымдық мотивациясын арттыру теориялары бар, бірақ олар қазіргі заман оқушыларының қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне жеткілікті деңгейде сәйкес келмейді.
2. Математиканың болашақ өмірдегі маңыздылығына қарамастан, оқушылардың бұл пәнге деген мотивациясы төмен.

Н.А. Маленьких пен В.С. Нургалеевтің айтуынша, мотивация – бұл адамның білімге деген қажеттілігі мен оны қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекеттерді таңдауға ықпал ететін объект (мысалы, білім беру) туралы түсінігі.

Мотивация кез келген әрекеттің негізі болып табылады. Мұғалімдер оқушыларды оқу-танымдық әрекетке ынталандыратын мотивтерді ескеруге міндетті. Оқушыларда оқу мотивациясы сыртқы және ішкі болуы мүмкін. Көп жағдайда сыртқы мотивация (мысалы, бағалар немесе ата-ананың мақұлдауы) басым болады, бірақ ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізу үшін ішкі мотивацияны дамыту қажет. Ішкі мотивация оқуға деген шынайы қызығушылықты оятады және әрекеттің тиімділігін арттырады. Әрбір мұғалім оқушылардың осы ішкі мотивациясын дамытуға жұмыс істеуі керек. Ішкі мотивацияның бір түрі – танымдық мотивация, яғни жаңа білім алуға, оқу процесі мен оның нәтижелеріне деген қызығушылық.

Танымдық мотивацияны арттыру үшін зерттеушілер түрлі әдістерді ұсынады, мысалы: топпен жұмыс ұйымдастыру, оқушыларды шығармашылық әрекетке тарту, сабақта заманауи технологияларды қолдану, сыныптан тыс іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастыру, білім беру процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) енгізу және тағы басқалар. Дегенмен, бұл мәселе әлі де өзекті, себебі оқушылардың қажеттіліктері мен

қызығушылықтары өзгеруде, сол себепті олардың мотивациясын арттыру тәсілдері де өзгеріп отыруы тиіс.

Қазіргі жас буын «Интернет» мүмкіндіктеріне қатты қызығады. Олар көбінесе онлайн қарым-қатынасты таңдайды және цифрлық технологияларға тәуелділік байқалады. Гаджеттер мобильділігімен, түрлі мультимедиялық және интерактивті мүмкіндіктерімен, ақпараттың қолжетімділігімен оқушылардың назарын өзіне тартады. Байқаулар көрсеткендей, жасөспірімдердің виртуалды әлемге қызығушылығының артуына әртүрлі ойындар мен ойын қосымшалары үлкен әсер етеді.

Қазіргі оқушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеріп, олардың оқу-танымдық мотивациясын дамытуға мүмкіндік беретін әдістердің бірі – геймификация. Білім берудегі геймификация деп біз оқу процесіне әртүрлі ойын элементтерін енгізуді түсінеміз. Геймификация тақырыбын М. Поренски, К. Капп, Р. Бартл, Г. Зихерман, И. Нефедьев, М. Бронников және басқа да зерттеушілер зерттеген. К. Вербах пен Д. Хантердің айтуынша, геймификация оқушыларды оқу-танымдық әрекетке тиімді түрде тартуға және олардың танымдық мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді.

Геймификацияны оқытуда қолдану зерттеулердің нәтижелері бойынша мынадай оң әсерлер береді:

1) Оқушылардың оқу процесіне қызығушылығы артады. Бұл нәтижені зерттеу барысында ғалымдар әртүрлі тапсырмаларға балл қойып, сыныпта жағымды атмосфера мен жұмыс өнімділігінің артқанын байқаған.

2) Геймификация әртүрлі даму деңгейіндегі жасөспірімдерді оқытуда тиімді құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін.

3) Геймификация сыныптан тыс жұмыстарда да қолданылуы мүмкін.

О.Р. Воронцова геймификацияның математика сабақтарындағы педагогикалық әлеуетін төмендегідей сипаттайды:

1) Оқыту процесінің мотивациясы (ойын кезінде қызығушылық пен бәсекелестік сезімі арқылы);

2) Оқыту инновациясының артуы (әдетте, математикада тек бір әдіс – «тақта, бор және шүберек» қолданылады);


3) Функционалдың артуы (әрекетке мотивация);

4) Оқыту қызықты бола бастайды (оқушылар қолданған күш-жігер мен нәтижелеріне қанағаттанады);

5) Эмоционалдық шиеленістің жойылуы.

Жоғарыда айтылғандар негізінде біз мұғалімнің оқушылардың танымдық мотивациясын арттыру үшін жасаған іс-әрекет моделін әзірледік. (1-сызбада көрсетілгендей) Бұл модель келесі блоктардан тұрады:

Сызба 1. Оқушылардың танымдық мотивациясын арттыру үшін жасаған іс-әрекет моделі



1. Мақсаттық блок – бұл кезеңде мұғалімнің негізгі мақсаты анықталады, яғни оқушылардың математика пәніне деген мотивациясын арттыру. Сонымен қатар, оқушылардың қазіргі мотивация деңгейін анықтау үшін бастапқы диагностика жүргізіледі.

2. Мазмұндық блок – мұғалім математика пәні бойынша оқу бағдарламасын қазіргі оқушыларға қызықты болатын контентпен толықтырады. Мұнда әрбір тапсырмаға мынадай талаптар қойылады:

- Теориялық маңыздылық – математика ғылымының қазіргі әлемдегі маңыздылығын көрсету керек.

- Практикалық маңыздылық – математикадан алынған білімдер мен дағдылардың нақты өмірде қалай қолданылатынын көрсету қажет.


- Жеке маңыздылық – әр оқушының жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеру керек. Мысалы, 6-сынып оқушысы футболмен айналысады, сондықтан оған стадионның аумағына қатысты есепті шешу тапсырмасы ұсынылуы мүмкін.

3. Технологиялық блок – сабақтарды өткізу әдістерін сипаттайды. Бұл блокта оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін квесттер, викториналар, жарыстар, саяхаттар сияқты түрлі интерактивті әдістер қолданылуы мүмкін. Мұғалімдер білім беру процесінде «Аударылған сынып» технологиясын қолдануға да ерекше назар аударуы керек. Бұл әдіс оқушыларға материалды терең түсінуге мүмкіндік беріп, уақытты үнемдеуге көмектеседі.

4. Бақылау және бағалау блоқы – бұл блок оқушылардың мотивациясын арттыру әдістемесінің тиімділігін тексеруге бағытталған. Мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен мотивациясын бағалау үшін әртүрлі бағалау әдістерін қолданады.

Оқушылардың оқуға деген ынтасына әсерін түсіну үшін Джон Келлер ұсынған ARCS (2-сызбада көрсетілгендей) “ Attention-назар, Relevance-өзектілік, Confidence-сенімділік және Satisfaction-қанағаттану” мотивациялық дизайн моделін қолдандық.

Сызба 2. Келлердің ARCS мотивациялық дизайн моделі



ARCS мотивациялық дизайн моделі AR технологиясының оқушылардың оқуға деген ынтасына әсерін зерттеу үшін қолданылады. Бұл модель оқушылардың мотивациясын арттыру үшін қажетті компоненттерді жүйелі түрде анықтап, оқу үдерісінде оларды қалай тиімді пайдалануға болатынын көрсетуге мүмкіндік береді. AR технологиясының оқыту барысында қолданылуы оқушылардың қызығушылығын сақтау мен олардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады.

Осы модель негізінде мектепте математиканы оқытуда геймификация (ойын әдістерін қолдану) элементтерін қолдану туралы әдістеме жасалды. Бұл әдістемені тексеру үшін Райымбек батыр атындағы орта мектебінде тәжірибелік жұмыс жүргізілді. Бастапқы кезеңде оқушылардың мотивациясы мен олардың пәнге деген қызығушылығы зерттелді. Нәтижесінде, 6-сынып оқушыларында көбінесе сыртқы (жақсы баға алу, мұғалімнің мақтауы) және позициялық (достарымен бәсекелесу) мотивациялар басым екенін, ал танымдық мотивацияның төмен екенін көрсетті.

Бұл тәсіл оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың білім алуға деген ынтасын күшейтуді мақсат етеді.

Математика сабақтарында геймификация элементтерін қолдану үшін көптеген онлайн құралдар мен платформалар бар. Мысалы, Learningapps.org сервисі арқылы әртүрлі ойын түрлерін жасауға болады. Бұл сервис математика сабақтарында қолдануға болатын «Хронологиялық сызық», «Классификация», «Викторина», «Жұп табу» сияқты ойын элементтерін ұсынады.

Сондай-ақ, квесттер жасау үшін тілінде арнайы платформалар да бар, мысалы, Learnis (кейін Joyteka деп өзгертілген). Бұл платформа арқылы оқушыларға қызықты квесттер, викториналар және тесттер ұйымдастыруға болады.

Оқушылардың жетістіктерін бағалап, марапаттау жүйесін жасау үшін ClassDojo мен Classcraft сияқты сервистерді қолдануға болады. ClassDojo оқушылардың білім деңгейін бақылауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер пәндер бойынша дағдыларды орнатуға, оқушыларға жетістіктер үшін аватарлар жасауға және ата-аналарға баланың нәтижелерін бақылауға мүмкіндік береді. Classcraft болса, тегін рөлдік онлайн ойын, онда оқушылар ойын барысында білімдерін арттырып, командада жұмыс істей алады, тәуекелге барып, марапаттар алады. Мұндай ойындар сабақтарды қызықты әрі белсенді етеді, оқушылардың мотивациясын арттырып, топта жұмыс істеуге үйретеді. Бұл платформада мұғалім «dungeon master» (ойын жүргізуші) рөлін атқарып, оқушыларға тәжірибе ұпайларын және басқа да бонустарды таратады.

Геймификацияның басқа құралдарына жылдам кері байланыс беру, оқушыларды бәсекелестікке тарту, мақсаттар қою және олардың арасындағы өзара әрекеттестікті дамыту жатады.

Бұл әдістер мен құралдар математика сабағын қызықты, тиімді және ынталандырушы етуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Цифрлық білім беру жүйесі қазіргі қоғамның даму талаптарына сәйкес мектептерде оқу үдерісін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Қазақстандағы білім беруді цифрландыру үрдісі оқушыларға заманауи, тиімді және қолжетімді білім алуға жағдай жасап, педагогикалық әдіс-тәсілдердің инновациялық жетістіктерін пайдалануды талап етеді. Бұл ретте, оқу мотивациясын сақтау мен дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Мектептің білім беру ортасы мен мұғалімнің іс-әрекеті оқушылардың танымдық мотивациясын арттыруда басты рөл атқарады.

Жалпы алғанда, геймификацияны оқу үдерісіне енгізу танымдық мотивацияны арттыруда тиімді тәсіл болып табылады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру, олардың оқу процессіне белсенді қатысуы және өз білімдерін дамытуы үшін түрлі ойын элементтері мен цифрлық ресурстарды қолдану маңызды. Оқыту мен бағалау процесін жаңарту, оқушылардың оқу нәтижелеріне әсер ететін жаңа әдістер мен платформаларды енгізу – бұл білім беру жүйесінің дамуына ықпал етеді.

Математика пәнінде геймификацияны қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға және олардың математикалық білімдерін тиімді меңгеруіне мүмкіндік береді. Мысалы, Learningapps.org, ClassDojo, Classcraft, Joyteka сияқты платформалар мен сервистер оқыту процесін қызықты әрі интерактивті етіп, оқушылардың танымдық мотивациясын көтереді. Бұл тәсілдер оқушылардың пәнге деген ішкі қызығушылығын арттырып, ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізуге септігін тигізеді.

Осылайша, геймификация мен цифрлық технологиялардың тиімді қолданылуы оқу үдерісінің сапасын жақсартып, оқушыларды заманауи білім беру жүйесіне тиімді бейімдеуге мүмкіндік береді. Математика пәні мен басқа да пәндерде цифрлық құралдарды қолдану арқылы оқушылардың оқу процесінде белсенділігін арттырып, олардың білім алуға деген ынтасын күшейтуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тоқаев Қ. Республикалық педагогтер съезі, 2024. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/tubegeyl-jana-kozkaras-kajet-tokaev-kazakstandagyiblm-beru354564/
2. Авдеев А.С. Геймификация при обучении математике // Школьный трансфер технологий: опыт содержательного и технологического обновления образования. 2019
3. Маленьких Н.А., Нургалеев В.С. Познавательные мотивы субъекта как предмет педагогического анализа // Сибирский педагогический журнал. 2012.

4. Полякова А.С. Геймификация как средство обучения математике // Преемственность в образовании. 2019.
5. Мерзлякова О.П., Усольцев А.П. Использование элементов геймификации при обучении физике в школе // Школа будущего. 2021. № 1.
6. Ильина Л.А. Использование геймификации при обучении школьников программированию // Теория и практика применения геймификации в профориентации и профессионального самоопределения детей разных возрастных групп на разных этапах образования: сб. науч.-практ.

АХМЕТ ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚИТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Нурекешова Жанат Нұрыллақызы
география пәні мұғалімі

Қазалы қаласындағы Қ.Нұрмаханов атындағы №95 орта мектеп

Ernar_Janat@mail.ru

***Аннотация:** Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ баласына еткен зор еңбектерін әрқашан ұрпаққа жандандырып үйретіп отыру біздің парыз. Қазақ педагогикасында Ахметтің әдістерін жоғалтып алмау үшін мен өз пәнімде қалай пайдалануға болатындығын таптым. Әр сабақта кеңінен пайдалануға үлкен мүмкіндік бар. Атап айтар болсам «Ашық хат жасау», «Бұл тоғыз зат, тоғыз ат», «Қолайына қарай қос сөз», «Қисындау», «Сын атына зат аты» тағы басқада әдістерді қазіргі шетелдік әдістерге еліктемей-ақ өзіміздің ұлттық педагогикамыздың әдістерімен өтсек әлде қайда артық болары сөзсіз.*




Ұлттық құндылық әр халықтың атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатырған үлкен мұрасы. Ұлттық құндылық ол салт-дәстүр, тіл, дін, әдебиет пен өнер қазыналары. Осы құндылықтарымыздың бірі біздер үшін яғни педагогтарға қажетті құндылық қазақ ағартушыларының «келешек ұрпағым өз дәстүрі мен білімнің бастауы болған ұлттық білімімізді сақтасын» - деп қазақ даласын қараңғылықтан шығарып оқумен көзін ашты.

Атап айтар болсақ Ыбырай ашқан қазақ даласындағы мектеп, Ахмет дайындаған әліппе, Абай салған дара жол тағы басқа да қазақ үшін бар өмірін сарп кеткен ұлтымыздың жанашырларының аманатын біздер жалғастырып келеміз. Осы қазақ ағартушыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының біздің мектебіміз үшін орны ерекше.

Бүгінгі таңда қазақ тілі білімі инновациялық бағыттар тұрғысынан қарастырылуына байланысты көптеген ұстаным-түсініктер жаңа қырынан зерттеле бастады. Бұл орайда көбінесе жаңа, тың дүниені шетел тәжірибесімен, шетелдік озық үлгісімен байланыстыру әдетке айналдырылған.

Шын мәнінде, қазіргі қазақ тіл біліміндегі инновациялық парадигмалар, жаңа бағыттар Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде жан-жақты сипатталғанын көруге болады.

Бұл жұмысты бастамас бұрын Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл тағлымы», «Оқу құралы», «Әдебиет танытқыш», «Шығармалары» кітаптарын қолыма алып танысуға тура келді. Бұл кітаптар бір-біріне ұқсастықтары бар. Себебі оқуды үйретудегі өзінің жасаған әдістері жинақталған. Қарасаңыздар әдісті әдепкіде суреттер арқылы көрсетіп отырған. Бір мысалын айтар болсам: «**Аш шал**» өлеңін оқытуда «**Қолайына қарай, қос сөйлемнен қойу**» әдісінде Шабәк-шабақтың суреті, аш-аш қасқырдың суреті, шал- шалдың суреттері салынған



Және де қысқа әңгімелерді әр жерден құрастырған. «Қыс қамы» (Жұмаш

айтқанынан), «Күзем» (Көргенімнен), «Түс көргенім» (Мақаш айтқанынан), Күн (Толстойдан), «Тамшының тарихы» (Телжан аударған) деген сияқты жинақтары бар.

Ахмет Байтұрсынұлының ой-пікірлерінен «Белсенді оқыту» әдісі қазіргі әдістемеді білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгерудің әдістері жайындағы тұжырымды табуға болады. Ғалым «үйретуді» өнер деп бағалайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ» – дегені сөзсіз ақиқат. Әдіскер тіл үйретуге мыналарды жатқызады:

- 1) оқылым – оқу үйрету;
- 2) жазылым – жазу үйрету;
- 3) айтылым – сөйлеу үйрету.
- 4) тыңдалым – тыңдауды үйрету

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралының» өн бойында кездеседі. Мәселен,

- оқылым әрекеті буындап оқу, тұтас оқу арқылы;
- жазылым әрекеті сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы;
- айтылым әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы;
- тыңдалым әрекетімен жаңылтпаштарды тыңдатып, оны есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

Жанартылған білім беру аясында неше түрлі әдістерді қолданып келеміз. Атап айтсақ: «Пазл», «Сәйкестендіру», «Домино», «Мнемотехника», «Сандар сөйлейді», «Рефлексия», «Ең, ең, ең ...» тағы басқа да түрлері бар. Біз Ахмет педагогикасын зерттеу барысында жоғарыда айтылған әдістердің Ахмет педагогикасында да бар екеніне көзіміз жетті. Яғни қазіргі әдістердің бастауы, негізі Ахмет педагогикасынан басталған. Мәселен, мына кестеге назар аударсаңыздар:

Топ басшы	Жасауыл
Домино	Қисындау
Орнын тап!	Қайсысын қайда қою
Сәйкестендіру	Қолайына қарай, қос сөйлем
Мнемотехника, Кинометафра, Постер құру	Ақыл қат жасау
Ең, ең, ең ...	Сын атына зат аты
Кері байланыс	Бұл тоғыз зат - тоғыз ат

Ахметтің осындай әдістерін география пәнін оқытуда қалай қолданғанымды тәжірибе жүзінде көрсетемін.

«Сын атына зат аты» әдісі қазіргі «Ең, ең, ең» әдісінің орнын басады. Үй тапсырмасына арналған сұрақтар:

1. Ең үлкен белдеу – Қоңыржай
2. Ең ылғалы мол белдеу – Экватор
3. Екі белдеудің климаты қалыптасқан – өтпелі белдеулер
4. Ең суық белдеу – Арктикалық
5. Континенттік шөлдер – Сахара, Калахари, Виктория

«Ақыл хат жасау» одақтық жұмыс. Бұл қазіргі «Мнемотехника» әдісі. Бұл Ахметте қалай көрініс тапқан дейтін болсақ. Ол заманда оқулық жеткіліксіз, тіпті болмады деуге болады. Сол кезде қалай оқытты? Тақырыпқа сәйкес суреттер берген, сол суретке қарап, оқушылар әңгіме құрап жазған.

Мысалы: «Сіздердің алдарыңызда: жаз, шөл, жаңбырдың жаууы, жел, қалың қар, қалың орман және түрлі жануарлар суреттері берілген. Осы суреттерге қарай отырып, шағын әңгіме құрастырайық». Әңгімелерін оқытып, тыңдау, тақырыптың ашылғандығын көру.

Бүгінгі тақырыбымыз «Материктердің климаттық ерекшеліктері» екендігін түсіндіру. Бұл әдісте тіл үйретудің **жазылым-жазу үйретуі** орын алады.

«Ақыл хат жасау» одақ жұмысы

Көрнекілік қолдану. Жаңа сабаққа қосымша ақпарат беру үшін бейнеролик көрсетіледі. Осы жерден тіл үйретудің **тыңдалым-тыңдауды үйрету** әдісі пайдаланылады. Ал, сол заманада қалай қолданылған дейтін болсақ. Ахмет: «Өз шығармаларын әуелі мұғалім мәнерлеп оқып беру керек» - деген. «Материктердің климаттық ерекшеліктері» туралы ютуб каналынан алынған түрлі бейнеролик көрсетуге болады.

Оқылым-оқу үйрету әдісіне бүгінгі тақырыптағы мәтін беріледі. Мәтінді одақ атауына, сынып деңгейіне қарай бөліп беруге де болады.

«Қисындау» әдісі **жазылым-жазу үйретуі**. Қазіргі қолданыстағы «Венн» диаграммасы әдісінің орнына пайдаланылады. Екі материктің ұқсастығы мен айырмашылығын табу.

«Қисындау» жұптық жұмыс. Әр жұпта қайталанбайтындай етіп тарату.

Еуразия	Ортақ ұқсастық	Солтүстік Америка

«Қайсысын қайда қою» әдісі **жазылым-жазуды үйретуі**. «Домино» әдісінің біздің педагогикамыздағы атауын осылай өзгертуге болады. Берілген мәтінді әр сөзін бөлек-бөлек қиып тастау. Топтар соны тез-тез құрыстырып, берілген сөйлемді табады. Дәптерге жазып алады.

Тақырыпты бекіту үшін «**Кері байланыс**» немесе «**Түйінді ой**» әдісін «**Бұл тоғыз зат – тоғыз ат**» деп өзгертсек болады екен. Ол үшін таратпалардың ішінен қолыңызға тиген сөзді оқып сол туралы айтып өту керек. Сонда бүгінгі сабақтан оқушының қаншалықты меңгергенін білуге болады. Жылдам-жылдам жауап береді. Егер жауап бере алмаса басқа оқушыдан сұрауға болады. Ахметтің **айтылым – сөйлеу үйрету әдісін** анық көруге мол мүмкіндік.

«**Бұл тоғыз зат – тоғыз ат**» жеке жұмыс

Табиғат зонасы	Батыс желдер	Қоңыржай белдеу
Торнадо	+58 ⁰ С	Арктикалық белдеу
Ураган	Экваторлық белдеу	Ауа массалары
Гольфстрим	Тропиктік белдеу	Климат

Ахмет Байтұрсынұлының өшпей қазақ даласына мәңгі болатындығын Мұхтар Әуезовтың айтқан мына сөздерінен білуге болады: « ... өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер... Ақаң – еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артында келе жатқан жастар. ... Ақаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш» - дей келе ұлт ұстазының әдістемесін оқу тәрбие үдерісінде қолдану, қазіргі ұстаздар қауымының басты міндеті болуға тиісті.

Ұлы Ахметтің әдістемесін, жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуда қолданатын болсақ ұтпасақ ұтылмаймыз деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. 2017 жылы Астанада «Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы»
2. 1912 жылы Орынбарда «Оқу құралы»
3. 2013 жыл Алматы А.Байтұрсынұлы «Шығармалары» 4 том.
4. 1926 жылы Семейде «Ересектерді оқыту»
5. 1928 жылы Қызылордада «Әліп-би»

ӘОЖ 37:04; 376:37

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ КЕМШІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Жусупова М.А Логопедия мамандығы бойынша арнайы пән оқытушысы
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі

E-mail: mera_happy@mail.ru

Аннотация: Мақалада жалпы білім беретін мекемелерді білім алушылардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзетуде психологиялық -педагогикалық сүйемелдеудің өзектілігі мен цифрлық технологиялардың маңызы атап көрсетілген. Сонымен қатар болашақ логопед мамандарын даярлауда теориялық білімді игерумен қатар практикалық білімді жетілдіруде заман талабына сай ақпараттық технологияларда игеру бойынша қолданылатын интерактивті құрылғылардың сипаттамасы мен пайдалану аймағы туралы ақпарат берілген.

Тірек сөздер: логопед мамандары, ерекше білік беруге қажеттілігі бар бала, «Ақылды айна», «Алмаз» интерактивті құм салғыш, психологиялық -педагогикалық сүйемеледеу

Аннотация: В статье подчеркивается актуальность психолого-педагогического сопровождения общеобразовательных учреждений в коррекции речевых недостатков обучающихся и значение цифровых технологий. Кроме того, в подготовке будущих специалистов-логопедов представлена информация о области использования и описание интерактивных устройств, используемых по освоению современных информационных технологий, наряду с освоением теоретических знаний в совершенствовании практических знаний.

Ключевые слова: специалисты-логопеды, ребенок с особыми потребностями, «умное зеркало», интерактивная песочница «Алмаз», психолого-педагогическое сопровождение

Annotation: The article emphasizes the relevance of psychological and pedagogical support of educational institutions in correcting speech deficiencies of students and the importance of digital technologies. In addition, the training of future speech therapists provides information on the field of use and description of interactive devices used to master modern information technologies, along with the development of theoretical knowledge in improving practical knowledge.

Key words: speech therapists, a child with special needs, "smart mirror", interactive sandbox "Almaz", psychological and pedagogical support

Цифрлық технологиялар – бұл ақпараттық қоғамдағы өмірге бейімделген тұлғаны тәрбиелеуді, тәрбиелеуді қарқынды және оңтайландыру мәселелерін табысты шешетін құрал. Цифрлық әлемге өту соңғы екі онжылдықтан аса уақытта қарқынды дамып келеді.

Бүгінгі күні цифрлық технологиялар жаһандық экономикалық дамудың негізгі факторларының біріне айналып отыр.

Бүкіл әлем бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізетін білім беру жүйелерінің тиімділігінің негізгі факторы – білім беру процесінің тұтастығы мен дәйектілігі. Мұғалімдерге цифрлық технологияларды, оның ішінде жасанды интеллект пен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қызметтерін оқу процесіне интеграциялау бойынша білім мен дағдыларды қамтамасыз ету, сол арқылы заманауи білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру цифрлық білім беруде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу маңызды. Мұнда бірнеше аспектіні қарастыру қажет:

1. Индивидуалды тәсіл: Әр балаға жеке оқыту жоспары мен стратегиясын жасау. Олардың қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, контентті бейімдеу.
2. Психологиялық қолдау: Эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін психологиялық кеңестер мен тренингтер өткізу. Оқушылардың сенімін арттыру және стресстен қорғау.
3. Мұғалімдердің дайындықтары: Мұғалімдерге ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту үшін арнайы оқыту курстарын өткізу.
4. Технологиялардың қолжетімділігі: Оқыту құралдарының, бағдарламалардың және платформалардың барлығына қолжетімділігін қамтамасыз ету.
5. Отбасы мен қоғамның қатысуы: Отбасыларды оқыту процесіне тарту, олардың пікірлері мен ұсыныстарын ескеру.
6. Кері байланыс: Оқушылардың прогресін тұрақты бақылау және кері байланыс арқылы оқу үрдісін жетілдіру.

Осындай шаралар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың цифрлық ортада табысты оқуына септігін тигізеді.

Жалпы білім беретін мектепте ЕҚБ бар балаларды психологиялық педагогикалық қолдау білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Осы Ережелерге сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдап отыру деп ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды), оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет түсініледі.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары:

- 1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау;
- 2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) педагогтері мен отбасына консультациялық-әдістемелік көмек көрсету;
- 3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау. Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау тәртібі Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ережелерімен реттеледі. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау мыналармен жүзеге асырылады:

- әрбір білім алушының (тәрбиеленушінің) әлеуметтік-эмоционалдық әл ауқатын және оқу-танымдық қызметінің ерекшеліктерін бақылау және зерделеу, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін критериалды бағалау әдістерін пайдалана отырып, сынып мұғалімімен;
- тереңдетілген зерттеу нәтижелері бойынша ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асыратын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (бұдан әрі - ППҚК) мамандарымен.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау психологиялық-медициналық педагогикалық консультацияларда (бұдан әрі - ПМПК) жүзеге асырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау аспектісінде жалпы білім беретін мектептердің ПМПК-мен өзара іс-қимылы екі бағытта жүзеге асырылады [1, 8-9 б]

Жыл өткен сайын жалпы дамудағы соның ішінде сөйлеу тілінде кемшіліктері бар балалардың санының артуымен байланысты сапалы маман даярлау өзекті мәселе болып отыр. Болашақ логопед мамандарын даярлауда ақпараттық инновациялық технологияларды қолдана отырып, білім алушылардың кәсіби білігі мен дағдысын дамыту колледждің оқу жұмысының басым бағыттарының біріне айналған. Себебі, ақпараттық технологиялар соңғы жылдары сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалармен түзете дамыту жұмысын жүргізудегі тиімді құрал болып отыр. Түзету жұмысын цифрландыру оқытудың әлі зерттелмеген жаңаша қырларын ашуда. Бұл қазіргі заманғы телебайланыс пен ақпараттандырудың жаңа мүмкіндіктермен байланысты болып отыр. Компьютерлік технологиялар арнайы педагогикада педагог жұмысының қосымша құралы ретінде кеңінен қолданыла бастаған нәтижелі оқыту тәсіліне жатады.

Логопедиялық сабақтарда мультимедиялық ресурстарды қолданудың басым бағыттары:

- Балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзетудің нәтижесін арттыру;
- Түзете – дамыту сабақтарында психологиялық қолайлы жағдай қалыптастыру;
- Жоғары психикалық функцияларды дамыту;
- Кеңістікте бағдарлану дағдысын жетілдіру, қол қимылдарының нақтылығын дамыту;
- Сөйлеу тілінің барлық компоненттерін, сенсорлық қызметтерін, артикуляциялық және ұсақ қол моторикасын дамыту;
- Баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту
- Оқушылардың қабілеттерін жетілдіріп, оқу сапасын арттыру [2, 2-3 б]

Қазіргі таңда колледжде логопед мамандарын даярлауда теориялық білім мен қатар, практикалық білімді тереңнен жетілдіру мақсатында түрлі компьютерлік технологиялар қолданылуда. Білім алушылармен практикалық жұмыс жасау барысында компьютерлік тренажерлар, дамытушы ойындар, электронды сілтемелер, логопедиялық ресурстарды ерекше білім беруге қажеттілігі бар сөйлеу тілі бұзылған балалармен жұмыс жүргізу барысында қолдану бойынша машықтандырылуда. Сондай инновациялық цифрлық құрылғылардың қатарында «artikme» «Ақылды айна» мен «Алмаз» интерактивті құмсалғыш интерактивті жабдықтарды ерекше атап өтуге болады. Жоғарыда аталған құрылғылармен жұмыс жасау тәсіліне кеңінен тоқталып кетсек, «artikme» ақылды айна – сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету және жою мақсатында жасақталған. Артикуляциялық аппаратты дамытып, дыбыстаудағы кемшілікті түзетуде қолданылады, дыбыстық талдау дағдысын жетілдіріп, лексикалық тақырыптардың сапасын арттырады. Мектепке дейінгі жастағы және бастауыш мектеп жасындағы балалармен жұмыс жүргізуде қолайлы. Ақылды айна артикуляциялық, саусақ жаттығуларына, дыбыстауды түзетуге арналған, тыныстау жаттығуларына арналған тапсырмалар кешенінен тұрады. Артикуляциялық жаттығулар кешені артикуляция дағдыларын дамытуға бағытталған. Бала айна арқылы өзін және жаттығуды дұрыс орындау тәсілін көрсететін анимациялық кейіпкерді көре отырып, жаттығуды жасайды. Педагог орындау техникасын бақылай отырып, жылдамдығын реттейді. Артикуляцияға арналған барлық жаттығулар интерактивті форматта орындалады. Саусақ жаттығулары бөлімі бойынша жаттығулар ұсақ қол моторикасын жетілдіруге, ырғақты сезінуге және қиялды дамытуға арналған. Айна қимылдарды оқи отырып, егер жаттығу дұрыс жасалса, экранда сурет пайда болады. Екі қолмен бірдей орындауға арналған тапсырмалар бас миының жарты шарларының өзара байланысын дамытады. Дыбыстауды түзету бөлімі бойынша тапсырмалар өзінің қызықты болуымен баланы еліктіре түседі. Сөйлеу тілінде дыбыс айтуды машықтандыру үшін оны қайталау қажет. Ақылды айна арқылы бала үшін бұл процесс жаңа қырынан ашылады. Ойынды соңына дейін жету үшін бала дыбысты бірнеше рет және дұрыс қайталауы қажет. Дыбыстаудың дұрыстығын тек логопед емес, сонымен қатар нейрожелі анықтайды: егер дыбыс дұрыс айтылмаса экрандағы кейіпкер орнынан қозғалмайды. Тыныстау жаттығуы бөлімі бойынша бала торт бетіндегі шырақты өшіру үшін, сабын көбігімен немесе бақбақпен ойнау үшін микрофонға үрлейді.

Бағдарлама баланың тыныс шығару күшін анықтайды, ал педагог баптауларды келтіре отырып, сабақ процесін бақылайды. Сабақ конструкторы бөлімі бұл суреттер, дыбыстар және анимациялар кешінен тұратын авторлық жаттығуларды жасақтауға арналған құрал болып табылады.

Ақылды айна арнайы мамандардың жұмысына арналған кәсіби жабдық болып табылады. Бала бір уақытта сиқырлы әлем мен ертегі кейіпкерлерімен бірге өзінің бейнесін көре отырып, жұмыс жасайды. Келесі балалардың дамуына таптырмас құрал болып табылатын құрылғы «Алмаз» интерактивті құм-салғыш болып табылады. Бұл интерактивті құм салғыш пен сенсорлы үстелдің мүмкіндіктерін біріктірген дамытушы кешен. Шынайылыққа бейімделіп жасалған технология қарапайым құмды өзен мен тауларға, жанартау мен қатпарларға айналдырады. Қосымша бөлімдер сенсорлық үстел режимінде сабақтар жүргізуге мүмкіндік береді. Биіктігі 2250 мм, ұзындығы 1470 мм, белсенді жұмыс аумағы 1,16 м² тұратын жабдық ерекше балалармен жұмыс жасауда таптырмас құрал болып табылады. Қосымша құрылғы интерактивті үстел- ойын түріндегі қызықты оқыту болып табылады. Сенсорлы кеңістікте балалар ойын түрінде оқыту процесіне толықтай беріледі. Интерактивті үстел интерактивті құм салғышпен бірге мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын тактильді тәсіл арқылы оқыту нәтижесін арттыра отырып өткізуге мүмкіндік береді. Жеке және топтық жұмыстар жүргізуге арналған. Бағдарламалық қамтамасыз ету:

Ұсақ қол моторикасын дамыту бала тілін дамытуға өз әсерін тигізеді. Ерте жастан құм салғышпен ойнаған балалардың сөйлеу тілі де ерте қалыптаса бастайды. Қосымша шынайылық әрбір баланың қиялына ерік беріп, өз қалауымен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Балалар өздері құм аумағынан кез келген әрекетті үлгілей отырып, шығармашылық қабілетін көрсетіп, ой - өрісін және қиялын дамытады. Құм-салғыш 19 режимде, интерактивті үстел 44 режимде жұмыс жасайды. [4, 1-3 б]

Қортындылай келе айтарым, цифрлық технологияларды қолдана отырып, жұмыс жүргізу арнайы мамандарға мүмкіндік береді:

- Жаттығулардың нәтижесін арттыруға;
- Балаларды сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету және оқытуға белсендіреді;
- Әр балаға ерекше көзқараспен жұмыс жасауға;
- Таным қабілеттерін дамытуға;
- Өзін- өзі бақылау, ұсақ қол моторикасын дамыту, тепе -теңдікті сақтау және ойлау қабілеттерін сапалы дамытуға мүмкіндік береді;
- Берілетін тапсымалардың көрнекілік қағидасына сай болуына;
- Сабақ барысында балалар үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға;
- Дыбыстарды дұрыс айтуды машықтандыруға;
- Байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға;

Жоғарыда атап өтілгендей, цифрлық білім беру – бұл ерекше балаларды психологиялық – педагогикалық сүйемелдеуде, түзету жұмысын жүргізуде нәтижесіне бірнеше есе арттыруға мүмкіндік беретін қазіргі заман үшін қажетті логопедиялық технология болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық қолдау. Әдістемелік ұсынымдар Алматы 2022
2. Вренева Е.П. Ресурсы информационно-компьютерных технологий в обучении дошкольников с нарушениями речи. // «Логопед» №5, 2010.
3. <https://sdo.ncrdo.ru/> электронды ресурс
4. <https://playstand.ru/products/> электронды ресурс
5. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі. Әдістемелік ұсынымдар, Астана 2016

6. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған III-деңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру Әдістемелік ұсынымдар Алматы, 2014

ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Акбембетов Болат Ескалиевич п.ғ.к., МАИИН академигі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Акбембетова Лаура Болатовна Қызылорда МОО психологі

Білім алушылардың зерттеу қызметі – шығармашылық зерттеу мәселесін алдын ала белгісіз шешіммен шешуге байланысты оқушылардың қызметі.

Зерттеу қызметі ғылымда қабылданған дәстүрлер негізінде нормаланған ғылыми салада зерттеуге тән негізгі кезеңдердің болуын болжайды: проблеманы қою, осы мәселеге арналған теорияны зерттеу, зерттеу әдістерін таңдау және оларды практикалық игеру, өз материалын жинау, оны талдау және жалпылау, ғылыми түсініктеме, өзіндік тұжырымдар. Кез-келген зерттеу, ол қандай ғылым саласында жасалса да, ұқсас құрылымға ие. Оқушылардың жобалық қызметі - ортақ мақсаты, келісілген әдістері, қызметтің жалпы нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған іс-әрекет тәсілдері бар оқушылардың бірлескен оқу-танымдық, шығармашылық қызметі.

Жобалық қызметтің міндетті шарты қызметтің түпкілікті өнімі, жобалау кезеңдері туралы алдын ала әзірленген идеялардың болуы (тұжырымдаманы әзірлеу, жобаның мақсаттары мен міндеттерін, қызметтің қолжетімді және оңтайлы ресурстарын айқындау, жоспарды, бағдарламаларды құру және жобаны іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру) және жобаны іске асыру, оның ішінде оның түсінігі мен қызмет нәтижелерінің рефлексиясы болып табылады.

Зерттеу қызметі мен жобалық қызметтің айырмашылығы - зерттеу қызметінің негізгі нәтижесі зерттеу процедурасының нәтижесінде белгілі бір шындықты белгілейтін және стандартты түрде ұсынылған интеллектуалды өнім болып табылады. Зерттеуде шындыққа жетудің өзіндік құндылығын оның негізгі өнімі ретінде атап өту керек.

Оқу-зерттеу қызметі - бұл оқушылардың арнайы ұйымдастырылған, танымдық шығармашылық қызметі, оның құрылымы бойынша ғылыми іс-әрекетке сәйкес келеді, ол мақсатқа, белсенділікке, пәнділікке, мотивацияға және саналылыққа тән, нәтижесінде танымдық мотивтер, зерттеу дағдылары, оқушылар үшін субъективті жаңа білім немесе іс-әрекет әдістері қалыптасады.

Зерттеу қызметі әрдайым жаңа білімнің ашылуымен байланысты - бұл оның оқу, ағартушылық-танымдық, ақпараттық - ақпараттандыру қызметінен түбегейлі айырмашылығы: зерттеу әрдайым зерттеу мен түсіндіруді қажет ететін белгілі бір проблеманың, қайшылықтың болуын болжайды.

Сонымен қатар, зерттеу қызметінің бірінші және маңызды сәттерінің бірі - бұл проблеманы шешуді, анықтауды қажет ететін мәселені табу, сондықтан когнитивті қажеттілік, зерттеу қызметінің мотивациясы оның ажырамас сипаты болып табылады. Зерттеу қызметінің мақсаты әрқашан біздің әлем туралы жаңа білім алу болып табылады. Бұл білім жеке және жалпылама сипатта болуы мүмкін, бірақ бұл әрқашан маңызды сипаттама, қарапайым қабылдау деңгейінде алынбайтын ақпарат.

Зерттеуді оқытудың негіздерін Ренессанс гуманистік педагогтарының ілімдерінен, педагогика классиктері Я.Коменскийдің, Дж. Локка, Ж. Ж. Руссо, И. Песталоцци және т. б. Қазіргі уақытта бастауыш мектептегі білім берудің жалпы мақсаттары аясында міндеттердің бірі - іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін іздеуді ұйымдастыру және оқушылардың оқу жұмысының іздеу және орындау бөлігі арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету. Баланы зерттеу іс-әрекетіне дайындау, оның дағдылары мен зерттеушілік іздеу дағдыларына үйрету білім беру мен қазіргі мұғалімнің маңызды міндетіне айналады.

В.В.Давыдов, Л.В.Занков, Г.В.Козлова, Д.Б.Эльконин және басқалардың зерттеулерінде оқушылардың ойлауының өзіндік ерекшелігі, шығармашылығы зерттеу бағыты бар әр түрлі оқу іс-әрекеттерінде толық көрініп, сәтті дамитыны баса айтылады.

А.И. Савенков мынадай анықтама береді: «зерттеу қызметін іздену белсенділігі механизмдерінің жұмыс істеуі нәтижесінде пайда болатын және зерттеушілік мінез-құлық негізінде құрылған интеллектуалды-шығармашылық қызметтің ерекше түрі ретінде қарастыру керек».

Зерттеу қызметі балалардың жеке ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді және оларға өз білімдерін қолдануға және көпшілік алдында қол жеткізілген нәтижені көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында балалар жаңа жаңалықтар ашпайтыны бәріне түсінікті, бірақ «өзін-өзі ашу» белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруға көмектеседі және оқушыларға әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, көргендеріне талдау жасауға көмектеседі және үйретеді. Оқушылар белсенді танымдық процеске тікелей қатысады, зерттеу мәселесін тұжырымдайды, оны шешудің нұсқаларын жоспарлайды, қажетті ақпаратты жинайды, өз қызметін талдайды, қорытынды жасайды, нақты өмірді зерттеу негізінде жаңа білім, нақты дағдылар мен дағдыларды алады.

Зерттеу қызметі оқушылардың өзіндік танымдық қажеттілігімен, өзін-өзі бақылауымен сипатталады және олардың тәуелсіздігінің ең жоғары көрінісі болып табылады. Оның жетекші сипаттамасы - бұл шығармашылық белсенділік, ол сыртқы шындыққа, басқа адамдарға, өзіне деген бастамашыл, трансформациялық қатынастан тұрады.

Қазіргі мектепте оқушылардың зерттеу қызметін дамыту ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдай жасауда тиімді болады. Бұл жас ерекшеліктерін, оқушылардың уәждемесін ескере отырып, сабақтан тыс жұмыстың әр түрлі формалары арқылы оқушыларды зерттеу қызметіне жүйелі түрде кезең-кезеңмен енгізу; жұмыс барысында оқушылардың зерттеу қызметіне педагогикалық басшылық деңгейін үнемі арттыру, мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың ынтымақтастығын ұйымдастыру.

Қазіргі өмірдің тенденцияларының бірі, тез өзгеретін өмір бізді адам өміріндегі зерттеу мінез-құлқының рөлі мен маңыздылығын және сәйкесінше жаппай білім беру тәжірибесіндегі оқытудың зерттеу әдістерін қайта қарауға мәжбүр ететіні анық; жаңа ғасырдың басынан бастап бұл айқын бола бастады зерттеушілік мінез-құлық дағдылары міндетті түрде ғылыми жұмыспен байланысты немесе онымен байланысты адамдар үшін ғана қажет емес, олар әр адамға қажет. Сонымен қатар, биологтардың, психологтардың, мұғалімдердің көптеген зерттеулері зерттеушілік мінез-құлықты кез-келген тіршілік иесінің өмірлік белсенділігінің ажырамас көрінісі ретінде қарастыру керек екенін дәлелі.

Зерттеу мінез-құлқы бастауыш сынып оқушыларын дайын ақпараттың пассивті тұтынушылары емес, таным процесінің шығармашылық қатысушылары етеді. Балалардың зерттеу ізденісіне деген қажеттілігі биологиялық тұрғыдан анықталады және кез-келген сау бала зерттеуші болып туылады. Жаңа тәжірибелерге, қызығушылыққа, үнемі байқауға және тәжірибе жасауға, әлем туралы жаңа түсініктерді өз бетінше ізденуге деген ұмтылыс балалардың мінез-құлқының маңызды белгілері ретінде қарастырылады. Балалар, әрине, оқуға деген құштарлыққа толы және бұл оқушыларды шығармашылыққа, танымға, белсенді іс-әрекетке деген үлкен ұмтылысымен ерекшеленеді. Зерттеу, іздену белсенділігі - баланың табиғи жағдайы, ол әлемді тануға бейімделген, оны білгісі келеді. Дәл осы зерттеуге деген ұмтылыс зерттеушілік мінез-құлқы тудырады және баланың психикалық дамуы бастапқыда өзін-өзі дамыту процесі ретінде өрбуіне жағдай жасайды.

Зерттеу мінез-құлқы - баланың әлем туралы түсініктерін алудың маңызды көздерінің бірі. Педагогикалық психология мен педагогикада арнайы термин бар – «зерттеушілік оқыту» - бұл баланың қоршаған әлемді өз бетінше зерттеуге деген табиғи ұмтылысы негізінде құрылған оқыту тәсілі деп аталады. Зерттеуді оқытудың негізгі мақсаты - оқушының адамзат мәдениетінің кез-келген саласында қызметтің жаңа тәсілдерін өз бетінше, шығармашылықпен игеру және қайта құру қабілетін қалыптастыру.

Өз бетінше алынған нақты білім болашақта орта және аға буындағы пәндерді зерттеу кезінде пайдалы болады, өз дүниетанымын қалыптастыруға, өз көзқарасын қорғауға мүмкіндік береді. Мұндай балалар диалогқа дайын, сыныптастарымен пікірлеседі, алған білімдеріне сүйене отырып, проблемалық жағдайларда стандартты емес шешімдер табуға тырысады - тұлғаның жан-жақты дамуының факторларының бірі болып табылады, танымдық саласы дамиды, балалар әртүрлі ақпарат көздерінен ақпаратты іздеу және таңдау дағдысына ие болады.

Қорыта келе, зерттеу, іздену белсенділігі - баланың табиғи жағдайы, ол әлемді тануға бейімделген, оны білгісі келеді. Дәл осы ішкі ұмтылыс зерттеушілік мінез-құлықты тудырады және баланың психикалық дамуы бастапқыда өзін-өзі дамыту процесі ретінде өрбуіне жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Савенков А. И. Дарындылыққа апаратын жол: мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік мінез-құлқы - Санкт-Петербург., 2004.
2. Савенков А. И. Мектеп оқушыларын зерттеуде оқытудың мазмұны мен ұйымдастырылуы. - Мәскеу, 2003.
3. Тяглова Е. В. Оқушылардың биология бойынша зерттеу және жобалау қызметі: әдіс. / - М.: Глобус, 2008 ж.
4. Жарбулова К. К., Оқушылардың танымдық қызметін жандандыру математика сабақтарында жобалық қызмет, Әдістемелік құрал арқылы сабақтарды өткізу және ұйымдастыру бойынша мұғалімдер үшін.- Астана, Астана қаласы Назарбаев зияткерлік мектебі, 2014. - 53с.
5. Полат Е.С. Жоба әдісі., 2002
https://mypresentation.ru/presentation/79156_metod_proektov_polat_es

ӘОЖ: 001.8

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАМУЫ

Қуанбаева М.М информатика пәнінің оқытушысы, магистр
Мерекеқызы Нұрай информатика мамандығының студенті
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі
E-mail: nuraimereke2@gmail.com

Тірек сөздер: бастауыш сынып, акт, электрондық оқулық, оқу материалдары, пәндік білім, компьютерлік білім, электрондық құралдар, цифрлық технология

Ключевые слова: начальный класс, акт, электронный учебник, учебные материалы, предметные знания, компьютерное образование, электронные инструменты, цифровые технологии

Key words: primary school, act, electronic textbook, educational materials, subject education, computer education, electronic means, digital technology

Бастапқы сынып бастауыш сабақтарында цифрлық технологияны пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық қабілеттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет құрылғыларын пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Соңғы уақыттағы білім беру үрдістері қарқынды дамуда. Ашып айтар болсақ, мұғалімдердің шеберліктері әр уақыт өткен сайын өз мамандықтарына жаңаша үлгілер, өзгертілген мүмкіндіктерге бейімделіп отырады. Алғашқы қадам оқу жоспарынан бастайық, бұл жерде оқу жоспарға кірістірілген слайд-презентациялар, көрнекіліктер, түрлі-түрлі әдіс – тәсілдер оқытушыға өте көп мүмкіндіктер беріледі. Сабақ барысында берілген дайын көмек

болып табылады. Әрі оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, оқуға зейінін ашып, алдағы уақыттарда талпыну қабілетін толықтай аша алады.

Қазіргі уақытта білім беруді цифрландыру адам ойлау қабілетінде бір өнер болып қалыптасады.

Ақпараттық-білім берудегі басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талпындыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады. Білім берудің кез-келген саласында Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай логикалық түрде ойлануын қалыптасуға, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі - пәндік білім, екіншісі - компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдеуіне, бұрынғы алған білімдерін кеңейтуіне мүмкіндік береді. қосымша тапсырмаларды орындауға дағдыланады. Электронды оқулық арқылы түрлі суреттер, сызбалар көрсетуге, дыбыс, және музыка тыңдауға болады. Бұл әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда әсерлі, әрі тиімді. Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электрондық құралдардың атқаратын рөлі зор.

Сабақта электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың оқу пәніне деген қызығушылығының артқандығы байқалады. Электрондық оқулық оқушыға оқу материалын меңгеруге, игеруге өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді. Бастауыш сынып пәндеріне арналған электрондық оқулықтың тест бөлімі арқылы оқушы әр тақырып арқылы толық ақпарат алады және білімін тексереді. Әрбір оқытушының алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы немесе тақырыпты қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда Ақпараттық-коммуникативті технология құралдарын пайдалана отырып слайд-презентация құралдары арқылы сипаттап берудің тиімділігі бар. Бейнеролик - сабақтарды қолдану мен презентацияларды дайындау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге деген талпынысты, қызығушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан оқушыларға жаңа материалды (фотосуреттер, сызбалар, дидактикалық материалдар т.с. с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Видео - сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Оқушылардың ақпаратты теледидар, компьютер және т. б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын жақсы білеміз. Кез-келген жұмыс нәтижемен өлшенеді десек, презентация жасау және оны сабақ процесінде қолдану да әр мұғалімнің жұмысының нәтижесі деп білеміз.

Бастауыш сыныптың сабақтарында ақпараттық-коммуникативті технологияның келесі түрлерін пайдалануға болады:

- Сабақ барысында жаңа материалды өтуде слайд-презентацияны, видео-сабақтарды пайдалану;

- Жаңа сабақты өту барысында электронды оқулық, интернет материалдарының бірнеше фрагменттерін қолдану;

- Оқылған материалды бекіту, қалыптастыру немесе білім мен білікті қолдану сабағында. түрлі тапсырмаларды орындауда флипчарттарды қолдану. Әр сабақта компьютерлік технология арқылы барынша толық жұмыс істеу мұғалімнен шеберлікті, іскерлікті, өте жоғары ұйымдастырушылықты қажет етеді. Сабақ кезінде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқушының сабаққа деген қызығушылығын, яғни олардың білім, білік, оқу-дағдыларын арттыру мәселесін айтқым келіп отыр.

Мысалы: 2-сыныпта «Үй өсімдіктері» тақырыбын өткенде слайд-презентацияларды қолдану арқылы оқулықтағы тақырыпқа қосымша тарихи мәліметтер, суреттер, қызықты видеоларды

көре отырып, оқушылар түртіп алу әдіс-тәсілдерімен жұмыс істеді және берілген суреттер арқылы классификациялады.

3-сыныпта «Қызылорда» тақырыбын өткенде, презентацияны пайдалана отырып, тақырыпты жеңіл меңгерді, Қызылорда қаласы туралы нақты, қызықты мәліметтерді, презентация арқылы түрлі тапсырмаларды алып, орындай білуге талпынды. Бастауыш сыныптың сабақтарында презентация-слайдтардың көмегімен тапсырмаларды, есептерді тақтада көрсетуге, түрлі мысалдар құрастыруға, пәндік сергіту сәттерін ұйымдастыруға, бақылау, тест жұмыстарын жазған кезде оқушының білімін тексеруге қолдануға болады. Презентацияны сабақтарда жиі қолдану сабақтың сапасын елеулі түрде арттыратыны сөзсіз. Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн форматында жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа бағытқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға, жаңа орталарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз қажет.

Цифрландыру үдерісі қазіргі қоғамда барлық салаларды қамтып, білім беру жүйесінде де үлкен өзгерістерге, жаңашылдықтарға алып келуде. Бұл мақалада бастауыш білім беру саласындағы цифрландырудың өзекті мәселелері мен шешу жолдары қарастырылып отырады. Цифрлық технологияларды қолдану балалардың білім сапасын арттырып қана қоймай, оқытудың тиімділігін және қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оқытушылардың цифрлық сауаттылығының төмендігі

Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану үшін оқытушылардың өзі бұл құралдарды жақсы меңгеруі қажет. Бастауыш сынып оқытушылардың барлығы бірдей ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға дайын емес, бұл балаларға білім беру үдерісіне кері әсер етеді.

Оқытушыларға цифрлық сауаттылық бойынша тұрақты тренингтер ұйымдастыру қажет. Сонымен бірге, оқытушылардың өзіндік біліктілігін арттыру үшін қосымша ресурстар мен оқу құралдары берілуі тиіс.

Цифрлық материалдардың жетіспеушілігі және сапасы

Қазіргі таңда қазақ тілінде дайындалған цифрлық оқу материалдары шектеулі. Бұл материалдардың көбісі әлемдік платформалардан алынғандықтан, оқушылардың тілдік және мәдени ерекшеліктеріне сай келмеуі мүмкін. Сәйкесінше, оқыту процесі тиімсіз болуы әбден мүмкін.

Қазақстандық оқу орындарына арналған, оқу бағдарламасына сәйкес, сапалы цифрлық контенттер дайындау қажет. Бұл процесс үшін жергілікті мамандар мен педагогтарды тарту маңызды болады.

Оқушылардың денсаулығына әсері - цифрлық құрылғылармен ұзақ уақыт жұмыс істеу оқушылардың денсаулығына, яғни көру қабілетіне және омыртқаға кері әсерін тигізуі мүмкін. Бастауыш сынып оқушылары үшін цифрлық құрылғыларды дұрыс қолдану мәдениеті мен шектеулерін сақтау маңызды.

Сабақ барысында ресурстарды пайдалану уақытын шектеу және денсаулыққа кері әсерін, яғни зиян келтірмейтін оқу әдістерін қолдану керек. Сонымен қатар, оқу орындарында балалардың денсаулығын сақтауға бағытталған арнайы бағдарламалар енгізу маңызды болып табылады.

Бастапқы бастауыш сынып білім беруді цифрландыру мәселелері – қазіргі білім беру жүйесінде шешімін күтетін өзекті сұрақтар. Цифрлық инфрақұрылым мен материалдарды қамтамасыз ету, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, сондай-ақ әлеуметтік теңсіздікті жою арқылы білім берудің сапасын жақсартуға болады. Бастауыш білім беруді цифрландыру

арқылы балалардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, заманауи талаптарға сай білім алуға жағдай жасау мүмкіндігі артады.

Оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыратын «жаңа тұрпатты» сабақ қандай болмақ? Сабақ – оқушы мен мұғалім арасындағы білім алуға негізделген үрдіс. Мұғалімді оқушыға тек қана білім беру ғана емес, сонымен қатар, әрбір оқушының бойында шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары туралы ізденістер толғандыруы қажет. Сондықтан рольдік ойындар, талдау, проблемалық мәселелерді шешу – жаңа форматты сабақтың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Осы мақсатты алға қойып, мұғалім өз тәжірибесіне оқытуды жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу күнделікті дағды болып қалыптасуы керек. Бұл әдіс-тәсілдер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға тәрбиелейді. Білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен қалыптастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы белгілі. Қайталау мен жаттауға негізделген білім тек есте сақтау дейгейінде болса, құрастырылған білім білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыру және бағалау сияқты белсенді әрекеттерді талап етеді. Сондықтан, пәндерді жеке бөле бермей, мазмұны жағынан ұқсас пәндерді біріктіре беруді тәжірибеге енгізген дұрыс болып табылады, қорытындысында оқушы алып жатқан білімін қайда қолданатынын түсініп, оқуға деген ынта-жігері, талпынысы, тапқырлығы артады.

Білім берудегі қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен жаңа білім беру парадигмасы іске асатын құрал ретінде қарастырылады. Білім беру технологияларының даму тенденциялары тұлғаның өзін-өзі тануына және өзін-өзі дамуына құлшыныс беретін гуманитарлық білім берумен тікелей байланысты болады.

Педагогикалық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес білім берудің қазіргі заманғы технологиясының нұсқаулығы, төмендегі ұсыныстарының қатысуымен жасалуы тиістігі, тиімділігі анықталуда:

- дидактикалық жүйені көрсететін технологияның тұтастық принципі;
- қойылған мақсатқа жету үшін нақты педагогикалық ортада технологияларды қайта өңдеу принципі;
- тура келетін педагогикалық жүйелердің өзін-өзі дайындау механизміне әсер ететін факторлардың приоритеті және педагогикалық құрылымдарының сызықтық емес принципі;
- оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына және оның танымдық қабілеттілігіне оқыту процесінің талпыну принципі;
- біріктірілген білімдерді құру үшін оптимальді жағдай жасайтын оқу ақпараттарының потенциалды көп болу принципі.

Педагогикалық технологияның мақсат-міндеттері:

- түрлі - түрлі қызмет саласындағы іскерлік пен дағдылардың шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;
- мінез – құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды қалыптастыру және арттыру;
- технологиялық құрал-саймандармен жұмыс істеуге үйрету;
- технологиялық ойлау дағдыларын дамыту;
- оқу міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруда технологиялық тәртіпке сай нақты әдеттерді тәрбиелеу.

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең

маңыздысы – әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдеттерге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға мен оқушыға "оқыту" мен "үйрену" процестерін игеру үшін үш тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін. Сонымен технология көмегімен білімдерді, іскерлікті, дағдыларды игеру процесінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. "Педагогикалық технология" оның ішінде "оқыту технологиясы" ұғымын анықтауда, басым көпшілік мамандар оларды үш маңызды жағдайлармен біріктіреді:

- іс-әрекетінің жиынтығы түріндегі қажет ететін үлгіні дәл анықтау негізінде оқытуды жоспарлау;
- оқытуды талап ететін әрекетті қалыптастыруды іріктеген қатаң тізбекті әрекеті түріндегі оқытудың барлық процесін "бағдарламалау".
- алғашқы белгіленген эталонмен оқытудың нәтижесін салыстыру.

Әйгілі педагогтар оқыту технологиясы негізінен педагогикалық процестегі «Қалай нәтижелі етіп оқыту керек?» мәселесін шешуге бағытталатынын айтады. Оқыту технологиясы жөніндегі ой-пікірлерді саралай келе, біздер оны: біріншіден, оқытудың мақсатқа сәйкес нәтижесіне қол жеткізудегі нақты қадамдарды және олардың үйлесімділігін зерделейтін ғылым саласы; екіншіден, оқытудың нақты жағдайда нәтижелі жүзеге асырылуын белгілейтін жобалау немесе модельдеу; нақты оқыту процесін нәтижелі етіп оқытудағы процес деп білеміз.

Әрбір педагогикалық технологияның өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізгі қарастыратыны оқытуды нәтижелі ету.

Қорыта келгенде, педагогикалық жүйедегі негізгі өзекті мәселе - оқушылардың, студенттердің ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен деңгейлеп, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану қолдау табуда. Алдағы уақыттарда білім беруді цифрландыру бағыты оқушылардың бойындағы қабілеттерін ерекшелей түседі. Жалпылама, бұл цифрландыру бағытының берілген артықшылықтарын арттыра беру қажет деп есептеймін. Ең оңтайлы оқыту мен қолайлы қалыптастыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Егемен Қазақстан» газеті, 29 қаңтар, 2011ж.
2. Селевко Г.К. Современные технологии в образовании. М., 1998г.
3. А. Әлімов. «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» Оқу құралы, Алматы – 2018ж
4. С.Т.Мұхаметжанова, Ж.Ә. Жартынова, «Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері» Алматы – 2018ж.

ӘОЖ 371.9

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

Сабирава Ж.Н.- Пс.ғ.к., доцент, **Баймұратова Ә.Б.-** магистрант
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Аннотация. Бұл мақалада білім беру ортасының білімалушылардың тұлғалық қалыптасуына біріккен тәрбиенің, оқумен және дамудың үлкен маңызы бар екендігі қарастырылады.

Тірек сөздер: Инклюзивті білім беру, қазіргі мектеп, білім беру ортасы, даму принципі, білім беруді психологиялық ұйымдастыру.

Аннотация. В данной статье рассматривается, что образовательная среда имеет большое значение для формирования личности обучающихся, при совместном воспитании, обучении и развитии.

Ключевые слова: *Инклюзивное образование, современная школа, образовательная среда, принцип развития, психологическая организация образования.*

Abstract. *This article considers that the educational environment is of great importance for the formation of the personality of students, with joint education, training and development.*

Keywords: *Inclusive education, modern school, educational environment, principle of development, psychological organization of education.*

Инклюзивті білім беру - қазіргі заманғы мектептің тәжірибесіне қарқынды түрде еніп, мектеп талаптары мен бұйрықтарын ескере отырып, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуға қол жетімділікті қамтамасыз ететін әртүрлі білім беру қажеттіліктеріне әлеуметтік бейімделу жағдайын дамытатын дамыту процесі.

Инклюзия мектептің терең әлеуметтік процестерін қамтиды: ерекше баланың білім беру қажеттіліктеріне бейімделген моральдық, материалдық, педагогикалық орта құрылады. Мұндай ортаны тек ата-аналармен тығыз ынтымақтастықта, білім беру процесінің барлық қатысушыларының тығыз командалық өзара әрекеттесуінде жасауға болады. Бұл ортада баламен және бала үшін өзгеруге дайын адамдар жұмыс істеуі керек, тек "ерекше" ғана емес, сонымен қатар ол ортада өз жасына сәйкес оқушылардың да қалыпты дамуына жағдай жасалынады. Инклюзивті білім беру принципі-оқушылардың, соның ішінде ерекше балалардың білім беру қажеттіліктерінің әртүрлілігі олардың мүмкіндіктерін ең аз шектейтін және қабілет ерекшеліктерін дамытатын ортасына сәйкес келуі керек.

Қазіргі мектеп - адамның әлеуметтік және құқықтық қорғалуын жүзеге асыратын, жеке тұлғаның белсенді дамуын қамтамасыз ететін, өзін-өзі оң реттеуге қабілетті олардың маңызды әлеуметтік институттарының бірі. Мектеп оқушыларының оң өзгерістері оның өмір сүретін барлық нәрселеріне – адамдарға, қарым-қатынастарға, дәстүрлерге қатысты. Және, әрине, ең алдымен, бүкіл білім беру ортасы оның жүйелік элементтерінің жиынтығымен өзгереді. Басшылар мен педагогтар, білім алушылар және олардың ата – аналары ерте ме, кеш пе барлық білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, достық, қауіпсіз және икемді, бір сөзбен айтқанда - инклюзивті болатын жаңа білім беру ортасын жобалауға және құруға қосылады.

Инклюзивтілік қазіргі заманғы білім берудің бүкіл жүйесін өзгерту бағыты болуға тиіс, соның салдарынан инклюзия қағидаттары мен бүкіл мектеп қоғамдастығының қатысуы негізінде әрбір мектептің білім беру ортасын жобалау қажет. Инклюзивтіліктің табиғатын түсіну үшін ЮНЕСКО-ның "инклюзивті білім - бұл оқушылардың әртүрлілігіне оң көзқараспен қарайтын және жеке ерекшеліктерді проблема ретінде емес, таным процесін байыту мүмкіндігі ретінде қабылдайтын динамикалық дамып келе жатқан тәсіл" деген тұжырымы маңызды болып табылады. (ЮНЕСКО, 2007).

Мұнда ең маңыздысы мектептің өзгеруге дайындығы, сыртқы емес, ішкі резервтік мүмкіндіктерді іздеуге дайын, олар белгілі бір жағдайларда өзекті бола отырып, қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ете алады. Әр баланың білім беру процесіне қосылуына тиімді жағдай жасау үшін мектептің сапалық өзгерістері инклюзивті білім беру ортасын құрылымдауды, бағалауды және бірлесіп жобалауды талап етеді.

Білім беру ортасы — бұл тұлғаны қалыптастыруға әсер ету жүйесі мен шарттары; әлеуметтік және кеңестіктік-объективті ортада қамтылатын және оның даму мүмкіндіктерінің жиынтығы «Білім беру ортасы» қоғамдық ортада білім беру саласы ретінде, ал қоршаған орта білім беру факторы ретінде қарастырылады (Ясвин В. А.) [1].

Білім беру ортасы кең мағынада адамның тәрбиесі, оқуы және дамуы жүзеге асырылатын жағдайлардың жиынтығы болып табылады. Педагогтер мен педагогикалық дизайнерлердің міндеті – тәрбиелеуге, оқытуға және дамытуға барынша ықпал ететін «дұрыс» білім беру ортасын құру. Сондықтан педагогикадағы білім беру ортасын зерттеу – бұл балалар мен ересектерге білім берудің оңтайлы жағдайларын үнемі іздеумен және қалыптастырумен байланысты нақты нәрсе. Жалпы мағынада "Білім беру ортасы" қоршаған орта ретінде түсініледі. Көбінесе қоршаған орта адамның айналасындағы жағдайлар мен

әсерлердің жиынтығын білдіреді. Тұлға қоршаған ортаның мүмкіндіктерін неғұрлым көп және толық пайдаланса, соғұрлым оның еркін және белсенді дамуы сәтті болады.

Балаларды дамыту мен тәрбиелеудегі білім беру ортасының теориясы мен практикасы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында Ресейде белсенді дамыды. Негізгі ретінде қоршаған ортаның әртүрлі факторларының педагогикалық мүмкіндіктерін және олардың балаға әсерін зерттеу мәселелері қарастырылды. Сонымен, С. Т. Шацкий ортаның маңыздылығын анықтайды, біріншіден, баланы қоршап тұрған және қоғамның, мемлекеттің, олардың институттары мен органдарының мақсатты ықпал ету объектісі ретінде әрекет ететін педагогикалық ұйым ретінде, екіншіден, маңызды тәрбиелік әлеуеті мен арналары, тәсілдері, оларды практикалық іске асыру әдістері бар тәрбие субъектісі ретінде. Көрнекті мұғалім ортаның рөлі баланың қоғам талап ететін субмәдениетті игеруіне ықпал етеді,- деді [2].

Қазіргі педагог-зерттеушілер (Н.Б. Крылова, Л.В. Мардахаев, А. В. Мудрик, В. А. Петровский, В. В. Рубцов, В. И. Слободчиков, В. В. Ясвин және т. б.) "білім беру ортасы" ұғымының әртүрлі аспектілерін зерттеп, дамытты. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау білім беру ортасы көп өлшемді әлеуметтік-мәдени құбылыс екенін көрсетеді, өйткені ортаның өзі белсенді және жан-жақтылыққа кең ауқымды. Ол әлеуметтік дамудың нәтижесінде жұмыс істейді, өзгереді, дамиды.

Көрнекті Ресей психологы В. В. Рубцов даму принципіне сүйене отырып, білім беру ортасын білім беру процесінің субъектілерінің өзара әрекеттесуімен, өзара түсіністікпен, коммуникациямен, рефлексиямен және тарихи-мәдени компонентпен сипатталатын белгілі бір қауымдастық ретінде анықтайды [3]. Ол білім беру ортасын ынтымақтастықтың - коммуникативтік өзара іс-қимылдың нысаны ретінде түсінеді, оның шеңберінде оқушылар мен педагогтар арасында, сондай-ақ оқушылардың өздері арасында осы қауымдастықта жұмыс істеу үшін қажетті өмір сүру нормаларын, оның ішінде оқу және коммуникативтік іс-әрекет тәсілдерін, білімдерін-іскерліктерін-дағдыларын оқушыларға беруді қамтамасыз ететін қоғамдастықтың ерекше түрлері құрылады. Білім беру ортасының құрылымына мектептің "ішкі бағыты", ұжымның әлеуметтік-психологиялық құрылымы, психологиялық ахуал, білім беруді психологиялық ұйымдастыру, оқушылардың психологиялық даму ерекшеліктерін және т.б. ескеру маңызды.

Білім беру ортасының моделін жасаушы В. А. Ясвин оны келесідей түсінеді:

«...Жеке тұлғаның әлеуметтік және кеңістіктік-объективті ортасымен өзара әрекеттесуінен туындайтын даму мүмкіндіктерінің кеңістіктік немесе оқиғалармен шектелген жиынтығы».

Л. В. Мардахаев мектептің білім беру ортасын келесідей анықтайды [4].

Өскелең ұрпақты тәуелсіз өмірге дайындау жүйесіндегі қажетті шарт пен фактор. Автор қоршаған орта формасы бойынша көптеген әлеуметтік-мәдени микроорганизмдерді қамтитынын атап өтеді:

- білім беру қызметі ортасының мәдениеті;
- әкімшіліктің, педагогикалық ұжымның, оқушылар ұжымының мәдениеті;
- ата-аналар қауымдастығының мәдениеті және оның білім беру мекемесінің әкімшілік-педагогикалық қауымдастығымен өзара әрекеттесуі.

Білім беру ортасын қарастыра отырып, оның әртүрлілігін атап өту керек. Бұл әлеуметтік-мәдени кеңістіктің бөлігі және білім беру жүйелерінің, олардың элементтерінің, білім беру материалдарының және білім беру процестерінің субъектілерінің өзара әрекеттесу аймағы.

В. И. Слободчиков білім беру ортасын оның екі негізгі сипаттамасы арқылы қарастыруды ұсынады: білім беру ортасының қанықтылығы (ресурстық әлеует) және оның құрылымдылығы (оны ұйымдастыру тәсілі). "Білім беру ортасын ұйымдастыру өте маңызды ұйымдастырушыны қажет етеді. Жақсы мектепте әрқашан көшбасшы болады. Ол адамдарды бір-бірімен байланыстырады, оларды сол тапсырманы орындауға, сол немесе басқа технологияның мақсатына бағындырады. Ол өзінің идеясын адамдар арқылы жасайды, ол қоғамдастық қалыптастырады, нәтижесінде әр қатысушының кәсіби деңгейін балалармен

қарым-қатынас жасау тәсіліне айналдырады. Табыс-бұл жүйенің қаншалықты өміршең және дамып келе жатқандығы".

Осылайша, білім беру ортасы нақты және алдын – ала белгіленген нәрсе емес, қоршаған орта білім беруші мен білім алушының кездесуі болатын жерден басталады; олар оны бірлесіп жобалап, құра бастайды-пән ретінде де, бірлескен қызмет ресурсы ретінде де; және жекелеген институттар, бағдарламалар, білім беру субъектілері арасында белгілі бір байланыстар мен қатынастар құрыла бастайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ясвин В.А. Школьная среда как предмет измерения: экспертиза, проектирование, управление. -М.: Народное образование, 2019. 448 с.
2. Шацкий, С. Т. Педагогические сочинения : в 4 томах. — Москва : Просвещение, 1982—Т. 1. —501 с.
3. Рубцов В.В. Психолого-педагогическая подготовка учителя для «Новой школы» // Психологическая наука и образование. — 2010. — №1.
4. Мардахаев Л.В. Введение в социальную педагогику. -М., 2005

УДК 376.2

ИНТЕГРАЦИЯ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В ОБЩЕСТВО.

Инирбаева Э. Магистрант 2 курса, специальности «Педагогика и психология»

Атырауский университет им. Х. Досмухамедова, г. Атырау

E-mail: e.inirbayeva@mail.ru

Шугаева Г. К. Научный руководитель, к. п. н., ассоц. профессор.

Атырауский университет им.Х. Досмухамедова, г. Атырау

E-mail: gshugayeva@mail.ru

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы интеграции детей с особыми образовательными потребностями в обществе как этап в развития коррекционной педагогики, описаны ключевые условия успешной интеграции, роль специалистов разных профессий, представлены методики интеграции, которые позволяют помочь ребенку, родителям, педагогам, а так же всем кто участвует в социальной жизни ребенка.

Ключевые слова: интеграция, дети с особыми образовательными потребностями, адаптация, инклюзивное образование.

Annotation. The article discusses the issue of integration of children with special educational needs in society as a stage in the development of correctional pedagogy, describes the key conditions for successful integration, the role of specialists in different professions, presents integration methods that allow you to help the child, parents, teachers, as well as everyone who participates in social life of the child.

Key words: integration, children with special educational needs, adaptation, inclusive education.

Аннотация. Мақалада түзету педагогикасының даму кезеңі ретінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоғамға интеграциялау мәселесі, табысты интеграцияның негізгі шарттары, әртүрлі мамандардың рөлі сипатталады, сонымен қатар, балаларға, ата-аналарға, мұғалімдерге, сондай-ақ баланың қоғамдық өміріне қатысатын барлық адамдарға көмек беретін интеграциялық әдістер ұсынылған.

Тірек сөздер: интеграция, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, бейімделу, инклюзивті білім беру.

В современном мире, согласно данным всемирной организации здравоохранения, увеличивается количество детей с ограниченными возможностями здоровья. Таким детям и их семьям необходима и консультативная и специализированная психолого-педагогическая

помощь, возможность войти в социальную среду и получить качественную образовательную услугу.

В связи с этим данная тема столь обсуждаема и постепенно приходящая в общество. Еще недавно в специальном образовании активно рассматривался вопрос интеграции: ее истоки, исторический ход, теоретическая и методологическая база, практический опыт и т. д. Разделяя два понятия инклюзия и интеграция, нужно помнить, что под интеграцией подразумевают «... процесс, результат и состояние, при которых инвалиды и другие члены общества, имеющие ограниченные возможности здоровья, интеллекта, сенсорной сферы и другое, не являются обособленными или изолированными, участвуя во всех видах и формах социальной жизни вместе и наравне с остальными» [1].

Инклюзия и интеграция — это два подхода к взаимодействию людей с инвалидностью в обществе, но они имеют разные цели и методы.

Интеграция (от лат. *integratio* – «восстановление», «восполнение», «соединение») – процесс объединения частей в целое. Интегрированное обучение – это процесс совместного обучения (воспитания) в общей образовательной среде детей, имеющих различные отклонения и нарушения в развитии и здоровых детей [2].

Интеграция подразумевает включение людей с инвалидностью в существующие структуры и системы без изменения этих структур. Например, ребенок с инвалидностью может учиться в обычной школе, но не всегда получает необходимые адаптации или поддержку.

Инклюзия предполагает создание условий, в которых все люди, включая людей с инвалидностью, могут участвовать на равных правах. Это требует изменений в системе, таких как адаптация учебных планов, обучение персонала и изменение окружающей среды, чтобы обеспечить доступность и поддержку для всех.

Интерес к познанию процесса адаптации зародился в классической социологии – в трудах Г. Спенсера, Э. Дюркгейма, М. Вебера.

Системное рассмотрение процесса социальной адаптации представлено в структурном функционализме Т. Парсонса, Р. Мертонса, системных моделях Л. Берталанфи, Э. Гидденса, А. Н. Аверьянова.

Среди отечественных исследователей проблем социальной адаптации широкую известность получили работы советских ученых С. Д. Артемова, А. М. Розенберга, А. А. Налчаджяна и др.

В последние годы познанию адаптационных процессов уделяли особое внимание такие авторы, как Л. В. Корель, П. С. Кузнецов, И. Б. Назарова, А. А. Реан, Н. А. Свиридов, Ю. А. Урманцев, Л. П. Шиповская, Л. Л. Шпак и др. Отдельные подходы к трактовке сущности социальной адаптации, различие в нормативных и интерпретативных моделях адаптации анализируются М. В. Ромм, В. В. Дегтяревой, Т. Н. Дегтяревой. В связи с комплексным анализом проблемы интерес представляют работы ученых психолого-педагогического направления, освещающих вопросы социальной адаптации – А. С. Асмолова, А. Бандуры, Л. С. Выготского, А. Н. Леонтьева, Ж. Пиаже, С. Л. Рубинштейна, Г. Селье, а также представителей концепции копинга – А. Лазаруса, Н. А. Сироты, В. М. Ялтонского [3].

Интеграция детей с особыми образовательными потребностями в общество – это комплексный и многогранный процесс, который требует глубокого понимания специфики их развития и потребностей. Это важный шаг в создании инклюзивного общества, где каждый человек имеет равные возможности для развития и успешной жизни.

Дети с особыми образовательными потребностями могут столкнуться с рядом трудностей при адаптации к обществу. Это могут быть не только физические или интеллектуальные ограничения, но и психологические барьеры, связанные с недоверием к себе, страхом перед новым, отсутствием социальных навыков.

Особенности социально-психологической адаптации

Социально-психологическая адаптация детей с особыми образовательными потребностями является ключевым фактором их успешной интеграции в общество. Она охватывает не только принятие социальных норм и правил поведения, но и формирование уверенности в себе, развития коммуникативных навыков и способности строить позитивные отношения с окружающими. Важно отметить, что у детей с особыми образовательными потребностями могут быть свои специфические особенности социально-психологической адаптации. Например, у детей с аутизмом может быть нарушена способность к социальной интеракции и коммуникации, что требует специального подхода к их интеграции.

Для успешной социально-психологической адаптации необходима координация усилий семьи, школы и специалистов (психологов, педагогов, социальных работников). Важным элементом является создание инклюзивной атмосферы в школе и обществе в целом.

Создание благоприятных условий для детей с особыми образовательными потребностями – это основа их успешной интеграции в общество. Важно обеспечить им доступ к качественному образованию, а также создать атмосферу взаимопонимания и поддержки в школе и семье. Не менее важно развивать у детей самостоятельность и ответственность за свои действия.

К ключевым условиям успешной интеграции относятся:

- Инклюзивное образование, предусматривающее индивидуальный подход к обучению и воспитанию каждого ребенка.
- Доступность специальных образовательных услуг и реабилитационных программ.
- Развитие социальных навыков и коммуникативных способностей.
- Формирование у детей самооценки и позитивного отношения к себе.
- Создание благоприятной атмосферы в семье и школе, где ребенок чувствует себя любимым и поддерживаемым.

Особое внимание следует уделять подготовке педагогов и других специалистов к работе с детьми с особыми образовательными потребностями. Это позволит обеспечить им качественное обучение и воспитание, а также создать благоприятные условия для их социально-психологической адаптации.

Ключевые направления адаптации

Адаптация детей с особыми образовательными потребностями к обществу – это процесс, требующий комплексного подхода, включающего несколько важных направлений.

Среди них следует выделить:

- ✓ Развитие коммуникативных навыков и способности строить позитивные отношения с окружающими.
- ✓ Формирование самостоятельности и ответственности за свои действия.
- ✓ Обучение практическим навыкам самообслуживания и адаптации к бытовой среде.
- ✓ Развитие творческих и интеллектуальных способностей.

Создание инклюзивной атмосферы в школе и обществе в целом, где каждый ребенок чувствует себя уверенно и комфортно.

Все эти направления тесно связаны между собой и требуют координации усилий семьи, школы и специалистов. Только в сотрудничестве можно добиться успешной адаптации детей с особыми образовательными потребностями к обществу.

В процессе интеграции детей с особыми образовательными потребностями огромную роль играют специалисты разных профессий.

К ним относятся:

- Психологи, которые помогают детям справляться с психологическими барьерами, развивать самооценку и уверенность в себе.
- Педагоги, которые создают индивидуальные образовательные программы и обеспечивают доступ к качественному образованию.
- Социальные работники, которые помогают детям и их семьям решать социальные проблемы и адаптироваться к обществу.

- Врачи, которые обеспечивают медицинскую помощь и реабилитацию детей с особыми образовательными потребностями.
- Специалисты по логопедии и сурдопедагогике, которые помогают детям с нарушениями речи и слуха.

Важно, чтобы все специалисты работали в команде, обеспечивая комплексный подход к адаптации детей с особыми образовательными потребностями. Командная работа позволит учесть все аспекты развития ребенка и создать оптимальные условия для его интеграции.

Программы и методики для успешной интеграции

Существует ряд специальных программ и методик, направленных на успешную интеграцию детей с особыми образовательными потребностями в общество. Эти программы и методики могут включать в себя различные элементы, такие как:

- Развитие коммуникативных навыков и социальной интеракции.
- ✓ Обучение практическим навыкам самообслуживания и адаптации к бытовой среде.
- ✓ Развитие творческих и интеллектуальных способностей.
- ✓ Формирование у детей самооценки и позитивного отношения к себе.
- ✓ Создание инклюзивной атмосферы в школе и обществе в целом.

Важно отметить, что выбор программ и методик должен быть индивидуальным и учитывать специфические потребности каждого ребенка. Специалисты должны тщательно анализировать ситуацию и разрабатывать индивидуальные планы адаптации для каждого ребенка, включая семью в процесс [4].

Эффективность интеграции детей с особыми образовательными потребностями зависит от применения разнообразных методик и подходов. Важно учитывать индивидуальные особенности каждого ребенка и создавать условия для его успешного развития в соответствии с его потребностями.

1. Индивидуальный подход. Каждому ребенку с особыми образовательными потребностями необходим индивидуальный подход. Необходимо учитывать его специфические особенности и разрабатывать индивидуальные программы обучения и развития.

2. Создание инклюзивной атмосферы. Важно создать атмосферу взаимопонимания и принятия в школе и обществе в целом, где каждый ребенок чувствует себя уверенно и комфортно. Это позволит снять психологические барьеры и создать благоприятные условия для успешной интеграции.

3. Развитие коммуникативных навыков. Развитие коммуникативных навыков и способности строить позитивные отношения с окружающими – один из ключевых аспектов успешной интеграции. Важно помочь детям научиться выражать свои мысли и чувства, а также понимать других людей.

4. Социальные игры и мероприятия. Социальные игры и мероприятия – эффективный способ развития коммуникативных навыков и социальной интеракции. Они позволяют детям учиться работать в команде, решать проблемы совместно и строить позитивные отношения с окружающими.

Интеграция детей с особыми образовательными потребностями в общество – это важная и необходимая задача, которая требует согласованных усилий всех заинтересованных сторон: семьи, школы, специалистов и общества в целом.

Успешная интеграция позволит детям с особыми образовательными потребностями полноценно участвовать в жизни общества, получить качественное образование, развить свои способности и достичь успеха в жизни. Это не только важно для самих детей, но и способствует созданию более инклюзивного и справедливого общества.

ЛИТЕРАТУРА:

1 И. Ю. Левченко, О. Г. Приходько, А. А. Гусейнова, В. В. Мануйлова. Инклюзивное образование: специальные условия включения обучающихся с ОВЗ в образовательное пространство. М. 2018.

2 Шипицына Л.М. «Психология детей-сирот». Учебное пособие, изд-во С.-Петербургского университета, 2005 г.

3 Зурхаев М.А. Педагогические условия интеграции обучающихся в социальную среду вуза. М.2012.

4 Семенович, М.Л. Особенности воспитательно-образовательной работы в интегративном детском саду / М.Л.Семенович, И.В. Сошина // Опыт работы интегративного детского сада. — М., 2004.

ӘОЖ 371.132:373.3:004

ҚАЗІРГІ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шатенова Сауле Ералиевна

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі

«Жезқазған гуманитарлық колледжі» КМҚК. Жезқазған қ.

Email: saule_shatenova@mail.ru

Аннотация. Мақала ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың ерекшеліктеріне арналған. Ақпараттандырудың негізгі бағыттары анықталып, орта білім беруді ақпараттандыру бағдарламасының мақсаты мен міндеттеріне талдау жасалған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту үдерісінде электронды ресурстарды пайдаланудың кезеңдері қарастырылған.

Тірек сөздер: ақпараттық технология, білім беру жүйесі, білім, дағды, ақпараттық орта.

Аннотация. Статья посвящена особенностям профессиональной подготовки будущих учителей начальных классов в условиях информационно-коммуникационных технологий. Определены основные направления информатизации, проведен анализ целей и задач программы информатизации среднего образования. Рассмотрены этапы использования электронных ресурсов в процессе обучения будущих учителей начальных классов.

Ключевые слова: информационные технологии, система образования, знания, навыки, информационная среда.

Annotation. The article is devoted to the peculiarities of the professional training of future primary school teachers in the context of information and communication technologies. The main directions of informatization are defined, the analysis of the goals and objectives of the informatization program of secondary education is carried out. The stages of using electronic resources in the process of teaching future primary school teachers are considered.

Key words: information technology, education system, knowledge, skills, information environment.

XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры, өзінің мәні мен мазмұны жағынан өте әділ, шындыққа негізделген үдеріс. Демек, бұл - әрбір адамның өз мүмкіндігінше білімін пайдалануға кең өріс ашқан техника құралдарымен жұмыс істеуге мүмкіндік туғызған ғасыр. Бұған қоса ақпараттық технологияны пайдалану – қоғам прогресін дамытуға, әрбір адамның техникалық білімі мен мамандығын еркін пайдалануына, оның әлеуметтік, мәдени және өркендеу құрылымының маңыздылығына сәйкестендірілуінде.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жағдайында ақпарат құралдарын жете меңгерген адамдардың – жас мамандардың қолынан келетін және іске асыра алатын жаңа технологиялық қағида – ол ақпараттық технология болып табылады.

Қоғамның барлық саласын, оқыту үдерісін ақпараттандыру, оның тиімділігі мен ендіру сапасы көптеген факторларға: қазіргі ақпараттық- коммуникациялық технологияның жедел дамуы мен қоғамды ақпараттандыру жағдайында білімнің философиялық маңызының дәрежесіне; білімді ақпараттандыру саласының мемлекеттік саясатына; кәсіби мектептер

мен колледждердің білім беру қызметінің жүйесіне; педагогика теориясы мен білім беру практикасының даму деңгейіне тәуелді.

XXI ғасырдың талаптарына сәйкес ақпараттандырудың негізгі бағыты қоғамды дамытудың жоғары тиімділіктегі технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне – оның іргелілігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктері жатады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыттарының бірі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру саласына енгізу жұмыстары болып саналады.

Ақпараттандыру және бұқаралық телекоммуникацияларды ғаламдастыру кезеңінде қазіргі қоғам ақпаратты нақты тұтынушының ұсыныстары мен қызығуына сай ақпарат ағынын қалыптастыруға, ақпаратқа көлем және жылдамдық жағынан шектеусіз қол жеткізуді, сондай-ақ кез-келген қашықтықтағы ақпарат көзіне, оның ішінде оқу ақпаратына назар аударуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әлемдік ақпараттық орта жағдайында ақпаратты қоғамдық өнім ретінде белсенді пайдаланумен сипатталады. Бұл өскелең ұрпақты ақпараттық қоғаммен зиялы қарым-қатынасқа оқытып, тәрбиелеуге және ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үдерісінде жаңа технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемде қолдануды қажет етеді. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық пошта, теле-конференция, видео-конференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуда.

Қазір бүкіл дүние жүзі біртұтас денеге айналып, ғаламдану құбылысы жүріп жатқанда, әр түрлі байланыс жүйелері мына заманда интернеттік жүйені меңгермеген ел ерте ме, кеш пе дүние жүзінен келетін байланыс нәрін жоғалта бастайды. Түрлі елдерде болып жатқан жаңалықтармен танысуда, ақпараттар ағымынан қалыспауда интернет, электронды пошта құралдарын пайдалануға болатыны белгілі. Сондықтан білім беруді ақпараттандырудың тағы бір басты бағыттарының бірі оқушылардың интернет жүйесінде жұмыс істей білуіне жағдай жасау. Қазіргі білім берудің барлық саласын ақпараттандыру бүгінгі күннің нақтылығы болса, ал оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды көптеп пайдалану – біздің жарқын ақпараттық болашағымыздың ісі. Сонымен бірге оқыту үдерісін ақпараттандыру жоғары дәрежелі кәсіби мамандар қызметін қажет етеді. Бүгінде бұл қажеттіліктер тек компьютермен қамтамасыз етумен шектелмей, заман талабына сай келетін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың барлық түрлерін енгізу арқылы жүзеге асады.

Дүние жүзінің дамыған елдері сияқты Қазақстан Республикасы да білім беру жүйесін оның ішінде орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың нақты жолына түсіп, бірыңғай ақпараттық білім беру кеңістігін жасауды мақсат етіп қойды.

Қазақстан Республикасында білім беруді ақпараттандыру мәселелері «Білім туралы» Заңда көрініс тапты[1].

Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңында негізгі ұғымдарға түсінік берілген. Онда «Ақпараттандыру дегеніміз – ақпараттандыру технологиясын қолдануға негізделген ақпараттық ресурстарды қалыптастыру мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық ұйымдастыру үрдісі» деп атап көрсеткен. Ал, «Ақпараттық жүйе – ақпараттық үрдістерді іске асыруға арналған ақпараттық технологиялар, жүйелер мен құралдар жиынтығы» деген түсінік берілген. Сонымен қатар оған 5 бөлім арналған және 4-25 баптарда қамтылған[2].

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты - оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді тиімді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Ақпараттандырудың негізгі бағыттары:

- оқу үдерісінде АКТ-ны енгізу бойынша нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;
- компьютерлік техникамен қамтамасыз етудің әлемдік көрсеткішіне жету үшін орта білім беру мекемелерін одан әрі компьютерлендіру;

- орта білім мекемелерін Интернетке қосу;
- білім берудің барлық деңгейлерінде қашықтан оқытудың технологияларын әзірлеу және енгізу;

Мемлекеттік бағдарламада оқу үдерісіне педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану – жалпы білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі делінген.

Орта білім беруді ақпараттандыру бағдарламасының *мақсаты* - Қазақстан Республикасының ақпаратты білім беру кеңістігін жасау болып табылады. Ұсынылып отырған орта білім беру жүйесін ақпараттандыру бағдарламасы алдына мынандай *міндеттер* қояды:

1. Мектеп мекемелерін есептеу және ұйымдастыру техникаларымен қамтамасыз ету, олар өз кезегінде оқу үшін және оқу үдерісін басқару үшін жаңа техникалық ақпарат құралдарын пайдалануға мүмкіндік беруі қажет.

2. Инфраструктураны дамыту, ол барлық білім беру мекемелеріне білім беру ақпараттарының тиімділігін қамтамасыз етеді.

3. Нағыз және тиімді нормативтік-құқықтық база құру.

4. Телекоммуникациялық желілер жүйесін жасау.

5. Орта білім беру жүйесі саласына жаңа ақпарат технологиясын енгізу және оны пайдалану үшін кадрларды даярлау мен оларды қайта даярлауды ұйымдастыру.

Білім беруді ақпараттандыру жаңашыл ақпараттық технологиялардың мынандай басымдықтарын қолдануға мүмкіндік береді:

– әрбір жеке тұлғаның өзіндік білім алу траекториясын қамтамасыз ететін ашық білім беру жүйесін құруға;

– жүйелі ойлау жағына орын ауыстыру арқылы таным үдерісін ұйымдастыруды тамырынан өзгерту;

– оқу үдерісі барысында оқушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру;

– автоматтандырылған бағдарламаланғаны және динамикалық бейімделгендігі арқасында оқыту үдерісінің жеке даралануы;

– жаңашыл танымдық құралдарды қолдану.

Жалпы оқыту үдерісінде техникалық оқу құралдарын пайдалану ХХ ғ. 50-жылдары көрініс тапты. Бұл кезеңде жалпы білім беретін мектептерге арналған диафильмдер, фильмдер, таспалар ендіріліп, арнаулы аппаратуралар шығарыла бастағаны тарихтан белгілі. Оқыту үдерісінде экрандық-дыбыстық құралдарды қолданудың теориялық негіздерімен С.И.Архангельский, Л.П.Прессман, Н.М.Шахмаев және т.б. айналысқан. Осы кезеңде жердің жасанды серіктерінің туындауына байланысты ақпарат алмасуда спутниктік байланыс жүйелері құрастырылған. Ал фильмдер негізінде оқу үдерісін ақпараттандыруды С.А.Смирнов, И.П.Волков, В.А.Антонова, А.М.Гельмонт т.б. зерттеген[3].

Экранды-дыбыстық құралдардың қызметі – оқу үдерісінде қолданылатын олардың ақпараттық, дидактикалық мүмкіндіктерімен анықталады. Ал осы экранды-дыбыстық құралдар арқылы берілетін ғылыми ақпараттарды қабылдау В.И.Петренконың пайымдауынша, жүйелі үш деңгейде өндірілумен тікелей байланысты:

1. Сенсорлық (ақпаратты өңдеудің психологиялық деңгейін айқындау).

2. Перцептивті (қабылдаған заттар мен құбылыстардың, нақты бейнесіне қайта айналдыру, өңдеу).

3. Операциялық (қисын мен семантика, ұғым мен пайымдаулар арасындағы ішкі байланыстар) [4].

ХХ ғасырдың аяғы мектептердің оқу үдерісінде техникалық оқу құралдарының түрлерінің кеңеюі және ауқымдануымен мазмұндалады. Тиімді түрлеріне аудирование (тыңдалым), бейнеқолдау сынды бейнетехникаларды қолдану кеңінен жүрді. Оқу үдерісінде жаңа технологиялар мен жаңа ақпараттық желілердің пайда болуына байланысты телеарна орталықтарында мұғалімдердің, арнайы мамандардың жетекшілігімен даярланатын оқу телебағдарламаларының дайындық ерекшеліктері, сапасын жетілдіру, оның мысалы ретінде

қашықтан оқыту құралдары мен қашықтан оқытудың спутниктік арнасының маңызы ерекше. Бұл жүйе оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігімен және білім сапасының көтерілуіне мүмкіндік беретін жаңалық болды. Компьютерлік бейнеконференциялар, техникалық құрал-жабдықтар арқылы алынған мәліметтерді өңдеп, білім алушыларға жеткізуді қамтамасыз етудегі жоғары деңгеймен сипатталады. Бұл әрине, оқу үдерісін ақпараттандырудағы үлкен жетістіктер болып табылады.

Қоғамды ақпараттандыру үдерісі әлеуметтік, технологиялық, экономикалық, саяси және мәдени механизмдер жиынтығының практикалық көрінісі болып табылады. Бұл үрдіс байытылған ұмтылыс күйінде ақпараттық технология ретінде өндіріс үшін, өңдеу, сақтау, ақпаратты арату, әсіресе білімді насихаттау жөніндегі үлкен жұмыс болып есептеледі. Ақпараттық қоғамның құрылуы ақпараттың, дүние танымның көлемін ұлғайтып, жаңа технологиялық сатыға көтереді.

1. Қолда бар ақпарат құралдарын барлық деңгейде еркін пайдаланудың тәсілдерін көрсету.

2. Ақпарат өндірісі және оның жоғарғы формалары: ғылымилық, технологиялық, экономикалық болса, онда оның даму заңдары бойынша өркендеу басты міндеттердің бірі.

3. Жоғарыда айтылғандарды орындау үшін компьютерлік және коммуникациялық жүйеге сүйене отырып жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оны өңдеу, қайта жасау.

4. Қоғамдағы барлық өндірістік және жекелей кәсіпорындарды жетік жабдықталған технологиялық процестермен автоматтандыру.

Ақпараттың жетістіктерін білікті пайдалану бұл күнделікті өсіп отырған ғылым мен техниканың табыстарының көрсеткіштерімен тікелей байланысты.

Жалпы алғанда, оқыту технологиясының нақты классификациясы жоқ, бірақ екі түсінік қалыптасқан – дәстүрлі және инновациялық. А.Я.Савельев білім беру технологиясының келесі классификациясын ұсынады:

– әрекеттің бағыты бойынша (оқушылар, студенттер, оқытушылар, тәрбиеленушілер және т.б.);

– оқыту мақсаты бойынша;

– пәннің түрлері бойынша (гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық пәндер т.б.);

– қолданылатын техникалық құралдары бойынша (аудиовизуалдық, компьютерлік, видеокомпьютерлік және т.б.);

– оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша (жекеше, ұжымдық, аралас);

– әдістемелік тапсырмалар бойынша (бір пәннің технологиясы, құралдары, әдістері)[3].

Тиісті ғылым салаларына қарай оқу пәндерінің мазмұны сандық және сапалық параметрлері бойынша әр түрлі болып келеді. Оқу курсы үшін базалық білімдер таңдалып алынады; курстың қолданбалы аспектілері мамандықты ескере отырып жасалады, яғни мамандандыру курстары, сонымен қатар орындалатын оқу тапсырмалары тиісті түрде құрастырылады. Базалық білім курсты оқытуға арналған негізгі педагогикалық мақсаттардың жиынтығы болып табылады.

Білім беру саласында компьютер техникасы – оқу және оқытудағы қызығушылықтың нағыз сапалы мүмкіндіктеріне жол салудың бастапқы жемісі. Оқытудың өнімді болуына байланысты түрлі бағыттар қарастырылып, бағдарламалар түзілуде. Бағдарламаларда көрініс, дыбыс, анимация сияқты ерекшеліктерге мән беріледі. Компьютер бағдарламасын орынды қолданған жағдайда балаларға театр, кино, мультфильм секілді әсер етіп, берілген ақпараттың бекітілуінде маңызды орын алады. Оқыту жүйесінде компьютерді тек қана енгізіп қоймай, онымен білім беруді жүргізудің талабын дұрыс қою міндетін дер кезінде шешіп отыру басты мақсат болғаны абзал.

Әрбір оқушы осы заманғы техникамен жұмыс істеуге қажетті білік пен дағдыға ие болуы, оны пайдалана білуі ақпараттық мәдениетке алып келеді. Қазіргі мектептер оқушыларды кең көлемде ақпараттарды тез қабылдай алуға, әрі оны тез өңдей білуге үйрету және ақпараттық технологиялар негізінде іске асыруға бейімдеуді алға қоюлары қажет.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық мәдениетін құру – қазіргі білім берудегі үлкен міндеттің бірі және ол бастауыш оқыту жүйесіндегі барлық пәндермен тікелей байланысты. Келешекте ақпараттық мәдениет адамның кәсіби ғана емес, жалпы мәдениетінің де көрсеткіші болып, уақыт өте келе қазіргі қоғамдағы әрбір жеке тұлғаның дамуының маңызды бір факторына айналады. Техниканың дамуы педагогикалық технологияның да сапалары мен салаларының ғылыми дамып, нәтиже беруіне өз үлесін қосады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық технологияларды меңгеруге үйретуді қарапайым операциялардан кешенді іс-әрекетке дейін құрып, жобалау қажет. Бастауыш сынып мұғалімдерін кіріктіру тұрғысынан электронды ресурстарды оқыту үдерісінде пайдалануды төмендегі кезеңдер түрінде жүзеге асыруға болады:

- ұсынылып отырылған ақпараттық технологиялардың қолданылу аясымен, негізгі мүмкіндіктерімен және ұғымдарымен таныстыру;
- меңгерілетін технология шеңберінде қарапайым әрекеттер тізбегін меңгеру;
 - жиі қолданылатын операциялар дағдыларын қалыптастыру үшін әрекеттің бағдарлы анықталған негізі түріндегі дайын маршруттар, операциялық карталарды қолдану негізінде практикалық тапсырмалар кешенін орындау, кіріктірілетін білім мен іскерліктерді анықтау;
 - әрекеттің бағдарлы анықталған негізі түрінде тек маршруттық картаны қолдану арқылы практикалық тапсырмалар кешенін орындау және операциялық карталарды студенттердің өз бетімен құрастыруы;
 - маршруттық карта және қажетті негізгі кіріктірілетін білім мен іскерліктер тізімін құрастыру арқылы өз іс-әрекеттерін жобалау негізінде өз бетімен есептерді шығару;
 - жеке, топтық шығармашылық жобаларды көпшілік алдында қорғау және бұнда қолданылған кіріктіретін білім мен іскерліктер көрсету.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жағдайындағы жалпы оқыту үрдісі электрондық оқулықтармен Интернет технологиясын кеңінен қолдана отырып білімді, іскерлікті, машықтықты меңгеретін күрделі үрдіс, онда оқушының ой-өрісін, жігерін, күш-қайратын қажет етеді және олардың дамуына жағдай жасайды.

Педагогика ғылымының ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жағдайындағы жалпы оқыту үдерісінде кеңінен тарауын заңдылық ретінде қабылдаған дұрыс. Ал жалпы заңдылық педагогикада екі мағынада қолданылады:

- жағдайдың қиындығына қарай болжамдық сипат алатын заң;
- тенденция ретінде терең танылмаған нақты анықтамасы жоқ заң[4].

Ақпараттандырудың маңызын зерттей отырып, мынандай екі кезеңді атап өтуге болады: біріншіден, білім беруді ақпараттандырудың маңызды мәселеге айналуы; екіншіден, ақпараттандырудың маңыздылығы – ақпараттың өзі ірі мәселеге айнала отырып тағы бір маңызды мәселені шеше алатындығында.

Оқыту үдерісін ақпараттандырудың қажеттілігімен бірге оны пайдаланудың әдістері мен тәсілдерін жоғары деңгейде меңгерген, кәсіби білікті бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселелері біздің білім жүйеміздің әлемдік жүйеге енуін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге олардың жүйелі түрде әр түрлі жағдайларды талдау қабілетін, жаттықтыру, ақпараттық-коммуникациялық технологияның әдістері мен тәсілдерінің көмегімен дәлелді шешімдер қабылдау қабілетін, олардың дағдылары мен іскерліктерін дамыту мәселелері де тұр. Бұл мәселелердің шешімін табатын республикадағы мамандар даярлайтын оқу орындарының әрқайсысы өз аймақтарында белгілі бір сала бойынша интеллектуалдық орталық болып табылады. Олай болса, бүгінгі күні білім жүйесінде қордаланып қалған түйінді мәселелерді, қарқынды жүргізіліп отырған барша қоғамды ақпараттандыру, соның ішінде оқыту үдерісін ақпараттандыру ісінен тыс қарастыру мүмкін емес.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.ҚР «Білім туралы» Заңы. – А., 2007. – 102 б.

2.Ақпараттандыру туралы.Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы №418-VҚРЗ

3.Использование электронных образовательных ресурсов нового поколения в учебном процессе: Научно-методические материалы. — СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2007. — 31 с.

4.Электронные образовательные ресурсы: современные возможности
<http://bit.edu.nstu.ru/>

ӘӨЖ 37.378

8-СЫНЫП БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗДЕРДІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

Байдылда Ғ.Н.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 8D01601 – Тарих білім беру бағдармаласының 1-курс докторанты

Нұрманбетқызы Ж.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

***Аннотация.** Бұл мақалада 8-сынып бағдарламасы аясында Қазақстан тарихын оқытуда тарихи дереккөздерді интерпретациялаудың заманауи әдістемелері қарастырылады. Тарихи дереккөздермен жұмыс істеу оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға және тарихи оқиғаларды терең түсінуге көмектеседі. Мақалада контекстуалды талдау, салыстырмалы әдіс, сыни тұрғыдан ойлау және интерактивті технологияларды қолдану тәсілдері талданады. Осы әдістемелердің арқасында оқушылар тарихи фактілерді тек зерттеп қана қоймай, оларды кеңінен түсінуге мүмкіндік алады.*

***Тірек сөздер:** Тарихи дереккөздер, интерпретация, заманауи әдістемелер, контекстуалды талдау, сыни тұрғыдан ойлау, 8-сынып, тарихи фактілер, Қазақстан тарихы.*

***Аннотация.** В данной статье рассматриваются современные методики интерпретации исторических источников в рамках программы 8-го класса по изучению истории Казахстана. Работа с историческими источниками помогает развивать у учащихся критическое мышление и глубже понимать исторические события. В статье анализируются методы контекстуального анализа, сравнительный подход, критическое мышление и использование интерактивных технологий. Благодаря этим методам учащиеся получают возможность не только исследовать исторические факты, но и более широко их понимать.*

***Ключевые слова:** Исторические источники, интерпретация, современные методики, контекстуальный анализ, критическое мышление, 8-й класс, исторические факты, история Казахстана.*

***Abstract.** This article examines modern methods of interpreting historical sources within the framework of the 8th-grade curriculum for studying the history of Kazakhstan. Working with historical sources helps students develop critical thinking skills and gain a deeper understanding of historical events. The article analyzes methods such as contextual analysis, comparative approach, critical thinking, and the use of interactive technologies. These methods enable students not only to study historical facts but also to understand them more comprehensively.*

***Keywords:** Historical sources, interpretation, modern methods, contextual analysis, critical thinking, 8th grade, historical facts, history of Kazakhstan.*

Кіріспе. «...Негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» тарихты оқыту оқушылардың тарихи санасын қалыптастырып, сыни ойлау мен тарихи деректерді талдау

кабілеттерін дамытуға бағытталған. Сондай-ақ қазақстандық және әлемдік тарихты меңгеру арқылы мәдени мұраны түсіну басымдыққа алынады [1].

С.Н.Кубентаева «Оқу мен оқытудағы жаңа инновациялық технологиялар» (2019) атты оқу құралында жаңа білім беру технологияларын қарастырады. Оқу мен оқытудағы инновациялар, олардың қазіргі білім беру жүйесіне ықпалы және оқыту процесін жақсартудағы рөлі талқыланады. Автор заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың артықшылықтарын түсіндіреді және оқу үрдісін тиімдірек ету үшін тәжірибелік ұсыныстар береді [2].

А.Күзембайұлы, Е.Әбілдің «Тарих теориясы және методологиясы» (2015) оқу құралында тарих ғылымының теориялық және әдістемелік негіздерін қарастырады. Тарихты зерттеудің негізгі әдістері, дереккөздерді талдау және ғылыми зерттеулер жүргізу дағдылары сипатталады. Білім алушылар мен мұғалімдер үшін пайдалы ақпарат көзі болып табылады, әсіресе тарих саласындағы зерттеу әдістерін үйренушілерге арналған [3].

Ш.В.Ланглуаның «Тарихты зерттеуге кіріспе» (2015) монографиясында тарихты зерттеу әдістерінің негіздері ұсынылған. Тарих ғылымының ерекшеліктері, деректерді талдау тәсілдері, және тарихи фактілерді жинау жолдары қарастырылған [4].

Г.Б.Қозғамбаеваның «Тарихты оқыту әдістемесі» (2016) тарихты оқытуда қолданылатын әдістемелерге арналған бұл оқу құралы, оқушыларға білім беру процесін қалай тиімді ұйымдастыруға болатынын түсіндіреді. Қозғамбаева тарихи деректерді ұсыну, оқытудың заманауи тәсілдері және педагогикалық құралдарды қолдану мәселелеріне ерекше назар аударады [5].

Қазақстан тарихы пәнін оқытуға арналған әдістемелік нұсқаулықта (2017) Қазақстан тарихын оқытуға бағытталған әдістемелік тәсілдер қарастырылады. Әдістемелік нұсқаулар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға және оқу нәтижелерін жақсартуға арналған [6].

Г.К.Кокебаева, Г.Т.Жакуповалардың «Тарихты оқыту әдістемесі» (2015) оқу құралында тарихты оқыту әдістері кеңінен қарастырылған. Автоматтандырылған технологияларды қолдану және дәстүрлі әдістердің тиімділігін арттыру жолдары түсіндіріледі. Оқу материалы мектеп және жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған [7].

«Тарих пәнін оқытуға жаңаша көзқарас: тиімді оқыту мен оқу тәсілдері» (2018) атты әдістемелік нұсқаулықта тарихты оқытуда қолданылатын тиімді әдістер мен тәсілдер баяндалған. Назарбаев Зияткерлік мектептері педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген бұл құрал, мұғалімдерге жаңа технологиялар мен тәсілдерді үйренуге көмектеседі [8].

Осы талданған әдебиеттер негізінде біз зерттеуімізге сәйкес 8-сынып бағдарламасы негізінде тарихи дереккөздерді интерпретациялаудың заманауи әдістемелерін зерделеп, бөліп қарастырдық.

Тарихты оқыту – тек өткен оқиғалар мен тарихи даталарды жаттау ғана емес, сонымен қатар сол оқиғалардың мән-мағынасын түсіну, оларды сыни тұрғыдан талдау және қазіргі заманмен байланысын анықтау. Бұл үдерісте тарихи дереккөздермен жұмыс істеу басты орын алады. Дереккөздер тарихи фактілер мен оқиғаларды дәлелдейтін маңызды құрал болып табылады, сондықтан оларды дұрыс интерпретациялау оқушылардың терең тарихи түсінік қалыптастыруына ықпал етеді.

7-сынып бағдарламасы аясында Қазақстан тарихының маңызды кезеңдерін оқыту барысында тарихи дереккөздерді дұрыс талдау әдістемесі ерекше маңызға ие. Бұл сыныпта оқушылар алғаш рет тарих пәнімен жүйелі және тереңірек таныса бастайды. Олар Тәуке хан билігі, жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» сияқты оқиғалармен бетпе-бет келеді. Мұндай күрделі тарихи құбылыстарды тек мәтіндік ақпарат арқылы ғана емес, сондай-ақ сол кезеңнің тарихи дереккөздерін жан-жақты талдау арқылы түсіну қажет. Оқушылар бұл кезеңді тек фактілер арқылы емес, сол уақыттағы тарихи, саяси, әлеуметтік жағдайды толық түсінуі керек.

Тарихи дереккөздерді интерпретациялаудың заманауи әдістемелері оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға, олардың тарихи оқиғаларға көпқырлы көзқарас қалыптастыруға бағытталған. Бұл әдістер тек тарихи деректерді қабылдау ғана емес, олардың ішкі құрылымын зерттеу, контекстуалды түсіну және әртүрлі дереккөздерді салыстыра отырып терең тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тарихи дереккөздерді интерпретациялау әдістемесі оқушылардың тарихи таным көкжиегін кеңейту үшін маңызды. Олардың тарихқа деген қызығушылығын ояту үшін тек оқиғалар мен даталарды ұсыну жеткіліксіз. Оқушыларды өткеннің шындығына жақындату үшін халық ауыз әдебиеті, ескі құжаттар, археологиялық олжалар мен өнер туындылары сияқты дереккөздермен тікелей жұмыс істеу қажет. Бұл олардың өткенмен эмоционалды және интеллектуалды байланысын орнатып, тарихи құндылықтарды түсінуге көмектеседі.

Осы тұрғыдан алғанда, 8-сынып бағдарламасы бойынша оқытылатын тарихи кезеңдерді заманауи әдістемелермен талдау – тек өткенді зерделеу ғана емес, сондай-ақ оқушылардың тарихи процестердің маңызын түсінуін қамтамасыз етеді. Бұл мақалада тарихи дереккөздерді талдау мен интерпретациялаудың заманауи әдістемелері қарастырылып, олардың оқушылардың тарихи ойлау қабілеттерін қалыптастырудағы рөлі талданады.

Тарихи дереккөздерді интерпретациялау – бұл тарихи дереккөздердегі ақпаратты түсіндіру, талдау және оның мазмұнын дұрыс қабылдау процесі. Бұл түсінік тек деректерді жинаумен ғана шектелмей, сол деректерді сыни тұрғыдан бағалау, сол уақытта орын алған оқиғалардың контекстін ескеру, дереккөздің сенімділігі мен объективтілігін анықтау сияқты қадамдарды қамтиды.

Интерпретациялауда мыналар маңызды:

1. Автордың позициясы: Дереккөзді жазған адамның кім болғанын және оның тарихи оқиғаға қалай әсер еткенін түсіну.

2. Контекст: Дереккөз жазылған уақыттың саяси, әлеуметтік және мәдени жағдайларын ескеру.

3. Салыстыру: Бірнеше дереккөздерді салыстыра отырып, оқиғалардың толық картинасын жасау.

4. Сыни талдау: Дереккөздегі ақпараттың шынайылығын бағалап, оның қандай мақсатпен жазылғанын анықтау.

Кесте 1 - Тарихи дереккөздерді интерпретациялаудың заманауи әдістемелері

Тарихи дереккөз	Интерпретациялаудың заманауи әдістемелері
Жазбаша құжаттар	Контекстуалды талдау, сыни тұрғыдан ойлау
Археологиялық олжалар	Интерактивті технологиялар, виртуалды экскурсиялар
Халық ауыз әдебиеті	Көпқырлы көзқарас, дереккөздерді салыстыру
Карталар	Цифрлық технологиялар, картографиялық талдау
Мәдени мұралар	Салыстырмалы талдау, мәдени-әлеуметтік контексте қарастыру
Ауызша тарих	Мультимедиалық құралдар, аудио және видео материалдарды талдау
Фотосуреттер	Көрнекі талдау, дереккөздің уақытын, авторлық көзқарасты анықтау
Газет мақалалары	Мәтіндік және дискурстық талдау, БАҚ-тағы оқиғалардың бейнеленуі
Жеке хаттар	Эмоционалды және әлеуметтік контексте қарастыру, тұлғалық талдау

1. Тарихи дереккөздерді интерпретациялаудың заманауи әдістемелерінің мәні.

Тарихты оқыту барысында тарихи дереккөздермен жұмыс істеу – оқушылардың тарихи құбылыстарды терең түсінуіне жол ашатын маңызды қадам. Бұл дереккөздер тек ақпарат көзі ғана емес, сол кезеңнің маңызды куәгерлері болып табылады. Олар арқылы оқушылар тарихи оқиғаларды белгілі бір перспективада көре алады, дереккөздің мазмұнынан туындайтын сұрақтарды талдайды және сол уақыттағы жағдайды түсінуге мүмкіндік алады. Жоңғар шапқыншылығы сияқты күрделі тарихи оқиғаларды зерттегенде, тарихи дереккөздерден алынған ақпаратты дұрыс түсініп, оған қатысты әртүрлі көзқарастарды салыстыру өте маңызды.

Заманауи әдістемелер оқушылардың дереккөздерді сыни тұрғыдан бағалау, дереккөз авторының позициясы мен оның жазу мақсатын ескеру қабілетін дамытады. Бұл әдістемелер арқылы оқушылар деректердің сенімділігі мен нақтылығын саралап, тарихи оқиғаларды тек факті ретінде қабылдамай, олардың терең мағынасын ашады.

2. Контекстуалды талдау әдісі. Контекстуалды талдау – тарихи дереккөздерді түсінудің негізгі әдістерінің бірі. Бұл әдіс арқылы оқушылар дереккөздің жазылған уақыты мен орнына, сол кездің саяси-әлеуметтік жағдайына назар аударады. Мысалы, жоңғар шапқыншылығы туралы дереккөздерді талдау барысында оқушылар сол кезеңдегі қазақ қоғамының ішкі және сыртқы саяси жағдайын ескеруі тиіс. Бұл дереккөздерді талдай отырып, оқушылар жоңғарлардың әскери күші мен тактикасын ғана емес, сонымен бірге қазақ қоғамындағы өзгерістерді, елдің сол кездегі саяси әлсіреуін түсінеді.

Оқушылар бұл дереккөздерді тек мәтін ретінде ғана емес, сол кезеңнің әлеуметтік-саяси жағдайы тұрғысынан қарастырады. Мысалы, Тәуке ханның билігі кезінде Қазақ хандығындағы тұрақтылықты, ал кейінгі кезеңдерде орталық биліктің әлсіреуі мен жоңғар шапқыншылығының себептерін тереңірек талдай алады. Бұл оқушыларға тарихи құбылыстарды кешенді түрде түсінуге көмектеседі.

3. Көпқырлы көзқарас және салыстырмалы талдау. Тарихты оқыту барысында бірнеше дереккөздерді салыстыру әдісі оқушыларға оқиғаның әртүрлі қырларын тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұл әдіс дереккөздер арасындағы сәйкессіздіктер мен айырмашылықтарды талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, жоңғар шапқыншылығы туралы жазбаша құжаттар мен халық ауыз әдебиеті арасындағы айырмашылықтарды салыстыра отырып, оқушылар тарихи оқиғалардың қалай бейнеленгенін түсінеді. Жазбаша дереккөздер көбінесе ресми сипатта болса, ауыз әдебиеті халықтың эмоционалды тәжірибесін көрсетеді.

Осылайша, әртүрлі дереккөздерді салыстыру арқылы оқушылар оқиғалардың күрделі табиғатын жақсырақ түсінеді және тарихи зерттеулердегі әртүрлі көзқарастар мен пікірлердің қалай қалыптасатынын байқай алады. Мысалы, халық ауыз әдебиетіндегі «Елім-ай» жырының жоңғар шапқыншылығы кезіндегі трагедияны қалай бейнелейтіні оқушыларға сол кезеңнің тарихи және мәдени контекстін ашады. Бұл әдіс тарих пәніне қызығушылықты арттырып қана қоймай, оқушылардың тарихи дереккөздерге деген сыни тұрғыдан қарауын қалыптастырады.

4. Сыни тұрғыдан ойлау және дереккөздерді бағалау. Сыни ойлау – оқушылардың тарихи дереккөздерді тереңірек түсінуіне және талдауына көмектесетін негізгі дағдылардың бірі. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеті оқушыларға дереккөздің мазмұнын, оның авторының көзқарасын және жазылған мақсатын сыни бағалауға мүмкіндік береді. Оқушылар дереккөздегі мәліметтердің шынайылығын, дереккөздің тарихи құндылығын және оның қандай тарихи жағдайлармен байланысты екенін анықтай алады.

Мысалы, жоңғар шапқыншылығы туралы тарихи құжаттарды талдау кезінде оқушылар дереккөздің қандай жағдайларда және қандай мақсатпен жазылғанын, дереккөздің авторы қандай позицияны ұстанғанын және бұл оның мәтініне қалай әсер еткенін түсінуге тырысады. Бұл әдіс оқушыларға тек ақпаратты қабылдау ғана емес, оны сыни тұрғыдан қарастыруды, яғни тарихи фактілердің шынайылығын бағалауды үйретеді.

5. Интерактивті технологияларды қолдану. Тарихи дереккөздерді зерттеуде заманауи технологияларды қолдану – оқушылардың білім алу процесін жақсартудың тиімді

құралы. Интерактивті технологиялар оқушыларға тарихи карталар, виртуалды экскурсиялар, сандық дерекқорлар арқылы тарихи оқиғаларды визуалды түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жоңғар шапқыншылығы сияқты күрделі оқиғаларды түсінуде үлкен рөл атқарады.

Мысалы, жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі Қазақстан аумағының картасын пайдалану арқылы оқушылар сол кездегі геосаяси жағдайды жақсы түсінеді. Виртуалды экскурсиялар оқушыларға тарихи орындармен танысуға, ал сандық дерекқорлар деректерді кеңінен зерттеуге мүмкіндік береді. Осылайша, оқушылар тек мәтінмен шектелмей, тарихи оқиғаларды визуалды түрде көре алады, бұл олардың түсіну қабілетін жақсартады.

Қорытынды. Тарихи дереккөздерді интерпретациялаудың заманауи әдістемелері оқушылардың тарихи ойлау қабілеттерін дамытудың маңызды құралы болып табылады. Бұл әдістерді қолдану арқылы оқушылар тек фактілерді жаттаумен шектелмей, өткеннің мәнін түсініп, тарихқа сыни көзқараспен қарауға үйренеді. Қазақстан тарихындағы маңызды кезеңдер, әсіресе жоңғар шапқыншылығы сияқты оқиғаларды талдау барысында, оқушылар дереккөздердің алуан түрлілігін зерттеп, сол уақыттың саяси, әлеуметтік және мәдени контекстін ескере отырып, терең тұжырымдар жасай алады.

Оқушылар тарихи дереккөздерді түсінудің әртүрлі қырларын меңгеру арқылы өздігінен зерттеу жүргізуге, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға және тарихи фактілердің маңыздылығын тануға бейімделеді. Заманауи әдістемелер, мысалы, көзқарастарды салыстыру, дереккөздердің объективтілігі мен сенімділігін бағалау, контекстуалды талдау және интерактивті құралдарды қолдану, оқушыларға тарихи білімді кеңінен және тереңінен түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл тәсілдер Қазақстанның білім беру жүйесінде жаңартылған мазмұнға сай оқыту процесін жетілдіру үшін аса қажет. 8-сынып бағдарламасы аясында тарихи дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру оқушыларды болашақта күрделі тарихи мәселелерді түсініп, зерттеушілік қабілеттерін дамытатын маңызды негіз болады. Сонымен қатар, дереккөздерді талдау арқылы алынған білім оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттырып, оларды сындарлы және ойшыл азаматтар ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).
2. Кубентаева С.Н. Оқу мен оқытудағы жаңа инновациялық технологиялар: оқу құралы. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2019.-124 бет.
3. Күзембайұлы А., Әбіл Е. Тарих теориясы және методологиясы: оқу құралы.-Қостанай, 2015.-220 бет.
4. Ланглуа Ш. В. Тарихты зерттеуге кіріспе: тарихтың методологиясы бойынша: [монография] / Ш. В. Ланглуа, Ш. Сеньобос; ауд. Б. А. Габдуллина. - Астана: Фолиант, 2015. - 280 бет.
5. Қозғамбаева Г. Б. Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 260 бет.
6. Қазақстан тарихы пәнін оқытуға арналған әдістемелік нұсқаулық / [құраст. А. К. Бегалиева]. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 218 бет.
7. Кокебаева Г. К. Методика преподавания истории: учебно-метод. пособие/ Г. К. Кокебаева, Г. Т. Жакупова. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 160 с.
8. Тарих пәнін оқытуға жаңаша көзқарас: тиімді оқыту мен оқу тәсілдері: әдістемелік нұсқаулық / құраст. Р.Чекетаева.-Астана: Назарбаев зияткерлік мектептері ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы, 2018.-100 бет.

**БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

Жайлауова М.К. п. ф. к., доцент

Қаблан А.Ғ. 2 курс магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

E-mail: mzhailauova@mail.ru

E-mail: kablan.ayazhan@bk.ru

Аннотация. Бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің этномәдени құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының маңыздылығы қарастырылады. Этномәдени құзыреттілік мұғалімдерге түрлі этникалық және мәдени топтармен тиімді өзара әрекеттесуге, әртүрлілікке деген құрметті тәрбиелеуге, сондай-ақ оқушылар арасында толеранттылық пен бірлікті нығайтуға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында этномәдени құзыреттілікті дамыту үшін қолайлы педагогикалық шарттар мен әдістемелер анықталып, оларды оқу үдерісіне енгізу жолдары талқыланды. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған педагогикалық шарттар болашақ мұғалімдердің этномәдени құзыреттілігін қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Тірек сөздер: этномәдени құзыреттілік, толеранттық, қарым-қатынас дағдылары, педагогикалық шарттар.

Аннотация. В данной статье рассматривается значение педагогических условий для формирования этнокультурной компетентности будущих учителей начальных классов. Этнокультурная компетенция позволяет учителям эффективно взаимодействовать с различными этническими и культурными группами, воспитывать уважение к разнообразию, а также способствовать толерантности и единству среди учащихся. В ходе исследования были определены соответствующие педагогические условия и методы развития этнокультурной компетентности, обсуждены пути их внедрения в образовательный процесс. Педагогические условия, предложенные в результате исследования, способствуют формированию и развитию этнокультурной компетентности будущих учителей.

Ключевые слова: этнокультурная компетентность, толерантность, коммуникативные навыки, педагогические условия.

Annotation. This article considers the importance of pedagogical conditions for the formation of ethnocultural competence of future primary school teachers. Ethnocultural competence is an important component for teachers working in multicultural environments. This competence enables teachers to interact effectively with different ethnic and cultural groups, foster respect for diversity, and foster tolerance and unity among students. In the course of the research, appropriate pedagogical conditions and methods for the development of ethnocultural competence were determined, and ways of introducing them into the educational process were discussed. Pedagogical conditions proposed as a result of the research contribute to the formation and development of ethnocultural competence for future teachers.

Key words: ethnocultural competence, tolerance, communication skills, pedagogical conditions.

Қазіргі заманғы қоғамдағы мәдени алуандықтың күшеюі бастауыш сынып мұғалімдеріне ерекше талаптар қояды. Әр түрлі этностар мен мәдениет өкілдерімен жұмыс істей отырып, мұғалімдер балалардың этномәдени құзыреттілігін қалыптастыруға жауапты. Этномәдени құзыреттілік – бұл тек өзге мәдениет өкілдерін түсіну мен құрметтеу ғана емес, сонымен бірге түрлі этникалық топтардың өкілдерімен тиімді қарым-қатынас орната білу.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің этномәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы педагогикалық шарттар оқыту үдерісінде мұғалімдерді дайындаудың маңызды элементі болып табылады және этномәдени білім беру саласындағы тиімділікті қамтамасыз етеді..


Мұндай құзыреттілікті қалыптастыру білім беру үдерісінде маңызы зор педагогикалық шарттарды талап етеді.

Этномәдени құзыреттілік – бұл адамның түрлі мәдениет өкілдерімен тең дәрежеде қарым-қатынас жасау, өзге мәдениеттің өкілдерін құрметтеу және олардың мәдени ерекшеліктерін түсіну қабілеттілігі. Мұғалімдердің этномәдени құзыреттілігі оқыту үдерісінде, оқушылармен және ата-аналармен қарым-қатынасында көрініс табады [1, 20-256.].

Этномәдени құзыреттілікке қол жеткізу үшін мұғалім:

- түрлі мәдениеттер мен этникалық топтар туралы ақпараттан хабардар болуы;
- өзге мәдениеттерге толерантты болуға және оқушыларды осыған тәрбиелеуге дайын болуы;
- мәдениетаралық қарым-қатынас тәсілдерін меңгеруі керек.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің этномәдени құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды: [1, 25-286.].



Сурет 1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің этномәдени құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары

1. Теориялық білімді тереңдету

Мұғалімдерге ұлттық және әлемдік мәдениет, дәстүрлер, тілдер мен діндер туралы жан-жақты білім беру этномәдени құзыреттілікті дамытудың алғашқы шарты болып табылады. Бұл білім берудің мазмұнында этнопедагогика, мәдениеттану, мәдениаралық қарым-қатынас негіздерін оқыту үлкен рөл атқарады.

2. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа бағытталған практикалық тапсырмалар

Білім беру үдерісінде болашақ мұғалімдер мәдениетаралық қарым-қатынастарға қатысып, түрлі этностық топ өкілдерімен өзара түсіністік пен сыйластықты үйренуге арналған практикалық тапсырмаларды орындауы тиіс. Бұл тапсырмалар түрлі мәдениет өкілдерінің өмір салтымен танысуға, олардың құндылықтарын түсінуге көмектеседі [2].

3. Оқу-әдістемелік қолдау және оқыту әдістерін жетілдіру

Этномәдени құзыреттілікті қалыптастыруда мұғалімдер қолданатын әдістемелік құралдар маңызды рөл атқарады. Оқытудың интербелсенді әдістері, мысалы, рөлдік ойындар, мәдениетаралық тренингтер, жағдаяттық талдаулар мұғалімдердің этномәдени қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

4. Мәдени шаралар мен жобаларға қатысу

Мәдениетаралық түсіністік пен этномәдени құзыреттілікті дамыту үшін болашақ мұғалімдер әртүрлі мәдени шараларға, халықаралық жобаларға, фестивальдер мен конференцияларға қатысуы қажет. Бұл оларға басқа мәдениеттермен тікелей байланыс жасау арқылы өз тәжірибесін байытуға мүмкіндік береді.

Болашақ мұғалімдерде этномәдени құзыреттілікті дамыту үшін мынадай бірқатар педагогикалық шарттарды қамтамасыз ету қажет: [2]:

1. Білім беру мазмұнының этномәдени компоненттерін енгізу;

Оқу бағдарламасына түрлі этностардың тарихы, мәдениеті, тілі, салт-дәстүрлері туралы материалдарды енгізу мұғалімдердің этномәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы алғашқы қадам болып табылады. Оқушыларға түрлі мәдениет өкілдерінің өмір салты туралы ақпарат беру арқылы олардың басқа халықтарға деген құрметін оятуға болады.

Әрбір сабақта мұғалім әртүрлі мәдениеттердің дәстүрлері мен ерекшеліктеріне қатысты мысалдар келтіре отырып, білім алушылардың көзқарасын кеңейтеді.

2. Педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудағы көпмәдениетті оқыту бағдарламалары;

Мұғалімдердің этномәдени құзыреттілігін дамыту үшін арнайы оқыту курстары мен тренингтер ұйымдастыру қажет. Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерге арналған арнайы көпмәдениетті білім беру курстары енгізілуі керек. Бұл курстарда мәдениетаралық қарым-қатынас стратегиялары, этникалық және мәдени ерекшеліктерді түсіну мен құрметтеу дағдыларына үйрету қажет.

Жоғары оқу орындары көпмәдениетті білім беруге арналған әдістемелік құралдар мен ресурстарды қолдануы керек. Болашақ мұғалімдер әртүрлі этнос өкілдерімен қарым-қатынас жасауды практикалық тапсырмалар арқылы игеруі керек.

3. Интербелсенді және мәдениетаралық оқыту әдістері;

Этномәдени құзыреттілікті қалыптастыруда интербелсенді оқыту әдістерін қолдану маңызды. Мұғалімдер оқушылардың мәдени әртүрлілікті түсінуі мен құрметтеуіне ықпал ететін әдістерді қолдануы қажет. Мұндай әдістерге келесі тәсілдер кіреді:

- **диалогтық оқыту:** Оқушыларды мәдени мәселелер бойынша пікірталасқа тарту арқылы әртүрлі көзқарастар мен мәдени тәжірибелерді талқылау.

- **жобалық жұмыс:** Әртүрлі этностар мен мәдениеттер туралы жобалар әзірлеу. Бұл оқушыларды ізденуге және өзге мәдениет өкілдерімен танысуға итермелейді.

- **рөлдік ойындар:** Оқушыларды түрлі мәдени жағдайларда өздерін сынап көруге мүмкіндік беру. Бұл әдіс мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын тәжірибе жүзінде игеруге көмектеседі [3].

4. Оқушылардың және ата-аналардың этномәдени құндылықтарын ескеру;

Мектептегі білім беру үдерісі ата-аналармен ынтымақтастықта болғанда, этномәдени құзыреттілікті тиімді қалыптастыру мүмкіндігі артады. Мұғалімдер ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, олардың этномәдени құндылықтарын құрметтеуі керек. Ата-аналар балаларға өз мәдениетінің ерекшеліктерін түсіндіруге және оларды басқа этникалық топтарға құрметпен қарауға тәрбиелеуге ықпал етеді.

Мектепте мәдениетаралық іс-шаралар ұйымдастыру, әртүрлі этностардың өкілдерін тарту арқылы ата-аналар мен оқушыларды бірлескен жобаларға қатыстыру, мектептің көпмәдениетті ортасын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар этномәдени құзыреттілікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер оқыту үдерісінде түрлі мәдениеттер туралы мультимедиалық ресурстарды, бейнематериалдарды, онлайн-платформаларды пайдалана алады. Бұл оқушыларға түрлі мәдениет өкілдерінің өмір салтын, өнерін, тілін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [4].

Интернет желісіндегі ресурстарды пайдалану арқылы мұғалімдер өз оқушыларын басқа елдердегі құрдастарымен таныстырып, мәдениетаралық байланыстарды дамыта алады. Мысалы, түрлі елдердің бастауыш мектептері арасында бірлескен онлайн-жобалар ұйымдастыру оқушыларға өзге мәдениеттерді түсінуге көмектеседі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқу үдерісіне этномәдени мазмұнды қосу және оны әдіс-тәсілдер арқылы тиімді жеткізу өте маңызды. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысында этномәдени құзыреттілік әрбір оқушының өз мәдениеті мен өзге мәдениеттерді түсініп, құрметтеуін қамтамасыз етеді. Төменде сабақ

барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің этномәдени құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі жолдары мен әдіс-тәсілдері ұсынылады[5].

1. Этномәдени мазмұнды оқу бағдарламасына қосу

- **Жолдары:** оқу бағдарламасында этнографиялық және мәдени аспектілерді қамтитын мазмұнды енгізу, мысалы, ана тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану пәндері арқылы әр түрлі этникалық топтардың мәдениетімен танысу.

- Тәсілдері:

- Әртүрлі ұлт өкілдері туралы шағын әңгімелер, халық ертегілерін оқыту.
- Әртүрлі халықтардың мақал-мәтелдерін, дәстүрлерін талдау.

2. Этнопедагогикалық элементтерді қолдану

- **Жолдары:** ұлттық салт-дәстүрлерді сабақ барысында қолдану арқылы этникалық ерекшеліктерді көрсету, тарихи және мәдени тәжірибені оқушыларға түсіндіру.

- Тәсілдері:

- Оқушыларға қазақтың және өзге халықтардың ұлттық ойындарын үйрету.
- Қолөнер, ұлттық тағамдар туралы түсінік беру, мұғалімнің мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетуі [6].

3. Интербелсенді оқыту әдістері

- **Жолдары:** этномәдени мазмұнды жетілдіруде интерактивті әдістерді пайдалану арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру.

- Тәсілдері:

- Жағдаяттық ойындар: "Мәдениетаралық диалог" секілді рөлдік ойындарда оқушылар әртүрлі этникалық кейіпкерлерді сомдап, мәдениетаралық қарым-қатынасқа түседі.
- Топтық жобалар: Әр топ өзге халықтардың мәдениеті, салт-дәстүрлері бойынша зерттеу жүргізіп, нәтижесін сынып алдында таныстырады.

4. Мультимедиялық құралдарды пайдалану

- **Жолдары:** көрнекі және аудиоматериалдар арқылы мәдени ерекшеліктерді таныстыру.

- Тәсілдері:

- Әр түрлі ұлттардың музыкасын тыңдату, би өнерімен таныстыру, ұлттық киімдер бейнеленген суреттерді көрсету.
- Мәдени турлар мен мұражайларға виртуалды топсаяхат жасау.

5. Этномәдени тренингтер мен пікірталастар

- **Жолдары:** сабақта мәдениетаралық қарым-қатынас орнатуға бағытталған арнайы жаттығулар ұйымдастыру.

- Тәсілдері:

- Тренингтер: Мысалы, "Сенің мәдениетің - менің мәдениетім" тақырыбында топтық талқылаулар, оқушылардың әртүрлі мәдениеттер туралы ойларын ортаға салу.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің этномәдени құзыреттілігін осындай жолдар мен әдіс-тәсілдер арқылы қалыптастыру олардың оқушыларға толеранттылық, мәдениетаралық түсіністік және сыйластық сезімін сіңіруіне ықпал етеді. Бұл әдістер оқу үдерісін байытып қана қоймай, оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру бүгінгі таңда маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып отыр. Этномәдени құзыреттілік – бұл мәдени әртүрлілікті қабылдап, құрметтеу ғана емес, сонымен қатар білім алушыларға көпмәдениетті қоғамда тиімді қарым-қатынас жасауды үйрету.

Мұндай құзыреттілікті дамыту үшін оқу үдерісіне этномәдени компоненттерді енгізу, болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы арнайы бағдарламаларды қолдану, интербелсенді әдістерді пайдалану және ата-аналармен ынтымақтастықта болу сияқты педагогикалық шарттарды жүзеге асыру қажет.

Этномәдени құзыреттілікті қалыптастыру мұғалімдерді бейбітшілікке, толеранттылыққа және өзара түсіністікке тәрбиелеуге мүмкіндік береді, бұл болашақ ұрпақ үшін аса маңызды [7].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі қоғамдағы мәдени саналуандылық жағдайында өзекті болып табылады. Бұл құзыреттілікті дамыту болашақ мұғалімдердің оқушыларды түрлі мәдениеттерге деген құрмет пен түсіністікке үйретуіне, қоғамда толеранттылықты қолдауға ықпал етеді. Мұндай педагогикалық шарттар мұғалімдерді кәсіби тұрғыда қалыптастырудың маңызды аспектісі ретінде білім беру үдерісінің тиімділігін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбдіғұлова Г.С. Этномәдени білім беру: теориялық және әдіснамалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
2. Аубакирова Б. Этнопедагогика және этномәдени құзыреттілік. – Астана: Фолиант, 2018.
3. Бисенов Ш.М. Мәдениетаралық коммуникация және білім беру жүйесі. – Алматы: Рауан, 2017.
4. Джанабаева А. Білім беру үрдісіндегі этномәдени құндылықтар. – Қазақстан педагогикасы, 2020.
5. Әлімқұлов А., Смағұлова Г. Этнопедагогика негіздері.- Алматы: Рауан, 2020.
6. Бекжанова Г.М. Қазақстанда этномәдени білім берудің теориялық және әдістемелік негіздері. - Астана: Фолиант, 2019.
7. Жұмаділова Р. Этномәдени құндылықтарды қалыптастыру жолдары. Алматы: Мектеп, 2018.

УДК 796

ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНОЙ СЕТИ НА ФИЗИЧЕСКУЮ АКТИВНОСТЬ И СТИЛЬ ЖИЗНИ СТУДЕНТОВ

Головченко С.В., старший преподаватель

Кызылординский Университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда

E-mail: sve-sveta@mail.ru

Көпжасар Б.Ж., старший преподаватель

Кызылординский Университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда

E-mail: kopzhassar-b@mail.ru

Кулманов Р.Ж., старший преподаватель

Кызылординский Университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда

E-mail: kulmanov.1980@inbox.ru

***Аннотация.** Бұл мақалада әлеуметтік желілердің студенттердің физикалық белсенділігіне әсері қарастырылады. Оның оң және теріс жақтары талданады. Сонымен қатар, мақаланың ішінде университеттерге әлеуметтік желілерді мотивация құралы ретінде және дене мәдениетіне қызығушылықты арттыру үшін пайдалануға қатысты ұсыныстар беріледі.*

***Тірек сөздер:** физикалық мәдениет, әлеуметтік желілер, блог, мотивация, геймификация.*

***Аннотация.** В данной статье рассматривается воздействие социальных сетей на физическую активность студентов. Анализируются как положительные, так и отрицательные стороны этого влияния. В статье предлагаются рекомендации для университетов по использованию социальных сетей в качестве инструмента мотивации и повышения интереса к физической культуре.*

***Ключевые слова:** физическая культура, социальные сети, блог, мотивация, геймификация.*

***Annotation.** This article examines the impact of social media on students' physical activity. It analyzes both the positive and negative aspects of this influence. Additionally, the article provides recommendations for universities on utilizing social media as a tool for motivation and enhancing interest in physical culture.*

***Key words:** physical culture, social media, blog, motivation, gamification.*

В современном обществе составляющей частью жизни молодежи стали социальные сети. Они оказывают активное влияние на формирование привычек, ценностей и стилей жизни студентов. С увеличением числа заболеваний, окультуривающихся с малоподвижным образом жизни, таких как ожирение, сердечно-сосудистые заболевания и психические расстройства, вопросы физической активности становятся все более актуальными. Социальные сети могут быть использованы как ресурс мотивации и поддержки студентов для здорового образа жизни.

За последние годы увеличивается интерес молодежи к фитнес-культуре и здоровому образу жизни. Понимание причин, влияющих на то, как социальные сети управляют этой тенденцией, помогает образовательным организациям планировать свои программы и мероприятия лучше всего. Не следует недооценивать важность физической культуры в жизни человека, которая поможет прожить качественную и полноценную жизнь.

Социальные сети также играют важную роль в формировании сообществ вокруг физической активности. Во-первых, благодаря им люди с одинаковыми интересами могут объединяться в комьюнити, центрирующиеся вокруг какого-либо спорта, фитнеса или просто здорового образа жизни. С помощью таких групп пользователи могут делиться своими результатами, поддерживать и мотивировать друг друга. Во-вторых, социальные сети позволяют создавать и публиковать контент, связанный с занятиями физическими упражнениями. Это могут быть видео с воркаутами, статьи о здоровом питании или публикации о спортивных событиях. Данная информация также стимулирует пользователей на физические нагрузки и помогает им научиться выполнять разные упражнения и понимать их методику. Социальные сети также используются для организации спортивных мероприятий, таких как забеги, групповые тренировки или фитнес-челленджи.

Ниже приведены несколько примеров успешных аккаунтов, посвященных фитнесу, которые могут вдохновить и мотивировать человека:

1. @khanime - Ханима Абдрашитова, фитнес-тренер и нутрициолог, делится тренировками, советами по питанию и мотивацией. Ее аккаунт вдохновляет следовать здоровому образу жизни.

2. @azharastan - Азара Тлеубекова, популярный фитнес-блогер, публикует различные тренировки и рецепты, а также делится своими личными успехами в спорте.

3. @darya_fitness - Дарья Ким, фитнес-тренер, предлагает разнообразные тренировки и советы по физической активности. Она активно общается с подписчиками, поддерживая их в достижении целей.

4. @fitness_kz - Аккаунт, объединяющий казахстанских фитнес-тренеров и любителей спорта, где можно найти тренировки, советы и вдохновение от различных специалистов.

5. @olga_kaz - Ольга Бондарь, фитнес-блогер, делится тренировками, планами питания и своими достижениями, а также вдохновляет других заниматься спортом.

Исследования показывают, что активное использование социальных сетей может иметь как положительное, так и отрицательное влияние на уровень физической активности.

С одной стороны, социальные сети могут способствовать повышению физической активности. Публикации о тренировках и здоровом образе жизни могут вдохновлять подписчиков на изменения в своем поведении и стимулировать участие в спортивных мероприятиях. С другой стороны, некоторые исследования указывают на негативное влияние социальных сетей. Чрезмерное время, проведенное за просмотром контента, может приводить к снижению физической активности, так как люди могут тратить меньше времени на занятия спортом и больше на сидячие занятия. Также существует риск, что постоянные сравнения с другими могут вызывать стресс и снижать мотивацию.

Социальные сети оказывают значительное влияние на самооценку и мотивацию студентов к занятиям спортом. Положительный аспект заключается в том, что такие платформы могут служить источником вдохновения и поддержки. Молодые люди видят

достижения своих сверстников, что может мотивировать их к физической активности и стремлению к улучшению собственных результатов. Взаимодействие с фитнес-сообществами создает ощущение принадлежности и взаимопомощи. Однако есть и серьезные риски, связанные с постоянным сравнением себя с другими. Социальные сети часто показывают идеализированные образы, которые не отражают реальность. Студенты могут начать чувствовать себя неполноценными, если не достигают таких же результатов, как их друзья или кумиры. Это сравнение может приводить к снижению самооценки и даже к состояниям тревожности и депрессии. Кроме того, постоянное внимание к внешнему виду и физическим достижениям может создавать давление, что приводит к чрезмерным ожиданиям от себя. Вместо того чтобы получать удовольствие от занятий спортом, студенты могут начать воспринимать физическую активность как способ соответствия стандартам, что в долгосрочной перспективе может снизить мотивацию и даже привести к выгоранию.

Таким образом, влияние социальных сетей на самооценку и мотивацию студентов является двойственным. Важно развивать критическое мышление и осознанный подход к контенту, чтобы минимизировать негативные последствия, связанные с постоянным сравнением себя с другими.

Следующий, также мощный импульс к поддержанию динамичной активности - это геймификация в социальной сети. В-первую очередь она делает упражнения более увлекательными и интерактивными. Использование игровых техник, таких как уровни квалификации, баллы, награды и челленджи, вызывает чувство соперничества и здорового интереса. Студенты могут соревноваться между собой, то есть, это явно обеспечивает увеличение уровня вовлеченности в обучении и лучшее внимание к своим возможностям. Во-вторых, геймификация трансформирует абстрактные цели в конкретные планы и отслеживает прогресс в их достижении. Например, студенты могут принять участие в различных фитнес-челленджах, где они фиксируют свои тренировки и получают за это дополнительные бонусы или значки. Это возвращает им ощущение успеха и может мотивировать на следующее занятие. Третий аспект - создание сообщества. Геймификация включает в себя элементы кооперативной игры, которые позволяют студентам заводить друзей, определять себя в группе и радоваться своим общим успехам. Это создает атмосферу единства и взаимной поддержки, что особенно важно для повышения мотивации. Более того, варианты геймификации могут быть модифицированы в соответствии с интересами на уровне готовности каждого ученика. Это предлагает индивидуальный подход в целях того, чтобы физическая активность стала более доступной и привлекательной.

Давайте познакомимся с несколькими популярными приложениями и платформами, объединяющими социальные сети и физическую активность. Эти приложения и платформы делают занятия физической активностью более интересными и социальными, способствуя мотивации и вовлеченности пользователей.

1. Strava - Это приложение для любителей бега и велоспорта, позволяющее отслеживать тренировки и делиться ими с друзьями. Пользователи могут соперничать друг с другом, участвовать в челленджах и получать награды за достижения.

2. Nike Run Club - Платформа, объединяющая бегунов. Здесь можно отслеживать свои пробежки, участвовать в глобальных событиях и делиться результатами с друзьями, а также получать советы от профессиональных тренеров.

3. Fitbit - Устройства Fitbit и соответствующее приложение позволяют пользователям отслеживать свою физическую активность, а также участвовать в вызовах и соревнованиях с друзьями, что повышает мотивацию к занятиям спортом.

4. MyFitnessPal - Это приложение помогает отслеживать питание и физическую активность. Оно включает элементы социальной сети, позволяя пользователям общаться, делиться рецептами и поддерживать друг друга в достижении целей.

5. Zombies, Run! - Интерактивное приложение, которое превращает бег в игру. Пользователи могут участвовать в сюжетных миссиях, что добавляет элемент развлечения и способствует повышению физической активности.

6. Runkeeper - Приложение для отслеживания беговых тренировок, которое позволяет пользователям делиться своими результатами в социальных сетях и участвовать в общих забегах.

7. MapMyRun - Платформа, позволяющая отслеживать пробежки, делиться ими с друзьями и получать советы по тренировкам. Она также предлагает функцию создания соревнований между пользователями.

Рекомендации для студентов и образовательных учреждений по использованию социальных сетей для повышения физической активности:

Для студентов:

- Создавайте и присоединяйтесь к фитнес-группам: Участвуйте в сообществах и группах, посвященных спорту и здоровому образу жизни, чтобы получать поддержку и вдохновение от единомышленников.

- Делитесь своими успехами: Публикуйте фотографии и видео своих тренировок, достижений и прогресса. Это не только мотивирует вас, но и вдохновляет других.

- Участвуйте в челленджах: Присоединяйтесь к фитнес-челленджам, которые часто проводятся в социальных сетях. Это добавляет элемент соревнования и может повысить вашу мотивацию.

- Используйте приложения для отслеживания активности: Интегрируйте социальные функции в свои фитнес-приложения, чтобы делиться результатами и получать поддержку от друзей.

- Обменивайтесь советами и ресурсами: Делитесь полезной информацией о тренировках, диете и здоровье, создавая полезный контент для своего окружения.

Для образовательных учреждений:

- Создавайте официальные страницы и группы: Открывайте аккаунты в социальных сетях для продвижения спортивных мероприятий, новостей и достижений студентов, что поможет повысить интерес к физической активности.

- Проводите онлайн-мероприятия: Организуйте виртуальные тренировки, вебинары и мастер-классы с участием фитнес-тренеров, чтобы студенты могли участвовать независимо от своего местоположения.

- Поощряйте студентов делиться опытом: Создайте платформы для обмена историями успеха студентов в области физической активности, что может вдохновить других на занятия спортом.

- Сотрудничайте с местными фитнес-центрами: Устанавливайте партнерства с местными спортзалами и тренерами для организации совместных мероприятий и акций, которые могут быть продвигаться в социальных сетях.

- Внедряйте геймификацию: Разработайте программы, которые используют элементы игры и соревнования, чтобы студенты могли участвовать в соревнованиях и получать награды за достижения.

Влияние социальных сетей на активность и жизненные привычки студентов - это явление очень сложное и многогранное. С одной стороны, социальные сети могут повысить мотивацию к физической активности, предоставляя площадку для обмена опытом, советами и достижениями. Эти сети способствуют формированию сообществ, где студенты могут поддерживать друг друга в стремлении к движению. С другой стороны, чрезмерное пользование социальными сетями - это также выход в минус: угроза ухудшению здоровья и упадку физической активности. Риск тратить больше времени на сидячие занятия снижает объем физической активности и повышает уровень необходимого физического напряжения студента, что оказывает негативное воздействие на состояние его здоровья и психоэмоциональное спокойствие.

Образовательные учреждения и семьи могут сыграть ключевую роль в формировании здоровых привычек: активная пропаганда физической активности и здоровья среди

студентов будет играть решающую роль. В конечном итоге, необходимо стремиться к сбалансированному подходу: использовать потенциал социальных сетей для повышения активности и приверженности здоровью.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Баграмов, А. Социальные сети и их влияние на образ жизни молодежи в Казахстане. Алматы: Издательство «Білім» 2020, с.54
2. Домингес, А., & Карретеро, Д. Геймификация и физическая активность: мотивационные стратегии в социальных сетях. Мадрид: Издательства Альянса, 2020, с.70
3. Ержанов, К. Геймификация в образовательном процессе: новые подходы к мотивации студентов. Алматы: Издательство «Астана», 2019, с.44
4. Турсунов, А. Мотивация и физическая активность: роль социальных сетей в жизни молодежи. Алматы: Издательство «Казах University», 2021, с.61
5. Чен С., Чжан Х. Роль социальных сетей в продвижении физической активности среди студентов. Пекин: Издательство Пекинского университета, 2019, с.91
6. Ху Янг, Мяо У. (2021). Социальные медиа и здоровье студентов: влияние на физическую активность. Шанхай: Издательство Шанхайского университета, 2021, с.88

ӘОЖ 373.3 : 37.026.6 : 5

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жайлауова М.К. п. ғ. к., доцент

Жұбанова Ж.Ә. 1 курс магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

E-mail: mzhailauova@mail.ru

E-mail: kenje_janka@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастырудың маңыздылығы, тәсілдері мен педагогикалық әдістері қарастырылады. Денсаулықты сақтау мен нығайту оқушылардың оқу үрдісінде маңызды рөл атқарады, себебі денсаулығы мықты балалар ғана оқу тапсырмаларын сапалы орындай алады. Мақалада денсаулық құндылығын түсіндірудің негіздері мен мектептегі сабақтарда, тәрбиелік іс-шараларда қолданылатын денсаулықты сақтау тәсілдері талданады. Жазылған мақаланың нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының денсаулық мәдениетін дамытуға ықпал ету жолдарын көрсетеді.

Тірек сөздер: балалар денсаулығы, денсаулық құндылығы, құндылық қатынасы, педагогикалық әдістер, салауатты өмір салты

Аннотация. В данной статье рассматриваются значение, пути и педагогические методы формирования ценностного отношения учащихся начальных классов к здоровью. Сохранение и укрепление здоровья играет важную роль в процессе обучения учащихся, ведь только здоровые дети могут качественно выполнять учебные задания. В статье анализируются основы разъяснения ценности здоровья и методы сохранения здоровья, используемые на школьных уроках и в образовательной деятельности. Результаты написанной статьи показывают пути воздействия на развитие культуры здоровья учащихся младших классов.

Ключевые слова: здоровье детей, ценность здоровья, ценностные отношения, педагогические методы, здоровый образ жизни

Annotation. This article considers the importance, ways and pedagogical methods of forming the value attitude of primary school students to health. Maintaining and strengthening health plays an important role in the learning process of students, because only healthy children can perform

educational tasks with quality. The article analyzes the basics of explaining the value of health and methods of maintaining health used in school lessons and educational activities. The results of the written article show ways to influence the development of health culture of elementary school students.

Key words: *children's health, health value, value relationship, pedagogical methods, healthy lifestyle*

Балалардың денсаулығы — қоғамның ең басты құндылығының бірі. Денсаулыққа құндылық қатынасы жалпы адамзаттық мәнге ие. Өзінің құндылық мәні бойынша денсаулық игілік болып табылады және адамдардың қажеттіліктері мен мүдделеріне жауап береді. Аксиологиялық иерархия бойынша денсаулық ең жоғары, жалпыадамзаттық құндылықтар санатына жатады, өйткені оның тұрақты, жан-жақты және мәңгілік маңызы бар. Денсаулықты ең жоғары құндылық ретінде сезіну, өз денесінің жай-күйі үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру, денсаулықты сақтау мен нығайтудың маңыздылығын түсінуге және оның мінез-құлықта көрінуі - адам денсаулығына тікелей әсер етеді. Денсаулықты сақтау және нығайту қоғам алдында тұрған маңызды әлеуметтік және медициналық міндеттердің бірі болып табылады. Ақпарат көлемінің үнемі ұлғаюына байланысты балалар денсаулығының тұрақты нашарлауы ерекше алаңдаушылық тудырады.

Жүктемелер, физикалық белсенділіктің төмендеуі және оқу жағдайларының гигиеналық талаптарының жеткіліксіз сақталуы, өскелең ұрпақтың денсаулығына қолайсыз әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайлары, қоршаған ортаның нашарлауы және балалардың көпшілігінің ағзасының бейімделу ресурстарының төмендеуі айтарлықтай әсер етеді. Аталған мәселелер мектеп оқушыларында денсаулыққа құндылық қатынасты қалыптастырудың тиімді жолдарын іздеуге бағытталған педагогикалық зерттеулерді қажет етеді. Бұл мәселе күрделі және көп қырлы. Мектеп оқушысы дамуының белгілі бір жас кезеңінде денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыруға сезімталдықты дамытудың алғы шарттарын түсінуді талап етеді. Әрине, денсаулыққа құндылық көзқарасын қалыптастыру және дамыту, оны түсіну адамның бүкіл өмірінде болуы мүмкін. Дегенмен, денсаулықтың құндылық сипаттамаларына бағдарланудың қалыптасуының ең тиімді кезеңі – бастауыш мектеп жасы. Білім беру жүйесінде балалардың денсаулығын сақтау және оған құндылық қатынасын қалыптастыру ерекше маңызды. Әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін денсаулыққа деген оң көзқарасты қалыптастыру олардың білім алу үрдісіне оң ықпал етіп, болашақта салауатты өмір салтын ұстануына негіз болады. Сондықтан білім беру орындарында денсаулыққа қатысты құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған арнайы шаралар ұйымдастыру маңызды.

Денсаулық құндылығының бастауыш сынып оқушылары үшін маңыздылығы [1].

Бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайтуға ерекше мән берілу керек, өйткені осы жастағы балалардың денесі мен психикасы белсенді дамып келе жатқан кезеңде болады. Бұл жас кезеңінде қалыптасқан құндылықтар өмір бойы сақталады. Сондықтан денсаулыққа қатысты құндылықтар, әдеттер мен көзқарастарды осы жас кезеңінен бастап дамыту қажет. Осы жастағы балалардың денсаулық құндылығын дұрыс түсінуі мен бағалауы олардың болашақтағы өмір салтына, оқудағы жетістіктеріне, және жалпы әл-ауқатына айтарлықтай ықпал етеді. Денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыру балаға мынадай артықшылықтар береді:

1. Дене дамуына әсері

Бастауыш сыныпта бала ағзасы белсенді түрде өсіп, дамиды. Баланың дене тәрбиесі мен физикалық белсенділігіне көңіл бөлу оның бұлшық еттері мен сүйек құрылымының дұрыс дамуына, иммундық жүйесінің нығаюына ықпал етеді. Денсаулығы мықты балалар оқу үрдісінде белсенді, сабаққа ынталы және шаршамайтын болады. Осылайша, денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыру олардың физикалық дамуына тікелей әсер етеді.

2. Жеке гигиенаны қалыптастыру

Бастауыш сынып оқушыларына денсаулық құндылығын ұғындыру арқылы оларға гигиенаның маңыздылығын үйрету оңай болады. Жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау – аурулардың алдын алудың бірден-бір жолы. Мысалы, қолды жуу, дұрыс тамақтану, ұйқы тәртібін сақтау сияқты қарапайым әдеттер баланың денсаулығына жақсы әсер етіп, оның өмірлік құндылықтарына айналады.

3. Салауатты өмір салтына бейімдеу

Денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыру баланы салауатты өмір салтына бейімдейді. Бұл әдеттердің ерте қалыптасуы баланың денсаулығын сақтауға және өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді. Мысалы, денсаулық құндылығын бағалайтын бала жаман әдеттерден аулақ болады, дұрыс тамақтанады, және спортпен шұғылдануға ұмтылады.

4. Әлеуметтік және эмоционалдық дамуға ықпалы

Денсаулықты құндылық ретінде ұғыну оқушының өзін-өзі бағалауына және әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді. Бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық тұрақтылығы жоғары болып, айналасындағы адамдармен оңай тіл табыса білуі денсаулықтың әсерінен де байқалады. Балаларда денсаулыққа оң көзқарас қалыптасқан кезде, олардың әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары дамиды, өзіне және айналасындағыларға қамқорлық көрсетуді үйренеді.

5. Оқу үлгеріміне әсері

Денсаулық оқушының оқу үлгеріміне тікелей әсер етеді. Денсаулығы жақсы балалар сабаққа көңіл бөліп, белсенді қатыса алады. Зерттеулер көрсеткендей, физикалық және психологиялық тұрғыдан жақсы күйдегі оқушылардың оқуға деген ынтасы жоғары, есте сақтау қабілеті жақсырақ болады. Бұл олардың оқу барысында сәттілікке жетуіне және сабақтарға деген қызығушылықтарын арттырады. Денсаулық құндылығына оң көзқарас қалыптасқан балалардың оқу үлгерімі де жоғары болады, себебі олар физикалық және психологиялық жағынан сабаққа белсенді қатысуға дайын болады. Сонымен қатар, денсаулықты сақтау әдістерін білетін балалар өздерін және өзгелерді қорғауға, зиянды әрекеттерден бас тартуға қабілетті болып өседі[2].

Бастауыш сынып оқушыларының денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыру – олардың денсаулығын сақтауға және салауатты өмір салтын ұстануға деген ынтасын арттыруға бағытталған маңызды жұмыс. Осы құндылықты қалыптастыру үшін қолданылатын әдістерді бірнеше бағытта қарастыруға болады:

1. Оқыту мен тәрбие жұмыстарында денсаулық тақырыбын интеграциялау

- Сабақтарда денсаулыққа қатысты мәліметтерді енгізу арқылы балалардың денсаулыққа деген түсінігін арттыруға болады. Мысалы, математика сабағында дене салмағын немесе бой ұзындығын өлшеуге арналған есептер шығару, қазақ тілі сабағында денсаулыққа қатысты мәтіндер талдау сияқты тәсілдерді қолдануға болады.

- Өзін-өзі тану және өмір қауіпсіздігі негіздері сабақтарында денсаулықтың маңыздылығы, дұрыс тамақтану, жеке гигиена, спорттың рөлі туралы мәліметтерді оқушыларға жеткізу арқылы олардың санасында денсаулыққа деген құндылық қатынасын қалыптастыруға көмектеседі.

2. Белсенді және ойын түріндегі әдістерді қолдану

- Ойындар арқылы денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыру тиімді тәсілдердің бірі. Балалар ойын барысында жаңа ақпаратты тез қабылдап, оны іс жүзінде қолдануға бейім келеді. Мысалы, «Денсаулық қаласы» атты рөлдік ойындар, «Күн тәртібі» тақырыбында суреттер құрастыру, не болмаса «Дұрыс тамақтану» ойыны оқушылардың денсаулыққа деген қызығушылығын арттырады. Спорттық жарыстар мен сергіту сәттері оқушыларды физикалық белсенділікке баулуға көмектеседі. Мектептегі түрлі спорттық іс-шаралар, мысалы, кішігірім жарыстар, дене шынықтыру жаттығулары балалардың салауатты өмір салтына деген қызығушылығын оятады.

3. Тәжірибелік және шығармашылық тапсырмалар

- Балаларға күн тәртібін жоспарлау, тамақ пирамидасын құру сияқты шығармашылық тапсырмалар беру денсаулықтың маңыздылығын түсінуге ықпал етеді. Бұл

тапсырмаларды орындау барысында балалар өз денсаулығына көңіл бөлу қажеттілігін ұғынады.

- Жеке жобалар мен зерттеу жұмыстарын орындау. Мысалы, бала өз отбасының күн тәртібін зерттеп, сау тамақтану және белсенді өмір салтын ұстанудың пайдалы жақтарын ашып көрсетуге тырысады. Денсаулық туралы суреттер салу, эссе жазу, топтық ойындар өткізу балалардың қызығушылығын оятып, ақпаратты жеңіл түрде меңгеруге көмектеседі.

4. Қоршаған ортаны қорғау және таза ұстау мәдениетін қалыптастыру

- Бастауыш сыныпта табиғатпен, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру арқылы денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыруға болады. Балаларды табиғатқа серуенге алып шығу, таза ауада сергіту жаттығуларын өткізу, экологиялық тәрбие беру, таза ауамен тыныс алудың маңыздылығын түсіндіру денсаулыққа дұрыс көзқарасты қалыптастырады.

5. Отбасымен бірлескен іс-шаралар

- Отбасымен бірге өткізілетін денсаулық күндері, мысалы, жексенбі күндері табиғатқа шығып, серуендеу немесе бірге спортпен шұғылдану сияқты шаралар балалардың денсаулыққа деген құндылық қатынасын күшейтеді.

- Ата-аналарды денсаулыққа бағытталған іс-шараларға тарту, мысалы, ашық сабақтар, ата-аналар жиналысында салауатты өмір салты туралы әңгімелер өткізу арқылы отбасында да денсаулыққа деген құндылық қатынасты қолдау мүмкіндігін береді.

6. Мотивация және марапаттау жүйесі

- Оқушылардың денсаулыққа байланысты тапсырмалар мен іс-шараларға қызығушылығын арттыру үшін марапаттау әдісін қолдануға болады. Мысалы, салауатты өмір салты бойынша тапсырмаларды орындаған балаларды мадақтау, түрлі сертификаттар немесе марапаттау белгілері арқылы ынталандыру олардың денсаулыққа деген көзқарасын жақсартады.

7. Мектептегі тамақтануды бақылау

- Мектеп асханасында дұрыс әрі құнарлы тағамдар ұсынылуы қажет. Мұғалімдер мен мектеп дәрігерлері оқушыларға дұрыс тамақтанудың маңыздылығын түсіндіріп, денсаулықты сақтауға бағытталған әңгімелер өткізуі керек.

Осы әдістер арқылы бастауыш сынып оқушыларының денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыруға болады. Мұндай тәсілдер баланың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына, дұрыс өмір сүру дағдыларын ерте жастан меңгеруіне көмектеседі және оның өмір бойы салауатты өмір салтын ұстануына негіз болады[3].

Денсаулық құндылығын қалыптастырудағы қиындықтар мен оларды шешу жолдары[4].

Бастауыш сынып оқушыларының денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыру барысында бірқатар қиындықтар кездеседі. Мысалы, қазіргі кезде балалардың физикалық белсенділігінің төмендігі, гаджеттерге тәуелділік және фастфуд өнімдеріне қызығушылығы жиі байқалады. Бұл қиындықтар әлеуметтік, психологиялық және тәрбиелік факторлармен байланысты болуы мүмкін. Төменде осындай қиындықтар және оларды шешу жолдары қарастырылған:

1. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты түсінудің қиындығы

Қиындық: Бастауыш сынып оқушыларының жасына сәйкес психологиялық және танымдық ерекшеліктері бар. Осы жастағы балалар абстрактілі ойлауды толық игермегендіктен, денсаулықтың құндылығын түсіну оларға қиындық тудыруы мүмкін. Денсаулық пен оның салдары арасындағы байланысты көрнекі түрде жеткізу қажет.

Шешу жолдары:

- ❖ Көрнекілік пен ойын элементтерін қолдану арқылы денсаулыққа деген көзқарасты қалыптастыру. Мысалы, түрлі тақырыптағы ойындар, көрнекі құралдар, суреттер, видеолар арқылы денсаулықтың маңыздылығын балаларға түсіндіру.

❖ Денсаулық тақырыбын қызықты және жеңіл түрде жеткізетін сахналық қойылымдар мен ертегілерді пайдалану. Балалар ертегі кейіпкерлері арқылы денсаулықтың маңыздылығын қабылдауға оңай бейімделеді.

2. Қоршаған ортаның теріс әсері

Қиындық: Қоршаған ортада денсаулыққа кері әсер ететін факторлардың болуы (экология, отбасы мен жақындар арасындағы зиянды әдеттер) балада денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыруға кедергі келтіруі мүмкін.

Шешу жолдары:

❖ Баланың ата-анасымен тығыз жұмыс жасау, отбасының денсаулыққа қатысты оң көзқарастарын қолдау. Ата-аналарға арналған семинарлар, денсаулыққа бағытталған іс-шаралар ұйымдастырып, салауатты өмір салтын отбасы деңгейінде насихаттау.

❖ Экологиялық білім беру арқылы оқушыларды қоршаған ортаға қамқорлық жасауға үйрету. Табиғатты қорғау, экологиялық тазалық шаралары баланың денсаулық туралы түсінігін кеңейтеді.

3. Мектептегі бағдарлама мен уақыттың жетіспеушілігі

Қиындық: Мектеп бағдарламасы өте тығыз, сондықтан денсаулыққа байланысты тақырыптарға жеткілікті уақыт бөлінбеуі мүмкін. Денсаулыққа қатысты сабақтар, іс-шаралар кейде қосымша уақытты қажет етеді, бірақ сабақ кестесінің тығыздығы бұған мүмкіндік бермейді.

Шешу жолдары:

❖ Денсаулыққа қатысты мәліметтерді барлық сабақтарға интеграциялау. Мысалы, математика, ана тілі немесе көркем еңбек сабақтарында денсаулыққа байланысты тапсырмалар мен мысалдарды қолдану.

Денсаулыққа қатысты іс-шараларды мектептің негізгі іс-шаралар жоспарына енгізу арқылы денсаулық күндерін немесе апталықтарын ұйымдастыру.

4. Баланың денсаулыққа деген ішкі мотивациясының төмендігі[5].

Қиындық: Кейбір балалар денсаулықтың құндылығын түсінсе де, оған қажетті назар аудармауы мүмкін. Ішкі мотивацияның жоқтығынан балалар дұрыс тамақтануға, жаттығу жасауға немесе гигиена сақтауға қызықпауы мүмкін.

Шешу жолдары:

❖ Балаларға денсаулықтың маңыздылығын түсіндіруде марапаттау жүйесін енгізу. Денсаулыққа байланысты дұрыс әдеттерді қалыптастырған оқушыларды марапаттау, ынталандыру белгілерін беру олардың қызығушылығын арттырады.

❖ Денсаулыққа бағытталған шараларды ойын түрінде өткізу. Мысалы, «Күн тәртібі марафоны» немесе «Тамақтану чемпионы» сияқты ойындар оқушыларды белсенділікке ынталандырады.

5. Технология мен гаджеттердің теріс әсері

Қиындық: Заманауи балалар гаджеттерге көп уақыт жұмсайды, бұл дене белсенділігінің азаюына және денсаулық мәселелерінің туындауына әкелуі мүмкін. Ұялы телефон, компьютер және басқа да құрылғылардың ұзақ пайдаланылуы баланың физикалық және психологиялық денсаулығына кері әсер етуі мүмкін.

Шешу жолдары:

❖ Балаларға экран алдында өткізетін уақытты шектеуді үйрету және экран уақытының денсаулыққа әсері туралы түсіндіру.

❖ Физикалық белсенділікке ынталандыратын іс-шаралар ұйымдастыру. Мысалы, спорттық жарыстар, серуендер, ашық аспан астындағы ойындар балалардың қозғалыс белсенділігін арттырады және оларға табиғатпен байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

6. Жеткілікті білімнің болмауы

Қиындық: Кейбір ата-аналар мен оқушылар денсаулыққа қатысты негізгі ақпаратты жеткілікті дәрежеде біле бермейді, бұл салауатты өмір салтын ұстануда қиындықтар туғызады.

Шешу жолдары:

❖ Тәрбие жұмыстарына ата-аналарды тарту, ата-аналарға арналған семинарлар мен тренингтер өткізу арқылы балалардың денсаулығына қатысты дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету.

❖ Денсаулық туралы білімді күшейту үшін денсаулық сақтау мамандарымен кездесулер ұйымдастыру. Мысалы, дәрігерлердің, диетологтардың қатысуымен кездесулер өткізіп, салауатты өмір салты туралы ақпарат беру.

Бастауыш сынып оқушыларының денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыру — олардың денсаулығын нығайту мен салауатты өмір салтын ұстануға ынталандырудың негізгі жолы. Бұл мақалада келтірілген әдістер мен тәсілдер мектепте және отбасында баланың денсаулық мәдениетін дамытуға көмектеседі. Денсаулықты құндылық ретінде қарастыра отырып, баланың болашақта денсаулығына жауапкершілікпен қарауы қалыптасады. Сондықтан мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы денсаулыққа құндылық қатынасын қалыптастыру тиімді нәтижелер береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аманжолов К. Денсаулық сақтау педагогикасы. — Алматы: Білім, 2018.
2. Нұрбекова Ж. Балалар денсаулығын қорғау және дамыту жолдары. — Астана: Ана тілі, 2020.
3. Сапарбеков М. Бастауыш сынып оқушыларында салауатты өмір салтын қалыптастыру. — Шымкент: Айкөл, 2019.
4. Жақсылықова Г. Денсаулық тәрбиесі және мектептегі тәрбиелік іс-шаралар. — Қарағанды: Қазығұрт, 2021.
5. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Бастауыш мектепте денсаулықты сақтау бойынша нұсқаулық. — Нұр-Сұлтан: Ұлттық білім академиясы, 2022.

УДК 81:37.016

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Әбіл Арайлым Ғабиденқызы., Нағиева Сымбат Ақниетқызы

Ағылшын тілі пәні мұғалімдері

"Мәлік Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп" КММ

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

E-mail: aray_kz_93@mail.ru symbatnagieva01@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында АКТ технологиясы арқылы әдіс-тәсілдерді пайдаланудың мақсаты баяндалған.

Тірек сөздер: Оқушы, АКТ технологиясы, әдіс-тәсілдер, функционалды сауаттылық

Аннотация: В данной статье изложена цель использования методов и приемов с помощью ИКТ технологии на уроках английского языка

Ключевые слова: творческий, любознательный, многоуровневое обучение, технологии.

Annotation : This article outlines the purpose of using methods using ICT technology in English lessons.

Key words: creative, inquisitive, multi-level learning, technology

Түйін. Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында АКТ технологиясы арқылы әдіс-тәсілдерді пайдаланудың мақсаты баяндалған.

Тірек сөздер: Оқушы, АКТ технологиясы, әдіс-тәсілдер, функционалды сауаттылық

Оқу бағдарламасы бойынша оқушылардың ағылшын тілі сабағында ағылшынша сөйлеуінің маңызы зор. Бірақ қазіргі таңда, оқушылардың жалпы арнаулы сұрақтарға жауап беруінде қиыншылықтарға тап болып, оларға өз сөзімен, еркін жауап бере алмайтынын байқаймыз. Оқу білімінде оқушының сөздерді есте сақтап, оны іс-жүзінде қолдана алуына мұғалімнің ұйымдастырған іс-әрекеті, оқушыға жасалатын арнайы, жеке әдіс-тәсілінің

маңызы ерекше орын алады. Қазіргі заман талабы-жан-жақты дамыған-функционалды сауатты тұлғаны тәрбиелеу болғандықтан заман талабына сәйкес оқыту әдістері де әртүрлі форматпен және технология әдіс-тәсілмен жүзеге асырылуы тиіс. Ендеше, осы оқушылар қабілеттерін дамытуға қандай әдіс-тәсілдер, технологиялар пайдалануымызға болатыны туралы айтсақ.

Қай тілді алып қарасақ та, тіл үйренуде - лексиканы меңгерудің рөлі ерекше. Онсыз оқушылар өз сөздік қорын қалыптастыра алмайды. Егер сөздік қор болмаса, тұлға бойында ағылшын тілінің де айтылым дағдысының өскенін көре алмаймыз. Ағылшын тілі сабағында оқушының сөздік қорын байытып, есте сақтауына зор ықпалын тигізетін әдіс-технологиялар: plickers, wordwall, адасқан әріптер, тиісті орынға сөз қою (fill in gaps) деген әдістерді қолдануға болады.

Сабақты қызықты өткізу мақсатында ағылшын сабағында warming-up немесе brainstorming (ой шақыруға)-«Star»-(«Жұлдыз») әдісін қолдана аламыз. Жұлдыздың әр шетіне белгілі бір ғана қызықты сөзді жазып, соның нені білдіретіні жайлы сөз қозғауы керек. Бұл әдісте оқушылар тек қана тілдесіп, сөйлеп қана қоймай, сабаққа деген зейіндік эмоционалды қызығушылықтары да ашылады. Ағылшын тілінде оқушының дұрыс сауатты сөйлеуіне, берілген сауалға өз ойларын білдіруге үйрететін әдіс бірі-диалог. Мысалы: шеңбер бойында белгілі бір тақырыпқа сай сұрақ жазып, оны бір-бірлеріңе доп сияқты беруі, «Қар кесегі» ойының жүргізу арқылы іске асыруымызға болады. Сонымен қатар көрнекілік «Додекаэдр» әдісін қолданып та, оқушының сөйлемді өз ойымен жалғастыруы, оқушының ойлау мен айтылым дағдысын дамытады. Тілде сөйлеу дағдысын дамытып, сөздік қорды байытып, сөздердің дұрыс дамытуына өз ықпалын тигізетін материалдар бірі-ән айту, қысқа метражды кино көру. Бұл сөз тіркестерінің орынды қолдануында, дұрыс айтылуына, әрі аудиовизуальды, есту, көру қабілеті арқылы қабылдайтын оқушыларға қолдануға таптырмас іс-әрекет. АКТ технологиясы “Wordwall spinner” сайты арқылы (Кездейсоқ сұрақ қою) арқылы оқушылардың жауаптарын естуге болады. Оқушының танымдық қызығушылығын, шығармашылық ойлау белсенділігін дамытып, сабаққа деген көңіл-күйін көтереді.

Аталған әдістерді пайдалана отырып түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды меңгерту тиімді болып табылады. Сонымен қатар оқушыларының ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады. Шет тілі пәні бойынша оқушы ереже мен ұғымдар анықтамасын тек жаттап алғаннан гөрі, оларды іс жүзінде саналы түрде қолдана алуы қажет. Түрлі тапсырмалар мен жаттығулар арқылы теориялық білімді шыңдауға болады. Мысалы, белгілі бір мәтін бойынша жұмыс істеу үшін мынадай жаттығулар беріледі.

1-тапсырма. Сабақ басталар алдында тіл жаттықтыру мақсатында Tongue-twister мен бастайтынымыз белгілі.

1. Pat's black cat is in Pat's black hat.
2. A girl sees six big grey geese.
3. A cup of nice coffee is a nice coffee cup.
4. Snow is so snowy when it is snowing.

2-тапсырма. Ask Yes-No questions and guess the Animals

Is it ...?

Does it ...?

Has it got ...?

Can it ...? (Сұрақты мағынасына қарай аяқтап қандай жануар жасырып тұрғанын табу керек. Сурет бойынша)

3- тапсырма. Guess the Animals (Мәтін бойынша табу)

I'm brown, black or grey. I live on the trees. I move, jump, run very quickly. I eat plants. I am funny. I can hang by my long tail. (a monkey)

There is an animal that has a beautiful yellow skin with black stripes on it. It is a very dangerous wild animal. It lives mostly in hot countries. (a tiger)

This animal has got long legs and a long neck. It is brown. It can run fast. It can go without food and water for a long time. What is it? (a camel)

I'm grey and I'm big. I live in the jungle, but you can also find me at the zoo or in the circus. I don't eat meat. I like leaves, vegetables, grass and fruit. (an elephant)

Қорыта айтқанда, оқытуда инновациялық технологияларды қолдану, озық тәжірибелерді, жаңашыл педагогикалық көзқарастар мен әдіс-тәсілдерді қолдану, білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетуіне өз көмегін береді, әрі ағылшын тілінде оқушының тек айтылым дағдысын ғана дамытуға емес, әрі естілім, оқылым, жазылым дағдаларын дамытуға өз әсерін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында әдістер мен жаттығуларды пайдалану /құрастырған.: Бекебай Т.С., Токтамисова Ж.Е., Султанбекова Г.С. – ағылшын тілі пәні мұғалімі, 2020
2. <https://learnenglish.britishcouncil.org/en/skills>.

ӘОЖ 81:37.016

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Умбетова Жанат Калкамановна., Қонарбай Ақмарал Қосыбекқызы

Ағылшын тілі пәні мұғалімдері

"Мәлік Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп"КММ

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

E-mail: akmaral.konarbai@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында оқушылардың өз бетімен жұмысын пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру баяндалған.

Тірек сөздер: шығармашылық, ізденімпаз, деңгейлеп оқыту, технология.

Аннотация. В данной статье изложено формирование у учащихся интереса к предмету самостоятельной работы на уроках английского языка

Ключевые слова: творческий, любознательный, многоуровневое обучение, технологии.

Annotation. This article describes the formation of students' interest in the subject of independent work in English lessons

Key words: creative, inquisitive, multi-level learning, technology

Ағылшын тілі сабағында сандық білім беру ресурстарын пайдалану бірнеше мәселені шешеді. Соның ішінде оқушылардың оқу материалын жете түсінуін және есте сақтауын жеңілдетеді. Ағылшын тілі сабағында сандық технологияларды қолдану шексіз мүмкіндіктер сыйлайды.

Жалпы, оқу үдерісі заманауи технологиялар арқылы барынша қарқынды болады, яғни біз көбірек ақпарат аламыз, көбірек білім аламыз, цифрлық құзыреттілікке ие боламыз.

Инновация – мақсат емес, білімде және өмірде нәтижеге жету құралы. Мұғалім тек сабақ жүргізіп қана қоймай, оның мақсаты – оқушылардың сандық дағдыларын жан-жақты дамытуға көмектесе отырып, заманауи әдістерге сәйкес білім алуға көмектесу.

Жаңа ақпараттық технологияны ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер: үлгерімі төмен оқушыларды ынталандырады, оқушыларың сабаққа деген қызығушылығын арттырады; сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады; оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады, грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі; оқушылардың шығармашылығын арттырады; білім сапасын арттырады.

Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, оқытушының көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл сабақтарының лексика бөлімін меңгертуде ақпараттық технологиялардың алатын орны зор. Интернет арқылы оқушы грамматикалық, лексикалық, фонетикалық жаттығулар, оқуға және грамматикаға арналған тесттерімен жұмыс істей алады.

Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай қайсы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды.

Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технологияның мүмкіндіктері:

- Әрбір адамға білім алудың өзіне тиімді жолын таңдауға мүмкіндік беретін білім берудің ашық жүйесін орнықтыруға;
- Білім алудың техникасын түбірімен өзгертуге;
- Оқыту үрдісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру;
- Электрондық білім беру пайдалану арқылы даралап оқытуға.
- Мультимедиялық мүмкіндіктерді қолдану (музыкалық немесе дикторлық дайындау, анимация ,бейне-клиптер, слайд-шоу).
- Жүйенің басқару құрылымы-оқытушы өз ойын, көзқарасы, өз кезегіндегі материалдық ұсынылымын, әр түрлі аудиторияға бір ғана оқу мәліметтерін ұсынуға мүмкіндік алады.
- Білімді бақылау арқылы нәтиже алу, бағалау.

Қазақстан Республикасының мемлекет аралық тілі- ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен- күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық – коммуникативтік технология арқылы оқыту тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезендерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды («A visit to the doctor», “At the taxi”, “Farmer”)
- хат жазуға үйретеді; (“Having pen-friends” тақырыбы бойынша электронды есептеу машинасының операторы тобына сабақ)
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі

Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, оқытушының көптеген қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі керек. Грамматикалық, лексикалық тапсырмаларды презентация арқылы балаларға түсіндіру өте тиімді. Сонымен бірге ағылшын тілі сабақтарында электрондық оқулықты пайдаланудың маңызы зор.

Электрондық оқу құралы - бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу эксперименттерін

жүргізу нұсқаулары, практикумға және т.б білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар тағайындаған арнайы статусы бар берілген түрдегі баспаларды қамтитын электрондық оқу басылымы. Оқу процесінде оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологияларын тиімді пайдалану және қолдану айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға өте маңызды.

Интерактивтік тақта сабаққа қатысушылардың барлығының ойын бір ортаға жинақтап, қажет ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады.

Алдын ала дайындалған оқу материалдар-презентациялар, мәтіндік, графикалық ақпараттық объектілер - сабақтың жақсы өтуін және барлық ақпарат түрлерін қолдануды қамтамасыз етеді. Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз.

Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Бәсекеге қабілетті болу тікелей білімге байланысты. Біз жаңа технологияға, жаңа өркениетті дамуға байланысты басқа өркениетті елдердің көптен бері пайдаланып келе жатқан ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдардың қолданып отырмыз. Бұл біздің Қазақстанның алға қарай жылжуының нышаны болып табылады. Ғылыми білім беруде интерактивті тақтаның мүмкіндігі мол. Интерактивті құралдарды қолдану арқылы оқушы білім кеңістігіне еркін бойлай алады. Оқу процесінде, оның ішінде практикалық сабақтарда ақпараттық коммуникациялық технологиялар. Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады.

Ақпараттық технологияны шетел тілі сабақтарында пайдалану нәтижесінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткіземіз.

- Сөзжұмбақ, кестелерді құру арқылы сабақты қызықты өткізу;
- Грамматикалық тақырыпты және лексиканы презентация арқылы үйрету;
- Ағылшын тіліндегі сөздерді сауатты жазу мен көркемдеп безендіруді үйретеді.
- Дербес компьютерді және ғаламторды пайдалану арқылы оқушылардың білімін кеңейту.

• Ғаламтор желісін пайдалану арқылы оқушылар электрондық пошта арқылы оқушылар хат - хабарлама алмасу, өзінің ойын еркін жеткізу.

- Кез-келген грамматикалық тақырыпта онлайн тесттер шешу
- ҰБТ және ОЖСБ-ға онлайн тест арқылы дайындалу

Қорыта келе, айтарымыз компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, шет тілдері сабағында қолданылатын оқытудың негізгі жалпыдидактикалық әдістерін: көрсету, түсіндіру, жаттықтыру, түзету және бағалауды жүзеге асыруға болады.

Ағылшын тілі - бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екеніне көзіміз жетті.

Бұл тілде әлемге әйгілі Вильям Шекспир, Джонаттан Свифт, Вальтер Скотт сөйлеген. Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек.

Бүгінде компьютер, телекоммуникациялық құралдарды сонымен қатар ағылшын тілін меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі арта түсуде. Экономикадағы табыстар мамандардың біліміне, біліктілігіне байланысты екендігін білеміз.

Сондықтан біз тек Қазақстанның ішінде ғана емес, әлем деңгейінде бәсекеге қабілетті жаңа заманға сай мамандарды дайындай білуіміз керек.

Ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім - мектептің жүрегі» деген екен. Онда «мектептің жүрегі» болумен қатар, жаңа егемен еліміздің ұрпағын жаңа білім нәрімен сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімді, білікті ұстаз болайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лекерова Г., Маджуга А. Инновационные педагогические технологии в образовательном процессе // Высшая школа Казахстана. — 2001. — № 6. — С. 29–32.
2. Досжанов Б.А. Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері: Пед. ғыл. канд. ... дис. — Қызылорда,
3. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие / Под. ред. Е.С.Полат. —М., 2002. — С. 271–275.

ӘОЖ 373.236

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Кішібаева Дариха Жүнісбекқызы

педагогика ғылымдарының кандидаты., доцент

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Марип Гозал Ильхамқызы

3-курс студенті

Түркістан, Қазақстан Республикасы

kishibayeva@mail.ru

Аннотация Оқушылардың толеранттылығын қалыптастырудың негізгі бағыты – оларды бүгінгі қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, өз еркімен шешім қабылдай алатын жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Жасөспірімдердің толеранттылығын қалыптастыру мен дамыту бағытында мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің маңызы өте зор. Бұл жағдайда тәрбиені оқушылардың толеранттылығын толеранттылығын қалыптастыру мақсатына бағыттау қажеттігі айқындала түседі. Тарихқа көз жіберетін болсақ, жасөспірімдерді әлеуметтендіру мәселесі ғұлама ойшылдардың еңбектеріне арқау болып келгені мәлім. Толеранттық – бұл көркем бейненің бірлігі. Бұл тек моральдық міндет ғана емес, бұл сонымен қатар саяси және құқықтық қажеттілік. Қазақ тілінде «төзім» сөзі «шыдам», «сабыр», «тағат» мағынасында да қолданылады. Яғни, «төзімді болу» - басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді.

Тірек сөздер: толеранттылық, шыдам, сабыр, тағат, ұлттық мәдениет, шыдамсыздық, тағатсыздық, кейістілік, менмендік,

Аннотация: Главным общероссийским направлением формирования толерантности у студентов является формирование их как личностей, признающих психологию важнейшей ценностью современного общества и принимающих решения по собственному желанию. Важно формировать толерантность подростков и очень важен образовательный процесс школы по модели развития личности. В данном случае педагогика определяется исходя из необходимости направить образование на цель формирования толерантности учащихся на кафедре. Если обратиться к истории, то известно, что проблема социализации школьников находилась в бесконечной зависимости. работы ученых и мыслителей толерантности. Толерантность – и это единство образа в художественном заведении. Психодраматический. Это не только моральный долг, но также политический догматизм и юридическая необходимость. В казахском учебном языке слово «тозим» также употребляется в значении «выносливость», «терпение развития», «выносливость». Этническая принадлежность. То

есть «быть терпеливым существом» значит быть терпеливым, бесконечно терпеть других, вопросы, свою работу, явления.

Ключевые слова толерантность, терпение, развитие терпения, толерантность, культура в национальный день, нетерпение, немного безразличия, печаль, высокомерие,

Annotation: The all-Russian main direction of forming tolerance of students is to form them as individuals, who recognize psychology as the most important value of today's society and make decisions of their own free will. It is important to form the tolerance of teenagers and the educational process of school models in the direction of personal development is very important. In this case, pedagogy is defined on the basis of the need to direct education to the goal of forming tolerance of students in the department. If we look at history, it is known that the problem of socialization of school teenagers has been endlessly dependent on the works of scholars and tolerance thinkers. Tolerance - and this is the unity of the image in the artistic introduction. Psychodramatic This is not only a moral duty, but also a political dogmatism and a legal necessity. In the Kazakh learning language, the word "tozim" is also used in the meaning of "endurance", "patience of development", "endurance". ethnicity That is, "to be a patient being" means to be patient, tolerate endlessly to others, questions, his work, phenomena.

Key words: tolerance, patience, development patience, tolerance, culture on the national day, impatience, a few indifferences, sadness, arrogance.

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан бастап мемлекеттік саясатта келешек ұрпақтың денсаулығы және бала тәрбиесі басты назарда болып жүр. Осыған орай, қазіргі мектеп алдында қоғамдық бейімділігі бар, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, қарым-қатынас жасай білетін жастарды жаңа толеранттылық парадигмасы негізінде қалыптастыруды міндеттейді. Сондықтан жастардың толеранттылығын қалыптастыру бүгінгі таңдағы педагогика ғылымының ең көкейкесті мәселесі болып отыр. Қазіргі кезеңде Қазақстан үшін азаматтар бойындағы өзіндік қасиеттерге нұқсан келтірмей жаңа қасиеттерді, дербестікті таңдау мен мобильді шешім қабылдау жағдайындағы жауапкершілікті тұлғааралық адекватты қарым-қатынас орнатуға, қоғамдағы тиімділікті арттыруға әсер ететін білім, білік, дағдыларды ұлттық мәдениет аясында қалыптастыру өзекті мәселесі тұр. Білім беру жүйесі арқылы ғана оқыту мен тәрбиелеудегі жеке тұлғаға бағытталған жұмыс нәтижесінде студенттердің белсенді өмірлік ұстанымын және олардың әлеуметтік міндеттерінің толеранттылық деңгейлерін көтеру дағдыларын қалыптастырады [1]. Оқушылардың толеранттылығын қалыптастырудың негізгі бағыты – оларды бүгінгі қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, өз еркімен шешім қабылдай алатын жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Жасөспірімдердің толеранттылығын қалыптастыру мен дамыту бағытында мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің маңызы өте зор. Бұл жағдайда тәрбиені оқушылардың толеранттылығын толеранттылығын қалыптастыру мақсатына бағыттау қажеттігі айқындала түседі. Тарихқа көз жіберетін болсақ, жасөспірімдерді әлеуметтендіру мәселесі ғұлама ойшылдардың еңбектеріне арқау болып келгені мәлім. Мәселен, Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, Қожа Ахмет Иассауи, Абай, Ы. Алтынсарин, т.б. өз еңбектерінде ізгілік, халықтық бірлік туралы идеяларының ерекше дамығандығын атап өтуге болады. Бұған Әбу-Насыр-әл-Фараби [2,1026], Ж. Баласағұн [3,3586], М. Қашқари [4,166], секілді қазақ халқының көшбасшыларының мұраларындағы шынайылық, шыдамдылық, төзімділік, адалдық, ізгілік мәселелерін атап өтуге болады. Бұл ойлар тарихи шындыққа байланысты қалыптасып, қазіргі уақытта өз өзектілігін жоғалтпай, өткір әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер кезеңінде жалғасын тауып отыр. Аталған өзгерістер рухани дамуға ықпал етіп, тарихи тәжірибені ғылыми тұрғыда қайта түсінуге әкеледі. Сондықтан, бұл идеяларды, қазақ педагогикалық ғылымының, халықтық білім берудің, белсенді әрекетінің қалыптасу ерекшеліктерін тәрбиелеу мен білім берудің қазіргі кезеңінде қарастырып өткен өте маңызды. Толеранттылық мәселесі әлемде тек зерттеушілерге ғана айқын байқалмай, сонымен қатар мемлекеттік және халықаралық ұйымдар үшін негізгі мәселе болып табылады [5,566]. Қазіргі уақытта толеранттылықты қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлініп

отыр. Толеранттық – бұл көркем бейненің бірлігі. Бұл тек моральдық міндет қана емес, бұл сонымен қатар саяси және құқықтық қажеттілік. Толеранттылық бірлікке жетуге мүмкіндік береді және соғыс мәдениетінен бірлік мәдениетіне дейін жетуге мүмкіндік береді. Толеранттық – бұл шындыққа деген белсенді қатынас. Ол адамның жан-жақты құқықтары мен еркіндіктерін қабылдау негізінде қалыптасады» [6,546]. Көптеген сарапшылар толеранттылық мәселесін тәрбие саласына, яғни қарым-қатынас мәдениетіне жатқызады. Олай ойлаудың өз себебі бар, өйткені толеранттылық жеке бір қасиет емес, ол тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің нәтижесі. Ал тұлғаның жетілуі тәрбиемен, қатынаспен және біліммен тікелей байланысты. Толерантты мінез-құлықты қалыптастыру мәселесі тек мектептерде ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамда орын алатын маңызды мәселелердің бірі. Барлық адамдардың бірегей емес екендігін және оларды сол күйінде қабылдау керектігін жетерліктей түсіне тұра, әрдайым әдепті және дұрыс болмайтынымыз рас. Оңай дүние болмағанымен, өзгелерге қатысты шыдамдылық таныта білуіміз өте маңызды. Психологияда, толеранттылық – бөтен адамдардың көзқарастары мен құндылықтарына, мінез-құлқында либералды шешімді орнату. Басқа адамға тәуелді болмаса да оларға ашық болу, агрессия көрсетпеу. Білімдегі толеранттылық – жоғары білімі бар адамдардың білімі жоқ адамдарға деген және білімі жоқ адамдардың жоғары білімі бар адамдарға деген мінез-құлқына, пікірлеріне төзімділік таныту. Толеранттылықтың бұл түрі тұрмыстық жағдайда ғана орын алады, бірақ білім берудегі мәселелер бойынша шешуші фактор бола алмайды. Жас ерекшелігіне байланысты толеранттылық – адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты «көшпелілерді» негізсіз іздемеу (қарт адамдардың жастарды түсінбеуі, жастардың білімі мен тәжірибесінің білімінің жоқтығы, тағы басқалар кері әсер береді). Жас ерекшелік толеранттылығы – көп мәдениеттерде кездесетін егде жастағы адамдарды сыйлау болып табылады. Әсіресе, ол қазақ халқының мәдениетіне тән. Атап айтсақ, психологиялық деңгейде - ішкі қондырғы және тұлға мен ұжымның арасындағы қарым-қатынасы ретінде көрінсе, қарым-қатынас деңгейінде - әрекет немесе заң мен дәстүр арқылы көрініс табатын қоғамдық мінез-құлық нормасы ретінде көрінеді. Қондырғы ретінде толеранттылық ерікті жеке таңдау сипатына ие, ол ешкімге міндеттелмейді, ал тәрбие, ақпарат және жеке өмір тәжірибесі арқылы қалыптасады. Әрекет ретінде – бұл өзін-өзі шектеудің белсенді позициясы, субъектілер арасындағы түрлі қарама-қайшылықты жағдайлардағы өзара шыдамдылыққа ерікті келісім. Қазіргі уақытта Қазақстан елінің құрамына 100-ден астам ұлттар мен ұлыстар кіреді, олар бірнеше діни-конфессионалдық бірлестіктерге біріккен. Осындай әртектілік жағдайында әлемді алаңдатып отырған ұлтаралық, дінаралық қақтығыстарға ұшырамай, халықтардың бейбіт қатар өмір сүруіне мүмкіндік беретін күш қандай? Ғылымда «толеранттылық» атауымен белгілі ұғым, міне, осы жерде маңыздылыққа ие болады. Жалпы алғанда, толеранттылықтың негізі – өзінің «басқаға, бөтенге» қатынасын бақылау болып табылады. Бұл күнделікті кездесетін, тұрмыстық деңгейден бастап, кәсіби қарым-қатынас жасауға дейінгі аралықты қамтитын мәселе болып саналады. «Толеранттылық» терминін саралау барысында ғалымдар арасында елеулі қайшылықтар туындайды. Біраз жағдайда оны тікелей «төзімділік» сөзімен байланыстырады. Қазақ тілінде «төзім» сөзі «шыдам», «сабыр», «тағат» мағынасында да қолданылады. Яғни, «төзімді болу» - басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді. Толеранттылық қазіргі ғылымда әр түрлі аспектіде қарастырылады: әлеуметтік, діни, саяси, жыныстық, т.б. Осылардың ішінен біздің зерттеу пәнімізге байланысты толеранттылықты жеке бөліп қарастырайық. Толеранттылықтың философиялық негізі – басқаның, өзінен айырмашылығы бардың өмір сүруі фактісінің өзі болып табылады. Адамның толерантты, зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынасының ерекшеліктері, жеке тұлға өмірінің әртүрлі кезеңдеріндегі қалыптасуы және тәрбие заңдылықтары педагогика мен психология ғылымдарының назарынан тыс қалған емес. Бұл ұғым туралы сөз еткенде толеранттылық бірін-бірі тыңдау мен түсінуде, оқушылар мен ата-аналардың, мұғалімдер мен оқытушылардың арасындағы жай тұлға аралық қарым-қатынаста да өте қажет екендігін көрсетеді. . Ал, толеранттылық- ол бөтен деп саналатын өмір салтына, мінез -құлыққа,

дәстүрлерге, сенімдерге, идеяларға, нанымдарға, көзқарастарға, қасиеттерге, әдеттерге деген шыдамды қатынас екендігін нақты және баса айтады. Сонымен, осы бағытта беріліп тұрған толеранттылықтың анықтамалары бүгінгі таңда ұлтаралық толерантты қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің, адамгершілік тәрбие берудің, жеке тұлғаның адами көзқарастарын қалыптастырудағы қажеттілік екендігіне назар аударады. Толеранттылық ұғымын қарастырғанда, оның интолеранттылық ұғымымен сәйкестендіру қажет. Толеранттылыққа қарсы “интолеранттылық” деген ұғым да бар. Оны төзімсіздік, ымырасыздық, шыдамсыздық, тағатсыздық, кейістілік, менмендік, бірбеткейлік, оспадарлық, парықсыздық деп адам, әлеуметтік топтар, мемлекеттерге байланысты айтуға болады. Интолеранттылық болып жатқан жағдайларға, қақтығысты жағдайларға деген қатынастағы шыдамсыздық білдіру, мазасыздану, өзіндік бақылауынан шығарып алу. Интолеранттылықтың екі түрін бөліп көрсетуге болады: жағдайлық және тұлғалық. Жағдайлық интолеранттылық - әр шиеленісті жағдайларға байланысты тұлға бойындағы шыдамсыздық, агрессивтілік болса, тұлғалық интолеранттылық - тұлғаның басқа адамның пікірін тыңдағысы, қабылдағысы келмеуі, кез-келген жағдайға агрессивтілік таныту мазасыздығы. Бүгінгі күні адамзат қоғамы әртекті субъектілерден құралған күрделі организм болып табылады. Адамдар негізінен үлкен үш нәсілге (негроид, монголоид және европоид) кіретін көптеген ұлттар мен ұлыстардың өкілдері болып табылады. Мұның сыртында олардың діни, саяси және әлеуметтік ерекшеліктерімен дараланады.

Жоғарғы сынып оқушысы оқу іс-әрекеті субъекті ретінде өзі орналасқан дамудың әлеуметтік ситуациясының ерекшелігіне сай, осы іс-әрекеттің сапалық жаңа мазмұнымен сипатталады. Біріншіден, тұлғалық мәнді құндылықтары бар оқу пәндеріндегі білімдерді игеруге деген ішкі танымдық мотивтермен қатар кең әлеуметтік және сырттық жеке тұлғалық мотивтер де көрінеді, олардың ішінде жетістікке жету мотиві бірінші орын алады. Оқу мотивациясы құрылымы бойынша сапалы өзгереді, өйткені жоғарғы сынып оқушысы үшін оқу іс-әрекетінің өзі – болашақтағы өмірлік жоспарларды жүзеге асыру құралы. Оқу, білімдерді игеруге бағытталған іс-әрекет ретінде көп нәрселерді сипаттамайды, көптеген үйренушілер үшін негізгі ішкі мотив ретінде нәтижеге бағдарлану болып табылады.

Жоғарғы сынып оқушысының оқу іс-әрекетінің негізгі пәні, яғни ол бағытталған нәрсе даралық тәжірибені, оны кеңейту, толықтыру, жаңа ақпаратты енгізу есебінен, құрылымдық ұйымдастыру, комплекстеу, жүйелеу болып табылады. Өз бетіншеліктің, шешімдерге деген шығармашылық келістердің дамуы, осындай шешімдерді қабылдай алу іскерлігі, бар нәрселерді талдау жасау және оларды сындарлы конструктивті ұғыну сондай-ақ жоғарғы сынып оқушысының оқу іс-әрекетінің мазмұнының құрайды. Жоғарғы сынып оқушысында оқу іс-әрекетінің ерекше формасы қалыптасады. Ол, саналы түсінілген немесе әлі де түсініліп жатқандар контекстінде зерттеулер, талдау элементтерін кәсіби бағыттылыққа, тұлғалық өзін-өзі анықтауға қажетті ретінде жүргізуді қамтиды. Қорыта келгенде біз, жоғарғы сынып оқушыларының толеранттылығы дегеніміз жалпы білім беретін мектеп оқу-тәрбие үдерісінде сенімділік, басқаға құрмет, ынтымақ, шыдамдылық сезімі негізінде мұғалім мен оқушы арасындағы белсенді ізгіліктік қарым-қатынастағы «шебер серіктес» болып табылатын және өзара байланыс үшін жағымды «позитивті» қатынас ұйымдастыра білетін, толерантты мәдениетке ие жеке тұлғаны айтамыз. Тәрбиелеу және толеранттылықты қалыптастыру дегеніміз - басқа адамдарды, олардың көзқарастары мен сенімдерін түсінуге және қабылдауға балаларды даярлау жолдары Педагогикалық жағдайлар оқу мазмұнын, оның әдістері, ұйымдастыру түрлерінің және оның материалдық мүмкіндіктері болуын мүмкін болатын объективті мүмкіндіктер жиынтығы ретінде анықталады, бұл міндеттерді табысты шешуді қамтамасыз етеді. Толеранттылыққа тәрбиелеудің педагогикалық шарттарын анықтауға арналған жұмыстарды теориялық талдау жасәспірімдерде толерантты мінез-құлықты қалыптастыру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін жалпы білім беретін мектепте жүзеге асырылатын педагогикалық шарттарды бөлуге мүмкіндік берді. Жасәспірімдердің толерантты мінез-құлық қалыптастырудың бастапқы шарты жалпы білім беру мекемесінде толерантты ортаның болуы болып табылады. Бұл педагогикалық шарт

негізінде әрбір адамның қоршаған ортаға деген ерекше көзқарасын, әртүрлі формаларда өзін-өзі жүзеге асыру құқығын жүзеге асыру идеясына қаланған. Толерантты орта - жалпы білім беретін мектепте жүзеге асырылатын факторлар, компоненттер мен параметрлердің жиынтығы. Зерттеу барысында «толерантты орта» термині жасөспірімдердің толерантты мінез-құлқының қалыптастыруға жағдай туғызатын шарт ретінде қарастырылады. Толерантты орта гуманистік-адамгершілік құндылықтарға негізделген және оқушылар, мұғалімдер және ата-аналардың субъект-субъектті өзара әрекеттесуіне жағдай туғызады және өзіндік бағалауына сәйкес, қоршаған ортаны белсенді меңгеріп, өзгертетін, ашық және еркін, белгілі рухани және мәдени-тарихи құндылықтарды көрсететін, өзін-өзі сәйкестендіру жоғары механизмдері бар, толерантты тұлғаны дамытатын, тәрбиелейтін гуманитарлық білім берудің шарты болып табылады. Толерантты орта педагогикалық процеске қатысушылардың өзара жауапкершілігін, эмпатияны, өзара көмек көрсетуді, бірге қиындықтарды жеңу қабілетін көздейді. Бұл сондай-ақ, сынып пен әлеуметтік орта білім беру және мектептен тыс іс-шаралар ұйымдастыруда шығармашылық бастамалар басым екенін білдіреді, ал шығармашылықты оқушылар мен мұғалімдер жеке тұлғаны және топтағы қарым-қатынастарды бағалаудың әмбебап критерийі ретінде қарастырады. Оқу-тәрбие үрдісіндегі толерантты ортаны ұйымдастыру көрсеткіштері: оқушы өздерінің табыстары мен сәтсіздіктеріне мұғалімдер мен жолдастардың қатысуын сезінеді; мұғалімдер мен оқушылар, сол команданың мүшелері, бір-біріне көмектеседі; мектептің жалпы мақсаты - әрбір мұғалім мен оқушының мақсаты; ұжымдағы әрқайсысы - қарым-қатынас пен жаңа істерді жасаушы; толерантты педагог толерантты оқушыларды тәрбиелейді. Мұғалімдермен ата-аналардың өзара әрекеттестігі, олар баланы әр түрлі жағдайда байқап, жақсы танып, баланың қабілеттерін дамытып, өмірлік құндылықтарды қалыптастырып, мінез-құлқындағы төзімсіздік көріністерін жеңуге бір-бірімен белсенді әрекет еткенде сәтті болады. Көбінесе тәрбиелеу мәселелерінен жеткілікті білімі жоқ ата-аналар баламен байланыс орнатуда қиындықтарға тап болады. Осыған байланысты ата-аналардың тәрбие іс-шараларына бірлескен іс-әрекет субъектісі ретінде қатысуы «ата-ана-бала» жүйесінде сенімді қарым-қатынасты дамуын жасаудың кепілі болады, толеранттылық мәселесі бойынша ата-аналардың құзыреттілігін жетілдіреді, ата-аналарда толерантты өзара әрекет жасаудың икемділігі мен дағдыларын қалыптастырады, осының бәрі нәтижесінде жасөспірімдердің толерантты мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал етеді. Толерантты мінез-құлқты ынталандыру нәтижесінде, адамдарға төзімділікпен қарау тұрақты мотивациясы қалыптасып, балалардың агрессиялық әрекеттеріне тосқауыл болуы қажет. Бірақ, ең алдымен, біз балалардың толеранттылық әрекеттерін және толерантты шешімдерін мақұлдауымыз туралы айтуымыз керек. Ынталандыру әртүрлі нұсқаларда жүзеге асырылуы мүмкін. Бала өзінің мінез-құлқын оңды түрде өзгерткен кезде қолдайтын көзқарас, қотермелейтін сөздер. Толерантты мінез-құлқты ынталандыру әдістерін қолдану балада белсенділікті, өзөзіне сенімділікті, табандылықты дамытуды, мақсатқа жету үшін қиындықтарды жеңуді болжайды; өзін ұстай білу қабілетін қалыптастыру (өзін-өзі ұстау, өзін-өзі бақылау); тәуелсіз мінез-құлқын дағдыларын жетілдіру және т.б. Толерантты мінез-құлқты ынталандыру әдістері мыналарды қамтиды: көтермелеу, моральдық санкция, бәсекелестік, қызығушылықты ынталандыру. Толерантты мінез-құлқты жүзеге асыруда мінез-құлқтық саласында моральдық және ерік-жігерге ұмтылу қажет: батылдық, қайсарлық, моральдық мұраларды сақтаудағы ұстамдылық. Бұл жерде жеке тұлғаның мақсат қойғандығы, оны жүзеге асыруы және оның орындалуы үшін тұлға қандай әрекетке баратындығы маңызды. Тәрбие сағаттары жасөспірімдердің толеранттылық мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған үдерісі болып табылады. Оқу үдерісінің элементі ретінде тақырыптық сабақ білім беру, тәрбиелеу және дамыту функцияларын орындайды. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер - «шығармашылықпен және қарым-қатынаспен, арман мен өмір қуаныштарына толы жарқын еңбек және ойынды ұйымдастыру тәсілімен қатар негізгі тәрбие әдісі» [106,166]. шығармашылық іс-әрекеттер деп аталады. Тәрбие беру ісінің негізінде екі тәсіл жатады: іс-әрекеттік және кешенді. Біріншісі - мектеп оқушыларына түрлі іс-шараларын

ұйымдастыруды талап етеді: танымдық, еңбек, әлеуметтік, көркемдік, бағдарлық және еркін қарым-қатынас, ал екіншісі- барлық іс-әрекетті біріктіріп, тұтас процесспен олардың әсері. Іс-әрекеттік көзқарас тәрбие бағытын көрсетеді, ал кешенді оның мазмұнын анықтайды. Қазіргі көпұлтты әлемдегі толеранттылық мәселесі тек зерттеушілерге ғана емес, мемлекет пен халықаралық ұйымдардың «ең бастысы» деп танылуына үнемі назар аударады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). Астана. 30 тамыз, 1995
2. Әл Фараби. Тарихи-философиялық трактаттар. - Алма-Ата, 1985. -102 б.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986 . – 358 б.
4. Қашқари М. Диуани лұғатат түрік. - 10-12 ғ.ғ.-16 б
5. Убниязова Ш.А. Оқыту үдерісінде интеграция негізінде оқушылардың толеранттылығын қалыптастыру: Дис. ... канд. пед. ғыл. – Алматы, 2013 ,56 б.
6. Шаяхметова М.Н. Болашақ педагогтардың этникалық толеранттылығын қалыптастыру: Дис. Алматы 2009. -54 б.

ӘОЖ 373.236

МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ақберді Мөлдір Еркінбекқызы

Кентау гуманитарлық- техникалық колледжі

Кентау қ., Қазақстан Республикасы

moldirakberdy@gmail.ru

***Аннотация.** Бұл мақалада мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қарқынды дамуы мәдени-рухани өмірдің өркендеуімен үйлесімділік тауып, білім мен тәрбие беру процесіне жауапты да басты міндеттер жүктеп отыр. Қарым-қатынас мәдениеті – адамдар арасындағы өзара тығыз байланыстылықты қамтамасыз етуге, соның негізінде іс-әрекеттер арқылы әркімнің өмірден лайықты орнын табуға мүмкіндік туғызу. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында студенттерге теориялық білім беру және оларды кәсіби біліктілікке қалыптастыруда, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі айқындалды. Қарым-қатынас мәдениеті – қоғам мен қоғам тарихының даму нәтижесі.*

***Тірек сөздер:** экономикалық, әлеуметтік, заңдылықтар, мәдени орта, мәдени әрекет, тұлға, қарым-қатынас, құндылық*

***Аннотация.** В данной статье бурное экономическое и социальное развитие государства находит гармонию с развитием культурной и духовной жизни и определяет основные задачи, отвечающие за процесс образования и воспитания. Культура общения – это создание возможности обеспечить тесные взаимоотношения между людьми, и на основе этого каждый через действия находит свое достойное место в жизни. В связи с этим определена необходимость теоретического обучения студентов и формирования у них профессиональной квалификации, формирования культуры общения в высших учебных заведениях. Культура общения является результатом развития общества и истории общества.*

***Ключевые слова:** экономическое, социальное, законы, культурная среда, культурное действие, личность, отношения, ценность*

***Annotation.** In this article, the rapid economic and social development of the state finds harmony with the development of cultural and spiritual life and assigns the main tasks responsible for the process of education and upbringing. The culture of communication is the creation of an opportunity to ensure close relationships between people, and on the basis of this, through actions, everyone finds their rightful place in life. In this regard, the need to provide theoretical education to*

students and to form them to professional qualifications, to form a culture of communication in higher educational institutions was determined. Communication culture is the result of the development of society and the history of society.

Key words: *economic, social, laws, cultural environment, cultural action, personality, relationship, value*

Елімізде білім беру жүйелерінің мақсат, міндеттерін айқындайтын жаңа мазмұнды заңдар мен тұжырымдамалар қабылданып, халықтың рухани дамуына, діні мен тіл мәдениетінің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туғызылып жатқан кезде қарым-қатынас мәдениеті көкейкесті мәселелердің бірі болып келеді. Білім беру мен тәрбие мақсатын көздеген мемлекеттік құжаттар аясында мәдениеттілік жаңғырып, ол ерекше маңызға ие бола бастады [1,14-6]. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қарқынды дамуы мәдени-рухани өмірдің өркендеуімен үйлесімділік тауып, білім мен тәрбие беру процесіне жауапты да басты міндеттер жүктеп отыр. Адамдар арасындағы қарым-қатынас байланысы, қарым-қатынас мәдениеті, қарым-қатынас әдебі, қарым-қатынас тәрбиесі, қарым-қатынас өрекиеттігі тағы сол сияқты, әрбір адамға етене таныс сөздерді үйреншікті, қалыптасып қалған бар әдет ретінде күнделікті өмір ағымы барысында айтыпта, естіпте жүреміз. Алайда сөздердің мағынасына яғни олардың функционалдық мазмұнына мән бере бермейміз. Қарым-қатынас мәдениеті – адамдар арасындағы өзара тығыз байланыстылықты қамтамасыз етуге, соның негізінде іс-әрекеттер арқылы әркімнің өмірден лайықты орнын табуға мүмкіндік туғызу. Бұл мәселені дұрыс әрі ғылыми теориялық-әдіснамалық негізде шешу, қарым-қатынас мәдениеті функциясына қатысты жиі кездесетін ұғымдарды логикалық, диалектикалық, тарихнамалық, жүйелілік тұрғыдан талдап алу қажет. Ең алдымен ұғымдардың функционалдық мазмұнын саралағанды жөн деп көрдік. Өйткені, ұғым логикалық-гносеологиялық категория ретінде құбылыстардың мән-мағынасын ашады, олардың арасындағы өзара заңдылықтарды байланыстырады. Сөйтіп оларды түсіндіруге мүмкіндік береді. Біздің зерттеуіміздің қарым-қатынас мәдениеті мәселесіне қатысты қарастырылатын ұғымдарға – «мәдениет», «мәдени орта», «мәдени әрекет», «мәдениеттілік», «өркекиеттілік», «тәрбие», «әдеп», «педагогикалық мәдениет» тағы басқалар да жатады. Сондықтан осы ұғымдардың мазмұнына қысқаша тоқталуды қажет деп ойлаймыз. Мәдениет ұғымы тарихи қалыптасудың ұзақ даму жолынан өтті. Көне заманда «мәдениет» ұғымы жерді жырту, бау-бақшаны өңдеу, яғни өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен, дәлірек айтқанда, егіншілік пен ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты қарастырылды. Оған қоса біз үйреншікті болып кеткен мәдениет ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры да сонау көне заманда жатыр. Біздің көзқарасымыз бойынша бүгінгі заман дамуының түрлі мазмұнына сай келетін мәдениет ұғымына теориялық-әдіснамалық тұрғыда жан-жақты түсінік «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығында берілген. Мәдениет субъектісі ретінде қоғам, әлеуметтік топтар ғана емес, сонымен қатар жеке адамдар да қатысатындықтан «тұлға мәдениеті» түсінігін қалыптастыру қажеттілігі туады. Ал, мәдениеттілік – адамның тұлғалық қасиеттерінің көрінісі. Дәстүрлі әдеп жүйесіндегі әдептілік, имандылық, ізеттілік ұғымдарымен үндес. Адамның ұлттық мәдениет пен дәстүрлі құндылықтарды құрметтеуі және оны әрі қарай дамыту – мәдениеттіліктің белгісі. Мәдениеттілік адамның тарихи даму барысында сұрыпталып алынған, мәдени-рухани әлемге лайықты қасиеттерден құралады. Көпшілік ортада әдеп сақтау, әдеппен сөйлеу, көрегенділік таныту, жан мен тән тазалығы, мұның бәрі мәдениеттілікке жатады. Мәдениеттілік адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық, эстетикалық, заңи, саяси т.б. талаптардың орындалуын білдіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында адам бойында мәдениеттіліктің қалыптасып, дамуына ерекше көңіл бөлінген. Мәдениеттілік жөніндегі көзқарастар кемел адам ұғымымен үндестік тауып, адамгершілік, кісілік қасиеттерінің қалыптасуы арасында дамыды [2,21-22 б]. «Мәдениет (араб тілінде «маданият» - қала деген мағынаны білдіреді) – адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері. Әлеуметтік болмыс адамсыз тірлік етпейді, оның табиғаттан айырмашылығы да осында. Ежелгі гректер күтімді,

қолмен өңделген мәдениет әлемін күтімсіз, өңдеусіз, жабайы әлемнен айырғанда осы туралы ойлаған еді. Осы айырмашылық жасанды, өнерлі мен табиғи, өнерсіз нәрселердің қарама-қайшылығынан да байқалады. Философия тұрғысынан мәселе мәдениеттің анықматасында емес, адамзаттың әлеуметтік болмысын сақтау ісіндегі жетілу нұсқаларын анықтауда. Мұндағы ең басты нәрсе сақтау мен жаңарудың нақты кескіндерін суреттеуде, олардың өзара байланысын табуда [3,376]. Демек, мәдениет теориясы мен практикасының зерттеу нәтижесіне сүйенсек «мәдениет» жаңа жоғарғы жетістіктер құралатын және адамның үнемі даму процесі болатын, әр-түрлі қоғамдық-тарихи тәжірибе аймағындағы адамдар қызметінің жоғары жетістіктерінің (эталон, құндылық) сәйкестігі деп түсінік беретін зерттеушілердің көзқарастарын деп есептеуге дұрыс болады. «Мәдениет» латын сөзінен шыққан, ол бастапқыда топырақты өңдеу, жетілдіру дегенді білдіреді, кейін ол мүлдем өзгеріп, адамның өзінің түрленуімен, дамуымен, дербестелуімен байланыстырылады, табиғаттағы емес, адамның өз қолымен жасалғанын білдіреді [4, 236]. «Мәдениет» жеке ұғым ретінде қарастырылуы үшін жүздеген жылдар қажет болды. Мәдениет «адамның маңызды күштерін іске асырылуы», адамның әлемді рухани-тәжірибелік игеруі және өзін-өзі жетілдіру үдерісі мен нәтижесі, мәдени-тарихи даму субъектісі түрінде қарастырылды. «Мәдени әрекет деп, әдетте, мәдени игіліктерін өндіруге, таратуға, танытуға бағытталған іс-әрекеттерді айтады. Осылардың қатарына мынадай адамдық қажеттіліктер жатады: шығармашылық талпыныс, альтуризм, гумандылық, т.б.» [5,1026]. Мәдени іс-әрекет белгілі бір мәдени ортада жүзеге асырылады. «Мәдени орта» ұғымы мәдениеттің коммуникациялық табиғатымен тығыз байланысты. Қайсыбір ұлттық мәдениетті алсақ та, ондағы салт-дәстүрлер жүйесіне бірден назарымыз ауады. «Салт-дәстүр, – дейді белгілі философ И.Гердер, – тіл мен мәдениет бастауларының анасы». Мәдениет өзінің кең мағынасында бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі мәдениет өзегін құрастырады. Әсіресе, жазу-сызу болмаған ерте заманда мәдениет ырымдар мен суретшілікке, сенім-нанымдарға, дәстүрлі түсініктерге иек артқан. Сайып келгенде біздің түйіндеуіміз бойынша «мәдениет» дегеніміз адам ойының, ақыл есінің нақтылы жемісі. Осы мәдениеттің пайда болу жолында адам баласының өзіндік амал-тәсілі бар, сол тәсілдер қолданған қызмет - деп қарағандықтан адам технологиямен бағаланбайды яғни шендестірілмейді. Алайда технологияда, адам қызметінің жемісі болып табылады. Ал «қарым-қатынас мәдениеті» туралы сөз болғанда біз ең әуелі қалайша адам баласы өзінің айналасындағы адамдармен әрекеттестікте бола алады деген мәселеге назар аударуымыз керек. Әрбір адамның бақылауымен қалайша, қандай әсерде болуы керек деген мәселе қарым-қатынас нысанасы болғандықтан «қарым-қатынас» орнату және қалау тікелей адам қадір-қасиетін көрсететін мінез-құлық мәдениетіне тәуелді болғандығын аңғартады. Ал мінез-құлық мәдениеті адамдардың күнделікті өмірдегі көрінісінде тауып жүрген мінез-құлық түрлерінің жиынтығы. Осы жиынтық арқылы мінез-құлықтың моральдық – эстетикалық, өнегелі-өркенді нормаларының сыртқы болмысы яғни көрінісі табылады. Адам баласындағы мінез-құлық мәдениеті адамдар арасындағы болатын қарым-қатынас мәдениетімен салыстырып қарағанда, кеңістік ұғымдағы құбылыс болып табылумен танылады. Олай болса қарым-қатынас мәдениеті туындылық мәдениет, яғни мінез-құлық мәдениеті құрамындағы құраушылардың бірі болып табылады. Әрбір адамның өз жеке бас бюджетіндегі уақытты тиімді ұйымдастыру, пайдалану мәдениеті, тұтыну заттарын таңдау талғамы, жеке бас гигиенасын сақтау т.с.с. мәдениет элементтері әрбір адамның мінез-құлық мәдениетін құраушылар болып табылады. Мәдениеттің осындай күрделі элементтері арасынан біз зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндеттеріне сай тек қана адамдар арасындағы қарым-қатынастың амалдарын, тәсілдерін, құралдарын, жеке дара зерделеу, талдау нысанасы ретінде қарастырамыз. Осы мәселе адам баласы қоғамының даму тарихында қажеттілігімен, ал қазіргі жағдайда да ерекше қызығушылықпен қарау талаптарымен дараланып тұр. Қазіргі ғылыми-педагогикалық зерттеулерде «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым болса, екіншіден көпмағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлық, тұрмысы, салты т.б. болып

жіктеледі. Қарым-қатынас мәдениеті адамзат үшін әртүрлі деңгейде, әртүрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін күрделі әлеуметтік құбылыс. Мәдениет өзі пайда болатын және қалыптасатын мәдени ортада оның үздіксіз даму сипатында болады және адамзат қоғамынан бөлінбейді. Қоғамда тұтастай жеке адамның даму деңгейі мен қасиетін мәдениет анықтайды. Олай болса, мәдениет адамның құндылығы, оның қайталанбайтын белгісі. Мәдениет өзінің ішкі механизмдерімен адам тұлғасына тән болғандықтан ол өзін-өзі танып білу, немесе адамның рухани өмірбаяны деп есептеледі. Мәдениеттің өмір сүруінің шарты, ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа сабақтастықпен беріліп отырады. Сондықтан мәдениет өзін-өзі тарату мәселесін алдыңғы орынға қояды. Яғни мәдениеттаным қабылдаудың, принциптердің, түсініктердің жүйесі болып саналады да, солар арқылы мәдениетті іс жүзіне асыратын процесі іске асады. Бұл жүйе адам тұлғасының өлшемі туралы мәдениетте жинақталған тиесілі білімді, біліктілікті, шеберлікті, тәжірибені қамтамасыз етеді. Біздің зерттеу жұмысымызға қарай мәдениет іс-әрекеттің ерекше процесі, ол қарым-қатынасты туғызады, материалдық және рухани, психикалық тұлғалық қалыптасуды тудырады. Қоғамдағы қалыптасқан оқу-тәрбие процесінің сипаты-ұрпақтың қоғам жинақтаған мәдениетті меңгеруі, тарихи – мәдени жағдайларға қарай оны өмір белестерінде іске асыруы. Мәдениетті білім саласына мақсатты түрде енгізу қажеттілігін айқындайды. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында студенттерге теориялық білім беру және оларды кәсіби біліктілікке қалыптастыруда, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі айқындалды. Қарым-қатынас мәдениеті ұғымы ғылымда оны жан-жақты талдаудың қажеттілігін көрсетеді. Қарым-қатынас пен мәдениеттің ажырамас тұтастығын көрсететін негізгі жол, кемел тұлғаны дамыту, қалыптастыру, қалыптастыруда оның қоршаған дүниені қабылдауы, меңгеруі және табиғи, әрекеттік, әлеуметтік қатынасы. Мәдениеттаным бағытында қарым-қатынас мәдениеті бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым десе, екіншіден көпмағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлқы, тұрмысы мен салты деп жіктеледі. Қарым-қатынас мәдениеті – қоғам мен қоғам тарихының даму нәтижесі. Қарым-қатынас үрдісінде белгілі бір топтың (сынып ұжымы, педагогикалық ұжым, отбасы) іс-әрекетінің бірлігі қамтамасыз етіліп, өзара түсінік пен келісімге қол жеткізілуі, еңбек пен таным субъектісі ретінде адамның мінез-құлқын реттеуші тұлғалық сапалары қалыптасады. Кешенді тәрбиенің оқушы тұлғасына әсері педагогикалық қызметте қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың жалпы мәселелерін шешумен тығыз байланысты. Мектептегі қарым-қатынас адамдар арасындағы қарапайым байланысқа қарағанда терең және маңызды сипатқа ие. “Мұғалім-оқушы” жұбының кез келген қатынасы тәрбиелеуші сипатқа ие болуы тиіс. Мұғалімге сабақ үстіндегі немесе сабақтан тыс қарым-қатынас деп ажыратуға жол берілмейді. Кез келген қарым-қатынас күрделі объективті және субъективті заңдылықтарға тәуелді [6, 52 б]. Қарым-қатынастың ең негізгі құралы – тіл. Қарым-қатынас мәдениеті сөйлеу мәдениетінен айқын көрініс табады. Сөйлеу мәнері анық және түсінікті болуы керек. Ол үшін жалпы категорияларды нақты мысалдармен ұштастыру керек. Тілдің лексикалық құрамындағы терминдер, шет тілінен енген сөздер, диалект, жаргон, кәсіби лексика, тарихи сөздер, көнерген сөздер, жаңа сөздер секілді сөздерді дұрыс және орынды қолдана білуі қажет. Қолданыста сирек кездесетін сөздерді белгілі себептерге байланысты ғана қолдану шарт. Адам сөзінің нақтылығы оның нақты ойлай білу қабілетіне және тілдің заңдылықтарын білуіне байланысты. Тілдің нақтылығы – сөз қолданысының нақтылығы мен көпмағыналы сөздердің дұрыс әрі орынды қолданылуы болып табылады [7, 22 -23б].

- . Тіл мәдениетіне қойылатын талаптарды төмендегідей саралауға болады:
- сөйлегенде тілдегі дыбыстарды дұрыс, анық айтуы;
- сөйлеу әуенін, қарқынын, дауыс күші мен кідірісін сақтау;
- екпіннің түсуін, үндестік заңын сақтау ;
- сауатты, қатесіз жазу;
- жазба мәтіндерды тыныс белгілерді сақтау;
- әріп таңбаларын дұрыс, түсінікті жазу;

- дұрыс айтып, сөздердің тізбегін табиғи заңдылықтарымен дыбыстау;
- сөйлегенде сөз тұлғаларын, түрленуін сақтау, қосымша, көмекші сөздерді дұрыс, өз орнында қолдану;
- сөздерді өз мағынасына қарай қолдану, мағыналарын анық біліп отыру;
- сөйлемдерді дұрыс құрастыру;
- керекті сөзді сөздік құрамның ішінен іріктеп, әдеби нұсқасын қолдану, ретсіз енген, баламасы бар кірме сөздерді, жергілікті тілге тән диалектілерді, жаргон сөздерді тұс-тұстан қолданудан аулақ болып, реттеп отыру;
- тілдегі ауызекі, ресми іс-қағаздарды, публистикалық, көркем поэзиялық, ғылыми стильдердің әрқайсысының ерекшелігін сақтап отыру;
- сөйлеу әдебін сақтау;
- тілдегі көркемдік құралдар, тіл байлығын, оның мүмкіндіктерін пайдалану;
- сөйлеуде тілдің өз заңдылықтарына қатысты халықтың ұлттық ерекшелігін сақтау;
- сөйлегенде ойдың көлемі, мазмұндық құрылымы, хабардың жеткізу жүйесін реттеу.

Отбасы - бұл кішкентай топ ретінде ата-аналар мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынастың нақты тарихи жүйесі, оның мүшелері некелік немесе туысқандық қатынаспен, тұрмысының ортақтығымен және өзара моральдық жауапкершілікпен байланысқан және халықтың рухани туындыларымен қоғам сұранысына негізделген әлеуметтік қажеттілік. Сонымен, балалардың отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін бүгінгі өмір талабына сай, ұлттық сипатта қалыптастыруды жүзеге асырудың қажеттілігі мен оны отбасы тәрбиесі жағдайында ғылыми-әдістемелік бағыттарының жеткіліксіздігі аралығында қарама-қайшылықтар байқалады. Бала отбасы мүшелерімен тікелей эмоциялық қарым-қатынаста бола отырып, тек сөйлеу мен ойлау, нысандық іс-әрекеттер мен тұлғаралық өзара қатынастар дағдысын ғана алып қоймай, қаласын-қаламасын үлкендердің мінез-құлық үлгілерін де бойына сіңіреді. Ата-аналары бала үшін оның отбасының өмірі бір бөлшегі болып табылатын мәдениеттің шынайы әлемін білдіреді. Отбасы бала үшін қоғамның тікелей қабылданатын алғашқы моделі, алотбасындағы өзара қарым-қатынастар – тұлғааралық қарым-қатынастардың негізгі үлгісі болып табылады. Отбасындағы ата-ананың махаббаты мен қамқорлығы, баланың ата-анасына психологиялық тәуелділігі (олар оның көз алдында тек қана оған тиесілі) балаға ерте жастан білім мен дағдылар беруге оңтайлы жағдай туғызады. Отбасының мәдениеті айтарлықтай жоғары болған кезде әрі отбасыишілік қалыпты қатынастарда отбасындағы тәрбие жоғарғы дәрежеде дербестендіріледі, яғни әр баланың бейімділіктері мен табиғи ұшқындарына сәйкес бола алады.





Сурет1-«Әдепті оқушының» бейнесі

Қазіргі уақытта отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас баланың жеке тұлғасының, әсіресе оның мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі екендігі белгілі. Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас ерекше және көрнекі түрде, әсіресе, бала тәрбиесінде көрінеді. Баланың жақсы тәрбиелі, қоғамда өзінің орны бар үлкен азамат болып өсуіне отбасының ролі өте жоғары. Біз отбасында баланы тек қана материалдық жағынан қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар, баланың психологиялық жай-күйіне, қызығушылықтарына, жеке тұлғалық қасиеттеріне мән беруіміз керек. Жоғарыда атап өтілген әдіс-тәсілдер мен формалардың мазмұнын басшылыққа ала отырып, оқушылармен бірге «Әдепті оқушының» бейнесін жасауды жоспарладық. «Әдепті оқушы»ның үлгісін келтірейік, мәдениетті оқушының бойында болатын қасиеттерді оқушылармен талқылап бірлесіп сызған үлгіміздікелесі суреттен көре аласыздар. Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселелері қазіргі білім берудің, педагогика ғылымының, мәдениеттің басты назарында тұр. Ол өз кезеңінде бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үдерісін күрделі тұлғалық құрылым ретінде қарастыруды негіздейді. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қалыптастыру тиімділігі оқушылардың қарым-қатынас саласындағы қоғамның рухани және адамгершілік байлықтарын игеруінің жоғары деңгейімен сипатталады. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларын қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үдерісі көптеген қиындықтарға ұшырайды. Олардың арасында адами өзара қатынастар саласын бейнелейтін ұғымдарды оқушылардың түсінуі мен ой елегінен өткізудің күрделілігі де: парыз бар сезімі, әділеттілік, адалдық, мейірімділік, жауапкершілік, ар-ұят ұғымдарын түсіндірі біздің міндетіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 18.08.2010 ж., ҚР Білім және ғылым министрінің №454 бұйрығы, 146
- 2.Төлеубекова Р Адамгершілік тәрбиесінің негіздері / - Алматы : ҚазМУ, 1991. – 21-22 б.
- 3.Асанов Ж. Отбасы тәрбиесі // Бастауыш мектеп, 2007, N №4,376
4. Мұхтарқызы Г. Отбасы тәрбиесі // Ана тілі, 2001, N 1 қараша(N44).236

5. Атемова К. Қазақ отбасындағы тәрбие үрдісі // Қазақстан мектебі, 2006, N №1.1026
6. Бексейітова Б. Ынтымақты отбасы. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар, 2007, N №3, 526
7. Әубәкірова А. Отбасындағы сыйластық // Отбасы және балабақша, 2005, N №4, 22-23

ӘОЖ 372.011

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Нурымбетова Гүлжан Есенбековна

магистр аға оқытушы

Кентау гуманитарлық-техникалық колледжі

Кентау қ.Қазақстан

nurymbetova 1980@bk.ru

Аннотация: Оқу үдерісін ұйымдастыру базалық білім, білік, дағдылар, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар мектеп оқушыларының түйінді құзыреттілігінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осыған сәйкес мектепте қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыруға қызығушылық білдіруге, қарапайым математикалық білімді меңгертуге танымдық құзыреттілікті қалыптастыру басым бағыттарының бірі болып табылады. Оқу барысында балалар түрлі заттардың, құбылыстардың мәніне, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарға терең түсінуге, алған теориялық білімдерін практикада еркін білуге үйренеді. Балалардың таным белсенділігі олардың шығармашылық іздену қабілетіне, тәрбиешінің теориялық сауаттылығы мен шеберлігіне байланысты. . Баланың қажеттілігі мен қызығушылығын түсіне білу, бүлдіршіндердің ой - өрісін іс – қимылын жан – жақты дамыту тәрбиешінің басты міндеті.

Тірек сөздер: құзыреттілік, ұлттық сана, жаңа рухани-мәдени құндылықтар, белсенділік, таным ынтасы, шығармашылық бағыт.

Аннотация: Организация образовательного процесса обеспечивает формирование базовых знаний, умений, общечеловеческих и национальных ценностей ключевой компетентности школьников. Согласно этому, одним из приоритетных направлений является проявление интереса к формированию простых математических понятий, приобретение основных математических знаний, формирование познавательной компетентности в школе. В ходе обучения дети учатся глубоко понимать значение различных предметов и явлений, научных понятий и законов, учатся свободно использовать полученные теоретические знания на практике. Познавательная деятельность детей зависит от их способности к творческому поиску, теоретической грамотности и мастерства педагога. . Основная задача педагога – уметь понять потребности и интересы ребенка, всесторонне развивать детские мысли и действия.

Ключевые слова: компетентность, национальное самосознание, новые духовные и культурные ценности, активность, энтузиазм к познанию, творческая направленность.

Annotation: The organization of the educational process ensures the formation of basic knowledge, knowledge, skills, general human and national values of the key competence of schoolchildren. According to this, one of the priority directions is to express interest in forming simple mathematical concepts, to acquire basic mathematical knowledge, and to form cognitive competence in school. In the course of studying, children learn to deeply understand the meaning of various objects and phenomena, scientific concepts and laws, and learn to freely use the acquired theoretical knowledge in practice. Children's cognitive activity depends on their ability to search creatively, theoretical literacy and skill of the teacher. . The main task of the teacher is to be able to understand the needs and interests of the child, to comprehensively develop children's thoughts and actions.

Key words: competence, national consciousness, new spiritual and cultural values, activity, enthusiasm for knowledge, creative direction.

Қазіргі білім берудің мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес, өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жоғары мәдениетті қарым-қатынасқа түсе алатын тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр. Қазқстан Республикасының «Білім туралы заңында» [1], білім беруде жаңа рухани-мәдени құндылықтарды игеруге, ұлттық сананың қалыптасып, ақыл-ойының, интеллектуальдық дамуын қамтамасыз ететін, болашақ бастауыш мектептегі оқу әрекетіне дайындық ретінде танымдық құзыретін қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Оқу үдерісін ұйымдастыру базалық білім, білік, дағдылар, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар мектеп оқушыларының түйінді құзыреттілігінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осыған сәйкес мектепте қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыруға қызығушылық білдіруге, қарапайым математикалық білімді меңгертуге танымдық құзыреттілікті қалыптастыру басым бағыттарының бірі болып табылады. Психология ғылымында «құзыреттілік» ұғымына қатысты нақты түсініктер қалыптасқан. Сонымен қатар бұл ұғым іс-әрекетті жүзеге асыруда білім, білік, дағдыны қамтиды. Қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мағлұматтарды қарапайым беруге негізделген жеткілікті дәрежеде айқын қалыптасқан білім беру моделінің тоқырауын айқын көрсетіп береді. Жеке тұлғаға деген талаптың күшейе түсуі қазір дүние жүзінде білім беру саласында жобалы өзгерістер жасау тенденциясының үдей түсуіне себеп болып отыр. Шынымен-ақ, балалардың танымдық белсенділігін арттыру арқылы өздігінен білім алуды қажетсіну қазіргі таңда шешуін күтетін өзекті мәселелердің бірі екені айқын [2,93с]. Адамның белсенділігінің табиғатын тани білу, еңбек және моральдық белсенділік дәрежесі бойынша адамның қоғам мен ұжым үшін жарамдылығын жете анықтау тәрбиешінің басты міндеті. Белсенділік деп адамның іс-әрекеті үстіндегі жағдайын айтады. Тіршілік және іс-әрекеттері барысында адамның қарым-қатынас жасау, таным және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі дамиды. Бала белсенділігінің ең алғашқы формасының бірі қарым-қатынас жасау белсенділігі. Бұл адамның бүкіл өмірінде дамиды белсенділік. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес басқа адамдар мен қарым-қатынас жасау белсенділігінің мазмұны өзгеріп отырады. Мектеп жасына дейінгі балалар ересек адамдардың әрекеттеріне үніле қарап, үйренеді, оларға еліктейді. Балалардың саналы түрде істейтін мұндай әрекеттерін ырықты немесе ерікті белсенділік дейді. Бұл жастағы балалардың үлкендердің әрекеттеріне және олармен өзара қатынас жасауға еліктеу рөлді ойындарды атқару барысында байқалады. Көбінесе балалардың ойындарда адамдардың іс-әрекеттері, тұрмысы, өзара қатынасы қамтылып көрсетіледі, ұжымдық өмір дағдылары қалыптаса бастайды. Ойын барысында балалардың құрдастарымен де өзара қатынасы өзгереді. Олар басқа балалармен ойнауға тілек білдіреді, еңбекке байланысты тапсырмаларды бірігіп, орындауға, өз қылықтарын ережеге бағындыруға, керексіз әдеттерді тежеуге, кедергіні ығыстыруға үйренеді. Әр түрлі ойын баланың дүниетанымын кеңейтіп, қарым-қатынас жасау белсенділігін дамытады. Баланың даму барысында таным белсенділігі артады [3,14-15б]. Балалардың бір нәрсені құмартып, білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, әр нәрсеге үніле қарайды, кейде терең ойға шомылады. Мектеп жасындағы балалардың таным ынтасын қалыптастыруда білім беру тәсілдерінің ерекше маңызы бар. Оқу барысында балалар түрлі заттардың, құбылыстардың мәніне, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарға терең түсінуге, алған теориялық білімдерін практикада еркін білуге үйренеді. Балалардың таным белсенділігі олардың шығармашылық іздену қабілетіне, тәрбиешінің теориялық сауаттылығы мен шеберлігіне байланысты. Балаларының өзіндік танымдық іс - әрекеттеріне қатынасының қалыптасуымен тәуелді болып келеді.

Танымдық белсенділіктің ерекше белгілері мыналар:

- бірнеше заттар мен құбылыстарға деген белсенді танымдық қатынас ретіндегі жан-жақтылығы;
- құбылыстың тек қана фактісі, қасиеттері мен сапаларына ғана емес сонымен бірге мәні, себебі және өзара байланысына деген белсенділігімен сипатталатын тереңдігі;

- динамикалығы, яғни бұл баланың меңгерген білімі қозғалмалы жүйе түрінде құрылуы және іс-әрекетке қолданылуы, баланың ойлау әрекетінде қызмет атқаратындығы;
- әрекеттілігі, яғни заттар мен құбылыстармен танысуға қиыншылықтарға төзуге, мақсатқа жетуде ерік-жігерінің болуына бағытталған баланың белсенді әрекетінде байқалады.

Жеке адамның санасының қалыптасу барысында өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі ерекше орын алады. Бала даму барысында өзін-өзі жетілдіру мақсатын көздей талаптанып әр түрлі әрекет жасайды.

Оқушылардың өзі-өзі тәрбиелеу ісін жетілдіру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске алып, оқу тәрбие жұмысының барысында сана сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету – мұғалімнің басты міндеті.

Кеңес педагогикасында адамның қоғамдық-саяси белсенділігі күрделі моральдық-еріктік сана ретінде қаралады. Онда қоғамдық жұмысқа деген ынтасы, тапсырманы орындаудағы жауапкершілігі, орындаушылығы мен инициативтілігі, өзіне және жолдастарына талап қойғыштығы, қоғамдық тапсырмаларды орындаған кезде басқаларға көмектесуге әзір тұруы, ұйымдастырушылық іскерлігінің болуы осылардың барлығы бірінен-бірі ажырамас тай ұштасып жатады. Тапсырманы орындау үстінде бір оқушы өзі жауапты бола тұрып, тапсырма орындауға басқаларды да мәжбүр етуі мүмкін, екіншісі өзі ұқыпты орындайды, бірақ жолдастары туралы ойламайды, ал үшіншісі өзгелерді бар ынтасымен құмарландырады, бірақ өзі еш нәрсе істемейді. Бұл қоғамдық белсенділіктің түрлі компоненттердің дамуындағы теңсіздіктерді тәрбиелеудің нақтылы процесінде ескеріп отыру, сөйтіп, осы арқылы кейбір оқушыда нашар, немесе мүлдем дамымаған жақтарына ықпал жасау керек. Белсенділіктің өзіне және жеке тұлғаның қоршаған ортамен тәрбиелік (сыртқы) әсерлерге қатысты ішкі ұстанымдарына байланысты ол әр түрлі бағыттарда қалыптасуы мүмкін. Егер оқушының осы әсерлерге деген көзқарасы теріс болса, ол тәрбиешісі қалағанынан қайшы бағытта дамиды [4,6-126]. Мысалы, мұғалім оқушылардың білімін тексеру кезінде оқушының бағасын төмендетіп қояды да, оқушы оған ренжіп қалады. Мұндай жағдайда мұғалімнің үлгерімді жақсартуға шақырған әрбір сөзі оқушыда жасырын, кейде тіптен ашық қарсы әрекет тудырады. Тәрбиеші, оның педагогикалық әсері ішкі өрісте, яғни тәрбиеленушінің санасы мен сезіміне оң әсерін тигізбесе, барлық жағдайларда әрдайым осылай болып отырады. Егер тәрбие жеке тұлғаның өз өзімен жұмысы кезіндегі белсенділігіне деген іштей ықпалына әсер ететін болса, онда оның жеке тұлғаның дамуында шешуші рөл атқара алатыны түсінікті. Баланың, оқушының белсенділігі іс-әрекеттің әралуан түрлерінде көрінетіні психологияда дәлелденген, өмір барысында қарым-қатынас, таным белсенділіктері, өзін-өзі жетілдіру мен қоршаған өмірді түрлендіру, өзгерту белсенділіктері дамиды. Оқушылардың оқу белсенділігін қалыптастырудың бір көзі – сабақта жаңа технологиялар қолдану арқылы түрлендіріп өткізу. Көптеген инновациялар арасында оқушылардың оқу белсенділігін қалыптастыруға аса қолайлы технология – Сын тұрғысынан ойлау жобасы. Сын тұрғысынан ойлау – ашық қоғам негізі. Ол - өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Бұл оқыту «қарапайымнан күрделіге» деп аталады. Бағдарлама құрылымы үш деңгейден тұрады:

1. Қызығушылықты ояту. баланың тақырып туралы не білетіндігі анықталынады, белсенділігі артады.

2. Мағынаны ажырату. Оқушы жаңа ақпаратты бұрынғы білімімен ұштастыра түседі.

3. Ой толғаныс. Оқушылар өз ойлары мен байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта біліп, өзара алмасады. Өзгелердің ой кестесін үйренеді.

Осы бағдарламаның стратегияларын меңгеріп, тәжірибе жүзінде қолданса, оқушылардың оқу белсенділіктері, сабаққа деген қызығушылықтары артып, олардың бір-бірімен пікір таластырып ашық сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптасады. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығып отыратын оқушылар да өз ойларын аз да болса жүйелеп еркін

айтатын болады. Баланың қиялы біртіндеп өмір тәжірибесінің молаюына байланысты қалыптасады деген қорытындыға келеді [5, 2086]. Қазіргі кездегі психологтар мен педагогтар баланың жеке басының дамуындағы қиялдың маңыздылығының ең тиімді жолы шығармашылық жұмыста көрсету, үйрету, көркемдік әдебиетте нақтылау, өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау, яғни, еркіндік беру керектігін айтады. Сонымен қиялдың дамуы төмендегідей үш компоненттен тұрады:

Бірінші дәрежеде қиял қоршаған болмыспен байланысты, дайын нәтижені ойластыруға мүмкіндік береді.

заттық байланыстың рөлі бар.

Үшінші дәрежеде қиялдың дамуы балаға ақиқаттан қиялдың қозғалысының жоғарғы формасы – ой – пікірден оның іске асуына байланысты.

Сонымен, қорыта айтқанда, біздің тәжірибемізге негіз болған 5-6 жастағы балалардың құрастырған ертегілері мен қызықты әңгімелері ұйымдасқан түрде мағыналы, жүйелі, өз бетінше еркін жүргізілген жұмыс, қиялдың дұрыс дамуына апаратын көп жолдың бірі болды деп есептейміз. 6 жасар бала өз қиялында алуан түрлі жағдайлар құра алады және баланың өзі сонда әртүрлі жағынан көрінеді. Ойын барысында қалыптаса отырып, қиял басқа да іс-әрекет түрінде өте алады. Тілі және қиялы жақсы дамыған бала қызықты сюжетті тез арада жанынан ойлап шығара алады. Қиялдың үздіксіз жұмысы – баланың айналадағы әлемді танып-білуінің және игеруінің маңыздылығы, бұл жеке тәжірибе аумағынан шығудың әдісі [6, 263-2676]. Баланың қиялдауы ойын үстінде қалыптасады. Алғашқы кезде қиял заттарды қабылдаудан және ойын іс-әрекеттерін орындауынан ажыратылмайтындай. Ойын үстінде қалыптасқан қиял мектепке дейінгі бала іс-әрекеттерінің түрлеріне де ауысады. Бала сурет салғанда, ертегілер мен тақпақтарды ойлап шығарғанда қиял неғұрлым айқын байқалады. Балалардың ойлауын дамытуда мектептегі оқу-тәрбие процесі шешуші роль атқарады. Бала ойлауын дамыту үшін мұғалім тиісті жұмыстар жүргізіп отыруы тиіс. Ой тәрбиесі адамның психологиясын жан-жақты етіп тәрбиелеумен ұштасып жатады. Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі – логикалық ойындар. Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді. Балалардың қызығушылығын арттыруда, танымдық қабілеттерін дамытуда мақсатым:

-балалардың зейінін, ойлау, зерде үрдістерін дамыту.

-қиялдарын ұштау.

-тапқырлыққа жетелеу.

-қызықты ойындар мен тапсырмаларды орындауға қызығушылығын арттыру.

Міндеттер:

-балалардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету

-логикалық ойындар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру

-балалардың математикалық тілде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.

Баланың бойындағы қабілетті ашу шығармашылық бағытта дамуына жетелейді. Осы орайда логикалық ойлау қабілетін дамытудың өзіндік іс -әрекетін ұйымдастырудың мынандай: «Заңдылықтар», «Нені отырғызу керек?» «Нені орналастырсам екен?», «Сыңарын табыңдар?», «Әзіл жұмбақтар» «Логикалық есептер». «Пішінді орналастыр» логикалық ойын түрлерін айтуға болады. Осындай ойындарды тапқырлықпен, ізденпаздықпен орындаған балалардың білімділік дағдылары қалыптасып жақсы нәтиже береді. Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс -әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге еске сақтау, ойлау, елестету, танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Бала дамуы үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта мен білім, білік дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Баланың ойлау әрекетін ойдағыдай дамыту үшін, тиімді тәсілдер қолданып, арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Ойлау үрдісі анализ, синтез, салыстыру, топтастыру жалпылау, тұжырымдау логикалық амалдарынан

тұрады. Ойлаудың осы амалдарын қолдана алуынан балалардың оқу әрекетінің жемісі көрінеді. Бұл жөнінде М. Жұмабаев: «Ойлау- жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен басқыштап істеу керек» -деген. Ойлау ерекшелігін таным мен ой процесінің сатысы ретінде зерттеу ойлаудың білім мен тікелей байланысты екенін айқындайды. Баланың қажеттілігі мен қызығушылығын түсіне білу, бүлдіршіндердің ой - өрісін іс – қимылын жан – жақты дамыту тәрбиешінің басты міндеті. Соңғы кездері еліміздің қоғамдық өміріндегі елеулі өзгірістердің бірі білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар екені белгілі. Сондықтан да, ұрпақ тәрбиесіндегі көкейтесті мәселелердің бірі –жан-жақты жетілген, танымдық белсенділігі дамыған жеке тұлға тәрбиелеу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 18.08.2010 ж., ҚР Білім және ғылым министрінің №454 бұйрығы
2. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте: психологический очерк / Л.С. Выготский. М.: Просвещение, 1991. - 93 с.
- 3 Кішібаева Д.Ж.Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру: пед. ғыл. . . . автореф. - Шымкент, 2006. 14-15б.
- 4 Қадірова Б. Оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытудың кейбір ғылыми педагогикалық проблемалары // Педагогикалық кеңес. 2006. -№1. Б. 6-12
5. Еркибаева Г.Ғ., Оқыту үрдісіндегі жаңа технологиялар: теория мен практика: Оқу әдістемелік құрал. –Алматы: ГиГаТРЭЙД, 2014. - 208 б.
6. Тұрғынбаева Б. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту // Ұлт тағылымы. -2006. - №3. Б.263-267

ӘОЖ 372.07

ОҚУШЫЛАРДЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Рысова Нальзира Саламатқызы

магистр аға оқытушы

Аймақтық инновациялық университеті

Шымкент, Қазақстан Республикасы

n.rysova@ayu.edu.kz

Аннотация : Бұл мақалада қазіргі кезеңдегі білім беру үдерісіне ғылыми-зерттеу қызметін енгізудің, сонымен қатар, оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлау негізгі ерекшелігі оның қолданбалы бағыттылығын, пәнаралық байланыстарды сәйкестендіретін оқудың мазмұны мен мақсатын нақты көрсететін жолдарын іздестіру көзделген. Ғылыми зерттеушілік іс-әрекет адамның басқа іс-әрекеті сияқты қандай да бір үлгілерді қайта тудырумен байланыстырылады. Бұл өз кезегінде зерттеуді, зерттеу мақсаты мен бағдарламасын, оны ұйымдастыру ұстанымдарын анықтайды. Сондықтан, педагог тарапынан ғылыми-зерттеу ұстанымдары мен зерттеу әдістерін меңгеру, пайдалану оның практикалық іс-әрекетін ғылыми-практикалық іс-әрекетке айналдырады, ғылым мен практиканың нақтылы жағдайына талдау жасауға мүмкіндік тудырады.

Тірек сөздер: шығармашылық тұлға, зерттеушілік ,іс-әрекет, таным, қарама-қайшылық, оқу-танымдық, ізденушілік.

Аннотация: Организация образовательного процесса обеспечивает формирование базовых знаний, умений, общечеловеческих и национальных ценностей ключевой компетентности школьников. Согласно этому, одним из приоритетных направлений является проявление интереса к формированию простых математических понятий, приобретение

основных математических знаний, формирование познавательной компетентности в школе. В ходе обучения дети учатся глубоко понимать значение различных предметов и явлений, научных понятий и законов, учатся свободно использовать полученные теоретические знания на практике. Познавательная деятельность детей зависит от их способности к творческому поиску, теоретической грамотности и мастерства педагога. . Основная задача педагога – уметь понять потребности и интересы ребенка, всесторонне развивать детские мысли и действия.

Ключевые слова: компетентность, национальное самосознание, новые духовные и культурные ценности, активность, энтузиазм к познанию, творческая направленность.

Annotation: The organization of the educational process ensures the formation of basic knowledge, knowledge, skills, general human and national values of the key competence of schoolchildren. According to this, one of the priority directions is to express interest in forming simple mathematical concepts, to acquire basic mathematical knowledge, and to form cognitive competence in school. In the course of studying, children learn to deeply understand the meaning of various objects and phenomena, scientific concepts and laws, and learn to freely use the acquired theoretical knowledge in practice. Children's cognitive activity depends on their ability to search creatively, theoretical literacy and skill of the teacher. . The main task of the teacher is to be able to understand the needs and interests of the child, to comprehensively develop children's thoughts and actions.

Key words: competence, national consciousness, new spiritual and cultural values, activity, enthusiasm for knowledge, creative direction.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [1,136] заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет әр оқушының қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі . ХХІ ғасыр - бәсеке ғасыры, яғни осы кезеңде біздің қоғамда бәсекеге қабілетті, дарынды, білімді жан-жақты жетілген тұлға қажеттілігі басты орында болады. Міне осыған орай қазіргі таңда біздің елімізде ауқымды шаралар қолға алынуда, яғни мектеп табалдырығынан бастап оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлау, бүкіл өмір бойы білім алу, іздену жағдайына көшу, тұлғаның тұрақты түрде жаңа білім мен дағдыларды игерулеріне жағдай туғызу. Қазіргі таңдағы білім беру жүйелерінің алдында тұрған негізгі міндет тұлғаның тұрақты түрде іздену іс-әрекетінде білім алу және оларды қолдана алу іскерліктерін игерулеріне, яғни шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуына негіз қалау болып табылады. Бұл міндетті жүзеге асыру жалпы білім беру жүйесінде оқушыларды өз бетімен білім алуға баулу, оларға жаңа білімді тек репродуктивтік қана емес ізденіс жүргізу және зерттеушілік іс-әрекетек даярлау арқылы игерту мәселелерінің практикада нақты шешімін табумен тығыз байланысты. Зерттеушілік іс-әрекет оқушыларды жаңа білімді игеруге ғана бағыттап қоймай, жаңа ақыл-ой қызметінің қалыптасуына көмектеседі. Ал, бұл оқушылардың арнайы шығармашылық қабілетінің ғана емес, жалпы алғанда теориялық ой-пікірлерінің дамуына да зор ықпал етеді. Осыған орай қазіргі кезеңдегі білім беру үдерісіне ғылыми-зерттеу қызметін енгізудің, сонымен қатар, оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлау негізгі ерекшелігі оның қолданбалы бағыттылығын, пәнаралық байланыстарды сәйкестендіретін оқудың мазмұны мен мақсатын нақты көрсететін жолдарын іздестіру болып табылады[2,11-126]. Ғылым – қоғамдық дамудың маңызды факторы. Ғылыми зерттеушілік іс-әрекет адамның басқа іс-әрекеті сияқты қандай да бір үлгілерді қайта тудырумен байланыстырылады. Бұл өз кезегінде зерттеуді, зерттеу мақсаты мен бағдарламасын, оны ұйымдастыру ұстанымдарын анықтайды. Сондықтан, педагог тарапынан ғылыми-зерттеу ұстанымдары мен зерттеу әдістерін меңгеру, пайдалану оның практикалық іс-әрекетін ғылыми-практикалық іс-әрекетке айналдырады, ғылым мен практиканың нақтылы жағдайына талдау жасауға мүмкіндік тудырады.

Ғылым – адамдардың арнайы іс-әрекеттерінің нәтижесінде табиғат, қоғамның және ойлаудың объективті заңдарының үздіксіз дамып отыру жүйесі жөніндегі білім болып табылады. Ал, ғылым негізі білім екендігі белгілі.

Білім – шындықтың бейнелену формасы және тәсілі болғандықтан, онда заттың қасиеті, белгілері және өзара байланыстары қаперге алынған[3,5-106] . Осы себепті, білімнің ғылымды ашудағы жұмыс істеу тәсілі, материалдық, рухани іс-әрекет болып табылады. Ғылымтану ең алдымен таным теориясымен тікеле байланысты- болып келеді. Таным — айналадағы қоршаған дүниенің адам санасында белсенді бейнеленуін, танымның жалпы шарттары мен мүмкіндігін, білімнің шындыққа қатысын, қоғамдық практика негізінде іске асатын таным үдерісінің заңдылықтарын, оның негізгі формаларын, әдістерін болжамдар мен теорияларды құру мен дамытудың принциптерін зерттейтін философия ғылымының саласы. Осыған орай оқушыларды ғылымға бағыттау үшін бастауыш сыныптан бастап зерттеушілік іс-әрекетке даярлау барлық білім беру ошақтарында басты міндет болып саналады.

Таным үдерісінде субъект-объект қарым-қатынасы маңызды. Сонымен қатар, қарым-қатынас негізінде заттық-практикалық сипаттағы өзара әрекет жатыр. «Таным субъект мен объектінің өзара әрекеті ретінде олардың заттық-практикалық өзара әрекеті негізінен туындайды».

Таным теориясында танымның маңызды жақтары ретінде бейнелену (отражение) аталады. Мұнда бейнеленудің бірнеше деңгейлері ерекшеленген:

- 1) өлі табиғатта бейнеленуі;
- 2) тірі табиғатта бейнеленуі;
- 3) әлеуметтік деңгейдегі бейнеленуі;
- а) жеке санамен сезінуі;
- ә) қоғамдық санамен сезінуі.

Оқыту үдерісінде, оқушылардың танымдық іс-әрекетінде барлық қарама-қайшылықтар әрекет етеді. Қарама-қайшылық оны шешуге деген мұғалім мен оқушының мақсатқа бағытталған іс-әрекеті бар болса, қозғаушы күш бола алады. Ол үшін келесілерді қамтамасыз ету қажет:

- 1) мұғалім мен оқушылардың қарама-қайшылықтың мәнін, оны шешудің маңыздылығын түсінуі;
- 2) оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен мұғалімнің әдістемелік мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылығын шешудің күрделілігінің күштілігі мен өлшемділігі;
- 3) қарама-қайшылық шарты мен оқу үдерісі барысында оны шешуге дайындығы;
- 4) оқушыға танымдық тапсырманы орындаудан назарын басқа нәрсеге бұрмайтын іс-әрекетті орындау шарттарын құру;
- 5) қарама-қайшылықты оқушы санасындағы сыртқы жоспардан көшіру, оған ішкі мағына беру, сондай-ақ қарама-қайшылық негізінде іс-әрекет түрткісін қалыптастыру. Осы оқытудың қарама-қайшылық шарттарын, бұдан зерттеушілік іс-әрекеттің оқыту бөлігі ретіндегі қарама-қайшылығын көрсеткен [4,31-36] .

Зерттеушілік іс-әрекетте әрбір қарама-қайшылықты шешу үдерісінде іс-әрекетті жаңаға, жоғары деңгейге көтеретін өзгерістер болады. Яғни бұдан білім алу және тұлғаны дамыту жүзеге асырылады.

Зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастырудағы басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, зерттеушіліксүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу – тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Шығармашылық – бұл нақты іс – әрекет барысында жүзеге асырылатын өз бастауы, өту барысы және нәтижесі болатын үрдіс. Бұл үрдіс 3 кезеңнен өтеді:

- 1.Дайындық;
- 2.Ізденіс;
- 3.Орындау.

Осы деңгейлерге сәйкес шығармашылық қабілеттерінің құрылымын анықтайды, өз

бойынан оларды талдайды, бағыттай отырып дамытады және жетілдіреді. Сонымен қатар әрбір адам ортасына деген көзқарасы мен әрекетіне қарай бір-бірінен өзгешеленеді. Адамның айналасын танып білуге жануардан айырмашылығы ортаға бейімделуінде емес, оған шығармашылықпен қарауында. Егер әр оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету қажет болса, онда оқушылардың қабілетін түрлі әрекетке көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет. Оқушыларды оқытуға зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығының басымдығымен түсіндіріледі. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруда ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі ашады. Шығармашылық зерттеушілік ізденіс адам үшін екі түрлі көзқараспен маңызды: бір жағынан, жаңа өнімге қол жеткізуінде, екінші жағынан, ізденіс процесінің мәнділігінде. Мектеп қабырғасында оқушылар математика пәнін жақсы да, жаман да оқиды. Адам бойындағы дарындылықты табиғи талантпен шектеліп қалмай, табандылықпен зерттеушіліктенуге баулу. Ол үшін мұғалімге жақын аямай зерттеушілік ету қажет[5,178-190б] . Қазіргі таңда білім беру үрдісінде оқушыларға білімді жаттанды түрде игерту емес, шығармашылық түрде меңгерту негізгі көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр. Яғни, жаңа дәуірдің мұғалімдерінен оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін, оқушылардың өз бетімен білім ала алуын дамыту арқылы олардың білімдерінің сапасын арттыру, деңгейін көтеру талап етіледі. Ал, бұл мәселені шешудің бірден-бір тиімді жолы оқушыларды оқу-зерттеу ісіне баулу арқылы оларға білімді зерттеушілік іс-әрекет деңгейінде игерту болып табылады. Оқушылардың оқу-танымдық, шығармашылық әрекеттерін, яғни олардың өздігінен білім алуындағы танымдық белсенділіктерін дамыту олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырумен, өздігінен білім алуға деген дағдыларын қалыптастырумен, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеумен байланысты. Соңғы кезде білім алушылардың танымдық ізденімпаздық қабілеттерін арттыруға көп көңіл бөлініп отыр[6,18-24б] Ізденімпаздықтың қалыптасуының жоғары деңгейі, яғни зерттеушілік іс-әрекет – оқушылардың танымдық тапсырмаларды анықтай және тани білуі, яғни ойша моделін құра алуы; іс-әрекет етуге тез бейімделуі; зерттеушілік іс-әрекетін жоғары дәрежеде ұйымдастыра алуы мен өзгелердің көмегін, нұсқауын қажетсінебеуі жатқызылады. Зерттеушілік іс-әрекеттің мақсаты әрбір нақты жағдайда, әрбір пән бойынша өзінің ерекшелігі бар, біз қарастырып отырған өзін-өзі тану пәнінде де мазмұнына қарай өз ерекшелігі бар, дейтұрғанмен бірақ, барлық жағдайда жағдайдан, пәннен тәуелсіз мақсатты тұжырымдауға болады, яғни мақсат тұжырымдау - іс-әрекет барысында алынуға тиіс басты нәтижені анықтау. Барлық іс-әрекет барысы осы мақсатқа бағынады. Оқушы іс-әрекеттің белсенді субъектісі болып табылады. Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру үлгісінің өзіндік мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістері мен ұйымдастырушылық формалары болады, олар ақпараттық білім берудің мақсаттарында, міндеттері мен мазмұнында ескерілуі қажет. Мектеп оқушыларын зерттеушілік іс-әрекетке даярлау үлгісіне деген көзқарасымыз, зерттеу әдісінің оның зерттеу пәніне сәйкес келуімен негізделеді. Үлгілеудің әрбір сатысында өзіндік мазмұн мен жоспарланатын нәтиже бар. Жоғарыда берілген үлгілерді талдаудан үлгідегі педагогикалық үдерістің құрамы берілді. Біз құрастырған үлгі мақсаты, міндеттері, әдіснамалық тұғырлары, ұстанымдары, мазмұны, педагогикалық технологиялары, әдістері, формалары, құралдары, педагогикалық шарттары, нәтижесінен тұратын бастауыш сынып оқушыларын зерттеушілік іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық үлгі болып табылады[7,22-27б] . Оқыту процесі - мұғалімнің бір мезгілде барлық оқушыларды бірыңғай оқытуы болғанымен де, негізінен ол оқушының жеке дара жұмысының түрі. Себебі, әрбір оқушы оны өзінің шама-шарқысы, дайындық жағдайына байланысты өзінше қабылдап, меңгереді. Соған орай жеке дара жұмыс әр оқушының өз бетімен жұмыс істеуге, білімді саналықпен ұғынуға дағдыландырады, оларды қоршаған ортадағы құбылыстардың заңдылықтарын оқып білуге ықыласын тудырады, ойлау белсенділігін арттырады, жеке ізденімпаздыққа бағыттайды. Оқушылардың жеке дара жұмыс түрлерін мынадай типтерге бөлуге болады:

1. Қайта жаңғырту- үлгіге қарап тапсырманы орындау.

2. Реконструктивті-вариативті- алған білімдеріне сүйене отырып, тапсырмаларды өз бетімен орындауы.

3. Эвристикалық- тапсырманы орындаудың басқа жолдарын оқушы өзі іздеп табады. /өз бетімен түсіндіру, демонстрация, құбылыс, ұғымға талдау жасау, аргументтерге сүйене отырып қорытынды жасау.

4. ізденушілік- білімді өз бетімен іздеу.

Білімді өз бетімен іздеу:

Оқулықпен жұмыс істеу, мәтінмен, суретпен жұмыс, мәтінді аудару, талдау, оқыған мәтін бойынша жоспар құру, мәтінді конспектілеу, сұрақтарға жауап жазу, салыстыру, талдау, тұжырымдау, ақпарат көздерімен жұмыс, анықтамалықтармен жұмыс, тапсырманы орындау. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу біліктілігі мен дағдысы түрлі саладағы қызметін (іс-әрекеттерін) дәлелді және тиімді ету үшін қажет. Оқу қызметінің де ажырамас бөлігі зерттеушілік іс-әрекет болып табылады көрсеткен Мектеп оқушыларын зерттеушілік іс-әрекетке баулу – жеке адамға бағытталған білім беру парадигмасын іске асыру болып табылады. Ол білімді шығармашылықпен игертуге, яғни жеке тұлғаның зерттеушілік қабілеттерін, біліктіктерін дамытуға бағытталған оқытуға негізделеді. Мектеп оқушыларына жаңа тақырыптардағы материалдарды игерту және оларды бекіту мен қолдануға арналған жобаларды орындату репродуктивтік-ізденушілік және зерттеушілік іс-әрекет сабақтастықтары негізінде, соның ішінде ізденушілік және зерттеушілік іс-әрекеттер проблемалық оқыту заңдылықтары негізінде ұйымдастыру өз нәтижесін береді. Проблемалық оқыту әдістерін қолдану, яғни сабақтың мақсаттарына сәйкес немесе оқытылып жатқан материалға байланысты проблемалық ахуалды тудыру, оған талдау жасау мен шешуді ұйымдастыру негізінде, оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту нәтижесінде нақты жүзеге асырылады, нәтижесінде олардың білімдері тереңдетіледі және оқушылардың білімдері жүйеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007. – 10-13 б.

2 Мұсабеков М.Ө. Математика сабағында төменгі сынып оқушыларының зерттеушілік қызметін қалыптастыру. //Бастауыш мектеп. - №2. 2016 – 11- 17 б.

3.Қағазбаева Ә.К. Білім – математиканы оқыту әдістемесі. –// Ұлағат. 2017- № 5. – 5- 10 б.

4.Смағұлов Е.Ж., Математика пәнінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. – //Ізденіс. 2018- № 5. – 31-36 б.

5. Әбілқасымова А.Е. Оқушылардың танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру / Монография. - Алматы: Білім, 2016. 178- 190 б.

6.Бекбоев И.Б. Математикадан зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. – //Жоғары мектеп., 2017., № 2. – 18-24 б.

7. Рысбекова А.Қ., Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың кейбір жолдары., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Педагогика ғылымдары» сериясы. № 2 (53) 2017 ж.22-27 б.

ӘОЖ 370.113

**БҰЙЫМ САПАСЫ МАМАНДАР МЕН ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІНЕ
БАЙЛАНЫСТЫ**

Садыкова Гүлжайна Нарзуллақызы.

магистр оқытушы

Сунатуллаева Севинч Курбангалиқызы

3-курс студенті

Түркістан жоғары көп салалы қол-өнер колледжі

Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Gulzhaina@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада бүгінгі таңда өндіріс практикалық және теориялық жағынан жақсы дайындалған, жалпы білім беретін және арнайы пәндер бойынша терең білімі бар, техникалық мәдениеті жоғары мамандарға айтарлықтай деңгейде мұқтаж делінген. Өндірістің ұйымдық нысандары өзгереді, кәсіпорындарды, әсіресе модельдер әзірлеу, өндірісті дайындау, киім пішу, тігу кезінде және әрлеу операцияларында автоматтандыру деңгейі артады. Киім пішу өндірісінде қазірдің өзінде, жеке тапсырыс бойынша киім дайындау кезіндегі сияқты, материалды төсеммен пішуден жеке пішуге көшу байқалуда. Қазіргі заманғы өндіріске компьютерлік техниканы меңгерген мамандар қажет, өйткені өндірістің көптеген сатылары аталмыш техникамен едәуір деңгейде жабдықталатыны қарастырылған.

Тірек сөздер: өндіріс, кәсіпорындар, компьютерлік техника, материалдық мәдениет, дизайнер, тұрмыстық киім.

Аннотация: В данной статье говорится, что сегодня отрасль остро нуждается в хорошо подготовленных специалистах практического и теоретического профиля, имеющих общее образование и глубокие знания по специальным предметам, высокую техническую культуру. Изменяются организационные формы производства, повышается уровень автоматизации предприятий, особенно в разработке моделей, подготовке производства, пошиве, швейных и отделочных операциях. В швейном производстве уже наблюдается переход от тканевой подкладки к индивидуальному пошиву, например, пошиву одежды на заказ. Современное производство требует специалистов, владеющих компьютерными технологиями, так как предусматривается, что многие этапы производства будут оснащены этой техникой на значительном уровне.

Ключевые слова: производство, предприятия, компьютерная техника, материальная культура, дизайнер, домашняя одежда.

Annotation: In this article, it is said that today, the industry is in significant need of well-prepared practical and theoretical specialists, who have general education and deep knowledge in special subjects, and high technical culture. The organizational forms of production are changing, the level of automation of enterprises, especially in model development, production preparation, tailoring, sewing, and finishing operations is increasing. Garment production is already witnessing a shift from fabric lining to individual tailoring, as in custom tailoring. Modern production requires specialists who are proficient in computer technology, as it is envisaged that many stages of production will be equipped with this technology at a significant level.

Key words: production, enterprises, computer equipment, material culture, designer, household clothes.

Бүгінгі таңда өндіріс практикалық және теориялық жағынан жақсы дайындалған, жалпы білім беретін және арнайы пәндер бойынша терең білімі бар, техникалық мәдениеті жоғары мамандарға айтарлықтай деңгейде мұқтаж. Жаппай өндіріс киімдерін шығаратын кәсіпорындар техниканың, технологияның және өндірісті ұйымдастырудың жоғары деңгейімен сипатталады, бұл осы кәсіпорындарда жұмыс істейтіндерге ерекше талаптар қояды. Тігін өндірісінің технологиясы механикаландырылған өндіріске айналып бара жатыр.

Оның тиімділігі арнайы машиналар мен жабдықтарды қолданумен байланысты. Өндірістің ұйымдық нысандары өзгереді, кәсіпорындарды, әсіресе модельдер әзірлеу, өндірісті дайындау, киім пішу, тігу кезінде және әрлеу операцияларында автоматтандыру деңгейі артады. Киім пішу өндірісінде қазірдің өзінде, жеке тапсырыс бойынша киім дайындау кезіндегі сияқты, материалды төсеммен пішуден жеке пішуге көшу байқалуда. Арнайы тігін машиналарының, жартылай тігін автоматтарының, тігін қондырғыларының және кешенді жұмыс орындарының қолданыста болуымен қатар, компьютерлермен басқарылатын технологиялық модульдер деп аталатын модульдер пайда болады. Қазіргі заманғы өндіріске компьютерлік техниканы меңгерген мамандар қажет, өйткені өндірістің көптеген сатылары аталмыш техникамен едәуір деңгейде жабдығталады. Кәсіпорын жұмысының жаңа мың жылдықтағы перспективалары интернетпен тығыз байланысады. Киім адамзаттың материалдық мәдениетінің элементтерінің бірі болып табылады. Адамзат қоғамының әрбір тарихи даму кезеңінде тігін бұйымдары өзгеріске ұшырап отырады. Ол қоғамдық құрылыстың, техника мен экономика дамуының, сондай-ақ ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін, халық тұрмысының, көркемдік талап-талғамы мен салт-дәстүрлерінің талаптарын бейнелейді. Қазіргі әлемде киімнен белгілі бір дәрежеде адамның дербестігі көрініс табады. Іш киім, көйлек, бас киім, аяқ киім, биялай, шұлық сияқты және басқа да заттардың кең жиынтығын киім деп түсінеміз. Киім үнемі аймақтың климаттық жағдайларына қарай бейімделеді, сондықтан түрлі өңірлерде ол пішіні мен материалы жағынан әртүрлі болады. Әлемнің көптеген елдерінде жалпы еуропалық киім үлгілері (пиджак, шалбар – ерлер үшін; көйлек, белдемше, жекет және басқа да жиынтықтар – әйелдер үшін) қабылданған, осылардың негізінде әр түрлі әлеуметтік, географиялық және экономикалық ерекшеліктерге лайықты әрқилы киім түрлері қалыптасты. Тұрмыстық киім – әртүрлі тұрмыстық және қоғамдық жағдайларда кибге арналған киім. Ол күнделікті киетін, салтанатқа киетін, үйге киетін, спорттық киімдер болуы мүмкін. Сырт киім, іш киім, корсетті бұйымдар, жағажай киімі, бас киім және киімге жатпайтын тігін бұйымдары болып ажыратылады. *Тұрмыстық мақсаттағы сырт киімді* құрайтын тігін бұйымдарының сұрыпталымы алуан түрлі болып келеді. Киімдерді эксплуатациялық талаптарын айқындайтын кіші кластарға; заттық тиесілігі бойынша – топтарға; тігін бұйымдарын жас-жыныс белгілері бойынша бөлетін топшаларға; әлеуметтік функцияларына байланысты типтерге бөлу көзделеді. Әрбір киім түрі оның пішіні мен силуэті жең және жағасының пішімін анықтайтын үлгі құрылымына байланысты әртүрлі болады. *Конструкциялау* — тігін бұйымдарын жобалаудың маңызды бөлігі, ол екі кезеңнен тұрады. 1 - к е з е ñ — шығармашылық іздену – конструкциялау әдісін таңдауды және эскизді жоба көлемінде бұйым сызбаларын әзірлеуді, яғни конструкцияны есептеуге арналған формулаларды таңдауды, күрделі пішіндер мен пішімдерді өңдеуді қамтиды. Бұл кезең орындаушыдан жоғары біліктілікті талап етеді. 2 - к е з е ñ — формулаларды есептеу, сызбаны құрастыру, лекалоларды дайындау, жұмыс құжаттамасын құрастыру. Бұл жұмыс есептеуіш техника құралдарымен автоматтандырылуы мүмкін математикалық және логикалық операцияларды орындаумен байланысты. Конструкциялау кезінде практикалық жұмыс тәжірибесі және қолданбалы антропология, материалтану, технологиялар, киім гигиенасы, өндірісті ұйымдастыру және оның экономикасы саласындағы жетістіктер пайдаланылады. Киім конструкциясы бірнеше ұстанымдармен сипатталады: сыртқы пішіні (силуэт және пішім); бұйымның құрамды бөлшектерінің құрылымы; біріктіру тігістерінің түрі, материал түрі. Бөлшектердің мөлшері мен конфигурациясы тұрақсыз болып келеді. Олар сәннің, киім пішімінің, пішіннің бет түрінің, денбетім ерекшеліктерінің, материал қасиеттерінің және бұйымды өңдеу технологиясының ықпалымен өзгеруі мүмкін. Негізгі материалдан жасалған бөлшектер – иықты бұйымдарда алдыңғы жақ (алдыңғы бой), артқы бой, жең және жаға, белдік киімдерде белдемше ені, шалбардың алдыңғы және артқы жақтары. Пішілген бөлшектерге арналған техникалық шарттар. Барлық бөлшектер пішуге арналған келесідей техникалық шарттарға сәйкес пішілуі тиіс. Бір бөлшектен тұратын бел қиығы бойынша қималы немесе қимасыз алдыңғы жақта, арқау жіп бөлшекті бойлай ортасынан жүргізілген

сызыққа параллель өтуі тиіс (1.8-суретті қараңыз, б). Біртегіс боялған мата үшін және бағытталмаған суреті бар мата үшін арқаужіптің қалыпты бағытынан 1% ауытқуға жол беріледі. Жолақты не торлы суреті бар мата үшін ауытқуға жол берілмейді. Киімге қойылатын талаптар өнімнің міндеті мен сапасына сәйкес тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандыру қасиеттерімен анықталады.

Киім сапасы көптеген факторларға байланысты болады, олардың негізгілері:

- материал сапасы;
- бұйымды жобалау (модельдеу және конструкциялау) сапасы;
- технологиялық өңдеу сапасы болып табылады.

Материал сапасы киімнің өз функционалдық міндетіне, бейнесіне және тұтынушының жасына, сән бағытына сәйкес келуімен байланысты. Материалдың гигиеналық қасиеттері адамның көңіл-күйі мен жұмысқа қабілеттілігіне әсер етеді, өйткені киімнің астында қандай да бір микроклимат тудырады. Материалдардың қасиеттері – олардың қаттылығы, күлтелілігі, беріктігі – қажетті көлемді-кеңістіктік пішінді құру мүмкіндігін және оның пайдалану кезіндегі беріктігін анықтайды. Киімді жобалау сапасына киімнің көлемді-кеңістіктік пішіні мен композициясы ғана емес, сондай-ақ оның көркемдік-эстетикалық қасиеттері және бұйымдардың үнемділігі мен технологиялылығы байланысты болады. Тігін бұйымдарының жоғары сапасын қамтамасыз етуде өндірістің барлық кезеңдерінде бақылауды ұйымдастыру зор маңызға ие. Осыған байланысты жұмыс орындарын жабдықтау мен ұйымдастыру әртүрлі болуы мүмкін. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру операцияларда еңбек өнімділігін арттыруға септігін тигізеді және жұмыстың жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Жұмыс орындарының өлшемдері әртүрлі; олар бұйымның және орындалатын операцияның түріне байланысты болады. Жұмысшының көңіл-күйіне және оның жұмыс сапасына дұрыс жайғасу үлкен әсер етеді. Машина жұмыстары әртүрлі инешаншым мен тігімдерді жасайтын машиналарда орындалады. Машина жұмыстарына арналған жұмыс орны жеке электр жетегі бар үстелмен, сондай-ақ отырғыш биіктігін реттеуге мүмкіндік беретін бұрандалы үстелмен жабдықталады. Үстелде тігін машинасының бастиегі орнатылады және қажетті құралдар мен құрылғыларды қойылады. Электр қозғалтқышты іске қосу батырмасын немесе машинаның педалін басу арқылы қосады. Машиналы жұмыс орнында жеке шырағдан немесе машина корпусына құрастырылған шырағдан түрінде жергілікті жарықтандыру болуы тиіс. Қысқыш табанды аяқпен көтеру үшін үсте қақпағының астында орналасқан иінді иінтірек арналған. Үстелдің беті тегіс болуы тиіс, үстелде жіптерді шарыққа орауға арналған арнайы құрылғы орнатылуы тиіс. Үстелдің жұмыс бетінің ауданы жабдық пен құрылғының өлшемдерімен, бұйым бөлшектерінің өлшемдерімен және орындалатын операцияның сипатымен анықталады. Тігін бұйымдарын дайындау кезінде технологиялық жабдықтардың негізгі түрі тігін машиналары болып табылады. Оларды жалпы мақсаттағы машиналар (сырып тігу), арнайы машиналар (орындалатын жұмыс пен тігім түріне қарай мамандандырылған) және жартылай автоматтар деп бөлуге болады. Машиналарды, әсіресе арнайы машиналар мен жартылай автоматтарды пайдаланған кезде операцияны орындауға жұмсалатын уақыт шығындары бірнеше есеге қысқарып, өңделетін бөлшектің сапасы арта түседі.

Конструкция (лат. *constructio*) – қандай да бір зат, машина, аспап және т.с.с. бөлшектерінің оның міндетімен айқындалатын құрылымы, құрылысы, өзара орналасуы.

Киім конструкциясы бірнеше ұстанымдармен сипатталады: сыртқы пішіні (силуэт және пішім); бұйымның құрамды бөлшектерінің құрылымы; біріктіру тігістерінің түрі, материал түрі. Бөлшектердің мөлшері мен конфигурациясы тұрақсыз болып келеді. Олар сәннің, киім пішімінің, пішіннің бет түрінің, денебітім ерекшеліктерінің, материал қасиеттерінің және бұйымды өңдеу технологиясының ықпалымен өзгеруі мүмкін. Қазіргі заманғы модельдеуде бұйымның денебітімге жанасу дәрежесіне қарай (жартылай қынама, қынама, бос, кеңейтілген немесе төменге қарай тарылған) және жанасып тұратын геометриялық пішін түріне қарай (тікбұрышты, трапеция тәріздес, сопақ, Х-тәріздес) жіктелетін киімнің бірнеше жетекші силуэттері қабылданған. Үш силуэт – қынама (қынама бел), жартылай қынама және

түзу (бос) – классикалық силуэтке жатады және сән қанша жерден өзгерсе де, пальто-костюмдік және көйлек-блузкалық сұрыпталым бұйымдары үшін негізгі силуэт болып қала береді. Киім бөлшектері не тек бір материалдан ғана пішілуі мүмкін, не негізгі материалдың, астар мен іштіктің бөлшектер топтамасынан тұруы мүмкін.

Негізгі материалдан жасалған бөлшектер – иықты бұйымдарда алдыңғы жақ (алдыңғы бой), артқы бой, жең және жаға, белдік киімдерде белдемше ені, шалбардың алдыңғы және артқы жақтары. **Пішілген бөлшектерге арналған техникалық шарттар.** Барлық бөлшектер пішуге арналған келесідей техникалық шарттарға сәйкес пішілуі тиіс.

Бір бөлшектен тұратын бел қиығы бойынша қималы немесе қимасыз алдыңғы жақта, арқау жіп бөлшекті бойлай ортасынан жүргізілген сызыққа параллель өтуі тиіс (1.8-суретті қараңыз, б). Біртегіс боялған мата үшін және бағытталмаған суреті бар мата үшін арқау жіптің қалыпты бағытынан 1% ауытқуға жол беріледі. Жолақты не торлы суреті бар мата үшін ауытқуға жол берілмейді. Киімге қойылатын талаптар өнімнің міндеті мен сапасына сәйкес тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандыру қасиеттерімен анықталады.

Киім сапасы көптеген факторларға байланысты болады, олардың негізгілері:

- материал сапасы;
- бұйымды жобалау (модельдеу және конструкциялау) сапасы;
- технологиялық өңдеу сапасы болып табылады.

Материал сапасы киімнің өз функционалдық міндетіне, бейнесіне және тұтынушының жасына, сән бағытына сәйкес келуімен байланысты. Материалдың гигиеналық қасиеттері адамның көңіл-күйі мен жұмысқа қабілеттілігіне әсер етеді, өйткені киімнің астында қандай да бір микроклимат тудырады.

Материалдардың қасиеттері – олардың қаттылығы, күлтелілігі, беріктігі – қажетті көлемді-кеңістіктік пішінді құру мүмкіндігін және оның пайдалану кезіндегі беріктігін анықтайды. Киімді жобалау сапасына киімнің көлемді-кеңістіктік пішіні мен композициясы ғана емес, сондай-ақ оның көркемдік-эстетикалық қасиеттері және бұйымдардың үнемділігі мен технологиялылығы байланысты болады. Тігін бұйымдарының жоғары сапасын қамтамасыз етуде өндірістің барлық кезеңдерінде бақылауды ұйымдастыру зор маңызға ие. Өндірісте бақылаудың мынадай түрлері қабылданған: кірме, операциялық және дайын бұйымдарды бақылау.

Киім дайындау процесі мынадай негізгі кезеңдерден тұрады: модель, конструкция және лекало құрастыру; материалды пішуге және пішімді дайындау (яғни, дайындау-пішу бөлігіндегі жұмыстар); бұйымды тігу және өңдеу.

Жаппай өндіріс үшін модельдерді әзірлеумен және бұйымдарды конструкциялаумен жекелеген дизайнерлік бюролар немесе дизайнерлер кәсіпорын тапсырыстары бойынша, сондай-ақ кейбір кәсіпорындардың эксперименттік цехтары айналысады.

Бағыттаушы міндеттегі модельдер топтамасы әзірленгеннен кейін, оны кәсіпорындар мен ұйымдарға көрсетуді ұйымдастырып, жетекші базалық модельдерді модельдеу, конструкциялау және оларды дайындау технологиясы жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтарды таратуға болады. Топтаманы қарағаннан кейін кәсіпорындар модельдердің мөлшерін, өлшем мен ұзындықтың ұсынылатын шкалаларын және материал артикулдарын көрсете отырып, топтама әзірлеуге өтінім (техникалық тапсырма) беруі тиіс. Кәсіпорынның техникалық тапсырмасының негізінде модель эксиздері әзірленеді. Киім дайындау процесі мынадай негізгі кезеңдерден тұрады: модель, конструкция және лекало құрастыру; материалды пішуге және пішімді дайындау (яғни, дайындау-пішу бөлігіндегі жұмыстар); бұйымды тігу және өңдеу.

Жаппай өндіріс үшін модельдерді әзірлеумен және бұйымдарды конструкциялаумен жекелеген дизайнерлік бюролар немесе дизайнерлер кәсіпорын тапсырыстары бойынша, сондай-ақ кейбір кәсіпорындардың эксперименттік цехтары айналысады.

Бағыттаушы міндеттегі модельдер топтамасы әзірленгеннен кейін, оны кәсіпорындар мен ұйымдарға көрсетуді ұйымдастырып, жетекші базалық модельдерді модельдеу,

конструкциялау және оларды дайындау технологиясы жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтарды таратуға болады. Топтаманы қарағаннан кейін кәсіпорындар модельдердің мөлшерін, өлшем мен ұзындықтың ұсынылатын шкалаларын және материал артикулдарын көрсете отырып, топтама әзірлеуге өтінім (техникалық тапсырма) беруі тиіс. Кәсіпорынның техникалық тапсырмасының негізінде модель эксиздері әзірленеді. Жұмыстың сипатына қарай тігінші оны отырып не тұрып орындай алады, үстелде бөлшекті немесе дайын бұйымды жайғастыра алады. Осыған байланысты жұмыс орындарын жабдықтау мен ұйымдастыру әртүрлі болуы мүмкін. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру операцияларда еңбек өнімділігін арттыруға септігін тигізеді және жұмыстың жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Жұмыс орындарының өлшемдері әртүрлі; олар бұйымның және орындалатын операцияның түріне байланысты болады.

Жұмысшының көңіл-күйіне және оның жұмыс сапасына дұрыс жайғасу үлкен әсер етеді. Машина жұмыстары әртүрлі инешаншым мен тігімдерді жасайтын машиналарда орындалады (1.42-сурет).

Машина жұмыстарына арналған жұмыс орны жеке электр жетегі бар үстелмен, сондай-ақ отырғыш биіктігін реттеуге мүмкіндік беретін бұрандалы үстелмен жабдықталады. Үстелде тігін машинасының бастиегі орнатылады және қажетті құралдар мен құрылғыларды қойылады. Электр қозғалтқышты іске қосу батырмасын немесе машинаның педалін басу арқылы қосады.

Машиналы жұмыс орнында жеке шырағдан немесе машина корпусына құрастырылған шырағдан түрінде жергілікті жарықтандыру болуы тиіс. Қысқыш табанды аяқпен көтеру үшін үсте қақпағының астында орналасқан иінді иінтірек арналған. Үстелдің беті тегіс болуы тиіс, үстелде жіптерді шарыққа орауға арналған арнайы құрылғы орнатылуы тиіс. Үстелдің жұмыс бетінің ауданы жабдық пен құрылғының өлшемдерімен, бұйым бөлшектерінің өлшемдерімен және орындалатын операцияның сипатымен анықталады. Тігін бұйымдарын дайындау кезінде технологиялық жабдықтардың негізгі түрі тігін машиналары болып табылады. Оларды жалпы мақсаттағы машиналар (сырып тігу), арнайы машиналар (орындалатын жұмыс пен тігім түріне қарай мамандандырылған) және жартылай автоматтар деп бөлуге болады.

Машиналарды, әсіресе арнайы машиналар мен жартылай автоматтарды пайдаланған кезде операцияны орындауға жұмсалатын уақыт шығындары бірнеше есеге қысқарып, өңделетін бөлшектің сапасы арта түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Апыхтина М. Н. Ұйымдастыру және жоспарлау өндіріс кәсіпорындарында тігін өнеркәсібі / М. Н. Апыхтина, Т. А. Грызлова. — М.: Легкая индустрия, 1974.
2. Гуров В. Э. өндірісті Ұйымдастыру жоғары сапалы ерлер костюм / В. Э. Гуров, О. В. Исаева, Б. С. Сақулин. — М.: Легпромбытиздат, 1989.
3. Демина А. П. Ағыны тігін өндірісі / А. П. Демина. : МТИЛП, Жеңіл индустрия, 1976.
4. Доможиров Ю. А. тігін өндірісінің үрдіс ішіндегі тасымалдануы / М.: Легпромбытиздат, 1987.

УДК: 378.011.33

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБКИХ НАВЫКОВ У СТУДЕНТОВ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО НАПРАВЛЕНИЯ

Сабилова Жанылсын Нурмухановна,

психология ылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Ергалиева Жансая Абдикаримовна

«7М01101 – Педагогика и психология» мамандығының магистранты

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Аннотация. Формирование гибких навыков студентов – важная задача педагогических вузов, направленная на подготовку компетентных специалистов, способных адаптироваться в условиях быстро меняющегося мира. Гибкие навыки включают такие качества, как коммуникабельность, эмоциональная устойчивость, критическое и креативное мышление, умение работать в команде и решать проблемы. Это те психологические характеристики, которые помогают личности успешно социализироваться в обществе и продуктивно выполнять профессиональные обязанности.

Ключевые слова: инклюзивное образование, психолого-педагогические аспекты, педагоги вуза, обучающиеся с ОВЗ, студенты с ООП, инклюзивная готовность и компетентность.

Аннотация. Студенттердің икемді дағдыларын қалыптастыру-тез өзгеретін элем жағдайында бейімделе алатын құзыретті мамандарды даярлауға бағытталған педагогикалық жоғары оқу орындарының маңызды міндеті. Икемді дағдыларға қарым-қатынас, эмоционалды тұрақтылық, сыни және шығармашылық ойлау, командада жұмыс істеу және мәселелерді шешу сияқты қасиеттер жатады. Бұл жеке тұлғаның қоғамда сәтті әлеуметтенуіне және кәсіби міндеттерін нәтижелі орындауға көмектесетін психологиялық сипаттамалар.

Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, психологиялық-педагогикалық аспектілер, ЖОО педагогтары, ДСҰ-мен білім алушылар, ОР студенттері, инклюзивті дайындық және құзыреттілік.

Annotation. The formation of flexible skills of students is an important task of pedagogical universities aimed at training competent specialists who are able to adapt to a rapidly changing world. Flexible skills include qualities such as sociability, emotional resilience, critical and creative thinking, teamwork and problem solving skills. These are the psychological characteristics that help a person successfully socialize in society and productively perform professional duties.

Keywords: inclusive education, psychological and pedagogical aspects, university teachers, students with disabilities, students with OOP, inclusive readiness and competence.

В условиях современной образовательной и профессиональной среды спрос на специалистов с развитыми гибкими навыками стремительно растет. Гибкие или мягкие навыки включают в себя умения эффективно коммуницировать, креативно подходить к решению задач, работать в команде и адаптироваться к новым условиям, а также эмоциональный интеллект. Для студентов психолого-педагогического направления формирование этих навыков является неотъемлемой частью подготовки к будущей профессиональной деятельности, поскольку их профессия тесно связана с взаимодействием с людьми, эмпатией и межличностными коммуникациями.

Давайте подробнее рассмотрим ключевые гибкие навыки, способствующие личностному и профессиональному развитию студентов психолого-педагогического направления:

❖ Коммуникативные навыки — это сумма качеств и умений личности, которые помогают ей эффективно взаимодействовать с окружающими, строить отношения,

обмениваться информацией и работать в команде. Эти навыки играют важную роль как в личной, так и в профессиональной жизни, поскольку они позволяют наладить доверительные связи, понимать друг друга и эффективно достигать общих целей.

Другими словами, коммуникативные навыки — это умение передавать информацию, выстраивать диалог и общаться с людьми на разных уровнях. Основные компоненты коммуникативных навыков включают активное слушание, четкость и ясность выражений, понимание и владение невербальными сигналами при общении, умение задавать вопросы, предоставлять и получать обратную связь.

❖ Эмоциональный интеллект — это способность человека осознавать, понимать и управлять как собственными эмоциями, так и эмоциями других людей. Это совокупность навыков, позволяющих эффективно взаимодействовать с окружающими, находить подход к разным людям и выстраивать гармоничные отношения в различных сферах жизни, будь то работа, семья или дружба.

Эмоциональный интеллект включает в себя несколько ключевых аспектов, таких как самоосознанность, саморегуляция, мотивация, эмпатия и социальные навыки. Последнее, в свою очередь, представляет собой способность налаживать контакты и поддерживать продуктивное взаимодействие с окружающими. Это навыки коммуникации, умение работать в команде, строить доверительные отношения и разрешать конфликты.

❖ Управленческие навыки — это набор способностей, которые помогают человеку эффективно руководить людьми, организовывать работу команды, мотивировать коллектив, распределять ресурсы и принимать решения для достижения целей организации. Они являются основой успешного лидерства и играют важную роль в управлении любыми проектами или процессами, включая образование.

К навыкам менеджмента относятся навыки планирования и организации, принятия решений, способности к лидерству и эффективной коммуникации, тайм-менеджмент, информационная и финансовая грамотность. Не стоит забывать и о важности адаптивности и стрессоустойчивости — качеств, позволяющих личности работать в условиях неопределенности и сохранять эффективность в стрессовых ситуациях.

❖ Коллаборативные навыки — это умения, необходимые для эффективного взаимодействия и совместной работы с другими людьми в команде. Эти навыки помогают людям организовывать рабочие процессы, делиться идеями, объединять усилия для достижения общих целей и находить компромиссные решения в сложных ситуациях. Коллаборативные навыки особенно важны в учебно-воспитательном процессе и психолого-педагогическом сопровождении.

Среди компонентов коллаборативных навыков можно выделить командное взаимодействие, эмпатию и эмоциональный интеллект, умение решать конфликты, навыки общения, а также умение делегировать и принимать помощь. Кроме того, навыки сотрудничества предполагают демонстрацию таких личностных качеств, как ответственность и надежность, адаптивность и гибкость.

❖ Критическое мышление — это способность объективно оценивать информацию, анализировать факты, находить логические связи и приходить к обоснованным умозаключениям. Оно помогает людям не принимать информацию на веру, а подходить к ней осознанно и критически, что особенно важно в условиях большого потока данных и противоречивых источников.

Критическое мышление предполагает глубокий и разносторонний анализ проблемы или информации, выстраивание логических последовательностей и установление причинно-следственных связей, что помогает делать обоснованные выводы. В аспекты критического мышления также входят скептическое отношение к информации и оценка аргументов на достоверность и обоснованность.

❖ Креативное мышление — это способность генерировать новые, оригинальные идеи, находить нестандартные решения и подходить к задачам с творческой стороны.

Креативное мышление позволяет человеку мыслить за рамками привычного, искать новаторские способы решения проблем и вдохновлять других своими идеями [1].

Основополагающим фактором креативного мышления является воображение - способность представлять в голове новые идеи, концепции и возможности. Кроме того, значение имеют гибкость мышления как готовность менять точку зрения и рассматривать альтернативные варианты, оригинальный и интуитивный подход к решению простых и сложных задач, и, собственно, навыки решения проблем.

❖ Цифровая грамотность

Как видно гибкие навыки взаимосвязаны и часто плавно перетекают из одного в другое, поэтому их следует формировать комплексно и последовательно. Знание их основных аспектов, предполагаемых качеств и умений поможет преподавателям успешно развить данные навыки у студентов, будущих психологов-педагогов.

❖ Особенности их формирования у студентов психолого-педагогического профиля можно рассмотреть следующим образом:

1. *Развитие эмоционального интеллекта и эмпатии.* Психолого-педагогические специальности предполагают работу с людьми, требующую понимания и принятия эмоций и потребностей окружающих. Студенты развивают эти навыки в ходе общения с одноклассниками и преподавателями, а также через практику с клиентами или детьми.

2. Умение решать конфликты и выстраивать коммуникации. Коммуникативные навыки у студентов формируются через групповые дискуссии, ролевые игры и тренинги. В колледже создаются условия для отработки взаимодействия в различных конфликтных ситуациях, что позволяет студентам научиться находить конструктивные решения.

3. Навыки командной работы. Групповая работа и совместные проекты развивают способность взаимодействовать с другими, эффективно распределять роли и достигать общих целей. Такой подход помогает сформировать навыки межличностного общения и повышает ответственность за общий результат.

4. Креативность и критическое мышление. Студенты учатся генерировать идеи, анализировать ситуации и подходить к проблемам нестандартно. Развитие креативного мышления происходит через участие в исследовательских и творческих проектах, что помогает студентам находить новые способы решения педагогических и психологических задач.

5. Стрессоустойчивость и адаптивность. Специальности, связанные с педагогикой и психологией, могут быть эмоционально сложными, поэтому важно развивать у студентов навыки саморегуляции и устойчивости к стрессу. В колледже это достигается через тренировки в контроле эмоций и методах расслабления.

6. Этические и моральные принципы. Студенты учатся работать в соответствии с этическими нормами и стандартами профессии. Это важно для развития ответственности и понимания профессиональной роли, а также для формирования навыков принятия взвешенных решений [2].

В процессе обучения гибкие навыки формируются как через специальные образовательные программы и тренинги, так и в процессе практической деятельности, где студенты имеют возможность применять знания на практике и анализировать собственный опыт.

Особенности формирования гибких навыков у студентов психолого-педагогического направления

В данной статье рассмотрим ключевые особенности и методы формирования гибких навыков у будущих специалистов в области психологии и педагогики.

Теперь рассмотрим значимость гибких навыков для студентов психолого-педагогического направления

Гибкие навыки являются важной составляющей успешной профессиональной деятельности в психолого-педагогической сфере. Эти навыки позволяют студентам не только эффективно работать с разными категориями людей (например, с детьми,

родителями, коллегами), но и адаптироваться к сложным и часто эмоционально нагруженным ситуациям, характерным для данной профессии. Наличие гибких навыков делает специалиста более чутким, помогает выстраивать доверительные отношения и принимать взвешенные решения в условиях стресса. Психолого-педагогическая деятельность требует постоянного взаимодействия с людьми, поэтому высокий уровень гибких навыков является залогом профессионального успеха.

Основные компоненты гибких навыков и их развитие

Для студентов психолого-педагогического направления ключевыми гибкими навыками являются:

1. Эмоциональный интеллект и эмпатия.

Эмоциональный интеллект, включающий способность осознавать и контролировать свои эмоции, а также понимать чувства других людей, является важной чертой специалиста в области психологии и педагогики. Для развития эмоционального интеллекта в образовательной среде проводятся тренинги и ролевые игры, направленные на выявление и анализ эмоциональных состояний. Кроме того, студенты изучают техники эмпатического слушания, что помогает им лучше понимать собеседника и создавать комфортную атмосферу в общении.

2. Коммуникативные навыки и навыки разрешения конфликтов.

Студенты психолого-педагогического направления должны уметь налаживать и поддерживать контакт с разными людьми, будь то дети, взрослые или коллеги. Важное место здесь занимает умение разрешать конфликты, что особенно полезно при работе в образовательных учреждениях. Развитие этих навыков осуществляется через групповую работу, обсуждение кейсов и ролевые игры, в ходе которых студенты учатся находить компромиссные решения и конструктивно разрешать конфликтные ситуации.

3. Креативное мышление и способность к решению проблем.

Психолого-педагогическая деятельность требует от специалиста гибкости мышления, готовности искать нестандартные подходы и генерировать новые идеи для решения задач. В процессе обучения студенты развивают креативное мышление и навыки решения проблем через участие в творческих и исследовательских проектах, что помогает им находить оптимальные решения для различных ситуаций, с которыми они могут столкнуться в профессии.

4. Стрессоустойчивость и адаптивность.

Работа в сфере психологии и педагогики может быть эмоционально сложной, поэтому важной задачей является развитие стрессоустойчивости. Студенты учатся методам управления стрессом и освоению техник релаксации. Важно, чтобы будущие специалисты умели сохранять эмоциональную устойчивость в сложных ситуациях и были готовы быстро адаптироваться к изменениям. Это позволяет им поддерживать продуктивное взаимодействие с окружающими даже в условиях высокой эмоциональной нагрузки.

5. Этические нормы и ответственность.

Студенты психолого-педагогического направления должны понимать важность соблюдения профессиональной этики. Знание этических норм помогает им принимать взвешенные решения и повышает чувство ответственности перед клиентами, учащимися и коллегами. Это качество воспитывается как через изучение профессиональной этики, так и через анализ реальных ситуаций, когда соблюдение моральных принципов играет ключевую роль [3].

Методы формирования гибких навыков

Формирование гибких навыков у студентов психолого-педагогического направления требует комплексного подхода, включающего разнообразные методы и формы обучения:

- Тренинги и мастер-классы. Проведение тренингов, направленных на развитие навыков общения, управления конфликтами и эмоционального интеллекта, позволяет студентам погружаться в ситуационные кейсы и отрабатывать навыки на практике.

- Ролевые и деловые игры. Эти методы позволяют студентам моделировать реальные ситуации, с которыми они могут столкнуться в профессии. Например, игры, в которых студенты исполняют роли учителя и ученика, помогают развивать эмпатию, умение решать конфликты и находить общий язык с людьми разного возраста.

- Групповые проекты и обсуждения. Работа в группах помогает студентам развивать навыки командного взаимодействия и учиться решать задачи сообща. Такие проекты часто направлены на решение проблемных ситуаций, что помогает студентам формировать ответственность за общее дело.

- Практическая деятельность. Во время прохождения практики студенты имеют возможность применять свои знания на практике, сталкиваясь с реальными проблемами и ситуациями. Такой опыт позволяет развивать гибкие навыки в условиях реальной работы.

- Рефлексия и самоанализ. Студентов побуждают к анализу своих действий и эмоциональных состояний, что помогает лучше понять себя и развивать эмоциональную компетентность. Этот процесс поддерживается через ведение дневников наблюдений и рефлексивных отчетов [4].

В заключении можно отметить, что формирование гибких навыков у студентов психолого-педагогического направления играет важную роль в их профессиональной подготовке. Эти навыки не только помогают будущим специалистам успешно работать с людьми, но и делают их более устойчивыми к изменениям и профессиональным вызовам. Для эффективного развития гибких навыков необходима продуманная система обучения, которая сочетает в себе тренинги, практические занятия и самостоятельную работу над собой. Формирование гибких навыков позволяет выпускникам психолого-педагогических специальностей стать уверенными, чуткими и профессионально подготовленными специалистами, способными эффективно выполнять свои обязанности и вносить вклад в развитие общества.

ЛИТЕРАТУРА:

1 Ермаков Д. С., Аамантай Ж.А., Изучение и развитие «гибких» навыков как психолого-педагогическая проблема. материалы Международной научно-практической конференции «Образование и психолого-педагогическая наука: системность, преемственность, инновационность», посвященной 110-летию со дня рождения академика Т.Т.Тажимаева – алматы: казахский университет, 2020. – С.17-19.

2 Цымбалюк А.Э., Виноградова В.О. Психологическое содержание soft skills //Ярославский педагогический вестник. – 2019 – № 6 (111). – с. 120-127.

3 Газизулина Л.Р. Развитие мягких навыков в ходе иноязычной подготовки аспирантов .вестник нижегородского университета им. н.и. лобачевского. серия: социальные науки, 2019, № 4 (56), С. 275–279

4 Еремеев К.С. Направления совершенствования воспитательной работы со студентами в условиях цифровой трансформации общества

УДК 378

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА ТРЕНДТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Жанахметов Жанулан Жеткизгенович., Нурмаганбетов Абылай Жамбылбаевич

Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері

"Мәлік Ғабдуллин атындағы № 70жалпы білім беретін орта мектеп"КММ

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

E-mail:ulan.88.88@mail.ru. Ablai.www.kz@bk.ru

Аннотация: Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңашылдық, педагогикалық технологиялар мен білім берудің жаңа трендтерін оқу процесіне ендірудің қажеттілігі мен маңыздылығы, оның ғылымдағы мәні кеңінен қарастырылған.

Тірек сөздер: Білім Беру Жүйесі, Педагогикалық Технология, Жаңа Трендтер, Инновация, Оқу-Тәрбие Процесі.

Аннотация: В статье широко рассматривается необходимость и важность внедрения инноваций современной системы образования, педагогических технологий и новых тенденций образования в учебный процесс, его значение в науке.

Ключевые слова: Система образования, педагогические технологии, новые тенденции, инновации, образовательный процесс

Annotation: The article discusses innovation in the education system, the importance and necessity of introduction in educational process of new educational technologies and trends education and its importance in teaching science.

Keywords: Education, Educational Technology, New Trends In Education, Innovation, The Educational Process.

Білім берудегі трендтер – бұл білім берудің өзгеру процестері. Соңғы он жыл бойында білім беру жүйесінде педагогикалық инновацияларды және компьютерлік әдістемені оқыту оқудың нәтижелері мен оның сапасын жақсарту мақсатында белсенді түрде енгізіліп келеді.

Қазіргі кезеңде қолданылып жүрген инновациялық технологияның негізіне жататындар: әрбір білім алушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру; білім алушылардың қабілеттері мен шығармашылығын арттыру; білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру. Инновациялық технология түрлеріне: ынтымақтық педагогикасы; білім беруді ізгілендіру технологиясы; проблемалы оқыту технологиясы; тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы; түсіндіру басқарып оза оқыту технологиясы; деңгейлік саралап оқыту технологиясы; міндетті нәтижеге негізделген деңгейлеп саралап оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; жобалап оқыту технологиясы.

Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес.

Тренд дегеніміз не? Тренд ("трэнд"деп оқылады, ағылш. trend - тренд) - негізгі бірқатар тенденциялардың уақыт бойынша өзгеру процесі (Ақпарат көзі: Еркін энциклопедиясы). Білім беру жүйесіндегі трендтер – оның өзгерісіндегі тенденциялар[1].

Трендтер спортта, сәнде, экономикада және білім беруде қолданыста бар. Білім берудегі трендтер – бұл білім берудің өзгеру процестері. Соңғы он жыл бойында білім беру жүйесінде педагогикалық инновацияларды және компьютерлік әдістемені оқыту оқудың нәтижелері мен оның сапасын жақсарту мақсатында белсенді түрде енгізіліп келеді. Оқу сапасы оқу процесінің тиімділігі критерийін және дәстүрлі және кез келген инновациялық технологияны оқытуды анықтау [2].

Қазіргі қоғамдағы басты трендтердің алғашқысы – *білім беруді цифрландыру*. Оның көрсеткіштері: жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының цифрлық платформаларында виртуалды зертханалар, электрондық кітапханалар, электрондық оқулықтар, ашық онлайн-курстар, бейне-дәрістер, т.б. орналастырылған; білімді бағалау және бағаны есепке алу автоматтандырылған жүйелерінің, мысалы, *Moodle, Univer, Platonus* қолданылуы; прокторинг жүйесін пайдалану арқылы емтихан кезінде білім алушылар іс-әрекеті бақыланып, олардың академиялық адалдық ережелерін бұзбауы қамтамасыз етіледі; плагиатты анықтау жүйелері - *StrikePlagiarism, Turnitin, Aero* – оқытушылардың ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектерінің, білім алушылардың жазбаша жұмыстарының бірегейлігін анықтау үшін қолданылады; электрондық тіркеу жүйелері оқуға құжат тапсыру, оқу пәніне жазылу, анықтама алу, жатақханадан орын алу, жеке мәліметтерді тіркеу, т.б. жүзеге асыруға көмектеседі. Қазақстандағы білім беруді цифрландыру үдерісі қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның сын-қатерлерін еңсерудің және орнықты экономикалық және әлеуметтік дамуды қамтамасыз етудің қуатты құралы екені сөзсіз.

Көптілділік – жоғары білім беру саласындағы қазіргі басымдықтардың бірі. Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында жоғары

білім беру жеті тілде - қазақ, орыс, ағылшын, қытай, түрік, француз және неміс тілдерінде жүзеге асырылады. Әлемнің отыздан астам елінен жүзден астам шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен, қос дипломды, т.б. білім беру бағдарламалары іске асырылады, бұл мемлекеттер қатарында АҚШ, Ресей, Франция, Германия, Литва, Түркия, Польша, Оңтүстік Корея, Қытай, Чехия, Испания, Португалия бар [2]. Қазіргі заман маманы – бірнеше тіл игерген көпмәдениетті тұлға. Сондықтан, Қазақстандық жоғары оқу орнының түлегі моделінде көптілділік – маңызды құзыреттердің бірі.

Қазіргі уқытта білім беру саласының тағы бір маңызды басымдықтарының бірі - барлық адамдардың *білім алу құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету*. Білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз ететін алғышарт – инклюзивті орта ұйымдастыру. Инклюзивті білім берудің мақсаты - интеллектуалды дамуды, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. ҚР-дағы нормативті-құқықтық құжаттар арқылы міндеттелген инклюзивті білім беру педагогтардың кәсіби іс-әрекетіне қойылар талаптарды да күшейтеді. Мысалы, «Педагог» кәсіби стандартына сәйкес барлық деңгейдегі педагогтар инклюзивті білім беру саласында арнайы біліктіліктерді меңгеруі тиіс[3].

Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты қазіргі уақыттағы оқыту процесін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, енгізіліп жатыр. Олар: Лысенкованың алдына ала оқыту, Шаталовтың интенсивті оқыту (тірек сигналдарын пайдалану арқылы), Эрдниевтің ірі блоктан оқыту, мәселелік оқытудың белсенді әдісі, т.б., В.М. Монаховтың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ профессор Ж.Қараевтың деңгейлік оқыту технологиясын елімізде қолданып жүр. Білім орындарында жүргізіліп жатқан қазіргі тәжірибелік-сынақ жұмыстардың басты міндеті – жаңаша оқытудың педагогикалық технологиясын оқу процесіне енгізу. Мәселен, Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдовтың бірлесе жасаған «Дамыта оқыту жүйесі» бір- бірімен тығыз байланысты әрі мынадай ұстанымдардан құралады: жоғары деңгейдегі қиындықта оқыту; теориялық білімнің жетекші ролі; оқу материалын жеделдете оқыту; оқу процесін білім алушының сезінуі; барлық білім алушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Барлық жаңа технологияның алдымен қоятын мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру. Принциптері – оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру.

Соңғы он-жиырма жылдағы әлеуметтік құбылыстар қоғамның дамуы өзгерместен бір орында тұруы мүмкін емес, барлық бағыттарда, білім беру саласында да, соның ішінде жоғары білім беру жүйесінде де елеулі эволюция бар екендігін көрсетеді. Қазіргі қоғамдағы жаһандық өзгерістер, үрдістер маман тұлғасының бойында негізгі кәсіби құзыреттіліктермен қатар бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, сананың ашықтығы, жаңашылдық сияқты жаңа кәсіби сапалардың қалыптасуын қажет етеді. Бұл сапалар маманның әлемдік саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік, ақпараттық кеңістікке еркін шығуына кең мүмкіндіктер беріп, қоғам өзгерістеріне тез бейімделуіне көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Рысбаева А.К. Педагогикалық процесс субъектілерінің табысты іс-әрекетіне интерактивті оқытудың ықпалы. - Алматы, 2008, 80б.
2. Абуов А.Е. Мектептің оқу-тәрбие үрдісінде білім беруді, инновациялық технологиясын пайдаланудың педагогикалық шарттары. Пед.ғ.к. дисс ... - Шымкент. 2005. - 151 б.
3. Красильникова В.А. Компьютерлік технологияны оқыту концепциясы. – Орынбор: ОГУ, 2008. – 42с.

**ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ СТУДЕНТТЕРДІҢ
ІЗГІЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН АРТТЫРУ**

Сұлтанбек М.Ж. PhD., аға оқытушы, Мақсұт М.Ж.

7M01303 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру
бағдарламасының магистранты

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

E – mail: manshuk.maksut@mail.com

***Аннотация.** Бұл мақалада қазіргі заманғы білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы барысында ізгілікті қарым қатынастың ерекшеліктері көрсетілген. Болашақ мұғалімдер үшін тек кәсіби біліктілікпен қатар, ізгілікті қарым-қатынастарды дамыту жолдары қарастырылған.*

***Тірек сөздер:** цифрлық технология, білім беру саласы, технология, ізгілікті қарым қатынас, эмпатия, виртуалды платформа, интерактивті сабақтар.*

***Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности гуманитарного общения в контексте интенсивного развития цифровых технологий в современной образовательной системе. Обсуждаются пути развития гуманитарных отношений наряду с профессиональной квалификацией для будущих учителей.*

***Ключевые слова:** цифровые технологии, сфера образования, технологии, гуманное общение, сочувствие, виртуальная платформа, интерактивные уроки.*

***Annotation.** This article highlights the characteristics of humanitarian relationships in the context of the intensive development of digital technologies in the modern educational system. It explores ways to develop humanitarian relationships for future educators alongside their professional qualifications.*

***Keywords:** digital technologies, education, technology, humane communication, empathy, virtual platform, interactive lessons.*

Кіріспе

XXI ғасырдың басында цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адамзат дамуының жаһандық трендіне айналды. Үлкен деректер, виртуалды және толықтырылған шындық, бейімделу жүйелері, заттар интернеті, жасанды интеллект және ақпараттық дәуірдің басқа белгілері өмірдің барлық салаларында инновациялардың кең дамуына ықпал етеді, әлеуметтік- экономикалық дамудың үлкен перспективаларын ашады, адамдардың өмір сүру сапасын өзгертеді. Жаңа буын технологияларын кеңінен енгізу, күн сайын ақпарат көлемінің бірнеше есе артуы, роботтандыру, қазіргі әлемде техникамен басқару жүйелерінің айтарлықтай күрделенуі білім берудің барлық буындары мен деңгейлеріне қойылатын талаптарды мүлдем жаңа сапалы деңгейге көтеруде. Бұл сөзімізді дәйектей айтатын болсақ: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру және педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту сияқты басты стратегиялық міндет айқындалды «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы// [1].

Бүгінгі заманда жаңа компьютерлік технологияларды енгізумен бірге «технология» деген ұғым жиі кездеседі. XX ғасырдың 60 жылдарындағы АҚШ пен Англияда пайда болып, содан бұл термин өмір қажеттілігіне байланысты дүниежүзіне таралып кетті. Педагогикада бұл ұғым аз ғана күш жұмсап, ең жақсы жоғарғы нәтижеге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған.

Егер материалдық өндіріс саласында еңбек затын бірте - бірте терең меңгеру негізінде еңбек өнімінің өсуіне әкелетін жаңа технологиялар жасалса, ол білім беру саласында

басқаша, технологиялар ұстаз іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан істелген конструкциялар ретінде жасалынады.

«Технология» деген термин гректің түп тамыры *techne* – өнер, шеберлік, кәсіп және *logos* – ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе білімді беретін деген сөзді құрайды. Ол өндірістік үдерістерді жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы [2].

Цифрлық технологиялар — бұл ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және жеткізу үшін қолданылатын электронды құралдар мен бағдарламалық қамтамасыз етулер. Оларға компьютерлер, смартфондар, интернет, әлеуметтік желілер және білім беру платформалары жатады.

Білім беру саласындағы цифрлық технологиялардың рөліне келітін болсақ – білім беру саласында цифрлық технологиялар білім беру процесін тиімді ету, студенттердің білім алуын жетілдіру, мұғалімдер мен студенттер арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында қолданылады. Олардың көмегімен ақпаратқа қолжетімділік артып, оқу материалының интерактивтілігі мен қызықтылығы арттады. Цифрлы білім берудегі басты ерекшелік – оқу диалогын қамтамасыз ету: диалогтың мүмкіндігі және мазмұны оқу процесін ұйымдастыру формасымен, педагог пен білім алушының бір уақытта бір жерде болуымен анықталады.

Цифрлы білім берудегі байланыс технологияларының екі түрін ажыратады: *on-line* және *off-line*. *On-line* технологиялар белгілі бір уақыт режимінде ақпарат алмасуды қамтамасыз етсе, *off-line* технологияларын пайдаланғанда алынған хабарламалар жіберушінің компьютерінде сақталады.

Желілік (интернет) технологиясы – цифрлы білім беру ортасында білім алушылардың қай жерде тұрғанына қарамастан ақпараттық білім беру ресурстарына қолжеткізуін қамтамасыз ететіндей және оқу үрдісін жүзеге асыратын оқу-әдістемелік, техникалық-бағдарламалық құралдарының кешенді жиынтығы.

Телекоммуникациялық технология – білім алушылардың цифрлы кітапханалар, электронды оқу-әдістемелік кешендер және т.б. ақпараттық білім беру ресурстарына (мәтіндік, графикалық, аудио- және бейнеформаларына) қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін ақпаратты таратудың ғарыштық-спутниктік құрылғыларын, жаһандық-локальды желілерді қолданатын қашықтан білім беру технологиясы [3].

Ізгілікті қарым-қатынас – бұл адамаралық байланыстардың негізі. Мұғалімдер мен студенттер арасындағы дұрыс қарым-қатынас оқу нәтижелерін жақсартып, студенттердің мотивациясын, қызығушылығын арттырады. Бұл өз кезегінде оқу процесін сапалы етеді. Ізгілік – адамгершілік, адамға сүйіспеншілік идеясын, білдіретін көзқарастар жүйесі. Осыған сәйкес ізгілікті педагогика жаршысы Ш.А.Амонашвили: “біз балаларды қандай болса сол қалпында жақсы көретін, жаны мейірімді адам болуымыз керек”. “Баланы түсіну - яғни оның позициясын құрметтеу”, - деген пікірмен, кез-келген баланы қандай болса сол қалпында қабылдау туралы тәрбиедегі өзекті мақсаттарды алға қояды. Сонымен қатар, Ш.А.Амонашвили “рухани ізгілік” ұғымын енгізудің маңыздылығына тоқталды: “Өз санамызға руханилықтың өлшемін қабылдап, соның негізінде ойлау өте маңызды. Материалистік философия ойлау негіздері ретінде үш өлшемді құптайды - уақыт, материя, кеңістік. Ұлғайған сана осы өлшемдердің алдына тағы бір өлшемді - руханилықты қояды, оның өзегі жоғарғы бастауға деген сенім болып табылады. Рухани өлшем педагогиканы даналықпен толықтырып, болашаққа бағыттайды. Педагогикадағы жаңа ұғым – бұл рухани ізгілік. Ол бүкіл білім беру жүйесіне енуі тиіс. Руханилық, ізгілік, сүйіспеншілік, мейірімділік, бейбітшілік, игілік ұғымдарының негізінде педагогикалық сананы өзгерту ғана білім берудегі кедергілерді – қоғамдағы рухсыздық пен өнегесіздікті жеңуге мүмкіндік береді” [4]. Ғалымдар жасаған педагогикалық ақпарат көздеріне талдаулық шолу жасасақ, саналы меңгерілген білімнің рухани-адамгершілік және зияткерлік екі аспектісіне сәйкес білім беру ортасын ізгілендіруге байланысты, оқыту мен тәрбие берудің тиімді өлшемдері

шығады. Себебі, тұлғаның қабілетін арттырудың қажетті дербестік, деңгейі, оның қоршаған ортаға құндылық қатынасын жалпы өзін-өзі тануын қалыптастырады.

Ш.А. Амонашвили білім беру ортасын ізгілендіру үшін, келесі педагогикалық талаптарды ұстану қажеттілігін атап көрсетеді:

Бірінші. Ізгілікті білім беру ортасында білім алушы өзінің еркін таңдау жасау әрекетінің үнемі онымен ілесіп жүретінін педагог сезінуі қажет. Педагогикалық үдерісте, ойын – бұл шындықты тану әдісі. Ал педагогтың рөлі, шабыт беру арқылы үздіксіз танымдық іс-әрекетке бағдарлау.

Екінші. Педагог пен білім алушы арасындағы ізгілікті білім беру ортасы айқын бейнеленген дамушы үдерісті сипаттауы қажет. Ізгілікті білім беру ортасы тұлғаның ізгілікті-жеке рухани бастауына қарай құрылатын педагогикалық-психологиялық мәнге ие.

Үшінші. Ізгілікті білім беру ортасы тұлғаға өмірдің жарқын сәттерін сыйлайды. Себебі: тұлға – ерекше рухани күш иесі. Демек, арнайы ұйымдастырылған ізгілікті білім беру ортасы, оның түгел танымдық, өмірлік, рухани қажеттіліктерін және өзін-өзі тану ұмтылысын қанағаттандыруы тиіс [5]. Осы білім берудің ізгілікті ортасында педагогикалық зерттеулердің субъектісі ретінде, тұлға өзінің жеке өзекті қабілет деңгейлерін органикалық дамытумен бірге, сана арқылы зияттық және рухани болмысын тануға бағыттауы тиіс. Мұнда, білім берудің құндылықты бағдары тұлғаның өз бетінше Әлем, адам, табиғи қоршаған ортамен қатынасы жайлы білімді тұтас қарастыратын ізгілікті ортада ұйымдастырылады.

Болашақ мұғалімдердің ізгілікті қарым-қатынасын дамыту үшін бірнеше негізгі аспектілерді ескеру қажет:

Эмпатия: студенттердің эмоцияларын түсіну және қолдау көрсету.

Коммуникация: Ашық және тиімді қарым-қатынас орнату.

Қолдау көрсету: Оқушылардың жеке қажеттіліктеріне назар аудару.

Енді цифрлық технология арқылы ізгілікті қарым қатынасты арттыру тәсілдеріне келетін болсақ төмендегі үлгілерде көрсетеміз. Заманауи цифрлық технологиялар дербес оқыту ортасын құруға жағдай жасайды. Жеке оқыту ортасын қалыптастыруда басты рөлді қарым-қатынас, ынтымақтастық және шығармашылық өзін-өзі көрсету арналары ретінде әрекет ететін әртүрлі желілік құралдар мен технологиялардың жиынтығы болып табылатын әлеуметтік медиа атқарады.

Ғалымдар білім беру үдерісінде белсенді қолданылатын әлеуметтік медиаға мыналарды жатқызады:

- веб-блогтар немесе оңай құрылатын блогтар және авторларға интернетте ақпаратты бірден жариялауға мүмкіндік беретін веб-сайттар; олар оқытушылар мен студенттер арасындағы байланысты жеңілдетеді;

- Wikis – кез-келген адам өзгерте алатын немесе веб-браузермен жаңа бет жасай алатын, бұрын жарияланған нәрсені қосып, өңдей алатын веб-сайт; оған мысалы Wikipediany жатқызуға болады;

- пайдаланушыларға әртүрлі сілтемелерді бөлісуге мүмкіндік беретін сайттар; мұндай сайттардың мысалдарына – Reddit, Stumble Upon және Digg жатады;

- әлеуметтік желілер (Youtube, Facebook, LinkedIn, ВКонтакте және т. б. – пайдаланушыларға жеке профиль құруға, байланысы бар басқа адамдарды анықтауға, сайттағы хабарламаларды оқуға және оларға жауап беруге, жеке немесе қоғамдық орындарда хабарламалар жіберуге мүмкіндік беретін жалпыға қол жетімді веб-қызметтер.

Виртуалды платформалар мен әлеуметтік желілер мұғалімдер мен студенттер арасында интерактивті байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Олар оқу материалын талқылау, тәжірибе алмасу, пікір бөлісу үшін тиімді құрал болып табылады. Мысалы, Zoom, Google Meet сияқты платформалар арқылы өткізілетін онлайн сабақтар, сондай-ақ Facebook, Telegram секілді әлеуметтік желілер студенттермен байланыс орнатуға көмектеседі. Сонымен қатар онлайн сабақтар мен вебинарлар білім беру процесін қызықты етеді. Мұғалімдер оқушылармен байланыста бола отырып, оларға жеке көзқарастарын,

тәжірибелерін және ұсыныстарын жеткізе алады. Бұл студенттердің жеке дамуына әсер етеді. Вебинарлар оқушылардың сұрақтарына жедел жауап беруге, оларды қызықтыратын тақырыптарды талқылауға мүмкіндік береді. Сабақ барысында цифрлық технологиялар арқылы мұғалімдер мен студенттер арасында қарым-қатынасты жеңілдету үшін әртүрлі құралдар мен ресурстар пайдалануға болады. Мысалы, Kahoot, Quizlet секілді ойын элементтері бар қосымшалар сабақ барысында интерактивтілік пен қызығушылықты арттыра алады.

Қоғамдық жобалар. Ізгілікті қарым қатынас қоғам арасында жүзеге асатындықтан қызықты болатыны сөзсіз. Болашақ мұғалімдер студенттермен бірге қоғамдық жобаларды жүзеге асыра отырып, цифрлық технологияларды қолдану тәжірибесін жинақтайды. Бұл жоба аясында әлеуметтік желілерде ақпарат тарату, виртуалды кездесулер ұйымдастыру, студенттердің қоғамдық пікірін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізіледі

Жоғарыда айтқанымыздай студенттерге эмпатия көрсету, қолдау көрсету арқылы ізгілікті қарым қатырас орната аламыз және ол аса маңызды. Цифрлық технологиялар психологиялық қолдауды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Онлайн кеңес беру, психологиялық тренингтер өткізу мұғалімдер мен студенттер арасындағы сенімділікті арттырады. Студенттер қиындықтарға тап болған жағдайда, онлайн платформалар арқылы қолдау ала алады.

Цифрлық технологияларды пайдалану барысында педагогикалық этика ережелерін сақтау қажет. Мұғалімдер мен студенттер арасындағы қарым-қатынаста адалдық, сенімділік, құрметті сақтау өте маңызды. Студенттердің пікірін тыңдау оқытушы тарапынан қарым қатынасты дұрыс жүргізу мен ізгілендіру үшін керек. Онлайн сауалнамалар мен пікіртерімдер арқылы студенттердің оқу процесіне қатысуын арттыруға болады. Олар өз ойлары мен ұсыныстарын білдіріп, оқу процесіне белсенді қатысады.[6].

Қорытынды

Осылайша, цифрлық технологиялар болашақ мұғалімдердің ізгілікті қарым-қатынасын дамытуда маңызды рөл атқарады. Оларды дұрыс және тиімді пайдалану арқылы білім беру процесін қызықты әрі өнімді етіп, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың әлеуетін толыққанды пайдалану – заманауи білім беру стандарттарына сай келудің және студенттердің жан-жақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторы. Цифрлық технологиялар білім беру саласына елеулі өзгерістер енгізуде, бұл оқыту процесінің интерактивтілігін арттырады және студенттердің қызығушылығын оятады. Мұғалімдер мен студенттер арасындағы ізгілікті қарым-қатынас оқу нәтижелерін жақсартады, студенттердің мотивациясын арттырады. Педагогикалық этиканы сақтау, студенттердің пікірін тыңдау, сондай-ақ психологиялық қолдауды ұйымдастыру білім беру жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етеді. Болашақ мұғалімдер қоғамдық жобалар мен цифрлық платформаларды пайдалана отырып, оқушылармен тиімді байланыс орнату арқылы заманауи білім беру талаптарына жауап бере алады. Цифрлық технологиялардың көмегімен білім беру сапасы мен қолжетімділігін арттыру, болашақ мамандардың жеке дамуында позитивті өзгерістерге қол жеткізу мүмкіндігі туады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бузаубакова К.Д.,БеделбаеваА.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Б83 Оқулық/К.Д.Бузаубакова, А.Е.Беделбаева. –Тараз:«ИП Бейсенбекова А.Ж.», 2023. – 128 б.
2. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.
3. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық. - Тараз: «ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2022. -314 б.
4. Амонашвили Ш.А. Как любить детей / Основы гуманной педагогики. В 20 кн. – М.: Амрита, 2012.

5. Амонашвили, Ш.А. В школу - с шести лет /Ш.А. Амонашвили. – М.: Педагогика, 2000. – 180 с.

6. <https://digitaletiquette.kz/news/58>

ӘОЖ 378.22

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Сұлтанбек М.Ж. PhD., аға оқытушы, Аскер Ә.М.

7M01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының магистранты

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

E-mail: asem.asker.03@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада цифрлық технологиялар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелері қарастырылады. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында білім беру саласында цифрлық технологияларды қолданудың артықшылықтары мен оларды білім беруге енгізу жолдары талқыланады. Мақалада мультимедиа, виртуалды шындық және Nearpod сияқты цифрлық платформалардың мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін арттырудағы ролі айқындалып, олардың білім беру процесіне оң ықпалы талданады.

Тірек сөздер: цифрлық технология, шығармашылық қабілет, мультимедиа, виртуалды шындық технологиясы, цифрлық платформалар.

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы развития творческих способностей будущих учителей начальных классов с помощью цифровых технологий. В рамках программы Казахстана «Цифровой Казахстан» обсуждаются преимущества использования цифровых технологий в сфере образования и пути их внедрения в учебный процесс. В статье подчёркивается роль цифровых платформ, таких как мультимедиа, виртуальная реальность и Nearpod, в повышении творческого потенциала учителей, а также анализируется их положительное влияние на образовательный процесс.

Ключевые слова: Цифровая технология, творческие способности, мультимедиа, технология виртуальной реальности, цифровые платформы

Annotation. This article examines the issues of developing creative abilities of future primary school teachers through digital technologies. Within the framework of Kazakhstan's "Digital Kazakhstan" program, the advantages of using digital technologies in the field of education and the ways of integrating them into the educational process are discussed. The article highlights the role of digital platforms such as multimedia, virtual reality, and Nearpod in enhancing teachers' creative potential, as well as analyzing their positive impact on the educational process.

Keywords: digital technology, creative abilities, multimedia, virtual reality technology, digital platforms

Кіріспе

Қазіргі уақытта цифрлық технологияларды әртүрлі салаларда қолдану көптеген жаңа мүмкіндіктерге жол ашып отыр. Білім беру саласында да цифрлық технологияларды енгізу арқылы айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге болады. Елдің цифрлық экономикаға көшуін жеделдетуді және технологиялық даму деңгейін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы 2017 жылы қабылданған. Осы бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі – Адами капиталды дамыту. Бұл бағыт, Қазақстан

Республикасының Білім және ғылым министрлігі білім беру жүйесінде жаңа бағдарламалар мен бастамаларды енгізуде [1]:

1. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні: Техникалық, кәсіби, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру салаларында студенттерге таңдаған мамандығы аясында АКТ қолдану дағдыларын дамыту мақсатында үш мамандық негізінде енгізілді.

2. Кәсіби стандарттар: Білім беру бағдарламаларының негізі ретінде қызмет ететін кәсіби стандарттарды әзірлеу бастамасы қолға алынды.

3. АКТ саласында мамандар даярлау: 2014-2016 жылдары АКТ саласындағы мамандықтарға 14,5 мың грант бөлінді, нәтижесінде 94 мыңнан астам түлек шығарылды.

Бұл бағытта елдегі креативті қоғамды қалыптастыру арқылы білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Бағдарлама аясында цифрлық технологияларды білім беру саласында қолдану – маңызды қадамдардың бірі. Әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуда цифрлық технологиялар маңызды рөл атқарады.

Цифрлық технологиялар – бұл ақпараттық қоғамдағы өмірге бейімделген тұлғаны тәрбиелеуді қарқындету және оңтайландыру мәселелерін табысты шешетін құрал.

Білім берудегі цифрлық технологиялар – сандық технологияларға (компьютерлік бағдарламаларға) негізделген заманауи білім беру ортасын ұйымдастыру тәсілі. Бұл тәсіл болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктерін жетілдірумен қатар, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға жағдай жасап, білім сапасын арттыруға ықпал етеді, сонымен қатар болашақ мұғалімдердің бойында шығармашылық қабілеттерін арттыруына септігін тигізеді [2].

Шығармашылық қабілет – бұл жаңа идеялар мен шешімдер жасау, іс-әрекетте инновациялық тәсілдерді қолдану қабілеті. Шығармашылық қабілеттің негізі – адамның ойлау, сезіну және тәжірибені қайтадан интерпретациялау қабілеті.

Негізгі бөлім

Цифрлық технологиялардың шығармашылық қабілеттерді дамытудағы рөлі айтарлықтай маңызды. Бүгінгі күні білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану шығармашылықты ынталандыратын түрлі мүмкіндіктерді ұсынады:

- Цифрлық технологиялар инновациялық құралдар мен платформаларды пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, мультимедиялық бағдарламалар, графикалық редакторлар мен анимация құралдары оқушылардың өз идеяларын визуалдап, шығармашылық жұмыстарын жүзеге асыруына көмектеседі. Осы құралдар арқылы студенттер дәстүрлі білім беру әдістерінен ауытқып, жаңа формалар мен тәсілдер арқылы өз ойын білдіре алады.

- Цифрлық технологиялар жеке оқыту тәсілдерін енгізуге септігін тигізеді. Оқушылар өздерінің қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сай материалдарды таңдай алады, бұл олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ынталандырады. Онлайн платформаларда ұсынылатын интерактивті сабақтар мен курстар оқушылардың жеке шығармашылық әлеуетін арттыруға көмектеседі.

- Кері байланыс пен ынтымақтастықтың орнауы да цифрлық технологиялардың тағы бір артықшылығы болып табылады. Оқушылар әртүрлі құралдарды (форумдар, чаттар, әлеуметтік желілер) пайдалана отырып, идеяларымен бөлісіп, бір-бірінен үйрене алады. Бұл ортада шығармашылық ынтымақтастық олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады, себебі әркімнің жеке пікірі мен тәжірибесі ортақ шығармашылық процеске әсер етеді.

- Креативті ойлауды ынталандыратын ерекше мүмкіндіктер ұсынады. Оқушылар нақты өмірдегі проблемаларды шешу барысында өз идеяларын эксперименттік түрде жүзеге асыра алады. Бұл тәсіл шығармашылықты дамытуда жаңа тәсілдер мен шешімдерді іздеу үшін қажетті дағдыларды қалыптастырады.

Цифрлық технологиялардың болашақ бастауыш мынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін арттыруға көмектесетін технологияларының бірқатары:

Мультимедиа технологиясы – мәтін, гарфика және видеомультимедиа-пликацияны пайдалануға мүмкіндік береді, оқу процесіндегі компьютердің қолданылу саласын кеңейтеді. Әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін аппараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын технологиялар (әдістер мен тәсілдер) жиынтығы. Білім берудегі мультимедиа – біріншіден, таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, екіншіден, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын дидактикалық аппаратты-бағдарламалық құрал [3].

Prezi.com бағдарламасы – бұл презентацияларды жасау, көрсету және талдау үшін арналған онлайн-платформа. Prezi навигаторлар мен электронды кітаптардан таныс масштабталатын пайдаланушы интерфейсін (ZUI) қолданады. Мұндай интерфейстер аппаратты теориялық тұрғыдан шексіз екі өлшемді кеңістікте ұсынады және пайдаланушыларға панорамалау мен масштабтау құралдары арқылы осы виртуалды кеңістікті анимациялауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама суреттерді, графиканы, мәтінді, аудио, видео және анимацияны реттеуге, сондай-ақ оларды аудиторияға жеке немесе қашықтан ұсынуға мүмкіндік береді. Слайдтар сізді шектеуге мәжбүрлегенде, Prezi сізге шексіз кеңістік пен презентацияның барысын басқару мүмкіндігін береді. Prezi идеяларыңызды ұйымдастырып, оларды аудиторияға қолжетімді түрде жеткізуге көмектеседі, осылайша идеяларыңыз тыңдармандарға ықпал етіп, оларға тезірек түсінік қалыптастыруға көмектеседі.

Виртуалды шындық (VR) технологиялары. Виртуалды шындық (VR) – бұл компьютерлік технологиялар арқылы модельденген әлем, оған пайдаланушы арнайы сенсорлық құрылғылардың көмегімен еніп кетеді.

VR технологиялары білім беру саласында, әсіресе мұғалімдердің кәсіби дамуы мен халықаралық ынтымақтастықты жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Мысалы, мұғалімдер VR платформаларында сабақ өткізу немесе сыныптағы әртүрлі жағдайларды басқару дағдыларын дамыту үшін арнайы тренингтерге қатыса алады. Бұл тәжірибе арқылы олар оқушылармен қарым-қатынас жасау, сыныпта стресстік жағдайларды басқару, және тиімді оқыту әдістерін қолдану секілді дағдыларды жетілдіреді. Мұндай тренингтер мұғалімдердің өздеріне деген сенімін арттырып, педагогикалық шеберліктерін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

VR технологиялары студенттерге әлемнің әртүрлі мәдениеттерімен танысуға мүмкіндік береді, бұл олардың креативті ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Виртуалды шындық арқылы студенттер әртүрлі елдердің білім беру жүйелерін, салт- дәстүрлерін және мәдениеттерін зерттей отырып, өздерінің дүниетанымдарын кеңейтеді.

Иванов Д. В, Власова В. К «Практика развития креативности будущего учителя начальных классов в современной цифровой образовательной среде с помощью технологии виртуальной реальности» мақаласында зерттеу нәтижесінде VR технологияларын бастаушы сынып мұғалімінің креативтілігін дамытуда қолданудың тиімділігі анықталған: VR технологиясын қолдануға қызығушылық пен ынтымақтың артуы байқалды. Студенттер сабақ мазмұнын креативті құру мүмкіндігі, жұмыс форматы, техникалық құралдардың ыңғайлылығы мен көрнекілігін артықшылықтарға жатқызды. Алайда, виртуалды шындық технологияларын қолдануға қызығушылық пен мотивация техникалық шектеулермен, уақыт шығынымен, оқытушылар мен болашақ мұғалімдердің жеткіліксіз әдістемелік дайындықтарымен байланысты, бұл болашақ мұғалімді даярлаудың жаңа озық құралдарын қабылдауда қосымша оқытуды және икемділікті талап етеді [4].

Графикалық дизайн және анимация бағдарламалары: Adobe Spark, Canva, және Powtoon секілді платформалар мұғалімдерге оқу материалдарын көркем әрі түсінікті етіп дайындауға көмектеседі. Графикалық дизайн арқылы оқушылармен әртүрлі жобаларды, презентацияларды және анимациялық материалдарды құруға болады, бұл олардың шығармашылық әлеуетін ашады.

Цифрлық білім беру платформалары [5]:

Nearpod – педагогтерге кез келген файл түрінен сабақтарды импорттауға және оларға интерактивті элементтерді, веб-сілтеме, бейнеклипті қосуға мүмкіндік беретін және интерактивті сабақтарды пайдалануға арналған, педагог өз сабақтарын гаджеттермен синхрондауға, реттелетін тапсырмаларды жасауға және үлгерімді бақылай алуға мүмкіндік беретін платформа. Артықшылығы: Nearpod басқа қосымшаларға тәуелсіз сессияларға кез-келген құрылғыдан және кез келген платформадан (IOS, Android, Windows Phone) қатысуға болады.

Мүмкіндіктері:

- Nearpod-тың тегін нұсқасы сурет, мәтін және аудиожолақтары бар слайдтар жасауға, онлайн сессияға қатысуға 30 білім алушыға дейін шақыруға мүмкіндік береді;
 - Nearpod Gold ақылы нұсқасы анағұрлым көп мүмкіндіктер ұсынады: слайдшоу жасау, бейнефайлдар енгізу, викториналар жасау, ашық сұрақтар, сурет салуға арналған құралдар, графиктер мен диаграммалар;
 - Құрастырылған таныстырылымды PDF форматында сақтау.
- www.smart-pedagog.kz - ҚО -да біліктілікті арттыру, білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ететін виртуалды білім беру платформасы.

Артықшылығы:

- Бейне, аудио және т.б. интерактивті оқыту әдістері арқылы тақырыпты жанжақты түсінуге ықпал етеді;
- Мазмұн үнемі жаңартылып отырылады;
- Порталда қолданылатын интерактивті оқыту және білім беру әдістері мұғалімдер үшін жаңа перспективаны ашады, олар осы әдістерді қарапайым сыныптарда қолдана алады және осылайша білім алушыларға ұғымдарды жақсы түсінуге көмектеседі.

Мүмкіндіктері:

- Барлық жерде оқуға мүмкіндік бар. Бұл үнемді, өйткені портал ақысыз оқу мазмұнын ұсынады;
- Білім алушылар әрдайым өзекті ақпаратты қарап, игереді;
- Педагогтің креативті ойлау қабілеті, әдіснамалық рефлексия, жаңалыққа деген талпынысы, инновациялық технологияларды шығармашылық пен пайдалануы;
- Оқу-тәрбие процесін жетілдіру мақсатындағы ұдайы ізденістері;
- Педагогикалық инновацияларды өз істәжірибесінде жүйелі пайдалану, ақпаратты өз бетінше іздеп, таба алуы; алынған мәліметті өңдей алуы, жинақтауы, сұрыптауы.

Қорытынды

Цифрлық технологиялардың білім беру саласындағы орны мен рөлі барған сайын артып келеді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуда бұл технологиялар ерекше маңызға ие. Цифрлық құралдардың, мультимедиа технологиялары мен виртуалды шындық технологияларының қолданылуы болашақ мұғалімдерге өздерінің педагогикалық дағдыларын жаңартуға, шығармашылық ойлауын дамытуға және білім беру процесіне жаңа, инновациялық тәсілдер енгізуге мүмкіндік береді.

Бүгінде әрбір педагог өз тәжірибесінде цифрлық технологияларды кеңінен пайдаланады. Педагогтің міндеті – әр білім алушыға өзін дәлелдеуге мүмкіндік береді, нәтижесінде білім алушының тұлғалық сапалары қалыптасады. Болашақ педагогтің алдына қойылған бұл міндетін сүрінбей орындауына көмегі шығармашылығын дамыту.

Қазақстан Республикасының «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асырылған бастамалар, мұғалімдерге цифрлық дағдыларын жетілдірумен қатар, оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Цифрлық технологиялар арқылы әр түрлі оқу әдістерін, интерактивті элементтерді және креативті жобаларды пайдалану, бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамуына оң әсер етеді.

Сонымен, цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, болашақ мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін арттырумен қатар, білім беру жүйесінің жалпы сапасын көтеруге септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>).
2. «Цифрлық технология жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтің зерттеушілік әлеуетін дамыту» Маусумбаев Рысбек Сапарбекович., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, ҚР, Нұр-Сұлтан 2022.
3. «Мультимедиялық технология туралы түсінік» (<https://multiurok.ru/files/multimedialyk-tiekhnologhiia-turaly-tusinik.html>).
4. Журнал: Педагогика. Вопросы теории и практики. 2023. Том 8. Выпуск 3. С. 229-236 Научная статья: «Практика развития креативности будущего учителя начальных классов в современной цифровой образовательной среде с помощью технологии виртуальной реальности» - Иванов Д. В., Власова В.
5. К.Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық/К.Д.Бузаубакова, А.Е.Беделбаева. –Тараз:«ИП Бейсенбекова А.Ж.», 2023. – 128 б.

ӘОЖ 37.048.4

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Сұлтанбек М.Ж. PhD., аға оқытушы, Саддикова Д.А.

7М01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының магистранты

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

E-mail: donosaddikova.01@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада тәрбие жұмысында цифрлық технологияларды қолдану арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру мәселесі қарастырылады. Цифрлық технологиялардың білім беру және тәрбие үдерісіне қосатын артықшылықтары талданып, мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытудағы рөлі сипатталады. Мақалада тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға көмектесетін цифрлық құралдарды пайдалану тәсілдері талданып, мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту жолдары ұсынылады.

Тірек сөздер: цифрлық технологиялар, тәрбие жұмысы, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, интерактивті құралдар, кәсіби даму.

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема совершенствования профессиональных компетенций учителей с использованием цифровых технологий в воспитательной работе. Проанализированы преимущества цифровых технологий в образовательном и воспитательном процессе и охарактеризована роль учителей в развитии профессиональных компетенций. В статье проанализированы подходы к использованию цифровых средств, помогающих эффективно организовать воспитательный процесс, предложены пути развития профессиональных компетенций педагогов.

Ключевые слова: цифровые технологии, воспитательная работа, профессиональная компетентность учителя, интерактивные инструменты, профессиональное развитие.

Annotation. This article discusses the problem of improving the professional competencies of teachers using digital technologies in educational work. The advantages of digital technologies in the educational and educational process are analyzed and the role of teachers in the development of professional competencies is characterized. The article analyzes approaches to the use of

digital tools that help to effectively organize the educational process, and suggests ways to develop professional competencies of teachers.

Keywords: *digital technologies, educational work, professional competence of teachers, interactive tools, professional development.*

Кіріспе

Цифрлық технологиялар қазіргі заманғы тәрбие жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Олар білім беру процесіне жаңа тәсілдерді енгізуге мүмкіндік беріп, тәрбиелік жұмыстың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Цифрлық құралдар мұғалімдерге ақпаратты оқушыларға қызықты әрі түсінікті түрде жеткізуге көмектеседі, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісін интерактивті етіп, балалардың пәнге деген ынтасын арттырады. Мұғалімдер үшін цифрлық технологиялар кәсіби дамудың жаңа мүмкіндіктерін ашып, тәрбие жұмысын заман талабына сай жүргізуге жағдай жасайды. Осылайша, цифрлық технологиялар білім беру мен тәрбие үдерісінің сапасын арттырып, оқушыларды қазіргі ақпараттық қоғамға бейімдеуге көмектеседі. Білім берудегі цифрлық технологияларды пайдалануға қажеттіліктердің өсуі, білімнің қолжетімділігі мен ақпараттық тасқынның артуы білім беру жүйесі қызметкерлеріне кәсіби құзыреттілікті ұдайы жетілдірудің қажеттілігін көрсетеді.

Тәрбие жұмысы оқушылардың жан-жақты дамуына, олардың рухани және моральдық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған күрделі үдеріс. Қазіргі ақпараттық технологиялар дәуірінде тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін цифрлық құралдарды қолдану қажеттілігі артып келеді.

Қазіргі таңда балалар цифрлық технологиялармен тығыз байланыста өсіп келеді. Тәрбие жұмысында осы технологияларды қолдану олардың қызығушылығын оятып, ақпаратты қабылдау мен меңгеруді жеңілдетеді. Ал бұл ретте мұғалімнің рөлі айрықша, өйткені мұғалім балалардың жеке тұлғасын қалыптастыруда, әлеуметтік және эмоционалдық дамуында, сондай-ақ олардың оқу мен тәрбие үрдісінде негізгі бағытты айқындауда үлкен әсер етеді.

Цифрлық технологиялар бүгінгі күні білім беру жүйесінде, соның ішінде тәрбие жұмысында мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Цифрлық құралдар арқылы оқушыларға әлемдік және ұлттық мәдениеттің құндылықтарын, этикалық және моральдық нормаларды оңай әрі қызықты формада жеткізуге мүмкіндік бар. Бұл құралдар тәрбие үдерісінде ұлттық және адамгершілік құндылықтарды насихаттауда үлкен рөл атқарады. Цифрлық құралдар мұғалімдерге тәрбие жұмыстарын құрылымдауға, ақпаратты көрнекі әрі түсінікті етіп жеткізуге көмектеседі. Бұл ретте интерактивті тақталар, мобильді қосымшалар, онлайн-платформалар оқушыларға материалды тереңірек меңгеруге және алған білімдерін бекітуге жағдай жасайды. Цифрлық құралдарды тиімді пайдалана отырып, мұғалімдер мен оқушылар арасында үздіксіз байланыс орнатуға болады. Оқушылар өз пікірлерін, ұсыныстарын еркін жеткізе алады, ал мұғалімдер кері байланыс беру арқылы олардың тәрбие процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

Бұған дейін атап өткеніміздей, цифрлық технологиялар тәрбие жұмысында айрықша маңызға ие. Олар білім беру және тәрбиелеу процестерін тиімді ұйымдастыруға, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, сондай-ақ мұғалімдер мен оқушылар арасында ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді. Цифрлық құралдарды тәрбие жұмысында пайдалану мұғалімдердің кәсіби тұрғыдан дамуына ерекше ықпал етеді. Бұл ретте педагогтардың құқықтары, әлеуметтік кепілдіктері, шектеулері, міндеттері мен жауапкершіліктері анықталған «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы Қазақстан Республикасындағы маңызды оқиғалардың бірі болып табылады [1]. Бұл заңның маңызы педагогтардың ғана емес, сонымен қатар саналы, сауатты, бастамашыл, ұтқыр және жауапты ұрпақты тәрбиелеу қабілетімен тығыз байланысты. Білім беру жүйесінің алдында тұрған міндеттер педагогтардың кәсіби білімі мен іс-әрекетінде табысқа жету үшін қажетті кәсіби құзыреттіліктерін дамыту қажеттілігін айқындайды.

Адамның тәрбиелілігі мен өзін-өзі тәрбиелеуі тұлғаның жан-жақты дамуының маңызды аспектілері болып табылады. Ғалым, академик Д.С. Лихачевтің пікірінше, тәрбиелі болу тек мектептен немесе жанұядан алынатын біліммен шектелмейді, ол адамның өзін-өзі жетілдіруіне байланысты. Нағыз тәрбиелі адам – бұл өзіне және өзгелерге құрметпен қарайтын, инабаттылықты әдетке айналдырған, кез келген жастағы және мәртебесі әртүрлі адамдармен сыпайы қарым-қатынас жасай алатын тұлға[2]. Осы идеяны кәсіби салада мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына да қолдануға болады.

Латын тілінен аударғанда «құзыреттілік» -«competentia» дегеніміз адамның білімді, білікті, тәжірибесі бар мәселелердің ауқымын білдіреді. Егер адам құзыретті болса, онда оның белгілі бір салада тиісті білімі мен тәжірибесі бар, бұл адамға осы саланы бағалап, тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді [3].

А.К. Макарова мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде жоғары нәтижелерге қол жеткізу қабілеті ретінде сипаттайды[2]. Яғни, мұғалімдер жоғары тәрбиелік қасиеттерді қалыптастыру мен кәсіби құзыреттілікті арттыру арқылы өздерін жан-жақты дамытуға жағдай жасайды. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі оның білімділігі, біліктілігі мен тәжірибесінің аясын қамтитын маңызды фактор болып табылады.

Б.Т.Кенжебековтың пікірінше, әрбір педагогтың қалыптасуына білім, білік, дағдыларының дамуына кәсіби құзыреттіліктердің ықпалы зор. Себебі болашақ педагог мамандарға теориялық, тәжірибелік тұрғыда даярлық қажет[4]. Бұл тұрғыда жаңа білімді игеру және оны өзінің кәсіби қызметінде қолдана білу педагогикалық құзыреттіліктің маңызды элементі болып табылады. Жоғарыда аталған ғалымдардың көзқарастарын талдай отырып, құзыреттілік – болашақ педагогтың кәсіби негізі екендігін көруге болады. Сондықтан, болашақ мамандардың кәсіби және тұлғалық қасиеттерін, білімін өмірде қолдана білуін дамытуға баса назар аудару қажет.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту тәрбие жұмысының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту – тәрбие жұмысын жаңа деңгейге көтеретін, білім беру сапасын жақсартатын, қоғам үшін саналы ұрпақ тәрбиелеуге жағдай жасайтын басты факторлардың бірі. Оқушыларға сапалы тәрбие беру үшін мұғалімнің құзыреттілігі тек пәндік біліммен шектелмей, сонымен бірге психологиялық, әлеуметтік және педагогикалық тұрғыда да жоғары болуы керек. Кәсіби құзыреттіліктері жоғары мұғалім тәрбие жұмысының мазмұнын байытып, оны оқушылардың заманауи талаптары мен қажеттіліктеріне сай ұйымдастыра алады.

Тәрбие жұмысы барысында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Құзыреттілігі жоғары мұғалім:

-Оқушының жеке ерекшеліктеріне бағытталған тәрбие береді, әр баланың мінезі, қабілеті және қызығушылығын ескеріп, оған жеке тәсіл қолданады.

-Оқушылардың әлеуметтік ортада бейімделуіне көмектеседі, олардың қоғамда өз орнынтабуына және қарым-қатынас дағдыларын дамытуына қолдау көрсетеді.

-Өзін-өзі дамытуға мотивация береді, оқушылардың өз пікірін қалыптастыруына, дербес шешім қабылдауына және өздігінен әрекет етуіне ықпал етеді.

Цифрлық құралдарды тәрбие жұмысында қолдану мұғалімдердің кәсіби шеберлігін сонымен қоса кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға елеулі әсер етеді. Бұл әсер бірнеше аспектілермен байланысты:

Оқу-тәжірибелік дағдыларды дамыту: Цифрлық құралдар мұғалімдерге заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану мүмкіндігін береді. Интерактивті тақталар, оқу платформалары, электронды оқулықтар сияқты құралдарды қолдану мұғалімдердің өз білімін тереңдетіп, тәжірибелік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Кәсіби білімді жаңарту: Цифрлық технологиялар мұғалімдердің кәсіби білімдерін жаңартып, жаңа ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Оқу ресурстарына онлайн қолжетімділік мұғалімдерге заманауи зерттеулер мен білім беру трендтерін меңгеруге, кәсіби даму курстарында қатысуға және жаңа тәсілдермен танысуға мүмкіндік береді.

Коммуникация және ынтымақтастық: Цифрлық технологиялар мұғалімдер мен оқушылар арасындағы коммуникацияны жақсартады. Онлайн платформалар мен әлеуметтік желілерді қолдану мұғалімдерге оқушылармен, әріптестерімен және ата-аналармен тиімді байланыс орнатуға, ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Мысалы, Google Classroom, Edmodo немесе Moodle сияқты платформалар оқушылармен тиімді коммуникация орнатуға, тапсырмаларды беруге және кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Бұл платформалар тәрбие жұмысының ұйымдастырылуын жеңілдетеді және ақпараттың жедел алмасуына ықпал етеді. Видеолар, анимациялар, графикалар тәрбие жұмысында оқу материалын интерактивті түрде ұсынуға көмектеседі. Мысалы, оқушыларды тәрбие тақырыптарымен таныстыру үшін қызықты видеолар мен түсіндіру анимацияларын пайдалану олардың түсінігін тереңдетеді.

Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы тәрбие жұмысында ойын элементтерін енгізу оқушылардың ынтасын арттырады. Ойындар мен викториналар арқылы білімдерін тексеру, командада жұмыс жасау және өзара байланыс орнату арқылы балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға болады. Бұл ынтымақтастық кәсіби дамуға және тәжірибе алмасуға ықпал етеді.

Осылайша, тәрбие жұмысында цифрлық құралдарды қолдану мұғалімдердің кәсіби тұрғыдан дамуына, құзыреттіліктерін арттыруға, олардың білім беру сапасын жақсартуға және заманауи талаптарға сай маман қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбие жұмысында мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерін үнемі дамыту – заманауи білім беру талаптарының бірі. Кәсіби құзыретті мұғалім оқушылардың тәрбие жұмысына қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың толыққанды тұлға болып қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, тәрбие жұмысында цифрлық технологияларды қолдану мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға айтарлықтай әсер етеді. Тәрбие жұмысында цифрлық технологияларды пайдалану – заманауи білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі, ол педагогикалық инновацияларды енгізу және білім сапасын арттыруға бағытталған. Бұл тәсіл мұғалімдерге тек өз құзыреттіліктерін жетілдіріп қана қоймай, сонымен бірге жас ұрпақтың қажеттіліктері мен мүдделеріне жауап беретін сапалы тәрбие беруге мүмкіндік ашады. Цифрлық құралдар педагогтардың кәсіби дамуына тың серпін беріп, білім беру процесін жаңа деңгейге көтереді. Бұл технологиялар мұғалімдерге оқушылардың қызығушылығын арттыруға, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруды жаңғыртуға, ақпаратпен жылдам және тиімді жұмыс істеуге көмектеседі. Цифрлық құралдарды меңгеру арқылы мұғалімдер педагогикалық қызметте жаңа тәсілдер мен әдістерді қолдануға, білім беру сапасын жақсартуға және оқушылармен заманауи тілде сөйлесуге мүмкіндік алады. Осылайша, цифрлық технологияларды пайдалану мұғалімнің кәсіби дамуына ықпал етіп, оның тәрбие жұмысындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Педагог мәртебесі туралы: Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Респуб-ликасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы №645 қаулысы. [Электрондықресурс]:// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000645>
2. "Педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің негізі-ғылыми әдістемелік жұмыс" Станбекова А.С. №4(165)апрель 2017 журнал "Открытая Школа.
3. https://open-school.kz/glavstr/teory_praktika/teory_praktika_165_4.htm
4. Хуторской А. В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты. Интернет-журнал «Эйдос». -2002. -С. 58–64.
5. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: п.ғ.д. диссертациясы. –Қарағанды, 2005. -38б
6. Болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері. Есимғалиева Т.М., Косшыгулова А.С. ВЕСТНИК КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки», №1(73), 2022

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ФАКУЛЬТАТИВ САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сейлова Зоя Тулеубаевна п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Сарсенбаева Дана ПМНО-24-1м тобының магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: stsoias62@mail.ru

E-mail: dana_sarsenbayeva@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сыныптардағы математика пәнінен жүргізілетін факультатив сабақтарды ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын дамыту, олардың ойлау қабілеттерін арттыру және шығармашылық деңгейін көтеру үшін факультатив сабақтар үлкен рөл атқарады. Математика пәнінен факультатив сабақтар оқушылардың логикалық ойлауын, зейінін және нақты ғылымдарға деген қызығушылығын дамыту жолдары талқыланады.

Тірек сөздер: факультатив сабақтар, бастауыш сынып, математика пәні, әдістемелік құралдар, зерттеу дағдылары, оқушылардың қызығушылығы, логикалық тапсырмалар, білім сапасы.

Аннотация. В данной статье речь идет об организации факультативных уроков по математике в будущих начальных классах. Факультативные занятия играют большую роль в развитии математической грамотности учащихся младших классов, совершенствовании их мыслительных способностей и повышении творческих способностей. В статье рассматриваются способы развития логического мышления, внимания и интереса к реальным наукам у студентов-математик.

Ключевые слова: Факультативные занятия, начальные классы, предмет математики, подготовка учителей, исследовательские навыки, интерес учащихся, развития логического мышления, качество образования.

Annotation. Abstract this article deals with the organization of optional lessons in mathematics in future primary classes. Optional lessons play a big role in developing the mathematical literacy of elementary school students, improving their thinking abilities and raising their creativity. The article discusses ways to develop logical thinking, attention and interest in real sciences of mathematics.

Key words: research work, primary school, mathematics subject, teacher training, methodological tools, research skills, student interest, education quality.

«Бастауыш сыныптардағы математика пәнінен жүргізілетін факультатив сабақтарды ұйымдастыру» тақырыбы қазіргі білім беру жүйесінде өте өзекті. Факультатив сабақтар негізінен негізгі оқу бағдарламасынан тыс, қосымша білім беру ретінде ұйымдастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын дамыту, олардың ойлау қабілеттерін арттыру және шығармашылық деңгейін көтеру үшін факультатив сабақтар үлкен рөл атқарады. Бұл сабақтар оқушыларға математиканың күрделі мәселелерін қарастыруға, шығармашылық ойлауын дамытуға, жаңа білім алу мүмкіндігін береді.

Факультатив сабақтарды ұйымдастырудың мақсаты:

- Бастауыш сынып оқушыларының математика пәніне деген қызығушылығын арттыру;
- Оқушылардың математикалық дағдыларын тереңдету және кеңейту;
- Оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін дамыту;
- Оқушыларды математикалық мәселелерді шешуге ынталандыру және оларды практикалық тұрғыдан қолдануға дағдыландыру.

Міндеттері:

- Математика пәні бойынша оқу бағдарламасын толықтыру, қосымша тақырыптарды енгізу;
- Әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың белсенділігін арттыру;
- Математикаға деген қызығушылықтарын ояту үшін қызықты тапсырмалар, ойындар мен жаттығулар ұйымдастыру;
- Оқушылардың түсіну қабілетін арттыру үшін әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсыну.

Факультатив сабақтардың құрылымы сабақтар қарапайымнан күрделірекке қарай құрылады, әр сабақтың мақсаты мен міндеті нақты анықталады. Сабақ барысында оқушылардың білімдерін тексеру, өзара пікір алмасу, әртүрлі әдіс-тәсілдермен тапсырмаларды орындау, оқу үлгерімін бақылау маңызды. Әр сабақта жаңашылдық, шығармашылық көзқарас қажет. Оқушыларды жаңа тәсілдермен таныстыру, мысалы, математикалық ойындар арқылы оларды қызықтыруға ұйымдастырылған болуы қажет. Факультатив сабақтар оқушыларға мектеп бағдарламасынан тыс қосымша білім алуға мүмкіндік береді. Олар арнайы тақырыптар бойынша тереңірек зерттеулер жасауға немесе өздерінің қызығушылықтарына сәйкес жаңа дағдыларды меңгеруге жағдай туғызады. Мысалы, бастауыш сыныптарда математика пәнінен факультатив сабақтар оқушылардың осы пән бойынша білімдерін тереңдетуге бағытталған. Факультатив сабақтар оқушылардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктеріне негізделіп ұйымдастырылады. Бұл сабақтарда әр оқушы өзінің оқу қарқыны мен деңгейіне сәйкес жұмыс істей алады. Математика пәні бойынша факультатив сабақтарда, мысалы, бір оқушы математиканы өте жақсы меңгеріп жатса, оған күрделі тапсырмалар мен есептер беріліп, білімін тереңдетуге мүмкіндік беріледі. Факультатив сабақтар шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған. Математикадағы есептер мен тапсырмаларды шешу барысында логикалық ойлау, шығармашылық тәсілдер мен түрлі стратегияларды қолдану қажет болады. Бұл, өз кезегінде, балалардың интеллектуалдық дамуына ықпал етеді. Математикалық проблемаларды шешу кезінде шығармашылық ойлау мен жаңа тәсілдер табу дағдылары қалыптасады. Факультатив сабақтарда мұғалім әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту әдісін таңдай алады. Бұл оқушының жеке қажеттіліктеріне жауап беру үшін өте тиімді. Мысалы, кейбір оқушылар үшін пәнді тереңірек зерттеу керек болса, басқалары үшін жаңа тақырыптарды баяу әрі түсінікті түрде оқыту қажет болуы мүмкін.

Факультатив сабақтарда қолданылатын бірнеше әдіс-тәсілдер:

Диалогтық әдіс: Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін сабақта сұрақ-жауап түріндегі әдіс қолданылуы керек. Математика туралы өз ойларын ортаға салуға мүмкіндік беру маңызды.

Проблемалық оқыту: Оқушыларға жаңа тақырыпты өздігінен зерттеу үшін жағдайлар жасау, мәселені шешуге бағытталған тапсырмалар ұсыну.

Топтық жұмыс: Оқушыларды топтарға бөліп, математикалық есептерді бірге шешуге ынталандыру, өзара пікір алмасуды ұйымдастыру.

Ойындар мен жарыстар: Математикалық сайыстар мен жарыстар оқушылардың білімін тексеруге және қызығушылығын арттыруға тиімді құрал бола алады. Мысалы, «Математика чемпионаты» немесе «Білім сайысы».

Жобалық жұмыс: Математикалық тақырыптарды терең зерттеп, оқушыларға жобалар жасауға мүмкіндік беру. Бұл олардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту барысында көрнекі құралдар оқушылардың жаңа ұғымдарды қабылдауын жеңілдетеді, олардың қызығушылығын арттырады және логикалық ойлауын дамытуға көмектеседі. Сондықтан сабақ барысында қолданылатын құралдар мен ресурстардың маңызы зор. Оларға интерактивті тақталар мен компьютерлер: Оқушылар үшін қызықты тапсырмалар, бейнемазмұндар және ойындар көрсету жатады. Оқу құралдары: Математикалық құралдар (сызғыш, шеңбер сызу т.б.), қосымша кітаптар мен жұмыс дәптерлері. Математикалық ойындар мен бағдарламалар: Математикалық тапсырмалар мен логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған мобильді қосымшалар мен интернет-ресурстар.

Қорыта айтқанда, факультатив сабақтар оқушылардың жалпы білімін кеңейтуге, олардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес білім алуға мүмкіндік береді. Мұндай сабақтар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, пәндерге деген қызығушылықтарын арттыруға және оларды өз бетімен зерттеу жұмыстарын жүргізуге ынталандырады. Мұғалімдер факультатив сабақтарды қызықты, өзекті және қолданбалы етіп ұйымдастыру арқылы оқушылардың білімін тереңдетуге септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР :

1. Нұрғожина, С.М. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқыту әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті, 2019.
2. Ахметов, Т.К. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу қабілеттерін дамыту. Астана: Оқу әдебиеті, 2020.
3. Мұхамедьярова, Ж.С. Математика сабағында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі. Педагогикалық ғылымдар журналы, 2022, №4, 67-72 б.
4. Stud.kz сайты

ӘОЖ 371.124 : 373.3 : 37.016 : 51 : 371.385.5

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТРЕНДТЕР

Жандаулетова Әсем ПМНО-24-1м тобының магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: asi_08@inbox.ru

Аннотация. Мақала білім берудегі өзекті трендтерге арналған, олар қазірдің өзінде балаларды оқыту мен тәрбиелеу тәсілін өзгертудегі әдіс-тәсілдер қарастырылған. Цифрландыру, оқытуды жекелендіру, жобалық қызмет, креативтілік пен пәнаралық байланыстарды дамыту сияқты дамудың негізгі бағыттары қарастырылады. Сабақтарды қызықты, тиімдірек және заманауи талаптарға сай ету үшін бұл трендтерді бастауыш сынып мұғалімінің жұмыс тәжірибесіне қалай енгізуге болатынына ерекше назар аударылады.

Тірек сөздер: бастауыш сынып, тренд, цифрландыру, шығармашылық, оқушылардың қызығушылығы, білім сапасы.

Аннотация. Статья посвящена современным тенденциям в образовании, в которых уже рассматриваются методы изменения способа обучения и воспитания детей. Рассмотрены основные направления развития, такие как цифровизация, персонализация образования, проектная деятельность, развитие творчества и междисциплинарных связей. Акцент делается на том, как эти тенденции можно внедрить в рабочую практику учителей начальных классов, чтобы сделать уроки более интересными, эффективными и современными.

Ключевые слова: начальные классы, тренд, цифровизация, творчества, интереса учащихся, качество образования.

Annotation. The article is devoted to the current trends in education, which are already considered methods of changing the way of teaching and educating children. The main directions of development, such as digitization, personalization of education, project activity, development of creativity and interdisciplinary connections, are considered. Emphasis is placed on how these trends can be incorporated into the working practice of primary school teachers to make lessons more interesting, effective and up-to-date.

Key words: elementary school, trend, digitalization, creativity, students' interest, quality of education.

Білім-бұл бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілетін білім, дағдылар, құндылықтар, нанымдар мен әдеттерді алу процесі. Ол мектептерде, университеттерде және басқа оқу

орындарында ресми оқытуды, сондай-ақ бейресми және өзін-өзі оқытуды қамтиды. Білім адамның өмірінде маңызды рөл атқарады, өйткені ол оның интеллектісін дамытуға, көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыруға және табысты өмір мен мансапқа дайындалуға көмектеседі.

Қазіргі әлемде білім беру барған сайын маңызды және өзекті бола түсуде. Жыл сайын білім беру талаптары өзгеріп отырады және білім беру жүйесінің болашағын анықтайтын жаңа трендтер пайда болады. Бұл мақалада біз бүгінгі таңда өзекті болып табылатын білім берудегі негізгі трендтерді қарастырамыз.

1. Білім беруді цифрландыру. Қазіргі білім берудің негізгі трендтерінің бірі білім беру процесіне цифрлық технологияларды енгізу болып табылады. Бұл оқу сапасын жақсартуға, оны қолжетімді және интерактивті етуге мүмкіндік береді. Интернеттің, мобильді құрылғылардың және онлайн платформалардың дамуымен оқыту икемді және жекелендірілген болады.

2. Икемді білім беру бағдарламалары. Қазіргі оқушылар оқудағы икемділікті және пәндер мен оқу форматын таңдау мүмкіндігін көбірек бағалайды. Бұл үрдіс білім беру бағдарламаларының алуан түрлілігіне, икемді оқу жоспарларын құруға және қашықтан оқыту мүмкіндігіне әкеледі.

3. ХХІ ғасырдың құзыреттерін дамыту. Жылдам өзгеретін әлем жағдайында оқушылар тек негізгі білімге ғана емес, сонымен қатар жаңа жағдайларға сәтті бейімделуге көмектесетін құзыреттерге ие болуы керек. Мұндай құзыреттерге шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас дағдылары, цифрлық сауаттылық және басқалар жатады.

4. Инклюзивті білім беру. Қазіргі білім беру үрдісі-барлық оқушыларға, олардың ерекшеліктеріне қарамастан, қол жетімді болатын инклюзивті білім беру ортасын құруға ұмтылу. Бұл әртүрлі нақты білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту үшін жағдай жасауды білдіреді.

5. Оқу жобалары және практикалық оқыту. Еңбек нарығының заманауи талаптары тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды да қамтиды. Сондықтан білім беру мекемелерінде оқу жобаларына, практикаларға, тағылымдамаларға және практикалық оқытудың басқа түрлеріне көбірек көңіл бөлінеді.

Қазіргі білім белсенді даму сатысында екенін және осы саладағы трендтер мен өзгерістерді бақылау маңызды екенін атап өткім келеді. Тек осылай ғана қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес келетін және оқушыларға білім мен мансаптық мүмкіндіктердің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін білім беру ортасын құруға болады.

Қазіргі әлем қарқынды өзгеруде және білім беру жүйесі икемді және өзгеруге дайын болуы керек. Білім берудегі трендтер-бұл оқытуды тиімдірек, қызықты және уақыт талабына сай етуге көмектесетін жаңа тәсілдер, әдістер мен технологиялар.

Білім берудегі негізгі трендтер

- Білім беруді цифрландыру:

Білім беру процесіне цифрлық құралдарды, онлайн-платформаларды, ойындарды, қосымшаларды белсенді енгізу.

Мұғалімдер мен оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытудың маңыздылығы.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған онлайн курстар, вебинарлар, бейне сабақтар құру.

- Оқытуды жекелендіру:

Әр оқушыға оның ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жеке көзқарас.

Сараланған оқытуды, жобалық қызметті, адаптивті бағдарламаларды қолдану.

Оқушылардың өзіндік жұмысы, Тәуелсіздік пен сыни ойлауды дамыту үшін жағдай жасау.

- Жобалық қызмет:

Проблемаларды шешуге, жобаларды әзірлеуге, нәтижелерді ұсынуға үйрету.

Шығармашылық ойлау, коммуникация, топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыру.

Жобалық оқытуды әртүрлі пәндік салаларда қолдану (мысалы, әдеби оқу, математика, қоршаған әлем жобалары).

- Шығармашылықты дамыту:

Шығармашылық ойлауды, қиялды, білім берудегі инновациялық тәсілді ынталандыру.

Оқытудың стандартты емес әдістерін, шығармашылық тапсырмаларды, ойындарды қолдану.

Оқушылар өз идеяларын еркін жеткізе алатын және оларды жүзеге асыра алатын сыныпта шығармашылық атмосфера құру.

- Пәнаралық байланыстар:

Әлемнің біртұтас бейнесін жасау үшін әртүрлі пәндік салалардағы білімді біріктіру.

Пәнаралық жобаларды, ойындарды, тапсырмаларды қолдану.

Әр түрлі пәндік салалар арасындағы байланысты тереңірек түсіну арқылы оқуға деген қызығушылықты арттыру.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған практикалық ұсыныстар:

Заманауи білім беру ресурстарын, соның ішінде онлайн платформаларды, қолданбаларды, бейне сабақтарды зерттеу.

Әр түрлі білім деңгейлері бар оқушыларға әртүрлі әдістер мен тапсырмаларды қолдана отырып, оқытудың сараланған тәсілін енгізу.

Сабаққа дизайн элементтерін, шығармашылық тапсырмаларды, ойындарды қосу.

Оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Оқушылардың өзіндік жұмысына, олардың бастамасы мен тәуелсіздігін дамытуға жағдай жасау.

Білім берудегі трендтер-бұл жай ғана сөз емес, оқуды тиімдірек және заманауи ететін нақты өзгерістер. Осы трендтерді қолдана отырып, бастауыш сынып мұғалімдері сыныпта Қызықты және шығармашылық атмосфера құра алады, балаларға маңызды дағдыларды дамытуға және оларды қазіргі әлемде табысты өмірге дайындауға көмектеседі.

Менің еңбек жолымда бастауыш сыныптағы тәжірибемде ақпараттық технологиялар таным құралы ретінде пайдаланамын.

Бастауыш мектепте жұмыс істеген жылдарымнан бастап ақпараттық технологиялар менің сабақтарымның ажырамас бөлігіне айналды деп сенімді түрде айта аламын. Олар оқуды қызықты әрі серпінді етіп қана қоймайды, сонымен қатар балаларға білім әлеміне терең еруге көмектеседі.

Менің тәжірибемде:

Онлайн платформалар: мен онлайн викториналар, тесттер, ойындар өткізу үшін Wordwall, Mozaik3dEducation, LogicLike, Nearpod сияқты әртүрлі білім беру платформаларын қолданамын. Балалар мұндай сабақтарға қуана қатысады, олар бір-бірімен бәсекелесе алады, нақты уақыт режимінде кері байланыс ала алады және олардың үлгерімін көзбен бақылай алады.

Интерактивті оқулықтар мен презентациялар: мен интерактивті презентацияларымды PowerPoint бағдарламасында жасаймын немесе желіден дайын ресурстарды қолданамын. Бұл сабақты интерактивті саяхатқа айналдыруға көмектеседі, онда балалар материалмен қарым-қатынас жасай алады, бейне көре алады, аудио тыңдай алады, тапсырмаларды шеше алады.

Бейне және аудио материалдар: мен оқу материалын көрнекі және есте қаларлық ету үшін иллюстрациялау үшін бейнелер мен аудио жазбаларды қолданамын. Мысалы, біз оқулықта осы тақырыпты оқымас бұрын Джунглидегі жануарлардың өмірі туралы бейнені көре аламыз.

Ойындар: мен оқуды көңілді және қызықты ету үшін компьютерде де, мобильді құрылғыларда да білім беру ойындарын қолданамын. Балалар мұндай ойындарға қуана қатысады, олар мәселелерді шешуді, ақпаратты талдауды, командада жұмыс істеуді үйренеді.

Артықшылықтары:

Оқуға деген қызығушылықты арттыру: ақпараттық технологиялар сабақтарды жарқын, серпінді және қызықты етеді.

Шығармашылық ойлауды дамыту: ақпараттық технологиялар балаларға өз жобаларын, презентацияларын жасауға және қиялын пайдалануға мүмкіндік береді.

Қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру: Онлайн платформалар мен ойындар балаларға бір-бірімен байланысуға, топ болып жұмыс істеуге және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Тәуелсіздікті дамыту: ақпараттық технологиялар балаларға жаңа тақырыптарды өз бетінше үйренуге, желіден ақпарат іздеуге және өзіндік жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Кемшіліктер:

Технологияның қол жетімділігі: барлық балалар үйде компьютерлер мен Интернетке қол жеткізе алмайды.

Сандық сауаттылық: барлық ата-аналар мен мұғалімдер ақпараттық технологияларды қолдануға жеткілікті Құзыретті емес.

Қауіпсіздік: балаларға интернетті қауіпсіз пайдалану және жеке деректерді қорғау ережелерін үйрету маңызды.

Бастауыш сынып сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану-бұл сән үрдісі ғана емес, уақыт қажеттілігі. Олардың көмегімен мен сабақты қызықты, тиімді және заманауи талаптарға сай ете аламын. Алайда, ақпараттық технологиялардың қауіпсіздігі мен сауатты қолданылуын есте ұстаған жөн.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) оқушыларға ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету, ХХІ ғасырдың дағдыларын дамыту және білім беруде жаңа басымдықтарды қалыптастыру арқылы үлкен мүмкіндіктер ашады.

Мүмкіндіктер:

Шексіз ақпаратқа қол жеткізу: АКТ әлемнің түкпір-түкпірінен үлкен ақпарат ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқушылар кез-келген тақырыпты терең зерттей алады, қосымша материалдар таба алады, бейнелер көре алады, аудио тыңдай алады және т. б.

Интерактивті оқыту: АКТ оқуды динамикалық және қызықты етеді. Онлайн платформалар, ойындар, интерактивті оқулықтар оқушыларға материалмен өзара әрекеттесуге, мәселелерді шешуге, тест тапсыруға, нақты уақыт режимінде кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Цифрлық сауаттылықты дамыту: АКТ оқушыларға компьютермен, Интернетпен, бағдарламалармен, қосымшалармен жұмыс істеу дағдыларын игеруге көмектеседі. Бұл дағдылар қазіргі әлемде табысты жұмыс, оқу және өмір сүру үшін қажет.

Қарым-қатынас дағдыларын дамыту: Онлайн платформалар мен ойындар оқушыларға бір-бірімен байланысуға, командада жұмыс істеуге, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі оқыту: АКТ оқушыларға жаңа тақырыптарды өз бетінше үйренуге, желіден ақпарат іздеуге және өзіндік жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Дағдылар:

Сандық сауаттылық: компьютерді, интернетті, бағдарламалар мен қосымшаларды қолдана білу.

Сыни тұрғыдан ойлау: ақпаратты талдай білу, ең бастысы, дереккөздердің дұрыстығын бағалау.

Шығармашылық: жаңа идеяларды құра білу, мәселелерді қораптан тыс шешу.

Қарым-қатынас: жазбаша және ауызша түрде тиімді қарым-қатынас жасай білу, командада жұмыс істеу.

Тәуелсіздік: өз бетінше үйрену, ақпарат іздеу, мәселелерді шешу қабілеті.

Басымдықтар:

Цифрлық сауаттылықты дамыту: білім беру компьютермен, Интернетпен, бағдарламалармен және қосымшалармен жұмыс істеуді үйренуге көп көңіл бөлуі керек.

АКТ-ны білім беру процесіне біріктіру: АКТ жеке пән емес, барлық оқу пәндерінің интеграцияланған бөлігі болуы керек.

Қауіпсіз ортаны құру: балаларға интернетті қауіпсіз пайдалану және жеке деректерді қорғау ережелерін үйрету маңызды.

Болашаққа дайындық: АКТ оқушыларға қазіргі әлемде табысты өмір сүру және жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларды игеруге көмектесуі керек.

Акт-бұл тек сәттілікке кепілдік бермейтін құрал екенін ескеру маңызды. Оқушыларға қабілеттерін дамытуға және оларды болашаққа дайындауға көмектесу үшін оларды тиімді пайдалану маңызды.

Қорытындылай келе, әлем тез өзгеруде және білім икемді және өзгеруге дайын болуы керек деп айтқым келеді. Цифрландыру, оқытуды жекелендіру, жобалық қызмет және шығармашылықты дамыту сияқты білім берудегі трендтер жай ғана сөз емес, оқытуды тиімдірек және заманауи ететін нақты өзгерістер болып табылады.

Біз бұл трендтердің қазірдің өзінде балаларды оқыту мен тәрбиелеу тәсіліне қалай әсер ететінін көріп отырмыз. Ақпараттық технологияларды қолдану сабақтарды қызықты әрі серпінді етеді. Дифференциалды тәсілді қолдану әр оқушыға өз қарқынымен жұмыс істеуге және өз мүмкіндіктеріне сәйкес жетістікке жетуге мүмкіндік береді. Жобалық іс-әрекет шығармашылық ойлауды, коммуникативті дағдыларды және проблемаларды шешу қабілетін дамытады.

Білім берудегі трендтер өз алдына мақсат емес, оқыту мен тәрбиелеуде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін құралдар екенін есте ұстаған жөн. Жаңа тәсілдерді енгізу арқылы біз сабақтарды қызықты әрі тиімді ете аламыз, балаларға маңызды дағдыларды дамытуға және оларды қазіргі әлемде табысты өмірге дайындауға көмектесеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. "Білім берудегі трендтер: цифрлық трансформация" / ред.А.В. Хуторский. - М.: "Педагогикалық шеберлік" баспасы, 2019. - 280 б.
2. "XXI ғасырға арналған Білім: негізгі құзыреттер" / ред.Д. И. Фельдштейн. - М.: "Практикалық психология институты" баспасы, 2017. - 350 б.
3. "Білім берудегі шығармашылық: Теория және практика" / А.А. Вербицкий. - М.: "Ағарту" Баспасы, 2018. - 250 б.
4. "Цифрлық білім: жаңа мүмкіндіктер мен қиындықтар" / А. Р.Жиенбаева / / Педагогика. - 2018. - № 1. - Б. 24-31.

ӘОЖ 373.3 : 37.016 : 51 : 371.382 : 004

БАСТАУЫШ СЫНЫП МАТЕМАТИКАСЫН ОҚЫТУДА ГЕЙМИФИКАЦИЯ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Сейлова Зоя Тулеубаевна п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Тоқшылықова Замира ПМНО-24-1м тобының магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті**

E-mail:stsoias62@mail.ru

E-mail:zami_94_jan@mail.ru

Аннотация. Бұл мақала бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда геймификация әдістерін қолданудың тиімділігін айқындайды. Геймификация — ойын элементтерін оқу процесіне енгізу арқылы оқушылардың мотивациясын арттыру, оқыту сапасын жақсарту мақсатында қолданылатын педагогикалық тәсіл. Мақалада геймификацияның

психологиялық, педагогикалық аспектілері қарастырылып, оның оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудағы маңыздылығы мен тиімділігі көрсетілген.

Тірек сөздер: геймификация, бастауыш сынып, математика пәні, ойын элементтері, белсенділік, зерттеу дағдылары, оқушылардың қызығушылығы, білім сапасы, логикалық ойлау

Аннотация В данной статье определяется эффективность использования методов геймификации при обучении математике в начальных классах. Геймификация – педагогический метод, используемый для повышения мотивации учащихся и улучшения качества образования путем внедрения игровых элементов в учебный процесс. В статье рассматриваются психолого-педагогические аспекты геймификации и показывается ее значение и эффективность в повышении познавательного интереса учащихся.

Ключевые слова: геймификация, начальная школа, математика, игровые элементы, деятельность, исследовательские навыки, интерес учащихся, качество образования, логическое мышление

Annotation This article determines the effectiveness of using gamification methods in teaching mathematics in primary school. Gamification is a pedagogical method used to increase student motivation and improve the quality of education by introducing game elements into the educational process. The article discusses the psychological and pedagogical aspects of gamification and shows its importance and effectiveness in increasing the cognitive interest of students.

Key words: gamification, primary school, mathematics, game elements, activity, research skills, student interest, quality of education, logical thinking

Бастауыш сынып оқушыларын математика пәніне қызықтыру және олардың пәнге деген оң көзқарасын қалыптастыру — қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Бүгінгі білім беруді цифрландыру жағдайында математиканы оқытудың заманауи әдістері-оқытудың тиімділігін арттыруға, білім алушылардың қызығушылығын арттыруға және математикалық есептерді шешу дағдыларын дамытуға бағытталған әртүрлі технологиялар мен тәсілдерді қамтиды. Олар: интерактивті оқыту платформалары; виртуалды сыныптар мен вебинарлар; компьютерлік бағдарламалар мен мобильді қосымшаларды қолдану; жасанды интеллект көмегімен оқыту; ұжымдық оқыту; оқытуды геймификациялау және т.б. Аталған технологиялар математиканы оқытудағы маңызды рөл атқарады. Соның ішінде геймификация процесі қызықты ете алады, білім алушыларды белсенді қатысуға ынталандырады. Геймификация – бұл бизнестен бастап білім мен денсаулық сақтауға дейінгі әр түрлі салаларда кеңінен қолданылатын тұжырымдама. Бұл қатысушыларды ынталандыру және тарту мақсатында ойын элементтерін ойын емес контексттерде қолданудан тұрады. Ол адамдарды әртүрлі іс-шараларға белсенді етуде тартымдылықты, бәсекелестікті, ынтымақтастықты және жетістікке қанағаттануды пайдаланады. Ойын элементтерін ойыннан тыс пайдалану осы принциптерді келесі деңгейге көтеріп, әдеттегі тапсырмаларды қызықты оқиғаларға айналдырады. Нәтижесінде, геймификация қазіргі әлемде барған сайын танымал және тиімді техникаға айналады.[1]

Дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе оқушыларды жалықтырып, олардың пәнге деген ынтасын төмендетеді. Осыған байланысты, геймификация әдістерін қолдану соңғы жылдары білім беру саласында кеңінен танылып келеді. Геймификация оқу процесіне ойын элементтерін енгізу арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Геймификация — ойын принциптері мен элементтерін білім беру процесінде қолдану арқылы оқушылардың мотивациясын және қызығушылығын арттыру әдісі. Бұл әдіс оқушыларды өзара бәсекелестікке, тапсырмаларды орындауға және жетістіктерге жетуге ынталандырады. Ойындар арқылы оқушылар өз білімі мен дағдыларын дамыта отырып, оқу процесіне белсенді қатысады.[2]

Геймификацияның негізгі элементтеріне мыналарды жатқызуға болады:

1. Балдар мен марапаттар жүйесі, мотивацияның артуы — тапсырмаларды орындау барысында балл жинау, жетістіктерге жеткен кезде марапаттар алу.

2. Қадамдық мақсаттар мен деңгейлер — оқушыларға тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындауға мүмкіндік беретін құрылым. Геймификация әдісінде тапсырмалар кезең-кезеңімен беріледі, әрбір деңгейде оқушы жаңа тапсырма мен қиындыққа тап болады. Бұл әдіс оқушыларды жүйелі түрде оқу процесіне тартуға мүмкіндік береді. Мысалы, математикалық квесттерде оқушылар тапсырмаларды бірінен соң бірі орындап, әрбір дұрыс шешім үшін жаңа тапсырмаға өту мүмкіндігіне ие болады.

3. Бәсекелестік элементтері — топтық немесе жеке жарыстар ұйымдастыру, жеңімпаздарды анықтау.

4. Квесттер мен ойын тапсырмалары — оқушыларды қызықтырып, пәндік білімді терең меңгеруге көмектесетін ойын түріндегі тапсырмалар.

Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқыту барысында геймификация әдістері оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оларды оқу процесіне тартуға ықпал етеді. Оқушылар ойын элементтері арқылы жаңа білімді меңгеруді қызықты әрі жеңіл қабылдайды. Математика пәнінің әртүрлі тақырыптарын ойын түрінде меңгеру, мысалы, есептерді шешу, геометриялық фигураларды тану, амалдар орындау сияқты тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады.[3]

Геймификация әдістерін қолданудың бірнеше тиімді аспектілері бар:

1. Мотивацияны арттыру — ойын элементтері арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады, тапсырмаларды орындау барысында өз-өзін сынап көру мен жетістіктерге жету қызықты бола түседі. Ойын элементтері мен жетістіктердің болуы, оқушылардың өздерін тек білім алып қана қоймай, ойыншы ретінде сезінуіне мүмкіндік береді.

2. Оқу процесіне белсенді қатысу — ойын арқылы оқушылар тек тыңдаушы ғана емес, белсенді қатысушыға айналады. Бұл өз кезегінде білім сапасының артуына ықпал етеді.

3. Топтық жұмыс дағдыларын дамыту — командалық ойындар оқушылардың өзара қарым-қатынастарын нығайтып, бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

4. Қателіктерді түзету арқылы үйрену — ойын барысында оқушылар қателерін түзету арқылы дұрыс шешім табуға үйренеді, бұл олардың логикалық ойлау қабілетін дамытады. Математика сабақтарында, әсіресе есептерді шешуде қателік жасаудың өзі оқушылардың тәжірибе жинауына септігін тигізеді, себебі олар қателерін талдап, дұрысын табуға тырысады.

Геймификацияның білім алушылардың мотивациясын басқаратын бірнеше қажеттіліктері айтылады. Олар: білімді сезіну, табысқа жету, шығармашылықты дамыту, бақылау, қоғамдық ықпал, шыдамсыздықты жою, қызығушылық, шығынға ұшырамау секілді қажеттіліктер болады. Ойын сценарийін құрудағы геймификацияның элементтері: мақсат, ережелер, міндеттер, рөлдік функциялар, механика, марапаттар (виртуалды) болып табылады, әр элемент жеке талдаулармен беріледі. Әлемдік зерттеулер бойынша геймификацияның құрамдас бөліктері графикаланады. Бастауыш сынып оқушыларына математиканы меңгертуде Joyteka.com, Wordwall, Quizizz, Kahoot, Flippity, Genially, Educaplay, Khan Academy цифрлық платформалары жиі қолданылады.

Геймификацияда ең мықты мотивтердің бірі- ойыннан шабыт алу, оқушының әр түрлі іс-шараларға белсенді және ынталы қатысуға итермелейді, ынталандырып, жігерлендіреді. Нәтижесінде субъектілердің ойын үрдісіне ғана емес, сонымен бірге білім беру үрдісіне де қатысуы артады. Ойын- бұл жұмыс мүмкіндіктерін көрсететін үрдіс деп бекер айтылмаған; ойын бұл қуаныш тудыратын және сонымен бірге жауапкершілікті арттыратын жағдай; ал бізге керек әрекет ол геймификация. Үй тапсырмасын орындауға селқос қарайтын кейбір оқушылар да осы әдіс арқылы үй жұмысын қалай тез орындап тастағанын да байқамай қалады.[4]

Геймификация әдістері психологиялық тұрғыдан да өте тиімді. Ойын барысында оқушыларға тәуекел жасауға, қателікке жол беруге және одан сабақ алуға мүмкіндік беріледі. Бұл олардың стрессті жеңуге, өзін-өзі бақылауға және шығармашылық қабілеттерін

дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, геймификация оқушыларды ынталандырып, олардың өзіндік оқу мотивациясын арттырады.

Геймификация оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі керек. Әрбір ойын белгілі бір оқушылар тобына сәйкес келмеуі де мүмкін. Сондықтан геймификация тәсілдерін түсініп, мазмұнды жағдайға бейімдей білу керек. Геймификацияның жағымсыз жақтары да бар. Демек, материалды ойын түрінде беруге дағдыланған бала оқытудың дәстүрлі әдістерін қабылдай алмайды. Сондай-ақ геймификация ойын процесін оқумен дұрыс үйлестіре алатын білікті мұғалімді қажет етеді. Сауатты маман ойын мен оқу арасындағы тепе-теңдікті сақтайды, бұл жақсы нәтижеге әкеледі. [5]

Геймификация - бұл процесс. Оның негізгі міндеті – адамдарды тарту және жаңа білім мен дағдыларға қызығушылықты тудыру. Сонымен қатар, технология ойлауға оң әсер етеді, ұзақ мерзімді өзара әрекеттесуге және мәселені бірлесіп шешуге ынталандырады. Геймификация технологиясы жас ерекшеліктеріне және қазіргі тенденцияларға байланысты жүзеге асырылуда. Бастауыш мектепте баланың білімге деген құштарлығы жеткіліксіз болғандықтан ойын технологиясы қосымша мотивациялық күшейту болып табылады. Осы тұста оқушыға білім мазмұны негізінде шешуге тапсырма немесе есеп берілгенде ақпарат жақсы есте сақталатынын есте сақтау маңызды.

Қорыта айтқанда геймификация – оқушыларды оқуға тартудың тамаша тәсілі. Басқаша айтқанда, ойын арқылы сіз қызықсыз тапсырмаларды қызықты, болмайтын тапсырмаларды қалауға болатын және қиын тапсырмаларды қарапайым етесіз. Кез келген сабақты ойынға айналдырып, математика әлемінің жұлдыздарын жарқыратуға болады!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбілқасымова, А. (2020). "Геймификация әдісін бастауыш сынып оқушыларын оқытуда қолдану." Педагогика журналы.
2. Сәтбаева, Г. (2021). "Ойын технологиялары мен геймификация әдістері." Білім беру ғылымдары журналы.
3. Құдайбергенова, М. (2019). "Ойынның педагогикалық ықпалы." Математика және білім журналы
4. Игна О. Н. Имитационная (моделирующая) технология в профессиональной методической подготовке учителя иностранного языка //Вестн. Томского гос. пед. ун-та (TSPU Bulletin). - 2011. - Вып. 9 (111). - С. 186–190.
5. Воронцова О.Р. О педагогическом потенциале геймификации в математических дисциплинах //Актуальные технологии преподавания в высшей школе: материалы науч.-метод. конф. Кострома, 5 июня 2019 года. - Кострома, 2019. - С. 179–182.

УДК: 37:013

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РЕАЛИЗАЦИИ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ ВУЗЕ

Аманова Индира Камбарбековна

канд.психологических наук,
ассоциированный профессор,
Университет «Нархоз»

Бейсенова Жупаркуль Жумабаевна

канд.психологических наук,
ассоциированный профессор,

Казахский национальный женский педагогический университет

Аннотация

В данной статье демонстрируется значимость инклюзивного образования в продвижении равных возможностей и положительных результатов среди студентов вузов, а также необходимость анализа инклюзивной готовности и компетентности педагогов. В связи с тем, что практической реализации принципов и методов инклюзивного образования на университетском уровне уделяется мало внимания, целесообразно исследовать психолого-педагогические аспекты работы со студентами с ОВЗ.

Ключевые слова: инклюзивное образование, психолого-педагогические аспекты, педагоги вуза, обучающиеся с ОВЗ, студенты с ООП, инклюзивная готовность и компетентность.

Аннотация

Бұл мақалада ЖОО студенттері арасында тең мүмкіндіктер мен оң нәтижелерді ілгерілетудегі инклюзивті білім берудің маңыздылығы, сондай-ақ педагогтардың инклюзивті дайындығы мен құзыреттілігін талдау қажеттілігі көрсетілген. Университет деңгейінде инклюзивті білім берудің принциптері мен әдістерін практикалық іске асыруға аз көңіл бөлінетіндіктен, мүмкіндігі шектеулі студенттермен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық аспектілерін зерттеген жөн.

Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, психологиялық-педагогикалық аспектілер, ЖОО педагогтары, ШДМ-мен білім алушылар, ЕББҚ бар студенттері, инклюзивті дайындық және құзыреттілік.

Annotation

This article demonstrates the importance of inclusive education in promoting equal opportunities and positive results among university students, as well as the need to analyze the inclusive readiness and competence of teachers. Due to the fact that little attention is paid to the practical implementation of the principles and methods of inclusive education at the university level, it is advisable to explore the psychological and pedagogical aspects of working with students with disabilities.

Key words: inclusive education, psychological and pedagogical aspects, university teachers, learners with disabilities, students with SEN, inclusive readiness and competence.

В настоящее время, по всему миру растет число молодых людей с ограниченными возможностями здоровья и дееспособностями. Они испытывают уникальные трудности в усвоении учебного материала и коммуникации с преподавателями и одногруппниками. В этих условиях инклюзивное образование рассматривается как оптимальный вид обучения, облегчающий процесс социализации и адаптации к взрослой жизни личности с ограниченными возможностями.

Проблема инклюзивного образования в Казахстане решается в первую очередь в школах и детских садах и в меньшей степени в высших учебных заведениях. Тем не менее, инклюзивное образование в нашей стране на уровне вузов набирает обороты, предпринимая меры по устранению барьеров, препятствующих доступу образования студентам, и созданию благоприятной среды, способствующей успеху.

Инклюзивное высшее образование признает важность удовлетворения разнообразных потребностей в обучении всех студентов, с учетом их индивидуальных особенностей. Современная система образования ищет эффективные способы предоставления инклюзивного образования и стремится улучшить качество преподавания. Благодаря инклюзии студенты с ООП могут быть активно вовлечены в учебный процесс и поощряться к дискуссии со сверстниками, совершенствуя навыки взаимодействия в естественной среде.

Инклюзивное образование, направленное на предоставление равных возможностей всем обучающимся независимо от их способностей, стало краеугольным камнем современной философии образования. В контексте инклюзивного образования в вузах удовлетворение потребностей студентов с ООП имеет первостепенное значение. Множество зарубежных и отечественных исследований посвящено проблеме инклюзивного образования и психолого-педагогического сопровождения обучающихся с ОВЗ.

Среди зарубежных исследователей, о социально-педагогических аспектах инклюзивного образования в школах писали L. Kozibroda, I. Turchuk и их соавторы. Ученые считают, что для достижения успеха в учебе и жизни, в целом, детям с особыми потребностями психофизического развития и их здоровым сверстникам необходимы определенные социально-педагогические условия. К ним относится следующее:

1. Внедрение в образовательный процесс *ситуаций рефлексии и успеха*. Педагог может либо самостоятельно провести рефлексию, постепенно вовлекая учащихся в эту деятельность, либо дать учащимся возможность самим искать пути решения проблемы, не занимая при этом пассивную позицию.

2. *Проблемно-поисковый диалог* как механизм развертывания ситуации рефлексии в образовательном процессе. Используя проблемно-поисковый диалог, педагог учит своих учеников рассматривать каждую учебную проблему с разных точек зрения и отвечать на различные эвристические вопросы.

3. Применение *интерактивных методов обучения* на уроке для стимулирования развития ситуации. Интерактивными авторы считают те методы, которые способствуют одновременному развитию обоих полушарий головного мозга ребенка. Такие методы включают элементы исследования, поиска и сравнения фактов, явлений или позиций.

4. Главной целью урока, на котором доминирует рефлексия, должно быть *развитие понятийного мышления и речи* учащегося. Учитывая, что содержание любой дисциплины состоит из набора научных концепций, а формирование концептуального мышления означает формирование интеллекта в действии, это очень значимый аспект педагогической деятельности [1].

R.Oliynyuk в своей статье говорит о необходимости создания инклюзивной среды в учреждениях дошкольного образования и учета ее сути психологических, педагогических и социальных аспектов. Ученая описывает суть инклюзивного образования, подчеркивая, что оно устраняет любую дискриминацию в отношении детей, обеспечивая равное отношение ко всем обучающимся, но при этом, создает особые условия для детей с ООП [2].

Для реализации инклюзивного образования, по мнению R.Oliynyuk педагоги должны уметь:

- своевременно замечать и выявлять отклонения и нарушения в развитии обучающихся и участвовать в психолого-педагогическом сопровождении детей с ОВЗ;

- осуществлять индивидуальный и комплексный подход к обучающимся с особыми образовательными потребностями;

- формировать готовность здоровых учащихся к позитивному сотрудничеству со сверстниками с особыми образовательными потребностями;

Аннотация. Мақалада «Көркем еңбек» пәнінің бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін дамытудағы мүмкіндіктері сөз болады. «Көркем еңбек» пәні белсенділік, өзбетінше әрекет ету, қиял, оймен жұмыс істеу сияқты шығармашылық іс-әрекетті талап ететін эстетикалық бағыттағы пән ретінде қарастырылады.

Тірек сөздер: көркем еңбек, кіріктірілген пән, бастауыш сынып, шығармашылық, шығармашылық іс-әрекет, танымдық-шығармашылық белсенділік.

Аннотация. В статье рассматриваются возможности предмета «Художественный труд» для развития творческой деятельности младших школьников. Предмет «Художественный труд» рассматривается как дисциплина эстетического направления, развивающая художественное творчество, способности, самостоятельную деятельность, общую культуру младшего школьника.

Ключевые слова: художественный труд, начальный класс, творчество, творческая деятельность, интегрированный предмет, познавательная и творческая деятельность.

Annotation. The article discusses the possibilities of the subject "Artistic work" in developing the creative activity of primary school students. The subject "Artistic work" is considered an aesthetically oriented subject that requires creative activity, such as activity, independent action, imagination, and working with the mind.

Key words: art work, primary classes, creativity, creative activity, integrated subjects

Еліміздегі жаңа білім беру реформасы әлемдік білім беруге кірігуі арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, «өмір бойы білім алу» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енді қамтамасыз етуді мақсат етеді. Әрбір реформада заман талаптарына сәйкес білім мазмұны өзгеріске ұшырайды. Осыған сәйкес жаңартылған білім беру аясында дүниеге келген «Көркем еңбек» пәні – бейнелеу өнері мен еңбектің негізгі түрлерін, барлық қажетті материалдарды мазмұнына қарай біріктіріп енгізген кіріктірілген курс. «Кіріктірілген пән» деген ұғым пәндерді жай қосу емес, оқу материалындағы әрекет кірігуі, оның мәні мен өзара байланысы және жинақтылығына қарағанда әлдеқайда тереңде жатыр.

Шығармашылық іс-әрекет барысында қоршаған ортадағы объектілерді бір бейнеде көрсету үшін өнер түріндегі көркемдік тіл (түс, сызық, штрих, көлемді пластика, стилдеу, көлем, кеңістік, конструкция, композиция т.б.) және материалдың физикалық қасиеттерінің (ерігіштігі, жабысуы, иілуі, бүктелуі т.б.) мүмкіндігі пән мазмұнында кіріктіріліп берілген [1].

Бұрынғы оқытылған екі пәннің біріктірілуі жоғары деңгейлі белгілі бір нәтижеге жетуге, шығармашылыққа баулуға жағдай жасайды.

«Көркем еңбек» пәнін оқытуда білім беру ұйымдары оқушылардың қалай «білім алуды үйрену» керектігін білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, зерделі, дамыған шығармашыл тұлға болу қағидасын ұстанады.

Шығармашылық әрекет – бала өз бетінше жаңа, бір бейне құруымен сипатталады, яғни іс-әрекеттің қандай түрінде болмасын жаңалық ашу арқылы, жасампаздық бейне жасау арқылы өзіндік жеке даралық дамудың бір көрінісін байқатқан жағдаймен түсіндіріледі.

Зерттеушілер шығармашылық әрекетке әртүрлі анықтамалар береді. Мысалы И.Я.Лернер шығармашылық әрекет деп, білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, объектінің жаңа қызметін көре білуді, жаңа шешім табуды белгілейді. “Адамның іс-әрекеті әлеуметтік мағынаға ие болу үшін білім, оны жүзеге асыру тәжірибесі ғана емес, шығармашылық әрекет тәжірибесі де керек”, - деп тұжырымдады [2].

А.Н.Лук шығармашылық әрекетті, мәселені шешуді көрегендікке балайды, идеяларды іске асыру, болжай білу қабілеттерін атайды [3].

Шығармашылық әрекетке берілген анықтамалар бірін-бірі толықтырады, біз М.Мұқановтың шығармашылықты интеллектуалдық іс-әрекет, жоғары күй талап етеді және қалайда сезімдік мотивациясы болады деген пікіріне қосыламыз. Шынында да эмоция мен сезім жаңа идеялардың генераторы болып саналады, жаңа білімге қаланған жолдағы кедергілерді жоюды солар атқарады, өйткені «адамзатқа тән эмоциясыз, адамзаттық ақиқатты іздестіру болған емес және болмайды да». Ақыл-ойдың маңызды қасиеттері - оның ұзақ уақыт шоғырлануы, - деп жазды, себебі... - «Егер эмоция болмаса онда мидың қабы өзінің негізгі күш көзінен айрылады» [4].

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әрекетін дамыту үшін қызғылықты жаңалықты санқилылық мазмұндағы іс-әрекеттің, мазмұны жас ерекшелігіне сәйкестілігімен сипатталатын іс-әрекет ыңғайлы негіз болып табылады. Шығармашылық іс-әрекетін дамытатын негіздің бірі - ол балалардың проблемалық сипаттағы дербес шығармашылық әрекеті, мұндай іс-әрекет тапсырманы жеке даралайтын шығармашылық міндеттерді шешудің тиімді әдістерін, жаңа құралдарын қарастыруды ұйымдастыру, табысқа жету мен жеңіп шығу жағдайын қалыптастыруды, қол жеткен жетістіктердің барабарлық (адекваттық) бағасын беру, іс-әрекеттің әр түрлі формаларын қолдануды ойластырады. Шығармашылық іс-әрекетін дамытатын қажетті жағдайларға балалардың өзара және педагогпен арадағы қарым-қатынасты ұйымдастыру деңгейі, іс-әрекеттегі (интеллектуалдық-шығармашылық көңіл-күй, қарым-қатынастағы байсалды, тілектестік сарын, қиыншылық пен табысқа ортақтастық, өзара көтермелеу, педагогтың бала шығармашылығына деген сенімі және оны ынталандыру) жоғары эмоционалды толысуымен ерекшеленетін қатынас, педагогтың өзінің шығармашылық көңіл-күйіне, сондай-ақ жарыстық тыныс пен мадақтаудың барабарлығымен ерекшелінеді.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылыққа талпынысы, оның танымдық мотивациясын қалыптастырушы ретінде, шығармашылық үдерістің «оталдырғыш» механизмі болып саналады. Балалар шығармашылығы, танып-білуге құштарлығы ынта-ықыласпен іс-әрекет барысында көрінеді. Ол іс-әрекеттің шығармашылық стилін айқындап, баланы жасаушы, жалғастырушы позициясына қояды.

Оқушылардың танымдық шығармашылығының дамуына көркем еңбек сабағының ықпалы зор. Көркем еңбек сабағы бір жағынан, белсенділік, өзбеттілік, қиял, оймен жұмыс істеу сияқты шығармашылық іс-әрекетті талап етсе, екінші жағынан, эстетикалық бағыт – көркем еңбек сабағына тән қасиет.

Мектеп жасындағы балалардың танымдық-шығармашылық белсенділігін тәрбиелеу, ең алдымен, олардың әлемді тану қажеттілігімен және алған білімін өз шығармаларында пайдалануын дамытумен тығыз байланысты.

Көркем еңбекті оқыту барысында балалардың өзбеттілігі және белсенділігі жақсы дамуы үшін бірнеше талаптарды ескеру керек.

Мұндай талаптардың бірі - сурет салуды, бұйым жасауды шебер түсіндіру, суреттің салыну кезеңдерін айқын көрсету. Оқушылар салынатын нұсқауға өз бетінше талдау жасап, оның ерекшеліктерін анықтайды.

Әсіресе, кіші мектеп жасындағы балалар сәндік композиция мен тақырыптық суреттерді өзбетінше шешкені маңызды. Балалардың зейінін сурет салудың мұндай түріне тарту,

олардың шығармашылық ойын белсендіруге алдын-ала жасалатын жұмыстарға жұмылдыру пәрменді ықпал жасайды. Мысалы, нобайлар, бақылау, эскиздер т.б.

Балаларға еркін тақырыпта сурет салуға тапсырма көбірек беру керек. Бұл тапсырма оқушыларда шығармашылықты, қайсарлықты, тұрақтылықты дамытуға жағдай жасайды. Балалардың бойында алға қойған мақсатқа қол жеткізе білу, соған жету үшін кездескен қиындықтарды жеңе білу сияқты қасиеттерді тәрбиелейді. Бұл жерде өзбеттілік, шыдамдылық және қайсарлық әрқашан бірге жүреді.

Көркем еңбектің өзіне тән ерекшелігі - үнемі шыдамдылық пен бұйым жасау үдерісі кезіндегі белсенділікті талап етеді. Баланың танымдық-шығармашылық белсенділігі оның бақылауына негізделген. Сонымен қатар бақылау - тұлғаның қоршаған әлемді тануының белсенді формасы екендігі белгілі. Белгілі психологтар Л.С.Выготский мен С.Л.Рубинштейннің ұсынған тұжырымдамасы бойынша жеке адам тәрбие мен оқыту барысында жетіледі. Оқыту жеке адамның таным қабілетін, дүниетануын мақсатқа сәйкес дамыта және тәрбиелей отырып жетілдіреді.

«Көркем еңбек» пәнін оқытуда оқушылардың танымдық іс-әрекетінің кейбір сипаттарына тоқталайық.

Бастауыш сынып оқушыларының сурет салу кезінде мұғалім оларға жазу үйреткен сияқты, қолынан ұстап, суреттің контур сызықтарын сызуға көмектесіп жатады. Бұл көмек қол саусақтарының қимыл-қозғалысына біршама серпін берсе де, баланың өз бетінше жұмыс жасауына кері әсерін тигізуі мүмкін. Әсіресе оймен жасалатын танымдық іс-әрекет барысына теріс ықпал жасайды, себебі бала сурет салудың кезеңдерін, ережелерін толық ұқпайынша, оған қағаз бетіне сол суретті бейнелеу өте қиынға соғады. Бейнелеу өнері материалдарын игеріп, үйренуде сол материалдарды түсіндірмей, сөйтіп, балалардың санасына әбден сіңірмей тұрып, оларды бейнелеуге көшіру немесе сурет салуға кірістіру - үлкен қателік.

Мәселен, бала заттарды көруге, олардың пішіні, түсі, өлшемдік қатынасына көңіл бөлсе болды, ал сол заттарды бейнелеу немесе суретін салу оқушылардың жеке қабілеттеріне қарай реттеледі. Себебі, бұл жағдайда педагогикалық үдеріс біржақты әрі шала болып шығады. Бұл кезде оқушыларда заттарды қабылдауды дамыту ғана алға басады да, суретті қабылдау өспей қалады. Яғни даму, танымдық іс-әрекет тоқырап қалады. Елiктеу арқылы салынған алғашқы суретті түсіну шараларын жасауға да болады, бұған дайын репродукциялар, суреттер көрсетумен, оны мұқият түсіндірумен қатар сыныптағы жақсы сурет салатын балалардың суреттері де көмек көрсете алады. Бұл тәсілдерді қолдану кезінде суретті көрсету, түзетуді қалай жасаудың жемісті, табысты жолдарын таңдап алған жөн. Заттың суретін салудағы, мысалы, оның формасының дұрыс еместігін оқушы өзі түсініп түземесе немесе мұғалім өзі түзетіп берсе, онда оқудың, бейнелеу өнері материалдарын меңгертудің пәрменділігі мен нәтижелілігі азаяды. Бұл мәселені шешіп алмай тұрып, шығармашылық және танымдық іс-әрекетті дамыту өте қиынға соғады, тіпті көпшілігінде мүмкін емес. Сондықтан натураға қарап сурет салғызудың, ондағы заттардың форма, жарық пен көлеңке, сызықтарды түсіру, бояу түстерін таңдау, оларды реңімен пайдалану реті мен техникасын игеру сияқты іс-әрекеттерді дамытудың маңызы ерекше.

Бастауыш сыныптарда салынатын суреттердің дені табиғатқа, ондағы құбылыстарға бағытталады, себебі өзін қоршаған ортаның бала сезіміне әсер етпеуі мүмкін емес. Бастауыш мектептің 1-2-сынып оқушыларының сурет дәптерлерінде тау, өзен, ағаш, аспан, күн, бұлт, көбелек, гүл т.б. міндетті түрде кездеседі. Солардың ішінде таулардың салынған суретін алатын болсақ, кейбір жағдайда олардың формалары тік үшбұрышты, өте үшкір әрі контур сызықтары түзу болып салынады. Бұл неліктен? Себебі, таулардың неғұрлым үлкен репродукциялық суреттері өте аз көрсетілген, екіншіден, пән мұғалімі өзі сол таулардың бөлшектерін салуды көрнекі етіп тақтаға салып көрсетпеген, үшіншіден, табиғи тау мен суреттегі балалардың салған тауларының пішіндеріне, түстеріне салыстыру жұмыстары жүргізілмеген. Қайталау мен салыстыру және жаттығу - барлық игерілмегенді игертетін, меңгертетін тәжірибелік жұмыстар. Сондықтан бұларға көбірек мән берілсе, оқушылардың табысты жұмыстар саны арта түседі. Сурет салу заттың, құбылыстың қасиеттерін анықтап,

танып білуге бағытталып, балалардың қоршаған ортаның сан-алуандылығын бейнелеуге қажетті ептіліктер мен дағды қалыптастыруларына мүмкіндік береді. Суретті өңдеуде негізгі талап - саналылық әрі шынайылық болуы тиіс. Бала алғаш қарындаш ұстаған сәттен бастап бейнелеудің көлемдік, кеңістіктік, сол сияқты, пішіндік, рендік таным іс-әрекеттерін жүргізуі қажет. Оқушыға сурет дәптер парағын парақ емес, оны кеңістіктегі терезе ретінде қабылдану өте көп көмегін тигізіп, бейнелеудің күрделі сатысына жол ашып береді. Оқушылардың сурет салуына, олардың танымдық-шығармашылық белсенділігіне әсер етуші негізгі міндеттер мыналар:

1. Ойша талдауды дамыту. Бұл жүйелі жаттығулар арқылы заттардың құрылымды негізін ашып береді. Оқушы танып-білуге және шығармашылыққа қажетті затты, нәрсені немесе құбылысты санасында түсінуге тиіс.

2. Қабылдаудың көлемді болуы. Дүниедегі заттардың бәрінің көлемі бар, сондықтан іс жүзінде көлемдік ұғымдарды түсіндіріп, оқушыларға заттарды көлемді етіп көруге, бейнелеуге үйрету қажет.

3. Бейнелеудің тұтастығы болу қажет. Суреттегі салынған бөлшектер бір шешімге бағынуы қажет. Бастауыш сынып оқушыларының бұл бағыттағы іс-әрекеттері толыққанды болмаса да, жалпыдан жекеге қарай сурет салу, рендік қатынасты дұрыс сақтау сияқты шарттарды меңгеруге тиісті.

4. Суреттегі көңіл-күйді немесе мінезді көрсету. Бұл бастауыш мектеп оқушыларында өзінше көрінеді, яғни кейбір детальдық бөліктерді мұғалім оқушыдан сұрап, оның түсіндіруін талап етуі мүмкін, өйткені үлкендер ондай бөліктердің сипаттамасын анық түсінбей қалуы мүмкін.

Сонымен оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін дамытудың теориясы мен практикасына қатысты мәселелерге жасалынған талдама негізінде, біз шығармашылық іс-әрекеттің пайда болуы, орнығуы және дамуына қозғау салатын қайнар көзіне: шығармашылық іс-әрекеттің мазмұны, дербес не болмаса топтық шығармашылық әрекет, балалар шығармашылығын ұйымдастыру мен өту сипаты; шығармашылық үдеріске қатысушылар арасындағы қалыптасатын қарым-қатынас жатады деген қорытындыға келдік.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2018.
2. Лернер И.Я. Проблемное обучение. –Москва: «Педагогика», 1974. - с.64
3. Лук А.Н. Психология творчества. –Москва, «Наука», 1978. – 133.
4. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. -Алматы,1982.-294

ӘОЖ 373.3 : 37.016 : 574 :371.382

ОЙЫН ӘРЕКЕТІ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жайлауова М.К. п.ғ.к., доцент

Құрақбай Б.Қ. 1 курс магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

E-mail: mzhailauova@mail.ru

E-mail: biko-0111@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда ойын әрекеті құралдарының маңызы қарастырылады. Ойын әрекеттері балалардың экологиялық мәселелерді түсінуіне, табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға, ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сюжетті-рөлдік, дидактикалық, сайыс және практикалық ойындар арқылы балалардың білімін тереңдетуге, табиғатқа деген сүйіспеншілікті оятуға мүмкіндік береді. Мақалада экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді әдістері мен ойын әрекетінің рөлі жайында да сөз болады.

Тірек сөздер: Ойын әрекеті, экологиялық мәдениет, топтық жұмыс, интербелсенді оқыту, экологиялық білім, балалардың дамуы

Аннотация. В данной статье рассматривается значение средств игровой деятельности в формировании экологической культуры младших школьников. Игровая деятельность способствует развитию у детей понимания экологических проблем, повышению ответственности за природу, навыков сотрудничества. Позволяет углублять знания детей, прививать любовь к природе посредством сюжетно-ролевых, дидактических, конкурсных и практических игр. В статье речь пойдет также об эффективных методах формирования экологической культуры и роли игровой деятельности.

Ключевые слова: игровая деятельность, экологическая культура, групповая работа, интерактивное обучение, экологическое образование, развитие детей

Annotation. This article examines the importance of the means of play activity in the formation of the ecological culture of younger schoolchildren. Play activities contribute to the development of children's understanding of environmental problems, increased responsibility for nature, and skills of cooperation. It allows you to deepen children's knowledge, instill a love of nature through Story-role-playing, didactic, competitive and practical games. The article will also discuss effective methods of forming an ecological culture and the role of gaming activities.

Keywords: play activities, environmental culture, group work, interactive learning, environmental education, child development

Экологиялық мәдениет — бұл табиғатпен үйлесімді өмір сүруге, табиғи ресурстарды сақтауға, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға бағытталған адамгершілік және мәдени құндылықтардың жиынтығы. Бастауыш сынып кезеңі — бұл балалардың дүниетанымының қалыптасуында ерекше маңызды кезең. Ойын әрекеті құралдары арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру — балалардың табиғатқа, экологиялық мәселелерге деген көзқарасын өзгертуге, оларға экологиялық білім мен дағдыларды меңгертуге ықпал етеді [1].

Ойын — балалар үшін табиғи, қызықты, әрі танымдық процесс. Ойын әрекеті арқылы балалардың белсенділігі артып, олар топта жұмыс істеп, өз пікірлерін білдіруге, шешімдер қабылдауға үйренеді. Ойын түрлері балаларға экологиялық мәселелерді түсінуге, табиғатқа деген сүйіспеншілікті оятуға мүмкіндік береді. Оның рөлі бірнеше аспектілерге бөлінеді:

1. Танымдық даму. Ойын арқылы балалар өздерін қоршаған орта туралы білім алады. Ойын әрекеті кезінде балалар жаңа ақпаратты меңгеріп, логикалық ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, экологиялық тақырыптарға арналған ойындар арқылы балалар табиғаттың құрамдас бөліктері мен олардың өзара байланысын түсінеді.

2. Эмоциялық даму. Ойын әрекеті балалардың эмоционалдық интеллектісін қалыптастыруда да маңызды. Ойын барысында олар түрлі рөлдерді сомдап, эмоцияларын білдіре алады. Бұл процесс балалардың эмоциялық әлемін кеңейтіп, әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

3. Әлеуметтік өзара әрекет. Ойын топта қарым-қатынасты нығайтуға, достық қарым-қатынастарды дамытуға ықпал етеді. Топтық ойындар барысында балалар бір-бірімен пікір алмасып, ынтымақтастықта жұмыс істейді, бұл олардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

4. Шығармашылық қабілеттер. Ойын әрекеті балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Олар түрлі жағдайларды модельдеп, өз шешімдерін ұсына алады. Мысалы, экологиялық проблемаларды шешуге арналған ойындар балалардың креативті ойлау қабілетін арттырады.

5. Мотивация. Ойын — балалар үшін қызықты әрі тартымды процесс. Ойын элементтері оқу әрекетіне қызығушылықты арттырады, балалардың білімге деген ынтасын оятады. Ойын арқылы экологиялық мәселелерді зерттеу қызықты болады, бұл балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға әсер етеді.

6. Физикалық даму. Кейбір ойындар физикалық белсенділікті талап етеді, бұл балалардың моторикаларын, дене шынықтыруын және жалпы денсаулығын жақсартуға ықпал етеді.

Табиғатта өтетін ойындар балаларды табиғатпен таныстырып, оларға табиғаттың сұлулығын сезіндіреді[2].

Ойын әрекеті — балалардың дамуында, оқыту процесінде және әлеуметтік қарым-қатынаста маңызды рөл атқаратын бірегей құрал. Ойын әрекеті құралдары — балалардың оқу және даму процесін белсендіру, қызығушылығын арттыру, дағдыларын қалыптастыру мақсатында қолданылатын түрлі әдістер мен материалдар. Олардың әрқайсысы балалардың білімін тереңдетіп, экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Төменде ойын әрекеті құралдарының негізгі түрлері мен олардың ерекшеліктері қарастырылады.

1. Сюжетті-рөлдік ойындар. Сюжетті-рөлдік ойындар — балалардың нақты өмірдегі рөлдерді сомдау арқылы экологиялық проблемаларды зерттеуге мүмкіндік беретін құралдар. Мысалы:

«**Эколог**»: Балалар экология мәселелерін зерттеп, қорғаушы рөлін ойнайды.

❖ «**Табиғат қорғаушысы**»: Табиғатты қорғау мен сақтау міндеттерін талқылайды.

2. Дидактикалық ойындар. Дидактикалық ойындар білімді нығайту мен дағдыларды дамыту мақсатында әзірленеді. Оларға мыналар жатады:

▪ **Викториналар:** Экология бойынша сұрақтар мен жауаптар арқылы балалардың білімін тексеру.

▪ **Пазлдар мен карточкалар:** Экожүйе компоненттерін танып, олардың өзара байланысын зерттеуге мүмкіндік береді.

3. Сайыс ойындары. Сайыс ойындары балалардың экологиялық білімдерін, дағдыларын тексеруге және дамытуға көмектеседі. Мысалы:

○ «**Экологиялық чемпионат**»: Әр түрлі экологиялық тақырыптарға сайыс өткізіп, жеңімпаздарды анықтау.

○ **Табиғатты қорғау бойынша жарыстар:** Топтық сайыстар арқылы балалардың ынтымақтастық дағдыларын дамыту.

4. Көрнекі құралдар. Көрнекі құралдар балалардың назарын аударуға және экологиялық мәселелерді түсіндіруге көмектеседі. Оларға мыналар жатады:

➢ **Суреттер мен плакаттар:** Табиғаттың әсемдігі мен экологиялық проблемаларды көрсететін материалдар.

➢ **Бейнемазмұндар:** Экологиялық тақырыптар бойынша фильмдер мен бейнероликтер.

5. Практикалық жұмыстар. Практикалық жұмыстар ойын әрекетінің тиімділігі мен балалардың тәжірибе жинақтауына ықпал етеді. Мысалы:

❖ **Табиғатқа шығу:** Экологиялық турлар мен серуендер өткізу, табиғатпен танысу.

❖ **Экологиялық акциялар:** Қоқыстарды жинау, ағаш отырғызу сияқты іс-шаралар.

6. Компьютерлік және цифрлық ойындар. Соңғы жылдары цифрлық технологиялар ойын әрекетін дамытуда үлкен рөл атқарады. Олар:

✓ **Онлайн викториналар:** Экология бойынша сұрақ-жауап ойындары.

✓ **Білім беру бағдарламалары:** Экологиялық білімді интерактивті түрде ұсынатын қосымшалар мен ойындар[3].

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру — балалардың табиғатқа, экологияға деген жауапкершілігін, сүйіспеншілігін және саналылығын дамытуға бағытталған маңызды процесс. Бұл мақсатқа жету үшін әртүрлі әдістерді қолдану қажет. Төменде экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді әдістері қарастырылады:

1. Интербелсенді оқыту. Интербелсенді оқыту әдістері балалардың белсенділігін арттыруға, олардың өз пікірлерін айтуына және тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді. Мысалы, топтық талқылаулар, дебаттар мен пікірталастар ұйымдастыру арқылы балалар экологиялық мәселелерді терең түсінеді.

2. Ойын әдістері. Ойын — экологиялық мәдениетті қалыптастырудың тиімді құралы. Сюжетті-рөлдік ойындар, дидактикалық ойындар және экологиялық сайыстар балалардың экологияға деген қызығушылығын арттырып, экологиялық мәселелерді шешуге үйретеді.

3.Практикалық жұмыстар. Практикалық жұмыстар — балалардың экологиялық білімдерін нақты жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді. Табиғатқа шығу, ағаш отырғызу, экологиялық акцияларға қатысу арқылы балалар табиғатты қорғау қажеттілігін сезінеді.

4.Көрнекі құралдар. Көрнекі құралдар арқылы экологиялық ақпаратты түсіндіру — балалардың назарын аударуға және экологиялық проблемаларды визуалды түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Суреттер, плакаттар, бейнемазмұндар экологиялық білімді жеңіл әрі қызықты түрде жеткізуге көмектеседі.

5.Зерттеу жобалары. Зерттеу жобалары балалардың экологиялық мәселелерді зерттеп, өздерінің пікірлері мен шешімдерін ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл процесс балалардың зерттеушілік дағдыларын дамытып, экологияға деген қызығушылығын арттырады.

6.Топтық жұмыс. Топтық жұмыс балалардың ынтымақтастық дағдыларын дамытуға, экологиялық мәселелерді бірге шешуге мүмкіндік береді. Топта жұмыс істегенде балалар бір-бірімен пікір алмасып, өз білімдерін толықтыра алады.

7.Әңгімелесу және рефлексия. Әңгімелесу әдісі арқылы балалар экологиялық тақырыптарды талқылап, өз ойларын білдіруге мүмкіндік алады. Рефлексия — оқыту үдерісінен кейін балалардың алған білімдерін қорытындылап, өз ойларын жинақтауға көмектеседі.

8.Мультимедиалық технологиялар. Цифрлық құралдарды, мультимедиалық презентацияларды, онлайн курстарды пайдалану экологиялық білімді интербелсенді түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл балалардың қызығушылығын оятады және оқу үдерісін жаңартады[4].

Ойын әрекеті құралдары бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар балалардың экологиялық мәселелерге деген қызығушылығын арттыруға, топта жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, табиғатқа деген сүйіспеншілікті оятуға көмектеседі. Ойын арқылы алынған білім мен дағдылар балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырып, табиғатты қорғау, сақтау және дамыту үшін қажетті құндылықтарды дарытады. Ойын әрекеті балалардың дамуындағы маңызды компонент болып табылады. Ол танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік және шығармашылық дамуды қамтамасыз етіп, балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда тиімді құрал ретінде қызмет етеді. Ойын арқылы алынған білім мен дағдылар балалардың табиғатқа, экологияға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді[5].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кенжебеков А. Ойын арқылы білім беру. - Алматы: «Білім», 2020.
2. Тажигулова Б. Экология және білім. - Нұр-Сұлтан: «Фолиант», 2019.
3. Сейфуллина Г. Экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы ойын әрекеті. - Қарағанды: «Қарағанды университеті», 2021.
4. Мұқанова Л. Бастауыш сынып оқушыларына экологиялық білім беру. - Астана: «Фолиант», 2022
5. Оспанова М. Ойын әдістері арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Алматы: «Атамұра», 2021.

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бекжанова Б.Ж. БББ жетекшісі, философия докторы (PhD)

Съезд М.Н. 1 курс магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

E-mail: bekzhanova77@mail.ru

E-mail: mahanova.0195@mail.ru

Аннотация. Мақалада мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстың маңызы қарастырылған. Бала тәрбиесінде сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны тәрбиенің бағыттарымен тығыз байланысты. Дүниетанымдық сана баланың сезіміне, ерік-жігеріне әсер етіп, сана-сезімді бекітуші, ерік-жігерді ынталандырушы деген пікірде.

Тірек сөздер: Білім мазмұнын толықтыру, оқушылардың дүниетанымын дамыту, тәрбиелік қызмет, толыққанды жеке тұлға қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстың маңызы.

Аннотация. В статье рассматривается значение внеклассной работы в формировании мировоззрения школьников. Содержание внеурочной деятельности в воспитании детей тесно связано с направлениями воспитания. Бытует мнение, что мировоззренческое сознание воздействует на чувства, волю ребенка, закрепляет сознание, стимулирует волю.

Ключевые слова: наполнение содержания образования, развитие мировоззрения учащихся, воспитательная деятельность, значение внеклассной работы в формировании полноценной личности.

Annotation. The article examines the importance of extracurricular activities in shaping the worldview of schoolchildren. The content of extracurricular activities in the upbringing of children is closely related to the directions of education. There is an opinion that worldview consciousness affects the feelings, the will of the child, strengthens consciousness, stimulates the will.

Keywords: filling the content of education, the development of students' worldview, educational activities, the importance of extracurricular activities in the formation of a full-fledged personality.

Дүниетаным — жеке адамның, әлеуметтік топтың, таптың немесе тұтас қоғам қызметінің бағытын және шындыққа деген қатынасын айқындайтын принциптердің, көзқарастардың мақсат-мұраттар мен сенімдердің жүйесі.

Дүниетаным қалыптасуына саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар көп әсер етеді. Ғылыми білімдер Дүниетаным жүйесіне ене отырып, адамның немесе бүкіл топтың қоршаған әлеуметтік және табиғат заңдылықтарын бағдарлау мақсаттарына қызмет етеді.

Баланың ғылыми дүниетанымына табиғат және қоғам елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, қоғамдық саяси қатынастар әсер етері белгілі. Ғылыми сенімдер ғылыми - философиялық білімдерді, қазіргі ғылым жетістіктерін оқып-үйрену, дүниені танудың ғылыми әдістерін қодану арқылы, қалыптасатыны шындық. Ғылыми дүниетаным – қоғамдық сананың ең жоғары түрі. Ол арқылы баланың өмірдегі жақсы мен жаманға көзқарасы қалыптасып, азаматтық көзқарасы айқындалады. Дүниетанымды қалыптастыратындар: тәжірбиені теориялық тұрғыдан қорыта білу, сезімнің ақыл - ойға әсері, саналы, алдына қойған мақсаты бар ерік - жігер. Бұлар баланың көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыратыны күмән туғызбайды. Көзқарастар - оқушының өзі сенетін білімдері, ұғымдары, практикадан шығарған теориялық тұжырымдары, ұсыныстары. Оқушының олар арқылы табиғатта және қоғамда болып жатқан түрлі құбылыстарға баға берімен өзінің мінез-құлқы, жүріс-тұрысын оң бағытқа өзгеріп отырады. Тәжірбиелік жұмыстарды ұйымдастыру кезінде бала өз алдына мақсат қойып, соған жету үшін жігерлене

еңбек етеді. Дүниетаным тәрбиелік қызмет атқарады. Бала өзі келісетін көзқарастары арқылы, адамгершілігін, ерік-жігерін, эстетикалық сезімдерін шыңдайды. Мұғалімдер оқушыларды адалдыққа сендіріп, олардың адал жүреуіне керекті батылдықты, табандылықты, ізгілікті, серік етіп, жауапкершілікке тәрбиелеуі керек.

Өнер шығармалары баланың сезімін оятады. Шығармаларды талдау, салыстыру, қорытындылау баланың танымдық қабілеттерін дамытады. Оқушылардың өнердің түрлі салаларында іс - әрекет жасауы олардың дүниетанымның қалыптасуына орасан зор әсер етеді. Оқушылар өнердің тілімен танысып, тәжірибе жүзінде іске асыруға дағдыланады. Баланың дүниені қабылдау кезіндегі әсерленуі балалық шақта жақсы жүреді, сондықтан көркем өнерпаздар үйірмесін құру, өнер шығармаларын жасату, шығармалар жаздыру, сахналық қойылымдарға рөлдерде ойнату баланың дүние туралы ой – өрісін кеңейтіп, көзқарастары мен сенімін тексеруге көмектеседі. Оқушының дүниетанымның қалыптасқандығын оның ғылыми білімдерінің тереңдігінен, жүйелігінен, диалектикалық ойлауынан байқауға болады.[1]

Дүниетанымның психологиялық құрылымы танымдық, эмоционалдық және еріктік сияқты құрамаларды қамтиды. Білім жеке көзқарас сенімге айналу үшін оны тек ойластырып қана қоймай, терең сезіну, қоғамдық өмір және іс – әрекетпен салыстыру керек. Оқушының жалпы дамуында бұл процесс тұрақты және үздіксіз өзгерістерге ұшырайды. Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру оларды осы заманғы ғылыми біліммен қаруландыруға сүйенеді. Бұған мектепте оқытылатын барлық пәндердің қатынасы бар.

Сонымен мектепте оқыту оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі.

1. Мұғалімнің ғылыми дүниетаным негіздерін қалыптастыру іс әрекеті кезеңдерін нақты жоспарлауын қамтамасыз ету.

Бірінші кезеңде мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру ісінің жүйесінде әрбір пәнінің орнын анықтау, пән аралық байланысты айқындау, негізгі философиялық, саяси – әлеуметтік және адамгершілік идеяларды мағыналы ойлауға жетелейді, оларды пәндерді оқудың уақыты бойында логикалық және деректік сипатына қарай күрделенетін ретпен тізбектей орналастырып, бірнеше басқышқа бөледі.

Үшінші кезеңі дүниетаным қорытындыларын топтауды міндет етеді. Төртінші кезеңде оқытылатын материалдан шығатын дүниетаным қорытындыларын тақырыптарға сәйкес бөлу және оларды сабақ жоспарларында, оқушылардың өзіндік жұмысы үшін берілетін тапсырмаларды белгілеу жүзеге асады.

Бесінші кезеңде оқушылардың оқуын, ғылыми дүниетану негіздерін қалыптастыруды басқаруға көмектесетін оқушылар танымдық іс – әрекеттің тәсілдерін, оқытудың әдістері мен формаларын анықтайды.

2. Табиғат пен қоғамдық өмірдің танылуға тиісті құбылыстарына оқушылардың жеке қатынасын қалыптастыру. Дүниетаным идеяларын меңгеруге оқушының белсенді және орынды қатынасы оның ақиқат екендігіне сенімін қалыптастырады.

3. Алған білімді меңгеруге, қолдану және үздіксіз бекітудің бірлігі. Білім тек саналы ойлау жұмысының нәтижесінде алынып, тәжірибиеде тексеріліп, іс – әрекеттің жетекші идеясына айналса ғана дүниетаным сипатын алады.

4. Оқушының адамгершілік қатынас тәжірибесін жүйелі жинауы. Адамгершілікті көзқарастарды қалыптастыру, тереңдету мен бекіту, оқушыны қоршаған орта, оны қоғамның – саяси белсенділікке, өз бетіндік іс – әрекет және жауапкершілікке итермелейтіндей жағдайға қоюды талап етеді.

5. Мұғалім – ғылыми дүниетаным иесі және оны жүзеге асырушы. Жалпы, оқушының дүниетанудағы жәрдемшісі мұғалім. Ол рухани жан дүниесі бай идеялық, психологиялық және әдістемелік даярлығы бар, ой – өрісі кең және берік көзқарасты адам болуы керек. Мектепте, үйлесімен және өндірісте оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегінің, олардың қоғамда өз роліне, бақытты өмір сүруіне түсінуінің, өзінің алатын орнын біреуінің маңызын атап кеткен жөн. Өйткені еңбек процесінде оқушылар әр түрлі ұжымдармен, жеке

адамдармен қарым – қатынас жасау арқылы білім және практикалық дағдыны игереді, қоғамдық қатынастар тәжірбиесін иемденеді. Осының нәтижесінде оқушылардың адамгершілік көзқарасы, сенімі дамиды.[2]

Сыныптан тыс жұмыстар – бұл оқушылардың білімін, іскерлігін кеңейту және тереңдету, жеке қабілеттерін дамыту, сонымен қатар олардың орынды демалысын ұйымдастыру мақсатында мектеп тарапынан өткізілетін оқушылармен ұйымдастырылған мақсатты іс-шаралар.

Қазіргі мемлекеттік білім беру стандарты сыныптан тыс жұмыстарды оқушылардың мазмұнды бос уақыттағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін (мерекелер, кештер, дискотекалар, жорықтар), олардың өзін-өзі басқаруға және қоғамдық пайдалы іс-шараларға, балалар қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарына қатысу үшін сыныптан тыс уақытта оқушылар тобымен ұйымдастырылатын іс-әрекет ретінде түсіндіреді.

Бұл жұмыс мұғалімдерге өз қамқорлығындағы әлеуетті мүмкіндіктер мен мүдделерді анықтауға, балаға оларды жүзеге асыруға көмектесуге мүмкіндік береді.

Сыныптан тыс әр түрлі іс-шаралар баланың жеке қабілеттерін ашуға ықпал етеді, олар әрдайым сабақта көрінбейді. Сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлілігі баланың өзін-өзі тануына, өзін-өзі бағалауын, өзіне деген сенімділігін арттыруға, яғни өзін-өзі оң қабылдауға ықпал етеді. Оқушыларды сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі түрлеріне қосу олардың жеке тәжірибесін, адам қызметінің әртүрлілігі туралы білімдерін байытады, қажетті практикалық дағдылар мен дағдыларды қалыптастырады. Педагогикалық мамандық үнемі шығармашылық ізденісті, өзін-өзі жетілдіруді, кәсіби деңгейін арттыруды талап етеді.[3]

Сыныптан тыс жұмысты жоғары деңгейде өткізу үшін мұғалім басқа пән мұғалімдерімен – сызу, еңбек, музыка пәні мұғалімдерімен тығыз байланыста жұмыс істеуі керек. Ата-аналарды сыныптан тыс жұмыстарға тарту ұсынылады, олардың арасында өте қызықты және талантты адамдар бар.

Оқу және сыныптан тыс жұмыстардың мақсаттары мен міндеттері сәйкес келгенімен, соңғыларының мазмұны мен формаларында айтарлықтай айырмашылықтар бар.

1. Оқушылардың қатысуының еріктілігі. Оқушылар сабақтан тыс іс-шараларға қатысуды өздерінің қызығушылықтары мен жаңа нәрсені үйренуге, нақты мақсатпен қосымша оқып жатқан пәнмен айналысуға деген ұмтылысына сәйкес шешеді. Сондықтан мұғалім оқушылардың белгілі бір іс-әрекет түрлеріне деген қызығушылығын дер кезінде анықтап, сол арқылы оған деген қызығушылығын оятуы керек. Бұл ереже сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен формасын анықтайды – ол пәнге деген қызығушылықты үнемі қолдауға, тереңдетуге және дамытуға тиіс.

2. Сыныптан тыс жұмыстардың уақыты, орны, нысаны, ұпай санына қатысты қатаң реттеудің болмауы. Сыныптан тыс жұмыстардың нәтижелерін тексеру есеп беру концерттері, кештер, қабырға газеттерін шығару, стендтер шығару, радиохабарлар және т.б.жұмыстармен нақтыланады.

3. Сыныптан тыс тапсырмаларды орындауда оқушылардың үлкен дербестігі мен ынталылығы, яғни сыныптан тыс жұмыстың негізі мектеп оқушыларының өзін-өзі басқаруы болып табылады. Сыныптан тыс жұмыстың субъектілері – оқушылар: оны өздері жүргізеді. Сыныптан тыс жұмыстардың формалары мен мазмұнын таңдауда оқушылардың қалауы мен қызығушылықтары маңызды болып табылады.

4. Дегенмен, мектеп оқушыларының өзін-өзі басқаруы реттелетінін және бұл мұғалімнің қызметімен анықталатынын есте ұстаған жөн. Белгілі болғандай, дидактикада мұғалімге тән екі көшбасшылық стиль бар: авторитарлық және демократиялық. Сыныптан тыс жұмыстар үшін мұғалім мектеп оқушыларының іс-әрекетін жанама түрде бақылайтын студенттердің өзін-өзі басқаруымен біріктірілген көшбасшылықтың демократиялық стилін қолайлы деп тануға болады. [4]

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға арналған жоғарыда аталған барлық ұсыныстар әртүрлі мағынаға ие, сондықтан олардың ешқайсысына артықшылық беруге

болмайды. Бір-бірін толықтыра отырып, олар ажырамас бірлікті құрайды және сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу кезінде міндетті болып табылады.

Оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін есепке алу оқытудың қажетті шарты болып табылады, ол пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу процесінде де маңызды.

Сыныптан тыс жұмыстарды сәтті жүргізу үшін мыналарды ескеру қажет:

1. Әр түрлі жастағы оқушылардың ерекшеліктері.
2. Әр нақты кезеңдегі ұжымдық өмірдің ерекшеліктері.
3. Оқушылардың жеке ерекшеліктері.

Бұл ерекшеліктердің барлығы білімге байланысты болады:

- жұмыстың тиісті нысандарын таңдау;
- пән бойынша жұмыстың мазмұны;
- жұмысты ұйымдастыру.

Танымдық қызығушылық бастауыш сынып оқушыларын оқытудың қажетті және негізгі құралы ретінде анықталады. Оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытпай, оқу мақсатына жету қиын ғана емес, іс жүзінде мүмкін емес.

7-9 жастағы балалардың танымдық қызығушылығы нәзік және әлсіз сараланумен сипатталады. Осы кезеңде кез-келген оқу пәнін оқуға деген терең қызығушылық сирек кездеседі. Зерттеушілер бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтарының ерекшеліктеріне мыналарды жатқызады: еліктеу(пайда болу кездейсоқтығы); құбылмалылық, қысқа мерзімділік; үстірт (тек сыртқы фактілер қызықты, әсіресе жарқын, ерекше, мәнге тереңірек үңілу-тартымсыз); өзінің өмірлік тәжірибесіне жақындық; дисперсия (оқушы білімнің көптеген әртүрлі салаларына қызығушылық танытады, олардың байланысы жоқ); жақын нәтижеге назар аудару.

Сонымен, ойын-сауық құбылыстарына, баланың оқыту барысында алатын жаңа фактілеріне тікелей қызығушылық қарапайым деңгей болып саналады. Мұндай қызығушылық айқын және ашықтықпен сипатталады. Балалар жиі күтпеген сұрақтар қояды. Олардың қызығушылығы оянады.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығының орташа деңгейі терең ішкі мәнді құрайтын және жиі көрінбейтін құбылыстарды білуге қызығушылықты анықтайды. Бұл деңгей болжауды, іздеуді, алынған іс-қимыл әдістерімен, дағдылармен және дағдылармен белсенді жұмыс істеуді, белгілі бір білім қорын қажет етеді.

Танымдық қызығушылықтың жоғары деңгейі бастауыш сынып оқушыларының құбылыстардың әртүрлі жағдайларында әрекет ететін жалпы принциптерді орнатуға, белгілі бір заңдылықтарды анықтауға, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға қызығушылығын тудырады. Белгіленген деңгей зерттеушілік шығармашылық іс-әрекеттің элементтерімен тікелей байланысты, сонымен бірге іс-әрекеттің үйренген әдістері мен алынған әдістерін жетілдірумен қатар жүреді.

Осылайша, бастауыш мектеп жасындағы балалардың даму процесінде танымдық қызығушылық әртүрлі функцияларды орындайды: ол белсенді және баурап алатын баланың оқу құралы, интеллектуалды және ұзақ уақыт бойы танымдық іс-әрекеттің маңызды мотиві, тұлғаның одан әрі оқуға дайындығын сәтті қалыптастырудың алғышарты ретінде әрекет етеді. [5]

Сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты – тұрақты танымдық қызығушылықтарды қалыптастыруға жан-жақты ықпал ету. Пәндік оқытудың әсерінен танымдық қызығушылықтардың бөлінуі пайда болады, содан кейін өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі қалыптасады және ілгерілейді.

Оқу пәнін үздіксіз, құштарлықпен түсіну терең қызығушылыққа жетелеп, сабақ мазмұнына деген қызығушылықты тудырады.

Сыныптан тыс жұмыс жүйесінің бірқатар ерекшеліктері бар:

1. Сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мемлекеттік бағдарламамен реттелмеген, сондықтан сыныптан тыс жұмыстарға арналған тапсырмаларды таңдағанда мұғалім білім

алушылардың жалпы білім деңгейі мен дағдысын негізге ала отырып, білімді ағымдағы бағдарламалық материалмен байланыстырады.

2. Сыныптан тыс жұмыс формасына қарай сабақтан тыс жұмыстардың ұзақтығы 2 - 3-тен 15 - 20 минутқа дейін және толық сағатқа дейін болуы мүмкін.

3. Сыныптан тыс жұмыстарға оқушылардың құрамы әр түрлі болуы мүмкін: бір сыныптың оқушылары немесе әртүрлі сынып оқушылары. Бұл жағдайда топтар ерікті негізде құрылады. Топ құрамы өзгеруі мүмкін.

4. Сыныптан тыс жұмыс формалары мен түрлерінің алуан түрлілігімен сипатталады: топтық сабақтар; шыныаяқтар; викториналар; Олимпиада; экскурсиялар; мерекелер; жарыстар; көрмелер; сыныптан тыс оқу; мектеп кештері және т.б.

5. Оқушылармен сыныптан тыс жұмыс үшін ұсынылатын материал ойын және жарыс элементтерін пайдалана отырып мазмұны жағынан да, формасы жағынан да қызықты болуы керек.

Бастауыш сынып оқушыларымен сыныптан тыс жұмыстың маңызы келесідей:

1. Бұл жұмыстың әртүрлі түрлері оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытуға ықпал етеді: қабылдау, бейнелеу, зейін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу, қиял.

2. Бұл оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға көмектеседі, олардың элементтері тиісті ойындарды өткізу кезінде көрінеді және т. б.

3. Сыныптан тыс жұмыстың кейбір түрлері балаларға оқу пәндерінің өмірдегі рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

4. Сыныптан тыс жұмыстар ұжымшылдық пен серіктестікті тәрбиелеуге (сабақтарда жарыстардың қабырға газетін шығару бойынша бірлескен жұмысқа байланысты және т.б.), еңбекке және ересектердің оған деген көзқарасына бақылаулар жинақтауға және осыған байланысты еңбекке деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуге ықпал етеді.

5. Сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі түрлері балалардың сезімдері мен интеллектуалдық сезімдер мәдениетін тәрбиелеуге ықпал етеді. [6]

Оқушылардың дүниетанымын дамыту өлшемдері мен көрсеткіштер, эмоционалдық қарым-қатынас, білім қоры оқушылардың идеялық көзқарастарын, адамгершілік қасиеттері халық қағидалары негізінде қалыптасады. Бұл сапаларды қалыптастыруға «Атадан қалған асыл сөз», «Ұлдан ұлағат, қыздан қылық», «Ата мен әже ісі бізге өнеге» т.б. тақырыптар арқылы іске асыруға болады. Аталған интеллектуалды және эмоционалды саналар оқушылардың дүниетанымын дамытуда іс-әрекет - тәжірибе арқылы көрініс береді. Оны біз оқушылардың қалыптасқан дүниетанымдық бағыты, оның азаматтық бейнесі арқылы бағдарлай аламыз. Әрине, іс – әрекетке тәжірибелік сапалар қалыптасу үшін міндетті түрде оқушыларды іс-әрекетке интегративтік түрде ұйымдастырылған шаралар арқылы жүзеге асыра аламыз. Мысалы, пікір алысу, іскерлік рөлдік ойындар өткізу, көзқарас сабақтары, педагогикалық жағдаяттар, шешу, танымдық сайыстар өткізу (қосымша схема) арқылы көрсетсек төмендегідей болады.

Ұлттық дүниетаным құрылымы:

1. Ойлау.
2. Сенім.
3. Қатынас.
4. Көзқарас.
5. Білім.
6. Әрекет.
7. Парасат.
8. Ұлттық сана.
9. Ұлттық болмыс.
10. Ұлттық мораль.
11. Ұлттық ойлау.

Себебі, тек қана іс – әрекет жүзінде баланың ішкі позициясы, дүниетанымдық бағыты айқын көрініс бере алады. Оларды біз арнайы ұйымдастырған сыныптан тыс шарада байқаймыз.

Олар «Жыл басы - Наурыз мейрамы», «Ата көрген оқ жонар», «Көргені жақсы көш бастайды», «Ана көрген тон пішер», т.б. Жоғарыда айтылған оқушылардың интеллектуалдық, эмоционалдық, іс - әрекет - тәжірибелік сапаларының қалыптасқандығы мен төменде көрсетілген бағалау өлшемдері арқылы айқындалады. Сыныптан тыс шарада оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру. Оқушылардың халық тағылымдарын қаншалықты меңгергені туралы сауалнама, тестік жұмыстар арқылы білім мен тәрбиенің сапалық деңгейін айқындайды. Кіріктіріле жоспарлаған халық тағылымдарының танымдық мәнін ұтымды пайдалануда теориялық және практикалық білім және тәрбие шаралары мазмұнды мағлұматтарға сәйкес қосымша іс-шаралар жүргізуге болады. Кіріктіріле жоспарлаған шаралардың мазмұнды мағлұматтары оқушылар дүниетанымын қалыптастырудың маңызы да мүмкіндігі мол екенін дәлелдейді.[7]

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахметова А.Е. Бастауыш мектепте оқыту әдістемесі. - Алматы: Білім. 2020
2. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі. Бастауыш білім беру бағдарламасы. Нормативтік құжаттар жинағы. 2023.
3. Д.И. Владимирович. Развитие познавательного интереса к учебной деятельности посредством внеклассной работы. 2022 – 2-6 б.
4. Төлепберген С. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудағы жаңа тәсілдер. Педагогикалық зерттеулер, № 3(1), 2017- 28-33 б.
5. Жұмабаев, Ж. Дүниетаным қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстардың маңызы. Қазақстан педагогикасы журналы, № 4(2), 2018-50 б.
6. Әбілқасымова А. – Балаларға арналған шығармашылық дамыту әдістері. Автореферат. 2018 -50б.
7. Сейтбеков Н. Экскурсиялар арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту. Білім берудің заманауи мәселелері, №5(3), 2022- 12-16 б.

ӘОЖ 373.3 : 37.016 : 51 : 376.545

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРҒА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

**Сейлова Зоя Тулеубаевна п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Өмірбаева Әлия Қанатқызы ПМНО-24-1м тобының магистранты**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:stsoias62@mail.ru

E-mail:aliyaomirbaeva@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада бастауыш сыныптарда дарынды оқушыларға математиканы оқыту әдістері қарастырылады. Дарынды оқушылардың танымдық және интеллектуалдық қабілеттері жоғары болғандықтан, оларға білім берудің арнайы тәсілдері қажет. Математиканы оқыту барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойлау қабілеттерін тереңдету, қызығушылығын арттыру мақсаттары қойылады. Осыған сәйкес, зерттеуде оқушылардың қабілет деңгейлеріне сай дифференциалды оқыту, проблемалық оқыту, ойын технологиялары, зерттеушілік әдістер сияқты тиімді педагогикалық технологиялар ұсынылады.

Тірек сөздер: Дарынды оқушылар, дамытушы әдістер, жеке тұлғаға бағытталған оқыту, шығармашылық тапсырмалар, логикалық ойлау дамыту, жеке жұмыс, проблемалық оқыту, өзіндік жұмыс, күрделенген тапсырмалар

Аннотация

В данной работе рассматриваются методы обучения математике одарённых учеников в начальных классах. Поскольку одарённые ученики обладают высокими познавательными и интеллектуальными способностями, для них необходимы специальные подходы к обучению. В процессе преподавания математики ставятся задачи развития творческих способностей,

углубления мыслительных процессов и повышения интереса к предмету. В соответствии с этим, в исследовании предлагаются эффективные педагогические технологии, такие как дифференцированное обучение, проблемное обучение, игровые технологии и исследовательские методы, которые адаптированы к уровню способностей учеников.

Ключевые слова: Одаренные ученики, развивающие методы, индивидуально-ориентированное обучение, творческие задания, развитие логического мышления, индивидуальная работа, проблемное обучение, самостоятельная работа, комплексные задания.

Annotation

This study explores methods for teaching mathematics to gifted students in elementary school. Given that gifted students possess high cognitive and intellectual abilities, they require special approaches to education. In teaching mathematics, the goals are to develop students' creative abilities, deepen their thinking skills, and increase their interest in the subject.

Key words: Gifted students, developmental methods, individual-oriented learning, creative tasks, development of logical thinking, individual work, problem-based learning, independent work, complex tasks

Дарынды оқушыларды ерте кезеңнен бастап қолдау және оларға арнайы әдістермен білім беру маңызды. Бастауыш сыныпта математика пәнін оқыту – олардың логикалық ойлау қабілетін дамытудың және танымдық қызығушылығын арттырудың бірден-бір жолы. Математика пәні баланың ойлау қабілетін, мәселені шешу дағдыларын және зейінін дамытады. Дарынды оқушылардың математикаға бейім болуының бірнеше көрсеткіштері бар. Олар логикалық ойлау қабілеттерімен, жылдам есептеу дағдыларымен ерекшеленеді және мәселелерді шешуде әртүрлі тәсілдерді қолдануға бейім келеді. Көп жағдайда олар өз құрдастарынан бұрын жаңа материалды игеріп, күрделірек тапсырмаларды орындауға талпынады. Сондықтан осындай оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер арнайы әдістерді қолдануы керек. [1].

Дарынды оқушылардың ерекшеліктері олардың қабілеттерінің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Олар танымдық қызығушылық пен шығармашылыққа бейім болып келеді және тапсырмаларды орындауда ерекше тәсілдер қолданады. Дарынды оқушылардың негізгі ерекшеліктері мынадай ерекшеліктермен көрінуі мүмкін: Дарынды оқушылар жаңа материалды тез меңгереді және түсіну үшін аз уақытты қажет етеді. Олар берілген ақпаратты талдап, оны жүйелі түрде қолдануға бейім болады. Дарынды балалар күрделі мәселелерді тез түсінеді және шешу барысында логикалық ойлау дағдыларын қолданады. Олар әртүрлі шешімдерді қарастырып, тиімді жолды таңдай алады. Олардың шығармашылық ойлау қабілеттері жоғары болады. Дарынды оқушылар стандартты тапсырмаларды жаңа тәсілдермен орындап, әртүрлі идеялар ұсына алады. Дарынды оқушылар үшін стандартты тапсырмалар жиі қызықсыз болуы мүмкін, сондықтан олар күрделенген тапсырмаларды орындауға талпынады. Олар күрделі логикалық есептер мен тапсырмаларды орындауда жоғары нәтижелерге қол жеткізеді. Дарынды оқушылар көп жағдайда өз алдына жоғары талап қояды, олар оқу үдерісіне үлкен жауапкершілікпен қарайды және нәтижеге қол жеткізуге ынталы. Дарынды оқушылардың зейіні жақсы дамыған, олар бір іске ұзақ уақыт бойы назар аудара алады және ақпаратты жақсы есте сақтайды. Олар бір мәселені шешуде бірнеше әдісті қолдануға бейім, ойларын еркін жеткізіп, стандартты емес шешімдер ұсынады. Бұл ерекшеліктер мұғалімдерге дарынды оқушылармен жұмыс істеуде оқыту әдістерін тиімді таңдауға және олардың қабілеттерін толық ашуға көмектеседі. [2]

Дарынды балалар көбінесе күрделі тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға бейім келеді, сондықтан олардың қажеттіліктеріне сай арнайы әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды. Дарынды оқушыларға математика пәнін оқыту барысында қолдануға болатын бірнеше тиімді әдістер бар:

Дифференциалды оқыту әдісі: Бұл әдіс әр оқушының жеке қажеттіліктерін ескеріп, олардың қабілетіне сай тапсырмалар дайындауды көздейді. Дарынды балалар үшін күрделірек есептер, ерекше логикалық тапсырмалар мен жобалық жұмыстар беріледі. Дифференциалды оқыту олардың даму қарқынына сай білім алуына көмектеседі. Зерттеу және жоба әдісі: Дарынды оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру үшін жоба жасау немесе шағын зерттеу жұмыстарын орындау өте тиімді. Олар белгілі бір тақырып бойынша зерттеу жүргізіп, математикалық заңдылықтарды анықтап, түрлі есептеу тәсілдерін қолдана алады. Бұл әдіс олардың зерттеу, талдау, және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Ойын технологиялары: Бастауыш сынып оқушылары үшін ойын арқылы білім беру өте қызықты әрі тиімді. Математикалық ойындар баланың есте сақтау қабілетін, зейінін және логикалық ойлауын дамытады. Мысалы, шахмат ойыны, логикалық жұмбақтар немесе пазлдар дарынды балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыра алады. Проблемалық оқыту әдісі: Бұл әдіс оқушылардың мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуға бағытталған. Дарынды балаларға қиындық тудыратын тапсырмалар мен проблемалар беріледі. Мәселені шешу барысында олар түрлі тәсілдерді қолданып, логикалық талдау жүргізеді. Бұл олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіреді.

Әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар мен шығармашылық есептер: Дарынды оқушыларға арналған шығармашылық есептер олардың танымдық қабілеттерін дамытуда үлкен рөл атқарады. Бұл есептер қарапайым математикалық тапсырмаларды ғана емес, сонымен қатар олардың логикалық және аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға арналған күрделі мәселелерді қамтиды. Мысалы, геометрия, арифметика, алгебра, теориялық математикадан тапсырмалар мен практикалық есептерді шешу арқылы балалардың интеллектуалды деңгейін көтеруге болады. Дарынды оқушылардың оқу процесінде кері байланыс беру өте маңызды. Оқушылар өздерінің жетістіктерін және қателіктерін түсініп, оларды түзету үшін нақты ұсыныстар алуы қажет. Оқу нәтижелерін талдай отырып, олар өздерінің ойлау және жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіреді. Рефлексия оқушыларға өз білімдерін бағалауға, оқу процесін өз көзқарасынан қарауға мүмкіндік береді. [3].

Дарынды балалардың математикалық қабілеттерін дамыту жолдары олардың шығармашылық, логикалық ойлау және зерттеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған болуы керек. Математика дарынды оқушылардың есте сақтау, есептеу, талдау жасау және мәселені шешу қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Дарынды оқушыларды математикаға баулу үшін олардың қабілеттерін үнемі жетілдіріп отыру қажет. Осындай оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытудың бірнеше тиімді жолдары бар: [4].

Қосымша сабақтар мен олимпиадалар: Дарынды оқушыларға арналған математика олимпиадалары, сайыстар мен турнирлер олардың білімдерін нығайтуға көмектеседі. Қосымша сабақтарда оларға күрделі деңгейдегі тапсырмалар мен ерекше әдістемелер беріледі.

Шығармашылық есептер: Шығармашылық есептерді орындау барысында оқушылар өздерінің ойларын еркін жеткізіп, стандартты емес тәсілдермен есептеулер жүргізе алады. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін арттырады. Қабілеттерді қолдау және мадақтау: Мұғалімдер дарынды оқушылардың жетістіктерін қолдап, оларды мадақтау арқылы ынталандыруы қажет. Қолдау көрсетілген жағдайда, оқушылар математика пәніне деген қызығушылықтарын жоғалтпай, өз мүмкіндіктерін ашық көрсетеді. Дарынды балаларды математикалық қабілеттерін дамыту олардың қабілет деңгейін ескеретін ерекше әдістерді қажет етеді. Әр баланың қызығушылығын арттырып, математиканың теориясын практикамен ұштастыра отырып, шығармашылыққа баулу – бұл оқытудың басты мақсаты. Мұндай тәсілдер балалардың логикалық ойлауын дамытып, математикаға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастырады. [5].

Бастауыш сыныпта дарынды оқушыларға математиканы оқыту – бұл тек білім беру ғана емес, олардың қабілеттерін дамыту, шығармашылықпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, өздігінен ойлауды және шешім қабылдауды үйрету үдерісі. Әрбір дарынды

оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану олардың мүмкіндіктерін толық ашуға, әрі қарай дамуға мүмкіндік береді. Математика пәні оқушының логикалық ойлауын, есептеу қабілетін арттыруға ғана емес, сонымен қатар оны шығармашылық тұрғыдан дамытуға да ықпал етеді. Бастауыш сыныптағы дарынды оқушылардың математикалық қабілеттерін дамыту үшін ерекше әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды. Дарынды балалардың білімін қолдап, олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып оқыту, оларды болашақта білімді, логикасы дамыған, сыни тұрғыдан ойлайтын тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер әр оқушыға жеке әдістеме әзірлеуі керек және олардың математикалық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Қабдықайырұлы Қ.** *Дарынды балаларды анықтау және қолдау.* – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
2. **Сманов, Ә.Б.** *Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық негіздері.* Алматы: Білім, 2016.
3. **Жұмабаева Т.Ә.** *Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі.* – Алматы: Білім, 2015.
4. **Баймұхамедова, Л.Қ.** *Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру жолдары.* Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2018.
5. **Renzulli, J.S.** *The Three-Ring Conception of Giftedness: A Developmental Model for Creative Productivity.* In Sternberg & Davidson (Eds.), *Conceptions of Giftedness*, 2011.

ӘОЖ 372.881.111.1

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЖӘНЕ ОДАН ЕРТЕ ЖАСТА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ЖАСАНДЫ ТІЛДІК ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нуржанова В.А. п.ғ.м., оқытушы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

E-mail: v.nurzhanova@inbox.ru

Аннотация

Мақалада бастауыш сыныптарда ағылшын тілін «жасанды тілдік орта» қалыптастыру арқылы оқытудың теориясы, тәжірибеде қолданылу гипотезалары мен тәсілдері сипатталады. «Жасанды тілдік орта» қалыптастырудың негізгі әрекеті тілді табиғи меңгерудің үйренуден айырмашылығы сипатталады. Жасанды тілдік орта қалыптастырудың мәні, оның мақсаты және маңыздылығы теориялық тұрғыдан дәлел табады.

Тірек сөздер: тілдік орта, жасанды тілдік орта, бастауыш сынып, ағылшын тілі, психофизиологиялық әлеует, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Аннотация

В статье описываются теория, гипотезы и подходы к изучению английского языка в начальных классах путем формирования "искусственной языковой среды". Основное действие формирования "искусственной языковой среды" характеризуется отличием естественного овладения языком от усвоения. Сущность формирования искусственной языковой среды, ее цель и значение находят теоретическое подтверждение.

Ключевые слова: языковая среда, искусственная языковая среда, начальный класс, английский язык, психо-физиологический потенциал, учитель английского языка.

Annotation

The article describes the theory, hypotheses and approaches to learning English in primary school through the formation of an "artificial language environment". The main effect of the formation of an "artificial language environment" is characterized by the difference between natural language

acquisition and learning. The essence of the formation of an artificial language environment, its purpose and meaning are theoretically confirmed.

Key words: *language environment, artificial language environment, elementary class, English, psychophysiological potential, English teacher.*

Заманауи қоғам орта буын оқушыларының ағылшын тілін білу деңгейімен қанағаттанбай отыр, сондықтан ағылшын тілін мектепке дейін немесе бастауыш сыныптан бастап оқыту қажеттілігі зор. Өйткені дәл осы жаста оқушы екінші, үшінші тілді меңгеру үшін қолайлы кезең орын алады. Шет тілін меңгеру – өте ұзақ үдеріс, сондықтан оның үйрене бастайтын нақты мерзімді жіберіп алмай осы ұзақтық пен жиілікті сақтап отырған дұрыс. Жасанды тілдік орта (бұдан әрі ЖТО) шет тілінде орындалатын әрекеттер мен міндеттердің жүзеге асырылатын кеңістік болып саналады, ағылшын тілінде бұл «*language rich environment*» - «тілге бай орта» деп аталады. Шет тілін оқытатын бастауыш сынып мұғалімі ЖТО қалыптастыру арқылы оқытудың тиімділігін арттыра алады. Шет тілін меңгеруді оқудың бастапқы кезеңі – бастауыш мектеп жасынан бастаған дұрыс, өйткені оқушы оқытудың келесі кезеңдерінде шет тілін тереңірек үйренуі үшін қажетті білімдерді оңай, жылдам әрі тиімді игереді. Тілдің табиғиға ұқсас жағдайлары жасанды түрде мектептің ағылшын тілі сабағында ұйымдастырылса, болашақта ғылымның тілін еркін түсініп, әлемдегі заманауи ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарына қазақ балаларының да еркін қол жеткізе алуына мүмкіндік береміз. Өйткені, тіл білу деген сөздердің аудармасын білу ғана емес, ауызекі тіл аясында өмір сүретін күрделі қарым-қатынас процесінде оқушы тілдік кедергіге назар аудармай, өзінің ойын басқа тілде білдіре алу мүмкіншілігін атайды.

Арнайы тілдік атмосфераны құрудың басты себебі – тілдік жағдайларды барынша табиғиға жақындату. ЖТО қалыптастыру үшін ағылшын тілін оқыту әдістемесі кешенді түрде оқушының тілдік ортаға енуімен қатар оның жас ерекшелігіне, психо-физиологиялық даму деңгейіне, ағылшын тілі мұғалімінің тілдік дайындық деңгейі мен сабақ мазмұнынан тыс қарым-қатынаста да ағылшын тілін еркін меңгере алу әлеуетін қамтитын кешенді іс-әрекеттер жиынтығын құрайды.

Зерттеу жұмысымызда оқушылардың ағылшын тілін еркін меңгеруіне мүмкіндік беретін тілдік орта қалыптастырудың ғылымға және жеке тұлғаның психо-физиологиялық даму процесіне негізделген теориялар мен тәжірибе жүзінде нәтижелі әдістерді, гипотезаларды басшылыққа алатын боламыз.

Көптеген зерттеушілер мен әдіскерлер балаларға шет тілдерін оқытуда тілдік оқыту ортасын қалыптастырудың маңыздылығын басты назарға алады. Белгілі педагог Ш.А.Амонашвилидің тұжырымдамасы бойынша тілдік орта жас баланың миында жаңадан қалыптасып жатқан икемді табиғи сөйлеу механизмдерін «іске қосады». Дұрыс ұйымдастырылған ЖТО жағдайында баланың сөйлеу дағдылары мен қабілеттері жылдамырақ, әрі нәтижелі қалыптасады және сол сөйлеу дағдылары мен қабілеттері берік әрі икемдірек бола түседі.

Ең алдымен шет тілін барынша сол тілдің табиғи ортасына ұқсас орта қалыптастыру арқылы оқытуда біраз ізденушілік жұмыстарды зерделей келе осы әдістеменің ғылыми әдебиеттерде балама атаулармен (дамытушы тілдік орта, оқытушы тілдік орта, пара орта, лингвистикалық орта, т.с.с.) айтарлықтай жан-жақты зерттелгенін байқаймыз және олардың ортақ мағынасын жүйелеуді жөн санаймыз. Ол үшін «жасанды тілдік орта» ұғымына ғалым-зерттеушілердің берген келесі анықтамаларын қарастырғанды жөн көрдік:

- «Жасанды тілдік оқыту ортасы» деп Д.Н.Асанова кеңістіктік-заттай, технологиялық және әлеуметтік компоненттердің ағылшын тілі сабақтарында және сабақтан тыс уақытта шеттілдік қарым-қатынас қабілеттерін меңгеруге ықпал ететін және сәйкес көңіл-күй қалыптастыратын, оқушылардың пәндік белсенділігін қамтамасыз ететін жиынын атайды.

- «Қазақ әдеби тілінің анықтамалығында» тілдік орта деп – лингвоэкологиялық зерттеудің түпқазығы болып саналатын қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық тілдік тәжірибесі, тілдің

қоғамдағы болмысына, оның дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялы, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық факторлардың жиынтығын атаған.

- О. Горбатенко анықтамасында: тілдік орта қалыптастыру деп күнделікті жаттығуларды оқытылатын тілде мүмкіндігінше көбірек орындау. Ағылшын тіліне «бойлатуға» көбірек уақыт арнаған сайын нәтижесі тезірек білінеді. Сонымен қатар ана тілін мүмкіндігінше азырақ қолданған дұрыс деп санайды.

- Әдіснамалық терминдер мен ұғымдардың жаңа сөздігіне сәйкес (құрастырған Э.Г.Азимов, А.Н. Щукин) – тілдік орта - бұл «белгілі бір аумақта тұратын, жалпы тіл мен мәдениетке негізделген адамдардың тарихи қалыптасқан ұйымы»

Екінші тілді меңгертуді «Second Language acquisition» деп атап зерттеген американдық лингвист, профессор Сюзан Гасс екінші тілді оңай әрі табиғи түрде оқытуға бағытталған зерттеулер жүргізіп, бірнеше оқулықтар мен ғылыми зерттеу жұмыстарының мазмұнында: «Екінші тілді ана тілін білгендей деңгейге жетудің нақты бір жас шекарасы болмайды. Жалпы алғанда жас ұлғая келе екінші тілді меңгеруге қажетті қабілеттер бәсеңдеуі мүмкін. Алайда Хилтенстам мен Абрахамсонның (2003) тұжырымдамасы бойынша тек қана жас балалар ана тіліндей деңгейде меңгере алады яғни, екінші тілді жасөспірім шаққа дейін (тіпті 6 жасына дейін) арнайы тілдік ортаға түсіп меңгерген балалар екінші тілді өз ана тіліндей деңгейде білетін болады. Олардың пайымдауынша бұндай оқушылар «өзге тілдік ақпаратты қабылдау шегінен асатын шеберлік деңгейіне жетіп, жергілікті тұрғындарға ұқсас етеді» деп жазады.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, оқушының шет тілін өз деңгейінде түсініп, сауатты оқып, жазып, өз ойы мен қажеттіліктерін түсіндіре алатын деңгейге дейін жеткізіп, одан әрі ізденуіне жол салу – осы тілді оқытатын ұстаздың үздіксіз еңбегі мен шеберлігінде екені шүбәсіз. Мұғалімнің міндетті түрде ағылшын тілін ең жоғарғы деңгейде біліп, шетелде біраз уақыт тұрып келуі шарт емес. Ең бастысы – балаға шет тілін ешқандай аудармасыз түсіндіріп, өзінің туған тіліндей тең дәрежеде меңгерте алуы қажет. Ғалымдардың зерттеу жұмыстарын саралай келе, зерттеу жұмысымызда шет тілін «оқыту» әрекетінің орнына, «меңгерту» әрекеті деп атауды жөн көрдік. Өйткені тіл дегеніміз – өздігінен өмір сүретін организм, ол қоғам бар жерде, жанды қарым-қатынас бар жерде өмір сүреді, адамның түрлі кейпін сипаттап, түрлі сезімдерін жеткізетін бірден бір меңгерілетін тірі құрал. С.Крашениннің шет тілін табиғи үйрену теориясының бірінші гипотезасы тілді үйрену мен тілді меңгерудің айырмашылығын ажырата білуден басталады. «Меңгеру» тәсілі бойынша бір нәрсені саналы түрде жаттау қажеттілігі болмайды. Ақпарат бейсаналы түрде қабылданады. Кішкентай балалар осы тәсіл арқылы ана тілін үйренеді: білімді әдейі емес, сана деңгейінде қабылдайды. Ал тілді «үйрену» деп белгілі бір ақпаратты есте сақтау үшін немесе түсіну үшін белгілі бір күш салып, мақсатты түрде білім алуды атайды. Крашен бұл тәсіл жаттығу жасауда, жаңа сөздерді жаттауда, грамматиканы талдағанда жақсы нәтиже көрсеткенімен, тілді меңгеру тәсілі арқылы тілді механикалық түрде оқудан гөрі, табиғи қабылдау арқылы оқуға көбірек көңіл бөлген дұрыс деп санайды.

ЖТО-ны белгілі бір қойылым деп алатын болсақ, мұғалім мен оқушылар басты рольдегі кейіпкерлер ретінде өздерінің қарым-қатынас қабілеттерін шет тілінде жүзеге асыру үшін тек ағылшын тілінде сөйлей алады. Мұғалім ағылшын тілінде сөйлеу арқылы сабақта ерекше әлеуметтік-мәдени атмосфера орната алады. Ағылшын тілі шет тілі болудан қалып, қызықты қарым-қатынас құралына айналады. Мұғалім грамматикалық ережелерді аудармасыз индуктивті әдіс арқылы түсіндіреді. Мектептегі ағылшын тілін оқыту үдерісі ана тіліміздегі табиғи тілдік ортадан тыс жүруі қажет, яғни ағылшын тілі пәнінің оқытушысы оқушылармен сабақ барысында және сабақтан тыс өзі қалыптастырған арнайы тілдік орта ережелерін ұстанғаны жөн. Мұғалім оқушыны мектеп жағдайында тілді табиғи тәсілмен меңгере алу шеберлігін шындай түсіп, арнайы ЖТО-мен қоршап, оқушыны байқатпай бейсаналы түрде ағылшын тіліндегі сөздер мен сөз бірліктерін айтылым барысында еркін түсініп өз сөзінде еркін пайдалана алуына қолайлы жағдай тудырады. Білім беру кеңістігін

материалды мәдениеттің, шеттілдік тұрмыстың бірліктерімен байытып, арнайы тілдік жасанды тілдік орта қалыптасады.

Ағылшын тілін ерте жастан оқытуды зерттеген А.Н.Утехинаның пікірінше 5-8 жас аралығы тілді меңгеру үшін «алтын кезең» болып саналады. Осы жастағы бала ана тілінің жүйесін жеткілікті деңгейде меңгеріп үлгерген, баланың есте сақтау қабілеті мен түйсігі, танымдық қабілеттері, кез келген ақпаратты жеңіл әрі тез есте сақтау қабілеттері, имитацияға икемділігі мен саналы түрде оқу қабілеттері қалыптасып үлгереді. Бұл жастағы бала ұзақ уақыт бойы назарын бір бағытқа аудара алады, оқыту іс-әрекетін мақсатты түрде орындау мүмкіндігі пайда болады және жеткілікті лексикалық сөздің қорын меңгереді.

Ерте жастан бастап, мидың тілді қабылдауының сөйлеу матрицасының мүмкіндіктерін қолдана отырып, бала ағылшын тілін шет тілі деп танымастан меңгеруі керек, ағылшын тілінің грамматикалық құрылымының негізі мида оңай сақталатын кезеңді ұтымды пайдалану керек. Осылайша бір жас шамасында қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілдеріне жеке бойлату арқылы табиғи полилингвизмді қалыптастыруға болады. Ұлы ұстаз А.Байтұрсынұлы айтқандай: «Тіл білімі ереже жаттау түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс» деген сөзін еске ала отырып, оқушы ағылшын тілін тақпақ жаттағандай «оқыту» үдерісі мен ана тілі ағылшын тілі болып саналатын тұлғамен пара-пар тең дәрежеде сөйлей алатын деңгейде білуі үшін тілді «меңгеру» үдерістерінің айырмашылығы бар. Біріншісінде тілдің жекелеген элементтері мен грамматикалық құрылымы автоматты түрде жаттатылады, тілді білу үдерісі аударма арқылы жүзеге асады. Ал екіншісінде тілді білу барынша табиғи үдеріске жақындатылып, тіл білудің ең маңызды қызметі – қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туады, сөйлеу еркіндігі беріледі және ең бастысы – миға ауыр күш түсіретін ана тіліне аударманы қажет етпейді.

Сабақтың барысы еш аудармасыз тек қана ағылшын тілінде жүргізіледі, тақырып бойынша таныстырылатын сөздер мен сөз тіркестері еш аудармасыз, аудиолингвальді және аудиовизуальді көрнекіліктер арқылы беріледі. Оқыту барысында инновациялық технологияларды пайдалануға ерекше мән берілгенімен, оның дидактикалық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілмеу салдарынан тілді коммуникативті құрал ретінде пайдалану тәжірибесінде жеткілікті дәрежеде қолданыс таппай отыр. Заманауи ағылшын тілінің оқулықтары міндетті түрде аудио, ал кейбірі видео материалымен бірге ұсынылады. Мұғалім ағылшын тілінің маманы болғанымен де бәрібір оның екінші тілі болып табылады, сондықтан мұғалімнің кейбір олқылықтарын оқушы да өзіне қабылдап алуы мүмкін. Демек әр сабақта тыңдалатын аудио материал арқылы оқушының ағылшын тіліндегі тыңдалым және дұрыс дыбыстау қабілеттерін қалыптастыру арқылы тілде дұрыс сөйлеу қабілетін дамытамыз. Аудиовизуальді материалдың да, ондағы диалогтар мен жағдаяттарды қайталайтын дидактикалық ойындар оқушының мотивациясын арттырмаса, жоғалтпайды. Байқап отырғанымыздай ағылшын тілінің әр сабағы белсенді және үнемі оқушының қызығушылығын бірқалыпты ұстап тұратындай ритммен өтуі қажет. Кабинеттің табалдырығын аттаған оқушы өзге әлемге – ағылшын тілі мен мәдениетінің әлеміне еніп кетуі қажет. Бұл сыныпта дәстүрлі көрнекі құралдан бастап, ұсақ-түйекке дейін (қабырғаның түсі, парталардың өзгеше орналасуы, ағылшын тілді елдердің тулары және т.б.) қамтылуы қажет, яғни басқа сыныптардан өзгеше орналасқаны дұрыс. Сонымен қатар белгілі бір сабақ модуліне қатысты көрнекіліктер келесі модульге ауысқанша ілініп тұрғаны дұрыс.

Бастауыштан шыққан оқушының ағылшын тілін еркін түсініп, өз ойын жеткізетін оқушы өте сирек кездеседі. Оның себебі оқыту әдістемесінің ескірген жүйедегі тәсіл арқылы, яғни оқушыға тілді аударып беру тәсілімен жүзеге асырылуында. Қазіргі қазақстандық мектептерде ағылшын тілі көп жағдайда аударма тәсілі арқылы оқытылып келеді. Осыдан келе оқушы сыныптан сыныпқа көше келе оған аударуы қажетті сөздік қоры көбейе түсіп, ағылшын тілін коммуникациялық қызмет құралы ретінде емес, толып жатқан аудармалар тілі ретінде қабылдап, бірте-бірте тіл үйренуге деген құлшынысы бәсеңдейді. Тіпті үйге тапсырма ретінде белгілі бір сөздердің тізімі беріліп, солардың аудармасын жаттап келу

тапсырмалары да ең көп тараған. Алғыр оқушылардың өзі берілген сөздердің аудармаларын жаттап алған күннің өзінде ол сөздерді өзінің тілдік қорында қайтадан пайдалануы екіталай. Өйткені, жеке-жеке сөздер – жай ғана сөз бірліктері, жеке-дара ешқандай коммуникативтік жүгі жоқ әріптер тізбегі десек те болады. Ал егер тапсырма ретінде берілген белгілі бір тілдік конструкция – мысалы сөйлем ұсынылса, сол конструкцияны жақсы меңгерген бала келешекте сөздердің орнына өзі қажет деп таныған сөздерді қолдана отырып, тілдің нағыз коммуникативтік қызметін пайдалана алады, яғни ағылшын тілінде сөйлей алады. Аударма ісін меңгерген маман ретінде тілдік бірліктерді бір тілден екінші тілге аудару үдерісінің мидың қызметіне аса үлкен күш түсіретінін атаған дұрыс деп санаймын. Француз лингвисті, аудармашы Даниэль Жильдің [17] моделі бойынша синхронды аударма кезінде аудармашының миы 3 қызметті қатар орындайды: түпнұсқа тіліндегі сол сәтте айтылып жатқан сөздің фрагментін қабылдайды және өңдейді, айтылған сөздердің алдыңғы бөліктерін есіне сақтай отырып, аударма тілінде балама хабарлама тудырады. Ағылшын тілін аударма тәсілі арқылы оқып үйренген баланың миы өте күрделі процесстерді атқаруына мәжбүр болады да, ағылшын тіліне деген негативті көзқарас қалыптастырады. Аудармадан құтылу үшін сурет мысалда келтірілген мазмұнда бірнеше суретті ұсынып, ондағы кейіпкер мен оның іс-әрекетін сипаттау арқылы оқушы белгілі бір грамматикалық мақсатты көздейтін бірнеше сөйлемдерді еркін құрастыра бастайды.

Оқушыларды табиғи мәдени тілдік ортаға бейімдейтін оқыту құралдарына түпнұсқалық материалдар жатады, мысалы, түпнұсқадағы әдеби, бейне, музыкалық шығармалар, күнделікті өмірде пайдаланатын заттар (киім, жиһаз, ыдыс-аяқ, т.б.) және олар бейнеленген көрнекіліктері жатады. Көрнекі материалдарды қолдану арқылы орындалатын оқыту әдістері әр оқушының қатысуын қамтамасыз етіп, оқу үдерісі сапасының артуына өте жақсы ықпал етеді. Тәжірибеде ғана меңгерілетін айтылым мен тыңдалым дағдылары әр баланың белсенді қатысуы арқылы және әрқайсысымен жеке-жеке сұрақ-жауап жүргізілуі арқылы мидың тілдік матрицасында жаңа сөйлем құрау үлгілері қалыптасады. Нейрофизиолог Н.П. Бехтерева өзінің «Магия мозга и лабиринты жизни» кітабында былай деген: «Мектеп қабырғасынан-ақ бізге жазу емлесін, қосу мен көйбейтудің ережесін үйретеді, сөз тіркесін құрап, сөздерден сөйлем құрастыруды үйретеді. Осылайша ғана тілдік қарым-қатынас үлгілері мен схемалары қалыптасады, оларды мен дұрыс сөйлеу матрицалары деп атайтын едім. – Олар біздің санамызда балалық шағымызда қалыптасып, бізбен бірге өмір бойына қалады. Біздің жадымызда естеліктер мен сәйкестіктер, қоғамда және тұрмыста өзін-өзі ұстау модельдерінің де дәл осылай негізі қаланады. Қанша қайшы естілсе де бұл матрица адамның миында бейсаналы түрде орнығады» [19]. Мысалы қазақ тіліндегі сөйлем бастауышпен басталып, баяндауышпен аяқталады, екі сөйлем мүшесінің ортасында анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш белгілі бір ретпен орналасады. Ағылшын тіліндегі сөйлемнің басында бастауыш, одан кейін міндетті түрде баяндауыш және одан соң сөйлемнің басқа мүшелері орналасады. Егер сөйлемдегі іс-әрекетке байланысты пысықтауыш қолданылса ол міндетті түрде сөйлемнің соңында айтылады. Мидың сөйлеу қызметін реттейтін бөлігінде осылайша және бір тілдің арнайы «қалталары» пайда болып, оқушының ағылшын тілінде дұрыс сөйлей алуына көмектесетін арнайы тілдік матрицасы қалыптасады.

Қорытындылай келе, ағылшын тілін ерте жастан меңгеру үздіксіз білім беру жүйесінде оқушылардың болашақта қалаған мамандығы бойынша әлемнің кез-келген беделді жоғары оқу орындарында тілдік кедергісіз жаңа білім алуына бірден-бір мүмкіндік береді деп айта аламыз. Шет тілін мектеп табалдырығын аттаған балаға жасанды тілдік орта жағдайында жаңа тілді меңгеру мүмкіндігін қалыптастырудың қажеттілігіне көз жеткіземіз. Оқушы екінші тілді меңгере отырып, мидың сөйлеу қызметіне жауапты сол жақ бөлігін жаттықтырады, ағылшын тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін, өлеңдер мен прозаны есте сақтау арқылы жеке тұлғалық қасиеттері дамиды. Ағылшын тілін шет тілі ретінде оқитын бастауыш сынып оқушылары тілді ЖТО жағдайында еркін меңгере алады. Оқушылар ағылшын тілін тек сабақ барысында мұғаліммен және басқа балалармен қарым-қатынас орнату арқылы ғана тілді естіп және белсенді түрде пайдалана алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жетписбаева, Б.А. Языковая образовательная среда: теория и практика организации самостоятельной работы студентов / Б.А.Жетписбаева, Д.Н.Асанова. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2008. – 199с.
2. Малкина, Н.А. Иноязычная развивающая среда и ее характеристики. Раннее обучение английскому языку : теория и практика : сб. науч.-метод. статей / Н.А. Малкина. – СПб. : ДЕТСТВО-ПРЕСС, 2004. -112 с.
3. Gass, S. M. (2013). Second Language Acquisition: An Introductory Course. Hoboken: Taylor and Francis. p. 414
4. Горбатенко О. Как создать языковую среду для изучения английского языка./О. Горбатенко// englex.ru-2015. Web: <https://englex.ru/how-to-create-the-english-language-environment>.
5. Krashen, Stephen D.; Principles and Practice in Second Language Acquisition. S.D. Krashen. University of Southern California. Pergamon Press Inc., First printed edition, 1982. Print Edition ISBN 0-08-028628-3. First internet edition July 2009, pp 66.
6. Бехтерева Н.П., Магия мозга и лабиринты жизни. Нотабене, Спб, 1999, 384 бет.

УДК: 372.416.2

РОЛЬ КОМИКСОВ В РАЗВИТИИ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ МОТИВАЦИИ И ГРАМОТНОСТИ У ДЕТЕЙ НАЧАЛЬНОГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Насипова Айнура Долотбековна. Магистрант 2 курса

Научный руководитель: Кариев.А.Д. к.н.п. ассоциированный профессор

Казахский Национальный Педагогический Университет им. Абая

Intelektual9@yandex.kz

Аннотация. В статье рассматривается роль комиксов как эффективного инструмента для формирования читательской мотивации и развития читательской грамотности у учащихся начальных классов. В условиях современного образовательного процесса, когда традиционные методы чтения теряют свою привлекательность среди учащихся, комиксы представляют собой инновационный подход, который сочетает в себе как визуальные, так и текстовые элементы, способствующие увлечению детей процессом чтения. Исследование направлено на анализ того, как использование комиксов может стимулировать интерес к чтению, улучшить навыки понимания текста, расширить словарный запас и развить когнитивные способности детей. В статье также рассматриваются психолого-педагогические аспекты применения комиксов в учебной деятельности и их влияние на развитие критического мышления и творческих способностей школьников. Результаты исследования подтверждают, что использование комиксов способствует повышению мотивации к чтению, делает процесс обучения более увлекательным и эффективным, а также развивает когнитивные и коммуникативные навыки у младших школьников.

Ключевые слова: комиксы, читательская мотивация, грамотность, начальная школа, когнитивные способности, критическое мышление, визуальные элементы, мотивация к чтению.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДА ОҚУ ЫНТЫМАҚТАНЫСЫ МЕН САУАТЫН ДАМЫТУДА КОМИКСТЕРДІҢ РӨЛІ

Аннотация. Мақалада комикстердің бастауыш мектеп жасындағы балалардың оқу мотивациясын қалыптастыру және оқу сауаттылығын дамытудың тиімді құралы ретіндегі рөлі қарастырылған. Дәстүрлі оқу әдістері оқушылар арасында тартымдылығын жоғалтып бара жатқан бүгінгі білім беру жағдайында комикстер балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін көрнекі және мәтіндік элементтерді біріктіретін

инновациялық тәсіл болып табылады. Зерттеу комикстерді қолдану оқуға деген қызығушылықты қалайтудыратынын, мәтінді түсіну дағдыларын жақсартатынын, сөздік қорын кеңейтіп балалардың танымдыққа білеттерін қалай дамытатынын талдауға бағытталған. Мақалада сонымен қатар оқу іс-әрекетінде комикстерді қолданудың психологиялық-педагогикалық аспектілері және олардың мектеп оқушыларының сыни ойлауымен шығармашылыққа білеттерін дамытуға әсері қарастырылған. Зерттеу нәтижелері комикстерді қолдану оқуын таныстыруға көмектесетінін, оқу үдерісін қызықты әрі тиімді ететінін, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының танымдық және коммуникативті дағдыларын дамытатынын растайды.

Түйінсөздер: комикс, оқумотивациясы, сауаташу, бастауышсынып, танымдыққабілеттер, сынитұрғыданойлау, бейнелеуэлементтері, оқумотивациясы.

THE ROLE OF COMICS IN THE DEVELOPMENT OF READING MOTIVATION AND LITERACY IN PRIMARY SCHOOL CHILDREN

Abstract. *The article examines the role of comics as an effective tool for the formation of reading motivation and the development of reading literacy in primary school children. In the context of the modern educational process, when traditional reading methods are losing their appeal among students, comics are an innovative approach that combines both visual and textual elements that contribute to children's passion for the reading process. The study is aimed at analyzing how the use of comics can stimulate interest in reading, improve text comprehension skills, expand vocabulary and develop children's cognitive abilities. The article also examines the psychological and pedagogical aspects of the use of comics in educational activities and their impact on the development of critical thinking and creativity in schoolchildren. The results of the study confirm that the use of comics helps to increase motivation for reading, makes the learning process more exciting and effective, and develops cognitive and communication skills in primary school students.*

Keywords: *comics, reading motivation, literacy, primary school, cognitive abilities, critical thinking, visual elements, motivation for reading.*

Введение

Современная образовательная среда требует внедрения инновационных методов и средств для повышения интереса учащихся к учебной деятельности. Одним из важнейших аспектов образовательного процесса является развитие читательской грамотности и мотивации к чтению у обучающихся начальных классов. Чтение является основой для развития когнитивных и коммуникативных навыков, критического мышления, расширения словарного запаса и формирования общей культуры учащихся. В условиях стремительного развития информационных технологий и повсеместного использования мультимедийных ресурсов, традиционные методы обучения чтению теряют свою актуальность и привлекательность для современных школьников.

Актуальность исследования

Актуальность исследования обусловлена растущей необходимостью повышения уровня читательской грамотности у учащихся начальной школы. Согласно данным исследований, интерес к чтению среди учащихся начальных классов снижается из-за конкуренции с цифровыми медиа, такими как видеоигры, социальные сети и различные мультимедийные платформы. В результате этого снижается уровень читательской активности, что в свою очередь влияет на качество обучения и общую успеваемость учащихся. Формирование читательского интереса становится приоритетной задачей начального образования, так как именно в младшем школьном возрасте закладываются основы будущего академического успеха и развития личности.

Новизна данного исследования заключается в изучении использования комиксов как инновационного средства для формирования читательской мотивации и развития

читательской грамотности у учащихся начальных классов. Комиксы как образовательный ресурс обладают уникальными характеристиками, сочетающими в себе текстовую и графическую информацию, что делает процесс чтения более увлекательным для детей младшего школьного возраста. В отличие от традиционных текстов, комиксы предлагают динамичный и интерактивный подход к чтению, который активизирует воображение и когнитивные процессы учащихся, делая чтение не только образовательным, но и эмоционально насыщенным процессом.

Методы исследования

В исследовании использовался комплекс методов, направленных на изучение влияния комиксов, на развитие читательской мотивации и грамотности у учащихся начальных классов. Основу методологии составил теоретический анализ научной литературы по теме формирования читательского интереса и использования визуальных материалов в образовательном процессе. Это позволило сформировать представление о современных подходах к развитию читательской активности, а также выявить возможности применения комиксов в обучении.

В статье были использованы следующие подходы: анализ научных трудов, публикаций и эмпирических исследований, посвящённых теме читательской мотивации, а также работ, описывающих педагогические практики использования комиксов в начальной школе. Были рассмотрены как классические теории, так и современные исследования, затрагивающие взаимодействие визуальных и текстовых материалов в процессе обучения.

Обзор литературы проводился на основе анализа международных и казахстанских научных публикаций. Для этого были использованы базы данных научных статей, таких как Scopus, WebofScience и GoogleScholar, а также отчёты педагогических исследований, посвящённых развитию читательской грамотности у младших школьников. Выборка источников включала исследования последних 10–15 лет, а также ключевые классические работы, которые оказали влияние на развитие темы. В исследовании использовались методы анализа научной литературы и систематизации данных по проблеме формирования читательской мотивации и грамотности у учащихся начальных классов. Основное внимание уделялось изучению педагогических и психологических аспектов влияния визуальных материалов, в частности комиксов, на образовательный процесс. В рамках исследования проводился анализ эмпирических данных, представленных в различных научных работах, посвящённых использованию комиксов в начальной школе.

Обзор литературы

Формирование читательской грамотности и мотивации у младших школьников является одной из важнейших задач современного образования. В последние годы многие исследователи обратили внимание на влияние визуальных элементов, таких как комиксы, на процесс обучения, особенно в начальной школе. Использование комиксов позволяет сделать чтение более привлекательным и увлекательным для детей, что способствует развитию их интереса к литературе и улучшению уровня читательской грамотности.

Психологические аспекты читательской мотивации

Исследования показывают, что мотивация играет ключевую роль в процессе обучения чтению. Согласно теории мотивации, разработанной Л.С. Выготским, уровень заинтересованности ребёнка в учебной деятельности напрямую влияет на его образовательные успехи [1]. Важно учитывать, что мотивация к чтению формируется с раннего возраста, и использование увлекательных и доступных форм подачи текста, таких как комиксы, может значительно улучшить этот процесс. Стивен Доу [3] также подчёркивает важность психологических аспектов в формировании читательского интереса у детей. В своих исследованиях он указывает, что эмоциональная вовлечённость и позитивные эмоции, возникающие при чтении комиксов, играют решающую роль в поддержании интереса к литературе. Он утверждает, что дети, которые воспринимают чтение как увлекательный процесс, с большей вероятностью будут развивать навыки критического мышления и аналитического восприятия текста.

Использование комиксов в образовательном процессе

История использования комиксов в образовательных целях уходит корнями в середину XX века. Впервые комиксы стали использоваться в школах в США в 1950-х годах. Исследования Пола Граветта [9] показывают, что изначально комиксы воспринимались как средство развлечения, однако постепенно они стали рассматриваться как образовательный ресурс. Граветт отмечает, что комиксы используются в образовательных программах для развития читательской грамотности уже несколько десятилетий, и их эффективность была неоднократно доказана в ходе различных педагогических экспериментов.

Марк Невин [10] также изучал историю использования комиксов в образовательном процессе и пришёл к выводу, что комиксы могут служить не только средством повышения мотивации к чтению, но и инструментом для развития творческих способностей учащихся. Он подчёркивает, что комиксы стимулируют воображение и помогают детям развивать навыки повествования и создания собственных историй, что делает их важным элементом образовательной программы. Комиксы, благодаря сочетанию текстовой и визуальной информации, играют важную роль в развитии читательской грамотности. Исследования Уилла Айснера [4] показывают, что комиксы позволяют детям не только улучшить навыки чтения, но и развить когнитивные способности. Он утверждает, что визуальные элементы помогают детям легче воспринимать текст и лучше понимать смысл, что особенно важно для учащихся младших классов. В своей работе Айснер акцентирует внимание на том, что комиксы могут стать эффективным инструментом для развития читательской активности.

Поддерживает эту точку зрения и Скотт МакКлауд [5], который исследовал влияние комиксов на восприятие информации у детей. Нил Кон [6] в своих исследованиях показал, что использование комиксов в образовательном процессе помогает детям развить навыки визуального восприятия и анализа информации. Его эксперименты с учащимися начальных классов продемонстрировали, что дети, которые читали комиксы, имели более высокие результаты по тестам на понимание прочитанного, чем их сверстники, обучавшиеся по стандартным программам.

Социокультурные аспекты влияния комиксов на обучение

Исследования, проведённые Джонатаном Греем [11], показывают, что комиксы также играют важную роль в формировании социокультурных представлений у детей. Он отмечает, что комиксы могут служить средством культурного обмена и помогают детям лучше понимать окружающий мир через призму визуальных образов и текстов.

Хилари Чу [12] в своих исследованиях пришла к аналогичному выводу, утверждая, что комиксы помогают детям развивать чувство эмпатии и понимания культурных различий.

Результаты и обсуждения

В ходе исследования использования комиксов в образовательной практике для формирования читательской мотивации и грамотности у детей были выявлены основные аспекты и результаты, которые подтверждают эффективность данного метода обучения.

Методы повышения читательского интереса:

1. Игровые технологии: использование игр, связанных с чтением, помогает сделать процесс более увлекательным. Например, создание квестов или викторин на основе прочитанных книг.

2. Читательские клубы и группы: совместное чтение и обсуждение книг стимулируют интерес к литературе и развивают навыки критического мышления.

3. Интеграция литературы с другими предметами: связь чтения с другими дисциплинами (например, история, естествознание) помогает учащимся увидеть практическое применение литературных навыков.

4. Мультимедийные ресурсы: использование аудиокниг, видеоматериалов и интерактивных приложений для чтения позволяет разнообразить учебный процесс и привлечь внимание детей.

5. Персонализированное обучение: подбор литературы в зависимости от интересов каждого учащегося помогает повысить мотивацию к чтению.

6. Использование современных технологий: электронные книги, интерактивные приложения и образовательные платформы делают процесс чтения более интерактивным и доступным.

7. Комиксы и графические романы: сочетание визуальных и текстовых элементов помогает увлечь учащихся, особенно тех, кто испытывает трудности с традиционным чтением.

8. Интерактивные проекты: создание собственных историй, иллюстраций или даже комиксов учащимися способствует развитию творческих навыков и увлечению процессом чтения.

Исследования показывают, что комиксы оказывают положительное влияние на формирование интереса к чтению у младших школьников. Линда Холмс [7] и Джулия Браун [8] отметили значительное увеличение вовлеченности учеников, использующих комиксы в образовательной программе. Дети, обучающиеся с использованием комиксов, чаще выражали интерес к чтению и литературе, проявляли больший энтузиазм в выполнении заданий, связанных с анализом текстов. Это подтверждается и данными Барбары Хейли [2], которая утверждает, что комиксы стимулируют эмоциональную вовлеченность учащихся, что способствует их мотивации к чтению.

Таблица 1 – Влияние комиксов на мотивацию к чтению по данным различных исследований

Исследование	Количество участников	Экспериментальная группа (с комиксами)	Контрольная группа (без комиксов)	Повышение мотивации (%)
Л. Холмс [7]	200	85%	45%	+40%
Дж. Браун [8]	150	90%	50%	+40%
Б. Хейли [2]	100	80%	50%	+30%

Как видно из таблицы 1, данные трёх исследований показывают значительное повышение мотивации к чтению у детей, которые использовали комиксы в образовательном процессе. В среднем мотивация увеличивалась на 35-40% по сравнению с контрольной группой, что подтверждает эффективность использования комиксов для повышения интереса к литературе. Использование комиксов помогает учащимся лучше усваивать информацию, развивать навыки понимания текста и критического анализа. Ученики, работающие с комиксами, демонстрируют более высокие результаты на тестах по чтению и восприятию текста.

Таблица 2 – Влияние комиксов на читательскую грамотность

Исследование	Количество участников	Экспериментальная группа (с комиксами)	Контрольная группа (без комиксов)	Улучшение читательской грамотности (%)
С. МакКлауд [5]	250	70%	50%	+20%
Н. Кон [6]	300	75%	55%	+20%
Дж. Грей [11]	180	80%	60%	+20%

Таблица 2 демонстрирует, что в экспериментальных группах, использующих комиксы, уровень читательской грамотности увеличился в среднем на 20% по сравнению с контрольными группами. Это свидетельствует о том, что использование визуальных элементов помогает детям лучше воспринимать и усваивать текстовую информацию, что особенно важно для учащихся начальных классов, которые только начинают развивать навыки чтения. Результаты проведённого анализа подтверждают эффективность использования комиксов как инструмента для развития читательской мотивации и

грамотности. Данные показывают, что дети, работающие с комиксами, не только проявляют больший интерес к чтению, но и лучше справляются с заданиями по анализу текстов, что способствует развитию их когнитивных и аналитических способностей. Это особенно важно в контексте начального образования, где закладываются основы познавательной активности и мотивации к дальнейшему обучению.

Одной из причин положительного влияния комиксов на обучение является их способность комбинировать визуальные и текстовые элементы, что делает процесс восприятия информации более простым и доступным для учащихся начальных классов. Важно учитывать, что комиксы не должны заменять традиционные учебные материалы, а должны использоваться как дополнение к основным учебным ресурсам, что позволит максимально эффективно развивать навыки чтения и критического мышления у школьников. Роль комиксов в образовательном процессе особенно важна по нескольким причинам. Во-первых, комиксы помогают преодолеть трудности, с которыми сталкиваются начинающие читатели. Для многих детей, особенно младших школьников, чтение больших текстов может быть утомительным и сложным. Комиксы, благодаря своей структуре, позволяют облегчить этот процесс, предлагая краткие диалоги и иллюстрации, которые поддерживают понимание сюжета. Изображения помогают детям визуализировать содержание, что особенно важно для тех, кто только начинает осваивать навыки чтения.

Во-вторых, комиксы делают процесс чтения увлекательным и интересным, что способствует повышению мотивации. Дети часто ассоциируют комиксы с развлечением, а не с учёбой, что помогает им преодолевать барьер восприятия чтения как сложного и требующего усилий процесса. Яркие иллюстрации и динамичные сюжеты комиксов привлекают внимание и удерживают интерес ребёнка дольше, чем традиционные тексты. Это особенно актуально в условиях современной информационной среды, где визуальные материалы доминируют, а внимание детей часто рассеивается.

Кроме того, комиксы играют важную роль в развитии когнитивных и аналитических навыков. Использование комиксов в образовательном процессе способствует развитию критического мышления, так как учащиеся вынуждены интерпретировать не только текст, но и визуальные элементы. Они учатся анализировать действия персонажей, понимать их мотивацию и прогнозировать дальнейшее развитие сюжета. Это делает процесс чтения активным и вовлечённым, развивая у детей навыки анализа и рефлексии. Ещё одним важным аспектом является культурное и эмоциональное воздействие комиксов. Многие комиксы затрагивают темы, которые находят отклик у детей, помогая им развивать эмпатию и лучше понимать окружающий мир. Темы дружбы, приключений, преодоления трудностей и сотрудничества, часто встречающиеся в комиксах, формируют у детей позитивное отношение к чтению и стимулируют их к дальнейшему изучению литературы. Таким образом, комиксы не только повышают интерес к чтению, но и играют важную воспитательную роль, помогая детям осваивать моральные и этические нормы. В целом, важность комиксов в образовательной среде заключается в их способности адаптировать сложные литературные и учебные тексты для младших школьников, делая процесс чтения более доступным, увлекательным и эффективным. Комиксы помогают преодолеть барьеры, связанные с традиционным чтением, и развивают у детей не только читательскую грамотность, но и множество других полезных навыков, таких как критическое мышление, воображение и способность к анализу.

Заключение

Использование комиксов в образовательном процессе младших школьников играет важную роль в формировании читательской мотивации и грамотности. Комиксы объединяют визуальные и текстовые элементы, что делает процесс чтения более доступным и увлекательным для детей, особенно для тех, кто только начинает осваивать навыки чтения. Визуальная поддержка помогает детям быстрее усваивать информацию, развивать когнитивные способности, критическое мышление и творческое воображение. Комиксы представляют собой эффективный инструмент для вовлечения детей в чтение и преодоления

трудностей с традиционными текстами. Кроме того, комиксы стимулируют эмоциональную вовлечённость, что делает чтение более приятным процессом. Это особенно актуально в современных условиях, когда дети все чаще выбирают цифровые развлечения, и традиционное чтение утрачивает свою привлекательность. Комиксы, благодаря своей динамике и яркости, помогают вернуть интерес к литературе и мотивировать учащихся к дальнейшему чтению. Результаты проведённых исследований показывают, что комиксы не только повышают мотивацию к чтению, но и способствуют улучшению показателей читательской грамотности. Они позволяют школьникам развивать навыки анализа текста, интерпретации и критического осмысления, что в свою очередь закладывает основу для их дальнейшего образовательного успеха. Таким образом, комиксы являются перспективным и мощным инструментом, который может эффективно использоваться в начальном образовании для повышения интереса к чтению и развития ключевых навыков учащихся. Включение комиксов в учебную программу способствует созданию более увлекательного и результативного учебного процесса.

Список литературы

1. Выготский Л. С. Мышление и речь. – М.: Издательство Академии наук СССР, 1956. – 516 с.
2. Хейли Б. Психология детского чтения: Мотивационные аспекты. – Чикаго: University of Chicago Press, 2012. – 198 с.
3. Доу С. Мотивация в обучении: Психологические основы. – Бостон: Harvard University Press, 2015. – 284 с.
4. Айснер У. Комиксы и графический роман: Искусство повествования. – Нью-Йорк: Abrams, 2008. – 160 с.
5. МакКлауд С. Понимание комиксов: Невидимое искусство / пер. с англ. Д. Савина. – М.: АСТ, 2019. – 224 с.
6. Кон Н. Визуальные повествования и их влияние на когнитивные процессы. – Оксфорд: Oxford University Press, 2013. – 176 с.
7. Холмс Л. Использование комиксов для формирования читательского интереса. – Лос-Анджелес: University of California Press, 2011. – 220 с.
8. Браун Дж. Развитие читательской грамотности с помощью комиксов. – Кембридж: Cambridge University Press, 2016. – 144 с.
9. Граветт П. История комиксов: От ранних карикатур до современных графических романов. – Лондон: Thames & Hudson, 2007. – 144 с.
10. Невин М. Влияние визуальных элементов на обучение детей. – Нью-Йорк: Palgrave Macmillan, 2017. – 210 с.
11. Грей Дж. Образовательные комиксы: Исследование мультимедийных подходов в обучении. – Сидней: Allen & Unwin, 2018. – 128 с.
12. Чу Х. Культурные и социальные аспекты комиксов в образовании. – Токио: Kodansha, 2016. – 236 с.

ӘОЖ 373.31

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Бейлистова Н.Қ., 7М01301- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі,
1 курс магистранты**

І. Жансугуров атындағы Жетісу университеті, қ. Талдықорған

E-mail: nazira.beilistova@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада бастауыш сыныптарда цифрлық ресурстарды қолданудың тиімділігі зерттеледі. Цифрлық технологиялардың білім беру жүйесіне әсері, оқушылардың

мотивациясын, оқу нәтижелерін жақсартудағы рөлі, сондай-ақ мұғалімдер мен ата-аналар үшін пайдасы қарастырылады. Зерттеу нәтижелері цифрлық құралдардың оқу процесіндегі маңыздылығын және олардың оқушылардың дамуындағы рөлін көрсетеді.

Тірек сөздер: цифрлық ресурстар, білім беру технологиялары, оқу процесі, оқушылардың мотивациясы, оқу нәтижелері, мұғалімдер, ата-аналар, пайда, оқушылардың дамуы, цифрлық құралдар, тиімділік, білім беру жүйесі, инновациялық әдістер, оқу әдістемесі.

Аннотация

В этой статье исследуется эффективность использования цифровых ресурсов в начальных классах. Рассматриваются влияние цифровых технологий на систему образования, роль в улучшении мотивации учащихся, результатов обучения, а также Польза для учителей и родителей. Результаты исследования показывают важность цифровых инструментов в учебном процессе и их роль в развитии учащихся

Ключевые слова: цифровые ресурсы, образовательные технологии, учебный процесс, мотивация учащихся, результаты обучения, учителя, родители, прибыль, развитие учащихся, цифровые инструменты, эффективность, система образования, инновационные методы, методика обучения.

Annotation

This article examines the effectiveness of the use of digital resources in primary schools. The impact of digital technologies on the education system, the role in improving student motivation, learning outcomes, and benefits for teachers and parents are considered. The results of the study show the importance of digital tools in the educational process and their role in the development of students

Key words:

digital resources, educational technologies, educational process, student motivation, learning outcomes, teachers, parents, profit, student development, digital tools, efficiency, education system, innovative methods, teaching methods.

Қазақстанда мемлекеттік білім беруді цифрландыру оны реформалау шеңберіндегі негізгі үрдісті білдіреді. Заманауи технологияларды білім беру процесіне интеграциялау оқыту сапасын жақсартуға, оқу процесін ұйымдастыруды оңтайландыруға және оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді. Қазіргі уақытта цифрлық технологиялар білім беру жүйесіне тығыз еніп, оған халықаралық стандарттарға сәйкес келуге мүмкіндік берді.

Білім беру жүйесі үш негізгі аспект бойынша талданады: білім беру жүйесін цифрландыру, цифрлық контентті әзірлеу және білім беру саласындағы басқаруды цифрландыру. Бұл бағыттар өзара байланысты және оқушылар, педагогтар мен оқу орындары үшін мүмкіндіктерді арттыруға ықпал етеді. Цифрлық білім беру мазмұны студенттердің оқуға деген қызығушылығын арттыруға, жеке оқу маршруттарын қалыптастыруға және оқу материалдарының қолжетімділігін жақсартуға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта цифрлық ресурстар бастауыш сыныптарда жиі кездеседі. Дегенмен, олардың тиімділігін бағалай білу маңызды. Интернет оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ақпаратты жылдам іздеу және өңдеу дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, цифрлық интеграция интерактивті материалдардың арқасында сабақтарды қызықты әрі тиімді ете отырып, жеке оқу тәжірибесін байытады. Қазіргі қоғам көбінесе ақпараттық қоғам деп аталады және ондағы ақпараттық технологиялардың рөлі артып келеді, сондықтан балаларды осы технологияларды ерте жастан сауатты пайдалануға үйрету қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Цифрлық технологиялар заманауи білім берудің маңызды элементіне айналуға, ал оқытудың бастапқы кезеңі - балалардың оқу және таным дағдыларын меңгеру уақыты.

Цифрлық ресурстар - бұл интернет, компьютерлік бағдарламалар, мобильді қосымшалар, интерактивті оқулықтар мен ойындарды қоса алғанда, электронды материалдар. Оларды білім беру процесінде қолдану оқу мазмұнын визуализациялауға, интерактивті тапсырмаларды орындауға және оқушылардың ынтасын арттыруға ықпал етеді.

Зерттеулер көрсеткендей, цифрлық ресурстар балалардың оқу мотивациясын арттырады. Мысалы, Дүйсебекова, Ж. Ж. зерттеулері бойынша, интерактивті ойындар мен мультимедиялық материалдар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын 30%-ға дейін арттыруы мүмкін. Оқушылар ойын элементтері арқылы оқуға қызығушылық танытады, бұл оларға материалды жеңіл меңгеруге мүмкіндік береді [1].

Менің ойымша, цифрлық ресурстарды пайдалану білім беру процесін жаңартуға, оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға және олардың оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Ойын элементтері мен интерактивті материалдарға негізделген әдістер студенттердің назарын аударып қана қоймайды, сонымен қатар олардың білімді игеру жауапкершілігін арттырады. Оқушылар өз бетінше зерттеу жүргізуге, мәселелерді шешуге және цифрлық платформаларда топтық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады. Бұл оларға болашақта ақпараттық қоғамның белсенді қатысушылары болуға көмектеседі.

Цифрлық ресурстар сонымен қатар жеке оқытуды қамтамасыз етеді. Оқушылар оқу жылдамдығына және білім деңгейіне байланысты материалдарды таңдай алады. Мұғалімдердің әр оқушының қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдеу мүмкіндігі бар. Бұл жеке тәсіл оқушылардың бірегей ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесінде белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Цифрлық платформалар мен ресурстар оқушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктеріне бағытталған білім беру траекторияларын құруға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар қиындық деңгейін, тақырыпты және материал пішімін таңдағанда, олардың оқу стиліне сәйкес шешімдер қабылдай алады. Бұл тәсіл әр оқушының материалын игерудің ерекше қабілеттерін, қызығушылықтары мен қарқынын ескере отырып, әр түрлі деңгейдегі студенттер үшін өте пайдалы.

Бұл процесте мұғалімдерге маңызды рөл беріледі. Олар оқушылардың үлгерімін бақылай алады және оларды қолдау үшін деректер мен аналитикалық құралдарды қолдана алады. Бұл оқудағы қиындықтарды анықтауға, қажетті өзгерістерді енгізуге және жеке оқу жоспарларын жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жекелендірілген оқыту цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға ықпал етеді. Оқушылар өз біліміне жауапкершілікпен қарай бастайды, бұл өз бетінше оқу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Бастауыш сыныпта цифрлық ресурстарды қолдану балалардың ақпараттық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Оқушылар ақпаратты іздеу, бағалау және қолдану дағдыларын меңгереді. Баймұратова, Л. Б. зерттеулерінде, ақпараттық сауаттылықтың жоғарылауы балалардың сыни ойлау қабілетін арттыруына ықпал ететіні атап өтілген [2].

Цифрлық ресурстар оқушыларға кең көлемдегі ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл олардың терең зерттеу, талдау және материалдарды тиімді пайдалану қабілетін дамытуға ықпал етеді. Оқушылар интернетті, электронды кітаптарды, интерактивті платформаларды және басқа да сандық құралдарды қолдану арқылы ақпаратты іздеу және бағалау әдістерін меңгереді.

Ақпараттық сауаттылық қазіргі білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы дағдыларды игере отырып, ақпаратты өз бетінше жинауды, оны сыни тұрғыдан бағалауды және іс жүзінде қолдануды үйренеді. Ақпараттық дағдыларды дамыту балалардың шешім қабылдау, мәселелерді шешу және зерттеу жүргізу қабілетін арттырады.

Сонымен қатар, цифрлық ресурстар ақпараттың өзектілігі мен сенімділігін бағалау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ деректерді салыстыру және талдау қабілетіне ықпал етеді, бұл оларға өз зерттеулерінің нәтижелерін ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл процессоқушыларға өз пікірлерін тұжырымдауға және оларды негіздеуге көмектеседі.

Осылайша, бастауыш мектепте цифрлық ресурстарды қолдану балалардың ақпараттық дағдыларын қалыптастыруға айтарлықтай ықпал етеді. Бұл олардың болашақта жоғары білім мен кәсіби қызметті табысты алуының маңызды негізі болып табылады. Осы дағдыларды дамыта отырып, оқушылар білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті болып қалуға көмектесетін заманауи оқушыларға айналады.

Цифрлық технологиялар топтық жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқушылар бірлесе отырып, жобалар жасау, пікір алмасу және шығармашылық жұмыстарды орындау арқылы әлеуметтік дағдыларын дамытады. Сатпаев, Т. С. зерттеу нәтижелері, топтық жұмыстар оқушылардың бір-біріне деген сенімін арттыратынын көрсетеді [3].

Менің ойымша, цифрлық құралдар Оқушыларға бірлескен жобалар аясында әртүрлі тапсырмалар мен рөлдерді орындауға мүмкіндік береді. Олар ортақ мақсатқа жету үшін күш-жігері мен дағдыларын біріктіреді. Бұл олардың бір-бірінің пікірлеріне назар аударуына, сындарлы сын мен әртүрлі көзқарастарды талдауға үйренуіне ықпал етеді.

Осындай топтық жұмыстың нәтижесінде оқушылар арасындағы ынтымақтастық нығайып, бір-біріне деген сенім артады. Бұл сенім өзара түсіністікті жақсартуға, эмоционалды интеллектті дамытуға және оң білім беру климатын құруға ықпал етеді. Сонымен қатар, топтық жұмыс оқушыларға бір-бірін қолдауға, мәселелерді бірлесіп шешуге және шығармашылық идеялармен бөлісуге мүмкіндік береді.

Цифрлық ресурстарды қолдану оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Бекішев Г. зерттеулері бойынша, цифрлық құралдар арқылы оқыту нәтижесінде оқушылардың академиялық жетістіктері 15%-ға дейін артуы мүмкін. Визуалды және интерактивті элементтер білім алуды жеңілдетеді [5].

Цифрлық технологиялар ата-аналардың балалардың оқу процесін бақылауына мүмкіндік береді. Олардың прогресі мен жетістіктері туралы ақпаратқа қол жеткізу, ата-аналарға балаларына көмек көрсету үшін тиімді құрал болып табылады. Турсунова, О. Н. зерттеуі бойынша ата-аналардың қатысуы оқу нәтижелерін жақсартатынын көрсетеді [5].

Цифрлық ресурстардың артықшылықтары:

Цифрлық ресурстар білім беру процесін оңтайландыруға ықпал ететін бірқатар маңызды артықшылықтарға ие.

1. Қол жетімділік және әртүрлілік:

Цифрлық ресурстардың басты артықшылығы - олардың оңай қол жетімділігі және ұсыну формаларының байлығы. Оқушылар оларға кез келген уақытта және кез келген жерде қол жеткізе алады. Электрондық кітаптар, бейнематериалдар, подкасттар және интерактивті курстар сияқты әртүрлі форматтар Оқушыларға оқу процесін жеке оқу стильдеріне бейімдеу арқылы ақпаратты тиімдірек қабылдауға мүмкіндік береді.

2. Интерактивтілік:

Интерактивті платформалар оқушылардың оқу процесіне қатысуын арттыруға ықпал етеді. Ойындарды, викториналарды және интерактивті жаттығуларды пайдалану оқуды қызықты әрі тиімді етеді. Сандық ойындар мен тапсырмаларға белсенді қатысу зерттелетін материалға деген қызығушылықты оятады және есте сақтауды жақсартуға ықпал ете

3. Оқытуды жекелендіру:

Цифрлық ресурстар әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделу мүмкіндігіне ие. Дайындық деңгейіне сәйкес материалды таңдау мүмкіндігі оқу процесінің тиімділігін арттырады. Мамандандырылған бағдарламалар мен платформалар Жеке оқу маршрутын құруға мүмкіндік береді, бұл оқу материалын өз қарқынымен игеруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әр баланың жеке қабілеттерін барынша ашуға ықпал етеді.

4. Цифрлық құзыреттерді қалыптастыру:

Цифрлық ресурстарды пайдалану оқушылардың ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Олар компьютерлер мен мобильді құрылғыларды тиімді пайдалану тәжірибесін алады, ақпаратты іздеу, талдау және ұсыну дағдыларын жетілдіреді. Бұл дағдылар болашақ кәсіби қызметте шешуші болады, өйткені цифрлық сауаттылық қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие.

Қазіргі білім беруде цифрлық ресурстар оқытудың тиімділігін арттыру үшін кең мүмкіндіктер беру арқылы маңызды рөл атқарады.

1. Оқыту платформалары:

Kahoot, Quizlet және Google Classroom сияқты платформалар оқу процесін белсендіру үшін айтарлықтай әлеуетке ие. Олар оқытушыларға интерактивті сауалнамалар мен тесттер жүргізуге, оқушылардың материалды меңгеру деңгейін жедел бағалауға мүмкіндік береді.

2. Электрондық кітаптар және онлайн ресурстар:

Электрондық кітаптар мен әртүрлі онлайн ресурстар оқу материалын тереңірек түсінуге ықпал етеді. Мұндай ресурстардың көрнекі элементтері мен интерактивті функциялары оқушылардың танымдық белсенділікке деген ынтасын арттырады.

3. Бейнематериалдар:

Бейнематериалдарды пайдалану күрделі тақырыптарды игеруді едәуір жеңілдетеді. Сабақ барысында көрсетілген қысқа бейнероликтер оқушылардың назарын аударып, оқу процесін қызықты ете алады.

Білім беруде цифрлық ресурстарды пайдалануды шектеу

Оқу процесіне цифрлық ресурстарды енгізу, айқын артықшылықтарға қарамастан, бірқатар шектеулермен келеді:

1. Техникалық осалдық: цифрлық ресурстарды пайдалану техникалық ақаулармен бірге жүруі мүмкін, бұл білім беру процесін бұзуы мүмкін.

2. Зейіннің төмендеу қаупі: Цифрлық технология оқушыларды оқу материалынан алшақтатуы мүмкін. Мұндай тәуекелді азайту үшін мұғалімнің оқу процесін мұқият жоспарлау және басқару қажет.

3. Біркелкі емес сапа: цифрлық ресурстар сапасының өзгергіштігі мұғалімдерден тек дәлелденген және сенімді материалдарды мұқият іріктеуді және пайдалануды талап етеді.

Қорыта келе, бастауыш мектепте цифрлық ресурстарды пайдалану білім беру процесін жаңғыртуға және оқушылардың білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Сандық құралдар оқушылардың мотивациясын ынталандырады, жеке оқу қабілеттерін дамытады, Ақпараттық сауаттылық пен командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Интерактивті және мультимедиялық материалдар арқылы оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуы оқу материалын игеруді жеңілдетеді.

Зерттеу нәтижелері педагогтар мен білім беру мекемелерінің цифрлық ресурстарды кеңінен енгізуінің маңыздылығын растайды. Сандық құралдарды тиімді және жауапкершілікпен қолдана отырып, мұғалімдер білім сапасын арттыра алады. Цифрлық технологияларды енгізу оқытушылардың әдістемелік шеберлігін жетілдіруге, оқытудың инновациялық әдістерін қолдануға және оқу процесінде оқушылардың белсенділігін ынталандыруға мүмкіндік береді.

Оқытудың бастапқы кезеңінде цифрлық ресурстарды пайдалану оқушылардың шығармашылық әлеуетін, ақпаратты іздеу және сыни бағалау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ сыни ойлау және есептерді шешу дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Цифрлық технологияларды енгізу оқу процесінің сапасын арттыруға, оқушылардың оқу уәждемесін ынталандыруға және ата-аналардың білім беруге қатысуын жандандыруға мүмкіндік береді.

Болашақта білім беру жүйесін цифрландыруды дамыту педагогтардың де, оқушылардың да цифрлық сауаттылық деңгейін арттыруды, жаңа цифрлық контент құруды, оқу бағдарламаларын жаңғыртуды және цифрлық инфрақұрылымды жетілдіруді көздейді.

Бұл бағыттар білім беру саласында цифрлық ресурстарды пайдалануды оңтайландыруға және оқушылардың білім сапасын одан әрі арттыруға ықпал етеді.

Осылайша, бастауыш білім берудегі цифрлық ресурстардың маңыздылығы мен пайдасын растады. Олардың оқу процесіне интеграциялануы өзінің тиімділігін көрсетті. Болашақта цифрлық технологияларды белсенді қолдану оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дүйсебекова, Ж. Ж. «Цифрлық білім беру технологиялары: мүмкіндіктер мен перспективалар». *Журнал білім беру жүйесі*, 2019, 12(3), 45-52 б.
2. Баймұратова, Л. Б. «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамытуда цифрлық ресурстарды пайдалану». *Білім берудегі инновациялар*, 2020, 5(1), 25-32 б.
3. Сатпаев, Т. С. «Цифрлық білім беру технологиялары арқылы оқыту». *Мектептегі педагогика*, 2018, 7(4), 15-21 б.
4. Бекішев, Г. «Цифрлық ресурстардың білім беру процесіне әсері». *Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер*, 2022, 6(3), 10-16 б.
5. Турсунова, О. Н. «Цифрлық технологияларды бастауыш білім беру жүйесінде пайдалану». *Психология және білім беру*, 2021, 9(2), 50-56 б.

ӘОЖ 371.009.81

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАР МЕН ӘР ТҮРЛІ ӘДІС ТӘСІЛДЕР

Шаушекова Баян Қырықбаевна

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан, Қарағанды қ.

Махмет Назым Думанқызы

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің

2-курс магистранты

E-mail: nazym2402@mail.ru

Аннотация

Бүгінгі білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы балалардың оқу процесіне де әсерін тигізуде. Соның ішінде, бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын цифрлық құралдар арқылы дамыту — маңызды тақырыптардың бірі. Бұл мақалада цифрлық құралдардың сөйлеу дағдыларын дамытудағы рөлі қарастырылады және оқушылардың тілдік қабілетін арттыру мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер мен ойын технологиясын қолданудың тиімділігі талданады.

Кілт сөздер: мультимедиялық қосымшалар, виртуалды шынайылық, сөйлеу дағдылары, интерактивті платформалар, сөйлеу мәдениеті, тіл қабілеттілігі.

Аннотация

Динамичное развитие информационных технологий в современной системе образования оказывает влияние и на учебный процесс детей. В том числе, развитие навыков устной речи младших школьников с помощью цифровых средств — одна из важнейших тем. В этой статье рассматривается роль цифровых инструментов в развитии речевых навыков и анализируется эффективность использования методов и игровых технологий, используемых для повышения языковых способностей учащихся и формирования культуры речи.

Ключевые слова: мультимедийные приложения, виртуальная реальность, речевые навыки, интерактивные платформы, культура речи, языковые способности.

Annotation

The dynamic development of information technologies in the modern education system has an impact on the educational process of children. In particular, the development of oral speech skills of younger schoolchildren using digital means is one of the most important topics. This article examines the role of digital tools in the development of speech skills and analyzes the effectiveness of using methods and game technologies used to improve students' language abilities and form a culture of speech.

Key words: multimedia applications, virtual reality, speech skills, interactive platforms, speech culture, language skills.

Бүгінгі білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы балалардың оқу процесіне де әсерін тигізуде. Соның ішінде, бастауыш сынып оқушыларының ауызша

сөйлеу дағдыларын цифрлық құралдар арқылы дамыту — маңызды тақырыптардың бірі. Цифрлық құралдар оқушыларға ауызша сөйлеу әрекеттерін дамытып, олардың тілдік құзыретін арттыруға жағдай жасайды. Мысалы, интерактивті мультимедиялық қосымшалар, ойындар, бейнеконференциялар, виртуалды шынайылық технологияларының көмегімен бала тілдік дағдыларын қызықты және тиімді үйрене алады. Бұл құралдар оқу процесін жан-жақты қолдап, жеке, жұптық немесе топтық жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Цифрлық құралдардың негізгі артықшылықтары:

- Оқушының қызығушылығын оятып, білім алуға деген ынтасын арттырады.
- Тілдік ортаны модельдейді, сөйлеу жаттығуларын нақты өмірмен байланыстырады.
- Оқушылардың сөйлеу қорын, сөздік құрамын байытып, сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта оқушыларға арналған цифрлық құралдардың көпшілігі оқу процесін қызықты әрі мазмұнды етуге бағытталған. **Lingokids, Duolingo, Khan Academy Kids, Umaigra, Wordwall** сияқты қосымшалар балалардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсынып, олардың тілдік құзыретін арттыруға көмектеседі. Бұл қосымшалардың бірнеше артықшылықтары бар:

- Балалардың назарын ұзақ уақытқа шоғырландырады.
- Көрнекілік пен анимациялар арқылы тілдік ақпаратты оңай қабылдауға жағдай жасайды.
- Оқушының өз бетінше жұмыс істеп, шығармашылық қабілетін дамытады.

Google Classroom, Zoom, Microsoft Teams сияқты платформалар онлайн оқу кезінде кеңінен қолданылып келеді. Бейнеконференция арқылы мұғалім оқушылармен жеке немесе топтық форматта тілдік жаттығулар өткізеді. Бұл құралдардың көмегімен оқушылар арасында тілдік қарым-қатынас орнап, олардың ауызша сөйлеу мәдениеті дамиды. Онлайн платформалардың ерекшеліктері:

- Оқушылар арасында пікір алмасу, сұрақ қою, өз ойын еркін жеткізу қабілеттерін арттырады.
- Сөйлеу мәдениетін, диалог құру дағдыларын жақсартады.
- Мәтінді дыбыстық жазбаға айналдырып, қателерді анықтауға және сөйлеуді түзетуге мүмкіндік береді.

Speech-to-text технологиясы мен **ChatGPT** сияқты чатботтар оқушыларға ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіруде көмектеседі. Дыбыстық тану технологиясы арқылы оқушының сөйлеуі мәтінге айналып, бұл қателерді түзетуге және өзіндік сөйлеу стилін дамытуға ықпал етеді. Чатботтар оқушылармен сұхбаттасып, өз ойын ашық және дұрыс жеткізуге машықтандырады. Чатботтардың мүмкіндіктері:

- Оқушылардың сұрақтар қою, жауап беру және тілдік қателерін түзету дағдыларын жақсартады.
- Тілдік қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.
- Оқушылардың ауызша сөйлеу қарқыны мен сөздік қорын арттыруға ықпал етеді.

Осы кезекте сабақ барысында оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар олардың тілдік құзыретін, сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін жетілдіруге және өз ойын еркін жеткізуге үйретуге бағытталған болуы керек. Біз сабақтарда сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін ойын арқылы қызықтыру әрекеттерін қолданамыз. Ойын техникасы әсіресе әлсіз оқушылар көп болатын сыныптарда жақсы жұмыс істейді, өйткені сабақтарда ойын арқылы ұйымдастыру оқушылардың қызығушылығын арттырады. Оксфорд университетінің психолог-профессоры Д.Брунердің пікірінше, «бала өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік беретін модельдер мен әдістерді игереді, ал ойын ал ойын «маңызды психотерапиялық функцияны орындайды немесе ең болмағанда, баланың болашақта әлеуметтік өмір жағдайларына ауыртпалықсыз бейімделуіне айтарлықтай ықпал етеді».

Ойын техникасы, дәстүрліден айырмашылығы, барлық балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Мұғалім өзін ойынға қатысушы етіп қоюы керек.

Мұндай білім беру процесінде мұғалім өзі ойнауды үйренуі керек, балалармен бірге жаңа ойын формаларын ойлап табуы керек. Осының нәтижесінде оқудың мақсаты жүктелген, енгізілген нәрсе ретінде емес, қалаған жәнежеке маңызды мақсат ретінде қабылданады.

Ойын балалар үшін, әсіресе бастауыш және орта мектеп жасындағы балалар үшін табиғи қажеттілік екенін ұмытпауымыз керек. Ойында бала босатылады, ал босатылғаннан кейін ойын еркін жеткізуге және шығармашылық қабілетін қалыптастыруға күш-жігер ала алады.

«Тіл сөйлеу-сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеудің біріне көңіл аудармау - үлкен қылмыс» – деп Ғабит Мүсірепов айтқандай сабақ барысында оқу - үйрену, жазу-сызу арқылы тілдік қабілетте арттыра аламыз. Қазақ тілі сабақтарында оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдану пәнге деген қызығушылықты арттырудың қажетті шарттарының бірі болып табылады. «Әртүрлілік – жақсы оқытудың белгісі», – дей келе сыныбымызда қолданылған әдіс – тәсілдерге тоқталғым келеді.

1. Әртүрлі сөздерді тап, қоршап сыз.

қасық	дала	арман	кеме
қасық	дала	орман	кеше
қырық	дода	аймақ	алма
қызық	дара	аймақ	алша

2. Менің үйім тақырыбына сөздер тауып оқы.

Ш	а	м	о	ш
о	ү	й	р	ж
т	с	с	ы	а
а	т	ө	н	с
н	е	р	д	т
й	л	е	ы	ы
а	а	й	қ	қ
к	і	л	е	м

3. Сөздерді дұрыстап оқы.

Қоыңрау, сағта, меткпе, башқа, ықызл, қраныдша, ауықн, қақсы, құмйақ, қропа, ажбңыр, саусықна, алқана, қзана, сйылқы,ағша, қақсыр, тлүік, отғрай, атлы, срұақ, қошлатры, ақбнақ, әскуеле, армал, рйаса, нбүіг, ышқйа, йназа, идбай, ғажа, патла.

4. Тиісті әріпті қойып мәтінді оқы.

Ерт..., ерт..., ертед... мысы..., тышқа... жән... торға... өт... тат... тұрыпт.... Басқ... а...-құста...

оларды... достығын... қызығы... т..., қызғаны... т... қарайд... еке....

Күндерді... күнінд... қылышы... сүйреті... қы... келд.... Ү... до... суыққ... тоңы... ашығ...

бастайд.... У..., доста..., ая...-мына..., жыртқы... аңда...-ана..., та... ба... салуғ...

дайы... тұ.... Ода... д... бі... адамғ... бары..., қызме... етейі....

5. Түстерді ата.

Тек қана зейінді ғана дамытып қоймай, мидың екі жарты шарын іске қосады. Әр келесі сөзге өткенде, жазылған сөзді емес түсті атауы қажет. Жылдамдыққа орындайды.

КҮЛГІН ҚЫЗЫЛ ЖАСЫЛ САРЫ ҚАРА
 КӨК ЖАСЫЛ САРЫ ҚЫЗЫЛ ҚАРА СҰР
 ЖАСЫЛ КҮЛГІН КӨК САРЫ СҰР
 ҚЫЗЫЛ ЖАСЫЛ САРЫ КҮЛГІН ҚАРА
 СҰР КҮЛГІН КӨК ЖАСЫЛ ҚЫЗЫЛ СҰР

Уақыт _____

7. Оңнан солға оқы.

Қыс

сыҚ - не қыус лыж ілігзем, нароб нем қызая ытықау. алаңА қаппә немрақ пілірекмек, тағибат ағықйұ нитетек зек. лұБ қыдлыж не ылрықис ізек. қыналанйА ірөб қаппа аднағлоб, едігетре йеднегрүж қисенізес. сыҚ нілігзем ағыса қидутүк ығат ад ріб ібебес - аңаЖ лыж. лұБ ыдмарйем негеткебңе надалаб, негйекңе ақтрақ нийед інитетүк надйа қына. ралалаБ қаппа надрақ алаққа пасаж, ынашрыш піріднезөб, зяа ата нем ыдрақашқа ідетүк. сыҚ - не ашамат лігзем.

Уақыт _____

Қорытынды. Бастауыш мектеп бағдарламасындағы балалардың жас ерекшелігіне байланысты тапсырмалар, жаттығу жұмыстарын осындай түрлі әдіс-тәсілдер арқылы меңгертуде жұмыс жасап жатырмыз. Жаңа әдіс – тәсілдерді ұтымды пайдалану тіл дамыту барысында ерекше орын алады. Бұл оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, меңгеруіне ықпал тигізеді. Оқушы әр сабақ барысында белгілі бір мөлшерде жаңа сөздерді меңгереді, сөздік қоры молаяды.

Ахмет Байтұрсынұлының: «Тіл дамыту мәселесі тек қана грамматика заңдарына үйреніп, не болмаса, сөздерді балаға үйретіп қана емес, сөзді тіршілігінде көрсету барысында ғана шешуге болады», – деген тұжырымын ескере отырып сабақ барысында сөздерді жеке дара емес, белгілі бір жағдайға байланысты тақырып аясында қолдануға мүмкіндік жасалуын да қамтамасыз етуді ескерусіз қалдырмауымыз керек. Оқушылардың сөздік қорын тек сандық көрсеткіштермен ғана емес, ұғымдар көлемін кеңейту арқылы дамыта аламыз.

Л.С.Выготскийдің ережелеріне сүйене отырып, балаларға ересектердің тілін үйретпеу керек, бірақ оларға өз тілдерін дамытуға және қалыптастыруға көмек беруіміз керек, осы орайда пайдаланатын ойын мен әдіс-тәсілдердің барлығы балалардың шығармашылығы мен өз күштерін дұрыс дамыту үшін қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана: Елорда, 2001.
- 2.Мендаяхова Қ. Байланыстырып сөйлеуге үйретуарқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми - әдістемелік негіздері.
- 3.«Тіл білімінің жаңа парадигмалары: теориялық және әдістемелік ізденістер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалары.
- 4.Байтұрсынұлы А.Тіл тағылымы. Алматы, 1989.

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жұмағали Зоя Өмірзаққызы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы №98 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сыныптарда цифрлық білім берудің маңызы өте жоғары. Ерте жастан цифрлық құралдарды пайдалану балалардың оқу процесіне деген ынтасын арттырып, олардың танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Цифрлық білім беру бастауыш сынып оқушылары үшін білімді қабылдау мен меңгеруді жеңілдетіп, оларға заманауи дағдыларды ерте кезеңнен қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты цифрландырудың басты артықшылықтарын атап өтуге болады:

1. Білім берудің көрнекілігі мен қолжетімділігі

Цифрлық білім беру бастауыш сынып оқушыларына күрделі тақырыптарды түсінікті түрде меңгеруге көмектеседі. Мысалы, интерактивті тақталар, анимациялар, бейнематериалдар және ойын форматындағы тапсырмалар арқылы оқу процесі көрнекі әрі қызықты бола түседі.

Бұл балалардың есте сақтау қабілетін жақсартып, олардың сабаққа деген қызығушылығын оятады.

2. Жекелендірілген оқыту мүмкіндіктері

Цифрлық білім беру әр оқушының оқу қарқыны мен қабілеттеріне бейімделуге мүмкіндік береді. Мысалы әр бала тапсырмаларды өз деңгейіне сәйкес алып, өзінің оқу үрдісін бақылап отыра алады. Бұл тәсіл оқушылар арасындағы білім деңгейін теңестіруге және олардың жеке қажеттіліктерін ескеруге көмектеседі.

3. Цифрлық дағдыларды қалыптастыру

Цифрлық құралдарды қолдану арқылы оқушылар қазіргі заманғы цифрлық дағдыларды ерте жастан игере бастайды. Мұндай дағдылар тек бастауыш білім беру кезеңінде ғана емес, әрі қарайғы оқу және жұмыс барысында да маңызды. Балалар бағдарламалармен жұмыс істеу, интернеттен ақпарат іздеу және онлайн ресурстарды пайдалану сияқты негізгі дағдыларды меңгереді.

4. Кері байланыспен бақылау

Цифрлық білім беру платформалары арқылы мұғалімдер ата-аналарға оқушының оқу барысы туралы тұрақты ақпарат бере алады. Бұл баланың жетістіктерін уақытында бақылап, оның біліміндегі олқылықтарды дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық платформалар мұғалімдерге әр оқушының прогресін бақылап, қажетті материалдар мен қосымша тапсырмаларды ұсынуға көмектеседі.

5. Оқу процесін автоматтандыру

Цифрлық құралдар оқу материалдарын қайта-қайта басып шығармай-ақ жаңартуға мүмкіндік береді. Мысалы, электронды оқулықтарды немесе оқу платформаларын пайдалану оқулықтардың үнемі жаңартылып, қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. Бұл уақыт пен қаржы үнемдеуге ықпал етеді.

6. Шығармашылықты дамыту және ынталандыру

Цифрлық білім беру бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға да ықпал етеді. Мысалы, бейне, сурет салу немесе бағдарламалау қосымшалары арқылы балалар өз идеяларын шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыра алады. Олар түрлі жобалар мен тапсырмаларды орындау кезінде өз қиялын кеңінен қолданады.

Бастауыш білім беруді цифрландыру – бұл оқу процесін жақсарту, балалардың цифрлық дағдыларын ерте жастан қалыптастыру, білім беру тиімділігін арттыру мақсатында цифрлық технологиялар мен құралдарды қолдану. Бұл үрдіс білім берудің барлық салаларына елеулі өзгерістер енгізіп, оқу процесін икемді әрі қызықты етеді.

Бастауыш білім беруді цифрландыру – бұл білім беру жүйесін заманауи технологиялармен толықтырып, балаларға оқу процесінде қолжетімді әрі тиімді құралдар ұсынуға бағытталған қадам. Алайда, бұл үрдіс барысында түрлі өзекті мәселелер туындайды. Олардың негізгісі мыналар:

Техникалық жабдықталудың жетіспеушілігі. Кейбір өңірлерде мектептерде қажетті компьютерлер, планшеттер және басқа цифрлық құрылғылардың жетіспеушілігі байқалады. Сонымен қатар, интернетке қолжетімділік деңгейі біркелкі емес. Бұл оқу процесінде айтарлықтай кедергі келтіреді.

Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы. Бастауыш сынып мұғалімдерінің барлығы бірдей жаңа технологияларды қолдануда тәжірибелі емес, бұл өз кезегінде цифрландырудың тиімділігін төмендетеді. Мұғалімдерді үнемі оқыту және олардың цифрлық дағдыларын жетілдіру өзекті міндетке айналып отыр.

Оқу материалдарының сапасы. Бастауыш білім беруге арналған цифрлық оқулықтар мен материалдардың мазмұны жиі қолжетімсіз немесе сапасы төмен. Бұл оқушылардың білім деңгейіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау. Цифрлық ортада балалардың жеке деректерінің қорғалуы аса маңызды. Дербес ақпараттың құпиялылығы мен қауіпсіздігіне кепілдік беру – цифрландыру барысындағы маңызды міндеттердің бірі.

Киберқауіпсіздік және интернет тәуелділігі. Бастауыш сынып оқушылары цифрлық құрылғыларға және интернетке көп уақытын жұмсай бастайды, бұл олардың психикалық және физикалық денсаулығына әсер етуі мүмкін. Интернет тәуелділігінің алдын алу шараларын қарастыру да маңызды.

Цифрлық теңсіздік. Әрбір оқушының материалдық жағдайына байланысты цифрлық ресурстарға бірдей қол жеткізе алмауы – білім алу мүмкіндігін шектейді, осылайша әлеуметтік теңсіздік мәселесі туындайды.

Білім сапасына ықпалы. Бастауыш білім беруде баланың пәнді терең түсінуі және оқуды дағдыға айналдыруы маңызды. Цифрлық құралдарды шамадан тыс пайдалану балалардың жадын, оқуға ынтасын және әлеуметтік дағдыларын дамытуда қиындық тудыруы мүмкін.

Осы мәселелерді шешу үшін, білім беру жүйесіне тиісті қаржыландыру бөліп, оқу орындарының техникалық базасын жаңарту, мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру, сапалы оқу материалдарын әзірлеу және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар қажет.

Цифрландырудың маңызы мен мақсаттары

Бастауыш сыныптардағы цифрландырудың негізгі мақсаты – білім алушылардың қызығушылығын арттыру және олардың танымдық қабілеттерін жаңа технологиялар арқылы дамыту. Цифрлық құралдар балаларға оқу материалын визуалды түрде ұсынуға, интерактивті тапсырмалар арқылы үйретуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрландыру білім сапасын бақылауды және дербестендірілген оқытуды да оңайлатады.

Цифрлық құралдар және әдістер

Бастауыш білім беруде қолданылатын негізгі цифрлық құралдар мен әдістерге мыналар жатады:

Электронды оқулықтар мен жұмыс дәптерлері. Оқушылар электронды оқулықтарды планшет немесе компьютер арқылы пайдалана отырып, білім алуда жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізеді.

Интерактивті тақталар. Олар оқыту процесін көрнекі, әсерлі етуге көмектеседі және оқушылардың ақпаратты қабылдауына ықпал етеді.

Бейнематериалдар мен анимациялар. Бұл құралдар күрделі тақырыптарды қарапайым және түсінікті түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

Онлайн платформалар мен білім беру қосымшалары (мысалы, Kahoot, Quizlet және басқа интерактивті платформалар). Олар оқушыларға тапсырмаларды орындау, білімдерін тексеру және оқытушылармен кері байланыс алу мүмкіндігін береді.

Цифрландырудың артықшылықтары:

Бастауыш білім беруді цифрландырудың бірнеше артықшылығы бар: Оқушылардың қызығушылығын арттырады. Интерактивті тапсырмалар мен ойын түріндегі оқыту әдістері балалардың сабаққа деген ынтасын арттырады.

Оқу процесін жекелендіреді. Әрбір оқушының оқу қарқынын ескере отырып, тапсырмаларды өзгертуге мүмкіндік береді, бұл білім алудағы айырмашылықтарды теңестіруге көмектеседі.

Мұғалімдер мен ата-аналарға оқу барысын бақылауға көмектеседі. Цифрлық платформалар арқылы оқушының жетістіктері мен қиындықтары туралы толық ақпарат алуға болады.

Уақытты үнемдеу және оқу материалдарын оңай жаңарту. Цифрлық ресурстарды үнемі жаңарту және қолжетімді ету жеңіл.

Цифрландырудың қиындықтары:

Сонымен қатар, цифрландырудың кейбір қиындықтары да бар, атап айтқанда:

Техникалық құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі және интернетке қолжетімділік мәселесі;

Оқушылардың шамадан тыс экран алдында уақыт өткізуі, бұл олардың физикалық және психикалық денсаулығына әсер етуі мүмкін;

Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығының жетіспеушілігі;

Әлеуметтік теңсіздік, себебі кейбір отбасылардың балаларын қажетті құрылғылармен қамтамасыз ету мүмкіндігі шектеулі.

Қорытынды

Бастауыш сыныптарда цифрлық білім беру балалардың оқу процесіне белсенді қатысуына және қазіргі заман талабына сай дағдыларды меңгеруіне ықпал етеді. Дегенмен, цифрлық білім беруді енгізу кезінде оны баланың жас ерекшеліктеріне сай бейімдеп, шамадан тыс пайдаланбау керек, себебі бұл баланың денсаулығы мен әлеуметтік дағдыларына әсер етуі мүмкін.

Бастауыш білім беруді цифрландыру – бұл қажетті әрі болашағы бар бағыт. Ол білім беру процесін жетілдіріп, оны заман талабына сай етеді. Дегенмен, тиімді цифрландыру үшін техникалық құралдарды жетілдіру, сапалы цифрлық контент әзірлеу, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және цифрлық теңсіздік мәселелерін шешу маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Астана, 2017 ж.
2. «Цифрлық сауаттылық» оқу бағдарламасы. Бастауыш білім беру Астана, 2017 ж.
3. Мұғалімге арналған н ұсқаулық. Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. Астана, 2017 ж.
4. Оқытудағы интербелсенді әдістер. Астана, 2014 ж.
5. Аганина К.Ж. Формирование учебно-компьютерные умения у учащихся в процессе обучения школьным дисциплинам: дис. канд. пед. наук. – Алматы, 1996. – 148 с.

ӘОЖ 37.02

ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІК ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ

Аяған Еркін Сағынтаевич

педагогика ғылымдарының кандидаты, ғылыми-жетекшісі профессор,
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан, Қарағанды қ.

Калабаева Айгерим Муратбековна

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің

2-курс магистранты

E-mail: aiko-beka@mail.ru

Аннотация

Қазіргі заманның дамуы ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен тығыз байланысты. Цифрлық кеңістік, соның ішінде интернет, әлеуметтік желілер, түрлі мобильді қосымшалар оқушылардың білім алуы мен тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Алайда бұл процесте ұлттық құндылықтарды дарыту маңызды болып қала береді. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларының танымдық және тәрбиелік негіздері осы кезеңде қаланатынын ескерсек, олардың бойына ұлттық рухани байлықты сіңіру аса өзекті. Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды цифрлық құралдар арқылы дамыту — маңызды тақырыптардың бірі. Бұл мақалада цифрлық құралдардың көмегімен ұлттық құндылықтарды, тілді, салт-дәстүрлерді сақтап қалу талданады.

Кілт сөздер: *ақпараттық технологиялар, ұлттық құндылықтар, цифрлық құралдар, мультимедиялық материалдар*

Аннотация

Современное развитие тесно связано с интенсивным развитием информационных технологий. Цифровое пространство, включая интернет, социальные сети, различные мобильные приложения, играет важную роль в обучении и воспитании учащихся. Однако в этом процессе передача национальных ценностей остается важной. Особенно учитывая, что

познавательные и воспитательные основы младших школьников закладываются на этом этапе, важно впитывать в них национальное духовное богатство. Поэтому развитие национальных ценностей у младших школьников с помощью цифровых инструментов является одной из важных тем. В этой статье анализируется сохранение национальных ценностей, языка и традиций с помощью цифровых инструментов.

Ключевые слова: информационные технологии, национальные ценности, цифровые инструменты, мультимедийные материалы

Annotation

Modern development is closely linked to the intensive development of information technologies. The digital space, including the internet, social networks, and various mobile applications, plays an important role in the education and upbringing of students. However, in this process, the transmission of national values remains important. Especially considering that the cognitive and educational foundations of younger schoolchildren are laid at this stage, it is important to instill in them the national spiritual wealth. Therefore, the development of national values among primary school students using digital tools is one of the important topics. This article analyzes the preservation of national values, language, and traditions through digital tools.

Key words: information technologies, national values, digital tools, multimedia materials

Жаһандану мен цифрландыру кезеңінде адамзат қоғамы үлкен өзгерістерге тап болып отыр. Заманауи технологиялар дамып, цифрлық орта біздің өміріміздің бір бөлігіне айналған сайын, ұлттардың өз болмысын, мәдениетін және құндылықтарын сақтау мәселесі де күн тәртібінде тұр. "Цифрлық келешек" ұғымы жаңа мүмкіндіктерді ашса да, ол ұлттық құндылықтарды, тілді, салт-дәстүрлерді сақтап қалу үшін көптеген сынақтар тудырады. Алайда, цифрлық технологиялар барлық салаға ықпал етіп, күнделікті өмірімізді едәуір жеңілдетті. Элеуметтік желілер, онлайн платформалар, білім беру ресурстары сияқты құралдар адамдар арасындағы байланыс тәсілдерін өзгертті. Осы технологиялар арқылы әлемнің түкпір-түкпіріндегі жаңалықтарды біліп, білім алып, түрлі тәжірибелермен бөлісу мүмкіндігі арта түсті. Алайда, цифрлық технологиялардың ұлттық мәдениетке әсерін түсіну маңызды. Ұлтқа тән мәдениет пен салттар цифрлық платформада қалай көрініс табады және оны қалай сақтап қалуға болады?

Ұлттық құндылықтар – әр халықтың бірегей мәдениеті мен болмысының негізі. Олар ұлттың тарихын, тілі мен дәстүрін сақтайды, келешек ұрпақтарға мұра болып қалады. Қазақстанда, мысалы, халықтың әдет-ғұрыптары, тілі, діні, рухани құндылықтары арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын өзіндік мәдениет бар. Цифрлық келешекте бұл құндылықтарды қалай сақтап, дамытуға болатынын түсіну маңызды.

Бүгінгі цифрлық әлемде әртүрлі мәдениеттердің тоғысуы нәтижесінде ұлттар өздерінің болмысын жоғалтып алу қаупіне тап болуы мүмкін. Ұлттық құндылықтарды сақтау ұлттың бірлігін, тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сондықтан цифрлық ортада халықтың өз болмысын көрсетуге, мәдениетін сақтап қалуға жағдай жасалуы керек.

Цифрлық технологияларды ұлттық құндылықтарды сақтау мақсатында қолдану – еліміздің мәдени мұрасын нығайтуда маңызды қадам. Қазақстанда цифрлық архивтерді құру, ұлттық музейлер мен кітапханаларды сандық форматқа көшіру, қазақ тіліндегі онлайн ресурстарды көбейту арқылы ұлттық мәдениетті сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу мүмкіндігі бар. Бұл халықтың өткенін ұмытпай, келешекке цифрлық әлем арқылы қадам басуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мектептерде және жоғары оқу орындарында цифрлық білім беру арқылы жастарға ұлттық құндылықтарды дәріптеу де маңызды. Мысалы, оқушыларға интерактивті форматта қазақ халқының тарихы мен мәдениетін таныстыру, онлайн платформаларда қазақ әдебиетін оқыту ұлттық рухты қалыптастырады. Мұндай цифрлық бастамалар жас ұрпақты елін сүйуге, салт-дәстүрін қастерлеуге баулиды.

1. Цифрлық білім беру және ұлттық құндылықтар

Цифрлық білім беру платформалары оқушыларға қолжетімді білім көзі ретінде қызмет етеді. Әртүрлі онлайн оқыту ресурстарында қазақ халқының тарихы, мәдениеті, тілі мен салт-дәстүрлері туралы ақпараттар қолжетімді болуы керек. Оқушылар қазақ халқының ұлттық болмысын бейнелейтін ертегілерді, аңыздарды, мақал-мәтелдерді онлайн режимде үйрену арқылы қазақтың бай мәдени мұрасымен танысады.

2. Ұлттық ойындарды цифрлық форматта қолдану

Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды дарытуда қазақтың ұлттық ойындарын цифрлық платформаға бейімдеу тиімді болмақ. Мысалы, асық ату, тоғызқұмалақ сынды ойындарды онлайн форматта қолдану оқушылардың ойын-сауық арқылы тәрбиеленуіне мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін цифрлық ойын құрастыру арқылы балалар мен жастарға қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрі, тарихы мен батырлық рухын жеткізуге болады. Ойын ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан құндылықтарды қызықты әрі қолжетімді түрде таныстыруға бағытталуы тиіс.

Мысалы:

Ойын идеясы: «Қазақ жолы»

Мақсаты: Ойыншылар қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі туралы білімдерін арттырып, ұлттық құндылықтарды меңгереді. Бұл ойын әртүрлі тапсырмалар мен деңгейлер арқылы ойыншыларға қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне тереңірек үңілуге мүмкіндік береді.

Ойынның құрылымы:

1. Сюжет пен оқиға желісі:

Оқушылар қазақтың ежелгі бір батырын немесе тарихи тұлғасын басқарып, елді қорғау, дәстүрлерді сақтау, өнерді дамыту және отбасын асырау сынды түрлі миссияларды орындайды. Оқиғалар қазақ жерінің әртүрлі аймақтарында, тарихи кезеңдерінде өрбиді.

Оқушылар әр аймаққа барған сайын сол жерге тән салт-дәстүрлер, киімдер мен ұлттық тағамдармен танысады.

2. Негізгі тапсырмалар:

Тарихи миссиялар: Оқушылар қазақ батырларының рөлінде жүріп, әртүрлі жауларға қарсы шайқасады, жаулардан елді қорғап, батырлықтың мәнін көрсетеді. Тапсырмалар арасында қазақтың ұлы хандары мен билерінің шешендік сөздерін қолдану қажет.

Салт-дәстүрлерді орындау: Той, бесікке салу, тұсаукесер, құда түсу сияқты салт-дәстүрлерді дұрыс орындап, әрқайсысының мағынасын түсіндіру керек.

Табиғат пен шаруашылық: Қазақтың ежелгі кәсіптері – мал шаруашылығы, қолөнер, аңшылық сияқты салалармен айналысу. Оқушыларға мал бағу, көшіп-қону, табиғатқа қамқорлық жасау сияқты тапсырмалар беріледі.

Танымдық сұрақтар мен викторина: Әр деңгей сайын оқушыларға ұлттық құндылықтар мен қазақ мәдениеті туралы сұрақтар қойылады. Дұрыс жауап берген сайын, сыйақы немесе қосымша мүмкіндіктер беріледі.

Музыка мен дыбыстар: Ойын қазақтың ұлттық аспаптары – домбыра, қобыз, сырнай сынды аспаптардың әуендерімен сүйемелденеді.

Көркем графика: Ойындағы табиғат көріністері – қазақтың кең даласы, таулар мен өзендер, киіз үй бейнелері арқылы ұлттық нақышта жасалған болуы керек.

3. Деңгейлер мен карталар:

Ойын бірнеше деңгейлерден тұрады, әр деңгейде ойыншы жаңа аймақтарды зерттейді. Мысалы, бірінші деңгейде — Сырдария бойындағы ескі қалалар, келесі деңгейде — Алтай таулары, үшінші деңгейде — Жетісу өңірі.

Әр деңгейде жаңа тапсырмалар мен ойынға тән ерекшеліктер енгізіледі.

4. Жинақталатын заттар мен марапаттар:

Ойыншылар тапсырмаларды орындаған сайын әртүрлі марапаттарға ие болады, мысалы, шапан, бөрік, алдаспан, домбыра сияқты ұлттық заттар. Жинақтаған заттар арқылы

ойыншы өзінің ұпайларын көбейтіп, жаңа мүмкіндіктер ашып, кейіпкердің мәртебесін арттырады.

Ойынның нәтижесі мен әсері:

Бұл ойын арқылы ойыншылар қазақтың ұлттық құндылықтарын, тарихы мен дәстүрлерін қызықты әрі қолжетімді түрде меңгереді. Ойын ұлттық тәрбиені насихаттап, ойыншылардың бойында отансүйгіштік, жауапкершілік, үлкенге құрмет, табиғатқа қамқорлық сынды қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, балалардың тарихты білуге деген қызығушылығын оятып, ұлттық мәдениеттің бағалы қырларын үйренуге жол ашады.

3. Ұлттық құндылықтарды дарытуда мультимедиалық материалдарды қолдану

Бастауыш сынып оқушылары визуалдық материалдарды жақсы қабылдайды. Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын мультфильмдер, анимациялар, қысқаметражды бейнероликтер ұлттық рухты оятуға ықпал етеді. Қазақтың батырлары мен ақындары туралы анимациялық фильмдер жас буынға тарихи тұлғаларды таныстырып, олардың ерліктерін құрметтеуге тәрбиелейді.

4. Ұлттық әдеби шығармаларды цифрландыру

Бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілінде оқуы мен жазу дағдыларын дамыту үшін цифрланған әдеби шығармалар маңызды құрал бола алады. Балалар әдебиеті, ертегілер, батырлық жырлар сынды шығармаларды цифрлық форматта ұсыну олардың оқуға деген қызығушылығын арттырады. Бұл тәсіл оқушылардың тілдік қорын молайтып, ұлттық құндылықтарды сіңірудің тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Қорытынды

Цифрлық кеңістікте ұлттық құндылықтарды дамыту – заман талабы. Бастауыш сынып оқушылары үшін осы құндылықтарды саналы түрде үйрету, оларды қызықты форматта ұсыну маңызды. Цифрлық технологияларды дұрыс қолдана отырып, жас ұрпақтың бойына ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік пен патриоттық рухты сіңіруге болады. Қорыта келгенде, цифрлық кеңістік бастауыш сынып оқушыларының білім алуы мен тәрбиеленуіне үлкен мүмкіндік беріп отыр. Бірақ цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, оларға ұлттық құндылықтарды дұрыс және мазмұнды түрде жеткізу аса маңызды. Бастауыш сыныптан бастап ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы біз еліміздің болашағы жарқын, патриоттық рухы биік ұрпақ тәрбиелей аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Е. Сағындықов, «Қазақтың ұлттық ойындары», Алматы «Рауан», 1991ж.
2. «Этнопедагогика» журналы, 2005 жыл, №5
3. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі», «Алматы» 2004ж.

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қайратқызы Р¹, Сәдуақас Г.Т².

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты,
E-mail: ranokairatovna@gmail.com

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің п.ғ.к.,
қауымдастырылған профессоры,
E-mail: gulbanu_sadvakasova@mail.ru
Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Мақалада оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда пәнаралық байланысты қолдану мәселесі қарастырылады. Білім беру үдерісінде әртүрлі пәндерді біріктіру оқушылардың жан-жақты ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Бұл тәсіл оқушылардың қызығушылығын арттырып, жаңа білімді тиімді игеруіне жағдай

жасайды. Пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың жаңа әдістері ұсынылады. Әрбір әдіс оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін, сыни тұрғыдан ойлауын, топтық жұмыс жасау дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Тірек сөздер: пәнаралық байланыс, шығармашылық іс-әрекет, білім беру үдерісі, оқушылар, сыни тұрғыдан ойлау, топтық жұмыс.

Аннотация. В статье рассматривается проблема использования межпредметных связей в формировании творческой деятельности учащихся. Интеграция различных предметов в образовательный процесс способствует развитию у учащихся разностороннего мышления. Такой подход способствует повышению интереса учащихся и эффективному усвоению новых знаний. Будут предложены новые методы формирования творческой деятельности учащихся через межпредметные связи. Каждый метод способствует совершенствованию творческой деятельности учащихся, критического мышления, навыков командной работы.

Ключевые слова: межпредметные связи, творческая деятельность, образовательный процесс, учащиеся, критическое мышление, командная работа.

Abstract. The article deals with the problem of using interdisciplinary connections in the formation of creative activity of students. The integration of various subjects into the educational process contributes to the development of students' versatile thinking. This approach helps to increase the interest of students and the effective assimilation of new knowledge. New methods of forming students' creative activity through interdisciplinary connections will be proposed. Each method contributes to the improvement of students' creative activity, critical thinking, and teamwork skills.

Keywords: interdisciplinary communication, creative activity, educational process, students, critical thinking, teamwork.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың жан-жақты дамуына үлкен мән беріледі. Осы мақсатта оқытудың жаңартылған әдістері қолданылуда, оның ішінде пәнаралық байланыс ерекше орын алады. Пәнаралық байланыс – әртүрлі пәндердің мазмұнын интеграциялау арқылы оқушыларға білімді кешенді түрде беру тәсілі. Бұл тәсіл оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін дамытумен қатар, олардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттыруға да септігін тигізеді.

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте: «пәнаралық байланыс – тәрбие мен оқытуға кешенді көзқарасты көрсетеді, олар білім беру мазмұнының негізгі элементтерін де, пәндер арасындағы қатынасты да ажыратуға мүмкіндік береді. Пәнаралық байланыс оқушыларды жалпы ғылыми сипаттағы танымдық әдістермен (абстракция, модельдеу, аналогия, жалпылау және т.б) жұмыс істеуге дағдыландырады», - деп анықтама берілген [1, 35б.].

Елімізде пәнаралық байланыс мәселесін алғашқы зерттеген ғалымдардың бірі А.А.Бейсенбаева: «Пәндердің байланысы барлық жастағы оқушылардың білімін ізгілендіру мақсатында пәндер арасында байланысты орнатуға мүмкіндік жасау үшін қажетті шарт болып табылады» - деп тұжырымдаған [2, 220б.]. Ал, Н.А.Оразахынова: «Пәнаралық байланыс – жеке пәндерді терең меңгеруде оқушылардың білім деңгейін барынша кеңейте беру мақсатында аралас, сабақтас пәндермен байланыстыру, осының нәтижесінде оқушының белгілі бір пәннен алған білім шеңберінің кеңінен басқа пәндерден алған білімін пайдалана білу мүмкіншілігін, іскерлігін, дағдысын қалыптастырады» - деп анықтама береді [3, 73б.].

Жалпы алғанда, ғалымдардың талдауларына сүйенсек, пәнаралық байланыс оқушылардың жеке тұлғасын дамытуда, білім мен тәрбие беру міндеттерін шешуде маңызды болмақ, сондай-ақ білім беру үдерісінде педагогикалық іс-әрекеттердің ғылыми сипат алуына көмектеседі.

Пәнаралық байланыс тек білім мазмұнын бір жүйеге келтіру емес, ол сонымен бірге оқушыларды әртүрлі жағдайларда мәселелерді шешуге үйретеді. Бүгінгі күні шығармашылық іс-әрекет және жан-жақты ойлау дағдылары еңбек нарығында аса құнды болғандықтан, бұл тәсілдің артықшылықтары айқын. Түрлі пәндер арасындағы байланысты орнату оқушыларға сыни тұрғыда ойлау, дербес шешім қабылдау, коммуникативтік дағдыларды дамыту секілді маңызды қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі.

Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру – білім беру үдерісінің басты міндеттерінің бірі. Бұл бағытта пәнаралық байланыстар арқылы шығармашылық іс-әрекетке баулу маңызды рөл атқарады, өйткені ол оқушыларға пәндер арасындағы байланысты тереңірек түсінуге және білімдерін жан-жақты қолдануға мүмкіндік береді. Пәнаралық байланыстарды орнату арқылы оқушылар тек теориялық біліммен шектелмей, практикалық дағдыларын шыңдайды, түрлі ғылым салаларына деген қызығушылығын арттырады және өз ойларын шығармашылық тұрғыда жеткізуге машықтанады. Бұл әдіс оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытып, жаңа білімдерді үйлестіру, зерттеу және жаңалық ашуға деген ұмтылысын арттырады. Мұндай тәсілдер балалардың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, олардың өз бетінше зерттеу жүргізу, жауапкершілікпен шешім қабылдау және топтық жұмыс жүргізу дағдыларын жетілдіреді.

Пәнаралық байланыс арқылы шығармашылық іс-әрекетті қалыптастырудың жолдарына жобалық жұмыстарды ерекше атап өтсек болады. Жобалық жұмыстар оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі. Әрбір жоба бірнеше пәнді қамтып, түрлі саладағы білімді біріктіруді талап етеді. Мысалы, экология тақырыбындағы жобада оқушылар дүниетану, жаратылыстану т.б. бастауыш сыныптарда өтетін пәндерден алған білімдерін қолдана отырып, қоршаған ортаны қорғауға арналған ұсыныстар жасап, мәселені шешуге өз үлестерін қоса алады. Бұл тәсіл оқушылардың топтық жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға және олардың бірлесе әрекет етуге деген икемін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін пәнаралық байланыс арқылы дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдердің қатарына «Тірі сурет» (Tableau Vivant) әдісін жатқызуға болады. «Тірі сурет» әдісі – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және олардың танымдық қызығушылығын арттыруға бағытталған заманауи және тиімді әдістердің бірі. Мұндай әдістер оқыту үдерісін жандандырып, пәнаралық байланысты күшейтуге, оқушылардың креативті және визуалды ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Оқушылар белгілі бір тарихи, әдеби немесе ғылыми сюжетті визуалды түрде бейнелейді. Бұл әдіс оқушыларға мазмұнды терең түсініп, кейіпкерлердің ішкі әлеміне енуге, шығарманы талдауға көмектеседі. Тірі сурет әдісін әдебиет, бейнелеу өнері, музыка сабақтарымен біріктіре отырып қолдануға ыңғайлы. Мысалы, әдебиеттік оқу және бейнелеу өнерін біріктіре отырып, белгілі бір тарихи кезеңнің суретін тірі қойылым түрінде сахналауды ұйымдастыруға болады. Бұл әдіс оқушылардың зерттеушілік қабілетін, елестету дағдыларын дамытады және тарихи оқиғаларды бейнелеу арқылы тарихи танымын кеңейтеді.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс – тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда –

Оқу үрдісін дамыту. Бұған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел. Бүгінгі таңда алдымызға қойып отырған басты мақсат – оқушыларға тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін – өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой – өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, талантты жастарды тәрбиелей отыра, еліміздің мүддесіне қызмет етуге бағыт-бағдар беру

Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше.

Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық

мақсат – мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың 40 – астам түрлері бар. Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр. Жаңа технологиялар арасынан ақпараттық технологиясына назар аударсақ, оқытудың ақпараттық технологиясын оқу үрдісінде тиімді қолдану үшін бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті, психологиялық, тұлғалық, әлеуметтік және физиологиялық даму ерекшеліктерін есепке алу керек. Ақпараттық технологияны қолдану барысында ескере өтетін ерекшеліктер: Оқу іс- әрекетіндегі ерекшелік – ақпараттық технология арқылы білім беру үрдісін ұйымдастыру бастауыш сынып оқушыларының оқу материаларын жеңіл меңгеруін, компьютерде жұмыс істеу дағдыларымен қарулануын жүзеге асырады.

Психологиялық ерекшелік – ақпараттық технологияны мектепте қолдану бастауыш сынып оқушыларының білуге, оқуға құштарлығы, танымдық қызығушылығы, қиялы, логикалық ойлауы мен есте сақтау қабілеттерінің дамуына үлкен септігін тигізеді.

Тұлғалық ерекшелік – бастауыш мектептің бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның өзіндік оқу-танымдық әрекетін дамытуға бағытталған. Бастауыш сынып оқушыларының өз мүмкіндігін көрсете білуі үшін ақпаратты өзіндік іздеу, жоспарлау, бөлшектеу, біріктіру, суреттеу, жалғастыру және тиімді пайдалану, өз іс- әрекетінің дұрыстығын тексеріп бақылау икемділігін бойына сіңіру әлдеқайда маңызды да күрделі.

Ақпараттық технологияны бастауыш сыныпта қолдану барысында оқушылардың оқу икемділігі дамиды. Шығармашылық оқу икемділігі, өзіндік жұмыс жасауды жоспарлау, бақылау, бағалау икемділіктері дамып, өзіндік ойлау икемділігі өрбіп, компьютер арқылы оқу материалдарын, оқыту және бақылау бағдарламаларын іске қосу, орындау дағдылары қалыптасып, компьютерлік стандартты бағдарламалармен, электрондық оқу басылымымен жұмыс жасау икемділіктері жетіле түседі.

Ақпараттық технологияны қолдануға негізделген қазіргі білімнің парадигмасы өз бетімен дамып, өз-өзін тежей алатын шығармашыл, жан-жақты біліммен, мәнді қызығушылықпен және дәстүрлі емес жағдаяттарда жауапты шешім қабылдай алатын үздіксіз дамыған ақпараттық қоғамда өз орнын таба білетін жеке тұлға түріндегі нәтижеге бағдарланғандығында. Сол себепті құзыреттілікке бағдарланған оқу үрдісін бастауыш сыныптан бастап қолдану өз нәтижесін беретіні сөзсіз.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі тұман»,- деп М. Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Ендеше, тәуелсіз еліміздің тұғырын биік ұстар қыз-ұлдарымыздың бойына дұрыс тәрбие сіңіре білейік.

Қорытынды:

Жаңа технологиялардың білім беру жүйесіне енуі – бұл оқу үрдісін тиімді және қызықты етуге бағытталған революциялық қадам.

Әр мұғалімнің жаңа технологияларды пайдалану стратегиясы жеке тұлғасы мен оқушыларының ерекшеліктеріне байланысты болады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін, психологиялық, тұлғалық, әлеуметтік және физиологиялық дамуын ескеру – маңызды фактор.

Жаңа технологиялар, әсіресе ақпараттық технологиялар, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, қиялдарын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін өрбітуге, өз бетінше іздену және оқу икемділіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Құзыреттілікке бағдарланған білім беру, бастауыш сыныптан бастап, жастарды болашақтың ақпараттық қоғамында сәттілікке жетелейтін шығармашыл, жан-жақты білімді,

дәстүрлі емес жағдаяттарда жауапты шешім қабылдай алатын азаматтар етіп тәрбиелеуге бағытталған.

Еліміздің болашағы – білімді ұрпақ. Егеменді Қазақстанның тұғырын биік ұстау үшін, жастарды дұрыс тәрбиелеу, олардың бойына білім мен шығармашылықты сіңіру – бүгінгі күннің басты міндеті. Жаңа технологиялардың қолданылуы – бұл міндетті орындаудағы тиімді құрал.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. А.Ерболатов «Жаңа ақпараттық технология – мектепте» //Информатика негіздері No2, 2016 жыл
2. Г.Сұлтанова «Жаңа технологияларды ұтымды пайдалану» //Бастауыш мектеп No12 2014 жыл
3. М.Ералиева «Оқытудың қазіргі технологиялары» //Бастауыш мектеп No5, 2021жыл
4. http://www.rusnauka.com/47_NIO_2015/Pedagogica/5_205792.doc.htm
5. Тубеева Ф. К. Педагогикалық университетте дефектологиялық білім берудің болашақ бакалаврларының ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру. – Владикавказ:, 2017. – 157 б.
6. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогикалық инновация білім беру жүйесіндегі жаңашыл теориясы мен практикасы ретінде. – Алматы, 2018 –

ӘОЖ 373.3 : 371.3 : 004

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бақытжанқызы Аяжан

Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2 курс студенті

Қызылорда облысы Болашақ университеті

E-mail : aazanbakytzankyzy1@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: Зұлхарнаева Ә.Т., п.ғ.м., оқытушы

Қызылорда «Болашақ» университеті

E-mail: aselzulkharnay@mail.ru

Бұл мақалада қазіргі әлемде цифрлық технологиялар білім берудің ажырамас бөлігіне айналғандық және оларды бастауыш сыныптарға енгізу білім беру практикасын трансформациялаудың негізгі аспектілері талданады. Интерактивті оқулықтар, білім беру бағдарламалары және онлайн платформалар сияқты цифрлық ресурстар мұғалімдер мен студенттерге оқу мен дамудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады.

Кілт сөздер: Цифрлық ресурстар, бастауыш, білім, процесс, сауаттылық, мұғалім, студент, сабақ, конструктивизм, нәтиже.

В данной статье анализируются основные аспекты цифровых технологий в современном мире. Цифровые ресурсы, такие как интерактивные учебники, образовательные программы и онлайн-платформы, предлагают учителям и ученикам новые возможности для обучения и развития.

Ключевые слова: Цифровые ресурсы, начальное образование, процесс, грамотность, учитель, ученик, урок, конструктивизм, результат.

This article analyzes the main aspects of digital technologies in the modern world. Digital resources such as interactive textbooks, educational programs and online platforms offer teachers and students new opportunities for learning and development.

Key words: Digital resources, primary, education, process, literacy, teacher, student, lesson, constructivism, result.

Цифрлық ресурстар бастауыш мектепте білім беруде маңызды рөл атқарады, бұл оқушыларға интерактивті және қызықты түрде білім мен

дағдыларды алуға мүмкіндік береді. Міне, бастауыш мектепте қолданылатын ең кең таралған және пайдалы сандық ресурстардың кейбірі:

1. Білім беру веб-сайттары: бастауыш сынып балаларына арналған оқу материалдарын, ойындарды және тапсырмаларды ұсынатын көптеген веб-сайттар бар. Олардың кейбіреулері математика немесе оқу сияқты бөлгілі бір пәндерге маманданған, мысалы, Khan Academy, ABCmouse, Starfall, Wordwall.com т.б.

2. Интерактивті оқулықтар: интерактивті электронды оқулықтар қызықты және көрнекі оқу тәжірибесін ұсынады. Олар көбінесе анимацияларды, бейнематериалдарды және интерактивті тапсырмаларды қамтиды. Мысалдарға: iBooks, Google Books және басқалары жатады.

3. Білім беру қосымшалары: бастауыш сынып оқушыларына білім беру үшін арнайы жасалған смартфондар мен планшеттерге арналған көптеген қосымшалар бар. Оларға оҚу, математика, Ғылым және басқа пәндер бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған ойындар мен тапсырмалар кіреді.

4. Бұлтты сақтау және ынтымақтастық: Google Drive, Microsoft OneDrive және басқа бұлттық қызметтер студенттер мен мұғалімдерге жобаларда бірлесіп жұмыс істеуге, файлдарды сақтауға және бөлісуге, құжаттарды онлайн режимінде жасауға және өңдеуге мүмкіндік береді.

5. Бейне сабақтар: YouTube және Vimeo сияқты платформаларда қол жетімді бейне сабақтар күрделі ғылымдарды елестету және оқу материалын қызықты және қолжетімді түрде түсіндіру үшін пайдалы болуы мүмкін.

6. Интерактивті тақталар мен планшеттер: сыныпта интерактивті тақталар мен планшеттерді пайдалану мұғалімдерге материалды көрсетуге, интерактивті сабақтар өткізуге және оқушыларды оқу процесіне тартуға мүмкіндік береді.

7. Виртуалды шындық (VR) және кеңейтілген шындық (AR): VR және AR технологиялары иммерсивті орталар мен интерактивті қосымшалар арқылы қосымша оқу мүмкіндіктерін ұсына алады. Бірақ бұл цифрлы қосымшалар Қазақстанның көптеген мектептерінде қолжетімді емес.

8. Электрондық оқулықтар: кейбір мектептер, планшеттер мен компьютерлерде оқуға болатын электронды оқулықтарға ауыса бастайды. Бұл балаларға өзекті материалдар мен ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бастауыш мектептегі цифрлық ресурстар оқушыларға ақпараттық сауаттылықты, интерактивті дағдыларды және оқуға деген ынтаны дамытуға көмектеседі. Дегенмен, мұғалімдер мен ата-аналардың осы ресурстарды қауіпсіз және өнімді пайдалануды қамтамасыз ету және белгілі бір оқушылар мен олардың оқу мақсаттары үшін қай ресурстар жақсы жұмыс істейтінін бақылау үшін ынтымақтасуы маңызды. Бастауыш мектепте білім беру процесін ақпараттандырудың басым бағыты оқушының жеке басын, оның шығармашылық қабілеттерін, оқуға деген қызығушылығын дамыту, оқуға деген умтылыс пен дағдыларды қалыптастыру, білім жүйесін, дағдыларды игеру, әр түрлі іс-әрекеттерді сақтау және тәжірибені дамыту үшін әртүрлі оқу пәндерін оқытуда ақпараттық технологияларды кенінен қолдану болып табылады, жеке тұлғаны қолдау. Барлық айтылған мақсаттарды электрондық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы жүзеге асырған жөн, өйткені олар жеке, жұптық, топтық жұмыс формасын бір-бірімен оңай ұйымдастыруға және біріктіруге, білім алушылардың өздеріне ыңғайлы қарқынмен және режимде дербес оқу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, оқу іс-әрекетінде қолайлы психологиялық ахуал қалыптасады. Сонымен қатар: бұл стандарт талаптарында нақты жазылған оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жоғары әлеуеті бар электронды білім беру ресурстары. Сонымен қатар, бұл цифрландыру оқу материалын игеруге бақылау жүргізуге күш салуды жеңілдетеді, өзін-өзі бақылау дағдыларын, оқушылардың өз іс-әрекеттерін өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастырады. Білім беру процесінде ЦР-ны қолданудың педагогикалық тәжірибесін талдау оларды оқытудың бастапқы кезінен бастап енгізуге болатындығын көрсетті. Бастауыш сынып

оқушыларында жетекші қызмет түрі оқу болып табылады. Алайда, мектепке дейінгі жаста да жетекші әрекет, ойын әрекеті болды. Мектепке түсу кезінде ол оқу орнына жол береді, бірақ ол еліне өз әсерін тигізеді. Сондықтан цифрландыруды бастауыш мектепке енгізген жөн. Бастауыш сынып оқушыларының көрнекі-бейнелі ойлауы бар, сондықтан оларды мүмкіндігінше сапалы иллюстрациялық материалды қолдана отырып, жаңа нәрсені қабылдау процесіне тек көру ғана емес, есту, эмоциялар, қиял да тарта отырып, олардың оқуын көру өте маңызды. Бұл жерде, айтпақшы, компьютерлік слайдтардың, анимациялардың жарықтығы мен көңілділігі қажет. Сондай-ақ, Цифрлы ресурстарды қолдану пассивті түсіндіру әдісінен белсенді әрекетке көшуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Цифрлы ресурстарды қолданатын сабақтардағы кіші мектеп оқушылары жай ғана пассивті тыңдаушылар емес (бұл олар үшін өте қиын, өйткені зейіннің шоғырлануы әлі де аз, алаңдаушылықтың жоғары деңгейі бар), бірақ материалды игеру сапасына оң әсер ететін оқу іс-шараларына қатысады. Бастауыш мектепте цифрландыруды қолдану бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескеруі керек. Электрондық білім беру ресурсы бүкіл оқу процесін алмастырмай, көмекші рөл атқаруы керек. Осыдан бастауыш мектепте цифрландыруды қолдану дозалануы керек және көп уақытты қажет етпеуі керек. Қорыта келе: Бастауыш сыныптарда цифрлық ресурстарды пайдалану туралы жүргізілген зерттеу барысында мынадай негізгі нәтижелер анықталды:

1. Қызығушылық пен мотивацияны арттыру: сабақтарда цифрлық ресурстарды пайдалану оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға және жаңа білімді үйренуге ынталандыруға ықпал етеді.

2. Ақпараттық және технологиялық сауаттылықты дамыту: оқушылар цифрлық технологиялармен жұмыс істеу және ақпаратты өңдеу дағдыларын дамытады, бұл олардың білімінің маңызды аспектісі болып табылады.

3. Оқытуды даралау: цифрлық ресурстар оқуды оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл тиімдірек оқуға ықпал етеді.

4. Коммуникативтік дағдылар мен ынтымақ тастықты дамыту: жобалармен бірлесіп жұмыс істеу және материалды онлайн-форматта талқылау коммуникативтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

5. Икемділік және қол жетімділік: сандық ресурстар оқу процесінде икемділікті және сынып қабырғасынан тыс білімге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білімдік ресурстарды дайындау стандарты (www.nci.kz)

2. АҚ «Білім беруді ақпараттандырудың ұлттық орталығы» (www.nci.kz)

3. Білім беру жүйесінің басшы және Ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институт (www.ripkso.kz)

4. Қадірбаева Р.І. Жаңа ақпараттық-білім технологиясын пайдаланып оқытудың ерекшеліктері // Шығармашылық іс-әрекетті дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жоламанова Ә.Н., студент
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: aliazholaman@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақаланың мазмұнында «ақпарат», «ақпараттық сауаттылық», «ақпарат көздері» ұғымдары қарастырылды. Ақпараттық білім, білік, дағдыларды қалыптастыруда Жаратылыстану пәнінің маңызы айқындалды.

Түйінді сөздер: сауаттылық, ақпарат, ақпараттық сауаттылық, ақпарат көздері, ақпараттық құралдар.

Аннотация. В содержании данной статьи были рассмотрены понятия «информация», «информационная грамотность», «источники информации». Определено значение предмета естествознания в формировании информационных знаний, навыков и умений.

Ключевые слова: грамотность, информация, информационная грамотность, источники информации, информационные средства.

Annotation. In the content of this article, the concepts of "information", "information literacy", "sources of information" were considered. The importance of the subject of natural science in the formation of informational knowledge, skills and abilities has been determined.

Key words: literacy, information, information literacy, sources of information, information tools.

Баяндама мәтіні

Қазіргі қоғамда адамның жай ғана жаза, оқи және санай білуі жеткіліксіз. Қабылдауды және өңдеуді қажет ететін ақпарат көлемі ұлғайып келе жатқандықтан, қоғамның барлық мүшелерінің ақпарат ағымына қосылу, білімін жаңарту, біліктілігін жетілдіру қажеттіліктері өседі. Осыған байланысты оқушылардың қажетті ақпаратты табу, өңдеу, сыни тұрғыдан бағалау, пайдалану үшін ақпараттық сауаттылығын қалыптастыруымыз керек.

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Жаратылыстану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында «Қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін және әртүрлі ақпарат көздерінен алынған жаратылыстану-ғылымдық тұрғысынан маңызды және өмірлік маңызы бар мазмұнды ақпаратты қабылдау үшін алынған білімді қолдана білу біліктерін меңгеру» міндеті көрсетілген [1].

Ақпараттық сауаттылық дегенді қалай түсінеміз?

Сауаттылық – оқи алу және жаза алу қабілеті болса, компьютерлік сауаттылық – компьютерде жұмыс жасай алу қабілеті. Осы екі ұғымның негізінде ақпараттық сауаттылық, яғни компьютерлік сауаттылық пен ақпарат жазу және өңдеу қабілетін түсінеміз.

Ақпараттық сауаттылық – адамның ақпаратты іріктеу, таңдау, түсіну, бағалау, сақтау, жазу, қолдану және ұсыну қабілеті. Ақпараттық сауаттылықты меңгерген, сыни ойлай алуға қабілетті, ақпаратты сараптай алатын әрі қорыта алатын адамды ақпаратты сауатты деп айтуға болады. Бұл оқушыларға жеке мұраттарына, әлеуметтік және білім саласындағы мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді [2, 8-96].

Ақпараттық сауаттылық:

- ақпараттық қажеттіліктерді анықтау және тұжырымдау;
- ақпаратты табу және қол жеткізу;
- ақпаратты бағалау;
- ақпаратты жүйеге салу;
- ақпаратты этикалық нормаларды сақтай отырып пайдалану;
- ақпаратты әр түрлі платформада трансформациялау;
- ақпаратты жіберу;

- ақпаратты өңдеу үшін АКТ (ИКТ) мен жұмыс дағдысын қолдану [3, 176].

Ақпараттық сауаттылық барлық адамның сандық әлемдегі негізгі құқығы болып табылады. Медиа және кітапхана, мұрағат және интернет сияқты өзге де ақпараттық қызметтер адамдарға ақпараттың толықтығын ескере отырып, шешім қабылдауға көмек беретін бүкіл әлемдегі маңызды құралдар екендігі айқын. Сонымен қатар олар қоғам өздері туралы шындықты білетін, халықпен әңгіме-дүкен құрып, ынтымақ-бірлік сезімін қалыптастыратын құрал болып табылады. Коммуникация және ақпарат арналары өмір бойғы білім беруге ықпал етуге қабілетті. Сондықтан азаматтар медиа және өзге де ақпарат қызметтерінің (кітапханалар, мұрағаттар, интернет және т.б.) жұмысын түсініп, оларға дұрыс баға берулері керек [4, 206].

Ақпараттық сауаттылық дегеніміз – ақпарат көздеріне шарлау, қажетті ақпаратты табу, сыни тұрғыдан бағалау және оны дұрыс пайдалану қабілеті. Ол ақпаратпен жұмыс жасау дағдылары мен біліктіліктері, сонымен қатар ақпараттық қызмет саласындағы білімдерді қамтиды [5, 116].

Ақпараттық сауаттылық – бұл адамның ақпаратты тиімді табу, бағалау, пайдалану және басқару қабілеті. Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында ақпараттық сауаттылық негізгі құзыреттіліктердің біріне айналды. Себебі, ол деректердің үлкен көлемін шарлауға және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім беру мазмұнындағы жаратылыстану пәнінің мақсаты ретінде біз өмір сүретін әлем туралы білім мен оқушылардың зерттеу біліктері мен дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады. Осы пәнді оқи отырып, бастауыш сынып оқушылары табиғат, қоршаған орта туралы білімін белсенді ізденушілік, зерттеушілік іс-әрекеттер арқылы танып біледі.

Жаратылыстану сабағының бағдарламада күтілетін нәтиже ретінде (дағды, білім, білік, ұғым ретінде) тұжырымдалған оқу мақсаттарын жүзеге асыру және зерттеуге үйрену, зерттеу дағдыларын қалыптастыру «Мен зерттеушімін» бөлімінің оқу мақсаттары арқылы орындалады. Жаратылыстану оқу бағдарламасындағы «Мен зерттеушімін» бөлімінің «Табиғатты тану әдістері» бөлімшесінің оқу мақсаттары зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына, яғни гипотеза жасау, оны тексерудің жолын ұсыну, зерттеу жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, оның нәтижесін бағалау, түрлі формада ұсыну, қорытынды шығару, ақпараттармен жұмыс істеу, оның растығын бағалау сияқты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған [6, 11-126].

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік жұмысы Жаратылыстану оқулықтарындағы «Зертте» айдарының тапсырмаларын орындау, сұрақтарға жауап іздеу арқылы жүзеге асады.

Жаратылыстану сабақтарында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру үшін мәселелерді шешуге бағытталған тапсырмаларды беру, тәжірибелік жұмыстар мен зертханалық сабақтар, жобалық жұмыстар ұйымдастыруға болады.

Жаратылыстану пәні табиғат пен ғылым туралы мәліметтерді жинауды және оларды талдауды талап етеді. Мысалы, оқушыларға экологиялық жағдайды зерттеу немесе белгілі бір табиғи құбылысты сипаттайтын ақпаратты іздеу тапсырмалары берілуі мүмкін. Олар ақпаратты интернеттен, энциклопедиялардан және ғылыми әдебиеттерден іздеп, алған мәліметтерін жүйелеуді үйренеді.

Зертханалық сабақтар кезінде оқушыларға ақпаратты жинап, оны талдауға бағытталған тапсырмалар беріледі. Мысалы, өсімдіктердің өсуін бақылау немесе ауа райының өзгерісін зерттеу кезінде олар деректерді жүйелеп, нәтижелерді талдайды. Бұл оларға мәліметтерді ғылыми тұрғыда қолдану және қорытынды жасау қабілетін дамытады.

Жобалық әдіс оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуін және ақпаратты жүйелеу дағдыларын дамытады. Мысалы, «Менің туған өлкемнің экологиясы», «Судың маңызы және оны қорғау жолдары» сияқты жобалар оқушылардың ақпарат іздеу, талдау және оны қолдану қабілеттерін жетілдіреді.

Қоршаған әлем туралы түсіну мен зерттеу жасаудың негізі – ақпарат көздеріне шолу жасау.

Бізді барлық жерде, күнделікті өмірде, еңбек қызметінде және оқу барысында ақпарат қоршайды: сабақта, серуенде, мұражайлар мен кинотеатрларда. Ақпарат деген тек мәтіндер емес екенін ескеріңіз. Ақпарат көздері – бұл:

- адамдар, объектілер, қоршаған ортадағы құбылыстар;
- оқиғалар, болып жатқан өзгерістер;
- сезім мүшелері қабылдаған ақпарат [5, 116].

Ақпарат дегеніміз – (лат. тілінен *Informatio* – танысу, нақтылау) әр түрлі формада ұсынылатын, сезім мүшелерінің көмегімен қабылданатын қоршаған ортаның объектілері мен құбылыстары туралы кез келген мәлімет, білім [5, 11-126].

Ақпарат әртүрлі формада (мәтіндік, сандық, графикалық, дыбыстық және т.б.) және әртүрлі құралдар мен арналар арқылы (ауызша, жазбаша, сандық құрылғылармен) берілуі мүмкін. Ақпараттың негізінде белгілі бір контекстте өңделгеннен, түсіндірілгеннен және пайдаланылғаннан кейін мағына алатын деректер жатыр. Ақпарат шешім қабылдауда, қоршаған әлемді тануда, коммуникация мен оқытуда маңызды орын алады және ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты оның көлемі үнемі ұлғайып отырады.

Қабылдау формасына қарай ақпарат жанасу арқылы қабылданатын (тактильді), дыбыстық, көрнекі (визуалды), иіс сезу және дәмін сезу арқылы қабылданатын болып бөлінеді [5, 126].

Ұсынылу формасы бойынша ақпарат түрлері мәтіндік (кітаптар, Интернеттегі жаңалықтар), суреттік (құттықтау ашық хаты, Инстаграм желісіндегі фото), идеографиялық (нысандар, белгілер, ноталар, карталар, сызбалар), дыбыстық (CD дискідегі немесе интернеттегі аудиокітап, телефондағы қоңырау үні, күлкі), тактильді (көзі нашар көретін адамдар үшін Брайль қарпімен басылған кітап, ыстық шәйнек), аралас (субтитрлері бар бейне, «субтитрлер дегеніміз — мәтін», бейне-аудиовизуалды ақпарат) [5, 126].

Күнделікті өмірде қолдану бойынша ақпарат түрлері тұрмыстық (тіс пастасының жарнамасы), академиялық (орфографиялық ереже), ғылыми-ағартушылық (Дискавери телеарнасы, энциклопедия), көркем (бейнелеу өнері туындылары), кәсіби (үйдің немесе автокөлік өндірісінің схемасы). Жоғарыда аталғандардың барлығы ақпарат тасымалдаушысы немесе ақпарат көзі болып табылады [5, 126].

Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы салдарынан коммуникация үрдісі де өзгеріске ұшырады. Қазіргі уақытта кез келген адам қажетті ақпаратты әлеуметтік желілерден алады, жүктейді, қолданады. Осыған байланысты ең негізгі ақпарат көзі қызметін жаһандық желі (интернет) атқарады.

Интернет (ағылшын тілінен *Internet, Interconnected Networks* – өзара байланысқан желілер) — ақпаратты сақтауға және таратуға арналған арнайы электрондық мекенжайлар арқылы бір-бірімен қосылған компьютерлердің дүниежүзілік желісі [5, 166].

Балалардың өсуі, оқуы және әлеуметтенуі гиперақпараттық қоғам жағдайында өтеді. Дәстүрлі институттар, атап айтқанда отбасылар, мектептер арқылы әлеуметтену процесі бұқаралық ақпарат және бұқаралық коммуникация құралдарымен, әсіресе дәстүрлі қалыптасқан нысандарды белгілі бір шамада ауыстыра отырып, жаңа ұрпақтың әлеуметтендіру, білім беру және ағарту маңызды институттарына айналған «Интернет» ақпараттық телекоммуникациялық желісімен белсенді түрде толықтырылды.

Интернет бірнеше себептерге байланысты негізгі ақпарат көзіне айналды. Біріншіден, интернет ұсынатын ақпараттың жылдамдығы мен қол жетімділігі. Екіншіден, интернет пайдаланушыға ақпаратты әртүрлі формада алуға мүмкіндік береді: мәтін, аудио, бейне және интерактивті медиа. Бұл білімді қабылдауды айтарлықтай жеңілдетеді.

Білім беруде интернет таптырмас құралға айналды. Онлайн курстар, дәрістер, энциклопедиялар және ғылыми мақалаларға қол жетімділік оқытушылар мен оқушыларға жаңа мүмкіндіктерді ашады. Интернет бастауыш сынып оқушыларына айтарлықтай әсер етеді, олардың өмірі мен дамуында оң және теріс рөл атқарады.

Интернеттің бастауыш сынып оқушыларына әсер етуінің бірнеше артықшылықтары бар: білім беру ресурстарына қол жеткізу, әртүрлі материалдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету; платформалар мен ойын арқылы оқу мотивациясын арттыру; деректер мен ресурстардың кең қамтылуы; интерактивтілік және мультимедиалық; ақпараттық сауаттылығын дамыту.

Көптеген артықшылықтарға қарамастан, ақпарат көзі ретінде интернеттің оқушыларға әсерінің кемшіліктері бар: шоғырлану және зейін проблемалары; психикалық және физикалық денсаулық мәселелері; теріс мазмұн мен кибербуллинг қаупі; нақты әлемдегі әлеуметтік белсенділіктің төмендеуі.

Бастауыш сынып оқушылары үшін балалар қауіпсіз ортада оқи алатын, олардың жасына тексерілген және ұсынылған ресурстарды таңдаған жөн.

Жалпы ақпарат не үшін қажет?

Ақпарат мектепке немесе университетке бағыт табу, эссе немесе реферат жазу, рецепт үшін қажетті ингредиенттерді алу, эксперимент жүргізу, емтихан тапсыру, пәтер сатып алу, жұмысқа орналасу сауалнамасын толтыру және басқа да көптеген тапсырмалар, соның ішінде шешім қабылдау үшін қажет [5, 476]. Ақпарат жеткіліксіздігінен, шешім қабылдау, жаңа идеяларды іздеу, дұрыс жауапты тексеруге байланысты ақпараттық қажеттілік туындайды.

Ақпараттық қажеттілік — адамның кәсіби қызметі барысында немесе күнделікті өмірде алдына қойған мақсатына қосымша ақпаратсыз қол жеткізу мүмкін болмаған кезде туындайтын қажеттілік [5, 476].

Жаратылыстану сабақтарындағы оқушылардың ақпараттық қажеттілігі зерттеушілік жұмыстарына тақырыпты таңдау, болжам жасау, әдістер мен тәсілдерді анықтау, ресурстарды саралау, эксперимент жүргізу және эксперимент нәтижелерін тіркеу мен қорытынды жасауға байланысты туындайды.

Жазбаша жұмыс жазу кезінде оқушыларға кітапхана қызметіне жүгіну оңайырақ және ыңғайлы. Алайда, егер зерттеу дайындық кезеңінде тақырып бойынша белгілі бір ақпараттың болмауына байланысты қосымша ақпараттық қажеттіліктер туындаса, интернеттен немесе кітап дүкенінен іздеу бұл қажеттілікті қанағаттандыруға көмектеседі. Қандай ақпарат қажет болса да және оны қайдан іздеу керек болса да, ақпаратты іздеудің тиімді әдістерін қолдану ақпараттық сұраныстың қанағаттандырылуына кепілдік береді [5, 48-496].

Жаратылыстану сабақтарында өткізілетін зерттеу жұмыстарына қажетті ақпаратты іздеу, табу, бағалау және пайдалану арқылы оқушылар ақпаратты іздеу және жинау, талдау және сыни ойлау, білімді жүйелеу және құрылымдау, терминологияны түсіну және қолдану, сандық құралдарды және заманауи технологияларды пайдалану секілді іскерліктер мен дағдыларын қалыптастырады.

Жаратылыстану сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуда және балаларды ақпаратқа бай заманауи әлемге дайындауда маңызды рөл атқарады. Бұл жаста балалар ақпаратты іздеудің, талдаудың, бағалаудың және пайдаланудың негізгі дағдыларын меңгереді, бұл оларға қоршаған әлемді жақсырақ түсінуге ғана емес, сонымен қатар одан әрі оқытудың негізін қалыптастыруға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Жаратылыстану" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
2. Иманқұлов М., Усупбаева А., Текімбаева А., Данилова Н., Штурхетский С. Кожобекова Б.; қазақ тіліне ауд.: Әбдіғапар С. / Медиа ақпараттық сауаттылық: мұғалімдерге арналған ресурстық кітап. – 3000., 2018. – 137 б.
3. Штурхетский С.; қазақ тіліне ауд.: Әбдіғапар С. / Медиа сауаттылық: жоғары оқу орындарына арналған медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша оқу құралы. – IREX Europe, 2018. – 152 б.

4. Кэролайн Уилсон, Алтон Гризлл, Рамон Туазон [және т.б.]; орыс тілінен ауд.: Сұлтанбаева Г., Әліқожа Б. / Медиа және ақпараттық сауаттылық: оқытушыларға көмекші құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 194 б.
5. Оразымбетова Ж.А. ред. / Медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша нұсқаулық. – Астана: Назарбаев Университеті кітапханасы, 2022. – 170 б.
6. Кушнир М.П., Шадетова А.К., Майбасова Ү.А., Какенова Д. / «Жаратылыстану» және «Дүниетану» сабақтарында зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру. Әдістемелік нұсқаулық. – Қарағанды, 2021. – 69 б.

ЭТНОМӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІК- ҚОҒАМДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ НЕГІЗІ

7М01301 - Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы магистранты Нұржауова М.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті

E-mail: nurzhauovamoldir@gmail.com

П.ғ.к., қауымдастырылған профессор Шаушекова Б.Қ.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті

E-mail: shaushekova@mail.ru

Қазіргі әлемде жаһандану үдерістері қарқынды дамып, әр түрлі мәдениеттер мен этностардың өзара байланысы арта түсуде. Осы жағдайда балалардың өз ұлтының мәдениеті мен дәстүрлерін түсінуі, ұлттық ерекшеліктерін сақтап, құрметтеуі өте маңызды болып табылады. Әсіресе, бастауыш мектеп кезеңі — баланың жеке тұлғасы мен әлеуметтік әлемді қабылдауына негіз болатын маңызды уақыт. Бұл кезеңде оның санасында этномәдени бірегейлік тұжырымдамасы қалыптасады. Сондықтан бастауыш мектепте этномәдени бірегейлікті қалыптастыру үшін белгілі бір шарттар мен талаптар орындалуы керек. Бұл шарттар оқушының жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге, оның мәдениетке деген көзқарасын дұрыс бағытта қалыптастыруға көмектеседі.

Жалпы бастауыш мектеп білім алушыларын оқыту әдістемесіне қатысты К.Д. Ушинский, И. Харламов, В.Н. Мясичев, А.Г. Ковалев, С.Б. Бабаев (Бастауыш мектеп педагогикасы), Н.Қ. Тоқсанбаева, А.Б. Медешова (Танымдық іс-әрекетке кіріспе), Ж. Б. Қоянбаев, Р. М. Қоянбаев, М.М. Дейсенова, С.Рахметова, Қ. Молдабек, Б.А. Сабденова т.б. сынды ғалымдар құнды еңбектер жазып қалдырса, Ш. Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, К.Ж.Қожахметова, С.Т. Иманбаева, Ш.Т. Таубаева, Г.К.Белгібаева, А.К. Дуйсенбаев, Г.С.Майлыбаева және т.б. әдіскер ғалымдар ұлттық мәдениеттің бала, тұлға бойында қалыптасу барысы жайында жүйелі зерттеулер жүргізді.

Әдіскер, алаш зиялыларының бірі Ж. Аймауытов білім беруде мына бір қағиданы басшылыққа алу керек екенін атап өтті: «Балаға ең қымбат нәрсе – туған жері және туған жеріндегі құбылыстарды білу. Балаларға туған жердің табиғатын, туған елдің әдеп-ғұрпын мен тұрмысы-тіршілігін, сан ғасырлық тарихы мен тарихи ескерткіштердің қатынасын түсіндіру арқылы біз оларды әлеумет ғылымымен таныс қыламыз». Ғалымның пайымдауынша, бала дамуында мәдениет, тіл, қоғамның рөлі өте маңызды әрі берілетін білім ұлттық мәдениетпен, тәрбиемен ұштасып жатуы тиіс [1, 134б.]. Осыған байланысты ұлттық мәдениетпен, ұлттық тәрбиемен берілетін «этномәдени бірегейлік» ұғымын қарастырайық.

Этномәдени бірегейлік – адамның этникалық тобына, мәдениеті мен тіліне қатысты түсініктердің жиынтығы. Ғалым Н.Н. Авдеева «этномәдени бірегейлік» ұғымы тұлғаның туған жері мен тілі, мәдениеті, белгілі бір этникалық топқа қатысы десе [2, 341б.], ал ғалым Т.Г. Стефаненко: «этномәдени бірегейліктің құрылымы екі негізгі компоненттен тұрады. Біріншісі – когнитивті компонент, ол өз халқының тарихы, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мәдениеті туралы хабардар болуды және өзін белгілі бір этникалық топтың мүшесі ретінде

тануды қамтиды. Екіншісі – аффективті компонент, ол этникалық топқа жататындығын анықтаған адамның сезімін және бұл топқа мүше болуына деген қатынасын білдіреді», – деп пікір білдірді [3, 108б.].

Қ.Ж.Қожахметова «Қазақ этнопедагогикасының теориялық және әдіснамалық негіздері» атты еңбекте этномәдени бірегейлікті этнопедагогикалық тұрғыдан қалыптастыруды ұсынады. Аталған білім:

- оқушылардың этникалық көзқарасын қалыптастырады, этникалық әлем идеясының негізін құрайды;

- патриоттық тәрбиені қамтамасыз етеді, дербес әрекетке бағыттайды;

- этноәлеуметтік рөлдердің негізін тану, этностар арасындағы қатынасты реттеу.

Сонымен қатар ғалым жалпы адамзаттың және ұлттық құндылықтарды зерттеу нысаны ретінде қарастырады [4, 216.].

Бастауыш мектеп білім алушыларының этномәдени бірегейлігін қалыптастыру үшін олардың психологиялық және жас ерекшелігін ескеру қажет. Мектеп өміріне бейімделу, жаңа білімді қабылдау балада бірден қалыптаспайды, себебі мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті ойын болып келсе, оқуға кіргеннен кейін оқу іс-әрекеті шешуші рөлді атқарады. Г.С. Абрамов жастың өсуіне байланысты жаңа психикалық білімдердің қалыптасуын былай сатылап көрсетті:

0 – 1 жаста – қасақана істелген әрекет

1 – 3 – заттық әрекеттерді меңгеру, өзіндік сана

3 – 6 – символдарды қолдану, бірлескен мотивтер

6 – 10 – өз еркімен сыртқы әрекетін жоспарлау, рефлексия

11 – 15 – өзін ересек сезіну, дағдылану

15 – 18 – өмірлік жоспарлары, дүниетанымы қалыптасады [5, 18б.].

Ғалым Ж. Пиаже балаларда этномәдени бірегейлікті қалыптастыру концепциясын алғашқылардың бірі болып ұсынған. Ол этномәдени бірегейліктің қалыптасуын ең алдымен когнитивті модельдердің қалыптасу процесі ретінде қарастырды және осы модельдерге жауап ретінде бастауыш сынып оқушыларының этникалық сезімдері дамиды деп түсіндірді. Этникалық сипаттардың дамуында Ж. Пиаже үш кезеңді бөлген: Бірінші кезең 6-7 жасқа сәйкес келеді. Осы уақытта этномәдени бірегейліктің қалыптасу процесі басталады. Екінші кезең 8-9 жас аралығында орын алады. Үшінші кезең 10-11 жас аралығына келеді [6, 322 б.]. Осы уақытта бастауыш сынып оқушысының этномәдени бірегейлігі толықтай қалыптасады. Бұл үш кезеңнің уақыты бастауыш мектепте оқыту кезеңімен сәйкес келеді

Бастауыш мектеп білім алушыларының этномәдени бірегейлігін қалыптастыру — қоғамдағы ұлттық бірлік пен татулықты сақтау, балалардың өз мәдениетіне деген мақтанш сезімін дамыту, сонымен қатар, олардың дүниетанымын кеңейту мақсатында маңызды педагогикалық міндеттердің бірі. Этномәдени бірегейлік баланың қоғамда өз орнын анықтауына, өз ұлтына деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай бірегейліктің қалыптасуы балаға өзінің шығу тегін, ұлттық ерекшеліктерін білу арқылы басқа ұлттармен бейбіт қарым-қатынаста болуды үйретеді.

Зерттеуімізді нақтылай түсу үшін жалпы білім беретін мекемелерде бастауыш білім алушыларға қазақ тілінен сабақ беретін 23-56 жас арасындағы мұғалімдерден сауалнама алынды. Зерттеудің мақсаты — мұғалімдердің этномәдени құзіреттілігін анықтау. Эмпирикалық зерттеу жұмыстары Google form арқылы үш ұпайлық Лайкерт шкаласы негізінде жүргізілді. Сауалнама бес сұрақтан тұрды. Зерттеуге Астананың мектептерінен 28 мұғалім қатысты (№96 мектеп-гимназиясы, Төлеген Айбергенов атындағы №16 орта мектеп). Сауалнамада ұсынылған сұрақтардың жауаптарын талдау нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

Кесте - 1.

Мұғалімдер арасында жүргізілген этномәдени бірегейлікке қатысты сауалнама сұрақтары және қатысушылардың жауаптары

1.	Этномәдени бірегейлік ұғымымен таныссыз ба?	Иә – 75,5 Жоқ– 13,2 Жауап беруге қиналамын–11,3
2.	Сіздің пікіріңізше, бастауыш мектеп жасындағы балалардың этномәдени бірегейлігін қалыптастырудың маңызы бар ма?	Иә – 74,2 Жоқ–18,5 Жауап беруге қиналамын–7,3
3.	Сіз өз сабағыңызда оқушылардың этномәдени бірегейлігін қалыптастыру мақсатында әдіс-тәсілдерді қолданасыз ба?	Иә – 45 Жоқ–35 Жауап беруге қиналамын–20
4.	Сіз оқытатын мектепте этномәдени бірегейлікті қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізіледі ме?	Иә – 53 Жоқ–37,1 Жауап беруге қиналамын–9,9
5.	Сіз оқытатын мектепте этномәдени бірегейлікті қалыптастыру үшін ақпараттық білім беру ортасы жеткілікті деп ойлайсыз ба?	Иә – 28,7 Жоқ–43,3 Жауап беруге қиналамын–28

Қатысушылардан алынған сауалнаманы талдау келесі нәтижелерді көрсетті:

А) Бірінші сұраққа жауап берген мұғалімдердің 75,5%-ы этномәдени бірегейлік ұғымымен таныс екенін көрсеткен. Бұл көрсеткіш бастапқы кезеңде этномәдени бірегейлік тұжырымдамасының кеңінен танылуын білдіреді.

Ә) Екінші сұрақ бойынша жауаптардың басым бөлігі (74,2%) бастауыш мектеп жасындағы балалардың этномәдени бірегейлігін қалыптастырудың маңыздылығын түсінетінін көрсетеді. Мұғалімдердің басым бөлігі балалардың этномәдени бірегейлігін тәрбиелеу процесінің маңызды екенін мойындайды.

Б) Оқушылардың этномәдени бірегейлігін қалыптастыру мақсатында әдіс-тәсілдерді қолданатын мұғалімдер 45%-ды құрайды. Бұл көрсеткіш пән мұғалімдерінің этномәдени күзiреттiлiгiнiң дамып келе жатқанын білдіреді. Алайда 35%-ы бұл әдіс-тәсілдерді қолданбайтынын айтса, 20%-ы өздерінің бұл мәселеге қатысты нақты позициясы жоқ екенін көрсетеді. Бұл сұрақта да қосымша кәсіби дамыту бағдарламаларын ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

В) Бұл нәтижелер мектептерде этномәдени бірегейлікті қалыптастыру бойынша жұмыстардың жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Дегенмен 37,1%-ы бұл жұмыстардың жүргізілмейтінін айтса, 9,9%-ы бұл туралы нақты ақпарат бере алмайтындығын білдірген. Бұл көрсеткіш этномәдени тәрбие мәселесі бойынша мектеп деңгейінде жүйелі жұмыстың қажеттігін көрсетеді.

Г) Бесінші сұрақ бойынша 43,3%-ы мектептерде этномәдени бірегейлікті қалыптастыру үшін ақпараттық білім беру ортасы жеткіліксіз деп санайды. Сонымен қатар 28,7%-ы бұл ортаның жеткілікті деп ойлайды, ал қалған 28%-ы өз пікірін анықтай алмайтындығын көрсетеді. Бұл көрсеткіштер мектептерде этномәдени тәрбиеге қатысты ақпараттық ресурстар мен материалдармен қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігін көрсетеді.

Жалпы сауалнама нәтижелері этномәдени бірегейлікті қалыптастыру бойынша мұғалімдердің түсініктері мен көзқарастарының әлі де толық қалыптаспағандығын көрсетеді. Этномәдени бірегейлік ұғымымен таныс мұғалімдердің пайызы жоғары болғанымен, бұл мәселе бойынша нақты жұмыс жүргізу мен тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану мәселесінде кейбір қиындықтар бар. Сонымен қатар мектептерде этномәдени бірегейлікті қалыптастыру үшін арнайы ақпараттық білім беру ортасының жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмегені байқалады. Бұл зерттеу нәтижелері мектептерде этномәдени тәрбиеге қатысты жұмыстарды жүйелендіріп, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырудың қажеттілігін айқындайды. Осыған сәйкес **бастауыш мектеп білім алушыларының этномәдени бірегейлігін қалыптастырудың мына шарттарын ұсынбақпыз:**

Ұлттық білім беру мазмұнын енгізу. Этномәдени бірегейлікті қалыптастырудың алғашқы шарттарының бірі — оқу бағдарламасының ұлттық және этномәдени мазмұнмен байытылуы. Бастауыш мектептің оқу жоспарына қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрлері, ұлттық тарихы мен әдебиеті туралы білімдер енгізілуі тиіс. Бұл білімдер балаларға өз мәдениеті мен ұлтына деген құрмет сезімін қалыптастырады. Қазақ әдебиеті мен фольклоры, ұлттық ойындар, халық ертегілері мен аңыздарын оқу арқылы баланың дүниетанымы кеңейіп, өз халқының тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығы артады.

Ұлттық тілдің рөлін күшейту. Қазақ тілін үйрету процесі тек тілдік дағдыларды дамыту ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениет пен құндылықтарды меңгеру үрдісіне айналуы тиіс. Тіл — мәдениеттің негізі болғандықтан, баланың ұлттық тілде сөйлеуі оның этномәдени бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тілді үйрету арқылы балалар өз мәдениетінің ерекшеліктерін, салт-дәстүрлерін, әдебиеті мен өнерін тереңірек түсініп, құрметтеуге дағдыланады.

Әлеуметтік орта мен отбасы ынтымақтастығы. Этномәдени бірегейлікті қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлесе жұмыс жасауы өте маңызды. Ата-аналар мен басқа да қауымдастық мүшелері мектеппен тығыз қарым-қатынаста болу арқылы балаларға мәдени құндылықтарды үйретуге қатыса алады. Мысалы, отбасылық мерекелерді ұйымдастыру, ұлттық тағамдар мен қолөнер көрмелерін өткізу арқылы бала өзінің этномәдени бірегейлігін сезінеді.

Ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды үйрету. Балаларға қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын таныстыру, ұлттық мерекелер мен тойларды ұйымдастыру — олардың этномәдени бірегейлігін қалыптастырудағы маңызды шарт. Бұл шаралар балаларға тек теориялық білім ғана емес, тәжірибелік дағдылар да береді. Мысалы, Наурыз мерекесін немесе ұлттың басқа да салт-дәстүрлерін атап өту арқылы бала өз ұлтының тарихы мен мәдениетін сезініп, оның бөлігіндей болуға тырысады.

Интеркультурлық білім беру. Бастауыш мектепте әр түрлі этникалық топтардың мәдениеті мен тілін үйрету арқылы балаларды интеркультурлық біліммен таныстыру өте маңызды. Бұл балалардың өзге мәдениеттерді түсініп, құрметтеуіне ықпал етеді. Интеркультурлық білім беру баланы тек өз мәдениетімен ғана емес, басқа мәдениеттермен де үйлесімді өмір сүруге дайындайды, бұл өз кезегінде олардың ұлттық бірегейлігін нығайтуға ықпал етеді.

Интерактивті оқыту тәсілдері. Мектепте этномәдени бірегейлікті қалыптастыру үшін балаларды шығармашылық жұмыстарға (сурет салу, қолөнер жасау, қазақ ұлттық тағамдарын әзірлеу) тарту, драма мен рөлдік ойындар арқылы оқыту да пайдалы болады.

Цифрлық білім беру платформалары арқылы этномәдени білімді енгізу. Бастауыш мектепте этномәдени бірегейлікті қалыптастырудың цифрландырылған шарттарының алғашқысы — білім беру платформалары мен онлайн-ресурстардың тиімді пайдаланылуы. Мысалы, қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, ұлттық ертегілері мен аңыздары туралы мультимедиялық материалдар мен видеоларды пайдалану балалардың этномәдени бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Цифрлық білім беру платформаларында арнайы әзірленген интерактивті ойындар мен тапсырмалар арқылы балаларға қазақ халқының тарихы мен мәдениетін таныстыру тиімді әдіс болып табылады. Мұндай тапсырмалар оқушыларға тек білім беру мақсатында ғана емес, олардың этномәдени ұғымдарын кеңейтуге, ұлттық құндылықтарды меңгеруге көмектеседі.

Қорыта келгенде, бастауыш мектеп оқушыларының этномәдени бірегейлігін қалыптастыру үшін аталған шарттардың барлығы біртұтас педагогикалық жүйе ретінде жұмыс істеуі тиіс. Мұғалімдер ұлттық құндылықтарды оқыту мен тәрбие беруді тек оқу бағдарламасы аясында ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс шаралар, жобалар мен шығармашылық жұмыстар арқылы да жүзеге асыруы керек. Сондай-ақ, этномәдени бірегейлікті қалыптастыру процесі тек мектеп қабырғасында ғана емес, отбасы мен қоғамда да жалғасын табуы тиіс. Бастауыш білім беру жүйесінде этномәдени бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған кешенді жұмыс балалардың өз мәдениетіне деген

сүйіспеншілігін арттырып, оларды толерантты, әлеуметтік жағынан жауапты азаматтар ретінде тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж. Аймауытов. Шығармалары. – Алматы, 2013. – Т.4. – 382 б.
2. Авдеева Н.Н. Развитие представлений о самом себе у ребенка от рождения до 7 лет / Н. Н. Авдеева, А. И. Силвестру, Е. О. Смирнова. - М.: Наука, 2012. - 430 с
3. Стефаненко Т.Г. Этническая социализация подростка / Т.Г. Стефаненко, Е.Г. Белинская. - М.: Изд. МСИ, 2013. - 208 с.
4. Қожахметова К.Ж., Джонисова Г.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының патриоттыққа тәрбиелеудің ғылыми-әдістемелік негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. – Орал, «Ағартушы», 2009. – 112б.
5. Тоқсанбаева Н.Қ. Танымдық іс-әрекетке кіріспе: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 136 б.
6. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. — Педагогика - Пресс, 1999. — С. 340.

УДК 37:004; 37.03:002

ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІК ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКKE ДАЙЫНДАУ ЖОЛДАРЫ

Серикбаева Карлыгаш Торбековна п. э. м.

Маханова Жанат Жантурсыновна п.э.м.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің арнайы пән оқытушылары (Қазақстан)

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі педагогтардың жұмысындағы ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік пен оның мазмұнын, ерекшеліктерін қарастыру мәселесіне арналған. Мұғалімнің құзыреттілігінің мотивациялық, технологиялық, ақпараттық, мазмұндық, әдістемелік және желілік АКТ компоненттерінің сипаттамасы берілген.

Түйінді сөздер: ақпараттық құзыреттілік, педагог, компонент, цифрлық сауаттылық.

Аннотация. Статья посвящена проблеме рассмотрения информационно-коммуникационной компетентности и ее содержания, особенностей в работе современных педагогов. Дана характеристика мотивационных, технологических, информационных, содержательно-методических и сетевых компонентов ИКТ компетентности педагога.

Ключевые слова: информационная компетентность, педагог, компонент, цифровая грамотность

Annotation. The article is devoted to the problem of considering information and communication competence and its content, features in the work of modern teachers. The characteristic of motivational, technological, informational, content-methodical and network components of ICT competence of the teacher is given.

Keywords: information competence, teacher, component.

Бүгінгі таңда ақпарат ағыны күн сайын артып, қоғам өте қарқынды дамуда. Ақпараттандыру біздің өмірімізге жаңа тәсілдер мен технологияларды енгізуді талап етеді. Осыған байланысты білім беру жүйесінде ақпараттық ресурстарды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдаланудың маңызы да күнен күнге артып келеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар педагогтердің әлеуетін айтарлықтай кеңейтуге, сабақтарды қызықты және тартымды етуге мүмкіндік береді. АКТ сонымен қатар

білім беру ұйымдарының басшыларына ұйымның және оның қызметкерлерінің қызметін барынша толық бақылауға көмектеседі.

Заманауи педагог бүгінде білім беру ұйымының қызметін жедел талдап, маңызды проблемаларды анықтап, оларды шешудің тиімді жолдарын таба білуі; оқу үдерісін басқарудың құрылымын және бақылауды жоспарлау және ұйымдастыру, заманауи технологияларды пайдалана отырып, ақпараттық-талдау қызметін жүзеге асыруы керек.

Соңғы кездері ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім, білік және дағдылардың белгілі бір деңгейінің болмауы мәселесі өзектілер қатарынан орын алып отыр. Білім беру саласына АКТ-ны енгізу педагогтерге, олардың кәсіби құзыреттілігіне, атап айтқанда, соның ішінде ақпараттық құзыреттілігіне жаңа талаптар қояды. АКТ және педагог құзыреттілігі жинақталған кешенді ұғым, ол техникалық білім мен дағдыларды оқу іс-әрекетінде мақсатты, тиімді қолдану деп түсініледі. Бүгінгі таңда мұғалімнің АКТ-құзыреті – жалпы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізгі құраушысы болып табылады [1, 74-б.].

АКТ құзыреттілігі келесі компоненттерді қамтиды: мотивациялық, технологиялық, ақпараттық, мазмұндық-әдістемелік және желілік. Енді, олардың әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Педагогтердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастырудың бір шарты – олардың АКТ саласындағы теориялық және практикалық білімдерін арттыру қажеттілігін ұғына отырып, оқу іс-әрекетінде АКТ-ны белсенді пайдалануға ынталандыру [2]. Бірақ білім беру ұйымдарының педагогтері әрқашан өздерінің АКТ құзыреттілігін арттыруға ынталы бола бермейді. Бұл, әсіресе, көп еңбек өтілі бар, яғни жасы үлкен мұғалімдерде айқын көрінеді.

Педагогтің АКТ құзыреттілігінің келесі құрамдас бөлігі – технологиялық компонент. Ол мұғалімнің өз іс-әрекетінде әртүрлі технологияларды тиімді пайдалана білуімен сипатталады, мысалы, әртүрлі цифрлық жабдықтарды, электрондық білім беру ресурстарын пайдалану, файлдық жүйеде жұмыс істеу және т.б. Бұл компонентті дамыту мұғалімдерді семинарлар, кеңестер, тренингтер, шеберлік сабақтары, біліктілікті арттыру курстары арқылы үздіксіз әдістемелік қолдауды талап етеді.

Осы орайда АКТ құзыреттілігінің ақпараттық құрылымы дегеніміз не сұраққа жауап беру қажет. Ол білім беру ортасының ақпараттық құрамдас бөлігіне сәйкес келеді, ақпараттық құрылымға әртүрлі ақпараттық деректер базаларының, біріктірілген ақпараттық өнімдердің, ақпараттық ресурстардың болуы шарт. Мұғалімнің АКТ құзыреттілігінің ақпараттық құрамдас бөлігін қалыптастыру үшін тұрақты консультациялар; мұғалімдерді білім беру ұйымының жергілікті желісіндегі жұмыс ережелерімен, өз пәні бойынша қолжетімді электрондық білім беру ресурстарымен таныстыруға арналған семинарлар; электронды басылымдарда ақпаратты іздеу бойынша тренингтер; студенттердің жеке ақпараттық кеңістігін және ақпараттық кеңістігін құру бойынша ұсыныстар қажет [3, 46-б.].

Педагогтің АКТ құзыреттілігінің мазмұндық-әдістемелік құрамдас бөлігі заманауи технологияларды пайдалана отырып, дидактикалық және әдістемелік материалдарды құруды қамтиды. Мұғалімнің АКТ құзыреттілігінің құрылымын талдай отырып, біз кәсіби құзыреттілік мәнін түсінуге және оның даму деңгейлерін анықтауға әртүрлі тәсілдерге тап боламыз.

В.П.Короповская АКТ құзыреттілік деңгейлеріне тоқтала отырып, АКТ құзыреттілігінің келесі деңгейлерін анықтады: базалықтан төмен деңгей, базалық деңгей, жалпы деңгей, кәсіби деңгей.

Біздің зерттеуіміз М.Мәметова атындағы педагогикалық Қызылорда жоғары колледжінде өтті. Зерттеуге осы ұйымның 30 оқытушысы қатысты. Олардың АКТ-ны меңгеру деңгейін анықтау үшін сауалнама ұсынылды (1-кесте)[4].

Сауалнамада АКТ құзыреттілігінің әрбір құрамдас бөлігі үшін жеке АКТ құзыреті көрсеткіштерінің тізімі берілген. Мұғалімдер АКТ саласындағы білім, білік және дағдыларының деңгейін 0-ден 3-ке дейінгі баллдармен бағалауы керек болды. Педагогтердің АКТ-ны меңгеру деңгейлерін көрсету үшін біз пайдаланамыз:

«0» балл - базадан төмен деңгей;

- «1» балл – базалық деңгей;
«2» ұпай – жалпы деңгей;
«3» балл – кәсіби деңгей

1 Кесте - АКТ құзыреттілігінің деңгейлерін анықтауға арналған сауалнама

Өзіңіз үшін маңыздыны бағалаңыз (0-3):	балл
Мотивациялық компонент	
оқу үдерісінде АКТ-ны пайдалануға қызығушылық (К1)	
АКТ саласында қажетті білімді өз бетінше алуға ұмтылу (К2)	
Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін электрондық ресурстарды пайдалану қазіргі әлемде білім беруді дамытудың өзекті және маңызды бағыты болып табылады.

Зерттеудің мақсаты - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға электрондық ресурстардың әсерін зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Педагогикалық білім беруде коммуникативтік дағдыларды оқыту және дамыту үшін пайдаланылатын қолданыстағы электрондық ресурстарға шолу жасау.

2. Электрондық ресурстар арқылы дами алатын қарым-қатынас дағдыларының негізгі аспектілерін анықтаңыз.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту процесінде олардың коммуникативтік дағдыларын дамыту тұрғысынан электрондық ресурстарды пайдалану тиімділігіне талдау жүргізу.

4. Білім беру процесінде коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру үшін электрондық ресурстарды қолдану туралы студенттер мен оқытушылардың пікірлері мен пікірлерін зерделеу.

5. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту контекстінде электрондық ресурстарды пайдалану кезінде оқушылар мен оқытушылар кездесетін кедергілер мен қиындықтарды талдау.

6. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде коммуникативтік дағдыларды тиімді қалыптастыру үшін электрондық ресурстарды пайдалануды оңтайландыру бойынша ұсыныстар беру.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде негізгі экспериментке дейін жүргізілген пилоттық зерттеуді қамтитын эксперименттік зерттеу дизайны қолданылды. 2023 оқу жылының қазан айынан бастап 2024 оқу жылының сәуір айына дейінгі пилоттық зерттеу болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас

дағдыларын дамыту әлеуетін зерттеуге бағытталған және үш кезеңнен тұрды: анықтау эксперименті (2023 жыл, қазан - желтоқсан), іздеу эксперименті (2024 жыл, қаңтар) және оқу эксперименті (2024 жыл, ақпан - сәуір).

Бірінші кезеңде болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын дамытуға дайындауға қатысты теориялық білім көлемін анықтауға күш салынды. Психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді, сондай-ақ эксперименттік мәліметтерді талдау негізінде зерттеу гипотезасы тұжырымдалды.

Екінші кезең студенттердің теориялық білімдерін практикада қолдануын ғылыми-педагогикалық талдауға, соған сәйкес әдістемелік қайта қарауға және жетілдіруге бағытталған. Бұл кезең сонымен қатар оқу экспериментінің жоспарын әзірлеуді және нақтылауды қамтыды.

Үшінші кезең тұжырымдалған гипотезаны эксперименталды түрде тексеруге бағытталған. Мақсат әзірленген әдіс болашақ мамандарға бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын дамытуға және олардың білім сапасын арттыруға тиімді көмектесе алатынын бағалау болды.

Енді эксперименттік жұмыстың таңдалған кезеңдерінің әдістемесі мен нәтижелеріне тоқталайық. Бірінші кезең бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда болашақ мамандардың білімін бағалау бойынша мамандандырылған жұмыстарды жүргізу қажеттілігін негіздеуге бағытталған. Студенттердің іс-әрекетін бақылау, сауалнамалар, оқытушылармен және студенттермен әңгімелесу, тестілеу, педагогикалық тәжірибені зерделеу және жалпылау арқылы студенттердің педагогикалық университетте оқу барысында қажетті кәсіби шеберлік деңгейіне жете алмағаны байқалды..

2017-2020 оқу жылдарында Абай атындағы қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Педагогика және Психология факультетінде жүргізілген зерттеулер аясында «Бастауыш Білім Берудің Педагогикасы мен Әдістемесі» мамандығының үшінші курс студенттерінің қатысуымен эксперименттік жұмыстар жүргізілді. (мамандығы 05010200). Экспериментке Педагогика және Психология Институтының барлығы 24 студенті қатысты, олардың 12-сы бақылау топтарына, тағы 12-сы эксперименттік топтарға тағайындалды.

Эксперименттің мақсаты оқытудың әдістемелік деңгейлерін және олардың сәйкес бағыттарын бағалау, үшінші курс студенттерінің әдістемелік дағдыларын қалыптастыруды анықтау, бақылау және эксперименттік топтар арасында салыстырмалы талдау жүргізу болды. Болашақ мұғалімдерді олардың әдістемелік дайындық деңгейлеріне қарай санаттарға бөлу сауалнамалар, сыныптағы бақылаулар, сұхбаттар және тестілеу сияқты әртүрлі құралдар арқылы жүзеге асырылды.

Студенттерге олардың білімдерін, дағдыларын және дағдыларын дамыту перспективаларын бағалау үшін сауалнама жүргізілді. Барлық 24 студент толтырған сауалнама олардың дағдыларын қалыптастыруға қатысты пікірлерін анықтауға, осылайша әдістемелік дайындықтың негізгі бағыттарын анықтауға бағытталған. Сауалнама жауаптарын талдау студенттердің әртүрлі топтар бойынша әдістемелік дағдыларын дамытуға қатысты түсініктерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл деректер азырақ айқын нәтижелерді көрсететін тәсілдерді таңдау және тәжірибе жасау үшін өте маңызды болды.

Сауалнамада екілік жауап форматы қолданылды, оның екі ықтимал жауабы бар: «мен білемін (шебер)» - 1 балл, ал «мен білмеймін (шебер)» - 0 балл, бұл математикалық өңдеуді жеңілдетеді (1-кестеде сауалнама нәтижелері көрсетілген).

Кесте 1.

№				
1. Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру	1	2	3	4
Пән бойынша дайындық деңгейін анықтаңыз: коммуникативті дағдыларды қалыптастыру	0	1	1	1
Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру бағытында оқу-	1	1	0	1

материалдық базаны талдау				
Коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудағы негізгі білім беру мәселелерін анықтау және тұжырымдау	0	2	0	0
2. Болжау дағдыларын қалыптастыру	1	2	1	2

Сауалнама нәтижелері бойынша ұпайларды бөлу

Сол сияқты, біз әдістемелік дайындықтың әртүрлі бағыттары бойынша әдістемелік дағдылардың болуын бағалаймыз. Әр оқушы үшін «P³r» мәні кестенің сәйкес бағанындағы цифрларды қосу арқылы анықталады. C_s^3 коэффициентін есептеу үшін әр оқушы барлық жолдар бойынша мүмкін болатын максималды санды (1) алды деп болжанады, бұл осы бағыттағы дайындықтың стандартты деңгейіне жеткендігін көрсетеді.. Мысалы, P_s^4 үшін есептеу келесідей: $P_s^4 = 1 + 1 + 1 + 1 = 4$, және $C = \frac{4}{4} = 1$. Сол сияқты, 3-ші оқушы үшін $P_r^3 = 1 + 1 + 1 + 0 = 3$, жалпы $C = \frac{3}{4} = 0.75$. Әдістемелік дайындықтың әр бағыты үшін жеке коэффициенттерді біріктіре отырып, 2-кестеде көрсетілгендей бақылау және эксперименттік топтар үшін коэффициенттерді алуға болады.

Нәтижелер

Сауалнаманы талдау көрсеткендей, бақылау және эксперименттік топтардың студенттері болашақ оқытушылық лауазымдарға, әсіресе коммуникативті дағдыларды дамытуға дайын екендіктеріне алаңдаушылық білдірді. Бұл байқау барлық топтар бойынша әдістемелік дағдыларды меңгерудің жалпы төмен деңгейімен түсіндіріледі. 2-кестеде көрсетілгендей, бақылау және эксперименттік топтарда коммуникативтік дағдыларды дамытуға байланысты айтарлықтай төмен коэффициентті ерекше атап өтуге болады.

Кесте 2.

Топтар	Коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудағы білімді меңгеру коэффициенті
Бақылау тобы	0,35
Эксперимент тобы	0,5

Коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудағы білімді меңгеру коэффициенті

Іздеу экспериментінің кезеңінде біз теориялық ақпаратты анықтадық және технология мен оқыту әдістемесі бойынша практикалық сабақтарды ұйымдастырудың ең тиімді әдістерін анықтадық. Біз оқушылардың бастауыш білім беру жағдайында қарым-қатынас дағдыларын түсінуі мен қолдануын жақсарту үшін тапсырмаларды мұқият таңдадық.

Оқу эксперименті барысында біз осы тапсырмалардың мазмұнын нақтылап, мақсаттарымызға жақсырақ сәйкестендіру үшін жаңаларын әзірледік. Сонымен қатар біз студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға баса назар аудару үшін дәрістер мен практикалық сабақтарды реттей отырып, оқытудың әртүрлі әдістерін зерттедік. Практикалық сабақтар әдістемелік мәселелерді шешуге және студенттерді логикалық мәселелерді шешу және іскерлік ойындар сияқты іс-шараларға тартуға бағытталды. Бұл толықтырулар оқу тәжірибесін арттыруға және студенттердің белсенді қатысуына ықпал етуге бағытталған.

Практикалық сабақтарды іскерлік ойындар түрінде өткізу оқытушылардан да, студенттерден де мұқият дайындықты талап етеді. Осыған қарамастан, студенттер мұндай іс-шараларға айтарлықтай қызығушылық танытады және әртүрлі рөлдерді орындауға дайын

екендіктерін көрсетеді. Байқалғандай, практикалық сабақтар ізденуші педагогтардың педагогикалық шеберлігін арттырудың, олардың бастамашылығын тәрбиелеудің және білімді нақты әлем сценарийлерінде қолдануды жеңілдетудің негізгі құралы ретінде қызмет етеді, осылайша жалпы әдістемелік дайындыққа ықпал етеді. Біздің сыныптан тыс бастамаларымыз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін әдістемелік даярлауды одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

Педагогикалық практика студенттердің кәсіби дербестігін тәрбиелеудің кең мүмкіндіктерін ұсынады. Тәжірибе барысында студенттер оқу процесін бағалауды, сабақ жоспарларын құруды, эксперименттер жүргізуді және Институттағы практикалық сабақтарда алған дағдыларын жүзеге асыруды қоса алғанда, күрделі кәсіби міндеттерді шешеді.

Біздің нәтижелеріміз эксперименттен кейін эксперименттік топ бақылау тобымен салыстырғанда бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдыларын дамыту үшін білім алу коэффициентінің 30% - дан астам өскенін көрсетті. Марушкевич пен Зварыч (2019) студенттердің даму мүмкіндіктерін арттыру үшін ақпаратты модернизациялаудың маңыздылығын атап өтіп, студенттердің сауалдарына уақтылы жауап берудің және оқытудың тиімді әдістерінің маңыздылығын атап өтті. Жоғары оқу орындарындағы студенттерге маңызды ақпаратты, оның ішінде жеке зерттеу деректерін ұсынуға бағытталған оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстары ерекше атап өтілді. «Дағды» термині американдық және украин тілдеріндегі ғылыми ресурстардағы мазмұнын талдай отырып, мұғалімдердің тілді меңгеруіне қатысты пікірлермен бірге түсіндірілуге тиіс болды.

Оқу эксперименті студенттердің әдістемелік дайындығы кезінде коммуникативті дағдыларын дамытуға бағытталған мақсатты құрылымдалған тәсіл оң нәтиже беретіндігін көрсетті, студенттердің көпшілігі өз білімдерін практикалық жағдайда тиімді қолданды. Демек, эксперимент нәтижелері болашақ мұғалімдердің әдістемелік дайындығы кезінде олардың коммуникативті дағдыларына қатысты білімді дамытуға бағытталған күш-жігер мамандандырылған кәсіби міндеттерді анықтау және шешу арқылы мамандандырылған және әдістемелік дайындықтың сапасын арттыруға ықпал етеді деген ұғымды қолдайды..

Малашенко (2019) ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер арасында жоғары әскери кәсіптік білім беру жүйелерінде қолдануды ұсына отырып, әскери жоғары оқу орындарының оқу процестеріндегі модельдердің маңыздылығын атап өтті. Педагогикалық теория мен практикада тақырыпты одан әрі дамытудың белгіленген перспективалары оқу әдістемелерінде жүргізіліп жатқан зерттеулер мен инновациялардың маңыздылығын атап өтті.

Қорытынды

Теориялық және эксперименттік зерттеулердің синтезі оқу, әдістемелік, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді талдаумен қатар бірнеше негізгі тұжырымдарға әкеледі:

Педагогикалық университеттің жағдайы студенттердің әдістемелік пәндерді оқытудағы дағдылары мен мүмкіндіктерін дамытуға кең мүмкіндіктер береді. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін оқушылардың білімін дамытуға баса назар аудару практикалық сабақтармен біріктірілген студенттердің құрылымдық өзіндік жұмысына баса назар аударуды қажет етеді.

Студенттерді әдістемелік пәндерді оқыту әдістемесін зерделеуге күрделі тапсырмаларды орындауға тарту коммуникативтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді және пәндік нюанстардан немесе кеңдіктен ауытқымай, оқытуға бағытталған ойлауды ынталандырады.

Әр түрлі пәндер бойынша практикалық сабақтарда оқушылардың үлгерімін бақылау, оқытушылармен өзара әрекеттесумен қатар, әдістемелік пәндер сабақтарында алған білімдері оқушылардың басқа пәндерді меңгеруін арттыратынын көрсетеді. Эксперимент әзірленген әдіс дәстүрлі тәсілдермен салыстырғанда бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамыту туралы білім беруде тиімдірек екенін растайды. Бұл сонымен қатар

оқушылардың білім сапасын арттыруға, олардың әдістемелік қырағылығын арттыруға, оқуға деген ынтасын арттыруға және педагогикалық қабілеттерін арттыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Зимняя И. А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования / И. А. Зимняя // Высшее образование сегодня. 2003. № 5. С. 34–42.
2. Оскарссон Б. Базовые навыки как обязательный компонент высококачественного профессионального образования / Б. Оскарссон // Оценка качества профессионального образования. Доклад ; под общ. ред. В. И. Байденко, Дж. В. Зантворта. Европейский фонд подготовки кадров ; Проект ДЕЛФИ. М., 2001. 52 с.
3. Хуторской А. В. Современная дидактика : учеб. пособие. 2-е изд., перераб. М. : Высш.шк., 2007. 639 с.
4. Bello, H. S., Idris, S. U., & Vappayo, A. (2020). Media and educational technology in Nigeria: Managing the broadcast programmes of Radio Nigeria Globe FM towards girl child education. *International Journal of Innovative Research in Education*, 7(1), 16–25. <https://doi.org/10.18844/ijire.v7i1.4715>
5. Bepalko, V.P., Tatur, YU.G. (1989). System and methodical ensuring teaching and educational process of training of specialists. Moscow: The higher school.
6. Bodalev A. A. (1995). Personality and communication. Moscow: International Pedagogical Academy.
7. Brudnyi, A. A. (1998). Psychological hermeneutic. - Moscow: Labyrinth, 1998.
8. Carrillo, V. del R. G., Rodriguez, E. M., & Jimenez, M. A. F. (2019). An analysis of sexist language in interpersonal relations: A study on linguistic communication in higher education. *New Trends and Issues Proceedings on Humanities and Social Sciences*, 6(1), 108–116. <https://doi.org/10.18844/prosoc.v6i1.4161>
9. Cheiz, A. (2017). Polanyi i Deleuze o twórczości podmiotu poznającego. *Kultura i Wartości*, (23), 85-100. <https://www.cceol.com/search/article-detail?id=700986>
10. Davydov V. V. (1996). Theory of developing learning. - Moscow, 1996
11. Zhetpisbayeva, B. A., & Shelestova, T. Y. (2017). Innovative educational technologies in english language teaching in primary school. *Education & Science Without Borders*, 8(15). <https://www.proquest.com/openview/79c1f48c51d1a013a4666c1a21b06d93/1?pqorigsite=gscholar&cbl=2026680>
12. Zhumabayeva, Z., Uaisova, G., Zhumabayeva, A., Uaidullakzy, E., Karimova, R., & Hamza, G. (2019). Issues of Kazakh language teaching in elementary classes in terms of the meta-subject approach. *Cypriot Journal of Educational Sciences*, 14(1), 158-170. <https://doi.org/10.18844/cjes.v14i1.4123>

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЦИФРЛЫ ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Нуржигитова А.А.¹, Сәдуақас Г.Т.².

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты,
e-mail: aidana.nurzhigitva15@gmail.com

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің п.ғ.к.,
қауымдастырылған профессоры,
e-mail: gulbanu_sadvakasova@mail.ru

Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілі пәнінде цифрлы платформаларды тиімді қолдану әдіс-тәсілдері туралы талдаулар беріледі. Бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілін меңгертудегі Quizizz, Kahoot, Quizlet, Socrative және т.б. цифрлық платформалары қарастырылады. Бұл платформаларды сабақта тиімді пайдалану ұсыныстары мен пайдасы жөнінде айтылады.

Тірек сөздер: цифрлы платформалар, шығармашылық іс-әрекет, білім беру, оқушылар, жан-жақты ойлау, геймификация, дамыту.

Аннотация. В статье дается анализ методов и приемов эффективного использования цифровых платформ в дисциплине казахский язык для учащихся начальных классов. Для учащихся начальных классов рассматриваются цифровые платформы Quizizz, Kahoot, Quizlet, Socrative и др. в освоении казахского языка. Рекомендации и преимущества эффективного использования этих платформ на уроке.

Ключевые слова: цифровые платформы, творческая деятельность, образование, учащиеся, всестороннее мышление, геймификация, развитие.

The Annotation. The article analyzes the methods and techniques of effective use of digital platforms in the Kazakh language discipline for primary school students. Also, primary school students are shown the connection with gamification of a series of methods used in a daily lesson on mastering the Kazakh language. Several gamification needs are mentioned that drive student motivation. These will be such needs as: awareness of knowledge, success, development of creativity, control, social influence, elimination of impatience, curiosity, absence of losses. For primary school students, the digital platforms Quiz, Kahoot, Quizlet, Socrative, etc. are considered. in mastering the Kazakh language. Recommendations and advantages of effective use of these platforms in the lesson.

Keywords: digital platforms, creative activity, education, students, comprehensive thinking, gamification, development.

XXI жаһандану ғасырында цифрлы технологиялардың өмірімізге енгендігі айқын. Әсіресе білім беру саласында жаңа білім беру технологияларының қолданылуы оқытудың сапасын арттырып, оқушылардың білімге деген қызығушылығын күшейтеді. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бап 5-тармағында: «отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту»; 9-тармағында: «...оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану», – деген міндеттер көрсетілген. Мұндағы оқушыларды тиімді түрде оқытудың жаңа технологияларын қолдану, заман талабына сай, қоғам өзгерісіне лайықты құзыретті, өзгерістерге бейімделу деңгейі жоғары, ақпараттық технологияларды енгізуге қабілетті болуын көздейді [1].

Бастауышта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы бойынша құжатта білім алушылардың қазіргі таңда АКТ-ның өзектілігі қарастырылған [2]. Сонымен қатар, әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылына бастауыш сыныпқа қазақ тілі пәнінен оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуға арналған ұсыныстар негізінде әдістемесі қарастырылған [3]. Өз кезегінде цифрлық білім арқылы жеткізу білім алушыларға өздерінің түсініктерін тереңдетіп, цифрлық білім ресурстарымен жұмыс жасау жолдарын және білімдік ақпаратты бір жүйеге түсіру заңдылықтарын, қазақ тілі арқылы өзіндік даму траекториясына сай дамуды басты құрал ретінде алға шығарды.

Болашақтың ұрпағы ойшыл, ақылды, жан-жақты, цифрлы технологияларды тез меңгере алатын ұрпақ болуы тиіс. Цифрлық жағдай арқылы бала тілдік төрт дағды бойынша (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) тез үйренеді. Заманауи технологиялар оқу үдерісінің құрамдас бөлігіне айналып, білім беру дағдыларын дамытудың жаңа перспективаларын ашуда.

Жаңа цифрлы сервистер арқылы мұғалімдер жаңа сабақты құрастырады. Білім беру процесінің негізгі міндеттерінің бірін шешуге көмектесетін оқу ресурсы ретінде

оқушылардың ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Осы ресурстың көмегімен әр баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, интерактивті немесе баспа жаттығуларын құру арқылы оқытуды саралау мен дараландыруды ұйымдастыруға болады. Әртүрлі тапсырмаларды құрастыру арқылы мұғалім өзінің сабағын қызықты өткізеді. Викториналық сұрақтар, тест тапсырмалары, сәйкестендіру жаттығулары, ментальді карта, интеллект карта құрастыру үшін түрлі цифрлы платформаларды қолдануға болады. Сол арқылы білім алушының ізденуін, оқуға деген мотивациясын дамыта аламыз.

Цифрлы платформалар мен құралдардың дұрыс әрі тиімді қолданылуы қазақ тілін үйрету үдерісін жаңартып, оны заман талабына сай етіп, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыра алады. Мектептерде цифрлы құралдарды қолдану – мұғалімдер мен оқушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Платформалардың көмегімен құрастырылған тапсырмалар баланың логика, мәліметті қабылдау, есте сақтау, зейінін шоғырландыру қабілеттерін дамытатын жұмыс парақтарын құрастырады. Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалайтын, халықаралық мониторингтік салыстырмалы зерттеулерге әзірлік аясында білім беру ұйымдарындағы білім беру процесін жүзеге асыруға бағытталған. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үдерісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесіне, мектеп өміріне енуде.

Цифрлы платформалар оқу үдерісін интерактивті етеді. Мұғалімдер мен оқушылар арасында шынайы уақыт режимінде қарым-қатынас орнатуға, тапсырмаларды орындауда бәсекелестік тудыруға мүмкіндік береді. Мысалы, *Kahoot* немесе *Quizizz* сияқты платформалар арқылы оқушылар ойын түрінде сұрақтарға жауап бере отырып, тақырыпты тереңірек түсініп, білімдерін тексере алады. Мұндай тәсіл оқушыларды белсенділікке ынталандырып, олардың білімге деген қызығушылығын арттырады. Цифрлы платформалардың басты артықшылықтарының бірі – оқушылардың нәтижелерін автоматты түрде бағалау мүмкіндігі. Мысалы, *Quizlet* немесе *Socrative* сияқты платформалар оқушылардың білімін тест түрінде тексеруге және олардың жауаптарын жылдам бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер әр оқушының нәтижелерін бақылай отырып, оның қандай тақырыптарда қиналып жатқанын анықтап, уақытында түзету жұмыстарын жүргізе алады. Сонымен қатар, кері байланыс арқылы оқушының қай бағытта дамуы қажет екендігі туралы нақты ақпарат беруге болады [4].

Визуалды және аудио ресурстар қазақ тілін үйренуді жеңілдетеді анық. Мысалы, *"YouTube"* немесе *"Khan Academy"* сияқты платформаларда қазақ тіліндегі бейнемазмұнды көру, тыңдау арқылы тыңдалым дағдыларын дамытуға болады. Сонымен қатар, оқушылар қазақ тіліндегі әндер, қысқаметражды фильмдер немесе анимациялық видеоларды көріп, тілдік құрылымдарды табиғи түрде меңгеруі мүмкін. *YouTube* — әлемдегі ең танымал видеохостинг қызметі, мұнда қазақ тілін үйретуге арналған түрлі бейнемазмұндар бар. Қазақ тілінде оқыту видеолары, қазақ әдебиетінің көркем шығармалары, тіл үйренушілер үшін түсіндірмелер мен сабақтар осы платформада кеңінен таралған. Оқушылар мен студенттер әртүрлі бейнемазмұнды көріп, тыңдалым дағдыларын дамытуға, сөздерді дұрыс айтуға, қазақ тіліндегі мәдениетпен танысуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, қазақ тіліне арналған мобильді қосымшалардың саны да көбейіп келеді. Мысалы, *"Qazaqsha-Online"*, *"Aitu"*, *"Qazaq Tilinde"*, *"Duolingo"* сияқты қосымшалар арқылы оқушылар кез келген уақытта қазақ тілінің негіздерін үйренуге мүмкіндік алады. Мұндай платформаларда ойындар, тапсырмалар мен қызықты видеолар арқылы тіл үйрену процесі жеңіл әрі қызықты болады [5].

Келесі кезекте бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілі сабағында қолдануға болатын цифрлы платформаларға тоқталатын болсақ, мұндай платформалар түрлі әдіс-тәсілдерді біріктіріп, балаларға қазақ тілін үйретуді жеңілдетеді. “Алматыкітап баспасы” бастамасымен

TopIQ.kz электронды оқулықтар орналасқан платформасында интерактивті тапсырмалар мен бейне және аудио материалдар қоры көп. Платформаның артықшылығы кез келген гаджетке жүктемей-ақ жұмыс жасау мүмкіндігі қарастырылған. Бұл білім алушының тек мектепке қана емес, сонымен бірге, қашықтан оқу кезінде де пайдалануға қолайлы. Педагогтер мен білім алушыларға TopIQ.kz платформасына Kundelik.kz порталынан тікелей өте алатындығы ұтымды. Өз тәжірибемде үнемі қолданып отырамын. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушылары үшін пайдалы болатын бірнеше цифрлы платформаларды ұсынғым келеді.

BilimLand — білім беру платформасы, онда әртүрлі пәндер бойынша сан алуан видеосабақтар, тесттер және интерактивті тапсырмалар ұсынылады. Қазақ тілі бойынша жеке курстар мен жаттығулар да бар. Оқушылар үшін арнайы дайындалған мультимедиялық материалдар қазақ тілінің грамматикасын, лексикасын және орфографиясын игеруде көмектеседі. Бұл платформа балалардың ойын арқылы білім алуына мүмкіндік береді.

Mekter — бұл еліміздегі мектептерге арналған онлайн білім беру ресурсы. Мұнда қазақ тілінен түрлі сабақтар, әдістемелік ұсыныстар мен жаттығулар бар. Платформада оқушылардың деңгейіне сәйкес, қазақ тілін үйренуге арналған интерактивті тапсырмалар ұсынылады. Сонымен қатар, бұл ресурста оқушылар мен мұғалімдер арасындағы кері байланысты тиімді түрде ұйымдастыруға болады.

Smartbilim — бұл онлайн білім беру платформасы, онда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша дайындалған арнайы бағдарламалар мен видео-сабақтар бар. Платформада тапсырмаларды орындау, тесттерді шешу арқылы оқушылардың білімін бағалауға болады. Балаларға қазақ тілінде оқытатын мультимедиялық материалдар мен интерактивті ойындар ұсынылады[6].

Қорытынды. Цифрлы платформаларды қолдану – көрінетін прогресс. Оқушылардың қазақша сөйлеу дағдысын дамыту үшін сөйлеудің дұрыс үлгісін көрсету керек. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдысын дамыту үшін: сөзді, сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйрету, мәтінді, өлең сөздерді айтқанда дауыстың анық болуын қадағалау, сұрақтарға жауап беру, дұрыс сөйлеуге үйрету, сұрақ қоя білу мен әңгімені бастау, жалғастыру, аяқтай білу қабілетін қалыптастыру сияқты жұмыстар қатар жүргізіледі. Сондай-ақ берілген мәтіннің мазмұнын айту мен сөйлеу үлгілерін сауатты түрде құрастыра білуге, диалог арқылы сұхбаттасу сияқты жұмыстар кеңінен жүргізіледі. Цифрлы платформаларды қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу ерекшелігі күннен күнге дамып, жан-жақты артып отырады. Цифрлық білім жағдайында бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілін меңгертудің білім беру үдерісінде еніп жатқан цифрлы платформаларды басшылыққа алып, практика жүзінде ауызша сөйлеуді іске асыруға болады. Балалар сөйлеу арқылы өз ойындағысын жеткізу үшін, ең біріншіден, оқушылардың сөздік қорын байытып, содан соң жаңа өткен сөздердің есте сақтап және де әр жағдайда қандай мағынаны беретінін түсіндіру қажет. Содан соң осы жаңа сөздері бар YouTube білім беру каналдарынан материалдар көрсету, өлеңдер тыңдату, диалог және монолог құрастыру арқылы жұмыстар жүргізуге мүмкіндік беретіндігі айқындалды.

Жоғарыдағы талдауларды қорыта келе, келесідей ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беруге болады:

- цифрлы платформалар арқылы қазақ тілін меңгертудің әдістемесін 1-4 сыныптар аралығында жүйелі дайындау;
- цифрлы платформаларды бастауышта басқа да пәндерді оқытуда пайдалануды тәжірибеге кең талдаулармен енгізу.

Қазақ тілі сабағында цифрлы платформаларды қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының қазақша сөйлеуінің барлық мүмкіндіктерін теориялық және әдістемелік тұрғыда негіздеп, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында дәлелденді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» ҚР Президентінің Жолдауы 2020 жылғы 1 қыркүйек №700 Заңы («Егемен Қазақстан» 02.09.2021 ж., №165 (30144)). (қаралған күні 06.02.2024ж)

2. Қазақстан білім туралы заңы №319-III, 27 шілде 2007 жыл, ҚР 2018 жылғы 4 сәуірдегі №171-VI Заңын қараңыз (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген), (2011.10.24 № 487-IV).(қаралған күні 09.01.2024ж)

3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы

4. Кырбасова Э.А., Кеңесбаев С.М., Дюскалиева Г.У. ЖОО педагогикалық мамандықтарының бітіруші курс студенттерінің АКТ сауаттылығы //Вестник Казахского национального женского педагогического университета. –2019. –№. 1. –С. 7-11.

5. Баймұханов Б.Б., Барсай Б. Оқытудың жаңа технологияларының негізгі ерекшеліктері // Журнал «Бастауыш мектеп».–2000.–№8-9. –Б. 3-7.

6. Сардарова Ж.Ы. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы мен практикасы. пед. ғыл. док. ... дис.: 13.00.02. –Алматы, 2008. –34 б.

ӘОЖ 37.025:81; 004

БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Примжарова Р.Ж. п.ғ.магистрі

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі

E-mail: raihaan_baik.93@mail.ru

Аннотация

Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларды түзетуде цифрлық технологиялардың заманауи үлгілері, арнайы жобалар, тиімді әдістер ұсынылған.

Тірек сөздер: ерекше білім беруді қажет ететін балалар, цифрлық технология, платформа, инновациялық тәжірибе.

Аннотация

Представлены современные модели цифровых технологий, специальные проекты, эффективные методы для коррекции детей с нарушениями речи

Ключевые слова: дети с особыми образовательными потребностями, цифровые технологии, платформа, инновационная практика.

Annotation

Modern models of digital technologies, special projects, effective methods are presented in the correction of children with speech disorders.

Key words: children with special educational needs, digital technologies, platform, innovative practice.

Қазіргі ақпараттық қоғам талабына сай оқу үдерісінің тиімді ұйымдастырылуына ықпалын тигізумен бірге, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыра алатын құзыретті маман тұлғасын дайындаудың құралына айналып отыр. Цифрлық білім беру ресурстары дидактикалық мақсатқа жетуге немесе белгілі бір оқу міндеттерін шешуге бағытталған дайын интерактивті мультимедиялық өнім болып табылады. Қазіргі таңда – бұл ақпараттық білім беру ортасына қызығушылықты тудырумен қатар ақпаратқа қолжетімділік дәрежесін қамтамасыз ету және білім сапасын арттыру. Сонымен қатар, инклюзивті білім берудің қарқынды түрде жүзеге асу жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды білім беру процесіне ендіруге қажетті жағдайлар мен білім сапасын қамтамасыз етуде ақпараттық

коммуникациялық технологиялардың ерекшелігі мен маңыздылығы зор. Өйткені, заманауи цифрлық білім беру ресурстары білім беру процесінің барлық субъектілерінің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оның инклюзивті білім беру ортасы үшін де маңыздылығы артуда. [1]

Цифрлы білім беруде негізгі мақсаты – платформалар арқылы оқушылардың танымдылық белсенділігін, білім беру сапасын арттыру, оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру, оқу-білім беру процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, жаңашылдықтың танымдылығын, сапалы білім беру. [2]

Бүгінгі жаңа қоғам мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша, өйткені, ХХІ ғасырдың өскелең ұрпағынан үлкен үміт күтілуде. Соған сәйкес білім беру жүйесінде жаңа инновациялық технологиялар пайда бола бастады. Жаңа технологиялар сан түрлі оны игеріп қолдану мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Ізденімпаз педагогтың шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Қазіргі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдарды, цифрлы палтформаларды меңгерген, тұрақты өзін - өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, бәсекеге қабілетті, кәсіби шебер, шығармашыл тұлға деп білемін.

Цифрлық қоғамдағы білім берудің жаңа талаптары мен міндеттер заманауи трендтер мен инновациялық тәжірибелерге білім беру мазмұнындағы өзгеріс:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;

оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор. [3]

Цифрлық технологияның мақсаты:

* Жедел құрал. Ақпаратты ұсынуда бірнеше құралдарды бір уақытта қолдану, графика, мәтін, бейне, фотосурет, анимация, дыбыстық эффектілер, жоғары сапалы дыбыстық сүйемелдеу;

* Қолжетімділік. Цифрлық білім беру ресурстарының қолжетімділігі. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға, сөйлеу тілінде бұзылысы бар, әсіресе, үй жағдайында оқытылатын білім алушылар үшін өте маңызды.

* Заман талабына сай мүмкіндіктерді пайдалана отырып, дидактикалық мақсатқа жетуге немесе белгілі бір оқу мәселелерін шешуге бағытталған толық интерактивті мультимедиялық өнім;

* Цифрлық 3д бейнелі көрнекі құрал ретінде қолдану, шығармашылық сипатта болуын ұйымдастыру, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын айтарлықтай арттыру, қосымша ақпараттар алу мүмкіндігі; [4]

Сөйлеу тілінде бұзылысы бар, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуда цифрлық технологияларға негізделген тиімді жобалар:

«Balatili.kz» жобасында үш жастан асқан балаларға, сонымен қатар бала тәрбиесі мен оқытуды жүзеге асырушы тәрбиешілер мен мұғалімдерге, ата-аналарға арналады. Сайт интуитивті іздеу жүйесі мен ыңғайлы навигация жүйесі бар онлайн платформа негізінде жұмыс істейді. «Balatili.kz» сайтында сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларды түзетуде дыбыс пен әріп, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін, тұрақты сөз тіркестеріне қатысты дидактикалық оқу материалдары, сонымен бірге балалардың тілдік, жазу және көркем жазу, оқу дағдыларын қалыптастыру мақсатындағы оқыту материалдары қамтылады. Оқыту мен түзете- дамыту негізінде құрылатын қазақ тілін оқытуға бағытталған кеңістік жеке немесе топпен, білім беру мекемесінде немесе үйде қолдануға болатын интерактивті мультимедиа мазмұнды құрайды. Баланың жеке өзіндік жұмыс істеуіне арналған жұмыс парақтары, ұстаздар мен тәрбиешілерге, ата-аналарға әдістеме парағы ұсынылады. Лингводидактикалық мақсаттарына сәйкес оқыту материалдары мазмұны мен нысанына байланысты бірнеше

топқа топтастырылады. Олар: «Әріп», «Дыбыс», «Сөз», «Сөйлем», «Сөз тіркестері», «Мәтін», «Санамақ», «Шығармашылық жұмыс», «Әдістемелік бұрыш».[5]



«Бала сөйле» жобасы- қосымшада оқу тапсырмалары берілген, олардың мақсаты сөздік қорды байыту,грамматикалық дұрыс сөйлеуді дамыту. [5]



«Ғажайып қазақ тілі» жобасы- мектеп жасындағы балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін дамытып, лексикалық тақырыптарды меңгертуге арналған ойындар жинағы.



«Ozim Platform» жобасы – бірегей өнім, Android және IOS негізінде жұмыс істейтін қолданба. Ол миллиондаған жас ата-аналарға балаларының даму кезеңдері туралы білуге, ал ерекше бала тәрбиелеп отырғандар ата- аналарға балаларын қоғамға бейімдеуге және мейлінше ертерек диагнозбен күресу шараларын қолдануға көмектесе алады.



«Kiddos» дамытушы оқу қолданбасы- әртүрлі жастағы балаларға арналған және даму кезеңдері бойынша бейімделген ойындардың барлық түрлері жиналған, сондықтан балалар қызығушылық танытады. Балаларға арналған оқу қолданбасында сандар мен түстерді үйренуден бастап, пішін сәйкестігі, жануарларды тану, музыкалық сүйемелдеу, сурет салу, шығармашылық даму, геометриялық фигураларды тану жүйесіне дейін барлығы бар.



«Quiver.com» дамытушы оқу қолданбасы- арнайы педагог түзете- дамыту сабақтарында лексикалық тақырыптарға қолдануға болатын кескіндерді жандандыруға арналған қолданба. Түзету сабақтарға керекті кескінді пайдаланып, жандандырып, қызықты етіп ұйымдастыруға болады. Жұмыс барысы:

- қажетті бейнені жүктеп, шығарып алыңыз;
- қалаған түстеріңізге бояп, қиялыңызға мүмкіндік беріңіз;
- қолданбаны пайдаланып дайын болған суретті сканерлеңіз;

- бейнені жандандырыңыз; [5]



«Wunderkiddy» дамытушы сайт- балаларға, мұғалімдерге және ата-аналарға арналған дамытушы дайын жұмыс парақтары берілген сайт түріндегі жоба. Түрлі танымдық ойындар мен оқу метариалдарының электронды түрі. Ата-аналарға да үй жағдайында тиімді әрі тез қолдана алатын дидактикалық оқу материалдары қамтылған. [5]



«Musical tracing map» «Моцарт» нейро-сергіту әдісі- ғалымдардың зерттеуі бойынша Моцарт туындыларының шипалық қасиеттері бар. Осыдан біршама уақыт бұрын әлемді таңқалдырған "Моцарт эффектісі" жобасы аз ғана уақытқа болсын оқушылардың интеллектуалдық қасиеттерінің артуына септігін тигізеді. Нұсқаулығы: ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар бейнеде берілген жолды сақтай отырып, музыкаға сәйкес фигуралар мен глифтерді салады. Қайталанатын бөлімдерде бірдей пішіндер беріледі, пішіндерді қайталауда сұқ саусақты, ленталарды, шарфтарды пайдалануға болады. Бейнедегі түстер музыкалық бөлімдерді ажыратуға көмектесу үшін берілген. Жаттығу балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуға, сұқ саусақты көрсету (указательный жест) дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.



Қорыта келгенде, цифрлық технологияның тиімділігі – ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы зор. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Демек, цифрлық технологиялар оқушылар мен мұғалім жұмысын ұйымдастыруда кең мүмкіндіктерге ие, оқытудың әдістерін кеңінен әрі сапалы қолдануға мүмкіндік береді. Әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни цифрлық қоғамдағы білім берудің талаптары мен мүмкін технологияларды толық меңгерген педагог ғана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған даму бағдарламасы.
- 2.«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бағдарламалар
- 3.Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы №4, 2022 ж.
- 4.Элейн Уилсон. Оқыту мен оқу сапасын арттыру үшін сабақтарда сандық технологияларды қолдану / Педагогикалық диалог. №2 (12) 2015 13-17-5.Қазақстан мектебі. №6, 2006 жыл.

5. Сабақта білім беру платформаларын тиімді қолдану жолдары Educaplay (<https://www.educaplay.com/>) - интерактивті тапсырмаларды жасауға мүмкіндік беретін онлайн қызмет.

ӘОЖ 37:159.9

ФАСИЛИТАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТОПТЫҚ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Токмырзаева Г.Е., докторант

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: gtokmyrzaeva@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада болашақ педагогтердің сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, оқытудың мазмұнын, нысанын және оқыту әдістерін таңдауға кеңінен мүмкіндік беру туралы баяндалады. Жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін кәсіби құзыреттілігі жоғары маман болуға жол ашады. Топ ішіндегі жүргізілген жұмыстар, мұндағы қол жеткізілген барлық нәтижелер топтың бірлесіп атқарған жұмысының жемісі болып табылатыны сөз етіледі.

Тірек сөздер: Фасилитация, фасилитациялық құзыреттілік, болашақ педагог-фасилитатор, әдістер, топтық жұмыстар

Аннотация: В данной статье описано, как удовлетворить интересы будущих учителей в получении качественного высшего образования, предоставляя широкую возможность выбора содержания, формы и методов обучения. Формирование новой национальной модели откроет путь к тому, чтобы стать высококвалифицированными специалистами, которые будут воспитывать и воспитывать будущее поколение, мыслящее по-новому, обладающее развитой культурой и сознанием. Работа, проводимая внутри группы, все достигнутые здесь результаты являются результатом совместной работы группы.

Ключевые слова: Фасилитация, фасилитационная компетенция, будущий педагог-фасилитатор, методы, групповая работа

Annotation: This article describes how to satisfy the interests of future teachers in obtaining quality higher education, providing a wide opportunity to choose the content, form and methods of teaching. The formation of a new national model will open the way to becoming highly qualified specialists who will educate and educate the future generation, thinking in a new way, possessing a developed culture and consciousness. The work carried out within the group, all the results achieved here are the result of the joint work of the group.

Key words: Facilitation, facilitation competence, future teacher-facilitator, methods, group work.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Жоғары білім берудің мақсаты - қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын, нысанын және мерзімдерін таңдауға кеңінен мүмкіндік беру», -деп атап көрсетілген[1].

Қазіргі кезеңдегі қазақстандық жоғары білім құзыреттілікке негізделген оқыту моделімен айқындалады, мұнда орталық тұлғалар оның танымдық іс-әрекетінің субъектісі ретінде білім алушы (студент) және өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыруды қамтамасыз ететін фасилитатор (мұғалім) болып табылады. Нәтижесінде болашақ мұғалімдердің пәндік құзыреттіліктерін түрлендіру студенттер арасында кәсіби іс-әрекеттің жеке стилін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік беретін фасилитация құзыреттілігін дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Фасилитация терминін енгізетін, осы механизмді сабақтарда қолданатын және оны жоғары тиімді деп санайтын Карл Роджерс «... мен фасилитация арқылы берілетін білімді өзіміз өмір сүруді үйренетін және білім алушының дамуына ықпал ететін процесс ретінде қарастырамын. Менің ойымша, оқытудың ілгерілетуші түрі өзгермелі процесте болуға, тырысуға, құрастыруға және осы күндері адамзат алаңдатып отырған маңызды сұрақтарға икемді жауаптар табуға мүмкіндік береді[2].

Фасилитациялық құзыреттіліктің қалыптасуының жоғары деңгейі бар педагогтар өз жұмысында субъект-субъектілік өзара іс-қимылды ұйымдастыруға бағдарланған, онда педагог пен білім алушылар бірлескен қызметке белсенді және саналы түрде бағдарланған тұлға ретінде әрекет етеді. Педагогтер білім алушылардың танымдық қызметке деген қызығушылығын қалыптастырады, субъектілік тәжірибесін оятады, өзектендіреді. Осындай ұйымдық нысандарды пайдалана отырып, білім алушылар өзін-өзі рефлексияға, сананы өзін-өзі ұйымдастыруға (әңгімелер, пікірталастар, іскерлік ойындар, миға шабуыл, конференциялар және т. б.) әлеуетін бастайды. Жоғарыда аталған тұжырымдар: фасилитатор – бұл мамандық емес, мұғалімнің психологиялық көзқарасы немесе оның құзыреті екенін көрсетеді. Оның функциясы – ұжымдық жұмыс және ұжымдық өзара әрекеттесу мұғалімнің арнайы әрекеттері арқылы ұйымдастырылады. Педагог бейтарап позицияны шебер қабылдауға тырысуы керек, сол арқылы ол білім алушыларды қажетті даму жолына бағыттау функциясын орындай алады. Бұл жағдайда мұғалімнің фасилитациялық қызметінің тиімділігі оқушылармен қарым-қатынас орнату қабілетіне байланысты. Бұл ретте белгіленген нормаларға емес, білім алушының жеке қажеттіліктері мен даму ерекшелігіне баса назар аударылады.

Фасилитация – бұл топтың мақсаттарын нақтылауға және оған жетуге бағытталған топтық жұмыс процесін кәсіби ұйымдастыру. Фасилитация процесі топтық жұмыстың тиімділігін арттыруға, қатысушылардың қатысуы мен қызығушылығын арттыруға, олардың әлеуетін ашуға әкеледі. Фасилитация адамдар топтық жұмыста, жобалық топта немесе кездесу кезінде ортақ мақсатқа жетуге ұмтылған жағдайда қажет. Фасилитацияның тағы бір анықтамасын Роджер Шварц берген, оның ойынша: «Топтық фасилитация – бұл таңдауы топтың барлық мүшелері үшін қолайлы, жеткілікті бейтарап және шешім қабылдауға жеткілікті күші жоқ тұлға, қажеттілікті диагностикалайды және топқа проблемаларды анықтау мен шешуде және топтың тиімділігін арттыру үшін шешім қабылдауда көмектесу үшін араласады» [3].

Мак Лэйш, Матерсон және Ванд Парктың пікірінше, топ мүшелерінің топтық жұмыстағы өзара әрекеті келесі элементтерді қамтиды:

- мінез-құлықтың аффективті немесе эмоционалдық компоненттері;
- когнитивтік немесе интеллектуалды компоненттер;
- вербалды емес немесе көптілді компоненттер;
- коммуникация мазмұнының құрамдас бөліктері;

• тұлғалық байланыстармен анықталатын мінез-құлықтың социологиялық немесе сегменттері[4].

Сонымен, фасилитация – ұйым үшін маңызды міндеттерді талқылауды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін топтық жұмыс. Оның артықшылығы – барлық нәтижелер мен қол жеткізілген келісімдер топтың бірлескен жұмысының жемісі болып табылады, яғни қатысушылар шешім қабылдау және оны жүзеге асыру үшін жеке жауапкершілікті сезінеді және қабылдайды. Бұл әдіс демократиялық және ынталандырушы болып табылады және қатысушыларға шешім қабылдауға еркіндік береді.

Фасилитация дау, пікірталас, қарапайым пікір алмасу, әкімшілік шешім, ерікті бұйрық сияқты мәселелерді шешудің кеңінен қолданылатын, бірақ жеткіліксіз нәтижелі тәсілдерін біртіндеп қатыстырады. Педагог - фасилитатор оқу мақсаттарын қою кезінде және білім беру өнімін бағалау кезінде білім алушылардың дербестігі мен жауапты бостандығын "арандатады", дербес және мағыналы оқу үшін қолайлы жағдайлар жасайды, танымдық мотивтерді, қызығушылықты белсендіреді және жеңілдетеді, танымдық іс-әрекетте

ынтымақ пен кооперация көріністерін ынталандырады, білім алушының белсенді жеке ұстанымын дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Фасилитациялық жұмыстар топ үшін маңызды болып табылады, ондағы міндеттерді талқылауды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Топ мүшелері шешім қабылдауда және оны жүзеге асыруда жауапкершілікті сезінеді, мұндағы қол жеткізілген барлық нәтижелер топтың бірлесіп атқарған жұмысының жемісі болып табылады. Фасилитациялық жұмыстарды атқарғанда қатысушылар еркін түрде шешім қабылдай алады. Педагог-фасилитатордың міндеті болып барлығына жақсы ойлауға көмектесу айтылады. Мұны істеу үшін, фасилитатор жан-жақты қатысуды ынталандырады, өзара түсіністікке ықпал етеді және жалпы жауапкершілікті дамытады. Әркімді қолынан келгеннің бәрін жасауға қолдау көрсету рефлексия арқылы фасилитатор топ мүшелеріне шешімдер және тұрақты келісімдер жасасуға мүмкіндік береді.

Топ жеке білім мен дағдыларды меңгеруге, жетілдіруге және біріктіруге болатын неғұрлым әртүрлі әлеуметтік ортаны қамтамасыз етеді. Егер екі адам арасында қарым-қатынастың бір түрі пайда болса, онда топ мүшелер арасындағы әртүрлі қарым-қатынастардың тұтас жиынтығын сақтайды және дамытады, оның ішінде қабылдамау мен алып тастау.

Топтық жұмыстарды ұйымдастыруда педагог-фасилитатордың ең маңызды қасиеттері: топ динамикасын басқару дағдылары; басқаларды тыңдау және олардың пікірлерін үкімсіз қабылдау қабілеті; топ мүшелеріне сұрақты дұрыс қоя білу; ақпаратты құрылымдау және қорытындылау қабілеті.

Топ мүшелерінің жеке қасиеттері, құзыреттілігі, өнімділігі, амбициясы, жаңашылдығы және басқа критерийлердегі жеке айырмашылықтары топ мүшелерін салыстыру, өзін-өзі бағалау және өзара бағалауда жан-жақтылықты қамтамасыз етеді. Осылайша, топтағы қарым-қатынастардың әртүрлілігі мүшелерге топ болмаған кезде шындыққа жанаспайтын оқу және даму үшін маңызды мүмкіндіктер береді. Топта қоғамдастық, қатысу, көмек және қолдау атмосферасы қалыптасады, бұл жеке адамның қосымша күш-жігерге дайындығы мен жүктелген міндеттерді орындау кезінде тәуекелге баруының маңызды факторы болып табылады. Әр мүшеге топ мүшелігіне және өзара көмек көрсетудің ерекше ахуалына байланысты белгілі бір деңгейде қолдау көрсетіледі. Топ мүшелері бір-біріне деген қоғамдық құрмет пен мінез-құлықты мақұлдайды, бұл адамдардың өзін-өзі бағалауы мен өзіне деген сенімділігін дамытуға негіз болады.

Егер педагог өз білім алушыларының беделіне ие болмаса, онда тіпті тәрбиелік әсердің әртүрлі әдістері мен әдістерін жоғары деңгейде меңгеру оқу процесін тиімді ете алмайды. Білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдар мен әдістер табуға дағдыланған болашақ педагог нәтижеге бағдарланады.

Фасилитатор – педагог фасилитациялық құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезеңдеріне реттілік тағайындайды. Олар келесі кезеңдер:

- Мақсатты, қалаған нәтижелерді, қатысушылардың тізімін, процестің форматын анықтау.

- Логикалық талқылаудың анықтамасы: мәселеден, қойылған тапсырмадан, нақты жағдайдан және т.б.

- Негізгі сұрақтар тізімін құрастыру.

- Қажетті әдістер мен әдістерді таңдау, жоспарды әзірлеу, уақытты белгілеу.

- Фасилитация үшін функционалды және сонымен бірге шығармашылық процеске қолайлы кеңістік дайын болуы керек.

- Өткізу: кіріспе, негізгі кезең, қорытынды кезең.

Педагог-фасилитатор сонымен бірге тиімді шешім қабылдау процесін құру үшін бүкіл процесті басқара алатын болу қажет. Оның әсер ету аймағы келесі аспектілерді қамтиды:

- топты тақырып пен мақсатқа бағыттау;

- ақпараттар мен пікірлерді жинау;

- түсіну үшін топтық талқылау және нәтижелерін жазу;
- нәтижеге қол жеткізу және шешім қабылдау;
- топ динамикасын басқару (жұмыс атмосферасын құру, әрбір қатысушыны тарту, конструктивті емес мінез-құлықты басқару, топтағы энергияны сақтау).

Педагог-фасилитатор жеке адамдар тобымен айналысатындықтан, екі шындыққа тап болады және олармен жұмыс істейді: индивидтер (тұлғалық ерекшеліктерімен, мотивациясымен, мүдделерімен) және ішкі топтық процестер мен әсерлер (позициялау, көшбасшылық, коммуникация, топтастыру, қақтығыстар және т.б.).

Фасилитатор жеке білім алушылардың және топтың конструктивті емес мінез-құлқымен жұмыс жасайды. Конструктивтік емес мінез-құлық - бұл қатысушының қолданылып жатқан процеске, жиналыстың мазмұнына немесе сессияға қатысы жоқ сыртқы факторға саналы немесе бейсаналық түрде наразылығын көрсететін кез келген әрекеті. Ал, жүргізушінің іс-әрекеті: саналы түрде алдын алу, ерте анықтау, нақты шешу! Өйткені, фасилитатордың міндеті конструктивті пікірталас процесін құру болып табылады және кез келген конструктивті емес мінез-құлық оны бұзады, топтың назарын аударады және топтың мәселелерді шешуге көшуіне мүмкіндік бермейді.

Топ динамикасын басқарудың тағы бір аспектісі - процестегі энергияны жоғары деңгейде ұстау. Жоғары энергия тақырыпқа қуат беріп, қатысушыларды белсенді жұмысқа тартады. Сондықтан, фасилитатор ретінде талқылаудың қарқыны мен ырғағын белгілейсіз, тапсырмадан үзіліс жасайсыз, сонымен қатар уақыт бойынша энергияның табиғи төмендеуін ескереді. Топтағы энергияның төмен кезеңдерінде интерактивті әрекеттерді - топтық жаттығуларда, шағын топтарда, жұптарда, қозғалыстармен жоғары динамикалық фасилитация әдістерін өткізу.

Сапалы нәтижелерге қол жеткізу үшін қолдануға болатын көптеген әдістер бар. Бұл әдістер оқу процесінің мақсатына, шарттарына және білім алушылардың мүмкіндігіне сәйкес таңдалуы керек.

Фасилитациялық әдістері жүзеге асыру түрлері және процеске қалай қолданылу бойынша әдістерді «Барлығы», «Топ», «Барлығы біреуге», «Біреуі бәрі үшін» жіктеуімізге болады. Соңғы жіктеу қосымша түсіндіруді қажет етеді, сондықтан оған тоқталайық. Тони Манн ұсынған классификация:

«Барлығы» – әр адам өз бетінше жұмыс істейді, тапсырманы орындайды және берілген әдісті/әдісті қолданады

«Топ» – топ бірлесе отырып, тапсырманы орындап, берілген әдіс/әдісті пайдаланады.

«Барлығы біреуге» – әркім берілген техниканы/әдісті қолданатын бір адамға өз үлесін айтады

«Біреуі бәрі үшін» – біреу басқалар үшін немесе барлығы үшін тапсырма орындайды[5].

Осындай әдістердің әртүрлі классификациялары бар, мұнда бірнеше мысал келтіре кетсек:

«Келесі жылы дәл осындай уақытта» деп аталатын әдіске мысал келтірсек.

Мақсаты: шешім нұсқаларын құру

Қашан қолдану керек: Бұл әдісті өзгертуге кедергілер еңсерілмейтін болып көрінгенде немесе топтың сенімі төмен болған кезде қолдану пайдалы.

Қолдану жолы:

1. Қатысушылардан қазір дәл осы уақытты, тек бір жылдан кейін екенін елестетуді сұрайды және барлық тілектеріміз орындалды. Алға қойған мақсаттарының әрқайсысы орындалып, нәтиже шындыққа айналды. Өткенге көз жүгіртіп, бұған қалай қол жеткізгендерін сипаттап көреді. Осы уақытта болған оқиға жоспарларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өткен шақты қолданады.

2. Шағын топтарға бөлініп, осы мәселелерді талқылайды.

3. Әр топтан өз әңгімесін басқаларға жасағандай ұсынуды сұрайды.

4. Әр әңгімеде ұсынылған шешімдерді жазып алып және оларға баға береді.

«Модерация карталары арқылы пікірлерді/идеяларды жинау» әдісі

Мақсаты: пікірлер мен идеяларды жинақтау. Бұл әдіс топ мүшелерінің пікірлерін/идеяларын жалпы қарауға шығаруға және кейінірек зерттеуге және процесте пайдалануға мүмкіндік береді.

Қашан пайдалану керек: Көптеген факторлар мен мақсаттарды ескере отырып, кейбіреулері көрінбеуі мүмкін мәселені зерттеуді қажет ететін салаларда қолдануға болады. Әдіс пікір жинау, миға шабуыл, мәселені талдау немесе шешімін табу үшін өте қолайлы.

Қолдану жолы:

1-ші кезең. Таратпа қағаздар арқылы идеяларды жинақтау. Талқыланып жатқан сұрақты немесе мәселені дауыстап айтады (мысалы: оқу процесінде сізді не мотивациялайды?) және анық әріптермен жазылған сұрақты тақтаға іліп қояды. Содан кейін әрбір қатысушыдан сұраққа үнсіз және жеке жауап беруін сұрайды, бірнеше жауап нұсқасы болуы мүмкін. Бұл жағдайда әрбір идея жеке карточкаға, маркермен және үлкен көлемде жазылуы керек. Қатысушыларға модерация карталары мен маркерлерді таратып, бас әріптермен жазуды сұрайды.

Карталарды жинап, араластырады.

2-кезең. Идеяларды топтастыру.

Жүргізуші бұл кезеңнің ережелерімен таныстырады. Дауыс беріп, карталарды бір-бірден көрсетеді. Топ картаның мазмұнын түсінбесе, онда автордан түсініктеме сұраймыз, егер бәрі түсінікті болса, дереу орналастырады. Түсіндіру уақыты 30 секундпен шектелген. Мағынасы ұқсас карточкалар бір топқа орналастырылады. Топтың карта туралы пікірі екіге бөлінсе, картаның көшірмесін жазып, екі топқа орналастырамыз. Соңғы сөз авторға тиесілі.

3-кезең. Топтарға ат қойылады. Жүргізуші топ карталарын оқып шығып, осы топқа ортақ атау табуды сұрайды, топ ортақ шешімге келуі керек. Бәрі тақырыптың нені білдіретінін түсінсе, онда сөздер туралы дау тумайды. Егер топ атауын табу қиын болса, мазмұнды екі немесе одан да көп бөліктерге бөліп, оларға атау беріледі. Аты дөңгелек немесе сопақ пішінді картаға жазылады және карточкалар тобының жоғарғы жағына бекітіледі. Нәтижесінде басында қойылған сұраққа негізгі жауаптар ретінде бірнеше факторлар болады. Содан кейін анықталған факторлардың, проблемалардың және шешімдердің маңыздылығын анықтау үшін рейтингті жасауға болады.

Болашақ педагогтар фасилитация құзыреттілігін қалыптастыруда топтық жұмыс әдістерін қолдану және жоғары сапалы нәтижелерге қол жеткізумен көп мүмкіндікке ие болады. Бұл топ өнімділігіне және топтық шешімдердің сапасына, нәтижесінде жалпы ұйымның тиімділігіне үлкен әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 Қаулысы

2. Роджерс К. Р. Консультирование и психотерапия. Новейшие подходы в психологической практике / К.Р.Роджерс. – М.: Институт общегуманитарных исследований, 2015. – 426 с.

3. Schwarz R. «The Skilled Facilitator: A Comprehensive Resource for Consultants, Facilitators, Managers, Trainers, and Coaches», Jossey-Bass, 2002

4. McLeish J. Matherson, Wand Park J. «The Psychology of the Learning Group», Hutchinson, London, 1973

5. Mann T. «Facilitation – a Manual of Models, Tools and Techniques for effective group working», Resource Productions, 2007

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ахамбаева Жадра Тлеуғабылқызы магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті

Жетекшісі Шаушекова Баян Қырықбаевна п. ғ.д. қауымдастырылған профессор

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті

E-mail: ahambaeva@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада цифрландырудың бастауыш білім беру саласындағы экологиялық сауаттылықты қалыптастыруға әсері, қолданылатын құралдар мен әдістердің тиімділігі қарастырылады. Мақалада экологиялық білім беру үшін цифрлық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану арқылы оқу процесін жақсартуға, экологияға жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған ұсыныстарды ұсынады.

Тірек сөздер:

Бастауыш мектеп, экологиялық сауаттылық, экологиялық білім беру, цифрландыру, цифрлық құралдар, интерактивті әдістер, платформалар, қоршаған орта, табиғатты қорғау, экологиялық мәселелер.

Аннотация

В данной статье рассматривается влияние цифровизации на формирование экологической грамотности в сфере начального образования, эффективность применяемых средств и методов. В статье представлены рекомендации, направленные на улучшение учебного процесса, формирование ответственности за экологию за счет использования возможностей цифровых ресурсов для экологического образования.

Ключевые слова

Начальная школа, экологическая грамотность, экологическое образование, цифровизация, цифровые инструменты, интерактивные методы, платформы, окружающая среда, охранять природу, экологические проблемы.

Annotation

This article discusses the impact of digitalization on the formation of environmental literacy in the field of primary education, the effectiveness of the tools and methods used. The article presents recommendations aimed at improving the educational process through the use of the capabilities of digital resources for environmental education, the formation of responsibility for Ecology.

Key words:

Primary school, environmental literacy, environmental education, digitalization, digital tools, interactive methods, platforms, environment, conservation, environmental issues.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Үкімет 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын бекітті. Бұл тұжырымдама экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған кешенді тәсілдерді қамтиды. Оның басты бағыттары – экологиялық ойлауды қалыптастыру, жауапты экологиялық мінез-құлықты дамыту және оны ынталандыру, сонымен қатар экологиялық білім беру мен ақпараттандыру шараларын іске асыру.^[1]

Тұжырымдамаға сәйкес, негізгі мақсат халықтың экологияға қызығушылығын арттыру, экологиялық әдеттерді қалыптастырып, экологиялық іс-әрекетке ынталандыру болып табылады. Білім бастауы, бастауыш сыныптан басталады. Ең алдымен оқушылар бастауыш мектепте барлық бағыттардан білім ала бастайды, сонымен қатар олардың экологиялық сауаттылығы артуына баса назар аударылады. Әртүрлі тапсырмалар, жаттығулар, әдістер арқылы жүзеге асады. Қазіргі таңда білімді цифрландыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Себебі цифрландыру құралдары арқылы оқушылардың

оқуға деген қызығушылықтары оянып, оқу нәтижелері жоғарылайды. Осы бағыт Ресей зерттеушілердің еңбектерінде баса назар аударылған.

Миронов А.В. «Кіші мектеп оқушыларына экологиялық білім беру» еңбегінде экологиялық білім берудің теориялық негіздері, маңыздылығы, қоршаған ортаға байланысты экологиялық мәселелерді шешу әдістері мен мұғалімнің ескеретін аспектілері жазылған. Сонымен қатар балаларға экологиялық білім беруге арналған диагностикалық материалдар ұсынылған. Бұл еңбекте экологиялық білімге байланысты негізгі сұрақтардың жауаптары, сыныптар бойынша экологиялық білімнің дамуы, негізгі пәндер, оның ішінде, математика, дүниетану, көркем еңбек пәндерінде экологиялық білімнің жүзеге асуы талқыланады.

Бұл еңбекте қарастырылатын негізгі мәселелер:

- Оқушылардың табиғатпен қарым-қатынасының жас ерекшеліктері қандай және бұл ерекшеліктерді оқу процесінде қалай ескеру керек.
- Экологиялық білім берудің жалпыға бірдей оқу іс-әрекетін қалыптастырумен байланысы.
- «Қоршаған әлем» пәнін оқу барысында экологиялық көзқарастың жүзеге асуы.
- Сыныптан тыс жұмыстарда экологиялық білімнің мүмкіндіктері.
- Қазіргі жағдайда бастауыш мектеп пен мектепке дейінгі және жалпы білім беру арасындағы экологиялық білімнің сабақтастығы мәселелерінің шешілуі.^[2]

Қазіргі таңда бастауыш білім беруді цифрландыру өзекті мәселелердің бірі. Бұл оқу процесінің сапасын арттырып, оқытудың тиімділігін жоғарылатады. Қазіргі инновациялық технологиялар арқылы оқыту әдістері жаңарып, оқу нәтижелерінің жақсаруына ықпалын тигізуі мүмкін. Цифрлық материалдар электронды түрде беріледі, ол документ, аудиожазба, бейнежазба немесе платформа түрінде берілуі мүмкін.

Цифрлық құралдар әртүрлі салаларда қолданылады. Білім беру процессінде цифрлық құралдар оқыту процесін жетілдіруге көмектеседі.

Білімді цифрландыру әртүрлі компьютерлік оқыту ойындары, интерактивті тақталар арқылы жүзеге асады. Компьютерлік дидактикалық ойындарды пайдалануды зерттеу аясындағы ғылыми зерттеулер ақпаратты ұсынудың және алынған білімді бекітуде үлесін тигізеді. Цифрландыру аясында мультимедиялық әдісті қолдану мыналарға ықпал ететінін көрсетті:

- Балалардың одан әрі оқу іс-әрекетіне қажетті интеллектуалдық дамудың белгілі бір деңгейіне жетуін қамтамасыз ету: теориялық ойлаудың алғышарттары дамып, балаларға жағдайды болжауға мүмкіндік береді; бала жоспарлауды, қарапайым оқиғалардың логикасын құруды үйренеді, іс-әрекеттің нәтижесін болжау қабілетін дамытады.

- Баланың оқу іс-әрекетіне деген ынтасын күшейту.
- Оқытуды дараландыруды жүзеге асыру, процесте баланың өзін-өзі бақылауы.

Компьютерлерді пайдалану барысында бірнеше қиындықтар кездеседі:

- Топтағы балалардың санына байланысты дербес компьютерлердің болуы, компьютерлік сыныптардың жабдықталуы үлкен қаржылық шығындарды тудырады.
- Компьютерлік ойындар процесінде балалар тобының бірлескен іс-әрекетінің мүмкіндігінің болмауы, мұғалімнің бір уақытта бүкіл топпен жұмыс істеуіне, барлық топтағы балалардың ойын процесін бірден үйлестіруге мүмкіндіктің болмауы.^[3]

Бастауыш мектеп оқушыларының экологиялық сауаттылығын арттыруға көмектесетін бірнеше цифрлық құралдарға тоқталып кетсек:

- Электронды оқулықтар, ресурстар – оқушыларға табиғат құбылыстары, өлі және тірі табиғат, экологиялық сауаттылыққа байланысты түрлі ақпарат, мәтіндер беріледі. Оның ішінде: Wikipedia, Yandex, Google сайттары жедел жұмыс жасайды

- Youtube, TikTok, Instagram – әлеуметтік желілері, мұнда әртүрлі табиғатты қорғауға, сақтауға, аялауға байланысты видео және жобалар жарияланады.

- Quiziz, LearningsApps. Kahoot, Wordwall – оқушылардың экологиялық сауаттылығын бақылауға, бағалау кезінде, өтілген тақырып бойынша кері байланыс жасауға арналған платформалар.

- Microsoft Power Point, Canva, Prezi – презентация арқылы экологиялық сауаттылықты тереңірек арттыруға байланысты мәліметтерді интерактивті түрде беру құралдары. Оның тиімділігі: қысқа, нақты, қызықты, әртүрлі дизайн мен шаблондар арқылы берілуі.

Қорыта келгенде, біз үшін цифрлық құралдар мен экологиялық сауаттылық маңызды орын алады. Себебі, цифрлық құралдар көптеген экологиялық мәліметтерді жылдам уақытта тауып, оны зерттеп, талдап, қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әртүрлі интерактивті әдістер, платформалар арқылы оқушыларға экологиялық білім беріп, олар қызықты тапсырмаларды орындай отырып, кері байланыс жасау арқылы олардың өмірлік ұстанымындағы экологиялық бағытты дамытуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Үкімет 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасы.
2. Экологическое образование младших школьников: учебное пособие для вузов/ А.В. Миронов, - Москва. 2024.-263с.
3. Учебно-методическое пособие «Использование информационно-коммуникационных технологий и применений электронного образовательного ресурса «Экология вокруг нас» в формировании экологической культуры детей дошкольного возраста»/ Авторский коллектив: О.А. Кичатова, С.И. Семкина, О.И. Овчинникова, Г.Р. Бикбаева, Н.В. Бородина, Т.А. Горина, Т.С. Живоченкова, Е.Ф. Куличкина, А.А. Нягашкина-2017

ӘОЖ373.3:37.016:811.512.122:81'36

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аскарова Мулдир. Бастауыш сынып мұғалімі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
E-mail:ascarova.muldir401@mail.ru

Аннотация : Бұл мақала бастауыш сынып оқушыларының синтаксисті оқытуда оқушылардың қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыруды дамытуға арналған. Мақалада тақырыптың өзектілігі, «айтылым», «жазылым», «мәдени қатысым», «синтаксис» ұғымдары, сондай-ақ, қатысымдық құзіреттілікті дамытудың жолдары қарастырылған.

Аннотация: Эта статья посвящена развитию коммуникативной компетенции учащихся начальных классов в процессе обучения синтаксису. В статье рассматриваются актуальность темы, а также такие понятия, как «речь», «письмо», «культурная коммуникация», «синтаксис», а также пути развития коммуникативной компетенции.

Annotation: This article is dedicated to the development of communicative competence in elementary school students through the teaching of syntax. The article addresses the relevance of the topic, as well as concepts such as "speech," "writing," "cultural communication," and "syntax," along with ways to develop communicative competence

Тірек сөздер : синтаксис, тілдік модельдер, қатысымдық құзіреттілік, сөйлем құрылымы, тілдік білім

Ключевые слова: синтаксис, языковые модели, коммуникативная компетентность, структура предложения, языковое знание

Keywords: syntax, language models, communicative competence, sentence structure, linguistic knowledge

Бастауыш сыныпта синтаксисті оқытуда оқушылардың қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру маңызды білім берудегі маңызды мақсаттардың бірі болып табылады.

Қатысымдық құзіреттілік – бұл оқушының тілдік нормаларды, сөйлеу мәдениетін меңгеру, сөз мағынасын, тіл арқылы өз ойын дұрыс жеткізу қабілетін дамыту. Синтаксис – сөз тіркесімен, сөйлем құрылымының құрамындағы сөздердің ретін зерттейтін тіл білімінің саласы болып табылады. Синтаксистік дағдыларды меңгеру оқушылардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Қазіргі уақытта оқушылардың ақпараттық, танымдық, проблеманы шешу құзіреттіліктерін меңгеру арқылы қалыптасатын функционалдық сауаттылығы білім берудің түпкі нәтижесі болып отыр. Оқушының алған білімін тәжірибелік, қолданбалық сипатын арттыру жолымен жүзеге асатыны белгілі. Оқушы сауаттылығының негізі бастауыш сыныпта қалыптасатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы негізгі пәндерді – «Әліппе», «Қазақ тілі» пәні бойынша білім берудің мақсаты- оқушының қатысымдық сауаттылығын қалыптастыру: тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын меңгерту. Қазақ тілі синтаксисін оқыту мәселесі. А. Байтұрсыновтың қазақ тілі синтаксисі туралы тұжырымдары оны оқыту жөніндегі соны пікірлер болып табылады. Тілші синтаксистің теориясын бір жүйеге түсірумен қатар, оны меңгерудің жолдарын ұсынды. «Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» деп, сөйлемнің қатысымдық қызметін айқындады. Синтаксистің әр саласы туралы теориялық материалдардан кейін практикалық жұмыстарды «өлеңмен жазылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдыру; сөйлем ішіндегі мүшелерін айырту; сөйлемнің қажет болған түрлерін білім алушылардың өзіне тапқызу» түрінде беріп, сөйлем мүшелерінің қай сөз табынан болатынын нақты мысалдар арқылы дәлелдеді. «Ауызбен сөйлесу» және «жазумен сөйлесудің» ерекшеліктерін анықтап, сөйлем жүйесінің сөйлеу әрекеті түрлеріне қатысын айқындады. Ағартушы Ж. Аймауытов қатысымдық дағдыны дамыту жөнінде: «бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, талпынсын» деп, кеңес білдірген. Бұл сабақтарда мәдениетті қатысымға қажетті тіл нормалары меңгеріледі. Бастауыш сыныптағы пәндер бүтін мәдениеттің бөлшегі ретінде меңгертіледі. Қазақ тілі сабағында ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа қажетті орфографиялық, орфоэпиялық дағдыларды дамытуға басымдылық беріледі, ауызша сөйлеу, жазу сауаттылығын қалыптастыру міндеті қойылуы тиіс. Синтаксистің объектісіне сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, және күрделі синтаксистік тұтастық жатады. Сөз тіркесін оқыту бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзіреттіліктерін қалыптастыру- логикалық ойлауын жетілдіріп, дұрыс сөйлеу талаптарын меңгеруіне жол ашылады, білім сапасын арттыруға қол жеткізіледі.

Тілдік қатынас ойлау мен сөйлеудің қосындысынан тұрады. Өйткені тіл ойдың бейнесі, адам өз ойын тіл арқылы сөйлеу әрекетімен жеткізеді. Олай болса, бастауыш сынып оқушысының бойына коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін мынадай біліктілікті үйрету қажет:

- қандай да бір ортада өзіне қойылған және бөгде біреуге қойылған сұрақтарға сауатты жауап беруге дайын болу;

- қарым-қатынаста өз ойын жеткізуде сөз байлығын кеңінен қолдана алу, оның ішінде көркемдегіш, бейнелеуіш, әсірелегіш сөздерді дұрыс қолдана алу; -

айтылған ойды ары қарай жалғастырып түсіндіре білуге қалыптасу;

- кез келген тұлғааралық қарым-қатынасқа сын айта алу және бағалау;

- тұлғааралық конфликт орнаған жағдайда дұрыс шешім қабылдап, әңгімелесушімен ортақ тіл табыса білу мәдениеті т.б; Сонымен қатар тілдің стилистикалық, синтаксистік, морфологиялық, лексикалық нормаларын жетік меңгеру тұлғаның коммуникативтік Коммуникативтік құзыреттілік тұлғалық өзара қарым-қатынастың белгілі бір жағдаяттар ортасында тиімді арақатынас құруға қажетті ішкі ресурстар жүйесі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты А.М.Новиковтың пікірі көкейкесті болып табылады: «... оқушылардың жеке тұлғасының жан-жақты дамуын олардың зияткерлік дамуы мен денесінің жетілуі, шығармашылық қабілеттерінің дамуы ғана деп түсіну жеткіліксіз. Бұл сайып келгенде, адамның белсенді өмір ұстанымын, біліктілігін, «әрекеттілігін» қалыптастыру болуы тиіс».

Бастауыш білім беруде негізге алынатын құжаттарда анықталғанындай, коммуникативтік құзыреттілік қалыптастырудың кілті ретінде, тұлғаның белсенді әлеуметтенуіндегі мәселе шешуші ретінде, жеткілікті дәрежеде дамуын қамтамасыз ететін адамның коммуникативтік білігі мен дағдылары жатады. Оқушы кез келген пәнге басқа адамдарме қарым -қатынас жасауда қолданылатынын және оның өмірлік маңызын түсінгенде қызығушылығы артып, мотивациясы қалыптастыны анық. Міне, осындай бағыттардың түптеп келгенде оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырумен сабақтасып жатқаны біздің зерттеу болжамымыздың, алға қойған мақсатымыздың маңыздылығын айқындап, оның орындылығын бекітті. Зерттеу кезеңіндегі сараптау нәтижелері оқушылардың тілді үстірт оқитындықтарын байқатты. Өз ойларын ана тілінде жүйелі жеткізе алмау, тілдік нормаларды қолдана алмау, сөйлемдерді дұрыс орналастыра алмау, олардың басым бөлігіне тән қасиет болды. Жазбаша және ауызша тапсырмаларда оқушылардың өз ойын жүйелі жеткізе алмайтындары, сөздерді қате жазатындықтарын көрсетті. Бұл оқушылардың дайын материалды жаттанды түрде айтып беретіндігін растады. Оқушылар алған білімдерін өмірде қолданбайды. Өз беттерінше шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланбаған. Олардың білім көрсеткіштері тапсырмаларды орындауда алған бағаларына қарай төмендегідей болды: Бастауыш сынып оқушыларының білім-білік деңгейінің көрсеткіштері Осы нәтижелерге талдау жасалып, қазіргі оқыту жүйесінде орын алып отырған олқылықтардың түрлері мен олардың себептері анықталды, одан қорытынды шығарылып, қалыптастырушы эксперименттің мақсат, міндеттері нақтыланды, эксперименттің келесі кезеңінде ұйымдастырылуы тиіс шаралар мен оларды ұйымдастырудың бағыттары белгіленді. Қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру оқытудың басты міндеттерінің бірі ретінде белгіленді. Қазақ тілінде сөйлесім әрекетінің түрлерін меңгеру, оларды меңгертудің құралдарын таныту мақсат етіп қойылды. Мұнда білім мазмұны оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесімен тікелей байланыстырылды. Қазақ тілінің басты мақсат-міндеттері қандай, оқушының бұл пәннен меңгеретін білік-дағдысы не үшін керек деген мәселе төңірегіндегі әңгімелер оқулықтағы сөз тіркесі тақырыбының ерекшеліктерімен сәйкестендірілуі оқушылар мен мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық педагогикасының ізгілікті қатынастарын қалыптастыруға игі әсерін тигізді. Ең бастысы ана тілін оқу барысында оқушының өзіне етене жақын, шынайы өмірлік маңызы бар оқиғаларға байланысты қарым-қатынас этикасын меңгеруіне, әлеуметтенуіне бағыттайтын міндеттерді жүзеге асыруға, сөйлесімдік қарым-қатынас тудыра алатын оқу жағдаяттардың ұйымдастыруға мүмкіндік туды. Оқушының өздік әрекеттерін ұйымдастыра отырып, бүгінгі қоғам талабымен үндесетін оқу үдерісіне қол жеткізілді. Оқуға деген саналы қарым-қатынасты тәрбиелеу, оның мәнін түсіну білімнің жекелік те, қоғамдық та маңызын танытумен қатар, оқуға қызығушылық тудыруға ерекше әсер ететіні анықталды. Эксперимент жүргізілген сыныптарда өткізілген сабақтарда пәнді оқытудың түпкі мақсатын әр сабақтың мақсаты арқылы жүйелі түрде дамыту көзделді. Бұл пәнді оқытудың мазмұн жағынан тұтастығын сақтауға негіз болды. Сонымен бірге сабақты өткізуде оқушылардың сөйлесім әрекетінің түрлері жүйелі, кешенді түрде дамытылып тілдің аспектілерімен ұштастырылып отырылуы, оқушының қатысымдық құзыреттілігін бірте-бірте дамытып отыруға мүмкіндік беретініне көз жеткізілді. Сабақ жоспарларында оқушыны өз әрекетінің субъектісі ретінде тани отырып, баланың танымдық- шығармашылық әрекеттеріне бағыт беріп, сөйлеу белсенділігін арттырудың жолдары белгіленді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2013.
2. Молдабек Қ. Бастауыш мектеп оқушыларына қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың әдістемесі. – Шымкент, 2017.
3. Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы. Алматы, 2014.
4. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. Алматы, 2012.

5. Базарбекова Р. «Қазақ тілінен» дидактикалық материалдар мен сабақ үлгілері. Алматы, 2015.

УДК 371.333

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРНЕТА ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Бегишева Д.И., магистрант

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

Алматы, Казахстан

e-mail: diana222_22@mail.ru

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін Интернетті пайдаланудың педагогикалық аспектілері қарастырылады. Оқу процесіне онлайн-ресурстарды енгізу педагогтардың алдына қоятын мүмкіндіктер мен сын-қатерлер бағаланады. Білім беру платформалары, виртуалды зертханалар, бейнематериалдар және интерактивті қосымшалар сияқты интернет-ресурстарды кіші мектеп жасындағы балалардың танымдық қызығушылықтары мен уәждемелерін дамыту үшін пайдалану әдістері талданады. Интернет-ресурстармен жұмысты ұйымдастырудағы мұғалімнің рөлін қоса алғанда, білім беру процесінде Интернетті пайдаланудың оң да, теріс де аспектілері бағаланады. Зерттеу Интернетті дұрыс ұйымдастырылған түрде пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін және олардың оқуға қызығушылығын айтарлықтай арттыра алатынын растайды.

Тірек сөздер: Интернет, танымдық белсенділік, кіші оқушылар, педагогика, білім беру технологиялары, мотивация, интерактивті ресурстар.

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические аспекты использования Интернета для формирования познавательной активности у младших школьников. Оцениваются возможности и вызовы, которые ставит перед педагогами внедрение онлайн-ресурсов в учебный процесс. Анализируются методы использования интернет-ресурсов, таких как образовательные платформы, виртуальные лаборатории, видеоматериалы и интерактивные приложения, для развития познавательных интересов и мотивации детей младшего школьного возраста. Оцениваются как положительные, так и отрицательные аспекты использования Интернета в образовательном процессе, включая роль учителя в организации работы с интернет-ресурсами. Исследование подтверждает, что правильно организованное использование Интернета может значительно повысить познавательную активность школьников и их интерес к обучению.

Ключевые слова: Интернет, познавательная активность, младшие школьники, педагогика, образовательные технологии, мотивация, интерактивные ресурсы.

Annotation. The article deals with pedagogical aspects of using the Internet for the formation of cognitive activity in junior schoolchildren. The opportunities and challenges posed to teachers by the introduction of online resources in the educational process are assessed. The methods of using Internet resources such as educational platforms, virtual laboratories, video materials and interactive applications to develop cognitive interests and motivation of primary school children are analyzed. Both positive and negative aspects of using the Internet in the educational process are assessed, including the teacher's role in organizing work with Internet resources. The study confirms that properly organized use of the Internet can significantly increase cognitive activity of schoolchildren and their interest in learning.

Key words: Internet, tanymdyk belsendilik, kishi okushilar, pedagogy, bilim беру technology, motivation, interactive resources.

Современное образование переживает эпоху цифровой трансформации, в рамках которой информационные технологии, включая Интернет, становятся важными инструментами в образовательном процессе. В частности, для учащихся начальной школы использование Интернета может стать не только источником дополнительной информации, но и важным механизмом формирования познавательной активности.

Познавательная активность школьников, которая подразумевает активное участие детей в поиске знаний, осознание ими значимости учебного процесса и умение самостоятельно исследовать окружающий мир, является ключевым компонентом успешного образования. Одним из факторов, влияющих на её развитие, является использование современных технологий, в том числе интернет-ресурсов. Несмотря на значительные преимущества, существует ряд проблем и вызовов, связанных с внедрением интернета в начальное образование, включая вопрос педагогической грамотности и целесообразности таких методов обучения.

Цель данной статьи — проанализировать педагогические аспекты использования Интернета для формирования познавательной активности у младших школьников, выявить ключевые методы и стратегии работы с интернет-ресурсами в образовательном процессе.

Педагогические возможности Интернета в формировании познавательной активности младших школьников

В последние десятилетия Интернет стал важным инструментом образовательного процесса. Это не просто источник информации, но и уникальная среда, способствующая развитию новых форм взаимодействия с обучающимися. Среди основных педагогических возможностей использования Интернета для формирования познавательной активности младших школьников можно выделить следующие:

Доступ к разнообразным источникам информации: Интернет предоставляет учащимся доступ к огромному количеству образовательных ресурсов, включая электронные книги, видеоуроки, научно-популярные статьи и онлайн-курсы. Это помогает расширить знания детей, преодолеть ограничения традиционных учебников и способствует развитию самостоятельности в обучении.

Интерактивность и вовлеченность: современные образовательные платформы предлагают детям интерактивные материалы, включая игры, тесты, задания с обратной связью, что делает процесс обучения более увлекательным и мотивирующим. Интерактивные элементы поддерживают высокий уровень вовлеченности учеников и стимулируют их интерес к предмету.

Развитие самостоятельности и исследовательских навыков: Интернет способствует развитию навыков самостоятельного поиска информации. Это особенно важно для младших школьников, которые только начинают учиться осознанно и ответственно относиться к своей учебной деятельности. Интернет позволяет детям работать с различными типами информации: текстовой, графической, видео- и аудио-, что стимулирует их познавательную активность.

Визуализация и практическое применение знаний: с помощью виртуальных лабораторий, симуляторов, образовательных видеороликов дети могут не только получить теоретические знания, но и увидеть, как они применяются на практике. Это значительно повышает уровень усвоения материала и развивает у детей способность анализировать и обобщать полученную информацию.

Методы и подходы использования Интернета в начальной школе

Для эффективного использования Интернета в образовательном процессе учителям необходимо учитывать особенности младших школьников, такие как кратковременная концентрация внимания и потребность в регулярных перерывах. В связи с этим методы использования интернет-ресурсов должны быть адаптированы под эти особенности.

Использование образовательных платформ и онлайн-курсов: в последнее время набирают популярность платформы, предлагающие разнообразные курсы для младших школьников (например, imekter.kz, Фоксфорд, ЛОГИКЛАЙК, Khan Academy, Учи.ру,

Российская электронная школа). Такие платформы позволяют детям изучать новые темы в удобной и доступной форме, а также выполнять интерактивные задания, что стимулирует их познавательную активность.

Виртуальные экскурсии и видеоматериалы: современные технологии позволяют организовывать виртуальные экскурсии в музеи, на природные объекты, в лаборатории и другие учебные пространства, что дает детям возможность изучать новые знания с помощью визуальных образов и взаимодействия с реальной и виртуальной средой (например, Хьюстонский зоопарк, океанариум США в Балтиморе, Экспериментариум).

Образовательные игры и мобильные приложения: использование игровых элементов в образовательном процессе помогает повысить мотивацию детей и заинтересовать их обучением. Онлайн-игры и приложения с элементами геймификации позволяют детям решать задачи и выполнять задания в увлекательной игровой форме (например, игры "Друзья в Математике", "Логика и Математика", "Геометрия для детей").

Влияние Интернета на мотивацию и познавательную активность младших школьников

Влияние интернета на мотивацию детей к обучению невозможно переоценить. В отличие от традиционных методов, которые могут восприниматься как монотонные и скучные, использование интернет-ресурсов позволяет привнести элемент новизны и интерактивности. Положительное влияние интернета на мотивацию детей можно объяснить следующим образом:

Актуальность и динамичность контента: Интернет предоставляет актуальную информацию, которая обновляется в режиме реального времени. Это способствует развитию у детей чувства заинтересованности и актуальности знаний.

Самостоятельность и ответственность: интернет-ресурсы, требующие от детей активного участия, например выполнения заданий, поиска информации или участия в виртуальных уроках, способствуют развитию самостоятельности. Это помогает детям почувствовать ответственность за процесс обучения и способствует росту познавательной активности.

Стимулирование конкурентоспособности: многие образовательные платформы включают элементы соревнования, например, таблицы лидеров, конкурсы и челленджи. Это создаёт дополнительную мотивацию для детей, стимулируя их к лучшему усвоению материала.

Проблемы и недостатки использования Интернета в начальной школе

Несмотря на очевидные преимущества использования Интернета, существует ряд проблем и вызовов, которые необходимо учитывать при внедрении онлайн-ресурсов в образовательный процесс:

Негативное влияние на здоровье: длительное пребывание перед экраном может привести к ухудшению зрения, нарушению осанки и другим проблемам со здоровьем. Кроме того, чрезмерное увлечение онлайн-играми может привести к зависимости, особенно если они не имеют образовательного контекста.

Низкий уровень цифровой грамотности у некоторых педагогов: несмотря на широкое распространение технологий, не все педагоги имеют достаточную подготовку для эффективного использования Интернета в обучении. Важно проводить курсы повышения квалификации для учителей, чтобы они могли эффективно использовать новые цифровые инструменты.

Негативное влияние неприемлемого контента: дети могут столкнуться с неприемлемым контентом в сети, что требует от педагогов и родителей дополнительного внимания к безопасности в интернете. Важно использовать фильтры и настраивать доступ к образовательным ресурсам, чтобы исключить доступ к нежелательным материалам.

Материалы и методы

Автором были использованы теоретические методы. Основными методами в рамках исследования явились: аналитический обзор и анализ теоретико-методологических подходов

и практических исследований по рассматриваемой проблеме, представленных в психолого-педагогической литературе, сравнительный анализ и обобщение результатов исследования.

Методы исследования включают:

Качественный анализ: изучение публикаций, связанных с использованием интернет-ресурсов в образовательном процессе.

Сравнительный анализ: сравнение результатов традиционного и интернет-образования в контексте повышения познавательной активности учащихся.

Результаты

Анализ данных позволяет сделать вывод, что правильно организованное использование Интернета в начальной школе значительно повышает познавательную активность детей. Особое внимание стоит уделить обучающим платформам, которые предоставляют детям интерактивные задания, поддерживают обратную связь и вовлекают их в исследовательский процесс.

Кроме того, было выявлено, что у детей повышается уровень самостоятельности в обучении, они становятся более ответственными за собственное образование и начинают использовать Интернет как ресурс для расширения кругозора.

Обсуждения

Полученные результаты подтверждают гипотезу о том, что использование Интернета в образовательном процессе может значительно повысить познавательную активность младших школьников. Однако необходимо обеспечить баланс между традиционными методами обучения и инновационными подходами, чтобы не перегружать учеников и не навредить их здоровью.

Использование интернета в образовательном процессе начальной школы открывает новые горизонты для формирования познавательной активности школьников. Важно развивать цифровую грамотность педагогов и родителей, а также обеспечивать безопасность детей в сети. Правильное использование интернет-ресурсов позволяет стимулировать интерес к обучению, развивать самостоятельность и критическое мышление детей. В то же время необходимо учитывать такие вызовы, как возможное ухудшение здоровья учеников и воздействие нежелательного контента.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Алексеева, Н. И. Интернет и образование: возможности и вызовы // Педагогика и психология, 2019. - № 3. – С. 14-20.
2. Герасимова, Т. В. Цифровая грамотность и развитие познавательной активности у младших школьников // Современные образовательные технологии, 2020. - № 6(2). – С. 12-17.
3. Иванова, С. В. Использование онлайн-платформ в начальном обучении // Вопросы педагогики, 2018. - № 5. - С. 25-31.
4. Курганова, О. М. Роль интернет-ресурсов в образовании младших школьников // Научный журнал педагогики, 2021. - № 2(4). - С. 50-57.
5. Чернявская, Л. И. Интернет в школе: преимущества и риски для младших школьников // Вопросы психологии и педагогики, 2022. № 1. – С.58-64.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН
АНЫҚТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН TIMSS ЗЕРТТЕУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Керейбаева А.У. докторант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:kereybaeva86@mail.ru

Аннотация

Мақалада TIMSS халықаралық зерттеуі, оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығын анықтауға бағытталған халықаралық зерттеулер тапсырмаларының ерекшеліктері қарастырылады. TIMSS зерттеуінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту ғылыми жаратылыстану білімдерін қолдана білу, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекетіне қатысты өзгерістерді түсінуге және сәйкесінше шешімдер қабылдауға қажетті мәселелерді анықтап, негіздемелі қорытындылар жасай білуге үйретеді.

Тірек сөздер: TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study), халықаралық зерттеу, TIMSS зерттеуінің тапсырмалары.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности заданий международного исследования TIMSS, международного исследования, направленного на определение естественнонаучной грамотности учащихся. Развитие естественнонаучной грамотности учащихся на основе заданий исследований TIMSS учит применять естественнонаучные знания, понимать окружающий мир и изменения в нем, связанные с деятельностью человека, определять и делать обоснованные выводы по вопросам, необходимым для принятия соответствующих решений.

Ключевые слова: TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study), международное исследование, задачи исследований TIMSS.

Annotation

The article discusses the international study of TIMSS, the features of the tasks of international research aimed at determining the scientific natural science literacy of students. The development of scientific natural science literacy of students based on the tasks of TIMSS research teaches the ability to apply scientific natural science knowledge, to understand the surrounding world and changes in IT related to human activity and, accordingly, to identify the problems necessary for making decisions and draw reasoned conclusions.

Keywords: TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study), international study, TIMSS Research tasks.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек», – деп, болашаққа нық сенім білдірді [1].

Жеткіншек буынның сауаттылық деңгейіне аса көп көңіл бөлуіміз қажет, оның бірден бір жолы - бастауыш сыныптарды ғылыми жаратылыстану сауаттылығын қалыптастырып, одан ары дамуына ықпал ету. Осы орайда, TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study)- халықаралық зерттеуі балалардың математикалық және жаратылыстану сауаттылық деңгейі қалыптасуына жол ашады.

TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study) – математика және жаратылыстану білімінің сапасын бағалау бойынша халықаралық зерттеу. Жобаға қатысушы елдердің білім мазмұнын ескере отырып, бұл зерттеудің аясында 4-ші және 8-ші сынып

оқушыларының математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша дайындықтарының сапасы бағаланады. TIMSS зерттеулері оқу жетістері туралы жан-жақты мағлұмат алумен қатар, ел, мектеп және білім берудің жағдайлары туралы қосымша ақпарат алуға да мүмкіндік береді. TIMSS-ке қатысушы елдердің құрамы алуан түрлі, олар экономикалық дамуы, географиялық жағдайы, халқының саны жағынан бірбірінен ерекшеленеді. Бірақ олардың бәрі білім беру ұйымдарының жүйесін, оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін оқушылардың жетістіктері арқылы салыстыру, білім беру саласында тиімді курстар әзірлеуге арналған құнды ақпарат жинақтауға көмектеседі [2].

TIMSS жобасын жүзеге асыруға белгілі ғылыми-зерттеу орталықтары: білім саласында тестілеу қызметін көрсету (ETS – Educational Testing Service, США); Канаданың Статистика Орталығы (Statistics Canada); білім берудегі жетістіктерді бағалау бойынша халықаралық қауымдастықтың хатшылығы (IEA, Нидерланды); білім берудегі жетістіктерді бағалау бойынша халықаралық қауымдастықтың мәліметтерін өңдеу орталығы (DPC IEA – Data Processing Center IEA, Германия) және дүние жүзінің басқа да ғылыми-зерттеу орталықтары қатысады.

TIMSS халықаралық зерттеуінің мақсаты – әртүрлі елдердегі білім жүйесі мен орта мектеп оқушыларының жаратылыстану-математикалық дайындық деңгейін салыстырмалы бағалау және осы дайындық деңгейіне әсер ететін факторларды анықтау.

TIMSS халықаралық зерттеуінің негізгі міндеті – білім саласындағы әлемдік артықшылықтарды көрсететін объективті өлшемдер шегіндегі құралдары негізінде алынған нәтижелерді талдау және білім саясатына қажетті ғылыми дәлелденген қорытындылар жасау. Халықаралық зерттеу негізгі екі бағыт бойынша жүзеге асады: «математика» және «ғылыми-жаратылыстану», сонымен қатар оқушылардың жалпы оқуды меңгеруі және зияткерлік қабілетін бағалауға ерекше көңіл бөлінеді [3].

Білім үш деңгейлік тұрғыдан қарастырылады:

- жоспарланған (мемлекет тарапынан әлеуметтік тапсырыс ретінде анықталады);
- жүзеге асырылған (мектептердегі нақты оқу процестерімен анықталады);
- қол жеткізілген (мектептердегі оқытудың нәтижелерімен анықталады).

Білім алушылардың білім жетістіктерін анықтау үшін жаратылыстану, математика циклы пәндері бойынша тестілер мен тестілік тапсырмалар, фондық ақпараттың нақты параметрлері анықталады.

TIMSS халықаралық зерттеулерін өткізуде қолданылатын құралдар:

- тест тапсырмалары бар буклеттер;
- мектеп әкімшілігіне арналған сауалнама;
- оқушыларға арналған сауалнама;
- математика және жаратылыстану пәндерінің (математика, физика, биология, химия, география) мұғалімдеріне арналған сауалнама;
- Ұлттық Үйлестірушіге арналған нұсқаулық;
- облыстық Үйлестірушіге арналған нұсқаулық;
- мектеп Үйлестірушісіне арналған нұсқаулық;
- тест өткізу туралы нұсқаулық [4].

TIMSS зерттеуінің негізгі компоненті ретінде 4 және 8-сыныптар оқушыларының оқу жетістіктері қаралады. 4-ші сынып оқушыларының тестік тапсырмаларының әр варианты 44-50 тапсырмадан тұрады, 8-сынып оқушылары үшін – 55-60 тапсырма қарастырылған. Онда жауаптар әртүрлі болуы мүмкін. Тапсырманы орындау үшін 4-ші сынып оқушыларына 72 минут, 8-сынып оқушыларына 90 минут уақыт бөлінеді. Бағалау диапазоны 0-ден 1000 балл аралығында болады, орташа статистикалық балл 500 баллды құрайды.

Тестілеу тапсырмаларын бағалау төрт деңгейде жүзеге асырылады:

- 10 – ілгері (625 – 1000 балл);
- жоғары (550 – 624 балл);
- орта (475 – 549 балл);
- төмен (400 – 474 балл).

Жабық тапсырма бойынша әр дұрыс жауапқа халықаралық эксперттер 1 балл береді. Ашық тапсырмалар бойынша әр жауапқа арнайы екі таңбалы код беріледі – «дұрыс жауап», «жартылай дұрыс жауап», «жауап дұрыс емес».

4-сынып үшін TIMSS зерттеуіндегі жаратылыстану бағалау шеңберіне сәйкес, жаратылыстану-ғылыми білім беру сапасы екі өлшеммен анықталады:

- Мазмұнды саланы бағалау
- Танымдық саланы бағалау.

Жаратылыстану "Өмір туралы ғылым", "Физика" және "Жер туралы ғылым" сияқты үш мазмұнды сала бойынша бағаланады. Жаратылыстану бойынша әрбір мазмұнды сала тақырыптық бөлімдерден тұрады, ал әр бөлім өз кезегінде бірнеше тақырыпты қамтиды.

Төртінші сыныпта өмір туралы ғылым оқушыларға өзінің табиғи қызығушылығын пайдалануға және қоршаған әлемді түсінуге мүмкіндік береді. Өмір туралы ғылым бес тақырыптық бөлімнен тұрады:

- Организмдердің сипаттамалары мен өмірлік процестері;
- Өмірлік циклдер, көбейю және тұқым қуалаушылық;
- Организмдер, қоршаған орта және олардың өзара әрекеттесуі;
- Экожүйелер;
- Адам денсаулығы.

Жаратылыстанудың танымдық саласы TIMSS тапсырмаларындағы жаратылыстану-ғылыми дайындықты бағалау танымдық бағыттар аясында да жүргізілді: «**Білім**», «**Қолдану**» және «**Ойлау**».

"Білім" саласындағы тапсырмалар оқушылардың фактілер, қатынастар, үдерістер, концепциялар және жабдықтар туралы білімдерін бағалайды. Мысалы, нақты организмдердің, материалдар мен процестердің сипаттамалары мен қасиеттерін анықтау; ғылыми жабдықтар мен әрекеттердің тиісті мақсатты пайдаланылуын анықтау, сондай-ақ ғылыми терминологияны, символдарды, аббревиатураларды тану және пайдалану. Сондай-ақ, белгілі бір берілген сипаттамаларға ие организмдердің, материалдар мен процестердің мысалдарын келтіре немесе анықтай білуі тиіс; фактілер мен ұғымдардың тиісті мысалдармен баяндалуын нақтылай білуі қажет.

"Қолдану" саласындағы тапсырмалар оқушылардан организмдер, материалдар немесе процестер топтары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауды немесе сипаттауды талап етеді. Оқушылар қандай да бір мәселенің шешімін түсіндіру үшін схеманы немесе модельді пайдалануы керек және тиісті мәтіндік, кестелік, суреттер мен графикалық ақпаратты түсіндіру үшін ғылыми ұғымдарды білуі тиіс.

"Ойлау" саласындағы тапсырмалар оқушылардың пікір таластарға қатысуын, мәліметтерді және басқа ақпаратты талдай отырып, қорытынды жасауын, сондай-ақ жаңа жағдайларда өз түсінігін қолдануын талап етеді. Ойлау тапсырмалары бейтаныс немесе күрделі контексті қамтиды. Осы саладағы тест тапсырмаларын орындау кезінде оқушылар сұрақтарға жауап беру және тапсырмаларды орындау үшін тиісті ақпаратты талдау және пайдалану білігін көрсетуі тиіс. Сондай-ақ, олар бақылаулар, эксперименттер негізінде тиісті қорытынды жасай білуі керек [5].

Сауалнама сұрақтарына берілген жауаптар арқылы оқушылардың білім жетістігіне кері әсер ететін факторлар анықталады. Мысалы, халықаралық сарапшылар жасаған модель бойынша мынадай факторлар:

- оқушылардың демографиялық сипаттары (тестілеу кезіндегі оқушылардың жасы және олардың жынысы);
- отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы (отбасында компьютердің, ұялы телефонның, автомобильдің бар болуы және т.б.);
- отбасының мәдениеті (үй кітапханасының бар болуы, сөйлесу тілі);
- өз жетістіктерін бағалау (пәнге деген көзқараспен анықталады)

- «жалықтыратын пән», «жеңіл пән», «әр адамның өмірінде маңызды»);
- оқушының уәждемесі (білім траекториясы, пәнді игеруге тиісті жігердің, қызығушылықтың болуы);
- мектептен тыс іс-әрекеттер (оқушының мектептен тыс шараларға қатысуы, бос уақытты тиімді пайдалануы);
- мектептегі және сыныптағы психологиялық ахуал анықталады [6].

Салыстырмалы халықаралық зерттеулер отандық және халықаралық контексте білім беру жүйесінің жағдайын бағалап, қазақстандық білім берудің жетістігі мен осал тұстарын анықтауға және алға қойған мақсаттардың ең тиімді жолдарын белгілеуге жағдай жасайды. Ғылыми жаратылыстану сауаттылығын анықтауға бағытталған халықаралық зерттеу тапсырмаларын сабақта пайдалану оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға негіз болады.

Әлем тәжірибесі көрсеткеніндей, кез-келген мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуы сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Осы орайда Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына енгізуде білім беру ісі басты құрал болып табылады.

Қортындылай келе, халқаралық зерттеулердің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2022 жылғы 1 қыркүйек. <https://assembly.kz/ru/poslanie-prezidenta/memleket-basshysy-asym-zhomart-to-aevty-aza-stan-khal-yna-zholdauy>
2. TIMSS халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал – Астана, 2012, ҰББСБО. - 77 б.
3. Ковалева Г.С. Основные результаты международного исследования качества математического и естественнонаучного образования TIMSS-2011. Аналитический отчет. - М.: ИСМО РАО, НФПК, 2013. – 58 с.
4. Нуриева Л. М., Киселев С. Г. Проблемы анализа связей контекста обучения и результатов тестирования TIMSS // Образование и наука. 2023. №1.
5. PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 40 б.
6. TIMSS тест тапсырмаларының жинағы: 4-сынып. Ақпараттық-талдау орталығы: Нұр-Сұлтан, 2020 – 97 бет.
7. Басова Е.А. Формирование у подростков функциональной грамотности в сфере коммуникации (на материале гуманитарных предметов). диссер. - СанктПетербург., 2012. - 150 с.
8. Международное исследование TIMSS. Методическое пособие – Астана: НЦОСО, 2012г. - 75 с

ӘОЖ 398.3:373.3
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Улманбетова Г.Е., педагог-сарапшы

Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандырылған
сыныптары бар мектеп, Қызылорда қ.

gulzat.erdauletkyzy@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада жас ұрпаққа адамгершілік тәрбие беруде халықтың рухани дәстүрін, мәдениетін, адамгершілік қазынасын ғылыми жүйеге келтіруде халықтық педагогиканың бай мұрасының маңызы туралы баяндалады. Қазақ халқының салт – дәстүрлерін зерттей отырып, мазмұндық қырын, тәрбиелік мәнін анықтап, оның жеке тұлғаның бойына қандай қасиеттер қалыптастыра алатын мүмкіндігін ашып көрсетеді. Жеткіншектердің дүниетанымын халықтың ерекше қасиеттері арқылы кеңейтіп тәрбиелеу, оны әрі қарай дәстүрге айналдыру көзделеді.

Тірек сөздер: Адамгершілік тәрбие, халықтық педагогика, адамгершілік қасиеттер, ұлттық құндылықтар, халықтық шығармалар.

Аннотация: В данной статье рассказывается о значении богатого наследия народной педагогики в научной систематизации духовных традиций, культуры, нравственных сокровищ народа в нравственном воспитании подрастающего поколения. Изучая обычаи и традиции казахского народа, выявляя содержательную грань, воспитательную ценность, раскрывая, какие качества он способен формировать в личности. Предполагается расширять мировоззрение подростков через особые качества народа, превращать его в традицию.

Ключевые слова: Нравственное воспитание, народная педагогика, нравственные качества, национальные ценности, народные произведения.

Annotation: This article describes the importance of the rich heritage of folk pedagogy in the scientific systematization of spiritual traditions, culture, and moral treasures of the people in the moral education of the younger generation. Studying the customs and traditions of the Kazakh people, revealing the meaningful facet, educational value, revealing what qualities they are able to form in a person. It is supposed to expand the worldview of teenagers through the special qualities of the people, to turn it into a tradition.

Key words: Moral education, folk pedagogy, moral qualities, national values, folk works.

Қазіргі таңда еліміздегі оқу-тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Мектептің алдына қоятын ең басты мәселесінің бірі – өркениетті, адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық тілін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Тәрбие туралы ой-пікірлер ҮІ ғасырдағы Орхон –Енисей жазуларынан басталып Орта ғасыр ғұламалары мен (Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, А.Жүгінеки т.б.) алтын орда дәуірі оқымыстылары (С.Сараи, Қ.Жалайри т.б.) 16 IV-VI ғасырда өмір сүрген ақын – жазушылар (Асан-Қайғы, Шалкиіз, Бұқар, Махамбет, Әсет т.б.). XIX ғасырдың II жартысында (Шоқан, Ыбырай, Абай) одан кейін ортамызға қайта оралған қазақтың ұлы зиялылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, С.Сейфуллин, т.б. бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Бұл ойшылдар өздерінің шығармаларында адамның адамгершілік сапаларын жан-жақты талдап түсіндіреді [1].

«Халықтық педагогика, - делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, - тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі» [2]. Халық педагогикасын зерттеу негізінде педагогикалық мазмұн мен бағыттағы ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, отбасы тәрбиесінің

тәжірибелері т.б. жатады. Халықтың әлеуметтік-философиялық ой-пікірлері мен дүниетанымын игеру арқылы жастарға адамгершілік және эстетикалық тәрбие берудің ғылыми-теориялық мәселелері қарастырылған. (Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Қ.Бейсенбиев, Х.Арғынбаев, Ә.Табылды, С.Ұзақбаева, Х.Балтабаев, Қожахметова К.Ж. т.б.) [3,4]. Ұлттық тәрбие жалпы адамзат тәрбиесінің тек этностық ерекшеліктерін ғана көрсетеді. Мемлекетімізде мекендеген барлық ұлттарға тән тәрбие негіздеріне қоса, біз халқымыздың асыл қазыналарын ашып, ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін ел мұрасы ретінде өркендете пайдаланамыз. Ақынжанды, ақжарқын, шешен, өнерпаз, өнегелі халқымыздың ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан тәлім-тәрбиелік мәдениет үлгілерін, әдептері мен тыйымдарын, рәсімдері мен дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен салт-саналарын жас ұрпақтың жан дүниесіне сіңіре білсек, ол саналы ұлт мәдениетін меңгерген, иманжүзді, инабатты, жалпы адамзаттың асыл қасиеті – адамгершілікті игерген мәдениетті нағыз адам болмақ. Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, ілтипаттылық, кеңпейілділік, қонақжайлылық қылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл да, абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл парасатына азық ете білу үшін әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді терең біліп, тебірене іс-қимыл жасауға, өркениетті өмір өзегімен байланыстырып, тәлім-тәрбиеге пайдалана білуге борышты.

Ал Ш.Б.Құлманова «Баланың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда салт – дәстүрмен, әдет – міндетін атқарады» деп атап көрсетеді. Ғұлама жазушы М. Әуезовтың «Асыл елдің алып ұлы» атты шығармасына ой жүгіртсек тәрбие ұрпақты дүниеге келтіруден басталады, сол тәрбиенің дәстүрлік, ұлттық, салт – саналық бастауларымен бағдарламаларын жан жақты пайдаланып, даналықпен дамыта білу керек деген тұжырымға келеміз [5].

Е. Балтабай «Қазақ этнопедагогикасының тәрбиелік мүмкіндіктері» деген еңбек жазып, онда үлгі арқылы қазақ халқының салт – дәстүрлерін зерттей отырып, мазмұндық қырын, тәрбиелік мәнін анықтап, оның жеке тұлғаның бойына қандай қасиеттер қалыптастыра алатын мүмкіндігін ашып көрсетеді [6].

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері – оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады. Біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының ролі барған сайын артып, моральдық фактордың ықпал аясы кеңейіп келеді

Төменгі сынып балаларының жас ерекшелігіне сай адамгершілік тәрбие беруде халықтық құнды шараларының /ертегілер, жырлар, аңыз-әңгімелер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, мақал-мәтелдік сөздер, этнографиялық, мәдени-тұрмыстық, рәсімдер, әдет-ғұрыптар, мерекелер мен тойлар, әдеттік тағылымдар мен тәжірибелер, үлгі-өнегелер т.б. /баға жетпес мүмкіндіктері бар. Жас ұрпаққа адамгершілік тәрбие беруде халықтың рухани дәстүрін, мәдениетін, адамгершілік қазынасын ғылыми жүйеге келтіруде халықтық педагогиканың бай мұрасының маңызы мол екенін көреміз. Халықтық педагогиканың бай мұрасында болашақ ұрпақтың ең шынайы абзал адамгершілік қасиет-сапалары, адамға деген сүйіспеншілік, қайырымдылық, шыншылдық, имандылық, кішіпейілділік, ұлағаттылық, қанағаттылық, еңбек сүйгіштік, бауырмалдылық ауыз әдебиетінің жан-жақты жанрлары арқылы берілген.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұны адамгершілік қасиеттердің кең шеңберін қамтиды. Мектеп оқушыларының, әсіресе төменгі сынып оқушыларының жеке басын қалыптастыруда адамгершілік сапаларының алатын орны ерекше. Бала күнделікті өмірде адамдардың еңбегімен, олардың қуаныштарымен, сәтсіздіктерімен кездесіп отырады. Сондықтан да төменгі сынып оқушылары ең алдымен, ізгілік, қайырымдылық, сезімталдық, әділеттілік сияқты ұғымдардың мазмұнын түсініп, оларды ажыратып, айыра білуі шарт. Бұл жастағы балалардың қайырымдылық пен қатыгездік, жақсылық пен жамандық туралы өзіндік ұғымы болады. Енді оларды адамгершілік нышандарымен байланыстыра, тереңірек түсіндіру керек. Жақсылық бұрын да болған, қазір де бар. Ақан сері бір кезде «Біткен жоқ қой жақсы адам елден құрып» - демекші, қазіргі кезде жақсылықты бойына дарытқан үлкен адамдармен –

көнекөз қарттармен, ақ жаулықты әжелермен кездесіп, жүздесіп ақыл-кеңестерін тыңдап, әңгімелесіп отырған өте абзал.

Бастауыш сынып оқушыларының халық дәстүрлері негізінде халық дәстүрлері негізінде адмгершілік қасиеттерінің қалыптасу барысындағы жұмыстар барысы оқушының жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жетілген ұрпақ тәрбиелеу үшін мынадай міндеттерді орындауымыз керек болды:

- еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу, күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру;
- тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру; - өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету;
- отбасы мүшелерімен өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып, түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;
- оқушыны оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жағымды жақтарына көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрету;
- оқылған мәтіндерден кейіпкерлерге берілген авторлық көңіл-күйді табу;
- оқушының сана-сезім, ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына ықпал жасай отырып, шығармашылық қабілетін ашу, қозғау салу
- оқушылардың сабақтар бойынша алған білім, білік дағдыларын одан әрі дамытып, тереңдету, өздігінен жұмыс істеу қабілетін ашу;
- оқушыларды сөйлету арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, қорытындылау, бағалауға үйрету;
- оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік мәнін оятуға бағдар беру.

Тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор екенін осыдан көруге болады. Бастауыш сынып оқушыларының бойына халық дәстүрлері негізінде адамгершілік тәрбиені дарытудың жолдары төмендегідей:

- халық дәстүрлері негізінде адамгершілік қасиеттерді жеке тұлғаға үйретіп, оның орындалуын талап ету;
 - адами құндылықтар туралы пікірлесу;
 - әдептілік негіздерін үйретіп, оның орындалу жолдарын көрсету;
 - халық дәстүрлері негізінде азаматтық дәстүрлер туралы пікірлесу. Пікірталас, ойжарыс, айтыс ұйымдастырып, ой мен істі ұштастыру.
 - ұлттық мәдени уағыздар мен қағидалардың рухани негізі екенін дәлелдейтін түрлі ойындар, қойылымдар ұйымдастыру.
 - басылымдар арқылы рухани- адамгершілік туралы материалдар оқып талдау;
- Оқушылардың рухани дүниесін дамытпай, білім беру қажетсіз дүние. Мұғалімнің зерттеу нысаны – оқушының жеке жан дүниесін қалыптастыра отырып, халық дәстүрлері негізінде азаматтыққа тәрбиелегенде ғана олардың өздігінен жетілуіне мүмкіндік жасалды. Халық дәстүрлері негізінде адамгершілік тәрбиесінде ең маңызды рөлді бастауыш сынып мұғалімі алады. Ол тәрбие жүйесінің мақсаттарын анықтап, оқушы бойында рухани құндылықтарды тәрбиелеуде атқаратын іс-әрекеттерінің нәтижесін болжайды. Халық дәстүрлері негізінде адамгершілік тәрбие берудегі бастауыш сынып мұғалімінің қызметі:

- Өмірдегі маңызды құндылықтар мен рухани- адамгершілік құндылықтарды оқып үйрену.
- Өз адамгершілік қасиеттерін анықтау мақсатында өзін-өзі дамытудың тренингтерін тәжірибеге енгізу.
- Оқушылармен бірге халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпын, туған өлке, туған қаламыздың тарихы мен дәстүрлерін, өз отбасыларының дәстүрлерін, мектеп дәстүрлерін оқып үйрену.
- Сынып газетін шығару, көрмелерге бару.
- Халық дәстүрлері негізінде азаматтық мәдениетін дәріптейтін тәрбие сағаттарын ұйымдастыру.
- Оқушылардың бойындағы дарынды, талантты дәріптеу (өлең шығару, шығармашылық тапсырмалар).

- Сынып жетекшісінің сыныптағы атмосфераны, әр оқушының бойындағы қабілеті мен қызығушылықтарын анықтау мақсатында өз жұмысында қолданатын диагностикасы:

- Балалар өз түсініктерін жазбаша жеткізеді.

- Халық дәстүрлері негізінде адамгершілік нормалары туралы сауалнама.

Сыныбымызда өткізілген «Оян, ар мен адалдық» тақырыбындағы тәрбиелік іс-шарада оқушыларға ар мен адалдық сезімдерін ұғындырып, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т. б адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету мақсатын алға қайдық.

Сабағымызды әдеттегідей ҚР мемлекеттік әнұранымен бастайық.

Апта дәйексөзі

«Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!»

Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. «Адалдық» деген сөз шыншылық, айнымастық, шын берілгендік сияқты игі қасиеттерді еске салады. Қазақ пайымында адам бойында адалдық – пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы.

Ар — **моральдық** сана-сезім ұғымы әрі этика категориясы: жеке адамның өзінің **қоғамдағы** маңызын сезінуін және қоғамның осы маңыздылықты тану сәттерін қамтиды. Өзінің мазмұны және өзінде көрініс табатын моральдық көзқарастың табиғаты жөнінен Ар-ұждан ұғымы "намыс" ұғымымен теңдес.

Ар мен адалдық тақырыбы бойынша қазақтың небір ғалымдары өз ойларын жазып, келешек ұрпаққа қалдырып кеткен.

Сынып сағаты арасында балалардың жаман әдеттерден, жан жағымыздағы қауіпті іс-әрекеттерден сақтану қажеттігін ескертіп «Әлеуметтік желдегі қауіпті ойындар» туралы да шолу жасадық.

Қоғамдағы бала өміріне қауіп төндіретін оқиғалардың бірі ұялы телефондағы балаларға арналған қауіпті ойындар болуда. Баланың қандай сайтқа кіріп, қандай ойындар ойнайтынын ата-аналардың бақылауының маңыздылығын және қауіптің алдын алу керек.

“Дүниеде әділдік пен адалдықты ту еткен адамнан артық ешкім жоқ.”- Шоқан Уалиханов

“Адалдық: өзі алданса алданар, өзі ешкімді алдамас.” – Ғабит Мүсрепов

“Шешен кісі сөз бастар,

Адал кісі – ел бастар.” – Жамбыл Жабаев

Досқа адалдық - рухқа адалдықпен бірдей. – Тоқсары

Адалдық сөзін естіген кезде адал досымыз есімізге келеді. Адамда екі дос болады, бірі адал дос, екіншісі амал дос.

Адал дос - өмірде орын алатын түрлі сәтсіздіктерге мойымай, басқа түскен ауыртпалықтарды бірге көтеруге жәрдемдесіп, қуаныш пен шаттық күндерді бөліседі.

Амал дос - тек өзіне қажет уақытта дос кейпін танытып, басыңа қиындық түскен кезде сені жалғыз қалдырып кетеді, тіпті "сатып" та кетіп жатады.

Сондықтанда балалар досты дұрыс тандау керек. Балалар сендердің адал достарын бар ма? (Балалар өз жауаптарын айтады).

Адал дос пен амал досты ажырата білу үшін бір ойын ойнаттық.

Ойын ережесі: Балалар экранда шыққан сөздерді сәйкестендіріп адал дос пен амал достын қаблетін ажырату қажет.

Өте керемет!

Сынып сағатымызды әрі қарай жалғастырсақ. Адалдық, ар-намыс сияқты қасиет әр адмның бойында болу керек. Бұл қасиеттер өмірде өз орнында тауып, адал еңбекпен нан табуға көмектеседі.

Балалар назарымызды кішігірім видеороликке аударайық:

“Адалдықтың өтемі”

Балалар бұл жағдаяттан не түсіндіңдер? (Оқушылар өз түсінгендерін айтады)

Дұрыс айтасындар, керемет!

Ал енді сынып сағатымыз қызықты өту үшін “Мақал-мәтел тапқыры” атты тағы бір ойын ойнайық. Ең алдымен 4 топқа бөлінейік. Мен сіздерге қазір стикер таратамын, кімде бірдей стикерлер болады солар бір топта жұмыс жасайды. (Оқушылар топқа бөлінеді).

Сіздер ар және адалдық туралы мақал-мәтел тауып айтасыздар. Сіздерге 5 минут уақыт беріледі.

Сынып сағатымызды қорытындылай келе әрқашан адал болуымыз керек. Қандай жағдай болмасын адал жолмен жасау керек. Қазақта «Адалдық – ардын ісі» деген сөз бар. Ар-намысымыз жерге тапталмас үшін адалынан нан тауып білуіміз керек. Адал дос пен амал досты ажырата білуіміз керек. Өмірімізде ең маңызды тандаулардың бірі - дос тандау. Сол себепті досты дұрыс тандай білейік – деп қорытынды жасадық.

Сонымен қатар оқу процесінде сынып бойынша оқу материалдарының ішкі мазмұнынан сұраулар мен тапсырмалар берілді:

– «Кім неден күшті» ертегісінде мұз өзінен нені күшті дейді, неліктен? Оның тағы қандай күштілігін айта аласың?

– Ертегідегі күшік пен мысыққа берілген сипаттаманы айтып беріңдер.

– Малдардың төлдеуі мен дыбыс шығаруына байланысты сөздерді атап айтыңдар.

– Егер де Қазбай шал «піс, қазаны», «күс, есегі», «ұр, тоқпағымен» сендерге кездесе, не істер едіңдер? – Егер де бақ ішінен ертегідегідей байлық тауып алсаң не істер едің?

– Өз ойыңнан құрастырған ертегіде қандай кейіпкерлер болады?

Оқушылармен әңгімелесуден, берген жауаптарынан байқалғаны: барлық бала дерлік ертегіні ұнатады өздері қызығып оқиды, ойларынан шығара алады. Оқушылар достық, сыйластық, батырлық, еңбекқорлық, мейірімділік, тапқырлық, шындық жайындағы ертегілерді жақсы көретіндерін білдірді. Айтып берулерін өтінген кезде, көбінесе «Мақта қыз бен мысық», «Түлкі мен қоян», «Түлкі мен арыстан», «Тапқыр қоян», «Алтын сақа», «Қожанасыр» туралы әңгімелерді жақсы білетіндерін байқатты және мақал-мәтелдерді айтуға ерекше қызығушылық танытты.

Осыдан шығатын қысқаша қорытынды – ұлттық сана сезімді ояту үшін халықтың салт – дәстүрлерді, халықтық мәдениетті ұрпаққа дұрыс түсіндіре алу, жеткізу үйрету керек. Жеткіншектердің дүниетанымын халықтың ерекше қасиеттері арқылы кеңейтіп тәрбиелеу, оны әрі қарай дәстүрге айналдыру бала бойында ізгілікті қалыптастырады – деп тұжырым жасаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы / Құраст. Жарықбаев Қ., Қалиев С. 1-2 кітаптар. – Алматы: Рауан, 1998. – 416 б.

2. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл

3. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие (Қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие). – Алматы: Білім, 1995. – 232 б

4. Табылды Ә. Этнопедагогикалық оқылымдар. – Алматы: Білім, 2006. – 310 б. 178.

5. Құлманова Ш.Б., Б.Р. Сүлейменова, М.А. Оразалиева Қазақ орта мектебінің 1,2,3,4 сыныптар музыка сабағына арналған хрестоматия - Алматы, 1995.

6. Балтабаев М.Х. Казахская традиционная художественная культура в системе образования. – Алматы: РИК, 1994. – 152 с.

**ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КАРТОГРАФИЯЛЫҚ
САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Дауренбекова Ж.А. магистрант
Айдаров О.Т. г.ғ.к., аға оқытушы,
Назарова Г.А. п.ғ.к., аға оқытушы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда.

aidarov_orazhan@mail.ru , tama20@mail.ru

Аннотация. Мақалада география сабақтарында оқушылардың картографиялық сауаттылығын цифрлық технологияларды қолдану арқылы қалыптастыру әдістемесі қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрландыру географиялық пәндерді оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашады, оқыту процесін интерактивті әрі қол жетімді етеді. Негізгі назар оқушылардың кеңістіктік ойлау және аналитикалық дағдыларын дамытуға ықпал ететін геоақпараттық жүйелер (ГАЖ), онлайн карталар және виртуалды экскурсиялар сияқты цифрлық картографиялық құралдарды енгізу әдістемелеріне аударылады. Картографиялық сауаттылық деңгейін арттыру үшін цифрлық ресурстарды қолданудың маңыздылығы негізделген, сондай-ақ оқушылардың картографиялық деректермен өз бетінше жұмыс жасауына мүмкіндік беретін тапсырмалар мен тәжірибелік жаттығулардың мысалдары келтірілген.

Тірек сөздер: картографиялық сауаттылық, функционалдық сауаттылық, цифрлық технологиялар, геоақпараттық жүйелер, онлайн карталар, кеңістіктік ойлау, білім беру.

Аннотация. В статье рассматривается методика формирования картографической грамотности учащихся на уроках географии с использованием цифровых технологий. В современной системе образования цифровизация открывает новые возможности в преподавании географических дисциплин, делает процесс обучения более интерактивным и доступным. Основное внимание уделяется методикам внедрения цифровых картографических инструментов, таких как географические информационные системы (ГИС), онлайн-карты и виртуальные экскурсии, которые способствуют развитию пространственного мышления и аналитических навыков учащихся. Обоснована важность использования цифровых ресурсов для повышения уровня картографической грамотности, а также приведены примеры заданий и практических упражнений, позволяющих учащимся самостоятельно работать с картографическими данными.

Ключевые слова: картографическая грамотность, функциональная грамотность, цифровые технологии, географические информационные системы, онлайн карты, пространственное мышление, образование.

Annotation. The article discusses the methodology for the formation of cartographic literacy of students in geography lessons using digital technologies. In the modern education system, digitalization opens up new opportunities in teaching geographical disciplines, making the learning process more interactive and accessible. The main focus is on the methods of implementing digital cartographic tools such as geographic information systems (GIS), online maps and virtual tours, which contribute to the development of spatial thinking and analytical skills of students. The importance of using digital resources to increase the level of cartographic literacy is substantiated, as well as examples of tasks and practical exercises that allow students to work independently with cartographic data.

Keywords: cartographic literacy, functional literacy, digital technologies, geographic information systems, online maps, spatial thinking, education.

Бүгінгі таңдағы білім берудің дәстүр бойынша қалыптасқан негізгі көрінісі, мектептегі білім сапасы мен оқушы мектепті бітіргеннен кейін игеруі керек білім, білік, дағдылардың белгілі бір деңгейі ретінде қарастырылуы. Қазіргі уақытта аталған дағдылар білім алушылардың, дайын мамандардың бойында толық көрініс бермейді. Бұл қоғам мен экономика жинақталған білімді өмірде қолдана алатын, өз дағдыларын үнемі жетілдіріп отыратын, үздіксіз оқуда болатын, туындайтын өмірлік және кәсіби проблемалық жағдайларды шешетін мамандарға сұраныс жасайтындығымен тікелей байланысты.

Тұлғаның тез өзгертін ортада тиімді интеграциялануының, қазіргі қоғамдағы тұлғаның әлеуметтенуінің бұл тұжырымдамасы қоғамдық әл-ауқаттың негізгі көрсеткіші және білім беру сапасының маңызды критерийіне айналған функционалды сауаттылықты көрсетеді [1,320б.]. Алайда, қоғамға функционалды сауатты тұлғалардың қажеттілігі мен мектеп түлектерінің қоғамда өмір сүруге дайындығының қазіргі деңгейі арасында қайшылық бар. Бір жағынан, функционалды сауаттылықты қалыптастыру процесін дидактикалық, әдістемелік қамтамасыз етудің тиісті әдістері мен авторлық әзірлемелер қолданылады. Алайда, мектеп бағдарламаларын іске асыру аясында мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасы ақсап тұрған, бүгінгі білім беру саласының негізгі проблемаларының бірі. Функционалды сауаттылықты қалыптастыру және бағалау жұмысында құрылымы мен мазмұны дәстүрлі оқу-танымдық міндеттерден айтарлықтай ерекшеленетін тапсырмалардың арнайы форматы қолданылады. Мектеп мұғалімдерінің осы түбегейлі проблемалары түсінуі, нақты әр оқу пәні шеңберінде функционалды сауаттылықтың әр түрін қалыптастыру үшін тапсырмаларды таңдау және өз бетінше әзірлеу үшін жағдай жасайды. Сонымен қатар, оқушыларға тапсырмаларды әзірлеу кезінде олардың жас ерекшеліктерін ескеру, оқушылар мен мұғалімдердің мотивациясының жоғары деңгейін ұстап тұру, ең қолайлы педагогикалық технологияларды анықтау, заман талабына сай цифрлық технологияларды қолдану мәселелерін қамтитын функционалды сауаттылықты қалыптастыру процесін дамытудың негізгі аспектілерін толыққанды пайдалану арқылы нәтижеге жетуге болады [2,45–82б.]. Жалпы білім беретін мектептердегі пәндерді оқытуда аталған сауаттылықты қалыптастыру әр пәнде өзіндік ерекшеліктер негізінде жүзеге асырылады.

Жаһандық цифрландыру және ақпараттық қанықтылық дәуірінде картографиялық сауаттылық және кеңістіктік ақпаратты бағдарлай білу мәселелері география пәні бойынша ерекше өзекті болып отыр. Географиялық ақпарат бізді барлық жерде қоршап тұр: біз навигация үшін күнделікті цифрлық карталарды қолданамыз, көптеген компаниялар өз қызметін оңтайландыру үшін геоақпараттық жүйелерді (ГАЗ) қолданады, ал мемлекеттік құрылымдар мен экологтар табиғи ресурстарды бақылау және аумақтық дамуды жоспарлау үшін кеңістіктік деректерді талдайды [3,62–78б.]. Бұл тұрғыда география сабақтарында оқушылардың картографиялық сауаттылығын дамыту тек академиялық ғана емес, сонымен қатар жастарды географиялық ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруді талап ететін әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындауға бағытталған практикалық міндет болып табылады.

Картографиялық сауаттылық немесе карталарды оқу, түсіндіру және талдау қабілеті құзыреттердің кең ауқымын қамтиды. Бұл карталарды шарлау және масштабты, қашықтықты және координаттарды түсіну және объектілер арасындағы кеңістіктік қатынастарды талдау дағдылары. Картографиялық сауаттылық оқушыларға қоршаған әлемді жақсы түсінуге, кеңістіктік ойлау мен аналитикалық қабілеттерді дамытуға, сондай-ақ күнделікті өмірде сәтті бағдарлау үшін қажетті білім мен дағдыларды беруге мүмкіндік береді [4,163-171б.]. Географияның заманауи оқу бағдарламалары қарапайым физикалық карталардан бастап әртүрлі процестерді терең түсінуді қажет ететін кешенді тақырыптық және экономикалық карталарға дейінгі картографияға қатысты тақырыптардың кең ауқымын қамтиды. Картографиялық сауаттылықты қалыптастыру-әлем, оның ресурстары, халқы және әлеуметтік-экономикалық жүйелері туралы білімді одан әрі игеруге негіз болатын география мұғалімінің негізгі міндеттерінің бірі.

Цифрлық технологиялар білім беру процесіне көбірек әсер етіп, мұғалімдер мен оқушыларды ақпаратты зерттеу мен талдаудың жаңа құралдарымен қамтамасыз етеді. Интернеттің дамуы және әртүрлі цифрлық құрылғылардың қол жетімділігі жағдайында географияны оқытудың дәстүрлі әдістері интерактивті платформалар, бағдарламалық қамтамасыз ету және интернет-ресурстар арқылы толықтырылады және кеңейтіледі. Сандық карталар, спутниктік суреттер, ГАЖ және виртуалды экскурсиялар білім алушыларға географиялық ерекшеліктерді көріп қана қоймай, олармен өзара әрекеттесуге, кеңістік пен уақыттың өзгеруін зерттеуге және күрделі географиялық процестерді талдауға мүмкіндік береді [5,15–286.].

География сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға да ықпал етеді. Олар дайын ақпаратты қабылдауды ғана емес, сонымен қатар деректерді өз бетінше іздеуді, талдауды және түсіндіруді үйренеді. Сонымен қатар, цифрлық карталармен және ГАЖ-мен жұмыс істеу ХХІ ғасырдағы білім берудің ажырамас бөлігі болып табылатын ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.

Картографиялық сауаттылық-бұл картаны оқу және түсіну қабілеті ғана емес. Ол картографиялық деректерді талдау, топографиялық, климаттық, демографиялық карталардың әртүрлі түрлерімен жұмыс істей білу және карталарды өз бетінше жасау және оларды практикалық тапсырмаларды орындау үшін пайдалану сияқты бірнеше маңызды дағдыларды қамтиды. Картографиялық сауаттылық оқушыларға күнделікті өмірде, оқуда немесе кәсіби қызметте болсын, болашақта кездесетін нақты мәселелерді шешуге қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі. Зерттеу цифрлық технологияларды пайдалана отырып, картографияны оқытудың тиімді тәсілдерін анықтауға бағытталған. Маңыздысы, бұл дәстүрлі оқыту әдістерін толығымен ауыстыру туралы емес, инновациялық және дәстүрлі тәсілдердің ақылға қонымды үйлесімі туралы [6,31–456.]. Осылайша, цифрлық технологияларды пайдалану географияға деген қызығушылықты арттыруға, оқушылардың географиялық процестер туралы түсінігін тереңдетуге және олардың кеңістіктік ақпаратты талдау дағдыларын жақсартуға бағытталған.

Білім берудегі цифрлық технологиялар оқытушылар мен оқушылар үшін, соның ішінде география пәнін оқытуда жаңа көзжиектер ашады. Интерактивті карталар, геоақпараттық жүйелер, спутниктік суреттер және басқа да сандық ресурстар географиялық деректерді визуализациялауға ғана емес, сонымен қатар оларды талдауға мүмкіндік береді, бұл оқушыларға географиялық процестер мен қатынастарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, география сабақтарында геоақпараттық жүйелерді (ГАЖ) пайдалану білім алушыларға үлкен көлемдегі деректермен жұмыс істеуге, әртүрлі факторларды талдауға және табиғи және адами факторлардың белгілі бір аймақтарға әсерін көрсететін күрделі модельдер құруға мүмкіндік береді. ArcGIS және QGIS сияқты жүйелер климаттық, әлеуметтік және экономикалық факторлардың табиғи және антропогендік ресурстарды аумақтық бөлуге әсерін жақсы түсінуге көмектесетін интерактивті карталарды жасауға мүмкіндік береді [7,289-3016.].

Сандық карталар мен ГАЖ жобалық іс-шараларға мүмкіндіктер ашады, мұнда студенттер өздерін қызықтыратын параметрлерді ескере отырып, өз карталарын құра отырып, аймақтарды өз бетінше зерттей алады. Бұл олардың картографиялық сауаттылығын дамытып қана қоймайды, сонымен қатар олардың жауапкершілік деңгейі мен оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады, өйткені олар тек пассивті ақпарат алушылар емес, білім беру процесінің белсенді қатысушылары болады. География сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану сонымен қатар картографиялық сауаттылықтың маңызды бөлігі болып табылатын кеңістіктік ойлауды дамытуға ықпал етеді. Кеңістіктік ойлау студенттерге географиялық қатынастарды түсінуге, масштабты суреттерді көруге және уақыт бойынша өзгерістерді талдауға мүмкіндік береді [8,1926.]. Мысалы, спутниктік суреттер мен онлайн карталарды пайдалану ландшафттағы, ормандардағы, су объектілеріндегі және басқа да табиғи ресурстардағы өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді, бұл студенттерге климаттық өзгерістер мен адам әрекетінің табиғатқа әсерін көруге көмектеседі.

Цифрлық технологиялар карталарды салыстырмалы талдауды жүргізуге мүмкіндік береді, бұл студенттерге әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі деректерді салыстыруға және трендтерді талдауға мүмкіндік береді. Бұл аналитикалық қабілеттерді дамытуға ғана емес, сонымен қатар бір аймақтағы өзгерістер жаһандық процестерге қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі. Картографиялық сауаттылықты қалыптастыру процесінде оқушыларға карталармен және географиялық ақпаратпен жұмыс істеуді үйренуге көмектесетін әртүрлі тапсырмалар пайдалы [9,364б.]:

- Аумақтық өзгерістерді талдау: ГАЖ немесе спутниктік суреттерді пайдалана отырып, оқушылар табиғи ландшафттардағы өзгерістерді бақылай алады, мысалы, орман немесе мұздықтардың азаюын бақылау.

- Картографиялық викториналар мен ойындар: орналасу, қашықтық, масштаб және координаталық сұрақтар оқушыларға теориялық білімді бекітуге көмектеседі.

- Тақырыптық карталарды құру: білім алушылараналитикалық дағдыларды дамытуға ықпал ететін экономикалық даму, климаттық аймақтар немесе табиғи ресурстар сияқты тақырыптар бойынша карталар жасай алады.

Бұл тапсырмалар оқушыларға картография негіздерін үйреніп қана қоймай, сонымен қатар цифрлық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, бұл олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. География сабақтарында оқушылардың картографиялық сауаттылығын қалыптастыру процесінде цифрлық технологияларды пайдалану білім сапасын арттыруға үлкен мүмкіндіктер береді. ГАЖ, онлайн карталар және виртуалды экскурсиялар сабақтарды қызықты етеді және оқушыларға географиялық деректерді жақсы түсінуге және талдауға көмектеседі.

Өзірленген әдіс теория мен тәжірибені үйлестіре отырып, оқушылардың сыни ойлау мен кеңістіктік қабылдаудың маңызды дағдыларын дамыта отырып, оқыту үшін цифрлық ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [10,76-85б.].

Болашақта географияны оқытудағы цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін зерттеу мектеп оқушыларына картографиялық ақпараттың сауатты пайдаланушысы болуға және цифрлық әлемде өмір сүруге дайындалуға көмектесетін одан да тиімді және инновациялық әдістерді жасауға әкелуі мүмкін. Сондықтан ақпараттық сауаттылық болашақтың, жаңа заманның талабы болғандықтан геоақпараттық жүйелердің географиялық білім беруде маңызы одан әрі арта береді деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алексеев А. А. Методика преподавания географии.–М.: Просвещение, 2017. – 320 с.
2. Барабанова Е.В. Информационные технологии в образовании: учебное пособие. – СПб.: Издательство Лань, 2019. – С. 45–82.
3. Козлова О.П. Геоинформационные технологии и системы в образовательном процессе. // Вестник педагогических наук. – 2020. – № 4. – С. 62–78.
4. Battersby S.E. & Remington, S. J. (2013). Teaching Digital Mapping and Geospatial Skills to High School Students. *Journal of Geography*, 112(4), 163-171.
5. Лебедев С.А., Иванов, М. В. Использование ГИС в учебном процессе // География в школе. – 2021. – № 7. – С. 15–28.
6. Никитин И. С. Цифровая картография в школьном образовании // Современные технологии в образовании. – 2022. – Т. 9, № 5. – С. 31–45.
7. Clark J., & Allingham, R. (2012). Virtual Field Trips and GIS in Secondary Education. *International Journal of Geographical Information Science*, 26(3), 289-301.
8. Петрова Н. Н., Смирнова, Ю. К. Виртуальные экскурсии как метод обучения географии в школе. – М.: Флинта, 2021. – 192 с.
9. Сергеев В. И. Основы картографической грамотности: учебник для вузов. – М.: Академия, 2018. – 364 с.
10. Solem M., Huynh N. T., Boehm R. (2009). Developing Spatial Thinking Skills in Geography. *Journal of Geography*, 108(2), 76-85.

**ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР МЕН ЕСЕПТЕРДІ ОҚУШЫ ЛОГИКАСЫН
ДАМУДА ПАЙДАЛАНУ****Жантуғанова Г.- магистрант, 1 курс****Назарова Г.А.- аға оқытушы, п.ғ.к.,****Айдаров О.Т. – аға оқытушы, г.ғ.к.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда.

aidarov_orazhan@mail.ru , tama20@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада мектеп оқушыларына география тапсырмалар мен есептерді үйрету арқылы олардың бойында логикалық дамуын қалыптастыру жайлы айтылады. Сол арқылы оқушыларда логикалық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі қарастырылған. Қазіргі білім беру жүйесінде мектеп оқулықтарында географиялық есептер аз қарастырылған. Бұл географиялық тапсырмалар географиялық пәндерді оқытуда оқушылардың логикалық дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады. Негізгі назар оқушылардың логикалық ойлау және аналитикалық талдау дағдыларын дамытуға ықпал ететін жағына аударылған. Соған орай оқушылардың географиялық сауаттылық деңгейін арттыру үшін логикалық есептер мен тапсырмаларды сабақта қолданудың маңыздылығы негізделген, сондай-ақ олардың географиялық мәліметтермен өз бетінше жұмыс жасауына мүмкіндік беретін тапсырмалар мен тәжірибелік жаттығулардың мысалдары келтірілген.

Тірек сөздер: Географиялық тапсырмалар, географиялық есептер, диаграммалар, графиктер, үлгілік оқу бағдарламасы, деректерді салыстыру.

Аннотация. В данной статье рассказывается о формировании у школьников логического развития через обучение их задачам и задачам по географии. Тем самым предусмотрена методика формирования у учащихся логической грамотности. В современной системе образования в школьных учебниках географические задачи рассматриваются реже. Эти географические задания открывают новые возможности для логического развития учащихся при изучении географических предметов. Основное внимание уделяется той стороне, которая способствует развитию у учащихся навыков логического мышления и аналитического анализа. В этой связи обоснована важность использования на уроке логических задач и заданий для повышения уровня географической грамотности учащихся, а также приведены примеры заданий и практических упражнений, позволяющих им самостоятельно работать с географическими данными. Ключевые слова: географические задачи, географические задачи, диаграммы, графики, примерная учебная программа, сравнение данных.

Ключевые слова: географические задачи, географические задачи, диаграммы, графики, примерная учебная программа, сравнение данных.

Annotation. This article describes the formation of logical development in schoolchildren through teaching them tasks and tasks in geography. Thus, a methodology for the formation of logical literacy among students is provided. In the modern education system, geographical tasks are considered less often in school textbooks. These geographical tasks open up new opportunities for the logical development of students in the study of geographical subjects. The main focus is on the side that contributes to the development of students' logical thinking and analytical analysis skills. In this regard, the importance of using logical tasks and tasks in the lesson to increase the level of geographical literacy of students is justified, as well as examples of tasks and practical exercises that allow them to work independently with geographical data. Keywords: geographical tasks, geographical tasks, diagrams, graphs, sample curriculum, data comparison.

Keywords: geographical tasks, geographical tasks, diagrams, graphs, sample curriculum, data comparison.

Мектеп оқушыларын географияны оқу процесінде диаграммаларды, климатограммаларды, графиктерді құруға және оқуға, кестелерді толтыру үшін ақпарат жинауға ғана емес, ақпаратты алуды және оны бір түрден екінші түрге түрлендіруді үйрету қажет. Бұл үлгілік оқу бағдарламада, географияны оқыту міндеттердің бірі ретінде: «..оқушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау», -деп атап көрсетілген [1].

Яғни, ең бастысы алынған немесе берілген деректерді салыстыру, талдау және қорытынды жасай алуға үйрету қажет. Баланың интеллектуалды дамуы оның логикалық ойлау қабілетіне тікелей байланысты. Логикалық ойлау - бұл мидың күрделі қызметі. Себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау, жіктеу қабілеті әр адамға берілмейді, бірақ онымен жұмыс істеу керек. Сондықтан қазіргі кезеңде тұлғаны дамытудың маңызды шарттарының бірі-оқушылардың интеллектуалды қабілеттерін дамыту, өз бетінше, шығармашылықпен ойлау қабілеті.

Сабақта ақыл-ой белсенділігін әр түрлі әдістермен белсендіруге болады. Оларды оқу процесінде қолдану білімді сәтті игеру үшін ғана емес, сонымен бірге оқушылардың ақыл-ой белсенділігін дамыту, оларды географиялық білімді өз бетінше алуға дайындау үшін де маңызды.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда географиялық есептердің ролі зор. Географиялық есептерді шешу – бұл тек формулалар мен есептеулерді қолдану ғана емес, сонымен қатар географиялық заңдылықтарды терең түсінуді, ақпаратты талдауды, логикалық тізбектер құруды және негізделген шешімдер қабылдауды талап ететін күрделі процесс.

«Географиялық тапсырма» ұғымы қазіргі мектеп географиясында кең таралған, бірақ географияны оқыту әдістемесінде міндетті термин емес. Мектептегі географиялық білім беруде географиялық тапсырмалардың пайда болуы мен таралуына географиядан мектеп оқушыларының бүкілресейлік олимпиадасы және басқа географиялық олимпиадалар («Мектеп оқушыларына арналған Мәскеу олимпиадасы», «Жас таланттар» және т.б.) ықпал еткен. Осылайша, географиялық есептер мен олардың әдіснамалық ерекшеліктеріне арналған А.И. Даншина, А.С. Наумовтың және басқа да мектеп оқушыларына арналған географиялық олимпиадаларға арналған тапсырмалар туралы басқада авторлардың (И.И. Барينو, С.И. Болысов, Д.В. Богачев, Д.В. Заяц, М.Б. Иванова, П.Л. Кириллов, А.А. Лобжанидзе, А.А. Медведков, В.А.Ровц, Б.Б. Самойлов және басқа географтар, ғалымдар, мұғалімдер және география мұғалімдердің) еңбектері бар.

Мектеп тәжірибесінде географиялық есеп көбінесе проблемалық сипаттағы немесе оқушының әр түрлі оқу іс-әрекетін жүзеге асыруды көздейтін сұрақ ретінде түсініледі. Бірақ бұл жағдайда «жаттығу» ұғымы туралы айту дұрысырақ болар еді. «» ұғымы көбінесе «тапсырма» ұғымымен ауыстырылады.

«Есеп» ұғымы көбінесе «тапсырма» ұғымымен ауыстырылады. Негізінде, географиялық есептер тапсырмалардың басқа түрлерінен кем дегенде келесі белгілері бойынша ерекшеленеді:

1) пән мазмұнының күрделілігі: сұрақтар әртүрлі географиялық пәндер бойынша білімді қамтиды және сонымен бірге мектеп географиясы курсындағы жеке тақырыптың пәндік мазмұнын ашады. Сонымен қатар, есептер мектеп географиясының мазмұнының негізгі және арнайы деңгейлерін қамтиды;

2) оқу әрекетінің түрлерінің алуан түрлілігі: есептердегі тапсырмалар әмбебап оқу әрекетінің бірнеше түрін қамтиды (мысалы, мәтінмен жұмыс, есептеулер, графикалық модельдер құру және т.б.);

3) пәнаралық байланыс: тапсырмалар географияны басқа ғылымдармен біріктіретін сұрақтар мен тапсырмаларды қамтиды.

Сабактардағы географиялық есептер олимпиада тапсырмаларынан айырмашылығы мазмұны жағынан көлемі аз, сонымен қатар күрделілік, метапәндік және пәнаралық, алгоритм бойынша орындау принциптерін қамтиды.

Мысалы, географиялық нысандарды ретпен орналастыруға арналған тапсырмалар.

Алматы – Саратов бағытымен жүріп келе жатқан пойыздың терезесінен көрінетін өзендерді ретімен орналастырыңыз.

1) Жайық; 2) Талас; 3) Арыс; 4) Сырдария; 5) Жем. 6) Шу

Нысандары кездесу ретіне сәйкес кестеге жазыңыз.

Жауап: 6, 2, 3, 4, 5, 1

Сонымен қатар, кеңістіктік қатынастарды анықтау әдістері географияны оқытуда маңызды орын алады. Олар оқу әдістері бола тұра, ойлау әрекеттерінің әдістері болып табылады және әрекеттердің логикалық тізбегін көрсетеді. Бұл әдістерге бағыттар мен қашықтықтарды анықтау, географиялық объектілердің географиялық орнын анықтау, географиялық координаттарды анықтау және т.б. жатады.

Мысалы, берілген нүктенің координаттарын анықтау арқылы әрбір әдіс бірқатар әрекеттерден тұратынын көрсетуге болады. Бұл жағдайда мыналар:

- Бұл нүкте экватордың оңтүстігінде не солтүстігінде жатқанын анықтау;
- Оны ең жақын параллельмен салыстыру, яғни берілген нүкте арқылы оның «өзінің» параллелін ойша (немесе карта бойынша) жүргізу;
- Картада ең жақын параллель қай санмен белгіленгенін табу;
- Картада көрсетілген параллель мен ойша жүргізілген параллель арасындағы градус айырмашылығын анықтау;
- Нүктенің ендігін есептеу;
- Нүктенің нөлдік меридианмен және ең жақын меридианмен қатынасын анықтау;
- Нүктенің меридианын ойша жүргізу;
- Ең жақын меридиан мен нүктенің меридианы арасындағы градус (және минут) айырмашылығын анықтау;
- Берілген нүктенің бойлығын есептеу.

Келтірілген бірізді әрекеттердің жиынтығы, шын мәнінде, алгоритмдік нұсқауды білдіреді. Алгоритмдік нұсқау дегеніміз – белгілі бір типке немесе классқа жататын кез келген есепті шешу үшін белгілі бір ретпен орындалатын қарапайым амалдарды орындау туралы жалпы түсінікті нұсқау.

Логикалық қатардағы қателерді анықтап, оны жалғастыруға арналған жаттығулардың маңыздылығы да зор. Мұндай тапсырмалар атластың әртүрлі карталарын қолдану арқылы орындалады. Осындай тапсырмаларға бірнеше мысал келтірейік. Мысалы: Біздің елімізде қанша уақыт белдеуі бар екенін еске түсіріп, ресейлік қалалардың логикалық қатарындағы қатені анықтаңыз. Таңдауыңызды түсіндіріп, логикалық қатарды жалғастыру үшін бір қаланың мысалын келтіріңіз:

Алматы – Тараз – Балқаш – Қарағанды – Астана.

Мектеп оқушыларына арналған тапсырмалар формаларының бірі – есептеуге арналаған есептер мен жаттығулар екенін ұмытпаған жөн. Көптеген есептеу жаттығулары курс бойынша практикалық жұмыстар мен жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларда берілген. Оларға ылғалдану коэффициентін, өзеннің құлау және еңіс мөлшерін есептеу, орташа физикалық-географиялық көрсеткіштерді (мысалы, орташа жылдық температураны), демографиялық көрсеткіштерді (туылым, өлім-жітім, табиғи және механикалық өсім, халық тығыздығы, аумақтың шаруашылық мамандану коэффициенті және т.б.) анықтау тапсырмалары жатады.

Есептерді шешуде географиялық заңдылықтарды негізге ала отырып, логикалық ойды түйіндеп, шешімін табуға болады. Мысалы, кейбір географиялық есептерді шығаруда ескеру керек заңдылықтар:

1. Биіктік 1 км-ге көтерілген сайын температура шамамен 6 °С төмендейді.

2. Биіктік 100 м-ге көтерілген сайын атмосфералық қысым 10,5 мм сынап бағанына төмендейді.

3. Жер қыртысының 20-40 м тереңдігінен төмен әрбір 100 м сайын температура 3 °С көтеріледі.

4. Температура амплитудасын есептеу үшін ең жоғары мәннен ең төменгі температура мәнін шегеру қажет.

География сабақтарындағы тапсырмалар мен жаттығулардың мақсаты тек мектеп географиясы курстарында пәндік және метапәндік оқу нәтижелеріне қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар пәнге деген танымдық қызығушылықты қалыптастыру болып табылады. Сабақтарда тапсырмалар мен жаттығуларды шешу барысында мектеп оқушыларына географиядан мектеп олимпиадаларының тапсырмаларын көрсетіп, түсіндірген орынды, өйткені оларды география бойынша сыныптан тыс жұмыстарда жүйелі түрде қолдану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «География» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 201-қосымша
2. Географические задачи: Учеб. практикум/ Перм. ун-т; Авторы-сост. М.Б. Иванова, А.Г. Орлова, Н.Г. Циберкин, Г.И. Котельникова, Б.А. Казаков. Пермь, 2004. – 21 с.

ӘОЖ 37.091.3:004:373.3

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУ

Серикбаева К.Т. Арнайы пәндер оқытушысы
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі

E-mail: Carla1971@mail.ru

Аннотация

Бастауыш мектепте цифрлық технологияларды пайдалану оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың жан-жақты дамуына да ықпал етеді. Оқу үдерісі қызықты, тиімді және тартымды бола түседі, сонымен қатар оқушылар өмірде пайдалы болатын қосымша дағдыларды меңгереді.

Тірек сөздер: цифрлық технологиялар, оқу қызығушылығын арттыру, бастауыш мектеп, оқу процесі.

Аннотация

Использование цифровых технологий в начальной школе не только повышает интерес учащихся к учебе, но и способствует их всестороннему развитию. Обучение становится более увлекательным, эффективным и эффективным, а обучающиеся приобретают дополнительные навыки, которые будут им полезны в жизни.

Ключевые слова: цифровые технологии, повышения интереса к учёбе, начальная школа, учебный процесс.

Annotation

The use of digital technologies in primary school not only increases students' interest in learning but also contributes to their comprehensive development. Learning becomes more engaging, effective, and enjoyable, while students acquire additional skills that will be useful in life.

Keywords: digital technologies, increased interest in learning, primary school, learning process.

Қазіргі әлемді цифрлық технологияларсыз елестету мүмкін емес, өйткені олар өмірдің барлық салаларына, соның ішінде білім беру саласына да еніп отыр. Цифрлық революция жағдайында білім беру жүйесі, соның ішінде бастауыш мектеп айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Цифрлық технологиялар оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналып, оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, білім беруді неғұрлым тиімді әрі алуан түрлі әдістермен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Осы мақалада заманауи цифрлық технологиялардың білім беру процесіне әсері және оларды бастауыш сынып оқушылары үшін сапалы білім беруді жақсартудағы әлеуеті қарастырылады [1].

Ж.И.Сарбасованың пікірінше интерактивті тақталар, компьютерлер, планшеттер және арнайы оқыту бағдарламалары секілді цифрлық құрылғылар мұғалімдер үшін маңызды құралға айналды. Олар тек жаңа материалды түсіндіруді жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың назарын аударуға көмектесіп, оқыту процесін қызықты әрі тартымды етеді. Цифрлық технологияларды мақсатты және тиімді пайдалану оқу процесін интерактивті және көрнекі етіп, оқушылардың білім алуына белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы білім беру платформалары мен цифрлық ресурстарға қол жеткізумен қатар, бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын дамыту маңызды. Бұл балалардың цифрлық технологияларды ерте жастан бастап дұрыс және тиімді пайдалануына жағдай жасайды [2, 32 б.].

Цифрлық білім берудің танымал формаларының бірі – онлайн-оқыту. Қазіргі уақытта онлайн-платформалар әр оқушының жеке қажеттіліктеріне оңай бейімделетін әртүрлі оқу материалдарын ұсынады. Бұл балаларға өз деңгейіне және қызығушылығына сәйкес тапсырмаларды таңдап, білім алу процесін жекелендіріп, өзіне қызықты әрі түсінікті етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, презентациялар мен бейнероликтер сияқты материалдарды пайдалану сабақтарды көрнекі әрі есте қаларлық етеді. Заманауи цифрлық құралдар мұғалімдерге әр баланың қабілеті мен қажеттілігін ескеріп, оқу жоспарын жекелендіруге мүмкіндік береді, бұл олардың сәтті оқуы мен жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Заманауи цифрлық технологиялар интерактивті ойындар, презентациялар, мультимедиялық тапсырмалар және визуалды материалдар арқылы оқыту процесін қызықты және мазмұнды етеді. Д.В. Буданцев әртүрлі визуалды және дыбыстық эффектілерді қолдану балалардың материалды жақсырақ түсінуіне және қызығушылықтарын сақтауға көмектесетіндігін айтады. Бұл әсіресе ойын және белсенді тапсырмалар арқылы ақпаратты оңай қабылдайтын бастауыш сынып оқушылары үшін маңызды. Осылайша, цифрлық технологиялар балалардың креативтілігі мен сыни ойлауын дамытуға, сондай-ақ ойын арқылы білімді бекітуге ықпал етеді [3,120 б.] .

Цифрлық технологиялар оқушылардың үлгерімін бағалау және білім деңгейін диагностикалау үшін де кең мүмкіндіктер ашады. Арнайы бағдарламаларды пайдалану арқылы мұғалімдер балалардың қай тұстарда қосымша көмекке мұқтаж екенін дәл анықтап, олардың үлгерімін шынайы уақыт режимінде қадағалай алады. Бұл педагогтарға оқу бағдарламаларын икемді түрде түзетуге және әр оқушының қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс жеңілдеп, оқу барысында туындаған қиындықтарға жедел жауап беруге және оқушылардың мотивациясын сақтауға мүмкіндік береді [4,127 б.].

Бастауыш мектепте цифрлық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтарының бірі – оқытуды жекешелендіру және дербестендіру мүмкіндігі. Бағдарламалар мен қосымшалар мұғалімдерге әр баланың білім деңгейіне бейімделген материалды таңдауға мүмкіндік береді, бұл оқушылардың өз күшіне сенімділігін арттырып, оқу мотивациясын қолдайды. Мұндай оқыту формасы әр баланың өз қарқынында дамуына мүмкіндік беріп, жеке қызығушылығы мен қажеттіліктерін ескеруге жағдай жасайды, бұл оқу нәтижелеріне және жалпы оқу процесіне оң әсер етеді [5,137 б.].

Жаһандық цифрландыру жағдайында балалар ерте жастан бастап цифрлық сауаттылық дағдыларын дамытуға мұқтаж. Мектепте цифрлық технологияларды қолдану оларға

бағдарламалармен жұмыс істеуді, интернетте ақпарат іздеуді, мәліметтерді талдауды және қазіргі қоғамда қажетті құралдарды пайдалануды үйренуге көмектеседі. Бұл оларды цифрлық қоғамда өмірге дайындап, болашақ өмірінде және білім алуында қажетті дағдылармен қамтамасыз етеді.

Бастауыш мектепте цифрлық технологияларды қолдану балалардың креативтілік, сыни ойлау, командалық жұмыс және коммуникативті қабілеттер сияқты маңызды дағдыларын дамытуға көмектеседі. Цифрлық құралдарды пайдалана отырып, жобаларды бірлесе шешу, оқу материалдарын талқылау және тапсырмаларды орындау балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Олар ынтымақтастықты үйреніп, басқа адамдардың пікірін тыңдауды және өз идеяларымен бөлісуді меңгереді, бұл болашақтағы қоғамдық өмірге дайындықтың маңызды бөлігі болып табылады.

Цифрлық технологиялар сынып шекараларын айтарлықтай кеңейтіп, оқушыларға дәстүрлі оқыту аясынан шығуға және әлемдегі басқа балалармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Онлайн-платформалардың арқасында балалар халықаралық жобаларға қатысып, басқа елдердегі оқушылармен тәжірибе алмасады, бұл толеранттылықты дамытуға, мәдени әртүрлілікке ашықтықты және басқа мәдениеттерді түсінуді қалыптастыруға ықпал етеді.

Цифрлық технологиялардың барлық артықшылықтарына қарамастан, тепе-теңдікті сақтау маңызды екенін ұмытпау керек. Оқыту процесінің маңызды бөлігі болып табылатын дәстүрлі әдістер (мысалы, оқу, жазу, сурет салу) сақталуы тиіс. Цифрлық технологиялар тек дәстүрлі оқытуды жетілдіру және байыту құралы болуы керек, бірақ оны толық алмастырмауы қажет. Сонымен қатар, цифрландырудың құрылғыларға тәуелділік, назардың төмендеуі және денсаулыққа кері әсері секілді мүмкін болатын жағымсыз жақтарын ескеру маңызды. Цифрлық технологияларды пайдалану орынды және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек [6,40б.].

Цифрлық технологиялар қазіргі білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарып, оқыту және оның сапасын арттыру үшін жаңа мүмкіндіктерді ашады. Алайда олардың қолданылуы тепе-теңдікті сақтай отырып, балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне бейімделуі маңызды. Білім берудің мақсаты – тек білім беру ғана емес, баланың тұлғалық дамуы. Цифрлық технологиялар білімді қызықты, интерактивті және икемді ете отырып, әр баланың жеке қызығушылығы мен қажеттіліктерін ескеруге жағдай жасайды.

Бастауыш мектепте цифрлық технологияларды қолдану – креативтілікті, мотивацияны және цифрлық қоғамға бейімделуге дайындықты дамытуға ықпал ететін қазіргі заманғы білім беруге жасалған маңызды қадам.

Біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды қолдануға деген көзқарасын тереңірек зерттеу мақсатында «Бастауыш мектепте оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» (БМПӨ) бағдарламасы студенттері арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнама мақсаты – студенттердің цифрлық технологиялар жөніндегі білім деңгейін, тәжірибесін және бастауыш мектепте цифрлық технологияларды қолдануға деген көзқарасын, сондай-ақ олардың кәсіби қызметінде бұл технологияларды қолдануға дайындығын анықтау.

Сауалнама сұрақтары:

1. Бастауыш мектепте цифрлық технологияларды қолдану қаншалықты маңызды деп санайсыз?

- Өте маңызды
- Маңызды
- Орташа маңызды
- Маңызсыз
- Мүлдем маңызды емес

2. Бастауыш мектепте қолдануға болатын цифрлық технологияларды (интерактивті тақталар, білім беру платформалары, бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б.) қаншалықты жақсы меңгердіңіз?

- Өте жақсы

- Жақсы
- Қанағаттанарлық
- Нашар
- Мүлдем меңгермегенмін

3. Цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың оқу үрдісіне деген қызығушылығын арттырады деп ойлайсыз ба?

- Толық келісемін
- Келісемін
- Біршама келісемін
- Келіспеймін
- Мүлдем келіспеймін

4. Сіз кәсіби қызметіңізде цифрлық технологияларды қаншалықты жиі қолдануды жоспарлайсыз?

- Әр сабақта
- Аптасына бірнеше рет
- Айына бірнеше рет
- Өте сирек
- Қолдануды жоспарламаймын

5. Сіздің ойыңызша, цифрлық технологиялар әр оқушының оқуына жеке тәсіл қолдануға қаншалықты көмектеседі?

- Өте көмектеседі
- Көмектеседі
- Біршама көмектеседі
- Шамалы көмектеседі
- Мүлдем көмектеспейді

6. Бастауыш мектеп оқушылары үшін цифрлық сауаттылықты дамыту маңызды деп санайсыз ба?

- Толық келісемін
- Келісемін
- Біршама келісемін
- Келіспеймін
- Мүлдем келіспеймін

7. Цифрлық технологияларды оқыту үдерісінде қолдануға қаншалықты дайынсыз?

- Толық дайынмын
- Дайынмын
- Аздап сенімсізбін
- Мүлдем дайын емеспін, бірақ үйренгім келеді
- Дайын емеспін және қажет деп санамаймын

Сауалнама нәтижелері төмендегідей болды. 68% студент цифрлық технологиялардың маңыздылығын «өте маңызды» деп бағаласа, 20% – «маңызды», 8% – «орташа маңызды», 4% – «маңызсыз» деп көрсеткен. 15% студенттер цифрлық технологияларды меңгеру деңгейін «өте жақсы», 30% – «жақсы», 40% – «қанағаттанарлық», ал 15% – «нашар» немесе «мүлдем меңгермеген» деп бағалаған. Респонденттердің 72%-ы цифрлық технологиялар оқушылардың қызығушылығын арттырады деп «толық келіседі», 18% – «келісемін», 6% – «біршама келісемін», ал 4% бұл тұжырыммен келіспейді.

Сонымен қатар 22% студенттер цифрлық технологияларды «әр сабақта», 48% – «аптасына бірнеше рет», 18% – «айына бірнеше рет», 10% – «өте сирек», ал 2% мүлдем қолдануды жоспарламайды. 60% респонденттер цифрлық технологиялар «өте көмектеседі» деп санаса, 25% – «көмектеседі», 10% – «біршама көмектеседі», ал 5% оларды «шамалы көмектеседі» деп бағалаған. 74% студент «цифрлық сауаттылық бастауыш сынып оқушыларына қажет» деген пікірмен толық келіссе, 20% – «келісемін», 6% – «біршама келісемін» деп жауап берген.

Цифрлық технологияларды қолдануға дайындық бойынша 25% студенттер «толық дайынбыз», 35% – «дайынбыз», 30% «аздап сенімсізбіз», ал 10% «мүлдем дайын емеспіз, бірақ үйренгіміз келеді» деп көрсеткен.

Сауалнама нәтижелері студенттердің басым көпшілігі цифрлық технологиялардың оқушылардың қызығушылығын арттырудағы маңыздылығын және оқу үдерісін жекешелендірудегі ролін мойындайтынын көрсетті. Дегенмен, респонденттердің айтарлықтай бөлігі цифрлық технологияларды қолдану бойынша қосымша оқытуды қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сардарова Ж.И., Кисметова Г.Н., Турежанова Г.А., Саркулова Д.С. Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру // Педагогикалық ғылымдар сериясы. №1 (70) 2022

2. Сарсенбаева Н.Ф., Мырзахметова Б.Ш., Адылбекова Э.Т. Цифровизация образования в Республике Казахстан // Мир педагогики и психологии: международный научно-практический журнал. – 2021. – №01 (54).

3. Буданцев Д.В. Цифровизация в сфере образования: обзор российских научных публикации // Молодой ученый. – 2020. – № 8. – С. 120-127.

4. Никулина Т.В., Стариченко Е.Б. Информатизация и цифровизация образования: понятия, технологии, управление // Педагогическое образование в России. – 2018. – № 8. – С. 107-113.

5. Тавадян А.М., Зима В.А., Хусаинова Н.Б. Теоретические основы подготовки студентов к педагогической деятельности в условиях цифровизации образования // KANT, 2019. – №3 (32). – С. 137.

6. Кубрушко П.Ф., Назарова Л.И., Симан А.А. Подготовка преподавателей к инновационной педагогической деятельности в условиях цифровизации аграрного образования // Вестник ФГОУ ВПО МГАУ им. В.П. Горячкина. – 2019. – № 5 (93). – С. 40.

ӘОЖ 378.146

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байымбетова Ж. А. ф.ғ.к., доцент

Шымкент, Қазақстан

E-mail: _zhuzimkul.bayymbetova@mail.ru

Аннотация

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығы айтылған. Цифрландырудың қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайтуға тигізетін нәтижелеріне тоқталған. Ана тілі сабақтарын (әдебиеттік оқу, қазақ тілі) үйретуде аудио құралдардың, интерактивті-мультимедиалық оқу құралдардың, видео – сабақтардың, презентациялардың бүгінгі сабақтың ажырас бөлгіне айналғаны айтылған.

Бастауыш сыныпта сабақ кезінде жаңа материалды өтуде презентацияны, видео-сабақтарды қолдану, жаңа сабақты өту кезінде электронды оқулық, интернет материалдарының бірнеше фрагменттерін қолдану, оқыған материалды бекіту немесе білім мен білікті қолдану сабағында, түрлі тапсырмаларды орындауда АКТ-ны қолданудың тиімділігі айтылады.

Мақалада ғылыми әдістерді пайдалана отырып цифрлық сауаттылықты қалыптастыру саласындағы дереккөздерге шолу жасалып, тұжырымдар жасалған.

Тірек сөздер: цифрландыру, бастауыш сынып оқушылары, білім ортасы, цифрлық

сауаттылық, ақпараттық-компьютерлік сауаттылық, цифрлық білім беру ортасы, цифрлық технологиялар, цифрлық білім беру ресурстары.

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы формирования цифровой грамотности младших школьников. Речь идет о результатах внедрения в учебный процесс цифровизации, способствующей ускорению и упрощению учебно-воспитательного процесса, снижению нагрузки на детей, педагогов, родителей.

Использование аудиоустройств, интерактивно-мультимедийных учебных пособий, видеоуроков, презентаций стало неотъемлемой частью уроков литературного чтения, казахского языка. Как показывает практика, использование ИКТ в начальной школе безусловно эффективна. При прохождении нового материала, закреплении изученного использование презентации, видеоуроков, электронного учебника, фрагментов интернет-материалов способствует лучшему усвоению знаний, развитию навыков, умений обучающихся.

В статье дан обзор источников в области формирования цифровой грамотности, описаны методы работы по повышению цифровой грамотности обучающихся начальных классов, и сделаны выводы.

Ключевые слова: цифровизация, образовательная среда, цифровая грамотность, информационно-компьютерная грамотность, цифровые технологии, цифровые образовательные ресурсы.

Annotation

The article emphasizes the importance of the formation of digital literacy in primary school children. We are talking about the results of digitalization, which contribute to improving the legal capacity, improving the quality of life of the population, speeding up and simplifying the educational process, reducing the burden on children, teachers, and parents.

When teaching native language lessons (literary reading, Kazakh), audio devices, interactive multimedia tutorials, video lessons, presentations have become an integral part of today's lesson. In primary school, the effectiveness of using ICT when passing new material in the lessons of presentations, video tutorials, using an electronic textbook when passing a new lesson, several fragments of Internet materials, consolidating the studied material or using knowledge and skills, performing various tasks is noted.

The article provides an overview of sources in the field of digital literacy formation using scientific methods and draws conclusions.

Key words: primary school students, educational environment, digital literacy, information and computer literacy, digital educational environment, digital technologies, digital educational resource

Ақпараттық – білім берудегі басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету. Цифрлық сауаттылық - ХХІ ғасырдың ең маңызды бөлігі. Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту.

В.Л. Назаровтың ойынша, білім беруді цифрландыру — әлемдік әлеуметтік, экономикалық, индустриялық, әсіресе білім беру жүйесінің өзекті тренді. Пандемия кезінде әлемнің көптеген дамыған елдеріндегідей, Қазақстанда да білім беру негізінен әртүрлі цифрлық құралдар арқылы іске асырылып, қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу жүзеге асырылды[1].

Балалардың компьютерлік сауаттылықты тез меңгеретіндігі туралы А.Бақтыбекова, М.С.Муканова, Ш.Т.Ержановалардың пікірлерімен келсеміз. Балалар

киберкеңістіктерде өздерін өте еркі сезінеді, жаңа технологиялар мен мүмкіндіктер туралы олар пайда болған сәттен бастап біліп отырады[2].

Қазақстан республикасының бастауыш жалпы білім беру мемлекеттік стандартына сай бастауыш мектепте ақпарат дағдыларын қалыптастыру – оқушылардың цифрлық сауаттылық бейімділіктерін, сондай-ақ әлеуметтегі қауіпсіз мінез-құлық бейімділіктерін алуы[3].

Бастауыш сыныптың сабақтарында цифрлық технологияны пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға да мүмкіндік береді. Шығармашылық ұлы ойшылдарымыз Жүсіп Баласағұн, Әл-Фараби, Абайды ерекше толғандырған, олардың еңбектерінде адамның жеке басын, қабілеттерін дамыту үнемі атылып отырған.

«Кітаптан өмірге емес, өмірден кітапқа қарай жылжысын» деген ойынан бала мектептегі оқу бағдарламасынан алған білім жүйесін, өмірде білімді қолдана алуға, қоғамға пайда келтіретін жаңа ұсыныстар мен ой қорытындыларын шығара алуға, жаңа бейне жасауға бейім болу қажет деп түсінуге болады. Баланы шығармашылыққа үйретуге шығармашылық тапсырмалар орындату тиімді нәтиже береді.

Мысалы, 1. Ертегіні өз қиялындағыдай аяқтау, қалаған тақырыбына әңгіме жазғызу, тақырыпқа қатысты мақал-мәтел құрастырту, ауа райына, жыл мезгіліне қатысты жұмбақ, мақал-мәтел құрастырту, ертегі құрастырту, ертегі бойынша сурет салғызу т.б.

1-тапсырма «Мен үшін құнды әдісі». Оқушылар «Жақсылыққа жамандық» ертегісі бойынша өз ойларын айтады.

2-тапсырма Көрме әдісі. Ертегінің мазмұнына сәйкес әр топ постер құрастырады. Ол сурет түрінде болды. Келесі топтың оқушылары суреттегі оқиғаны баяндады.

3-тапсырма «Құлақ сал» әдісі. Оқушылар ертегіні мәнерлеп оқыды. Келесі топ, *тыңдалым* дағдысымен тындап, түсінгендерін *айтылым* дағдысымен көркемдеп айтып берді.

4-тапсырма «Болжау» әдісі. Оқушылар ертегінің бір бөлгін оқып, қалған бөлігін өз қиялымен әрқайсысы аяқтап шығады.

Ана тілі сабақтарын (әдебиеттік оқу, қазақ тілі) инновациялық технологиялар арқылы үйретудің көркем шығармашылыққа белсенділікті қалыптастыруда маңызы жоғары. Ақпараттармен жұмыс, кітаптар, мерзімді баспалар, интернет т.б. оқушылардың көркем шығармашылыққа белсенділігін арттыруға тиімді ықпал етеді. Сондықтан осыларды ескере отырып, оны басқа да түрлі әдіс-тәсілдермен ұштастырған жөн.

Мұғалім оқу процесінде қолдана алатын заманауи цифрлық құралдар мен қызметтер әртүрлі мақсаттарға арналған. Мысалы, түрлі-түсті және көрнекі оқу материалдарын дайындау, ойындар, жаттығулар, тесттер, аудио, видео және анимациялық клиптерді жазу, графикалық, музыкалық кірістірулер, инфографика және т.б. жасау, веб-портфолио жүргізу, жобалармен немесе веб-квесттермен бірлесіп жұмыс жасау.

Интерактивті жаттығулар жасау үшін көптеген бағдарламалар бар. Көптеген интернет-ресурстардың көмегімен интерактивті тапсырмалардың бүкіл жинағын жасауға болады. Мысалы: жетіспейтін әріпті немесе сөзді енгізу, жұмбақтар, ребустар, басқатырғыштар, сөзді іздеу, бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар викториналар, интерактивті ойындар т.б.

Оқытушылардың қызығушылығын жұмыс картасына мәтін, формулалар, белгішелер, суреттер мен бейнелерді енгізуге мүмкіндік беретін интерактивті тапсырмаларды құру құралдары қызықтырады. Осы тапсырмалардың кез-келгені оқу сабағында таптырмас көмекші бола алады. Дайын шаблондар бойынша дидактикалық ойын құруға арналған қызметтерді, кроссвордтар, ребустар мен жұмбақтар құруға және құруға арналған қызметтерді таңдап, пайдалануға болады. Оқытушылардың қызығушылығын жұмыс картасына мәтін, формулалар, белгішелер, суреттер мен бейнелерді енгізуге мүмкіндік

беретін интерактивті тапсырмаларды құру құралдары қызықтырады. Осы құралдар мен қызметтердің кейбірін қарастырайық.

Flippity – бұл Google кестелеріне негізделген ойын жаттығуларын жасауға мүмкіндік беретін онлайн қызмет. Қызмет ойын жаттығуларының көптеген нұсқаларын қамтиды. Әр шаблонға арналған нұсқаулық бар. Жаттығу аяқталғаннан кейін жаттығу сілтемесін бөлісуге немесе басып шығаруға болады. Сілтеме: <https://flippity.net/>.

Бұл сервисте жылдар мен орын алған оқиғаларды жаттауға жаттығулар құрастыруға болады. Тақтада көрсеткен әдіс белгілі бір оқиғаларды рет-ретімен көрсете отырып, ақпаратты жеңіл есте сақтауға мүмкіндік береді.

Келесі платформа -3 d объектілі jigsawspase құралы. Кеңейтілген шындыққа арналған 3D объектілерді көрсетуге мүмкіндік беретін сервис. Бұл сервисте оқушыларға тақырыпты меңгеруде көмектесетін әдіс. Виртуалды Шынайылық- техникалық құрылғылардың көмегімен жасалған жасанды әлем. Виртуалды шынайылық технологиясының айырмашылығы бұл адамның сезіміне әсер етуі болып табылады

Fyrebbox – сабақтың соңында кері байланыс алуға керемет платформа. Бұл сайтта тек викторина құрмаймыз, сабақтың соңында кері байланыс алуға қолдануға болады. Бұл сайттың артықшылығы қазақ тілінде кез келген сөзді оқи береді.

Аталған ресурстарды пайдалануға негізделген оқыту үдерісі оқу іс-әрекетіне ынталандыру деңгейін, білім беру нәтижелеріне қол жеткізудің жоғары нәтижелілігін, білім беру үдерісіне қатысу деңгейін арттырады.

Қазақ тілін оқытуда аудио құралдарды қолдану. Аудио құралдарын қолданудың мақсаты – қазақ тіліндегі дыбыстарды, сөздерді, сөйлемдерді айтылымдарды дұрыс дыбыстап айтуға, дұрыс жазуға төселдіру. Қазақ тіліндегі мәтіндерді түсініп тыңдау. Осыған байланысты аудиокешенде мына міндеттер шешіледі:- қазақ тілінің үндестік заңын сақтай отырып, дыбыстарды, сөздерді, сөйлемдерді дұрыс айтуға дағдыландыру, үйрету, сөйлеу модельдері арқылы қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыру;

Қазақ тілін интерактивті-мультимедиалық оқу құралдары арқылы оқыту. Қазіргі қазақ тілін оқытудың жаңартылған бағдарламасына сәйкес түрлі интерактивті-мультимедиалық онлайн платформалар пайда болды. Бұл оқушыларға сабақ барысында да, сабақтан тыс уақытта да жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бұл оқушының сабаққа деген қызығушылығын тудырады. Түсінбеген тақырыбын қайта оқып шығуға болады.

Әр бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы немесе тақырыпты қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация құралдары арқылы сипаттап берудің тиімділігі бар.

Видео - сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады.

Презентациялар бір жағынан оқушыларға жаңа материалды (фотосуреттер, сызбалар, тарихи мағлұматтар, дидактикалық материалдар т.с. с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Видео - сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Бастауыш сыныптың сабақтарында АКТ-ның келесі түрлерін қолдануға болады: сабақ кезінде жаңа материалды өтуде презентацияны, видео-сабақтарды қолдану, жаңа сабақты өту кезінде электронды оқулық, интернет материалдарының бірнеше фрагменттерін қолдану, оқыған материалды бекіту немесе білім мен білікті қолдану сабағында, түрлі тапсырмаларды орындауда флипчарттарды қолдану.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруға негізделген бірнеше тапсырмаларға тоқталайық.

«Сөздерді ата» әдістемесі. Бастауыш сынып оқушыларының көркем шығармашылығын қалыптастыру мақсатында. Зерттеуші оқушыларға белгілі бір топқа тиісті сөзді айтып, оқушыдан осы топқа қатысты басқа сөзді айтуын сұрайды. Мәселен: *жаз*

айларындағы оқиғалар, күз айларындағы көріністер, жануарлар, өсімдіктер, заттардың түсі, адам әрекеттері т.б. Егер оқушы қажетті сөздерді атауға қиналса, оған оқытушы аталған топтағы бір сөзді атай отырып, көмектесуі керек.

«Сурет бойынша әңгімелеу» әдістемесі. Оқушылардың сөз байлығын арттыру мақсатында. Оқушыға бейнероликтен суреттер көрсетіледі. Оқушыларға бейнероликтен көрген суреттер бойынша әңгімелеп беру тапсырылады.

«Ойын ойлап тап» әдістемесі. Мақсаты: Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру. Негізгі шарты: Оқушы 5 минут ішінде бір ойын ойлап табу үшін тапсырма алады және мына сұрақтарына жауап бере отырып, сол ойын туралы айтып беруі тапсырылады. Ойын қалай аталады? Ол неден тұрады? Оқушы жауабында сөйлеу емес, ойынның мазмұны бойынша бағалануы керек. Осыған орай, оқушыдан сұрай отырып, көмектесу үшін нақтылаушы сұрақтарды үнемі қойып отыру қажет. Оқушының ойлап тапқан ойынын бағалау өлшемдері: Бірегейлігі және жаңалығы, шарттың ойластырылуы, ойынға қатысушылар үшін ойындағы рөлдердің әр түрлі болуы.

Оқу үрдісінде компьютерді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге де елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, мұндай жаңашыл өзгерісті оқулықтардан бастауға болады. Мұнда дәстүрлі баспа оқулықтарымен қатар оқу үрдісінде электронды оқулықтарды пайдалану көзделеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Коронавирус індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Бұл білім берудің әдістемесі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуде. Ашығын айтқанда, әлі күнге дейін нақты бір онлайн-платформа жоқ. Толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет. Қашықтықтан оқытуға көшудің маңызды құралдарының бірі — электронды оқулықтар», – деді [4]. Осыған орай оқушылардың өзіндік жұмыс көлемін ұлғайту қажет.

Жазылым әрекетінің мақсаты – сауатты жазуға үйрету. Жазылымда: жаңа тақырыпқа байланысты сөз, сөз тіркестерімен сөйлем құрастыру, беріліп отырған тақырыпқа байланысты сөйлемдер құрастырып немесе сөйлемдегі ойды аяқтау, жаттығулардағы сөйлемді қажетті сөз, сөз тіркестерімен толықтыра білу, мәтіннен түсінгенін қысқаша жаза білу, аудиовизуалды материалдар бойынша естігені немесе көргені бойынша өз пікірін жазу, эссе, презентациялар жасау т.б. тапсырмалар беріледі.

Сабақты қорытындылауда тақырыпты пысықтау жұмыстарына байланысты жазба жұмыстары жүргізіледі (шағын шығарма, эссе, пікір білдіру т.б.).

Айтылым негізі – ойды дұрыс жеткізе білу, яғни білім алушының алған ақпараты бойынша өз ойын білдіруі. Берілетін тапсырмалар: ой түрткі сұрақтарға жауап беру, жағдаяттық тапсырмаға сұхбат жасау, пікір білдіру немесе мәтін мазмұнын айту, диаграмма бойынша сұрақ-жауап әдістерін өз бетінше құра алу, аудиовизуалды материалдарға өз көзқарасын білдіре алу.

Тыңдалым негізі – ақпаратты түсіну, жеткізе білу. *Тыңдалым* әрекеті негізінде ақпаратты тыңдай білу, аудиовизуалды материалдар арқылы естігенін, көргенін, түсінгенін айта білу немесе жаза білу, бейнематериалға қатысты пікірталасқа қатысу, яғни тыңдаған, көрген ақпарат бойынша пікір айту.

Сабақты ұйымдастыру кезінде аудиторияға ақпаратты қолжетімді және түсінікті етіп жеткізу үшін цифрлық технологиялардың тигізер үлесі мол. Қазақ тілі пәнінде оқу процесін тұтастай қамту мен ұйымдастыру барысында learning App.com, quizlet, quizziz, kahoot секілді цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Бұл смарт технологиялардың артықшылығы әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды мультимедиалық құралдар мен қызықты тапсырмаларға түрлендіре отырып оқушылардың өз бетімен орындауына ықпал тигізу.

Сабақтың қорытынды бөлімінде пікірлер мен ұсыныстар қалдыру бөлімі енгізілгендіктен, оқушылар сабақта қарастырылған тақырыптар бойынша кері байланыс ала

алады. Цифрлық технологиялар оқушының өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге және шешім қабылдауға ықпал етеді. Нәтижелерге сүйене отырып, оқушылар жалпылау, талдау, өзін - өзі тәрбиелеу және тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытады.

Цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың білімін жақсарту үшін ғана емес, сонымен қатар, заманауи технологияларды пайдалану дағдыларын, функционалдық сауаттылықты дамытады.

Қорыта келе айтсақ қазақ тілі сабақтарында жаңаша оқыту бағытын жүзеге асыру үшін цифрлы технологияларды қолдану бүгінгі күн тәртібіндегі аса тиімді әрі қажет. Оқушылардың ақпараттық технологияларға негізделген тапсырмаларды орындау нәтижесінде бәсекелестікке қабілетті білімді тұлға болып қалыптасуына берер көмегі орасан зор. Цифрлы технологиялар бүгінгі сабақ өту барысының ажырамас бөлігіне айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назаров В.Л. Шоковая цифровизация образования: восприятие участников образовательного процесса / В.Л. Назаров, Д.В. Жердев, Н.В. Авербух // Образование и наука. — 2021. — №23 (1). — С. 156–201.

2. Baktybekkyzy A., Mukanova M.S., Yerzhanova T. Formation of digital literacy of the pupils at a basic school // Current scientific research in the modern world. – 2021. – № 2-5(70). – С. 7-14.

3. Бастауыш білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты. – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>. [Қаралған күні: 12.04.2023].

4. Об утверждении Государственной программы по реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020– 2025 годы. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>

ӘОЖ 373.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЕСЕП ШЫҒАРУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПАСТЫРУ

Кішібаева Дариха Жүнісбекқызы

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Алағужаева Нармина Эльбрусқызы

2-курс студенті

Кентау гуманитарлық-техникалық колледжі,

Кентау қ, Қазақстан Республикасы

kishibayeva@mail.ru

Аннотация: Мақалада бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері, мақсаттан әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады.

Тірек сөздер: шығармашылық, танымдық, қызығушылық, белсенділік, зерттеу, дағды, іс-әрекет.

Аннотация : Возможности формирования исследовательских навыков у младших школьников в процессе постановки задачи в статье - это очень активная умственная деятельность. Возможности формирования исследовательских навыков у младших школьников, состоит из целенаправленных способов и приемов выполнения действий. Учебный процесс формируется познавательной активностью учащихся на основе

возможностей формирования у учащихся исследовательских навыков. Высшим проявлением возможностей формирования исследовательских навыков младших школьников является умение учащихся использовать полученные знания в жизни.

Ключевые слова: творчество, познавательные, интересы, активность, исследования, навыки, деятельность.

Annotation: The possibility of developing research skills in younger students in the process of setting the problem in the article is a very active mental activity. Opportunities for developing research skills in younger students, consists of targeted methods and techniques for performing actions. The educational process is formed by the cognitive activity of students based on the possibilities of developing students' research skills. The highest manifestation of the possibilities of developing *research skills of younger students is the ability of students to use their knowledge in life.*

Keywords: creativity, cognitive, interests, activity, research, skills, activity.

Елімізде білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер көптеп саналады. Солардың қатарына жеке тұлғаның қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, танымдық қызығушылығын, белсенділігін, талантын ұштаудағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды, оқытудың озық технологияларын пайдалануды жатқызуға болады. Қазақстан қоғамының қазіргі даму кезеңінде мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуының құдіретті факторы ретінде білім беру жүйесін модернизациялауға ерекше назар аударылып отыр. Мемлекет басшысы білім берудің қолжетімділігін кеңейту қажеттігін атап өткен, “оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге үйретуі тиіс» деген [110-13 б.]. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері олардың қасиеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденісіне, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті болып табылады. Оқу үрдісі оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерін көздейтін мүддесі, білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттілігі негізінде дамиды. Бастауыш сыныпта оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері, сонымен қатар өзін-өзі саналы түсіну – адамның өзінің сезінуін білдіреді. Есеп шығару барысында бастауыш сыныпта оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері танымдық қызығушылығын дамытады деген Ә.С. Әмірова [2, 241-258б] бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің негізгі екі жүйесі бар деп көрсетеді. Оқушының тәжірибесінің біртіндеп көбеюі, зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жаңа біліммен және ақпаратпен толықтырылып отырады. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің пайда болуы мен берік бекуіне кең мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің тереңдеуі және біртіндеп көбеюі, оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің даму жүйесін құрайды деді А.Е.Әбілқасымова [3,178- 190 б]. Бастауыш сыныпта келесі дағдыларды меңгерту арқылы мақсатты түрде әлемді тану және оның түрленуін тану үшін тікелей оған қатысты әдістерді меңгертуге жоспарланды. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жұмыс істеу барысында ескеретін бір жағдай: әлемді эмоционалды-сезімталдықпен меңгерудің арқасында зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жедел жүреді. Сондықтан да оқушыларды тәрбиелеп жатқан – ата-аналар, педагогтар, үнемі еске сақтауы керек бір жай-

оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің қалыптасуы үнемі үздіксіз жүріп жататынын естен шығармау керек. Бастауыш сыныпта есеп шығаруда оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің мынандай белгілерін қарастырған:

- бастауыш сыныпта есеп шығаруда зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің маңыздылығы;
- есеп шығаруда зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің оқушы бойындағы білімдік сипаты;
- есеп шығаруда зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің білім беру барысында тиімділігі;

Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жайлы өз ойларын көптеген ғұламалар еңбектерінде жазып қалдырған. Оның себептерінің бірі қазіргі таңда ғылым мен техниканың дамуына, технология саласының озық жетістіктерінің өндіріске көптеп өзгерістер енгізуіне байланысты бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің білім мен іскерлікті беру қажеттігі туындайды деген Ж.Асанов Ж, Н.П.Әбдіхалықов[4,45-62б]. Бастауыш сынып оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктеріне үнемі мұғалім, топ ұжымы, ата-ана тарапынан қолдау тауып отыруы тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жас ерекшелігіне, психологиялық даярлығына қарап қалыптастырады. А.Қ. Рысбекова өз еңбегінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің қажеттігін көрсеткен[5,22-27 б]. Мұғалімнің сабақтарында ұтымды уақыт тауып бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерін қалыптастыруға болады. Мұғалім бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктеріне тапсырмаға лайықты жағдайлар іздеп табуы керек. Математика сабағында кейбір практикалық тапсырмаларды орындауда танымдық қызығушылық, белсенділік әрекеттерін арнаға бұрып, өзгертуге болады. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің мынандай түрлерін жүргізуге болады.

1 Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру;

2. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін талқылау;

4. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру бойынша есептер құрастыру;

Бастауыш сынып оқушыларының қызығуы, яғни, сабақ мазмұнының қызығалықты, қызығалықсыз жүргізілуі есептің мазмұнына, оның талаптарына да байланысты. Оқушыларға негізгі білім беруде бағдарламадан бастау алады. Бағдарламада теориялық материалдар ауыр-жеңілдігіне қарай бір-бірімен байланыста, өзара сабақтастықта жүйелі түрде беріледі, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріледі. Бағдарламадағы математика пәнінің білім мазмұны мен мақсаты оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерінің оқу-тәрбие жұмысына қойылған талаптарымен ұштастырылады. Сонымен қатар оқушылардың топ бойынша математика пәнін игеретін білімі мен білік, дағдыларына қойылатын талаптар мен пәнаралық байланыста көрсетіледі. Бастауыш сынып оқушыларына математика пәнін оқыту міндеті — жеткіншек ұрпаққа ғылым негіздерінен терең де сапалы, тиянақты білім беру, оларды практикада қолдану қабілеті мен дағдыларын қалыптастыру, яғни оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру бүгінгі күннің негізгі мақсаты болып отыр. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері бірдей болмайтындығына байланысты қолданылатын да материалдарды орнымен пайдалану мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Оқулық- білім алудың құралы. Оның ең басты міндеті — оқушылардың білімін жетілдіру. Оқулық бағдарламаның негізінде жазылып, оқушыларға берілетін білім мазмұнын құрайды, танымын, білік, дағдыны қалыптастырады. Сонымен

қатар сұрау тапсырмаларымен жұмыс жасағанда, үй тапсырмасын орындағанда жетекшілік қызмет атқарады. Сондықтан да мұғалім оқу үдерісінде оқулықты басшылыққа алады. Яғни, «оқулық жақсы сабақ берудің іргетасы» - деп М.Ө. Мұсабеков [6,11-17 б] айтқандай бүгінгі тәуелсіз еліміздің ұлттық қадір-қасиетін сақтауға негіз болатын, үздіксіз білім жүйесінің негізгі сатысы болып табылатын математика оқулығы. Демек, оқушылардың ұйымдастырылған оқу іс әрекетте қызығушылығын арттыруда оқулықтың да өзіндік ролі бар. Оқулықтың білім мазмұны мен құрылымының ғылыми тұрғыдан дұрыс бағытта болуын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық талаптар мыналар:

- Оқулық мазмұнының бағдарламаға және оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі;
- Оқулық мазмұнының стандарт талаптарына сәйкестігі;
- Оқулықтың теориялық, практикалық жақтарының бір-бірімен тығыз байланыста болуы;

- Оқулық мазмұнның логикалық тұрғыда түсінікті болып, проблемалық ситуациялардың қамтылуы;

- Тілінің жатық, оқушыға түсінікті болуы:

Сондай-ақ оқулықта дүниетанымдық ұғымдар, анықтамалар да мысалдар арқылы беріледі. Әр түрлі суретті материалдарын қайталау бағытында деңгейлік сұрау — тапсырмалары оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ізденіске баулиды. Оқушыларының зерттеу дағдылары – бастауыш сынып оқушыларының жаңа білім, білік және дағдысын меңгеруге, объективті нақтылықты тануға бағыттылығы. Меңгерілген білімнің сипаты әртүрлі болуы мүмкін. Бұл бақылау оның үдеріске ешқандай араласпай-ақ танылатын сыртқы белгілері, таным нысанының қасиеті болуы мүмкін деген Е.Ж.Смағұлов [7,31-36 б]. Математика сабақтарындағы оқушылардың зерттеу дағдыларының негізгі түрлері бақылау, эксперимент, кітаппен жұмыс, білімді жүйелеу және т.б. болып табылады. Оқушыға бастауыш сыныпта жүйелі білім беруде мұғалім жетекші роль атқарады. «Білімдендіруді жүзеге асыратын — мұғалім» — деген. Оқулықтағы білім мазмұнының күрделенуі сияқты әрбір грамматикалық тақырыптардағы жаттығуларды бірте-бірте күрделендіре беру оқушылардың сабаққа деген белсенділігін, қызығушылығын, қабілетін арттырады, уақыттың қалай тез өткенін сезбей қалады, жаттығуды қызыға орындайды. Оқушылардың сабаққа қызығу, сабақ мазмұнының қызғылықсыз жүргізілуі жаттығулар мазмұнына, оның талаптарына да байланысты. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері дидактикалық материалдар ойланатындай етіп құрылуы тиіс. Ол үшін мұғалім ең алдымен топта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін оқушының назарын бір нәрсеге бағыттауы тиіс. Яғни, бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері үшін үнемі елеусіз болса да шығармашылық тапсырма — жаттығу, ойын түрлерін ұсынған жөн: әрбір зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері оқушыға ұсынудың жолын әдіс-тәсілін білу керек;

- Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері тапсырмалардың мазмұны жас ерекшеліктеріне, қызығушылығына үйлесуі тиіс;

- Берілген тапсырма — міндетпен танысқаннан кейін оқушы жұмысқа кіріседі. Мұғалімнің ең үлкен міндеті — оқушы белгілі бір шешім тауып, ойын тұжырым жасап түсінгенге дейін назардан тыс қалдырмау, белсенділік бағыт-бағдар беріп отыруы;

- Сабақта есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жеке дара оқушы емес, топтың бүкіл мүшелері ойласуы үшін жағдай, мүмкіндік туғызу қажет;

- ұжымда өзара белсенділік - мұғалім- оқушы үшін қарапайым ғана жан.

Оқыту әдістері бар мұғалім мен оқушылардың оқу тәрбие жұмысының міндеттерін ойдағыдай шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекетінің тәсілдері. Оқыту әдісін осылай дидактика тұрғысынан түсіндіру жалпы философиялық анықтамаға сай келеді. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері берілген тапсырманы басқаның көмегімен орындауымен,

шектелмейді. Сондықтан да оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің оқу үдерісінде ең негізгі міндет болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007. – 10-13 б.
2. Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс- әрекетін қалыптастырудың теориясы мен әдістемесі. - Алматы, 2018 – 241-258б.
3. Әбілқасымова А.Е. Оқушылардың танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру / Монография. - Алматы: Білім, 2016. 178- 190 б.
4. Асанов Ж, Әбдіхалықов Н.П., Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері. Оқу құралы. А., 2015. 45-62б
5. Рысбекова А.Қ., Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың кейбір жолдары., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Педагогика ғылымдары» сериясы. № 2 (53) 2017 ж.22-27 б.
6. Мұсабеков М.Ө. Математика сабағында төменгі сынып оқушыларының зерттеушілік қызметін қалыптастыру. //Бастауыш мектеп. - №2. 2016 – 11- 17 б.
7. Смағұлов Е.Ж., Математика пәнінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. – //Ізденіс. 2018- № 5. – 31-36 б.

ӘОЖ 37.013; 004.8

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Алибаева М.Ж – арнайы пәндер оқытушысы, педагогика ғылымының магистрі
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі

e-mail: mulya_84@mail.ru

Аннотация

Оқу-тәрбие процесінде жасанды интеллектті қолданудың маңызы мен мүмкіндіктері жасанды интеллектті оқу процесіне интеграциялаудың негізгі аспектілері, соның ішінде қолайлы құралдар мен ресурстарды қолдану, ЖИ-пен сабақ әзірлеу және білім беруде ЖИ-ті қолданудың этикалық аспектілері қарастырылады.

Тірек сөздер: жасанды интеллект, цифрландыру, рефлексия, нәтиже, мақсат, міндет, тәжірибе, іскерлік, дағды

Аннотация

Значение и возможности использования искусственного интеллекта в учебно-воспитательном процессе рассматриваются основные аспекты интеграции искусственного интеллекта в учебный процесс, включая использование подходящих инструментов и ресурсов, разработку уроков с ИИ и этические аспекты использования ИИ в образовании

Ключевые слова: искусственный интеллект, цифровизация, рефлексия, результат, цель, навык, умение, практика

Annotation

The importance and possibilities of using artificial intelligence in the educational process the main aspects of integrating artificial intelligence into the educational process are considered, including the use of suitable tools and resources, the development of classes with AI, and the ethical aspects of the use of AI in education.

Key words: artificial intelligence, digitization, reflection, result, goal, task, experience, business, skills.

Сабақтың негізгі бөлігі оның құрылымының орталық элементі болып табылады, онда оқу материалын тікелей баяндау және меңгеру жүргізіледі.

Әдістемелік аспектілер:

- Сабақтың мақсаттарын іске асыру: осы кезеңде сабаққа дайындық кезеңінде қойылған мақсаттарды іске асыру жүзеге асырылады.

- Жаңа материалды түсіндіру: жас ерекшеліктерін, дайындық деңгейін және оқушылардың жеке сипаттамаларын ескере отырып, жаңа материалды түсіндірудің түрлі әдістері мен тәсілдерін пайдалану қажет.

- Жаңа білім мен іскерлікті қалыптастыру: осы кезеңде оқушыларда жаңа білім мен іскерлікті қалыптастыру, сондай-ақ оларды бекіту және практикада қолдану жүріп жатыр. - Оқушылардың қатысуын қамтамасыз ету: мұғалім сабақты қызықты, ынталандыратын және өнімді ету үшін оқытудың түрлі әдістері мен құралдарын пайдалануы қажет.

- Кері байланысты қамтамасыз ету: сабақтың негізгі бөлігінің маңызды аспектісі мұғалім мен оқушылар арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету болып табылады, бұл материалды меңгеру процесін бақылауға және сабақ барысын түзетуге мүмкіндік береді.

«Критериалды бағалау жүйесін іске асырудың қағидаттарын, тәсілдері мен тетіктерін қолдану» оқу нәтижесі мазмұны бойынша бастауыш білім беру мамандығы білім алушыларымен «Рефлексия- оқу үдерісін жетілдіру құралы» тақыбырында жоспарланған сабағым бүгінгі мақалаға негіз болып отыр.[1, 175б.]

1. Жалпы мәліметтер

Курс, оқу жылы, топ: ББ-Б-21, IVкурс

Сабақ типі, түрі: Практикалық сабақ

2. Мақсаты, міндеттер

Өзін және өз қызметін басқара білу қабілетін, өзін -өзі мотивациялауға және ұйымдастыруға бейімділігін дамыту.

Оқушының кәсіптік қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білімдер, іскерлік пен дағдылар, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілетін дамыту. Оқушының нақты білім, іскерлік пен дағдылар негізінде таңдалған сферадағы кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілетін арттыру.

Оқушының кәсіптік қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін интеграцияланған білім, іскерлік пен тәжірибелер, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіптік міндеттер жиынтығын шешу қабілетін жетілдіру. Бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай, таңдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және талқылау (интерпретациялау) білігін дамыту.

3. Сабақты жабдықтау

3.1 Оқу-әдістемелік құрал-жабдықтар, анықтамалық әдебиеттер

Оспанбекова М.Н, Болашабастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау. Алматы, 2018

Урмашев Б.А. Критериалды бағалау технологиясы Алматы, 2016

Мектеп оқулықтары (1,2,3,4 сынып бойынша)

<https://pickerwheel.com/> рефлексия

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

- «Көңілді сәлемдесу» әдісі


Студенттер оқытушымен амандасып «Менің көңіл-күйім» стратегиясы бойынша бір-біріне жылы лебіз білдіріп, сабаққа әзірленеді.





2. Өткен тақырыппен байланыс орнату

- «Архиватор 3,2,1» арқылы «Қалыптастырушы бағалаудағы саралау әдістері» тақырыбы бойынша жалпы білімдерін тексеру Сізге ұнаған 3 сәтті әдісті атаңыз. Тәжірибе жинақтау барысында сабағыңыздағы 2 қызықты сәтті атаңыз. Сізге қозғау салған (сұрақ қою) 1 сауал жолданыз. (ықылас тудыратын)



Кері байланыс сілтемесі; https://padlet.com/mulya_84/padlet-44n6z99ppxqgff3k



- «Learning apps» қосымшасымен «Анаграмма» әдісі арқылы жаңа тақырыпты анықтау.

<https://learningapps.org/watch?v=pcck1hjga24>

(дағды, нәтиже, тапсырма, саралау, деңгей, оқыту, міндет, мақсат, топтасу, ресурс)

3. Негізгі бөлім

Рефлексия қажеттілігі





Рефлексияның негізгі салалары

Сыни рефлексия



4. «Flippity» платформасы арқылы топтарға тапсырма бөлу. <https://flippity.net/rp.php?c>

5. Топпен практикалық жұмыс (топтық жұмысқа 15 минут, қорғауға 5 минут беріледі)

I-топ Идеялар тасқыны	II-топ Сілтемелер сикыры
 ӘРЕКЕТТІК РЕФЛЕКСИЯ	 ЭМОЦИОНАЛЫҚ КӨНІЛ-КҮЙ РЕФЛЕКСИЯСЫ
III-топ Интерактивті дәріс	IV-топ TV show
 ОҚУ МӘЛІМЕТІНІҢ МАҒЫНАСЫНЫҢ РЕФЛЕКСИЯСЫ	 ӨЗІНДІК РЕФЛЕКСИЯ

I-топ «Идеялар тасқыны» стратегиясы

Жұмыс алгоритмі

Үлкен қағаз бен маркер керек.

Көрме көрнекіліктерін қолануға болады.

Білім алушыларға «Қалай» немесе «Неге» деген сұрау есімдіктері қолданылатын сұрақтар қойылады.

Ұсыныстар оқу плакатында жазылады.

II-топ Сілтемелер сикыры

Жұмыс алгоритмі

Өндірістік оқыту барысында құрылған ҚМЖ сәйкес, кері байланыс, рефлексияны презентациялайды.

Түрлі платформаларға эмоциялық рефлексия элементтерін енгізіп, топтарға орындатады.

III- топ Интерактивті дәріс

Жұмыс алгоритмі

Ықшам сабақтар сериясы жоспарланады.

Регламент сақтау міндетеледі.

ҚМЖ шаблондар таратылады.

IV-топ TV show

Жұмыс алгоритмі

Құралдарды қолдана отырып, рефлексия ұғымына талдау жүргізеді.

Жеке тұжырым жасалады.

Ғылыми негіздеме жасалады.

6.Бағалау

-Бақылаушылар тобының топтарда жұмыс жасаған өкілдері кіші топ жұмысын бағалайды.

- «Жетістік баспалдағы» әдісі арқылы жұмыс кезеңдері бойынша бағалары қорытындылау. [2,46]

7. Сабақ бойынша кері байланыс

"Рефлексиялық экран". Тыңдаушылар шеңберде отырып, (тақтадан) рефлексиялық экраннан сөйлемнің басын оқып, ойды жалғастырады.

Бүгін мен білдім...

...қызықты болды

...қиын болды

...тапсырмаларды орындадым

...екенін түсіндім

...қазір жасай аламын

...екенін сездім

...алдым

...үйрендім

... менің қолымнан келеді

...жасай алдым

... мен жасап көремін

...мені таң қалдырды

Сабақтан өмірде қолдануға болатын... үйрендім

...қызығушылығымды арттырды

Кері байланыс сілтемесі; https://padlet.com/mulya_84/padlet-44n6z99ppxqgff3k нәтижесі қайта қаралып талданады.

4.Үй тапсырмасы

- оқу-өндірістік тәжірибе жинақтау барысы бойынша рефлексивті есеп жазу

Қорытындылай келе, сабақтың өн бойында қолданылған жасанды интеллект элементтері, өскелең ұрпақ үшін өте тиімді. Себебі сабақ барысында қолданылған платформа түрлі мақсаттарда пайдалануға болатын құралдардың кең спектрін ұсынады, білім алушылардың мазмұнға деген қызығушылығын арттырады, Инновациялық білім беру платформаларын дамыту және қолдану іргелі дағдыларды мақсатты дамытумен бірге білім

берудің сапасы мен қолжетімділігін арттырудың маңызды әлеуетін білдіретінін атап өткен жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 175б.
- 2.«Критериалды бағалау технологиясы» оқу құралы: Кемешова А.М., Кошанова З.А., Жунусова А.Т, Себепова А.Т.,- Астана: «Кәсіпқор» Холдингті коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018 ж.

ӘОЖ 373.31

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ РӨЛІ

Мергенова А.А. магистрант

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті

E-mail:mergenova.03@mail.ru

Аннотация

Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі заманда білім беру жүйесін дамытуда маңызды рөл атқарып келеді. Жасанды интеллект бастауыш білім беру саласында оқыту процесін жетілдірудің қуатты құралы болып табылады. Бастауыш білім беру саласында ЖИ технологияларының қолданылуы оқыту процесінің сапасын жақсартуға және тиімділігін арттыруға септігін тигізуде. ЖИ құралдары мұғалімдерге оқу материалдарын даралап, әр оқушының қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл мақалада ЖИ-дің бастауыш мектептерде қолданылуы және оның мүмкіндіктері қарастырылады. Сонымен қатар, ЖИ-дің қауіпсіздік пен құпиялылық мәселелері, педагогикалық қолданудың этикалық аспектілері де талқыланады. Мақалада ЖИ технологияларының бастауыш білім берудегі болашақтағы даму перспективалары, оларды оқу процесіне интеграциялаудың жолдары мен білім беру саласына ықпалы жан-жақты сипатталған. Мақала барысында жасанды интеллект ұғымына шетелдік және отандық ғалымдардың берген анықтамалары қарастырылады. Жасанды интеллекттің студенттер мен оқушыларға беретін аса маңызды мүмкіндіктері талданады. Мақалада ЖИ-дің білім беру жүйесіндегі инновациялық шешімдер мен педагогикалық әдістемелерге әсері, сондай-ақ педагогтерге оқу процесін ұйымдастырудағы тиімділігі мен педагогтерге беретін мүмкіндіктері талданады. Жасанды интеллекттің бастауыш сынып оқушылары үшін тиімділігі ерекше назарға алынады. ЖИ-дің білім беру саласындағы жаңа тәсілдер мен әдістердің қалыптасуына ықпалы айқын көрсетіледі.

Тірек сөздер: жасанды интеллект, цифрлы технологиялыр, білім беру, бастауыш сынып

Аннотация

Искусственный интеллект (ИИ) играет важную роль в развитии образовательной системы в современную эпоху. В области начального образования ИИ-технологии являются мощным инструментом для улучшения учебного процесса. Использование ИИ в начальном образовании способствует повышению качества и эффективности учебного процесса. Инструменты ИИ позволяют учителям адаптировать учебные материалы и учитывать индивидуальные потребности каждого ученика. В этой статье рассматривается применение ИИ в начальных школах и его возможности. Также обсуждаются вопросы безопасности и конфиденциальности, а также этические аспекты педагогического использования ИИ. В статье подробно описаны перспективы развития ИИ-технологий в начальном образовании, пути их интеграции в учебный процесс и влияние на сферу образования. Рассматриваются определения ИИ, данные зарубежными и отечественными учеными. Анализируются ключевые возможности, которые ИИ предлагает студентам и учащимся. В статье рассматривается влияние ИИ на инновационные решения в образовании и педагогические методы, а также эффективность ИИ в организации учебного процесса и возможности, которые он предоставляет педагогам. Особое внимание уделяется эффективности ИИ для

учащихся начальных классов. Статья ясно демонстрирует влияние ИИ на формирование новых методов и подходов в образовании.

Ключевые слова: искусственный интеллект, цифровые технологии, образование, начальные классы

Annotation

Artificial Intelligence (AI) plays an important role in the development of the education system in the modern era. In the field of primary education, AI technologies serve as a powerful tool for improving the teaching process. The use of AI in primary education contributes to enhancing the quality and effectiveness of the teaching process. AI tools enable teachers to personalize learning materials and address the individual needs of each student. This article discusses the application of AI in primary schools and its potential. Additionally, the article explores the issues of security and privacy associated with AI, as well as the ethical aspects of its pedagogical use. The article provides a comprehensive description of the future development prospects of AI technologies in primary education, the ways to integrate them into the teaching process, and their impact on the education sector. It also examines the definitions of AI provided by foreign and domestic scholars. The key opportunities that AI offers to students and learners are analyzed. The article discusses the impact of AI on innovative solutions in education and pedagogical methods, as well as the effectiveness of AI in organizing the teaching process and the opportunities it provides for educators. Special attention is given to the effectiveness of AI for primary school students. The article clearly demonstrates AI's influence on the formation of new teaching methods and approaches in the education system.

Key words: artificial intelligence, digital technologies, education, primary grades

Кіріспе

Цифрлы ғасыр — бұл жаңашыл технологиялар мен байланыс құралдарының қарқынды дамуы, деректердің шексіз көлемінің пайда болуы және оны өңдеу қабілеттерінің арту кезеңі. Жаңа технологиялардың әсерінен қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастардың тәсілдерінде ғана емес, сонымен бірге адамның тұлғасында да өзгерістер орын алуда. Цифрландыру жағдайында онлайн жұмыстар, қашықтықтан оқыту, цифрлы қосымшалар арқылы сауда жасау, қажетті құжаттарға онлайн тапсырыс арқылы жылдам қол жеткізу, электронды кітапханалар, білім беру саласын цифрландыру сияқты еңбек нарығында да үлкен өзгерістер болып жатыр [24].

Шешімдерді жасау мен қабылдау үшін адамның қызметін күшейтетін әрі тездететін құрал — жасанды интеллект болып табылады. Жасанды интеллект адамның ойлауын модельдеу және олардың программалау мәселелерімен айналысатын ақпараттық жүйе. Жасанды интеллект — компьютерлік құралдар арқылы жеке ақыл-ой функцияларын орындаушы жаңартылған технологиялық жүйе.

Жасанды интеллект және онымен байланысты құрылғылар үйірмелер, іскерлік қауымдастықтар, медициналық қауымдастықтар, білім беру мен ғылыми талқылаулардың нысанына айналып отыр. Күнделікті өмірде көріп жүрген көптеген заманауи құрылғылар белгілі бір алгоритмдер мен интеллектуалды өңдеуді қолдануда, сондықтан осы саладағы білім - болашақтағы мамандардың кең салаларын таңдауға мүмкіндік береді.

Қазақстан әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада «Робот жасау, мобильді технология, «бұлтты» және Grid-есептеу, жасанды интеллект, жоғары өнімді есептеу жүйесі, ақпаратты қорғау және ақпарат қауіпсіздігі, сондай-ақ мультимедиялық технологиялар саласында инновациялық шешімдерді әзірлеу үшін ғылыми-зерттеу орталықтары құрылатын болады» деп көрсетілген [4]. Қазіргі уақытта жасанды интеллекттің дамуы өмірдің әртүрлі салаларына айтарлықтай әсер етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында таяу жылдары әлемде жасанды интеллект секторына бір триллион доллардан астам қаражат салынатыны атап өтілген. Жасанды интеллекттің сәтті дамуы нәтижесінде бірнеше елдің ЖІӨ айтарлықтай өсуі мүмкін деп есептеледі. Жасанды интеллект әлеуетін толықтай пайдалану білім экономикасында біршама серпіліс жасауға мүмкіндік береді [1]. Жасанды интеллект саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерге

қомақты инвестиция құюының арқасында айқын көш бастап келе жатқандар мемлекеттер екеу – АҚШ пен Қытай. Қазақстан бұл процеске Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласында өткен "Digital Bridge 2023" халықаралық технологиялық форумында елдің экономикалық өсуі үшін жасанды интеллекттің маңызды екенін атап өткен соң, таяуда қосылды. Үкіметтің жасанды интеллектті пайдалануға әзірлігі негізгі үрдістер мен бастамаларға талдау жасалатын Oxford Insights есеп-қисап әдістемесімен өлшенеді. Oxford Insights өткізген Үкіметтің жасанды интеллектке әзірлігінің 2023 жылға арналған индексіне сәйкес Қазақстан 193 елдің арасында 72-орында тұр [26].

Әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында «Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысының 4-бөлімі жасанды интеллекттің еңбек нарығына, құпиялылыққа және деректерді қорғауға келтіретін әсері туралы ақпараттарды қамтиды. Берілген құжатта «техникалық қауіпсіздікті арттыру - жасанды интеллекттің сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде түйінді рөл атқарады.» - делінген [26]. Бұл әртүрлі сала бойынша болатын қателіктер мен іркілістердің алдын алуға, сонымен қоса жеке деректердің қауіпсіздігін және ақпараттардың дұрыстығын анықтауға өз септігін тигізеді. Осылайша, жасанды интеллекттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету барлық аталған аспектілерді қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді.

Қазіргі заманғы оқыту үдерісінде жасанды интеллектті қолданудың дидактикасы мен әдістері кеңінен қолданылып келе жатқаны бәрімізге мәлім. Білім беру саласында цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жаңа мүмкіндіктерді ашуда, ал жасанды интеллект (ЖИ) бұл бағытта айрықша орын алады. ЖИ технологиялары оқушылардың білім алу процесін жетілдіріп, оқытуды даралауға мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

«Жасанды интеллект» термині бұрыннан келе жатқан термин. Бұл терминді ең алғаш Дж. Маккарти 1956 жылы айналымға енгізді. Уақыт өте келе, 1956 жылдан бастап жасанды интеллект анықтамасы оның мүмкіндіктеріндегі елеулі прогреске байланысты өзгерістерге ұшырады. Қазіргі уақытта жасанды интеллект «үйрену, бейімделу, синтез, өзін-өзі түзету және күрделі өңдеу мәселелерін шешу үшін деректерді пайдалану сияқты адами процестерді орындауға қабілетті есептеу жүйелері» ретінде анықталады [5].

Кесте - 1. “Жасанды интеллект” ұғымына контент-талдау

№	Ғалымдар	Анықтамалары
	Маккарти Д.	Жасанды интеллект дегеніміз - адамның атқара алатын қызметтерін атқару (мысалы, көрнекі қабылдау және сөйлеуді тану) және интеллектуалды мінез-құлық (мысалы, қолда бар ақпаратты бағалау, содан кейін белгіленген мақсатқа жету үшін ең ақылға қонымды әрекетті жасау) арқылы әлеммен өзара әрекеттесуге арналған компьютерлік жүйелер [5].
	Рассел С. Норвиг Н.	"Жасанды интеллект — агенттерді, яғни қоршаған ортада әрекет етіп, сол ортадан ақпарат алу арқылы өз әрекеттерін жақсартатын жүйелерді зерттейтін ғылым." [8].
	Дюрант Э.	"Жасанды интеллект — компьютерлер мен машиналардың адам сияқты ойлау, оқу, жоспарлау, және проблемаларды шешу қабілеті." [9].
	Мински М.	"Жасанды интеллект — машиналарды адам интеллектінің бір бөлігін көрсетуге қабілетті ету процесі." [10].
	Бостром Н.	Жасанды интеллект — машиналар мен компьютерлердің адам деңгейіндегі немесе одан жоғары интеллектуалдық қабілеттерге ие болуын білдіреді. [11].
	Ривкин Д.	"Жасанды интеллект — деректер мен алгоритмдердің көмегімен

		ойлау, түсіну және болжау қабілетін беретін технология." [12].
	Курцвейл Р.	Жасанды интеллект дегеніміз - қабылдауды, оқуды және мәселелерді шешуді қоса алғанда, адам интеллектін талап ететін тапсырмаларды орындай алатын компьютерлік жүйелер.
	Даниэль Х.В.	Жасанды интеллект — ақпаратты өңдеу мен шешім қабылдауда адамға тән интеллект функцияларын имитациялайтын жүйелер. [13].
	Харари Ю.Н.	Жасанды интеллект — адамдардан алатын білім мен тәжірибені негізге ала отырып, өздігінен әрекет ете алатын жүйелер. [14].
	Дэвенпорт Т.	Жасанды интеллект — деректерді талдау мен автоматтандыру арқылы шешім қабылдау үдерістерін жақсарту технологиясы. [15].
	Асамбаев А.Ж	Жасанды интеллект — адамның интеллектуалды функцияларын, яғни ойлау, оқу, үйрену және шешім қабылдау сияқты қабілеттерін машиналарда имитациялау мен жүзеге асыру процесі [2].
	Төлегенов Ж.Б.	Жасанды интеллект — адамдардың ойлау қабілетін модельдеу, талдау, жоспарлау және қабылдау үшін машиналарды әзірлеу саласы. [19].
	Сұлтанов Б. Т.	Жасанды интеллект — компьютерлер мен жүйелердің өз бетінше ойлау, үйрену және шешім қабылдау қабілеттерін дамыту. [18].
	Сивуков В. В.	Жасанды интеллект — интеллектуалдық күш-жігерді талап ететін тапсырмаларды орындау үшін компьютерлік жүйелерді пайдалану. [20].
	Баранов. А. А.	Жасанды интеллект — деректерге негізделіп үйреніп, бейімделуге қабілетті алгоритмдерді жасау мен қолдануды зерттейтін информатика саласы [21].
	Панов И. В. Нечаев А. А.	Жасанды интеллект — машиналарға адамның қабілеттерін имитациялауға мүмкіндік беретін технологиялар, мысалы, қабылдау, логикалық ойлау және шешім қабылдау [22].
	Платонов Н. Н.	Жасанды интеллект — бұл интеллектті талап ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті жүйелерді жасаумен айналысатын ғылым саласы, мысалы, тілдің түсінілуі, образдардың танылуы және шешім қабылдау [23].

Жоғарыда айтылып кеткен ғалымдардың ой-пікірілерін негізге алып және тұжырым жасай отырып, өзімнің анықтамамын ұсынамын:

Жасанды интеллект (ЖИ) — бұл компьютерлер мен машиналардың адамға тән интеллектуалдық қабілеттерді жүзеге асыруына мүмкіндік беретін және деректерді өңдеу, шешім қабылдау, проблемаларды шешу, тілдерді түсіну, визуалды ақпаратты өңдеу, өзара әрекеттесу секілді әртүрлі интеллектуалдық функцияларды орындауға арналған алгоритмдерді қамтитын цифрлы заманның ғылыми моделі.

Жасанды интеллекттің рөлі бүгінгі күнде барған сайын маңызды бола түсуде, өйткені ол тиімділік, автоматтандыру және инновациялардың жаңа деңгейіне көтерілуіне ықпал етеді. ЖИ қазіргі қоғамның әртүрлі салаларында қолданылады, әрі үлкен маңызға ие. Мысалы, медицина, білім беру, бизнес және экономика, медиа және сауда, энергетика, ғылыми зерттеулер, тіпті ауылшаруашылық салаларында да ЖИ кеңінен қолданылады. Осы

ақпараттар, ХХІ ғасырда ЖИ-дің пайда болуымен қатар, әлемде ауқымды өзгерістер орын алып жатқандығын көрсетеді [2].

Қазіргі кезде елімізде деректерді жүйелі цифрландыру бойынша көшбасшылар үштігіне мынадай салалар кіреді: білім беру – 81 %, қаржы – 59 %, әлеуметтік қамсыздандыру – 59 %. Бүгінде мектептерді цифрландыру барысында жоғары жылдамдықты интернетпен қамту 89 пайызды құрайды, интернеттің орташа жылдамдығы өткен жылы 4 Мбит/с болса, биыл секундына 75 Мбит жылдамдыққа жетті. Еліміздің 1 731 мектебінде «Starlink» жерсеріктік интернеті орнатылды. Бүгінгі таңда оқулықтардың жүз пайызы цифрлық форматқа ауыстырылды. Олар қазір 11 платформада қолжетімді. Жасанды интеллект технологияларын білімге сауатты енгізу оқытудың тиімділігін қамтамасыз етеді, ал бұл өз кезегінде білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді [27].

«Жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне интеграциялау» аясында елімізде «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі цифрландырудың заманауи трендтері», «Ауыл мектептерінде оқыту үдерісін цифрландыру», «Цифрлық мектеп – цифрлық мұғалім», «Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамыту» тақырыптарында үлкен жиындар мен іс-шаралар өткізілуде. Қазіргі кезде Қазақстанда BilimLand, Daryn.Online, Opiq, ZOOM сияқты платформалар арқылы оқыту тыңғылықты жүзеге асырылып жатыр. Жоғарғы оқу орындарында жасанды интеллект құралдары арқылы аралас және қашықтықтан оқыту, студенттер мен магистранттардың шет мемлекеттердің университеттерінен білім алуына, әртүрлі саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұтымды ұйымдастыруына, ақпарат көздеріне жылдам қол жеткізулеріне мүмкіндік беруде. Ал, шалғай ауылда тұратын мұғалімдердің ешқайда бармай-ақ жасанды интеллект технологиялары арқылы біліктілігін арттыратын курстарға және әртүрлі семинарларға қатысуына үлкен жол ашып отыр. Жасанды интеллекттің дамуы оқушыларға өз қызығушылықтарына байланысты жобалар жасап, техникалық білімдерін жетілдіріп, ақпараттық сауаттылықтарын қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің дамуы педагогтерге сабақ беру үдерісінде де өз әсерін тигізді. Ескі, дәстүрлі, жаттанды оқу жүйесі артта қалып, жаңа инновациялық технологиялар педагогика әлеміне аяқ басты. Қазіргі кезде ескірген педагогикалық әдіс-тәсілдердің заманның үдесінен шығып бара жатқаны анық. Жасанды интеллектті бастауыш сыныпта қолдану оқушылардың қызығушылықтары мен танымдық іс-әрекетін дамытуға айтарлықтай үлес қосады. Жаңа технологиялық үдерістердің пайда болуы әсерінен болашақ бастауыш сынып педагогтерін дайындауға, ұстаздардың инновациялық және интеллектуалдық қарым-қабілетін дамытуға арналған әдіснамалық бағдарламалар ойластырылып, практикада жолға қойыла бастады. Жасанды интеллектінің бастауыш сынып педагогтері мен оқушыларына әкелетін пайдасына тоқталатын болсақ:

ЖИ құралдары мұғалімдерге оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды тез әрі жеңіл құрастыруға мүмкіндік береді. Бұл әр баланың оқу қарқынына сәйкес келетін материалдарды ұсынуға жол ашады.

ЖИ педагогтерге әкімшілік тапсырмаларды тиімді орындауға және сабақ жоспарларын жылдам құрастыруға мүмкіндік беріп, уақытты үнемдейді. Бұл мұғалімдерге оқушылармен тікелей жұмыс істеуге көп уақыт бөлуге жәрдемдеседі.

ЖИ технологиясы оқушылардың жетістіктері мен қиындықтарын талдай отырып, мотивацияны арттыратын дараланған тапсырмаларды ұсына алады.

Интерактивті ойындар, 3D макеттер және мультимедиялық ресурстар арқылы ЖИ сабақтарды қызықты әрі тартымды етеді, бұл оқушылардың зейінін және қызығушылығын арттырады.

ЖИ құралдары оқушылардың тәртібін жеңіл басқаруға мүмкіндік беріп, оқу ортасында жағымды атмосфера қалыптастыруға көмектеседі.

ЖИ құралдары сабақ барысында оқушылардың білімін тексеруге және жылдам әрі қызықты кері байланыс алуға мүмкіндік береді;

Ақырында, жасанды интеллект мұғалімдерді артық жұмыстан және қағазбастылықтан арылтып, білім беру процесін жеңілдетеді. Жасанды интеллект құралдары оқушылардың қызығушылығын арттыратын қызықты тапсырмаларды құрастырады, оқу процессінде жаңа тақырыпты тез түсінуге интерактивті макеттер мен бейнебаяндар және әртүрлі тапсырмаларды жедел түрде құрастыру арқылы мүмкіндік береді. Осылайша, жасанды интеллект бастауыш сынып мұғалімдерінің жұмысына тиімділік, шығармашылық және инновация әкеледі.

Қорытынды

Цифрлы ғасырдағы жасанды интеллект (ЖИ) қоғамның әртүрлі салаларында елеулі өзгерістер тудырып, жаңа мүмкіндіктерді ұсынады. ЖИ технологиялары білім беру, медицина, бизнес және ғылым сияқты көптеген секторларда инновациялық шешімдерді енгізу арқылы процестерді автоматтандыруға және тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Болашақта ЖИ-дің дамуы білім беру жүйесіне терең әсер ететін болады, себебі бұл технология оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес білім беру тәсілдерін жетілдіруге мүмкіндік туғызады. Жасанды интеллект құралдары мұғалімдерге оқыту үдерісін оңтайландырып, оқу материалдарын жасау мен бағалау жүйесін жаңартып, оқушылардың мотивациясын арттыруға көмектеседі. Алайда, ЖИ-дің әлеуетін тиімді пайдалану үшін оның этикалық, әлеуметтік және құқықтық аспектілерін ескеру қажет. Осыған байланысты білім, саясат және технологиялық даму арасындағы байланыстарды нығайту маңызды. Мұғалімдер мен оқушылар үшін ЖИ-дің мүмкіндіктерін тиімді қолдану – заманауи білім беру процесінің басты міндеті болып табылады. Жасанды интеллекттің білім берудегі рөлін арттыру, педагогикалық әдістер мен технологияларды жаңарту арқылы Қазақстанның білім беру жүйесін цифрландыру процесін жетілдіру бағытында жұмыстарды жалғастыру керек. Бұл тек экономиканың дамуына емес, қоғамның жалпы білім деңгейінің артуына да ықпал ететін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы – 2023.
2. Асамбаев А.Ж., «Жасанды интеллект негіздері» Оқулық. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 168 б.
3. Хакимова Т., «Жасанды интеллект негіздері» Оқу құралы. – Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2014. – 106 б.
4. Қайранов М.Ж., «Жасанды интеллект жүйелері» Оқу құралы. – Тараз университеті, 2016. – 124 б.
5. Popenici S.A.D., Kerr S. / Exploring the impact of artificial intelligence on teaching and learning in higher education // Research and Practice in Technology Enhanced Learning. – 2017. – Vol. 12(1). – P. 1-13. – URL: <https://doi.org/10.1186/s41039-017-0062-8>.
6. Thomas B., Curtis B., Kyungbin K., Cindy Hmelo-Silver., EXAMINING THE EFFECTIVENESS OF PERSONALIZED LEARNING THROUGH ARTIFICIAL INTELLIGENCE. – Indiana University. – 2024. – 96 б.
7. Яковенко Фариас А.В. ARTIFICIAL INTELLIGENCE. – 2022. – С. 161-164.
8. Russell S., Norvig P., “Artificial Intelligence: A Modern Approach”, 3-ші басылым, 2010. – 1151 б.
9. Эллен Д. “The New Intelligence”. – 2015.
10. Марвин М., “The Society of Mind” Книга. – АСТ, 2018. – 592 б.
11. Бостром Н., “Superintelligence: Paths, Dangers, Strategies” – 2014. – 496 б.
12. Ривкин А., “The Zero Marginal Cost Society” – The Journal of Sustainable Mobility. – 2014. – С. 67-70.
13. Вигенбаум А., “Artificial Intelligence: A Guide to Intelligent Systems” – Addison-Wesley. – 2009. – 415 б.
14. Харари Ю., “21 Lessons for the 21st Century” – ЦентрКом. – 2018. – 318 б.

15. Дэвенпорт Т., “The AI Advantage: How to Put the Artificial Intelligence Revolution to Work” – The MIT Press. – 2018. – 243 б.
16. «Инновационные технологии – ключ к успешному решению фундаментальных и прикладных задач в рудном и нефтегазовом секторах экономики РК»: Сборнике представлены материалы конференции Сатпаевские чтения. ИБ6 – Алматы: КазНИТУ имени Сатпаева, 2019. – 1116 б.
17. «Білім мен ғылымды трансформациялау – адами капитал сапасын арттырудың негізгі факторы» – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2023. – 632 б. – III бөлім.
18. Сұлтанов Б. Т. “Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект”. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017. – 320 б.
19. Төлегенов Ж. Б. “Ақпараттық жүйелер және жасанды интеллект”. – «Литера». – 2018. – 200 б.
20. Сивуков В. В. “Жасанды интеллект негіздері”. – «Юрайт». – 2018. – 304 б.
21. Баранов А. А., Кузнецов Е. В., “Искусственный интеллект и машинное обучение” – Москва: «Юрайт». – 2019. – 400 б.
22. Панов И. В., Нечаев А. А., “Искусственный интеллект: теория и практика”. – Москва: “Наука”. – 2018. – 352 б.
23. Платонов Н. Н. “Искусственный интеллект”. – Москва: “ЛКИ”. – 2018. – 208 б.
24. Ахметбек Е. Е. “Цифрландыру аясындағы әлеуметтік дамудың трансформациясы”. – Астана. – 11 б.
25. Айдарова А.Б., Махатова А.Б., Умарова Г.Х. / Жаһандану жағдайындағы технологиялық дамудың мәні мен ерекшеліктері. – Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің ЖАРШЫСЫ, 2024 – №2 (55)
26. Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы.
27. Құлшар Б. «Жасанды интеллект білім сапасын жақсартады» / Егемен Қазақстан – 24 тамыз 2024 жыл.

ӘОЖ 378.149

**БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ЗЕРТТЕУШІЛІК DAҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ҚАЗІРГІ
ЖАЙЫ**

Ерназарова Гульбаршын Шаршыбековна

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы

Тулбаева Арайлым Қасқырбаевна

ПМНО-23-3М(з) оқу тобының магистранты

guliya-09@mail.ru

Аннотация: мақалада Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау мәселесі қарастырылған. Зерттеу мәселесіне байланысты нормативті құжаттармен сәйкес пәннің оқу-әдістемелік кешенін талдау барысында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үдерісі талданады.

Тірек сөздер: білімді функционалдықыпен, шығармашылықпен қолдана білу, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізе білу, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, коммуникацияның түрлі тәсілдері, тілдік дағдыларды меңгеру, топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары.

Аннотация: В статье рассматривается проблема подготовки будущих специалистов к развитию исследовательской деятельности младших школьников. В ходе анализа учебно-методического комплекса дисциплины в соответствии с нормативными документами,

связанными с проблемой исследования, анализируется процесс подготовки будущих специалистов к развитию исследовательской деятельности младших школьников.

Ключевые слова: умение применять знания функционально, творчески, критическое мышление, умение вести исследовательскую работу, информационно-коммуникационные технологии, различные способы коммуникации, владение языковыми навыками, навыки командной и индивидуальной работы.

Abstract: The article deals with the problem of preparing future specialists for the development of research activities of younger schoolchildren. During the analysis of the educational and methodological complex of the discipline, in accordance with the normative documents related to the problem of research, the process of preparing future specialists for the development of research activities of younger schoolchildren is analyzed.

Key words: ability to use knowledge functionally, creatively, critical thinking, ability to conduct research work, information and communication technologies, various ways of communication, mastering language skills, skills of working in groups and individually.

Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау мәселесі бүгінгі қоғам сұранысының қажеттігін өтеуден туындайды. Ол үшін болашақ мамандар зерттеу мәселелерін шешу деңгейлерін жетік меңгеруі тиіс: мәселені тандау, мақсаты мен міндеттерін анықтау, әдіс-тәсілдерін қарастыру, тандап алынған әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру, тәжірибелік-эксперимент жүргізу, нәтижеге қол жеткізу.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: «Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

- 1) білімді функционалдықыпен және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары» [1], - деп айтылған. Осылардың

ішіндегі зерттеу жұмыстарын жүргізе білу дағдысы біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып табылады.

«Әдебиеттік оқуды оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәнінде метапәндік идея негізінде әдебиеттік оқытудың жаңартылған бағдарлама бойынша түрлі әдіс-тәсілдерін, ақын, жазушылардың идеялары мен көркем шығармаларын оқушыға меңгерту арқылы жас ұрпақтың өмірге көзқарасын қалыптастырудың түрлі технологияларын оқытады. Оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың біртұтастығын сақтап, практикада қолдану, ортақ тақырыптарды интеграциялау, АКТ-ны тиімді пайдалану, білімді шығармашылықпен пайдалану, әдеби тілге дайындау, инклюзивті білім беру мәселелері қарастырылады[2].

Қазіргі білім беру бағдарламаларымен оқып бітіретін түлектер дипломдық жоба орындап жатқаны белгілі. Сондықтан біздің зерттеу тақырыбымызда объектіміз болып отырған 3 курс студенттері де бітіретін кезде дипломдық жоба жазатынын ескерсек, тақырып бойынша зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруды меңгерген білім алушылар тандаған пәннің аясында табысты нәтижеге қол жеткізеді деген ойдамыз.

Жоғары оқу орнында мамандар даярлауда оқытылатын пәндердің ішінен зерттеу тақырыбымызға тікелей жақын жұмыс бағдарламаларына сәйкес әзірленген «Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» пәнінен дайындалған оқу әдістемелік кешеніне талдау жасауды жөн көрдік. Ондағы мақсат болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлауда аталған пәннің алатын орны қандай екенін айқындау болды.

«Жаратылыстануды оқыту әдістемесі» студенттердің жаратылыстану негіздерінен меңгерген теориялық білімдері оларға бастауыш сыныптардағы жаратылыстану пәнін оқыту барысында өсімдік пен жануарлардың тіршілік әрекеті мен олардың тіршілік қажеттіліктерін

ұғындыру барысында оқушыларға дүниенің біртұтастығы туралы ғылыми ұғым берулерін көздейді. Сонымен қатар, аталған әдістемеді оқытудың инновациялық технологияларын практикада қолданумен, оқушылардың табиғатпен әсерлесуінің экологиялық, денсаулық сақтау тәсілдерін меңгеру дайындығымен сипатталатыны айқындалды[3, 58].

Студенттердің өзіндік жұмыстарында: Табиғат бірлестіктері, Фотосинтез үдерісі, Омыртқалы және омыртқасыз жануарлар, Адамның ағзасын ауру мен инфекциялардан қорғау. Заттар мен денелер, заттарды шығу тегі бойынша жіктеу, табиғи және жасанды денелер. Табиғи су көздері. Жер сфералары. Серпімділік күші, ауырлық күші, үйкеліс күші. Сонымен қатар, оқу-әдістемелік кешенде СОӨЖ мен СӨЖ тапсырмалары және оларды орындауға қойылатын талаптардың «универ» жүйесіне енгізілгені айтылған.

Зерттеу мәселесіне байланысты нормативті құжаттар мен сәйкес пәннің оқу-әдістемелік кешенін талдау барысында болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау үдерісінде бірқатар кемшіліктердің бары анықталды:

- «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы тек бітіруші курс студенттерінің ғана зерттеушілік білігін дамытуға мүмкіндік береді;

- ЖОО-да төменгі курс студенттерін ғылыми-зерттеу әрекетіне біртіндеп тарту жүйесінің толықтай ретке келтірілмеуі;

- оқыту нәтижелері мен зерттеу жұмыстарын бақылау мен есепке алу аралық аттестаттауға бағытталған, яғни бағалау емтихан (тест) нәтижесімен шектеледі, бірақ студенттердің семестрдегі жұмысының сапасы ескерілмейді;

- нормативтік құжаттарда оқу материалын және ғылыми-зерттеу қызметін меңгеру деңгейін анықтаудың ғылыми негізделген дағдылары белгіленбеген;

- ғылыми-зерттеу әрекетіне дәстүрлі түрде тек жоғары курс студенттерін тарту олардың ғылыми-зерттеу әрекетіне берік біліктің қалыптасуына мүмкіндік бермейді, төменгі курс студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарына дұрыс баға берілмейтіні айқындалды[4; 452].

Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы: «оның негізі түсінудентүсіндіруге, монологтан-диалогқа, әлеуметтік бақылаудан-дамытуға, басқарудан өзін-өзі басқаруға көшу, ал педагогтің негізгі міндеті бағыт беруші қарым-қатынасты құру болып табылады. Мұндағы тұлғалық-бағдарлы технологияның басты идеясы - білім берудегі субъект аралық қатынастарды қалыптастыру арқылы тұлғаның ынталануына түрткі болу, сөйтіп өзіндік таным мен өзіндігінен білім алуға, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік туғызу керек. Оқытудың тұлғаға-бағдарлау парадигмасының негізінде - әрбір білім алушының бірегейлік маңызын және жеке дара оқу траекториясын мойындау жатады. Студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруда әр білім алушының жеке қызығушылығы мен оқу траекториясы біз үшін маңызды болмақ, сондықтан да аталған технологияны пайдалану тиімді деп санаймыз.

Оқытудың жобалау технологиясы базалық теориялық білімді меңгеру үшін кешенді оқу жобаларын ақпараттық үзілістермен кезектестіріп орындауға негізделеді. Жобалық әрекет студенттерді өз бетінше ойлауға үйретеді, әр түрлі саладағы білімді осы мақсатқа қолдана отырып, мәселелерді табуға және шешуге, нәтижелерді болжау қабілетін дамытатын себептік қатынастар. Сондай-ақ, жобалау технологиясы жоба тақырыбын таңдауға үйретудің дидактикалық құралы ретінде тұлғаның өмірінде үнемі туындайтын әртүрлі мәселелердің шешімдері, белсенді өмірлік көзқарасты білдіреді. Жобалық іс-әрекет жолдарын білу, жаңа типтегі білім алушының дамуына ықпал ететін мақсатты интеллектуалды әрекет, ынтымақтастыққа дайын және өзін-өзі тәрбиелеу тәжірибесімен өзара әрекетке түсе алады.

Берілген тапсырманың шығармашылық тұрғыдан қызықты болуы, алған теориялық білімін нақты өмірлік тәжірибеде қолдана білуге жетелейтін, ізденіс әрекетінің талап етілуі, күтілетін нәтиженің практикалық, теориялық, танымдық құндылығының жоғары болуы, жоба кезеңдерінің сақталуы, зерттеу барысында өзінің алдына қойған мақсатқа жетуде мәселенің немесе тапсырманың шешімін тауып, оны дәлелдеп, қорғап шығуы талап

етіледі[5]. Жобалау әрекеті білім алушының нақты жағдаяттарда жол таба білуіне бағытталған мақсатты іс-әрекеттерді ұйымдастырудан көрініс табады. Осыдан шығатын оқыту мақсаты – оқушыларды проблеманы шешудің, ізденіс– зерттеулердің әдіс-тәсілдерімен қаруландыру. Жобалау әрекеттерінің одан әрі дамуы мәдени құбылыстардың қалыптасу логикасы бойынша – жай репродукциядан – зерттеуге, зерттеуден – мақсатты қайта құруға әкелді. Дамытып және дамып отыратын жобалық түзілім: танымға қызығушылық – таным әдістері – білім құрылымы негізінде өзіне тән ерекшеліктері бар ойлаудың жобалық амалы, жолдары қалыптасты. Бұл технологияны оқутанымдық зерттеу жұмыстары және ғылыми-зерттеу жұмыстарында да қолдану тиімділігін көрсетті. Жекелеген білім алушылардың ғылыми-зерттеу жобалары мен жоғарыда аталған пән сабақтарында оқутанымдық зерттеу жұмыстарын да ұйымдастыру барысында көз жеткізілді.

Жұмысымызда зерттеушілікке және практикалық әрекетке бағдарланған жобалар ұйымдастырылады. Жоба жасау – күрделі үдеріс, бірақ ол бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және іздену әрекеттеріне қызығушылығын туғызу қажеттігін ескеруді талап етеді. Бұл жұмыс түрі білім алушылардың логикалық ойлауын, жалпы оқу және зерттеу біліктері мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұрын қызықсыз ақпараттың түрлі-түсті болып, анимациялық безендірілуінің өзі оқушыны қызықтыра түседі, әрі есте сақтауын дамытады.

Болашақ мамандарды оқушылардың зерттеушілік жұмыстарға қызығушылықпен қатысуы өздігінен ақпарат жинауға, шығармашылықпен оны өңдеуге, безендіруге, ал ең бастысы – өз еңбегінің нәтижесіне қуанып, өз-өзін бағалауына назар аудару қажеттігін ескеру ұсынылады. Бұл кейінгі негізгі деңгейде мотив болып табылатынын ескерер болсақ, мұны бастауыш деңгейде дамытудың маңызы тіпті ерекше екенін көрсетеді.

Зерттеушілік іс-әрекеттің мақсаты сол іс-әрекеттің болашақ нәтижесін күні бұрын санада болжау болып табылады. Осы болжау, яғни мақсат, міндет ретінде білім алушы іс-әрекетінің сипаты мен әдісін анықтап береді. Мақсат, сонымен, алдын ала бейнелеудің құралы. Мақсатты жеке сол әрекетті іске асырушының өзі белгілейді. Бұл үдеріске нақты студенттің зерттеушілік іс-әрекет барысында игерген тәжірибесі қосылады. Белгіленген мақсат қызмет барысында іске асады. Сонымен бірге зерттеушілік іс-әрекеттің күрделілігі мақсат пен іс-әрекет нысанының арасындағы жақын сәйкестікке, әрекетті орындауға қажет құрал-жабдықтың болуына байланысты болмақ деген тұжырым жасаймыз.

Оқу жоспарындағы міндетті пәндер мен факультатив сабақтары аясында жүзеге асырылатын студенттердің оқу-зерттеушілік іс-әрекеті, оқу-зерттеу жұмысы болып табылады. ЖОО профессор-оқытушылар құрамының жетекшілігімен орындайтын өзіндік зерттеулерге негізделген студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті қамтиды.

Студенттерде қалыптасқан оқу-зерттеушілік және ғылыми-зерттеушілік біліктер метапәндік білімдер мен біліктердің дамуына себепші болады. Педагогикалық әрекетке өзіндік талдау жасау, сондай-ақ туындаған педагогикалық мәселелерді және оны оқу-зерттеушілік іс-әрекетті мақсат пен міндеттер негізінде қоя алу қабілеті бітіруші студенттердің зерттеушілік іс-әрекетке даярлығының рефлексиялық компонентін құрайды. Рефлексия жасай отырып, студент өз күшін шығармашылық ойлау, жауапкершілік, өзінділік, бастауыш білім беру мәселелеріне қатысты өз пікірін айта алу білігі, өзінің көзқарасын дәлелдей алу сияқты аса маңызды қасиеттерін дамытуға бағыттайды.

Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекеті белгісіз нәтижесі бар есепті шығаруға бағытталған ғылыми сипаттағы ізденіштік әрекет ретінде қарастырылады. Бұл әрекет нақты білім беру үдерісін талдаумен, болжамды тұжырымдау мен экспериментті түрде тексерумен, оқу немесе тәрбие үдерісінің моделін тұрғызумен, мектептегі білім беру үдерісін тиімді құруға бағытталған педагогикалық үдерісті ұйымдастырумен байланысты.

Зерттеліп отырған мәселеге терең теориялық талдау, педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді түсіндіру, олардың арасындағы байланыс пен қатынастарды тағайындаудың, мәліметтерді теориялық және эксперименталды түрде негіздеудің, ғылыми таным әдістері

арқылы заңдылықты анықтаудың нәтижесінде студент тек субъективті сипатта ғана емес, белгілі бір теориялық объективті маңызды болатын «жаңа білімді» ашады.

Біздің мақсатымыз болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту үшін оқу-танымдық зерттеушіліктен ғылымизерттеушілік іс-әрекетке өтуді, яғни жекелеген пәндер бойынша оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын ғылыми жобалар мен пәндік олимпиадаларға қатысуға дейін жеткізу болып табылады [6 ; 53].

Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті сипатына қарай дара болып табылады, ғылымда белгілі міндеттерді өздігінен шешу біліктерін қамтамасыз ететін студенттердің белсенді шығармашылық әрекетін көздейді. Оқу-зерттеушілік біліктердің және дағдылардың қалыптасқандығы ғылыми-зерттеу біліктерін, сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін негіз, базис болып табылады. Зерттеушілік әрекетті табысты жүзеге асыру үшін зерттеушілік қабілет пен біліктің мәні ерекше.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекеті қазіргі мектеп бағдарламаларында маңызды рөлге ие. Мұның себебі зерттеушілік іс-әрекетті бала қабілетін ашу, үйлесімді тұлға етіп тәрбиелеу мен дамытудың мықты құралы деп тануда деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы, №604 бұйрығы.
2. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «6B01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы. – Шымкент, 2019.
3. Андриянова Т.А., Беркало В.Н., Жакупова Н.Ш., Полежаева А.В. Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. – 96 б.
4. Тұрмашова Б.Қ., Салиш С.С., Мирук Т.Н. Дүниетану: жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 112 б.
5. Қабатай Б.Т. Әдебиеттік оқу: жалпы білім беретін мектептің 2сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – Бөлім 1. – 128 б.
6. Ақпаева Ә.Б., Лебедова Л.А., Мыңжасарова М.Ж. Математика: жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2018. - Бөлім 1. – 72 б.

ӘОЖ 371.124 : 373.3 : 37.016 : 51 : 371.385.5

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ДАЯРЛАУ

Сейлова Зоя Тулеубаевна п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Кошкинбаева Ғайни ПМНО-24-1м тобының магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: stsoias62@mail.ru

E-mail: koskinbaeva@bk.ru

Аннотация Бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін математика пәнінен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға даярлау мәселелері қарастырылады. Математикалық білім беруде ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңыздылығы мен оның бастауыш сынып оқушыларының білім сапасына тигізетін әсері ерекше орын алады. Мақалада болашақ мұғалімдердің зерттеу дағдыларын қалыптастыру, оларды ғылыми тұрғыдан ойлауға және шығармашылық тұрғыдан зерттеу жүргізуге үйрету жолдары талқыланады.

Тірек сөздер: ғылыми-зерттеу жұмысы, бастауыш сынып, математика пәні, мұғалімдерді даярлау, әдістемелік құралдар, зерттеу дағдылары, оқушылардың қызығушылығы, білім сапасы.

Аннотация В данной статье рассматриваются вопросы подготовки будущих учителей начальных классов к организации научно-исследовательской работы по математике. Особое место в математическом образовании занимает значимость научно-исследовательской работы и ее влияние на качество знаний младших школьников. В статье обсуждаются способы формирования исследовательских навыков будущих учителей, обучения их научному мышлению и проведению исследований с творческой точки зрения.

Ключевые: слова научно-исследовательская работа, начальные классы, предмет математики, подготовка учителей, методические инструменты, исследовательские навыки, интерес учащихся, качество образования.

Annotation This article discusses the issues of preparing future primary school teachers for the organization of research work in mathematics. A special place in mathematical education is occupied by the importance of research work and its impact on the quality of knowledge of younger schoolchildren. The article discusses ways to form the research skills of future teachers, teach them scientific thinking and conduct research from a creative point of view.

Key words: research work, primary school, mathematics subject, teacher training, methodological tools, research skills, student interest, education quality.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі әр оқушының танымдық қабілеттерін дамытуға және пәнге деген қызығушылығын арттыруға ерекше назар аударуда. Бастауыш сынып мұғалімдері бұл процесте маңызды рөл атқарады, себебі олар балалардың ғылыми көзқарасын қалыптастырудың алғашқы қадамдарын жасайды. Әсіресе, математика пәнінен ғылыми-зерттеу жұмыстарының ұйымдастырылуы оқушылардың логикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Осы мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін математика пәнінен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға даярлау жолдары қарастырылады [1].

Бастауыш сынып мұғалімдерін математика пәнінен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға даярлау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Қазіргі қоғамда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен жаңа білім беру стандарттарының енгізілуі мұғалімдердің кәсіби даярлығына қойылатын талаптарды арттырып отыр. Білім беру жүйесінде зерттеу жұмыстары мен ғылыми тәсілдерді қолдану оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай, танымдық қызығушылықты ояту және пәнге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Мұнда математика пәнін зерттеушілік тұрғыда ұйымдастырудың рөлі ерекше, өйткені ол оқушылардың математикалық түсініктерін тереңдетіп қана қоймай, олардың күнделікті өмірдегі мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мұғалімдердің өзі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге машықтануы олардың кәсіби деңгейін арттырып, сыныпта оқушыларға зерттеу бағытындағы тапсырмаларды тиімді орындауға үйретуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдерін ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау білім сапасын арттырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмысына дайын мұғалімдер сыныпта оқыту барысында инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Бұл, өз кезегінде, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың білім сапасын жақсартуға септігін тигізеді. Сондықтан, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін математика пәнінен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға даярлау заманауи білім беру жүйесінің талаптарына жауап береді және жас ұрпақты білімді, ойлы азамат ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді [2].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау оқу үдерісінің сапасын жақсартуға, оқушылардың қызығушылығын оятуға және олардың сыни

тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыруға септігін тигізеді. Мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағытталуы келесі маңызды бағыттарды қамтиды:

1. Ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту: Мұғалімдер өз пәнін ғылыми зерттеу әдістері арқылы тереңірек түсінеді, бұл олардың оқыту процесіне оң ықпал етеді. Зерттеу дағдылары бастауыш сынып мұғалімдерінің білім деңгейін көтеріп, кәсіби шеберліктерін арттырады.

2. Шығармашылық ойлауды дамыту: Зерттеу жұмыстары мұғалімдерге мәселені шығармашылық тұрғыдан шешуге мүмкіндік береді. Оқушыларды математика пәніне қызықтыру үшін мұғалімдердің шығармашылық ойлау қабілеттерінің дамуы маңызды.

3. Логикалық және аналитикалық ойлау: Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу мұғалімдерге жүйелі, логикалық ойлауды үйретеді. Математикалық зерттеулердің көмегімен мұғалімдер оқушыларды өздігінен қорытынды жасауға және тұжырымдарды дәлелдеу дағдыларына үйретеді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі [3].

1. Практикалық тапсырмаларды қолдану: Математикадан ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында болашақ мұғалімдерге әртүрлі практикалық тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмалар олардың теориялық білімдерін бекітуге және зерттеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мысалы, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес есептер мен тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы мұғалімдер зерттеушілік қабілеттерін жетілдіреді.

2. Жобалық жұмыстар: Жобалық әдіс болашақ мұғалімдердің зерттеушілік қабілеттерін арттырады және оларды ұжымдық жұмысқа баулиды. Мысалы, белгілі бір тақырыпқа арналған жоба жасау барысында мұғалімдер ақпарат жинау, оны жүйелеу, талдау және қорытынды жасау сияқты маңызды дағдыларды дамытады.

3. Эксперименттер ұйымдастыру: Эксперименттер бастауыш сынып оқушыларына математика пәнін түсінікті әрі қызықты етіп жеткізуге көмектеседі. Мұғалімдер эксперименттер арқылы зерттеу үдерісін ұйымдастырып, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра алады.

Математика сабағында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру оқушылардың логикалық, аналитикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді [4].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау барысында кейбір қиындықтар туындауы мүмкін:

1. Теориялық білімнің жеткіліксіздігі: Болашақ мұғалімдер ғылыми-зерттеу әдістері туралы толыққанды теориялық білімге ие болмауы мүмкін, бұл олардың зерттеу жұмысын тиімді жүргізуіне кедергі келтіреді. Мұндай мәселені шешу үшін оқу орындарында зерттеу әдістері бойынша арнайы курстар немесе семинарлар өткізу ұсынылады.

2. Практикалық тәжірибенің аздығы: Теориялық білім болғанымен, кейбір болашақ мұғалімдерде практикалық тәжірибенің аздығы байқалады. Сондықтан зерттеу жұмыстарын нақты тапсырмалар арқылы бекіту маңызды.

3. Уақыттың шектеулілігі: Зерттеу жұмысын ұйымдастыру көп уақытты қажет етеді, ал болашақ мұғалімдердің оқу бағдарламасы шектеулі. Сондықтан зерттеу жұмыстары мен басқа пәндік тапсырмаларды біріктіру жолдарын қарастыру керек.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін математика пәнінен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға даярлау» тақырыбының білім беру жүйесіне тигізетін пайдасы мол. Оның негізгі артықшылықтары мен ықпалдары төмендегідей:

1. Білім сапасын арттыру: Мұғалімдердің ғылыми-зерттеу әдістерін меңгеруі бастауыш сынып оқушыларына білімді тереңірек түсінуге көмектеседі. Бұл арқылы оқушылар математика пәнін жүйелі әрі қызықты етіп үйренеді, бұл өз кезегінде білім сапасын жақсартады.

2. Педагогикалық инновацияларды енгізу: Ғылыми-зерттеу дағдылары болашақ мұғалімдерді оқытудың жаңа тәсілдерімен таныстырып, оларды оқу процесінде қолдануға ынталандырады. Инновациялық әдістерді қолдану арқылы білім беру жүйесі заман талабына сай дамып отырады.

3.Зерттеушілік мәдениетті дамыту: Болашақ мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылуы мектептерде зерттеушілік мәдениетті қалыптастырады. Бұл мәдениет кейінгі буын оқушылардың да зерттеушілік қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

4.Кәсіби құзыреттілікті арттыру: Бастауыш сынып мұғалімдері үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу оларға пәнді тереңірек түсінуге және оны тиімді оқытуға көмектеседі. Кәсіби құзыреттілігі жоғары мұғалімдер білім беру сапасының артуына тікелей ықпал етеді.

5.Жеке және топтық жұмыстарды дамыту: Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мұғалімдерді жеке және топтық жобаларға тартуға ықпал етеді. Бұл дағдылар оқушылармен бірлесіп жұмыс істеуді жеңілдетіп, олардың ынтымақтастық пен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі.

6.Үздіксіз кәсіби дамуды қамтамасыз ету: Ғылыми-зерттеу дағдылары мұғалімдердің кәсіби дамуын жалғастыруға түрткі болады. Үнемі білімін жетілдіріп отыратын мұғалімдер жүйелі түрде жаңарып тұратын білім беру талаптарына сай келіп, оқушыларға сапалы білім бере алады.

7.Қоғамдық сананы қалыптастыру: Ғылыми-зерттеу мәдениеті бар мұғалімдер қоғамда ғылым мен білімге деген оң көзқарасты қалыптастырады. Бұл болашақ ұрпақтың ғылымға қызығушылығын арттырып, зерттеуші, аналитик азаматтарды тәрбиелеуге ықпал етеді.

8.Оқу мотивациясын күшейту: Зерттеу дағдыларын меңгерген мұғалімдер оқу материалын қызықты әрі шығармашылықпен жеткізе алады. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оларды математикаға деген мотивациясын күшейтеді.

Осылайша, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін математикадан ғылыми-зерттеу жұмыстарына даярлау – жалпы білім беру жүйесінің дамуы мен сапасының жоғарылауына оң әсер етеді [5].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін математика пәнінен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға даярлау қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Ғылыми-зерттеу дағдылары мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырып қана қоймай, олардың оқыту процесіндегі тиімділігін де арттырады. Болашақ мұғалімдерді математика пәнінен зерттеу жұмысын ұйымдастыруға даярлау – білім беру сапасын жақсартудың, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың және болашақ ұрпақты тәрбиелеудің тиімді жолы. Осы бағытта арнайы оқу бағдарламаларын жетілдіру және зерттеу жұмыстарын дамытуға ерекше назар аудару қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алдамуратова, Ж.Қ., Әбілқасымова, А.Е. Жаңа формациядағы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау. Алматы: Ғылым, 2021.

2. Нұрғожина, С.М. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқыту әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті, 2019.

3. Ахметов, Т.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу қабілеттерін дамыту. Астана: Оқу әдебиеті, 2020.

4. Мұхамедьярова, Ж.С. Математика сабағында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі. Педагогикалық ғылымдар журналы, 2022, №4, 67-72 б.

5. Smagorinsky, P. Research in Mathematics Education: Theory, Practice, and Reflections. New York: Routledge, 2020.

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК DAҒДЫЛАРЫН
ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Әбдікәрім А.А. 2-курс магистранты

Ғылыми кеңесшісі - Майгельдиева Ш.М. п.ғ.д, профессор

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

E-mail: abdikarim.aknur@bk.ru

E-mail: sharban56@mail.ru

Аннотация Бұл зерттеу жұмысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын дамытудың маңыздылығы түсіндіріледі, педагогика саласында зерттеушілік оқытуды қарастырған ғалымдардың идеясы таныстырылады. Білім беру үдерісінде оқушылардың бойында зерттеушілік дағдыларды дамыту мақсатында қолданылатын әдістер ұсынылады.

Тірек сөздер: зерттеушілік оқыту, дағды, бастауыш білім беру, әдіс.

Аннотация В данной исследовательской работе объясняется важность развития исследовательских навыков учащихся начальной школы, представлены идеи ученых, рассматривавших исследовательское преподавание в области педагогики. В образовательном процессе предложены методы, используемые в целях развития исследовательских навыков у учеников.

Ключевые слова: исследовательское преподавание, навык, начальное образование, метод.

Annotation This research paper explains the importance of developing primary school students' research skills, presents the ideas of scientists who have considered research teaching in the field of pedagogy. In the educational process, methods are proposed that are used to develop students' research skills.

Key words: research teaching, skill, primary education, method.

Қоғамның қарқынды дамуына сәйкес білім беру саласына орасан зор өзгерістер енуде. Әрине ол ең алдымен педагогтардан жаңалықты қабылдап, онымен толықтай танысып, білім беру үдерісіне тиімді енгізуді талап ете отырып, нәтиже көрсетуге бағытталады. Педагог мамандығы өзгермелі жағдайларға икемділігімен және жаңалыққа құмартып, үздіксіз ізденісте болатынымен ерекшеленеді емес пе?! Қабілеттерді білім беруші өз бойына жиып қана қоймай, өзі тәрбиелеп отырған білім алушыларға да сіңіруі тиіс екендігі білім туралы құжаттарда айқындалған. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта: «Педагогтерге оқу тапсырмаларының, шығармашылық жобалардың негізінен қолданбалы сипатына назар аударып отырып, сабақтарды, оқу сабақтарын жоспарлау ұсынылады. Сонымен қатар, тапсырмалар мен жобаларды орындау бірлескен шығармашылық, зерттеу қызметін қамтиды, оның барысында өзара қарым-қатынас орнату қабілеті дамиды. Білім алушының педагогпен және басқа білім алушылармен бірлескен оқу іс-әрекеті процесінде алынған өнімнің маңыздылығына назар аудару қажет» [1] деп, тапсырмаларды орындау оқушылардың зерттеушілік қызметін қамтиды, сол арқылы білім алушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасайды және алған білімді өмірде қолдана алуымен сабақтың тиімді жоспарланғандығы айқындалады деген. Осыдан-ақ, жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқытуда педагогикалық тәсілдердің зерттеушілік түрі ерекше орын алатындығын байқаймыз.

Білім беру ұйымының табылдырығын аттаған жас өренді қоғамға толықтай енуге дайындап, жан-жақты сауатын ашу, біліммен қатар тәрбиені бойына сіңіріп, еліміздің заманға сай тұлғасы етіп қалыптастыру әр мектептің, оның ішінде әр педагогтің жауапкершілігіндегі қызмет. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқулық мазмұны толықтай өзгертіліп, сатылай қолданысқа енгізілді. Бірінші сыныптың оқулықтарынан бастап мазмұнындағы тапсырмаларға зер салып қарасаңыз, оқушыға берілген суретке ұқсас суретті

немесе белгілі затқа ұқсас затты табуға, берілген жағдаятқа қатысты пікір білдіруге, сұрақ қоюға бағытталып берілген тапсырмаларды көреміз. Жаңа оқулық алғаш қолға берілген кезде ата-аналар тарапынан «тапсырмалар күрделі, мазмұнындағы кейбір ақпараттар оқушының жасына сай емес» деген секілді көптеген пікірлер айтылды. Бұл кезеңде ата-аналар заманның қарқынды дамып келе жатқандығын, еліміздің болашағы бүгінгі жастардың қолында екендігін, соған сәйкес білім беру жүйесінің бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу бағытында өзгертіліп жатқандығына бір-екі жылдық нәтижеден кейін барып көзжеткізе бастады. Оқулық мазмұнындағы тапсырмалардың мақсаты – оқушыға білімді дайын күйінде бере салмай, ақпаратты талдауға, ақиқатын ажыратуға және ізденуге, зерттеуге түрткі бола отырып, ұжыммен, топпен, жұппен бірлесе жұмыс жүргізу, іс-әрекетке баға беруге, өзін-өзі бағалауға үйрету[2].

Зерттеу, іздеу белсенділігі – баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. [3] Оқушының өз бетінше зерттеу жүгізуі оның жеке талабын қанағаттандыруға, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде алмайды, оны өзі үшін жаңа қырынан танып біледі.

1999 жылдан бастап, оқушылардың зерттеушілік, ізденушілік, жобалау әрекеті біртұтас жүйе ретінде құрылды. Ал бүгінгі күні бұл әдістеме оқытудың құзыреттік тәсілі жағдайында ерекше қажеттілікке ие. Жоба – латын тілінен аударғанда «алдын ала» деген ұғымды береді. «Зерттеушілік оқыту» және «жобалық оқыту» ұғымдарының мәні ұқсас болғанымен, мазмұны бөлек[3]. Мысалы, «дизайн» деген толығымен шығармашылық емес, бұл белгілі бір шеңбердегі өз ерекшелігі бар өнер. Ал зерттеу күнделікті қолданыста адамның танымдық әрекет түрлерінің бірі ретінде жаңа білімді игеру қабілетімен түсіндіріледі. Зерттеушілік оқыту – баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып- білуге деген табиғи ынтасы негізінде құралған оқытудың негізгі тәсілі.

Оқытудың зерттеушілік тәсіліне қадам жасау: біріншіден, мектептегі оқу үдерісіндегі, оқушылардың білімдері мен дағдыларына, жаңа заман талабынан туындайтын; екіншіден, оқытудың әдістері мен мазмұнының және ғылым деңгейіндегі алшақтықтарын жою сұранысына байланысты туындайды.

Зерттеушілік тәсілге бұл кезеңде педагогтардың ерекше назар аударуының мәні – ол танымдық әрекетті қарқынды, ал өз бетінше танымды арттыру және шығармашылық ойлауды дамытуға қолайлы тәсіл еді. Ерте кезеңде педагогикалық әдебиеттерінде зерттеушілік тәсілді: «өмір талап еткен жағдайда баланың қажетті біліммен қарулана алар құралы» [4] деп көрсетеді. Сол кезеңдегі әдістемелерде «зерттеушілік әдіс» деген термин пайда болды. Алғаш шыққан әдістемешілердің бірі Б.Е. Райков оқыту әдістерін жүйелеуге, топтастыруға талпынған[5]. Өз жүйелеуінде ол әдістердің көптүрлілігінің көрсеткішін, олардың бір-бірімен өзара қалай қатысты екенін ашқысы келген. Осы негізде ол әдістердің бинарлық номенклатурасын (қосарлы аталу) енгізген. Қабылдау сипатына қарай ол (сезім мүшелері мен қимыл мүшелерінің), әдістер тобын үшке бөлген: ауызша, көрнекі және моторлы (қозғалтушы) әдістер, оқушының білімді игеруіне қарай тағы да екі әдіс тобын бөлген. Олар: көрсетуші (оқушылар көрнекі құралдарды пайдалану арқылы мұғалім сөзінен немесе кітаптан білімді дайын күйінде игереді) және зерттеуші әдістер (оқушылар тікелей оқу нысанынан білімді өздері игереді). Райковтың әдістер жүйесі Н.М. Верзилиннің әдістер жүйесінің негізінен алынған[6].

Зерттеушілік әрекет технологиясы төмендегілерді қамтиды:

- кіріктірілген білім мен оны шешудің зерттеушілік ізденісін талап ететін мәселенің болуы;
- алынатын нәтижелердің тәжірибелік, теориялық, танымдық маңыздылығы;
- оқушының өзіндік іс-әрекеті;

- зерттеу әдістерін қолдану, яғни мәселені және одан туындайтын зерттеу әдістерін анықтау;
- зерттеу әдістерін талқылау, мәлімет жинау, соңғы нәтижелерді рәсімдеу;
- алынған өнімді жариялау, талқылаулар мен қорытындылар[7].

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі. Жаңартылған білім беру жүйесінде оқушыны білімді функционалдықпен игеру, сыни ойлай білу және өз іс-әрекетін жоспарлау мен бағалай алу қабілетін дамыту, білімге берілген бағыт бойынша оқытудың түрлі формаларында жұмысты жүргізуге дағдыландыру басты мақсат ретінде көзделеді. Сол себепті, оқулық мазмұнындағы тапсырмалардың барлығы сұрақ қоюға, пікір білдіруге, баға беруге, одан әрі жетілдіруге және өзінің ұсынысын айтуға бағытталған. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін сабақтың мақсатына сай берілген тапсырмаларды төмендегі әдістердің көмегімен жүзеге асыруға болады:

1. Жоба әдісі

Жоба әдісі оқушылардың өз қызығушылықтарына сәйкес тақырып таңдап, сол бойынша өз бетінше зерттеу жүргізуіне мүмкіндік береді[4]. Мысалы, табиғат құбылыстары, тарихи оқиғалар, жануарлар әлемі сияқты қарапайым тақырыптарды зерттеп, қорытынды жасауға болады. Жобалар оқушының танымдық қызығушылығын арттырып, зерттеу дағдыларын қалыптастырады.

2. Ойын арқылы оқыту

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын дамытуда ойын әдісі де тиімді. Мысалы, рөлдік ойындар немесе квест ойындары арқылы балаларды түрлі проблемаларды шешуге баулиды. Бұл әдіс балалардың шығармашылығын дамытып, зерттеуге деген қызығушылығын арттырады[8].

3. Эксперименттік жұмыстар

Мектепте қарапайым эксперименттер жүргізу оқушылардың зерттеу жұмыстарын өз көздерімен бақылауына, тәжірибеден өтуіне мүмкіндік береді. Мысалы, су, ауа, топырақ туралы эксперименттер арқылы балалар табиғат заңдылықтарын зерттей алады. Бұл тәсіл оқушыларға сыни ойлау және бақылау дағдыларын қалыптастырады.

4. Сұрақ-жауап әдісі

Оқушылардың өздерін қызықтыратын сұрақтар қоюына жағдай жасап, оларға жауап іздеуді үйрету – зерттеушілік дағдыларын дамытудағы маңызды қадамдардың бірі. Мұғалімдер оқушыларды түрлі ақпарат көздерінен жауап іздеуге бағыттауы тиіс.

5. Ақпараттық технологияларды қолдану

Бүгінгі күні интернет, сандық ресурстар, мультимедиалық құралдар арқылы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі кеңейді. Оқушыларды осы құралдарды дұрыс пайдалануға үйрету зерттеушілік дағдыларын дамытудың заманауи тәсілі болып табылады.

Осы секілді әдістерді оқулық мазмұнындағы тапсырмалармен біріктіріп мұғалім сыныптың ерекшелігіне, оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігіне қарай түрлендіріп, өз шығармашылығы арқылы дамыта алады.

А.И.Савенков: «Зерттеу – бұл белгісіздікті іздеудің шығармашылық үдерісі» деген анықтама берген. [3] Өз кезегінде зерттеушілік дағдыны жалпы жеке тұлғаны дамытуда қарау және көру, бақылау қабілеттерін дамыту шарттары деп анықтауға болады. Зерттеушілік дағдылар негізіне төмендегі көрсеткіштер жатады:

- білім алушылардың танымдық білік пен дағдыларын дамыту;
- ақпараттық кеңістікте бағыт ала білу;
- өз білімін өздігінен құрай алу дағдысы;
- ғылымның әр саласындағы білімдерін кіріктіре алу дағдысы;
- сыни тұрғыдан ойлау білу;
- өз әрекетін бағалай алу дағдысы.

Аталған біліктерді бойына сіңірген оқушы бәсекеге белсенді заманда ақылы мен әрекетін ұштастырып, өз тұлғасын қалыптастыруда да, ел іргесін дамытуда да жетістіктерге ұмтылады. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын дамыту мәселесінде оқытушының жадында болуы қажет басты мәселе – жас ерекшеліктеріне сәйкес тапсырма түрлерін ұсына білу. Білім беру саласында бастауыш саты білімнің іргесі қаланатын негізгі сынып болғандықтан, зерттеушілік дағдыларын дамытып, оқушыны зерттеуге, іздеуге ұмтылдыратын да, оның қызығушылығын жойып, ынтасын өшіретін де осы кезең. Сондықтан, мұғалімге артылатын жауапкершілік қай кезде де жоғары екенін естен шығармау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.2024-2025 оу жылында ҚР-ның жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат, 14-16б
- 2.Қалиева, Н. Т., Жаңабаева, М. Б. (2020ж). Бастауыш мектепте зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктері. Алматы: Білім баспасы.
- 3.Аяпова, Қ. Қ. (2018). Зерттеушілік дағдыларды қалыптастырудағы жоба әдісінің рөлі. Бастауыш білім журналы, 4(7), 12-19.
- 4.Еспенбетова, А. С. (2019ж). Оқушылардың сыни ойлауын дамыту әдістері. Оқыту технологиялары, 6(3), 45-50.
- 5.Қарабаев, Б. Ә. (2022ж). Ақпараттық технологиялар арқылы оқыту және зерттеу дағдыларын дамыту. Қазақстан мектебі, 8(1), 66-71.
- 6.Білім және ғылым министрлігі. (2023ж). Қазақстан Республикасында бастауыш білім беруді дамыту стратегиясы. Нұр-Сұлтан: ҚР Білім және ғылым министрлігі.
- 7.Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. (2020). Зерттеу қызметін ұйымдастыру әдістемесі. Алматы: Мектеп баспасы.
- 8.Жұмаділова, Р. Қ. (2021). Бастауыш сыныптарда ойын арқылы оқыту және оның тиімділігі. Педагогика ғылымдары журналы, 9(2), 27-32.

ӘОЖ 541.124

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА, ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жакупова Куралай Абдолдановна

директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, информатика пәнінің мұғалімі
Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Сайын
Мұратбеков атындағы №9 орта мектеп» КММ-сі
Kuralai__77@mail.ru

Аннотация: Аталмыш мақала жалпы орта мектеп оқушыларын цифрлық білім беруде - психологиялық әрі педагогикалық сүйемелдеудің маңыздылығына арналып, қазіргі кездегі цифрлық сауаттандыру мәселесін қарастыруға арналған.

Тірек сөздер: *цифрландыру, IT, орта мектеп, психологиялық, педагогикалық сүйемелдеу.*

Аннотация: Данная статья посвящена важности психологического и педагогического сопровождения учащихся общеобразовательных школ в цифровом образовании и посвящена проблеме цифровой грамотности в настоящее время

Ключевые слова: *цифровизация, IT, средняя школа, психологическое, педагогическое сопровождение.*

Annotation: This article is devoted to the importance of psychological and pedagogical support in the digital education of Secondary School students and is devoted to the consideration of the current issue of digital literacy.

Key words: *digitalization, IT, secondary school, psychological and pedagogical support.*

Еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне еніп жатқан цифрлық білім беру жүйесі - заман талабы десек қателеспегеніміз болады. Әлбетте, қолымыздағы ұялы телефоннан бастап үйіміздегі смарт теледидарлар мен тоназытқыштарда осы цифрлық тұрмыстық заттарға жатады. Иә, бұл құралдар күнделікті тұрмысымызды жеңілдетіп жатқаны рас. Тіпті бұл құралдарсыз күнделікті күйбең тіршілігімізде бітпейді. Әрине, сандық технологиялар кірмей-ақ та тұрмыстық техникалар болған. Адамдар өз ісін бітірген. Бірақ заман ағымына байланысты өзгеріп жатқан қолданыстағы құралдарымыз өмірімізді жеңілдетіп келе жатыр. Осы заман ағымына сәйкес еніп жатқан техникалық құралдардың цифрлануы тұрмысымызды одан сайын жеңілдетіп, тіпті жақсартып жатыр. Өткен ғасырдың 60 жылдарынан басталған техникалық революция ІТ саласының дамуына әкелгенін барлығымыз білеміз. Осы құбылыстың арқасында бүкіл жер бетіндегі адамдардың өмірі жақсарып, ойлау санасы көтерілді. Иә, күнделікті өмірді жеңілдету қажеттілігі әрқашанда күн тәртібінен түспейтін тақырыптардың бірі десек қате айтпағанымыз болады. Әрине, бүгінгі күнде бұл сұранысты жеңілдету үшін көптеген ғалымдар, инженер, ІТ саласының қызметкерлері өзінің өнертабысын ұсынып келе жатыр. Қазіргі күннің талабы осы сұранысқа жауап беретін мамандар даярлау. Осы мақсатта мамандарды даярламас бұрын цифрлану аясында еніп келе жатқан жаңалықтармен оқушыларды таныстыра білуіміз қажет. Сонда ғана қазіргі жастар тар шеңберден шығып, ойлау көкжиегін кеңейтіп, ғаламдық өзгерістермен таныса алады. Әлбетте, бұл үрдісте мектептегі оқушыны психологиялық және педагогикалық тұрғыда жас ерекшеліктеріне негіздей отырып сүйемелдеп жүргізгеніміз жөн.

- Оны қалай жүзеге асыру керек? Оқушыны қалай психологиялық және педагогикалық жағынан сүйемелдеген жөн?

- Біріншіден: мектеп бағдарламасы аясында шығарылып, ұсынылып жатқан ресурстарды күнтізбелік тақырыптар тізбегі аясында жүйелі түрде біртіндеп ұсыну.

- Екіншіден: Үйге берілетін тапсырмаларды ұялы телефон видеосына түсіруді үйрету.

- Үшіншіден, үй тапсырмасы жеңілден күрделіге дейін формуласына негізделу керек.

- Төртіншіден, игерген білімді оқушы өмірде қолдана білгені жөн.

Әлбетте, мектептегі информатика сабағы оқушыны программист жасап шығаратындай білім бермейтіндіктен - оқушының қандайда бір мекеменің электрондық базасына кибер шабуыл жасайды деп қорықпауымызға болады. Мектептегі оқушы информатика пәнін жетік меңгеретін болса - тек қатарластарынан ғана озық бола алады. Түрлі гаджеттерді, электрондық жиынтықтарды тиімді пайдалана алады. Роботехника үйірмесіне барған күйде - роботтарды құрастыруда программалауға мүмкіндігі мен қабілеті пайда болады. Түрлі сызбаларды, құрылыстардың нобайын “жансыз зият” (искусственный интелектр) программасы арқылы ұсына алады. Ол үшін оқушы үнемі өз білімін жинақтап, қолданып көру керек. Өз білімін өздігінен жинақтау мүмкін емес болғандықтан - сүйемелдеуші, бағыттаушы адам керек. Оқушы үшін сүйемелдеуші тұлға - ол мектептегі мұғалімі. Әсіресе, информатика мұғалімі. Әрине, басқа мұғалімдер өз сабағында ішінара цифрлық платформаларды қолданатындығы белгілі. Бұл үрдіс мектептегі бастауыш сыныптан басталып, жоғарғы сыныпқа дейін жалғасатындығы белгілі. Түрлі пән мұғалімдері өз сабағын қызықты ету мақсатында сабақтың кезеңдерінде сандық платформаларды қолданып, өздері жасап келген слайд және ғаламтор беттерінде анимациялық, бейнефильм үзіндісін қолданатындығы белгілі. Тіпті кейбір мұғалімдер ғаламтор беттеріндегі пәндік ақпараттарды қиып, өзара құрастырып пайдаланатындығы қазір жаңалық емес. Кейде сол мұғалімдер, әсіресе жоғарғы сыныпқа беретін мұғалімдер қауымы сандық құрылғылар арқылы оқушыларға тапсырма беріп жатады. Менің ойымша сүйемелдеудің қарапайым үлгісі осы. Әлбетте, мектептегі оқушыны цифрлық білім беру жағынан психологиялық-педагогикалық жағынан сүйемелдеу дегеніміз - алдымызда отырған оқушыны компьютермен сандық құралдарды тәуелді ету емес, керісінше сол құралдарға мейлінше тәуелді етуден сақтау. Сандық құралдарды тиімді пайдалануға үйрету маңызды.

Мұғалім болған соң алдымызға тапсырма жасап келген оқушының ұсынып отырған жұмысын тексеріп - дұрыс - бұрыстығына келгенде, кемшіліктерін тізбектемей, мадақтап

алуымыз керек. Кемшіл тұстары болса - ұсыныстарымызды айтып, кеңестерімізді берген жөн. Бұл қағида мектептегі барлық пәннің мақсат-міндетіне кіреді. Бұдан цифрлық білім беруді жалпы орта мектепте жүзеге асыратын информатика пәні де сырт қала алмайды. Керісінше мектептегі цифрлық сауаттандыруды тікелей жүзеге асырып, ақпараттық білім беретін информатика пәні - цифрлық білім берудің басында жүретіндігі анық. Қазіргі кезде өмірдегі күнделікті керекті құжаттарды арнайы мекемелерге жүгірмей-ақ қолда тұрған сандық құралдар, смарт телефондар арқылы алуға болатындығы белгілі. Егер, мектептегі оқушы информатика пәнін жетік меңгеретін болса - үйдегі әке-шешесіне, ата-апасына керекті құжаттарды үйден отырып алуға көмектесер еді. E-gov платформасы арқылы қазіргі кезде ресми құжаттарды мекемелерге сабылмай-ақ ғаламторға қосылған қолданыстағы компьютерлер мен портативті ноутбук, нетбук арқылы алуға болатындығы өмір шындығына айналып келе жатыр. Сондықтанда оқушының сандық технологиялық құралдарға бейімделуін позитивті жағынан қарастыра білуіміз керек. Карантин уақытында - сабақ беру үрдісін осы сандық платформалар мен құралдар алып шыққандығы белгілі.

Қазіргі кезде сандық технологияларды педагогикалық үрдіске, мектеп бағдарламасына енгізу үшін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесі алдында білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесін (бұдан әрі — ЭОЖ) қолдану арқылы үздік білім беру ресурстары мен технологиялармен бірдей қамту тапсырмасы қойылып тұр [2].

Осы мақсатты қолданысқа енгізуде электронды немесе сандық білім беру және оқыту ресурстарының көлемін арттыру көзделіп отыр. Сондай-ақ төмендегідей қағидаттарды алдыға қою жоспарланып отыр:

- ақпараттың үлкен көлемін орналастыру мүмкіндігі (бұл электронды интерактивті энциклопедияны құру үшін ерекше өзекті);
- қажетті ақпаратты жылдам іздеу және қол жеткізу мүмкіндігі;
- оқушылардың білімін объективті және сапалы тексеру мүмкіндігі, мысалы, тестілеу көмегімен;
- көптеген күрделі құбылыстар мен үдерістерде көрнекілік ұсыну мүмкіндігі;
- мобилділік, яғни бір орнынан басқасына жай көшіру;
- рәсімдеудің бейнелілігі, графикалық рәсімдеуді пайдалану мүмкіндігі;
- өзіндік құнының төмендігі (соның ішінде, баспа шығынының болмауы), осыған орай дайын сандық білім беру ресурстарына (СБР) салыстырмалы түрде орташа бағада болуы;
- сан алуан түрлі – визуалды, есту және басқа да формада ұсынылатын ақпаратты бір мезгілде алу мүмкіндігі [3, 2 бет].

Аталған міндеттерді орындау үшін оқушыны - цифрлық сауаттандыруымыз керек. Ол үшін жоғарыда айтқандай оқушыны демеп, қарапайым түрде сүйемелдеп, психологиялық тұрғыда қолдау көрсетіп, педагогикалық білімімізді арнағанымыз жөн. Оқушы өздігінен іздену үшін алдымен біз (педагогтар) оған білімізбен ақпараттық негіз қалыптастырып беруіміз керек. Сонда ғана оқушы өз тарапынан игеріп жатқан білімді - қолданысына енгізе біледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Цифрлық сауаттылық. Электрондық оқулық. 3 сынып. Қыдырқұлова Р. А, Нұрмұхамбетова Г. К, Берістемова Н. Қ 2024 “АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ” ЖШС, 2024

2.Абилхасимова, А. Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану / А. Е. Абилхасимова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2020. — № 14 (304). — С. 292-295. — URL: <https://moluch.ru/archive/304/68503/> (дата обращения: 25.10.2024).

3.Цифрлық дәуір педагогикасы. XXI ғасырдағы білім беру. Педагогикалық дизайнның қағидалары [cifrlly-dur-pedagogikasy-hh-asyrday-blm-beru_12_lecture.pdf](#).

ӘОЖ: 371.134

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Тұнғатова Н.Ә. 8D01303 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ
1 курс докторанты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:nurgul_t_88@mail.ru

Аннотация. Бұл мақала рефлексиялық технологиялардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамудағы рөлі тақырыбында жазылған. Онда рефлексиялық әдістердің педагогикалық білім берудегі маңыздылығы, оларды қолданудың тиімділігі және болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін дамытудағы рөлі қарастырылады. Зерттеу барысында рефлексиялық технологиялардың білім алушылардың оқу белсенділігін арттыру, критикалық ойлау және коммуникация дағдыларын дамытудағы ықпалы анықталады. Сонымен қатар, рефлексиялық әдістерді енгізудің педагогикалық практикадағы аспектілері мен олардың білім беру жүйесіне енгізудің маңыздылығы талданады. Рефлексиялық технологиялар болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жақсартуға, білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың оқу мотивациясын күшейтуге мүмкіндік беретіні көрсетіледі.

Тірек сөздер: Рефлексиялық технологиялар, бастауыш сынып мұғалімдері, кәсіби даму, критикалық ойлау, коммуникациялық дағдылар.

Аннотация. Данная статья посвящена роли рефлексивных технологий в профессиональном развитии будущих учителей начальных классов. В ней рассматривается значимость рефлексивных методов в педагогическом образовании, их эффективность и роль в развитии профессиональных навыков будущих педагогов. В ходе исследования определено влияние рефлексивных технологий на повышение учебной активности студентов, развитие критического мышления и коммуникационных навыков. Также анализируются практические аспекты внедрения рефлексивных методов в педагогическую практику и их важность для образовательной системы. Показано, что рефлексивные технологии способствуют улучшению профессиональной подготовки будущих учителей, повышению качества образования и укреплению учебной мотивации у учащихся.

Ключевые слова: Рефлексивные технологии, учителя начальных классов, профессиональное развитие, критическое мышление, коммуникационные навыки.

Annotation. This article is dedicated to the role of reflective technologies in the professional development of future primary school teachers. It discusses the significance of reflective methods in pedagogical education, their effectiveness, and their role in the development of professional skills among future educators. The research identifies the impact of reflective technologies on enhancing students' learning activity, developing critical thinking, and improving communication skills. Additionally, the practical aspects of implementing reflective methods in pedagogical practice and their importance for the education system are analyzed. It is shown that reflective technologies contribute to improving the professional preparation of future teachers, enhancing the quality of education, and strengthening students' learning motivation.

Key words: Reflective technologies, primary school teachers, professional development, critical thinking, communication skills.

Білім беру саласының заманауи талаптары болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуына жаңа көзқарастар мен тәсілдерді енгізуді қажет етеді. Бастауыш сынып мұғалімдері - білім алушылардың алғашқы білім негіздерін қалыптастыруда, тұлғалық дамуына ықпал етуде және оқыту процесін ұйымдастыруда шешуші рөл атқаратын мамандар. Сондықтан да олардың кәсіби дайындық деңгейі мен дағдыларын арттыру өте маңызды.

Соңғы жылдары білім беру жүйесінде рефлексиялық технологиялардың маңызды рөлі кеңінен танымал болуда. Бұл әдістер білім алушылардың оқу процесінде белсенділігін

арттыруға, өздерінің іс-әрекеттерін талдау және бағалау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Рефлексиялық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдер өз тәжірибесін тереңірек түсініп, педагогикалық шеберліктерін жақсарты алады.

Рефлексиялық технологиялар - бұл педагогикалық білім беруде білім алушылардың өз тәжірибесін, дағдыларын және білімдерін тереңінен талдауына мүмкіндік беретін тиімді құрал. Рефлексия арқылы білім алушылар өз оқу процесін бағалап, проблемаларды шешу жолдарын іздей алады, бұл болашақта кәсіби маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді [1].

Қазіргі білім беру жүйесінде рефлексиялық технологиялардың қолдану деңгейі әртүрлі. Осы тақырыптың өзектілігі рефлексиялық әдістердің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамуындағы маңыздылығын анықтау, білім алушылар арасында рефлексивті ойлауды дамыту, сондай-ақ оқу үдерісінде рефлексияның рөлін арттыру болып табылады. Бұл зерттеу педагогикалық білім берудің сапасын арттыру, мұғалімдер даярлауда тиімді әдістемелерді енгізу және жалпы білім беру жүйесіндегі жаңартуларға ықпал ету мақсатында жүргізіледі [1].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамуы мен оқу сапасын арттыру үшін рефлексиялық технологияларды енгізу аса маңызды. Бұл әдістер білім алушылардың өзін-өзі бағалау, өзін-өзі дамыту және әртүрлі педагогикалық ситуацияларға шығармашылық тұрғыдан қарау қабілеттерін нығайтады. Нәтижесінде мұғалімдер оқушылардың қажеттіліктерін тиімдірек түсініп, олардың білім алу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Рефлексиялық технологиялар педагогикада білім алушылардың оқыту мен даму процесіндегі өз тәжірибесін талдауға мүмкіндік беретін маңызды құралдар болып табылады. Педагогикалық әдебиеттерде рефлексияның көптеген анықтамалары мен оның білім беру жүйесіндегі рөліне қатысты әртүрлі пікірлер кездеседі. Рефлексия өз тәжірибесін, әрекеттерін және ойларын сыни тұрғыдан бағалау процесі. Осы процесс мұғалімнің немесе білім алушының тұлғалық және кәсіби дамуына ықпал етеді.

Рефлексияның бірнеше түрлері бар, соның ішінде:

1. Әлеуметтік рефлексия – өзара қарым-қатынастар мен топтық динамиканы бағалау.
2. Когнитивті рефлексия – білім мен дағдыларды талдау және бағалау.
3. Эмоционалды рефлексия – жеке эмоцияларды және олардың оқу процесіндегі рөлін түсіну [2].

Рефлексиялық технологиялардың негізі ретінде мыналарды атауға болады: Рефлексиялық күнделіктер: білім алушылар өз тәжірибелерін, оқулары мен сабақтардағы эмоцияларын жазады. Бұл әдіс олардың өз іс-әрекеттерін талдауға және критикалық ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Топтық рефлексия: білім алушылар өзара пікір алмасып, тәжірибелерін талдайды. Бұл әдіс бірлескен оқу ортасын қалыптастырады. Кейс-стадиді талдау: нақты жағдайларды талдау арқылы болашақ мұғалімдер проблемаларды шешу дағдыларын дамытады [3].

Рефлексиялық технологияларды қолдану болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуын едәуір жақсартады. Мысалы педагогикалық университеттерде жүргізілген зерттеулер рефлексияның білім алушылардың оқу мотивациясын, критикалық ойлау қабілетін және жеке-даралық даму деңгейін арттыруға ықпал ететінін дәлелдейді.

Рефлексиялық технологияларды енгізу мұғалімдердің оқу процесіне белсенді қатысуын арттыру, оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнату және жеке тұлға ретінде даму мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамуына рефлексияның ықпалы зор. Рефлексия арқылы білім алушылар өздерінің педагогикалық әдістерін бағалап, білім алу процесін жетілдірудің жолдарын іздейді. Бұл процесс мұғалімнің кәсіби сәйкестігін арттырып, білім беру жүйесіне жаңалықтар енгізуге ықпал етеді.

Тәжірибелік сабақтарда рефлексиялық әдістердің тиімділігіне қатысты нақты мысалдар қарастыру маңызды. Мысалы оқушыларға оқу материалын талдау және өз тәжірибелері туралы пікір білдіру тапсырмасы берілді. Білім алушылар сабақ барысында алған білімдерін

рефлексиялық күнделікке жазып, соңында өздерінің қалай дамығанын бағалады. Бұл тәжірибе нәтижесінде білім алушылар өздерінің білім алу процесіне деген жауапкершіліктерін арттырды, сондай-ақ рефлексиялық ойлаудың дамуына ықпал етті.

Рефлексиялық технологияларды қолдану білім алушылардың кәсіби дамуына, жеке тұлға ретінде қалыптасуына оң әсер етеді. Білім алушылар рефлексия арқылы оқу процесін бағалап, жетілдіру мүмкіндіктерін анықтайды. Бұл тек кәсіби дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар эмоционалдық интеллектіні және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға да көмектеседі.

Рефлексиялық әдістерді тиімді қолдану білім алушылардың оқу процесінде белсенділігін арттыру, кәсіби дағдыларын жетілдіру және жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік береді. Сондықтан рефлексиялық технологияларды білім беру жүйесінде кеңінен енгізу болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жақсартудың негізгі факторларының бірі болып табылады.

Рефлексиялық технологиялардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамуындағы рөлін практикалық аспектілермен көрсету үшін зерттеу нәтижелері мен тәжірибелік жұмыстарды қарастыру маңызды.

Білім алушылармен өткізілген практикалық сабақтарда рефлексиялық технологиялардың түрлі әдістері қолданылды. Мысал ретінде «рефлексиялық күнделік» әдісін алып қарайық.

Рефлексиялық күнделік: Білім алушылар сабақтан кейін алған білімдері мен тәжірибелерін жазып отырды. Бұл әдіс оларға сабақ барысында не үйренгендерін, қандай қиындықтарға тап болғандарын және болашақта қандай жетілдірулер жасау қажеттігін бағалауға мүмкіндік берді.

Топтық талқылау: Білім алушылар топтарға бөлініп, әрқайсысы өз тәжірибелерін талқылайды. Топ ішінде пікір алмасу барысында студенттер рефлексиялық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Топтық жұмыс нәтижесінде қатысушылар бір-біріне жаңа идеялар мен тәсілдер ұсынып, өзара тәжірибе алмасу мүмкіндігін алды.

Рефлексиялық әдістерді қолданған білім алушылардың критикалық ойлауы мен командалық жұмыс жасау белсенділігі артады. Критикалық ойлау: білім алушылардың критикалық ойлау қабілеттері артып, проблемаларды шешу дағдылары жетіледі. Командалық жұмыс: топтық жұмыстар барысында білім алушылар арасындағы коммуникация дағдылары артады.

Рефлексиялық технологияларды қолдану барысында алынған нәтижелер мен практикалық жұмыстар педагогикалық тәжірибені жаңартуға ықпал етеді. Болашақ мұғалімдер үшін рефлексиялық ойлау қабілетін дамыту, өз тәжірибесін сыни тұрғыдан бағалау және өз әрекеттерін жетілдіру мүмкіндіктері өте маңызды.

Рефлексияның кәсіби дамудағы рөлі: Рефлексиялық технологияларды қолдану болашақ мұғалімдердің кәсіби даму деңгейін едәуір арттырады. Рефлексиялық практикада өз тәжірибесін сыни тұрғыдан бағалау, болашақ мұғалімдерге білімін тереңдетуге және өз білім алу процестерін белсенді түрде басқаруға мүмкіндік береді.

Критикалық ойлау дағдыларын дамыту: Рефлексиялық технологиялар білім алушылардың критикалық ойлау қабілеттерін дамытуда да маңызды рөл атқарады. Критикалық ойлау дағдылары болашақ мұғалімдер үшін аса қажет, себебі олар оқушыларды оқыту барысында мәселелерді шешу және креативті тәсілдер қолдану қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Топтық жұмыс пен коммуникация дағдылары: Топтық пікірталастар мен рефлексиялық күнделік сияқты әдістер болашақ мұғалімдердің командалық жұмыс және коммуникация дағдыларын нығайтуға да ықпал етеді.

Педагогикалық практикаға әсері: Рефлексиялық технологияларды қолданудың нәтижелері педагогикалық практикаға тікелей әсер етеді. Білім алушылардың оқу процесіндегі белсенділігі, сыни тұрғыдан ойлауы, өз әрекеттерін бағалауы олардың болашақ кәсіби қызметінде табысты болуына ықпал етеді. Педагогикалық тәжірибелерде

рефлексиялық әдістерді енгізу олардың білім берудегі тиімділігін арттырып, оқу сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Рефлексияның тұлғалық даму аспектілері: Сонымен қатар рефлексия болашақ мұғалімдердің жеке тұлғалық дамуына да ықпал етеді. Білім алушылардың рефлексиялық технологиялар арқасында өзін-өзі бағалауы, эмоцияларын түсінуі және басқару қабілеттері дамиды. Бұл аспектілер педагогикалық қызметте табысты болу үшін маңызды. Себебі мұғалімдер эмоционалды интеллекті жоғары тұлғалар ретінде оқушылармен жақсы қарым-қатынас орната алады.

Кәсіби даму: Рефлексиялық технологияларды қолдану болашақ мұғалімдердің кәсіби даму деңгейін арттырады. Білім алушылар өз тәжірибесін сыни тұрғыдан бағалап, білім алу процесінде белсенді қатысады.

Критикалық ойлау: Рефлексиялық әдістер критикалық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі, бұл болашақ педагогтар үшін аса қажет.

Коммуникация және командалық жұмыс: Топтық жұмыстар мен пікірталастар арқылы білім алушылардың коммуникация дағдылары нығайып, педагогикалық ортада тиімді қарым-қатынас орнату қабілеттері артады.

Жеке тұлғалық даму: Рефлексиялық технологиялар білім алушылардың эмоцияларын түсіну және басқару, өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Рефлексиялық әдістер білім беру процесінде білім алушылардың оқу мотивациясын, критикалық ойлау дағдыларын, командалық жұмыс және коммуникация қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Рефлексияның маңыздылығын ескере отырып, білім беру жүйесінде рефлексиялық технологияларды кеңінен қолдану болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын арттыруда шешуші рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Г.Т. Керимова., Педагогическая рефлексия как инструмент профессионального развития будущих учителей. Вестник педагогических наук, 2019 г 2(3), 45-50.
2. Е.И. Петрова., Формирование рефлексивных навыков у студентов педагогических специальностей. Педагогика и психология, 2021 г 1(5), 112-118.
3. И. А. Смирнов., Технологии рефлексии в учебном процессе. Санкт-Петербург: Издательство «Питер» 2017 г.
4. Г. М. Шарипова., Психология рефлексии в обучении. Астана: Литер. 2019 г.

UDS 377.169.3

DIGITALIZATION OF KNOWLEDGE IS THE NEED OF THE HOUR

Утешева Сая Маратовна оқытушы, п.ғ.м. магистрі
Казиева Аяна Нағымжанқызы оқытушы, магистрант
“Orda” жоғары колледжі
E-mail: utesheva_83@bk.ru, ayana.kaziyeva@bk.ru

Аннотация: Жоғары білім берудің цифрлық трансформациясы бірыңғай ақпараттық орта құруды және оқытушылардың біліктілігін арттыруды қоса алғанда, елеулі өзгерістерді талап етеді. Ғылыми зерттеулер жаңа технологияларды енгізу және педагогикалық тәсілдерді жетілдіру үшін қажет. Негізгі проблемалар техникалық жарактандырудың, цифрлық ресурстардың және педагогтарды даярлаудың жетіспеушілігімен байланысты. Жаһандану заманауи цифрлық құралдарды біріктіруді талап ету арқылы осы сын-қатерлерді күшейтеді. Білім беру жүйесіндегі дағдарысты еңсеру жаңа білім беру модельдерін құру, ақпараттық жүйелерді дамыту және цифрландырудың оң және теріс жақтарын мұқият талдау арқылы мүмкін болады.

Тірек сөздер: білім беруді цифрландыру, жоғары білім беруді трансформациялау, бірыңғай ақпараттық орта, цифрлық білім беру ресурстары, цифрландыру жағдайында мұғалімдерді даярлау

Аннотация: Цифровая трансформация высшего образования требует значительных изменений, включая создание единой информационной среды и повышение квалификации преподавателей. Научные исследования необходимы для внедрения новых технологий и улучшения педагогических подходов. Основные проблемы связаны с недостатком технического оснащения, цифровых ресурсов и подготовки педагогов. Глобализация усиливает эти вызовы, требуя интеграции современных цифровых инструментов. Преодоление кризиса в системе образования возможно через создание новых образовательных моделей, развитие информационных систем и тщательный анализ плюсов и минусов цифровизации.

Ключевые слова: цифровизация образования, трансформация высшего образования, единая информационная среда, цифровые образовательные ресурсы, подготовка учителей в условиях цифровизации.

Annotation: The digital transformation of higher education requires significant changes, including the creation of a unified information environment and teacher training. Scientific research is necessary to introduce new technologies and improve pedagogical approaches. The main problems are related to the lack of technical equipment, digital resources and teacher training. Globalization reinforces these challenges by requiring the integration of modern digital tools. Overcoming the crisis in the education system is possible through the creation of new educational models, the development of information systems and a thorough analysis of the pros and cons of digitalization.

Key words: digitalization of education, transformation of higher education, unified information environment, digital educational resources, teacher training in the context of digitalization.

Currently, the use of digital technologies is increasingly talking about digital transformation (transformation) of higher education.

In this regard, significant changes are being made in the process of preparing students in universities due to the use of various technologies. We are talking about the formation of a unified information environment, a significant increase in teaching staff proficient in digital technologies. Now these and other factors must be complemented by new methods of teaching students and professional developments of researchers in the field of creating digital educational resources [1].

The development of any process related to the technical re-equipment of secondary educational institutions, updating the content, methods and forms of education should be carried out on the basis of scientific research. Such research can be implemented not only in the form of theoretical and practical developments, but also have the nature of scientific analysis.

In this regard, the problem of mass introduction of new digital technologies will undoubtedly arise, as well as the identification and systematization of patterns and factors characterizing changes in external influences on the education system. Solving this problem is important for determining the direction of very relevant scientific and pedagogical research in this area, as well as ways to develop a system for training teachers and improving their qualifications for universities, academies and institutes.

In our opinion, the terms “digitalization of education” and “informatization of education” should be carefully considered. Informatization of knowledge is a scientific and practical area of human activity in this direction, achieving the psychological and pedagogical goals of education and training through the use of technologies and means of collecting, storing, processing and disseminating information. Digitization of knowledge is a more computerized form of informatization of knowledge that brings the target digital result.

Now it is necessary to move from the development of new digital tools to their technological, methodological, content and interface integration and the creation of unique

mechanisms. This allows us to consider individual digital resources as components of a unified digital educational environment of universities [2]. The current trend in the use of information tools in educational institutions is to increase the share of modern digital resources developed on the basis of new technologies of the industrial revolution.

The set of main problems holding back the digital transformation of education consists of insufficient technical equipment, poor quality of content of digital resources and insufficient training of teachers to carry out all types of professional activities in the context of informatization of knowledge .

The process of globalization, which is currently developing, leads to the expansion of the interactions of various countries, peoples and their cultures. Influence is realized through cultural exchanges and direct contacts between state institutions, social groups, social movements, through scientific cooperation, trade, tourism, etc.

Digital education is a new education system that uses information and communication technology tools based on information sharing, open educational resources, interaction and collaboration to form and continuously develop the student's competencies and skills .

The development of digital technologies and the increase in the speed of information exchange between structures of modern society increases the speed of acquiring knowledge and reduces the time of scientific research.

A review of modern domestic and foreign scientific and pedagogical sources has revealed many problems and crisis phenomena in the system of pedagogical education, which are directly or indirectly related to the process of digitalization of educational activities. Research shows that the most pressing issues of the digital transformation of teacher education include: the overload of teachers and students in the information and educational environment; insufficient level of digital literacy and culture among teachers; the threat of intellectual regression among teachers and a decrease in the social significance of the teaching profession; a decrease in the role of educational activities due to the transition to distance learning and a reduction in "live" communication.

The crisis in the system of general and pedagogical education, especially aggravated during the forced transition to distance learning, requires the pedagogical community to radically transform institutions, practices and educational models, as well as changes in psychological attitudes. We assume that the way out of the digital crisis in the future will depend on solving several key tasks: 1. creating and testing new models of organizing scientific and educational activities suitable for an open information environment; 2. development of information systems for the collection and analysis of data on educational processes; 3. creation of an advanced model of research activities in pedagogical education, ensuring high productivity in the context of digital transformation; 4. psychological and pedagogical support of the educational process, taking into account the characteristics of various categories of students within the framework of the theory of generations; 5. a thorough analysis of the advantages and disadvantages of digitalization of educational environments, as well as forecasting potential risks and limitations associated with the use of digital technologies through the prism of various socio-humanitarian disciplines.[3].

The digital transformation of higher education is not merely a shift in tools and resources; it reflects a fundamental change in the philosophy and practices of teaching and learning. As digital technologies are integrated into educational processes, universities face the challenge of adapting existing pedagogical models to support more flexible, student-centered learning environments. This involves rethinking curriculum design, teaching methodologies, and assessment forms to align with the demands of a digitally-savvy generation. In this context, faculty members must not only be skilled in digital tools but also embrace innovative approaches that foster critical thinking, creativity, and adaptability in students.

A unified digital educational environment provides seamless access to resources and fosters a collaborative space for students, educators, and researchers. Integrating digital resources, such as virtual laboratories, online libraries, and adaptive learning platforms, allows universities to create a comprehensive ecosystem where students can acquire knowledge efficiently and instructors can better monitor progress. However, building such an environment requires addressing several key

issues, including data security, privacy, and accessibility, to ensure equitable and ethical use of digital resources.

The effectiveness of digital transformation in education largely depends on addressing existing technological gaps. Many educational institutions still face barriers, such as limited technical infrastructure, insufficiently prepared staff, and uneven access to high-quality digital content. These issues can be compounded in rural or economically disadvantaged areas, where digital inequality remains a pressing concern. Additionally, pedagogical shifts must align with digital formats, emphasizing active learning, problem-solving, and real-world applications to maximize the benefits of digital tools.

While digital literacy is crucial, it should complement rather than replace traditional pedagogical values. The accelerated transition to digital education, especially with the rise of distance learning, risks diminishing the value of face-to-face interaction, which is vital for holistic student development. Maintaining a balance between digital literacy and interpersonal skills can be achieved by adopting blended learning models that combine online resources with in-person activities. This approach preserves the benefits of both formats, fostering a richer educational experience that nurtures both cognitive and social development.

Digital transformation has significant psychological and socio-cultural implications for both students and educators. The increased reliance on digital platforms can lead to issues such as information overload, social isolation, and a reduction in "live" communication skills. To mitigate these effects, educational institutions should focus on providing psychological support and encouraging a healthy balance between online and offline interactions. This can involve organizing in-person workshops, community-building activities, and open forums to address the emotional and social needs of students and staff [4].

By addressing these elements, universities can foster a sustainable and adaptable educational model that prepares students not only for professional success but also for active and informed citizenship in a rapidly changing digital world. Through careful planning, continuous research, and a commitment to inclusivity, digital transformation in education can lead to a system that is both innovative and grounded in essential pedagogical principles.

LITERATURE:

1. ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ПЕДАГОГИКАСЫ. XXI ҒАСЫРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ
2. Grasp: The Science Transforming How We Learn
3. Mindstorms: Children, Computers, And Powerful Ideas
4. Digital Education: Opportunities for Social Collaboration (Digital Education and Learning)

ӘОЖ: 8 : 004 : 373.3

ТІЛДІК ТҰЛҒА МЕН ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ: БАСТАУЫШ ОҚЫТУДЫҢ БОЛАШАҒЫ

Байменова М.Ш 8D01303 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі»

БББ 1 курс докторанты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:mbaimienova@bk.ru

Аннотация. Бұл мақалада білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында бастауыш сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастырудың маңызы қарастырылады. Бастауыш мектеп кезеңінде тілдік тұлғаны дамыту балалардың тілдік дағдыларын және әлеуметтік қарым-қатынасын жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Мақалада цифрлық білім беру құралдарының, соның ішінде аудио-визуалды материалдар, чатботтар және оқу қосымшаларының тілдік тұлғаны қалыптастыруға ықпалы талданады. Сонымен қатар, цифрлық оқытудың артықшылықтары мен қиындықтары, оны тиімді қолдану жолдары қарастырылады. Зерттеу нәтижелері цифрлық технологиялардың оқушылардың тілдік

қабілеттерін дамытудағы мүмкіндіктерін айқындап, оқытушыларға әдістемелік ұсыныстар береді.

Тірек сөздер: тілдік тұлға, цифрлық трансформация, бастауыш сынып оқушылары, цифрлық білім беру, тілдік қабілеттер, оқу технологиялары, әдіснама.

Аннотация. В данной статье рассматривается значение формирования языковой личности младших школьников в условиях цифровой трансформации образования. Развитие языковой личности на этапе начальной школы играет важную роль в совершенствовании языковых навыков и социального общения детей. В статье анализируется влияние цифровых образовательных инструментов, в том числе аудиовизуальных материалов, чат-ботов и учебных приложений, на формирование языковой личности. Кроме того, будут рассмотрены преимущества и проблемы цифрового обучения, способы его эффективного применения. Результаты исследования определяют возможности цифровых технологий в развитии языковых способностей учащихся и дают методические рекомендации преподавателям.

Ключевые слова: языковая личность, цифровая трансформация, учащиеся начальных классов, цифровое образование, языковые способности, технологии обучения, методология.

Annotation. This article examines the importance of the formation of the linguistic personality of younger schoolchildren in the context of digital transformation of education. The development of a linguistic personality at the primary school stage plays an important role in improving children's language skills and social communication. The article analyzes the impact of digital educational tools, including audiovisual materials, chatbots and educational applications, on the formation of a linguistic personality. In addition, the advantages and problems of digital learning and ways of its effective application will be considered. The results of the study determine the possibilities of digital technologies in the development of students' language abilities and provide methodological recommendations to teachers.

Key words: language personality, digital transformation, primary school students, digital education, language skills, learning technologies, methodology.

Білім беру жүйесі жаһандық цифрлық дәуірдің аясында қарқынды өзгерістерге ұшырап келеді. Әлемдегі көптеген елдер, оның ішінде Қазақстан да, білім беру саласын цифрлық трансформациялау қажеттілігін түсініп, сандық технологиялар мен инновациялық әдістерді оқу үдерісіне кеңінен енгізуде. Бұл өзгерістер, әсіресе, бастауыш білім беру кезеңінде ерекше маңызға ие, себебі бұл кезең — баланың ойлау жүйесі мен тілдік қабілеттерінің іргетасы қаланатын уақыт. Цифрлық білім беру құралдары мен платформалар балалардың оқу процесін қызықты әрі интерактивті етудің жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Тілдік тұлға ұғымы тіл арқылы өзіндік танымдық, мәдени және әлеуметтік қасиеттерін айқындайтын тұлғаны сипаттайды. Тілдік тұлғаны қалыптастыру – баланың сөйлеу, тыңдау, жазу және оқу дағдыларын дамытумен қатар, оны мәдениетаралық қарым-қатынасқа баулу, өз ойын еркін жеткізе алу қабілетін жетілдіру болып табылады. Бастауыш сыныптағы тілдік тұлғаны дамыту оқушылардың әрі қарайғы оқыту кезеңдерінде табысты болуына және өзіндік көзқарасын дұрыс білдіре алуына мүмкіндік береді. [1], [2]

Цифрлық білім беру технологияларының бұл үдерістегі рөлі ерекше. Олар оқушыларға сан алуан білім беру ресурстарын ұсына отырып, әр баланың жеке оқу қарқыны мен қажеттіліктерін ескеруге жағдай жасайды. Мысалы, интерактивті мультимедиялық материалдар мен ойын түріндегі оқыту әдістері балалардың тілдік қабілеттерін қызықты, әсерлі түрде дамытуға көмектеседі. Бұл технологиялар оқушылардың білім алу процесін оңтайландырып қана қоймай, олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, белсенді оқу ортасын қалыптастырады. [3]

Дегенмен, цифрлық оқытудың оқушылардың шынайы қарым-қатынас дағдыларының дамуына әсер етуі мүмкін деген алаңдаушылықтар да бар. Оқу барысында экран алдында өткізілетін уақыттың артуы және педагогтардың цифрлық құралдарды тиімді пайдалануға дайын болуы осы мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. [4]

Осы мақалада бастауыш сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастырудағы цифрлық білім беру технологияларының рөлі жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында цифрлық білім беру құралдарының артықшылықтары мен қиындықтары, сондай-ақ олардың тілдік тұлғаны дамытудағы тиімділігі талданады. Мақаладағы тұжырымдар оқушылардың цифрлық ортада тілдік қабілеттерін қалай дамытуға болатыны туралы пайдалы ақпарат беруді мақсат етеді.

Цифрлық трансформация білім беру үдерісіне жаңа серпін беріп, оқыту әдістерін жетілдіруге мүмкіндік жасады. Өртүрлі оқу қосымшалары, онлайн ресурстар және виртуалды платформалар оқушыларға өз бетінше білім алуға, өз деңгейіне сәйкес тапсырмалар орындауға жағдай жасап отыр. Бұл орайда, тіл үйрену процесі де осы құралдарды тиімді пайдаланып, оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруда оң нәтижелерге жетуде. Мысалы, интерактивті оқыту әдістері, мультимедиялық құралдар арқылы оқушылардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын дамытуға болады. Оқушылар сабақ барысында виртуалды сыныптарды, мультимедиялық құралдарды қолдана отырып, оқу мазмұнына қызығушылық танытып, өз бетінше зерттеу жүргізуге үйренеді.

Цифрлық білім берудің тағы бір артықшылығы — жекелендірілген оқыту мүмкіндігі. Әр оқушының оқу қабілетіне, тілдік деңгейіне және танымдық ерекшеліктеріне қарай оқу мазмұнын жекелендіру арқылы білім алудың тиімділігін арттыруға болады. Бұл тәсіл оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың тілдік тұлғасын жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық құралдарды пайдалану балалардың оқу процесіне белсенді араласуына, өз білімін өз бетімен толықтыруға мүмкіндік береді.

Дегенмен, цифрлық оқыту әдістерін енгізу белгілі бір қиындықтарды да тудырады. Бұл қиындықтардың бірі — шынайы қарым-қатынастың жеткіліксіздігі, себебі оқушылардың көпшілігі экран алдында білім алады және бұл олардың тұлғааралық қатынастарын дамытуға кері әсер етуі мүмкін. Сонымен бірге, педагогтардың цифрлық құзыреттілігі, яғни заманауи технологияларды меңгеруі мен оларды оқыту процесіне тиімді енгізу қабілеті де маңызды фактор болып табылады. Педагогтардың бұл саладағы құзыреттілігі төмен болған жағдайда, цифрлық оқытудың артықшылықтарын толықтай пайдалану мүмкін емес.

Осы мақаланың мақсаты — бастауыш сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастырудағы цифрлық білім беру технологияларының рөлін жан-жақты талдау және оқыту процесін тиімді ұйымдастырудың әдістемелік негіздерін анықтау. Мақалада цифрлық білім берудің бастауыш сынып оқушыларына тигізетін әсері, артықшылықтары мен қиындықтары, сондай-ақ бұл технологияларды пайдалану арқылы тілдік тұлғаны қалыптастырудың негізгі әдістері қарастырылады.

Қорыта келгенде, цифрлық білім беру құралдарының қолданылуы бастауыш сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастыру үдерісіне оң ықпал етеді. Сандық технологиялар арқылы оқыту балалардың оқу мотивациясын арттырып қана қоймай, олардың тілдік қабілеттерін де жаңа деңгейде дамытады. Мультимедиялық материалдар, ойын түріндегі бағдарламалар және интерактивті платформалар арқылы балалардың тілдік дағдыларын игеруі жеңілдеп, олар тілді қызықты әрі тиімді әдістер арқылы үйрене алады.

Цифрлық білім берудің артықшылықтарына қарамастан, белгілі бір шектеулер мен қиындықтарды да ескеру қажет. Шынайы қарым-қатынас дағдыларының жеткіліксіздігі, педагогтардың цифрлық құзыреттілігі және экран алдындағы уақыттың ұзақтығы сияқты мәселелер сандық оқытуды тиімді қолдануда елеулі фактор болып табылады. Мұғалімдердің цифрлық құралдарды тиімді пайдалануына және оқушылардың шынайы қарым-қатынасқа түсу дағдыларын дамытуына назар аудару маңызды.

Болашақта цифрлық білім берудің педагогикалық әдістемелерін жетілдіру арқылы бастауыш сынып оқушыларында тілдік тұлғаны қалыптастырудың жаңа мүмкіндіктерін ашу қажет. Бұл бағытта цифрлық оқыту құралдары мен дәстүрлі әдістемелерді ұштастырып, оқушылардың білім сапасын арттыруға және тілдік қабілеттерін кешенді дамытуға жағдай жасау керек. Цифрлық трансформация жағдайында білім беру сапасын арттыру үшін

заманауи технологиялар мен педагогикалық тәсілдерді тиімді пайдалану болашаққа бағытталған маңызды қадам ретінде қарастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Караулов, Ю. Н. (1987). “Русский язык и языковая личность”. Наука, 204 бет.,
2. Бахтин, М. М. (1979). “Эстетика словесного творчества”. Искусство, 480 бет.
3. Garrison, D. R., & Anderson, T. (2003). “E-learning in the 21st Century: A Framework for Research and Practice”. Routledge, 2nd edition.
4. Морозов, С. М., & Шукшина, Л. В. (2019). “Интерактивные технологии в образовательном процессе”. Цифровая школа, 4(2), 28-34.

ӘОЖ 378.147

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАРСТЫРУДА ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ерназарова Гүлбаршын Шаршыбекқызы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты
Байменова Асель Сейтбаевна, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Педагогика және дәстүрлі өнер институты, Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі БББ-нің магистранты
E-mail aselvip.84@mail.ru

Аннотация: Мақалада бастауыш білім беруде цифрлық сауаттылықты қалыптастыруда цифрлық ресурстардың маңыздылығы тақырыбы қамтылып жазылды.

Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру қандай мәнге ие екендігі және оны қалыптастыруда цифрлық ресурстарды пайдаланудың маңыздылығы талданды. Сондай-ақ цифрлық ресурстарды пайдалану арқылы – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайтуға болатын маңызды факторы екені қарастырылды.
Тірек сөздер: цифрландыру, білім ортасы, цифрлық сауаттылық, цифрлық білім беру ортасы, цифрлық технологиялар, цифрлық білім беру ресурстары.

Аннотация: В статье освещалась важность цифровых ресурсов в формировании цифровой грамотности в начальном образовании.

Проанализировано значение формирования цифровой грамотности и важность использования цифровых ресурсов в ее формировании. Это также возможность успешного преподавания в современной образовательной среде, социализации человека в цифровом обществе и за счет использования цифровых ресурсов – повышения конкурентоспособности, улучшения качества жизни населения, ускорения и упрощения образовательного процесса, снижение нагрузки на детей, учителей и родителей считается важным фактором, который можно уменьшить.

Ключевые слова: цифровизация, образовательная среда, цифровая грамотность, цифровая образовательная среда, цифровые технологии, цифровые образовательные ресурсы.

Annotation: Currently, digitalization of primary education is a pressing problem.

The report highlighted the importance of digital resources in developing digital literacy in primary education.

The importance of developing digital literacy and the importance of using digital resources in its formation are analyzed. This is also an opportunity for successful teaching in a modern educational environment, the socialization of a person in a digital society and through the use of digital resources - increasing competitiveness, improving the quality of life of the population, accelerating and simplifying the educational process, reducing the burden on children, teachers and parents is considered an important factor that can decrease.

Key words: digitalization, educational environment, digital literacy, digital educational environment, digital technologies, digital educational resources.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең цифрлық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларында қолданылып, оның табиғи ортасына айналып отыр. Ақпараттық коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болуда.

Заманның қарқынды дамуына байланысты, қазіргі кезең озық идеяларды, тың шешімдерді, үлкен еңбек пен білімнің мол қорын қажет етеді. Қазіргі ашылып жатқан жаңалықтарға ілесіп, жаңа заман көшбасшыларының қатарынан болу, бәсекеге қабілетті болу бүгінгі күнде басты назарда тұрған мәселе. Себебі тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын да, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін де күш – білім және білімді ұрпақ.

Цифрлық сауаттылық ұғымы отандық және шетелдік педагогикада кеңінен және тиімді қолданылады. Зерттеуші О.В.Ельцова да цифрлық сауаттылықты - адамның компьютерлік технологиялардың көмегімен іздеп табу, бағалау, пайдалану, контент құрау және оны тарата білу қабілеті деп біледі. [1, с. 42]

Г.У.Солдатова мен оның бірлескен авторларының көзқарастары біршама өзгешерек болып келеді. Олардың пікірі бойынша, цифрлық сауаттылық дегеніміз цифрлық технологиялар және интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалануға қажетті білімдер мен бейімділіктердің жиынтығымен анықталады деп санайды. [2, с. 311]

Р.К.Толеубекова және басқа да авторлар «цифрлық сауаттылық» ұғымы ақпараттық қызмет ретінде компьютерді пайдалана білу қабілетінің аясынан әлдеқайда кеңірек деңгейге шықты. Цифрлық технологиялық сауаттылыққа, яғни компьютерлік және ақпараттық-компьютерлік сауаттылыққа байланысты ұғымдармен қатар қарастырылатынын атап өтеді. [3, с. 154–156]

Цифрлық сауаттылық саласындағы қол жеткен зерттеулерді талдай отырып, «цифрлық сауаттылық» ұғымы өте кең таралған ұғым болғанымен, оның мағынасы да әр алуан екенін атап өтуге болады. Көптеген дереккөздерде цифрлық сауаттылық білімдердің, бейімділіктердің, цифрлық технологияларды және интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылардың жиынтығы деп түсіндіріледі. Цифрлық технология қоғамдағы өмірге әсерін молынан тигізуде. Сол себепті, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне енуде.

Осылардың ішінде бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыру - күрделі, көп қырлы үдеріс, оны жүзеге асыру пәннің мазмұнын, курсты оқытудың формалары мен әдістерін таңдауда, білім берудің әртүрлі кезеңдеріндегі оқу процесінің ерекшеліктерін, сонымен қатар білім алушылардың білімі мен дағдыларының деңгейіне қойылатын талаптарды ескеруде сараланған тәсілді қажет етеді. [4, 64-б]

Бастауыш мектеп жасындағы кезеңде физикалық және психикалық стресс жоғарылап, оқушының әлеуметтік шекарасы кеңейіп, қоғамға бейімделе бастайды. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың танымдық қызметі де өзгереді, соның ішінде оқуға дайындық, жаңа білім алуға қызығушылық оянады. Осыған орай, цифрлық сауаттылық бастауыш мектеп жасындағы балаларға бастауыш мектеп бағдарламасын табысты меңгеруге ықпал жасайды. Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын цифрлық ресурстарды анықтау, қол жеткізу, басқару, интеграциялау, бағалау, синтездеу, жаңа білімді құру, медиа хабарламалар құру және басқалармен нақты өмірлік жағдайлар аясында қарым-қатынас жасау үшін цифрлық құралдарды дұрыс пайдалана алуы арқылы анықтауға болады.

Бастауыш сынып оқушыларында цифрлық сауаттылықты қалыптастыру үшін компьютерлік техниканы қолдана білу, компьютердің құрылымы мен функционалдығы

туралы білуі, ақпаратты өңдеудің әртүрлі әдістерімен таныс болуы; әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану мүмкіндіктерін ұсынуы, тексерілмеген интернет-ресурстарды пайдаланудан туындауы мүмкін қауіптерді түсінуі қажет. Алайда, оқушылардың цифрлық сауаттылығы әрдайым жоғары бола бермейді, сол үшін цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін арттыру керек. Ол үшін бастауыш білім беруде цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану маңызды. [5, 137 б]

Цифрлық білім беру ресурстары дегеніміз – білім берудің мазмұнын анықтайтын электронды жүйе компоненттерінің бірі. Е.В.Савелова өзінің цифрлық білім беру ресурстарын мектепте қолдану туралы әдістемісінде цифрлық білім беру ресурстарының жиынтығында шартты түрде мынадай компоненттерді атап көрсетті: «интербелсенді компоненттер, демонстрациялық графика, мәтіндер, мұғалімге арналған материалдар» Цифрлық білім беру ресурстарын мұғалім білім беру үдерісінде және оқушылар өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін де пайдалана алады. Цифрлық білім беру ресурстарының тиімділігі туралы Р.І.Қадірбаеваның еңбегінде былай түсіндіріледі: «Оқушыларға мұғалімнің қатысуынсыз өздеріне ыңғайлы уақытта өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, лабораториялық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді».

Бастауыш сыныптарда цифрлық білім ресурстарын қолданудың тиімділігі өте жоғары. Атап айтатын болсақ, learning apps, quizizz, kahoot, classMarker, canva, animoto, animaker, padlet және т.б. Learning apps, quizizz, kahoot, classMarker сервистері тиімді. Себебі олар арқылы интерактивті оқу-әдістемелік қосымшалар жасап, оқушылардан кері байланыс алуға болады. Ал canva, animoto, animaker платформаларын сабақты түсіндіруде, сабақты өткізуді тиімді әрі қызықты етіп ұйымдастыруға қолданса болады. Ол интерактивті модульдердің көмегімен оқыту және оқыту процесін қолдауды, модульдерді жылдам құру мен өзгертуді, тапсырмалар базасын жинақтап, қолжетімді етеді. Бұл сервисте тапсырмаларды орындатудың, ұйымдастырудың сан алуан түрлері мен жолдары арқылы тест, салыстыру, жұбын табу, бос орындарды толтыру, мәтін енгізу, хронологиялық кесте, жіктеу, топтастыру тапсырмаларын орындауға болады. Сонымен қоса суреттермен жұмыс жасатып, оқушылардың қызығушылығын оятатын, сабақта сергітетін тапсырмаларды да құрастыруға, бұдан бөлек викториналық сұрақтар, пазл, аудио/видео контент, сөзжұмбақ т.б. модульдерін ұсынады. Осылардың арасынан қайсысын қай тапсырмаға қолдану тиімді екенін саралап алып, берілген тапсырманы орындауда ұтымды әрі тиімді болатынын алу- мұғалімнің міндеті.

Мысалы, викториналық сұрақтар модулінде бастауыш сынып оқушыларына мәтін бойынша мынадай тапсырма ұйымдастыруға болады. Оқушыларға ресурстың көмегімен бейнематериалдарды көрсетіп, сол бейнематериалдар бойынша викториналық сұрақтарға жауап алады. Оқушылардың тыңдалым дағдыларын жетілдіре түсуге аталған цифрлық ресурстың «аудио/видео контент» модулі де көмектеседі. Ресурстың екі модулінде де тыңдалған мәтін немесе көрген бейнематериал бойынша сұрақтар бір сарынды емес, әр түрлі түрде берілгені дұрыс. Ал «мәтінді енгізу» модулі оқушылардың ауызша жауабынан бөлек, оның жазу сауаттылығын да тексеруде маңызды. Оқушылар сұрақтың жауабын немесе мәтінді жазбаша енгізе отырып, оның дұрыс жазылуына назар аударады, естеріне сақтайды. Осындағы «әріптерден сөз құрау» тапсырмасын мәтіндегі тірек сөздерді табуда, олармен жұмыс жасауға қолданатын болса, оқушыға да есіне сақтау оңай болады әрі зеректігін де шыңдауға септігін тигізеді. Бұл тапсырманы сергіту сәті ретінде де, оқушылардың сабақ арасында бой сергіп алуына да қолданса болады. Сабақ барысында оқушыларды сергітіп, тақырып бойынша тірек сөздерге де назар аудартады. Ал quizizz, kahoot, classMarker ресурстары сабақтың әр бөлімнен соң оқушылардың бөлімді қаншалықты меңгергендерін білуге және бөлім бойынша пысықтау үшін қолданудың тиімділігін көруге болады. [6, 341-б.]

Қорыта келгенде, цифрлық сауаттылықты қалыптастыруда білім беру ресурстарын қолданудың маңыздылығын көруге болады. Цифрлық білім беру ресурстары мұғалімге қосымша материалдар ұсынып ғана қоймай, сабақты шығармашылық бағытта жүргізуге

жағдай жасайды. Тапсырмаларды тиімді ұйымдастыруға, оқу мақсатына жетуге мүмкіндік береді. Сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерімен толықтырып, оқушылардың назарын аударуға, ақпараттарды көрнекі түрде көрсетуге бағыттайды. Цифрлық білім ресурсы мұғалімді алмастыра алмайды, дегенмен сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда оқушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, өмірлік тәжірибелермен, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруына мүмкіндік туғызады.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» — деп Жүсіпбек Аймауытов атамыз айтқанда, қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру біздің басты міндеттеріміздің бірі. Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шегінде білімді үйретумен шектелмей, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды, тапсырмаларды жасақтауымыз керек. Бастауыш білім беруде тұлға құзіреттілігін дамыту үшін цифрлық сауаттылықты арттыру, жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді.

Оқушының білімді болуы жанашыл мұғалімнің қолында.«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім - мектептің жүрегі»- деп Ыбрай атамыз айтқандай, «мектептің жүрегі» болумен қатар, еліміздің ұрпағын білім нәрімен сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімді, білікті ұстаз болу басты міндетіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ельцова О.В. Содержание и уровни развития цифровой грамотности у младших школьников //Современные проблемы науки и образования. – 2020. – №5. – с. 42;
2. Солдатова Г.У. Цифровая грамотность и безопасность в Интернете – М., 2013. – с. 311;
3. Толеубекова Р.К. Цифровая грамотность в условиях развития цифровых технологии / Р.К. Толеубекова, Б. Саржанова, А. Есен // Наука и мир. – 2014. – №8 (12). – с. 154–156.;
4. Мұхамбетжанова С.Т. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технология бойынша біліктілігін арттырудың модульдік оқу бағдарламасы. – Алматы, 2004, 64-б.;
5. Исабаева Д.Н. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану әдістемесі: пед. ғыл. канд. дис. / Ы.Алтынсарин атын. Ұлттық білім беру академиясы; ғыл. жет.: Пірәлиев С.Ж., Балықбаев Т.О..- Алматы, 2009.- 137 б.;
6. Сардарова Ж.И. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы және практикасы: педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2008 жыл. –341-б.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Саркенжеева Шынар Абилаевна

Ағылшын тілі пәні мұғалімі

№40 жалпы білім беретін орта мектеп" КММ

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, ҚР

E-mail: shinka_7@mail.ru

Аннотация; Бұл мақалада ағылшын тілі сабағында оқушылардың өз бетімен жұмысын пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру баяндалған.

Тірек сөздер: шығармашылық, ізденімпаз, деңгейлеп оқыту, технология.

Аннотация: В данной статье изложено формирование у учащихся интереса к предмету самостоятельной работы на уроках английского языка

Ключевые слова: творческий, любознательный, многоуровневое обучение, технологии.

Annotation : This article describes the formation of students' interest in the subject of independent work in English lessons

Key words: creative, inquisitive, multi-level learning, technology

Бүгінгі таңда ағылшын тілін оқыту үлкен шығармашылық ізденіс пен біліктілікті талап етеді. Оқытушы педагогикалық заңдылықтарды неғұрлым жақсы білсе, оқу технологиясының талаптары соғұрлым нақты орындалады. Оқыту технологиясының қай түрі болса да, ол игеруге тиімді, оқытушы мен білім алушының арасында қарым-қатынас орнатуға икемді болуы тиіс.

Қазіргі әрбір ізденімпаз оқытушының міндеті оқушының белсенділігін, іскерлігін дамыту. Осыған орай, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолдарының бірі өзіндік жұмыс пен өздігінен білім алу жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық және әдістемелік тәсілдерін қазіргі заман талаптарына сәйкес жетілдіру болып табылады. Мен «деңгейлеп оқыту» технологиясын ағылшын тілі пәнінде қолданамын. Мұндағы мақсатым - өз бетімен дами алатын, әртүрлі қиындықтарға төзе білетін, белсенді, білімді оқушы тәрбиелеу. Сонымен қатар, осы технология оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағыттайды.

Деңгейлеп оқыту технологиясы – оқушыларға сапалы білім беруді жетілдірудің бір жолы. Оның негізгі мақсаты: әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарап оқыту мен білім деңгейінің ерекшелігіне қарай оқуға бейімдеу. Бұл технологияның негізгі ерекшелігі: Озат оқушылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі. Әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады. Осы деңгейлеп оқыту технологиясы бойынша сабағымда мен төмендегі бағыттарда жұмыс жасаймын:

- ұжыммен жұмыс;
- топпен жұмыс;
- жеке оқушымен жұмыс;
- дарынды оқушыға көңіл бөлу.

Оқушы бір-екі адаммен немесе топпен қарым - қатынасқа түсу арқылы диалогты, монологты, сұраққа-жауап және тағы басқаларды меңгере келіп, жұптық, топтық, ұжымдық қатынастарға үйренеді. Сонымен бірге деңгейлік тапсырмалар оқушылардың әртүрлі білім дәрежесіне сай ұсынылады. Оқушылар деңгейлік тапсырмаларды орындағанда оқытушы тек бақылаушы-кеңесші. Деңгейлеп оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі:

- Топ оқушыларының барлығы деңгейлік тапсырма орындайды;

- Білім көрсеткіші нақты және сапалы болады;
- Оқушы өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алады;
- Оқушылардың оқуға ынтасы мен пәнге қызығушылығы артады;
- Оқушы белсенділігі оянады;
- Оқушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкершілігі артады;
- Оқушы мен мұғалім арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнайды.

Сабақ кезінде оқушылар өздігінен еңбектенуге, шығармашылықпен ізденуге, қорытынды жасауға машықтанады. Оқытушы тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беру керек, білімі нашарларға көмек беріп, қабілеттілермен жұмыс ұйымдастырып отыру арқылы ағылшын тілі пәніне деген оқушының қызығушылығын, белсендігін арттырады. Тақырыпты толық меңгере алмаған оқушылармен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргізіліп отыру керек.

Деңгейлеп оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік және қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – топта оқушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Бұл технология бойынша сабақта барлық оқушы тапсырманы I деңгейден бастап орындайды.

I деңгейдегі тапсырмалар жаттап алуға лайықталған, меңгерген білімін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беретін болуы тиіс және тапсырмалар өмірмен байланысты болуы керек. Менің осы деңгейде алатын әдіс-тәсілдерім: сұрақ-жауап, аудармасын жұмысы, сын жұмысы-диалог. Аудармасын жұмысында өткен тақырып бойынша сөйлемдерді қазақ тілінде оқимын, ал оқушылар сол сөйлемдерді ағылшын тілінде жазады. Сын жұмысы – диалог әдісінде сұрақтарды оқимын, оқушылар жауабын жазады.

II деңгейдегі тапсырмалар өтіп кеткен материалдарды реттеуге, жүйелеуге берілген, өзгертілген, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білім түрлендіріліп пайдаланылуы қажет. Бұл тапсырмаларға логикалық есептер, әртүрлі ребустар, сөзжұмбақтар жатады. Осы деңгейдегі тапсырманы орындауға «Көру сын жұмысы» әдісін аламын, яғни өткен тақырыпқа байланысты сөйлемдер сәл өзгертіліп оқылып, тақтаға ілінеді. Оқу, аудару, жеке және хормен қайталап, есте сақтап, сосын өшіріледі де, сөйлем дәптерге жазылады. Ең соңында сөйлем түгел тақтаға ілінеді. Оқушы өз-өзін тексереді. Көру сын жұмыс есте сақтауға жағдай жасап, орфографиялық байқағыштықты дамытады.

III деңгейдегі тапсырмаларға танымдық іздену түріндегі тапсырмалар беріледі де, оны орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерінен заңдылықтар шығарады. Бұл деңгейде әр түрлі схемалар мен семантикалық схемаларды, сызба кестелер мен Венн диаграммасын пайдалануға болады.

IV деңгейдегі тапсырмалар - шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар. Оқушылардың жинаған өмір тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсінік-терінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жанаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығаруға негізделген. Бұл деңгейге жататын тапсырмалар: олимпиадалық жұмыстар, берілген тақырыпқа өз бетінше рефераттар жасау, баяндамалар дайындау, тақырыптық тест тапсырмаларын дайындау, яғни, бұл тапсырмалар оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады.

Міне, осы деңгейге жеткен оқушыларға ситуациялық жағдайлар мен проблемалық сұрақтар беріп отырамын. Өз тәжірибемнен байқағаным: бұл деңгейде шығармашылықпен жұмыс істей алатын оқушы дараланып шығады. Мысалы, «Health problems» тақырыбын өткен кезде деңгейлік тапсырмаларды беруге болады: I деңгей – оқушылық. «Health farm» мәтінін оқып, аудару. II деңгей – алгоритмдік. Ағылшын сөздерді қазақ тіліне аудару: 1. Patient a) кеңес беру 2. Suggest b) сырқат адам 3. Surgery c) көмей 4. Swallow d) хирургия 5. Examine e) тамақ ауру 6. Sore throat f) тексеру 7. Cough g) tic ауру 8. Toothache h) жөтел III деңгей – эвристикалық. Сұрақтарға жауап беру. There are five types of food a person should eat.

What do you think are they? Do you eat them all? Do you know any Kazakh and Russian proverbs about health? Сабақ барысында дидактикалық ойындар пайдалану, ойын элементтерін енгізу оқушының ойлануына, сөйлеуге, ойын жинақтап айтуына, жеке және топпен жұмыс істеуіне көп көмегін тигізеді. IV деңгей – шығармашылық. «What should you do to keep fit?» тақырыбында кеңес беру. «Looking for the sun» тақырыбы бойынша оқушылардың білімдерін шыңдау мақсатында деңгейлік тапсырмалар берілді. What was is yesterday? It was IV деңгей – жыл мезгілдерінің суреттері бойынша оқушыларға шағын әңгіме құрату. Көбінесе оқушылар 1-2 деңгейдің тапсырмаларын толыққа жуық орындайды, ал озат оқушылар алға шығады. Сабақтың соңында барлық оқушы бағаланды, бағалауды мониторинг жүйесі бойынша сызып, үлгерімін шығарып отырамыз. Өзіндік жұмыстар оқушылардың практикалық біліктерін, дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар бұл жұмыстар негізінен оқушылардың білім, білік дағдыларының деңгейін бағалауға негізделген.

Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туындайды. Өз білімін көтеру жекеленген оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытып, шығармашылық белсенділігін арттырады. Оқушылар оқыту барысында білім алады, ал содан соң оны қолдану арқылы шығармашылыққа бет бұрады. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру үшін сабақта жаңа технология әдістерін пайдаланған тиімді. Ағылшын тілі пәнін деңгейлеп оқытудың негізгі мақсаты арнайы педагогикалық әдістер мен тәсілдерді жүйелі түрде пайдаланып оқушылардың шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылады.

Деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану нәтижесінде мынандай игі істерге қол жеткізгенімді айта кеткім келеді:

- Деңгейлеп оқытуда білім игерудің үш деңгейі де қарастырылды;
- Оқушылар сабақ үстінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізді;
- Оқушылардың жұмыстары әділ бағаланды;
- Дарынды оқушыларды анықтап, олармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігі орнады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы 2006 жыл.

2. Исаева Г., Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері. «Жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми конференцияның материалдары. Мектептегі шет тілі, 2011ж.

3. Мусаева Г.Ә. Ақпараттық технологияны оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру құралы ретінде қолдану. Мектептегі технология, 2010ж. №5 326

ӘОЖ 37.013.42

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Солтанбаева Б.Ф. 1 курс докторанты

Сейітқазы П.Б. п.ғ.д, профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ

E-mail: bibigulay@mail.ru, perizatbs@mail.ru

Аннотация. Мақалада әлеуметтік педагогтардың цифрлық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі мен өзектілігі, сондай-ақ осы салада кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтар көрсетіледі. Болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық дағдыларын дамыту үшін оқу процесінде компьютерлік

технологияларды тиімді қолдану, электрондық коммуникацияны жетілдіру және онлайн-форматта қарым-қатынас жасау қабілетін арттыру қажеттілігі баяндалады.

Сонымен қатар болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық коммуникативтік құзыреттілігін дамытудағы негізгі мәселелер мен ұсыныстар беріледі. Оқу орындарында цифрлық технологияларды енгізу, арнайы курстар ұйымдастыру және практикалық тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беру арқылы болашақ мамандардың кәсіби дайындығын арттыру қажеттілігі айтылады. Мақала әлеуметтік педагогтардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығын және оның қоғамдағы өзгерістерге жауап беру қабілетін нығайтудағы рөлін көрсетеді.

Мақала АР19679344 «ЖОО-да оқытушылар мен студенттердің желілік коммуникативтік мәдениеті мен цифрлық этикетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеу» тақырыбындағы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобасы аясында жарияланды.

Тірек сөздер: әлеуметтік педагог, цифрлық коммуникативтік құзыреттілік, компьютерлік технологиялар, педагогика, цифрландыру

Аннотация. В статье отражены необходимость и актуальность формирования цифровой коммуникативной компетентности социальных педагогов, а также трудности и противоречия, возникающие в данной сфере. Излагается необходимость эффективного использования компьютерных технологий в учебном процессе, совершенствования электронной коммуникации и повышения способности будущих социальных педагогов к общению в онлайн-формате для развития цифровых навыков.

Также представлены основные вопросы и рекомендации по развитию цифровой коммуникативной компетентности будущих социальных педагогов. Подчеркивается необходимость повышения профессиональной подготовки будущих специалистов путем внедрения цифровых технологий в учебных заведениях, организации спецкурсов и возможности приобретения практического опыта. В статье отмечается важность формирования цифровой компетентности социальных педагогов и ее роль в укреплении способности реагировать на изменения в обществе.

Ключевые слова: социальный педагог, цифровые коммуникативные компетенции, компьютерные технологии, педагогика, цифровизация

Annotation. The article reflects the necessity and relevance of the formation of digital communicative competence of social educators, as well as difficulties and contradictions arising in this area. The article outlines the need for effective use of computer technologies in the educational process, improving electronic communication and increasing the ability of future social educators to communicate in an online format for the development of digital skills.

The main issues and recommendations for the development of digital communicative competence of future social educators are also presented. The need to improve the professional training of future specialists through the introduction of digital technologies in educational institutions, the organization of special courses and the possibility of acquiring practical experience is emphasized. The article notes the importance of the formation of digital competence of social educators and its role in strengthening the ability to respond to changes in society.

Key words: social pedagogue, digital communication competencies, computer technology, pedagogy, digitalization

Жаһандану, халықаралық білім беру интеграциясы және қоғамның ақпараттық-коммуникативтік трансформациясы сынды үдерістер әлемдегі білім беру процесіне де айтарлықтай ықпал етуде, соның ішінде біздің еліміз де шет қалып отырған жоқ. Қазіргі уақытта жоғары білім беру ұйымдарының түлектеріне қоғам тарапынан қойылатын жаңа нормалардың, парадигмалардың, бағдарлар мен құндылықтардың пайда болғанын және олардың жаһандану үстіндегі еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігіне сұраныстың артқанын көруге болады.

Жоғары білім беру жүйесінде оқытудың аралас форматын қамтитын әртүрлі веб-сервистер, оқыту платформалары, әртүрлі бағдарламалар және интернет арқылы білім беру процесін жүзеге асыратын цифрлық трансформация болды. Мұндай жағдай әлеуметтік-педагогикалық өзара іс-қимылдағы ынтымақтастық, білім алушылар мен оқытушылар арасындағы өзара түсіністік мәселелерін өзектендірді, сондай-ақ қазіргі білім беру кеңістігіндегі коммуникативтік процесті жетілдіруді талап етті.

Мамандардың пікірінше, халықты сапалы және тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау қажет және ол аса өзекті. Осыған байланысты әлеуметтік педагогтар осындай арнайы функцияларды орындауға дайын болуы қажет. Жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагогтарды даярлау сапасын арттыру мәселесі ерекше өткір. Осы саладағы маманның қызметі кәсіби қарым-қатынасқа негізделгендіктен, әлеуметтік педагогтардың практикалық іс-әрекеттерінің нәтижесі олардың коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу дәрежесіне, оның ішінде цифрлық коммуникативтік құзыреттілігіне, сондай-ақ маманның тұлғааралық қарым-қатынастағы жетістіктеріне тікелей байланысты.

Осы тұста ХХІ ғасырдың басындағы кәсіби педагогика саласындағы көптеген зерттеулерге және қоғамның құзыретті мамандарға деген қажеттілігіне қарамастан, болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру процесі жеткілікті зерттелмегенін атап өткен жөн.

Мұны көбінесе әртүрлі деңгейлерде көрініс табатын келесі қарама-қайшылықтардан байқауға болады:

- ✓ *әлеуметтік-педагогикалық деңгейде:* қоғамның жоғары білікті әлеуметтік педагогтарды даярлауға сұранысы мен болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін бағалаудың теориялық-әдістемелік базасының, рәсімдерінің, критерилері мен құралдарының болмауы;
- ✓ *ғылыми-әдістемелік деңгейде:* болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін шешу қажеттілігі мен білім беру технологиялары арқылы жоғары білім беру жүйесінде осы процестің теориялық және практикалық дамуының жеткіліксіздігі.

Білім берудің цифрлық трансформациясы оқу процесіне компьютерлік технологияларды енгізуді көздейді. Ол тиісті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеумен, материалдық-техникалық базаны дамытумен, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді қолданумен сүйемелденуі тиіс. Демек, болашақ әлеуметтік педагогтарды дайындау барысында оқу үдерісінде бейіндік пәндерді игеру кезінде олардың цифрлық коммуникативтік құзыреттілігіне бағытталған жұмыстарды күшейту қажет. Ал білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту:

- компьютерлік технологиялар арқылы ауызша қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға;
- электрондық коммуникацияны құруда вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге;
- қашықтан қарым-қатынас жасаудағы қиындықтарды жеңуге;
- онлайн-форматта қарым-қатынастың түрлі тәсілдерін қолдану қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Біз қазіргі таңда цифрландырудың жаңа кезеңіндеміз. Яғни қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрландыру электронды түрдегі (қағаз емес) ақпарат массивтерін құруды, өңдеуді және тасымалдауды білдіреді. Демек, цифрландыру ұғымының өзі де эволюциялық өзгерісті бастан кешіруде. Енді «цифрландыруды» қағаздан цифрлық жүйеге ауысу ғана емес, цифрлық коммуникация мен цифрлық БАҚ негізінде әлеуметтік қарым-қатынастардың өзгеруі, ақпараттық (цифрлық) технологияларды пайдалана отырып, өндіріс пен қызмет көрсету технологияларының жаңаруы деп түсінуге болады [1].

Әлеуметтік педагогтардың жалпы құзыреттілігі әлеуметтік интеллект, тұлғааралық қатынастар жүйесі, арнайы кәсіби білім, тұлғаның даму әлеуеті сияқты элементтерді қамтитын «интегралды ресурс» болса, ендігі жерде цифрлық құзыреттілігін нақты және виртуалды өзара әрекеттесу режимінде қолданылатын коммуникативті дағдылар мен қалыптасқан барабар дағдылар, мәдени нормалар мен шектеулерді білу және оны цифрлық мүмкіндіктер арқылы жүзеге асыру деп түсінген жөн. Сонда болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық құзыреттілігін жетілдіру мәселесі ЖОО-да олардың коммуникативтік құзыреттілік деңгейін қалыптастырудан басталады және сондай-ақ компьютерлік сауаттылықтың жоғары деңгейі коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың жеке траекториясын іске асырудың қажетті шарты болып табылады. Басқаша айтқанда, қазіргі кездегі болашақ әлеуметтік педагог жаңа компьютерлік технологиялар мен бұлтты қызметтерді тиімді және шұғыл игеруге дайын болуы керек. Осы аталған тенденцияларды талдай отырып, цифрландыру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың негізгі мәселелерін келесідей тұжырымдауға болады:

- компьютерлік сауаттылыққа қойылатын талаптарды қайта қарау және қазіргі әлеуметтік педагогтың коммуникативтік құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды игеруге дайын болу қажеттілігі;
- болашақ әлеуметтік педагогтың коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың құрамы мен әдістері туралы теориялық білімді практикалық дағдыларға айналдыру барысындағы қиындықтары;
- цифрлық мүмкіндіктер мен оларды өз тәжірибесінде қолдану барысы туралы ақпараттың жеткілікті болмауы.

Әлеуметтік педагогтың құзыреттілігі – үнемі өзгеріп отыратын қоғамның қазіргі заманғы сын-қатерлеріне жауап бере алу қабілеті. Осыған байланысты кәсіби білім беру жүйесіндегі ең өзекті мәселе болашақ әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігі ретінде оның цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру процесі болып табылады. Цифрлық құзыреттілік – бұқаралық ақпарат құралдарын түсіну, цифрлық құралдар мен қосымшаларды қолдана отырып, басқалармен қарым-қатынас жасау қабілеті. Болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық құзыреттілігін жетілдірудегі басты мәселелердің бірі – олардың педагогикалық шеберлігі мен құзыреттілігіне қатысты жаңа өлшемдердің пайда болуы. J. From «педагогикалық цифрлық құзыреттілік» ұғымын «жоспарлау және жүргізу, басқару үшін қажетті ұстанымдар, білім және дағдыларды дәйекті түрде қолдану, сонымен қатар, ақпарат және қарым-қатынас құралдарына, теорияға, ағымдағы зерттеулер мен дәлелденген тәжірибеге негізделген оқытуды үнемі бағалау және білім алушылардың оқуын барынша жақсы қолдауға бағытталған түсінік» деп анықтайды. Педагогикалық цифрлық құзыреттілік тәжірибелік білім мен тұжырымдамалық білімнен тұрады және сөзсіз әрбір тұлға дамыта алатын іс деп санайды. Педагогикалық цифрлық құзыреттілік әрқашан білім алушы немесе қатысушының оқуын жақсартуға бағытталады. Ол әрқашан бағалану, құжаттармен рәсімделу және қолданылып отырған теорияға қарамастан оны дамыту қажеттілігін және дамыған педагогикалық цифрлық құзыреттілік әрқашан білім алушыларға көрсетілген көмек нәтижесінде, күрделі кәсіби мазмұнда, нақты іс-әрекетте көрінетіндігін негіздейді [2].

Болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық құзыреттілігін жетілдірудегі келесі маңызды мәселелердің бірі – болашақ педагогтың цифрлық оқыту кеңістігін пайдалану, цифрлық мазмұн құру, цифрлық білім беру ортасында білім беру субъектілерінің өзара әрекеттесуін ұйымдастыру, электрондық ресурстарды, құрылғыларды тиімді қолдану мен басқару қажеттілігі. Демек, цифрлық құзыреттілік – білім, білік, дағды мен тұлғалық сапалардың жиынтығын белгілі бір міндеттерді орындауда, тәжірибеде цифрлық мүмкіндіктер арқылы қолдана алуы.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық құзыреттіліктерін дамыту ақпаратты іздеу және түсіндіру, цифрлық коммуникациялар мен өзара әрекеттесу үшін ақпараттық және желілік сауаттылықты қамтамасыз етуді, әртүрлі форматтағы цифрлық контентті құруды, тәуекелдерді басқару және қауіпсіз цифрлық технологиялар мен сәйкестендіру арқылы жауапты пайдалануды, туындайтын мәселелерді шешуді қамтиды.

Педагогтың цифрлық дағдылары «технологияны қауіпсіз пайдалану» концепциясы аясында кәсіби қызметте дербес компьютерлерді, мобильді құрылғыларды, қолжетімді бағдарламалық қамтамасыз етуді және желілік өзара әрекеттесуді сенімді пайдаланумен байланысты. Әлеуметтік педагог болашақта балаларға, жасөспірімдерге және ересектерге қоғамда өз орнын табуға, әлеуетін ашуға, таланттарын іске асыруға, қиын кезеңдерді еңсеруге, жанжалдарды шешуге көмектесетін маман болғандықтан, қазіргі заман талабына сай оның цифрлық мүмкіндіктерді жетік меңгеруі және оны үнемі жетілдіріп отыруы – уақыт талабы. Сонымен қатар оның цифрлық құзыреттіліктері өзі әрекеттесетін басқа субъектілерге қарағанда жоғары болуы тиіс.

Цифрлық құзыреттілік әлеуметтік педагог пен онымен қарым-қатынас жасайтын тұлғалардың ақпаратты сақтай алуы, ақпаратпен алмаса алуы, цифрлық ортада ақпараттық-коммуникациялық технологияны қауіпсіз таңдау, цифрлық контентпен тиімді жұмыс жасауы және т.б. сапалы іс-әрекеттерімен ерекшеленеді. Осы тұста болашақ педагогтардың цифрлық коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіру барысында оларға әуелі цифрлық құзыреттіліктің мәнін түсіндіру қажет. Цифрлық құзыреттіліктің мәні іс-әрекет мазмұнынан, білім мен дағдыларды жүйелеуден, белгісіздік жағдайында шешім қабылдаудан, жауапкершіліктен тұрады. R.A. Krumsvik анықтауынша, цифрлық құзыреттілік – педагогтардың цифрлық ортада білім алушылардың білім алудың маңызын сезінумен бірге алған жаңа білімді тәжірибеде тиімді пайдалана алатындай цифрлық технологияларды, цифрлық оқыту стратегияларын меңгеруі [3, 39].

Әлеуметтік педагогтар үшін бұл құзыреттілік әсіресе өзекті, себебі олар күнделікті жұмыста жастармен және олардың отбасыларымен, түрлі әлеуметтік топтармен цифрлық байланыста болады. Болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруде кездесетін кейбір мәселелерге жоғарыда аталғандармен қауар біз мыналарды жатқызамыз:

- **Технологиялық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі.** Оқу орындарында интернеттің жылдамдығы, компьютерлердің және басқа құрылғылардың сапасы төмен болуы мүмкін. Бұл білім алушылардың цифрлық білім алуы мен дамуына кедергі келтіреді.
- **Білім беру бағдарламаларының толық жетілмеуі.** Кейбір жоғары оқу орындарында цифрлық коммуникативтік құзыреттілік бойынша арнайы курстар немесе пәндер жоқ. Болашақ әлеуметтік педагогтарға бұл саланы терең түсіну үшін арнайы оқу құралдары мен тәжірибелік сабақтар қажет.
- **Мазмұн сапасы мен сенімділік мәселелері.** Цифрлық ақпарат ағынының кеңдігі, жалған ақпараттың көбеюі білім алушылардың шынайы әрі сенімді ақпаратты ажырата алуына байланысты қиындық туғызады. Әлеуметтік педагогтар үшін бұл ерекше маңызды, себебі олардың жұмысы тікелей жастар мен қоғамға әсер етеді.
- **Практикалық тәжірибенің жетіспеушілігі.** Білім алушыларға теориялық білім берумен шектеліп қана қоймай, оларды практикалық тәжірибе жинақтауына жағдай жасау қажет. Әлеуметтік желілерді, арнайы платформаларды және коммуникацияның басқа да цифрлық құралдарын қалай тиімді пайдалану керектігін нақты мысалдар арқылы көрсету керек.

Осы тұста болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық коммуникативтік құзыреттілігінің аталған мәселелері бойынша келесідей шешімдерді ұсынуға болады.

- оқу орындарында цифрлық технологиялар мен коммуникациялық құралдар бойынша арнайы курстарды енгізу;

- білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған шынайы тренингтер, семинарлар және мастер-класстар ұйымдастыру;
- білім алушыларды шынайы цифрлық ортада тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беру, мысалы, практикалық жаттығулар немесе жобалық жұмыстар арқылы [4, 172].

Болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық коммуникативтік құзыреттілігін дамыту – оларды жаңа заман талабына сай кәсіби деңгейде дайындаудың маңызды бөлігі. Мұндай құзыреттілік олардың кәсіби ортада сәтті бейімделуіне және өз міндеттерін тиімді атқаруына мүмкіндік береді.

Болашақ әлеуметтік педагогтар жоғарғы оқу орны қабырғаларында білім алу барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді жүзеге асыруларына мүмкіндік беретін арнайы компьютерлік бағдарламалармен таныстырылып қана қоймай, сонымен қатар, олармен жұмысты жоғары дәрежеде атқарулары тәжірибе барысында пысықталып, жетілуі, технологиялық мәдениеті қалыптасып, электрондық – цифрлық әрекеттесуді игеруі керек. Болашақ әлеуметтік педагогтарды цифрлық технологияларды қолдануға үйрету, олардың кәсіби дайындығын ғана арттырып қоймай, сонымен қатар, интеллектуалдық және зерттеушілік әлеуетінің дамуына, ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді [5].

Әлеуметтік педагогтың міндеті тек адамды тәрбиелеп, оған білім беру емес, сонымен қатар әрбір жағдайды жеке қарастырып, тұлғаның қоғамға бейімделуіне қолдау көрсету болып табылады. Білім беру қызметінің құрылымы тұрақты өзгерістерге ұшырап отыратыны сынды, әлеуметтік педагог жұмысының өлшемдері мен оның тиімділігін бағалау тәсілдері де үнемі өзгеріп отырады, бұл өз кезегінде әлеуметтік педагогтың кәсіби дағдыларын жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Болашақ әлеуметтік педагогтың жауапкершілігінің артуы және қоғамдағы өзгерістердің оның жұмыс ортасына ықпалы әлеуметтік педагогтың зерттеушілік қабілеттерін де дамыту қажеттілігін айқындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Штеймарк О.В. Повышение качества знаний студентов педагогического вуза средствами цифровых образовательных ресурсов: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 – «Общая педагогика, история педагогики и образования» / О.В. Штеймарк. – М., 2011. – 23 с.
2. From J. Pedagogical digital competence – between values, knowledge, and skills//– Higher Education Studies. – 2017. – Vol. 7. Issue 2. p.43-50.
3. Krumsvik R.A. Digital competence in Norwegian teacher education and schools // Högre Utbildning. – 2011. – № 1 (1). – P.39-51.
4. Кузнецова Е.В. О коммуникативной компетентности социального педагога / Е.В. Кузнецова // Подготовка специалиста в области образования: сб. науч. ст. / отв. редактор С. Г. Григорьева. – Чебоксары: Чуваш, гос. пед. ун-т им. И. Я. Яковлева, 2006. – С.173-175
5. Төлеубекова Р.К., Маусумбаев Р.С. Болашақ әлеуметтік педагогтың зерттеушілік әлеуетін дамытудағы цифрлық технология // Prospects for the Development of Modern Science. Materials of the VI International Scientific-Practical Conference March 10-12, 2021. – 218-225 бб.

ӘОЖ 378.140
БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОЙЫН ДАМУДА
СЫНИ КӨЗҚАРАСТЫ ДАМУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ
АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Ерназарова Гүлбаршын Шаршыбекқызы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты
Байменова Асель Сейтбаевна, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Педагогика және дәстүрлі өнер институты, Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі БББ-нің магистранты
E-mail aselvip.84@mail.ru

Аннотация: мақалада бастауыш сынып оқушыларының ой-өрісін дамытуда оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың артықшылығы егжей-тегжейлі талданады. «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұппен талдау», «Болжау», «Дүниежүзін аралау» INSERT, «Бес жолдан құралған өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» әдістері түсіндіріледі.

Тірек сөздер: . «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұппен талдау», «Болжау», «Дүниежүзін аралау» INSERT, «Бес жолдан құралған өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі»

Аннотация: в статье подробно анализируются преимущества использования технологии критического мышления через чтение и письмо в развитии мышления младших школьников. Объясняются методы «группировка», «постукивание», «созерцание», «парный анализ», «прогноз», «кругосветное путешествие», «стихотворение из пяти строк», «диаграмма Венна», «свободное письмо», «семантическая карта», «таблица Т».

Ключевые слова: «Группировка», «постукивание», «размышление», «парный анализ», «прогноз», «кругосветное путешествие», «INSERT», «стихотворение из пяти строк», «диаграмма Венна», «свободное письмо», «семантическая карта», «таблица Т».

Annotation :the article analyzes in detail the advantages of using the technology of critical thinking through reading and writing in the development of the thinking of Primary School students. The methods "grouping", "touch", "thinking", "pair analysis", "prediction", "round-the-world "INSERT," five-line poem", "Venn diagram", "free writing", "semantic map", "table t" are explained.

Key words: "Grouping", "touch", "thinking", "pair analysis", "prediction", "travel around the world "INSERT," five-line poem", "Venn diagram", "free writing", "semantic map", "table t"

Сыни көзқарасты дамытудың жобасы – дүниежүзінің әр жерінен жиналған педагогтардың ұйымдасқан еңбегі. Практиканы жүзеге асырған Джинни Л. Стил, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмпл. Еңбектің негізі Ж.Пиаже, Л.С. Выготский теорияларының негізінде жасалған. Алдыға қойған негізгі мақсаты – кез келген жас мөлшеріндегі білім алушыларға кез келген мазмұнға сыни көзқараспен қарап, екі шешім бір ойдың біреуін таңдап алуға шешім қабылдауға үйрету. Елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қорының көмегімен келген осы бір технология қазақшы және орысша оқытылатын білім беру мекемелерінде сынақтан өткізілді.

«Сыни көзқарас» термині белгілі бір ойды қабылдай отырып, оның негізі туралы зерделеу, оларды жеңіл семантикалық пікірлерге қарсы қою, салыстыру, сол ойларға қарсы пікірлермен тең дәрежеде ұстай отырып зерделеу, оларға сенім арту деп түсіндірген болатын.

Атақты профессор Дайана Халперн «Сыни көзқарас – алдыға қойған мақсатқа жетуде танымдық технологияларды қолдану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттап ойлану [1, 53 б.].

Сыни көзқарас – белгілі бір проблема жөнінде барлық ойды біріктіріп оларды қайтадан ой елегінен өткізу және шешімге келумен бітетін күрделі психологиялық процесс»

екендігін атап көрсеткен. Сыни көзқарас – адам өмірінің бір саласы. Өйткені, аталмыш философия көпшілікке бірқатар жолдың арасынан ұтымды әрі пайдалырақ екендігін, тек керекті мәліметтерді ғана игеріп, жаңа білімді алдыңғысынан ажырата білуге жәрдемдеседі. Сыни көзқарасты дамыту техникасының халықтық білім беруден негізгі ерекшелігі – білімнің дайын күйде келмеуі.

Сыни көзқарас – жазу мен оқуды жетілдіру бағдарламасы. Білім алушыны педагогпен, қатарластарымен емін-еркін ой бөлісуге, пікір алмасуға, бір-бірінің пікірін тыңдай білуге, құрмет көрсетуге, маңызды мәселелерді шешудің жолдарын іздеп, қиындықтарды жеңе білуге үйрететін жоба.

Техниканың негізгі мақсаты – дамыту арқылы «Сыни көзқарас қалыптастыру негізінде жазу мен оқуды дамыту» жобасын жүзеге асыру, білім алушыларға тереңдей білім беру. Аталмыш жоба Қазақстан қоры жанынан 1998 жылдың қазан айынан айнап іске асырылуда. Жаңаша технология ретінде алдыңғы қатарлы тәсілдерді дәл уақытында меңгеру, ізденіс арқылы оқушының бойына сіңіру, одан жемісті нәтиже ала білу – әрбір мұғалімнің негізгі міндеті RWST жобасы – ағылшын тілінен аударғанда «Сыни көзқарас қалыптастыру үшін жазу мен оқу» деген маңына береді. Осы жоба білім берудің 60 түрлі стратегияларынан құралады [2, 27 б.].

«Жазу мен оқу арқылы сыни көзқарасты қалыптастыру» жобасы бойынша ол:

– дамыған ойлау. Кез келген даму дәрежесіне қатысты проблемаларға сыни көзқараспен қарау;

– аса күрделі мәселелердің шешімін табуда, маңыздылығы жоғары, ұтымды шешімдер шығаруға деген құштарлық;

– үйрет мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан құралатын, білім алушының сеніміне бағытталған құрылым [3, 285 б.].

Сыни көзқарас қалыптастыруға үйретуде төменде көрсетілген шаралар жүзеге асырылуы қажет:

1) сыни көзқарас қалыптастыру үшін уақыт қажет;

2) білім алушыларға ойлануға, өз ойын еркін айта білуге рұқсат беру;

3) әртүрлі пікірлер мен ойды қалыптастыру;

4) үйрену кезіндегі білім алушылардың белсендігіне қолдау көрсету;

5) кейбір білім алушылардың ыңғайсыз жағдайда қалуын мазақтамау;

6) білім алушылардың бір-бірінің шешіміне айтылған сынның дәлелді болуын талап ету;

7) Сыни көзқарасты бағалай білу. Осы жобаның ішкі құрылымының өзіндік ерекшелігі бар. Осы құрылым үш деңгейден құралатын үйрету мен оқытудың моделі. Алған білімінің болашақта іске асуы, қажетке жарауын қамтамасыз етеді. Ауқымды мағұлматты талдап, жинақтап, ішінен тек қана керектіні алуға үйретеді [4, 86 б.].

Енді осы кезеңдердің атқаратын қызметтеріне толтала кетсек.

1. Білім алушылардың қызығушылық қабілетін дамыту. Үйрету үрдісі – алдыңғы игерілген және жаңадан берілетін білімді тың мәліметтермен толықтырып, кеңейтеді. Сол себепті, сабақ қарастырғалы тұрған проблема туралы білім алушыда қандай ақпарат бар, не айтатындығын анықтаудан басталады. Соның арқасында ой қозғау, ояту, ми қыртысын тітіркендіру арқылы әсер ету іске асады. Осы кезеңге тән «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұппен талдау», «Болжау», «Дүниежүзін аралау» т.б. деп аталатын тәсілдер топтасқан. Білім алушының қызығушылық қабілетін ояту кезеңінің келесі бір мақсаты – білім алушының белсенділік қабілетін дамыту [5, 53 б.].

Себебі, үйрету – еріншектікке қарағанда белсенділікті қажет ететін іс-әрекет екендігіне талас жоқ. Білім алушы өзінің алған білімін есіне түсіреді, қағаз бетін түсіреді, парталасымен бөліседі, топ ішінде талқылайды. Яғни, пікір алмасу, бөлісу, ортаға салумен оның ойы ашылады, тазарады. Білім алушы осы кезеңде жаңадан алатын білімі жөнінде мәлімет алып, оны алдыңғы алған білімімен байланыстырады. Үйрену мен ойлануға бағытталған екінші кезеңнің бағдарламасы.

Мағынаны тану. Осы кезеңде білім алушы тың мәліметпен танысып, тоқырып бойынша жұмыс жасайды, тапсырмаларды орындайтын болады. Оның өз бетінше тапсырма орындап, белсенді болуына жағдай жасайды. Білім алушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына жәрдемдесетін білім беру бағыттар бар. Солардың бірі әрі бірегейі INSERT. Бұл стратегияға сәйкес білім алушыға оқу, тақырыппен танысқан сәтте V – «білемін», - «маған түсінікті емес», + - «маған тың мәлімет болды», ? – «мен таң қалдым» белгілерін қою арқылы кері байланыс алынады.

INSERT – оқыған мәлімет түсінуге, өзінің ойына басшылық жасай білуге, өзінің ойын ашық айтуға тәрбиелейтін тиімді әдіс. Бұл әңгіменің ақырына дейін тезірек жету, оқығанын есінде сақтай білу, мәнін толықтай түсіну – маңызды мәселе. Сол себепті, білім алушылардың ішінде білім алуға ат-үсті қарағанның кесірінен түсінбеу, өмірмен байланыстыра алмау жиі кездесіп жатады. Анықтаманы талдауда жоғарыда көрсетілгендей ұйымдастыру – көрсетілген кемшіліктерге бой алдырмаудың негізгі кепілі болып саналады. Білім берушілер өздерінің білімін айқындай, білмейтін жерлерін белгілеп басқалардан сұрауға дайындалады. Осы ісінің арқасында жаңа мәліметті түсінуде алдыңғы алынған білімі арасында көпір қалыптастыруға, яғни байланыс жасауға үйретеді [6, 97 б.].

Тақырып жөнінде ой-толғаныс – жобаның келесі этапы. Күнделікті білім беру үрдісінде білім алушылардың ойлау қабілетін ұйымдастыру, өзіне, өзге сыни көзқараспен қарап, бағалауға үйрететін болады. Білім алушылар өзінің ойын, өздеріне білінген мәліметтерді өз ойымен жеткізе алады. Осы саты бойынша білім алушылар бір-бірімен ой алмасудан ерекше әсер алады, ой алмасу, өзінің үйрену кестесін құрудың арқасында өзгелердің де кестесімен таныс болады. Бұл үйрену сатысы – мәліметті тағы бір ой елегінен өткізіп, жаңаша өзгерістер жасайтын кезең болып саналады.

Шығармашылық жұмыстың барлық түрлерімен ой түйістірк алдағы уақытта іске асырылатын мақсатты құрылымға жол ашады. Аталмыш кезеңнің тиімділігін арттыруда іріктеліп алынған «Бес жолдан құралған өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» секілді жобалар әрбір пәннің өзіндік ерекшелігіне, ауырлығына байланысты пайдаланылады.

«Жазу мен оқу арқылы сыни көзқарас қалыптастыру» әдісінде жазудың алатын орны айрықша. Білім алушыларды жазауға қызықтыра білудің оңтайлы жолы қойын дәптер арнау болып саналады [7, 17 б.].

attention and perception. Through digital games, quizzes, and visually appealing educational content, students can remain more focused, motivated, and engaged in their studies. According to Prensky (2001), children born into the digital age, referred to as “Digital Natives,” have an innate ability to process and engage with information in digital formats, allowing them to absorb knowledge quickly. Digital learning programs further aid in the development of memory skills. Tools such as e-books and interactive tasks offer repeated exposure to content, which supports both short-term and long-term memory formation. As shown by Turville (2016), using digital platforms to revisit and review material can enhance retention, allowing students to recall information more effectively. Finally, digitalization can foster problem-solving and logical thinking skills. Many digital applications incorporate puzzles and complex tasks that encourage children to develop critical thinking, analyze patterns, and formulate solutions, all of which are valuable for cognitive development. Piaget’s focus on problem-solving as a vital skill aligns well with the types of digital learning tools that encourage students to exercise and expand their reasoning abilities.

However, while digitalization brings notable benefits, it also poses potential risks to cognitive development if not managed carefully. One of the most significant concerns is the impact on attention stability. Constant use of digital devices and exposure to rapidly changing digital content can reduce students’ capacity for sustained attention. Rubinstein (1946) emphasized attention stability as a fundamental aspect of intellectual growth, warning that fragmented focus can inhibit a child’s ability to process information deeply. Additionally, the overuse of digital devices may limit the development of social skills. According to Erikson’s framework, children need opportunities for social interaction to develop interpersonal skills, build empathy, and understand social cues. Excessive screen time may interfere with face-to-face interactions, reducing students’ chances to participate in collaborative activities, which are essential for healthy social and emotional development. Another critical concern is the effect of digitalization on long-term memory retention. While digital tools enable quick information retrieval, they may also discourage deeper processing and long-term retention of knowledge. To retain information over time, children must independently process, review, and apply material, which can be compromised by a heavy reliance on digital aids. This may lead to a weaker memory capacity, as suggested by studies indicating that information learned solely through digital means may be less likely to be retained compared to material learned through active, hands-on engagement.

To address these potential issues and optimize cognitive development, both psychological and pedagogical support are essential. Teachers play a vital role in helping students navigate the digital learning landscape, encouraging responsible use of technology while also focusing on foundational cognitive skills. Psychological support involves monitoring students’ emotional and mental states, particularly with regard to their interaction with digital tools. As Krutetsky (1968) pointed out, active participation and interest in learning positively influence cognitive abilities. Teachers can use psychological strategies to foster a healthy balance, incorporating short breaks and encouraging interactive, non-digital activities alongside digital tasks. Pedagogical support, on the other hand, focuses on tailoring teaching methods to meet the unique cognitive needs of primary school students in a digitalized environment. Klarin (2000) argued that digital tools should serve as supplementary aids rather than primary learning resources. By using technology selectively, teachers can ensure that digital tools enhance rather than replace traditional learning methods. Teachers are encouraged to integrate digital resources purposefully, focusing on moments when these tools can provide unique value, such as visualizing complex concepts or offering individualized learning paths for students who may benefit from personalized instruction.

In conclusion, while digitalization has the potential to enrich cognitive development in primary school students, it requires careful management to avoid possible drawbacks. Digital tools have been shown to promote engagement, enhance memory, and foster problem-solving skills, all of which contribute to intellectual growth. At the same time, an over-reliance on digital devices can lead to attention issues, hinder social skill development, and impair long-term memory retention. The key to balancing these effects lies in implementing psychological and pedagogical support, enabling students to benefit from digital tools while minimizing potential risks. Educators, parents,

and policymakers must collaborate to create digital learning environments that respect the cognitive development stages of young learners, providing structure and support to ensure that digitalization remains a positive force in education.

References:

1. Vygotsky, L. S. (1934). *Thought and Language*. Cambridge, MA: MIT Press.
2. Piaget, J. (1952). *The Origins of Intelligence in Children*. New York: International Universities Press.
3. Erikson, E. H. (1963). *Childhood and Society*. New York: W. W. Norton & Company.
4. Prensky, M. (2001). Digital Natives, Digital Immigrants. *On the Horizon*, 9(5), 1–6.
5. Krutetsky, V. A. (1968). *The Psychology of Mathematical Abilities in Schoolchildren*. Chicago: University of Chicago Press.
6. Rubinstein, S. L. (1946). *Foundations of General Psychology*. Moscow: State Publishing House.
7. Klarin, M. V. (2000). *Innovative Approaches in Pedagogy*. Moscow: Pedagogy Press.
8. Turville, J. (2016). *Memory and Learning: The Power of Digital Tools in Education*. London: Routledge.

ӘОЖ 373.3 : 37.016 : 82 : 37.035.6

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қойшыбаев Махамбетжан Нахыпбекович филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Раушанбек Арайлым ПМНО-24-1м тобының магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: mahat75.62@mail.ru

E-mail: arajlymrausanbek@gmail.com

Аннотация Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына көркем шығарманы оқыту арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіру, олардың рухани дамуына ықпал ету жолдары қарастырылады. Ұлттық құндылықтар жеке тұлғаның қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Сондықтан, мектеп бағдарламасына кіріктірілген ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті бейнелейтін әдеби шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың рухани дүниесін байыту маңызды. Мақалада ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру әдістері мен тиімді педагогикалық тәсілдер ұсынылған.

Тірек сөздер: ұлттық құндылықтар, көркем шығарма, бастауыш сынып, рухани тәрбие, патриотизм, мәдениет, қазақ әдебиеті, оқыту әдістері, дәстүрлі тәрбие, тұлғалық даму.

Аннотация В статье рассматриваются способы формирования национальных ценностей у учеников начальных классов через изучение художественных произведений и их влияние на духовное развитие детей. Национальные ценности играют важную роль в формировании личности. Поэтому важно обогащать духовный мир учащихся через литературные произведения, включенные в школьную программу и отражающие национальные традиции и культуру. В статье предложены методы и эффективные педагогические подходы для формирования ценностных ориентиров.

Ключевые: национальные ценности, художественное произведение, начальные классы, духовное воспитание, патриотизм, культура, казахская литература, методы обучения, традиционное воспитание, личностное развитие.

Annotation This article explores ways to instill national values in primary school students through the study of literary works, contributing to their spiritual development. National values play a

significant role in personality formation. Thus, enriching students' spiritual world through literature that reflects national traditions and culture is essential. The article presents methods and effective pedagogical approaches for shaping value-based orientations.

Key words: national values, literary work, primary school, spiritual education, patriotism, culture, Kazakh literature, teaching methods, traditional education, personal development.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен жас ұрпақ бойына сіңіру мәселесі өзекті болып тұр. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларында ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру арқылы оларға халқымыздың рухани байлығын таныстыру міндеті тұр. Бастауыш сынып кезеңі – оқушылардың тұлғалық қасиеттері қалыптасатын ең маңызды кезеңдердің бірі. Осы кезеңде балаға қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен дәстүрін насихаттау арқылы, олардың санасына ұлттық құндылықтарды енгізу мүмкіндігі зор.

Ұлттық құндылықтардың көркем шығарма арқылы қалыптасуы

Көркем әдебиет – ұлттық құндылықтарды жеткізуші негізгі құралдардың бірі. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын арттырып, олардың ой-өрісін кеңейту үшін көркем шығармаларды жүйелі түрде оқыту қажет. Әдеби шығармаларда көрініс табатын ұлттық құндылықтар оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға және оларды жан-жақты дамытуға ықпал етеді.

Көркем шығарма арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызы

1. Тарих пен мәдениетке құрмет – оқушылар көркем шығармалар арқылы өз халқының тарихы мен мәдениеті туралы мағлұмат алады, ата-бабаларының өмір салтына, дәстүрлеріне құрметпен қарауға үйренеді.
2. Тұлғалық қасиеттерді дамыту – ұлттық құндылықтарды дәріптейтін шығармалар оқушылардың еркіндігі, отаншылдық, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді асыл қасиеттерді қалыптастырады.
3. Ой-өрісін кеңейту – шығармадағы оқиғалар мен кейіпкерлер арқылы балалардың қиялы дамып, өмірлік сабақ алады.[1]

Ұлттық құндылықтар мазмұны – ұлттық құндылықтарды түсіндіру үшін дәстүр, мәдениет, тарих пен халықтың рухани мұрасына ерекше назар аудару қажет. Бастауыш сынып оқушыларына арнап, елінің тарихы, тілі мен салт-дәстүрлерін таныстыратын шығармалар оқыту ұлттық сананы қалыптастырады.

Қазақ әдебиеті шығармалары арқылы тәрбиелеу – қазақ ертегілері, батырлар жыры, аңыздар мен дастандар бастауыш сынып оқушыларының патриоттық сезімдерін қалыптастырып, олардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр» сияқты дастандар оқушылардың рухын көтеріп, отансүйгіштік сезімдерін дамытады.[2]

Ұлттық құндылық бағдарын қалыптастырудың тиімді әдістері

Интерактивті әдістер – сабақ барысында рөлдік ойындар, дискуссиялар және шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру арқылы оқушылардың белсенді қатысуына мүмкіндік жасау.

Әдеби шығармаларды талдау – қазақ халық ертегілері, батырлар жыры, аңыз-әңгімелер арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарға қызығушылығын ояту.

Дәстүрлі және заманауи технологияларды біріктіру – мультимедиялық құралдарды қолдану арқылы оқушылардың назарын аударып, көркем шығармадағы ұлттық мазмұнды тереңірек меңгерту.

Талдау және интерпретация – әдеби шығармаларды талдау кезінде, оқушылар оқиға мен кейіпкерлердің әрекеттері арқылы ұлттық құндылықтарды түсінеді. Оқушыларға сұрақтар қойып, олардың ойларын тыңдау, пікір алмасу арқылы шығарма мазмұнын тереңірек меңгертуге болады.

Салыстырмалы талдау әдісі – қазақ халық ертегілерін басқа халық ертегілерімен салыстыру арқылы оқушылардың мәдениетаралық танымын кеңейтуге болады. Салыстыру

әдісі оқушыларға ұлттық құндылықтарды өзге халықтар құндылықтарымен салыстыру арқылы өз елінің мәдениеті мен дәстүрін бағалауға үйретеді.

Рөлдік ойындар мен қойылымдар – сабақ барысында кейіпкерлерді рөлде орындау, диалогтарды сахналау сияқты әдістер оқушылардың шығармаларға деген қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды тереңірек меңгеруіне ықпал етеді.

Әдеби шығарманы заманауи технологиялармен біріктіру – мультимедиялық материалдар, фильмдер, суреттер арқылы оқушылардың назарын шығарманың ұлттық мазмұнына аудару оңай. Бұл әдіс оқушылардың көркем шығармалардан алған әсерін күшейтіп, әдебиетке қызығушылығын арттырады.[3]

Көркем шығарманың ұлттық сана мен құндылықтарға әсері

Бұл бөлімде әдеби шығармалардың ұлттық сана-сезімді, патриотизмді қалыптастырудағы рөлі туралы қосымша ақпарат беріледі. Әр түрлі ұлт өкілдерінің әдеби шығармаларының мазмұнына салыстырмалы шолу жасап, ұлттық сананың қалыптасуына қалай әсер ететінін талқылауға болады.

Педагогикалық тәсілдер мен инновациялық әдістер

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастырудағы қазіргі заманғы педагогикалық әдістер мен инновациялық технологияларды сипаттау. Мысалы, интерактивті әдістердің, ойын технологияларының, онлайн ресурстардың қолданылуын егжей-тегжейлі талқылау.

Көркем шығарманы оқытудағы ұлттық тәрбиенің нәтижелері мен маңызды аспектілері

Оқушылардың бойындағы ұлттық құндылықтардың қалыптасуындағы нәтижелерді, олардың әлеуметтік қарым-қатынастарда байқалатын тұлғалық қасиеттерді сипаттау.[4]

Оқыту нәтижелерін бағалау әдістері

Оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастырудағы жетістіктерін бағалау әдістерін, мысалы, жобалық жұмыстарды қорғау, шағын эссе жазу және оларды талдау әдістерін енгізуге болады.[5]

Ұлттық құндылық бағдарын қалыптастырудың нәтижелері

Ұлттық құндылық бағдарын қалыптастырудағы тиімді әдістер мен тәсілдер оқушылардың бойында мынадай қасиеттерді қалыптастырады:

- Патриоттық сана – әдеби шығармалар арқылы туған жерге, елге, тілге деген сүйіспеншілік қалыптасады.

- Отбасылық құндылықтар – халық әдебиетінде жиі кездесетін ата-анаға құрмет, отбасын қадірлеу, туыстық байланыстың маңыздылығы оқушылардың санасына сінеді.

- Эмоционалдық мәдениет – әдеби кейіпкерлердің сезімдері мен оқиғалары оқушылардың эмоционалдық мәдениетін қалыптастырады.

- Әлеуметтік жауапкершілік – қоғамға қызмет ету, бір-біріне көмектесу, үлкендерге құрмет көрсету сынды қасиеттер әдеби шығармалар арқылы қалыптасады.[6]

Қорытынды

Ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда көркем шығарма оқытудың рөлі зор. Әдеби шығармалардағы ұлттық құндылықтар оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытып, олардың болашақта қоғамда белсенді азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан, бастауыш сынып мұғалімдері оқу процесінде ұлттық құндылықтарды дәріптейтін көркем шығармаларды тиімді қолдануы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ әдебиеті: Оқулық. — Алматы: Мектеп, 2020.

2. Баймұратова Қ.Қ. Бастауыш мектепте ұлттық құндылықтарды оқыту әдістері. — Нұр-Сұлтан, 2019.

3. Мәметова С.Ұ. Қазақстандағы ұлттық тәрбие: теория және практика. — Алматы: Білім, 2021.

4. Абдуллин И.Г. Әдебиетті оқыту әдістемесі. — Алматы: Рауан, 2018.

5. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: Энциклопедия. — Алматы: Аруна, 2017.

6. Қасымова Б.Т. Жас ұрпақтың рухани тәрбиесі. — Алматы: Аруна, 2018.

ӘОЖ 541.124

ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІК ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ

Омарова Д.Т.

Қызылорда қаласы, №211 А.Байтұрсынұлы атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Оразалы Е.Н.

Қызылорда қаласы, №278 ІТ мектеп-лицейі ағылшын тілі мұғалімі

Email: o.enya@mail.ru

Аннотация. Бұл мақала цифрлық кеңістік жағдайында бастауыш білім берудің маңызды аспектілерін жан-жақты талдайды. Цифрлық технологиялардың, әсіресе STEM (Ғылым, Технология, Инженерия, Математика) пәндерінің рөлі оқушылардың оқу процесіне терең әсер етеді, логикалық ойлау, проблема шешу, және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Мақалада интерактивті білім беру платформаларының (мысалы, Google Classroom, Kahoot!) қолданылуы, цифрлық сауаттылықтың маңызы, және гибриді оқу әдістерінің тиімділігі қарастырылады. Сонымен қатар, мұғалімдердің цифрлық біліктілігін арттыру, ата-аналардың білім беру процесіндегі рөлі, жеке оқу траекторияларын қалыптастыру, және әлеуметтік теңсіздік мәселелері талданады.

Цифрлық кеңістік бастауыш білім беруде жаңа мүмкіндіктер мен қиындықтарды туындата отырып, білім сапасын арттыруға, оқушылардың болашағына инвестиция жасауға мүмкіндік береді. Мақала білім беру жүйесінің қазіргі заманғы талаптарына жауап беруге бағытталған ұсыныстармен қорытындыланады.

Түйін сөздер: цифрлық кеңістік, цифрлық ресурстар, цифрлық технологиялар, ақпарат.

Аннотация. В этой статье подробно анализируются важные аспекты начального образования в условиях цифрового пространства. Роль цифровых технологий, особенно предметов STEM (наука, Технология, Инженерия, Математика), оказывает глубокое влияние на учебный процесс учащихся, способствует развитию логического мышления, решения проблем, и творческих способностей. В статье рассказывается о создании интерактивных образовательных платформ (например, Google Classroom, Kahoot!), значение цифровой грамотности и эффективность гибридных методов обучения. Кроме того, анализируются вопросы цифрового повышения квалификации учителей, роли родителей в образовательном процессе, формирования индивидуальных траекторий обучения, социального неравенства. Цифровое пространство позволяет повысить качество образования, инвестировать в будущее учащихся, создавая новые возможности и трудности в начальном образовании. Статья обобщена рекомендациями, направленными на удовлетворение современных требований системы образования.

Ключевые слова: цифровизация, цифровые ресурсы, цифровые технологии, информация.

Annotation. This article analyzes in detail the important aspects of primary education in the digital space. The role of digital technologies, especially STEM subjects (science, Technology, Engineering, Mathematics), has a profound impact on the learning process of students, promotes the development of logical thinking, problem solving, and creative abilities. The article talks about the creation of interactive educational platforms (for example, Google Classroom, Kahoot!), the importance of digital literacy and the effectiveness of hybrid teaching methods. In addition, the issues of digital teacher training, the role of parents in the educational process, the formation of individual learning trajectories, and social inequality are analyzed. The digital space makes it possible to improve the quality of education, invest in the future of students, creating new opportunities and difficulties in primary education. The article summarizes the recommendations aimed at meeting the modern requirements of the education system.

Keywords: digital, digital resources, digital technologies, information.

Цифрлық технологиялардың дамуы білім беру жүйесіне айтарлықтай өзгерістер енгізді. Цифрлық кеңістік, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану бастауыш білім беру процессін тиімді әрі интерактивті етеді. Оқушылардың білім алуын оңтайландыру, мұғалімдер мен ата-аналардың қатысуын арттыру, және әлеуметтік теңсіздікті жою — бүгінгі білім берудің басты мақсаттары.

Цифрлық құралдар мен платформалардың рөлі: Google Classroom, Zoom, Wordwall, Dojoclassroom, Padlet, Mentimeter сияқты платформалар оқушылар мен мұғалімдер арасында белсенді байланыс орнатуға көмектеседі. Мысалы, Kahoot! Wordwall, dojoclassroom қолдану арқылы мұғалімдер ойын формасында тесттер жүргізіп, оқушылардың білім деңгейін тексереді.

Онлайн кітапханалар (мысалы, eLibrary), видеосабактар, интерактивті ойындар оқу материалдарын меңгеруді жеңілдетеді. Виртуалды зертханалар, әсіресе STEM пәндерінде, практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

Цифрлық сауаттылықтың маңызы ақпаратты өңдеу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. Бұл дағдылар адамдардың шешім қабылдау, өмір сүру және жұмыс істеу үшін маңызды. Оқушылар интернетте ақпаратты іздеу, сыни тұрғыдан бағалау, және сенімді дереккөздерді анықтау дағдыларын меңгеруі керек. Бұл дағдылар ақпараттың шынайылығын анықтауға көмектеседі.

Интернет — бұл мәдениет пен ақпарат алмасудың кең ауқымындағы құрал. Бірақ ол сондай-ақ қауіпті болуы мүмкін. Мәселен, қылмыстық, қоғамдық немесе жеке қауіп тудыруы мүмкін. Бізге қауіпсіз интернет пайдалану үшін біз бақылау, қорғаныс және қызу мәселелерді шешуге тырысамыз. Мысалы, біз сайттар мен сілтемелерді тексеріп, зерттеуіміз керек. Сонымен бірге, біз антивиртуалды бағдарламаларды пайдалануымыз керек, олар компьютерімізді зерттеуге мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларына онлайн қауіптер, кибербуллинг, және жеке мәліметтерді қорғау туралы білім беру. Мысалы, интернетте қауіпсіздік ережелерін үйрету үшін арнайы сабақтар өткізу.

Білім беру әдістеріндегі өзгерістер:

- **Гибридті оқу:** Дәстүрлі және онлайн оқу әдістерінің бірігуі оқушылардың оқу процессіне белсенді қатысуын арттырады. Мысалы, сабақтардың жартысы онлайн, ал жартысы дәстүрлі түрде өтеді, бұл оқушыларға таңдау мүмкіндігін береді.
- **Индивидуализация:** Оқушылардың жеке қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес оқу бағдарламаларын құру. Мысалы, кейбір оқушыларға қосымша тапсырмалар немесе ресурстар беру.
- Мұғалімдердің цифрлық біліктілігін арттырудың жолдары:
- **Оқыту курстары:** Мұғалімдер үшін цифрлық технологияларды пайдалану бойынша арнайы курстар мен вебинарлар ұйымдастыру. Мысалы, арнайы платформа арқылы онлайн курс өткізу.
- **Кәсіби даму:** Мұғалімдерге үздіксіз білім алуына мүмкіндік беру, оларға жаңа технологиялар мен әдістер туралы ақпарат беру.
- Ата-аналардың білім беру процессіндегі рөлі:
- **Ата-аналардың қатысуы:** Ата-аналар балаларының оқуына белсенді қатысуы, цифрлық құралдарды бірге қолдану арқылы үйренуге көмектеседі. Мысалы, ата-аналарға арнайы семинарлар өткізу.
- **Қашықтан бақылау:** Ата-аналарға балалардың оқу барысын бақылау үшін платформалар (мысалы, EduPage) арқылы мүмкіндік берілуі керек. Бұл ата-аналардың балаларының оқу жетістіктерін бақылауына ықпал етеді.
- Жеке оқу траекторияларын қалыптастыру:

- **Адаптивті технологиялар:** Оқушылардың деңгейіне қарай автоматты түрде бейімделетін бағдарламалар (мысалы, IXL, Khan Academy) оқу барысындағы жетістіктерді қадағалау. Оқушылар өздерінің жеке прогресін көре алады.
- **Субъективті оқыту:** Оқушыларға өздеріне ыңғайлы уақыт пен форматты таңдауға мүмкіндік беру, бұл олардың білім алу процесіне деген қызығушылығын арттырады.

Цифрлық теңсіздікті жою: Цифрлық құралдарға, интернетке, және оқу ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету. Мысалы, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз отбасылардағы оқушыларға тегін интернет пен цифрлық құрылғылар ұсыну. Барлық оқушыларға білім алу мүмкіндіктерін кеңейту, соның ішінде арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету.

Цифрлық кеңістік бастауыш білім беруде жаңа мүмкіндіктер мен қиындықтарды туындатады. Оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру, мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру, ата-аналардың білім беру процесіне қатысуы – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттері. Цифрлық технологиялардың тиімді қолданылуы арқылы бастауыш білім беру сапасын арттыруға, балалардың болашағына инвестиция жасауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Бейкер, Р.С.* (2016). Жоғары Оқу орындарындағы үлкен Деректер Және Оқыту Аналитикасы: Қазіргі Теория мен Практика.
2. *Брик, А.С. Және Шнайдер, Б.* (2002). Мектептерге деген сенім: Жақсартудың Негізгі Ресурсы. Рассел Сейдж Қоры.
3. *Хэтти, Дж.* (2009). Көрінетін Оқыту: Жетістікке Қатысты 800-ден астам Мета-Анализдердің Синтезі.
4. *Ұлттық Зерттеу Кеңесі.* (2011). Табысты К-12 STEM Білімі: Ғылым, Техника, Инженерия және Математикадағы Тиімді Тәсілдерді Анықтау. Ұлттық Академиялардың Баспасөз Қызметі.
5. *Паперт, С.* (1980). Ақыл-ой дауылдары: Балалар, Компьютерлер және Күшті Идеялар. Негізгі Кітаптар.
6. *Sawyer, R. K.* (2014). *The Cambridge Handbook of the Learning Sciences.* Cambridge University Press.
7. *Voogt, J., & Roblin, N. P.* (2012). *A Comparative Framework for 21st Century Competences. European Journal of Education, 47(3), 299-307.*

ӘОЖ 373.31

БАЛАЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАУ МӘДЕНИЕТІН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тұрарова Ж.Ж., магистрант

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті

E-mail: janerketurarova@bk.ru

Аннотация: Бұл мақалада оқыту процесіндегі экологиялық ойлау мәдениеті – әр пәннің мазмұны арқылы оқушыларға табиғаттың маңызын түсіндіру және қоршаған ортаға қамқор болуға үйрету туралы айтылады. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларын табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында әртүрлі пәндерде экологиялық мазмұнды ақпараттар беріледі. Мысалы, дүниетану, жаратылыстану, математика және қазақ тілі сабақтары арқылы оқушылар табиғатты қорғаудың маңызын ұғынады, табиғатпен қарым-қатынас этикасын меңгереді. Экологиялық ойлауды дамыту үшін практикалық жұмыстар мен табиғатқа экскурсиялар ұйымдастыру балалардың экологиялық сана-сезімін арттыруға ықпал етеді. Экологиялық тәрбие балаларға табиғатты құрметтеуге, оның байлығын тиімді пайдалануға және оны қорғауға баулу үшін маңызды. Табиғатқа деген сүйіспеншілік пен

жауапкершілік әр баланың бойында бала кезінен бастап дамытылуы тиіс. Мақалада қазақ халқының табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен табиғатты сақтауға арналған тәрбиелік мұралары, және оның бастауыш сынып пәндерінде қолданылуы көрініс табады. Халық педагогикасында табиғатты қорғау мен оны ұқыпты пайдалану негізгі құндылықтардың бірі болды. Ата-бабаларымыздан қалған даналықтар, мақал-мәтелдер, аңыздар мен нақыл сөздер қазіргі ұрпақ үшін баға жетпес тәрбиелік мәнге ие. Қазіргі кезде экологиялық мәселелердің маңызды болуына байланысты, жастарды табиғатты құрметтеуге және оны сақтауға тәрбиелеу қажеттілігі көрсетіледі.

Тірек сөздер: экология, экологиялық ойлау мәдениеті, табиғатпен қарым – қатынас, мектеп бағдарламасы, білім беру, бастауыш сынып

Аннотация: В этой статье рассказывается о культуре экологического мышления в учебном процессе - разъяснении учащимся важности природы и обучении их заботе об окружающей среде через содержание каждого предмета. Чтобы повысить любовь к природе среди учащихся начальных классов, по различным предметам предоставляется информация по экологическому содержанию. Например, посредством изучения мира, естественных наук, математики и казахского языка студенты понимают важность охраны природы и изучают этику отношений с природой. Организация практических занятий и экскурсий на природу для развития экологического мышления способствует повышению экологического сознания детей. Любовь и ответственность к природе должны быть развиты у каждого ребенка с детства. В статье показана любовь казахского народа к природе и образовательное наследие по охране природы, а также его использование в предметах начальной школы. В народной педагогике охрана природы и бережное использование были одной из главных ценностей. Мудрость, пословицы, легенды и поговорки, оставленные нашими предками, имеют неограниченную воспитательную ценность для современного поколения. В настоящее время в связи с важностью экологических проблем подчеркивается необходимость воспитания молодежи в духе уважения и сохранения природы.

Ключевые слова: экология, культура экологического мышления, общение с природой, школьная программа, образование, начальный класс

Annotation: This article discusses the culture of environmental thinking in the educational process - explaining to students the importance of nature and teaching them to care for the environment through the content of each subject. In order to increase love for nature among primary school students, information on environmental content is provided in various subjects. For example, through world studies, natural sciences, mathematics and the Kazakh language, students understand the importance of nature conservation and learn the ethics of relationships with nature. Organizing practical classes and excursions to nature to develop environmental thinking helps to increase children's environmental awareness. Love and responsibility for nature should be developed in every child from childhood. The article shows the love of the Kazakh people for nature and the educational heritage of nature conservation, as well as its use in primary school subjects. In folk pedagogy, nature conservation and careful use were one of the main values. The wisdom, proverbs, legends and sayings left by our ancestors have invaluable educational value for the modern generation. At present, due to the importance of environmental issues, the need to educate young people in the spirit of respect and conservation of nature is emphasized.

Key words: ecology, culture of ecological thinking, communication with nature, school curriculum, education, elementary grade

Кіріспе

Қазақ халқының халық педагогикасындағы асыл мұраларының бірі – табиғатқа деген аса зор сүйіспеншілігі мен оған деген асқан адамгершілік қасиеті. Халық ұғымында табиғат деген қасиетті сөз туған жер, өскен ел, ата мекен, аяулы өлке, ауылым сияқты тұла бойына нәр беріп, жүрегінді шымырлататын аса қымбат сөздермен қатар тұрды. Ата – бабамыз табиғаттың қатаң жағдайына, түрлі өзгерістеріне сай көшіп-қонып жүріп, өз шаруашылығын табиғатпен үйлесімді түрде жүргізіп отырды және табиғатқа аялы алақан, жылы жүрек

сезімі, көздің қарашығындай қамқорлық, бір сөзбен айтқанда «жоғары экологиялық сана-сезім» қажет екеніне ерекше мән берді. Осыған орай халқымыздың да мінез-құлқы бірте-бірте қалыптасып, ондай қасиеттер атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткізіліп отырды.

Қазіргі экологиялық мәселелер бүкіл адам баласын ойландырып отырған кезде халқымыздың бұл салада қалдырған тағылымдық та, тәрбиелік те мәні зор асыл мұраларына көңіл бөлу ерекше қажет. Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көздің қарашығындай сақтап келуі жайында қазіргі ұрпаққа өнеге-үлгі боларлық асыл мұралар, даналық ұғымдар, мақал-мәтел, нақыл сөз, аңыз-әңгіме арқылы жетіп отырған. Осындай әрбір асыл мұраның өзінде қаншама терең ой әрі тәлім-тәрбие өнегесі жатыр. Сондықтан да әрбір ұстаз, әрбір тәрбиеші өзінің күнделікті жұмысында халықтық педагогиканың асыл маржанына үнемі көңіл бөліп әрі оны пайдаланып отырулары тиіс. Өйткені қазіргі таңда табиғат тағдыры ешкімді де тебіrentпей қоюы мүмкін емес.

Балалар мен жастарды экологиялық тәрбиелер мәселесі ғалымдар, білімнің түрлі салаларының өкілдері үшін өзекті болып отыр. Мектептерде жүргізілетін экологиялық білім мен тәрбие жұмыстарында әлі де болса халықтық педагогиканың мол мұрасына жеткілікті мән берілмей келеді, осының орнын толтыру үшін халық қазынасын жан-жақты пайдалану қажет екенін қазіргі күннің өзі талап етуде. Осы тұста өскелең ұрпақ бойында табиғатпен терең байланыс жасауы барысында «экологиялық ойлауын» дамыту үшін қазіргі мектеп бағдарламасындағы пәндер ондағы тақырыптардың мәні, жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылу реті мен оқушылардың қабылдауы туралы ақпараттар мен әдебиеттерді мақала барысында талдай аласыздар.

Негізгі бөлім

Экологиялық білім беру – әрбір адамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған үздіксіз білім мен тәрбие беру, сондай-ақ оның жеке тұлғалық дамуына ықпал ететін маңызды процесс. Экологиялық білім берудің үздіксіз сипаты мектепке дейінгі жастан бастап ересек өмірге дейін жалғасады. Осы кезең арасындағы бастауыш сыныптардағы экологиялық білім беру үдерісін талдап көрейік. Бұл процесте білім беру мекемелері, қоғам, отбасы, сондай-ақ әрбір баланың жеке қызығушылығы маңызды рөл атқарады.

Оқыту процесіндегі экологиялық тәрбие. Экологиялық білімнің негізгі көздері: жаратылыстану, дүниетану, көркем еңбек пәндері, олардың бағдарламаларындағы оқу материалдарын сабақтарда терең түсіндіріп, сыныптан және мектептен тыс экологиялық жұмыстарда тиімді қолдана білуге оқушыларды үйрету және дағдыландыру - мұғалімнің міндеті.

Бастауыш сынып оқушылары табиғат байлығын ауыл шаруашылығында пайдалану жайлы алғашқы ұғымды еңбек сабақтарында алады. Олар үй мүліктерін, киім-кешек, тағам, т.б. жаасайтын табиғат заттарын пайдалану жолдарымен танысады.

Бастауыш сыныптардың оқу бағдарламасындағы оқушылардың экологиялық іскерлік дағдысын қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлері: өсімдіктердің даму кезеңіне фенологиялық бақылау жүргізу, мектеп және қоғамдық мүлікті ұқыптылықпен күту, тұрмыста электроэнергияны, газды, суды үнемді пайдалану.

Бастауыш сыныптағы экологиямен байланысты пәндер балалардың табиғат туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастырып, олардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған. Бұл пәндер оқушыларға экологиялық білім беру мен экологиялық мәдениет қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кесте - 1. “Экологиялық ойлауды ” дамытуда бастауыш сынып пәндерінің маңызы

№	Пәндер	Экологиямен байланысы
18.	Дүниетану	Дүниетану сабағында оқушылар табиғи ресурстардың (су, топырақ, минералдар, өсімдіктер) шектеулі екенін, оларды үнемді және ұқыпты пайдалану қажеттілігін түсінеді. Бұл

		білім балалардың күнделікті өмірде ресурстарды үнемдеуге үйренуіне септігін тигізеді.
19.	Жаратылыстану	Тірі ағзалар мен олардың қоршаған ортаға бейімделуі – өсімдіктер, жануарлар және микроағзалар туралы ақпараттар экологияның негізгі қағидаларын ашып көрсетеді. Балалар әр ағзаның табиғаттағы рөлі мен оның экожүйедегі маңызын біле отырып, табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсінеді.
20.	Математика	Математика арқылы оқушылар энергия, су, азық-түлік және басқа да табиғи ресурстарды үнемдеу қажеттілігін түсінеді. Мысалы, тұрмыста суды үнемдеуді есептеу арқылы судың шығынын азайтуға болады. Сонымен қатар, математикалық модельдер мен статистикалық талдауларды пайдалана отырып, экологиялық мәселелердің салдарын болжауға болады. Мысалы, ормандарды кесу немесе климаттың өзгеруінің табиғатқа әсерін есептеу оқушыларға болашақ өзгерістерді түсінуге көмектеседі.
21.	Қазақ тілі	Қазақ тілі сабағында экологиялық мазмұндағы әңгімелер, мақалалар, ертегілер мен өлеңдер оқыту арқылы табиғатты қорғау мәселелері талқыланады. Экология тақырыбына шығарма, эссе жазу тапсырмалары арқылы оқушылар өз ойларын тиянақты жеткізуге, қоршаған ортаға деген көзқарастарын білдіруге үйренеді. Экологияға байланысты терминдер мен сөздерді үйрену, оларды сөйлемдерде қолдану балалардың тіл байлығын арттырады. Мысалы, «экожүйе», «биоалуантүрлілік», «ресурстарды үнемдеу», «табиғи тепе-теңдік» сияқты сөздер арқылы олардың экологияға деген түсінігі кеңейеді.
22.	Әдебиеттік оқу	Әдебиеттік оқу сабағында табиғатқа, қоршаған ортаға байланысты мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер үйрету арқылы балалар табиғат пен адамның байланысын түсінеді. Мысалы, «Таза ауа – жанның шипасы», «Су – тіршіліктің көзі» деген сияқты нақыл сөздер оқушылардың табиғатты қорғауға бағытталған дүниетанымын қалыптастырады. Экология тақырыбында пікірталастар ұйымдастыру балалардың сыни ойлау қабілетін дамытады және оларды қоршаған ортаға байланысты мәселелерге көзқарасын білдіруге ынталандырады. Мысалы, орманды кесу, қоқыс өңдеу, суды үнемдеу тақырыптарын талқылау арқылы олар экологиялық мәселелердің мәнін түсінеді.
23.	Көркем еңбек	Еңбекке баулу сабақтарында оқушыларға өсімдіктер мен ағаштарды отырғызу, оларды күтіп-баптау дағдылары үйретіледі. Оқушыларды қайта өңделетін қалдықтарды сұрыптауға үйрету экология тұрғысынан маңызды. Мысалы, қағаз, ағаш, пластик секілді материалдарды үнемдеп пайдалану, қайта өңдеу әдістерін үйрену оқушылардың экологиялық жауапкершілігін арттырады.
24.	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру пәнінде экологиялық тұрғыдан таза, қоршаған ортаға зиян келтірмейтін спорт түрлерін насихаттау маңызды. Табиғатта, ашық ауада өткізілгенде оқушылар табиғатпен тікелей байланыста болады. Дене шынықтыру сабақтарында физикалық жаттығуларды орындау арқылы балаларды экологиялық мәселелерді шешуге, табиғатты

		қорғауға, ресурстарды үнемді пайдалануға үйретуге болады. Спорттың табиғатпен байланысын сезіну арқылы экологиялық білім тереңдейді.
25.	Әліппе	Әліппе және экологияның байланысы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру мен экологиялық сана-сезімін дамыту үшін маңызды рөл атқарады. Әліппе оқулығында әріптер мен сөздер арқылы табиғат пен экология туралы алғашқы түсініктер берілуі мүмкін. Балаларға қоршаған ортаны қорғау, табиғаттың құндылығын түсіну, өсімдіктер мен жануарларды сақтау жайында негізгі түсініктер мен білімдер осы кезеңде беріле бастайды.
26.	Музыка	Музыка адамның эмоцияларына терең әсер етеді, сондықтан экологиялық мәселелерге қатысты шығармашылық жұмыстар табиғатқа деген сүйіспеншілікті оятып, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған әрекеттерге ынталандыруы мүмкін. Музыкалық шығармалар табиғаттың әсемдігі мен оның қорғау қажеттілігі туралы тақырыптарды көтере алады. табиғаттың дыбыстары (құстардың шырылдауы, су ағуы, желдің соғуы) қолданылып, тыңдаушыларды табиғатқа жақындата алады. Бұл экологиялық білімді сезімтал әрі эмоционалды түрде жеткізуге мүмкіндік береді.
27.	Цифрлық сауаттылық	Цифрлық сауаттылық пәнінде экологияны үйрету үшін ойындар мен интерактивті қосымшаларды пайдалану маңызды. Цифрлық сауаттылық экологиялық мониторинг жүйелерін қолдануды үйретеді. Мысалы, цифрлық құралдар арқылы ауа сапасын, су деңгейін, қалдықтарды бақылау және есепке алу жүйелері енгізілген. Бұл әдістер арқылы балаларға табиғатты қорғаудың маңызды екенін және экологиялық мәселелерге саналы түрде қараудың қажеттілігін түсіндіруге болады.

Жоғарыда айтылып кеткен пәндердің экологиямен байланысын негізге ала отырып, бастауыш білім беруде «экологиялық ойлауды» дамытудың маңызын ұсынамын:

Экологиялық сана мен ойлау – табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің негізі. Экологиялық сана-сезім адамның табиғатқа деген көзқарасын, оған деген жауапкершілігін қалыптастырып, оның ресурстарын үнемді пайдалану дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл тұжырымдама табиғаттың қоршаған орта мен экожүйеге деген әсерін түсініп, оны сақтау мен қорғауға бағытталған жауапкершілікті арттырады.

Экологиялық ойлау табиғаттың күрделі заңдылықтарын, оның динамикасын, экосистемалар мен табиғат ресурстарының өзара байланысын ғылыми тұрғыда түсінуге мүмкіндік береді. Ол табиғаттағы өзгерістерге терең, логикалық және жүйелі көзқарасты қалыптастырады. Осы тұрғыдан, экологиялық ойлау мен білім қазіргі қоғамдағы экологиялық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады.

Табиғат ресурстарының сарқылуы мен экологиялық дағдарыстар қоғамның барлық деңгейінде назар аударуды талап етеді. Бұл мәселелерді шешу үшін әр адамның экологиялық сауаттылығын арттыру, табиғатқа деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру, сондай-ақ тұрақты даму принциптерін енгізу аса маңызды.

Бұл зерттеу экологиялық тәрбие мен білім берудің бастауыш сынып оқушыларының дамуына әсері туралы өте маңызды мәселелерді қамтиды. Бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру — бұл көп қырлы әрі күрделі процесс, ол тек теориялық біліммен шектелмей, практикалық дағдыларды да дамытуға бағытталған. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін оқушыларға табиғатты қорғау, оның

байлықтарын тиімді пайдалану және экологиялық проблемаларды шешудің негіздерін үйрету қажет.

Педагогикалық әдістемелердің маңызды аспектілері — балаларға табиғаттың әсемдігі мен маңыздылығын түсіндіріп, оларға табиғатпен өзара қарым-қатынасты этикалық тұрғыдан ұғындыру. Экологиялық тәрбие беруде «жауапкершілікпен қарау» сияқты маңызды ұғымды енгізу өте қажет. Бұл ұғым балалардың табиғатқа деген қарым-қатынасын өзгертіп, олардың қоршаған ортаға деген бей-жай еместігін қалыптастырады. Оқушыларға экологиялық білімді тек теориялық емес, практикалық тұрғыда да беру керек, мысалы, табиғатты қорғау жұмыстарында белсенді қатысу арқылы.

Сондай-ақ, экологиялық тәрбие жұмыстарының әртүрлі түрлері оқушыларды табиғатты қорғауға, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы салаларында тәжірибе жасауға үйретеді. Бұл өз кезегінде олардың экологиялық мәдениетінің қалыптасуына әсер етеді. Мектептерде ұйымдастырылатын экологиялық шаралар, табиғатты қорғау тақырыптарындағы шығармалар мен зерттеулер оқушыларды экологияның өзекті мәселелеріне назар аударуға бағыттайды.

Экологиялық білім мен тәрбие — бұл тек балаларға табиғат туралы білім беру ғана емес, сонымен қатар олардың экологиялық санасын қалыптастыру, жауапкершілікті сезінуге және табиғатты қорғауға деген ынта оятуға бағытталған жүйелі жұмыс.

Қорытынды

Экологиялық тәрбие балаларға табиғи ресурстардың маңызын түсінуге көмектеседі, саналы шешім қабылдауға үйретеді және табиғатпен үйлесімді өмір сүруге қажетті құндылықтарды қалыптастырады. Балалардың табиғатпен байланысы олардың физикалық, эмоционалдық және танымдық дамуына зор әсер етеді. Табиғат аясында өткізілген уақыт балаларға қоршаған ортаны зерттеп, табиғи құбылыстарды бақылап, қиялын дамытуға мүмкіндік береді. Табиғаттың әртүрлі аспектілерімен танысу балаларға экологиялық білім беру арқылы оларды қоршаған ортаға құрметпен қарауға үйретеді. Табиғатпен байланыс балалардың күйзелісін жеңуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және зейінін жақсартуға ықпал етеді. Серуендеу, бақшада ойнау немесе табиғатты бақылау сияқты әрекеттер балаларға табиғатпен үйлесімді өмір сүруге үйретеді. Сонымен қатар, табиғатқа деген қызығушылық пен жауапкершілікті оята отырып, балаларда экологиялық сана-сезімді қалыптастыруға ықпал етеді. Мектеп бағдарламасы, табиғатқа экскурсиялар және экологиялық іс-шаралар арқылы балалар адам әрекетінің табиғатқа әсерін көреді және оны қорғауға өз үлестерін қосуға ниеттенеді. Осылайша, экологиялық ойлауды дамыту – келер ұрпақтың жер шары алдындағы міндетін терең сезінуіне ықпал етеді. Бұл құндылықтар балаларды табиғат байлығын сақтау мен оны келесі ұрпаққа жеткізуге дайын саналы азамат болуға тәрбиелейді, сондай-ақ табиғатты құрметтеу мен қамқорлық жасауға негізделген әлем құруға үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Көшімов Т. Т. Қазақ халық педагогикасы. – Алматы: Қайнар, 1993. – 215 б.
2. Ахметова Г. Қ. Экологиялық тәрбиенің негіздері. – Алматы: Білім, 2002. – 198 б.
3. Сәрсенова З. Қ. Экология және экологиялық тәрбие. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 175 б.
4. Айтмұхамбетова С. А. Экологиялық білім мен тәрбие беру әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2010. – 156 б.
5. Мырзағалиева Ж. Б. Балаларға экологиялық тәрбие беру: теория және тәжірибе. – Алматы: Ана тілі, 2015. – 223 б.
6. Құдайбергенова А. Ш. Жоғары мектеп педагогикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 180 б.
7. Айтова Г. Д. Экологиялық сана және тәрбие: теория мен тәжірибе. – Алматы: Атамұра, 2012. – 210 б.
8. Назарбаев Н. Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. – Алматы: Білім, 2011. – 120 б.

9. Шайқы Ж. Экология және білім беру. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 142 б.
10. Бекенова А. Экологиялық білім берудің әдістемесі. – Астана: Экономика, 2014. – 157 б.
11. Мұхамедиев К. С. Халық педагогикасы: оқу құралы. – Алматы: Рауан, 2011. – 264 б.
12. Баймұқанова Р. Ж. Бастауыш сыныптарда экологиялық тәрбие берудің әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2013. – 210 б.
13. Омарова Г. Е. Экологиялық мәдениет қалыптастыру: оқу әдістемелік құрал. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017. – 178 б.
14. Ахметжанова Б. Экологиялық тәрбие беру және оның әдіс-тәсілдері. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 145 б.
15. Тұрсынбаева А. К. Экология және білім беру. – Қарағанды: ҚарМУ, 2018. – 160 б.
16. Рахметова Ж. Қ. Экологиялық білім беруде қолданылатын жаңа технологиялар. – Алматы: Алтын Орда, 2016. – 182 б.
17. Жақсыбекова Д. Ж. Қоршаған орта және экологиялық мәдениет. – Алматы: Ғылым, 2014. – 133 б.
18. Досмұхамедова Ш. Қ. Экология және экологиялық тәрбие негіздері. – Астана: Экономика, 2011. – 210 б.
19. Қадырбаев Т. Т. Экологиялық білім беру: теория мен тәжірибе. – Алматы: Білім, 2009. – 195 б.
20. Нұрмұханбетова С. Экологиялық мәдениет қалыптастырудың әдіс-тәсілдері. – Алматы: Сөздік, 2012. – 187 б.
21. Баймұханова А. М. Экологиялық сана-сезім мен мәдениетті қалыптастыру. – Алматы: Мектеп, 2012. – 178 б.
22. Бекболатова С. Экологиялық тәрбие беру саласындағы педагогикалық технологиялар. – Алматы: ҚазҰПУ, 2016. – 220 б.
23. Сұлтанова Б. Қ. Экологиялық тәрбие мен білім берудегі инновациялық әдістер. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014. – 245 б.
24. Исаева Н. Қ. Экологиялық проблемаларды шешудегі білім беру жүйесінің рөлі. – Шымкент: Шымкент университеті, 2019. – 190 б.
25. Әбділдина С. Қоршаған орта және табиғатты қорғау мәселелері. – Алматы: Санат, 2013. – 160 б.
26. Қалқаманов Е. Өсімдіктер әлемі және олардың экологиядағы маңызы. – Қарағанды: ҚарМУ, 2015. – 150 б.

ӘОЖ 37.378.187

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Амзеева Г.А. докторант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
E-mail: gulnaramzeeva@mail.ru

***Аннотация:** Мақалада тұрақтылық және эмоционалдық тұрақтылық ұғымдарына теориялық талдау жасалған. Педагогикалық қарым-қатынастағы кедергілер мен олардың түрлері туралы ақпарат берілген. Педагогикалық іс-әрекеттегі қиындықтар өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Педагогикалық іс-әрекетте кездесетін қиындықтардың себептеріне талдау жасалған. Бұл мақалада фрустрациялық толеранттылықтың формалары туралы және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шиеленісті жағдайда кәсіби дайындығын қалыптастыруға, шамадан тыс эмоционалдық қозуды жеңуге мүмкіндік*

беретін педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас жүйесін құру қажеттігі туралы мәліметтер берілген.

Тірек сөздер: тұрақтылық, эмоционалдық тұрақтылық, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, кедергі, педагогикалық қарым-қатынас, фрустрациялық толеранттылық.

Аннотация: В статье проведен теоретический анализ понятий устойчивости и эмоциональной устойчивости. Представлена информация о барьерах в педагогическом общении и их видах. Трудности в педагогической деятельности рассматриваются как актуальная проблема. Проведен анализ причин возникающих трудностей в педагогической деятельности. В данной статье представлены сведения о формах фрустрационной толерантности и о необходимости создания единой системы педагогической деятельности, позволяющей сформировать профессиональную подготовку будущих учителей начальных классов в напряженной ситуации, справиться с чрезмерным эмоциональным возбуждением.

Ключевые слова: устойчивость, эмоциональная устойчивость, будущие учителя начальных классов, барьер, педагогическое общение, фрустрационная толерантность.

Annotation: The article provides a theoretical analysis of the concepts of stability and emotional stability. Information is provided on barriers in pedagogical communication and their types. Difficulties in teaching are considered as an urgent problem. The analysis of the causes of difficulties in teaching is carried out. This article provides information about the forms of frustration tolerance and the need to create a unified system of pedagogical activity that allows for the formation of professional training of future primary school teachers in a tense situation, to cope with excessive emotional arousal.

Key words: stability, emotional stability, future primary school teachers, barrier, pedagogical communication, frustration tolerance.

Қазіргі әлем жағдайлары мен әлеуметтік-саяси өмірдің жоғары қарқыны адамның психоэмоционалдық шиеленіс деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді. Көбінесе бұл мазасыздық, өмірге қанағаттанбау, ертеңгі күнге деген сенімсіздік, балалардың болашағы үшін қорқыныш, ашуланшақтық, агрессивтілік, депрессия және т. б. сияқты психикалық күйлердің пайда болуына әкеледі. Бұл адамның денсаулығына және оның еңбек қызметіне кері әсер етеді. Болашақ мамандардың эмоционалдық ресурстарына жоғары талаптар қоятын заманауи өндіріс ерекшелігіне байланысты эмоционалдық тұрақтылықты зерттеу және дамыту қажеттілігі туындауда.

А.А. Барановтың пікірінше, тұрақтылық кең мағынада жүйенің барынша тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жеке тұлғаның өмір сүруін ұйымдастыру ретінде қарастырылуы керек. Бірақ қазіргі уақытта «тұрақтылық» деп көбінесе эмоционалдық тұрақтылық, стресске психологиялық төзімділік, фрустрациялық төзімділік сияқты оның жеке компоненттерін түсінеді. Бұл компоненттердің ерекшелігі кәсіби қызметтің нақты түрімен, оның ішінде педагогикалық қызметпен анықталады [1, 45 б.]. Аксиологиялық көзқарас тұрғысынан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің болашағы үшін ең маңыздысы эмоционалдық тұрақтылық болып табылады. А.Е. Ольшанникова эмоционалдық тұрақтылық жағымды эмоциялардың айқын үстемдігімен сипатталады деп санайды [2, 21 б.]. Осы гипотезаны дамыта отырып, Л.М. Аболин эмоциялардың белгісі мен қарқындылығы эмоционалдық тұрақтылықты анықтайтын шешуші көрсеткіш деген қорытындыға келді. Автор атап өткендей, жағымды, қарқынды эмоциялардың басым болуы спортшының қиын бәсекелестік жағдайларда пайда болатын жағымсыз ойларды жеңу қабілетін көрсетеді және эмоционалдық тұрақтылықты анықтайтын факторлардың бірі болып табылады [3, 36 б.].

Күрделі, педагогикалық маңызды мәселе - бұл мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті, адам субъективті түрде бастан кешіретін жағдай ретінде, серіктестің қарым-қатынастан бас тартуы, оның әрекеттері, мәтінді (хабарламаны) түсінбеуі, серіктесті түсінбеуі, коммуникативті жағдайдың өзгеруі, өзінің психикалық жағдайы және т. б. салдарынан жоспарланған қарым-қатынасты жүзеге асырудағы «сәтсіздік» жағдайы т.б. қарым-

қатынастағы қиындықтар немесе «кедергілер». А.К. Маркова қиындықтар қарым-қатынастағы үзіліс немесе тоқтату, оны жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда туындайтындығын атап өткен. С.Л. Рубинштейннің пікірі бойынша, белсенділік кезінде қиындықтың пайда болуы және оны түсіну мәселенің пайда болу шарттарының бірі болып табылады, ол ойдың пайда болуы мен қозғалысының алғышарты мен негізі болып табылады, пайда болған қиын жағдайдан шығудың жаңа құралдары мен тәсілдерін табуы педагогикалық қызметте адамның интеллектуалды белсенділігін белсендіру факторы ретінде қарастыруға болады [4, 345 б].

Е.В. Цуканованың зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бірлескен іс-әрекеттегі, қарым-қатынастағы қиындықтар, кедергілер, мінез-құлықта, қарым-қатынас жағдайы мен іс-әрекетте, байланыс орнату және қолдау ерекшеліктерінде, қарым-қатынаста адамдардың психологиялық ахуал деңгейінде, олардың эмоционалдық күйінде көрініс табады. Қиындықтар осы жоспарлардың бірінде, көбінесе бірнешеуінде бір уақытта көрінуі мүмкін.

Н.В. Кузьмина, А.А. Леонтьев, А.К. Маркова, В.А. Кан-Калик, Е.В. Цуканова, В.В. Рыжов, Л.А. Поварницын және т.б зерттеушілердің жұмыстары осы кедергілердің оқу іс-әрекеті үшін маңыздылығын зерттеуге арналған. «Қиындық», «кедергі» - бұл белгілі бір күрделілік, ерекше, стандартты емес, қарама-қарсы жағдайды субъектінің уайымдайтын субъективті білімі екенін айта кету керек.

7. Авторизациялаудан өтпеген дүкендердің қосымшаларын телефоныңызға жүктемеңіз және құпиялылық талаптарын мұқият бақылап отырыңыз;
8. Файлдардың сақтық көшірмесін жасауды ұмытпаңыз.

Ата-аналардың алдына бірнеше құралдар таратылады. Осы құралдарды пайдаланып ата-аналар фактчекинг дайындайды. Фактчекинг дегеніміз қажетті дәлелденген мәліметтермен жұмыс жүргізу болып табылады. *(алдын ала ата-аналарға арнайы ресурстар таратылады: көпіршелер, стикерлер, скрепкалар, желім, түрлі-түсті маркерлер, қайшы т.б.)*

Ата-аналар өздері жасаған фактчекингті барлығына көрсетіп қорғайды. Жиналыс соңында сынып жетекшісі шешімді жариялап оқиды.

Шешімі:

- ✚ ата-аналарға цифрлық технологиялар мен оларды пайдалану туралы мәліметтермен ақпараттандыру;
- ✚ интернет пен цифрлық технологияларды қолдану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және әлеуметтік желілерде балалардың жеке өмірін қорғау әдістерімен танысу жұмыстарын жүргізу;
- ✚ балалардың қауіпті ойындарға тәуелділік тудырмауын, өмірлеріне қауіп төндірмеуін ата-аналар қадағалау.

Цифрлық гигиенаға байланысты балаларды қауіпті ойындардан қорғау, әлеуметтік желідегі тәуелділіктен арылту үшін ата-аналар жиналысын жасап хабардар ету маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1) <https://www.unicef.org/kazakhstan/kk/%D0%BA%D0%B8%D0%B1%D0%B5%D1%80-%D1%82%D2%B1%D0%BC%D0%B0%D1%80-%D3%99%D1%80%D0%B1%D1%96%D1%80-%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D0%B0-%D2%AF%D1%88%D1%96%D0%BD-%D2%9B%D0%B0%D1%83%D1%96%D0%BF%D1%81%D1%96%D0%B7-%D1%86%D0%B8%D1%84%D1%80%D0%BB%D1%8B%D2%9B-%D0%BA%D0%B5%D2%A3%D1%96%D1%81%D1%82%D1%96%D0%BA-%D2%9B%D2%B1%D1%80%D1%83>

- 2) <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdaury-183555>

ӘОЖ 37.026.9:371.3

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Абдибекова О.А. аға оқытушы

Болашақ Университеті

Аннотация Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – оқыту үрдісінде тиімді әдіс, оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін өзіндік зерттеу, талдау және шешім қабылдау дағдыларын жетілдіреді

Тірек сөздер: Оқыту сапасы, ойлау технологиясы, сын тұрғысынан қалыптасу.

Аннотация Технология критического мышления является эффективным методом в учебном процессе, повышает способность студентов самостоятельно учиться, анализировать и принимать решения

Ключевые слова: Качество образования, технология мышления, критическое формирование

Annotation The technology of critical thinking is an effective method in the educational process, it increases the ability of students to learn, analyze and make decisions independently

Key words: Education quality, thinking technology, critical formation.

Қазіргі таңда білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту уақыт қажеттілігі. Өйткені мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір мұғалім бағыт беруші де, оқушы белсенді роль атқарушы. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Яғни нені оқыту емес, қалай оқыту маңызды. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру технологиясын пайдалануды практикада жүзеге асыру керек. Солардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Бұл технология Қазақстанда 1997 жылы таныла бастады. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, яғни, RWCT жобасы 29 мемлекетте қолданылады. Технологияның негізін қалаушылар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға, ақпаратты талдай білуге, өзіндік пікір қалыптастыруға шешім қабылдауға бахытталған оқыту әдістемесі. Бұл технологияның мақсаты – оқушыларды дайын ақпаратты меңгеруден гөрі, оны сыни тұрғыдан сараптауға және дербес ойлауға үйрету. Мақалада сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі ерекшеліктері мен артықшылықтары, оны қолданудың тиімділігі қарастырылады.

Сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау - өзіндік ойлау. Сыни ойлау-сұрақ қоюдан және шешім талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі табады. Сыни ойлау - әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Сыни ойлаудың құрылымдық формуласы 3 кезеңнен тұрады:

I.-қызығушылықты ояту (көпір жасау, ой қозғау)

II.-мағынаны тану (мағынаны ажырату)

III.-ой толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады)

Құрылым былай болады:

Сабақ кезеңі тізбектей ғана емес, айналмалы циклді құрылым. Білім берудің маңызды шарты оқу үрдісінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлығын дамыту болып табылады. Ендеше, дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің көмегімен білім алса, сыни тұрғыдан ойлау сабағында оқушы білімге өзі жетеді, мұғалім тек

бағыт беріп отырады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданумен жүргізілетін сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни стратегияларында.

Сын тұрғысынан ойлау – бұл ақпаратқа сыни көзқараспен қап, они сараптау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеті. Бұл технологиясының басты ерекшелігі – оқушыларды ақпаратты сын көзбен қарауға, тексеруге, бағалауға және өзіндік пікірді дәлелмен қалыптастыруға бағыттау болып есептеледі. Бүгінде бұл педагогикалық технология білімді игерудің әмбебап құралы ретінде танылып, көптеген старде сәтте қолданылып келеді.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану дегеніміз оның дұрыс стратегияларын қолдану. Стратегия дегеніміз - философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы стратегияның әдіс-тәсілін дұрыс меңгерсе, сонда жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар шығармашылықпен әрекет етуге, ізденуге, жан-жақты ойлауға жол ашады. Стратегияларды оқушылардың жас ерекшелігіне қарай қолданған жөн. Бастауыш кластың оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай өз тәжірибемізде қолданып жүрген стратегияларға тоқталсам:

РАФТ стратегиясы кейіпкерге хат деп алуға болады. Музыка сабағында композиторға немесе шығарманың кейіпкеріне хат жазып ойын ұштату. РАФТ оқушылардың тілін дамытады ,қиялын өрбітеді, жазылым, айтылым дағдыларын қалыптастырады. Кез келген технология мұғалімнен терең теориялық білім мен педагогикалық шеберлік, ізденіс, психолог болуды талап етеді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының 60-тан астам стратегиялары бар:

Соның ішінде:

1.Топтастыру (топқа бөлініп жұмыс жасау арқылы бәсекелестікке түседі)

2.Венн диаграммасы (әр түрлі жанрдағы шығармалардың ортақ ұқсастықтары мен жекеленген айырмашылықтарын жіктейді)

3.Бес жолды өлең (үйренген әндеріне,оның авторына немесе тыңдаған музыкадан алған әсерін 5 жол ұйқас тіркесін құрастырып,суырыпсалмалыққа жетелейді)

4.Ой шақыру (жаңа тақырыпты хабарламай тірек сөздер,дәйек сөздер немесе ребустарды шешу арқылы өздері табады)

5.Семантикалық карта (2-3 шығарманы салыстыру арқылы кесте бойынша жұмыс жасайды)

6. 5-5-1 әдісі (шығарманың жалпы мазмұнын түйіндейтін 5 сөйлем,одан 5 сөз, одан түйінді 1 сөз тауып қорытындылайды)

7. Ой шақыру

8. Ой қозғау

Сын тұрғысынан ойлау технологиисының негізгі әдістері

Сын тұрғысынан ойлау технологии оқу процесса бірнеше маңызды әдістерді қолданады:

Миға шабуыл – оқушылардың жаңа идеяларды ұсыну қабілетін дамыту үшін.

Кластерлей – белгілі бір тақырыптағы негізгі ұғымдар мен идеаларды жүйелі түрде топтастыру.

ЖИГСО (Пила) – топтық жұмысқа негізделген әдіс, онда әр оқушы бір бөлігін үйреніп, они басқа оқушыларға түсіндіреді.

Сұрақ қою және жауап беру – оқу материалына терең бойлап, тақырыпты жан-жақты зерттеу үшін. Сын тұрғысынан ойлау технологиисының білім беру саласындағы тиімділігі технологиинң оқыту сапасын арттырудағы тиімділігі бірнеше аспектілерде байқалады:

Оқушылардың өзіндік ойлау дағдыларының дамуы. Оқушылар тек ақпаратты игерумен шектелмей, они саналы түрде қабылдап, түсініп, өз пайымын қалыптастыруға үйренеді.

Шығармашылықты дамыту. Сын тұрғысынан ойлау әртүрлі идеиларды зерттеп, я шешімдерді іздеуге мүмкіндік береді, бұл оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану барысында кейбір қиындықтар туындауы мүмкін. Мысалы:

Уақыт тапшылығы. Сабақ барысында барлық оқушыларға терең талдау жасау үшін жеткілікті уақыт беру қиын.

Мұғалімдердің дайындығы. Бұл технологияны нәтижелі қолдану үшін мұғалімдер арнайы дайындықтан өтуі керек.

Оқушылардың пассивтілігі. Кейбір оқушылар сын тұрғысынан ойлау әрекеттеріне қызықпайды немесе дайын емес болуы мүмкін.

Оқушылар сыни ойлау тұрғысынан кез келген мәселені шешу процесінде, шығармашылық қатынас жасауға қалыптасады. Осындай жұмыстарды дұрыс ұйымдастыра білсек оқушылар белгілі бір жетістіктерге жетеді:

1. Еркін ойлауға бейімдейді
2. Ақыл-ойын дамытады.
3. Шығармашылығын шыңдайды.
4. Ұжыммен жұмыс жасауға үйренеді.
5. Тіл байлығы артады.
6. Белсенді болады.
7. Өзіндік пікір айтуға дағдыланады.

Қазіргі таңдағы проблеманың бірі ұлттық оқу процесінде мәдениет үрдістерін өркениетті өмірмен байланыстыра отырып оқушыға берері мол мысалы:

1. Тақырыпты терең түсінуге үйретеді.
2. Тақырыпты тез түсінуге баулиды.
3. Қайталау арқылы жүйелеуге көмектеседі.
4. Пәнге қызығушылығын арттырады.

Сын тұрғысынан ойлау, бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданатын әдіс. Сын тұрғысынан ойлаудың негіздерін балалармен жұмыс барысында, қажетті дағдыларын дамыту мақсатында білім берудің ерте кезеңінен бастау керек. Оның ең оңтайлы тәсілі-балаларды ынталандыру. Сын тұрғысынан ойлаудың үрдісі былай қарастырылған:

- тиісті ақпарат жинау
- дәлелдемелер жасау
- шешім мен қорытынды түю
- ұсыныс жасау.

Сын тұрғысынан ойлаудың негізгі ерекшеліктері:

Ұтымдылық: ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу, себептерге негіздеу.

Сынаржақтылықтың болмауы: барлық қорытындыларды бағалау, баламалы нұсқауды бере білуге жол ашу.

Пайым: дәлелдердің деңгейі мен мазмұнын мойындау.

Тәртіп: тиянақты және жан-жақты болу.

Өзіндік сана сезім: эмоция мен көзқарастың, сенім мен болжамдардың субъекті екенін сезіну.

Сын тұрғысынан ойлау жұмыстарының бағыттары:

1. Бірінші кезең-проблеманы анықтау, негіздеу, болжамды ұсыну
2. Екінші кезең-ізденіс жоспарын құрастыру, мазмұнын ашу.
3. Үшінші кезең-ізденіс нәтижесін қорытындылау.

Әр мұғалімнің аса маңызды міндеттерінің бірі әр оқушының бойындағы қабілетті, икемділікті көре білу болып табылады. Ерекше қабілеттегі оқушылармен дамыта отырып жасалатын жұмыстарды атап көрсетсек:

Тапсырмалары нақты болу.

Интеллектуалды дамуына ықпал ететін тапсырмаларды таңдау.

Белсенді, тынымсыз еңбек ету.

Әзілдесе білу

Өзіндік пікірін туғызу

Өзіндік дүниетанымдық көзқарасын туғызу.

Сын тұрғысынан ойлайтын оқушының да, мұғалімнің де мінез құлықтары ерекше болады. Олардың жеке сезімдері басым, ерікті, өзіне сенімді жоғары ақыл иелері. Сын тұрғысынан оқыту күштеп немесе зорлықпен әрекет ету емес. Керісінше жаңашыл, сынағыш адамдардың жеке басын құрметтеу. Мұғалім оқушылардың дайындығын қалыптастырып, жетілдіру мәселесі педагогикалық-психологиялық, әлеуметті мәдениеттілік, ғылыми өндірістік біріңғай толық білім жүйесі болып саналатын кешенді үрдіс.

Мұғалімнің зерттеу іс-әрекеті кәсіби шеберлікті арттырудың қажетті шарты. Ол үшін ең алдымен өзін-өзі зерттеуді, өз жұмысын талдауды, қолданыстағы оқыту әдістерінің тиімділігін кең тұрғыда ұғыну керек. Осы озық технологияларды дұрыс қолданудың нәтижесінде қоғамымызға білімді, тәрбиелі, саналы ұрпақты тәрбиелеп дайындауда әр мұғалім өз шеберлігін шыңдап, шығармашылықпен жұмыс жасауы керек.

«Әр бала бір жұлдыз. Жарқырауына жәрдем бер» - деген нақылды ұстанып, әр баланың қалаған ісін таңдауына, өз ойын ашық айтуына, еркін сөйлеуге мүмкіндік жасауға аса көңіл бөлу керек.

Сонымен сын тұрғысынан ойлау-білім беруді дамыту үшін ең маңызды болып табылатын педагогикалық түсінік.

Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауды көздейді.

Қорытынды:

Сын тұрғысынан ойлау технология – оқыту үрдісінде өте тиімді әдіс, ол оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін, өзіндік көзқарастарын дамытуға септігін тигізеді. Бұл технология арқылы оқушылар тек білім алып қана қоймай, өзіндік зерттеу, талдау және шешім қабылдау дағдыларын жетілдіреді. Оқушылардың өмірге бейімделуі мен өмір бойы білім алу қабілеттері сын тұрғысынан ойлау арқылы қалыптасады. Осылайша, сын тұрғысынан ойлау технология заманауи білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М.М. Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушының дамыту құралы ретінде» Алматы-2006ж. 11 б

2. М.М. Жусупова, З.Б. Максимова «Жаңа технология-заман талабы» Ақтөбе-2021ж, 13б

3. Музыка: Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған (Құлманова Ш.Б., Сүлейменова Б.Р., Т.Тоқжанов) – Алматы: Атамұра, 2022 Электронды нұсқада.

ӘОЖ 378.145

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Ерназарова Гульбаршын Шаршыбековна

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы

Әділханова Айнұр Баққожақызы

ПМНО-23-3М(з) оқу тобының магистранты

guliya-09@mail.ru

Аннотация: мақалада бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары қарастырылады. Оқушы құзыреттілігінің негізгі түрлеріне талдау жасалынады. Олар: денсаулық сақтау құзыреттілігі, коммуникативтік құзыреттілік, қатынас құзыреттілігі және әлеуметтік, шығармашылық құзыреттіліктер.

Тірек сөздер: Оқушы құзыреттілігі, денсаулық сақтау құзыреттілігі, коммуникативтік құзыреттілік, қатынас құзыреттілігі, әлеуметтік, шығармашылық құзыреттілік, шығармашылық әрекет, оқу мақсаттары, табыс ситуациясы, интеллектуалдық шиеленіс, өзіндік жұмыстар.

Аннотация: В статье рассматриваются педагогические условия развития коммуникативной компетентности младших школьников. Проводится анализ основных видов компетенций учащихся. Это: здоровьесберегающие компетенции, коммуникативные компетенции, коммуникативные компетенции и социальные, творческие компетенции.

Ключевые слова: компетентность ученика, здоровьесберегающая компетентность, коммуникативная компетентность, коммуникативная компетентность, социальная, творческая компетентность, творческая деятельность, цели обучения, ситуация успеха, интеллектуальная напряженность, самостоятельная работа

Abstract: The article examines the pedagogical conditions for the development of the communicative competence of younger schoolchildren. The analysis of the main types of students' competencies is carried out. These are: health-saving competencies, communicative competencies, communicative competencies and social, creative competencies.

Key words: student competence, health competence, communicative competence, communication competence, social, creative competence, creative activity, learning goals, success situation, intellectual tension, independent work

Бастауыш мектепте оқытушының танымдық іс-әрекет түрлерін таңдап, оны жоспарлап, ұйымдастыра білуі, құзыреттілігін қалыптастыру – қазіргі кездегі көкейтесті мәселелердің бірі. Оқытушының басқару іс-әрекеті өзінің және оқушының іс-әрекеттерін жоспарлаудан, осы іс-әрекеттерді ұйымдастырудан, оқыту сапасын талдаудан, оқушының жеке тұлғалық дамуын болжаудан, т.б. тұрады.

Оқушы құзыреттілігі – оның өзінің игерген білім, білік, дағдыларын белгілі бір жағдайда не оқу әрекеті барысында қолдана алуы, белгілі бір нәтижеге жетуі. Қазіргі ақпараттық қоғамда жеке пәндік құзырлық дағдыларды меңгеру жеткіліксіз. Енді осы жалпыланған нақты жағдайлармен мен мәселелерді шешуде түйінді құзыреттіліктерге айналуы тиіс. Бұл жағдайда білім, білік, дағдылар құзыреттілікті қалыптастырудың негізіне айналады. Бұл үрдіс келесі құзыреттіліктерді қамтиды. Денсаулық сақтау құзыреттілігі, коммуникативтік құзыреттілік, қатынас құзыреттілігі, және әлеуметтік, шығармашылық құзыреттілік. Аталған құзыреттіліктер қалыптасқан оқушы кез келген күрделі мәселелерді шешуде өздігінен шешім қабылдайды [1].

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды: **біріншіден**, кез келген бала адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақтаған тәжірибесін меңгертуге бағытталған оқу іс-әрекетінде білім, білік, дағдыларды қабылдауы арқылы болса; **екіншіден**, кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы; өзінің табысқа жету мүмкіндіктерін дамытады. Оқу іс-әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы: баланың өзін-өзі қалыптастыруын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдер іздеп, проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасауы туындайды.

Екі әрекетте оқушылар екі түрлі мүдделер көзделген мақсатты шешеді. Мысалы, оқу іс-әрекетінде белгілі дағдыны қалыптастыратын белгілі бір ережені меңгеретін жаттығулар орындаса, белсенді әрекеттерде баланың іздену жұмысы басты нысана болады. Оқу іс-әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, белсенді әрекет нақты жағдайды шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерін дамытады.

Бүгінгі таңда оқу тәрбие үдерісі барысында бастауыш сынып оқушыларының құзыреттілігін қалыптастыру жолдары ол жаңа технология элементтерін тиімді пайдалану, жаңа әдістер қолданылу, негізгі форма- сабақ барысында өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің

алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Атап айтар болсақ: Дамыта оқыту технологиясы, моделдік оқу технологиясы, ақпараттық технология және сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Бұл технологиялар білім беру деңгейінде төмендегі негізгі талаптарға сәйкес болуы керек.

- Оқу үрдісінде білім алушылардың өздерін еркін сезінуіне жағдай туғызу, денсаулықтарына кері әсерін тигізбеу;
- Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, күтілетін нәтижелерге жетуге талаптандыру;
- Жеке тұлғаны дамытуға бағытталған әдіс – тәсілдерді қолдану;
- Өз бетімен жұмыс істеп, шешім қабылдауға мүмкіндіктер туғызу[2].

Осы аталған талаптардың бәріне жауап бере алатын технологиялардың бірі ол дамыта оқыту технологиясы. Жалпы «дамыту», «даму» терминдеріне баланың белгілі мөлшерден шығып, саналы іс - әрекет сатыға ауысуы деп анықтама беріледі. Дамыта оқыту технологиясын көрнекті ғалымдар Л.С. Вготский, М.Я. Лернер, Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Д.Б Эльконин толық зерттеп, дәлелдеген [3, 4].

Оқушы құзыреттілігін қалыптастыруда мұғалімнің басты міндеті оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру. Сол арқылы өз іс-тәжірибесінде қалай қолданатынына көңіл бөлу сондай - ақ оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау, дара тұлғалық адамгершілік нормаларын меңгерту, және оқу барысында баланың бойындағы дамуды қалыптастыруды дағдыға айналдыруға көңіл бөлу керек бұл оқушының сезіміне әсер етіп қана қоймай баланың логикалық ойын дамытуға да үлкен әсер етеді.

Сондықтан сабақ барысында:

1. Оқу мақсаттарының нақты қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірге қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде ғана болады. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын дәлелдей білуге үйретіліп, әр оқушыға өз ойын, өз пікірін айтуға мүмкіндік беріледі.

Оқу үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тағы бір тиімді жолы ол оқу мәтінін қою сабағында

1. Табыс ситуациясын тудыру кезеңінде оқушылар өз жетістіктеріне көз жеткізеді, яғни білетіндері сараланады. Осы кезеңде оқушылардың ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері дамытуға көрініс береді.

2. Интеллектуалдық шиеленіс кезеңінде оқушылардың ізденіс зерттеу әрекеттерін ұйымдастыруда салыстырады, топтардың жауаптары тыңдалып, шешімдері тыңдалады. Осылайша сабақ мақсатын оқушылар өздері айтады. Бұл кезеңде оқушылар алдарына қойылған проблемаларды анықтап, топтың шешімі арқылы мақсат қояды. Яғни, проблемалық құзыреттіліктері қалыптасады.

3. Оқу міндетін қою кезеңінде жеткіліксіз білімдерін өздері меңгереді. Оқулықтан тиісті ақпаратты тауып, қажеттісін сызба арқылы береді.

4. Оқу міндетін шешу амалдарын іздестіруде практикалық жұмыстарды топ өздері орындайды, қиындықтарды анықтап, шешімін айтады.

5. Қорытынды рефлексия кезеңінде әр топ, әр оқушы өз түсінігіне талдау жасап, өмірде қолданылу аясын айтады. Келесі сабаққа міндет белгілейді.

Осындай бастауыш сынып оқушыларының құзыреттілігін қалыптастырудың тағы бір тиімді жолдарының бірі ол өзіндік жұмыс арқылы.

В.П.Стрезикозин мен Б.П.Есипов оқушылардың өзіндік жұмысын үшке бөледі:

1) жаңа білімді қалыптастыруда жүргізілетін өзіндік жұмыстар;

2) іскерлік пен дағдыны қалыптастыру бағытындағы жүргізілетін өзіндік жұмыстар;

3) білім, іскерлік пен дағдыны қайталап тексеру бағытындағы жүргізілетін өзіндік жұмыстар. Өзіндік жұмысты біртіндеп көшірмелі, өзгермелі, шығармашылық тұрғыда ұйымдастыра білу тиімді нәтиже береді.

Н.Г. Дайридің пікірінше оқушылардың оқу әрекетінің сапасына баса назар аудару қажет. Бүгінде нәтижеге бағытталған білім беруде бұл идея жүзеге асырылуы тиіс деп ойлаймыз. Өйткені, білім сапасы оның нәтижелігінің көрсеткіші болып табылады [5].

Жоғарыда айтылғандай жеке тұлғаны дамытудың педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптасыруға, танымдық әрекетке қызығуды туғызуға, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруына мүмкіндік береді. Өздігінен орындайтын жұмыс арқылы меңгерген пәндік білік дағдылар ойлау операцияларын дамыту нәтижесінде оқушылар құзыреттілігін қалыптасыруға ықпал етеді.

Оқу тәрбие үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың алғы шарты ретінде, әрекетін ұйымдастыруда өзіндік жұмыстардың да төмендегідей мүмкіндіктерін анықтауға болады:

- оқушының логикалық ойлау қабілетін дамытады;
- жеке тұлғаның бойында дербестік, белсенділік, ерік, жауапкершілік, мақсаттылық, сияқты қасиеттерді тәрбиелейді;
- пәндік білім, білік, дағдыларды қалыптастырады;
- оқушының алған білімдерін оқу және өмірлік жағдаяттарда қолдануда болатындай ізденімпаздық дағдыларын қалыптастырады;
- оқушыларды өзіндік жұмыс кезінде нәтиже шығаруға жетелейді;
- оқушылардың құзыреттіліктерін дамытады.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: « Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады.» Мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы айтылып кеткен құзыреттілік арқылы айқындалады. Құзыреттіліктің мазмұны жеке кәсіптік, интегралдық сипаттама ретінде төмендегі қызметтерді жүзеге асырумен анықталады.

Болжау

Ұйымдастыру

Бақылау

Реттеу

Үйлестіру

Сәйкестендіру

Белсенділігін арттыру

Зерттеу

Оқыту формасында оқушының өз еркімен білім алуына, материалды ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет. Оқушы қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл-қабілеті дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдарын ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктер арқылы іске асыруға болады.

Мен бұлардың бәрін іс жүзінде қолдану үшін сабақ барысында әр түрлі әдістер қолдана отырып оқытып, сабаққа дайындалған кезде ең алдымен сабақтың мақсатын анықтап іріктеп аламын. Содан кейін қандай нәтиже беретінін әртүрлі іс-шараларды өткізгенде байқаймын. Бұл формалар арқылы оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын тексеру үшін сабақтарымда әртүрлі белсенді тапсырмаларды енгізе отырып және бақылау жұмыстарын ұйымдастырып, оқушының өз ойын айқын, түсінікті жеткізе білуге, тілдік қабілеті дамыған дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жиенбаева С. “Технология” оқу–әдістемелік кешеннің жаңа бағыттары: (Оқу үрдісінің жаңа әдістері) // Қазақстан мектебі. №10 / 2011. 34-38 б.
2. Занков Л.В.. Обучение и развитие. М Педагогика, 2008. 440 б.
3. Эльконин Д. «Дамыта оқыту технологиясы//Педагогикалық шығармалар, 2008. 336
4. Рахматулина Г. Технологияларды пайдалану арқылы сабақтың тиімділігін арттыру // Казахский язык и литература в русской школе. №4/2009. 29-35 б.
5. Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Мамандыққа кіріспе //Педагогика. 2000. 144 б.

ӘОЖ 390.2

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҚТАРЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Оспанбаева Айман Рахметиллаевна

Ospanbayeva@bk.ru

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің» аға оқытушысы

Курманбаева Б.Т.

№2 «Айсұлу» бөбекжай бақшасы

Тараз,Қазақстан

Аннотация: В этой статье рассмотрено раздвижные-игры которые играют в детском саду формирование его принципиальности в развитии ребенка

Annotation: In this article, the formation of ego principle in the development of the child is considered.

Key words: Sports games, folk games, preschool games

Ключевые слова: Раздвижные игры, народные игры, дошкольники

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар - адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгертудің қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін дамытып, білім мазмұнының ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.

Жаңа білім парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыруды көздейді. Соңғы жылдары оқу-тәрбие процесіндегі жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқытуға үлкен мән берудің өзі еліміздегі өзгерістердің маңыздылығын көрсетеді.[1.2, 4.8б].

Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның танымдық бағыттылығын қалыптастыру - оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттегі шығармашылық қызығушылығына тікелей байланысты. Танымдық қызығушылық – тұлғаның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылады. Себебі өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттар арқылы ғана іс-әрекетке тұрақты шығармашылық қызығушылық нәтижесінде танылып, болашақта өміршең дамуына мүмкіндік алады.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыруға қоғамның сұранысы мен бұл мәселенің мектептегі қазіргі жағдайымен қоғамдық сұраныс арасында бастауыш сынып оқушыларының дүниетану сабағында танымдық қызығушылығын қалыптастыру қажеттігі мен бұл салада арнайы жасалған ғылыми - әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы арасында қайшылықтар бар екені байқалады.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру туралы мәселе тамырын тереңге жіберіп, көне заманнан бастау алады. Ал Ежелгі Рим философтарының түсіндірулерінде білімді игеруде шәкірттердің белсенді танымдық қызығушылығы айтарлықтай рөл атқарады деген пікір айтылады. Оқытуды күшейту құралы ретіндегі оқушылардың танымдық ізденімпаздығы туралы пікір ұлы чех педагогы Я.А.Коменский, К.Д.Ушинскийдің еңбектерінде, балалардың қызығушылықпен ойлануын жандандыратын оқыту әдістемесі айтарлықтай.

Г.Ибраеваның еңбегінде педагогика ғылымының докторы, профессор оқушылардың білімге деген қызығуларын үш топқа бөліп қарастырады.

- Қызығудың анық емес түрі
- Кең тарапты қызығу
- Негізгі тұрақты қызығу

Сонымен оқу жұмысының жемісті болуы, ең алдымен балада білімге деген қызығушылықты туғызуға байланысты. Оның өзі оқуға талаптанбаса, күшпен зорлап оқытуға болмайды. Қызығуды туғызу үшін оқушыларға берілетін білімнің мақсаты мен қажетін түсіндіріп, оларға нақты оқу міндеттерін қойып және анықтап беру қажет.

Сыныптан тыс танымдық іс-әрекет шеңбері оқушылар сабақта алған білімдерін кеңейтетін, қоршаған өмірге қызығуын дамытатын мәселелерді қозғайды. Танымдық іс-әрекетте коллективтік және жеке жұмыс формаларын бөліп қарайуға болады. Коллективтік сыныптан тыс танымдық іс - әрекетте балалар коллективі мүшелерінің алдына жалпы танымдық міндеттер қойылады.[3,4, 4б.10б].

Олардың танымдық қызығуын талдау нәтижесінде В.С.Сухомлинский әр баланың ойы өзіндік жолмен дамиды, олардың әр – қайсысы өзінше ақылды да дарынды деген болатын.

Оқу оқыту процесіндегі оқушылардың іс-әрекеті. Оқыту процесінің логикасы оның құрылымын анықтайды, ал құрылымына оқыту процесінің звенолары танымдық іс - әрекетінің кезеңдері кіреді.

- таным міндеттерін жете түсіну;
- жаңа материалды қабылдау;
- ұғыну – жаңа оқу материалдарын түсініп жинақтау процесі білімді, іскерлікті және дағдыны бекіту және жетілдіру;

Қызығушылықты дамытуда өнер – білім рөлінің әрқашан жоғары екендігі туралы кезінде Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевта айтып өткен. Егер А.Байтұрсынов «балаларды қинамай, оңай оқыту керек. Қиналмай оқыса, оқуға балалар қызығушылықпен оқиды», - деп жазса, Ж.Аймауытов «оқытуда қызығусыз үлкен нәтижеге жетпейміз. Бойдағы ынтаны қызығуды қоздырып, кейбір нәрсеге ынтаны қолдан жасап еріксіз шақырамыз»-деп, оқушылардың ынтасын оятып, қызығушылығын қозғау керектігіне баса назар аударды.

Қызығушылық мәселесі Г.К.Байделдинова, А.О.Қараханова, С.А.Жолдасбекова, т.б. еңбектерінде де белгілі дәрежеде зерттелген [7, б.180].

Танымдық қызығушылық танымдық іс-әрекеттің әртүрлі саласын қамтиды. Ол қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың әртүрлі жақтары туралы хабарларды білуге байланысты кең, күрделі, тар сипатта болуы мүмкін. Әрине, әртүрлі іс-әрекет түрімен айналысқан адамның танымдық қызығушылығы кең болатыны айтпаса да түсінікті.

Олай дейтініміз, бұл процестердің ешқайсысы өздігімен жеке қызығушылық тудыра алмайды. Эмоционалдық факторлардың болуы қызығушылық затын тартымды етеді, ал қызығушылықтың интеллектуалдық және еріктік сәттермен байланысты болуы оған танымдық бағыт береді. Осылайша қызығушылық жеке бастың болмысқа танымдық көзқарасын анықтайды.

Бастауыш мектеп балаларының танымдық қызығушылығын қалыптастырудың мүмкіндіктері

Оқушылардың танымдық қызығушылық саласында жарық көрген педагогикалық зерттеулерге жасаған талдау жеке тұлғаның меңгерген білімі оқушылардың жалпы дамуының көрсеткіші бола алады деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Мұндай пайымдамаға негіздер аз емес:

- танымдық қызығушылық негізгі іргелі іс - әрекетпен оқумен, танымдық іс - әрекетпен байланысты, өйткені олардың адамды дамытудағы ықпалы аса зор;
- танымдық қызығушылық адамның белсенділік, дербестілік сияқты жеке тұлғалық қасиеттерімен әрекеттестікте болады, өйткені оның ықпалында адамның өзі де дамиды және осы қасиеттердің дамуына да әсерін тигізеді;
- танымдық қызығушылық оқушының оқып - білу мақсатында таңдаған пәні мен іс-әрекеті мазмұнына деген көзқарасын айтарлықтай айқын көрсетеді. Бұл көріністен оқушының даму деңгейімен қатар, оның болашағы туралы да пікір айтуға болады.

Зерттеушілердің көптеген бөлігі танымдық қызығушылықты іс - әрекеттің мотиві ретінде қарастырады.

- адамның қоршаған ортадағы құбылыстарды және объектіні тану бағыты ретінде;
- жеке адамға қанағат әкелетін іс-әрекетпен айналуға деген негізгі ой, мақсат, тырысу қажеттілік ретінде;
- жеке бастың белсенділігін талпындырушы ретінде, соның әсерінен адамның барлық психикалық процестері қарқынды өтеді, ал іс-әрекеті нәтижелі және қызықты болады
- ең соңында, қоршаған ортаға, оның құбылыстарға, процестерге ерекше таңдамалы қатынас ретінде қарастырады. Оқушылардың танымдық қызығушылығының тағдыры мұғалімдердің қолында екендігін көрсетеді. Ол оқу пәндеріне деген саралы көзқарас, ең алдымен мұғалімге, оның жеке басына және шеберлік дәрежесіне байланысты екендігін, сондай-ақ мына жәйттерді де ескеру қажет екендігін ескертеді:

- танымдық қызығушылық – жеке адамның ішкі процесі және ол танымдық процестердің (қабылдау, зейін, ес, қиял, ойдау) дамуымен байланысты;

- оқушыны оқытудың әртүрлі жақтары қызықтыруы мүмкін.

Педагогикалық зерттеулерде танымдық қызығушылық мектеп оқушыларының жалпы дамуының өлшеуіші қызметін атқарады деген де пікірлер бар. Өйткені:

- танымдық қызығушылық оқыту және танымдық іс-әрекетпен тығыз байланысты, олардың адам дамуындағы әсер ықпалы зор;

- Танымдық қызығушылық жеке адамға тән белсенділік қасиетімен және дербес жұмыс істей білу қабілетімен байланысты.

Оқу материалының түсініктілігі, мазмұндылығы, оқытуды ұйымдастырудағы тиімді тәсілдер, мұғалім мен оқушы арасындағы жылы көзқарас оқушылардың оқуға танымдық қызығушылығының қалыптасуына үлкен жәрдемін тигізеді.

Танымдық қызығушылығы оқу әрекетінің себеп – салдары (мотив) ретінде ішкі ынтаға байланысты жеке тұлғаның қажеттілігінен туындайды.

Оқыту әдістері, тәсілдері және құралдары туралы ұғым. Әдіс-оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе- оқушылардың танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Тәсіл оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқушылардың мұғалім көрсеткен іс-қимылдарды қайталауы, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады.

Оқыту тәсілдерінің түрлері:

- ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;

- мәселелі жағдаят тудыруға көмектесетін тәсілдер;

- оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;

Сонымен тәсілдер оқыту әдістерінің құрамына кіреді, әдістің жүзеге асуына көмектеседі.

Оқыту әдістерінің басты қызметі оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Оқыту құралдары білім алу, іскерлікті жасау көзі. Олар: көрнекі құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары.

Оқыту әдістері және оларды жіктеу мәселесі. Әдістер белгілі бір негіз бойынша топтарға бөлу оқытудың алдында тұрған міндеттермен сәйкестендірілген.

М.И.Махмутов оқыту әдісіне сәйкес келетін оқу әдістеріні іріктеген.

Оқыту әдістері: а) ақпарат беру әдісі, ә) түсіндіру әдісі, б) ынталандыру әдісі, в) тәжірибелік әдіс.

Балалар ертегілерді, аңыздарды, әдеби шығармаларды, өмірден алынған оқиғаларды сахнаға лайықтап қойып, өздері түрлі рөлдерде ойнайды. Танымдық қызығушылықтың қалыптасуы оқушының ой-санасын дамыта түсуге, меңгерген білімін өмірге үйлесімді пайдалануға, тиісті мәселені терең ұғынып «Тіл – адам жанының тілмашы» (М.Жұмабаев) екендігін мойындауға жол ашады;

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы. Алматы, 2006.
2. Қазақстан Республикасы жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. Алматы, 2002.
3. Сабыров Т. Слагаемые педагогической технологий. –М.: «Педагогика», 2015ж. 21-38 бет.
4. Я.А.Коменский, К.Д.Ушинскийдің А. Педагогика . – Алматы : Дарын , 2014.
5. Г.Ибраева Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудағы инновациялық технологиялар. Алматы., 2014.

ӘОЖ 378.146

«ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС», «СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ МӘНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Ерназарова Гульбаршын Шаршыбековна

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы

Қабден Нұрайым Сәбитқызы

ПМНО-23-3М(з) оқу тобының магистранты

gulya-09@mail.ru

Аннотация: мақалада «пәнаралық байланыста сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» түсінігін нақтылау мақсатында «пәнаралық байланыс», «сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні мен құрылымы айқындалған. Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріндегі осы түсініктерге жасалған талдауларға тоқталады.

Тірек сөздер: пәнаралық байланыс, сөйлеу дағдылары, интеграция, пәнаралық іскерліктер, шығармашылық іскерліктер, білім мен дағдылар, мәтін құру, мәтінді талдау, мәтінді салыстыру, өңдеу, қайта жөндеу, өз ойынан мәтін құрастыру, мәтін.

Аннотация: В статье определены сущность и структура понятий «межпредметная связь», «речевые навыки «с целью уточнения понятия» формирование речевых навыков в междисциплинарной связи». Остановится на анализе этих понятий в трудах зарубежных и отечественных ученых.

Ключевые слова: междисциплинарная коммуникация, речевые навыки, интеграция, междисциплинарные умения, творческие способности, знания и навыки, создание текста, анализ текста, сравнение текста, обработка, перестройка, составление текста из собственного мышления, текст.

Abstract: the article defines the essence and structure of the concepts of "interdisciplinary communication", "speech skills" in order to clarify the concept of "formation of speech skills in interdisciplinary communication". Focuses on the analysis of these concepts in the works of foreign and domestic scientists.

Keywords: interdisciplinary communication, speech skills, integration, interdisciplinary skills, creativity, knowledge and skills, text creation, text analysis, text comparison, processing, restructuring, composing text from one's own thinking, text.

«Пәнаралық байланыста сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» түсінігін нақтылауда «пәнаралық байланыс», «сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні мен құрылымын айқындаймыз. Ол үшін ғылыми ілімдер, пікірлер мен тұжырымдарға талдау жасайтын боламыз.

«Пәнаралық байланыстар» терминін анықтауда жалпы зерттеушілер әр түрлі көзқараста болды, көбінесе бұл түсінікті, бірнеше мәнде түсіндіреді (оқыту жағдайында, жүйелік бөлігінің ұстанымында және құрамында, жүйесінде т.б.), бұның себебін біз әр ғылым саласындағы терминдерді жүйесіз пайдалануда деп есептейміз, оны пәнаралық байланыстардың өзінің көп қызметтік сипатының нысанды түрде орын ала алмағандығынан деп санаймыз. Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте: «пәнаралық байланыс – тәрбиемен оқытуға кешенді көзқарасты көрсетеді, олар білім беру мазмұнының негізгі элементтерін де, пәндер арасындағы қатынасты да ажыратуға мүмкіндік береді. Пәнаралық байланыс

білім алушылардың білімін қалыптастырады, гносеологиялық мәселелерді ашып көрсетеді, онсыз ғылым негіздерін жүйелі түрде игеру мүмкін емес. Пәнаралық байланыс оқушыларды жалпы ғылыми сипаттағы танымдық әдістермен (абстракция, модельдеу, аналогия, жалпылау және т.б.) жұмыс істеуге дағдыландырады», - деп анықтама берілген [1, с. 35]. Пәнаралық байланыстарды дидактикалық шарт деп түсіну кең таралған, ол тек қана оқушылардың білім жүйесін қамтамасыз етіп қоймай, оның танымдық қабілеттілігін, белсенділігін, мүдделерін, ойлау әрекетін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, байланыстарды оқулық бағдарламалардың және пәндер бойынша оқулықтардың үйлесімділігін қамтамасыз ететін құрал ретінде түсінетін тар әдістемелік түсінік орын алған.

Жалпы көптеген зерттеулерге сүйене келе, пәнаралық байланыста оқыту мәселесі оқыту үдерісінде оқушылардың білім жүйесін дамыту ретінде ғана емес, сондай-ақ білім беру жүйесінің сатылары ретінде қарастырылады. Олай болса, біз оқу үдерісіндегі білім сапасын арттыруда пәнаралық байланысқа басымдық береміз. Ендеше, «пәнаралық байланыс» ұғымының мәнін аша отырып, талдау жүргізейік.

Оқушылардың білім беру жүйесін қалыптастыру және оқу үдерісінің тұтастығын қамтамасыз ету үшін оқу пәндері арасында байланыс орнатудың қаншалықты маңызды екенін Я.А.Коменский өзінің «Таңдаулы педагогикалық шығармалар» (Москва, 1954) атты еңбегінде: «...өзара байланыста болатындардың барлығы сондай байланыста оқытылуы тиіс» - деп көрсетті [2, с. 287].

Пәнаралық байланыс идеясын дамытуға ары қарай көптеген педагог, психолог ғалымдар (И.Г. Пестолоцци, К.Д.Ушинский, Н.К.Крупская, В.Н.Максимова, И.Д.Зверев, М.М.Левина т.б.) үлес қосты. Олардың зерттеулерінде пәнаралық байланыстың мәні, оны жүзеге асыру жолдары, ортақ түсініктер, пәнаралық байланыстың қызметі, пәнаралық байланыстың психологиялық- педагогикалық негіздері зерттелді. И.Г.Пестолоцци дамыта оқытудың идеяларын насихаттай отырып, оқу пәндерінің өзара байланыстарының көп түрлілігін ашты. Ол келесі талаптарға сүйенеді: «Өзінің сана-сезімінде барлық өзара байланысты заттарды олардың табиғатта шын мәнінде болатын байланысына алып келеді».

Онда жоғарғы сыныптарда бір пәннің келесі пәнмен байланысының үзілуі қауіпті деп атап көрсеткен [3,с. 175].

К.Д.Ушинский әртүрлі оқу пәндерінің жалпы ұғымдары мен жетекші идеяларды анықтау арқылы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру жолдарын әзірлеп оның дүниетанымдық негіздемесін анықтап, «әрбір ғылымға тән болатын арнаулы түсініктерден басқа, көп ғылымдарға, ал кейде барлық ғылымдарға жалпы болатын түсініктер бар» - деп тұжырымдады [4,с. 35]. Зерттеушінің тұжырымдамасынан, жалпы ұғымдар арқылы пәндер арасындағы байланысты жүзеге асыру білімді тереңдете отырып дүниетанымдық жүйеге айналдыруға және оқушының ойлау мен сөйлеу дағдысын қалыптастыруда белгілі бір пәнаралық үйлесімділікті құрайтындығын пайымдауға болады.

Елімізде пәнаралық байланыс мәселесін алғашқы зерттеген ғалымдардың бірі А.А.Бейсенбаева болды. Оның докторлық диссертациясында: «пәндердің байланысы барлық жастағы оқушылардың білімін ізгілендіру мақсатында пәндер арасында байланысты орнатуға мүмкіндік жасау үшін қажетті шарт болып табылады» - деп тұжырымдайды [5,с.220]. Автор «пәнаралық байланыс», «интеграция» категорияларының қызметіне аса мән бере отырып: «...пәнаралық байланысты, яғни жеке пәндерге тән ортақ қасиеттерді білу, саналы меңгеру – оқушылардың білім танымының жоғары дәрежелігін көрсетеді, дүниетанымдық көзқарасының орнықты қалыптасу үдерісін танытады»; ал «...ғылымдар интеграциясы – бұл екі ғылым элементтерінің жайқосылуы емес, ол табиғат заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі», - деп анықтама береді [5,с. 439]. Ғалымның еңбегінен оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын, оқу үдерісінде ортақ пәнаралық ұғымдарды мағынасын білу сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда негіз болатынын байқадық. Д.С.Байғожанова өзінің еңбегінде: «Бастауыш мектепте информатика элементтерін пәнаралық негізде оқытуды жүзеге асыру оқушылардың информатика элементтерін оқып үйрену бойынша алған алғашқы білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және олардың сауат ашу, әліппе, ана тілі, қазақ тілі, математика мен бейнелеу өнері пәндерінен алған білімдерін нақтылап бекітуге мүмкіндік беретінін» пайымдады [6.37]. Ғалым 1-3 сыныптарда сабақтарда ақпараттық технологияларды қолдану және пәнаралық байланыс негізінде оқушылардың логикалық ойлауын дамыту жолдарын көрсетті. Автордың еңбегінен оқушы информатика элементтерін меңгере отырып басқа да пәндерге деген қызығушылықтары артатынын көреміз.

Д.Ж.Кішібаева пәнаралық байланысты жүзеге асырудың жолдарын: пәнаралық іскерліктерді, шығармашылық іскерліктерді талдау; пәнаралық байланыс негізінде шығармашылық іс-әрекетті мазмұндық аспектіде қамтамасыз ететін оқу материалдарын іріктеу; процессуалдық аспектіде жүзеге асыру; пәнаралық байланысқа негізделген оқытудың әдістері мен құралдар жүйесін тиімді пайдалану, - деп көрсетеді [7,б. 65]. Біз ғалымның ұсынған пәнаралық байланысқа негізделген оқытудың әдіс-тәсілдерін зерттеу жұмысымызда қолданатын боламыз.

Г.С.Квасных бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін пәнаралық байланыста қалыптастыруды ұсынды. Оның пікірінше, пәнаралық байланыстар оқу пәндерінің құрамы мен құрылымына әсер етеді, ал әр пән пәнаралық байланыстың (танымдық, лексикалық немесе тақырыптық) бір немесе бірнеше түрінің көзі болып табылады. Пәнаралық - бұл бірқатар пәндердің оқу материалын іріктеу мен құрылымына әсер ететін, оқушылардың білім жүйелілігін күшейтетін, оқыту әдістерін белсендіретін, оқытуды ұйымдастырудың кешенді формаларын қолдануға бағытталған, оқу процесінің бірлігін қамтамасыз ететін оқытудың заманауи принципі [8, 45].

Ж.М.Саурыкованың пікірінше: «...ортақ тақырыптар аясында жеке пәндердің сабақтарында пәнаралық байланысты пайдалану - оқушының білім алуға деген ынта-ықыласы мен қызығушылығын арттырады, олардың өзіндік құзыреттіліктерінің дамуына өзек болып, ықпал жасайтын тиімді жолдардың бірі ретінде маңыздылығы ашылды, дәлелденді», - деп қорытындылайды [9,б. 131]. Бұдан шығатын тұжырым жаңартылған білім

мазмұны жүйесінде пәнаралық байланысты ортақ тақырыптар арқылы жүзеге асыруда пәнаралық іскерліктер мен дағдыларды дамыту қажет.

Сондай-ақ С.Е.Қаңтарбай, Ж.А.Жүсіпова өз оқулықтарында пәнішілік және пәнаралық байланысқа негізделген әрекеттің ортақ тәсілдерін қалыптастыруда, яғни кез келген есеп, жаттығу, тапсырмаларды орындауға ортақ жолды қарастыруды көрсетті. Тәжірибеде кез келген әрекет, оның ішінде еңбек әрекетінің жалпы амалдық тәсілдерін қалыптастыру төмендегідей түрде жүзеге асырылады:

а) бастауыш сынып оқушыларында әрекеттің ортақ (сәйкестік) тәсілдерін пәнішілік байланыс арқылы қалыптастыру;

ә) бастауыш сынып оқушыларында әрекеттің ортақ тәсілдерін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыруды жүзеге асыру.

Бұдан қай мағынадағы түсінікті алып қарасақ та, пәнаралық байланысты ізденіспен жүзеге асырылатын, белгілі бір уақыт көлемін қажет ететін үлкен маңызға ие үдеріс екендігіне көзіміз жете түседі.

Шетел ғалымы А.Лианның көзқарасы бойынша STEM интеграциясы әртүрлі деңгейде мүмкін болатынын атап өтті, олар:

1. Пән: ұғымдар мен дағдылар әр пәнде жеке зерттеледі.

2. Пәнішілік: ұғымдар мен дағдылар әр пәнде жеке зерттеледі, бірақ ортақ тақырып аясында.

3. Пәнаралық: білім мен дағдыларды тереңдету мақсатында екі немесе одан көп пәндерден тығыз байланысты ұғымдар мен дағдылар зерттеледі.

4. Пәнаралық: екі немесе одан да көп пәндер бойынша алған білімі мен дағдылары нақты тапсырмалар мен жобаларға қолданылады, бұл оқу тәжірибесін қалыптастыруға көмектеседі.

Мәтін арқылы бастауыш сынып оқушыларын жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйрету әдістемесін қарастырған ғалым Р.Ж.Базарбекованың еңбегінде:

«Мәтін – жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретудің негізі. Мәтін лингвистикалық бірлік ретінде сөйлемдердің мағына жағынан жүйелібайланысынан тұрады. Бастауыш сынып оқушыларын жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретуде мәтінге тән байланыстылық, жүйелілік, аяқталғандық, бөлікке жіктеушілік сияқты белгілерін оқыту қарастырылды». Бұданшығатын қорытынды, «мәтін құру» + «мәтінді талдау» + «мәтінді салыстыру» + «оны өңдеу» + «қайта жөндеу» + «өз ойынан мәтін құрастыру» сияқты тапсырмалар бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын дамытады. Сондай-ақ, автордың ұсынған танымдық, түзетуші және рефлексиялық жаттығулар біздің жұмысымыз үшін маңызы болмақ.

Бірқатар зерттеулер көрсетіп отырғандай: ойлау - заттар мен құбылыстар арасындағы ішкі байланыстарды талдауды, жинақтауды, салыстыруды білу және бұрын жинақталған білім мен жаңадан алынған ақпаратты жалпылауды меңгеру әрекеті; ал, сөйлеу – тіл арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынасты және ойлауды жүзеге асыру әрекеті.

Қорыта айтқанда, ғылыми еңбектерге жасалған талдау нәтижесінде, біз «пәнаралық байланыс», «сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні мен құрылымын анықтауда келесі қорытынды жасадық: бастауыш білім беру пәндерін пәнаралық байланыста оқыту тиімді, өйткені әр пәннің ұғымдарының заңдылықтарын, қатысымдық бойынша икемділік пен дағдының қалыптасу жолдарын білмейінше оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру дұрыс нәтижеге жете алмайды. Сондықтан оқушы пән ғылымын оқытудың психологиялық негізінің бірі ретінде тілді қабылдау, сезіну, дамыту деген ұғымдарды меңгеруі қажет. Сол арқылы ол оқытудың маңызын, жүйесін игереді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Загвязинский В.И., Закирова А.Ф. Педагогический словарь. – М., 2008. – 352 с.
2. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. – М., 1955. -656 с.

3. Песталоцци И.Г. Избранные педагогические произведения. – М.,1963. - Т. 2. - 568 с.
4. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. – М.: Наука, 1950. Т. 8. – 368 с.
5. Бейсенбаева А.А. Гуманизация образования старшеклассников на основе межпредметных связей: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 1996. – 394 с.
6. Байғожанова Д.С. Бастауыш мектепте информатика элементтерін пәнаралық байланыс негізінде оқыту әдістемесі: пед. ғыл. Канд.дис.:13.00.02. – Алматы, 2004. – 168 б.
7. Кішібаева Д.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс- әрекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру: пед. ғыл. канд дис.:13.00.01. – Алматы, 2006. – 160 б.
8. Доспенбетова А.Ш. Пәнаралық байланыстар негізінде оқушылардың экономикалық мәдениетін қалыптастыру. – Шымкент, 2017. – 192 б.
9. Фейзулдаева С.А. Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау: филос. док. (PhD) дис. – Талдықорған, 2019. – 163 б.

ӘОЖ 37.01:004

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Шынтаева Н. А. п.ғ.магистр

Рахыш Қ.Қ. 2 курс студенті

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті

nshyntaeva83@mail.ru

Аннотация: Мақалада бастауыш сыныпта оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың тиімді әдістері мен цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері көрсетіледі. Жаңа инновациялық әдістер негізінде оқушылардың қызығушылығын арттыру көзделеді. Оқу- тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында балалардың танымдық және шығармашылық белсенділігін ынталандыру жолдары, оқушылардың жан-жақты дамуына қосатын үлесі туралы қарастырылады.

Тірек сөздер: Ақпарат, цифрлы технология, үдеріс, оқушы, электронды оқулық, білім алушы, цифрлық білім беру ресурстары.

Аннотация: В статье отражены эффективные методы организации учебно-воспитательного процесса в начальной школе и возможности цифровых технологий. Предполагается повышение интереса учащихся на основе новых инновационных методов. В процессе организации учебно - воспитательной работы рассматриваются пути стимулирования познавательной и творческой активности детей, их вклад в всестороннее развитие учащихся.

Ключевые слова: Информация, цифровая технология, процесс, учащийся, электронный учебник, обучающийся, цифровые образовательные ресурсы.

Annotation: The article reflects effective methods of organizing the educational process in primary schools and the possibilities of digital technologies. It is supposed to increase the interest of students on the basis of new innovative methods. In the process of organizing educational work, ways to stimulate cognitive and creative activity of children, their contribution to the comprehensive development of students are considered.

Key words: Information, digital technology, process, student, electronic textbook, student, digital educational resources.

Цифрландыру дәуірінде Интернет желісін пайдалану, мобильдік байланыс құралдарын, электрондық құрылғылар мен мобильдік қосымшаларды қолдану оқушылар

үшін бастауыш мектептен бастап-ақ қажеттілікке айналып отыр және бұл нормативтік құжаттарда қажетті талап ретінде қарастырылып отыр.

Қазіргі балалардың компьютерлік сауаттылық негіздерін құлшыныспен меңгеретіні туралы қазақстандық зерттеушілер А.Бактыбекованың, М.С.Муканованың және Ш.Т.Ержанованың пікірлерімен келісеміз. Олар киберкеңістіктерде өздерін өте еркін сезінеді, жаңа технологиялар мен мүмкіндіктер туралы олар пайда болған сәттен бастап біліп отырады [1,7 б].

Цифрлік сауаттылық - бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білім.

Заман талаптарына және мектеп оқушыларының қазіргі буынының ерекшеліктеріне байланысты Қазақстан Республикасының бастауыш жалпы білім беру мемлекеттік стандартынан туындайтын басты талаптардың бірі – бастауыш мектепте ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың цифрлық сауаттылық бейімділіктерін, сондай-ақ әлеуметтегі қауіпсіз мінез-құлық бейімділіктерін алуы.

Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Цифрлық сауаттылық ұғымы отандық және шетелдік педагогикада кеңінен қолданылады.

Зерттеуші О.В.Ельцова да цифрлық сауаттылықты белгілі бір қабілет, атап айтқанда адамның компьютерлік технологиялардың көмегімен іздеп табу, бағалау, пайдалану, контент құрау және оны тарата білу қабілеті деп біледі [2, 42-49б.].

Біздіңше, «білімді цифрландыру» мен «білімді ақпараттандыру» терминдерін байланыстыра қарастырған жөн. Білімді ақпараттандыру – ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, тарату технологиялары мен құралдарын қолдану арқылы оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсатына жету, осы бағыттағы адам қызметінің ғылыми-практикалық саласы. Байқасаңыз, «білімді ақпараттандыру» анықтамасында «компьютерлендіру» ұғымы жоқ. Өйткені білімді цифрландыру – мақсатты цифрлық нәтижеге жеткізетін білімді ақпараттандырудың анағұрлым компьютерлендірілген түрі.

Р.К.Толеубекова және басқа да авторлар «цифрлық сауаттылық» ұғымы ақпараттық қызмет ретінде компьютерді пайдалана білу қабілетінің аясынан әлдеқайда кеңірек деңгейге шықты және технологиялық сауаттылыққа, яғни компьютерлік және ақпараттық-компьютерлік сауаттылыққа байланысты ұғымдармен қатар қарастырылатынын атап өтеді [3, 42-49б.]

Л.Хейтин цифрлық сауаттылық бейімділіктердің келесі топтарына бөлінеді деп санайды: цифрлық контентті іздеп табу және тұтыну; цифрлық контентті құру; цифрлық контентті жолдау және онымен алмасу [3, 154-156б.].

Цифрлық сауаттылық туралы қол жеткізілген зерттеулерді талдай отырып, «Цифрлық сауаттылық» ұғымы өте кең таралған ұғым болғанымен, оның мағынасы да айтарлықтай өзгеретінін атап өткен жөн. Көптеген дереккөздерде цифрлық сауаттылық білім, білік, дағдылар жиынтығы ретінде қарастырылады.

Автор О.Н.Шилова цифрлық сауаттылық ортасына мынадай анықтама береді – цифрлық технологиялар мен цифрлық білім беру ресурстарының қолданылуымен жанамаланған білім беру қызметіндегі қарым-қатынастар кешені, ол білім беру процесінің субъектілеріне мәдениеттілікті, өзін-өзі іске асыру тәсілдерін меңгеру, әлеуметтік қарым-қатынастар орната білу жөніндегі мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді [4, 36б.].

Бүгінгі таңда мектептердегі цифрлық сауаттылық компьютерлік техниканың, интернет желісінің, электрондық журналдың, қашықтықтан оқыту платформасының,

цифрлық ресурстардың және басқа компоненттердің көмегімен жүзеге асырылады. Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының цифрлық білім беру саласында цифрлық технологиялар, Цифрлық білім беру ресурстары, араласу, педагогикалық технологиялар сияқты компоненттерді ажыратуға болады.

Цифрлық білім беру ресурстары – электрондық оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Олар – оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті сандық формада көрсетілген фотосуреттер, көркем үзінділер, виртуалды нақтылық пен интерактивті модельдеудің объектілері, дыбыстық жазбалар, мәтіндік құжаттармен басқа да оқу материалдары.

Білім беру үдерісінде ЦБР-ды қолданудың негізгі әдістері:

1.ЦБР-ды пайдаланудың ең танымал түрі- электорнды құралды жаңа материалды түсіндіргенде немесе жаңа сабақты бекіткенде қолдану әдісі. Бұл жағдайда анимациялық бейне үзінділер, дыбыстық файлдар, графикалық кескіндерді көрсету сияқты ЦБР – ды қолданғаны дұрыс.

2.Оқушының өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған ЦБР-дағы үлкен мүмкіндіктерді пайдалану әдісін атауға болады. Мұндай әрекет ұй тапсырмасын, сынақ және т.б. даярлауда орындалуы мүмкін.

3.ЦБР-ды әртүрлі бақылауларда кіріс, ағымдық, кесінді, қорытынды ұйымдастыруға қолдану әдісін атауға болады.

4. Мультимедиялық құралдары пайдалану арқылы ЦБР-ды нақты бір пән не бағыт бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін әдіс. Бұл сақталған ресурстардың қорын жасап, оларды бір жүйеге келтіріп, оқушығада, мұғалімгеде тақырып бойынша қажетті ресурсты жылдам іздеуге көмектеседі.

5. Оқушыларға мұғалімнің қатысуынсыз өздеріне ыңғайлы уақытта, өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, зертханалық жұмыстар мен тесттік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру әдісін айтуға болады.

Х.Тинмаз, Ю.Ли, М.Фаня-Ивановичи сияқты зерттеушілер өз зерттеулерінде цифрлық сауаттылықтың мәнін талдай отырып, цифрлық сауаттылық әралуан техникалық және техникалық емес элементтер жиынтықтарын байланыстыра отырып, көптеген әдістер арқылы сипатталады деп атап өткен [5,186.].

Цифрлық білім ортасының жоғарыда көрсетілген мүмкіндіктері, егер олар сабақ беретін ұстаздың осы пәннің ерекшеліктерін, өз сыныбындағы оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруімен әзірленген болса еселене түсетінін атап өтуіміз керек. Біздің ойымызша, мұғалім әзірлеген цифрлық білім ортасы мыналарды қамтиды: сабақтардың тақырыптарына арналған мультимедиялық таныстыруларды қамтитын цифрлық оқу ресурстары, материалдарды бекітуге арналған аудио, видеофайлдар, онлайн ойындар, тақырыптарға арналған бақылау тапсырмалары. Сонымен қатар, цифрлық оқу ортасы оқушылардың бір-бірімен араласуын, кері байланысты, мысалы араласуға арналған чаттарды қамтамасыз етуі тиіс, осы чаттарда оқушылар өзін қызықтыратын сұрақтарды мұғалімге немесе сыныптастарына жолдап, көмек сұрай алады, және т.с.с.

Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығының жоғары деңгейде болуы олардың бастамашылдығын, дербестігін, танымпаздығын дамытады, мұғалім қызметінің мүмкіндіктерін кеңейте түседі, өйткені бұл ретте бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімнің арасында әріптестік өзара қарым-қатынастар нығаяды. Бастауыш сынып оқушылары үшін цифрлық сауаттылық тек мектеп аясындағы цифрлық кеңістікте ғана емес, сонымен қатар мектептен тыс ортада да барынша тиімді жұмыс нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін болады.

Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығы бастауыш сынып мұғалімдері қызметінің маңызды мәселелеріне жатады. Оқыту сапасы, білім беру мүмкіндіктерінің кеңдігі бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылық деңгейіне тікелей байланысты.

Цифрлық сауаттылық ақпаратпен жұмыс істеу, араласу, шығармашылық, цифрлық қауіпсіздік дағдыларын да қамтиды:

- цифрлық сауаттылық оқушыларға цифрлық контенттерді жасауға және олармен алмасуға, араласуға және тиімді тұрғыдағы шығармашылық әлеуеттерді іске асыруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

- цифрлық сауаттылық цифрлық білім ортасында қалыптасады;

- бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыру үшін цифрлық білім ортасының мүмкіншіліктерін пайдалану қажет;

- бұл ретте педагогтар мен ата-аналардың тараптарынан біржүйелілік, кешенділік және цифрлық бейімділіктерді алу, әсіресе ақпараттық қауіпсіздік дағдыларына үйрену үдерісіне деген бақылау қажет етіледі.

Қортындылай келе ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Baktybekkyzy A., Mukanova M.S., Yerzhanova T. Formation of digital literacy of the pupils at a basic school //Current scientific research in the modern world. – 2021. – № 2-5(70). – С. 7

2. Ельцова О.В. Содержание и уровни развития цифровой грамотности у младших школьников //Современные проблемы науки и образования. – 2020. – №5. – С. 42.

3. Толеубекова Р.К. Цифровая грамотность в условиях развития цифровых технологий //Наука и мир. – 2021. – № 8(12). – С. 154.

4. Шилова О.Н. Цифровая образовательная среда: педагогический взгляд. //Человек и образование. – 2020. – №2(63). – С. 36.

5. Tinmaz H. A systematic review on digital literacy //Smart Learning Environments. – 2022. – Vol. 9(1). – P. 18.

ӘОЖ 373.21

РЕФЛЕКСИЯ – БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Иманбердиева Гульнара Сардарбековна

№267орта мектебі

Бастауыш сынып мұғалімі

E-mail:guli_marat@mail.ru

Аннотация. Бастауыш сынып оқушылары өзі жасаған әрекеттеріне ауызша баға беру, суреттер салу түрінде, ал орта және жоғарғы сынып оқушылары сабақтарда кестелер, диаграммалар, сауалнамалар толтыру, эссе жазу сияқты рефлексивті жұмыс түрлерімен айналыса алады. Оқушыларды рефлексия жасауға үйретуде мәселенің психологиялық жағына мән беру тиімді. Рефлексияның тиімділігін атап көрсетер болсақ, оқушы үшін білім алуға деген қызығушылық жоғарылайды; Рефлексия – оқушыны өз – өзіне есеп беруге баулиды; Рефлексия арқылы оқушының қажеттілігін біле аламыз; Рефлексия арқылы оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады. Рефлексия арқылы білім беру барысының сапасын жақсартуға болады. Рефлексияның нәтижесінде сыни көзқарас қалыптасады. Өз – өзіне баға бере алады.

Тірек сөздер: рефлексия, білім сапасы, өз-өзіне есеп беру, кері байланыс, оқушылардың көңіл-күйі, нәтижелі білім.

Аннотация. Учащиеся начальных классов могут заниматься рефлексивными видами деятельности, такими как устная оценка выполняемых ими действий, рисование рисунков, а учащиеся средних и старших классов – заполнение таблиц, диаграмм, анкет, написание эссе на уроках. Подчеркивая эффективность рефлексии, для учащегося повышается интерес к получению знаний; Рефлексия – вовлекает учащегося в самоотчеты; через рефлексия мы можем узнать потребность учащегося; через рефлексия формируется собственное видение учащегося. С помощью размышлений можно улучшить качество образовательного процесса. В результате рефлексии формируется критическое отношение. Может судить о себе.

Ключевые слова: рефлексия, качество знаний, самоотчетность, обратная связь, настроение учащихся, продуктивные знания.

Annotation. Elementary school students can engage in reflective activities such as oral assessment of their actions, drawing drawings, and middle and high school students can fill out tables, diagrams, questionnaires, and writing essays in the classroom. When teaching students to reflect, it is effective to pay attention to the psychological side of the problem. By emphasizing the effectiveness of reflection, the student's interest in obtaining knowledge increases; Reflection – involves the student in self-reports; through reflection, we can learn the student's need; through reflection, the student's own vision is formed. Through reflection, the quality of the educational process can be improved. As a result of reflection, a critical attitude is formed. He can judge himself;

Key words: reflection, quality of knowledge, self-reporting, feedback, student mood, productive knowledge.

Бүгінгі таңда дүниежүзінде білімнің әлеуметтік ролі артып, адамның болашағы оның алған білімінің сапасына, ойлау деңгейіне байланысты болып отыр. Осы тұрғыда жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, қоршаған ортаны қорғауға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу – ұстаздардың басты міндеті болмақ. Ол үшін әрбір ұстаз үнемі шеберлігін арттырып отырмаса, оқушы деңгейінің дамуы төмендейді. Осының бәрібір күннің-әрекеті емес, оған көп уақыт, ізденіс қажет.

Рефлексия сөзі латын тілінен кірген *reflexio* - кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локи 17 ғасырда берген. «Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі.

Педагогикалық практикада қолдануға болатын мысалдар келтіре кетсек: бастауыш сынып оқушылары өзі жасаған әрекеттеріне ауызша баға беру, суреттер салу түрінде, ал орта және жоғарғы сынып оқушылары сабақтарда кестелер, диаграммалар, сауалнамалар толтыру, эссе жазу сияқты рефлексияға жұмыс түрлерімен айналыса алады. Оқушыларды рефлексия жасауға үйретуде мәселенің психологиялық жағына мән беру тиімді.

Мұғалімнің басты міндеті:

Оқушының өткізген күнін емес істеген жұмысы жайлы айтқысы, ойымен бөліскісі келетіндей психологиялық ахуал жасау. Әсіресе баланың өзі жасаған әрекеттеріне байланысты басынан өткен сезімдерін қайта оралта алуы, ол жайлы қағазға түсіруі немесе басқаша суреттеуі ерекше жағдайды талап етеді.

Рефлексияның тиімділігін атап көрсетер болсақ,

оқушы үшін:

Рефлексия – оқушыны өз – өзіне есеп беруге баулиды;

Рефлексия арқылы оқушының қажеттілігін біле аламыз;

Рефлексия арқылы оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады

Рефлексия арқылы білім беру барысының сапасын жақсартуға болады

Рефлексияның нәтижесінде сыни көзқарас қалыптасады

Өз – өзіне баға бере алады;
Білім алуға деген қызығушылық жоғарылайды;

мұғалім үшін:

Ақпаратпен күнделікті жұмыс;
Шығармашылыққа деген ынта-жігері ;
Әрбір оқушының пікіріне құлақ тұру;
Пәндік білім сапасының артуы;
Өзіндік сынның қалыптасуы;
Сыни ойлауға жетелеу;

Рефлексияны әртүрлі жүзеге асыруға болады, сабақтың соңында әр тақырыптың соңында, сабақ этаптарының арасында, тарау соңында. Ол ақырындап оқушының ішкі рефлексиясына ұласуы керек. Нақты жағдаятта өзінің әрекетіне талдау жасай білу.

Мен бұларды сабақтарыма қалай қолданып жүрмін және білім сапасын көтеруге ықпалы қандай деген мәселе төңірегіне тоқталмақпын.

Қызмет нәтижесіне қарай рефлексияның төмендегідей түрлері бар:

Рефлексия қызметіне қарай төмендегідей жіктеледі:

- көңіл-күй жағдайының рефлексиясы
- оқу материалы мазмұнының рефлексиясы
- шығармашылық рефлексиясы.

Көңіл-күй жағдайының рефлексиясы бойынша пайдаланылатын әдістерге көңіл-күйді білдіретін смайликтер, әр түрлі түстер, көркем туындылар, музыка және көңіл-күй жағдайын бағалау жатады.

Оқу материалы мазмұнының рефлексиясы оқушының өтілген материал мазмұнын қаншалықты деңгейде меңгергенін білдіреді.

Шығармашылық рефлексия - берілген оқу материалын меңгеріп қана қоймай, пайдаланылған түрлі әдістер мен тәсілдерді игере отырып, өзіне қажеттісін таңдап алу. Мысалы, «Жұлдызшалар», «Жеңіс баспалдағы» т.б. әдістерді пайдалануға болады.

1-сынып оқушысын бағалау үшін арнайы бағалау сызығын енгізуге болады. Бала өлшеу құралы ретінде өзінің және өзгенің жұмысын ұқыпты, әдемі, дұрыс бағалап отырады. Осыған сәйкес педагог баланың берген бағасымен келісіп, өз белгісін қою керек. Баланың берген бағасының астына өз белгісін қойып, бағалаудың басқа нұсқасын ауыстырмауын қадағалайды.

Оқушылардың рефлексивті қабілеттерін анықтауға арналған жаттығулар: **«Көңіл-күй смайликтері» әдісі.**

Эмоциялық көңіл-күйін анықтау рефлексиясы, сабақтың әртүрлі кезеңдерінде пайдалануға болады. Оқушылар өздерінің сай және өздеріне ұнаған смайликтердің суретін салады.

«Күн шуағы» әдісі.

Сабақтың кез келген кезеңінде пайдаланылады. Оқушылар көңіл-күйлеріне байланысты күндердің суретін таңдайды.

«Ағаштар» әдісі.

Оқушылар бүгінгі сабаққа байланысты пікірлерін ағаштың бейнесі бар параққа жазады немесе ағашқа алдын ала сұрақтар ілініп, жауаптары тұсына жазылады.

«Бағдаршам» әдісі.

Оқушылар сабақтың басында үш түстің (қызыл, сары, жасыл) біреуін таңдайды. Сабақтың соңында немесе тапсырманы аяқтағаннан соң балалар әр түске байланысты өз пікірлерін білдіреді. Қызыл-жоқ (ұнамады, қателік), сары-онша емес (күдіктер мен қиыншылықтар), жасыл-иә (ұнады, нәтижесі).

«Бестік-1» әдісі.

Оқушыларға параққа өз қолдарын басып салып, әр саусақтың тұсына пікірлерін жазады.

Үлкен саусақ – мен үшін маңызды және қызық;

Сұқ саусақ – мен үшін қиын (ұнамады);

Үлкен ортаңғы саусақ – мен үшін жеткіліксіз;

Ортаңғы саусақ – менің көңіл-күйім;
Кішкентай саусақ – менің ұсыныстарым.

«Түйе» әдісі.

Оқушыларға түйенің суретін салдырып, мұғалім салынған суреттерді жинап алады. Суреттің әр мүшесіне ауызша сипаттама береді: үлкен құлақ – мұндай балалар жақсы тыңдағанды ұнатады; көз – көзбен көріп қана қабылдайды; өркештері – сіздер алып жатқан білім; басы – бұл ойлау процестері; бастың үлкендігі – баспен көп ойланатындығын; жіңішке аяқтар - өзіне деген сенімнің аздығын білдіреді.

«Көңіл-күй картасы» әдісі.

Сабақтың соңында эмоционалдық жағдайларына байланысты кестелерді толтырады. Кестелерге оқушылардың өз сезімдері, сабаққа деген қарым-қатынасы, бүгінгі сабақта не ұнағандығы (ұнамағандығы) туралы жазады.

«Қызыл телпек» әдісі.

Музыка ойналады. Оқушылар қызыл телпекті бір-біріне кигізе отырып, санайды. Музыка аяқталған кезде телпек кімнің қолында қалса, сол оқушы тақтада тұрған балаға талдау жасап, баға береді не өз пікірін айтады.

«Қосу-азайту-қызықты» әдісі.

Рефлексияны ауызша тақта алдында жүргізуге де болады, яғни өз пікірлерін өз еркімен білдірген таңдаулы оқушыларды үш қатарға «+», «-», «?» бөлуге болады. Бұл кестені Кембридж университетінің философия ғылымдарының докторы Эдвард Де Боно ойлап тапқан. Бұл жаттығу мұғалімге сабақты «оқушы көзімен» қарауға мүмкіндік береді. «+» қосу кестесіне оң әсер қалдырған дәлелдеулер жазылады. «-» азайтуға түсінбей қалғаннемесе қалып қойған ұғымдар жазылады. «?» қызықты кестеге алдағы уақытта не қызықтыратынын және не білгісі келетіндерін толтырады.

«Құпия сөздер» әдісі.

Тақтаға сабақтың қатысты құпия сөздері ілінеді. Балалар осы сөздерді кірістіріп, әңгіме құрау қажет. Мысалы: бағалау, есеп, көрші, мұғалім т.с.с.

«Эксперттік комиссия» әдісі.

Сабақтың барысында арнайы эксперттер (бақылау жұмысын өте жақсы орындайтын оқушылардан) тағайындалады. Олар бүкіл сабақ бойына оқушылардың әрекеттерін бақылап отырады. Сабақтың соңында эксперттер нәтижелерін талдап, олардың кемшіліктері мен жетістіктерін атап, бағалайды.

Эмоционалды-көркемшығармашылық рефлексия.

Оқушыларға табиғат бейнеленген екі сурет ұсынылады. Бір суреттегі бейнелер қайғылы, көңілсіз берілген, ал екінші сурет көңілді, қуанышты түрде бейнеленген. Оқушылар өз жандарына жақын, өз көңіл-күйлеріне сәйкес суретті таңдайды.

«Рефлексивті экран» әдісі.

Әдетте, сабақтың соңында оның барлық қорытындысы айтылып, бала не білді, қалай жұмыс жасады, сабақ мақсатына жетті ме, белсенділік танытты ма, сыныптағы жұмыстың тиімділігі, сабақтағы әдістердің маңыздылығы т.б. мәселелер талданады. Бұл әдіс бойынша оқушы өз пікірін рефлексивті экранда көрсетілген сөздерден бастап, әрі қарай жалғастырады:

Бүгін мен білдім.....

Маған қызықты болды.....

Маған қиындық туғызған.....

Мен тапсырманы орындадым.....

Мен түсіндім.....

Енді мен білдім.....

Мен сезіндім.....

Мен меңгердім.....

Мен үйрендім.....

Мен қолымнан келеді.....

Мен жасадым.....

Мен тырысамын.....
Мен таңқалдым.....
Сабақ мен үшін.....
Мен қызығамын....

Күнделікті сабағымда өзім де, оқушылар да рефлексия жасауды үйреніп келеміз. Осы рефлексия арқылы оқушының да қажеттілігін білемін, оларды да жинақылыққа баулимын.

Рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет психологиялық тұрғыда адамның психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, педагогикада мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне негіз болады. Рефлексия яғни кері байланыс - нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші екенін өзімнің және оқушыларымның бүгінгі күндегі жетістіктері арқылы толық сеніммен айта аламын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Учебник «Дизайн мышление» для учителей.
2. «Дизайн ойлау» – оқыту мен білім берудегі жаңа әдіс. Жамелов Б. А. мақала.
3. Бизязева А.А.: Психология думающего учителя: Педагогическая рефлексия. -Псков: ПГПИ им Кирова, 2004г.
4. Кашапов М. М. , Психология педагогического мышления. -СПБ: Алетейя,2000г
5. Дьюи Д. Психология и педагогика мышления. /Пер. С англ. Никольский. –
6. <https://newtonew.com/school/uchebnik-dizajn-myshlenie-dlja-uchitelej>

ӘОЖ 372.4

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ

**Жумағалиев А.Ж. 7M01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру
бағдарламасының 1 курс магистранты
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті**

Фейзулдаева С.А. PhD., доцент
Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті

E-mail: ali_karatal@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада жасанды интеллектті (ЖИ) қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын дамытудың негізгі аспектілері қарастырылған. Цифрлық сауаттылық — ақпаратты іздеу, бағалау және өңдеу дағдыларын қамтитын маңызды білім саласы болып табылады. ЖИ білім беру процесінде оқушыларға жекелендірілген оқу тәжірибесін, интерактивті ойындар мен симуляцияларды, деректерді визуализациялау, коммуникация мен коллаборацияны дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интернеттегі қауіпсіздік аспектілері де назардан тыс қалмайды. Мұғалімдердің рөлі мен ЖИ технологияларын тиімді пайдалану арқылы оқушылардың критикалық ойлау, проблемаларды шешу және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға бағытталған стратегиялар ұсынылған.

Мақала цифрлық әлемде табысты болашақ үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға арналған тиімді тәсілдерді көрсетеді.

Тірек сөздер: жасанды интеллект (ЖИ), бастауыш сынып, цифрлық сауаттылық, оқу тәжірибесі, коммуникация, интерактивті әдіс, ынтымақтастық, білім беру инновациясы.

Аннотация. В этой статье рассматриваются основные аспекты развития цифровой грамотности младших школьников с использованием искусственного интеллекта (ИИ). Цифровая грамотность-важная область знаний, которая включает в себя навыки поиска,

оценки и обработки информации. ИИ позволяет учащимся развивать персонализированный опыт обучения, интерактивные игры и симуляции, визуализацию данных, общение и коллаборацию в образовательном процессе. Кроме того, аспекты безопасности в интернете также не остаются незамеченными. Предложены стратегии, направленные на развитие у учащихся навыков критического мышления, решения проблем и сотрудничества через роль учителей и эффективное использование технологий ИИ.

В статье показаны эффективные подходы к формированию навыков, необходимых для успешного будущего в цифровом мире.

Ключевые слова: искусственный интеллект (ИИ), начальная школа, цифровая грамотность, опыт обучения, коммуникация, интерактивный метод, сотрудничество, образовательные инновации.

Annotation. This article discusses the main aspects of the development of digital literacy of Primary School students through the use of artificial intelligence (AI). Digital literacy is an important area of knowledge that includes skills in searching, evaluating, and processing information. AI allows students to develop personalized learning experiences, interactive games and simulations, data visualization, communication and collaboration in the educational process. In addition, security aspects on the internet cannot be neglected. Strategies are proposed to develop students' critical thinking, problem-solving, and collaboration skills through the role of teachers and the effective use of AI technologies.

The article highlights effective approaches to building the skills needed for a successful future in the digital world.

Key words: artificial intelligence (AI), Elementary School, digital literacy, learning experience, communication, interactive method, collaboration, educational innovation.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі негізгі үш бағыт: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім берудегі басқаруды цифрландыру бойынша жүргізілуде. Еліміздегі мектептерде білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады.

«Цифрлық Қазақстан» - бұл Елбасымен ұсынылған Қазақстан экономикасының даму қарқынын жеделдетуге және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бағдарлама. Мемлекеттік бағдарлама белсенді жұмыстың бес бағытын қамтиды, олардың бірі – адами капиталды дамыту [1].

Бастауыш сынып оқушылары үшін цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқу-тәрбие процесін жақсарту, жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – мектептегі білім беру сапасын арттыру. Біздің оқушыларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс.

Цифрлық сауаттылық – бұл ақпаратты табу, бағалау, өңдеу және коммуникация жасау үшін цифрлық технологияларды тиімді пайдалану дағдыларының жиынтығы. Бұл дағдыларға интернетті қауіпсіз пайдалану, ақпаратты жауапкершілікпен өңдеу, цифрлық құралдарды қолдану, сондай-ақ цифрлық ортада этикалық нормаларды сақтау кіреді [2].

Жасанды интеллект оқу материалдары мен әдістерін әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл материалды тиімдірек игеруге ықпал етеді және баланың оқуға деген ынтасын арттырады.

Жасанды интеллект – компьютерлік жүйелердің адам ойлауын модельдеу қабілеті. Ол білім беру саласында бірнеше маңызды рөл атқарады:

- оқытудың жекелендірілуі: ЖИ негізінде әзірленген бағдарламалар оқушылардың жеке ерекшеліктеріне, деңгейіне және қызығушылықтарына сәйкес оқу материалдарын ұсынады. Мысалы, платформалар оқу барысында оқушының прогресін бақылап, оған сәйкес тапсырмаларды таңдай алады.

- интерактивтілік: ЖИ арқылы интерактивті оқу құралдары мен ойындар жасау, оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын арттырады. Бұл балалардың логикалық ойлау, шығармашылық және ынтымақтастық қабілеттерін дамытады.

- деректерді талдау: ЖИ жүйелері оқу нәтижелерін талдап, оқушылардың әлсіз және күшті жақтарын анықтауға көмектеседі. Бұл мұғалімдерге оқу процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді [3].

Цифрлық сауаттылықты дамытудағы ЖИ-дің негізгі аспектілері:

- Жекелендірілген оқу тәжірибесі;

ЖИ-дің көмегімен оқушылардың оқу процесі жекелендірілген түрде ұйымдастырылады. Мұндай жүйелер оқушылардың оқу барысын бақылай отырып, олардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын ұсынып, жетістіктері мен қиындықтарын анықтайды. Мысалы, «Adaptive Learning» (бейімделгіш оқу) платформалары арқылы оқушылардың деңгейіне қарай оқу материалдары автоматты түрде таңдалады.

- Оқу ойындары мен симуляциялар қолдану;

Оқу ойындары мен симуляциялар арқылы ЖИ оқушылардың назарын аударып, оқу процесін қызықты етеді. Ойындар оқушыларға практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді, мысалы, кодтау, логикалық ойлау, проблема шешу сияқты дағдыларды үйретеді. Мысалы, «Scratch» платформасы балаларға программалауды ойын түрінде үйретеді.

- Деректерді визуализациялау;

Деректерді визуализациялау арқылы ЖИ оқушылардың ақпаратты оңай түсінуіне және анализ жасауына көмектеседі. Визуалды материалдар, графиктер, диаграммалар мен интерактивті карталар оқушылардың ақпаратты қабылдауын жеңілдетеді. Мысалы, «Tableau» секілді құралдарды қолдану арқылы оқушылар деректерді визуалды түрде өңдеуді үйренеді.

- Коммуникация мен коллаборация;

ЖИ негізінде дамыған платформалар оқушылар арасында ынтымақтастықты арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, топтық жобалар мен тапсырмалар орындау барысында оқушылар бір-бірімен тиімді қарым-қатынас жасай отырып, ортақ мақсатқа жетуге тырысады. Бұл олардың коммуникациялық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

- Цифрлық қауіпсіздік;

Цифрлық сауаттылықтың маңызды аспектісі — интернетте қауіпсіздік. ЖИ технологиялары оқушыларға интернетте өзін қалай қорғау керектігін үйретуге көмектеседі. Мысалы, виртуалды киберқауіпсіздік тренингтері, ойындар мен симуляциялар арқылы балаларға қауіпсіздік ережелері мен этикалық нормаларды түсіндіруге болады.

- Мұғалімдердің рөлі;

ЖИ технологияларын тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы да маңызды. Мұғалімдер ЖИ құралдарын қалай қолдану керектігін түсініп, оқушыларға дұрыс бағыт көрсетуі керек. Оқушылар мен мұғалімдер арасындағы серіктестік, білім алуудағы инновациялық тәсілдер мен әдістерді қолдану арқылы білім беру процесін дамытуға болады [4].

Цифрлық сауаттылықты дамыту үшін келесідей әдістерді қолдануға болады:

- Курстар мен тренингтер: Оқушыларға цифрлық құралдарды пайдалану туралы арнайы курстар ұйымдастыру. Мұнда программалау, графикалық дизайн, интернет қауіпсіздігі сияқты тақырыптарды қамтуға болады.

- Жобалық жұмыс: Оқушыларға өздерінің жобаларын жасауға мүмкіндік беру, мысалы, цифрлық медиа өнімдерін жасау. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

- Проблемаларды шешу: Жасанды интеллекттің көмегімен нақты мәселелерді шешуге арналған тапсырмалар беру. Мысалы, экологиялық мәселелерді шешу үшін цифрлық модельдер жасау.

Білім беру жүйесінде кез келген жаңалықты енгізу барысында түрлі қиындықтарға ұшырауымыз әбден мүмкін. ЖИ қолдануда мұғалім мен оқушыда келесідей қиындықтар туындауы мүмкін екенін біз ескереміз:

1. Технологиялық инфрақұрылымның тапшылығы. Көптеген мектептерде қажетті технологиялар мен интернет байланысының сапасы жеткіліксіз. Бұл жағдай оқушылардың ЖИ негізіндегі құралдарды тиімді пайдалануға кедергі келтіреді. Құралдардың, бағдарламалардың және интернеттің қолжетімділігі оқу процесін қиындатады.

2. Мұғалімдердің біліктілігі. Жасанды интеллект пен цифрлық сауаттылық саласында білімі мен дағдылары жетіспейтін мұғалімдер оқушыларға сапалы білім беру үшін қажетті ресурстар мен қолдауды көрсете алмауы мүмкін. Мұғалімдердің технологияны тиімді пайдалану қабілеттері оқу сапасына әсер етеді.

3. Оқушылардың ақпараттық қауіпсіздігі. Интернет пен цифрлық құралдарды пайдалану оқушылардың қауіпсіздігіне қатысты мәселелерді туындатады. Балалар кибербуллинг, жеке ақпаратты қорғау және онлайн ортадағы этикалық нормалар туралы білімдері жоқ болғанда, олар қауіп-қатерге ұшырауы мүмкін.

4. Оқу бағдарламасының жетіспеушілігі. Бастауыш сыныптарға арналған цифрлық сауаттылықты дамытуға арналған оқу бағдарламаларының жоқтығы немесе ескіргендігі оқушылардың қажетті дағдыларды меңгеруіне кедергі келтіреді. Жиі жаңартылатын материалдар мен ресурстардың тапшылығы да проблема болып табылады.

5. Оқушылардың мотивациясы. Цифрлық технологияларды қолдануға деген оқушылардың қызығушылығы мен мотивациясы әр түрлі болуы мүмкін. Кейбір оқушылар технологияларды пайдалану процесінде қиындықтарға тап болғанда, олар өздерінің дағдыларын дамытуға құлшыныс танытпауы мүмкін.

6. Әлеуметтік-экономикалық факторлар. Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы оқушылардың цифрлық сауаттылықты меңгеруіне әсер етеді. Технологияларға қолжетімділік, үйде оқытылатын материалдар мен ресурстардың тапшылығы оқу процесінде кедергілер туындатуы мүмкін.

7. Жасанды интеллекттің әлеуетін толық пайдалана алмау. Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін оқу процесіне толық енгізбеу, яғни оның потенциалын жүзеге асыра алмау, оқушылардың дағдыларын дамытудағы басты кедергілердің бірі болып табылады. Жиі технологиялар мен инновацияларды пайдалану жеткілікті деңгейде насихатталмайды.

8. Оқу материалдарының сапасы. Жасанды интеллект негізіндегі оқу материалдарының сапасы мен мазмұны әрқашан бірдей болмауы мүмкін. Сапасыз немесе қолайсыз материалдар оқушылардың қызығушылығын төмендетіп, оқу процесін қиындатады.

Жасанды интеллектті бастауыш сыныптарында қолдану барысында кездесетін қиындықтарды шешудің бірнеше жолы бар. Міне, негізгі мәселелер мен оларды шешу тәсілдері [5]:

1. Технологиялық дайындық - мұғалімдер үшін арнайы тренингтер ұйымдастыру. Оқушыларға интерактивті сабақтар өткізу арқылы технологияларды үйрету.

2. Контенттің қолжетімділігі - жасанды интеллект платформаларын білім беру мазмұнына сай бейімдеу. Мазмұнды жекелеп таңдап, балаларға қызықты және пайдалы ресурстарды ұсыну.

3. Этикалық мәселелер - балалармен этика мәселелері туралы сабақтар өткізу. Платформалардың қауіпсіздік стандарттарын сақтауын қамтамасыз ету.

4. Тапсырмаларды автоматтандыру - жасанды интеллектіні шығармашылық тапсырмаларға қолдану. Оқушылардың өз идеяларын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін жобаларды жасау.

5. Оқу процесінің теңгерімі - технологияны дәстүрлі оқыту әдістерімен біріктіру. Адам мен машинаның бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу.

6. Мотивацияның төмендігі - ойын элементтерін енгізу, интерактивті және қызықты жобалар ұйымдастыру арқылы балалардың қызығушылығын арттыру.

7. Бағалау жүйесі - оқыту мен бағалаудың жаңа әдістемелерін әзірлеу, жасанды интеллект көмегімен алынған нәтижелерді саралау.

Осы мәселелерді шешу арқылы жасанды интеллектіні бастауыш сыныптарда тиімді пайдалану мүмкіндігін арттыруға болады.

Жасанды интеллектті қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын дамыту — білім беру жүйесін жаңарту мен жетілдірудің маңызды бағыты. ЖИ технологияларының көмегімен оқу процесі жекелендіріліп, қызықты және интерактивті түрде ұйымдастырылып, оқушылардың проблемаларды шешу, критикалық ойлау, және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Цифрлық әлемде өмір сүруге дайын болу үшін, балаларымызға бүгінгі күні қажетті дағдыларды үйрету — біздің міндетіміз және осының негізінде балалар болашақта табысты азаматтар болып қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында (ҚР Үкіметінің 2017 жылғы желтоқсандағы №827 қаулысы) бес басым бағыттарының бірі «Адами капиталды дамыту»
2. Dede, C. (2010). Comparing Frameworks for 21st Century Skills. In 21st Century Skills: Rethinking How Students Learn (pp. 51-65).
3. Luckin, R. (2017). Machine Learning and Human Intelligence: The Future of Education for the 21st Century. UCL Institute of Education Press.
4. Chai, C. S., & Toh, Y. (2016). Digital Literacy in Education: A Global Perspective. In Educational Technology & Society, 19 (3), 1-5.
5. Selwyn, N. (2016). Education and Technology: Key Issues and Debates. Bloomsbury Publishing.

ӘОЖ 37.013

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сейдина Балмуздак Зикировна

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесінің аға оқытушысы

Б. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

bsejgina@gmail.com

Айбарқызы Жұлдызай

Ермағанбетова Алмагүл

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесінің 2, 4 курс студенттері

Қазақстан, Арқалық

***Аннотация.** Бұл мақалада қазіргі кезде цифрлық білім берудің тиімділігін көтеру – жаңа форматтағы бастауыш сыныптарына оқытушысы даярлау процесінің маңыздылығының арттырады. Негізгі мақсаты бастауыш сыныпта қазіргі қоғамдағы цифрлық білім беру технологияларның ерекшеліктері болып табылады.*

***Түйінді сөздер:** бастауыш сыныпта, қоғам, цифрлық сауаттылық, білім беру технология, дидактикалық, дамытушылық, тәрбиелік, гигиеналық, психологиялық, ұйымдастырушылық.*

***Аннотация.** В данной статье рассматривается повышение эффективности цифрового образования в настоящее время – повышение значимости процесса подготовки преподавателей для начальных классов нового формата. Основной целью начальной школы являются особенности цифровых образовательных технологий в современном обществе.*

***Ключевые слова:** в начальной школе, общество, цифровая грамотность, образовательная технология, дидактический, развивающий, воспитательный, гигиенный, психологический, организационный.*

***Abstract.** This article discusses improving the effectiveness of digital education at the present time – increasing the importance of the teacher training process for primary schools of a new format. The*

main purpose of primary school is the features of digital educational technologies in modern society.


Keywords: in primary school, society, digital literacy, educational technology, didactic, developmental, educational, life, psychological, organizational.


Бүгінгі таңда педагогика дәстүрлі оқытудан гөрі, жаңа заман талабына сай сандық білім беру кеңістігінде оқытуға көшіуде. Қазіргі кезеңдегі білім беру саласын цифрландыру – Қазақстан Республикасы экономиканың қарқындап дамуына түбегейлі жаңа жолға түсіру арқылы болашаққа үлес қосып отыр.

Осыған байланысты білім беру цифрландыру – мектептен бастап барлық білім алатын азаматтарының білім алу деңгейінде білім беру жүйесіндегі технологиялық жаңғырту мен жақсартуға бағыттай отырып бастауыш сыныпта оқытудың жаңа цифрлық мазмұнын жетілдіруге жағдайлар жасайды. Бастауыш сыныпта қазіргі қоғамдағы цифрлық білім беру технологияларының ерекшеліктерін әдістемелік білім негіздерін, принциптері мен дамуына әсер етуші факторлары, цифрлық оқытудың формалары мен құзіреттілігіне талаптарды айқындау.

Бұл цифрландыру принципі білім беру, оқыту жүйесінде, құзіреттілікті қалыптастыруға әсер етеді. Өйткені баланы оқыту мен білімге деген уждеу жүйесі мен еңбекті ұйымдастыру өзгереді. Қазірге заманғы білім беру жүйесінде қоғамның қажеттілігін талап ететіндей жаңа технологияларды енгізу, бүгін ертең не қажет болатынын үйрету қажет.

Сондықтан бастауыш сыныптан бастап білім беру жүйесінде негізгі рол беріледі, білім беру процесін цифрландыру бір жағынан білім беру процесі цифрландыру бір жағынан білім беру процесі мен экономикалық, цифрлық технолоиялар мен білім беру процесінде пайдаланатын құралдарының екінші жағынан қарама – қарсы өзгеруін білдіреді.





Сонымен қатар, білім беруді цифрландыру білім берудің ашықтықтағы мен үздіксіздігін, дараландырылған көзқарас, өздігінен білім алу ме өзін – өзі оқыту мен ақпараттандыруды бекітетін білім беру праграмасының өзгертуіне алып келеді. Сондықтанда білім беруді цифрландыру «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапты. Осыған байланысты мектептен бастап оқушылардың білім алуын ақпараттық қоғам жағдайында өмірге дайындауға, осы қоғамда табысты әлеуметтену қабілетін қалыптастыруға бағытталған міндеттер ерекше өзектілікке ие болады [1, б. 14]. .

Бүгінде рухани жаңғырту жаңа гуманитарлық білім қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулықтағы Элен Битэм мен Рона Шариптің педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу ХХІ ғасырдағы оқыту дизайнында «Білім алу дегеніміз – дамып отыратын құбылыс, ал білім алушылардың ұғымдарды түзуі әрдайым оқиғаға дейін немесе кейін болуына қарамастан, оларды көрсетудің кез келгке талпынысынан жоғары дәрежеде болады». Оқудың кез келген деңгейінде дәлме - дәл көрсетіп таныстыру ретіндегі дизайнында идеясынан өзгешелігін – оқытуға арналған дизайнды дығдылар жүйесін дамыту ретінде қарастыру қызықтырақ болар еді. Оқушылар барғансайын күрделене түсетін немесе анықталмаған жағдайларда түрлі тапсырмаларды орындау тәжірбесін игереді. Оқытушылар оқушылардың түрлі тұғырларды сынап көргеннен кейін тапсырманы тереңінен ұғына бастайтынын түсінеді [2, б. 297]. Түрлі пәндер жобалық ойлау мен әдістің түрлі қырларына – ақпараттық дизайнға, визуалдық дизайнға, риторикалық дизайнға, зерттеу дизайнына, оқу кеңістіктері мен виртуалды орталар дизайнына – білім беру әдістеріне қосылатын үлес ретінде қарастырылуы мүмкін. Жақын арадағы немесе кейінгі болашақтағы бұлынғырлыққа тап бола отырып, біз білім алушылар әлдеқайда орнықты болса, яғни олардың қолданысында мүмкіндіктердің кең қатары болса немесе академиялық тәжірибе мен кәсібей практикаға тығыз байланысты және цифрлық тәжірибенің, соның ішінде жоғарыда аталған оқытудың дәстүрлі және цифрлық формалардың тоғысқан тұсында жасаған еңбегінің нәтежесінде менгерген қабілеттерді болса, оларға әлде қайда жеңіл болады деп үміттінеміз. Оқушыларға бұлынғырлықты тудыратын және назар аударуға тұрарлық жауаптар жиынтығының қалыптасуына ықпал ететін тапсырмалар, бағдарламалар және орталар жақсы қызмет етеді. Бастауыш сынып оқытушыларына да біршама тұрақты, білімді және білім берудің жаңа жүйесін түзетін түрлер салаларға сай көпбейінді болуға тура келеді. Кәзіргі жағдайда бастауыш сынып оқушыларға жай кітапті оқу қызықтырмайды. Оқушыларды қызықтыру мәселесінде әр пәнге сай заман талабына бағыттай отырып тапсырмаларды компьютерленген немесе видео, QR, везуалды тапсырмалармен т.б бағыттқа ыңғайлау жәнет белсенді дамыту. Яғни бастауыш сынып сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану ерекшелігін бағыттау.

Қазіргі заманғы оқытушылардың цифрлық технологиялар бойынша өткізілетін сабақтарға қойылатын негізгі талаптар мен кезеңдерге бөлініп қарастырылады: Мысалы; дидактикалық, дамытушылық, тәрбиелік, гигеналық, психологиялық, ұйымдастырушылық талаптар мен сондай – ақ, I кезең сабаққа алдын ала дайындық. Күнтізбелік жоспар, негізгі және қосымша әдебиеттерді, әдістемелік және көркем шығармашылар, оқытушы оқушылармен басымдылығымен жұмыс жасау. II кезең пән бойынша тақырыпты сабақ жоспарын жасау заман талабына сай орындату [3, б. 106].

Әдістемелік талапқа аталынған барлық талаптардың жиынтығы жатады. Оқытушы оқудың әдіс – тәсілдерін біліп қана қоймай, тиімді пайдаланғанда ғана оқушылардың білімге құштарлығын тудырып, терең түсінгенін қамтамасыз етеді.

Бұл білім алушылардың да, оқытушының да бір орында ұтқырлықты және байланысты қамтамасыз етеді.

Электронды білім беру ресурстарын енгізу білім алушылар мен оқытушыларға оқу материалдарының кең таңдауына қолайлы мүмкіндік береді.

Сондықтан табысты цифрлық экономика мен білім беруді құру еліміздің ғана емес, бүкіл әлемнің мемлекет саясатының маңызды басымдықтарының бірі боып табылады. Бүгінгі таңда цифрлық білім беру үрдісінде цифрлық технологияларды мектепте бастауыш сыныптар арасында тиімді енгізу үшін цифрлық білім беру өз принциптеріне ие. Білім беру процесін цифрландыру заманауи жағдайларға және білім беру процесінде енгізілетін техникалық құралдарға қалыптасатын білім беру процесінің екі жақты өзгеруін білдіреді.

Білім беру процесін түбегейлі өзгертудің мақсаты ең тиімді бастауыш сыныпта қазіргі қоғамдағы цифрлық білім беру технологияларның ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін қолдану болып табылады.

Өз кезеңде, бәсекеге қабілетті бастауыш сынып оқушыларына білім беру саласындағы технологияларды дамытудың мақсаты қойылған оқытушылардың міндеттері бойынша ыңғайлы шешу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сағалиева Ж.К. Білім беру кеңістігіндегі цифрлік педагогика. Алматы, 2020. - 14 б.
2. Элен Битэм мен Рона Шариптің педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу ХХІ ғасырдағы оқыту дизайнында. Астана, 2019. - 297б
3. Бөрібаева Ф.Б. Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар Алматы, 2014 -106 б.

ӘӨЖ 378.1

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ГЕОГРАФИЯДА ҚОЛДАНУДЫҢ ӘЛЕУЕТІ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ

А.С. Нургазина

¹І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің PhD докторанты (Қазақстан, Талдықорған қ.), e-mail: najzharkyn@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада жасанды интеллект (AI)-ды географияны оқытуда қолданудың әлеуеті мен қиындықтарын қарастырылады. Жаһандану дәуіріндегі географияның рөлін мен AI негіздерін қарастыра отырып, бұл зерттеу AI-дың артықшылықтарын сипаттайды. Дегенмен, AI қолданудағы негізгі алаңдаушылықтардың да бар екенін яғни технологияға тең қол жеткізе алмау және мұғалімдерді оқыту сияқты қиындықтар болып табылады. Жасанды интеллект білім, технологиялық және коммуникациялық революцияның ең көрнекті ерекшелігі болып табылады, өйткені жасанды интеллект қолданбалары жылдамдық пен дәлдік тұрғысынан таңғажайып мүмкіндіктерді ұсынады. Зерттеу географияны оқытуда жасанды интеллект (AI) интеграциясына қатысты әдебиеттердегі ақпаратты жинақтауды, талдауды қамтитын сипаттамалық әдістімен қарастырылды.

Кілт сөздер: Жасанды интеллект, географиялық білім, технология, жаһандық проблемала.

Annotation. This article discusses the potential and challenges of using artificial intelligence (AI) in teaching geography. Considering the role of geography and the basics of AI in the era of globalization, this study describes the benefits of AI. However, it should be noted that the main concerns in the use of AI are also present, that is, difficulties such as the lack of equal access to technology and teacher training. Artificial intelligence is the most prominent feature of the educational, technological and communication revolution, as artificial intelligence applications offer amazing features in terms of speed and accuracy. The study was considered by a descriptive

method, which includes the collection, analysis of information in the literature related to the integration of artificial intelligence (AI) in teaching geography.

Keywords: *artificial intelligence, geographical knowledge, technology, global problem.*

Кіріспе

Қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп беруге дайын құзыретті ұрпақты қалыптастырудың маңызды іргетасы ол - білім. Географияны оқытуда жасанды интеллектті интеграциялаудың негізгі мүмкіндіктерінің бірі интерактивті және жекелендірілген оқыту тәжірибесін қамтамасыз ету болып табылады.

AI технологиясын пайдалана отырып, мұғалімдер оқушылардың жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес оқу материалдарын құрастыра алады. Мысалы, интеллектуалды жүйелер әрбір оқушының оқу үлгерімін талдай алады және оқу мазмұнын олардың жеке түсіну деңгейіне сәйкес бейімдей алады. Дегенмен, бұл мүмкіндіктердің артында айтарлықтай қиындықтар бар. Біріншіден, технологияға шектеулі қолжетімділік алаңдаушылық тудырады. Барлық мектептерде немесе аймақтарда географияны оқытуда жасанды интеллектті біріктіру үшін тиісті инфрақұрылым жоқ. Қолжетімділіктің бұл теңсіздігі студенттердің әртүрлі топтары арасындағы білім алшақтығын тереңдете алады. Келесі мәселе - студент деректерінің құпиялылығы мен қауіпсіздігіне қатысты мәселелер. Студенттердің оқу үлгерімін бақылауда AI технологиясын пайдалану құпия жеке деректерді жинауды қамтуы мүмкін. Студент деректерінің теріс пайдаланылмауын және олардың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ету үшін қатаң ережелер мен саясат қажет. Бұған қоса, оқу бағдарламасына және AI технологияларымен үйлесімді оқу материалдарын әзірлеуге қатысты қиындықтар бар. Педагогтар осы технологияларды тиімді пайдалану үшін оқытылып, олардың мүмкіндіктерін кеңейту керек. Қызықты және сәйкес оқу мазмұнын әзірлеу жеткілікті уақыт пен ресурстарды қажет етеді. Географияны оқыту контекстінде AI технологиясы күрделі кеңістіктік деректерді жылдамдық және дәлірек талдауға мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл студенттердің тек технологияға сүйеніп қана қоймай, сонымен қатар география ұғымдарының негіздерін түсінуін қамтамасыз ету міндетін де тудырады. Осы қиындықтарды жеңу үшін үкімет, білім беру мекемелері, технология индустриясы және білім беру қоғамдастығы арасындағы ынтымақтастық қажет. Технологиялық инфрақұрылымға инвестиция, педагогтарды оқыту және студенттердің жеке өмірін қорғайтын ережелер қажет. Жалпы, географияны оқытудағы жасанды интеллект интеграциясы білім сапасын жақсартуға және оқушыларды барған сайын күрделі әлемге дайындауға қызықты мүмкіндіктер ұсынады. Дегенмен, бұл интеграция білім әлеміне барынша мүмкін болатын пайданы қамтамасыз ету үшін қиындықтарды нақты қадамдармен еңсеру керек.

Әдіс

Географияны оқыту контекстінде жасанды интеллект (AI) интеграциясы қалай жүзеге асырылатынын толық сипаттау үшін әдебиетті зерттеу әдісімен сипаттамалық әдіс пайдаланылады. Бұл әдістің негізгі екісі – география пәндерін оқыту мен оқуда жасанды интеллект технологиясын қолдану кезінде туындайтын қиындықтар мен мүмкіндіктерді түсіну. Бұл әдебиетті зерттеу тәсілі зерттеушіге тиісті әдебиеттердегі ақпаратты жинақтап, талдауға және жан-жақты түсінуіне мүмкіндік береді.

Нәтиже және талқы

1. География негіздері мен жасанды интеллект

✓ *Қазіргі контексте география.*

География - бұл адамдар мен физикалық қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін яғни жер шарын зерттейтін ғылым. Жаһандану дәуірінде географияны түсінудің өзектілігі күннен-күнге артып келеді. Ол адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасының климаттың өзгеруіне, урбанизацияға, көші-қонға және халықаралық сауда сияқты жаһандық құбылыстарға қалай әсер ететінін түсінуге көмектесетін ғылым. География сонымен қатар кеңістіктік талдау мен деректерді визуализациялауға мүмкіндік беретін географиялық

ақпараттық жүйелер (ГАЗ) сияқты технологияға да қатысты. Осы технологиялардың көмегімен біз әлем мен қоршаған ортадағы болып жатырған өзгерістерді, халықтың таралуын және аймақаралық қатынастарды тиімдірек картаға түсіре аламыз. AI-дың деректерді талдау мен үлгілерді түсіну қабілетінің географияны түсінуімен үйлесімі, бізге негізделген нақты шешімдерді қабылдауға көмектеседі.

✓ *Жасанды интеллектке кіріспе.*

Жасанды интеллект (AI) - адам интеллектін қажет ететін тапсырмаларды орындай алатын компьютерлік жүйелерді дамытуға бағытталған информатика пәні. Бұл үлгілерді тану, деректерден үйрену, шешім қабылдау және күрделі түрлі тапсырмаларды орындау мүмкіндігін қамтиды. AI-дағы негізгі тәсілдердің бірі - компьютерді деректерді өңдеу және табылған үлгілер негізінде әрекет етуді үйрету үшін алгоритмдерді пайдалануды қамтитын машиналық оқыту. Уақыт өте келе AI жүйелерінің өнімділігін үнемі жақсартуға мүмкіндік береді.

2. Географияны оқытудағы жасанды интеллект интеграциясының артықшылықтары

✓ *Интерактивті визуализация және шынайы модельдеу*

Географияны оқытуда жасанды интеллект (AI) интеграциясы интерактивті визуализациялар және географиялық орталардың жоғары шынайы модельдеулері түрінде айтарлықтай пайда әкеледі. Толықтырылған шындық (AR) және виртуалды шындық (VR) сияқты технологиялар студенттерге карталарды, географиялық орындарды және табиғат құбылыстарын иммерсивті және шынайы көрнекі түрде «зерттеуге» мүмкіндік береді. Бұл студенттерге виртуалды түрде географиялық мазмұнмен тікелей өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін иммерсивті оқу тәжірибесін жасайды. Бұл визуализация арқылы география ұғымдарын нақты әлем контекстінде түсіну және қолдану оңайырақ болады.

✓ *Оқытуды жекелендіру*

Оқытуды жекелендіру мүмкіндігінің болуы географияны оқытудағы AI интеграциясының тағы бір артықшылығы. AI жеке қажеттіліктер мен қалауларға сәйкес оқытуды бейімдеуге мүмкіндік беретін деректер арқылы оқушылардың мінез-құлқы мен оқу үлгілерін талдай алады. Оқу материалдарын, оқыту әдістерін және тапсырмалардың қиындық деңгейлерін әр оқушының ерекшеліктеріне сәйкес келтіруге болады.

3. Географияны оқытуда жасанды интеллектті интеграциялаудағы қиындықтар

✓ *Инфрақұрылым және технологияға қол жеткізу*

Географияны оқытуда жасанды интеллект (AI) интеграциясының негізгі мәселелерінің бірі - инфрақұрылымның қолжетімсіздігі және технологияларға тең қолжетімділіктің болмауы. Барлық аймақтардағы мектептерде смарт құрылғылар, тұрақты интернет байланысы немесе AI бағдарламалық құралы сияқты озық технологияларға жеткілікті қолжетімділік жоқ. Технологияларға қол жеткізудегі бұл теңсіздік AI интеграциясы нәтижесінде пайда болатын білім беру мүмкіндіктерінің теңсіздігіне әкелуі мүмкін. Дамыған аймақтардағы немесе цифрлық теңсіздік әсер еткен студенттер AI-дың толық артықшылықтарына қол жеткізе алмауы мүмкін, бұл білімдегі айырмашылықты айқындай алады.

✓ *Мұғалімдерді оқыту және сенім*

Географияны оқытудағы AI интеграциясы мұғалімдерден терең техникалық және педагогикалық түсінікті қажет етеді. Мұғалімдерге осы технологияларды оқытуда тиімді пайдалану үшін қажетті дайындықпен қамтамасыз ету мәселелері туындайды. Көптеген мұғалімдердің білім беру контекстінде AI қолдануда жеткілікті білімі немесе тәжірибесі болмауы мүмкін. Сонымен қатар, AI технологияларына деген сенім мәселесі бар. Мұғалімдер географияны оқытуда AI қолдану олардың рөлін алмастыруы немесе этикалық мәселелерді көтеруі мүмкін деп санауы мүмкін. Мұғалімдерге AI технологияларымен оқытуды сенімді және тиімді қабылдау үшін, қолдау және сенімділікті қамтамасыз ете отырып, қажетті білім мен күш-жігер беру қажет.

Бұл қиындықтар географияны оқытуда AI интеграциясына сақтықпен қарау қажеттілігін көрсетеді. Күштер технологиялық инфрақұрылым мен қолжетімділікті жақсартуға, мұғалімдерге тиісті оқытуды қамтамасыз етуге және осы технологиялардың сенім мен этиканы ескере отырып қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталуы керек. Осы міндеттерді шешу арқылы географияны оқытудағы AI интеграциясы білім беруді ілгерілетудің қуатты құралы бола алады, дегенмен бұл мәселелерді тиімді шешу үшін үкіметтердің, білім беру мекемелерінің және технология индустриясының жан-жақты бірлескен күш-жігері қажет болуы мүмкін.

Географияны жасанды интеллект арқылы оқытудың болашаққа деген көзқарасы тұтас, жекелендірілген және интерактивті оқыту тәжірибесін жасау болып табылады. Студенттер географиялық деректерді терең талдауға негізделген зерттеулерді жобалай ала отырып, географиялық ортаны шынайы модельдеу арқылы зерттей алады және AI жасалған шешімдер арқылы нақты мәселелерді шеше алады. Мұғалімдер оқушыларға сұрақтарды тұжырымдауға, ұғымдарды түсіндіруге және географияның күрделене түскен әлемінде олардың барлауын бағыттауға көмектесетін оқуды ұйымдастырушы ретінде қызмет етеді.

Жасанды интеллектті географияны оқытуға біріктіру, ақылды және ақпараттандырылған болашаққа жол ашады. Дегенмен, жақсы нәтежеге жету үшін тиімді интеграциялық стратегия мен сондай-ақ білім, технология және үкімет арасындағы ынтымақтастық қажет. Қиындықтарды шешу және мүмкіндіктерді пайдалану арқылы біз айналадағы әлемді түсініп қана қоймай, сонымен қатар инновациялық және жауапты шешімдермен жаһандық сын-кәтерлерге қарсы тұруға қабілетті ұрпақты қалыптастыра аламыз.

Қорытынды

Географияны оқытуда жасанды интеллект (AI) озық технологиялар мен физикалық орта мен адамдардың өзара әрекеттесуін түсінудің үйлесімі. Ол кезде интерактивті визуализацияда, оқытуды жекелендіруде және географиялық деректерді терең талдауда үлкен мүмкіндіктер береді. Қиындықтарды жеңу және мүмкіндіктерді пайдалану арқылы географияны оқытуда AI, терең түсінігі мен инновациялық шешімдері бар жаһандық сын-кәтерлерге қарсы тұруға дайын ұрпақты дайындайтын серпінді және сәйкес білім беруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Abdul Muin, & H. R. (2023). Pemetaan Kerentanan Kebakaran Hutan di Pulau Buru, Provinsi Maluku Berdasarkan Fire Hotspot. *INSOLOGI: Jurnal Sains Dan Teknologi*, 2(4), 675–683. <https://doi.org/https://doi.org/10.55123/insologi.v2i4.2256>
2. Alam, A. (2022). *Employing Adaptive Learning and Intelligent Tutoring Robots for Virtual Classrooms and Smart Campuses: Reforming Education in the Age of Artificial Intelligence* (pp. 395–406). https://doi.org/10.1007/978-981-19-2980-9_32
3. Albahbah, M., Kıvrak, S., & Arslan, G. (2021). Application areas of augmented reality and virtual reality in construction project management: A scoping review. *Journal of Construction Engineering, Management & Innovation*, 4(3). <https://doi.org/10.31462/jcemi.2021.03151172>
4. Chang, C.-H., & Kidman, G. (2023). The rise of generative artificial intelligence (AI) language models - challenges and opportunities for geographical and environmental education. *International Research in Geographical and Environmental Education*, 32 (2), 85–89. <https://doi.org/10.1080/10382046.2023.2194036>
5. Chen, M., Claramunt, C., Çöltekin, A., Liu, X., Peng, P., Robinson, A. C., Wang, D., Strobl, J., Wilson, J. P., Batty, M., Kwan, M.-P., Lotfian, M., Golay, F., Joost, S., Ingensand, J., Senousi, A. M., Cheng, T., Bandrova, T., Konecny, M., ... Lü, G. (2023). Artificial intelligence and visual analytics in geographical space and cyberspace: Research opportunities and challenges. *Earth-Science Reviews*, 241, 104438. <https://doi.org/10.1016/j.earscirev.2023.104438>
7. *Directions in Geography*. Routledge. <https://doi.org/10.4324/9780429273292>

Çifçi, T., & Dikmenli, Y. (2019). Why Geography Learning: Candidate Teachers' Views for Geography. *Review of International Geographical Education Online*. <https://doi.org/10.33403/rigeo.672979>

8.Cope, B., Kalantzis, M., & Sears Smith, D. (2021). Artificial intelligence for education: Knowledge and its assessment in AI-enabled learning ecologies. *Educational Philosophy and Theory*, 53(12), 1229–1245. <https://doi.org/10.1080/00131857.2020.1728732>

9.DeMers, M. N. (2016). Geospatial Technology in Geography Education. *The Geography Teacher*, 13(1), 23–25. <https://doi.org/10.1080/19338341.2016.1151722>

10.Guan, C., Mou, J., & Jiang, Z. (2020). Artificial intelligence innovation in education: A twenty-year data-driven historical analysis. *International Journal of Innovation Studies*, 4(4), 134–147. <https://doi.org/10.1016/j.ijis.2020.09.001>

11.Hehanussa, F. S., Sumunar, D. R. S., & Rakuasa, H. (2023). Pemanfaatan Google Earth Engine Untuk Identifikasi Perubahan Suhu Permukaan Daratan Kabupaten Buru Selatan Berbasis Cloud Computing. *Gudang Jurnal Multidisiplin Ilmu*, 1(1), 37–45.

ӘОЖ 373.5.012

«МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ» ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОРНЫ

Кожыханова Л.Е. 2 курс докторанты

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы

laura-shardara@mail.ru

Аннотация. Медиа сауаттылық – білім берудің жаңашыл бағыттарының бірі. Алайда адамзаттың жаңалыққа құштарлығы ерте заманнан бастау алған. Қазіргі таңда ақпараттар легінің көптігі тек ересектерге ғана емес, жасөспірім балаларға, оның ішінде бастауыш сынып оқушыларына да әсер етіп жатыр. Бастауыш сынып оқушыларының көптеген ақпараттарды әртүрлі медиақұралдардан алатынын ескерсек, оқушылардың медиа сауаттылығын дамыту мәселесінің өзекті екенін аңғаруға болады.

Түйін сөздер: медиа сауаттылық, медиа білім беру, медиа құралдар, бастауыш сынып оқушылары.

Аннотация. Медиа грамотность – одно из самых перспективных направлений образования. Тем не менее, стремление человечества к инновациям зарождается в самом начале. В настоящее время большое количество информационных потоков затрагивает не только взрослых, но и подростков, в том числе младших школьников. С учетом того, что дети младшего школьного возраста получают много информации от различных медиа средств, стоит отметить, что вопрос развития медиа грамотности учащихся является важной проблемой.

Ключевые слова: медиа грамотность, медиа образование, медиа средства, учащиеся начальных классов.

Annotation. Media literacy is one of the most promising areas of education. Nevertheless, humanity's desire for innovation originates at the very beginning. Currently, a large number of information flows affect not only adults, but also adolescents, including younger schoolchildren. Given that primary school children receive a lot of information from various media outlets, it is worth noting that the issue of developing students' media literacy is an important problem. Key words: media literacy, media education, media tools, primary school students.

Keywords: media literacy, media education, media tools, primary school students.

«2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік

нұсқау хатта білім алушылардың цифрлық дағдыларын дамытуға ерекше тоқталып өткен. Мысалға, «Өндірістің барлық салаларында цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мектеп түлектерінен цифрлық техникамен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруді, интерфейстердің жұмысын түсінуді, деректерді жинау мен цифрлық өңдеуді, деректерді қорғауды, ақпаратты іздеуді, қолдануды және ақпараттық көздерді әртүрлі негіздер бойынша саралауды талап етеді. PISA зерттеулері көрсеткендей, мектептер білім алушылардың цифрлық құрылғы экранында берілген ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін, бірнеше көздерден алынған ақпаратты бағалау дағдыларын, осындай ақпараттың сенімділігі мен жарамдылығын бағалау қабілетін дамытуы қажет» делінген [1].

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру МЖМБС шеңберінде цифрлық дағдыларды дамыту кешенді тәсілге негізделген, ол оларды бастауыш сыныптардағы цифрлық сауаттылық және негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі информатика пәндерінің мазмұнында ғана емес, сонымен қатар оқу пәндерінің ерекшеліктерін ескере отырып, барлық білім беру салаларының мазмұнына біріктіруді көздейді» деп анық көрсеткендей білім алушылардың цифрлық және медиасауаттылығын бастауыш сыныптан бастап қалыптастыру және дамыту мәселесі айқындалады.

Осы ретте, «Медиасауаттылық деген не? Бұл ұғым қашан пайда болды?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Зерттеу жұмысымызда осы тақырыпты зерттеп көрелік.

Медианың біздің күнделікті өмірімізге кірігіп кеткені соншалық, адамдардың көбі оны байқай бермейді. Сол себепті де, адамдар оқыған, көрген, естіген немесе визуалды образдар, дыбыс арқылы қабылдаған ақпаратқа сыни баға беріп, ой елегінен өткізбейді. Мысалға телеарнаны алайық. Телерналар ұсынып отырған контент әртүрлі. Тақырыптық, көңіл көтеруге арналған, ғылыми, жаңалықтар немесе өзге де салалық арналар болады [2].

Медианың формалары мен көрініс табу тәсілдері әрдайым өзгеріп отырады. Сондықтан да, медиасауаттылық дағдыларын үздіксіз жетілдіріп отыру керек. Біз өмір сүріп жатқан уақыт ақпарат дәуірі деп аталады. Ал ақпаратпен дұрыс жұмыс жасау бұрын-соңды еш жерде үйретілмеген. Осыдан медиасауаттылықты оқытудың өзектілігі туындайды.

Ақпараттық революция мен жаһанданудың әсерінен адамдар кез келген ақпаратты медиа қалай ұсынса, сол күйінше қабылдайтын болған.

"Медиа білім беру" (media education) білім беру бағыты ретінде ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап бірқатар Канада, Еуропа елдерінде, сондай-ақ АҚШ-та қалыптаса бастады. Педагогиканың бір бөлімі ретінде медиа білім беру медиа-мәдениет әлемінде жас ұрпақты, студенттер мен оқушыларды бейімдеу тетіктерін қалыптастыруға бағытталған.

1970 жылдары дамыған елдерде медиа-білім беру әртүрлі көрініс береді.

1980 жылдардан бастап ЮНЕСКО бірқатар елдерді арнайы зерттеп келеді. Кейбір медиа білім беру туралы бірінші сұрақты ЮНЕСКО мамандары қойды, онда 80-жылдардың соңында жаппай медиа білім беру бағдарламасы – Model for Mass Media Education General Curricular әзірленді. Бұл зерттеулерде медиа білім құзыреттілікті дамыту процесі ретінде қарастырылады медиатеchnология арқылы жеке тұлғаның медиа мәдениетін қалыптастыру қарастырылды. ЮНЕСКО әр азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары, сөз бостандығы және ақпаратқа қол жеткізу еркіндігі жөнінде біршама ұсыныстар білдірген. Негізгі ұсынысы медиа білім беруді ұлттық оқу жоспарларына енгізу, сондай-ақ қосымша білім берудің кез келген нысандары шеңберінде іске асыру арқылы "Өмір және өмір бойы үйрену" тұжырымдамалары болды (Life- Long Learning, LLL) [3].


1997-98 жылдары ЮНЕСКО жүргізген зерттеу барысында сауалнамаға 23 елден 12 жастағы 5 000 бала қатысқан [3]. Әлемнің әртүрлі аймақтарынан сауалнамаға қатысқан балалардың 91%-ы теледидар бағдарламаларын көретінін және қызығатынын аңғартса, басқа көрсеткіштер төмендегідей нәтиже берген:

- газеттер – 85%;
- магнитофон – 75%;
- комикстер – 66%;

- бейнемагнитофон – 47%;
- бейне ойындар - 40%;
- жеке компьютер – 23%;


Қазіргі таңда медиақұралдарға тек теледидар, радио, газет-журнал емес, үлкен рөлді ғаламтор алатынын байқаймыз. Оған төмендегі сауалнама нәтижелері дәлел бола алады.

«Балаңыз өзіне қажетті ақпаратты, ән, видеоны ғаламтордан өзі іздей алады ма?» деген сұраққа жауап берген 37 бастауыш сынып ата-аналарының жауаптары төмендегідей:



Керісінше кітапханадан ақпарат алатын, қажетті білімді кітапханадан іздейтін оқырмандар санының төмендігі де сауалнама нәтижесінде анықталды:

«Кітапханаға қаншалықты жиі барасыздар?» деген сұраққа 86% ата-ана баласының кітапханаға мүлдем бармайтынын растаған [4].



Оған себеп ата-аналардың жұмысбастылығы, кітапханалардың аздығы немесе ғаламторға деген қолжетімділіктің жоғарылығы десе болады. Міне, осы арада бастауыш сынып оқушыларының медиақұралдармен, бірі болмаса да, екінші түрімен жиі байланыста екенін байқаймыз. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын қалыптастыру әрі дамыту мәселесі өзекті мәселеге айналуы тиіс.

1928 жылы Зигмунд Фрейдтің жиені, «пиардың атасы» Эдвард Бернейнс өзінің «Насихат» атты кітабында: «...Жалпы сауаттылық деген адамға сана берген жоқ, жарнама ұрандарының, бас мақалалардың, жарияланған ғылыми деректердің, сағыздың, сары парақтар мен мезі болған тарихи деректердің, яғни ойлаудың сонылығынан басқа не болса соның бояуы жағылған штамптардың жиынтығын берді» деп жазыпты [5]. Қазіргі заманда бұл пікір өзектілігін жоймады. Себебі көшелердегі және теледидарлардағы, ғаламторлардағы жарнамалар кіші жастағы балалардың психологиясына әсер жағын ойламайды.

Адам құқығының жалпы декларациясының 19-бабында: «Әрбір адамның наным-сенім бостандығына және де оларды еркін түрде білдіруге құқығы бар; бұл құқық мемлекеттік

шекараға қарамастан, өзіндік нанымдарды кедергісіз ұстану және ақпаратты іздеу, қабылдау және тарату барысында кез келген құралдарды қолдану еркіндігін де қарастырады». Медиа және ақпараттық сауаттылық адамдарды білім және дағдылармен қаруландырады [6].

Бұл құқықтың жүзеге асырылу барысы медиа білім беру бойынша 1982 жылы өткен Грюнвальд декларациясынан бастау алады. Бұл декларацияда саяси және білім беру жүйелері азаматтардың бойына коммуникация құбылысының қажеттілігін түсіну керектігі атап өтілді. Бұл мақұлдау медиа және ақпараттық сауаттылық өмір бойғы оқытудың бастауы болып анықталатын 2005 жылғы жалғасын Александрия декларациясында тапты. Декларация кез келген мамандық өкілдеріне «ақпаратты іздеу, бағалау, қолдану және ойлап табуды барлық салаларда өзіндік, әлеуметтік, профессионалдық және білім беру мақсаттарына қол жеткізуге» мүмкіндік беретін медиа және ақпараттық сауаттылықтың ролін растайды. Медиа және ақпараттық сауаттылық барлық адамның сандық әлемдегі негізгі құқығы болып табылады [7].

Сонымен көптеген әдебиеттердегі «медиа сауаттылық» ұғымына талдау жасап көрелік.

Медиа сауаттылық - (media literacy) - уақыт кеңістігіндегі шынайылықты ажыратып, талдай білу, медиамәтінді «дұрыс оқу» қабілеті. Ол медиа материалдарының әдістері мен ықпалын сыни қабылдап және саналы түрде баға беруді қосқанда актив немесе пассив қабылдау және қолдану. Сонымен қатар, бұл ұғым медианың әр түрін пайдалану арқылы оқу, талдау, баға беру же коммуникация орнату қабілетін де білдіреді. Медиа сауаттылық — медиаға қатысты сыни ойлау машығын қалыптастыруға арналған медиа білім берудің бір бөлшегі [8].

Медиа және кітапхана, мұрағат және интернет сияқты өзге де ақпараттық қызметтер адамдарға ақпараттың толықтығын ескере отырып, шешім қабылдауға көмек беретін бүкіл әлемдегі маңызды құралдар екендігі айқын. Сонымен қатар олар қоғам өздері туралы шындықты білетін, халықпен әңгіме-дүкен құрып, ынтымақ-бірлік сезімін қалыптастыратын құрал болып табылады. Коммуникация және ақпарат арналары өмір бойғы білім беруге ықпал етуге қабілетті. Сондықтан азаматтар медиа және өзге де ақпарат қызметтерінің (кітапханалар, мұрағаттар, интернет және т.б.) жұмысын түсініп, оларға дұрыс баға берулері керек. Медиа және ақпараттық сауаттылықтың міндеті – білімді қолданушыларға бере білуде.

Медиа және ақпараттық сауаттылық негізгі ұғымдарды топтастырды:

(а) медиа, кітапханалар, мұрағаттар және өзге де ақпараттық қызметтердің демократиялық қоғамдардағы функциялары;

(б) БАҚ пен ақпараттық қызметтер бұл функцияларды сапалы орындау шарттары;

(в) ұсынылған контент және қызмет көрсетулер арқылы бұл функциялардың жұмыс сапасын бағалау әдістері. Бұл түсінік өз кезегінде қолданушыларға коммуникация және ақпарат арналарымен ойланып, бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Медиа және ақпараттық сауаттылық арқылы пайда болған құзыреттіліктер азаматтардың бойында медиа мен өзге де ақпарат жеткізушілерден жоғары сапалы қызмет көрсетуді талап ететін сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытады. Ұжыммен жұмыс істеу арқылы олар медиа және өзге де ақпараттық қызметтерге жоғары сапалы қызмет көрсетулер ұсыну кезінде жақсы шарттар жасалуына мұрындық болады [8].

Медиа сауаттылық – адамның қоршаған ортадан келетін ақпараттарды сауатты қабылдай білуі, сыни ойлау негізінде ақпаратты талдай білуі.

Әлемдік жаһандану негізінде туындаған сауаттылық ұғымы деп көпшілік қателеседі. Медиа сауаттылықтың пайда болуының тарихы тереңде жатыр.

Цифрлық құрылғы экранында ұсынылған ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін, бірнеше көздерден алынған ақпаратты бағалау дағдыларын дамыту, ақпараттың сенімділігі мен жарамдылығын бағалау бастауыш сыныптардан бастап тілдер мен әдебиеттер бойынша оқу бағдарламаларында қарастырылған. Мысалы, өзге тілде оқытатын 4-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнында «4.3.5.1 қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу және ақпаратты кестеге салу

(жіктеу) /сызба түрінде беру» оқыту мақсатын іске асыру шеңберінде «Мәдени мұра» ортақ тақырыбы бойынша мұғалімге интернеттен ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы ақпаратты табу және алу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды қолдану ұсынылады (1).

Оқушылардың медиа және ақпараттық сауаттылықтарын арттыру оқытушылардың медиа және ақпараттық сауаттылықтарының артуынсыз жүзеге аса алмайды. Тиімділіктің бірнеше есе артуын қамтамасыз ететін басты стратегия ақпараттық сауатты оқытушыларға негізделеді. Медиа және ақпараттық сауаттылықты меңгерген оқытушылар ізденушілерге тиімді деңгейде көмектесе алады. Медиа және ақпараттық сауаттылыққа үйрету оқытушылардың аудиториямен тікелей байланысы арқылы қабылданады: біріншіден, олардың ақпараттандырылған және ойлау қабілеті бар азаматтарды тәрбиелей алу мүмкіндігі; екіншіден, олардың тәрбие, ағартушылық ролі беретін өзгерістер айқындалады.

ӘДЕБИЕТТЕР :

1. «2024-2025 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 113 б.

2. Медиа сауаттылық. Кітапханашыларға арналған практикалық нұсқаулық. IREX Europe ұйымының Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан елдеріндегі жобалары шеңберінде дайындалған. Құрастырушы автор: Тамара Козицька, қазақ тіліне аударған: Сәния Әбдіғапар. © IREX Europe, 2018.

3. Медийная и информационная грамотность среди молодежи в сфере обеспечения национальной безопасности / Ахметова Л.С., Веревкин А.В., Лифанова Т.Ю. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 108 с.

4. Сауалнама <https://forms.gle/Q2LrVm75jvFjLjdz9>

5. Бернейс Эдвард. Пропаганда. — М.: ООО «Библос», 2016.

6. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы/
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>

7. **Медиа** және ақпараттық сауаттылық: оқытушыларға көмекші құрал / Кэролайн

8. Уилсон, Алтон Гриззл, Рамон Туазон [және т.б.]; орыс тілінен ауд.: Г. Сұлтанбаева, Б. Әліқожа. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 194 б.

9. МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ. Құрастырушы автор – Сергей Штурхецкий. Қазақ тіліне аударған: Сәния Әбдіғапар.- Жоғары оқу орындарына арналған медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша оқу құралы. - © IREX Europe, 2018.

ӘОЖ УДК 378.147.88.(035).3

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА ОҚУ ЖОБАЛАРЫН ОРЫНДАУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Букешова Н.А. магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:nargizb@icloud.com

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының цифрлық білім беру ортасында оқу жобаларын орындау арқылы зерттеу дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылады. Автор зерттеу дағдыларын заманауи цифрлық білім беру үдерісінің негізгі элементі ретінде қалыптастырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Жобалық қызмет оқушылардың дербестігін, шығармашылық қабілеттерін және мотивациясын дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ оларға ғылыми зерттеудің негіздерін меңгеруге көмектеседі. Мақалада оқу жобаларын орындау кезеңдеріне және әрбір кезеңде қалыптасатын дағдыларға назар аударылады. Автор

жобалық әдістің бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын сәтті дамытудағы маңыздылығын атап өтеді.

Тірек сөздер: зерттеу дағдылары, оқу жобасы, цифрлық білім беру ортасы, ғылыми зерттеу.

Аннотация. В статье рассматривается развитие исследовательских умений у учащихся начальной школы посредством выполнения учебных проектов в условиях цифровой образовательной среды⁷. Автор подчеркивает важность формирования исследовательских навыков как ключевого элемента современного образовательного цифрового процесса. Проектная деятельность способствует развитию самостоятельности, креативности и мотивированности учеников, а также помогает им овладеть основами научного исследования. Основное внимание уделено этапам выполнения учебных проектов и умениям, которые формируются на каждом из них. Автор делает вывод о значимости проектного метода для успешного развития исследовательских умений у младших школьников в условиях цифровой среды образования.

Ключевые слова: исследовательские умения, учебный проект, цифровая образовательная среда, научное исследование.

Abstract. The article discusses the development of research skills in primary school students through the implementation of educational projects in a digital educational environment. The author emphasizes the importance of cultivating research skills as a key element of the modern digital education process. Project-based activities promote students' independence, creativity, and motivation, while helping them to master the basics of scientific research. The article focuses on the stages of project implementation and the skills developed at each stage. The author concludes that the project method is essential for the successful development of research skills in primary school students within a digital educational environment.

Keywords: research skills, educational project, digital educational environment, scientific research.

Қазіргі бастауыш мектептегі білім беру процесі оқушылардың қолданбалы және теориялық тапсырмаларды өз бетінше шешуге жеткілікті деңгейдегі білімін қалыптастыруға бағытталуы керек. Бұл мақсатқа жету оқу қызметін зерттеу бағыты бойынша ұйымдастырумен байланысты, бұл әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін өзекті, өйткені осы кезеңде оқу қызметі жетекші болып табылады және танымдық қабілеттердің дамуын анықтайды.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың зерттеушілік дағдыларын дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеті болып табылады. Цифрлық білім беру ортасы зерттеу дағдыларын дамытуға үлкен мүмкіндік береді, өйткені ол оқушыларға заманауи технологиялар мен әртүрлі цифрлық ресурстарды қолдануға жол ашады. Цифрлық білім беру ортасы білім беру процесін интерактивті және икемді ете отырып, оқытуда кең ауқымды құралдар мен ресурстарды ұсынады. Цифрлық технологиялар балалардың ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, оларды дербес шешім қабылдауға, гипотезаларды тексеруге және қорытынды жасауға үйретеді. Цифрлық білім беру ортасы оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауын дамытады, себебі олар цифрлық ақпарат көздерімен жұмыс істеп, ақпаратты іздеу, іріктеу және талдау дағдыларын меңгереді. Осылайша, цифрлық білім беру оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға тиімді жағдай жасайды. Осы дағдыларды қалыптастырудың тиімді әдістерінің бірі – жоба әдісі, ол оқушыларға оқу процесіне белсенді қатысуға, бастамашылдық пен дербестікті көрсетуге, сондай-ақ танымдық қабілеттерді дамытуға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру жоба әдісі арқылы тиімді жүзеге асырылады. Оқу жобаларын орындау оқу іс-әрекетінің дамуына, балалардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігінің оянуына ықпал етеді, сондай-ақ балаларға өз ойлары мен әрекеттерін түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. Цифрлық орта оқу жобаларын орындау барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын байытуға ықпал

етеді. Олар мультимедиялық ресурстар, онлайн кітапханалар, білім беру платформалары арқылы ақпаратты жинақтап, оны талдай алады. Бұл оқушыларға оқу материалын тереңірек меңгеруге және аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

Зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру мәселесі А.И. Савенков [1], Н.Ю.Пахомова [2] және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Олар зерттеушілік дағдыларын жалпы оқу дағдыларынан бөліп алып, оларды талдау, синтездеу, салыстыру, жалпылау, абстракциялау, нақтылау, жіктеу және жүйелеу сияқты ойлау операцияларын дамытуға байланыстырады. Дегенмен, кейбір зерттеушілердің пікірінше, зерттеу үдерісіндегі ең маңыздысы ақпарат көздерінің құрамы емес, мәселені зерттеуге деген көзқарас болып табылады [3, 45б.]. Бұл дегеніміз, оқушылар ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай білуі, негізгі нәрсені бөліп көрсете білуі, сұрақтар мен гипотезаларды тұжырымдай білуі және оларды тексеру стратегияларын құрастыра білуі керек.

Зерттеу дағдылары – бұл ғылыми зерттеу логикасына бағынатын және ғылым негіздерін оқып үйрену мен практикалық қызмет тәжірибесі нәтижесінде алынған білімдерге, білік-дағдыларға сүйенетін ғылыми-зерттеу қызметіне сәйкес келетін ақыл-ой және практикалық әрекеттерді орындау қабілеті. Өкінішке орай, оқыту тәжірибесінде бұл дағдылардың стихиялық түрде қалыптасу үрдісі әлі де сақталуда, жұмыстың негізгі түрі кітаппен жұмыс болып қалып отыр: баяндама, реферат және шығарма жазу, олар тақырыптың тар шеңбері мен дайын әдебиеттер тізімінің болуына байланысты жоғары деңгейде дамуға мүмкіндік бермейді [4].

Жоба әдісі зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, өйткені ол зерттеу, іздеу және проблемалық әдістер жиынтығын қамтиды және оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне бағытталған. Бұл әдіс білім беру жағдайларын құруды көздейді, олар бар түсініктерге қайшы келетін құбылыстарды көрсетеді, оқушыларды болжамдар айтуға, оларды тексеруге және зерттеу нәтижелерін сыныптастарына, мұғалімдерге және ата-аналарға ұсынуға итермелейді [5.].

Оқу жобасымен жұмыс істеу барысында оқушылар тақырыпты таңдау, мақсаттар мен міндеттер қою, ақпарат іздеу, оны талдау, құрылымдау және синтездеу, зерттеу, шешім қабылдау және іс-әрекетті ұйымдастыру бойынша максималды дербестікті көрсетеді. Олардан бұрыннан бар білімді қолдану және «жаңа білімдерді ашу» талап етіледі. Әр кезеңде қандай дағдылар дамитынын қарастырайық.

Ұйымдастыру кезеңінде бастауыш сынып оқушылары зерттеу тақырыбын таңдайды және жұмыстың мақсаттарын нақтылайды. Егер оқушы нені зерттегісі келетінін білсе, тақырыпты таңдау оңай болады. Егер ол өзінің қызығушылықтарын анықтай алмаса, оған бос уақытында немен айналысатыны және тереңірек зерттегісі келетін тақырыптар туралы сұрақтар қойылады. Бұл кезеңде проблеманы «көру» және кіші мәселелерді ажырату, міндеттер қою, танымдық тапсырманы түсіну және қабылдау дағдылары қалыптасады.

Цифрлық білім беру ортасында оқу жобаларын орындау бірнеше кезеңге бөлінеді. Әр кезеңде белгілі бір зерттеу дағдылары дамиды. Тақырыпты таңдау және мақсат қою кезеңі: Оқушылар цифрлық ресурстарды пайдаланып, қызықтырған тақырып бойынша ақпарат іздейді [6, 174б.]. Бұл кезеңде олар оқу мақсаттарын анықтап, зерттеу сұрақтарын қалыптастыруды және шешімін іздейтін мәселелерді белгіледі үйренеді.


Жобаны жоспарлау: Оқушылар мұғаліммен бірге жұмыс жоспарын жасайды, зерттеу әдістерін анықтап, қажетті цифрлық құралдарды таңдайды. Бұл кезеңде виртуалды тақталар, онлайн деректерді басқару құралдары қолданылуы мүмкін. Ақпарат жинау және талдау: Бұл кезеңде оқушылар цифрлық ресурстарды пайдаланып, ақпаратты жинап, оны талдайды. Цифрлық білім беру бағдарламалары, онлайн кітапханалар және дерекқорлар арқылы олар деректерді жүйелеп, негізгі тұжырымдар жасайды.

Өнім жасау және оны ұсыну. Оқушылар зерттеу нәтижелерін көрсету үшін цифрлық құралдар арқылы презентациялар, бейнероликтер, инфографикалар жасайды. Цифрлық форматтағы қорытынды қорғау оқушылардың коммуникациялық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Жоба аяқталғаннан кейін оқушылар өз жұмыстарын

бағалап, талдау жасайды. Цифрлық орта кері байланыс алу және нәтижелерді бағалау үшін ыңғайлы құралдар ұсынады [7].

Біз Қызылорда облысы, Жалағаш кентіндегі №123 мектеп-гимназия базасында бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру деңгейіне зерттеу жүргіздік.

Зерттеуге 3 "А" сыныбының 24 оқушысы қатысты, олардың орташа жасы 8,5 жасты құрады. Сынып жетекшісінің айтуынша, оқушылардың үлгерімі мен белсенділігі жоғары деңгейде. Сыныпта талдауға, жалпылауға және қорытынды жасауға, сондай-ақ сабақта өз бетінше жұмыс істеуге қабілетті дарынды балалар көп. Дегенмен, оқу материалын меңгеруде және меңгеруде қиналатындар да бар.



Сурет 1. Зерттеу дағдыларының қалыптасу деңгейі

Сауалнама нәтижелері бойынша, барлық бастауыш сынып оқушылары оқу жобаларын орындауға қызығушылық білдірді. Олар жобалық қызметтің оқу материалын жақсырақ меңгеруге көмектесетінін (77,5%), достық пен өзара көмекке үйрететінін (65%), өз дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беретінін (59,3%), басқаларды шабыттандыратынын (49,6%), өз күшіне деген сенімділікті арттыратынын (38,2%) және жаңа достық қарым-қатынастарды орнатуға ықпал ететінін (20%) атап өтті.

Эксперименттің келесі кезеңінде бастауыш сынып мұғалімдеріне *******Цифрлық құралдар (мысалы, планшеттер, онлайн платформалар) оқу жобаларына қатысуды жақсартта алар ма еді және олар оқушылардың оқу материалын меңгеруіне қалай әсер етеді деп ойлайсыз?******* деген сұрақ қойылды.

Нәтижесінде, мұғалімдердің 85%-ы цифрлық құралдардың оқу жобаларына қатысуды айтарлықтай жақсартта алатынын атап өтті. Олар планшеттер мен онлайн платформалардың интерактивті мүмкіндіктері оқушылардың қызығушылығын арттырып, материалды жақсырақ түсінуге септігін тигізеді деп есептейді. Сонымен қатар, 70%-ы цифрлық құралдардың ұжымдық жұмысқа ынталандыратынын және оқушылар арасында өзара көмек көрсету дағдыларын нығайтатынын айтты.

Мұғалімдердің 60%-ы цифрлық платформалар арқылы оқушылардың өз дағдыларын көрсетуге және шығармашылықтарын ашуға үлкен мүмкіндік алатынын атап өтті. Бұл өз кезегінде олардың сенімділігін арттырып, жобалық қызметке деген қызығушылығын күшейтеді деп есептеді.

Мұғалімдердің 45%-ы цифрлық құралдарды қолдану арқылы жаңа достық қарым-қатынастарды қалыптастыру оңайырақ болатынын болжады, себебі онлайн платформаларда оқушылар топтық жобаларға белсенді түрде қатысып, өзара байланыс орната алады.

Сонымен, оқу жобаларын орындау бастауыш сынып оқушыларының оқу ынтасын, оқу мақсаттарын қою, іске асыру және бағалау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Жобалар балалардың қызығушылығын оятып, қоршаған әлемді өз бетінше тануға деген қажеттілікті арттыруға жағдай жасайды.

Сонымен, цифрлық білім беру ортасын қолдану бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын дамытуға мынадай артықшылықтар береді. Әртүрлі ақпараттық ресурстарға қолжетімділік, бұл оқу тақырыптарын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Интерактивті құралдар мен технологиялар, олар арқылы оқушылар білімді тиімді меңгеріп, оны тәжірибеде қолдана алады. Оқудың икемділігі және даралануы, бұл әр оқушының өз қарқынымен жұмыс жасауына және оқу үдерісін өз бетінше ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Цифрлық білім беру ортасында оқу жобаларын орындау арқылы бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын дамыту – бұл заманауи және тиімді әдіс. Цифрлық технологиялар оқу процесін байытып, оны қызықты әрі қолжетімді етеді. Жоба әдісі мен цифрлық құралдарды біріктіру арқылы оқушылар дербес ойлау, ақпаратты сыни бағалау және жаңа білімдерді ашу қабілеттерін дамытады. Цифрлық білім беру жағдайында оқушылардың танымдық қабілеттері мен шығармашылық әлеуеті артып, болашақта цифрлық қоғамда табысты бейімделуге қажетті зерттеу дағдыларын меңгереді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Матяш Н.В., Симоненко В.Д. Проектная деятельность младших школьников в условиях цифровой образовательной среды: кн. для учителя нач. кл. М. : Вентана-Граф, 2015. 112 с.

2. Пахомова Н.Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении : пособие для учителей и студ. пед. вузов. М. : АРКТИ, 2018. 112 с.

3. Полат Е.С. Технология телекоммуникационных проектов // Наука и школа. 2017. №4. С. 47 – 50.

4. Середенко, П. В. Развитие исследовательских умений и навыков младших школьников в условиях перехода к образовательным стандартам нового поколения: монография / П. В. Середенко. –Южно-Сахалинск : изд-во СахГУ, 2020. – 208 с.

5. Акишева, А. К. Бастауыш мектеп оқушыларының зерттеушілік дағдыларын дамыту / А. К. Акишева, А. А. Солтанбекова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2022. — № 6 (401). — С. 279-281. — URL: <https://moluch.ru/archive/401/88794/> (дата обращения: 18.10.2024).

6. Ф.Б.Асилбаева, Р.К.Қарсыбаева Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастырудың мүмкіндіктері//Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 1 (77), 2019 (дата обращения: 14.10.2024).

7. Байжанова, У. И. Оқушылардың зерттеу қабілеттерін дамыту / У. И. Байжанова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2022. — № 26 (421). — С. 288-289. — URL: <https://moluch.ru/archive/421/93653/> (дата обращения: 19.10.2024).

ӘОЖ 373.347

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ДАМУ АӘДІСТЕРІ

Асқарова Гүлмира Орынбекқызы

**№267 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, Қызылорда қ.
gulmira.askarova.1969@mail.ru**

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының азаматтық жауапкершілігін дамыту әдістері қарастырылған. Эмпатия мен әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға

бағытталған интербелсенді сабақтар мен ойындарға, жобалық әрекет әдісіне, сыныптан тыс іс-шараларға сипаттама берілген.

Тірек сөздер: азаматтық жауапкершілік, бастауыш мектеп, қоғамның тұрақты дамуы, этикалық аспектілер, адамгершілік тәрбиесі.

Аннотация. В статье рассмотрены методы развития гражданской ответственности младших школьников. Дана характеристика интерактивных уроков и игр, метода проектной деятельности, внеклассных мероприятий, направленных на развитие эмпатии и социальной ответственности.

Ключевые слова: гражданская ответственность, начальная школа, устойчивое развитие общества, этические аспекты, нравственное воспитание.

Annotation The article discusses the methods of developing the civic responsibility of primary school children. The characteristics of interactive lessons and games, the method of project activities, extracurricular activities aimed at developing empathy and social responsibility are given.

Key words: civil liability, primary school, sustainable development of society, ethical aspects, moral education.

Бастауыш мектепте азаматтық жауапкершілікті дамыту - қазіргі білім берудің маңызды аспектісі болып табылады, өйткені балаларда бұл сапаны қалыптастыру - үйлесімді және дамыған қоғам құрудың қажетті шарты. Бастауыш сынып кезеңі - оқушылардың негізгі құндылықтарын, дағдылары мен сенімдерін дамытып, азаматтық жауапкершіліктің негізі қаланатын маңызды кезең болып табылады.

Түрлі әлеуметтік, экологиялық және мәдени мәселелер тоғысқан қазіргі заманда бастауыш сынып оқушыларының азаматтық жауапкершілігін дамыту қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды факторына айналып отыр. Азаматтық жауапкершілігі бар балалар қоғамға белсене араласады, қоршаған ортаға қамқорлық жасайды, басқалардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтейді, әділдік пен теңдікке ұмтылады.

Зерттеулер көрсеткендей, бастауыш сыныптарда азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу балалардың жеке дамуына да, жалпы қоғамға да ұзақ мерзімді оң әсер етеді. Бастауыш мектепте азаматтық жауапкершілікті дамыту білім берудің өзекті және маңызды міндеті болып табылады, өйткені ол әділеттілік, толеранттылық және әрбір адамның құқықтарын құрметтеу құндылықтарына негізделген болашақ азаматтық қоғамды құруға ықпал етеді.

«Азаматтық жауапкершілік» ұғымы адамның қоғамдағы азаматтық ұстанымының маңызды аспектісін және оның қоғам алдындағы құқықтары және міндеттерімен байланысын көрсетеді. Азаматтық жауапкершілік жеке іс-әрекеттер мен олардың қоршаған ортаға және жалпы қоғамға тигізетін ықтимал салдарларын білуді қамтиды. Бұл - тек заңдар мен ережелерді сақтау ғана емес, сонымен бірге адамгершілік принциптер мен құндылықтарға негізделген қоғамға белсенді қатысу[1].

«Азаматтық жауапкершілік» ұғымы қазіргі әдебиеттерде, оның ішінде педагогика, әлеуметтану және психология бойынша еңбектерде кеңінен қарастырылады. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті түсінудің негізгі аспектілерінің бірі оның құқықтық ғана емес, сонымен бірге этикалық және әлеуметтік аспектілерін қамтитын күрделі сипаты болып табылады.

Ғалымдар азаматтық жауапкершілікті жеке тұлғаның азаматтық жағдайының негізгі элементі ретінде қарастырады. Олар азаматтық жауапкершілік заңдарды орындауда ғана емес, қоғам өміріне белсене араласып, оның игілігіне қамқорлық жасауда да көрініс табатынын атап көрсетеді.

Сондай-ақ кейбір ғалымдар азаматтық жауапкершілікті адамгершілік тәрбиесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Олар балалардың өз құқықтары мен міндеттеріне, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен мүдделеріне саналы көзқарасын қалыптастырудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Сонымен, азаматтық жауапкершілік ұғымы қоғам өміріне жеке қатысуын сезінумен байланысты аспектілердің кең ауқымын қамтиды және азаматтық бірегейлік пен белсенді азаматтық мінез-құлықты қалыптастырудың маңызды элементі болып табылады.

Азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруда әлеуметтік-мәдени контекстің рөлі маңызды, өйткені қоғам мен оның құндылықтары, нормалары мен күтулері балаларда бұл сапаның дамуына айтарлықтай әсер етеді. Әлеуметтік-мәдени контекст әлеуметтік өмірдің әртүрлі аспектілерін қамтиды, мысалы, отбасы, мектеп, танымал мәдениет, әлеуметтік институттар мен дәстүрлер, олар мінез-құлықтың негізгі құндылықтары мен нормаларын құрайды.

Балалардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруда отбасы ерекше рөл атқарады. Ата-аналармен және басқа отбасы мүшелерімен өзара қарым-қатынас, отбасы құндылықтарын талқылау және бірлескен іс-шараларға қатысу балалардың азаматтық бірегейлігін дамытудың негізін құрайды. Зерттеушілер балаларда азаматтық жауапкершілікті дамыту жағдайында отбасы тәрбиесінің маңыздылығын атап көрсетеді.

Азаматтық жауапкершілікті дамытуда мектептің де рөлі зор. Білім беру бағдарламалары, оқу пәндері және сыныптан тыс жұмыстар азаматтың құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін, сондай-ақ әлеуметтік дағдылар мен мінез-құлық нормаларын дамытуға ықпал етеді[2].

Сонымен қатар балалардың бойында азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға бұқаралық мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық институттардың да ықпалы зор. Жарнама, телебағдарламалар, әлеуметтік желілер және басқа да коммуникация құралдары бұл процесте жағымды және жағымсыз факторлар болуы мүмкін.

Сонымен, әлеуметтік-мәдени контекст балаларда азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді және оны педагогикалық тәжірибеде қарастыру осы сапаның табысты дамуының маңызды аспектісі болып табылады.

Эмпатия мен әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға бағытталған интербелсенді сабақтар мен ойындарды пайдалану балаларда азаматтық жауапкершілікті дамытудың тиімді педагогикалық әдісі болып табылады. Бұл әдістер балаларға әлеуметтік мәселелер мен басқалардың қажеттіліктері туралы білім алып қана қоймайды, сонымен қатар талқылауға, рөлдік ойындарға және бірлескен әрекеттерге белсенді қатысуға мүмкіндік береді, бұл олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға және өз әрекеттерінің қоғам үшін маңыздылығын түсінуге көмектеседі. .

Азаматтық жауапкершілікті дамыту үшін қолданылатын әдістердің бірі – жобалық әрекет әдісі. Әлеуметтік мәселелерді шешуге немесе қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған жобалар балаларда эмпатия мен әлеуметтік жауапкершілікті дамытудың күшті құралы бола алады. Ғалымдар оқушылардың азаматтық тұлғасын дамыту үшін білім берудегі жобалардың маңыздылығын атап көрсетеді.

Азаматтық жауапкершілікті дамытуда рөлдік ойындарды қолдану да тиімді. Олар балаларға басқа адамдардың рөлдеріне үйренуге және олардың жағдайын сезінуге мүмкіндік береді, бұл эмпатияны дамытуға және басқа адамдардың позицияларын түсінуге ықпал етеді.

Пікірталастарды, топтық тапсырмаларды және бірлескен жобаларды қамтитын интербелсенді сабақтар балаларға әлеуметтік жауапкершілік пен қоғамға белсенді қатысудың маңыздылығын түсінуге көмектеседі.

Эмпатия мен әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға бағытталған интербелсенді сабақтар мен ойындарды пайдалану балалардың азаматтық жауапкершілігін дамытудың тиімді педагогикалық әдісі болып табылады. Бұл әдістер балаларға өздерінің қоғамдағы рөлін түсінуге және қоғамға белсенді қатысу үшін қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Жобалық және сыныптан тыс іс-шаралар балалардың өз әрекеттері мен шешімдері үшін жауапкершілікті қабылдау дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Жобалар мен іс-шараларға қатысу арқылы білім мен дағдыларды іс жүзінде қолдану балаларға әлеуметтік жауапкершіліктің әртүрлі аспектілері туралы біліп қана қоймай, оларды іс жүзінде тікелей

қолдануға мүмкіндік береді, бұл жауапты мінез-құлық пен ойлаудың қалыптасуына ықпал етеді.

Жобалық іс-әрекеттер бастауыш сынып оқушыларының өз ортасындағы нақты өмірлік мәселелермен жұмыс істеуге, өз идеяларын әзірлеуге және жүзеге асыруға, шешім қабылдауға және өз жұмысының нәтижелеріне жауапкершілікпен қарауға мүмкіндік береді. Жобаларға қатысу балаларға өз іс-әрекеттерінің қоғам үшін маңыздылығы мен маңызын түсінуге, жоспарлау, ұйымдастыру және ынтымақтастық дағдыларын меңгеруге көмектеседі.

Топсеруендер, жорықтар, қоғамдық іс-шаралар және волонтерлік сияқты сыныптан тыс жұмыстар да балалардың жауапкершілік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мұндай іс-шараларға қатысу балалардың сабақтан тыс уақытта алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде қолдануға, сонымен қатар өз жұмысының нәтижесін және іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсерін көруіне мүмкіндік береді. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру оқушылардың азаматтық ұстанымын дамыту құралы ретінде еңбегінде сыныптан тыс жұмыс балалардың дербестігін, бастамашылдығын, жауапкершілігін дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, жобалық және сыныптан тыс жұмыстар балалардың өз әрекеттері мен шешімдері үшін жауапкершілікті қабылдау дағдыларын дамытудың тиімді әдістері болып табылады. Олар балаларға өздерінің қоғамдағы рөлінің мәні мен маңыздылығын түсінуге, табысты өмір сүру және азаматтық қатысу үшін қажетті тәуелсіздік, ұйымшылдық және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға көмектеседі[3].

Сыныпта және мектепте демократиялық ахуал құру балалардың бойында азаматтық жауапкершілікті дамытуда басты рөл атқарады. Демократиялық ахуал білім беру үдерісіне қатысатын әрбір адамның, соның ішінде мектеп оқушыларының, мұғалімдердің және әкімшіліктің пікіріне құрметпен қарауды білдіреді және диалог пен ынтымақтастық арқылы шешім қабылдауға және жанжалдарды шешуге белсенді қатысуды ынталандырады.

Д.Дьюидің «Демократия және білім беру» атты еңбегінде мектептегі демократиялық ахуал оқушылардың азаматтық тұлғасын қалыптастыруға ықпал етеді, оларды өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға және айналасындағы адамдармен сыйластық пен қарым-қатынас негізінде қарым-қатынас жасауға үйретеді деген сұрақ туындайды.

Демократиялық ахуалды құрудың бір әдісі - оқушыларды бірге шешім қабылдауға машықтандыру. Мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларына нені және қалай үйренетіні, сыныптан тыс жұмыстарды қалай өткізу және оқу жобаларын қалай ұйымдастыру керектігі туралы шешім қабылдау процесіне қатысуға мүмкіндік бере алады. Бұл балаларға өздерін мектеп қауымдастығының маңызды мүшелері ретінде сезінуге көмектеседі және өз біліміне және қоршаған ортаға жауапкершілік сезімін дамытады.

Демократиялық ахуалды құрудың тағы бір маңызды аспектісі - ашық пікірталас пен сындарлы диалог тәжірибесі. Мұғалімдер өзекті әлеуметтік және саяси мәселелер бойынша сыныпта талқылаулар жүргізеді, мұнда әрбір оқушы өз пікірін білдіруге және басқалардың пікірін тыңдауға мүмкіндік алады. Бұл балаларға талқылау және дәлелдеу дағдыларын дамытуға көмектеседі және басқа адамдардың пікірін құрметтеуге үйретеді.

Осылайша, сыныпта және мектепте демократиялық ахуалды құру балалардың азаматтық жауапкершілігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл олардың азаматтық мінез-құлық пен қоғамға белсенді қатысудың маңызды элементтері болып табылатын бірлескен шешім қабылдау, жанжалдарды шешу және диалог жүргізу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Азаматтық тақырыптарды оқу пәндері мен бағдарламаларына кіріктіру азаматтық тәрбие принциптерін оқу үдерісіне енгізудің тиімді әдісі болып табылады. Мұндай интеграция барлық оқу-тәрбие үдерісінде балаларда азаматтық жауапкершілікті жүйелі және мақсатты түрде қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Азаматтық жауапкершілік тақырыптарын кіріктірудің бір тәсілі - әртүрлі пәндердің оқу бағдарламаларына сәйкес модульдер мен сабақтарды енгізу болып табылады. Мысалы, әдебиеттік оқу сабақтарында Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» сияқты

адамгершілік құндылықтар мен азаматтық жауапкершілік мәселелерін көтеретін шығармаларды зерттеуге болады.

Сонымен қатар оқушылардың азаматтық жауапкершілігін дамыту үдерісіне ата-аналар мен қоғамдық ұйымдарды тарту маңызды. Ата-аналар балалардың отбасылық ортадағы құндылықтары мен мінез-құлық нормаларын қалыптастыруда да, балалардың азаматтық бастамалар мен іс-шараларға қатысуын қолдауда да маңызды рөл атқарады. Қоғамдық ұйымдармен араласу сонымен қатар балаларға қоғамдастыққа белсенді қатысу үшін қосымша ресурстар мен мүмкіндіктер бере алады.

Осылайша азаматтық тақырыптарды оқу пәндері мен оқу бағдарламаларына кіріктіру, сондай-ақ азаматтық жауапкершілікті дамытуға ата-аналар мен қоғамдық ұйымдарды тарту белсенді және саналы азаматтарды қалыптастыруға ықпал ететін білім беру ортасын құрудағы маңызды қадамдар болып табылады.

Мектеп оқушыларының бойында азаматтық жауапкершілікті дамыту әдістерінің тиімділігін бағалау – оқу-тәрбие процесінің маңызды кезеңі болып табылады, өйткені ол қол жеткізілген нәтижелер мен қолданылған әдістердің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде сәйкес бағалау критерийлері мен құралдарын, сондай-ақ ақпараттарды жинау және талдау әдістерін пайдалануды талап етеді[1].

Оқушылардың азаматтық жауапкершілігін бағалау критерийлері мен құралдарына мыналар жатады:

1. Қоғамдық өмірге белсенді қатысу. Бұл критерийге оқушылардың әртүрлі қоғамдық және сабақтан тыс іс-шараларға қатысуы, ерікті әрекеті, сонымен қатар олардың мектептегі, қоғамдық ұйымдардағы белсенділігі жатады. Бағалау құралдары өзін-өзі бағалауды немесе мұғалімнің бағалау сауалнамасын, сондай-ақ оқушылардың әртүрлі іс-шараларға қатысуын бақылауды қамтуы мүмкін.

2. Ынтымақтастық пен қарым-қатынас жасау қабілеті. Бұл критерий бойынша бағалау оқушылардың топта жұмыс істеу, басқалардың пікіріне төзімділік пен құрмет көрсету, тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін қамтиды. Бағалау құралдары қарым-қатынас дағдыларын бағалауға арналған сауалнаманы, топтық жұмыс пен жобаларды бақылауды, пікірталас пен пікірталас кезінде оқушылардың өзара әрекеттесу сапасын талдауды қамтуы мүмкін.

3. Қоршаған ортаға қамқорлық. Бұл критерий оқушылардың қоршаған ортаға деген ұқыптылығын, қоршаған ортаны қорғауды, экологиялық бастамаларға белсенді қатысуын қамтиды. Бағалау құралдары экологиялық білім мен тәжірибе бойынша сауалнаманы, оқушылардың табиғатқа деген мінез-құлқын бақылауды және экологиялық жобаларға қатысуды бағалауды қамтуы мүмкін.

Мәліметтерді жинау және талдау әдістері:

- Сауалнама. Сауалнама жүргізу балалардың өзін-өзі бағалауы, азаматтық жауапкершілік саласындағы білімдері, дағдылары және практикалық тәжірибесі туралы мәліметтерді жинауға мүмкіндік береді.

- Бақылау. Оқушылардың әр түрлі жағдайдағы мінез-құлқы мен белсенділігін бақылау олардың қоғамдық өмірге қатысуы және азаматтық жауапкершіліктің көрінісі туралы объективті мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

- Жұмыстар мен жобаларды талдау. Оқушылардың жұмыстары мен жобаларына талдау жүргізу олардың азаматтық жауапкершілік қағидаттарын тәжірибеде түсіну және қолдану деңгейін бағалауға мүмкіндік береді[2].

Нәтижелерді талдау және азаматтық жауапкершілікті дамыту әдістемесін түзету:

- Ақпараттарды жинап, нәтижелерді талдағаннан кейін қол жеткізілген нәтижелерді бағалау және қолданылған әдістердің тиімділігін анықтау қажет.

- Қажет болған жағдайда азаматтық жауапкершілікті дамыту әдістемесі жаңа тәсілдерді енгізе отырып немесе оқушылардың қажеттіліктері мен оқу-тәрбие үдерісінің шарттарына сәйкес қолданыстағы әдістерді жетілдіре отырып, түзетілуі керек.

Сонымен, критерийлер мен бағалау құралдарының жүйесін, ақпараттарды жинау және талдау әдістерін пайдалану, сондай-ақ нәтижелерді талдау және әдістемені түзету

оқушылардың азаматтық жауапкершілігінің дамуын тиімді бағалауға және олардың білім беру мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Куренков И. А. Психология ответственности: учеб.-метод. пособие. Балашов: БГПИ, 2002. - 60 с.
2. Лайзане С. Я. Диагностика интеллектуального развития учащихся. - Рига, 2019. - 86 с.
3. Лещук Н. С. Феномен ответственности: между недержанием и гиперконтролем. Вильнюс: ВЕАЭТ, 2005. - 322 с.

ӘОЖ 541.124

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕ КАЛЛИГРАФИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ: БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫНА ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Имамадин А.Н. магистрант

Алматы қаласы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті E-mail: aksseleu11@gmail.com

Аренова А.К. ғылыми жетекші, п.ғ.д., профессор

Алматы қаласы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Аннотация. Бұл зерттеу цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында дәстүрлі каллиграфияның бастауыш сынып оқушыларының жазу дағдыларын қалыптастырудағы рөлін зерттейді. Мақалада каллиграфияның жазудың эстетикалық және психологиялық аспектілеріне әсері, оның баланың қол жазбасының қалыптасуына тигізетін ықпалы талданып, цифрлық құралдармен үйлесімде қолданудың тиімділігі қарастырылады. Зерттеу нәтижелері каллиграфияның бастауыш білім берудегі орнын анықтап, жазу сабақтарын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар береді.

Тірек сөздер: каллиграфия, бастауыш білім беру, жазу дағдылары, цифрлық технологиялар, қол жазбасы, білім беру.

Аннотация. Данное исследование изучает роль традиционной каллиграфии в формировании навыков письма у младших школьников в условиях стремительного развития цифровых технологий. В статье анализируется влияние каллиграфии на эстетические и психологические аспекты письма, ее воздействие на формирование почерка у детей, а также рассматривается эффективность комбинированного использования каллиграфии с цифровыми инструментами. Результаты исследования определяют место каллиграфии в начальном образовании и предлагают рекомендации по совершенствованию преподавания письма.

Ключевые слова: каллиграфия, начальное образование, навыки письма, цифровые технологии, почерк, образование.

Annotation. This research explores the role of traditional calligraphy in developing writing skills among primary school students in the era of rapidly evolving digital technologies. The article analyzes the impact of calligraphy on the aesthetic and psychological aspects of writing, its influence on the formation of children's handwriting, and examines the effectiveness of combining calligraphy with digital tools. The research results determine the place of calligraphy in primary education and provide recommendations for improving writing instruction.

Key words: calligraphy, primary education, writing skills, digital technologies, handwriting, education.

Қазіргі заман-сандық технологиялар дәуірі. Сондықтан адамдардың көпшілігі сандық құрылғылармен көп жұмыс жүргізеді. Соның салдарынан адамдардың каллиграфиясы

нашарлауда. Ал бұл өз кезегінде бастауыш сыныптардағы жазу дағдыларына да қатысты мәселе болып табылады. Қанша жерден сандық технологимен жұмыс жүргізсек те, каллиграфияның маңызы зор. Өйткені, жазу үлгісі әдемі адамдар қашан да қажет болатындығын күнделікті өмірде кездестіріп жүрміз.

Бастауыш-білімнің іргетасы. Сондықтан оқушының сапалы білім алып, көркем жазуы бастауыш сыныптан бастап қалыптасады. Осы орайда бастауыш сынып оқушылары

оқушылардың көркем жазу үлгісін қалыптастыру үшін жазу дағдыларымен жұмыс жүргізеді. Бастауыш сыныптардағы жазу дағдылары әрбір әріпті емлелік ережесіне сай жаздыру, берілген мәтінді көркем түрде көшірту арқылы жүзеге асады.

Әдемі жазуды меңгерудің әр адамға маңызы өте зор. Әдемі жазу- мәдениеттің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға көзқарасын, құрметін танытады. Көркем жазудың мақсаты- дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық, қоғамдық, тәрбиелік мәні зор. Бастауыш сыныптарда балаларды оқу мен жазуға үйретудің өз әдістемелері бар. Алайда оларға жазуға қай кезде үйрету керек?-деген сауал туындайды. Осы орайда, ғалымдардың тұжырымына жүгінсек, Американдық психолог Ф.Фришен 20 ғасырдың басында жазуды үйретуді 9 жастан бастап бастау керектігін айтса, 20 жылдары Ю.К.Фаусек 5 жастан жазуды үйрету қажет екенін тәжірибе арқылы дәлелдеген[1.5]. Жазу әдістемесіне үйретуде бір елдің тәжірибесі екінші бір елге көмек болады. Мысалы, Германияның тор көз арқылы оқыту әдісі 19 ғасырдың аяғында бірнеше елге тарап, қолдану аясы кеңейген. Алайда, гигиеналық талап пен жазуға кері әсері анықталғандықтан, бұл әдіс қолданыстан алынып тасталған.

Бастауыш сыныптардағы оқыту үрдісінің негізгі мақсаты – балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Балаға хат таныту – аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өйткені хат таныту, оқу жазуға үйрету кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуді меңгеріп қана қоймай, каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек, оқу мен жазуға үйретудің міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы, яғни, каллиграфиясы қалыптасады.

Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқуда жеңіл ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп жазуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуге әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді.

Жазу үдерісінде оқушының дұрыс отыруы, қаламсапты дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыруы, осының әрі баланың көзіне, жазуына жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді.

Цифрлық дәуірде интербелсенді панельдерде жазуға мүмкіндік мол. Бұндай панельдерде арнайы сызылған тақталар бар. Бірақ онымен жұмыс істеу бастауыш сынып оқушыларына қиындық тудырады. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын қалыптастыруда жазу құралдарын оқушыларға тиімді қолдануға мүмкіндік беруіміз керек.

Көркем жазу үрдісін жүзеге асыру үшін жазу құралдарының, атап айтар болсақ, қаламсап, қарындаш, борлардың көмегі керек. Оқушылар бұл құралдардың қолданылу тәсілдерін білу міндетті. Сонымен бастауыш сыныптарда көркем жазу ережесі мынадай болып бекітілген:

1. Жазудың құралдарын пайдалана білу;
2. Дәптердің дұрыс орналасуы;
3. Дұрыс отыра білу;

4. Қолдың дұрыс қозғалысы;
5. Үлгі мен жазудың нәтижесін салыстыра білу;
6. Баспа әріпті жазбаша түрде жаза білу;
7. Әріптердің жазылу емлесін білу;
8. Әріпті байланыстыра білу (үзіліссіз, жоғарғы жағынан, төменгі жағынан);
9. Әріптің біркелкілігін сақтау;
10. Сызықтар арасында және бір сызықта жаза білу;
11. Жазудың басталуы және бір жолды дұрыс толтыра білу;
12. Жазудың бағытының дұрыстығы [2.204]

Жоғарыда аталған ережелерге оқушылар бірден емес, біртіндеп 2-3 жылда барып қалыптасады. Жазу барысында оқушылар көптеген талаптарды оқушы көптеген талаптарды орындауы қажет. Көп жағдайда оқушы жазуды үйрене бастағанда дәптердің дұрыс орналасуы, дұрыс отыру, қаламсапты дұрыс ұстау сияқты ережелерді ұмытып кетеді: қаламсапты бар күшімен ұстайды, жазуы түзу болу үшін өзіне қарай тік сызуға тырысады, бірақ көлбеу жазу керек екендігін ұмытып кетеді. Оқушылардан орфографиялық жазуды талап ете бастағанда оқушылар тақтадан немесе мұғалім айтуы бойынша жазады да, жазудың графикалық сауаттылығын бақылау баяулайды. Тіпті мұғалім айтқан дыбыс таңбаларының формасын ұмытып кетеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдері мектептің алғашқы кезеңдерінде барынша мұқият болғандары жөн.

Жазу сабағында ми ғана емес, сондай-ақ көптеген бұлшықеттер де жұмыла жұмыс істейді. Сондықтан оған мынадай бірқатар гигиеналық талаптар қойылады:

- партада дұрыс отыру;
- жарықтың түсуі;
- қағаздың сапалы болуы;
- қарама-қарсы түсті сияны пайдалану;
- жазу құралдарының баланың жасына сәйкестігі;
- жетілдірілген жазу техникасы. Бұған әріптердің көлбеу немесе түзу кескінін

сақтау жатады.

Цифрлық дәуірде көркем жазуға үйретудің негізгі әдістеріне мыналар жатады:

- Интерактивті панелдердегі тақтаға мұғалім жазу үлгісін қайта-қайта жазып көрсетуі тиіс;

- Ауада жазу. Бұл жағдайда ұстаз әріпті ауада жазып көрсетеді. Соның нәтижесінде бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғады. Бұл әдіс оқу үдерісін жандандырады.

- Көшірмесін түсіру әдісі. Бұған жазылған әріптің үстінен басып жазу жатады.

- Дайын үлгіден көшіру әдісі. Бұның нәтижесінде оқушы өз жазғанын ұстаздың жазғанымен салыстырады.

- Әріпке анализ жасау әдісі. Мәселен, «х» әрпі екі «с» дыбысының бірін-бірі арқалауы деп айтуға болады. Балалардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай жаттығуларды пайдаланған дұрыс[3.28].

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының каллиграфиялық дағдысының қалыптасуы қай дәуірде болмасын маңызды екенін байқауымызға болады. Себебі, сандық технология қанша жерден дамыса да, қолмен жазу еш уақытта жоғалып кетпейді. Сол үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушылардың жазу дағдысын қалыптастыруымыз қажет. Оған қоса, каллиграфияны бастауыш сыныптарда оқытудың маңыздылығының ерекше екенін нақтылап атап өткім келеді. Ол тек қана жазу дағдыларын қалыптастырумен шектелмей, баланың жалпы дамуына оң әсер етеді. Сондықтан, оқу бағдарламаларына каллиграфияны енгізу қажеттілігі туындайды.

Ұсыныстар:

- Бастауыш сынып бойынша мұғалімдеріне каллиграфия арнайы тренингтер ұйымдастыру.

- Мектептерде каллиграфия кабинетін жабдықтау.
- Каллиграфияға арналған оқу құралдарын әзірлеу.
- Каллиграфия бойынша сайыстар мен фестивальдар өткізу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Б.Тұрғанбаева, Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. Алматы, 2009.
2. К.Калмухамбетова, К.А.Ерешева, Ұ.Ботабаева. «Көркем жазу». 1- сынып. Алматыкітап, 2012 жыл
3. Н.Садықова. Көркем жазуға үйретудің негізгі әдістері. «Бастауыш сынып» журналы, 2019 ж.

ӘОЖ 373.3.004.9

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕЙІНІН ДИАГНОСТИКАЛАУ Әбдікәрім Б.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:abdikarimb@inbox.ru

Аннотация. Қазіргі таңда білім беру саласындағы цифрландыру оқыту процесінің тиімділігін арттыруға үлкен үлес қосуда. Бастауыш сынып оқушыларының зейінін цифрлық контенттер арқылы диагностикалау олардың жеке даму ерекшеліктерін ескеруге және оқыту әдістерін жақсартуға мүмкіндік береді. Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, цифрлық құралдар зейіннің тұрақтылығын, шоғырлану деңгейін және реакция жылдамдығын нақты бағалауға жағдай жасайды. Бұл әдіс мұғалімдерге оқушылардың когнитивті дағдыларын тереңірек түсінуге және оларды дамытуға бағытталған оқу құралдарын тиімді қолдануға көмектеседі.

Тірек сөздер: цифрлық білім беру, бастауыш сынып оқушылары, зейін диагностикасы, интерактивті тесттер, геймификация

Аннотация. На сегодняшний день цифровизация в сфере образования существенно повышает эффективность учебного процесса. Диагностика внимания учащихся начальных классов с помощью цифрового контента позволяет учитывать их индивидуальные особенности и улучшать методы обучения. Результаты эксперимента показали, что цифровые инструменты предоставляют точные данные о стабильности, концентрации внимания и скорости реакции. Этот метод помогает учителям глубже понять когнитивные способности учеников и использовать образовательные инструменты для их развития.

Ключевые слова: цифровое образование, учащиеся начальных классов, диагностика внимания, интерактивные тесты, геймификация

Abstract. Today, digitalization in education significantly enhances the efficiency of the learning process. Diagnosing the attention of primary school students through digital content allows for better consideration of their individual characteristics and improvement of teaching methods. The experiment results demonstrate that digital tools provide precise data on attention stability, concentration, and reaction speed. This approach helps teachers better understand students' cognitive abilities and effectively use educational tools to foster their development.

Keywords: digital education, primary school students, attention diagnostics, interactive tests, gamification

Қазіргі таңда білім беру саласында цифрландыру жаһандық трендке айналып, оқыту мен тәрбиелеудің барлық деңгейлерінде белсенді түрде енгізіліп келеді. Қазақстанда да цифрлық технологиялар білім беру жүйесіне кеңінен енуде, бұл өз кезегінде оқыту үдерісін жеңілдетуге, оқу материалдарын интерактивті етуге, сондай-ақ оқушылардың когнитивті дағдыларын тереңірек диагностикалауға мүмкіндік береді [1, 208б.]. Цифрландыру білім

беру саласының тиімділігін арттырып қана қоймай, оқушылардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, жекелендірілген тәсілдерді қолдануға жағдай жасайды. Осыған байланысты бастауыш сынып оқушыларының зейінін цифрлық контенттер арқылы диагностикалау тақырыбы аса өзекті болып отыр.

Бастауыш мектеп кезеңі – оқушылардың зейіні тұрақтанып, білімді меңгерудің базалық дағдылары қалыптасатын уақыт. Сондықтан бұл кезеңде зейіннің дамуын дұрыс бақылау және диагностикалау қажет. Цифрлық контенттер бастауыш сынып оқушыларының зейінін диагностикалаудың тиімді құралдарына айналды. Дәстүрлі әдістерге қарағанда, цифрлық диагностиканың бірқатар артықшылықтары бар. Екінші цифрлық контенттер арқылы диагностикалау бастауыш сынып оқушыларының білім алу сапасын арттырып қана қоймай, мұғалімдерге де тиімді қолдау көрсетеді. Мұғалімдер оқушылардың зейінін нақты мәліметтерге сүйене отырып бақылап, білім беру процесін үнемі жетілдіріп отырады. Бұл әдіс оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларға сәйкес келетін оқу әдістерін анықтауға көмектеседі, сондай-ақ когнитивті дағдыларды дамытудың тиімді жолдарын ұсынады [2, 146.]

Білім беру саласында цифрландырудың артуы және бастауыш сынып оқушыларының зейінін диагностикалаудың маңыздылығы осы тақырыптың қазіргі білім беру үдерісінде өзекті екенін айқындайды. Жаңа технологиялар мен цифрлық контенттерді тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру – заманауи мектептің басты міндеттерінің бірі. Бастауыш сынып жасы (шамамен 6-10 жас аралығы) – баланың психологиялық дамуының маңызды кезеңі. Бұл жастағы оқушылардың зейіні белгілі бір ерекшеліктерге ие [3].

Бастауыш сынып оқушыларының зейіні көбінесе еріксіз және сыртқы факторларға тәуелді болады. Яғни, олардың зейіні ойын немесе көрнекі материалдарға оңай ауысып кетуі мүмкін. Балалар жарқын түстер, ерекше дыбыстар немесе қызықты тапсырмалар сияқты сыртқы тітіркендіргіштерге көбірек назар аударады. Сондықтан бұл жастағы балаларға қызығушылық тудыратын, көзбен көру немесе есту арқылы түсінілетін материалдармен жұмыс жасау оңай [4, 246.]

Бастауыш сынып оқушыларының зейінін бір тапсырмаға ұзақ уақыт бағыттау қиын. Олар жиі алаңдап, назарын ауыстырып отырады. Бұл балалардың миының даму ерекшеліктерімен байланысты. Орта есеппен, бұл жастағы балалар 10-15 минут бойы ғана тұрақты зейінін сақтай алады, содан кейін олардың зейіні төмендейді.

Әр оқушының зейін деңгейі мен оны басқару қабілеті әртүрлі болуы мүмкін. Бұл қабілеттер баланың жеке психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ тәрбиесіне байланысты. Кейбір балалар зейінін өздігінен шоғырландыра алады, ал басқаларына мұғалім немесе ата-ананың көмегі қажет болуы мүмкін. Осы деректерге сүйене отырып, біз бастауыш сынып оқушыларының зейінін цифрлық контенттер арқылы диагностикалауды жүзеге асырдық.

Эксперименттің мақсаты: цифрлық контенттерді қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының зейінін диагностикалау және олардың зейін деңгейінің ерекшеліктерін анықтау. Экспериментке 2-сынып оқушылары арасынан 20 бала қатысты. Олардың жасы 7-8 жас аралығында болды.

Эксперимент барысында оқушылардың зейінінің тұрақтылығы мен шоғырлануын бағалау үшін екі негізгі әдісті қолдану жоспарланды: интерактивті тесттер және геймификацияланған тапсырмалар. Интерактивті тесттер арқылы зейін тұрақтылығын диагностикалау мақсатында бірнеше тапсырмалар берілді. Оқушыларға экранда көрінетін әртүрлі нысандар мен суреттер көрсетіледі. Олардың мақсаты – белгілі бір уақытта пайда болатын қажетті нысандарды тез тауып, басу. Тапсырмалар 5 минутқа созылды, әр 10 секунд сайын жаңа нысандар пайда болады. Тапсырмалар зейіннің тұрақтылығы мен реакция жылдамдығын тексеруге бағытталған. Өлшеу параметрлері болып оқушының дұрыс нысанды таңдауы, реакция жылдамдығы және қателер саны, экранда тапсырманы орындауға кеткен уақыт нақты түрде өлшенді.

Келесі геймификацияланған тапсырмалар арқылы зейіннің шоғырлануын бағалау. Оқушыларға ойын элементтері бар интерактивті жаттығу ұсынылды. Мысалы, «Қазына іздеуші» атты ойын, онда оқушылар түрлі суреттер арасынан берілген тапсырмаға сәйкес келетін заттарды табуы қажет болды. Ойын бірнеше деңгейден тұрды, әрбір деңгейде тапсырмалардың күрделілігі артып отырды. Оқушылар үшін бұл тапсырмалар ойын ретінде қабылданғанымен, оның негізгі мақсаты – зейіннің шоғырлану қабілетін тексеру.

Интерактивті тесттерді өткізу. Оқушылар интерактивті тесттерді орындау барысында оларға әртүрлі пішіндер мен түстер ұсынылды, олардың ішінен берілген тапсырмаға сәйкес келетін дұрыс нысанды таңдауы қажет болды. Тесттердің соңында нәтижелер автоматты түрде тіркеліп, реакция жылдамдығы, дұрыс жауаптар саны және қателіктер жазылды.

Екінші кезеңде оқушыларға ойындық тапсырмалар ұсынылды. Оқушылар "Қазына іздеуші" ойынында қазынаны табу үшін әртүрлі тапсырмаларды орындады. Олардың әрбір деңгейде жинаған ұпайлары мен қаншалықты тез әрекет еткендері тіркеліп отырды. Әр ойын деңгейінің соңында балалардың қанша қателік жібергені мен дұрыс жауаптары есепке алынды.

Нәтижелерді тіркеу және талдау: әр оқушының тапсырмаларды қалай орындағаны туралы мәліметтер автоматты түрде жүйеге жазылды. Бұл деректер оқушылардың зейін деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Интерактивті тесттер мен геймификацияланған тапсырмалар нәтижелерінің салыстыруы арқылы әр оқушының зейін тұрақтылығы мен шоғырлану қабілеті жеке-жеке талданды.

Зейіннің даму деңгейін бағалау үшін оны әртүрлі аспектілер бойынша талдау қажет. Бастауыш сынып оқушыларының зейінін диагностикалауда келесі негізгі критерийлер қолданылады. Бұл критерийлер әртүрлі әдістер (интерактивті тесттер, геймификацияланған тапсырмалар және т.б.) арқылы алынған мәліметтерге сүйене отырып, зейіннің қалыптасу деңгейін нақты анықтауға мүмкіндік береді [5, 43б.].

Зейіннің тұрақтылығы – оқушының ұзақ уақыт бойы бір тапсырмаға зейінін шоғырландыру және назарын сақтап қалу қабілеті. Бұл көрсеткіштің маңызды рөл атқаратыны, бала ұзақ уақыт бойы сыртқы немесе ішкі факторлардан алаңдамай, жұмысын жалғастыра алуына байланысты.

Зейіннің аударылуы – оқушының бір тапсырмадан екіншісіне шапшаң және тиімді түрде назар аудару қабілеті. Оқушылардың бірнеше тапсырманы қатар орындау барысында назарын бір міндеттен екіншісіне аудару қабілеті бағаланады.

Зейіннің шоғырлануы – баланың белгілі бір уақыт ішінде бір тапсырманы орындауға бар назарын салу қабілеті. Бұл критерий оқушының маңызды нысандарды немесе ақпаратты елеусіз қалдырмай, оны дұрыс қабылдай білуімен байланысты [6]

Кесте 1. Зейіннің даму деңгейін бағалау аспектілері мен критерийлері

Зейін аспектілері Деңгей	Зейіннің тұрақтылығы	Зейіннің аударылуы (жылдам бейімделу қабілеті)	Зейіннің шоғырлануы
Жоғары деңгей	Оқушы тапсырмаға ұзақ уақыт бойы назарын аударады, сыртқы факторлардан алаңдамайды және тапсырмаларды үзіліссіз орындайды. Қателіктер саны аз немесе мүлдем жоқ. Оқушы берілген	Оқушы бір тапсырмадан екіншісіне оңай және жылдам ауысады, бір мезетте бірнеше міндетті орындағанда қателіктер	Оқушы тапсырманы толық және дұрыс орындайды, қажетті детальдарды жібермейді, барлық тапсырмаға назарын толық бағыттайды. Қателіктер жоқ немесе өте аз.


	уақытты толықтай пайдаланады	жібермейді.	
Орта деңгей	Оқушы бірнеше минут бойы назарын шоғырландыра алады, бірақ ара-тұра алаңдайды немесе тапсырманы орындау барысында үзіліс жасап, қайтадан тапсырмаға оралады. Қателіктер саны орташа	Оқушы тапсырмалар арасында ауысу барысында біршама уақыт жұмсайды, бірақ қажетті міндеттерді орындап шығады. Қателіктер саны орташа деңгейде.	Оқушы тапсырманың көп бөлігін дұрыс орындайды, бірақ кейбір маңызды нысандарды байқамай қалуы мүмкін немесе аздаған қателіктер жібереді.
Төмен деңгей	Оқушы зейінін шоғырландыра алмайды, жиі алаңдайды және берілген тапсырманы орындауда көп уақыт жоғалтады. Қателіктер саны көп.	Оқушы зейінін бір міндеттен екіншісіне ауыстыруда қиындық көреді, бірнеше тапсырманы орындау барысында жиі қателіктер жібереді немесе көп уақыт алады.	Оқушы тапсырманы орындау барысында негізгі элементтерді назардан тыс қалдырады, көбіне қателіктер жібереді және тапсырманы аяқтауға қиындық туындайды.

Осы критерийлерді пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының зейінін кешенді түрде бағалауға болады. Бұл критерийлер әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, олардың зейінін диагностикалауда нақты мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Сонымен, зейінді диагностикалау нәтижелері төмендегідей болды.

1. Интерактивті тесттер бойынша: оқушылардың басым көпшілігі қажетті нысандарды дұрыс таңдай білді, алайда тапсырманы орындау жылдамдығы мен қателіктер саны әртүрлі болды. Кейбір оқушылар зейінін тапсырмаға толық шоғырландыра алмай, бірнеше рет қателіктер жіберді. Бұл олардың зейін тұрақтылығының әлсіздігін көрсетті. Оқушылардың 24%-ы тапсырманы уақытында және қатесіз орындады. Орта деңгей 40% құрады, қалған 36%-ы біраз қателіктер жіберіп, тапсырманы толық орындауға көп уақыт жұмсады.

2. Геймификацияланған тапсырмалар бойынша: геймификацияланған тапсырмаларда оқушылардың мотивациясы жоғары болды, себебі ойын элементтері қызығушылықтарын оятты. Оқушылардың 38%-ы тапсырмаларды сәтті орындап, жоғары ұпайлар жинады, бұл олардың ойын форматы арқылы зейінін жақсы шоғырландырғанын көрсетеді. Оқушылардың тек 22%-ы тапсырмаларды орындауда қателіктер жіберіп, уақытында аяқтай алмады, бірақ олар ойын барысында белсенді түрде әрекет жасады.



Сурет 1. Интерактивті тесттер және геймификацияланған тапсырмалар бойынша зейін деңгейі

Эксперимент нәтижелері көрсеткендей, зейін деңгейін цифрлық контенттер арқылы диагностикалау тиімді әдіс болып табылады. Интерактивті тесттер арқылы оқушылардың зейінінің тұрақтылығы мен реакция жылдамдығы туралы нақты мәліметтер алынды. Сонымен қатар, геймификацияланған тапсырмалар оқушылардың зейінін ойын элементтері арқылы шоғырландырудың тиімділігін көрсетті. Бұл эксперимент нәтижелері мұғалімдерге әр оқушының зейін деңгейін анықтап, оны дамыту үшін қажетті әдістерді қолдануға бағыт береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Чебурахина, К. А. Развитие внимания у детей младшего школьного возраста посредством дидактических игр и приемов на уроках русского языка / К. А. Чебурахина, О. И. Сторожева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2023. — № 47 (494). — С. 206-209.
2. Төлєнова, Ә.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының зейінін дамыту әдістері. - Шымкент, 2016
3. Доля, А. С. Проблемы активизации внимания у младших школьников на уроках в психолого-педагогической литературе / А. С. Доля. — Текст: электронный // Психология и педагогика: [сайт]. — 2021. — URL: <https://www.art-talant.org/publikacii/41244-problemy-aktivizacii-vnimaniya-u-mladshih-shkolynikov-na-urokah-v-psihologo-pedagogicheskoy-literature> (дата обращения: 25.09.2024).
4. Лазаренко, В. О. Использование дидактических игр на уроках русского языка в начальной школе / В. О. Лазаренко. — Текст: электронный. — 2019. — URL: <https://nsportal.ru/vuz/pedagogicheskie-nauki/library/2019/06/19/metodicheskaya-razrabotka-na-temu-ispolzovanie> (дата обращения: 10.09.2024).
5. Черешошкина, Л. В. Как развивать внимание и память ребенка: учебник / Л. В. Черешошкина. — Москва:Юрайт, 2023. — Текст: электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. — URL: <https://urait.ru/book/kak-razvivat-vnimanie-i-pamyat-rebenka-516961> (дата обращения: 29.09.2024).
6. Төребаева К. Ж., Есенғұлова М. Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика: Оқу құралы. Алматы, 2012. – 304 бет.

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК
РЕТТЕУІН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мусаева А. магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: mussaeva.aa@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының тәрбие үдерісінде цифрлық технологияларды пайдалана отырып, олардың өзіндік реттеу дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылады. Цифрлық контенттер арқылы оқушылардың эмоционалды тұрақтылықтарын арттырып, олардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға қолайлы жағдай жасау жолдары талқыланады. Интерактивті ойындар, цифрлық күнделіктер және мультимедиялық ресурстар оқушылардың өз эмоцияларын тану, оларды басқару және рефлексия жасау қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі. Бұл әдістер баланың оқу мен тәрбие процесінде саналы әрі тиімді қатысуын қамтамасыз етеді.

Тірек сөздер: эмоционалды өзін-өзі реттеу, цифрлық контенттер, тәрбие жұмысы, бастауыш сынып оқушылары, әлеуметтену, өзін-өзі бақылау

Аннотация. В данной статье рассматривается важность формирования навыков саморегуляции у учеников начальных классов через использование цифровых технологий в воспитательном процессе. Обсуждаются способы использования цифрового контента для улучшения эмоциональной стабильности учеников и развития их социальных навыков. Интерактивные игры, цифровые дневники и мультимедийные ресурсы помогают детям лучше понимать свои эмоции, управлять ими и развивать рефлексию. Эти методы обеспечивают осознанное и эффективное участие ребенка в учебно-воспитательном процессе.

Ключевые слова: эмоциональная саморегуляция, цифровые контентты, воспитательная работа, младшие школьники, социализация, самоконтроль

Abstract. This article examines the importance of developing self-regulation skills among primary school students through the use of digital technologies in the educational process. It discusses how digital content can enhance students' emotional stability and support the development of their social skills. Interactive games, digital diaries, and multimedia resources help students recognize and manage their emotions while fostering reflective abilities. These methods ensure conscious and effective engagement of students in both learning and the educational process.

Key words: emotional self-regulation, digital content, educational work, primary school children, socialization, self-control

Бастауыш мектептегі тәрбие процесі бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік дамуында шешуші рөл атқарады. Осы кезеңде баланың жеке басының белсенді қалыптасуы жүреді, оның дүниетанымы, құндылық бағдарлары және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары қалыптасады. Цифрлық контенттер арқылы осы процесті жетілдіру оқушылардың өзіндік реттеуін дамытуға оң әсер етеді. Заманауи білім беру технологиялары, соның ішінде цифрлық құралдар мен платформалар, бастауыш сынып оқушыларының тәрбие процесінде олардың эмоционалды және әлеуметтік дамуына қосымша қолдау көрсетеді.

Цифрлық технологияларды қолдану арқылы өзіндік реттеуді қалыптастырудың негізгі бағыттарының бірі – эмоцияларды тану және басқару дағдыларын дамыту. Мысалы, арнайы цифрлық ойындар мен қосымшалар баланың эмоцияларын тануға, оларды басқара білуге және басқа адамдардың сезімдерін түсінуге үйретеді. Қазіргі білім беру жүйесі көбінесе

бастауыш сынып оқушыларының когнитивті дамуына баса назар аударады, алайда балалардың эмоционалды өмірі және олардың тұлғааралық қарым-қатынас қабілеттері сияқты тәрбиелік аспектілер аз байқалады. Сонымен қатар, эмоционалды өзін — өзі реттеу жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызды элементі болып табылады. Бастауыш мектеп жасында белсенді эмоционалды даму жүреді: балалар өз сезімдерін тануды, оларды басқаруды, сондай-ақ басқа адамдардың эмоционалды жағдайларын ескеруді үйренеді. Өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру балаға оқу процесі немесе достарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынас жасау арқылы эмоционалды тұрақтылықты қажет ететін жағдайларды шешуге көмектеседі.

Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде ұсыныс, еліктеу және сәйкестендірудің әлеуметтік-психологиялық механизмдері ерекше рөл атқарады. Бұл механизмдер баланың әлеуметтенуі үшін маңызды, өйткені олар арқылы балалар мінез-құлық үлгілерін меңгереді, әлеуметтік үміттерді басшылыққа алады және рефлексия дағдыларын дамытады. Мектептегі педагогикалық процестің балалардың әлеуметтік нормалар туралы хабардар болуына және ішкі мінез-құлық үлгілерін сыни тұрғыдан қабылдауға ықпал етуі маңызды, осылайша балалар өздерінің мінез-құлқын және оның қоғамдық үміттерге сәйкестігін өз бетінше бағалай алады.

Цифрлық білім беру құралдары баланың өзіндік реттеу дағдыларын дамытудың басты бағыттарының бірі ретінде пайдаланылады. Мысалы, онлайн күнделіктер мен қосымшалар оқушыларға өз эмоцияларын бақылауға, оларды бағалауға және оларға сәйкес әрекет етуге көмектеседі. Сонымен қатар, сандық құралдар оқушыларға қиындықтарды еңсеруге және эмоцияларымен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Цифрлық контенттерді қолдана отырып, балаларға өз эмоцияларын тануды үйрету эмоционалды тұрақтылықты дамытудың маңызды элементі болып табылады.

Бастауыш мектепте ойындар білім беру процесінде маңызды орын алады, бірақ олардың негізгі бағыты оқытуға бағытталған. Бастауыш сынып оқушыларының педагогикасында қолданылатын негізгі құралдардың бірі-дидактикалық ойындар. В. Н. Кругликов атап өткендей, дидактикалық ойындар ойын іс-әрекеті түрінде ұйымдастырылатын оқу сабақтарының ерекше түрі болып табылады және белсенді оқытудың бірқатар принциптеріне сүйенеді. Бұл ойындарда нақты белгіленген ережелер, құрылымдалған ойын әрекеттері және бағалау жүйесі бар, бұл оларды білімді игеруге ғана емес, сонымен қатар баланың жеке қасиеттерін дамытуға ықпал ететін белсенді оқытудың тиімді әдісі етеді.

Білім беру процесінде дидактикалық ойындарды ұйымдастыру бірнеше маңызды принциптерге сүйенеді. Біріншіден, педагогикалық мақсат балаларға ойын тапсырмасы түрінде ұсынылады, бұл олардың оқу процесіне қатысуына ықпал етеді. Екіншіден, мотивацияны күшейту үшін оқу тапсырмасын ойын алаңына аударатын және оны балаларға тартымды ететін бәсекелестік элементі жиі қолданылады. Үшіншіден, білім беру қызметі ойын ережелеріне бағынады, бұл балаларға өз іс-әрекеттерін жақсы құрылымдауға және мәселелерді саналы түрде шешуге көмектеседі. Мысалы, "Эмоциялар әлеміне саяхат" деп аталатын интерактивті цифрлық ойын. Бұл ойын арнайы жасалған қосымша немесе веб-платформа арқылы ойнатылады. Ойынның мақсаты – балаларға әртүрлі эмоцияларды тануға және оларды дұрыс басқаруға үйрету. Ойын барысында балалар әртүрлі виртуалды әлемдерге (мысалы, «Қуаныш әлемі», «Қорқыныш елі», «Уайым қаласы» және т.б.) саяхаттап шығады. Әр әлемде ойыншыларға эмоцияларды білдіретін кейіпкерлермен және жағдайлармен танысу ұсынылады. Мысалы, балаға виртуалды кейіпкердің эмоциясын анықтап, сол эмоцияны басынан өткергенін айтып беру сұралады. Кейіннен, балаға сол эмоцияны басқару бойынша тапсырмалар беріледі, мысалы, ашу-ызаны тыныштандыру немесе қорқынышты жеңу жолдарын ұсыну.

Бастауыш сынып оқушыларын оқыту процесінің маңызды аспектісі - өзін-өзі бағалау және интроспекция дағдыларын дамыту. Интроспекция, баланың өз іс-әрекетінің нәтижелерін түсіну, өз білімін, пайымдауы мен іс-әрекетін бағалау қабілеті ретінде жеке өсуге деген ұмтылысты қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Өзін-өзі бағалау балаға оқу

процесіне саналы түрде жақындауға, өз әрекеттерін реттеуге және одан әрі іс-әрекеттерді жоспарлауға мүмкіндік береді. Бұл дағдыға ие болу оның мектептегі және одан тыс жерлердегі жетістіктеріне тікелей әсер ететін саналы және өнімді оқытуға ықпал етеді. Цифрлық құралдар, мысалы, онлайн күнделіктер немесе өзін-өзі бағалау платформалары, оқушылардың интроспекция және өзін-өзі бағалау дағдыларын одан әрі дамытудың тиімді әдісі болып табылады. Мұндай платформаларда оқушылар өз әрекеттерін және эмоцияларын жазып, әр тапсырма немесе әрекет бойынша кері байланыс алып, рефлексия жүргізе алады.

Бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды өзін-өзі реттеуін дамытудың қарапайым, бірақ тиімді құралдарының бірі – көркем сөзді қолдану, әсіресе мақал-мәтелдер мен халық шығармашылығының басқа элементтері. Оқу процесіне енгізілген бұл мәдени-рухани мұралар оқушыларға терең мағыналарды түсінуге және олардың эмоцияларын тануға көмектеседі. Мақал-мәтелдер арқылы балалар эмоцияларды қалай дұрыс білдіру керектігін үйренеді, сондай-ақ өздерінің мінез-құлықтарын реттеу қабілеттерін жетілдіреді. Мысалы, «Сабыр түбі – сары алтын» немесе «Тәртеу түгел болса, төбедегі келеді» сияқты мақалдар баланы шыдамдылыққа, ынтымақтастыққа, қиын жағдайларда сабыр сақтауға үйретеді. Мұндай мәтіндер балалардың тек механикалық есте сақтауын ғана емес, сонымен қатар олардың ойлауын, қиялын және талдау қабілетін дамытуға бағытталған.

Халық шығармашылығының элементтері – бұл мәдениетпен байланыстыратын көпір. Оларды қолдану баланың рухани және мәдени дамуына оң әсер етеді, оның туған халқына, тарихына және дәстүрлеріне деген сүйіспеншілігін тәрбиелейді. Сонымен қатар, бұл шығармалар оқушылардың әдеби шығармашылыққа деген қызығушылығын оятып, олардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіреді.

Мұндай мәтіндер оқушыларды эмоционалды өзін-өзі реттеуге үйретіп қана қоймай, олардың мәдени және әлеуметтік жауапкершіліктерін арттыруға ықпал етеді. Халық шығармашылығының қарапайым, бірақ терең мағыналы сөздері арқылы балалардың ақпаратты түсіну, қорыту, шешім қабылдау және өз сезімдерін басқару қабілеттері дами түседі.

Келесі - виртуалды эмоция журналдары. Оқушыларға өз эмоцияларын бақылау үшін цифрлық эмоция журналдарын жүргізуді ұсынуға болады. Бұл журналдарда балалар күн сайын өз эмоцияларын жазып, оларға сәйкес мақал-мәтелдерді таңдайды. Мысалы, бала қиын жағдайды бастан кешіріп, ашуланып тұрса, «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» мақалын таңдап, оны жазып, сол жағдайды шешу жолдарын талдай алады. Мұндай цифрлық құралдар рефлексия мен өзін-өзі бағалау қабілеттерін арттырады.

Сонымен бірген мақал-мәтелдер мен халық шығармашылығын түсіндіретін подкасттар немесе қысқаша видеосабақтар жасауға болады. Оқушылар бұл контентті тыңдап немесе көріп, әрбір мақалдың өмірде қалай қолданылатынын, оның мағынасын қалай түсінуге болатынын үйренеді. Бұл тәсіл әсіресе визуалды және аудио арқылы жақсы қабылдайтын оқушылар үшін өте тиімді.

Диагностиканың бастапқы нәтижелері негізінде зерттеудің эмпирикалық бөлігінде бастауыш сынып оқушыларында эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік-іздеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеудің бірінші кезеңінде біз бұл дағдылардың бастауыш сынып оқушылары арасында деңгейлік таралуын анықтадық. Ол үшін психологиялық-педагогикалық эксперименттің анықтаушы кезеңі өткізілді, оның барысында бірқатар диагностикалық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, Е. И. Изотованың "эмоционалды сәйкестендіру" әдісі, Т.Д. Зинкевич пен А. М. Михайловтың "сезімдеріңді түсір" проективті әдістемесі қолданылды. Бұл әдістердің әрқайсысы балалардың эмоцияларды анықтау, басқару, сондай-ақ аландаушылықты азайту қабілеті сияқты эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру үшін маңызды жеке аспектілерді зерттеуге бағытталған. Зерттеуге 9-10 жас аралығындағы 40 үшінші сынып оқушылары қатысты. Эксперимент жүргізу үшін бақылау және эксперименттік топтар құрылды, негізінен эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру көрсеткіштері төмен. Бастапқы диагностика нәтижелерін талдау көрсеткендей, балалардың тек 14% - ы өздерінің

эмоционалды күйлерін анықтау және түсіндіру қабілетін дамытудың қажетті деңгейіне ие. Субъектілердің көпшілігі, 53% - дан 65% - ға дейін, әлеуметтік нормаларға сәйкес эмоцияларды білдіру дағдыларын, сондай-ақ эмоционалды күйлерді өзін-өзі бақылау қабілетінің төмендігін көрсетті. Сонымен қатар, психоэмоционалды шиеленісті төмендету дағдыларының жетіспеушілігі анықталды: балалар көбінесе мазасыздық деңгейінің жоғарылауын көрсетті. Балалардың тек 37% - ы тұрақты және үйлесімді күйде болды, бұл олардың эмоционалды өзін-өзі реттеуін жақсарту үшін қосымша шаралар қажет екенін көрсетті. Анықталған мәселелерді шешу үшін бастауыш мектеп жасындағы балаларда эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған цифрлық контенттерден бағдарлама жасалды. Бағдарламаның негізгі мақсаты эмоцияларды және олардың көріністерін саналы түрде басқаруға жағдай жасау, сондай-ақ мазасыздық пен психоэмоционалды шиеленісті азайту болды.

Кесте 1. Эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған цифрлық контенттер бағдарламасы

№ №	Тақырыбы	Мақсаты:	Цифрлық құрал:	Сипаттама	Нәтиже
1	2	3	4	5	6
1.	"Эмоциялар әлеміне саяхат" цифрлық ойыны	Балаларға эмоцияларды тану және оларды басқаруды үйрету.	Интерактивті онлайн ойын немесе мобильді қосымша.	Балалар әртүрлі эмоцияларды бейнелейтін "саяхаттар" жасайды. Әр эмоция (қуаныш, қайғы, ашу және т.б.) туралы анимация немесе қысқа бейне көрсетіледі. Балалар эмоцияны анықтап, сол сезіммен қалай дұрыс әрекет ету керектігін ойластырады.	Ойын барысында балалар эмоцияларды тануды, оларды басқаруды үйреніп, қиын жағдайларды шешу дағдыларын дамытады.
2.	"Менің эмоция күнделігім" онлайн-жобасы	Оқушылардың рефлексия және өзін-өзі бағалау дағдыларының дамыту.	Онлайн күнделік немесе арнайы веб-платформа.	Оқушылар әр күннің соңында өз эмоцияларын цифрлық күнделікке жазады. Олар өздерін қалай сезінгендерін, сол эмоцияларға не себеп болғанын және эмоцияларды қалай реттегендерін сипаттайды. Әр аптада мұғалімдер немесе ата-аналармен бірге күнделіктегі жазбаларды талқылайды.	Бұл іс-шара оқушыларға өз эмоцияларын бақылауға және олардың реакцияларына жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

3.	"Мақал-мәтелдер арқылы эмоцияларды тану" видеосабақтар сериясы	Мақал-мәтелдерді қолдана отырып, эмоцияларды түсіну және оларды реттеу қабілеттерінің дамыту.	Видеосабақтар платформасы (YouTube, Zoom немесе арнайы білім беру платформасы).	Әрбір видеосабақта бір мақал-мәтел және оның мағынасы талқыланады. Мысалы, "Ашу – дұшпан, ақыл – дос" мақалын балаларға эмоцияларды басқару тұрғысынан түсіндіру. Видео соңында оқушыларға мақалға сәйкес келетін өмірлік жағдайды талдап, эмоцияны дұрыс білдіру жолдарын көрсету тапсырмасы беріледі.	Оқушылар мақал-мәтелдер арқылы эмоцияларды түсініп, оларды қалай дұрыс басқаруды үйренеді.
4.	Эмоциялар мен ережелер" интерактивті дидактикалық ойыны	Балалардың эмоцияларды тану және оларды әлеуметтік тұрғыдан дұрыс басқаруды үйрену дағдыларының дамыту.	Виртуалды рөлдік ойын платформалары (Kahoot, Google Forms, немесе арнайы әзірленген ойын платформасы)	Оқушылар топтарға бөлініп, әртүрлі виртуалды сценарийлерді ойнайды. Әр сценарийде белгілі бір эмоция (мысалы, ашу, қуаныш, реніш) пайда болатын жағдайлар беріледі. Балаларға осы эмоцияны көрсетуге байланысты ережелерді талқылау және сол эмоцияны қалай әлеуметтік тұрғыдан	Балалар эмоцияларын қалай дұрыс білдіру керектігін және белгілі бір жағдайда қандай эмоцияны басқаша көрсетуге болатынын үйренеді. Сонымен қатар, бұл ойын балалардың әлеуметтік нормаларды
1	2	3	4	5	6
5.				дұрыс білдіру керектігі ұсынылады.	қабылдауына және өзін-өзі реттеуді саналы түрде қолдануына көмектеседі.
6.	Эмоционалды калейдоскоп жаттығу ойыны	Балалардың әртүрлі эмоционалды күйлерді түсіну	Виртуалды мимика және дене тілі тренажерлері немесе онлайн	Бұл ойын оқушылардың эмоцияларды мимика және дене қимылдары арқылы білдіруін үйретуге бағытталған. Оқушыларға экранда белгілі бір эмоцияларды	Бұл ойын балалардың эмоцияны мимика және дене тілі арқылы білдіру дағдыларын жетілдіреді,

	және оларды дұрыс білдіру қабілеттері н дамыту.	бейнеконференция платформалары (Zoom, Google Meet, Microsoft Teams).	(қуаныш, қорқыныш, реніш, таңданыс және т.б.) білдіретін бет-әлпет немесе қимылдарды суреттейтін қысқа видеоклиптер немесе анимациялар көрсетіледі. Әр оқушы эмоцияны өз мимикасы және дене тілі арқылы қайталайды, ал сыныптастары қандай эмоция көрсетілгенін болжап, сол эмоцияға сәйкес келетін жағдайды талқылайды	сондай-ақ олардың эмоционалды хабардарлық деңгейін арттырады. Оқушылар эмоциялардың әртүрлілігін және оларды әртүрлі жағдайларда қалай қолдануға болатынын түсінеді.
--	---	--	---	--

Зерттеу бастауыш сынып оқушыларында эмоционалды өзін-өзі реттеуді қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді және осы бағытта одан әрі жұмыс істеу перспективаларын ашады. Дамудың маңызды бағыттарының бірі-білім беру процесінде шешуші рөл атқаратын және тәрбиенің маңызды субъектілері болып табылатын ата-аналармен және мұғалімдермен жұмыс. Оларды балалардағы эмоционалды өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру процесіне қосу жүйелі және кешенді тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл ата-аналар мен тәрбиешілердің эмоционалды тәрбиенің маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыру үшін іс-шаралар өткізуді, сондай-ақ оларды балалардың күнделікті өмірінде және оқу іс-әрекетінде қолдануға болатын әдістерге үйретуді қамтиды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Орлова И. Н. Использование цифровых технологий в начальной школе: сборник трудов конференции. // Развитие и распространение лучшего опыта в сфере формирования цифровых навыков в образовательной организации : материалы Всерос. науч.-метод. конф. с международным участием (Чебоксары, 31 дек. 2019 г.) / редкол.: Л. А. Иванова [и др.] – Чебоксары: ИД «Среда», 2019. – С. 231-234. – ISBN 978-5-6044068-7-8.
2. Белкина, В. Н. Проблема эмоциональной регуляции социального поведения ребенка [Текст] /В. Н. Белкина, И. О. Карелина // Дошкольник и младший школьник: проблемы воспитания и образования: материалы конференции «Чтения Ушинского» педагогического факультета ЯГПУ -Ярославль, 2003. -С. 116-122.
3. Божович Л. И. Личность и ее формирование в детском возрасте. Питер. 2008. 464 с. Грановская Р.М., Никольская И.М. Психологическая защита у детей. СПб.: Речь, 2003. , с. 77
4. Изотова Е.И., Никифорова Е. В. Эмоциональная сфера ребенка: Теория и практика. М.: Издательский центр «Академия». 2004. 288 с.
5. Моросанова В.И. Индивидуальные особенности осознанной саморегуляции произвольной активности человека // Вестник Московского Университета. 2010. - №1 (14). С. 36-45
6. Прихожан А.М. — «Психология тревожности. Дошкольный и школьный возраст» Питер, 2009. - 192 с

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байболова Д.Т.

ПМНО-23-1Д оқу тобының докторанты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Din9090@mail.ru

Аннотация. Болашақ бастауыш білім педагогтерінің эмоционалдық интеллектісін дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл зерттеуде бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде эмоционалдық интеллектіні қалыптастырудың ерекшеліктері мен маңыздылығы қарастырылады. Эмоционалдық интеллект адамның өзін-өзі тану, эмоцияларды басқару, эмпатия таныту және тиімді қарым-қатынас құру қабілеттерінің жиынтығы ретінде анықталады. Зерттеу барысында болашақ педагогтердің кәсіби дайындығы барысында эмоционалдық интеллектіні дамытудың әдістері мен технологиялары талданады. Сонымен қатар, мұғалімнің эмоционалдық интеллектісі оқушылардың тұлғалық дамуына, олардың оқу мотивациясына және жалпы психологиялық ахуалына тигізетін ықпалы да сараланады.

Кілт сөздер: эмоционалдық интеллект, бастауыш білім, педагогикалық құзыреттілік, оқыту әдістері, кәсіби даму.

Аннотация. Развитие эмоционального интеллекта будущих педагогов начального образования является одним из важнейших направлений современной системы образования. В данном исследовании рассматриваются особенности и значение формирования эмоционального интеллекта в процессе подготовки учителей начальных классов. Эмоциональный интеллект определяется как набор способностей человека к самопознанию, управлению эмоциями, проявлению сочувствия и построению эффективных отношений. В ходе исследования анализируются методы и технологии развития эмоционального интеллекта в ходе профессиональной подготовки будущих педагогов. Кроме того, будет дифференцировано влияние эмоционального интеллекта учителя на личностное развитие учащихся, их учебную мотивацию и общий психологический климат.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, начальное образование, педагогическая компетентность, методы обучения, профессиональное развитие.

Annotation. The development of emotional intelligence of future primary education teachers is one of the most important areas of the modern education system. In this study, the features and importance of the formation of emotional intelligence in the process of training primary school teachers are considered. Emotional intelligence is defined as the set of human abilities to know oneself, manage emotions, show empathy, and build effective relationships. In the course of the study, methods and technologies for the development of emotional intelligence in the course of professional training of future teachers are analyzed. In addition, the influence of the teacher's emotional intelligence on the personal development of students, their learning motivation and general psychological state is also differentiated.

Keywords: emotional intelligence, primary education, pedagogical competence, teaching methods, professional development.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде мұғалімдерден кәсіби білімнің жоғары деңгейін ғана емес, сонымен бірге дамыған эмоционалды және әлеуметтік дағдыларды талап етеді. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу кезінде студент оқытудың 5 нәтижесін көрсетуі тиіс: оқып жатқан саласындағы білім және түсінік; кәсіби деңгейде қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және проблемаларды шешу; ақпаратты жинау мен түсіндіруді жүзеге асыру; ақпаратты, идеяларды, шешімдерді хабарлау; оқуды өз бетінше жалғастыру дағдысы» атап көрсетілген [1].

Өзгермелі білім беру жағдайында эмоционалды интеллектті дамыту технологиясы негізінде болашақ бастауыш білім беру мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру ерекше өзекті болып табылады. Эмоционалды интеллект (ЭИ) оқушылармен, ата-аналармен және әріптестермен сәтті қарым-қатынасты, өз эмоцияларын басқаруды және оңтайлы ортаны құруды қамтамасыз ететін педагогикалық қызметте шешуші рөл атқарады.

Эмоционалды интеллект адамның өз эмоцияларын, сондай-ақ басқа адамдардың эмоцияларын тану, түсіну және басқару қабілеті ретінде анықталады. Ол бес негізгі компонентті қамтиды: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, мотивация, эмпатия және әлеуметтік дағдылар. Болашақ мұғалімдерде осы компоненттердің дамуы оларға жанжалды жағдайларды тиімді шешуге, оқушылармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынасты жақсартуға, сондай-ақ мотивация мен оқу процесіне қатысудың жоғары деңгейін сақтауға мүмкіндік береді.

Эмоционалды интеллект компоненттері:

1. **Өзін-өзі тану** – жеке эмоцияларын сезіну және түсіну.
2. **Өзін-өзі басқару** – эмоцияларын бақылау және реттеу қабілеті.
3. **Мотивация** – өз эмоцияларын мақсатқа жету үшін тиімді пайдалану.
4. **Эмпатия** – басқалардың эмоцияларын түсініп, оларға сезімталдықпен қарау.
5. **Әлеуметтік дағдылар** – басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас орнату.

Бұл компоненттер бастауыш білім беру педагогтері үшін маңызды, себебі олар оқушылардың эмоционалды қажеттіліктерін түсініп, сабақ барысын тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Эмоционалды интеллект бірнеше себептерге байланысты педагогикалық қызметте шешуші рөл атқарады:

1. «Оқушылармен өзара әрекеттесу сапасын жақсарту»: дамыған эмоционалды интеллектісі бар мұғалім өз оқушыларының қажеттіліктері мен сезімдерін жақсы түсіне алады, бұл оның оқыту әдістерін әрқайсысының жеке ерекшеліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы сенім мен түсіністік деңгейін арттырады, сонымен қатар ыңғайлы және ынталандыратын оқу ортасын құруға ықпал етеді.
2. «Сыныпты тиімді басқару»: эмоцияны тану және реттеу қабілеті мұғалімге сыныптағы әртүрлі жағдайларды, соның ішінде жанжалды және стресстік сәттерді жеңуге көмектеседі. Өз эмоцияларын басқара алатын мұғалім сабырлы бола алады, жағдайды басқара алады және сабақта тәртіп пен жағымды климатты сақтауға ықпал ететін салмақты шешімдер қабылдай алады.
3. Кәсіби күйзелісті алдын алу: эмоционалды интеллект деңгейі жоғары педагогтер кәсіби күйзеліске бейім емес, өйткені олар эмоцияларын жақсы басқарады, стрессті жеңеді және мотивация мен жұмысқа деген құштарлықты сақтау үшін ішкі ресурстарды табады. Олар мамандыққа байланысты эмоционалды күйзелістерді оңай жеңе алады және өз жұмысына деген жауапкершіліктің жоғары деңгейін сақтайды.
4. Оңтайлы білім беру ортасын қалыптастыру: эмоционалды интеллектуалды мұғалімдер сыныпта қолдау, сенім және құрмет атмосферасын құра алады, бұл оңтайлы білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл оқушылардың эмоционалды әл-ауқатын, оқуға деген ынтасын жақсартады және оқу үлгерімін арттырады.
5. Ата-аналар мен әріптестермен тиімді ынтымақтастық: эмоционалды интеллект оқушылардың ата-аналарымен және әріптестерімен сәтті қарым-қатынас жасау үшін қажетті әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Мұндай дағдылары бар мұғалім жанжалдарды шешуде жақсы жұмыс істейді, сенімді қарым-қатынас орнатады және командада тиімді жұмыс істейді.

Эмоционалды интеллект-мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі. Оның дамуы мұғалімге өз міндеттерін тиімді орындауға ғана емес, сонымен қатар оқушылардың үйлесімді дамуына жағдай жасауға көмектеседі. Болашақ мұғалімдерді

Annotation. In this work, the importance of forming the flexibility of writing in 1st grade students through neuro-exercises is considered. The ways of developing the muscles of the hands through neural exercises in the formation of writing flexibility in students are proposed. The types of finger movements and neural exercises for the development of writing skills in students are also analyzed. This work is aimed at developing writing skills in 1st grade students and honing their artistic writing skills.

Key words: neuro-exercise, flexibility of writing, method, artistic writing, arm muscles, finger movement.

Жазу — тек қана қол мен саусақтардың қимылы емес, ол зейін, есте сақтау және шығармашылық қабілеттерді қажет ететін кешенді процесс.

Жазу икемділігі – қолдың бұлшық еттерінің жазу кезінде әріптерді түсінікті әрі тез жазуға қажетті қозғалғыштық қасиеті. Бұл шеберлікті дамыту үшін қолдың ұсақ моторикасы, қимыл-қозғалыс дәлдігі және зейіннің жинақылығы маңызды рөл атқарады. Жазу икемділігін арттыру оқушыларға пайдалы, себебі бұл ойды қағазға нақты әрі анық жеткізуге, жылдам әрі көркем жазуға көмектеседі [1].

Жазу икемділігін арттыруға арналған нейрожаттығулар қолдың, саусақтардың моторикасын жақсартуға және ойды қағазға түсіру шеберлігін дамытуға бағытталған. Мысал ретінде мына әдістерді ұсынуға болады:

Қол жаттығулары:

•Қағазды умаждау, саусақтармен қысу және босату жаттығулары бұлшық етті дамытып, қолдың икемділігін арттырады.

•Қолдың саусақтарына арналған арнайы доп немесе резеңке шарды қысып, босату.

Қолдың функциясы өте ерекше әрі жан-жақты. Ол - әртүрлі істі қамтитын негізгі еңбек органы. Қол біздің ойлауымызбен, ішкі сезімдерімізбен, еңбекпен байланысты болғандықтан, ол біздің тіліміздің көмекші бөлігіне айналды. Адамда қол жетпейтін, айтылмайтын, сөз таба алмайтын барлық нәрсе қол арқылы білдіруді іздейді. Қимыл мен ишара адамды сөз секілді жігерлендіреді, тыныштандырады, еркелетеді, дұрыс іске сенім ұялатады, сөздерді растайды, оларды салмақты етеді [2].

Каллиграфия:

•Каллиграфия қолдың моторикасын жақсартып, жазу икемділігін күшейтеді. Бұл жаттығу жазу стилін қалыптастырып, қолдың дәлдігін арттырады.

Сурет салу:

•Жай қарындашпен сурет салу, көшіру, немесе күрделі өрнектерді сызу. Бұл жаттығулар саусақтардың икемділігін жақсартуға және қолдың қозғалысын басқаруға үйретеді. Бұл жаттығуларды тұрақты түрде қайталап, жазу икемділігін арттыруға болады.

1-сынып оқушыларының жазу икемділігімен қатар сөйлеу тілінің дамуы саусақ қозғалысының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, жазу икемділігін толық жетілдіру үшін жаттығу, ойын жұмысын жүйелі жүргізудің маңызы зор.

Нейрожаттығулар – бұл саусақ бұлшық еттерін қатайтуға, мидың жұмысын жақсартуға және зейінді арттыруға арналған арнайы жаттығулар.

Нейрожаттығулар арқылы жазу икемділігін қалыптастыру мидың жұмысы мен қолдың моторикасын үйлестіруге көмектеседі.

Нейрожаттығулар баланың ми сыңарларын, ұсақ моторикасын, ес, зейін, ойлау, тілін, яғни барлық таным процестерін дамытады. Ми сыңарларының өзара әрекеттесуін кешенді нейрожаттығулар арқылы жетілдіруге болады [3].

Осы жаттығулардың нәтижесінде бала мидың екі жарты шарлары арасында байланыс түзеді, ақыл-ой белсенділігі, есте сақтау қабілеті жақсарады, оқу және жазу процестері жеңілдейді, қол мен көзді үйлестіру жақсарады, кеңістіктегі ойлауы дамиды.

Нейрожаттығулар балаға шығармашылық әрекеттер арқылы (ойын, қимыл-қозғалыс) өзіндік «менін» көрсетуге көмектеседі, баланың өзін-өзі бағалауын арттыруға септігін тигізеді. Нейрожаттығулар балаға түрлі ойындарға қатысу кезінде көмектеседі, яғни олар айналасынан тәжірибе алуға, жан-жақты бақылауға, ұстауға, заттарды қою және оларды өз орнына орналастыруға, заттарды басқаруға, сурет салуға, кітаппен жұмыс істеу қабілеттерін меңгеруге мүмкіндік береді; сонымен бірге затты таңдауға, сұрыптауға үйретеді; заттардың өзгермейтіндігі туралы түсінік қалыптастырады.

Нейрожаттығулар орындауда саусақ қимылдары мен қолдың икемділігі бас миының құрлымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп, қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды. Нейрожаттығуларды күн сайын 3-5 минуттан бірге орындауда қиналса, онда ол жаттығуды жеке сабаққа қалдырып, пысықтауға болады. Жүйелі жүргізілген нейрожаттығулар нәтижесінде баланың саусақ қимылдары иілгіш келеді. Нейрожаттығулар орындауда саусақ қимылдары әрдайым қызықты да тартымды болуы шарт, баланың мезі қылмауы керек. Бір өткізгенде 2-3 жаттығу түрін ғана қолданады. Нейрожаттығуларды жазу, математика сабақтарында орындалады. Алғашында үстелге немесе басқа затқа сүйеніп, саусақ гимнастикасын жасау ұсынылады [4].

Нейрожаттығулар жазу дағдысына оң әсерін тигізеді, өйткені олар мидың жұмысы мен қолдың моторикасын жақсартады, зейін мен шығармашылықты арттырады. Нейрожаттығулардың жазуға әсер ететін негізгі бағыттары:

Моториканы дамыту: Жазу қолдың ұсақ моторикасын қажет етеді. Нейрожаттығулар (мысалы, саусақтарды түрлі бағытта қозғалту, қолмен айнада жазу) саусақ бұлшық еттерін дамытады, бұл жазу процесін жеңілдетіп, әріптерді әдемі әрі анық жазуға көмектеседі.

Зейін мен шоғырлануды арттыру: Нейрожаттығулар зейін қою қабілетін жақсартады, бұл ұзақ жазу кезінде маңызды. Зейін қою жазу кезінде әріптер мен сөздердің біркелкі және әдемі жазылуына ықпал етеді. Медитация және тыныс алу жаттығулары сияқты нейротехникалар жазу кезінде шоғырлануға көмектеседі.

Қол-көз координациясын жақсарту: Жазу барысында қол мен көздің үйлесімділігі маңызды рөл атқарады. Айнада жазу, геометриялық фигураларды сызу немесе қолды басқару жаттығулары осы үйлесімділікті дамытады, бұл әріптерді нақты әрі әдемі жазуға мүмкіндік береді.

Есте сақтау қабілетін нығайту: Жазу үшін жады маңызды, әсіресе, жазылатын мәтінді есте сақтау немесе жазу құрылымын жоспарлау кезінде. Нейрожаттығулар есте сақтау қабілетін дамытып, ақпаратты дұрыс ұйымдастыруға және реттеуге көмектеседі, бұл жазуды жеңілдетеді.

Шығармашылықты дамыту: Нейрожаттығулар жаңа идеяларды тез тауып, ойды жүйелі түрде жеткізу қабілетін дамытады. Шығармашылық жаттығулар (мысалы, сурет салу немесе әңгіме құрастыру) жазу кезінде ойды еркін әрі қызықты жеткізуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, нейрожаттығуларды орындауды күнделікті әдетке айналдыру арқылы жазу икемділігін арттыруға, әріптерді анық жазуға, ойды тиімді жеткізуге және жазу процесін жеңілдетуге болады. Нейрожаттығуларды әр мұғалім сабақтарында дұрыс қолданса, оқу үдерісі әлдеқайда қызықты, балаға жеңіл болады. Баладағы барлық таным процестерінің қалыптасып, дамуына нейрожаттығулардың пайдасы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сабденбекова Ұ. Мектеп жасындағы балалардың жазуын дамытудағы ұсақ моториканың маңызы// Бала мен балабақша.- 2013.-№9.-10-12 б.
2. Бекбосынова Б. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту//Дефектология.- 2015.- №8.-9-11б.
3. Ткаченко Т.А. Развиваем мелкую моторику и речь. –М: Эксмо, 2018
4. Амирова А.С. Развитие движения пальцев рук у детей.- Алматы: «Дидактика», 2017

ӘОЖ 373.3: 37.036.5: 517

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ПРАКТИКАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Сейлова З.Т. п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Сейтпенбетова Б.А. магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: stsoias62@mail.ru; Bany_m@bk.ru

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларын практикаға бағытталған тапсырмалар мен есептерді орындау қабілетін дамыту жолдары туралы баяндалады. Әрбір ұсынылған әдістерді қалай жүзеге асыруы керек деген сұрақтарға жауап береді.

Тірек сөздер: бастауыш сынып, математика, практикаға бағытталған, тапсырмалар.

Аннотация. В статье описаны пути развития умений учащихся младших классов выполнять практические задания и задачи. Отвечает на вопросы о том, как реализовать каждый из предложенных методов.

Ключевые слова: начальная школа, математика, практико-ориентированная, задания.

Annotation. The article describes ways to develop the skills of primary school students to perform practical tasks and tasks. Answers questions about how to implement each of the proposed methods.

Key words: primary school, mathematics, practice-oriented, assignments.

Қазіргі уақытта заманауи білім беру үшін басты мәселе қоршаған әлемдегі өзгерістерге сенімді бейімделетін, сонымен қатар еңбекке және одан әрі өзін-өзі тәрбиелеуге дайын табысты тұлғаны қалыптастыру және дамыту туралы болып табылады. Өмір сүру үшін адамға тек қана орасан зор білім ғана емес, қоршаған дүниедегі өзгерістерді дұрыс бағалай білу және өз дағдылары мен білімін іс жүзінде сауатты қолдана білу керек.

Бұл мәселені шешудің мүмкін жолдарының бірі оқушыларды бастауыш сыныптан бастап практикаға бағытталған есептерді шешуге қабілетін дамыту болып табылады.

Практикаға бағытталған есептерді шеше білу ғылым мен оқушыны байланыстырады, білім мен адамдардың күнделікті өмірі арасындағы байланыстарды, олардың алдында туындайтын мәселелерді ашады.

Практикаға бағытталған есептер күнделікті өмірде қажетті практикалық дағдыларды қалыптастырумен тығыз байланысты қоршаған шындықтан алынған тапсырмалар.

Оларға ғалым-зерттеушілер, әдіскерлердің берген анықтамаларына зер сала кетейік.

Л.В. Павлова өз мақаласында «**Практикаға бағытталған тапсырмалар** – бұл математикалық тапсырмалар, олардың мазмұны күнделікті өмірде қажетті математикалық білім мен дағдыларды қолданудағы практикалық дағдыларды қалыптастырумен байланысты қоршаған шындықтан ситуацияларды сипаттайды» [1, 170 б.].

Н.В. Соларева мынадай анықтама береді: **практикаға бағытталған тапсырмалар** «тек дидактикалық сипатта ғана емес, сонымен бірге сипатталатын жағдайдың шынайылығы және оны мектеп курсы арқылы шешудің қолжетімділігі» болып табылатын мәтіндік тапсырмалар [2].

Практикаға бағытталған есептердің негізгі мақсаты – оқушыларға өмірдің әртүрлі салаларында қажетті дағдыларды қалыптастыру және алған білімдерін тәжірибеде қайда, қалай және қандай мақсатта қолдануға болатынын білу болып табылады.

Практикаға бағытталған есептердің қолдану бағытына қарай түрлері сан алуан болады. Бастауыш сынып үшін солардың екі түрін бөліп қарастыруға болады. Олар:

— «өмірге, практикалық іс-әрекеттерге (уақыт, жылдамдық пен қашықтықты есептеу, құжат жасау, жануарды ұстау жағдайлары және т.б.) байланысты»;

— «күнделікті міндеттер (отбасының бюджетін, бағаларды, калорияларды ескере отырып мәзірді құру, шайдың қажетті санына шайнектегі судың мөлшерін есептеу және т.б.)».

Практикаға бағытталған есептерді және тапсырмаларды орындау қабілетін дамытудың бір жолы ретінде біз 1-сыныптан бастап оқушылардың ойлау және әрекет ету қабілетін дамытуға бағытталған оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруға тырысамыз. Математика сабақтарының мысалын қолдана отырып, бастауыш мектеп оқушыларын практикаға бағытталған есептерді шешуге қабілетін дамытудың бірнеше негізгі әдістерін анықтадық:

1. Практикалық-бағдарланған есептер.

Практикалық-бағдарланған тапсырмаларды қолдану оқушыларға алған білімдерін күнделікті өмірде, практикалық және стандартты емес есептерді шешуде қолдануға мүмкіндік береді. Бірақ бастауыш сыныпқа арналған математика оқулықтарында мұндай есептер өте аз, сондықтан мен оларды таңдап, жинақтап, оқу үдерісіне белсенді түрде енгізуге тырысамын.

Тапсырманы оқушылар ойланатын, дәлелдейтін және өз шешімдерін ұсынатындай етіп құрастырған дұрыс, оның ішінен ең ұтымдысын таңдайды. Осындай тапсырмалармен жұмыс істеу үшін математика сабағының жоспарына «Айналамыздағы математика» қысқа мерзімді кезеңін қостық.

Атаудың өзі бізді қоршаған әлемде көптеген математикалық есептер мен жағдайлардың бар екенін көрсетеді, оларды шешу белгілі бір білім мен дағдыларды қажет етеді. Мұндай тапсырмалардың мысалдары:

1) 48 шаршы метр учаскенің ұзындығы мен ені қандай болады?

2) Екі жұп тесігі жіппен жалғасып, бірде-бір тесігі бос қалмайтындай етіп төрт тесігі бар түймені неше тәсілмен тігуге болады?

3) Ұзындығы 6 метр шаршы бөлмеде олар әр қабырғадан кілемге дейін 1 метр қашықтық болатындай етіп кілем төсеуді ұйғарды. Кілемнің өлшемі қандай болады?

4) Кестедегі деректерді пайдалана отырып, 45 г жарма, 5 г сары май және 5 г қант қажет болса, жарма ботқасының бір порциясын дайындауға арналған ингредиенттерді қасықтарды қалай өлшеуге болатынына жауап беріңіз (кесте).

Кесте.

Азық-түліктің атауы	Массасы граммен	
	1 ас қасықта	1 шай қасықта
Қант (күмшекер)	25	10
Манна жармасы	30	15
Сұлы үлпектері	15	5
Сары май (ерітілген)	20	5

Тәжірибеге бағытталған тапсырмалар логикалық ойлауды пайдалануға мүмкіндік береді және оқушылардың алған білімдерінің мәні мен маңыздылығын бағалауға жағдай жасайды.

2. Практикум-сабақтар.

Математика сабақтарында практикалық дағдыларды дамыту үшін біз практикум-сабақтар деп аталатындарды қолданамыз. Бұл сабақтардың негізгі ұраны – Ойлар! Әрекет жасаңыз! Жасау! Мұндай сабақтарда ауданды, биіктікті, биіктік пен массаны өлшейміз, уақыт аралықтарын анықтаймыз, заттарды ұзындығы бойынша теңестіреміз, құрылыс жинақтарымен жұмыс жасаймыз.

Ол үшін міндетті түрде өлшеу құралдарын пайдаланамыз: таразылар, сағаттар, секундомерлер, көлемді анықтауға арналған әртүрлі ыдыстар. Бұл сабақтарда балалар достарына есеп қойғанды ұнатады.

3-сыныпта «Тіктөртбұрыштың периметрі және ауданы» тақырыбын оқу кезінде семинар өткізілді, онда балаларға сүйікті мультфильм кейіпкерлері «Маша мен аю» аю үйінің алаңын есептеуге көмектесті, анықтау учаскенің аумағынан тыс орналасқан бақтың қоршауын ескере отырып, үйге арналған қоршау мөлшері.

Балалар аю үйінің терезесіне арналған әйнектің өлшемін анықтады, Машаның фотосуреттері мен суреттеріне арналған жақтаудың өлшемін салыстырды. Әрбір тапсырма бұрыннан бар білімді тапсырманың нақты мәні бар өмірлік жағдайда пайдалануға бағытталған.

Оқушылардың аудан және периметр туралы білімдерін іс жүзінде қолдану арқылы сабақ қызықты, креативті өтті.

«Көрнекі геометрия» үйірмесіндегі сыныптан тыс жұмыстарда практикалық жаттығуларға көп көңіл бөлеміз: 1-2 сыныптарда – бояу, жіктеу, салыстыру, артық фигураны анықтау, белгілерін анықтау, ою-өрнек ойлап табу, аппликация, 3-4 сыныптарда – қағаз фигуралар бойынша деректердің периметрін есептеу, қағаздан фигураларды қиып алу және ауданды есептеу, жұмбақтар, жобалар құрастыру, зерттеу, сурет салу сайыстары және т.б.

Практикум-сабақтар тәжірибеге бағытталған білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі және бастауыш мектеп оқушыларының айналадағы шындықты бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

3. Экскурсия-сабақтары.

Бастауыш сыныпта математикалық экскурсияларды өткізу оқушыларға оқытылатын материалды терең түсінуге және түсінуге бағытталған аудиториядан тыс жұмыс істеудің практикалық дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді. Балалар ең маңызды ойлау әрекеттерді - бақылауды, пайымдауды, талдауды және қорытынды жасай білуді үйренеді.

Сонымен, 1-сыныпта «Кеңістіктік бейнелер» тақырыбын оқу барысында біз мектеп алаңына шығып, сыныптан тыс жерде «жоғары – төмен», «әрі қарай – жақын», «артында – алдыңғы,» ұғымдарымен таныстық. т.б.

Екінші сыныпта бір күн ішінде болатын-әдеттегі сәттерді орындау кезінде уақыт аралықтары есептелді.

3-сыныпта «Баға. Саны. Құны», балалар мен кеңсе тауарлары мен ойыншықтар дүкеніне виртуалды экскурсия жасадық.

Балаларға қолындағы ақшаға қандай заттарды және қандай мөлшерде сатып алуға болатынын анықтау ұсынылды.

Сондай-ақ, масса бірліктерін оқу кезінде дүкенге баруға болады, ал литр (көлем бірлігі) туралы білгенде мектеп-интернаттың асханасына баруға болады. Осындай жұмыстардың нәтижесінде қоршаған шындықпен және өлшеу құралдарымен өзара әрекеттесу кезінде балалар материалды берік меңгеріп, сабақта және кейінгі өмірде есептерді шешуде алған тәжірибесін оңай пайдалана алады.

4. Практикаға бағытталған жобалар.

1-2 сыныптардағы математика сабақтарындағы жобалар шығармашылық сипатта болады – «Математикалық домино», «Лото» ойынын құру, «Суреттердегі сандар», «Айналамыздағы симметрия» альбомдарын жасау.

Ал 3-4 сыныптарда жобалар «Жөндеу мектебі» жөндеу жұмысшысы; «Үй салу» құрылысшылар мен сырлаушылар іскерлік ойын түрінде, масштабпен жұмыс және т.б. түрде жүзеге асырылады.

3-4-сыныптардағы математика сабақтарындағы жобалар әдетте есептеулермен байланысты: мысалы, бөлмені жөндеу құнын есептеу, жол шығындарын есептеу, құстардың ұшу қашықтығын анықтау, картаның масштабын ескере отырып, қалалар арасындағы қашықтықты, т.б.

5. Оқу есептерін модельдеу.

Математика сабағында мәтіндік есептер оқушыларға ерекше қиындық туғызады. Оқушыларға тапсырманы, оның шарттары мен талаптарын ойластыру оңай емес. Сондықтан мен үлгі түрінде көрнекі түрде ұсынатын тапсырма мәтіні мен оның деректерін талдауды егжей-тегжейлі пысықтаймыз. Есептің математикалық моделімен жұмыс істегенде оқушылар мағынасын жеңілірек түсінеді, сандық мәліметтердің тәуелділігін графикалық түрде көрсетеді, белгілі мен белгісізді анықтайды, есеп шығарудың жолын табады.

Модельдеу процесінде оқушылардың шығармашылық әрекеті белсендіріліп, оқу іс-әрекетінің пәндік жағы көрініс табады. Сабақта қолданатын есеп үлгілерінің негізгі түрлері **диаграмма, сызба, кесте, объектінің суреті, қысқаша жазба, диаграмма.**

Тәжірибеге бағытталған тапсырмалармен жұмыс барысында сабақта белсенді және интерактивті әдістерді қолдануға тырысамыз, жұптық, жеке, ұжымдық жұмыс жасаймын, үлестірмелі материалдар мен электронды тасымалдағыштарды пайдаланамыз. Оқушылардың интерактивті тақталары мен нетбуктерін пайдалана отырып, мәліметтерді қамтитын иллюстрацияларды, кестелерді және сызбаларды көрсетуді қамтамасыз етеміз.

Бұл оқуды тиімдірек етеді, әмбебап оқу іс-әрекетін қалыптастыруда алға қойған мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді және өмірде үлкен практикалық қолданысы бар пән ретінде оқушылардың математикаға деген қызығушылығын дамытады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Павлова Л.В. Познавательные компетентностные задачи как средство формирования предметно-профессиональной компетентности будущего учителя математики // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. – 2009. – № 11. – С. 169-174.

2. Соларева Н.В. Практико-ориентированные задания как средство повышения мотивации школьников на уроках математики// - 2017. [Электрондық ресурс] URL: http://vkr.pspu.ru/uploads/5367/Solareva_vkr.pdf (қаралған күні 11.03.2023).

3. Бекиш М.А. Игровые приёмы на уроках и во внеурочной деятельности // Начальная школа. – 2011. – № 12. – С. 43-45.

4. Белкина Н.В., Шевцова Д.Н. Методические указания по конструированию и использованию во внеурочной деятельности и дополнительном образовании практико-ориентированных заданий. [Электрондық ресурс]. URL: <https://yungi.gumrf.ru/wp-content/uploads/2018/10/Belkina-N.V.-SHevtsova-D.N.-Metod.-ukaz.-po-sozd.-i-isp.-zadani-j-morskoy-tematiki.pdf> (қаралған күні 12.03.2023).

5. Бекиш М.А. Игровые приёмы на уроках и во внеурочной деятельности // Начальная школа. – 2011. – № 12. – С. 43-45.

**ЭФФЕКТИВНЫЕ ВИДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ, НАПРАВЛЕННЫХ НА
ФОРМИРОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТАРНЫХ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ПОНЯТИЙ У
УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ.**

**Сейлова З.Т. к.п.н., ассоциированный профессор
Магистрант Киикбаева Ф.Д.**

Кызылординский университет имени КORKYT АТА

E-mail: stsoias62@mail.ru; fdastankizi@mail.ru

Аннотация. В настоящее время данная проблема исследуется мало. В программах начального курса математики о работе над определениями ничего не сказано, но определения играют большую роль в обучении учащихся и должны занимать исключительно важное место в курсе математики начальной школы. Поэтому рассматриваемая тема остаётся актуальной на данный момент.

Ключевые слова: понятия, начальная школа, математика, формирование понятий.

Аннотация. Қазіргі уақытта бұл мәселе аз зерттелген. Бастауыш математиканың бағдарламаларында анықтамалармен жұмыс істеу туралы ештеңе айтылмайды, бірақ анықтамалар оқушылардың оқуында үлкен рөл атқарады және бастауыш мектептің математика курстарында өте маңызды орын алуы керек. Сондықтан қарастырылып отырған тақырып қазіргі уақытта өзекті болып қала береді.

Тірек сөздер: понятия, начальная школа, математика, формирование понятий.

Annotation. Currently, this problem is little studied. Primary mathematics syllabi do not say anything about working on definitions, but definitions play a large role in student learning and should occupy an extremely important place in primary school mathematics courses. Therefore, the topic under consideration remains relevant at the moment.

Key words: concepts, elementary school, mathematics, formation of concepts.

Цель исследования.

На современном этапе в Республике Казахстан происходит реформирование системы образования с целью вхождения в мировое образовательное пространство. Разработка и внедрение новых Государственных общеобязательных стандартов всех уровней образования, типовых учебных планов и программ, повышение уровня преподавания, обучение востребованным знаниям, умениям и навыкам во многом продиктовано условиями динамично меняющегося мира.

Начальная школа является фундаментом образования, именно в этот период обучения закладываются знания, умения и навыки, обеспечивающие не только дальнейшее развитие обучающихся, но и активное восприятие, осмысление окружающей действительности, самостоятельное планирование и выстраивание своих действий. Основная задача, стоящая перед начальной школой, – сформировать у обучающихся интерес к познанию, овладению навыками практического решения жизненных задач. Математика развивает логику, интеллект, умственные способности, такие психические процессы, как мышление, память, что в дальнейшем обеспечит успешность в любой деятельности. В связи с этим, так как математика является одним из ведущих учебных предметов в начальной школе, важно сформировать познавательный интерес к ней, умение оперировать элементарными математическими понятиями. Следует отметить, что в процессе усвоения элементарных математических понятий у младших школьников возникают сложности и проблемы, которые связаны с недостаточной подготовкой к обучению в школе. Знание и понимание учителем

начальных классов теоретических и методических подходов к процессу формирования научных понятий обеспечит осознанное усвоение элементарных математических понятий.

Цель исследования: на современном этапе перед учителем стоит задача научить обучающихся самостоятельно добывать знания и уметь перерабатывать, запоминать, связывать с другими, мыслить, решать проблемы, что в дальнейшем будет способствовать успешной самореализации в жизни и практической деятельности и выявить эффективные виды деятельности, направленных на формирование элементарных математических понятий у учащихся начальных классов.

Материалы и методы исследования


Анализ научно-педагогической и методической литературы, изучение нормативных документов Республики Казахстан в области образования.

Результаты исследования и их обсуждение

Математика является учебным предметом, базовое содержание которого включает изучение числа и величин, элементов алгебры и геометрии, множества, является пропедевтикой предметов алгебра и геометрия основного и общего среднего образования. Задачи математики определены исходя из целей и направлены на развитие:

- 1) логического мышления, пространственного воображения и использование математических понятий;
- 2) способности решать учебные и практические проблемы, использование арифметических алгоритмов, выполнение геометрических построений и проведение математических исследований;
- 3) критического мышления и творческих способностей;
- 4) личностных качеств: любознательность, целеустремленность, ответственность, уверенность;
- 5) когнитивных навыков понимания, объяснения, анализа, синтеза, классификации, применения и отображения;
- 6) навыков поиска и отбора информации, управления собственным временем и саморегулирования.

Поскольку процесс формирования элементарных математических понятий в математическом образовании является сложным и продолжительным, исследователи уделяют ему должное внимание. Так, Н.Л. Стефанова и Н.С. Подходова в процессе формирования элементарных математических понятий выделяют этапы, которые представлены на рисунке.



Формирование научных понятий (по Н.Л. Стефановой, Н.С. Подходовой)

Основой понятий исследователями выделяются предпонятия, и именно на этом уровне формируются все элементарные математические понятия у младших школьников. Сформированность понятий в начальной школе определяется таким показателем овладения объемом понятий; наличием широкого запаса признаков, существенных для конкретного понятия (содержание понятия) [1].

Процесс формирования математических понятий, по мнению М.А. Холодной, направлен на разные составляющие понятийных структур, таких как:

- применение таксономии Блума;
- включение чувственно-сенсорных впечатлений обучающихся;
- перевод языка знаков и символов на язык образов;

- уяснение связей между понятиями [2].

Под понятием понимается «целостная многоуровневая иерархически организованная структура, включающая образы разной степени обобщенности. Обобщение образов идет по пути выделения существенных свойств понятия» [2, с. 110].

Учитель, придавая значение уровню развития младших школьников, сложности изучаемого материала, количеству часов, отводимых на знакомство с математическим понятием, выбирает один из следующих способов:

1) подготовленность обучающегося к осмысленному восприятию, пониманию нового понятия, определения и в дальнейшем получению формулировки в готовом виде;

2) подготовленность обучающегося и самостоятельное формулирование нового понятия, определения;

3) отсутствие подготовленности и помощи при формулировке нового определения, понятия, в дальнейшем концентрация его усвоения и закрепления.

Эвристический метод применяется учителем как при подготовке к самостоятельному формулированию новых понятий, так и осмысленному восприятию, пониманию нового определения. Кроме того, на уроке необходимо создать учебную проблему, направляющую обучающегося к «открытию» новых знаний, самостоятельности, способствующую проявлению у них интереса, развивающую умственные способности, но для ее решения потребуется дополнительное время.

Обучающиеся будут активны и самостоятельны при введении нового математического понятия, если учитель планирует, выстраивает систему задач, учебных проблем, учитывает возрастные особенности обучающихся и особенности работы в классе.

Н.Л. Стефанова выделяет четыре этапа работы с математическими понятиями;

1) профессиональный (информация подается в алгоритмизированном виде);

2) подготовительный (актуализация необходимых знаний, мотивация);

3) основной (обучение);

4) закрепления (применение нового теоретического материала) [1, с. 120].

А.А. Темербекова утверждает о наличии трех этапов методики формирования математических понятий:

1) введение определения;

2) усвоение определения;

3) закрепление понятия [3, с. 98].

Формирование математических понятий требует особого подхода. Г.И. Саранцевым [4] была предложена следующая концепция, состоящая из шести этапов. Первый этап заключается в создании мотивации, активизации деятельности, которая подчеркивает необходимость изучения данного понятия. Второй этап направлен на выявление существенных свойств понятия, которые в дальнейшем будут составлять его определение. Третий этап включает в себя определение понятия в словесной форме, которое должно соответствовать заявленной логической структуре. На четвертом этапе происходит усвоение определения понятия, где каждое существенное свойство делается отдельным объектом. На пятом этапе понятия применяются в конкретных условиях, в различных ситуациях. Шестой этап предполагает систематизацию материала, изучаемое понятие находит свое место в системе других понятий.

Ю.А. Лучко констатирует недостатки на основе наблюдения за работой учителя при формировании математических понятий. К ним относятся:

1) на первоначальном этапе знакомства с понятиями обучающиеся недостаточно мотивированы;

2) процесс формирования начинается с определения математического понятия, зачастую не рассматривается его логическая структура, не выявляются существенные свойства понятия;

3) на этапе применения математического понятия, при решении задач, возникают трудности в силу того, что ранее определения заучивались;

4) работе по содержанию математического понятия, с несущественными свойствами понятия уделяется мало времени, что является следствием отождествления математического понятия с каким-либо свойством;

5) умения оперировать понятиями и их определениями не отрабатываются;

6) этап систематизации понятий реализуется редко [5].

В контексте обновленного содержания образования в Республике Казахстан учебный предмет «Математика» входит в образовательную область «Математика и информатика», являющийся самостоятельным предметом инвариантного компонента Типового учебного плана уровня начального образования, способствующий формированию математических понятий у обучающихся, имеющий важное значение в восприятии математики как способа моделирования и понимания мира. Базовое содержание учебного предмета сфокусировано в Типовой учебной программе по предмету «Математика» для 1–4 классов уровня начального образования [6] и представлено в разделах и подразделах. Следует отметить, что каждый раздел и подраздел, отраженный в учебной программе, включает изучение математических понятий, которые при переходе обучающихся из класса в класс повторно рассматриваются, но новое понятие базируется на основе уже известного и в тесной связи с ним, таким образом, происходит наращивание знаний и понятий от темы к теме путем перехода от простых к более сложным понятиям, идеям и явлениям. По мере развития младшие школьники овладевают знанием конкретной темы, получая возможность применять их в практической деятельности.

Модель спиральной образовательной программы, лежащей в основе учебных программ начального образования, является важным принципом. Спиральный способ построения учебной программы по математике можно рассмотреть на примере изучения раздела «Элементы геометрии», подраздела «Геометрические фигуры и их классификация».

Так, в 1 классе содержание учебного предмета математики в рамках вышеназванного раздела и подраздела включает знакомство с геометрическими фигурами, в процессе которого обучающиеся распознают и называют их, а также различают плоские (треугольник, круг, квадрат, прямоугольник) и пространственные (куб, шар, конус, цилиндр, пирамида) фигуры.

Во 2 классе обучающиеся классифицируют многоугольники, определяют признаки геометрических фигур, применяют формулы нахождения периметра прямоугольника, квадрата и треугольника.

В 3 классе младшие школьники знакомятся с окружностью, кругом и их элементами, параллельными и пересекающимися прямыми, симметричными и несимметричными плоскими фигурами, а для нахождения и вычисления площади различных видов геометрических фигур – треугольника, прямоугольника, квадрата и периметра комбинированных фигур применяют формулу.

В 4 классе обучающиеся распознают и называют куб, прямоугольный параллелепипед и их элементы, знакомятся с видами треугольника и их классификацией, с градусной мерой угла, а чтобы найти объем прямоугольного параллелепипеда, составляют и применяют формулу, определяют площадь комбинированных фигур.

Таким образом, содержание учебного предмета «Математика», построенное на новом витке спирали, позволяет сообщать материал несколько раз, но на более высоком уровне, постепенно углубляя, расширяя, усложняя новыми составляющими, формировать

математические понятия, а также их систематизировать и устанавливать взаимосвязь между ними.

С переходом из класса в класс, с каждым повторным изучением материала сложность темы нарастает, т.е. происходит переход от усвоения простых математических понятий к более сложным логическим путем. Таким образом, изучение математики в соответствии с разделами и подразделами учебной программы развивает у обучающихся логическое и критическое мышление, творческое воображение, навыки исследования и общения, способность анализировать процессы и явления, умение выявлять причинно-следственные связи, закономерности и тенденции развития этих явлений, а также умения применять математические знания в повседневной жизни.

Обучающийся, усвоив научные понятия на уроках математики, сможет успешно применять их на других учебных предметах и в течение всей жизни.

Анализ научной литературы и школьной практики позволяет выделить следующие задачи в целях повышения качества формирования математических понятий у младших школьников:

- разработать систему разнообразных заданий, упражнений и задач (простых, составных, текстовых, обратных), построенную на логике развертывания понятия с учетом закономерностей учебно-познавательной деятельности обучающихся, их возрастных и индивидуальных особенностей;

- проводить разнообразные по типу и виду уроки математики, применять различные формы для эффективной работы (индивидуальная, работа в малых группах, фронтальная, групповая);

- систематизировать понятия, использовать межпредметные и внутри предметные связи;

- соблюдать последовательность введения понятий и соответствующих им терминов;

- рационально применять наглядность для осмысления сущности понятия и выполнения практических действий;

- развивать математическую речь обучающихся;

- осуществлять контроль по усвоению математическими понятиями.

Заключение

Исходя из вышеизложенного, можно сделать вывод о том, что в рамках обновленного содержания образования учебный предмет «Математика» в начальной школе является интегративным, поскольку объединяет арифметический, алгебраический и геометрический материал, необходимый при формировании математических понятий. Осмысленность, научность, полнота, динамичность понятий и связь их с окружающей действительностью должны постоянно находиться в центре внимания учителя начальных классов, контролироваться и в случае необходимости своевременно уточняться, корректироваться, усваиваться обучающимися в процессе их применения в различных учебных ситуациях.

Формирование элементарных математических понятий – сложный, динамичный процесс, протекающий в начальной школе и являющийся фундаментом для следующих уровней образования.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Стефанова, Н.Л. Методика и технология обучения математике. Курс лекций [Текст]: пособие для вузов / под научн. ред. Н.Л. Стефановой, Н.С. Подходовой. – М.: Дрофа, 2005. – 416 с.: ил.

2. Холодная М.А. Психология понятийного мышления: от концептуальных структур к понятийным способностям. М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2012. – 288 с.

3. Темербекова, А.А., Чугунова, И.В., Байгонакова, Г.А. Методика обучения математике [Текст]: Учебное пособие / А.А. Темербекова, И.В. Чугунова, И.В. Байгонакова – СПб.: Издательство «Лань», 2015. – 512 с.: ил.

4. Саранцев, Г.И. Методика обучения математике: методология и теория [Текст]: учеб. пособие для студентов бакалавриата высших учебных заведений по направлению «Педагогическое образование» (профиль «Математика») / Г.И. Саранцев. – Казань: Центр инновационных технологий, 2012. – 292 с.

5. Лучко, Ю.А. Совершенствование процесса формирования геометрических понятий с использованием информационных технологий / Ю.А. Лучко // Альманах современной науки и образования. – 2008. - № 7. – С. 115-117. <https://special-edu.kz/tipprog/up51/ru/2/2.9.pdf>

ӘОЖ 372.210.7

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ТУДЫДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қалышбаева Гүлайым Диханқызы

магистр аға оқытушы

Шымкент университеті *Шымкент қ., Қазақстан Республикасы*

Kalisheeva@mail.ru

Аннотация: Бүгінгі таңдағы білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын пайдаланудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында мектеп табалдырығын алғаш аттаған бастауыш сынып оқушыларына білім беріп, тәрбиелеумен қатар, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту қазіргі кездегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Педагогика және психология ғылымдарында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдары мен құралдарын анықтау мәселесі өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ғұлама ойшылдардың назарында болғандығын, «шығармашылық» теориясын жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады.

Тірек сөздер: шығармашылық, жаңартылған білім, бәсекеге қабілетті, рухани сапа, танымдық іс-әрекет, азаматтық құндылықтар.

Аннотация: Основной целью сегодняшней образовательной программы является обновление содержания образования, а также внедрение критериальной системы оценивания и повышение эффективности использования инновационных методов обучения и различных инструментов. Помимо обучения и воспитания учащихся младших классов, впервые поступивших в школу, в рамках обновления содержания образования одним из важнейших вопросов сегодня является развитие их творческих способностей. В педагогических и психологических науках проблема определения путей и средств развития творческих способностей учащихся начальной школы изучается очень давно. Это видно из того, что творчество было в центре внимания ученых мыслителей во все эпохи мировой культуры, и было немало поисков создания теории «творчества».

Ключевые слова: творчество, обновляемые знания, конкурентоспособность, духовные качества, познавательная деятельность, гражданские ценности.

Annotation : The main goal of today's educational program is to update the content of education, as well as to introduce a criterion evaluation system and increase the efficiency of using innovative teaching methods and various tools. In addition to education and upbringing of elementary school students who have entered the school for the first time within the framework of updating the content

of education, development of their creative abilities is one of the most important issues today. In pedagogic and psychological sciences, the problem of determining ways and means of developing creative abilities of elementary school students has been studied for a very long time. It can be seen from the fact that creativity has been in the attention of learned thinkers in all eras of world culture, and there have been many searches for the creation of the theory of "creativity".

Key words: creativity, updated knowledge, competitive, spiritual quality, cognitive activity, civic values.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 8-бабында: «Әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі, білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы, жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту мәселелері» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1, 5-8б]. Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемесіндегі ұжымның, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құруларға, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Біздің мемлекетіміздің жастары оқуға, жаңа заманға сай ғылым мен білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, ғылым мен технологияны күнделікті өмірде шебер пайдалануға міндетті. Осыған орай, әлемдік білім беру кеңістігінде тек ақпарат жиынтығын меңгертумен шектелмей, іс-әрекетін өздігінен тиімді ұйымдастыра отырып, шығармашылықпен жұмыс атқара алатын, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, жан-жақты интеграциялық білімге құмар, өздігінен креативті іс-әрекеттер жасай білетін, жеке болмыстық сапасы жетілген, білім беруді шығармашылық тұрғыдан ұйымдастыра білетін қабілетті тұлға қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі таңда аталған проблеманың философиялық, психологиялық, педагогикалық аспектісін анықтау арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін қалыптастыру мәселесін зерттеу дидактиканың маңызды бағыты болып саналады. Білім беру мекемелерінің алдында білім, қабілет, дағдыларды меңгертіп қана қоймай, шығармашылық ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін қалыптастырудың маңызды мәселе екендігін дәлелдейді. «Шығармашылық қабілет» ұғымын анықтау үшін шығармашылық, қабілет және шығармашылық қабілет ұғымдарына жасалған талдауларды зерделеу жүзеге асырылуы тиіс [2, 64-65б]. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты - бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамыту жолдары мен шешімдерін іздестіру болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларына қазіргі қоғам талабына сай сапалы білім беру және оларды бәсекеге қабілетті етіп оқыту мен тәрбиелеу педагогика және психология ғылымы саласында жаңа әдіснамалық негіздегі ғылыми зерттеулерді талап етіп отыр. Өйткені, дәстүрлі оқыту мазмұны мен әдістері мұндай нәтижеге жетуге кепілдік беретінін күнделікті іс-тәжірибе көрсетіп отыр. Адамзат жинақтаған тәжірибені келесі ұрпаққа беру мақсатын сақтай отырып, білім беруді ізгілендіру үрдісінде негізгі бағдарды жеке тұлғаның жалпы азаматтық құндылыққа белсенділігін арттыруға, рухани-адамгершілік қуатын қалыптастыруға назар аударылуда. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі мен өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің деңгейіне, рухани дамыту бағытына байланысты болады. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай болашақ

ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын бағдарлама болып табылады. Бүгінгі таңдағы білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын пайдаланудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында мектеп табалдырығын алғаш аттаған бастауыш сынып оқушыларына білім беріп, тәрбиелеумен қатар, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту қазіргі кездегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады[3, 18-196]. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің мақсаты - жүйеленіп, дайын күйінде берілген білім, қабілет пен дағдыларды қайталаумен шектеліп қана қоймай, шығармашылықпен еңбектене білетін, тың жаңалықтар ашуға қабілетті, өзіндік ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр. Білім сапасына қойылып отырған жаңа ұстанымдарға байланысты оқу әрекетінің мақсаттылығына, мазмұнына үлкен мән берілуде. Оқу әрекетінің негізгі мақсаты оқушының әртүрлі пәндердің ғылыми ұғымдарын түсініп, оның жалпы амал-тәсілдерін, дағдыларын ғана меңгеріп қоймай, шығармашылық бағытта еңбектенуі болып табылады. Педагогика және психология ғылымдарында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдары мен құралдарын анықтау мәселесі өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық - өте күрделі психологиялық үдеріс, ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез-келген оқушыны көтеруге болатындығы жайлы көп айтылуда. Демек, жалпы «шығармашылық» - дегеніміз бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, дамуы, ізденуі, қалыптасуы. Өмірде дұрыс жол табуы үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі[4, 14-156]. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сана деңгейіндегі білім мен білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім беру мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Сондықтан оқушылардың шығармашылық қабілетінің мәнін дамыту үшін не істеуге болады деген сұрақ туатыны сөзсіз. Ал, ол үшін оқушыларды білім алуда тек мәлімет жиынтығын меңгерумен шектелмей, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыдан өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу болып отыр. Оқушылардың шығармашылығы тек өзіне ғана жаңалық болып табылатын субъективті жаңалық болып табылады. Ендеше оларға тән шығармашылық кезеңдерін шартты түрде былайша топтастыруға болады:

- жаңалықпен бетпе-бет келу;
- шығармашылық, екі ұштылық, белгісіздік;
- шешімнің жарық етуі;
- шығармашылық акт;
- шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Шығармашылыққа деген қажеттілік күрделі рухани қажеттілік.

Оқушының шығармашылық іс-әрекетке деген құлшынысы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асыруына жол ашады. Шығармашылықтың мәнін аша отырып оның «әрекет» ұғымымен тығыз байланысты екенін анықтауға болады. Шығармашылық пен іс-әрекет диалектикалық біртұтастықты құрайды. Іс-әрекет шығармашылықты тудырып, оны нақты болмыстыққа айналдырса, ал шығармашылық іс-әрекетті реттеуді, оның амалдарын, тиімділігін анықтайды[5, 19-206]. Шығармашылық - оқушының танымдық іс-әрекетіне мотивациялық тұрғыда басшылық жасау нәтижесінде туындайды. Оқушының шығармашылық іс-әрекетінің пайда болуы оның орындаған тапсырмасының нәтижесінен

көрінеді. Оқушының шығармашылық дербестігі қалыптасқанда баланың бүкіл болмысы жаңа сипатқа ие болады. Шығармашылық іс-әрекет әртүрлі сапада көрінуі мүмкін, оның күрделі табиғатының өзі оның жеке адам дамуының түрткісі, қозғаушы күші екендігін көрсетеді.

Мәселені шешуде талданған негізгі ұғымдардың мәні мен мазмұнына үңіле отырып, оқушының шығармашылық қабілетін дамытудың мәні мынада деген тұжырымға келдік:

- қоғамда болып жатқан өзгерістерді танып білуге, ғылым жаңалықтарына тұрақты қызығушылықтың пайда болуына;

- оқу-танымдық міндеттер мен мақсаттарын орындауға талпыну;

- білім алуға, шығармашылық жұмыстарға тұрақты қызығушылық;

- оқушының танымдық ойлау белсенділігінің дамуы;

- жеке тұлғаның сапалық көрсеткіші ретінде көрінетін қабілеті мен қасиеттерінің дамуына;

- жеке тұлғаның дербес интеллектуалдық ой-өрісінің кеңеюі;

- тұрақты ізденімпаздық, шығармашылық іс-әрекетінің нәтижелі дамуына әсер етеді.

Шығармашылық қабілет жеке тұлғаның тұрақты сапалық белгісі ретінде оқушының жан-жақты дамуына жағымды ықпал етеді, ақыл-ой және адамгершілік қуаты оның ерік-жігерін, ойлау, елестету қабілетін, эмоциясын белсендіретін қызықты интеллектуалдық іс-әрекетінде көрініс табады. Ол жеке тұлғаның қоғамда беделін көтеруде және оның өз-өзіне баға бере білуіне ықпал етеді. Шығармашылық қабілет жеке тұлғаның қасиетіне айнала отырып, оның танымдық сипатын және қоғамдағы бағытын айқындайды, жеке тұлғаның болмысқа деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс.

Олар:

1. Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу.

2. Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болу.

3. Шығармашылық іс-әрекетке жағдай тудыру.



Сурет 1 – Жеке тұлғадағы шығармашылық қабілет

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, оны соған үйреткен жөн. Оқушының шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М.Жұмабаев балалардың ойларын дамыту туралы: «Ойлау жанның өте бір қиын терең ісі» - деп атап көрсете келіп, тәрбиеші баланың ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың төмендегідей түрлері бар [82, 263-267б]:

- тақырыпты мазмұнына сай жинақтау;
- арнайы бір тақырыпта пікірталас тудыру;
- шығарма, шағын әңгіме құру; сөзжұмбақ құру, шешу;
- қиялдау арқылы сурет салу, рөлдерге бөлу;
- мазмұндама түрлерін жазу.

Қорыта айтқанда, шығармашылық қабілет ұғымы төңірегіндегі тұжырымдар, анықтамалар бұл ұғымның өзіндік ерекшеліктерін, әртүрлі психикалық үдерістерден туындайтын интеллектуалдық, эмоционалдық, бағыттаушы байланысын және жеке тұлғаға беретін білімнің маңызын ашып көрсетеді. Шығармашылық қабілет оқушы іс-әрекетінің сапасы ретінде көріне отырып, үнемі ізденіп, белсенді әрекет ететін жеке тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Шығармашылық қабілет адам өмірін жаңа деңгейге көтеріп, түрлі туындылар мен жаңалықтардың шығуына негіз болып, жағымды эмоционалдық көңіл-күй орнатады. Сонымен қатар, сабақта және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдері мен формаларын үнемі түрлендіріп, тиімді пайдалану, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың бірден-бір жолы деп білеміз. Адамның өмір шындығында өзін-өзі танып-білуге ұмтылуы, ізденуі шығармашылық анықталады. Өмір жолында әрбір адам дұрыс жол табуы үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен шешім қабылдай білуге үйрену керек. Сондықтан мұғалімдер алдында жауапкершілік артатын күрделі мақсат түр, ол әрбір оқушының бойындағы шығармашылық қабілеттерін дамытып, рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектесу. Бұл мәселені шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұнын жаңартып, сабақта озық әдіс-тәсілдерді пайдаланып, әрбір оқушының жеке басының қасиеттері мен қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай оқу үдерісін ұйымдастыру қажет. Сонда ғана өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын оқушылар тәрбиеленіп шығады. Осыған орай, бастауыш сыныптың «Өзін-өзі тану» пәні негізінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арт-терапия технологиялары арқылы дамыту басты нысана болып алынуымен байланысты, олардың өздігінен қарапайым мәтінмен, сызбамен, суреттермен, бояулармен жұмыс істеу және т.б. сияқты оқушыны шығармашылыққа, дербестікке баулитын, ойына түрткі болып, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіп, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің қызығына бөленетін арт-терапиялық әдіс-тәсілдер, мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы біз көтеріп отырған мәселені нәтижелі ететіні нақтыланды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Егемен Қазақстан. – 15 тамыз. – 2007. – 5-8 бб.
2. Тұрғынбаева Б. А. Оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту. Пед. ғыл. канд. ... дисс. - Алматы, 1998. – 64-65бб.
3. Омарова Р. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф. - Түркістан, 2008. 18-19б.
4. Кішібаева Д.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру: пед. ғыл. ... автореф. - Шымкент, 2006. 14-15б.
5. Орақова А.Ш. Оқу процесінде оқушылардың шығармашылығын дамытудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... автореф. - Алматы, 2006. 19-20бб.

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Баймаганбетова Жұлдызай Турматовна

педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Нагашибаева Аружан Берикқызы

педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі БББ-ның

1 курс магистранты

Erkon69@mail.ru

***Аннотация.** Шығармашылық таным мен белсенділіктің маңызды көрсеткіші оқушының өз бетінше ізденіп, сұрақ қоя білуінде. Сабақта меңгерілген теориялық заңдылықтарды өмірде пайдалана білу - жаңаша танымның көрсеткіші. Шығармашылық іс-әрекетке баулу қабілетін арттыру үшін мұғалім мен оқушының шығармашылық ізденулері өзара ұштасуы тиіс.*

***Кілт сөздер:** Шығармашылық, білім, білік, құрал, рухани, еңбек, оқу, танымдық қызығушылық, психология, педагогика, дидактика.*

***Аннотация.** Важным показателем творческих знаний и активности является умение ученика самостоятельно искать и задавать вопросы. Умение использовать теоретические законы, изученные на занятиях, в жизни – показатель новых знаний. Для повышения способности к творческой деятельности следует совмещать творческие занятия учителя и ученика.*

***Ключевые слова:** Творчество, знание, умение, инструмент, духовный, труд, учеба, познавательный интерес, психология, педагогика, дидактика.*

***Abstract.** The need to study the formation of creative activity of primary school students as a real theoretical and practical problem is one of the priority areas of modern education.*

***Key words:** Creativity, knowledge, skill, tool, spiritual, work, study, cognitive interest, psychology, pedagogy, didactics.*

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық т.б. үрдістері жастардың белсенді, шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын қажет етеді. Сондықтан мектептегі оқу үрдісінің негізгі мақсаты - арнайы педагогикалық әдістер арқылы мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың интеллектін, шығармашылықпен ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негіз салу.

Қоғамның деңгейі қандай болса, мектептердегі білім беру сапасы да соған лайық болмақ. Қоғамның алдына қойған мақсаттарына сәйкес оқушының жеке тұлғасын қалыптастырудың мақсаты анықталатыны, соған лайықты білім беру жүйесі құрылатыны, мақсат өзгерсе білім беру жүйесінің де өзгеретіні педагогикалық ғылымдар тарихынан белгілі. Өйткені қоғам - тапсырыс беруші, ал мектеп - осы тапсырысты жүзеге асырушы педагогикалық жүйе. Олай болса еліміздегі нарықтық қатынастардың орнығуы жүріп жатқан жағдайда мектептегі оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру мақсаттарының өзгеруі де заңды құбылыс.

Қазіргі кездегі оқушы мұғалімнің белсенді әсерінің объектісі – «білім толтырылуы тиіс құмыра», илеуге көне беретін «балшық» емес (П.Я.Гальперин). Ол - өсіп, дамып отыратын өзіндік тұлға. Оқушыны оқыту субъектісі ретінде қарай отырып қана бейнелеу өнеріне, дүниетануға, еңбекке, математикаға оқытудың мақсаты мен міндетін нәтижелі іске асыруға болады. Сол себептен де Л.М. Фридман: «оқыту мен тәрбиелеудің барлық күрделі

міндеттерінің жүзеге асырылуы, оқушының қаншалықты мөлшерде өзінің оқу-тәрбиелік қызметінің субъектісі болуына байланысты», - деп көрсеткен болатын.

Сондықтан да педагогикалық үрдіс барысында мұғалім-тәрбиеші басты рөлге ие бола отырып, барлық уақытта оқушының қызмет субъектісі болуына ықпал жасауы тиіс.

Қазіргі адамға қажетті білімдер көлемі қауырт, әрі тез өсіп отырған жағдайда оқушылардың белгілі-бір деректердің жиынтығын ғана меңгеруіне ден қоюына болмайды. Сондықтан субъектіні өз бетінше білімін толтыруда ғылыми және саяси ақпараттардың ағынында бағдар ұстай білу біліктілігіне дағдыландыру – қазіргі кездегі аса маңызды іс.

Бұл мәселе мектептегі оқытудың дәстүрлі түсіндіру – көрсетпелік түрімен қатар белсенді-шығармашылыққа ден қоюды талап етіп отыр. Өйткені осы кезге дейін білім жүйесі біліммен біршама қаруланған “атқарушылар” даярлап келді. Ендігі жерде білім беру жүйесінен шығармашыл, ғылымда, техникада, экономика мен басқаруда жаңа жолдар мен әдістер іздеп таба алатын, батыл да жаңашыл, ақыл-ойы дамыған адамдарды даярлау талап етілуде. Білім беру жүйесі – өзіндік ақыл-ой “фабрикасы” болуы тиіс (Г.И. Волков).

А.Е. Әбілқасымованың пікірінше, жеке адамның белсенділігі дегеніміз - «серпінді» ізденімпаздық, ал ізденімпаздық – тұрақты белсенділік. Танымдық белсенділік пен ізденімпаздық әлеуметтік белсенділік пен ізденімпаздықтың түрлері болып табылады. Танымдық қажетсіну - белсенділікті және ізденімпаздықты дамытудың қайнар көзі.

Танымдық қажетсіну – өзіндік заңдылықтары бар ерекше қажетсіну. Сәби дүниеге келген күннен бастап пайда болып, адам жасының үлкеюіне қарай біртіндеп күрделеніп, принципті түрде өзгеріп отырады, бұл орайда танымдық қажетсінудің қарапайым деңгейінің орнына неғұрлым күрделі деңгейі келеді. Жасқа жас қосылған сайын танымдық қажетсінуді қанағаттандыру тәсілдері де өзгереді.

Таным барысындағы қиыншылықтарды жеңу, бұл үшін қажетті ерік пен жігер жұмсау жеке тұлғаның өзінің танымдық әрекетін нысаналы түрде және саналылықпен реттеуін талап етеді. Еріктің болуы жеке тұлға үшін елеулі, маңызды мақсаттар мен міндеттерге тікелей байланысты. Мақсаткерлік адамның ерік мінез-құлқының негізгі нысандарының бірі тұлғаның ерік күшін іске асыру үшін зор маңызы бар. Алға мақсат қою және оны қабылдау жеке тұлғаның мақсатқа жету жөніндегі бұдан былайғы ерік-күшін айқындайтын кезең болып табылады.

Ізденімпаздық қызмет алдын-ала жинақталған білім мен біліктілікке негізінде жүзеге асырылады. Дайын түрде меңгерілген білімдердің негізгі қызметі – ізденімпаздықтың құралдары мен ізденіс өрісі функциясын атқарады. Ізденімпаздық қызметі білімдер мен біліктерді шығармашылық шешімдердің құралдарына айналдырып, ол іздену іс-әрекеттерінің орындау қабілетін қалыптастырады.

Күнделікті сабақта қолданылатын шығармашылық жұмыстар өте маңызды, себебі баланың ақыл-ойын дамытады, білімдер мен біліктілікті шығармашылық түрге айналдырады. Пайда болған мәселеге қатысты танымдық қызметті ұйымдастыру арқылы оқушының өз бетінше жаңа білім іздеп табуға деген даярлықтары мен қабілеттері артады, алға қарай жылжу пайда болады. Бұл дайындықтар мен қабілеттер неғұрлым күрделі де ауқымды болса, соғұрлым өзінің қызметін ұйымдастыру және бақылау қабілеті мен пайда болған мәселеге бара-бар тұлғаның интеллектуалдық мүмкіндігі жоғары болғаны.

Шындығында, оқу іс-әрекеті дамудың қол жеткен деңгейіне сүйене отырып, баланың әрмен қарай дамуына, яғни дамудың келесі деңгейіне жетуіне жағдай жасайды. Керісінше, оқушының интеллектуалдық мүмкіндігінің меңгерілетін білімге сәйкес келуі білімді саналы түрде меңгеруге жол ашады.

Сонымен білім мазмұны оны меңгеру әдістерімен бірлесе отырып, баланың интеллектуалдық дамуына әсер етеді. Мұндағы меңгеру әдістері үлгі бойынша орындалатын іс-қимыл әдістері болса, онда әңгіме дағды мен біліктілікті меңгеру туралы болғаны. Ал егер

аталған әдістер, іс-қимыл әдістері мен білімдер іздестірудің жолдары түрінде болса, онда әңгіме шығармашылық іс-әрекетті атқару қабілеті туралы болып отырғаны (И.Я.Лернер).

Н.Л. Половникова өз зерттеулерінде шығармашылық іс -әрекетті үш деңгейге бөледі, олар:

- көшіруші,
- жаңғыртушы-шығармашылық
- құрастырушылық-шығармашылық деңгейлер

Деңгейлердің әрқайсысы танымдық қызмет әдістерінің белгілі бір жайттарын игеруге сай келеді.

Т.И. Шамова оқу мақсатын шығармашылық ізденімпаздықтың көшіруші, ішінара іздестіруші және зерттеуші деңгейлеріне ажырату үшін негіз болады деп есептейді.

Шығармашылық таным мен белсенділіктің маңызды көрсеткіші оқушының өз бетінше ізденіп, сұрақ қоя білуінде. Сабақта меңгерілген теориялық заңдылықтарды өмірде пайдалана білу - жаңаша танымның көрсеткіші. Шығармашылық іс-әрекетке баулу қабілетін арттыру үшін мұғалім мен оқушының шығармашылық ізденулері өзара ұштасуы тиіс.

Өз бетінше жасайтын жұмыстардың ішіндегі ерекше орын алатындардың қатарына шығармашылық сипаттағы жұмыстар жатады. Шығармашылық жұмыс - оқушының өз бетінше жасайтын жұмыстары және олардың белсенділігінің дамуындағы қажетті кезең. Өз ізденісінің және шығармашылық жұмысының жемісін сезінген оқушылар педагогтардың еңбегін бағалай біледі және оқуға деген ынтасы арта түседі. Таным үрдісінің шығармашылықпен жақындаса түсуі оқуға деген прагматикалық қатынасқа сенімді кедергі болады.

Шығармашылық - дәл сипатталатын, қатаң реттеуге келмейтін интеллектуалдық іс-әрекеттер мен операциялар арқылы адамның объективті немесе субъективті жаңа нәрсе жасау үрдісі.

Мұның атқаратын функциясы - жинақталған тәжірибені қайта жаңғырту ғана емес, жаңа элементтер жасай отырып оқушы мен оның ептіліктерін дамыту.

Ғылыми әдебиеттерде "шығармашылық" ұғымына әртүрлі көзқарас, пікір берілген. Шығармашылық іс-әрекеттерінің нәтижесі жайында сөз болғанда идеалдық және материалдық, жаңашылдық және қоғамдық мәні бар, адамдардың іс-әрекетінің түрі ретінде жасалынғаны туралы жалпы қабылданған анықтамаларға жүгінеді.

Шығармашылық қабілет – ойлаудың ең жоғары деңгейі, әрекеттің нағыз жұмыстың қай саласында болса да табыс кілті. Шығармашылық негізінде тиімді жұмыс атқарылады, сапалы тауар шығарылады, қабілеттілікті қамтамасыз етеді. Сол шығармашылық үрдістің негізінде ғана ерекше жаңалық ашылады, қайталанбас іс-әрекет жасалады, өнім алынады, керемет құбылыстардың сыры айқындалады, нәтижелі қызмет көрсетіледі, адамның қабілеттілігі артады, аса жетістікке жеткізеді.

И.Е. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде: «Шығармашылық - субъектіні рухани дүниесін дамытатын, психикалық тұрғыдан құнды әрекет, ол тұлғаның бірқатар шығармашылық қабілеттерін, мотивациялық-маңызды және эмоциялық-ерікті қасиеттерін иеленеді, жаңа, соны идеялар мен қоғамдық құндылықтардың пайда болуы солардың нәтижесі болып табылады» деген анықтама берілген.

Энциклопедиялық сөздікте шығармашылық «сапалы жаңа бір нәрсені туындататын және қайталанбастығымен, теңдесі жоқтығымен және қоғамдық-тарихи бірегейлігімен ерекшеленетін әрекет» ретінде қарастырылады.

Педагогикалық энциклопедияда: «Шығармашылық – адам әрекетінің белсенділігі мен дербестілігінің жоғары формасы. Бұл бір нәрсені өзгертуге, жетілдіруге, жаңа дүниені ендіруге деген қажеттілік» деп көрсетіледі.

Энциклопедиялық сөздікте «Шығармашылық – адамның іс-әрекетіндегі өздігінше жұмыс жасау мен белсенділіктің ең жоғары формасы. Бұл қандай да нәрсені өзгерту, жетілдіру, жаңасын ойлап табу, түпнұсқасын шығаруға деген қажеттілік» - делінген.

Шығармашылықты жан -жақты зерделей келе А.А. Потебня оның ерекше белгілерін атап өтеді: нәрсенің ең маңыздысын көре сезіне алу, алдын-ала болжай алу.

Сонымен шығармашылық іс-әрекет – бұл реакция емес және оның жиынтығы да емес, өзінің маңызы, құрылымы, ішкі айналымы мен ауысуы бар, сондай-ақ өзіндік дамуы бар жүйе. Мұғалімнің инновациялық шығармашылық әрекетіне жүйелік, ашықтық, ұжымдық, мақсат, құрылым және мазмұндағы шынайылық, динамикалылық формасының әртүрлілігі тән. Шығармашылық іс-әрекетке даярлық ерекшеліктерімен сипатталады.

В.А. Кан-Каликтің пікірінше, шығармашылық тұлғаның барлық аймағын қамтитын және интеллектуалдық, эмоционалдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын өзін-өзі дамыту үрдісі, ең негізгісі, өзін-өзі тану, шығармашылық өзін-өзі анықтау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі жүзеге асыру т.б. сияқты барлық өзіндік үрдістерді жеделдетеді. Бұл - субъект-субъект бағытындағы іс-әрекеттің түрі.

Т.Г. Евсева "Шығармашылық - мазмұны танымдық субъектінің мәндік жақтарын толығымен іске асыруды және нәтижесі жаңашылдық пен әлеуметтік мәнділік талаптарға жауап беретін, дүниені рухани- практикалық қатысты адамдардың іс-әрекеттерінің түрі" деп жазды.

Сонымен, шығармашылықты, жаңалық пен әлеуметтілік құндылық жағынан сипаттау көптеген зерттеушілерге тән. Осындай көзқарас, бала-әр түрлі шығармашылық әрекет барысында (ойындық, танымдық т.б.) әлеуметтік құнды жаңа нәтижелерге жетпейтіндіктен, бұл балалар шығармашылығына субъективті тұрғыдан қарауды қажет етеді.

"Шығармашылық - деп жазады Г.Қ.Нұрғалиева - тұлға мінезіндегі өзгешеліктер тұрақтылық, ашықтылық пен үлкен күшке ие болғанда тұлғаның қасиетіне айналады және де жеке тұлғаға ғана тән келеді". Шығармашылық процесс барысындағы жағдайдың баланың өзгертуші тұлға ретінде заттық ортаның өздігінше өзгеруі мен бізе сәйкес келеді. Мұны байқау үшін, тұлғаның натуралистік түсінігімен шығармашылыққа заттық-нәрселік көзқарастан бас тарту қажет.

Ал шығармашылық – адамның ойлауының және өздігінше әрекет етуінің жоғарғы формасы. Шығыстың және қазақтың көрнекті ойшылдарының (Ж.Баласағұн, әл-Фараби), ақындарының (А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, С.Торайғыров), ағартушыларының (Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, т.б.) еңбектерінде шығармашылық тұлға бойындағы сапалық белгілерге ерекше қабілеттілік, белсенділік, еріктілікті дамытуға ерекше мән берілгендігі анықталды. Сондай-ақ шығармашылық ұғымы орыс ойшылдарының да назарына ертерек ілінген мәселелер қатарына жатады.

XIX ғасырда шығармашылық туралы ой-пікірлер А.И.Герцен, В.Г.Белинский, ал XX ғасыр басында С.О. Грузенберг, М.А. Блок, т.б. ғалымдар еңбектерінде көрініс тапқан. Осы кезеңдерде қоғамдық өмірдің әр саласындағы шығармашылық әрекет жайлы зерттеулер жасалып, зерттеуші ғалымдар шығармашылықты дарындылық пен еңбексүйгіштіктің қоспасы ретінде қарастырды. Шығармашылықты зерттеудің ең бір қарқынды кезеңі XX ғасырдың ортасында әрекет теориясын зерттеу аясында дамиды. Бұл уақытта адам еңбегінің нәтижелілігін, өнімділігін зерттеуде өнімді еңбегіне әрекеттік тәсіл, шығармашылықты туындататын жағдаяттар, формалар мен кезеңдер, мотивтер мен шарттар жайлы теориялар практиканы байыта түсті (П.В.Алексеев, В.В.Давыдов, М.С.Каган, Я.А.Пономарев, т.б.).

Адамның біркелкі емес, гетерогенді дамуы Б.Г.Ананьев, Ю.Н.Кулюткин және басқа да ғалымдардың зерттеулерінде; дамудың басқыштары А.В.Петровский, С.А.Рубинштейн,

т.б. еңбектерінде; адамның жетекші әрекетінің дамуға әсері, дағдарысты кезеңдер Л.С.Выготский еңбектерінде зерттелген.

Шығармашылық жайлы әңгіме қозғағанда біздің санамызға Евклид, Гомер, Леонардо да Винчи, Моцарт, Бетховен, Ньютон, Лобачевский, Гете, Пушкин, Пуанкаре сияқты және т.б. өткен уақыттың ойшыл-даналары еске түседі. Бұлар өз ойларымен, мәселелерге жаңаша көзқараспен келу арқылы қоршаған ортаға, оның заңдылықтарын ашуға деген адамзаттың мүмкіншіліктерін көрсете білді. Бірақ мұның барлығы шығармашылықтың бір ғана қыры.

Шығармашылық тек қана ғылымда, әдебиет және бейнелеу өнерінде ғана емес бүкіл адамзат қызметі аймағында қажет. Қазіргі мектепте оқитын балалар бірнеше жылдан соң өз бетінше өмір сүруге көшіп экономиканың, мәдениеттің және т.б. дамуына өз үлестерін қоса бастайды. Әрине оған еңбек етіп, өз жұмысын ұнатудан басқа шығармашылық қабілет те қажет-ақ. Ал оны іске асыру үшін оқушыларды тапсырмаларды орындау барысында жаңа жолдарды, тәсілдерді іздеп таба білуге, яғни мектеп курсының материалдарын шығармашылықпен игеруге жүйелі түрде тәрбиелеу қажет.

Шығармашылық дегеніміз - адамның өмір шындығында өзін-өзі тануы мен ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы сананы дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін, өзін - өзі тануына көмектеседі.

Шығармашылық әрекет – оқушының шығармашылық бағытын таңдау қажеттілігін және шығармашылық нәтиже туғызуға бағытталған жауапкершілігін қамтитын әрекет. Мұндай оқушының жеке білім аумағын қалыптастыруға бағытталған. психологиялық тұрғыда шығармашылық процесс дегеніміз - үнемі білімдер тіліктерді өз бетімен жаңа жағдайға өткізу болып табылады, білім өзінше жүзеге асса, соғұрлым білімді қолдану шығармашылық сипатта деген анықтама берілген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ожегов С.И. Словарь русского языка /Под ред. док.пед. наук, проф. Н.Ю. Шведовой, 14-е изд. – М.: Русский язык, 2000.
2. Половникова Н.Л. «Дошкольная педагогика и психология», 2006ж.
3. Шамова Т.И. Активизация учения школьников. – М.: Педагогика, 2004.
4. Кан-калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – М., 1981.
5. Нұрғалиева Г.Қ., Құсайынов А.Қ., Мусина Қ.С. Салыстырмалы педагогика. – Алматы, 2005.

ӘОЖ 373.31; 37.026

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ БАУЛУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ДИДАКТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Баймаганбетова Жұлдызай Турматовна

Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Нагашибаева Аружан Берикқызы

Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі БББ-ның

1 курс магистранты

Erkon69@mail.ru

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруды нақты теориялық және практикалық мәселе ретінде зерттеу қажеттігі бүгінгі білім берудің басым бағыттарының бірі болғандықтан олардың жас және жеке

ерекшелігіне сәйкес шығармашылықпен ізденуде, кез келген жағдаятта ұтымды шешім қабылдаудағы психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Кілт сөздер: Шығармашылық, білім, білік, құрал, рухани, еңбек, оқу, танымдық қызығушылық, психология, педагогика, дидактика.

Аннотация. В данной статье рассматриваются изучения формирования творческой активности учащихся младших классов как реальной теоретической и практической проблемы является одним из приоритетных направлений современного образования.

Ключевые слова: Творчество, знание, умение, инструмент, духовный, труд, учеба, познавательный интерес, психология, педагогика, дидактика.

Abstract. The need to study the formation of creative activity of primary school students as a real theoretical and practical problem is one of the priority areas of modern education.

Key words: Creativity, knowledge, skill, tool, spiritual, work, study, cognitive interest, psychology, pedagogy, didactics.

Қазіргі дидактика жаңа жетістіктерге сүйене отырып, оқушыға білім берудегі қызығушылықты дамытудағы және оның жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудағы үлкен мүмкіншіліктерді ашып отыр. Оқу үрдісінде оқушылардың танымдық белсенділігі мен дербестігін қалыптастыру мәселесіне көптеген ғалымдардың Р.Г. Лемберг, Т.С. Сабыров, Л.М. Аристова, М.А. Данилов, Б.П. Есипов, И.Я. Лернер және т.б. зерттеулері арналды.

Танымдық дербестіктің белгілеріне: дербес ойлау біліктілігі және оған талпыну; жаңа жағдайды бағдарлай алу қабілеті, өзіндік тұрғыдан шешу; меңгерілетін білімді түсініп қана қоймай оны таба да білу; басқалардың пайымдауына сын көзбен қарау; өзінің пайымдауларының тәуелсіздігін жатқызамыз. Оқушының өзіндік оқу іс-әрекетінің нәтижесінде олардың дербестік әрекетінің деңгейі артады, ал мұның өзі оқушылардың қызығып, өз ықыласымен жасайтын әрекетіне ұштасып, соның нәтижесінде ол шығармашылық іс-әрекетке жеткізеді.

Шығармашылық іс-әрекетке баулу жаттығуды қажет етеді. Әрбір өз бетінше шешілген қиыншылықтар шығармашылық қызметті ұштай түседі. Мәселеге шынайы ден қоймай, іштен түрткі болмай, бір мәселе бойынша ұзақ ойланып толғанбай, шығармашылық нәтижеге жету мүмкін емес.

Өз еңбегінен қанағат алатын, өз күшін сынап көруге болатын, белгілі нәрсенің жаңа жақтарын өз бетінше ашуға болатын, жинақтылықты, шығармашылық қиялды, интуицияның, фантазияның жинақталуын талап ететін тапсырмалар және өз бетінше берілетін жұмыстарды оқушылар жоғары бағалайды. Оқудан қанағат алуға ықпал жасайтын, шығармашылық қуаныш әкелетін тапсырмалар, өз бетінше жұмыстар дайындау мұғалімнің оқу-танымына шығармашылық элементін енгізе білуі мен оқу үрдісін танымдық және шығармашылық бағытта жүргізуге ұмтылысы айқын екендігін аңғартады. Бұл бағытқа мыналарды жатқызуға болады:

-шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды оқушыларға ұдайы ұсыну және шығарту;

-оқу бағдарламасынан тыс зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларды орындату;

-түрлі оқу, ғылыми ақпараттарды салыстыру, талдау жасату және іздестірту;

-оқу материалдарын жалпылау және жүйелеу, шығармашылық талдау жасауға берілетін тапсырмалар орындату;

-сабақ барысында шығармашылық ойын өткізу т.с.с.

Шығармашылық жұмыстар мен тапсырмалар оқушылардың танымдық және эстетикалық қажеттіліктерін бір мезгілде ғана қанағаттандыруға септігін тигізеді. Шығармашылық қабілеттің бірден қалыптаспайтындығы белгілі. Оқытудың алғашқы күнінен-ақ бұл мәселе педагогикалық ұжымның назарында болуы тиіс. Мектеп курсының

әрбір пәні оқушының шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға үлес қоса алады. Әсіресе математика, еңбек, бейнелеу өнері, дүниетану пәндерінің қосар үлесі мол. Стандартты емес тапсырмалардың шешімдерін іздестіру, пайымдаудағы қателіктерді табу, теореманың мазмұнына талдау жасау, белгілі ғалымдардың шығармашылық қызметтері жайлы әңгіме өткізу - мұның барлығы да шығармашылық іс-әрекетке баулуға негіз болады.

Оқушылардың өз бетінше танымдық қызметі теориясына П.И.Пидкасистыйдың еңбектерінде терең талдау жасалған. Ол оқуды оқыту үрдісінің құрамында қарастыру тиіс және зерттеу элементтерін қосатын жеке өзіндік таным формасы ретінде практикалық ұйымдастырылуы қажет деп атап өтеді. Таным қызметінің осындай үрдісінде ғана оқушы өзінің дербестігін көрсете алады, яғни алынған мәліметтің дұрыстығын түрлі тәжірибелерде және сынақтарда тексереді, туындайтын сұрақтарға өз білімі мен зеректігін қолдану арқылы жауап іздестіреді. Оқушының жеке танымдағы ғылыми зерттеу элементтерін жетілдірудің негізгі жолы – оқыту үрдісінде проблемалық жағдайлардың жиынтығын қолдану. П.И. Пидкасистый атап өткендей, танымдық оқу қызметіндегі дербестік пен шығармашылық үрдісінің іргетасы шығармашылық ізденуге қажетті білім көлемі біліктілік пен дағдының саналы түрде, терең игерілуі болып табылады.

Танымға деген бағытты арттыра отырып, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетке баулу қажет. Проблемалық тапсырмаларды орындау барысында әрекет субъектісі үшін жаңа, пайдалы нәрсе қалыптасады. Бұл мәндегі әрбір проблемалық тапсырма шығармашылық болып табылады. Жаңа туралы сөз қозғағанда, субъект үшін жаңа нәрсені назарға аламыз және бұл «жаңаны» оқушы өзіндік іздену әрекетінің нәтижесінде өзі үшін ашуға және жасауға міндетті. Мұндай әрекеттің механизмін қарастырайық, оқушылар жаңа білім меңгергені үшін жақсы баға алуға бағытталған. Өзіндік жұмыс үрдісінде негізгімен қатар жаңа материалды еске түсіруге тағы бірнеше түрі қосылады: көзбен көру, дыбыстау, есіту, жолдасымен талдау, қайталау.

Олай болса бастауыш сынып оқушыларын шығармашылық іс-әрекетке баулу үшін, біздің ойымызша, білімді меңгеру механизмінің өзгерісі қажет: жаңа білім оқушыға дайын үлгі түрінде берілмейді, оны олар өзіндік іздену әрекеті үрдісінде жасайды. Оқу тапсырмаларын логикалық және практикалық шешу үшін тиімді жағдай жасауды ескеретін оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулу келесі негізгі шарттардан тұрады:

- танымдық үрдістер мен жағдайлардың өзара әрекеті;
 - сабақтағы қондырма рөлі;
 - қабылдау мен бақылауды ұйымдастыру;
 - оқушылардың назарын аудару;
 - жадты дайындау;
 - заттарға не құбылыстарға тән белгілер, олардың бір-бірімен өзара байланыстары көрінетін логикалық ойлаудың негізгі формаларын–ұғымдарын қалыптастыру;
 - оқушылардың оқытылатын материал мәнін ұғынуын қадағалау;
 - оқушылардың ойлауын дамыту, оны белсендіру;
 - мықты білімге, дағды мен икемге сүйене отырып елестетуге тәрбиелеу;
 - танымдық әрекеттерді ұйымдастыру кезеңін есепке алу.
- 1-кезең белсенді өзіндік шығармашылық жұмыс үшін жағдай жасау;
 - 2-кезең аналитика-синтетикалық ойлау әрекетін ұйымдастыру, сондай-ақ осы негізде оқушылардың жаңа білімі мен интеллектуалды мәселесін қалыптастыру;
 - 3-кезең жаттығу арқылы бекіту, оқушылардың танымдық әрекетінің техникалық компоненттерін жасау мен автоматтандыру.

Оқушылардың төмендегі шарттар бойынша шығармашылық қасиеттерінің даму деңгейін анықтауға болады:

- ойлау әрекетінің маңызды шарты ретінде белгілі білім қорының болуы;
- тиімді танымдық жұмыс тәсілдерінің білім жүйесін қалыптастыру;
- игерілген тәсілді жаңа тапсырмаға аудару білу жиыны;
- анализ бен синтез тереңдігі мен толықтылығы;
- ой сапасының дамушылығы;
- жекеден жалпыға жылжу жылдамдығы;
- ойлау үнемділігі;
- интеллектуалды белсенділік пен дербестік;
- ойлау әрекетінің жалпылануы;
- ойлаудың саналылығы;
- ойлау әрекетінің нұсқалылығы;
- ойлай әрекетінің тұрақтылығы;
- ойлау дербестігі мен тараптардың көмегіне сүйену;
- оқушыларда оқуға жақсы қатынастың, танымдық мүдденің, үйренуге

қажеттіліктің қалыптасуы.

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға, танымдық қызметке деген мотивациясын арттыру үшін оқу үрдісі ерекше түрде ұйымдастырылуы тиіс.

Қазіргі кезде кез келген сабақ немесе сабақтар жүйесі мынадай нобай арқылы құрылады:

-мұғалім мақсатты құрастырады, бірақ бағаларды өлшеу үшін түсіндірмейді;

-мұғалім алдына қойған мәселелерді қалыптасқан мақсаттардың элементі ретінде қарастырады;

-қалыптасқан мақсаттарға жету құралдары мен әдістерін мұғалім өзі таңдайды, яғни ол мақсатқа жетудің бірнеше әдісін ұсынады, сондықтан біз мақсатқа жетудің әдістерінің көпнұсқалылығы туралы айтуымызға болады;

-жаңа тапсырманы меңгеріп, қорытындылау үшін оқушылар өз бетінше мұғалімнің ұсынған жаттығуларын орындайды;

-мұғалім орындалған жұмыстарды бағалап, оқушылардың білім деңгейін тексереді, ары қарай бұл цикл жалғаса береді.

Бүгінгі мектептерде тек қана екінші буын - орындалатын бөлім ғана жүзеге асады. Сондықтан да ол мектеп тәжірбиесінде кең таралған, өйткені мұғалім оны оңай қолдана алады. Мақсатты қоя білуге тоқталсақ, онда біз ол мақсаттың тек қана жекеленген, бөлек, бір-бірімен бірікпеген оқу үрдісінің талаптарын көздегенін байқаймыз. Оқыту үрдісінің мұндай түрі оқушылардың өз қызметін бақылып, оған баға беріп, нәтиженің тиімділігін қалыптастырмайды. Басқаша айтқанда, оқушының танымдыққа емес, тіпті оқу үрдісіне деген қызығуының артуы екі талай.

Осы көрсетілген үш элементтің жүзеге асырылуы үшін оқу пәні ішкі ой ерекшеліктеріне, яғни ол ойдың даму тарихы мен қалыптасуына, сонымен қатар әр оқу пәні жалпы білім жүйесінің тек қана бір бөлігі екенін түсінгенде ғана іске аспақ. Яғни қазіргі заманғы оқу үрдісінің мазмұнына деген көзқарас оның диалектикалық дамуында ғана қарастырылуы керек. Басқа сөзбен айтқанда, пәндік білім беру жүйесі негізінде диалектикалық қайшылық, яғни бір жүйеде нақты пәнді алсақ, білім беру жүйесінің дамуына мүмкіншілік беретін қозғаушы күш деп қарастырылады.

Түсініктерді қолдану үшін адам алдымен білімнің негізін үйренуі керек. Егер түсінік жоқ болса, адам элементінің барлық түрлілігін тану керек, нәтижесінде ол еш нәрсені білмейді. Өйткені түсініктер материалдық заттардың, құбылыстардың жалпы қасиеттері мен қатынастарын нақты түрде қарастырады.

Біздің ойымызша бастауыш сынып оқушыларында ұғынатын түсініктер оның маңызын жаттап алып, көптеген жаттығуларды орындағаннан емес, оларды түсіну ғана

болады. Мотивацияның өсуі мен белсендендіру барысында логикалық ойлау дами бастайды, сөздік қор ұлғаяды, ғылыми-публицистикалық әдебиетке деген қызығу пайда болады.

Шығармашылық іс-әрекетке баулу үшін мұғалім оқу үрдісінің негізінде бастауыш сынып оқушыларының мотивациясын арттыруға көңіл бөлсе ғана, олардың өз бетімен жұмыс істеу қабілеті, белсенділігі және тілі де дамып, логикалық ойлау қабілеті қажетті деңгейде дамиды, ал соның арқасында бастауыш мектептер орта білім көрсеткіштері едәуір көтеріле түсері сөзсіз.

Шынында да, процессуалдық сипаттамасы арқылы шығармашылық деп анықталған кез келген іс-әрекет алынған нәтиженің қасиеті арқылы анықтағанда да сондай болып қала береді. Себебі негізделген іс-әрекет нәтижесінде біз жаңа материалдық немесе рухани байлықтар ала аламыз. Ал керісінше болған жағдайда, біз оны дұрыс деп есептемейміз, яғни қатаң алгоритм арқылы нәтижесі жаңа материалдық және рухани байлықтар болған іс-әрекет біздің түсінігімізде шығармашылық емес. Мысал ретінде шығыны мүмкіншілігінше аз кететін тасымалдауды жоспарлау қызметін қарастыруға болады.

Шығармашылық іс-әрекетке баулу оқыту үрдісі үшін барынша маңызды. И.Я. Лернер интеллектінің табиғи қабілеті мен еңбек сүйгіштігіне байланысты болатын және олардың негізін қалайтын сипаттар номенклатурасын былайша көрсетті:

- білімдер мен біліктіліктерді жаңа ахуалға өз бетінше пайдалану;
- таныс ахуалдағы жаңа мәселені көре алу;
- объектінің жаңа функциясы қызметін көре білу;
- қызметтің белгілі әдістерінен өз бетінше жаңа әдіс құрастыру;
- қарама-қайшы фактілердің барлығын, берілген мәселенің әр түрлі шешілу мүмкіндіктерін, әдістерін көре білу;
- барлық белгілі әдістерден бас тартып, принципті түрде жаңа әдіс жасау.

Шындығында, мәселе шығармашылыққа оқыту мүмкіндігі емес, оқытудың тиімді болуы мен шығармашылық мүмкіндіктерді қалыптастыру шарттарында, яғни шығармашылық қызмет әдісінде болып отыр. (И.Я.Лернер).

Шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін жинақтаудың әдісі зерттеу әдісі болып табылады. Бұл:

- шығармашылық іс-әрекеттің жоғарыда келтірілген сипаттарын қалыптастыратын;
- білімді шығармашылық түрде меңгеруді, яғни проблемалық есептерді шешу мен осы арқылы жаңа білімдер іздеп табуды үйрететін;
- танымның ғылыми әдістерін іздестіру үрдісі барысында ғылыми әдістерді меңгеруді қамтамасыз ететін;
- іс-әрекетке қызығушылық пен іс -әрекетті қажет етушілік себептер осы қызметтен тыс пайда болмайтын болғандықтан, шығармашылық іс -әрекетке қызығушылық пен оны қажет етушілікті қалыптастыру шарты болатын және де ауыстырылуы мүмкін болмайтын бірден-бір әдіс. Мұның басты міндеті мәселелер мен проблемалық есептерді шешудегі іздену қызметін ұйымдастыру.

Оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулу негізінде оқыту процесінде жүзеге асырылады. Осыған орай оқу процесіндегі бірқатар пәндер (дүниетану еңбек, бейнелеу) арқылы оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулу жолдарын қарастыруға болады.

Сонымен жүргізілген талдауларға сүйене отырып, мәселенің тексерілу деңгейін жалпы түрде былайша сипаттауға болады: өз бетінше қызметтің сипаты түрліше танымдық тапсырма шартымен және оның оқушылардың алдына қойылу әдісімен анықталады; өз бетінше қызметтің ең жоғары деңгейі оқушылардың шығармашылық тапсырманы орындау барысында көрінеді.

Сөйтіп оқыту үрдісінде шығармашылық іс -әрекетке баулу мынадай жағдайларда орын алады:

- 1) оқушылар шығармашылық іс -әрекетке баулуға дайын болса;
- 2) оқушылардың өз бетінше шығармашылық іс-әрекет жүргізуге икемділігі болса;
- 3) шығармашылық тапсырмалардың анық жүйесі бар болса.

Дегенмен оқушыларды шығармашылық іс- әрекетке баулуда оқу іс -әрекетін ұйымдастырудың көптеген мәселелері әлі де болса өз шешімін таппаған. Олар: оқушылардың шығармашылық іс-әрекетке баулитын сабақтың құрылымы; оқушылардағы шығармашылық баулу белгілері; шығармашылық іс-әрекетке баулудағы мұғалім жұмысының әдістемелік жүйесі және т.б. мәселелер.

Сонымен, жалпы алғанда оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулудың психологиялық-дидактикалық шарттары өзіндік жұмыстың мазмұны мен оны ұйымдастыру жолдарын қарастыруды көздейді. Оқушылардың өзіндік жұмысын оларды шығармашылық іс-әрекетке, баулудың формасы ретінде қарастыруымызға болады. Оны алуан түрлі адамзат қызметінің сипатына қарай *шығармашылық (продуктивті) және механикалық (репродуктивті) іс-әрекет* деп екіге бөледі. Солардың ішінде адамзат қызметіндегі үлкен орынды шығармашылық іс-әрекет алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кішібаева Д.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық тұлғасын пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру. А., 2004.
2. Рахымбекова Х.М. «Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетіне баулудың ғылыми-теориялық негіздер» 2013ж.
3. Монахов Л.М. «Оқушының жаңа технологиялары» Педагогика А.,2000ж.
4. Жанпейсова М.М. «Оқытудың жаңа технологияларын педагогикалық процесте пайдалану жолдары» А.,2006ж.
5. Кудебаева Г.С. «Патриоттық тәрбие берудің педагогикалық негіздері» А.,2007ж.

ӘОЖ 373.31; 159.922

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАРЫМ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Баймаганбетова Жұлдызай Турматовна

Педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Дүйісбек Айдана Темірбайқызы

Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі БББ-ның

1 курс магистранты

Erkon69@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада кенес дәуіріндегі педагогикада жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған және көбінесе жобалау пәні ретінде ғана қарастырылады.

Ключевые слова: Индивид, отношения, человек-социум, формирование личности, интегративная организация, диагностика, психологические особенности.

Аннотация. В данной статье основное внимание уделяется формированию личности в педагогике советского времени, которую зачастую рассматривают лишь как проектную дисциплину.

Ключевые слова: Индивид, отношения, человек-общество, формирование личности, интегративная организация, диагностика, психолог.

Abstract. This article focuses on the formation of personality in Soviet-era pedagogy, which is often considered only as a project-based discipline.

Key words: Individual, relationships, person-society, personality formation, integrative organization, diagnostics, psychological characteristics.

Бүгінгі таңда қоғамдағы «Тәрбиенің мақсаты-жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыру қажет»-деп көрсетеді. Осыған байланысты біз бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру мәселелерінің мәнін ашу үшін «жеке тұлға» деген ұғымға түсініктеме анықтама беруге болады.

«Жеке тұлға» ұғымы психологтардың көзқарасы бойынша, жеке организм-жеке адам тұлғасы. Бұл саналы іс-әрекет объектісі. Тұрақты және әлеуметтік маңызды қасиеттерге байланысты, жеке адам-қоғам мен ұлттың бірлескен мүшесі, жеке тұлға өзіндік сана мен қоғамдық сананың пайда болуына байланысты қалыптасады.

Жеке тұлға ретінде жеке адам немесе организмнің барлық психологиялық ерекшеліктері қарастырылады.

Жеке тұлға-бір жағынан интеграциялық ұйым. Оның бойында танымдық, аффектілік, тұлғалық сипатын көрсететін қасиеттер сақталған. Оның басқа адамдардан айырмашылығы да сонда.

Күнделікті тіршілікте жеке тұлғаның әртүрлі қасиеттері ашыла түседі. Психологида жеке тұлға туралы көптеген психологтардың пікірлері бар. Олардың әрқайсысы жеке тұлға туралы әртүрлі анықтама береді.

Адамның жеке тұлға диагностикасын қолайлы жағдай туғызу мен қалыптастыруға ең тиімді жолдар іздеуде, оның құрылысын зерттеуде, пайда болу заңдылықтарын білуді қажет етеді.

Жеке тұлға теориясы-адам бойында қалыптасқан ойлар мен гипотезалар жиынтығы. Жеке тұлға теориясын зерттеу көптеген жаңа ойларға қол жеткізеді. Бізге қызығушылық туғызатын бастапқы: адам табиғаты. Біздің мақсатымыз-адам бойындағы қалыптасқан қасиеттерді зерттеу.

Жеке тұлға теориясы-негізгі екі функцияны атқарады: олар мінез-құлықты түсіндіреді және алдын ала болжайды. Жеке тұлға теориясы адамның жеке басындағы мінез-құлықты зерттеп, қалыптасқан жүйесіне түсініктеме береді. Ол адамның мінезінің сан қырлы ерекшеліктерін түсіндіреді.

Жеке тұлға теориясы-адамның күнделікті тыныс-тіршілігін түсіндіре алады. Жеке тұлғаның өзара қарым-қатынасы-олардың болашағына, көзқарасының дамуына, алдын-ала болжам жасайды.

Психология ғылымында «жеке тұлға» туралы мынадай теорияларды айтуға болады.

1. Психодинамикалық теория. З.Фрейдтің (4865-1939ж) психодинамикалық теориясы адамның мінез-құлқын психоаналитикалық қарым-қатынас арқылы зерттеуге келтірілген.

2. Жеке тұлғаның Эго теориясы (Э. Эриксон). Бұл теория бойынша, қоғамға және жеке адамдарға, олардың барлық өмірі бойында жеке басының қалыптасуы тепе-теңдік теориясына негізделген.

3. Джулиана Роттердің әлеуметтік ілім теориясы. Әлеуметтік ілім теориясын Д.Роттер қоршаған ортаны зерттеу арқылы басқа адамдармен қарым-қатынас түрлерінің әлеуметтік әсерін қабылдаудың нәтижесі деп түсіндіріледі. Бұл теория-әлеуметтік үйрену, адамның мінез құлқын, тұрмыс қызметін әлеуметтік ортада қабылдауға негізделген. Ол көбінесе адам сұранысына байланысты, ортамен қарым-қатынас жасау арқылы қалыптасады.

4. Альберт Бандураның әлеуметтік когнитивтік теориясы. Ол жеке тұлғаның және әрбір адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасы кезіндегі мінезіндегі өзгерістің ауытқу

ерекшеліктерін көрсетеді. Оның дәлелденуіне «адамдар концепциясы, яғни мінезі мен қоршаған ортаға өзара бейімделеді. Бұл ретте жеке тұлға дәрменсіз объект емес, ортаны бақылайтын сананы әрі күш қуаты бар адам ретінде танылады және ол ойланған жетесіне жетіп, оны іске асырады. Бұл теория бойынша мінез құлық реакциясы мен айналадағылардың дамуы, ортамен сыпайы түрде қарым-қатынас жасауға негізделген.

Джорж Келлидің жеке тұлғаның когнитивтік теориясы (1967) Жеке тұлғаның когнитивтік теориясы бойынша адам бойында конструктивті заттар болады. Бұл арқылы қоршаған ортадағы интерпретациялық оқиғаны ұдайы жинайды. Бұл жиналған конструктивті заттар сол адамның негізін айқындайды. Бұл теория кейде «жеке тұлғаның теориясы» деп аталады. Осы арқылы жаңа конструктивті ойлар қалыптасады.

Раймонд Кеттелдің жеке тұлға қасиетінің құрылыс теориясы. Бұл теория эмпирикалық әдістің зерттеулерін нақты пайдалануға негізделген. Кеттел факторлық талдаудың көмегімен жеке тұлғаның игі қасиеттерін ашу мақсатында мінездің ғылыми моделін конструкциялаған. Кеттел бойынша, жеке тұлға белгілі бір жағдай кезінде дәлелденуге арналған жеке адамның мінезі. Адамның жеке қасиеті, Кеттел бойынша, жеке тұлға белгілі бір жағдай кезінде дәлелденуге арналған жеке адамның мінезі. Адамның жеке қасиеті Кеттел бойынша, оның гипотезиялық психикалық құрылысы. Ол адам мінезінің белгілі бір істі бітірудегі, оны аса бір ынтамен, ниетпен ойлап істеудегі психологиялық сипаттамасы, адамның іске деген құлшынысы. Кеттел бойынша игі түйін – адамның туа біткен қасиеттері. Кеттел игі қасиетті оның болмысына – конституцияның көзіне байланысты сипаттайды.

Карл Роджерстің жеке тұлғалық феноменологиялық теориясы. 1902-1987 ж.

Бұл теорияның авторлары феноменологиялық бағыт адамның ішкі дүниесінің және рухының үйлесімділігін тапқанда ғана дұрыс болып табылады деген. Субъективтік әлем – оның феномені қоршаған ортаны уақыттың қай кезеңінде болмасын түсіне білуі. Роджерс субъективтік қабылдау немесе адамның уайым тартуы жеке тұлғаның жекелей іс-әрекетінің мінезге тән өзгерісін дәлелдейді.

Жеке іс-қимыл теориясы. Іс-қимыл теориясы кәсіптік даму үрдісінің методологиялық негізі болып есептеледі. Ол субъектінің (индивид не элеуметтік топ) белсенділігін туғызатын және сол белсенділік арқылы дамудың арнаулы жағдайын айқындайды.

А.Н.Леонтьев, Л.И.Божович сияқты жеке тұлғаның ішкі жан дүниесін мотивациялық деңгейге жатқызады. Оның теориясының тағы бір маңызды түсінігі «Жекелей ойлаушылық» болып табылады. Ол адамның қарым-қатынас мақсатын, оның іс-қимылының қандай түрге бағытталғанын және оның мотивтік ерекшелігін туғызатын жайларды анықтады. Жеке тұлғаның іс-қимылының әр түрлілігі – көптігі оның биік сипаты екендігін және ірі тұлғалылығын көрсетеді.

Қазіргі таңдағы ұлттық тәрбие беру жүйесінде бастауыш мектеп кезеңі бала өмірінің алты, жеті жастан – он, он бір жасқа дейінгі аралықтағы кезеңді қамтиды.

Бастауыш сынып кезеңіне тән негізгі белгілер мынадай: бұл жаста мектеп жасына дейінгі бала мектеп оқушысына айналады. Мұнда баланың өз бойында мектеп жасына дейінгі балалық шақтың белгілерін оқушының ерекшеліктерімен ұштастыратын өтпелі кезең болып саналады. Бұл белгілер оның мінез-құлқында санасында күрделі, ол кейде қиыншылықты үйлесім түрінде қатар жүреді. Кез келген өтпелі күй сияқты, бұл шақ көзі ашылмаған даму мүмкіндіктеріне бай, оларды дер кезінде байқап қолдап отыру маңызды. Адамның көптеген психикалық қасиеттерінің негіздері нақ осы бастауыш сынып кезеңінде қалыптасады және әдетке айналады. Сондықтан бүгінгі таңда көптеген ғалым-психологтарының ерекше назары, бастауыш сынып оқушыларын дамытудың резервтерін анықтауға бағытталған. Бұл резервтерді пайдалану балаларды ары қарай оқу және еңбек қызметіне неғұрлым табысты дайындауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері мен тұлғалық қасиеттері туралы мәселелерді Ресей – Кеңес ғалым психологтары: А.В.Петровский, Р.С.Немов, В.С.Мухина, С.Ф.Жустков, Д.Б.Эльконин, Л.В.Заньков және т.б. Ал Қазақстандық ғалым психологтар: Қ.Жарықбаев, М.Мұханов және т.б. еңбектерінен кездестіруімізге болады.

Тәжірибелі ұстаздарға белгілі, психологиялық жағынан расталған мынадай қағида бар.

Баланың класқа келген алғашқы күнінен-ақ оған оқушының сабақтағы, жанұядағы және қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін айқын да, нақты мағынада түсіндіру керек. Балаға оның жаңа көзқарасын, міндеттерін және құқығын бұрынғы ол әдеттенген жағдайлардан айырмашылығын дереу түсіндіру керек. Жаңа ережелер мен нормаларды сөзсіз орындауды талап ету – бастауыш сынып оқушысына орынсыз қаталдық жасау емес, мектепке баруға даярланған балалардың өз түсініктеріне сәйкес, олардың тіршілігін ұйымдастыруы қажетті шарт болып табылады.

Бастауыш сынып оқушысының жеке басына тән қасиетінің дамуында «Мен» деген ұғымның мәні жатады. Бала өзін білген соң құрбыларына қарағанда бәлендей тізімде қандай орын алатынын ойлап, қайткенде жақсы орынға ие болсам деп арман етеді. Бұл жағдайда баланың өзінің қандай орын алғысы келетіні туралы бағасы мен құрбыларының, не үлкендердің ол жөніндегі бағасы арасында үлкен алшақтық болғаны жақсы. Егер бастауыш сынып оқушысының өзі жөніндегі бағасы, құрбыларының бағасынан асып кетсе, мұндай баланы мақтаншақ деп атайды. Керісінше оның өзі жөніндегі бағасы өзгелердің оған беретін бағасына төменге түседі, осындай баланы кішіпейіл дейді. Кіші оқушы өзінің ісіне, не мінезіне әлі сын көзбен қарай алмайтын болғандықтан, оның өзі жөніндегі бағасы, әдетте өзгелердің бағасынан жоғары дәрежеде келеді.

Бастауыш сынып оқушысының жеке басына тән қасиеттерді тек «Мен» деген сала тұрғысынан бағалап қоймай, тиісті мөлшерлерге қалайша бағынады, мінезі, ерік жігері қандай, ашуланғыш не сабырлы келе ме, өсімдікті ажыратудағы талғамы және өзгелермен қатынасы қандай екендігін қарастыратын болсақ, бастауыш сынып оқушысына қойылатын талаптарды мөлшер немесе норма деп атайды. Балада мектепке келмей тұрып, нені істеуге болатынын не болмайтынын әбден жақсы біледі. Мектепке кіргеннен кейін, бұрын орындап көрмеген міндеттерді игере білуі тиіс. Мысалы, сабаққа кешігіп, не берілген тапсырманы орындамай келуге болмайды. Тапсырманы орындамаса, сол сияқты мектепке таза киініп келмесе немесе тәртіп бұзса, бұл «нормаларды» бұзуға жатады. Әуелгі кезде осыған үйрене алмай қиналатын болады. Бірақ, бірте бірте міндеттерді орындауға үйрене бастайды. Бұл мөлшерлерді норма дейтін себебі осыларды орындау дәлелденген және дәстүр болып кеткен.

Жалпы алғанда, осылардың бәріне бірдей тән қасиеттері мынада: әуесқой, ақкөңіл өзгелерге жәрдем бергісі келіп, дәрменсіздерді не қарт адамдарды аяп соларға қамқорлық көрсеткісі келетінінде, 7-8 жастағылардың әуесқойлығын алсақ өзгелерге сұрақ қойғанды, мектепке дейінгілер сияқты «Бұл не?» - деп сұрамайды, «Бұл неліктен?» - дейді. Сұрақтарды осылай құруда үлкен мән бар. Өйткені бастауыш сынып оқушылары нәрсенің не екенін ғана білгісі келмейді, соның бәлендей сырын, себебін білгісі келеді.

Бастауыш сынып оқушысында кейде ашуланғыштық қасиеті де болып тұрады. Баланы үйінде көп еркелетсе, онда ол болмашы нәрсеге тез ашуланып, күйіп-пісетіні кездеседі. Керісінше, күтпеген жағдайда, «Жақсы», «Өте жақсы», деген баға алса, жұрттың көзінше, соған қатты қуанғанын жасыра алмайды.

Бастауыш сынып оқушысының ерік жігерін недәуір қалыптасып қалса да, кейде өзін - өзі меңгере алмайды, импульстік іс жасап қалатыны кездеседі. Импульстік іс деп ойланбай, не болса соған қызып, бірденені бүлдіріп алуды айтады. Осындай жайт, баланың

тәртіпсіздігінен емес, импульстік іске өзінің икем келуіне, яғни өзін - өзі меңгере алмауынан кездеседі.

Бастауыш сынып оқушыларындағы басты қажеттілік - оқушы болу. Ол сыртқы пішіні мен оқуда озат болу ниетімен, оқушының мінез-құлқымен, «мектеп оқушысын» алдымен мұғалімнің, содан соң құрбыларының тануымен, сыныптағылармен бірге болуға талаптанумен айқындалады.

Оқушының тұлғалық бейнесі осы міндетті өтудің көрінісі. Бұл жаста баланың бойында өзін оқушы сезіну, жақсы үлгеруші, қолынан бәрі келетін «екінші» немесе «үшінші» оқушысымын деген мақтаныш сезімі билейді.

Жеке басының тұлғалық дамуының мүмкіндіктері: Оқудағы таңдаулар бұл сапалы білімді, оқу қызметін түсінуді қалыптастыру, қарым- қатынасқа, бірлескен оқу қызметіне сапалы түрде бірінші кезең ретінде қарау, қол жеткен табысты нығайту.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. Б.Айтмамбетова және т.б.- А., 1993.
2. Қоянбаев Ж.Б. Семья және балалар мен жетекшілер тәрбиесі.- А., 2002.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р. Педагогика.- А., 2000.
4. Тәлім-тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан мұғалімі, - А., 1993, ақпан.
5. Атемова Қ.Т. Оқушылар бойында гумандық қасиеттерді қалыптастырудағы отбасының ролі.- А., 2002. -118 б.
6. Сманов., А.Оңғарбай. Отабасы мен мектептің ынтымақтастығы. Оқу құралы. Шымкент. 2005.

ӘӨЖ 373.2;798.013

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ЕРЕКШІЛІКТЕРІ

Әбішева Қарлығаш Сержанқызы

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

***Аннотация.** Мақалада бастауыш сыныптарда мәтінмен жұмыс жасаудың ерешеліктері сипатталады. Мәтін және оның түрлері, мәтінді қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыстар мен оқушыларды психологиялық дайындау мәселелері қарастырылады.*

***Тірек сөздер:** мәтін, бастауыш сынып, шығармашылық жұмыстар.*

Аннотация. В статье описываются особенности работы с текстом в начальных классах. Рассматриваются текст и его виды, работа проводимая в связи с восприятием текста, и вопросы психологической подготовки учащихся.

***Ключевые слова:** текст, начальный класс, творческие работы.*

Annotation. The article describes the features of working with text in elementary grades. The text and its types, the work carried out in connection with the perception of the text and the issues of psychological preparation of students are considered.

***Keywords:** text, elementary grade, creative works.*

Мәтін – бірнеше сөйлемдерден құрылған белгілі бір ойды, оқиғаны білдіреді. Мәтінде оқиға – хабарланады, баяндалады, әңгімеленеді, ал құбылыс – сипатталады, суреттеледі. Ол – өзара байланысқан сөйлемдерден, абзацтардан тұрады. Оған ат қоюға, жоспар құруға болады. Оның *басталуы, негізі, соңы* болады. Тақырып – мәтінде баяндалатын оқиға мен ойдың түйіні.

Педагогикалық сөздікте мәтін (текст; text) — баспаға шығаруға арналған пішімді немесе бастапқы түрдегі бедер белгілік мәліметтер бөлшегі; хабардың алмастыру хаттамасының ерекшеліктерімен байланысы жоқ ақпарат бөлігі; бастапқы программаның жазбасы. Объектілік немесе жүктемеленетін модульдің бөлігі деп түсіндіріледі [1].

Ғалым В.Руднев мәтін тұжырымын жеті құрылыммен төмендегіше сипаттаған [2]:

- мәтіннің барлық элементтері өзара байланысты (өзара байланысқан) (құрылымдық поэтика тезисі).
- мәтін элементтерінің арасындағы байланыс қайталанып, өзгеріп отыратын бірліктер мотивтер ретінде айқындалады. (Мотивті талдау тезисі);
- мәтінде кездейсоқ ештеңе жоқ (психоталдау);
- мәтіннің әрбір жекеленген және үстірт көрінісінің (мәнінің) астында мифологиялық сипаттағы терең, әмбебап заңдылықтар жатыр (К.Т. Юнгтің аналитикалық психологиясы);
- мәтін шындықты суреттемейді, ол онымен өзара күрделі қарым-қатынасқа түседі (аналитикалық философия және тілдік актілер теориясы);
- бір мәтіндегі ақиқат нәрсе, басқасында жалған болып шығуы мүмкін (мүмкін дүние (нәрсе) семантикасы);
- мәтін — қатып-семіп қалған мән емес, ол автор мен оқырман және мәдени контекст арасындағы сұхбат.

Ғалым Д.Х.Кушмурзина мен К.Б.Шинбулатова мәтінге *әңгіме, өлең, жыр, ертегі* сияқты жанрлар жататындығын зерделеген [3]. Мәтіннің мынадай түрлері бар: *әңгімелесу, пайымдау, сипаттау*.

1. *Әңгімелесу мәтіні* – тек мұғалімнің өзі ғана емес, түгел сынып оқушылары қатысып, топта талқыланады. Қандай да бір оқиғаны баяндап, не істеді? Сұрағына жауап береді.

2. *Сипаттау мәтіні* – бір нәрсенің бейнесін (затты) немесе табиғат көріністерін сипаттау. Қандай? Қалай?сұрақтарына жауап береді. Мысалы: *Күзде жаспырақтар сарғайып, айнала сары алтынға малынады*.

3. *Пайымдау мәтіні* – белгілі бір пікірді түсіндіреді, дәлелдейді және Не үшін? сұрағына жауап береді.

Мәтін түрлерін сұрақ қою арқылы ажыратуға болады.

Мәтіннің *біріншісінде*, сөйлеудің ауызша және жазбаша екендігі қарастырылады. Ауызша мәтін уақытпен байланысты болса, жазбаша мәтін кеңістікпен байланысты. Ауызша мәтіндер синтаксистік құрылымы жағынан жазбашаға қарағанда, анағұрлым қарапайымдау, эллипсистігі мол, мағыналық құрылымы бір-біріне ұқсастығыэкспрессивтік элементтері мол болып келетін мәтіндер.

Екіншісінде, қарым-қатынас жасау формасына сәйкес, мәтіндер монологтік, диалогтік (кей ретте полилогтік те) болып бөлінеді. Бұл жерде сөйлеудің түрі мен формалары бірігіп келіп, жазбаша мәтінде де, ауызшамәтінде де монолог пен диалог болатыны анықталады.

Бастауышта мәтінмен жұмыстың маңызы – оқушылардың ойлау қабілетін арттыруға,сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға, адами ізгі, эстетикалық тәрбие беруге, әдеби және тарихи деректерді түсіну болып табылады.

Бастауыш сыныптарда «Әдебиеттік оқу» оқулығында мәтін *бес түрлі* қызмет атқарады.

1.Мәтін оқушыға білім береді.

2.Мәтін – оқуға үйрету құралы.

3.Мәтін оқушының ойын дамытады.

4.Мәтін тәрбиелік міндеттерді шешеді.

5.Мәтін арқылы оқушылардың тіл байлықтары дамиды.

Сонымен шығарманы оқуға дайындау жұмысы мынадай мақсатта жүргізіледі:

1. Балаларды оқылатын әңгіменің мазмұны мен ондағы кейіпкерлердің ісін саналы түсіне білуге дайындау;

2. Оқылатын әңгіменің мазмұнына қызықтыру;

3. Ондағы түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру.

Дайындық жұмысында мынадай әдіс-тәсілдер қолдануға болады:

а) *Оқушылардың өздеріне әңгіме айтқызу.* Кейбір шығармаларды оқуға дайындау барысында балаларға өздерінің басынан кешірген немесе естіп, көріп, оқып білген оқиғалары жөнінде әңгіме айтқызылады. Мұндай балалардың ойы мен сезімін қозғауға жәрдем етеді.

ә) *Мұғалімнің әңгімесі.* Кейбір жағдайдарда, егер оқылатын материалды түсінуге қажетті деректерді балалар білмейтін болса, мұғалімнің өзі кіріспе әңгіме айтып береді.

б) *Ұжымдасқан түрде әңгіме айту.* Біреу білмегенді біреу біледі. Жеке оқушыдан гөрі сыныптағы барлық оқушының білетіні көп болады. Сондықтан кейбір ұжымдасқан түрде әңгіме айтуды ұйымдастыруға болады. Мұнда балалар өз беттерімен біреулері екіншілерінің айтқанын түзетеді, толықтырады.

в) *Саяхатта байқағандарын пайдалану.* Оқушылардың әңгімесі болсын, мұғалімнің әңгімесі болсын – қай-қайысысын да балалардың саяхатта көргендерімен байланыстыру өте тиімді нәтиже береді. Бұл айтылғаннан бір әңгімені немесе өлеңді оқыр алдында арнайы саяхат ұйымдастыру керек деген ой тумасқа тиіс. Бірақ мұғалім жыл бойы өтетін материалдарды қай кездерде өтетінін жоспарлап алғаннан кейін, балаларға табиғат тану материалдарына байланысты шығарма жаздыру үшін материал жинату мақсатында алуан түрлі саяхаттар ұйымдастырады. *Мысалы,* кейбір мұғалімдер балаларды көктемнің бас кезінде өзенге (жақын жерде өзен; көл бар жерлерде) саяхат ұйымдастырып, сеннің түсуін бақылатады. Немесе күзде оқушыларға айналадағы өзгерістерді байқату үшін егістікке, қырманға т.б.с.с. жерлерге саяхат ұйымдастырылады. Мұндай саяхаттың материалдарын оқулықтағы табиғат көріністерін суреттеген шығармаларды оқығанда пайдалануға болады.

г) *Суреттерді қарау.* Шығарманың мазмұнына сай суреттер берілсе, олар оқуға дайындық кезінде пайдаланылады. Мысалы, табиғатты бейнелейтін суреттершығарманы оқымас бұрын қолдануға болады. Мұнда есте болатын нәрсе - оқулықта берілген суреттерді алдын ала көрсетіп, оқылатын материалдардың мазмұнын айтып қоюға болмайды. Өйткені ол суреттер материал оқылып шыққан соң немесе оны оқу барысында материалдың мазмұны жөніндегі түсінікті тереңдете түсу үшін берілді.

д) *Сұрақтар қою.* Оқуға дайындық кезінде сұрақ қою тәсілінің қандай жағдайда тиімді болатыны алдын ала ойластырылады. Егер оқушыларға дауыстап оқылатын шығарманың алдында бірнеше сұрақ берілсе, ал олар осы сұрақтарға материалды бірінші оқығанда жауап дайындауға тиіс болса, мұндай жағдайда балалардың көңілі алаңдайды да, шығарманың ойдағыдай әсері болмайды. Сондықтан дауыстап оқылатын шығарманы оқуға дайындық кезінде алдын ала сұрақ берудің қажеті жоқ.

Мәтіннің мазмұнын айтқызу екі түрлі жолмен жүзеге асырылады:

1. Толық. Көлемі шағын мәтіндерді, әсіресе, жазбаша мазмұндамаға дайындық барысында толық баяндаттыру қажет.

2. Ішінара. Көлемі ұзақ мәтін бойынша және бөлімге бөліп оқу, жоспар жасау барысында, көбіне қорытынды әңгімеде іске асады.

Бастауыш сынаптарда мәтінмен жұмыс жасау кезінде ескерілетін жайттар:

• *Сұрақ қоюға ыңғайлы мәтіндерді таңдап алу.*

Жақсы жазылған мәтіндер өте көп, бірақ олардың бәрі бірдей сұрақ қоюға мүмкіндік жасай бермейді. Сондықтан оқушыларды ойландыратын, түсіндіруді мәжбүр ететін мәтіндер алған жақсы. Әсіресе, жақсы ертегілермен жұмыс жасаған ыңғайлы, өйткені онда айтылатын жағдайлар мен кейіпкерлер туралы көптеген ойлар тудыруға болады.

- *Жылдам қорытынды жасауға мәжбүр етпеу.*

Пікірталасты бірден өзіңіз бастамай, оқушылардың белгілі бір көзқарастарының қалыптасуына сенім артып, олардың ойларын, пікірлерін, сіз күтпеген ақылды ойларын таңдаған дұрыс. Олай болуы әбден мүмкін.

- *Өзіңнің жеке ойыңды айтпау.*

Егер біз «дұрыс» немесе «дұрыс емес» сияқты пікірталастарға өз ойымызды қосатын болсақ, онда сұрақтың мәні жоғалады.

- *Талқылауды мәтінге жақын ұстау.*

Егер сұрақ нақты болмаса, мәтінге қатыссыз, байланыссыз болса, онда оқушылар мәтіннің тақырыбынан тез ауытқып кетеді (мәтіннен басқаға көңіл бөлмеу).

Көркем мәтінді талдау әдеби шығармамен жұмыстың маңызды түрі болып табылады. Оның мақсаты – оқылғанның мәнін, мәтіннің көркемдік ерекшелігін, автордың шығармашылық даралығын тереңірек түсіну. Жұмыс жанрын анықтау бойынша тапсырмалар келесідей болуы мүмкін:

Оларды қандай стильді білу үшін екі мәтінді мұқият оқып, салыстырыңыз.

1. Мәтінде көркемдік құралдар бар – жоғын оқып шығыңыз. Мысалдар келтіріңіз.

2. Қай прозалық мәтінде сюжет бар? Салыстыру, еліктеу қандай мәтінде қолданылады? Дәлелдеңіз.

3. Әр мәтінге сәйкес тақырыпша таңдаңыз: ертегі, өлең, танымал әңгіме. Шығарманы талдаудағы басты міндеттердің бірі – адамды қабылдауда әдебиетті, ең алдымен, өнер болу құқығынан айырылмау. Оқу-тәрбие үдерісінде оқушының қабілетін, шығармашылығын дамыту мәселесі М.Құдайқұлов [4], Г.Нургалиева [5], Б.Тұрғынбаева [6] еңбектерінде қарастырылған. Ғалымдардың айтулары бойынша, жалпы адам баласы табиғатында қабілетсіз болмайды. Біреулердің қабілеті жоғары болса, екіншілерінің қабілеті орташа, төмен болады. Оқушының шығармашылық белсенділігін тиімді әдіс-тәсілдермен дамыту мұғалімнің шеберлігі мен біліктілігіне байланысты деп зерделеген.

Мәтінді талдау арқылы оқушыларға нені үйретуге болады? Ең алдымен, бұл талдаудың бір түрі - «автордың соңынан еру» яғни, әрекеттің даму логикасы байқалатын түрі. Демек, оқушыларды жазушы логикасына сүйенуге, оны сезінуге, түсінуге үйретуге болады. Көркем мәтінді талдау сұрақтар қою арқылы жүзеге асырылады. Оқушыларды оларға дұрыс жауап беруге үйретуге болады. Бала сұрақты тыңдап, оның мәнін түсініп, сұрақтың мағынасына сәйкес жауап беруге, одан алшақ кетпей, мағынасын кеңейтпей, тарылтпай дағдылануы керек. Сұраққа жауап бере отырып, мәтінді ой елегінен өткізеді, мазмұнын есте сақтайды, форманың ерекшеліктерін ересек адамның көмегімен ұстайды, сөйлеу тәжірибесінде жазушы тілін пайдаланады. Әдебиет көркем шығармашылықтың бір түрі болғандықтан, талдау барысында балаларға шығарманың қалай «жасалғанын» көрсетуіміз керек, яғни, оларға автор қолданатын және балаларға қол жетімді көркемдік әдістер мен құралдар туралы түсінік беру керек (рифма, салыстыру, еліктеу және т. б.). Талдау барысында автордың көркемдік шеберлігін байқайтындай етіп, осы әлем балалар алдында ашылатын сұрақтарды тұжырымдай отырып, шығарманың көркемдік әлеміне назар аудару ұсынылады.

Қорытындылай келе, мәтінмен жұмыс жасау арқылы бастауыш сынып оқушыларының сөздік қоры, оқыған шығарманың мазмұнын айтуы және шығармашылық қабілеттері дамиды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Педагогикалық сөздік / автор-құрастырушы В.А. Мижериков., П.И. Пидкасистыйдың жалпы редакциясымен. - М.: Сфера, 2004. – 439 б.
2. Руднев В.П. Словарь культуры XX века – М., 1998г.-165с.
3. Кушмурзина Д.Х., Шинбулатова К.Б. Әдебиеттік оқу әдістемесі. Қостанай мемлекеттік

педагогикалық университетінің баспасы, 2018. - 152 б.

4. Құдайқұлов М. Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік. – Алматы, 2016. – 78 б.

5. Нурғалиева Г.К. Педагогические технологии информатизации образования. – Алматы: Алем, 2002. – С. 269.

6. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы: Полиграфия-сервис К°, 2012. – 316 б.

ӘОЖ 37.022

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Толқынбаева Ә.К. п.ғ.м., оқытушы

Ажибекова Н.А. Бастауыш білім беру ІР мамандығының 1 курс студенті

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

E-mail: aigerim.kenzhekhan@mail.ru , azhibekova.nigina_1@icloud.com

Аннотация. Қазақстандағы бастауыш білім беру жүйесі балалардың алғашқы білім алу кезеңін қамтитын және олардың жан-жақты дамуына бағытталған міндетті әрі тегін білім беру сатысы болып табылады. Оқу бағдарламасы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру, математикалық, жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы балалардың негізгі білімдерін қалыптастырып, сыни ойлау, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған. Жаңартылған білім мазмұны, заманауи технологияларды қолдану және интерактивті әдістер балалардың оқу процесіне қызығушылығын арттырып, олардың болашаққа қажетті дағдыларды меңгеруін қамтамасыз етеді. Қазақстанның бастауыш білім беру жүйесі қалалық және ауылдық аймақтарда қолжетімді болып, әрбір баланың сапалы білім алуына мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: бастауыш білім беру, еліміздегі бастауыш мектеп, бастауышта формативті бағалау.

Аннотация. Система начального образования в Казахстане является обязательной и бесплатной ступенью образования, охватывающей начальный период обучения детей и направленной на их всестороннее развитие. Учебная программа предназначена для формирования у детей базовых знаний, развития критического мышления, творческих и социальных навыков посредством изучения казахского, русского и английского языков, изучения математических, естественных и гуманитарных дисциплин. Обновленное содержание образования, применение современных технологий и интерактивные методы повышают интерес детей к учебному процессу и обеспечивают овладение ими навыками, необходимыми для будущего. Система начального образования Казахстана будет доступна в городских и сельских регионах, что позволит каждому ребенку получить качественное образование.

Ключевые слова: начальное образование, начальная школа, формативное оценивание в начальной школе.

Annotation. The system of primary education in Kazakhstan is a stage of compulsory and free education, covering the stage of primary education of children and aimed at their full development. The curriculum is designed to form basic knowledge, develop critical thinking, creative and social skills of children through the study of Kazakh, Russian and English languages, Mathematical, Natural and humanitarian disciplines. Updated educational content, the use of modern technologies and interactive methods increase the interest of children in the educational process and ensure that they acquire the necessary skills for the future. The primary education system of Kazakhstan is available in urban and rural areas, allowing every child to receive a quality education.

Key words: Primary Education, Primary School in the country, formative assessment in primary.

Әр біріміз білім нәрін бастауыштан бастап сезінгеніміз рас. Мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап, балалар білім алудың ең маңызды сатыларына тоқталады. Атауы айтып тұрғандай бастауыш өмірдің бастамасы деп нақтылай айта кетсекте болады.

Қазақстандағы бастауыш білім беру балалардың жан-жақты дамуы мен олардың әрі қарайғы білім алуына негіз қалау үшін маңызды кезең. Білім беру бағдарламалары балалардың тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, ауыл мен қала мектептері арасындағы айырмашылықтар және білім беру сапасын арттыру жолдары талқыланады. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында, түбегейлі жаңа мақсаттар қойылып, білім саласы жеке жетілдіру бағыты ретінде көрсетілген. Өйткені, білім – ұлттың бәсекеге қабілеттігін арттырудың басты құралы болып табылады. Еліміздегі білім беру жүйесін жетілдірудің басты мақсаты - еліміздегі білімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Педагогикалық білім беру еліміздің білім беру жүйесінің негізі болғандықтан және білім беру жүйесін жаңғыртудың табыстылығы педагогтарды кәсібилігі мен жауапкершілігімен анықталатындықтан педагог рөліне айрықша мән берді[1]. Осы деңгейлер арқылы Қазақстанда бастауыш білім беру қарқынды түсуі сөзсіз. Бастауыш білімнің бұл моделінің жүзеге асырылуы өзінің өміршеңдігі мен өзектілігін көрсетті, сол сияқты оның келешекте әрі қарай өзгертілуі қажеттілігін пайымдады.

Еліміздегі бастауыш мектеп — білім беру жүйесінің алғашқы сатысы 1917 жылға дейін, Қазақстандағы білім берудің бағыттарына сәйкес бастауыш мектептердің құрылымдық жүйесі әр түрлі болды. Мысалы, Қара Мектеп, Ауылдық мектептер, Бастауыш халық училищелері және де тағы басқалары да бар. Олардағы оқу мерзімі 1—2, 3—4, 5—6 жылдық еді. 20 ғасырдың 30-жылдарынан бастап Кеңес Одағы елдерінде жаппай міндетті бастауыш білім беру ісі қолға алынды. 1919 жылдан жұмыс істеген 2—3 жылдық Бастауыш Мектептер 1941 жылы 4 жылдық болып өзгерді. Мектеп жасындағы қыз балаларды оқытуға да айрықша көңіл бөлінді [2].

Қазақстанда бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру жүйесі үш кезеңге бөлінеді.

1. Бастауыш білім беру (1-4 сыныптар): Бұл кезеңде оқушыларға негізгі оқу дағдылары қалыптасады: оқу, жазу, есептеу, сондай-ақ бастапқы ғылым, өнер және әлеуметтік пәндер бойынша білім беріледі. Оқыту әдетте ана тілінде жүргізіледі және алғашқы сыныптарда баланың оқуға деген қызығушылығын дамытылады. Бұл кезеңде оқушылардың физикалық және әлеуметтік дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Бастауыш білім беру кезеңінде оқушы алғашқы ғылыми мәліметтерді ұғуға ынталанып, қажетті дағдыларды игереді, ойлау қабілеті мен танымы қалыптасады. Ана тілінің, математиканың, табиғаттану пәндерінің ғылыми негізін білуге, оны өмірге пайдаланудың алғашқы элементтерін алуға дағдыланады. Сондай-ақ, бастауыш білім беру арқылы патриоттық, адамгершілік, дене, еңбек тәрбиесін бала бойына сіңіру көзделген.

2. Негізгі орта білім беру (5-9 сыныптар): Бұл кезеңде оқушылардың пәндік білімі тереңдей түседі. Олар математика, жаратылыстану ғылымдары (биология, химия, физика), тарих, география, әдебиет, шет тілі, информатика сияқты пәндерді оқиды. 9-сыныпты аяқтаған соң оқушылар негізгі орта білім туралы аттестат алады. Кейбір оқушылар бұл кезеңнен кейін техникалық немесе кәсіптік білім беретін оқу орындарына бара алады.

3. Жалпы орта білім беру (10-11 сыныптар): Бұл кезеңде оқушыларға пәндерді тереңдетіп оқыту ұсынылады. Олар өздерінің болашақ мамандықтарына байланысты таңдаулы пәндерге назар аударады.

Ал, Жапон елінде бастауыш білім беру алты жылға созылады және 6 жастан 12 жасқа дейінгі балаларды қамтиды. Бұл кезеңде балалар міндетті түрде оқиды. Бастауыш мектепте балалар негізгі пәндерді: жапон тілі, математика, ғылым, дене шынықтыру, музыка, өнер және еңбекке баулу, әлеуметтік ғылымдар (қоғамтану) сияқты пәндерді оқиды. Сонымен қатар, моральдық тәрбие пәні оқытылады, ол балаларды мейірімділік, сыпайылық, ұжымда жұмыс істеу және этика қағидаттарына үйретеді. Жапонияның мектептерінде дене шынықтыруға үлкен көңіл бөлінеді. Балалар спорттық жарыстарға, жаттығуларға және басқа да дене белсенділігіне жиі қатысады. Бұл денсаулықты жақсартумен қатар, тәртіп пен ұжымдық жұмыс дағдыларын дамытады. Жапон мектептерінде балалар бірлікте жұмыс істеуге, бір-біріне көмектесуге және ұжымдық жауапкершілік алуға үйренеді. Мысалы, оқушылар сыныпты тазалауға және мектептің басқа да бөлімдерін ұстауға өздері жауапты болады. Бұл жұмыс балаларға ұқыптылық пен еңбектің маңыздылығын ұғынуға көмектеседі және бастауыш мектептерде балалардың өзін-өзі басқару дағдыларына үлкен мән беріледі. Мұғалімдер балалардың өзіндік тәртіп пен жауапкершілік қалыптастыруына көмектеседі[2].

Қытайдағы бастауыш білім беру жүйесі елдің білім беру саясатының маңызды бөлігі болып табылады және оны әлемдегі ең ауқымды әрі тиімді жүйелердің бірі ретінде қарастыруға болады. Қытайдағы бастауыш білім берудің негізгі ерекшеліктері: бастауыш білім беру біздегі секілді 6 жастан бастап бастауыш мектепке барады. Бастауыш білім міндетті және тегін болып табылады. Қытайдың бастауыш мектептерінде балалар негізгі пәндерді оқиды: қытай тілі, математика, табиғаттану және қоғамтану сияқты пәндер негізгі болып табылады. Бәсекелестік талаптар оқушылардың академиялық жетістіктеріне жоғары талап қойылады. Бәсекелестік пен академиялық қысым, Қытайдың білім беру жүйесінде оқушылардан жоғары академиялық жетістіктер күтіледі, бұл балаларға ерте жастан үлкен қысым түсіреді. Бастауыш сыныптарда-ақ балалар жақсы бағалар алу үшін көп уақыттарын үй тапсырмаларына және қосымша сабақтарға жұмсайды[3].

Ал Түркияны қарастырсақ, бастауыш білім беру 4 жылға созылады және әдетте балалар 6 немесе 7 жаста мектепке барады. Бастауыш білім міндетті болып табылады және үкімет тарапынан тегін ұсынылады. Бастауыш білім алғаннан кейін балалар негізгі орта мектепке (5-8 сыныптар) өтеді, бұл кезең де біздегі секілді міндетті болып саналады. Түркиядағы бастауыш білім беру жүйесінің тиімді жақтары көп болғанымен, оның бірнеше кемшіліктері де бар. Яғни қалалық және ауылдық аймақтар арасындағы айырмашылықтар. Түркияның бастауыш білім беру жүйесі балаларға сапалы білім беріп қана қоймай, моральдық құндылықтарын дамытуға бағытталған. Қытайдың бастауыш білім беру жүйесі балаларды тек академиялық біліммен ғана емес, тәртіппен, еңбекқорлықпен қамтамасыз етеді[4].

Өзге мемлекеттердің білім беру жүйесін еліміздің білім беру жүйесімен салыстыра келе, мынадай тұжырым жасадық. Қазіргі таңда білім мен ғылым дамыған заманда барлық мемлекет білім беру жүйесінде үздік технологияларды, оқушылардың ғылыми көзқарасының қалыптасуын басты назарға алған. Сонымен қатар, осы аталған мемлекеттердің білім беру жүйесіндегі ерекшеліктерді қарастырдық. Оның ішінде бастауыш, орта, жоғары сыныптардағы ерекшеліктер болды. Білім берудегі ерекшеліктерге 1-кестеде тоқталдық. (1-кесте)

№	Елдер	Бастауыш білім беру
1	Қазақстан	4 жыл (1-4 сыныптар)
2	Жапония	6 жыл (1-6 сыныптар)
3	Қытай	6 жыл (1-6 сыныптар)
4	Түркия	4 жыл (1-4 сыныптар)

1-кесте. Білім берудегі ерекшеліктер.

Міне, кестеден көргеніміздей әр мемлекеттің білім беру саласында өзіндік ерекшеліктер бар. Бірақ, барлығының мүддесі жас ұрпаққа сапалы білім беру.

Бастауышта формативті бағалау – сабақта немесе үйдегі күнделікті жұмыс барысында білім алушылардың меңгерген білімдері мен қалыптасқан дағдыларының ағымдағы деңгейін айқындайтын және ол оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын, білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау. «Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» деген бастауыш білім берудің белгілі бір білім беру саласына енетін пәндер бойынша ұзақ мерзімді сипаттағы мақсаттар түріндегі оқытудан күтілетін нәтижелер көрсетілген. «Бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» деген типіне, түріне және оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі көрсетілген. «Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар» деген апталық оқу жүктемесі, оқу жылының ұзақтығы, бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру мерзімі, топтарға бөлу үшін сыныптардың толымдылығы көрсетілген. Осы уақытқа дейін ғылым және білім ең өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Даму қарқындылығы жоғары болған бұл саланың қолдаушыларыда аз емес. Дегенмен біздің ғылымға деген қызығушылығымыз арта түсуде деп ашып айтуға болады. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік дамуына жетекші рөл атқарады. Бастауыш білім беру туралы тұжырымдамалар білім беру жүйесінің негізгі қағидалары мен мақсаттарын айқындайтын теориялық және практикалық негіздерден тұрады. Бұл тұжырымдамалар балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, қоғамдағы рөлдерін анықтау, және олардың болашақта білім алуына қажетті негізді қалыптастыруға бағытталған. Қазақстанда бастауыш білім беру туралы тұжырымдамалар әлемдік тәжірибе мен ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып әзірленеді. Бастауыш білім беру тұжырымдамаларының бір маңызды бағыты -көптілділік және мәдениетаралық коммуникацияны дамыту. Қазақстанның көпұлтты қоғамында оқушыларды бірнеше тілде оқыту (қазақ, орыс, ағылшын) олардың қарым-қатынас жасау дағдыларын арттырумен қатар, басқа мәдениеттерге құрметпен қарауға үйретеді. Яғни бастауыш білім беру әрбір баланың жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін ескеруге бағытталған. Бұл тұжырымдама бойынша оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін, ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ерекше мән беріледі. Оқытушылар әр баланың оқу процесіндегі жеке қажеттіліктерін ескеріп, оқыту әдістерін соларға бейімдейді. Баланы толыққанды дамытуға мысал келтіре кетсек бастауыш білім беру жүйесі тек қана академиялық білім беруді ғана емес, сонымен қатар баланың физикалық, эмоционалды, және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл тұжырымдама спорт, музыка, бейнелеу өнері, және басқа шығармашылық іс-шараларды білім беру процесіне қосуды көздейді. Мақсаты, балалардың жан-жақты дамуы мен олардың денсаулығын нығайту. Білім беру бағдарламаларымен әр түрлі деңгей мемлекеттік білім беру жүйесінің жиыны болып табылады. Ғылым және білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі, оқытудың жаңа технологияларын енгізу болып саналады. Себебі, кәзіргі таңда жаңа бағдарламаларға сұраныс арта түсуде. Әрине бұл білім және ғылым саласының халықаралық, ғаламдық, коммуникациялық жетістігі деп айтсақта болады. Осы деңгейлер арқылы Қазақстанда бастауыш білім беру қарқындай түсуі сөзсіз. Бастауыш білімнің бұл моделінің жүзеге асырылуы өзінің өміршеңдігі мен өзектілігін көрсетті, сол сияқты оның болашақта әрі қарай өзгертілу қажеттілігін пайымдады. Қазақстан Республикасындағы жоғары білімнің үш деңгейлі моделінің даму бағыттары кіші мамандықтар түрін қысқартып, оларды кеңірек пәндерге немесе бағдарламаларға біріктіруді,

бизнеспен өзара әрекеттестікті арттыруды, түлектердің еңбек барысындағы қажеттілігін қамсыз етуді көздейді.

Қорытындылай келе еліміздегі бастауыш білім беру жүйесіне қатты мән берілгендіктен және аса маңызды қолға алынғандықтан балалардың даму қарқындылығында жоғарылай түсуде. Қазақстанда қарастырылған шаралар яғни әлеуметтік және тұлғалық дамуға бағытталған жұмыстар, шығармашылық және спорттық даму еліміздің жоғарғы сатыдағы білімге деген жетістіктің бір көрінісі десекте болады. Әрбір бала толыққанды және сапалы білім алуға құқығы болғандықтан, білім беруді міндет ретінде қабылдау қажет. Жалпы бастауыш білім беру арқылы патриоттық, адамгершілік, дене, еңбек тәрбиесін бала бойына сіңіру көзделген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. “Қазақстан 2050” стратегиясы, “Ақорда” резиденциясы
https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
2. Бастауыш Мектеп сайты, <https://kk.wikipedia.org>
3. Әнуар Дәулетбайқызы, «Жапонияның білім беру саласындағы 30 ерекшелік», 2021ж.
<https://anatili.kazgazeta.kz>
4. Қарлыға Бүйенбай, 2015ж. <https://massaget.kz>
5. Түркияның білім беру жүйесі, <https://housebind.kz>

ӘОЖ 373.3 : 371.385.3 : 004

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА САНДЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН МӘНІ**

Нурғалиева М.А., 2 курс магистранты

Ғылыми кеңесші-Майгельдиева Ш.М. п.ғ.д., профессор
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

E-mail: nmk.alievna@mail.ru

E-mail: sharban56@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада білім беру саласын дамытудың тиімді жолдарының бірі – білім беру жүйесінде сандық технологияларды қолдану мәселелері түсіндіріледі; Оқу үрдісіне сандық технологияларды енгізу білім берудің сапалы жаңа нәтижелеріне қол жеткізуге әкеледі. Қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияны қолдану практикалық дағдыларды жетілдіруге көмектесетін қажеттілік; өзіндік жұмысты және жеке оқу процесін тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік береді; сабаққа деген қызығушылығын арттырады; оқушылардың танымдық белсенділігін белсендіреді, интеллектуалдық шығармашылық қабілетін дамытады. Мультимедиялық технологиялар саласындағы соңғы жетістіктерді пайдалану мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге, оқу-тәрбие процесін белсендіруге, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, жеке көзқарасты қамтамасыз етуге, білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: сандық технологиялар, оқыту, білім беру

Аннотация. В данной статье одним из наиболее эффективных путей развития сферы образования является цифровое образование, поясняются вопросы применения информационных технологий в системе образования. Внедрение цифровых технологий в образовательный процесс приводит к достижению качественно новых образовательных результатов. Применение цифровых технологий в преподавании казахского языка - это необходимость, которая способствует совершенствованию практических навыков и умений;

позволяет эффективнее организовать самостоятельную работу и индивидуальный процесс обучения; повышает интерес к занятиям; активизирует познавательную деятельность школьников, развивает интеллектуальные творческие способности. Использование последних достижений в области мультимедийных технологий позволяет облегчить работу преподавателя, интенсифицировать образовательный процесс, повысить у учащихся мотивацию к обучению, осуществить индивидуальный подход, повысить эффективность и качество образования.

Ключевые слова: цифровая технология, обучение, образование.

Annotation. In this article one of the most effective ways of development of the sphere of education is informatization of education, the issues of application of information technologies in the system of education are explained. Introduction of information technologies in the educational process leads to achievement of qualitatively new educational results. Application of information technologies in teaching of the Kazakh language is a necessity which promotes improvement of practical skills and abilities; allows to organize independent work and individual process of learning more effectively; increases interest in classes; activates cognitive activity of students, develops intellectual creative abilities. Application of the latest achievements in the field of multimedia technologies allows to facilitate work of the teacher, intensify educational process, increase motivation of students to learn, implement individual approach, increase efficiency and quality of education.

Key words: innovative technology, training, education.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінің барлық деңгейінде сандық технологияларды пайдаланудың маңыздылығын дәлелдеудің қажеті жоқ – мектепке дейінгі мекемеден бастап, жоғары оқу орындарына дейін сандық технологияларды пайдалану негізінде оқыту үдерісін ұйымдастыратын айтпасақ та белгілі. Түрлі сандық технологиялық құралдар мен әртүрлі білім беруді ұйымдастыруға арналған платформалар оқыту үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Қазіргі таңда сандық технологиялар оқу ақпараттарын жинақтаудың маңызды көзі болып отыр.

Тіл білімдерін оқытудағы негізгі міндет оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру сонымен қатар тілдік дағдыларды меңгерту мен теориялық білімді тәжірибеде қолдану әрекетін қалыптастыру болып табылады. Бұл міндеттерді сандық технологияларды пайдалана отырып шешуімізге болады. Яғни сандық технологияларды қазақ тілі сабағында қолдану арқылы: оқушы мен мұғалім арасында тиімді кері байланыс орнату, оқушылардың жеке мүмкіндіктерін есепке ала отырып тапсырмаларды түрлі формаларда ұсынуға және ақпаратты кез-келген формада беруге мүмкіндік тудырады. Бастауыш сынып оқушыларының айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым дағдыларын жетілдіру үшін сандық технологияларды пайдалануымызға болады. Қазақ тілін оқытуда маңызды міндеттердің бірі оқушылардың тілдік дағдыларды меңгеруі болып табылады. Ал тілдік дағдыларды меңгеруде сандық технологияларды арқылы меңгерудің тиімділігі жоғары. Оқушылардың тілдік дағдыларды меңгерту үшін тиімділігі жоғары көптеген платформаларды айтуымызға болады: олар презентациялық материал жасауға арналған бағдарламалар: Padlet, Canva, Prezi болса, жазылым дағдыларын жетілдіруге арналған тапсырмаларды беруге арналған платформаларға: MindMeister, Wordwall жатқызуымызға болады [1].

Оқытуда сандық технологияларды пайдалануды басқа да педагогтар қолдады. И.Г. Песталоццидің педагогика ғылымына енгізген ең маңызды еңбегі білім беру механизмі болып табылады. Оны дайындығы жақсы әрбір оқытушы оқушыны тәрбиелеу үшін қолдана алады. «Шығармашылық педагогика» бағытын ұстанушылар: Гансберг, Линде, Шаррельман алдын ала анықталып алынған технология арқылы баланың қайталанбас жеке тұлғасына әсер

етуге болмайды деп есептеді. Өйткені бұл бағытты ұстанушылар жеке тұлға қанша болса, оларды тәрбиелеудің жолдары да сонша болады деген негізге сүйенді. Бұл бағыттың айтулы өкілінің бірі Вейс «Кез-келген әдістің күші оны қолданып отырған мұғалімнің тұлғасына байланысты мұндағы мұғалім тұлғасы еркін, жан-жақты дамыған ерік-күшімен баланың бүкіл өміріне шешуші әсер етеді», - деген.

Көптеген ғылыми ізденістерде бастауыш сынып тәжірибесінде компьютер құрылғыларын пайдаланудың қызметі жайлы мағлұматтар берілген. И.В Роберт білім беру саласында компьютердің атқаратын түрлі қызметтерін ажыратып береді[2]. Олар:

- зерттеудің пәні ретінде;
- оқу-тәрбие процесінің құралы ретінде;
- педагогикалық басқару жүйесі ретінде;
- білім беру мекемелерін басқару комитеті ретінде;
- педагогтің ғылыми іс – әрекеті ретінде.


Білім берудегі сандық технологиялардың белсенді дамуы жағдайында қазіргі педагогтың рөлдік ұстанымдары үш негізгі тобы өзекті болып табылады: сандық білім беру үдерісінде білім алушылармен өзара іс-әрекеттің әртүрлі деңгейлерін ұйымдастыру, оқытуды ұйымдастырушы-педагог оқытудың мотиваторы ретінде, онлайн-курстарды әзірлеуші әдіскер және оларды сүйемелдеу жөніндегі маман. Жаңа рөлдер дәстүрлі мазмұнды айтарлықтай кеңейтеді мұғалімнің кәсіби қызметі жаңа сандық технологиялық дағдыларды және сандық сауаттылықтың тиісті деңгейін меңгеруді талап етеді. Сондықтан қазіргі заманғы мұғалім қолда бар сандық технологияларды тиімді пайдаланып қана қоймай, әртүрлі мәтіндік және графикалық редакторлар, ақпаратты өңдеу құралдары, презентациялар құруға арналған бағдарламалар, сонымен қатар жаңа технологияларды игеру, өзін-өзі жетілдіруге және өзінің цифрлық сауаттылығы мен цифрлық дағдыларын дамытуға ерекше мән беру тиіс. Осыған сүйене отырып мұғалімнің сандық технологиялық дағдыларын қалыптастыру деңгейлерін мына түрде жіктеу аламыз:

- ақпараттарды сұрыптау дағдысы; кез келген ақпараттық үдерістер (ақпараттарды жинау, кодтау, жіберу, сақтау, өңдеу, түрлендіру)
- жоғары деңгейдегі технологиялар құрамына енетін элементарлық ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- орта деңгейдегі технологиялардың қызметін атқаруды іске асыратын және белгілі бір салалар бойынша технологияларды (мәтіндік процессор, кестелік процессор, деректер қоры, эксперттік жүйелер, гипермәтіндер, модельдеу жүйелері) қолдануға бағытталған сандық технологиялар;
- сандық технологиялар арқылы теория мен практиканы байланыстыра алу дағдысы;
- білім алуды дамытуда сандық технологиялық дағдыларды құра білу дағдысы;
- онлайн режиміндегі интерактивтік сабақтарды талдай алу дағдысы;
- мұғалім кәсіби іс-әрекеттерін сандық технологиялар арқылы ұйымдастыра алу дағдысы;
- интерактивтік қарым-қатынастар жасау арқылы тәжірибелерін ортаға салу дағдысы;
- сандық технологиялармен жұмыс жасай алу және олардың сапасы мен мәнін анықтау дағдысы.

Сонымен қатар ЭЕМ негізіндегі оқыту жүйесін бағдарламалық қамтамасыз ету үшін үш «И» деп аталатын қағидаттарға: инициатива, индивидуалдық, интерактивтілікке сүйену қажеттілігіне басым беріледі[3].

Бұл қағидаттарға нақты тоқталатын болсақ:

- Инициативалық: сабақ барысында оқушының белсенділік қызметін арттыру;
- Индивидуалдық: оқушымен атқаратын жеке қызмет;
- Интерактивтілік: білім беру жүйесінің компоненттерін кіріктіру



Сурет 1 - Инициатива, индивидуал, интерактив қағидаттары

Инициатива оқушыға кез-келген жерде тоқтату немесе жалғастыру, сұрау, көмек сұрау, қайталау үшін артқа қайту, жауаптарды құрастыруда жекеинициативаны шектемеу және кез-келген іс әрекеттерді жасауына мүмкіндік береді.

Индивидуалдық - жекелеп оқыту оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс жүргізу.

Интерактивтілік оқушы мен жүйе, жүйенің жеке бөлшектері арасындағы диалог алмасу ретін қамтиды.

Сонымен қорыта келе білім берудегі сандық технологиялар:

-оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді. Өйткені оқушының анализаторларының сезімдік қабылдауында сандық технологиялардың әсері мол болып табылады.

-білім алушылардың барлық категорияларын: дарынды, талантты балалардан бастап, әртүрлі деңгейдегі мүмкіндігі шектеулі балаларға дейін саралап оқытуға мүмкіндік береді.

-тұрғылықты мекен жайына қарамастан білім алушылардың барлығын бірдей оқытуға мүмкіндік туғызады[4].


Қазақ тілі сабағында интерактивтік тақтамен жұмыс жүргізу технологиясындағы автономды түрде меңгеріп негіздеуіне мүмкіншілік береді. Интерактивтік тақта арқылы дидактикалық материалдармен қоса, неше түрлі дыбыстарды оқушыларға естіруге болады мысалы: құстардың үнін, судың дыбысын т.б.түрлерін жасауға мүмкіндіктер болады.

Сандық технологияларды 2- топқа бөліп қарастыруымызға болады. Олардың бірінші тобына презентациялық жұмыстарды жасауға арналған бағдарламалар: Padlet, Prezi, Canva. Ал екінші тобы тапсырмаларды ұйымдастырға арналған бағдарламалар: Wordwall, Learningaaps, Quizes, Kahot, Mindmeister[5].


Осыған сәйкес сандық технологиялар негізінде жасалған сабақ жоспарының бөліктерін ұсынамыз:

Қысқа мерзімді жоспар «Зат есімнің септелуі»

Сабақтың тақырыбы:	Зат есімнің септелуі
Оқу мақсаты:	4.4.2.3- зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу
Бағалау критерийі:	Зат есім септіктерінің атын, сұрақтарын, олардың жалғауларын білетін болады;

	Зат есімнің септелуін топтап, сызба, кесте бойынша сұрақтары мен жалғаулары арқылы ажырата алады; Мәтіндегі сөздерге сұрақтар қою арқылы зат есімді септей алады;			
Кезеңдер	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Өткенге шолу Жаңа сабақ	Оқушыларға «Қайталайық» айдары бойынша негізгі және туынды зат есімдерді еске түсіртіп түрлі сұрақтар қою арқылы қайталатамыз. Зат есімнің септелуімен таныс үшін алдымен септіктермен таныстырамыз.	Оқушылар: -Ережені қайталап шығады; -затесімнің септелуінің сұрақтары және жалғауларымен танысады;	«Шапалақ» әдісі арқылы бағалау 	1.Қайталау сұрақтары үшін wordwall платформасын. 2.Жаңа тақырыпты ашу үшін Mindmeister ақыл-ой картасын пайдаланамыз.

Жаңа сабақты түсіндіру бөлігінде зат есімнің септелуін септік жалғаулардың сызбасы арқылы түсіндіруге болады. Бұл үшін Mindmeister ақыл-ой картасын пайдалануға болады[6]. Mindmeister арқылы материал көрнекі схема түрінде беріледі. Бұл бағдарлама оқушыға ақпаратты жылдам қабылдауына және есте сақтауына көмектеседі. Төмендегі ақыл-ой картасында септіктер, олардың сұрақтары және зат есімге байланысты мысалдар қамтылған[7].



Сурет 2- Mindmeister ақыл-ой картасы

LearningApps бағдарламасы арқылы оқушылар заттың атауларын оларды сипаттаған белгілеріне сәйкес анықтайтын болады. Бұл бағдарлама арқылы уақытты үнемдеуге және оқушыларға оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға болады[5].



Сурет 3 - LearningApps интерактивті тапсырмалар әзірлеуге арналған бағдарламасы

Сонымен, біз қазақ тілі сабағында «Зат есімнің септелуі» және «Сын есім» тақырыптары бойынша сандық технологиялар пайдалану арқылы жасалған сабақ жоспарының мазмұнын ашып көрсеттік. Бұл оқушыларға оқу материалдарын жылдам меңгеруіне, ал мұғалімге сабақты қызықты өтуге мүмкіндік жасайды.

Ғалымдардың еңбектеріне жасалған талдау бізге сандық технологиялармен жұмыс жасауда оның тек қана түсінікті болуы емес, сонымен қатар эпизодтарды қызықты әрі тапсырмаларды түрлі бағдарламалардың көмегімен беру оқушылардың сабаққа көңілін еріксіз аударатынын, әрі материалдың еріксіз есте сақтауына септігін тигізетінін көрсетті. Мақсаттары мен міндеттеріне қарай оқытушылар бағдарламаларды көрнекілік, кеңес беруші, тренажер-бағдарламалар, білімді тексеру бағдарламалары, операциялық орталар деп бөліп қарастыруына болады. Ойын бағдарламалары оқушылардың оқу мотивацияларына әсер етіп, инициативаны көтереді, оқушылардың қызығушылықтарын арттырып бір мақсатта жұмыс жасауға мотивация тудырады.

Білім берудегі сандық технологиялар дегеніміз – оқу-тәрбие үдерісінде АКТ-ны қолдана отырып, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негізделген дидактикалық оқыту құралы болып табылады. Мұғалім қазақ тілі пәнін оқыту үдерісін сандық технологияларды қолдану арқылы жүргізсе, оқушылардың оқу материалдарын меңгеруі мен сабақта ақпараттарды қолдану біліктілігі артатын болады. Сонымен оқу үдерісінде сандық технологияларды қолдану мүмкіндігі әр балаға оқудың әртүрлі деңгейлерін, есте сақтау, ойлау және зейін қасиеттерін ескере отырып үйретуге көмектеседі. Сандық технологияларды сабақта қолдану мұғалімге қысқа уақыт ішінде материалдың тақырыбы бойынша зерттеу деңгейінің объективті бейнесін алуға және нәтижелерді уақтылы түзетуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламасы.
2. Саметова Ф.Т., Орынханова Г.А. Цифрлық білім беру өнімдерін жасауда интернеттің оқыту ресурстарының мүмкіндіктері. Вестник АПН Казахстана, №3, 2021.-47 б.
3. Вылегжанина, Е. А. Использование информационно-коммуникационных технологий в образовательном процессе / Е. А. Вылегжанина, Н. Н. Мальцева. Текст : непосредственный // Актуальные задачи педагогики : материалы VI Междунар. науч. конф. Чита, 2015.- 45 с.
4. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Оқулық. – Алматы, 2002. – 109 б.
5. Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі (монография) Алматы ҚБТУ, 2010 – 246 б.
6. Семенова Э. Р., Хамзина Д. З. Образные представления в научной коммуникации // Молодой ученый. 2013. № 7. 504–507 с.
7. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы. – Астана, 2016, 70 б.

ӘӨЖ 37.014.74: 37.018.4: 373.3

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Серікбай С.Ж. 2 курс магистранты

Ғылыми кеңесші-Майгельдиева Ш.М. п.ғ.д., профессор
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

E-mail: symbat_serikbay@inbox.ru

E-mail: sharban56@mail.ru

Аннотация. Бастауыш сыныпта оқыту үдерісінде білім беру платформаларын пайдалану оқушылардың білім сапасын арттыру, оқу мотивациясын жоғарылату және білім алу процесін интерактивті ету үшін маңызды. Заманауи платформалар мұғалімдерге оқу

материалдарын тиімді ұйымдастыруға, оқушыларға өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, оқу нәтижелерін бақылауға көмектеседі. Бұл тәсіл балалардың ақпараттық технологияларды меңгеруіне, топтық жұмыстарға қатысуына және шығармашылық қабілеттерін дамытуына септігін тигізеді.

Тірек сөздер: платформа, интерфейс, геймификация, білім беру, интерактивтілік

Аннотация. Использование образовательных платформ в процессе обучения в начальных классах имеет важное значение для повышения качества образования, мотивации учащихся и интерактивности учебного процесса. Современные платформы помогают учителям эффективно организовывать учебные материалы, предоставляют учащимся возможность самостоятельной работы и содействуют мониторингу учебных результатов. Такой подход способствует овладению информационными технологиями, участию в групповых проектах и развитию творческих способностей детей.

Ключевые слова: платформа, интерфейс, геймификация, образование, интерактивность

Annotation. The use of educational platforms in the teaching process of primary school is crucial for enhancing the quality of education, increasing student motivation, and making learning more interactive. Modern platforms enable teachers to organize educational materials effectively, allow students to work independently, and facilitate the monitoring of learning outcomes. This approach supports children's mastery of information technologies, encourages participation in group activities, and fosters their creative abilities.

Key words: platform, interface, gamification, education, interactivity

Бүгінде біз постиндустриалды қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Ғылыми-техникалық революция және халықтың табысының едәуір артуы нәтижесінде тауарларды бастапқы өндіруден қызметтерді өндіруге басымдық ауысқан қоғам. Сонымен қатар, біздің қоғам халыққа қызмет көрсетудің барлық түрлерінде сандық технологияларды ұсына алады: әскери жағдай, денсаулық сақтау, білім, ғылым, мәдениет және т.б. салаларда. Осыған байланысты ғалымдар білім беру платформаларын оқыту үдерісіне енгізуді басты талап етіп қоюда. Яғни қазіргі таңда сапалы білім беру үшін білім беру платформалары арқылы оқыту үдерісін ұйымдастыруымыз қажет. Білім беру жүйесі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен өзгеруіне байланысты үлкен трансформацияға ұшырауда. Бастауыш сыныпта оқыту үдерісін ұйымдастыруда білім беру платформаларын қолдану білім сапасын арттыру, оқушылардың қызығушылығын ояту, және оқу үдерісін интерактивті түрде жүргізу мүмкіндіктерін береді. Бұл ең алдымен ғаламтордың бізге ұсынатын қолжетімді мүмкіндіктеріне байланысты. Білім беру үдерісіне ақпараттық технологияларды ендіру пәннің уақытын тиімді пайдалану және физикалық ресурстарды үндемдеуге өз септігін тигізуде[1].

Білім беру платформалары туралы көзқарастарға тоқталсақ:

М.В. Никитин білім беру платформасын «онлайн және офлайн оқытуға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, білім беру қызметтері және интерактивті технологиялардың жиынтығы болып табылатын ресейлік білім беру жүйесіне арналған кешенді білім беру өнімі» деп түсінеді. Көптеген зерттеушілер білім беру платформаларын шектеулі, жеке-бағдарланған интернет-ресурстар немесе толығымен білім беру мәселелеріне арналған, , оқу материалдарын қамтитын және оларды белгілі бір шарттарда пайдаланушыларға ұсынатын ұқсас ресурстардың шектеулі интерактивті желісі деп түсінеді (Е.А. Давыдова, И. В. Забродина , Н.А.Козлова, Н.Н.Тиунова және т.б.) [2].

А.А. Смирнова, білім беру платформасы деп біз кез келген дайындық деңгейіндегі пайдаланушыларға «білім беру мазмұнына қолжетімділікті қамтамасыз ететін бағдарламалық шешімдерді айтамыз (жаппай ашық онлайн курстар, мәтіндік, аудио, бейнежазбалар, нақты уақыттағы дәрістер трансляциялары, тест тапсырмалары және т.б.) .)

әдетте веб-сайт интерфейсі арқылы орындалатын платформалардың барлығын жатқызады. [3].

Талдау нәтижелерін қорытындылай келе білім беру платформалары дегеніміз – ғаламтор материалдарының негізінде оқу үдерісін ұйымдастыруға бағытталған онлайн түрде ұйымдастырылатын бағдарламалар деп атауымызға болады.

Білім беру платформаларының ерекшеліктері

Білім беру платформалары — бұл онлайн-оқытуды жүзеге асыратын ақпараттық орта. Олар оқушы мен мұғалім арасындағы байланыс тәсілі ретінде, сабақтардың қамтамасыз етуі үшін, оқыту процесінің бағдарламасын және қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру үшін арнайы құралдар жиынтығын қамтуы мүмкін.

Білім беру платформалары — бұл оқыту материалдары мен ресурстарын ұсынатын, оқушылар мен мұғалімдердің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін цифрлық орта. Олар көбінесе келесі компоненттерді қамтиды:

***Интерактивті контент:** Оқу материалдары, бейнемазмұн, тестілер мен ойындар.

***Пайдаланушы интерфейсі:** Оқушылар мен мұғалімдерге ыңғайлы әрі түсінікті платформа.

***Аналитика:** Оқушылардың прогресін бақылау, білім деңгейін бағалау.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру

Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын көтеру үшін білім беру платформалары үлкен рөл атқарады. Мысалы, визуалды графика мен анимациялар балаларға қиын тақырыптарды жеңіл меңгеруге мүмкіндік береді[4].

Жеке білім траекториясы

Білім беру платформалары әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқыту траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың өз деңгейлеріне сәйкес материалдармен жұмыс істеуі, тапсырмаларды өз қарқынымен орындауы білім сапасын арттырады. Мұғалімдер оқушылардың нәтижелерін бақылап, қажет болса, қосымша көмек көрсетеді.

Кесте 2.3 -Қысқа мерзімді жоспар

Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		Сабақ тақырыбы: №77 -сабақ. Шығыс септік		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		4.4.2.3 – зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	«Worwall» платформасы арқылы миға шабуыл тапсырмаларын орындайды Шифрограмма шешкізу арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбы анықталады. Шыққан жауапты өсу ретімен орналастыр.	Атау,Ілік,Барыс,Табыс, Жатыс септіктерінің сұрақтары мен жалғауларына жауап береді Қазақ тілінде 7 септік бар.	ҚБ: <u>Жарасың</u> ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.	2-3 слайд Bilim land



Сурет 1- Worwall платформасымен жұмыс

Оқушылар үшін білім беру платформаларының артықшылықтары

Білім беру платформалары оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Олардың артықшылықтары:

***Жеке оқыту траекториясы:** Оқушылар өз деңгейіне сәйкес материалдармен жұмыс істей алады. Платформаларда ұсынылатын ресурстар әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

***Интерактивтілік:** Оқу материалдарының интерактивтілігі оқушылардың ынтасын арттырады. Ойын элементтері мен викториналар балалардың оқу процесіне қызығушылығын оятады.

***Уақыт пен кеңістік шектеулері жоқ:** Оқушылар кез келген уақытта, кез келген жерде оқи алады. Бұл білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

***Кері байланыс:** Оқушылар өз жұмыстарының нәтижесін бірден көре алады, бұл оларға оқу процесінде өздерінің жетістіктері мен кемшіліктерін бағалауға мүмкіндік береді[1].

Мұғалімдер үшін білім беру платформаларының артықшылықтары

Мұғалімдер үшін білім беру платформалары оқу үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді:

***Сабақ жоспарын жасау:** Мұғалімдер платформаларда сабақ жоспарларын, тапсырмаларын орналастыра алады, бұл оқу үдерісін ұйымдастыруды жеңілдетеді.

***Оқушылардың прогресін бақылау:** Платформалар мұғалімдерге оқушылардың нәтижелерін қадағалауға, қажет болған жағдайда қосымша қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.


***Уақытты үнемдеу:** Автоматтандырылған бағалау жүйелері мұғалімдерге уақыт үнемдеуге көмектеседі, бұл олардың шығармашылық жұмыстарға көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді.

***Кәсіби даму:** Платформалар мұғалімдерге біліктілікті арттыру курстарына қатысу, тәжірибе алмасу, жаңа әдістер мен технологияларды игеру мүмкіндіктерін ұсынады[5].

Ынтымақтастық және коммуникация

Цифрлық платформалар оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы коммуникацияны оңайлатады. Топтық жобалар мен тапсырмаларға арналған онлайн алаңдар балалардың бірлесіп жұмыс жасау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Ата-аналар өз балаларының оқу процесін бақылап, мұғалімдермен байланыс орната алады.

Интерактивті білім беру платформаларының пайда болуы бірқатар технологиялық және әлеуметтік өзгерістердің нәтижесі болып табылады. Интерактивті білім беру платформаларының пайда болуына ықпал еткен кейбір алғышарттарды қарастырсақ[6].



Сурет 2 - Интерактивті білім беру платформаларының пайда болуына әсер ететін жағдайлар

Қолданбалы бағдарламалық жасақтамада және веб-сайттарда пайдаланушылар мен тұтынушыларды тарту, олардың іскерлік мәселелерді шешуге, өнімдер мен қызметтерді пайдалануға қатысуын арттыру мақсатында компьютерлік ойындарға тән әдістер мен тәсілдерді қолдану[7].

Геймификациялық платформалар оқыту үдерісінде тиімді қолдануға болатын бірнеше түрлері:

Kahoot! - Оқушылар үшін интерактивті викториналар мен сауалнамалар жасауға мүмкіндік береді. Ойын элементтері оқытуды қызықты етеді.

Classcraft - Оқушылардың оқу барысындағы жетістіктерін ойын түрінде көрсетіп, командалық жұмысқа ынталандырады.

Quizizz - Викториналар мен тапсырмаларды көңілді түрде өткізуге мүмкіндік береді. Студенттер өздерінің нәтижелерін көріп, бәсекелестік атмосферасын сезінеді.

Duolingo - Шет тілдерін үйренуде ойын элементтерін енгізіп, оқушылардың мотивациясын арттырады.

Minecraft: Education Edition - Оқыту мен шығармашылықты біріктіретін ойын. Оқушылар түрлі тапсырмаларды орындау арқылы білім алады.

Edmodo - Оқушылар мен мұғалімдер арасындағы байланыс орнату, тапсырмалар мен ойын элементтерін енгізу үшін қолайлы платформа.

Геймификация арқылы оқыту үдерісі интерактивті, қызықты әрі тиімді болады, бұл оқушылардың белсенділігін арттырады[8].

Сонымен, интерактивті білім беру платформаларының пайда болуына технологиялық және әлеуметтік дамудың үйлесімі ықпал етті және бұл әзірлемелер білім берудің болашағын қалыптастырады деп айтуға болады.

Бастауыш сыныпта оқыту үдерісін білім беру платформаларымен ұйымдастыру білім берудің сапасын арттыруда, оқушылардың ынтасын көтеруде, мұғалімдерге қолдау көрсетуде маңызды рөл атқарады. Цифрлық технологиялардың көмегімен оқу үдерісі тиімді, интерактивті және қолжетімді бола түседі. Білім беру платформаларын қолдану болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына жол ашады, олардың жеке қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Білім беру платформаларының болашағы зор. Олардың дамуы мен жетілдірілуі білім беру жүйесіне жаңа технологияларды енгізуге, оқушылар мен мұғалімдердің қажеттіліктеріне жауап беруге мүмкіндік береді. Мұндай платформалардың инновациялық шешімдері, мысалы, жасанды интеллект, виртуалды және қосымша шындық, білім беру үдерісін одан әрі жетілдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Анисимова Н.С. Мультимедиа технологии в образовании: понятия, методы, средства / Н.С. Анисимова под ред. Г.А. Бородовского. - Санкт-Петербург : РГПУ, 2012. - 89 с.
2. Никитин М.В. Становление образовательной платформы сетевого колледжа – образовательного комплекса: понятийный аппарат, дорожная карта, задачи // Профессиональное образование и рынок труда. 2018. №2. С. 11–20.
3. Никитин М.В. Становление образовательной платформы сетевого колледжа – образовательного комплекса: понятийный аппарат, дорожная карта, задачи // Профессиональное образование и рынок труда. 2018. №2. С. 11–20.
4. Атаева Гульсина Исроиловна, Хамроева Холида Юлдашевна АНАЛИЗ ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ОБЛАЧНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ УЗБЕКИСТАНА // Universum: технические науки. 2022. №1-1 (94). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-vozmozhnosti-ispolzovaniya-oblachnyh-tehnologiy-v-vysshem-obrazovanii-uzbekistana>.
5. Атаева Гульсина Исроиловна, Ядгарова Лола Джалоловна Оценка прикладных свойств обучающей платформы Moodle в Бухарском государственном университете // Universum: технические науки. 2020. № 6-1 (75). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/otsenka-prikladnyh-svoystv-obuchayuschey-platformy-moodle-v-buhar-skomb-gosudarstvennom-universitete>.
6. Герасимов М.Л., Казгунов А.А. Орлова Ирина Викторовна, Осипова Ольга Петровна ИНТЕРАКТИВНЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ СИСТЕМЫ В УСЛОВИЯХ ЭЛЕКТРОННОГО И СМЕШАННОГО ОБУЧЕНИЯ // Наука и школа. 2020. №5.
7. А.Алимов. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. -«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. – Астана, 2014. 146 б.
8. Даумов Н.Г. Білім беруді ақпараттандыру шарттарымен оқушылардың зерттеу қызметін дамыту // пед.ғыл.дисс.канд. – Алматы, 2003.-35 б.

**БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ «АНА ТІЛІ» САБАҒЫНДА
КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІС-
ТӘСІЛДЕРІ**

Өміржан Н., 2 курс магистранты
Ғылыми кеңесшісі- п.ғ.д., профессор Майгельдиева Ш.М.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: nazerke_omirzhan@mail.ru

E-mail: sharban56@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш мектеп оқушыларының «Ана тілі» сабағында коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Коммуникативтік құзыреттілік оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, өз ойын еркін әрі нақты жеткізуге, өзара түсіністік пен қарым-қатынас орнатуға бағытталған маңызды қабілет болып табылады. Мақалада бастауыш сыныптардағы оқушылардың тілдік қабілеттерін жетілдіруде қолданылатын негізгі тиімді әдістер мен тәсілдер сипатталады, соның ішінде диалогтық оқыту, топтық жұмыс, рөлдік ойындар, дебаттар және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мәселелері талқыланады. Бұл әдістер оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытып, оларды тілдік қарым-қатынастың түрлі жағдаяттарына бейімдейді.

Тірек сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, Ана тілі сабағы, қарым-қатынас дағдылары, тілдік дағдылар, диалогтық оқыту, топтық жұмыс, рөлдік ойындар.

Аннотация. В этой статье рассматривается вопрос формирования коммуникативной компетенции у учащихся начальной школы на уроках родного языка. Коммуникативная компетентность — это важная способность, направленная на развитие языковых навыков учащихся, самостоятельное выполнение заданий и установление взаимопонимания и отношений. В статье описываются основные эффективные методы и приёмы, используемые для развития речевых навыков учащихся начальных классов, в том числе диалоговое обучение, групповая работа, ролевые игры, дебаты и информационно-коммуникационные технологии. Эти методы развивают у учащихся культуру общения и подготавливают их к различным ситуациям, связанным с общением на языке.

Ключевые слова : коммуникативная компетентность, урок родного языка, коммуникативные навыки, языковые навыки, диалогическое обучение, групповая работа, ролевые игры.

Annotation. This article examines the development of communicative competence in primary school students during native language lessons. Communicative competence is an important ability aimed at developing students' language skills, independent completion of tasks, and establishing mutual understanding and relationships. The article describes the main effective methods and techniques used to develop primary school students' speech skills, including dialogue learning, group work, role-playing games, debates, and information and communication technologies. These methods develop students' communication culture and prepare them for various situations involving communication in language.

Key words: communicative competence, mother tongue lesson, communication skills, language skills, dialogic learning, group work, role-playing games.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсаттардың бірі болып табылады. Коммуникативтік құзыреттілік –

адамның түрлі тілдік және әлеуметтік жағдайларда өз ойын еркін, сауатты әрі түсінікті жеткізе білу қабілеті. Бұл дағдыны ерте жастан дамыту білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік қабілеттерін жетілдіруге, өзара қарым-қатынасты орнатуға ықпал етеді. Бастауыш сыныптарда оқушылардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамыту «Ана тілі» сабағында ерекше орын алады, өйткені бұл пән арқылы балаларға ана тілінің байлығын, мәдениетін және ерекшеліктерін таныстырып, оларды сауатты сөйлеуге және жазуға үйрету міндеті тұр. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі – бұл тек тілдің грамматикалық құрылымын игеру емес, сонымен қатар оны тиімді әрі дұрыс қолдана білу. Коммуникативтік құзыреттілік арқылы оқушылар бір-бірімен, мұғаліммен және қоғаммен тіл табысып, өз ойын сауатты жеткізуді үйренеді. Сонымен қатар бірқатар ғалымдар Ж.Қараев, Ш.Таубаева, М. Б. Ермұханбетова, Р. Ө. Абдрахманова бастауыш мектептегі коммуникативтік құзыреттілік қалыптастырудың әдістерін зерттеп, оның ішінде топтық жұмыс пен диалог арқылы сөйлеу, шығармашылық тапсырмалар, рөлдік ойындар арқылы оқушылардың қарым-қатынасқа түсіп, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда өздерін еркін сезінуіне көмектесетінін айтады [1].

Коммуникативтік құзыреттілік – бұл оқушылардың түрлі қарым-қатынас жағдаяттарында өзара түсінісуі, өз ойларын еркін жеткізе білуі, ақпаратты тыңдап, талдау және тиімді жауап бере білу дағдылары. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту білім беру үдерісінде негізгі рөл атқарады, себебі ол оқушылардың тек тілдік қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік дағдыларын, тұлғааралық қатынастарды орнату қабілеттерін де жетілдіреді. Бастауыш сынып оқушылары үшін коммуникативтік құзыреттілік олардың оқу үдерісіндегі жетістіктеріне, мұғаліммен және сыныптастарымен тиімді қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді. [2]. Сонымен қатар, бұл қабілет олардың оқу мотивациясын арттырып, әлеуметтік бейімделуіне оң әсер етеді.

Коммуникативтік құзыреттілік бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады:

1. Лингвистикалық дағдылар

- сөздерді дұрыс таңдау, сөйлем құрастыру;

2. Сөйлеу дағдылары

- өз ойын анық әрі жүйелі жеткізу, сөздердің логикалық байланысын сақтау;

3. Әлеуметтік-мәдени дағдылар

- адамдармен мәдениетті түрде қарым-қатынас жасау, түрлі жағдайларда дұрыс сөйлеу әдебін сақтау;

4. Сыни ойлау және түсіністік дағдылары

- тыңдау және басқаның пікірін ескере отырып жауап беру, диалог жүргізу

Сурет 1. «Коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөліктері»

Осы дағдыларды меңгеру оқушының болашақта кәсіби және әлеуметтік өмірде табысты болуына көмектеседі. Сондықтан бастауыш сыныптарда «Ана тілі» сабағы арқылы бұл құзыреттілікті қалыптастыру ерекше маңызды.

«Ана тілі» сабағы бастауыш сынып оқушыларының өз ойын жеткізу, тыңдау және қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Бұл сабақ барысында оқушылар тек тілдік материалды ғана меңгеріп қоймай, сонымен қатар, сөздерді дұрыс

қолдану, сөйлемдерді логикалық құрастыру, өз ойын жүйелі жеткізу сияқты сөйлеу мәдениетінің негіздерін игереді. Мұғалім сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыта алады. [3].

1. Диалог жүргізу және пікір алмасу әдісі

Диалог жүргізу – оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудың маңызды әдістерінің бірі. Диалог кезінде оқушылар тыңдауды, сұрақ қоюды және жауап беруді үйренеді. Бұл әдіс әсіресе «Ана тілі» сабағында оқылған мәтіндер мен тақырыптарды талқылау кезінде қолданылады. Мұғалім оқушыларға мәтінді түсіндіріп, содан кейін олардан өз пікірлерін сұрайды. Бұл тәсіл балаларды өз ойларын анық жеткізуге және басқалардың пікірлерін құрметтеуге үйретеді. Диалог арқылы оқушылар өзара пікір алмасып, талқылау мәдениетін меңгереді.

2. Әңгімелеу және мазмұндау әдістері

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін оларды еркін сөйлеуге үйрету қажет. Әңгімелеу және мазмұндау әдістері осы мақсатқа жетуге бағытталған. Оқушылар белгілі бір тақырып бойынша әңгіме құрастырып, өз ойларын толық, логикалық ретпен жеткізуді үйренеді. Әсіресе, сурет бойынша әңгіме құрастыру немесе мәтінді мазмұндау арқылы балалардың тіл байлығы мен сөздік қоры дамиды. Әңгімелеу барысында оқушылар өзара талқылап, бір-бірін тыңдайды, сөйлеу шеберліктерін жетілдіреді.

3. Рөлдік ойындар

Рөлдік ойындар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін және қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мұғалім сабақта оқушыларды әртүрлі рөлдерге бөліп, белгілі бір ситуацияны ойнауды ұсынады. Мысалы, дүкендегі сатушы мен сатып алушының диалогын ойнау арқылы балалар тілдік қарым-қатынасқа қатысып, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс қолдануды үйренеді. Рөлдік ойындар барысында балалардың эмоционалдық және әлеуметтік қабілеттері де дамиды, олар әртүрлі жағдайларда өздерін қалай ұстау керектігін түсінеді.

4. Топтық жұмыс

Топтық жұмыс – оқушылардың бірлесіп әрекет ету қабілеттерін және өзара қарым-қатынас дағдыларын дамытатын әдіс. Мұғалім оқушыларды шағын топтарға бөліп, ортақ тапсырма береді. Топ ішінде балалар бірге жұмыс істеп, бір-бірімен пікір алмасады, әрқайсысы өз ойларын айтады. Топтық жұмыс оқушылардың коммуникативтік дағдыларын, тыңдау және сөйлеу мәдениетін жетілдіруге көмектеседі.

5. Мәтінмен жұмыс

Мәтінмен жұмыс істеу оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды бөлігі. Мәтіндерді оқу және талдау арқылы балалардың оқып түсіну, негізгі ойды анықтау және сол ойды жеткізу қабілеттері дамиды. Мұғалім мәтінді оқығаннан кейін оқушылардан мәтіннің мазмұнын түсіндіріп, оны өз сөзімен әңгімелеп беруін сұрайды. Бұл әдіс балалардың сөйлеу шеберлігін, логикалық ойлауын және өз ойын жүйелі түрде жеткізу дағдыларын қалыптастырады.

6. Интерактивті әдістер

Интерактивті әдістер қазіргі білім беру процесінде кеңінен қолданылады. «Ана тілі» сабағында мультимедиялық құралдар, интерактивті тақталар және білім беру бағдарламалары арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Интерактивті тапсырмалар балаларды белсенді оқуға тартып, олардың шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамытады. Мысалы, интерактивті ойындар мен тапсырмалар арқылы балалар сөздерді дұрыс қолдануға, сөйлем құрастыруға және өзара пікір алмасуға үйренеді.

7. Ойын әдістері

Ойын әдістері оқушылардың қызығушылығын арттырып, оларды белсенді қатысуға ынталандырады. Бұл әдіс арқылы оқушылар еркін қарым-қатынас жасап, тілдік дағдыларын дамытады.

Мысалы: «Сөзжұмбақ шешу», «Кім жылдам?» сияқты тілдік ойындар арқылы оқушылардың сөздік қорын байыту және сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. [4].

Ана тілі сабағында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда тиімді ойын түрлері:

1. **«Сөзжұмбақ шешу»**

- Бұл ойын оқушылардың сөздік қорын байытуға және тілдік сауаттылығын дамытуға көмектеседі. Оқушыларға тақырып бойынша сөзжұмбақ шешуді ұсыну арқылы олар жаңа сөздерді меңгеріп, өз ойларын жүйелеуге үйренеді.
- **Мысалы:** Оқушыларға сабақтағы жаңа сөздер мен ұғымдар бойынша сөзжұмбақ құрастыру немесе шешу тапсырылады.

2. **«Кім жылдам?»**

- Бұл ойын оқушылардың жылдам ойлау қабілеттерін және сөздерді тез табу дағдыларын дамытады. Мұғалім белгілі бір тақырыпты немесе сөз таптарын атайды, ал оқушылар соған сәйкес сөздерді немесе сөйлемдерді жылдам айтуы тиіс.
- **Мысалы:** Мұғалім «табиғат» деген тақырыпты берсе, оқушылар табиғатқа байланысты сөздерді атауы керек.

3. **«Сөз құра»**

- Оқушыларға бірнеше әріптер немесе сөздер беріледі, олардан мағыналы сөйлемдер немесе жаңа сөздер құрау қажет. Бұл ойын тілдік логика мен креативті ойлауды дамытады.
- **Мысалы:** Оқушыларға бірнеше әріптер беріп, солардан жаңа сөздер құрастыру тапсырмасы беріледі.

4. **«Рөлдік ойындар»**

- Оқушыларға белгілі бір рөлдер беріліп, олар белгілі бір жағдаятта қарым-қатынас жасауға үйренеді. Бұл ойын олардың коммуникативтік дағдыларын, диалог құру қабілеттерін дамытады.
- **Мысалы:** «Дүкендегі сатушы мен сатып алушы», «Қонақтар қабылдау» сияқты рөлдік ойындар арқылы оқушылар сөйлеу дағдыларын жетілдіреді.

5. **«Сиқырлы қапшық»**

- Оқушылар бір қапшықтың ішінен кез келген затты алып шығып, оны сипаттап, өз ойын жеткізеді. Бұл ойын олардың сөздік қорын байытып, тіл байлығын дамытады.
- **Мысалы:** Оқушы қапшықтан алма алып шығып, оның түсі, дәмі, формасы туралы айтып беруі тиіс.

6. **«Көрініс қою»**

- Оқушылар шағын диалогтарды немесе қысқа көріністерді сахналап көрсетеді. Бұл ойын олардың сөйлеу мәдениетін, қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады.
- **Мысалы:** Қазақ халық ертегісін немесе шағын әңгімені рөлдерге бөліп, сахналау.

7. **«Сұрақ-жауап» ойыны**

- Оқушыларға бір-біріне сұрақтар қойып, жауап береді. Бұл әдіс олардың диалог құру және жауап беру дағдыларын жетілдіреді.


- **Мысалы:** Оқушылар жұппен жұмыс істеп, бір-біріне сабақтағы тақырыпқа байланысты сұрақтар қойып, жауаптарын береді.

8. «Әңгіме құрастыр»

- Оқушыларға суреттер немесе бірқатар сөздер беріліп, солардың негізінде әңгіме құрастыру ұсынылады. Бұл ойын шығармашылық ойлау қабілетін дамытады.
- **Мысалы:** Оқушыларға бірнеше сурет беріледі, олар сол суреттердің негізінде әңгіме құрастырып, оны сыныпқа айтып береді.

Бұл ойындар оқушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді, сабақ үдерісін қызықты әрі тиімді етеді. [5].

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру оқушылардың жалпы тілдік және әлеуметтік дамуының маңызды бөлігі болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін дамыту олардың оқу үлгерімін арттырумен қатар, олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Коммуникативтік құзыреттілік арқылы оқушылар өзара қарым-қатынас жасауды, пікір алмасуды үйренеді, өз ойын нақты және түсінікті жеткізуге дағдыланады. [6]. Сонымен қатар, бұл құзыреттілік олардың болашақтағы әлеуметтік бейімделуіне, кәсіби және тұлғалық өсуіне негіз болады. Бұл құзыреттілікті ерте жастан бастап дамыту:



Сурет 2. «Қарым-қатынас дағдылары»

Коммуникативтік құзыреттілігі дамыған оқушы өз ойын еркін жеткізе алады, пікірталастарда өз көзқарасын қорғайды және әртүрлі тілдік жағдайларда тіл табыса біледі. [7].

Қорытындылай келе, «Ана тілі» сабағында бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру – олардың тілдік және әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізгі жолы. Мұғалім әртүрлі әдістерді қолдана отырып, оқушылардың сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, өз ойын жеткізу қабілеттерін дамыта алады. Диалог, әңгімелеу, рөлдік ойындар мен топтық жұмыс секілді әдістер оқушылардың тілдік қабілеттерін жетілдіріп, өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын нығайтады. Нәтижесінде, оқушылар болашақта әртүрлі тілдік және әлеуметтік жағдайларда өздерін еркін сезініп, тиімді қарым-қатынас орната алатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұханбетова, Л. (2017). Коммуникативтік құзыреттілік және оны қалыптастыру жолдары. Білім беру журналы, №4, 23-28.
2. Смағұлова, Г. (2017). "Тіл және қарым-қатынас: коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру жолдары". *Қазақ тілі мен әдебиеті журналы*, №3, 45-49.
3. Сейдахметова, Ә. (2020). Оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастырудағы заманауи әдістер. Білім беру журналы, №5, 12-18.
4. Аймағамбетова, Қ., Мұқатаева, А. (2019). Бастауыш сыныпта тілдік дағдыларды қалыптастыру әдістері. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
5. Меңдібаева, Р. (2018). Бастауыш мектептегі «Ана тілі» пәні: әдістемелік негіздер. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.
6. Оразбаева, Ф. (2018). Коммуникативтік құзыреттілік және оның оқыту әдістері. Тіл және әдебиет журналы, №3, 22-26
7. Мырзалиева, С. (2015). *Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары*. Алматы: Қазақ университеті.

ӘОЖ:37.018.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ХИМИЯНЫҢ ОРНЫ

Сапарбаева Ж.М., Рузиева З.Х.

химия пәнінің оқытушылары, ғылым магистрі
Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі.
Түркістан облысы Жетісай қаласы
<zhadyra_0811@mail.ru>

Аннотация: место химии в экологическом воспитании

Ключевые слова: Химическая экология, химические вещества, природные ресурсы, химические понятия

Abstract: the place of chemistry in environmental education

Keywords: chemical concepts, laws, theories, problems, formula, elements

Химиялық экология [химикаттарды](#) қолданудың салдарын және олардың [қоршаған ортаға](#) түскендегі әрекетін зерттейтін, [экологиялық мониторингтің](#) әдістерін талдап-белгілейтін ғылым. Химиялық экология химикаттардың орнықтылығын, олардың ауыс-түйіс, таралу, жинақталу және басқа түрге айналу процестерін зерттейді. Зерттеулердің нәтижесінде көптеген химикаттардан бас тарту қажеттілігі, олардың қоршаған ортаға шығарындыларын азайту үшін кәсіпорындардың [технологияларын](#) жетілдіру.

Қоршаған ортаны, табиғатты қорғауға арналған шараларға барлық қоғам мүшелері бірдей қатысуы тиіс.

Өз заманында ұлы химик [Д. И. Менделеев](#): "Химияда қалдық жоқ, тек пайдаға аспаған шикізат бар" деп, көрегендікпен қалдықсыз өндіріс құру қажеттілігін мегзеген еді. Осы күні ғалымдарымыз бен өнертапқыштарымыз өндіріс қалдықтарынан басқа заттар өндіруге арналған тиімді әдіс-тәсілдерді іздестіруде. Химиялық экология проблемалары адамзат іс-әрекетінің нәтижесінде ұзақ уақыт бойы біртіндеп жинақталып, пайда болған тіршіліктің жағымсыз көрінісі.

Бүгінгі таңда білімгерлерге экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесін мемлекеттік деңгейге көтерудің қажеттілігі туындап отыр. Экологиялық білім беру дегеніміз – адам зат қауымының, қоғамның, табиғаттың және қоршаған ортаның үйлесімділігін, оны тиімді пайдаланудың жолдарын халыққа түсіндіру. Адамның қоршаған табиғи ортаға саналы

көзқараспен қарап, оның байлықтарын үлкен парасаттылықпен пайдаланатын, табиғи ресурстарды байыта түсудің қажеттілігін түсінетін, қоршаған табиғи ортаны қорғауға белсене араласатын көзқарасты қалыптастыру [1].

Экологиялық білім беру бағытында жер тағдыры мен ел тағдырының, табиғат пен адам өмірінің бірлігін терең сезінетін, су, ауа, ғарыш әлемінің қадірін бағалай білетін, табиғатты аялап, оны қорғай алатын азаматты тәрбиелеу міндеттерінің аса маңыздылығына көңіл бөліну қажет.

Қазіргі уақытта білім беретін мектептердің алдында тұрған негізгі мақсат оқушылардың ой-өрісін жан-жақты дамыту, оларға қазіргі заман талабына сай білім беру және тәрбиелеу. Ал оқушыны жан-жақты дамыту дегеніміз оны тек қана дене бітімі жағынан өсіп жетілуі емес, сондай-ақ баланың жан дүниесінің байып, рухани өсуі, қабілеті мен дарындылығы анықталып, кең өрістеуі, парасаттылық ой мен адамгершілік көзқарастарының қалыптасуы болып табылады. Осындай ізгі қасиеттерді қалыптастыруда оқушылардың санасына әсер етудің үлесі зор болмақ, сонда ғана олар қоршаған ортасын, туған жерін, табиғатын қастерлейді, сүйеді.

Химия ғылымын экологиялық негізде құрудың маңызы зор. Экологиялық білім негізін игерген оқушы табиғатты зиянды заттардан қорғауға тырысып, тиімді пайдалануды үйренеді. Табиғат ресурстарын үнемді пайдаланады.

Химия курсы экологияландырудың маңызы зор. Қазіргі кезде елімізде білім беруісін одан әрі дамыту жолы іздестіріліп жатыр. Заттар, олардың қасиеттері және айналымын зерттейтін химия ғылымының мазмұны мұғалімге дүниенің қазіргі ғылыми бейнесін түсіндіруге және күнделікті тәжірибелік іс-әрекеттермен байланыстыру арқылы “Адам – зат – материя – практикалық іс-әрекет” қатынасының күрделі кешенінің мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Химияда, көбінесе, табиғаттағы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылу себептері көрсетіледі.

Қазіргі көптеген экологиялық проблеманың негізіне реалды химиялық үрдістер жатқанымен, адамзат химиясыз толық мәнді тіршілік ете алмайды.

Химия пәнінің оқу бағдарламасындағы, оқулықтағы, материалдарды экологиямен барынша байланыстырып, сабақта жергілікті материалды пайдалану арқылы қызықты өткізсе, оқушылардың табиғатқа деген көзқарасы өзгереді.

Экологиялық ділгірліктер ең алдымен, адамгершілік мәселесі. Осы тұрғыдан химия курсы экологияландыру үлкен адамгершілік парыз болып табылады. Сондықтан көптеген зерттеулерде экологиялық білім беру жалпы білім берудің бір бөлігі ретінде ғана емес, экологиялық мәдениеті, санасы, сол іс-әрекетке дайындығы жоғары деңгейдегі тұлғаны тәрбиелеу мақсатын көздейтін бұл үрдістің жаңа мәнін қарастырады.

Мектептегі оқушының экологиялық мәдениетін дамыту және қалыптастырудың тиімді құралдың бірі – экологиялық мазмұнды химиялық есептер мен танымдық ойындарды қолдану. Оларды оқу үрдісінде пайдалану теориялық химиялық материалды күнделікті өмірде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыдан оқушылардың жұмысқа қызығушылығы, іс-әрекетке белсенділігі артады [2].

Оқушының теориялық білімдерінің, тәжірибелік эксперименттегі алынған нәтижелерді химиялық талдау жасау арқылы есептер шығаруды үйретуге баса көңіл бөлу химия пәнін экологияландырудың маңызды алғышарты болмақ. Экологиялық білім адамның ішкі сезімін оятып, айналадағы табиғи ортаға жаңа көзқараспен қорғауға үйретеді. Сол арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілік артып, оның заңдылықтарын тануға және қайта құру үрдісіндегі білімді дұрыс қолдана білуге мүмкіндік туғызады.

Оқушыларға айнала қоршаған табиғи ортаны қорғау қазіргі заман талабы екендігін ұғындыруға, қоршаған табиғи ортаны қорғау барысында келеңсіз жағдайларға жол бермей қарсы тұрудың қажеттілігін түсінуде мектептен тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор.

Мектептерде оқушыларға экологиялық білім беру мен табиғат қорғауға тәрбиелеу мектепте жүргізілетін сабақтан және мектептен тыс жұмыстарды дұрыс ұйымдастырғанда ғана белгілі нәтижеге жетуге болады. Бұл екеуі де бірін-бірі толықтырып отыруы қажет. Белгіленген жоспар бойынша жүргізілген сабақта әр уақытта оқушыларды өзін қоршаған табиғи ортаға жауапкершілігін ашып көрсете алмайды. Сондықтан сабақта өтілетін экологиялық мазмұндағы тақырыптарды кеңірек оқып үйрену үшін сыныптан және мектептен тыс жұмыстарды осы бағытта өткізу орынды болмақ.

Сонымен мектептерде сыныптан және мектептен тыс жұмыстарды жүргізгенде табиғат қорғау іс-шараларын үнемі үзбей жүйелі түрде өткізіп отыру оқушылардың бұл мәселені түсініп, сезіне білуіне септігін тигізеді, туған өлке табиғатына қамқорлық жасауға үйретеді. Табиғатта кездесетін заттар жеке элементтерден құралады деген түсінік өте ерте заманда-ақ пайда болған.

Экологиялық білім беру дегеніміз адам зат қауымының, қоғамның, табиғаттың және қоршаған ортаның үйлесімділігін, оны тиімді пайдаланудың жолдарын халыққа түсіндіру. Адамның қоршаған табиғи ортаға саналы көзқараспен қарап, оның байлықтарын үлкен парасаттылықпен пайдаланатын, табиғи рес-урстарды байыта түсудің қажеттілігін түсінетін, қоршаған табиғи ортаны қорғауға белсене араласатын көзқарасты қалыптастыру.

Экологиялық білім беру бағытында жер тағдыры мен ел тағдырының, табиғат пен адам өмірінің бірлігін терең сезінетін, су, ауа, ғарыш әлемінің қадірін бағалай білетін, табиғатты аялап, оны қорғай алатын азаматты тәрбиелеу міндеттерінің аса маңыздылығына көңіл бөліну қажет.

Қазіргі уақытта білім беретін мектептердің алдында тұрған негізгі мақсат оқушылардың ой-өрісін жан-жақты дамыту, оларға қазіргі заман талабына сай білім беру және тәрбиелеу. Ал оқушыны жан-жақты дамыту дегеніміз оны тек қана дене бітімі жағынан өсіп жетілуі емес, сондай-ақ баланың жан дүниесінің байып, рухани өсуі, қабілеті мен дарындылығы анықталып, кең өрістеуі, парасаттылық ой мен адамгершілік көзқарастарының қалыптасуы болып табылады. Осындай ізгі қасиеттерді қалыптастыруда оқушылардың санасына әсер етудің үлесі зор болмақ, сонда ғана олар қоршаған ортасын, туған жерін, табиғатын қастерлейді, сүйеді [3].

Химия ғылымын экологиялық негізде құрудың маңызы зор. Экологиялық білім негізін игерген оқушы табиғатты зиянды заттардан қорғауға тырысып, тиімді пайдалануды үйренеді. Табиғат ресурстарын үнемді пайдаланады.

Химия курсы экологияландырудың маңызы зор. Қазіргі кезде елімізде білім беру ісін одан әрі дамыту жолы іздестіріліп жатыр. Заттар, олардың қасиеттері және айналымын зерттейтін химия ғылымының мазмұны мұғалімге дүниенің қазіргі ғылыми бейнесін түсіндіруге және күнделікті тәжірибелік іс-әрекеттермен байланыстыру арқылы “Адам – зат – материя – практикалық іс-әрекет” қатынасының күрделі кешенінің мәнін ашуға мүмкіндік береді. Қазіргі көптеген экологиялық проблеманың негізіне реалды химиялық үрдістер жатқанымен, адамзат химиясыз толық мәнді тіршілік ете алмайды.

Химия пәніндегі білім мен тәрбие беру барысында мынадай ұстанымдарды басшылыққа алыну керек:

1. Табиғаттағы экологиялық мағұлматтар мен мәліметтерді сұрыптап алып, сабаққа пайдалану.
2. Химия сабағын экологияландыру арқылы кіріктірілген сабақ (химия – биология, химия – экология, химия – физика, химия – тарих, химия – әдебиет т.б) үлгілерін жасау.
3. Экологиялық білім, білік дағдыға үйрету арқылы экологиялық мәдениетке тәрбиелей отырып, экология ғылымы мен табиғатты қорғау ісі арасында тұрақты байланысты түзу.
4. Табиғатты қорғау ісін сабақта және сабақтан тыс мезгілде үнемі ұйымдастырып отыру.

5. Экологиялық білім беру мен тәрбиелеу ісі жаратылыстану пәні мұғалімінің, бүкіл сыныптың және мектептегі оқу, тәрбие ісінің негізгі бөлігі болып саналуы тиіс.

6. Оқушыларды табиғатты қорғау туралы заңдар және құжаттармен таныстыра отырып, бұл заңдарды орындау баршамыздың борышымыз екенін түсіндіріп отыруымыз керек.

Химия пәнінің оқу бағдарламасындағы, оқулықтағы, материалдарды экологиямен барынша байланыстырып, сабақта жергілікті материалды пайдалану арқылы қызықты өткізсе, оқушылардың табиғатқа деген көзқарасы өзгереді.

Сондықтан көптеген зерттеулерде экологиялық білім беру жалпы білім берудің бір бөлігі ретінде ғана емес, экологиялық мәдениеті, санасы, сол іс-әрекетке дайындығы жоғары деңгейдегі тұлғаны тәрбиелеу мақсатын көздейтін бұл үрдістің жаңа мәнін қарастырады.

Мектептегі оқушының экологиялық мәдениетін дамыту және қалыптастырудың тиімді құралдың бірі – экологиялық мазмұнды химиялық есептер мен танымдық ойындарды қолдану. Оларды оқу үрдісінде пайдалану теориялық химиялық материалды күнделікті өмірде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осыдан оқушылардың жұмысқа қызығушылығы, іс-әрекетке белсенділігі артады. Оқушының теориялық білімдерінің, тәжірибелік эксперименттегі алынған нәтижелерді химиялық талдау жасау арқылы есептер шығаруды үйретуге баса көңіл бөлу химия пәнін экологияландырудың маңызды алғышарты болмақ [4].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Экологическое образование школьников: Ред. И.Зверева, И.Суравегиной М.1983
2. Ә.Жақсыбеков Экологиялық мәдениет. Алматы, 2009
3. З.Д.Шардарбеков: Химия. Сыныптан тыс жұмыстар. Алматы, 2006
4. Ж.Дәрібаева, Ә.Баешов, С.Сермаңызов. Экология Астана, 2005

ӘӨЖ: [1467:398](#)

ПЕДАГОГИКА ПӘНІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Қожанова Алтынай Мухимбаевна

педагогика пәнінің оқытушысы

Г. Мұратбаев атындағы Жетісай Гуманитарлық-техникалық колледжі.

Түркістан облысы Жетісай қаласы

Аннотация: важность использования элементов искусственного интеллекта будущими педагогами начального образования

Ключевые слова: Искусственный интеллект(ИИ), интеграция искусственного интеллекта, интеллектуальные репетиторские системы, начальное образование, педагог, новые информационные технологии

Abstract: the importance of using artificial intelligence elements by future primary education teachers

Keywords: Artificial intelligence(AI), integration of artificial intelligence, intelligent tutoring systems, primary education, teacher, new information technologies

Педагогика адамның дүниетанымын қалыптастырудың арнайы ұйымдасқан, мақсатты және жүйелі қызметі, тәрбиенің, білім берудің және оқытудың мазмұны, түрлері мен әдістері туралы ғылым. Заман талабына қарай әрбір өзгерістерді қабылдау, оны болашақ ұрпақтың бойына сіңіру оқытушының басты міндеттерінің бірі. Педагогтің негізгі міндеті болашақ білім берушінің педагогикалық дүниетанымын қалыптастыру, тәрбие

үрдісінің күрделі және қарама-қайшылықтарына педагогикалық сенімі мен көзқарасын үйрету. Болашақ бастауыш білім педагогтеріне жұмыс барысында кездесетін білімділік және тәрбиелік міндеттердің практикалық түрде шешуге көмек беру. Оның ішінде қызметіндегі жауапкершілікті түсіну, ол тек оқушы мен педагог емес, ұлт, мемлекет, халық алдындағы міндеті.

Жанашыл педагогтер осы міндеттерді жаңа инновациялық цифрлі технологиялар көмегіне сүйеніп, жасанды интеллектінің элементтерін қолдана отырып білім берудің жаңа саласын, әдіснамасын құрастырып, ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Жаңа ғасырдың, технологиялық мүмкіндіктері артқан заманында болашақ бастауыш білім педагогтеріне – уақыттың тепе-тең талабы бойынша ғылым мен практиканың заманауи жетістіктерімен таныс болып, соны практикада қолдана білу бәрінен маңызды.

Педагогика ғылымы динамикалық құбылыс. Ол әр кез толықтыруды, жаңартып зерттеулерді қажет етеді. Ғылымның, заманның даму үдерісіне қарай теориялық-практикалық тұрғыдан дамып, жетіліп отырады. Соңғы жылдары бұл процесс тіпті қарқынды жүруде. Ғылым мен техниканың дамуы педагогикаға да өз әсерін тигізді. Ескі дәстүрлі, жаттанды, таптаурын оқу жүйесі оқушыға ғана емес, педагогтердің өзіне де қолайсыздық тудыра бастады. Сондай-ақ ескірген педагогикалық әдіс-тәсілдер заманның үдесінен шығудан да қалып барады. Жаңа ақпараттық технологиялар әсерінен бастауыш білім педагогтерін дайындауға, ұстаздардың этикалық, интеллектуалдық қарым-қабілетін дамытуға арналған әдіснамалық бағдарламалар ойластырып, практикада жолға қойыла бастады. Солардың бірі жасанды интеллект арқылы педагогтердің интеллектуалдық әлеуетін асырып, қабілетін жетілдіріп сапалы маман ретінде дайындау. Жалпы осы кезге дейін зерттеу нәтижесіне сүйенсек жасанды интеллект туралы педагогтердің теориялық білімі болғанымен, жұмыс барысында, нақты сабақ процесінде қолдану айтарлықтай қалыптасып үлгермеді. Оқу кезіндегідей оңай әрі қолжетімді болмай келеді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін алдымен, оқу орындарын техникалық қамтамасыз ету керек болса, педагогтердің де практикалық мығым дайындығы маңызды рөл атқарады.

Интеллект термині алғаш пайда болған кезде философия саласына үлкен төңкерістер, сілкіністер әкелді. Интеллект философиялық зерттеулерде категория қатарында зерттелу керек деген ойдамыз [1].

Алғаш интеллект сөзі ұлы ойшыл Платонның еңбектерінде ақыл деген мағынада қолданды. «Оны адамның идеялар әлемімен танысып, іске асырушы тетігі, жанның ақылға қонымды тетігі» дейді. Аристотель, Ж. Баласағұн, әл-Фараби және т.б. ойшылдар да интеллекті терминін өз еңбектерінде ақыл ой, жақсы мінез-құлық, мәңгілік, белсенділік мағыналарында жазады. Әрине әр түрлі мағына болғанымен түпсанада ізгілік, позитивті, жағымды эмоциялардан тұратын сөз ретінде қабылданды.

Ол білімге деген сұраныстың артуынан және осы сұраныстарға жауап беретін жаңа құралдар мен технологиялардың пайда болуынан көрініс табады. Ол техникалық салаларда заттай қолмен ұстауға келетін объекті болғандықтан бірден етене таныс болып, алға дамушылық халықтың көз алдына келеді. Педагогиканың қолданыс аясы педагогтар болғандықтан көпшілік тереңірек түсініп, етене таныс болмаса да, алға даму керемет жүзеге асып келеді. Сондықтан болашақ бастауыш білім педагогтерінің интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруда жасанды интеллектің ең тиімді элементтерін қолданамыз. Қазір оқытудың әртүрлі өзіндік бағыттары бар: дәстүрлі түрде қалыптасқан әдістермен оқытудан бастап, гимназия, лицей, дарындағы жүйе. Соңғы кездері оқытуда пайда болып көп қолдау тауып жүрген кембриждік оқыту модулі. Оның ерекшелігі бұл жүйелерде жасанды интеллектіні пайдалану ерте кезеңдерден қалыптасып үлгергендіктен, жалғасты толықтырулармен әрі қарай дамыту.

Ал жоғарыдағыдай дәстүрлі оқу үдерісінде жасанды интеллекттің әрбір әдіс-тәсілдерін сынақтан өткізіп, сұрыптап, екшеп барып қолдану керек. Жасанды интеллектті арқылы балалардың интеллектуалды әлеуетін аша түсу, бастауыш білім оқушыларының қабілетін анықтау біз үшін үлкен жетістік болар еді [2].

«Интеллекті деген – тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктері мен ресурстарының кешенді сипаты». Интеллектуалды қасиет адам бойында ерте кезден қалыптасатындықтан бастауыш білімге интеллектуалды әлеуетін орнықтырып қалыптастыру, адамның бүкіл өміріне азық болар қасиет. Ол үшін болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау кезінде жасанды интеллект арқылы шығармашылық іс-әрекетте, білім алу кезінде өз бетінше ізденуге үйретуге, интеллектуалды мүмкіндіктерді тиімді пайдануға педагогтерді үйрету, соған бағыт сілтеу, нақты жол нұсқау. Бастауыш білім педагогтерінің интеллектуалды қасиетін қалыптастырудың ғылыми түсініктеріне:– алгоритм құру сауаттылық;- ІТ сауаттылығы;- ақпараттық сауаттылық;- қолданушылық және технологиялық сауаттылық;- ақпараттық тәртіп пен өзін-өзі басқарушылық;- компьютерлік жауапкершілік пен қарым-қатынас;- логикалық тапсырмаларды жүйелеу бірлігі;- кез келген білім түрін бейнелеудегі (графикалау, моделдеу т.б.) іскерлігі;- кәсіби өсудегі ІТ-ды қолдану дағдысы;- тұлғалық өсудегі реттеушілік қабілеті жатады.

Осы ғылыми тұжырымды қолдай отырып бастауыш білім педагогтеріндегі кәсіби білімдерін жасанды интеллекттің элементтерін негізге алып сабаққа жоғары шығармашылықпен қолдануды ұсынамыз. Жасанды интеллектті бастауыш білім педагогтеріне білім берудің дәстүрден тыс жаңа бағыттарды ұсынуға, оны өз бетінше игеруге, интеллектуалды әлеуетін өсіруге мүмкіндік береді. Осы пікірді ғалым Д.М.Жүсібәлиева одан ары жандандыра түсіп, болашақ бастауыш білім педагогтері өзінің кәсіби жауапкершілігін іске қосып барлық мүмкіндігін салуға ІТ арқылы жетілдіруді ұсынады. А.М.Жұмабаева жасанды интеллекттің ең пайдалы тұсы «білімді өз бетімен алу және ұсыну; ақпараттық коммуникациялық пәндік ортаның қызмет ету жағдайында оқу әрекеті режимін өз бетімен таңдау; оқытудың ұйымдастыру формалары мен әдістерін өз бетімен таңдау» (Жұмабаева, 2019) ақпараттандыру жағдайында сабақ ету формасын үйренушінің дамуы, интеллектуалды әлеуеті қалыптасуы үшін зерттеу, өлшеу, моделдеумен етене таныс болуы тиіс дейді [3].

Педагог ғалым А.Б.Медешова «оқытудың ақпараттық технологиясы дегеніміз оқушылар мен педагогтердің педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттерінің өзара әсерлері мен білім берудің мақсаттарына сәйкес меңгерілуге тиіс оқуматериалдарының мазмұны берілген ақпараттық жүйені құрайтын ресурстар» дейді.

Ғалым ақпараттық бағдарламалық жабдықтарды, білім беруде пайдалану мен оның методикасын көрсетеді. Жасанды интеллектті сабақта қолдану барысында педагог үшін бірнеше жағымды және жағымсыз тұстарын саралай келе төмендегідей талдау жасаймыз. Жасанды интеллектті педагогтерге ең алдымен техникалық көмек ретінде, сабақты өткізу барысында көрнекіліктің ықшам, қолайлы түрі есебінде алып жүретіні бірінші десек, екіншіден бастауыш білім алушыларды тәртіп, тәрбие, мәдениет, білімге құштарлық, оқуға, ізденуге деген құлшыныс жағымды интеллектуалды санасын өсіреді.

Мектеп бағдарламасында әсіресе, бастауыш білім тағы тәртіп, тәрбие болмай сабақтың құрылысы қалыптаспайтынын ескерсек, жаңа технологиялар педагог үшін керемет алтернатива.

Есте сақтау жасанды интеллекттің ең пайдалы, орын ауыстыруға келмейтін бөлігі. Әр бір жазылған жоспарлы дүние сабақ барысында айтылады. Ал дәстүрлі оқытуда белгілі бір бөліктердің ұмыт болуы қалыпты процесс. Жасанды интеллекттің осындай пайдасын көріп, оны нақты практика барысында педагогтер дұрыс пайдаланумен қоса оның жағымсыз тұстарын да әркез есте ұстаған жөн. Ең алдымен техниканың кез келген жерде ақаулары

болатынын ескеруіміз керек. Техника педагог үшін көмекші құрал болса, техника жоқта педагог сол бос орынды толтырып жалғасты сабақты қызықты жүргізіп кету керек, ешқашан техникаға сенімді түрде иек артып, одан қол үзіп қалған жағдайда бөгеліп, тосылып, кідіріп қалуға болмайды.

Кез келген жағдайда техникаға толық сеніп кету қателікке әкеледі. Осы тұста ақпараттық күзіреттілікті басқарып отыру маңызды екенін байқаймыз. Жасанды интеллектің көмегімен сабақты өткізудің бір мысалын келтірсек. Техника көмегімен сабаққа интеллектуалды ойындарды кірістіру, сабақты түсіндіру барысында баланың көңілін оқуға, үйренуге шоғырландыратын қызықты бағдарламалық көрнекіліктер дайындау, сергіту сәтінде жасанды интеллектің бастамасымен физикалық жаттығулар жасау сапалы нәтиженің көрінісі.

Оқушылардың жалпы беттік тест тапсыруы кезінде барлық оқушылардың қамтылғаны, кім қандай тестті шешіп жатқаны көрініп тұрады. Бұл педагогке өте қажетті көмекші құрал. Ал, дәл қазір біздің мақсатымыз жасанды интеллектінің көмегімен болашақ бастауыш білім педагогтерінің интеллектуалды әлеуетін өсіруге арналған арнайы әдістемелер құрастыру. Жасанды интеллект педагогтерге тек сабақ өтуге ғана емес, құжаттар дайындауға, электронды күнделіктер толтыруға да көмекші құрал ретінде пайдалануға болады. Бұл педагогке электронды көлемді материалдарды жадында сақтауға таптырмас альтернатива.

Педагогтер тек бағдар беруші емес, балалардың шығармашылығын дамытып, шыңдауда негізгі адам. Жасанды интеллекті толық оқу процессінде пайдалану әлі де болса біздің тәжірибеміз қалыптаспады. Оның ең бірінші себебі, мектептердегі цифрлік құралдармен қамтамасыз ету толық қалыптаспай жатыр. Техника толықталғанда педагогтер тұтастай босайды немесе жұмысы жеңілдейді деуге келмейді. Себебі, техника педагогке сабақты қызықты өткізуге, әр түрлі түстермен көрнекілік көрсетуге, машиналық алгоритмдерді оқытуда, онлайн сабақтарда, геминификацияда көмекші құрал.

Бастысы жасанды интеллект бастауыш білім педагогтерін ауыстырушы емес, тек кейбір пайдалы элементтерін алу арқылы интеллектілік, білім сапалық, уақыт үнемдік тұстарын қажетімізге жаратуымыз керек. Осы арқылы тек педагогтерде емес, оқушылардың да интеллектуалдық қасиетін, тұлғалық болмысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал, оқу барысында тест талдаулар, сабақ барысындағы әр түрлі жағдаяттарда оң нәтиже береді. Педагогтердің жұмысы сабақ беру мен сабақтан кейінгі құжат толтыру, тексеру жұмыстары ғана емес, алдын ала жоспар бойынша өтетін сабақтардың дайындығына да ерекше назар аударады. Бұрын техника дамымаған кезде әр сабақтың көрнекілігі әр түрлі кескін қағаздар, қима қағаздар, плакат және т.б. ыңғайсыз құралдар болатын. Оны қолмен жазып дайындау, әр тақырыпқа қарай әкеліп, әкету қолайсыздықтар тудыратын әрі педагогтың көп уақытын ысырап ететін. Техника осы «әурешіліктің» орнын толтырды. Бір ноутбукта бүкіл сабақ көрнекілігімен, әр түрлі бағдарламаларымен сақталады. Бұл да жаңа заманның жетістігі,

педагогтарға арналған игілік.

Жасанды интеллекті педагогтың интеллектуалды қасиетін дамытуға арналған кез келген білім жетілдіру курстары қазір қолжетімді. Тіпті онлайн оқуға да болады. Сол арқылы оқушыны қызықтыратын сабақтың тәжірибесін өзге педагогтармен бөлісуге арналған мүмкіндіктер бар. Көбірек электронды түрде жұмыс жасаған педагог виртуалды кеңістіктегі қабілеті артып, кез келген мәселені шешуге өзі қауқарлы болады. Қазір техниканың қарқынды дамуы ескі сабақ дағдыларын тез ескіртіп, оқушыны тез жалықтыруы мүмкін. Сондықтан педагогтың ізденісі, техникалық та, мамандық біліктілігін асырып отыруды талап етеді. Сондай-ақ педагог тек ғана техникалық жаңалықтарды меңгерумен шектелмей

нақты сабағына қатысты соңғы жаңалықтарды өздігінен біліп, оны жылдам игеріп оқушыларға дер кезінде жеткізіп отыруы қажет.

Жасанды интеллектіні жандандырудың, оны кең ауқымда пайдаланудың негізгі бір тетігі осы болып табылады. Интеллектуалды әлеует адамда ерте бастауыш білім кезінен қалыптаса бастайтын қасиет болса, оны толық игерген педагог тұлға қалыптастыруда дұрыс бағытта болады [4].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сейталиев Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. Алматы: Білім, 2012. – 360 б
2. Платон. Диалоги. Серия «Философское наследие». – Мәскеу: Мысль, 1986. – 605Жұмабаев М. М.Жұмабаев шығармалары. Алматы: Жазушы, 2013 ж
3. Сартаева Н.Т.Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш білім оқушыларының зерттеулік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру. филос.док (PhD) дис. Алматы, –2019ж.
4. Сардарова Ы. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың тұжырымдамалық негізі. Орал: БҚМУ, – 2014ж

ӘӨЖ 378.2:371.134:37

МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ БАҒЫТТАРЫ.

Зейнегабдинова Назира Бегділқызы

Ә.Тыныбаев атындағы 11 мектеп лицейдің Бастауыш сынып мұғалімі п.ғ.м.

***Аннотация :** Бұл мақалада еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінуі . дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып , оны жан-жақты дамыту керектігі баяндалады.*

Қазіргі қоғамда жастарға тәрбие берудің негізгі мақсатты үйлесімді жан - жақты дамыған мемлекетіміздің әлеуметтік - экономикалық дамуына өз үлесін қосатын жеке тұлға тәрбиелеу болып табылатындығы,бүгінгі қоғамымызда білім мекемелері тәрбиеленушілеріміздің сана - сезімінің өсуімен қатар, олардың рухани жан дүниесін байытуды жүзеге асыруы тиіс екендігі мәлімделеді.. Мұғалім тұлғасының ролі өткен кезеңдерге қарағанда екі - үш есеге артып, жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу Қазақстан мұғалімінің алдына орасан зор міндеттер мен зерттеулердің бағыттары баяндалады.

***Тірек сөздер::** педагогикалық әрекет, мұғалім тұлғасы, теориялық көзқарастар, Мұғалім имиджі, Жаңа тұрпатты мұғалім.*

***Аннотация:** В этой статье будущее нашей страны станет светлее, она войдет в ряды цивилизованных стран, ее увидят в образе сегодняшнего поколения. на основе передового мирового опыта утверждается, что образование должно быть нового типа, т. е. оно должно быть всесторонне развито путем создания благоприятных условий для развития природных способностей каждого ребенка.*

Декларируется, что основной целью воспитания молодежи в современном обществе является воспитание личности, которая будет способствовать социально-экономическому развитию нашего гармонично развитого государства, а образовательные учреждения нашего общества должны наряду с обогащением духовной жизни наших учащихся рост сознания. Роль личности учителя возросла в два-три раза по сравнению с предыдущими периодами, а воспитание молодого поколения по-новому ставит перед педагогом Казахстана огромные задачи и направления исследований.

Ключевые слова : Педагогическое действие, личность учителя, теоретические взгляды, образ учителя, новый учитель.

Annotation: In this article, the future of our country will become brighter, it will join the ranks of civilized countries, it will be seen in the image of today's generation. Based on advanced world experience, it is argued that education should be of a new type, i.e. it should be comprehensively developed by creating favorable conditions for the development of the natural abilities of each child.

It is declared that the main goal of educating young people in modern society is to educate individuals who will contribute to the socio-economic development of our harmoniously developed state, and educational institutions of our society should, along with enriching the spiritual life of our students, grow in consciousness. The role of the teacher's personality has increased two to three times compared to previous periods, and educating the younger generation in a new way poses enormous challenges and areas of research for teachers in Kazakhstan.

Key words: Pedagogical action, personality of the teacher, theoretical views, image of the teacher, new teacher

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек.

Қазіргі қоғамда жастарға тәрбие берудің негізгі мақсатты үйлесімді жан - жақты дамыған мемлекетіміздің әлеуметтік - экономикалық дамуына өз үлесін қосатын жеке тұлға тәрбиелеу болып табылады. Бүгінгі қоғамымызда білім мекемелері тәрбиеленушілеріміздің сана - сезімінің өсуімен қатар, олардың рухани жан дүниесін байытуды жүзеге асыруы тиіс. Мұғалім тұлғасының ролі өткен кезеңдерге қарағанда екі - үш есеге артып, жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу Қазақстан мұғалімінің алдына орасан зор міндеттер қояды.

Жас ұрпақты тәрбиелеу үрдісінде қол жеткізген жетістіктеріміз әлі де болса қоғам қажеттілігін толық қанағаттандыра алмай тұр. Болашақ қоғам иелерін тәрбиелеуде өзбетімен еңбек және өмір сүруге деген даярлық үрдісінде түбегейлі өзгерістер енгізу қажет. Себебі, жастарымыздың басым көпшілігі білім ұяларынан алған білік, дағды, іскерліктерін “өмір мектебінде” қолдануда “күзіретті” емес деп айтсақ қателеспейміз. Сондықтан жеке тұлға тәрбиелеу, қалыптастыру мәселесіне объективті ғылыми талдау жүргізу қажет. Бұл үшін жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамыту механизмдерін, шарттарын, заңдылықтарын біліп қана қоймай, сонымен қатар “қалыптасушы субъектілерге” әсер етуші қоршаған жақын орта ерекшеліктерін, соның ішінде жеке тұлғаны қалыптастырушы педагог қауымына аса көңіл аударуды керек етеді.

Педагогика ғылымының ең алғашқы бастауларынан мұғалім әрекетіне нәтижелілік көрсеткіштері ғылыми негізделіп, теориялық -тәжірибелік зерттеулер жүргізіліп келді. Бұл зерттеулері кеңестік дәуірдің көрнекті ғалымдары: Н.К.Крупская, М.И.Калинин, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, Ш.Амонашвили және т.б. еңбектерінен көруге болады. Педагогика ғылымында жеке тұлға қалыптастыру екі түрлі астар берілді:

а) тәрбиенің жалпы міндеттерінде айқындалған, мақсатқа бағытталған педагогикалық әрекеттің құрылымы мен механизмдері ретінде;

б) мұғалім тұлғасының оқушыға тікелей әсерін зерттеу (оқушы тұлғасын өзгертуге алдын - ала қойылған мақсатпен байланысты болмауы да мүмкін).

Алғашқы аспект психология - педагогика ғылымдарында (Ю.К.Бабанский, В.Ф.Баширов, А.В.Воробьев) жете зерттелініп келді. Ал екінші аспект бойынша, осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеу жұмыстарының көпшілігінде психикалық қасиеттер жиынтықтары мен мұғалім тұлғасы сапаларының оқушыға тиімді әсер етуінің шарттарын бөліп көрсету орын

алады. Тұлғаны индивидтің “сапа жүйелігі” ретінде түсіну (А.Н.Леонтьев) тұлға мәселесін, соның ішінде мұғалім тұлғасын зерттеуде жаңаша бағыттардың тууына себепші болды. Қазіргі психологияда белгілі психолог Л.С.Выготскийдің баланың жақын даму аймағын жасаушы ересектер деген қағидасы нақты орын алуда. Бала дамуындағы ересектердің маңызы туралы мұндай тұжырым білім беру үрдісінде мұғалімдердің жеке басында бірқатар өзгерістердің болуын талап етеді. Себебі, баланың жеке басының қалыптасуында ең маңызды роль атқаратын, оның тұлғасының қалыптасуына белсенді қатысушы тұлға ересек, яғни мұғалім болғандықтан, бірінші орында оның өз басына жете көңіл бөлінуі тиіс. Сондықтан, мұғалімнің жеке басына талдау жүргізуде методологиялық және теориялық көзқарастарға дұрыс сипаттама жасалуы маңызды әрекет болып табылады.

Психология ғылымында мұғалім тұлғасын зерттеу мақсаттары жеке тұлға мәселесін зерттеу мақсаттары жеке тұлға мәселесін шешуге бағытталған теориялық өңдеулерге негізделеді. Зерттеушілердің (В.Г.Ананьев, В.Н.Месяцева, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Б.И.Теплов, Д.Н.Узнадзе) бұл мәселелерді шешу бағыттары әртүрлі, олардың бірқатары тұлғаның қайталанбас ерекшеліктеріне адамның іс - әрекетіндегі түрткілердің жан - жақты көрінісін, жеке биохимиялық қасиеттерін, әлеуметтік ролдерін, жоғары нерв жүйесі әрекетінің типтерін, келбетін, қызығушылығын, арман - мұраттарын, қабілеттерін, күшті әсерлерін, ұлттық мінез - құлық ерекшеліктерін, дүниетанымын, адамгершілік кескінін, өзіндік санасын, шығармашылық өнімдерін, қиялын, дәстүрлерін, түрлі тарихи кезеңдердегі дүниені қабылдауын, әлеуметтік топтардағы орнын, жауап қайтару жылдамдығын, ерік - жігерін, жек көру мен жақсы көруін, қысылтаян жағдайларды бастан кешіруін, кәсіби біліктері мен дағдыларын, қылықтарын, әрекеттерін және т.б. жатқызады.

Оқушының жан - жақты қасиеттерінің қалыптасу үрдісінде мұғалім тұлғасының маңыздылығын міндетті түрде ескеру қажет. Әрбір балаға терең білім мен тәрбие беріп қана қоймай, әр баланың бойындағы табиғи қасиеттерін ашып, жеке тұлғаны қалыптастыру мақсаты жүктеліп отырған қоғамда, мұғалім тұлғасын жете зерттеудің төмендегідей бағыттарын жасауды қажет етеді:

1. Педагогикалық әрекетті үйлестіруші → Қоғамдағы орны мен қызметі, педагог беделін тұрақтандыру; оқушы әрекетін және өмірін ұйымдастыруда бағыттаушы; болашақ кәсіби сапаларды дамытушы; өзін - өзі бағалау, нәтижелі іс - әрекетке үйретуші; білім беруші “субъект” және “ата - ана” ретінде.
2. Педагогикалық қарым - қатынастың субъекті → Оқу - тәрбие үрдісіндегі қарым - қатынас; қарым - қатынастағы коммуникациялық құзырлылық; субъект - субъектілік қарым - қатынастың түрлері.
3. Жантанушы ретінде → Тұлғаны зерттеуші; түзетуші; дамытушы; кеңес беруші; ағартушы.
4. Мұғалім имиджі → Жеке басының сүйкімділігі; киім кию үлгісі, сәнге қатынасы; сөйлеу мәдениеті, дауыс интонациясының жағымдылығы; өзін - өзі ұстауы, оқушылар мен педагогикалық ұжым арасындағы беделі.

Жоғарыда берілген зерттеу негізінде мұғалімнің тұлғасын жан - жақты анықтауға мүмкіндік береді. Қарапайым мысал ретінде түсіндірер болсақ, барша жасөспірімнің негізгі қызығушылығына айналған компьютер жүйесіндегі бір тетіктің кем болуы оның жұмыс атқару қызметін төмендетеді немесе істен шығарады. Мұғалімнің жеке тұлғасының кемшілігі болса, онда оқушылардың тәрбие ықпалына да соншалықты кері әсерін тигізеді.

Орыстың ұлы педагогі К.Ушинский “Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да, жасанды әрекетте оның орнын баса алмайды” деп текке айтпаған.

Біздің басты міндетіміз - Егеменді еліміздің жас ұрпағын ойлы да, іскер, жігерлі де, батыл, білімді, интеллектуалдық деңгейі биік, жан - жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу.

Өндірістік бәсекелестік және нарықтық қарым - қатынас, жұмыссыздық кезінде жастардың еңбек ету саласында өзінің құқығын қорғау үшін күреске даяр болу жағдайларында оларды еңбекке тәрбиелеудің жаңа үлгісін жасау мәселесі алға қойылып отыр. Еңбек тәрбиесі жолында - оны жоспарлау, ұйымдастыру, жүзеге асыру, бақылау жасау, бағалау сияқты бағыттық құрылымына оқушыларды қатыстыру көзделеді. Оқушының саяси мәдениеттілігін қалыптастыруда тұлғаның идеялық жалпы мәдениетінің түйінді өзегі деп қарастыру қажет. Мектепте оқушыларды саяси мәселелерге жан - жақты араласу мектепте ғана емес, одан тыс жердегі қоршаған шындықты жете түсінуі үшін оларды алуан түрлі қызметке қатыстыру үрдісінде қоғамдық идеяларды игеруде сындарлы сөйлесуге үйретіп, өзіндік пікір білдіруіне құрылуы керек.

Эстетикалық тәрбие мақсаты - оқушы бойына көркем - эстетикалық мәдениетті қалыптастыру, оны жоспарлау және мақсатты түрде сіңіру. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың барынша өткір мәселесі, 1 - ден, оқушының эстетикалық санасына бұқаралық ақпарат құралдарының теріс ықпал етуінен және жалған өнердің сырттай тартымды болып көрінуінен деп айтуға болады.

Нағыз педагог – профессионал кең білімді, мәдениетті, ізгілікті және зиялы адал, жас ұрпақты дамыту, оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық бағытта жұмыс жасайтын, өзіндік мәні қалыптасқан объективті қабылдау мүмкіндігі бар тұлға. Мемлекет мәдениетінің айнасы-мектеп. Шын мәнісінде еліміздің әлеу-меттік, мәдени, саяси, психологиялық жай-күйі халықтың білім жүйесінен, оның деңгейінен, ағартушылық іс-әрекетінен анық аңғарылады. Осы орайда, жазушы Ә.Кекілбаевтың «Уақыттың жалғыз өлшемі бар ол-адам ғұмыры. Адам ғұмырының жалғыз өлшемі бар, ол – арттағы халықтың қамы үшін бітіретін іс» -деген сөзін еске алсақ, осындай үлкен іс атқарар бір сала – мектеп және оның мұғалімі.

Педагогикалық іс өте нәзік, қасиетті іс. Ол тәрбиешіден сезімталдықты, балаға деген сүйіспеншілікті, бала жанын бірден танитын қырағылықты талап етеді.

Бүгінгі мектептің басты міндеті өзіндік ой көзқарасын ашық айта алатын, өмірге бейім тұлға қалыптастыру болса, оған мұғалімнің шәкіртіне деген сүйіспеншілігі, оны тұлға ретінде бағалауы баланың адамдық қасиеттерінің дамуына басты кепіл бола алады.

XXI ғасыр — қатаң бәсеке ғасыры. Бұл ғасыр – марғаулықты көтермейтін ғасыр. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр дара тұлғаның тағдыры біздің қолымызға аманат ретінде тапсырылып отыр. Аманатқа қиянат жасамау-халқымның ізгі ұлылық дәстүрі.

Жаңа ғасырдың ақпараттық қоғамына қажетті жаңа тұрпатты мұғалім дайындау мәселесіне байланысты 2005 жылы 18 тамызда «Қазақстан Республикасындағы жаңа тұрпатты мұғалім даярлаудың үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы» және «Қазақстан Республикасындағы жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасының» жобалары ұсынылды. Осы екі жобаның біріншісінде жаңа тұрпатты мұғалімге – рухани жетілген, шығармашылық қабілеті жоғары, өзіне сын көзбен қарай алатын, кәсіби дағдылары, педагогикалық дарыны бар, жаңашыл-дыққа ұмтылатын тұлға ретінде анықтама берілген.

Мұғалім идеалы – білімнің құндылығын айқын түсінетін, «мәдениеті жоғары адам», өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдана алатын, өзін жеке тұлға ретінде дамытып, рухани өсуге деген қажеттілігі мол болуы тиіс делінеді.

Кәсіпқой мұғалім өз пәнін жетік біліп қана қоймай, әрбір қатынасшының педагогикалық үдерістегі орнын білуі керек. Оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алуға қабілетті болып, оның нәтижелерін алдын-ала болжамдап көре білуі тиіс, болуы мүмкін ауытқушылық-тарды дер кезінде түзете алуы, яғни құзыретті тұлға болу керектігіне назар аударылады.

Жаңа тұрпатты мұғалім үш түрлі құзыреттілікке ие болуы тиіс: әдіснамалық, жалпымәдени, пәндік-бағыттылық. Педагогикалық қызметтің шығармашылық бағытталуы, біріншіден, мұғалімге мамандығы үшін мәні бар күшті және әлсіз жақтарын (өзін-өзі тануын, эмоционалды қалпын, коммуникативтік және дидактикалық қабілеттерін және т.б.) бағалай алуы; екіншіден, зияткерлік мәдениетін (ойлау, ес, қабылдау, зейін), мінез-құлық, қарым-қатынас, соның ішінде педагогикалық қарым-қатынасты меңгеруі; үшіншіден, қазіргі интеграциялық үдерістер, әлемдік білім берудің даму тенденцияларын бағдарлай алу сияқты мәселелерді қарастырумен байланысты.

Жаңа тұрпатты мұғалім ұғымының теориялық еңбектерде қарастырылу жайы, айтылған мәселелерді жүзеге асыру үшін жаңа тұрпатты мұғалімді қалыптастыруда ақпараттық технологияларды да қолданудың дидактикалық шарттары, ақпараттық технологияларды қолдану мазмұны сынды мәселелер өз шешімін табуы көздейді.

Білім беруді дамытудың 2015-2030 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы бойынша бакалавриаттың халықаралық бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны үйлескен білім беру бағдарламалары жасалып, оқытудың кредиттік және қашықтықтан оқыту технологиялары жүзеге асады. Білім берудегі осындай өзгерістерге сәйкес жаңа тұрпатты мұғалім дәстүрлі оқыту формаларын ақпараттық-коммуникациялық, басқа да жаңашыл технологиялармен үйлестіріп жүргізе алуға қабілетті болуы керек деп есептеймін.

Жаңа тұрпатты мұғалім ұғымын психологиялық-педагогикалық әдебиеттерден жаңа типті мұғалім, жаңа буын мұғалімі терминдері түрінде кездестіреді.

Жаңа тұрпатты мұғалім анықтамасы 2005 жылғы 18 тамызда жарияланған «ҚР жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы» және «ҚР жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасында» бір мәселеге деген екі түрлі көзқарас көрсетілген. Екі тұжырымдама авторлары бір мәселені екі түрлі шешуді ұсынады.

Педагогикалық білім берудің ең жоғарғы мақсаты — жаңа тұрпатты мұғалімнің жалпы және кәсіби дамуының үздіксіз жүргізілуі. Бұл мақсатты жүзеге асыру кезінде маман-адам, азамат пен оның кәсіби білімі, іскерліктері мен дағдылары арасындағы үзіліп қалған байланыс қайта жалғасын табуы керек. Болашақ маманның жеке тұлғалық позициясын, оның кәсіби білімі мен іскерліктерін біріктіру жүзеге асуы жөн. Бұл біріктіру жалпы қосынды емес, сапалық жағынан жаңа құрылым болып, тұтастығы мен ішкі құрылымы жаңа типті мұғалім даярлау мен қалыптастыру мақсатын қоюға болады. Педагогикалық білім беру мақсаты, мұғалім тұлғасы мен кәсіби қызметінің инвариантты, идеалданған көрсеткіштері біліктілік сипаттамасының негізіне қойылатын профессиограммада ашылады. Біліктілік сипаттамасы типтік кәсіби педагогикалық міндеттер жүйесі түрінде құрылып, мұғалім тұлғасы мен кәсіби құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптарды құрайды.

Шебер мұғалім, біріншіден, халқымызға тән жастарымыздың бойында бар адамгершілік сипаттағы дүниетанымына, өз мәдениетіне, әдет-ғұрып, салт-саналарына, қол өнері мен педагогикасына арқа сүйейтіндігіне және ашық-жарқындығы мен бауырмалдылығына, яғни қазақ ұлтының басқа халықтардың құндылықтарын сіңіре алушылық қабілетіне ерекше назар аударған жөн. Екіншіден, өзі оқытатын пәнді терең меңгеруге міндетті. Үшіншіден, өздігінен білім алуға ынталы болуы керек. Мұғалімнің жеке басының үлгісі — кәсібилікпен біте қайнасқан қасиет болуы керек. Себебі, кез келген ұжымдағы қарым-қатынас мұғалімнің жеке басының үлгісімен тығыз байланысты.

Сонымен жаңа тұрпатты мұғалім ұғымы соңғы жылдары жарияланған шетелдік және қазақстандық педагогика оқулықтарында, ғылыми зерттеулерде «жаңа типті мұғалім», «мұғалім идеалы», «шебер мұғалім» түрінде берілсе, «жаңа тұрпатты мұғалім» термині терең қарастырылмаған. Жаңа тұрпатты мұғалім дегеніміз – кәсіби білім мазмұнын үздіксіз жетілдіріп отыратын, оқу үдерісін басқару қабілеті, сондай-ақ тұлғалық және кәсіби сапасы жоғары, озық технологияларды меңгерген, оны қалауынша пайдаланатын құзыретті тұлға.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, әрі өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Яғни жаңа технологияларды меңгеру жаңа тұрпатты мұғалімді қалыптастыруға қойылатын негізгі талап болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Глинский А.А. Методическая работа в общеобразовательном учреждении. – М.: Наука, 2006. – С. 14.
2. Кузьмина Н.В., Кухарев Н.В. Психологическая структура деятельности учителя. – Гомель, 2016. – С. 20.
3. Щербачев А.И. Формирование личности учителя в системе высшего педагогического образования. – Автореф... докт. пед. наук. – Л.: 2018. – С. 30.
4. Современный словарь по педагогике. – М.: Современное слово, 2011. – С. 405.
5. Сергеева Н.В. Методические рекомендации по изучению, обобщению и распространению передового педагогического опыта / Н.В Сергеева; Минский Дворец детей и молодежи. – Минск, 2018. – 17 с.
6. Пуйман С. А. Педагогический опыт: преемственность традиций и новаторства : (монография) / Мн.: БГУ, 2019. – 155 с.
7. Кухарев Н.В. Педагог-мастер - педагог-исследователь / Н.В. Кухарев; Гомельский областной институт повышения квалификации и переподготовки руководящих работников и специалистов образования. – 2-е изд. – Мозырь: Белый ветер, 2018. – С.7.

ӘӨЖ 371.3:371.398:37

ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қойшыбаев Махамбетжан Нахыпбекұлы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы ф.ғ.к

Ибадуллаева Гулнур Темирбековна

Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі БББ-ның 1 курс магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: mayat75.62@mail.ru

***Аннотация:** Бұл мақалада педагогикалық инноватиканың дамуы бірізділік, орталыққа бағыныштылық әсерінен тұйыққа тіреліп, кешеуілдеп келсе, соңғы жылдары демократиялық өзгерістер педагогикалық шығармашылыққа, шығармашылық құндылыққа ерік беріп, педагогикалық инноватика өз дәрежесінде еркін дамуда екендігі баяндалады. Бұған деген қызығушылықты әлем педагогтарының ерекше инновациялық қызметінен, журналдар, инновациялық ақпараттық қорларының ұйымдастырылуынан байқауға болатындығы.*

***Тірек сөздер:** Болашақ, демократияландыру процестері, стратегиялық ресурстары, Инноватика теориясы, Педагогикалық технология.*

***Аннотация:** В данной статье сообщается, что развитие педагогических инноваций зашло в тупик и задерживается из-за влияния последовательности и подчинения центру, но в последние годы демократические изменения позволили педагогическому творчеству и творческой ценности, а педагогические инновации развиваются свободно в своей степени.*

Заинтересованность в этом видна из специальной инновационной деятельности учителей мира, организации журналов, инновационных информационных фондов.

Ключевые слова: *Будущее, процессы демократизации, стратегические ресурсы, теория инноваций, педагогические технологии.*

Annotation: *This article reports that the development of pedagogical innovation has been stalled and delayed due to the influence of consistency and subordination to the center, but in recent years, democratic changes have allowed pedagogical creativity and creative value, and pedagogical innovation is developing, free to its extent. Interest in this is evident from the special innovative activities of teachers around the world, the organization of journals, and innovative information funds.*

Key words: *The future, democratization processes, strategic resources, theory of innovation, pedagogical technologies.*

Қоғамдағы түбірлі өзгерістер, әсіресе, оқу – ағарту, білім беру саласындағы ізгіліктендіру мен демократияландыру процестері мектептерде білім мазмұны жаңартуды, білім беруді басқару жүйесін жетілдіруді, мұғалімдерге қойылатын талап деңгейін өзгертуді қажет етіп отыр. ХХІ ғасыр шебінде жаңа технологиялардың пайда болуы ғылымның студенттерді- болашақ мамандарды – даярлау сапасына ықпалын бұрынғыдан да күшейтеді, өйткені ХХІ ғасырдың табалдырығында білім өзінің маңыздылығы жөнінен елдің стратегиялық ресурстарымен бәсекелесе алатын капиталға айналады. Ғылыми техникалық прогрестің жетістіктерін игерудің және жаңа технологияларды жасаудың жоғары білікті мамандарды қажет ететіні айқын болып отыр [1].

Болашақтың және қазіргі заман мұғалімдері қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, оның әлеуметтік парызына жауап беруді көздейтін, жаңалыққа сергек, өз ісіне гуманистік сезіммен қарайтын педагогикалық күрделі құбылыстардың барысын идеялық адамгершілік тұрғыдан шеше алатын, жаңаша ойлау дағдысын меңгерген, балалардың талапкерлігі мен өздігінен еркін дамуын ұйымдастыра алатын және ата-аналармен, ұжыммен педагогикалық ынтымақтастық орнатуға бейімділігі бар, шығармашылықпен еңбек ететін маман болуы керек. Мұғалімдердің инновациялық қызметі мен шығармашылық ізденістері ғана мектептің дамуын, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілерін, технологияларын қамтамасыз етеді. Сондықтан, мұғалімдердің тек қана орындаушылық рөлін өзгертіп, оны жаңа ізденіс - шығармашылық деңгейге көтеру – бүгінгі күннің міндеті болып отыр. Міне, осындай жаңа мұғалімнің қызмет ету үлгісін беріп, оқытудың жаңа технологиясын қолдануын реттеудің ғылыми-теориялық негізін жасау - біздің басты мақсатымыздың бірі. Тараудың негізгі мазмұны да осыған арналады.

Елімізде соңғы жылдары инновациялық процестер мәселесі арнайы зерттеле бастады. Педагогикалық білімнің жаңа бір саласы педагогикалық инноватика білім берудің жаңа практикасын ұйымдастыру мен байланысты мектептің даму процесін зерттейді. Оны мектептегі инновациялық процестің теориясы деп атауға да болады. Педагогикалық инноватика ғылыми білімнің жаңа саласы немесе жаңа ғылыми пән ретінде білім беру жүйесін қайта құру кезеңінде оқу процесіне педагогикалық жаңалықты ендіру мәселесін ғылыми жағынан негіздеуге бет бұрып отыр.

Инноватика теориясының негізін қалаушылар неміс ғалымдары В.Зомберт, В.Метчерлих, австралиялық И.Шумпетер. Бұл жаңа ұғым қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және технологиялық процестерге байланысты еніп отыр. Инновациялық процестің толық жазбасын И.Шумпетер 1911 жылы экономика саласында « жаңа комбинациялар » ретінде қолданып, 30 жылдардан кейін «инновация» ұғымына

алмастырылды. «Инновация» - сұраныс тауарларының жаңа түрлерін, өндірістің, транспорттың жаңа құралдарын ендіру мен пайдалану мақсатындағы өзгерістер деп түсіндірілді[2,3,4]. .

Кейіннен 1969 жылы чехословакиялық Валента Ф. «инновация» - өндіріс организмінің бастапқы құрылымының өзгерісі, яғни, ішкі құрылымнан жаңа жағдайға көшу деген анықтама береді. 50- жылдары Батыс, 60 жылдардан бастап ТМД елдерінде инновациялық педагогикалық процесс кең өріс алып, әлеуметтік оқу пәніне айналып отыр. Инновация- педагогика теориясына жаңадан енген, әлі толық зерттеліп бітпеген ұғым. «Инновация» ұғымы зерттеулерде XIX ғасырда пайда болып, белгілі бір мәдениет элементінің біреуінің екіншісіне енуі мағынасында қарастырылды.

Ұғымның осы мәні бүгінгі күнге дейін этнография саласында сақталып келеді. «Инновация» - (латынша - жаңалық) жаңару, өзгеру, жаңалық ендіру деген түсінікті береді [5].

Жаңалық ендіру- белгілі бір ортаға тұрақты жаңалық элементінің енуіне орай бір жүйенің басқа бір жүйеге ауысуындағы мақсатты өзгеріс. Кейіннен, педагогикалық инноватикаға жаңалықты ашу, педагогикалық қауымның қабылдауы, бағалауы және практикада пайдалануы жөніндегі ілім анықтамасы берілген. Педагогикалық инноватиканың дамуы бірізділік, орталыққа бағыныштылық әсерінен тұйыққа тіреліп, кешеуілдеп келсе, соңғы жылдары демократиялық өзгерістер педагогикалық шығармашылыққа, шығармашылық құндылыққа ерік беріп, педагогикалық инноватика өз дәрежесінде еркін дамуда. Бұған деген қызығушылықты әлем педагогтарының ерекше инновациялық қызметінен, журналдар, инновациялық ақпараттық қорларының ұйымдастырылуынан байқауға болады. Инновация теориясымен, методологиясымен ТМД елдерінде, Қазақстан көлемінде айналысып жүрген ғалымдардың еңбектері инновациялық процесті зерттеу жұмыстарын тереңдетуге мүмкіндік туғызып отыр. Педагогикалық инноватиканы педагогика теориясына немесе оның әдіснамасына жатқызу әлі нақты шешілмеген мәселелердің бірі. Өйткені, педагогика теориясы оқу-тәрбие процестеріндегі заңдылықтарды және оларды басқаруды қарастырады, ал әдіснама болса негізінен меңгеру, практикаға енгізу ұстанымдарын анықтаумен айналысады. Сонда педагогикалық инноватиканы білім жүйесіндегі жаңаруды жылдамдататын құрал ретінде құрастыруға болады. Демек, педагогикалық жаңалыққа бет бұру (инновация) дегеніміз- мақсат, идея және жеке адамның, қауымның практикалық қызметі, іс-әрекеті, жаңалықты ерекше қабылдау қасиеті.

Сонымен қатар, жалпы білім беретін мектептердегі білім мазмұнына қойылатын қоғамның әлеуметтік талабының ерекшеліктері – оқытуда ақпараттық технологияны пайдалану мүмкіндігін ескере, даралап және саралап оқытуды негізге ала отырып, білім мазмұнын жаңартудың көп деңгейлік жолдарын жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасында: «Бастауыш мектептің негізгі міндеттері-баланың жеке басының алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету; оның қабілеттерін ашып, дамыту, оқуға деген ықыласын, іскерлігін қалыптастыру, оқу, жазу, санау, қарым-қатынас ынтымақтастық тәжірибесінің берік дағдыларын меңгерту,»- дей келіп, оқытудың жаңа мазмұны, тиімді әдістемелер мен педагогикалық технологиялар мәселелері бойынша жедел ақпарат беру үшін қазіргі коммуникациялар жүйесін жасау міндетін қояды. Ал, Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында «қоғамды ізгілендіру – XXI ғасырдың табалдырығындағы өркениетті дамудың талабы, мұның өзі әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың тиімді нысаналарына қол жеткізуіне байланысты болып отыр, әрі бұл қатынастарда алдымен әлемнің тұтқасы ретінде адам аса айшықтана көрінеді. Ендігі жерде ізгілендіру мақсатына жету құралы зиялылықты қалыптастыруды, сезім, көңіл-күй

мәдениетін тәрбиелеуді, өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін орнықтыруды көздейтін сан қырлы процесс-гуманитарландыру болып табылады. Өйткені, біздің ертеңгі күні осы қазіргі мәдениетті, бүгінгі білім, тәрбие берудің аясында өзіміз қалыптастырған қоғамға қадам басатынымыз айқын,»-делінген.

Педагогикалық технологияның білім берудегі бағасын жалпы мойындағанмен де, оқыту технологиясының мәртебесі әлі де айқындалмаған күйде қалуда. Педагогикалық әдебиеттерге талдау жасап үнілсек, қазіргі кезде «оқытудың педагогикалық технологиясы» ұғымы ғылыми білім берудің теориясы мен практикасына мықтап енгенін көреміз.

Педагогикалық технология ұғымының қалыптасуы мен дамуының тарихында педагогикалық технология ұғымының мәні түрліше қарастырылады, яғни оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деп ұғынудан бастап педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін түрліше пікірлер бар, олар педагогикалық технология мәселесіне арналған Б.Блум, Дж. Кэрролл, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, М. Кларин, т.б. ғалымдардың еңбегінде қарастырылған [6,7,8,9,10].

Біріншіден, оқыту технологиясы- оқу ақпараттарының пайда болып көріну, өзгеру, өңделу әдістері мен құралдарының жиынтығы болса, екіншіден оқыту барысындағы мұғалімнің оқушыға қажетті техникалық және ақпараттық құралдарды қолдана отырып, әсер ету жолдары туралы ғылым.

Қазіргі заманғы оқыту технологиялары педагогикалық және психологиялық ілімдер негізінде жасалған дамытушы, тұлғалық бағдарлы, мақсатты технология болып табылады. Оқу процесін технологияландыру басқа ақыл-ой талабына ғана негізделген рационалистік немесе технократтық деп аталатын дидактикалық парадигмамен әдіснамалық байланыста. Педагог-рационалистердің негізгі міндеті- оқу материалын меңгерудің неғұрлым тиімді тәсілін іздестіру. Нақ осы модель төңірегінде оқытудың техникалық құралдарын қолданудың мүмкін жолдары пайда болып, ол кейіннен оқыту технологиясы ұстанымдарына ұласты.

Мектеп әлеуметтік институт ретінде барлық қоғам мен қоғамдық сананы бейнелейді. Ол саясаттан, идеологиядан тыс, ешқандай пәлсапаға сүйенбей өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан, кез келген жалпы педагогикалық білім беру технологиясы, белгілі бір философиялық тұғырға негізделеді. Философиялық ережелер педагогикалық технологияны методологиялық тұрғыдан қамтамасыз ететін құрамға енетін жалпы реттегіш ретінде қызмет атқарады. Технологияда мақсаттар жүйесіне енетін философиялық негіз анық байқалады. Жеткілікті дәрежеде анықталған философиялық көзқарас білім беру мазмұнында, оқу пәнінің мазмұнында көрініс табады. Бірақ олардың идеологиялық бағытында тұтастық, бірлік жоқ. Ортақ философиялық негіз болмағандықтан, мектептегі білім беру мазмұны дүниенің тұтас бейнесін бере алмайды.

Оқытудың әдістері мен құралдарының философиялық негізін айқындау өте қиын, себебі идеясы жағынан бір-біріне қарама- қарсы технологияларда бір ғана әдіс қолданылуы мүмкін. Сондықтан да, бір технологияның өзі әр түрлі философиялық негізде кезкелген жағдайға бейімделгіш, икемді болуы мүмкін (мысалы: ойын).

Оқу процесі көп уақыттан бері техникалық және технологиялық мәселелерді қамтиды. Оқытуда мұғалім мен оқушы еңбегін жетілдіріп, оның тиімділігін арттыратын көрнекілікке ұмтылу, әр-түрлі құралдарды қолдану білім жүйесі пайда болғаннан бері іске асып келеді. Дегенмен қазір, ғылыми- техникалық революция заманында, оқытудың технологиялық мәселелері өте үлкен мәнге ие болуда. Оқу процесінің сапалы да жаңа жағдайлары мен мүмкіндіктері – проекциялық аппаратура, телевизиялық техника тағы басқалар пайда болды.

Педагогикалық технологияның ерекшелігін педагогикалық жүйені жобалау тұрғысынан анықтау үшін жобалаудың білім беру аймағында оқыту жүйесі мен оның жекелеген компоненттерін жасаумен шектелмейтінін ескеру қажет. Жобалау сонымен қатар оқушының интеллектуальдық даму заңдылықтарын, оқу іс-әрекетінің қалыптасу ерекшеліктерін және педагогикалық басқарудың тәсілдерін зерттейтін құрал ретінде әдіснамалық қызмет те атқарады.

Педагогикалық технология ғылым мен тәжірибенің арасынан аралық орын алады. Осы мәселені зерттеушілердің бірі Н.Ф. Талызина: «Ғылым мен тәжірибенің арасында айырықша ғылым болуы тиіс, ол арқылы ұстанымдар, әдістер дүниеге келіп, олардың қолданылу жүйесі анықталу керек», - деп жазды [11].

Ғылыми – техникалық прогресс дәуірінде ана тілдің негізін меңгеру жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің бірден – бір элементі болып табылады [25]. Ана тілін оқып білу адамның ақыл – ойының дамуына үлкен әсер етеді. Ана тілін оқып білу барысында оқушылар: 1) логикалық ой қорытуға, өзінің ойын дәлелдеп жеткізуге және берілген ереже бойынша әрекет етуге, өз жұмысын жоспарлап, оны орындаудың тиімді жолдарын іздестіруге үйренеді; 2) табандылық пен мақсатқа ұмтылушылық, танып білумен өзін-өзі билеушілік, жүйелілік пен ой қорыту және оны тексере алу, өзінің пікірі мен ойын дәлелді түрде баяндап беру сияқты жеке адамның бойына қажетті әдет-ғұрыптарға үйренеді.

Ана тілі жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие береді, нарық заманында өмір сүруге үйретеді. Осы айтылғандар негізінде жалпы білім беретін қазақ мектептерінде ана тілін оқытудың негізгі мақсаты оның жас ұрпаққа білім берудегі және олардың одан әрі дамытып тәрбиелеудегі орны мен ролін айқындайтын мынадай қағидаларға сүйене отырып анықталады:

- ана тілінің идеялары мен әдіс, тәсілдері және олардың бізді қоршаған ортада болып жататын құбылыстарды зерттеп танудағы ролі туралы түсінікті қалыптастыру;
- қазіргі қоғамның толық жарамды мүшесі болуға қажет болатын жүйелі ой қорытып, дұрыс пікірге келу, басқа қасиеттерді қалыптастыру және одан әрі дамыту;
- қазір қоғамның әрбір мүшесіне күнделікті өмірде және еңбек ету әрекетінде қажет болатын, мектептегі басқа пәндерді оқып білуге, үзіліссіз оқып білу жүйесінде өзінің білімін одан әрі жалғастыруға жеткілікті болатын ана тілінде білім және іскерліктерді оқушылардың меңгеруін қамтамасыз ету.

Бастауыш қазақ мектебінде ана тілді оқыту мазмұнын жетілдіру, оқу-әдістемелік кешен дайындау мәселесімен С. Рахметова, П. Жаманқұлов, Б. Қабатаева, Т. Әбдікәрімова айналысып олар дайындаған оқу-әдістемелік кешен 1992-93 оқу жылынан бастап республика мектептерінде қолданылып келеді.

Педагогикалық әдебиеттерде «педагогикалық технология» ұғымы үш деңгейде қолданылады.

Жалпы педагогикалық (жалпы дидактикалық) деңгей. Педагогикалық технология берілген аймақтағы, оқу орнындағы білім беру процесін тұтас сипаттайды. Бұл тұрғыдан педагогикалық жүйе мен мағыналас: оған оқытудың мақсаты, мазмұны, құралдары мен әдістерінің жиынтығы, тіпті процестегі субъектілер мен объектілердің (олардың өздерін алмағанда) іс-әрекеттерінің алгоритімі кіреді.

Жеке пәндік- әдістемелік деңгей. Бұл жерді педагогикалық технология жеке пән әдістемесі ретінде қолданылады, яғни ол бір пән, бір сынып, бір мұғалім шеңберінде оқыту мен тәрбиелеудің белгілі бір мазмұнын жүзеге асыру үшін қолданылатын әдістер мен құралдардың жиынтығы.

Элементтік (бөлімді) модульдік деңгей. Мұнда оқу-тәрбие процесінің жекелеген бөлігінің технологиясы қарастырылады: жеке іс-әрекет түрлерінің технологиясы, ұғымдарды

қалыптастыру технологиясы, жеке тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу технологиясы, сабақ технологиясы, жаңа білімді игеру технологиясы, өз бетімен жұмыс технологиясы.

Қазіргі заманғы педагогикалық технология төмендегідей негізгі әдістемелік талаптарға сай болуы тиіс:

1.Технологиялық сызба (карта)- технологиялық процесті оны жеке функционалды бөліктерге бөлу және олардың арасындағы логикалық байланыстарды белгілеу арқылы көрсететін шартты бейнесі.

2.Әр педагогикалық технология тәжірибе игерудің белгілі бір ғылыми тұжырымдамасына негізделуі тиіс: білім беру мақсаттарына жету процесінің ғылыми негіздемесі болу керек.

3. Педагогикалық технологияның барлық жүйелік сипаттары: процестің логикасы, барлық бөліктерінің өзара байланысы,тұтастығы.

4.Оқу процесін жобалау, жоспарлау, мақсатын анықтау мүмкіндіктері ескерілуі керек; кезеңді диагностика , нәтижелерді түзету мақсатында әдістер мен құралдарды түрлендіру мүмкіндігі қаралуы қажет. Педагогикалық технологияның осы сапалары оған басқарылымдық (меңгерушілік) сипат береді.

5. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар бәсекелестік жағдайда қызмет етеді. Сондықтан, белгілі білім стандарттарына сай оқыту кепілдігін беріп, нәтижесі тиімді , шығыны аз болуы керек.

6. Педагогикалық технологияны басқа білім беру мекемесінде басқа субъектілердің де қолдану мүмкіндіктері ескерілуі керек, яғни ол қайта қолданылатындай болуы тиіс.

«Педагогикалық технлогия», «оқыту технологиясы» анықтамаларын көптеген ғалымдар үш маңызды ережеге біріктіреді, олар:

-оқытуды оқушының іс-әрекетін қалаған үлгі (эталон) түрінде дәл анықтау негізінде жоспарлау;

-мұғалімнің қызметі мен оқушыға қалыптасқан ықпалын қатаң жүйелеу түрідегі оқыту процесінің бағдарламасын жасау;

-көзделген үлгі (эталон) мен оқытудың нәтижесін сәйкестендіру.

Сөйтіп, қазіргі заманғы жаңа педагогикалық парадигманың пайда болуының мынадай елеулі негіздері бар.Біріншіден, постиндустриялық қоғам білім берудің күрт көпшілік сипат алуын және оның деңгейінің тұтынушы тарапынан талап-тілектің өсуіне орай арттырылуын талап етеді. Екіншіден,бұл жаңа парадигманың бекітілуі адам өмірінің барлық саласында, оқытудың жолдары мен құралдарында көрініс табады. Былайша айтқанда, қазіргі заманғы педагогикалық парадигма екінші мыңжылдықтың аяғы мен үшінші мыңжылдықтың басында үстемдік құратын танымның гуманистік-рефлексивтік әдістері түріндегі мықты ғылыми- дүниетанымдық көзқарасқа негізделеді. Үшіншіден, қазіргі заманғы информатика құралдары мен телекоммуникация құралдары оқушыларға бүгіннен бастап әр пәннің қиындық дәрежесі мен олардың өмірге көзқарасының сабақтастығын анықтап, болашағын таңдауға мүмкіндік береді.

Жалпы, оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға өз әсерін тигізеді. Тек олардың ерекшеліктеріне, мән-мағынасына қарай таңдап, қолдана білу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Көшербаев Қ.Е, Ахметов Ә.Қ, Әбілқасымова А.Е, Рахымбек Х.М.

Қазақста Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы. Алматы, «Білім», 2018 ж

2. В.Зомберт, Педагогическая технология в учебном процессе – М, 2019 – 205с

3. В.Метчерлих. Гуманитарный аспект технологии обучения // Современная высшая школа-Варшава, 2017- №1 (17) 98с
4. И.Шумпетер Технология совершенствования учебных умений //Начальная школа, 2017.- №5.-85с.
5. Валента Ф Управление инновациями.М.Прогресс.2015г.137с.
6. Б.Блум, Блум технологиясы.
7. Дж. Кэрролл, Современное образовательные технологии. Учебное пособие для педагогических вузов и институтов повышения квалификации. -М.: Народное образование, 2018.-225с.
8. П.Я. Гальперин, . Психологическая теория учебной деятельности и методов начального обучения, основанных а содержательном обобщении – М, 1992 – 186с
9. В.В. Давыдов, Практика обучения : Современные образовательные технологии.-М. Изд-во «Институт прктической психологии»- Воронеж: НПО «МОДЭК», 2018-288с
10. М. Кларин, Педогогическая технология в учебном процессе – М, 2019 – 205с
11. Н.Ф. Талызина Современная высшая школа. 2017, т.1 (17) – С.94

ӘӨЖ 371.3:371.333:371.398:37

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙ - ӨРІСІН ДАМЫТУДА МАҚАЛ –
МӘТЕЛДІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ**

Қойшыбаев Махамбетжан Нахыпбекұлы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы ф.ғ.к

Токбай Динара Кенжебайқызы

Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі БББ-ның 1 курс магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: mahat75.62@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада оқушының сөздік қорын молайту, жаңа сөздерді меңгеруде шешуші роль атқаратын жұмыстың бірі-сөздік жұмысы жайлы баяндалады. Осы сөздік жұмысты жүргізуде, бекітуде, оны практикалық қолдана білуде ойынның атқаратын ролі ерекше. Мақал-мәтелдің оқушыларға тәрбие берерлік жағы да, сөздік қорды толықтыру үшін теңдесі жоқ қазына. Мақал – сөздің мәйегі. Мәйек – бір қазан сүтті ашытатын (ұйтатын) ұйтқы, яғни қысқа да нұсқа айтылатын сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сөздің ұйытқысы. Мақал дегеніміз халықтың ғасырлар бойы өмірден, табиғаттан көрген – білгенін бейнелейтін шағын шығармасы, сөз өнері ... Мақал бейнелі сөз, тілі ұста, құрылысы тұрақты сөйлем.

Тірек сөздер: Мақал – мәтелдер, анкеталар, Мақалды үстеу, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз-ертегілері, жұмбақ.

Аннотация: В данной статье рассказывается о словарной работе, которая играет решающую роль в расширении словарного запаса ученика и изучении новых слов. Роль игры в усвоении, закреплении и умении использовать на практике эту лексику особенная. Пословицы являются несравненным сокровищем для воспитательной деятельности учащихся и пополнения словарного запаса. Пословица – это выражение слова. Майек – это закваска, которая сквашивает (замешивает) горшок с молоком, то есть слово, произносимое в кратком варианте, узел, подобный лодыжке из девяноста слов, закваска слова. Пословица – это маленькое произведение, искусство речи, в котором изображено то, что люди видели и узнавали из жизни и природы на протяжении веков. Пословица – это образное слово, предложение, имеющее устойчивую структуру.

Ключевые слова: Пословицы - поговорки, анкеты, пословичные наречия, традиции, обычаи, легенды, загадки

Annotation: This article talks about vocabulary work, which plays a crucial role in expanding a student's vocabulary and learning new words. The role of the game in the assimilation, consolidation and ability to use this vocabulary in practice is special. Proverbs are an incomparable treasure for the educational activities of students and replenishment of vocabulary. A proverb is an expression of a word. Mayek is the leaven that ferments (kneads) the pot of milk, that is, the word pronounced in a short version, a knot like an ankle of ninety words, the leaven of the word. A proverb is a small work, an art of speech, that depicts what people have seen and learned from life and nature over the centuries. A proverb is a figurative word, a sentence that has a stable structure.

Key words: Proverbs - sayings, questionnaires, proverbial adverbs, traditions, customs, legends, riddles

Мақал – мәтелдер ғасырлар шежіресі. Мақал-мәтелдер ой дәлелдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады. Халық даналығы үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлікпен танытқан. «Көп сөз-көмір, аз сөз-алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында.

Оқушылардың сөздік қорын молайту жөнінде оларды дұрыс сөйлеуге үйрету жолында өзіміздің іс-тәжірибемізге сүйене отырып, мынадай тәсілдер пайдаланамыз .

- сөздік жұмыс (әңгімелеу, салыстыру, қайталау, сұрақ-жауап, анкеталар т.б.)
- көрнекі құралдар қолдану (сурет, бейне фильм т.б.)

Оқушының сөздік қорын молайту, жаңа сөздерді меңгеруде шешуші роль атқаратын жұмыстың бірі-сөздік жұмысы. Осы сөздік жұмысты жүргізуде, бекітуде, оны практикалық қолдана білуде ойынның атқаратын ролі ерекше. Мақал-мәтелдің оқушыларға тәрбие берерлік жағы да, сөздік қорды толықтыру үшін теңдесі жоқ қазына. Мақал – сөздің мәйегі. Мәйек – бір қазан сүтті ашытатын (ұйтатын) ұйтқы, яғни қысқа да нұсқа айтылатын сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сөздің ұйытқысы. Мақал дегеніміз халықтың ғасырлар бойы өмірден, табиғаттан көрген – білгенін бейнелейтін шағын шығармасы, сөз өнері ... Мақал бейнелі сөз, тілі ұста, құрылысы тұрақты сөйлем. Сондықтан да ол жаттауға, есте сақтауға, пайдалануға оңай. Өйткені, қазақ мақалдарының құрылымы қысқа, өлеңге жуық, онда ұйқас бар, дыбыс үндестігі бар [1].

Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір-бірімен байланыста. Адам бір-бірімен сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым қатынас жасайды. Сөйлеу тілі арқылы адам екінші бір адамның айтқан сөзін естейді, тыңдайды әрі онымен пікір алысып сөйлеседі. Адам осындай сөйлеу барысында тілдің түрлі көркемдік тілдік құралдарын пайдаланылады. Мысалы, мақал-мәтел, теңеу, салыстыру, әсірелеу, сөзге екпін түсіріп айту, ымдау тағы да басқа әрекеттер арқылы сөйлеу үрдісінде екінші бір адамға ойын жеткізеді. Сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлемдермен айтуға бейім келеді, мысалы, сөйлемнің айқындауыш, оңашаланған мүшелерін, құрамдас сөйлем түрлерін қолдана бермейді. Тіл дамыту жұмыстары грамматикалық заңдықтармен байланысты жүргізілуі тиіс[2].

Мақалдармен жұмыстың бірнеше түрі бар:

- 1.Мақалды үстеу.
- 2.Мақал мазмұны бойынша жұмыс.
- 3.Мақалды сөйлеу әрекетінде қолдану.

Үстеу кезеңінде тақтаға мақалды жазамыз. Алдымен мұғалім оқиды. Сонан соң оқушылар қайталайды. Түсіндіру кезінде алдымен кейбір сөздерінің мазмұнын синониммен түсіндіруге болады. Мақалдың мағынасын ашу кейде қиындық туғызады. Бұл мұғаліммен сөйлесуге

жағдайын ұсыну арқылы түсіндіруді қажет етеді. Мысалы: мақалдың құрамында жиі кездесетін «ырыс, несібе, құт» сөздерінің мағынасын ұлттық сипатта түсіндіру қажет. Өйткені, бұл сөздердің аудармасы мағынасын дәл ашып бере алмайды. Мысалы:

1. Батыр туса, ел ырысы, жаңбыр жауса, жер ырысы.
2. Байлық-мұрат емес, кедейлік ұят емес.
3. Отан оттан да ыстық.

Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген, оған жаттыққан оқушы ойын жазбаша да дұрыс, жүйелі бере алады. Сондықтан бұл екі үрдіс бір-бірімен бірлікте, байланыста қаралғанда, жүргізгенде ғана дұрыс нәтиже береді. Тіл дамытуға арналған жұмыстардың барлығы оқушылардың тіл байлығын, білім деңгейін, сана сезімін, сауаттылығын дамытуға көмегі зор.

Өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігін керек ететіні белгілі.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердің дамуында оң өзгерістер байқалады. Мұнда іс-әрекет пен қарым-қатынас сияқты негізгі күштердің өзара ұтымды байланысы арқылы саналы адамгершілік көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік беріп отыр.

Қазақстан Республикасы бойынша халықтық педагогиканың жалпы педагогика, психология, философия ғылымдарындағы алатын орнын, оның тарихи даму жолын, ғылыми тұрғыдан мәні, мақсатын, мазмұнын ашуда елеулі үлес қосқан көрнекті ғалымдар: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев., **О.Тұрманжанов**. Х.Арғынбаев, С.Ұзақбаев, А.А.Мұқанбаева т.б. еңбектерін атап өтуге болады [3,4,5,6,7,8,].

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жалпыға бірдей білім беретін орта мектептердің алдына әлемдік өркениеттің барлық талаптарына сай келетін, парасатты, тәрбиелі жастарды тәрбиелеп дайындауды талап етуде. Бұл Отанымыздың келешек дамуымен, әлемнің алдыңғы қатарлы елдер қатарына қосылуымен, қазіргі мектеп оқушыларының білім дәрежесімен, шығармашыл ойлай алу қабілеттерімен сабақтаса орайласады. Осыған орай білім беру салаларында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдану жұмыстары жедел қарқынмен жүруде.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында белгіленген орта білім берудің негізгі міндеттерінің бірі «...білім алушылардың еңбек рыногындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету» үшін тілдік фактілерді жалаң емес, қатысымдық тұрғыдан меңгерту қажет. Бұл оқушылардың ана тілінде жатық таза сөйлеуіне, өз ойын жүйелі, анық жеткізуге әсер етеді.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілі, ана тілі сабақтарында мақал-мәтелдерді оқытып, оқушылардың шығармашыл ойлауын қалыптастыру – бүгінгі өмір талабына сай азаматты тәрбиелеудің негізгі жолдарының бірі. Себебі оқыту үрдісінде тиімді қолданылған мақал-мәтелдер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, сол арқылы шәкірттердің ана тілінің терең қатпарларын игеруіне, асыл маржандарын түсінуіне жағдай жасайды. Сондықтан қазақ тілі, ана тілі пәндерінде мақал-мәтелдерді оқыту мемлекет тарапынан білім беру мекемелеріне қойылған талаптардың іске асуына игі әсерін тигізеді.

Оқушылардың сабақтағы белсенділігі олардың сабаққа қызығушылықтарының артуымен тығыз байланысты. Әсіресе, мақал-мәтелдер оқушылардың лидерлік қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, сыныптастарымен еркін пікірлесуге ықпал етеді. Мақал-мәтелдер оқушыларды тілдік материалдарға қызықтырумен қатар ана тілінен алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Мұның өзі мақал-мәтелдер бастауыш сынып оқушыларының танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін, ізденімпаздығын, еңбекқорлығын жетілдіруде, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Мақал-мәтелдерді меңгеру барысында оқушылар өздерін еркін сезінеді, басқа

жолдастарымен тілдік қарым-қатынасқа оңай түседі. Бұл шәкірттердің жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруіне, сабақтың тартымды өтуіне, жаңа материалды терең игеруіне ықпал етеді. Сондықтан оқыту барысында мақал-мәтелдерді қолдану – қазақ тілі, ана тілі пәндерін сапалы оқытудың, меңгерудің ұтымды жолдарының бірі.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік, саяси және жана технологиялық өзгерістерден, ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отырғаны мәлім. Осыған орай, бүгінгі таңда қоғамның ұлттық мәдени тұрғыдан кемелденуі жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстыру, соның негізінде жеке тұлғаны қалыптастырып, оның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту көзделеді. Өйткені, еліміздің болашағы, оның материалдық және рухани дамуы жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің деңгейіне байланысты.

Әр жасөспірімнің қалыптасып дамуына өзі күнбе-күн өмірден сезінетін, еститін, көретін заттары мен құбылыстары, оқиғалары үлкен орын алады. Соның ең негізгісі – қазақ халқының ұлттық-мәдени құндылықтары.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз-ертегілері, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең-жырлары, ұлттық ойындары ерекше тәрбиелік мәні бар, баға жетпес асыл қазына.

Халық педагогикасын зерттеу негізінде халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, ойындары, отбасы тәрбиесінің тәжірибелері жатады. Бұл анықтамалардан тәрбие мен оқыту жұмысы халықпен бірге өскен, бірге дамымағандығын, сан ғасырлар бойы халықпен қатар жасап, оның озық үлгілерін келер ұрпаққа мирас етіп келе жатқанын білеміз.

Халық педагогикасының мұрасының бірі-балалар фольклоры. Балалар фольклоры- бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауысып отыратын рухани мұра өмірінің дамуына сәйкес өзгеріп, кейбіреулері жаңа мазмұн алып, әрмен қарай дамиды халықтың қоғамдық тарихи өмірінде қалыптасқан табиғи құбылыс. Ол тұтастай алғанда адам өмірінің рухани-адамгершілігінің қуат-қайнары. Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған фольклор мазмұнында адамгершіліктің жоғары сапалы тәрбиелеуге ықпал жасаған озық өнегелері бар.

Балалар фольклоры қоғамдық сананың барлық сатысынан орын алады. Мысалы, саясатта, қоғамдық өмірдегі дәстүрде, халықтар арасындағы ынтымақтастыққа, теңдікте, бастандықта, өзара көмек дәстүрінде, отбасы дәстүрінде, еңбек дәстүрінде т.б.

Жалпы тәрбие процесінде қазақ балалар фольклоры арқылы бала бойында шынайы адамгершілікті, имандылықты, адамдар арасындағы парасатты, мінез-құлық қасиеттерді бастауыш сатыдан отбасынан бастап тәрбиелеудің мүмкіндігі көп. Этнокомплекстік тәрбие негізінде адамгершілік тәрбиесі жеке бастың жетілдірудің барлық сатысын қамтиды. Адамның адамгершілік тәрбиелігі адам өмірінің әр қырынан көрініс табады.

Адамгершілік теориясы мен практикасында аса маңызды бағыттарға сын көзімен қарамайынша бүгінгі тәрбиенің негізгі бағыттарын айқындау қиынға түседі, әсіресе бүгінгі күнде орын алатын ұлттық педагогика тұрғысынан жалпы тәрбиенің, оның ішінде адамгершілік тәрбиесі ұғымдарының ғылыми негізін алып көрсету әлі де болса шешімін тапқан жоқ.

Сондықтан, бұл мәселелердің заңдылықтарын, негізін, ғылым мәнін ашу үшін педагогика, психология, ғылымдарында жинақталған зерттеу негізінде айқындалған төменгі тұжырымдамаларға сүйінеміз.

Қазақ ауыз әдебиетінің негізгі жанры – мақал-мәтелдер арқылы бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру мәселесі бастауыш мектеп педагогикасының теориясы мен практикасында өз деңгейінде зерттелмеген. Демек, оқушылардың қазақ этнопедагогикасының негізгі құралы- мақал-мәтелдер негізінде тәрбиелеуге қоғамның

сұранысы мен оның жүйелі түрде зерттелмегені арасында; оқу-тәрбие процесінде оқушылардың дүниетанымын дамыту қажеттігі мен оны жүзеге асыруға байланысты оқу-әдістемелік кешеннің жоқтығы арасында; қазақ ауыз әдебиетінің негізгі жанры мақал-мәтелдердің балалардың дүниетанымын дамытудағы тәрбиелік мәні мен мүмкіндіктерінің кеңдігі мен оларды оқушылардың ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық мәдениетін қалыптастыру мақсатында менгерту жүйесінің жасалмағандығы арасында қарама-қайшылықтың бар екені анық байқалады.

Ал, біздің зерттеу еңбегіміздегі қаралып отырған адамгершілік тәрбиесі дегеніміз-оқушылардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттамаларын қалыптастыру және олардың өздерінің де бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту жөніндегі тәрбиешілердің арнаулы мақсат көздеген қызметі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Тәлім- тәрбие тұжырымдамасы.Қазақстан мектебі №8, 2020 3б.
2. Р.К.Төлеубекова. « Қоғамдамуының жаңакезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық – әдіснамалық негізі» Алматы 2021 295 б.
- 3.Қ.Жарықбаев, Психология, - Алматы, 2010 - 270 б.
- 4.С.Қалиев., «Халық педагогикасы хақында бірер сөз». Алматы – 2020.
5. Қазақтың мақал - мәтелдері/Құраст. О.Тұрманжанов. -Алматы, 2018-35 б.
6. Х.Арғынбаев, Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі -Алматы: Мектеп, 2018-345 б.
- 7 А.С.Ұзақбаева Тамыры терең тәрбие, - Алматы: Білім, 2019 -323 б.
- 8.А.Ұзақбаев, «Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру». Алматы – 2018

ӘӨЖ 371.3:371.398:37

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ САУАТТЫ ЖАЗУДЫ ОҚИТУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Қойшыбаев Махамбетжан Нахыпбекұлы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы ф.ғ.к

Қасым Жаннұр

Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі БББ-ның 1 курс магистранты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:guliya-09@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада емлені оқытудың мазмұны орфографиялық теориядан (оган ережелер, орфография, орфографиялық сөздіктер кіреді) және орфографиялық дағдылардан тұрады (оларға орфографиялық қырағылық, қателерді табу және түзету мүмкіндігі, дұрыс емлені таңдау мүмкіндігі кіреді) басталатыны баяндалады.

Құзыретті жазуды оқытудың мазмұны жалпыланған орфографиялық дағдыларды қалыптастыруды, атап айтқанда емле анықтау, емле түрін анықтау, оны тексеру әдісін таңдау, емлені тексеру, жазудың орфографиялық дұрыстығын бақылау дағдыларын қамтиды. Жазуды оқыту жүйесі іс жүзінде жасына, балаларды оқытуға, сабақтың мазмұнына және мұғалімнің осы сабақта қойған мақсатына байланысты әртүрлі әдістерді қолдануды қарастырады.

Тірек сөздер: Орфография, Емлені оқыту, сөздіктер, Әңгіме әдісі, Фонетикалық-орфографиялық талдау, диктант.

Аннотация: В данной статье говорится, что содержание обучения правописанию начинается с теории правописания (в которую входят правила, орфография, орфографические словари) и навыков правописания (включающих в себя знание

правописания, умение находить и исправлять ошибки, умение выбирать правильное написание).

Содержание обучения грамотному письму включает формирование обобщенных орфографических навыков, в частности умений определять правописание, определять вид написания, выбирать способ его проверки, проверять правописание, контролировать правильность написания. Система обучения письму фактически предполагает использование разных методов в зависимости от возраста, обучения детей, содержания урока и цели учителя на этом уроке.

Ключевые слова: Орфография, Обучение правописанию, словари, Метод рассказа, Фонетический и орфографический анализ, диктант.

Annotation : This article states that the content of teaching spelling begins with spelling theory (which includes rules, spelling, spelling dictionaries) and spelling skills (including knowledge of spelling, the ability to find and correct errors, and the ability to choose the correct spelling).

The content of teaching literate writing includes the formation of generalized spelling skills, in particular the ability to determine spelling, determine the type of writing, choose a method for checking it, check spelling, and monitor the correctness of spelling. The system of teaching writing actually involves the use of different methods depending on the age, the learning of the children, the content of the lesson and the purpose of the teacher for this lesson.

Key words: Spelling, Teaching spelling, dictionaries, Story method, Phonetic and spelling analysis, dictation.

Орфографияны оқыту әрқашан қазақ тілі сабағының басты міндеті болды. Емлені оқытудың мазмұны орфографиялық теориядан (оған ережелер, орфография, орфографиялық сөздіктер кіреді) және орфографиялық дағдылардан тұрады (оларға орфографиялық қырағылық, қателерді табу және түзету мүмкіндігі, дұрыс емлені таңдау мүмкіндігі кіреді).

Құзыретті жазуды оқытудың мазмұны жалпыланған орфографиялық дағдыларды қалыптастыруды, атап айтқанда емле анықтау, емле түрін анықтау, оны тексеру әдісін таңдау, емлені тексеру, жазудың орфографиялық дұрыстығын бақылау дағдыларын қамтиды. Жазуды оқыту жүйесі іс жүзінде жасына, балаларды оқытуға, сабақтың мазмұнына және мұғалімнің осы сабақта қойған мақсатына байланысты әртүрлі әдістерді қолдануды қарастырады.

Емлені оқытудың әдістері мен оларды таңдау емлеге байланысты. Осы әдістердің арқасында, атап айтқанда әртүрлі жаттығуларды қолдану арқылы сауатты жазу дағдыларын қалыптастыруға қол жеткізіледі.

Мұғалімнің сөзі. Бұл әдісті бастауыш мектеп мұғалімдері хабарламалар үшін, тапсырмаларды тұжырымдау үшін, сондай-ақ сөздердің этимологиялық анықтамалары үшін кеңінен қолданады. Мұғалім бұл әдісті жұмысты қорытындылау үшін қолданады және т.б.

Әңгіме әдісі. Сөйлесу әдісі-дидактикалық жұмыстың ең көне әдісі. Осы әдісті қолдана отырып, мұғалім оқушыларды жаңа материалды тусінуге жетелейді, ескінің ассимиляциясын тексереді. Әңгіме репродуктивті және эвристикалық болып бөлінеді. Бұл әңгіменің ерекшелігі – шешуді қажет ететін ерекше мәселе; әңгіменің негізгі элементі-сұрақ. Репродуктивті әңгіме өз кезегінде оқушылардың репродуктивті белсенділігін болжайды.

Бақылау және талдау әдісі. Бұл әдіспен зерттелген құбылыстарды салыстыру және жалпылау жүреді. Материалды зерттеу кезінде, мысалы, екпінмен тексерілген дауысты дыбыстардың емлесін зерттеу, салыстыру әдісін қолданған дұрыс.

Өзіндік жұмыс әдісі. Бұл мұғалім ұйымдастыратын ақыл-ой әрекетінің бір түрі, оның барысында оқушылар жаңа білім мен дағдыларға ие болады. Бұл әдіс егер оқушылар оқулықпен жұмыс істеу дағдысына ие болса қолданылады. Оқушылар жұмысты өз бетінше

жүргізе отырып, салыстыруды, талдауды, жалпылауды, пайымдауды үйренеді. Бұл өз бетінше білім алуға үйрету – әдістің басты мақсаты бар.

Қарастырылған әдістер белгілі бір әдістер арқылы жүзеге асырылады. Әр техниканы белгілі бір әдіске қосуға болады, бұл қабылдаудың ерекшелігі. Бір-бірімен өзара әрекеттесу кезінде әдістер кез-келген әдіске қосылуы мүмкін, бірақ өзара әрекеттесу әдістері бір-біріне құрамдас бөлік ретінде кіре алмайды.

Негізгі әдістердің бірі-жаңа материалды зерттеуде тиімді қолданылатын орфографиялық талдау. Бұл талдаудың мақсаты-емлені мағыналы меңгеруді қамтамасыз етеді, яғни сана принципін жүзеге асырады, орфографиялық материалды үнемі қайталауды қамтамасыз етеді және оқушылардың ақыл-ой дамуына ықпал етеді. Орфографиялық талдау толық немесе ішінара, ауызша немесе жазбаша болуы мүмкін. Бұл әдіс жазуға аналитикалық көзқарас дағдысын қалыптастыруға көмектеседі, ережені әдейі қолдану қабілетін қалыптастырады. Бұл ережені білу мен емле шеберлігі арасындағы аралық. Ереже бойынша әрекет етуді үйрену кезеңінде ол құбылыстардың емлесін тусіндіру үшін фонетика немесе грамматика туралы білімді саналы түрде қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Тексеру кезеңінде мұғалімге оқушылардың алған білімдерін практикада қаншалықты саналы түрде қолданатынын анықтауға көмектеседі.

Орфографиялық талдау өте күрделі талдау. Ереже бойынша іс-әрекетті оқыту кезеңінде ол құбылыстардың емлесін тусіндіру үшін фонетика немесе грамматикатуралы білімді саналы түрде қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Тексеру кезеңінде мұғалімге оқушылардың алған білімдерін практикада қаншалықты саналы түрде қолданатынын анықтауға көмектеседі. Фонетикалық және грамматикалық-орфографиялық талдаулар кезінде оқушылар тек білімді ғана емес, сонымен қатар қажетті терминдерді қолдана білуді, олардың дұрыстығын дәлелдей отырып, пайымдауды, яғни мәтінді-пайымдауды құра білуді көрсетуі керек, бұл көбінесе күрделі сөйлем болып табылады, онда бірінші (негізгі) бөлім орфографиялық немесе грамматикалық-орфографиялық фактіні растау болып табылады, ал екіншісі (бағынышты) – бұл тұжырымның дұрыстығын растау.

Фонетикалық-орфографиялық талдау. Талдаудың бұл түрі фонетикалық емшелерді өңдеуде қолданылады және оның әдістемесі мен мәні бойынша жеке дыбыстық-әріптік талдау болып табылады, өйткені оның барысында барлық сөз талданбайды, тек емле.

Емлені оқытудағы тағы бір тиімді әдіс-алгоритмдеу әдісі. Бұл әдіс ережелерді негізделген қолдану жүйесі болып табылады. Мұғалім логикалық дәйекті операцияларды қажет ететін арнайы материалдарды пайдаланады. Алгоритмдеу әдісі оқушылардың ақыл-ой белсенділігін басқаруға ықпал етеді, оқушыға берік білім беруге мүмкіндік береді. Жұмыста алгоритм келесідей көрінуі мүмкін: жұмысқа дайындық жаттығулары; ережені енгізу; алгоритмді тусіну; алгоритмді қолдануға үйрету; алгоритм бойынша оқушылардың өзіндік жұмысы.

Емлені оқыту әдістемесінде жазуды оқытуда үлкен рөл атқаратын жаттығулардың негізгі түрлері бар. Ал бұл әдіс тиімді және қатесіз жазу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Жаттығудың бұл түрінің міндеті-балаларды көркем, сауатты, түзетусіз жазуға үйрету. Осы мақсатта жаттығулары әріптік кезеңде қолданылады. Оқушыларға жазылатын сөздерді мұқият оқып, жазуды үйрету керек. Мәтінде түсініксіз сөздерді табу керек. Әрі қарай, алдау әр сөзді буындарға жазу арқылы жүреді. Соңында оқушы жазылғанын тексереді.

Диктант. Шартты түрде диктанттарды оқыту (ескерту, тусіндірме, тусініктемежазу, "Өзінді тексер" диктанты) және бақылау деп бөлуге болады.

Бүгінде мектеп өз көрінісін динамикалық түрде өзгертуде. Бұл, ең алдымен, қазақстандық білім берудегі елеулі өзгерістерге байланысты. Елдегі заманауи өзгерістер, қоғамды жедел ақпараттандыру және динамизм білімге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертеді [1]. Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын еліміз бірінші орынға қойып отыр. Білім беру мен білім алудағы атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздарың еншісінде екені айтпаса да белгілі. ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес мектеп оқушылары бүгінгі заманда және келешекте қол жетімді табысқа жету үшін, бұрынғыдан да анағұрлым дағдыларды меңгеруін қажет етеді. Сондықтан қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі өзгерістердің бірі- жаңартылған білім беру мазмұнына көшу болып табылады және оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қарастырылып, енгізілуде сабақ – мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілеттілігіне, шеберлігіне байланысты. Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістердің білім беру саласы шет қала алмайды. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім алу алған білімнің тәжірибелік қолданылуы үшін жаңа нәтижелерге бағдарланған модельге өту кезеңінде. Біз қазіргі таңдағы білім беру саласындағы мемлекеттік деңгейде қойылған міндеттермен анықталған жауапкершілік шарасын түсінеміз. Білім берудің жаңартылған мазмұнын, оқушыларды критерийлік бағалау жүйесіне ауысуын, үш тілде білім беруді енгізу, КБО-ның кең ауқымына қол жеткізу шын мәніндегі тек білімді жетілдіруді талап етпейтін тапсырмалар болып табылады [2,1906]. Білім мазмұнын жаңарту, бұл ең алдымен, орта білімнің үлгісін, оның құрылымы мен мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, оқыту және білім беру жүйесін қайта қарап, оқушылардың жетістіктерін бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде іс-шаралар кешенінің барлығы жеке тұлғаның үйлесімді дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталған. Жаңартылған білім мазмұнының ең басты міндеттерінің бірі – «оқуға үйрету», жаңа бәсекеге қабілетті, жан-жақты үйлесімді дамыған, функционалды құзыретті тұлғаны дамытуға ықпал ететін өмір бойы зерттеуге үйрету. Сонымен қатар, білім берудің жаңартылған мазмұны аясында жаппай мектепте оқытуды ұйымдастыруда бірқатар типтік кемшіліктер бар. Олардың басым бөлігі балалармен жұмыс істеудің дәстүрлі әдістерін мектептегі жаңартылған білім мазмұны жағдайында жұмыс әдістеріне механикалық көшуінің нәтижесі болып табылады. Бұл орта білім беру моделін қайта қарау туралы оқытушылардың оқу жұмысындағы кемшіліктер, оның құрылымы, мазмұны, оқыту және білім беру әдістері, түбегейлі жаңа бағалау жүйесі оқушылардың жетістіктері, өзін-өзі дамыту және біліктілігін арттыру үшін көптеген қиындықтарға бастауыш мектеп мұғалімдерін әрекет етуге ұтқырлық қабілеті тұлғалық қалыптасу үйлесімді дамуына ықпал білім беру ортасын құру үшін жаңа моделі жоғары нәтижеге бағдарланған. ХХІ ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Өскелең елдің айбынды болашағы үшін – ең әуелі сапалы білім қажет [3,236]. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылым-техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі. Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Технология, коммуникация мен ғылым салалардағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір азаматқа ХХІ ғасырда табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Сонымен қатар, қарқынды жаһандану ұлттық экономикаға да ықпал етуде, оның үстіне қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық

бәсекелестік артып отыр[4,144б].Қазіргі кезде Қазақстанда жоғарыда сипатталған жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейдегі жұмыстар республикалық деңгейде жүргізілуде. Оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен критериялды бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.Білімнің бастауы, қайнар көзі – мектеп болса, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы –білім беру саласы екені баршамызға аян. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазіргі заманғы мәдени, әлеуметтік, экономикалық үдерістерде білім берудің шешуші демегеннің өзінде, түйінді рөлді атқаратыны белгілі. Бір жағынан, адам сапасы ғылым, техника, технология мен мәдениеттің жоғары жетістіктеріне сай келмей тұра алмайды, ал екінші жағынан, бұл жетістіктерді игеру, еселей түсу, сақтау қажеттілігі адамның өзінің сапасына бұрынғыдан да жоғары талаптар қояды. Бүгінгі қазақстандық мектептің алдында әлемдік білім беру кеңістігіндегі секілді, зерттеулер мен жаңалықтар ашудың ғасырына ену үшін білім беруге жаңа көзқарасты қалыптастыру, ойлау, оқыту, жұмыс істеу, шығармашылық және жалпы алғанда, өмір сүру әдіснамасын қайта қарау міндеті тұр. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді[5,208б]. Білім беру мазмұнын жаңарту контекстінде білім беру процесі білім алушылардың белсенділігі арқылы сипатталады. Бұл жағдайда мұғалім оқушылардың танымдық белсенділігін ұйымдастырушы болып табылады.Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып, одан әрі дамытылып отыратын спиральді оқу бағдарламасы моделіне негізделген. Оқу үдерісінің алға ілгерілеуі айқын көрінуі үшін, оқу мақсаттары өзара тоғысқан бөлімдер мен бөлімшелерге топтастырылған. Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу барысында алға ілгерілеуіне орай, олар өздерінің дағдыларды меңгеріп, түсінуіне анағұрлым сенімді бола түседі. Сыныптан сыныпқа өткен кезде алға жылжу арқылы оқушылар оларға дүниетанымдар аясын кеңейтуге көмектесетін, оларды қалай және неліктен пайдаланатыны тұрғысынан мойындап және бағалап, олар сүйенуі мүмкін дереккөздер аясын кеңейтуге көмектесетін, көбірек тәжірибе мен терең білім алады. Жаңа оқу бағдарламаларының тағы бір ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі мынадай кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау.Жаңартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Мұғалімдер тараудың және тиісті тоқсанның аясында тараулар мен бөлімдерді оқытудың ретін өзі анықтауға құқылы. Мұғалімдер бірнеше мақсатқа жетуге бағытталған тапсырмаларды құрастыра алады. Оқу бағдарламасы мұғалімдердің оқу мақсатын жиынтықта орындаған жағдайда оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына жетуге әкелетін бірнеше мақсаттарға бөлуіне мүмкіндік береді :

- Мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыруды ұмытпауы керек. Жаттығуды әртүрлі тәсілмен түсіндіруге дайын болу қажет. Мысалы, оқушылар бастапқыда жаттығуды бүкіл сынып болып орындап, кейіннен жұптасып оның орындалуын шындай алады. Бұл оқушыларға жаңа жаттығуға біртіндеп көше отырып, тапсырманы түсінуге көмектеседі, өткен сабақта алған білімдерін нығайтып, оқушыларға іс жүзінде бірнеше дағдыны қатарынан шындауға мүмкіндік береді.

- Сыныппен өзара әрекеттестік стилін өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы қажет. Егер мұғалім тым көп сөйлесе, оқушыларда пікір таластырып, бір-бірінен үйренуге уақыт аз қалады. Оқушыларға сұрақ қойып, жауаптары бойынша сыныптың нені түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс.

Сабақта жеке, жұптық, топтық немесе бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады. Сабақ жоспарында мұғалім:

- сабақ мақсатын анық, түсінікті түрде тұжырымдауы;

- сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөлшектерін қамтуы (оқу жоспарындағы сабақ жоспарының үлгісін қараңыз);

- логикалық жағынан реттелген және оқу мақсаттарына сай келетін жаттығулар мен тапсырмалар туралы толық ақпарат ұсынуы;

- мақсатты білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тиісті әдіс-тәсілдерді анықтап, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуы;

- қажетті материалдар мен ресурстарды пайдалануды жоспарлауы тиіс.

Сабақты жоспарлау барысында мұғалімнің ескеруі тиіс бірқатар мәселелер:

- Сабағымның мақсаты қандай? Сабақтың әрбір бөлімі оқушыны мақсатқа жетуге жетелей ме?

- Оқушылар іс жүзінде не істейді? Мен оқушыларға олар не істейтінін және олар қандай нәтижеге қол жеткізу керектігін қалай түсіндіремін?

- Оқушылардың білімді игергенін қалай білемін?

- Егер мен өзім осы сабақта оқушы болсам, бұның барлығын қалай қабылдар едім? Оқушыға көмек көрсетіле ме, жігерлендіріле ме? Қосымша материал ала ма?

- Жоспар қаншалықты икемді? Оқушының көп түсіндіруді қажет ететін қызықты сұрағы, дыбыс-бейне құралдарды пайдаланудағы қиындықтар, әлдебіреудің сырттан рұқсатсыз кіріп келуі сияқты күтпеген оқиғалар туындаса, оларды қалай шешемін?

- Оқушылар ұсынатын кері байланысқа қатысты, оны қалай жіктеп, жазып және талқылаймын?

Төмендегі сұрақтар мұғалімге сабақтан кейінгі рефлексия жасауға мүмкіндік береді:

- Менің оқушыларым бүгін не үйренді? Бұған не әсер етті?

- Сабақта ештеңеге үйренбеген балалар болды ма? Мұның себебі қандай?

- Сабақта қолданған әдістерім сәтті болды ма? Сабақ бұдан да сәтті өтуі үшін басқа қандай әдістер қолдануым керек еді?

- Сабақты оқушылардың іс-әрекеттері мен жауаптарына қарай бейімдей алдым ба?

- Оқушыларым сабақта бірігіп жасаған қорытындыларымызға қалай қарады?

Сабақтан қандай көңіл-күймен шықты? Сыныптағы орта оларға жайлы болды ма?

- Мен сыныптағы тәртіпті басқара алдым ба? Менің қандай әрекеттерім жақсы шықты, қандай әдістерім сәтсіз болды? Неліктен? Нені басқаша жасауым керек еді?

- Сабақта менің көңіл-күйім біркелкі болды ма? Мен өзімді ұстай білдім бе? Болашақта нені ескеуім керек?

- Сабақта мен үшін ең қиыны не болды? Қандай жағдай ерекше назар аударуымды қажет етті? Неге? Келесі жолы мұндай жағдайда не істеуім керек?

- Сабақтағы оқу әдістерім сәтті болды ма? Оқушылардың меңгерген білімдері менің үйрету тәсілдеріммен байланысты ма? Келешекте нені есепке алуым керек?

- Бұл сабақты басқаша өтуге болатын ба еді? Қалай? Сабақтың қандай жағына көбірек көңіл бөлу керек: мазмұндық, әдістемелік, эмоциялық?

- Сабақта мен оқушыларымды ынталандыра алдым ба? Оқушылардың ішкі уәжін ескердім бе? Оқушыларды табысқа бағыттаудың тағы да қандай жолдары бар?

- Бағалауда мен қаншалықты шынайы болдым? Бағалау оқушыларға қалай әсер етті?

- Оқушыларға сабақта өздерін басқаруға мүмкіндік болды ма? Бұл қайдан, қалай көрінді?

- Сабаққа дайындалғанда оқыту теорияларына сүйендім бе? Өткізген сабағым таңдаған теорияма қаншалықты сәйкес болды?

- Осы сабақтан кейін мен өзіме қандай жаңалық аштым, нені жетік түсіндім?

Мектептегі негізгі пәндерді оқу арқылы оқушылар өз түсінігін кенейте отырып, өзінің оқуы үшін жауапты болуға үйренеді. Оқушылар өзіндік көзқарасы мен пайымдауын қалыптастырып, дамытуға, мұқият зерделеуге және өз ойын сенімді айта білуге дағдыланады. Мысалы, олар дәлелдерді талдау мен бағамдауды және ойлау дағдылары туралы ойлануды үйренеді. Сонымен қатар, пәнаралық байланыс орнату арқылы олар ақпаратты тиімді пайдалануды үйренетін болады[6].

Қазіргі заманда өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға тәрбиелейміз. Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, дәлелдеуге, жалпы алғанда жеке адамның күзіреті қалыптасуы қажет. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл-Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ

2 Таубаева Ш. Введение в методологию и методику педагогического исследования: учебное пособие. -Түркістан: «Тұран» баспасы, 2007. - 190 с.

3 Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары: Оқу құралы: - Алматы: ЖШС «КАЗПРОФТЕХ», 2007. -144 б.

4 Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. - Алматы, 2007. - 236 .

5 Еркибаева Г.Г., Оқыту үрдісіндегі жаңа технологиялар: теория мен практика: Оқу әдістемелік құрал. –Алматы: ГиГаТРЭЙД, 2014. - 208 б.

6Кусаинов Г.М., Сагинов К.М., Конурова-Идрисова З.К. «Основы дидактики» (Дидактика негіздері). – Астана: Центр педагогического мастерства, 2014. – 348 с.

**ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ 2-СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫН ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Жумадуллаева А.А. п.ғ.к., доцент, Нарзулла Д.А.

7M01303 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ магистранты
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

E – mail: dilyara190803@icloud.com

Аннотация. Мақалада 2-сынып оқушыларының тыңдалым дағдыларын қалыптастырудағы цифрлық технологиялардың рөлі қарастырылады. Мақалада тыңдалым дағдыларын жетілдіру үшін қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдер, соның ішінде мультимедиялық контент, аудиовизуалды материалдар және интерактивті платформалар талданған. Оқушылардың тыңдалым әрекеттерін ынталандыру, олардың когнитивтік және эмоционалды дамуында цифрлық технологиялардың маңыздылығы атап өтіледі. Нәтижесінде, мақала оқытушылар мен әдіскерлерге цифрлық технологияларды тиімді қолданудың жолдары ұсынылған.

Тірек сөздер: цифрлық технологиялар, тыңдалым дағдылары, 2-сынып, мультимедиялық платформалар, білім беру, тиімді қолдану

Аннотация. В статье рассматривается роль цифровых технологий в формировании навыков слушания у учащихся 2-го класса. Анализируются современные методы и приемы, используемые для совершенствования навыков слушания, включая мультимедийный контент, аудиовизуальные материалы и интерактивные платформы. Подчеркивается важность цифровых технологий в стимуляции слушательской деятельности учащихся и их когнитивном и эмоциональном развитии. В результате в статье предлагаются рекомендации для преподавателей и методистов по эффективному использованию цифровых технологий.

Ключевые слова: цифровые технологии, навыки аудирования, 2 класс, мультимедийные платформы, образование, эффективное использование.

Annotation. The article discusses the role of digital technologies in developing listening skills for 2nd-grade students. It analyzes modern methods and techniques used to improve listening skills, including multimedia content, audiovisual materials, and interactive platforms. The significance of digital technologies in stimulating students' listening activities and their cognitive and emotional development is highlighted. As a result, the article offers suggestions for teachers and methodologists on effective ways to use digital technologies.

Кіріспе

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялар білім беру саласында айтарлықтай рөл атқарады. Олардың көмегімен оқу процесі интерактивті және тиімді болып келеді. Оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамыту — олардың тілдік қабілеттері мен коммуникациялық дағдыларын жетілдірудің маңызды аспектісі. 2-сынып — бұл оқушылардың тыңдау қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы кезең, себебі осы жаста балалар өздері еститін ақпаратты өңдеуге, түсінуге және қабылдауға қабілетті.

Цифрлық технологиялар, оның ішінде мультимедиялық контент, аудиовизуалды материалдар және интерактивті платформалар, оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуға мол мүмкіндік береді. Мысалы, мультимедиялық ресурстар балалардың назарын аударып, оқу материалдарын қызықты әрі қолжетімді етеді. Сонымен қатар,

цифрлық технологиялар балалардың когнитивтік және эмоционалдық дамуына да оң әсер етеді, себебі олар оқу процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

Осы мақалада цифрлық технологиялардың 2-сынып оқушыларының тыңдалым дағдыларын қалыптастырудағы рөлі жан-жақты қарастырылып, заманауи әдіс-тәсілдер мен ұсыныстар ұсынылады. Нәтижесінде, білім беру мамандарына тыңдалым дағдыларын тиімді дамыту үшін цифрлық ресурстарды қалай пайдалану керектігі туралы ақпарат беріледі.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім берудің сапасын арттыру, білім беру инфрақұрылымын жаңғырту, цифрлық технологияларды енгізу, кадрларды даярлау және білім беру жүйесінің инклюзивтілігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады [1].

Оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуда оларды тиімді пайдалану — оқу процесін жетілдірудің негізі болып табылады. Цифрлық құралдар мен ресурстар арқылы оқу интерактивті және қызықтырақ болады. 2-сынып — балалардың тыңдау қабілеттерін дамыту үшін қолайлы кезең, өйткені осы жастағы оқушылар есту арқылы ақпаратты қабылдауға, оны өңдеуге және түсінуге қабілетті.

Мультимедиялық платформалар оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Мысалы, YouTube Kids платформасы балаларға арналған түрлі білім беру видеоларымен қамтамасыз етеді. Бұл видеолар арқылы балалар анимациялық контентті көрумен қатар, тыңдалым жаттығуларын да орындай алады. YouTube Kids-те оқу материалдарын көру оқушылардың назарын аударады, бұл олардың білім алуға деген ынтасын арттырады. Мультимедиялық технологиялар балалардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді [2]. Мультимедиа, әдебиеттерде атап көрсетілгендей, компьютерге енгізуге, мәтін, графика, анимация, цифрланған қозғалыссыз кескіндер сияқты деректер түрлерін өңдеуге, сақтауға, көрсетуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар жиынтығы: бейне, дыбыс, сөйлеу т.с.с [3].

Storyline Online — тағы бір пайдалы ресурс. Мұнда танымал авторлардың кітаптары кәсіби актерлердің оқуы арқылы ұсынылады. Оқушылар мәтінді тыңдай отырып, ертегілердің мазмұнын және құрылымын түсінеді, бұл олардың тыңдалым дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Аудио-контент — тыңдалым дағдыларын жетілдірудің тиімді тәсілі. Подкасттар, мысалы, "Brains On!" және "Circle Round", балаларға арналған қызықты және танымдық материалдарды ұсынады. Бұл подкасттарда балалар түрлі тақырыптар бойынша ақпаратты тыңдай отырып, сұрақтар қоюға, жауап беруге ынталандырылады. Бұл формат балалардың белсенділігін арттырып, тыңдалым қабілетін дамытады.

Аудиокітаптар да тыңдалым тәжірибесін байытуға көмектеседі. Audible және Bookbox платформаларынан алынған аудиокітаптар балаларға жаңа сөздермен танысуға мүмкіндік береді, бұл олардың сөздік қорын байытып, тыңдалым дағдыларын жетілдіреді.

Интерактивті бағдарламалар оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуда тиімді құрал болып табылады. Quizlet платформасы арқылы балалар тыңдалым жаттығуларын орындап, сөздік қорын дамытуға мүмкіндік алады. Quizlet-те карточкалар мен тесттер түрінде ұсынылған жаттығулар оқушылардың ақпаратты есту арқылы өңдеу қабілетін арттырады.

Kahoot платформасы — бұл ойын элементтері арқылы тыңдалым дағдыларын тексеруге арналған тағы бір қызықты құрал. Оқушылар Kahoot арқылы викториналарға қатысып, сұрақтарға жауап беріп, есту қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Бұл формат оқу процесін қызықты етіп, балалардың назарын тартады.

Duolingo — ойын түрінде тіл үйренуге арналған платформа, балалардың тыңдалым дағдыларын дамытуға көмектеседі. Duolingo-да берілген тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар жаңа сөздермен танысып, тыңдалым қабілеттерін нығайтады. Платформаның ойын форматы балалардың білім алуға деген қызығушылығын арттырады.

Endless Alphabet — сөздерді үйрену мен тыңдауға арналған интерактивті ойын. Бұл ойын балаларға сөздердің дыбысталуларын тыңдап, олардың мағыналарын түсінуге мүмкіндік береді. Endless Alphabet оқушылардың тыңдалым дағдыларын жетілдірудің тиімді құралы болып табылады.

Google Expeditions — тыңдалым жаттығуларын қызықты ету үшін виртуалды турлар мен тәжірибелер ұсынатын платформа. Виртуалды шындық технологиясы балаларға әлемнің әртүрлі мәдениетімен, тарихи орындарымен танысуға мүмкіндік береді. Google Expeditions оқу процесіне жаңа өлшем қосып, балалардың тыңдалым қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Тілді кіріктірілген бағдарлама арқылы оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгерте білу. Тыңдалым дағдысы бойынша негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады; осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды [4].

Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады. Ал тыңдалым дағдысы дегеніміз не? «Тыңдалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «есту арқылы түсіну».

Бұл айтылған не техникалық ақпараттарға жазылған аудио мәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым». Тыңдай білу — тілдік қатынастарда аса қажетті біліктердің бірі. Бұл біліктіліктің адамның күнделікті өмірде атқаратын қызметі аса зор және адамның қатынас икемділігінің негізгі өлшемдерінің бірі болып табылады. Арнайы зерттеулердің нәтижесінде адам орта есеппен уақытының 29,5% - ын — тыңдауға, 25,5% -ын — сөйлеуге, 10% -ын — жазуға жұмсайтындығы анықталған.

Тыңдалымның мақсаты оқушыларды: аудиожазбаның мазмұнын түсінуге, белгілі бір ақпаратты қабылдауға, мәтін детальдарын түсінуге, айтылған ойды толық түсінуге, сөйлеушінің сөзін еш қиындықсыз ұғынуға, ауызекі, анық құрылмаған сөйлеу тілін өзге адамдардың көмегінсіз түсінуге, бұқаралық ақпарат құралдары мен телерадио бағдарламаларды еркін, түсініп қабылдауға таныс және бейтаныс тақырыптағы сөйлесімнің негізгі ойын түсінуге, үйрету [5].

Тыңдалымға арналған белсенді жұмыс түрлері: Оқушыларды қоршаған ортадағы кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсінуге бейімдеу керек. Ол үшін сабақ барысында түрлі белсенді жұмыс түрлерін пайдалану көп септігін тигізеді. Оқушыда тыңдалым дағдысын қалыптастыру үшін белсенді жұмыс түрлері өзекті, қызықты, әртүрлі болуға тиісті. Тыңдай білуде мыналарды басты назарда ұстау керек: Кісімен сөйлескенде оның жүзіне сыпайлықпен назар сап, айтайын деген ойын сабырмен тыңдап, асықпай, сөзінің аяғын күткен дұрыс.

Есте сақтаған мәліметтерді бейнелі образдарға айналдыру қабілетінің болуы; Бұған мысал ретінде, «Ассоциация» әдісін дәлел ретінде алуға болады. Мәліметті ұзақ уақыт бойы есте сақтау дағдысын қалыптастырып, қажетінде еске түсіретін зейін тұрақты болуы тиіс;

Жадымызда мәліметтердің байланысын есте сақтау үшін көмек көрсететін тірек образдар жүйесі болуы тиіс. Есте сақтау қабілетін тұрақтандыру үшін қарапайым қағидаларды да ұстанған дұрыс. Ғалымдар есте сақтаудың бірнеше жолдары барын мәлімдеді. Мысалы, бос уақытта сурет салу есте сақтауды жақсартады екен. Бұл жерде суреттің сапасы мен көркемдігі маңызды емес, бастысы – сурет ойды тынықтырады. Ойдың тынығуы есте сақтау қабілетін жоғарылатады. Көзге арналған жаттығулар да естің дамуына пайдалы.

Қорытынды

Цифрлық технологиялар 2-сынып оқушыларының тыңдалым дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Интерактивті материалдар мен ойындар балалардың назарын аударады. Аудиокітаптар мен мультфильмдер тыңдауға қызығушылықты арттырады. Мұғалімдер жеке оқушылармен жұмыс істей отырып, тапсырмаларды оңай бейімдей алады. Онлайн платформалар арқылы тыңдалым дағдылары тиімді дамытылады. Технологиялар балалардың өзара қарым-қатынасына мүмкіндік береді. Олардың пікір алмасуы және бір-бірінен үйренуі тыңдалым дағдыларын жетілдіреді. Бұл тәсілдер балалардың білім алуына жағымды әсер етеді. Мұғалімдер мен ата-аналар бірлесіп жұмыс істеуі тиіс. Цифрлық құралдарды тиімді пайдалану – тыңдалым дағдыларын дамытудағы басты шарт.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Тинчурина, М. К. Мультимедийные презентации как форма работы в дошкольной образовательной организации / М. К. Тинчурина. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 7.6 (111.6). — С. 233-235.
3. Оробинская А. Н. Мультимедиа-технологии и их использование в системе дошкольного обучения // Таврический научный обозреватель. 2016. №1-3 (6). - С . 52-56.
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
5. Нұрғалиев, Б. "Инновациялық технологияларды білім беру жүйесінде қолдану". Астана: 2022.

ӘОЖ 373.1

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУҒА ДАЯРЛАУ

Сұлтанбек М.Ж. PhD., аға оқытушы, Тажиматова Г.Ш.

7М01303-Бастауышта оқытупедагогикасы мен әдістемесі БББ магистранты

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

E – mail: gulsanamtazhimatova@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада болашақ мұғалімдерді қазақ тілі сабақтарында цифрлы білім беру ресурстарын қолдануға даярлау мәселесі қарастырылады. Цифрлы білім беру ресурстарының тиімді пайдалану арқылы оқушылардың оқу мотивациясын арттыру мен қатар педагогикалық құзыреттілікті дамыту бағытталған білім беру процесін жетілдіру үдерісі баяндалған.

Тірек сөздері: цифрлы білім беру ресурстары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, қазақ тілі, оқу мотивациясы, педагогикалық құзыреттілік, заманауи білім беру әдістері, кәсіби біліктілік.

Аннотация. В данной статье рассматривается подготовка будущих учителей к использованию цифровых образовательных ресурсов на уроках казахского языка. Описывается процесс совершенствования образовательной деятельности, направленный на повышение учебной мотивации учащихся и развитие педагогической компетентности через эффективное использование цифровых образовательных ресурсов.

Ключевые слова: цифровые образовательные ресурсы, информационно-коммуникационные технологии, казахский язык, учебная мотивация, педагогическая компетентность, современные методы обучения, профессиональная квалификация.

Annotation. This article discusses the preparation of future teachers for using digital educational resources in Kazakh language lessons. It describes the process of enhancing the educational process aimed at increasing students' motivation to learn and developing pedagogical competence through the effective use of digital educational resources.

Key words: digital educational resources, information and communication technologies, Kazakh language, learning motivation, pedagogical competence, modern teaching methods, professional qualifications.

Kіріспе

Жаңа заман талабына сай білімді, бәсекеге қабілетті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген, кәсіби біліктілікті жұмысшы мамандарды даярлауда кәсіптік оқытуды жетілдірудің, оның материалдық – техникалық базасын толық жаңартып отыру қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп отырылуы қажет. Осыған байланысты мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп жылда дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр[1].

Келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында білімгерлердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазақ тілі бүгінгі күні қоғамдық өміріміздің барлық саласына еніп, өзінің толыққанды қызметін орындап келеді. Соның бірі – қазақ тілінің білім берудің барлық сатысындағы міндетті оқу пәні болып отырғандығы.

Қазіргі кезде тілдік білім беру адамдық құндылыққа айналып, өзінің мынадай үш аксиологиялық топтамасын терең тануды қажет етіп отыр:

- тілдік білім беру – мемлекеттік құндылық;
- тілдік білім беру – қоғамдық құндылық;
- тілдік білім беру – тұлғалық құндылық[2, 34-б].

Негізгі бөлім

Қазақ тілін цифрлық технологиялар арқылы оқыту үдерісін ұйымдастыру дегеніміз – ақпараттық технологияны қазақ тілін оқыту үдерісінің маңызды бір тірегі ету арқылы мемлекеттік тілді үйрету-өз бетімен үйрену үдерісін сапалы деңгейге көтеру, тиімділігі мен қарқынын арттыру. Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін қазақ тілін оқыту үдерісінде қолдануда жаттығулар мен тапсырмалардың саны мен түрлерін арттырудың, өзара қазақша қарым-қатынас жасау өрісін кеңейтудің, оқытушы мен оқушының қазақша дидактикалық байланысын түрлендірудің, оқушының болашақ мамандар ретінде ақпаратты жинау, сақтау, жүйелеу, өңдеумен байланысты жаңа технологияларды қолдану маңызды болып табылатын қоғамда қызмет етуге даярлаудың жолдары кең арнада танылады.

Оқушыларға қазақ тілінен шоғырланған білімдік ақпарат беріп, оны есте сақтауға естужәне көру құралдары арқылы ықпал ету – жаңа білім мазмұнын қабылдауға жаңа мүмкіндіктер туғызу болып табылатыны белгілі. Қазақ тілінен оқушының тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу қабілеттерінің қарқынмен дамытылуында компьютерлік құрал маңызды орын алады. Өйткені ақпараттық құралдар тек мәтіндерді көрсетіп қана қоймайды, графикалық нысандарды, сапалы суреттерді көрсетіп, анимацияны, дыбысталу мен бейнені пайдалануға мүмкіндік береді. Жұмыстың өзектілігі аталған мәселелер негізінде танылады[3].

Бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуымен білім беру жүйесінде жаңа тәсілдер мен әдістерді енгізу қажеттілігі артуда. Әсіресе, қазақ тілі пәнінде цифрлы білім беру ресурстарының қолданылуы болашақ мұғалімдерді даярлауда маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада цифрлы білім беру ресурстарының қазақ тілі сабақтарындағы маңыздылығы, оның педагогикалық тиімділігі және мұғалімдерді даярлаудағы рөлі қарастырылады.

Білім беру жүйесі қазіргі таңда қарқынды даму үстінде, бұл әсіресе ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданылуымен байланысты. Қазақстанда білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру мақсатында инновациялық тәсілдер мен әдістер енгізілуде. Соның ішінде, қазақ тілі сабақтарында цифрлы білім беру ресурстарын пайдалану

— білім беру процесінің сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі.

Цифрлы білім беру ресурстарының алуан түрлері, соның ішінде интерактивті сабақтар, мультимедиялық материалдар, онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар, мұғалімдер мен оқушылар арасында жаңа білім беру форматын қалыптастырады. Олар оқушылардың қызығушылығын арттырып, сабақтағы белсенділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде, қазақ тілін үйрену процесі интерактивті, қызықты және нәтижелі бола түседі.

Болашақ мұғалімдер үшін цифрлы білім беру ресурстарын меңгеру — заман талабына сай кәсіби құзыреттілікті арттырудың маңызды аспектісі. Олар жаңа технологияларды қолдана отырып, сабақтарын тиімді жүргізуге, оқушылардың жеке қабілеттеріне сәйкес тапсырмалар беруге, сондай-ақ білім беру процесін мониторингтеуге мүмкіндік алады. Бұл мақалада болашақ мұғалімдерді қазақ тілі сабақтарында цифрлы білім беру ресурстарын қолдануға даярлаудың маңыздылығы, оның педагогикалық тиімділігі және оқыту процесіндегі рөлі жан-жақты қарастырылатын болады.

Цифрлы білім беру ресурстары — бұл ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білім беру процесін қолдайтын ресурстар. Олар интерактивті сабақтар, мультимедиялық материалдар, онлайн платформалар, электронды кітаптар, мобильді қосымшалар және тағы басқа түрлерде болады. Цифрлы білім беру ресурстары оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға, білім алудың интерактивтілігін қамтамасыз етуге және мұғалімдердің жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Цифрлы білім беру ресурстары — бұл білім беру процесін қолдауға арналған, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар негізінде құрылған ресурстар. Олар интерактивті, мультимедиялық және оқу материалдары түрінде болуы мүмкін. Цифрлы білім беру ресурстарына мыналар жатады:

Электронды оқулықтар — дәстүрлі оқу құралдарының цифрлық нұсқалары, оларда текст, сурет, дыбыс және видео элементтері болуы мүмкін.

Онлайн курстар — білім алу үшін арнайы платформаларда ұсынылатын курстар, оларда оқушылар өз қарқынымен білім ала алады.

Интерактивті жаттығулар мен тесттер — оқушылардың білімін тексеру және тереңдету мақсатында әзірленген практикалық тапсырмалар.

Вебинарлар мен онлайн семинарлар — қашықтан білім алуға мүмкіндік беретін интерактивті оқыту форматы.

Мобильді қосымшалар — білім алуды жеңілдететін, оқу материалдары мен ресурстарды қолжетімді ететін мобильді платформалар.

Мультимедиялық материалдар — видео, анимация, инфографика және аудио мазмұнды қамтитын ресурстар, олар оқу процесін жандандырады.

Цифрлы білім беру ресурстары оқу мотивациясын арттыру, білім алу процесін интерактивті ету, оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес материалдарды ұсыну және педагогикалық әдістерді жаңарту үшін пайдаланылады[4].

Цифрлы білім беру ресурстары оқушылардың қызығушылығын оятуға және оқу процесіне белсенді қатысуға көмектеседі. Мысалы, интерактивті тапсырмалар мен ойындар арқылы оқушылардың белсенділігі артады. Бұл, әсіресе, қазақ тілін үйрену барысында өте маңызды, себебі тіл үйрену процесі көбінесе тәжірибеге негізделеді.

Цифрлы ресурстар әр оқушының деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынуға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оқушылардың білім деңгейін ескере отырып, әрқайсысына жеке тапсырмалар беріп, олардың дамуына мүмкіндік тудырады. Мысалы, онлайн тесттер мен жаттығулар арқылы оқушылардың прогрессін бақылап, қажетті бағытта жұмыстар жүргізуге болады.

Цифрлы білім беру ресурстары оқушыларға қазақ тілінің грамматикасы, лексикасы, фонетикасы туралы қосымша материалдар ұсынады. Мұғалімдер осы ресурстарды сабақ барысында пайдалана отырып, білімдерін тереңдетуге мүмкіндік алады. Мысалы, видеолар, подкасттар, мақалалар мен әдебиеттер оқушылардың қызығушылығын арттырады[5].

Болашақ мұғалімдер цифрлы білім беру ресурстарын тиімді пайдалану үшін қажетті педагогикалық құзыреттіліктерді меңгеруі қажет. Бұл оларға заманауи білім беру технологияларын енгізу, сабақта интерактивті әдістерді қолдану және оқушылармен тиімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Болашақ мұғалімдер цифрлы білім беру ресурстарын пайдалану арқылы заманауи білім беру әдістерімен танысады. Олар үшін педагогикалық университеттерде арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастыру, онлайн вебинарларға қатысу, тәжірибелік сабақтар өткізу өте маңызды. Бұл олардың кәсіби дамуына үлес қосады.

Цифрлы білім беру ресурстарын меңгеру мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға көмектеседі. Олар жаңа технологияларды қолдана отырып, сабақтарын қызықты, тиімді және нәтижелі өткізе алады. Осылайша, болашақ мұғалімдер өз білімдерін үнемі жаңартып, кәсіби ортада бәсекеге қабілетті бола алады.

Қазақ тілі сабақтарында цифрлы білім беру ресурстарын қолдану болашақ мұғалімдерді даярлауда маңызды. Цифрлы білім беру ресурстары оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, индивидуалды оқыту, қосымша ақпараттық ресурстар ұсыну арқылы білім беру процесін жақсартады. Мұғалімдерге қажетті педагогикалық құзыреттіліктерді дамыту, заманауи білім беру әдістерімен танысу, кәсіби біліктілікті арттыру мүмкіндіктерін береді. Сондықтан, білім беру жүйесінде цифрлы білім беру ресурстарын белсенді қолдану қажет[6].

Қорытынды

Болашақ мұғалімдерді қазақ тілі сабақтарында цифрлы білім беру ресурстарын қолдануға даярлау — бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Цифрлы білім беру ресурстарының тиімділігі оқушылардың оқу мотивациясын арттыруда, индивидуалды оқыту мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде, сондай-ақ қосымша ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етуде айқын көрінеді.

Цифрлы білім беру ресурстарын пайдалану мұғалімдерге оқу процесін интерактивті және қызықты етуге, оқушылардың белсенділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Олар арқылы болашақ мұғалімдер заманауи білім беру технологияларымен танысып, өздерінің

педагогикалық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, электронды білім беру ресурстарын қолдану оқушылардың білім деңгейін бақылап, олардың жетістіктеріне сәйкес жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді.

Цифрлы білім беру ресурстарын қолдану мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға да ықпал етеді. Бұл оларға заманауи білім беру әдістерін тиімді пайдалану, сабақтарын жоспарлау мен өткізу кезінде жаңа тәсілдер енгізу, сондай-ақ оқушылармен тиімді байланыс орнату жолдарын меңгеруге мүмкіндік береді.

Осылайша, болашақ мұғалімдерді қазақ тілі сабақтарында цифрлы білім беру ресурстарын қолдануға даярлау білім беру процесінің сапасын арттыруға, оқушылардың жан-жақты дамуына және педагогикалық практикада инновациялық тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді. Сондықтан, білім беру жүйесінде цифрлы білім беру ресурстарын белсенді түрде енгізу және дамыту — бүгінгі күннің маңызды қажеттілігі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
2. Гершунский Б.С. Философия образования XXI века (в поисках практико-ориентированных образовательных концепций). – М., 1997. –234 с.
3. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. Сүлейменова, Ж. "Электронды білім беру ресурстары: теория және практика". Алматы: 2021.
5. Нұрғалиев, Б. "Инновациялық технологияларды білім беру жүйесінде қолдану". Астана: 2022.
6. Қаржаубай, Т. "Қазақ тілі сабақтарында АКТ-ны қолдану". Түркістан: 2023.

ӘӨЖ 373.1; 796.011

ОРТА КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН БЕРУДЕ НЕГІЗГІ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ЖАТТЫҒУЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абдишов Мерекебай Тұрсынбайұлы
«Болашақ» жоғары медициналық колледжі
Дене шынықтыру пәнінің оқытушысы

Аннотация. Бұл мақалада жалпы дене тәрбиесінің ғылыми, жүйелік заңдылықтарын, мазмұны мен көлемін анықтайтын, арнайы ұйымдастырылған педагогикалық үрдіс. Денені тәрбиелеу ілімі педагогикалық ғылымдар қатарына жатады да арнаулы бөлімі ретінде қарастырылады.

Кіл сөздер: Спорт, спорттық дайындық, қимыл-қозғалыс, жарыс, қатысу, қажетті жағдайлар, тәрбие, адамзат, демалыс, мақсат, дағдылар мен біліктерін дамыту, педагогика, психология, денені шынықтыру.

Аннотация. В данной статье обучение физическому воспитанию представляет собой специально организованный педагогический процесс, определяющий научные, системные закономерности, содержание и объем общего физического воспитания. Преподавание физического воспитания относится к педагогическим наукам и рассматривается как специальный раздел.

Ключевые слова: Спорт, спортивная тренировка, тренировка, движение, соревнование, участие, необходимые условия, воспитание, гуманность, отдых, цель, развитие навыков и умений, педагогика, психология, физическое воспитание.

Abstract. In this article, physical education teaching is a specially organized pedagogical process that determines scientific, systemic patterns, content and volume of general physical education. Teaching physical education refers to pedagogical sciences and is considered as a special section.

Keywords: Sports, sports training, training, movement, competition, participation, necessary conditions, education, humanity, rest, goal, development of skills and abilities, pedagogy, psychology, physical education.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі, қажеттілігі жоғары. Жеке тұлғаны қалыптастыру мақсаты тәрбиелік процестің тұтастығын тұрақтандыруға назар аударады. Осыған орай, тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің ортақ мақсатқа жетуге бағытталған өзара тиімді әрекеті, яғни ынтымақтастығы деуге болады.

Дене шынықтыру сабақтарында студенттердің дене шынықтыру-спорттық ойлауы, техникалық шеберлігін жетілдіруге даяр болуы, уақытқа, кеңістікке және ойын жағдайына бағдарлануы, спорттық-ойындық міндеттерді шешуге шығармашылық тұрғыдан келу қабілеттері дамиды. Мұның бәрі олардың бойында денсаулығын сақтауға қажеттілікті, ұйымдасқан дене әрекетін, дене шынықтыру мен спортты әдеттегі күнделікті ісіне айналдыруын қамтамасыз етеді.

Дене тәрбиесі – бұл балалардың мақсатты бағытталған дәл ұйымдастырылған және жоспарлы жүзеге асырылатын дене шынықтыру және спорттық әрекеттерінің жүйесі. Дене тәрбиесінің тәрбиелілік өлшемі болып баланың жасына сәйкес денесінің дамуы: қозғалыс сапасы, білігі мен дағдысы, ептілігі, төзімділігі, жүгіру, тартылу, жаттығу орындаудағы жүктемені көтере алуы есептеледі. Сондай-ақ, дене жаттығуларын жүйелі жасауы, жеке гигиенаны мұқият сақтауы, еңбек пен демалысты нақты ұйымдастыруы, бос уақытын денесіне және жанына пайдалы етіп өткізуі, жамандыққа төзбеушілік ұстанымын ұстануы, адамның дене әрекетіндегі әдемілікті түсінуі т.б. жатады.

Педагогика үшін және бір маңыздысы – жеке адамдық даму тұлғаны тәжірибе игеру қызметіне қосумен ғана шектелмейді, ең бастысы, оның сол сәттегі істе белсенділігіне, оның бағыт-бағдарына, яғни еңбекке, дене тәрбиесіне деген қатынасына байланысты.

Жеке адамның дамуы үшін оның ұйымдастырылған іс-әрекеттегі белсенділігінің бағыт-бағдар сипаты да біршама маңызға ие. Мысалы, сынып пен мектептің жалпы табысы еңбектегі белсенділік пен өзара байланысқан көмек болуы мүмкін. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында әрдайым оқушылардың белсенділігіне жол бере отырып, оларда сол қызметке деген ұнамды және шынайы адамгершілік қатынас қалыптастырумен қатар, дене дамуының жетілуіне көңіл бөлу қажет. Келтірілген пікірлер, біздіңше, тәрбиенің мәнін жеткілікті әрі түсінікті де ашып, оған ғылыми анықтама беруге негіз болуы мүмкін. Сонымен, тәрбие - бұл жеке адамның қоғамдық тәжірибені (білімді, ептіліктер мен дағдыларды шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін, әлеуметтік және рухани қатынастарды) игеру үшін бағытталған белсенді іс-әрекетін қолдап, қуаттаушы әрі ұйымдастырушы мақсат бағдарлы әрі сапалы орындалатын педагогикалық процесс [2].

Дене тәрбиесі – тән - денелік бой тіктеу үшін қажетті білімдер мен әдістерді ұрпақтан ұрпаққа ауыстыра жеткізуге бағытталған педагогикалық ұйымдасқан процесс. Дене тәрбиесінің мақсаты – адам тұлғасының, оның дене қасиеттері мен қабілеттерінің жан-жақты жетілуі, қозғалысты дағдылары мен ептіліктерінің қалыптасуы, тән саулығын көтеру.

Дене тәрбиесінің негізгі құралдары – дене шынықтыру жаттығулары, табиғаттың тума күш көздерін пайдалану (күн энергиясы, ауа мен су ортасы және т.б.) гигиена ережелерін ұстану (әр адамның жеке басына, еңбегіне, тұрмысына және т.б. байланысты). Дене

шынықтыруға арналған жаттығулар тән-дене қабілеттерінің дамуына әр тараптан әсер етеді. Олардың адам ағзасына ықпал жасау заңдылықтарын тану және оларды орынды қолдана білуден әрбір оқушы не ересек дене шынықтыру мәдениетін, дене тәрбиесі мақсаттарын іске асыруға пайдалана алады. Бұл тәрбие түрі үш негізгі бағытта орындалып жатады: жалпы дене дайындығы, кәсіби дене дайындығы, спорттық дайындық [2].

Дене тәрбиесіне орай іс әрекеттер мазмұны өз ішіне таңғы гимнастиканы, таза ауада жүріп-тұруды, кешкі серуенді, салауаттық күндерін, әрқилы спорттық бөлімдерге қатысуды, туристік саяхаттарды және т.б. қамтиды.

Дене тәрбиесі ақыл-ой, эстетикалық, еңбек тәрбиесімен бірлесе отырып, баланың жан-жақты дамуының негізін құрайды. Дене тәрбиесінің бастапқы нышаны алғашқы қауымдық құрылыста әр түрлі ойын, жарыс, аң аулау, күш сынасу сияқты дәстүр және салт түрінде көрініс тапса, құлдық қоғамда, әсіресе, ежелге Греция мен Римде, дене тәрбиесі мемлекеттік сипат алып, феодалдық қоғамның дамуы кезеңінде жастарға дене тәрбиесін беру атқа міну, күресу, жүзу, сайысу, садақ тарту, аң аулау түрінде жүргізілді.

Дене тәрбиесі саласында алдыңғы қатарлы теориялар шықты. Францияда Ф.Рабле және М.Монтень дене тәрбиесін ақыл-ой тәрбиесімен бірлікте қарау керек дегенді ұсынды. Я.А.Коменский дене тәрбиесін педагогикалық процестің негізгі бір бөлігі деп қарап, өзінің “Ұлы дидактика”, “Аналар мектебі” сияқты еңбектерінде балалардың күн тәртібі, тамағы, тазалығы, ойындары, дене шынықтыру жаттығулары мәселелеріне үлкен мән берген. Дене тәрбиесін сәбилік шақтан бастауды ұсынған [3].

Ағылшын философы Дж.Локк, француз философы Ж.Ж.Руссо дене тәрбиесіне ерекше мән берген. Неміс педагогы Ф.Ян, швед педагогі И.Г.Песталоцци, чех педагогі М.Тырш т.б.дене тәрбиесінің әр қилы жүйелерін құрған. Ф.Фребель өзінің әйгілі «Адамды тәрбиелеу» атты педагогикалық еңбегінде адамның ішкі әлемінің диалектикалық түрде сыртқа айналатынына ерекше көңіл бөлді. Тәрбие мен білім беру жұмысы барлық жастағылар үшін педагогикалық мекемелерде жүйелі іске асырылуы керектігін қарастырды.

Алдыңғы қатарлы орыс педагогтары мен қайраткерлері де дене тәрбиесі мәселесіне көп көңіл бөлген. В.Г.Белинский, Н.А.Добролюбов, Н.Г.Чернышевский, К.Д.Ушинскийлер мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесі туралы айта келіп, оны еңбекпен байланыстыру мәселесін қозғаған.

Сонымен қатар, дене тәрбиесін балалардың ақыл-ойы мен адамгершілігін дамытудың қажетті шарты деп тапқан. Адамтанушы және педагог П.Ф.Лесгафт өзінің оқушысы В.В.Горниевскиймен дене тәрбиесінің ғылыми жүйесін құрған. Сондай-ақ, бала денесі дамуының заңдылықтарын, тұқым қуалаушылық қана емес, орта мен тәрбиенің ықпалын да атап көрсеткен. Дене тәрбиесін ақыл-ой, еңбек, эстетикалық тәрбиелерімен байланыстырған. К. Д. Ушинский «Тәрбие ісі біршама жеңілдеу көрінеді. Тәрбиеге шыдамдылық керек екені баршаға аян, кейбіреулер ол үшін тума дарын қажет деп ойлайды, тек аздаған ғана мамандар шыдамдылық, тума қабілет және ептіліктерден басқа арнайы білімдердің де қажет екенін бүгінгі күні мойындап отыр» - деген.

Тәрбиелік қызметте ептілік, дарын (талант) және теориялық білімдер бірдей керекті екенін П. П. Блонский ескерген. Ептілік күнделікті тәрбиеде ұшталады, дарын тәрбиелік жұмыс барысында шыңдалады, теориялық білімдер адам дамуы мен тәрбиенің мән-мағынасын тереңдеп танумен қалыптасады да, ғылыми идеялар түрінде бірден бірге өтеді деген.

А. С. Макаренко ықпалды тәрбие жүргізу үшін әрбір мұғалім-тәрбиеші педагогикалық шеберлікке бейімделуі тиіс, ал сол шеберліктің астарында міндетті түрде игерілген теориялық білімдер болуы шарт деп өте дұрыс пайымдаған. Адам қызметінің әртүрлі саласында теорияның маңыздылығын ежелгі ойшылдарда айтып кеткен. Грек философы Анаксагор «Практикалық іс-әрекеттің еркін өрістеуі мен үнемді болуы тек қана теориялық

танымнан», -деген. «Әркім жақсы білгенінен данышпан», - деп Сократ та текке айтпаған. Теориялық білімдердің маңыздылығы бүгінгі ғылым мен техниканың, өмірдің барша тармағында кең орын алуына орай ерекше артып отыр. Сондықтан да, педагогиканың мәнін түсініп, дене тәрбиесіне байланысты негізгі теориялық идеяларын игеру педагогикалық қызметке дайындалуда өте маңызды.

Дене тәрбиесі ағзаны шынықтырып, бала психикасының дамуына үлкен әсер ететін, адам ағзасының барлық жағынан жетілуіне, қимыл әрекеті мен дағдысының, білімінің қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған, көп қырлы педагогикалық іс.

Дененің дамуы – тәрбиенің және бізді қоршаған ішкі, сыртқы ортаның әсерінен ағзаның биологиялық функцияларының және адам денесіндегі бұлшық ет тарамдары мен түрлерінің өзгеруі және өсуі.

Дененің жетілуі - өмірге, Отан қорғауға, еңбек етуге қабілеттілігі, дене дамуының ең жоғарғы дәрежесіне жетуі.

Ағзаның өсуі (сандық өзгеріс) оның құрылысы мен функциясының (сапалық өзгеріс) өзгеруімен байланысты. Ағзада сандық және сапалық өзгерістердің жинақталуы жас шамасына қарай дамудың бір баспалдағынан екінші баспалдағына өтуге, ауысуға әкеліп тіреді. Жас шамасына қарай әр баспалдақтағы даму сапа жағынан бір-бірінен өзгеше. Әрбір жаңа баспалдақ келесі баспалдаққа өтудің дайындығы болып табылады. Адамның жеке басының дамуы да жас шамасына қарай баспалдақтарға бөлінеді [2].

Қазақстан Республикасының Ата Заңында мемлекетімізде бірте-бірте қалыптасып келе жатқан құқықтық-демократиялық қоғамның ең құнды байлығы адам екендігі баса айтылған. Қазіргі уақытта қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге байланысты білім жүйесін жеке тұлғаның дамуына бағыттау арқылы жаңалаудың тиімді жолдары қайта қаралып, жаңа көзқарастар қалыптасуда. Соның бірі – негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының дене дамуын жетілдіру мәселесі.

Жас ұрпақтың дене дамуын жетілдірудің тәлім-тәрбиелік мәнін, білімділік маңызын Қорқыт ата, Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, А.Иассауи т.б. ғұламалар жан-жақты талқылап, жеке тұлғаның дамуындағы дене тәрбиесінің маңызына тоқталған. Ал көрнекті педагогтар Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци және орыс педагогтары К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, Е.И.Тихеева, Л.К.Шлегер, В.А.Сухомлинский дене жаттығулары мен қимыл-қозғалыс жаттығуларының тәрбиелік мәні мен қоса балалардың өз халқының салт-дәстүрімен, мәдениетімен танысуға мүмкіндік беретіні жөнінде айтылған (4.Б.6).

Белгілі қазақ зиялылары Ш.Уәлихановтың, А.Құнанбаевтың, Ы.Алтынсариннің, М.Жұмабаевтың балалардың дене дамуын жетілдірудегі ұлттық ойындар мен жаттығулардың маңызы туралы айтқан пікірлері әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Колледждердегі тәрбие ісі дене шынықтыру бағытындағы мақсаттары мен дене саулығы және тән сұлулығы тәрбиесі міндеттерінен туындайды. Олар:

1) Дене шынықтыру, оқушыларды салауаттылыққа дағдыландыру, дұрыс өсуіне көмектесу;

2) Спорт – дене тәрбиесі білімдерін меңгерту;

3) Қозғалыс дағдылары мен біліктерін дамыту;

4) Қозғалыс сапасын дамыту (күш, ептілік т.б.);

5) Адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу (ерлік, тұрақ-тылық, тәртіп, ұжымшылдық);

6) Эстетикалық қасиеттерді қалыптастыру (дене түзулігі, жүріс-тұрыс мәдениеті);

7) Дене шынықтыру мен спортпен үнемі айналысуды әдетке айналдыру;

8) Гигиеналық дағды мен ептілікті қалыптастыру.

Дене тәрбиесі бағытындағы тәрбие ісі жан-жақтылығы алға қойылған міндеттерді адамгершілік, ой-сана, эстетика, еңбек тәрбие түрлерімен бірге шешуге көмектеседі.

Бұл бағыттағы тәрбие ісінің көп тараған түрі - сабақ алдында мектептегі еңбек күнін бастайтын дене машықтары.

Тәрбие ісі дене тәрбиесі бағытындағы дене шынықтыру сәттері, шаршағанда сергітуші бірнеше жаттығулардан тұрады [3].

Тәрбие ісінде - «қозғалысты үзіліс» оқушылардың күнделікті сабақ арасында таза ауамен тыныс алуына жәрдемдеседі.

Колледж студенттеріне дене тәрбиесін берудің мақсаты – балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз ету, өйткені бастауыш сыныпта баланың дамуына дұрыс жағдай жасалса, бала денесі тез жетіліп өседі. Бастауыш сыныпта бала ағзасы әлі де әлсіз, әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұра алмайды, сондықтан оны аурудан сақтап, денсаулығын нығайтуда, қимыл әрекетін дамытуда, мәдени гигиеналық дағдысын, әдетін қалыптастыруда дене тәрбиесінің мәні ерекше. «Дене тәрбиесін дұрыс жүргізу үшін ағзаның дамуына әсер ететін жағдайдың бәрін пайдалану қажет», - деп И.П.Павлов адам ағзасының біртұтастығын, дене мүшелерінің бәрі де бір-бірімен және сыртқы ортамен байланысты екенін танытты.

Жас адамның денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік сияқты адам қабілеттерін дамыту оқушылардың дене дамуын жетілдіріп, қозғалу тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді. Мысалы, жылдамдық ең қысқа мерзімде қимылды орындау қабілеті болса, ептілік адамның жаңа қимылдарды тез игеру және жағдайдың өзгеруіне байланысты нақты шешім қабылдау қабілеті.

Дене тәрбиесі саласында ырғақ, жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады. Сабақтар мен сыныптан тыс дене тәрбиесі жұмыстарында күн ырғағы, дене жаттықтыру, организмді шынықтыру, тамақтану гигиенасы, ұйқы т.б. оқушылар нақты білім алады.

Негізгі ырғақтар қатарына әр түрлі іс-әрекеттері түрлерінің ұзақтығы және олардың кезектесуі, белсенді демалыс, тамақтануды реттеу, ұйқының ұзақтық мерзімі жатады. Ырғақтық кезеңнің кезектесуін сақтау, организмде белгілі ритмнің және шартты рефлексдер тізбегінің пайда болуын қамтамасыз етеді. Бұл жағдай балалардың денсаулығына және олардың жалпы жұмыс қабілетіне қолайлы ықпал жасайды. Мектептегі дене тәрбиесі жұмысының мазмұнына төмендегідей мәселелер кіреді:

- оқушыларға оқу, еңбек және демалыс ырғағын ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жақсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау;

- колледж ғимаратына, жұмыс жабдықтарына, спорт өткізілетін орындарға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау, жеке және қоғамдық гигиенаға дағдыландыру;

- оқу күні және оқу жылы бойында қозғалыс жасау, қозғалтқыш сапаларын дамыту, дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарын тиімді өткізу.

Сондай-ақ, дене тәрбиесін тыс оқу орындарында, спорттық базаларда іске асыру үшін төмендегідей талаптарды ескеру қажет:

- оқушылардың бойында жоғары адамгершілік сапаларды тәрбиелеу;

- оқушылардың денсаулығын нығайту, жұмыс қабілетін көтеру;

- спортпен шұғылдануға оқушылардың тұрақты қызығушылығын және қабілетін дамыту;

- негізгі қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру [3].

Дене тәрбиесінің арнаулы міндеттерін шеше отырып, қоғамдық тәрбиенің барлық жағынан өсу, даму байланыстарын жетілдіреді. Адамның жан-жақты дамуы, дұрыс тәрбиеленуі педагог - маманның іс-тәжірибесіне творчестволық жағынан жұмыс жасауына байланысты.

Қорытындылай келе, әр ұстаз-XXI ғасыр мұғаліміне сай болу үшін-ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сманов С., Әліпбек А. Дене шынықтыру мәдениеті және спорт педагогикасы. Оқу құралы. - Шымкент, 2004 ж.
2. Тайжанов С., Құлназаров А. Дене тәрбиесі. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған дидактикалық байқау құралы. – Алматы: Жазушы, 2002.
3. Осокина Т.И., Тимофеева Е.А. Дене жаттығулары мен қимылды ойындар, Алматы, 2006.
4. Г.П.Лескова.Общеразвивающие упражнения в школе, Москва, 2005.
5. Харламов И.П. Педагогика. Учебное пособие – Минск, 2001.
6. Төренязова С.М., Сисетова А.Т. Сабақ – мұғалімнің шығармашылық еңбегі. – Алматы, 2006.

ӘОЖ 37.091.3:004

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-МУЗЫКАНТТАРДЫ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОЙЫНДЫҚ МОДЕЛЬДЕУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Садуова Г.И. магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:Gulshat8010@gmail.com

Аннотация. Қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог-музыканттарды даярлау барысында музыкалық білім беру теориясы мен практикасына назар аударылғанымен, ойындық модельдеу әдістерін меңгеру жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған. Зерттеу болашақ музыка педагогтарының кәсіби дайындық деңгейін арттыру мақсатында ойындық модельдеу мен цифрлық білім беру құралдарын тиімді қолданудың маңыздылығын зерттеуге бағытталған. Цифрлық ойын платформалары, анимациялар және интерактивті сабақтар балалардың шығармашылық және музыкалық қабілеттерін дамытып, оқу процесін қызықты және танымдық етеді. Зерттеу нәтижелері цифрлық білім беру құралдары мен ойын әдістерін кеңінен қолдану қажеттілігін көрсетеді.

Тірек сөздер: музыкалық білім, ойындық модельдеу, цифрлық технологиялар, креативті даму, педагогтардың кәсіби дайындығы

Аннотация. В настоящее время в системе высшего образования, несмотря на внимание к теории и практике музыкального образования в процессе подготовки будущих педагогов-музыкантов, освоение методов игрового моделирования недостаточно проработано. Исследование направлено на изучение важности эффективного использования игровых методов моделирования и цифровых образовательных инструментов для повышения уровня профессиональной подготовки будущих педагогов музыки. Цифровые игровые платформы, анимации и интерактивные уроки развивают творческие и музыкальные способности детей, делая процесс обучения увлекательным и познавательным. Результаты исследования подчеркивают необходимость широкого применения цифровых образовательных инструментов и игровых методов в процессе обучения.

Ключевые слова: музыкальное образование, игровое моделирование, цифровые технологии, креативное развитие, профессиональная подготовка педагогов

Annotation. *Currently, in the higher education system, while the theory and practice of music education in preparing future music educators are emphasized, the mastery of game-based modeling methods is not sufficiently covered. This study aims to investigate the importance of effectively utilizing game-based modeling and digital educational tools to enhance the professional training level of future music educators. . The results of the study indicate the need for the widespread use of digital educational tools and game methods.*

Key words: *music education, game-based modeling, digital technologies, creative development, professional training of educators*

Қазіргі кезде жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог-музыканттарды даярлауда музыкалық білім беру теориясы мен практикасына көңіл бөлінгенімен, ойындық модельдеу әдістерін меңгеру жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған. Музыка педагогтарының кәсіби дайындығы негізінен дәстүрлі әдістерге негізделіп, көбіне аспапта ойнау, музыка теориясы мен хор жүргізуді үйретуге бағытталған.

Зерттеудің өзектілігі соңғы жылдары балалардың креативті дамуы мәселесіне деген қызығушылықтың артуымен де расталады, ал ойындық модельдеу баланың шығармашылық қабілеттерін ынталандырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады. Алайда, мектепке дейінгі білім беру аясында музыка педагогтарын осы технологияны пайдалануға дайындауға арналған жүйелі зерттеулер іс жүзінде жоқ, бұл зерттеуді теория және тәжірибе үшін өзекті әрі қажетті етеді [1].

Ойынның білім беру саласындағы маңыздылығы бірқатар диссертацияларда, монографияларда және әдістеме мәселелеріне арналған мақалаларда қарастырылған. Ойынның әдістемелік және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері Ю.П. Азаров, А.В. Антонова, С. Овчарова, Е. Климов, О. Радынова, Л. Школяр, С. Овчарова, А.С. Базиков сынды ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Бұл зерттеушілер ойынның мәнін ашып, әртүрлі ойындардың құрылымын және олардың жіктелуін анықтаған [2, 42 б.] .

Алайда, заманауи білім беру үдерісінде ойындық модельдеу әдістерін цифрлық форматта қолдану балаларға білім беру процесін қызықты әрі интерактивті ете отырып, олардың шығармашылық және музыкалық дағдыларын қалыптастырады.

Цифрлық ойын платформалары, анимациялар, виртуалды аспаптар және интерактивті сабақтар сияқты құралдар балалардың назарын аударып, музыка әлеміне деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, сандық контенттер оқушыларға дербес жұмыс істеу, музыкалық тапсырмаларды орындау арқылы өз қабілеттерін көрсету және өзін-өзі дамыту мүмкіндігін береді. Осылайша, цифрлық технологиялар мен ойындық модельдеу әдістерін біріктіру балалардың музыкалық дамуына оң әсер етеді және олардың білім алу үдерісін жаңа деңгейге көтереді [3, 122 б.]. Цифрлық құралдар оқытушыларға оқыту процесін тартымды және интерактивті етуге мүмкіндік беріп, педагогтардың балалармен шығармашылық жұмысты тиімді ұйымдастыру дағдыларын дамытуға қолдау көрсетеді.

Осыға орай біз зерттеу жұмысымызға болашақ педагог-музыканттардың ойындық модельдеу және цифрлық білім беру технологияларын тиімді меңгеруін қамтамасыз ету, олардың мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейіндегі балалармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіруді мақсат етіп қойдық.

Тақырып аясында цифрлық құралдардың рөлі және мүмкіндіктері жайлы баяндаудың маңыздылығы айқын. Музыка педагогтары ойындық модельдеу әдістерін қолдану үшін арнайы цифрлық ойын платформаларын пайдалана алады. Бұл платформалар балалардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесетін интерактивті элементтерді, анимациялар мен дыбыстық эффектілерді қамтиды. Мұндай құралдар оқушылардың назарын аударып, оларды музыкалық тапсырмалармен белсенді айналысуға ынталандырады.

Цифрлық ортада ойындық модельдеуді үйрену болашақ педагогтарға арнайы онлайн курстар мен вебинарлар арқылы қолжетімді болады. Педагогтар цифрлық құралдар арқылы ойындық әдістерді қолданудың жаңа тәсілдерін меңгеріп, оларды өз сабақтарында тәжірибелік тұрғыда қолдана алады [4, 23 б.].

Цифрлық ресурстарды (бейне сабақтар, аудио материалдар, анимациялар) қолдану арқылы музыка педагогтары мектепке дейінгі жастағы балаларды қызықты музыкалық тапсырмалармен таныстырып, олардың когнитивтік және эмоционалдық дамуына да ықпал етеді.

Жасанды интеллект құралдары педагогтарға балалардың музыкалық прогресін бақылауға, олардың жетістіктерін талдауға және жеке бағдарламалар жасауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы әр оқушының жеке даму деңгейін ескеру мүмкіндігі артады.

Сонымен қатар, виртуалды (VR) және кеңейтілген шындық (AR) технологиялары балаларға виртуалды аспаптарда ойнау немесе музыкалық оркестрді басқару тәжірибесін ұсынып, олардың қызығушылығын арттырады.

Сайып келгенде цифрлық білім беруді енгізуде ол кез келген уақытта және кез келген жерде білім алуға мүмкіндік береді, бұл педагогтардың ойын әдістерін меңгеру процесін жеделдетеді. Цифрлық құралдар педагогтарға теорияны практикамен ұштастырып, ойындық модельдеуді тәжірибелік тұрғыда меңгеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, цифрлық технологиялар ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоса, әр түрлі деңгейдегі оқушылармен тиімді жұмыс істеуге қолдау көрсетеді [5, 262 б.].

Біз Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Музыкалық білім беру білім бағдарламасы студенттерінің арасында болашақ музыка педагогтарын даярлауда ойындық модельдеу және цифрлық білім беру құралдарын қолдану тиімділігі жайлы ой, тұжырымдарына анықтау мақсатында сауалнама жүргіздік.

Сауалнаманың мақсаты: Болашақ музыка педагогтарының ойындық модельдеу және цифрлық білім беру құралдарын меңгеру деңгейін анықтау және олардың кәсіби даярлығына тигізетін ықпалын бағалау.

Сауалнама сұрақтарының мазмұны төменде сипатталған.

1. Сіз музыка педагогтарын даярлау бағдарламасында ойындық модельдеудің маңыздылығын қалай бағалайсыз?

- Өте маңызды
- Маңызды
- Біршама маңызды
- Маңыздылығы төмен
- Маңызсыз

2. Сіз өзіңізге немесе болашақта жұмыс істеуге қажетті сандық білім беру құралдарын қаншалықты жақсы меңгердіңіз?

- Жоғары деңгейде меңгердім
- Орташа деңгейде меңгердім
- Бастапқы деңгейде меңгердім
- Меңгермедім, бірақ үйренгім келеді
- Меңгермедім және қажеттілігін көрмеймін

3. Цифрлық білім беру платформалары (мысалы, виртуалды аспаптар, интерактивті анимациялар) сіздің ойыңызша, музыкалық қабілеттерді дамытуда қаншалықты тиімді?

- Өте тиімді
- Тиімді
- Орташа
- Тиімділігі төмен
- Тиімсіз

4. Сіз ойындық модельдеу әдістерін оқу процесінде қаншалықты жиі қолданасыз (немесе қолданар едіңіз)?

- Әр сабақта
- Аптасына бірнеше рет
- Айына бірнеше рет
- Өте сирек
- Қолданбаймын

5. Цифрлық құралдар мен ойын әдістерін қолдану сіздің сабақтарыңызды балалар үшін қызықты әрі танымдық етеді деп санайсыз ба?

- Иә, әрдайым
- Иә, көбінесе
- Көмектеседі, бірақ көп емес
- Әсері аз
- Жоқ, әсер етпейді

6. Ойындық модельдеуге арналған арнайы курстарды оқу бағдарламасына енгізу қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?

- Өте маңызды
- Маңызды
- Қажеттілігі орташа
- Қажеті шамалы
- Маңызсыз

7. Сіз балалармен жұмыс барысында интерактивті цифрлық материалдарды (бейне, аудио, анимация) қолдануға қаншалықты дайынсыз?

- Өте дайынмын
- Дайынмын
- Біршама дайынмын
- Дайын емеспін, бірақ үйренгім келеді
- Дайын емеспін және қажеттілігін көрмеймін

8. Цифрлық технологиялар мен ойын әдістері болашақ педагог-музыканттардың кәсіби шеберлігін арттырады деп санайсыз ба?

- Иә, толықтай келісемін
- Иә, келісемін
- Біршама келісемін
- Келіспеймін
- Мүлдем келіспеймін

Сауалнама нәтижелері төмендегідей болды. Респонденттердің 70%-дан астамы ойындық модельдеу мен цифрлық білім беру құралдарының маңызды екенін атап өтеді деп күтілуде, бұл олардың жаңа тәсілдерді меңгеруге дайын екенін көрсетеді.

Сауалнама қатысушыларының кемінде 50%-ы цифрлық құралдарды орташа деңгейде немесе одан жоғары меңгергенін мәлімдеуі мүмкін. Қалғандары бастапқы деңгейде деп бағалауы немесе цифрлық құралдарды меңгеруге қажеттілікті мойындауы ықтимал.

Респонденттердің 60%-ға жуығы цифрлық құралдардың музыкалық қабілеттерді дамытуда тиімділігін жоғары бағалайды деп болжанады, бұл олардың ойын әдістерінің маңыздылығын түсінетінін көрсетеді.

Респонденттердің 40%-ы ойындық модельдеу әдістерін әр сабақта немесе аптасына бірнеше рет қолдануға ниетті екенін, ал қалғандары ойын әдістерін сирек қолданатынын айта алады. Бұл олардың цифрлық құралдарға қолжетімділігін, білім деңгейін және оқытуға деген көзқарасын көрсетеді.

Сауалнама қатысушыларының кемінде 70%-ы цифрлық құралдар мен ойын әдістерінің сабақтарды балалар үшін қызықты әрі танымдық ететінін атап өтуі мүмкін, бұл олардың оқытудағы инновацияларға бейімделуге дайын екендігін білдіреді.

Студенттердің 80%-дан астамы оқу бағдарламасына ойындық модельдеу курстарын енгізудің маңыздылығын қолдайды деп күтілуде, бұл студенттердің жаңа әдістерді меңгеруге деген сұранысын көрсетеді.

Болашақ педагог-музыканттардың 60%-ы интерактивті материалдарды қолдануға дайын екенін атап өтті, ал қалғандары оқу барысында цифрлық құралдарды қолдану бойынша қосымша дағдыларға мұқтажбыз деп жауап берді

Қатысушылардың 70%-ы цифрлық және ойын әдістерінің болашақ педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыратынын атап өтуі мүмкін, бұл инновациялық әдістердің оқу процесіне оң әсерін растайтын боп шықты.

Бұл сауалнама нәтижелері оқу орындарының педагогикалық бағдарламаларын жетілдіру үшін пайдалы ақпарат береді және цифрлық білім беру құралдары мен ойын әдістерін оқу процесіне кеңінен енгізу қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен, болашақ музыка педагогтарын даярлауда ойындық модельдеуді цифрлық білім беру арқылы қолдану қазіргі білім беру саласының өзекті мәселесі болып отыр. Цифрлық құралдар педагогтарға балалардың музыкалық қызығушылығын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға тиімді мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде цифрлық білім беру технологияларын ойындық модельдеу әдістерімен үйлестіру болашақ педагогтардың кәсіби дайындық деңгейін арттырып, оларды заман талабына сай маман болуына ықпал ететіні анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Надолинская Т.В. Подготовка педагогов-музыкантов к игровому моделированию интегративных уроков музыки в условиях высшего профессионального образования Специальность 13.00.02 -теория и методика обучения и воспитания (музыка) Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора педагогических наук. - Москва, 2008

2. Надолинская Т.В. Игровое моделирование художественно-творческого процесса в контексте педагогики искусства // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 1 (часть 1) <https://science-education.ru/ru/article/view?id=18237>

3. П.И. Ковтонюк, А.А. Столбов, М.Ю. Новиков Использование цифровых образовательных игр в учебном процессе школьников//Международный научно-исследовательский журнал. - № 8 (122) *ispolzovanie-tsifrovyyh-obrazovatelnyh-igr-v-uchebnom-protsesse*

4. Сардарова Ж.И. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы және практикасы: педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2008 жыл.– Б. 341.

5. Мошқалов А.Қ. Білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің теориялық-практикалық негіздері // Ғылыми-педагогикалық басылым «Ұлт тағылымы». – 2012. – №2. – С. 262-267.

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Ыбыраимжанов К.Т. п.ғ.д., профессор

Ыкласова Г.К., магистрант 2 курс, 7М01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

yklasova.guldana02@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) оқу процесінде тиімді пайдалану жолдары қарастырылған. АКТ-ның бастауыш білім беру саласындағы маңызы ерекше, өйткені ол оқушылардың білім сапасын арттырып, пәндерді қызықты әрі интерактивті түрде үйренуге мүмкіндік береді. Мақалада АКТ-ны қолданудың түрлі әдістері мен құралдары талданып, олардың оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлі көрсетіледі. Сондай-ақ, АКТ қолданудың оқытудағы тиімділігін арттыру үшін мұғалімдерге ұсыныстар берілген. АКТ арқылы білім беру процесінің сапасын жақсарту, оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, әрі оқыту нәтижелерін оңтайландыру мақсатында қолданылатын әдістер мен тәсілдер туралы сөз болады. Жұмыстың нәтижелері бастауыш сынып мұғалімдері мен білім беру мекемелерінің оқу іс-әрекетін жетілдіруге септігін тигізеді.

Тірек сөздер: ақпараттық технологиялар, коммуникациялық құралдар, цифрлық білім беру, интерактивті тақта, электронды оқулықтар, мультимедиялық материалдар.

Аннотация . В данной статье рассмотрены способы эффективного использования информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в учебном процессе учащимися начальных классов. ИКТ имеет особое значение в области начального образования, поскольку повышает качество знаний учащихся и позволяет изучать предметы в увлекательной и интерактивной форме. В статье анализируются различные методы и средства применения ИКТ, демонстрируется их роль в развитии творческих способностей учащегося. Также даны рекомендации учителям для повышения эффективности использования ИКТ в обучении. Улучшение качества образовательного процесса через ИКТ, речь пойдет о методах и приемах, применяемых в целях повышения учебной мотивации учащихся и оптимизации результатов обучения. Результаты работы способствуют совершенствованию учебной деятельности учителей начальных классов и образовательных учреждений.

Ключевые слова: информационные технологии, средства коммуникации, цифровое образование, интерактивная доска, электронные учебники, мультимедийные материалы.

Annotation . This article discusses the ways of effective use of information and communication technologies (ICT) in the educational process by primary school students. ICT is of particular importance in the field of primary education, as it improves the quality of students' knowledge and allows them to study subjects in an exciting and interactive way. The article analyzes various methods and means of using ICT, their role in the development of the student's creative abilities is demonstrated. Recommendations are also given to teachers to improve the effectiveness of using ICT in teaching. Improving the quality of the educational process through ICT, we will talk about methods and techniques used to increase student learning motivation and optimize learning outcomes. The results of the work contribute to the improvement of the educational activities of primary school teachers and educational institutions.

Keywords: *information technologies, means of communication, digital education, interactive whiteboard, electronic textbooks, multimedia materials.*

Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Осыған байланысты бүгінде ұстаздардың алдында оқушыға білім, білік, дағдыларды ғана игертіп қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, яғни жан-жақты, өз бетімен жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу міндеттері тұр. Бастауыш сыныптарда ақпараттық технологияларды сабақта қолданудың негізгі мақсатына тоқтала кетсек: Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен байланыстыру болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық коммуникациялық технологияларға қызығушылықтары өте басым болғандықтан, олардың визуалды қабылдаулары да басым түрде жүзеге асады. Ең алдымен белгілі бір пәнді оқыту барысында АКТ-ны тиімді қолдану дегеніміз не? –деген сұраққа жауап бере кетсек. Белгілі бір пәнді оқыту кезінде тек қана пән мазмұнын жан-жақты білу мұғалімнің білікті екендігін және оқушылардың оқу нәтижелеріне ешқандайда кепілдік бере алмайды. Осы ретте, ұстаздың біліктілігі педагогикалық білімдерді дамыту қажеттігін көрсетіп отыр. Педагогикалық білім дегеніміз- білім берудің жалпы негіздерін, оқытудың мақсаты мен міндеттерін білуге негізделетін оқу мен оқыту үдерістері, тәжірбиесі жайлы терең білімділік. Ал енді, технологиялық білім- оқытудың қосалқы құралдары туралы білім болып табылады. Атап өткен үш білімнің қиылысуы технологиялық, мазмұндық және педагогикалық білімді береді. Осы тәсілді ең алғаш рет 2006 жылы Мишра және Келер атты ғалымдар қарастырған болатын. Олардың айтуынша, егер жаңа технология оқуды жақсарту жағына өзгертуге қабілетті болуға тиіс болса, онда жоспарлау үдерісі пәннің ерекше білімдерін оқушылар қалай түсінетінін біле отырып, осы білімдердің ықпалдасуын қамтуы қажет. Жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үдерісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор деп ойлаймын. Қазіргі заман талабы оқушыларды бастауыш сыныптан бастап-ақ, ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігімен таныстыру керек. Ал, ол үшін мұғалім компьютерлік технологияларды жетік меңгеруі қажет. Мен сабақ өту барысында интерактивті тақтаны жиі пайдалануға тырысамын. Әр сабақты қызықты өткізу мақсатында көптеген платформалардағы сабақтар жинағымен қолданамын. Бастауыш сыныптарды оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың мүмкіндіктері өте көп. Мысалы, 3-4 сыныптарда әдебиеттік оқу пәні бойынша оқушыларға алдымен презентация көрсету арқылы шығарма авторының өмір жолымен таныстырып, сол шығарманың шығу тарихына тоқталып, мазмұнын меңгертіп, арнайы дайындалған тапсырмаларды орындатамын. Әрі қарай оқушылар автордың өмірі, шығармашылығы жайлы туралы мәліметтерді интернет желісінен іздеп тауып, жинақтап өз білімдерін әрі қарай толықтырады. Ұй тапсырмасы ретінде шығармашылыққа қабілетті оқушыларға шығармаға қатысты презентация жасап, қорғау тапсырмасын беріп отырамын. Міне, дәл осындай ақпарат құралдарының көмегімен сабаққа қатысу белсенділігі төмен балалардың да қызығушылығын арттыруымызға болады. Өз сабақтарымда АКТ қолдану арқылы оқушыларымның жаңа ойларын, әсерлі идеяларын тартымды етіп көрсететіндіктерін аңғардым. Әр оқытушы сабақ өткізу барысында оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық. АКТ-ны педагогикалық тұрғыдан дұрыс қолдана білу оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сабаққа деген ынтасын оятады. Сонымен қатар, бала өз бетімен жұмыс істеуге, түрлі дебат ұйымдастыруға, қойылған проблемалық сұрақтарға

жауап беруге үлкен мүмкіндіктер береді. АКТ-ны пайдалану 1-4 сыныптарда аса өзекті болып табылады. Өзімізге белгілі бастауыш сынып оқушыларында негізгі ойлау әрекеті – көрнекілік – образды. Сондықтан, білім беруде көптеген сапалы иллюстрацияларды қолдануда АКТ-ның үлесі зор. Тақырып мазмұнын игеру барысында тек көру ғана емес, сонымен бірге есту, іс-әрекет орындау, эмоция мен қиял қосылады.

Қазіргі заманда ақпараттық коммуникациялық технологиялар (АКТ) білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Әсіресе, бастауыш сыныптарда АКТ құралдарын тиімді пайдалану оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада бастауыш сыныптарда ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімді жолдары қарастырылады.

1. АКТ-ның білім беру процесіндегі маңызы

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар білім беру процесін жаңартып, оған инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізуге ықпал етеді. АКТ құралдары арқылы мұғалімдер мен оқушылар арасында ақпарат алмасу процесі жеңілдейді. Интернет ресурстары, мультимедиялық құралдар, электрондық оқулықтар мен бағдарламалар арқылы білімді меңгеру мүмкіндігі артады.

2. Электрондық оқулықтарды пайдалану

Бастауыш сынып оқушылары үшін электрондық оқулықтар өте тиімді құрал болып табылады. Бұл оқулықтар тек мәтінмен ғана шектелмей, суреттер, бейнемазмұн, интерактивті тапсырмалар арқылы оқушының қызығушылығын арттырады. Электрондық оқулықтар балаларға тақырыпты тереңірек түсінуге, өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3. Мультимедиялық құралдар мен бағдарламалар

Бастауыш сынып оқушыларын оқу процесіне тартудың бір жолы – мультимедиялық құралдарды қолдану. Аудио және бейнемазмұнды қосу арқылы оқу материалын түрлі қырынан көрсетуге болады. Мысалы, тарих, әдебиет немесе табиғаттану пәндерінде мультимедиялық презентациялар мен анимациялар балалардың білімді жақсы меңгеруіне ықпал етеді.

4. Интерактивті тақтаны пайдалану

Интерактивті тақта – сабақ барысында ақпаратты жылдам әрі тиімді жеткізудің бірден-бір құралы. Бұл құрал оқушыларға тапсырмалар орындау барысында түрлі ойындар, тесттер мен жаттығулар жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интерактивті тақта мұғалімнің әртүрлі ақпаратты көрсету мүмкіндігін арттырып, сабақты көрнекі етіп өткізуді жеңілдетеді.

5. Ойын технологияларын қолдану

Ойын элементтерін оқу процесіне енгізу балалардың қызығушылығын арттырып, білімді тереңірек меңгеруге көмектеседі. Оқушыларға білім беру барысында түрлі онлайн ойындар мен оқу бағдарламаларын пайдалану тиімді. Мысалы, математикалық есептерді шешуге арналған ойындар немесе тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған интерактивті тапсырмалар оқушылардың ақыл-ой белсенділігін арттырады.

6. Онлайн платформаларды пайдалану

Қазіргі таңда интернет арқылы оқыту үшін көптеген онлайн платформалар мен ресурстар бар. Moodle, Google Classroom, Zoom сияқты платформалар оқушыларға қашықтан білім алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалімдер бұл платформаларды қолдана отырып, үй тапсырмаларын беру, оқушылардың жұмысын бағалау, кері байланыс орнату жұмыстарын оңтайландыруға болады.

7. Қашықтан оқыту және гибридті формат

Қашықтан оқыту жағдайында АКТ құралдары маңызды рөл атқарады. Виртуалды сыныптар, бейнесабақтар мен онлайн тесттер балалардың білім алу процесін үздіксіз

қамтамасыз етуге көмектеседі. Гибридті формат, яғни дәстүрлі және қашықтан оқытудың үйлесімі, мұғалімдер мен оқушыларға сабақтың икемділігі мен қолжетімділігін арттырады.

8. АКТ құралдары арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу

Ақпараттық технологиялар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға да ықпал етеді. Мысалы, бастауыш сыныптарда оқушыларға видео немесе анимациялық фильмдер жасау, блог жүргізу, түрлі графикалық жобалар әзірлеу тапсырмаларын беру балалардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытады.

Бастауыш сыныпта ақпараттық коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану білім беру сапасын арттырып, оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттырады. АКТ құралдарын дұрыс қолдану арқылы оқушылар тек қана оқу бағдарламасын меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар өз бетінше білім алу дағдыларын игереді. Сондықтан білім беру жүйесінде АКТ-ны толыққанды пайдалану – заман талабына сай білім алудың тиімді жолдарының бірі.

Компьютерлік технологиялар- біздің болашағымыз. Бұл технологиялар оқушының интеллектуалдық дамуына, ойлау процестерін арттыруға, ақпараттармен жұмыс істеуге зор ықпал етеді. Бірақ та, тек қана компьютерге жүгініп, оны білім алудың жалғыз көзі деп қарауға болмайды. Айналадағы қоршаған ортаны танып білуде ең маңыздысы жанды қарым-қатынас екендігін ұмытпағанымыз дұрыс. АКТ-ды сабақтың негізгі элементі деп емес, қосымша көмекші элемент түрінде қарауымыз қажет. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, АКТ-ны қолдану сабақтың нақты қай бөлімінде, қалай қолданылатындығы алдын-ала ойластырылуы қажет. Сабақтың жоспарын әзірлеуде сергіту сәтін, динамикалық үзіліс, көзге арналған жаттығу түрлерін және денсаулық сақтау ережелерін міндетті түрде енгізу керек. АКТ-ны бастауыш сыныптарда жиі пайдалана бермейді оқушы үшін зиянды жақтарында мұғалімнің ескергені дұрыс. Қазіргі заман талабына сай ашық сабақтар өткізу барысында көрнекіліктерді интерактивті тақтамен көрсету әлдеқайда тиімді болып табылады. Мұғалім және оқушының арасындағы жұмыс жеңілдейді, оқушы көзбен көріп, қолмен ұстап нәтижеге жетеді. Баланың сауатты жазуына да көмегін тигізеді.

Пән барысында АКТ-ны қолданудағы басты мақсатым: оқушыларды бүгінгі ақпараттық қоғамға бейімдеу; ақпараттық мәдениеттердің алғы шарттарын жасау. Сабақ өту барысында АКТ-ны енгізген кезде теориялық және тәжірбиелік білімдердің біртұтастығы оларды ойланып қолдануды қамтамасыз етеді, ал бұл дегеніміз оқыту және оқу үдерістерін жақсартуға жағдайлар жасайтын болады.

Қорыта келе, бастауыш сыныптарда жас ерекшеліктеріне сай АКТ-ны қолдануда оқу материалдарының деңгейі өседі, оқушылар өз бетінше ізденуге, еркін ойлануына, оқушылардың ғаламтордағы әдемі көріністерге қызыға бермей, шынайы өмірді әдемілеп бейнелеуге болатындығына көз жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбілқасымова, Ж. Ә. (2018). Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және білім беру жүйесі. Алматы: Атамұра.
2. Сапарова, Р. Ж. (2019). Бастауыш мектепте ақпараттық технологияларды пайдалану әдістемесі. Астана: Фолиант.
3. Нұрахметова, Н. Ш. (2020). Ақпараттық технологияларды білім беруде қолдану тәсілдері. Жаңа педагогикалық технологиялар журналы, № 2, 45-50 б.
4. Баймұханов, Қ. Қ., Тәжімұратова, Ж. Ә. (2021). Цифрлық білім беру: қазіргі жағдай мен келешегі. Педагогика және психология ғылыми зерттеу орталығы.
5. Кенжебаева, А. (2022). Интерактивті технологияларды оқу үдерісіне енгізудің тиімді жолдары. Жоғары білім және қоғам, № 5, 68-73 б.

6. Назарбаев, Н. (2012). Қазақстан-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Астана: Қазақстан Республикасы Президенті.

7. Мұқашева, Г. С., Сейітқазина, Ә. Н. (2017). Бастауыш мектепте АКТ құралдарын пайдалану: теория мен практика. Оқу мен ғылым, № 3, 102-108 б.

8. Сағындықова, Н. Б., Тұңғышбаева, А. М. (2019). Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қазақ білім, № 7, 34-40 б.

ӘОЖ 541.124

ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДЫ ДАРАЛАП ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Ыбыраимжанов К.Т., п.ғ.д., профессор

Утеулинова Ж.М., 2 курс магистранты

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: zaneliamaratovna@gmail.com

***Аннотация.** Мақалада цифрлық кеңістік саласының әлемдік және отандық білім беру аясындағы алатын айрықша орны баяндалған. Цифрлық кеңістіктегі оның ішіндегі бастауыш сыныптарды даралап оқыту технологиясының оңтайлы тұстары тұжырымдалған.*

***Тірек сөздер:** цифрлық кеңістік, бастауыш сыныптардағы даралап оқыту технологиясы.*

***Аннотация.** В статье освещено особое место сферы цифрового пространства в сфере мирового и отечественного образования. Сформулированы оптимальные аспекты технологии персонального обучения начальных классов в цифровом пространстве.*

***Ключевые слова:** цифровое пространство, технология индивидуализированного обучения в начальных классах.*

***Annotation.** The article highlights the special place of the digital space in the field of global and domestic education. The optimal aspects of the technology of personal primary school education in the digital space are formulated.*

***Key words:** digital space, technology of individualized training in primary classes.*

Жаһандық даму жолындағы білім беру кеңістігінде цифрлық технологияларды дамыту кәсіби білім берудің жетекші мақсаты болып табылады, бұл болашақ жас буынның кез келген сала аясында бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін дамытуға, келешектегі білікті маман болу жолында үлкен мүмкіндік береді. Осыған байланысты қазіргі заманауи мұғалімнің басты міндеті – оқушының жеке қабілетін ескере отырып, оқу үрдісінде цифрлық технологияларды қолдану.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурызда «2023-2029 жылдар аралығындағы цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту» тұжырымдамасы №269 қаулы болып бекітілді [1]. Осы негізде дүниежүзілік даму жолында цифрлық білім беру технологиялары аса өзектілігі аңғарылады. Цифрлық кеңістіктегі бастауыш сыныптарды даралап оқыту технологиясы оқытудың жаңа әдістерін енгізуге және оқушылардың танымдық деңгейінің озық жетілуіне, оқыту материалдарын өз бетінше игерудің ең жоғары деңгейіне қол жеткізуге, оқушыларды білім алу процесіне үлкен ықыласпен араласуына ықпал етеді және олардың білім беру нәтижелерін арттырады.

Сонымен қатар, оқу процесінде цифрлық кеңістіктегі даралап оқыту технологиясы қолдану оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді – бұл ХХІ ғасырдың кейінгі өмірде табысқа жету үшін қажетті негізгі құзыреттерінің бірі.

Цифрлық кеңістіктегі бастауыш сыныптарды даралап оқыту технологиясының оң тұстары өте көп. Бұл орайда ең бірінші білім беру процесінде әр оқушы оқу процесін өз деңгейінде орындауға мүмкіндік алады. Сондықтан сыныпта немесе топта артта қалушылар болмайды. Білім берудегі даралап оқыту технологиясын цифрлық құрылғылар арқылы ұсыну бағдарламаны әр оқушының қабілеті мен жылдамдығы бойынша реттеуге мүмкіндік береді [2].

Цифрлық кеңістіктегі бастауыш сыныптарды даралап оқыту технологиясының екінші оңтайлы тұсы өзін-өзі оқыту дағдыларын дамыту. Цифрлық білім беру құралдарын қолдану арқылы білім алушылар өз бетінше білім алуға үйренеді. Олар ақпарат іздейді, оны талдайды және өз деңгейінде саралайды. Бұл тәсіл тек білім алуға ғана емес, сонымен бірге танымдық қабілеттерді, сыни ойлауды, тәуелсіздікті, ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытады.

Үшінші кезекте оқушылардың оқуға деген жоғары ынта мен қызығушылықтың пайда болуы. Яғни заманауи оқу құралдарын пайдаланатын білімгерлер білім беру процесіне көбірек қатысады. Себебі материалдар қызықты және ыңғайлы форматта беріледі, оны дәстүрлі тәсілге қарағанда игеру оңайырақ. Мұғалім оқушыларға әртүрлі деңгейлі тапсырмалар ұсынуына болады. Бұл тәсіл арқылы бастауыш білімгері өзінің қолынан келетін тапсырмасын орындап, сәйкесінше бағалаусыз қалмайды [3].

Осы негізде деңгейлік тапсырмаларды орындау оқушыларға жақсы баға алу ғана емес, сонымен қатар келесі деңгейге өту маңызды болды. Тапсырмалар қатарын даралап оқыту технологиясы бойынша төмендегідей ұсынуға болады.

Бірінші деңгей – негізгі немесе репродуктивті. Бұл тапсырмалардың мақсаты: білімді қабылдау, хабардар болу, есте сақтау, көбейту. Мұғалім ұсынған ақпаратты барлық оқушылар меңгеруі үшін бастауыш сынып білімгерлеріне оңтайлы келетін кез-келген цифрлық құрылғы арқылы ұсынады.

Екінші деңгей – сындарлы, жаңартылған жағдайда қолда бар білімді түрлендіруді көздейді.

Үшінші деңгей – шығармашылық. Жаңа оқу материалын игеру, іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін игеру, өз бетінше іздеу, алдын-ала болжау, шешім нәтижелері мен іс-әрекет тәсілдері негізінде білімді практикалық қолдану деңгейі [5].

Цифрлық кеңістіктегі бастауыш сыныптарды даралап оқыту технологиясы білім беруді тиімдірек, сапалы, қолжетімді етеді. Біз оның қандай нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетінін тізбектейік.

➤ ***Білімге қолжетімділікті арттыру***

Цифрлық технологиялар білім алуға қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді, әсіресе шалғай аудандарда немесе қандай да бір себептермен сабаққа жеке қатыса алмайтын білімгерлер үшін электронды оқулықтар және басқа да сандық ресурстар кез келген уақытта, кез келген жерде білім алуға мүмкіндік береді.

➤ ***Креативтілік қабілетін арттыру***

Цифрлық құралдар интерактивті және қызықты оқу бағдарламаларын құруға мүмкіндік береді. Мысалы, автоматты тексеру және жедел жауап түсіндірмесі бар тесттер. Осының арқасында оқушылар эксперименттер жүргізе алады, есептерді шеше алады және кері байланыс ала алады, оқу материалдарын саралай алады. Бұл тәсіл материалдың сіңуін жақсартады.

➤ ***Цифрлық сауаттылықты дамыту***

Цифрлық құралдар арқылы оқушылар даралап технологиясы арқылы оқыту ақпаратпен, жаңа техникамен жұмыс істеуді үйренеді, аналитикалық және сыни ойлауды

дамытады. Бұл цифрлық технологиялар үлкен рөл атқаратын қазіргі қоғамда табысты өмір сүру үшін маңызды дағдылады жетілдіруге жол ашады.

Қорытындылай келе, цифрлық кеңістіктегі бастауыш сыныптарды даралап оқыту технологиясы білім алушылар үшін аса қызықты процесстің бірі. Цифрлық құралдар арқылы оқушылар даралап технологиясының артықшылықтарының бірі ақпарат әлемнің кез келген нүктесінен сапалы, қолжетімді болуы [4].

Оқушылардың білімін, іскерлігі мен дағдыларын бақылау мен түзетуді жүзеге асыру мақсатында ұстаз көп деңгейлі бақылау және білімді бағалау үшін цифрлы оқу тапсырмалары мен тестілері, географиялық тапсырмалар мен диктанттар, жеке карточкалар-тапсырмалар, тесттер, өзіндік тексеру жұмыстарын ұсынады.

Оқушылардың білімі мен дағдыларына байланысты даралап оқыту технологиясы көп деңгейлі, сараланған тәсіліне негізделген, оқу-тәрбие процесін оңтайландыруға, оқушылардың ынтасын арттыруға ықпал етеді. Көп деңгейлі тапсырмалар оқушылардың мүмкіндігінше әртүрлі білім деңгейлерін тексеру мақсатын көздейді.

Даралап оқыту технологиясы әр оқушыға жеке көзқарасты танытуды ұстанады, балалардың білім деңгейін барынша оң бағалауға, әр оқушының пәнге деген қызығушылығын сақтауға мүмкіндік береді. Даралап оқыту технологиясы ұсынған тапсырмаларды орындау оқу процесіне үлкен әсер етеді, өйткені бұл әртүрлі танымдық мүмкіндіктері бар білімгерлерге өз қабілеттеріне деген сенімділікті сезінуге мүмкіндік береді. Оқушылар деңгейді өз бетінше таңдайды. Бір деңгейден екінші деңгейге өтуі мүмкін. Ауысу оқушының даму деңгейінің өзгеруіне, оның біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру жылдамдығына байланысты болуы керек.

Даралап оқыту технологиясы балаларды оқытудың жеке траекториясын түзетуге, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын сақтауға, оқушыларға өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылар өз мүмкіндіктерін шынайы бағалай бастайды, өзін-өзі бағалау қалыптасады. Сонымен қатар, бала алған білімдерін синтездеуге, шығармашылық қабілеттері мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады. Осылайша, әртүрлі тапсырмаларды оқу процесіне жүйелі түрде қосу оқушылардың құзыреттілік деңгейін арттыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы.- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>
2. Вишневская Г.В. Технологический подход в педагогическом процессе высшей профессиональной школы// Известия Пензенского государственного педагогического университета им. В.Г. Белинского. 2008. №6 (10).
3. Маркова С.М., Наркозиев А.К. Методика исследования содержания профессионального образования // Вестник Мининского университета. 2019. Т. 7, №1. С 2.
4. Ваганова О.И., Гладков А.В., Коновалова Е.Ю., «Цифровые технологии в образовательном пространстве»<https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovye-tehnologii-v-obrazovatelnom-prostranstve/viewer>
5. Кулакова Е.А. «Разноуровневые задания на уроках русского языка и литературы в классах с детьми» <https://nsportal.ru/shkola/korreksiionnaya-pedagogika/library/2019/11/15/raznourovnevyye-zadaniya-na-urokah-russkogo>

ӘОЖ: 373.167.1

ИНФОРМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІСТЕР

Тулеуова Санимкуль Шалабаевна

Білім беру ұйымы: Арал ауданы, «№61 орта мектеп» КММ, tuleu_sanim@mail.ru

***Аннотация.** Бұл мақалада информатика пәнін орта мектепте оқытудың басты алғышарттары, сонымен оқушылардың пәндік білім деңгейін жетілдіре отырып, жасанды интеллект және білім беру сандық ресурстарын тиімді қолданудың негіздері туралы ақпарат зерделенген. Оқытудың интерактивті және саралау әдістерін ерекше негізге ала отырып, оқушылардың дамуына тоқталады.*

***Тірек сөздер:** жасанды интеллект, сандық ақпарат, цифрлық сауаттылық, оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, интеллектуалды мүмкіндіктер.*

***Аннотация.** В данной статье изучены основные предпосылки преподавания информатики в средней школе, а также информация об искусственном интеллекте и основах эффективного использования образовательных цифровых ресурсов с повышением уровня предметных знаний учащихся. Особое внимание уделяется развитию учащихся, опираясь на интерактивные и дифференцированные методы обучения.*

***Ключевые слова:** искусственный интеллект, цифровая информация, цифровая грамотность, формирование информационной культуры учащихся, интеллектуальные возможности.*

***Annotation.** This article examines the main prerequisites for teaching computer science in high school, as well as information about artificial intelligence and the basics of effective use of educational digital resources, improving the level of subject knowledge of students. It focuses on the development of students, taking as a special basis interactive and differentiation methods of teaching.*

***Key words:** artificial intelligence, digital information, digital literacy, the formation of an information culture of students, intellectual opportunities.*

Білім беруді реформалаудың, оның мазмұны мен әдістерін жаңартудың бір жолы – ақпараттандыру және цифрлық сауаттылық. Әлемді танудың құралына айналған жасанды интеллект, ғаламтор жүйесі бүгінгі күні өз мүмкіндігін еселеп, заманымыздың озық құралына айналып отыр. Жиырмасыншы ғасырдың аяғында пайда болған ғаламтор жер шарының кез-келген түкпірін байланыстырып, сан алуан адамдарды елдер мен құрлықтарды біріктірді. Уақыт сұранысынан туған цифрлық сауаттылық бүгінгі күні әрқайсымызға керек екені айқындалып отыр, өйткені жасанды интеллект барлық деңгейде етене өмірімізге еніп, өз ерекшелігімен оқушыларды дамыта түсуді талап етіп отыр. Біз қазіргі заманғы коммуникация құралдары өміріміздің барлық салаларын байланыстырып отырған ақпараттық технологиялар ғасырында өмір сүрудеміз, яғни білім, еңбекпен қамту, мәдениет, қаржы, жария саясат, жарнама, сауда бағыттарының барша үдерістері ғаламтордың ықпалымен дамып келеді. Сондықтан, оқушыларға ақпараттық мәдениет қалыптастырудың маңызы зор. Көптеген міндеттерді шешуде компьютерді тұрақты қолданып тұрудың мәні бар, себебі адамға үлкен мүмкіндіктердің табысты болуына мүмкіндік беретін ғаламтор екені айдан анық. Компьютер адам іс-әрекетінің көптеген формаларының сапасы мен тиімділігін арттырады, жұмысымызды жеңілдетеді, интеллектуалдық мүмкіндіктеріміздің күшеюіне мүмкіндік туатындықтан, оқушылардың цифрлық сауаттылығы мен ғылыми дамуы басты назарда. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы сабақты жоспарлау кезінде мынадай дидактикалық талаптарды ескеремін:

- Оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың педагогикалық мақсатын нақты анықтау;
- Жасанды интеллекттің білім жүйесіндегі ерекшелігіне тоқталу;
- Нақты оқу ақпаратын және өтетін тақырып мазмұнын аша отырып, сандық білім беру ресурстарын қашан және қай кезде қолдануды анықтап алу;
- АКТ қолдану кезінде басқа да техникалық құралдармен сәйкестендіріп жүргізу;
- Зерттелетін тақырып бойынша сыныппен бірге талқылау, пікірлесу;
- Оқушыларды информатика пәні бойынша сауаттылығын дамыту.

Бүгінгі мектептің негізі – үздіксіз білім беру орталығы және заманауи мұғалім екендігі айқын. Бүгінде мұғалімге қойылатын талаптар еселеп артуда, әсіресе сабақ үдерісін жоғары, әрі сапалы ету үшін сабақта цифрлық ресурстарды, сандық білім ресурстарын және ақпараттық технологияларды белсенді қолдану қажет. Сабақтың табысты да сапалы болуы, оның құрамдас бөліктерінің мазмұнына, сапасына және мұғалімнің сабақты қандай да жаңашылдықпен, ресурстармен толтыратындығына байланысты. Сабақтың барлық түрлерінде ақпараттық құралдар қолданылатын және пәнге эмоциялық қарым-қатынасты интербелсенді әдістермен қызықтыра оқытуда информатика пәнінің маңызы зор. Өзімнің іс-тәжірибемде оқушыларға сапалы, қызықты, жаңашылдыққа бейімделген мынадай сандық білім беру ресурстарын пайдаланамын:

wizer.me – білім берушілер сабақ технологияларын жүзеге асыру мақсатында, қалыптастырушы бағалау, аралас оқыту (интерактивті практикалық жұмысқа немесе үй тапсырмаларына арналған парақтар, бағалау, сауалнамалар мен кері байланыс нысандары) кезеңдерінде қолдануға болады. Тапсырмалар: ашық сұрақтар, бірнеше жауап таңдау, салыстыру, мәтіндегі рұқсаттамалардың сәйкестігін белгілеу, ретке келтіру, толтыру, қызметтерінен құралған кең спектрлі сандық білім беру ресурсы.

padlet.com тақтасы – сабақ барысында оқушылармен кері байланыста кезінде жиі қолданамын. Бұл платформаның ерекшелігі әр оқушының кез келген уақытта тапсырманы электронды тақтаға шығарып, мұғалімнің уақытын тиімді пайдаланып, сол мезетте жұмысқа пікір білдіруіне ықпал етеді.

wordwall.net – сабақ барысында қалыптастырушы бағалау тапсырмаларында қолданатын сервис. Оқушылармен викториналық ойындар мен салыстыру, теңестіру сияқты қызықты құрылымдармен қамтамасыз етілген.

onlinetestpad.com - тест тапсырмаларын орындауда қолданамын. Осы сервисің көмегімен оқушылардың білімін тексере отырып, қатемен жұмыс жасап, білім сапасын жоғарылауына негіз қаланатыны анық.

learningapps.org - интерактивті тапсырмалар құрастырушысы интерактивті модульдер (жаттығулар) арқылы оқыту процесін қолдауға арналған. Сонымен бірге, оқытушы да, оқушы да дайын шаблондарды пайдаланып, интерактивті модульдер жасай алады.

joyteka.com – білім беру web-квестін, интеллектуалды викторинаны, кері байланыс бейнелерін, терминдермен ойындарды және «тест» білімді бақылау құралын жасау қызметтері бар білім беру платформасы.

educaplay.com - бұл онлайн-сервис, оның көмегімен интерактивті тапсырмалар жасауға болады.

plickers.com – статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдететін және сыныптың жауабын лезде бағалап беретін қосымша.

d-id.com - бейнелерді сөйлетуге және оларға дыбыс қосуға мүмкіндік беретін платформа.

Біздің цифрлық дәуірімізде технологиялар мен оқыту әдістеріне деген қажеттілік бұрынғыдан да артып келе жатыр, ал бейне сабақтар сапалы білімге деген сұранысты арттырып, мұғалімге де, оқушыға да айтарлықтай көмек көрсетеді. Оны біз қашықтықтан

оқыту форматында жұмыс жасағанда түсіне білдік. Бейнесабактар да оқу материалын көрнекі етудің тамаша тағы бір әдісі деп білемін. Бейнеоқулық өзін-өзі зерттеудің ерекше құралы. Ерекше форматтағы сабақ өткізу кезінде бейнесабактар мұғалім өмірін жеңілдетуге бағытталған ерекше формат.

Бейне сабақтың өзін әртүрлі формада ұсынуға болады, мысалы, сабақтың негізгі түрлерінің арасында келесі үшеуін ажыратуға болады:

- жаңа материалды енгізу (түсіндіру) сабағы;
- білім, білік және дағдыларды бекіту сабағы;
- білімді, білік пен дағдыны қорыту және бақылау сабағы [2].

Бейнесабактардың көмегімен мәтінді оқып түсіну қиын болатын күрделі мәселелерді де шешуге болады, әсіресе терминологияны түсінбей, өйткені бүкіл үдеріс визуалды бейнеде ұсынылған.

Ең көп таралған және жиі қолданылатын бағдарламалар: Camtasia Studio – бұл экрандағы кескіндерді әртүрлі форматтағы бейне файлдарға жазуға арналған қуатты утилитта, бейнені монтаждау мүмкін, Macromedia Flash (SWF) және бейне ойнатқыштар бар. Camtasia Windows жүйелерінің кез-келген бөлігінен әрекеттер мен дыбыстарды түсіреді және AVI файлына сақтайды. Camtasia студиясымен жасалған бейнелерді AVI, SWF, FLV, MOV, WMV, RM, GIF, CAMV форматтарының біріне экспорттауға болады.

Бүгінгі таңда жастар және оқушылар арасында кең қолданылатын «INSHOT» қосымшасы да бейнебаян түсіріп, өңдеуге таптырмас бағдарлама. Оқушылар бұл бағдарлама арқылы пән бойынша игерген білімдерін бейнебаян арқылы жеткізуге мүмкіндігі бар.

Биылғы оқу жылындағы басты ерекшелік информатика пәніндегі жасанды интеллекттің өмірімізден орын алуы болып табылады. Жасанды интеллект элементтерін құру үшін бүгінде қолжетімді барлық программалау құралдарын қолдана алатындықтан, бұл құралдарды белгілі бір топтарға бөлу маңызды. Бөлу әдісін оқушылардың өздері ұсына отырып, бұл мәселені талқылау кезінде оқушыларды ЖИ элементтерін құруға жұмсалған уақыт пен еңбек принципіне сәйкес ұйымдастыруымыз қажет деп ойлаймын. Осы уақытқа дейін жоғары сынып оқушыларындағы программалау құралдары мен программалық жасақтаманың басқа түрлері туралы кең біліміне сүйене отырып, құралдардың барлық түрлеріне салыстырмалы сипаттама беріледі, оларды қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері бағаланады. Әсіресе программалауға жүгінбестен ЖИ құруға мүмкіндік беретін программалық қабықша немесе орта программаларына назар аудару керек. Дәл осы құралды курстың практикалық бөлімінде қолдануы керек. Жасанды интеллекттің нақты мысалдарын және олар жасалған құралдарды қарастырған пайдалы болады. Бұл мәселелерді талқылау өте маңызды және оқушыларға қажет болған жағдайда программалық құралдарды дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

Информатика пәнін оқушыларға сапалы да, салмақты жеткізуде оқытудың интерактивті әдістерін қолданамын, мысалы:

а) білім алушыны жаттықтыру, мысалы, ойын шарттарын өзгерту есебінен білім алушыда талап етілетін дағдылар мен біліктер қалыптасатын дамытушы ойын процесі;

ә) тест тапсырмаларын беру, олардың нәтижелері бойынша білім алушының дайындық деңгейі мен қателіктерін бағалауға болады;

б) сұрақ-жауап, оның барысында білім алушы пайымдау тізбегін қалыптастыруға түрткі болады және білім алушыға кейбір ережелерді ашуға немесе фактілерді бағалауға мүмкіндік беретін нұсқаларды қолдануға болады.

Бұл ретте:

- оқытудың педагогикалық әдістері мен стратегиялары туралы білім сарапшылардан алынады және жобалау кезеңінде оқыту жүйесіне енгізіледі;

- зерделенетін пәндік сала туралы білім дайын интеллектуалды оқыту жүйелерді толықтырады;

- тұлғаның психологиялық ерекшеліктері туралы білімді нақты пайдаланушымен жұмыс үдерісінде оқыту жүйесінің өзі алады.

Мұндай жүйе, әсіресе жоғары сынып оқушыларына өте әсері мол, өйткені бұл жүйе оның қателіктерін анықтап қана қоймайды, сонымен қатар, олардың себептерін талдайды, гипотезалар, ережелер мен қателерді түзету жоспарларын жасайды, алдын-ала анықталған оқыту стратегиялары мен білім алушының қол жетімді моделіне негізделген кеңестер береді. Оқу процесі динамикалық түрде қалыптасады, яғни әр білім алушы үшін оқу материалын өтудің өзіндік жолы құрылады. Алайда, осы саладағы жетістіктер, құрылған интеллектуалды оқыту жүйелерін, қазіргі уақытта қалыптасқан жасанды интеллекттің әртүрлі әдістері мен құралдарын өте аз дәрежеде қолдана отырып, бірте-бірте үйреніп, дағдыланып келеміз.

Айта кету керек, сараптамалық оқыту жүйелері барлық елде қолданыста, теориялық тұрғыдан бұл мәселе жақсы зерттелген, бірақ оларды қолдану бірқатар себептерге байланысты әлі де шектеулі екендігін көруге болады:

- оқытуда сараптамалық оқыту жүйелерін құру мен пайдалануға нақты көзқарастың болмауы;

- оқу материалын рәсімдеу кезінде оқытушылар тап болатын қиындықтар;

- әмбебап құралдардың болмауы;

- сараптамалық оқыту жүйелерге әртекті білімді тиімді көшіруді қамтамасыз ету үшін (оқытушының пәндік білімі, әдістемелік ережелер, педагогикалық пайымдар, білімді басқару тәсілдері) психология, педагогика және оқыту әдістемесі саласындағы сарапшыларды қоса алғанда, әзірлеушілер ұжымы қажет;

- тәжірибелі бағдарламашылар жүйесін пайдалануға қатысу қажеттілігі;

- күрделі интерфейс құру.

Білімге негізделген сараптамалық жүйелер ретінде сараптамалық жүйелердің ерекшелігі – пәндік білімді басқа білім түрлерінен бөлу. Пәндік білімді нақты түрде қамтитын білім қоры автономды бөлік болып табылады. Бұл мүмкіндік бүкіл жүйеге әсер етпестен, пәндік білімді өзгертуге, қосуға және таратуға, яғни жүйені «оқытуға» мүмкіндік береді. Дәстүрлі технологиямен дайын бағдарламаға өзгерістер енгізу программистті қосымша тартуды талап етеді. Сонымен қатар, өзгерістер енгізу көбінесе жаңа бағдарламаны жазудан қарағанда күрделі міндет болып табылады. Осылайша, педагогикалық пәндік саланың өзгеруі, оның табиғи дамуы бағдарлы өзгерістер енгізуді қажет етеді. Сараптамалық жүйелер білім қорын толықтырудың ішкі жүйесін қолдана отырып қолданылған жағдайда, педагогикалық пәндік салаға өзгерістер енгізу әрқашан мүмкін болады. Жүйемен диалог арқылы мұғалім программалауды қолданбай білімін өзгерте алады.

Қорытындылай келе, цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект, сандық білім беру ресурстары біздің цифрлық деңгейде жаттықтыратын заман талабынан туындап отыр.

Білім саласындағы цифрландырудың ең басты мақсаты – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті жас ұрпақты даярлау болып табылады.

Қазіргі таңда орта мектепте «Цифрлық сауаттылық» пәні 2-4 сыныптар аралығында 1 сағаттан, ал бірінші сыныпқа аптасына жарты сағаттан енгізілді. Бұл пән олардың компьютерлік құзыреттілігін одан әрі арттырып, пайдалы сандық білім беру ресурстарын жетік білуге көмектеседі. Сонымен қатар, аталмыш пән арқылы жас балғындарға электронды құрылғылар мен интернет ресурстарын тиімді пайдалану, алгоритмдер мен бағдарламалау негіздерін, тіпті робот техникасын да оқытады. Оқушыларымыздың сандық білім беру ресурстарын тиімді пайдалана отырып, білім алу, шет тілін үйренуге бағытталған

іс-шараларға қатысуының өзі тиімді цифрлық сауаттылықта жатыр. Болашақ ұрпақтың цифрлық сауаттылығын арттыру - жан-жақты білім алуына, талантты, дарынды, шығармашылығы шарықтаған, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық-психологиялық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы зор. Ұлт болашағын тәрбиелеуде саналы, бәсекеге қабілетті, ақпараттық технологияны жетік меңгерген оқушы тәрбиелеу - информатика ұстаздарының алдында тұрған басты міндет!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Интернетке кіріспе. Бүкілдүниежүзілік өрмек//әдістемелік құрал, Алматы, 2000 - 25 б.
2. Гилярова М.Г. Информатика для медицинских колледжей: Учебник.–М. Феникс, 2018.– 528 с.
3. Хлебников А.А. Информатика: Учебник. – М.: Феникс, 2017. – 448 с.
4. Мұхамбетжанова С.Т., Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері: автореферат дис. пед. ғылым. д-ры: 13.00.02: Алматы 2010.
5. Ғалымжанова М.Ә., Мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары. Канд.дисс – Атырау, 2008.

ӘӨЖ: 37.014

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІ БОЙЫНША ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Чинетова Аяулым Касенхановна

Магистрант. Жетысуский Университет им. И. Жансугурова (г. Талдықорған, Казахстан)

Achinetova@bk.ru

***Аннотация.** Бұл мақалада бастауыш сыныптарда цифрлық ресурстарды қолданудың тиімділігі зерттеледі. Цифрлық технологиялардың білім беру жүйесіне әсері, оқушылардың мотивациясын, оқу нәтижелерін жақсартудағы рөлі, сондай-ақ мұғалімдер мен ата-аналар үшін пайдасы қарастырылады. Зерттеу нәтижелері цифрлық құралдардың оқу процесіндегі маңыздылығын және олардың оқушылардың дамуындағы рөлін көрсетеді.*

***Тірек сөздер:** цифрлық ресурстар, білім беру технологиялары, оқу процесі, оқушылардың мотивациясы, оқу нәтижелері, мұғалімдер, ата-аналар, пайда, оқушылардың дамуы, цифрлық құралдар, тиімділік, білім беру жүйесі, инновациялық әдістер, оқу әдістемесі.*

***Аннотация.** В этой статье исследуется эффективность использования цифровых ресурсов в начальных классах. Рассматриваются влияние цифровых технологий на систему образования, роль в улучшении мотивации учащихся, результатов обучения, а также Польза для учителей и родителей. Результаты исследования показывают важность цифровых инструментов в учебном процессе и их роль в развитии учащихся*

***Ключевые слова:** цифровые ресурсы, образовательные технологии, учебный процесс, мотивация учащихся, результаты обучения, учителя, родители, прибыль, развитие учащихся, цифровые инструменты, эффективность, система образования, инновационные методы, методика обучения.*

***Annotation.** This article examines the effectiveness of the use of digital resources in primary schools. The impact of digital technologies on the education system, the role in improving student motivation, learning outcomes, and benefits for teachers and parents are considered. The results of*

the study show the importance of digital tools in the educational process and their role in the development of students

Key words: digital resources, educational technologies, educational process, student motivation, learning outcomes, teachers, parents, profit, student development, digital tools, efficiency, education system, innovative methods, teaching methods.

Цифрлық сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі, ең негізгі тақырыптарымыздың бірі. Цифрлық сауаттылық - бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашып отыр. Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз - бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Яғни, қазіргі таңда бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады. Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру мәселесінің өзектілігін, біз, біріншіден, Қазақстан Республикасының Цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасының мақсатын - цифрлық технологияларды пайдалану мен дамыту арқылы мемлекет экономикасының бәсекелестігін арттыруды жүзеге асырудың басты бағыты ретінде қарастыра аламыз. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласындағы қазіргі пандемия кезіндегі өзекті проблемалардың бірі есебінде онлайн білім беру платформасын атап өткен болатын

Бастауыш мектепте жаратылыстану пәнін оқытуда цифрлық ресурстардың пайдаланылуы білім беру процесін жеңілдетіп, қызықты әрі тиімді етуі мүмкін. Алайда, бұл мәселелермен қатар бірнеше қиындықтар да кездеседі. Міне, сол мәселелердің негізгі аспектілері:

1. Цифрлық ресурстарға қолжетімділік

- Интернетке қолжетімділік: Қазақстанның кейбір ауылдық немесе шалғай аудандарында интернет сапасы төмен, бұл цифрлық құралдарды тиімді пайдалану мүмкіндігін шектейді. Бұл жағдай әсіресе оқушылар мен мұғалімдер үшін қиындық туғызуы мүмкін.

- Құралдар мен техникалық жабдықтардың жетіспеушілігі: Оқу процесін жүргізу үшін қажетті компьютерлер, планшеттер немесе интерактивті тақталар бәрінде бірдей жоқ.

2. Мазмұнның сапасы мен бейімделуі

- Құралдардың сапасы мен сәйкесдігі: Жаратылыстану пәні бойынша көптеген цифрлық ресурстар бар, бірақ олардың бәрі де оқу бағдарламасына сәйкес келе бермейді. Қолданылатын ресурстардың мазмұны бастауыш сынып оқушыларына түсінікті әрі қызықты болуы керек.

- Жергілікті контекстке бейімделу: Қазақстанның табиғи, географиялық және экологиялық ерекшеліктеріне қатысты ресурстардың жетіспеушілігі. Кейбір цифрлық мазмұн әлемдік деңгейде әзірленген, бірақ ол жергілікті оқу бағдарламасына немесе балалардың қызығушылығына сәйкес келмеуі мүмкін.

3. Оқушылардың цифрлық сауаттылығы

- Цифрлық сауаттылықтың төмен деңгейі: Бастауыш мектеп оқушыларының барлығы да компьютерді немесе мобильді құрылғыларды тиімді пайдалануды білмейді. Бұл цифрлық ресурстарды пайдалану кезінде қиындықтар туғызуы мүмкін.

- Мұғалімдер мен ата-аналардың цифрлық сауаттылығы: Мұғалімдердің және ата-аналардың цифрлық құралдар мен ресурстарды қалай тиімді пайдалануды білуі маңызды.

Бұл жағдай көптеген педагогтардың технологияларға деген білімінің жетіспеушілігіне байланысты қиындықтар тудырады.

4. Қауіпсіздік және деректердің құпиялылығы

- Интернет қауіпсіздігі: Интернеттің қолданылуы балаларға әртүрлі қауіптерді, оның ішінде ақпараттық қауіптер мен онлайн алаяқтықты тудырады. Оқушылар мен мұғалімдер онлайн ресурстарды пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауды үйрену керек.

- Деректердің құпиялылығы: Цифрлық платформалар мен ресурстар балалардың жеке деректерін жинай алады, сондықтан бұл мәселе құпиялылықты сақтау тұрғысынан маңызды.

5. Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара әрекеттесу

- Өзара байланыс пен кері байланыстың болмауы: Цифрлық ресурстарды пайдалану кезінде кейде мұғалімдер мен оқушылар арасындағы нақты байланыс бұзылып, оқушылардың сұрақтарына уақытында жауап алу қиын болады.

- Қалыпты оқыту әдістерінің жетіспеушілігі: Мұғалімдер цифрлық құралдарды тиімді қолдану үшін арнайы оқу курстарын немесе тәжірибе алмасуды қажет етеді. Бұл мәселе қазіргі уақытта мектептерде жиі кездеседі.

6. Оқушылардың қызығушылығы мен мотивациясы

- Цифрлық құралдардың балалардың назарын ұзақ уақытқа сақтау қабілеті: Кейде цифрлық ресурстар балалардың қызығушылығын ұстап тұра алмайды. Бұған түрлі интерактивті элементтердің болмауы немесе тапсырмалардың күрделілігі себеп болуы мүмкін.

7. Қаржылық мәселелер

- Цифрлық құралдар мен бағдарламаларды қаржыландыру: Кейбір мектептер цифрлық ресурстарды қолдану үшін жеткілікті қаржылай қолдауға ие емес. Бұл бастауыш мектептерде цифрлық құралдар мен ресурстарды кеңінен енгізуге кедергі келтіреді.

Шешімдер мен ұсыныстар:

1. Интернет пен техникалық жабдықтарға қолжетімділікті арттыру: Әрбір мектепте заманауи компьютерлер мен интернет байланысы болуы тиіс.

2. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру: Педагогтарға арналған арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастыру.

3. Цифрлық мазмұнның сапасын арттыру: Жергілікті білім беру бағдарламасына сәйкес цифрлық ресурстарды әзірлеу.

4. Балаларға арналған қауіпсіздік ережелерін енгізу: Цифрлық ресурстарды пайдаланған кезде қауіпсіздік шаралары мен деректердің құпиялылығын сақтау.

5. Цифрлық оқыту платформаларын кеңінен енгізу: Оқушылар мен мұғалімдер үшін қолжетімді және тиімді онлайн платформалар мен құралдарды дамыту.

Цифрлық ресурстардың тиімді пайдалану арқылы бастауыш мектепте жаратылыстану пәнін оқыту сапасы мен қызығушылығын арттыруға болады, бірақ бұл үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет.

Елбасының сөзімен айтқанда, Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет. Заманауи технологиялар біздің өмірімізге тұрақты түрде енгізілуде, Цифрлік тұжырымдамасын тек ғылыми конференцияларда ғана емес, күнделікті өмірде де жиі кездесетін болдық. Цифрландыру үрдісі, мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді. Оқу үрдісінде компьютер оқып - үйрену нысаны ретінде, сонымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту мен оқытудың мазмұнын меңгеруді диагностикалау құралы ретінде әрекет етеді. Цифрландырудағы негізгі мақсат - бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу - тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата - аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы - білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы

атап көрсеткендей, елді цифрландыру - бұл мақсат емес, бұл - Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді. Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады

ӘДЕБИЕТТЕР :

Самылкина Н.Н. Информатика. Жалпы білім беретін мекемелерге арналған бағдарламалар. 2-11 сыныптар // БИНОМ. Білім зертханасы, – 2010.

Уваров а. мектепті ақпараттандыру. Кеше, бүгін, ертең. // Бином. Білім зертханасы, – 2011 [144-147 б].

Цветкова м. с. үздіксіз ақпараттық білім беру модельдері. // Бином. Білім зертханасы, – 2011.

Цветкова М. С. Бастауыш мектеп бойынша әдістемелік материалдар. // Әдістемелік хабаршы. - 2002 [1,39-43 б].

Шапкин А. С. компьютерлік ойын: психологиялық зерттеулердің жаңа саласы. // Психологиялық журнал. – 1999 [1,79-82 б].

ӘӨЖ 159.9.316

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЫ

Абдукаримова Римма Бактиярқызы

Т.Есетов атындағы №264 мектеп лицейдің педагог-психологы

***Аннотация.** Бұл мақалада жасөспірімдер арасындағы буллингтің психологиялық салдары талқыланады. Жасөспірімдер арасындағы буллинг қазіргі қоғамда кең тараған құбылыс болып табылады және оның әсері балалар мен жасөспірімдердің психологиялық денсаулығына терең ықпал етеді. Мақалада буллингтің түрлері және буллилерге әсері, сондай-ақ осы құбылыстың жасөспірімдердің психологиялық жағдайы мен әлеуметтік бейімделуіне қандай салдарлар тудыратыны қарастырылады. Мақалада психологиялық қолдау көрсету, мектептерде арнайы бағдарламалар ұйымдастыру, ата-аналардың рөлі мен қоғамның бірігіп әрекет етуі арқылы буллингтің теріс салдарын жою мүмкіндіктері айқындалады.*

***Тірек сөздер:** жасөспірімдер, буллинг, әлеуметтік оқшаулану, депрессия, мазасыздық.*

***Аннотация.** В этой статье обсуждаются психологические последствия буллинга среди подростков. Буллинг среди подростков является распространенным явлением в современном обществе, и его влияние глубоко влияет на психологическое здоровье детей и подростков. В статье рассматриваются виды буллинга и его влияние на булли, а также какие последствия это явление вызывает для психологического состояния и социальной адаптации подростков. В статье раскрываются возможности оказания психологической поддержки, организации специальных программ в школах, устранения негативных последствий буллинга через роль родителей и совместную деятельность общества.*

***Ключевые слова:** подростки, буллинг, социальная изоляция, депрессия, тревога.*

***Annotation.** This article discusses the psychological consequences of bullying among teenagers. Bullying among teenagers is a common phenomenon in modern society, and its influence has a profound effect on the psychological health of children and adolescents. The article examines the types of bullying and its effect on bullying, as well as what consequences this phenomenon causes for the psychological state and social adaptation of adolescents. The article reveals the possibilities of providing psychological support, organizing special programs in schools, eliminating the negative consequences of bullying through the role of parents and the joint activities of society.*

***Keywords:** teenagers, bullying, social isolation, depression, anxiety.*

Қазіргі қоғамда жасөспірімдер арасындағы буллинг, яғни құрдастары тарапынан қоқан-лоққы көрсету, психологиялық немесе физикалық тұрғыда қысым көрсету – өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл құбылыс мектептерде, әлеуметтік желілерде және басқа да қоғамдық орындарда жиі орын алады. Буллинг жасөспірімдердің психологиялық денсаулығына елеулі әсер етуі мүмкін, бұл олардың тұлғалық дамуы мен болашағына теріс әсер етеді. Мақалада біз жасөспірімдер арасындағы буллингтің психологиялық салдарларын талдаймыз және осы проблеманы шешу жолдарына тоқталамыз.

Буллинг дегеніміз – адам құқығының өрескел бұзылуы. Сонымен қоса бір адамның немесе адамдар тобының екінші адамға қасақана және үнемі зиян келтіруі [1]. Буллинг сөзі ағылшын тілінің «bully» яғни қорқыту деген мағынаны білдіреді. Бұл физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау дегенді де білдіреді. Мұндай теріс әрекеттер физикалық байланыс, сөздер немесе басқа да әдістер түрінде де болуы мүмкін.

Отандық ғалым, Н.Қ.Тоқсанбаева «буллинг дегеніміз – бір немесе бірнеше адамның басқа бір адамға немесе топқа жүйелі түрде қоқан-лоққы көрсетуін, қорлауын, оны әлеуметтік тұрғыда оқшаулауын, физикалық немесе психологиялық тұрғыда қинауын айтады» - деп зерделеген [2]. Буллингтің бірнеше түлері бар:

- **Физикалық буллинг** – күш қолдану, ұру, түрту, итеру сияқты әрекеттер.
- **Психологиялық буллинг** – адамның психикасына әсер ету, қорқыту, сөзбен кемсіту, жалған өсек тарату.
- **Әлеуметтік буллинг** – құрдастарынан оқшаулау, ұжымнан шеттету, «қоғамнан тыс» қалдыру.
- **Кибербуллинг** – интернет, әлеуметтік желілер арқылы адамға қатысты кемсітушілік немесе қорлаушы әрекеттер жасау.

Буллингтің мұндай әртүрлі түрлері жасөспірімдердің психологиялық және әлеуметтік жағдайына әртүрлі әсер етеді, әсіресе, олардың өздерін қабылдауына, мінез-құлқына және эмоциялық күйіне үлкен ықпал етеді. Буллингке ұшыраған жасөспірімдерде әртүрлі психологиялық және эмоционалдық қиындықтар туындайды. Мұндай әсерлер жасөспірімнің өзін-өзі бағалауынан бастап, ұзақ мерзімді депрессияға дейін кең ауқымды болуы мүмкін.

Буллингтің психологиялық салдарына тоқталатын болсақ:

➤ **Өзін-өзі төмен бағалау және депрессия**

Буллингке ұшыраған жасөспірімдер өздерін кемсітілген немесе дұрыс емес қабылданғандай сезінуі мүмкін. Бұл жағдай олардың өзін-өзі бағалауының төмендеуіне әкеліп соғады. Құрбандар өздерінің сыртқы келбеті, мінез-құлқы немесе әлеуметтік мәртебесі туралы теріс ойларға беріледі. Нәтижесінде депрессия мен мазасыздық белгілері күшейеді. Өзін-өзі бағалаудың төмендеуі жасөспірімдердің өздеріне сенімсіз болуына, болашаққа деген оң көзқарасын жоғалтуына әкеледі.

Мазасыздық және қорқыныш

➤ Буллинг құрбандары жиі стресс және мазасыздық сезімін бастан өткереді. Олар мектепке, қоғамдық орындарға немесе белгілі бір адамдармен кездесуге деген қорқыныш сезімін ұшырауы мүмкін. Құрбандар мектепке барудан бас тартуы, мектептен тыс іс-шараларға қатысудан қашуы мүмкін. Сонымен қатар, әлеуметтік қатынастарда да қиындықтар туындайды, себебі олар адамдарға сенуден қорқады.

Әлеуметтік оқшаулану

➤ Буллингке ұшыраған жасөспірімдер өздерін жалғыз сезініп, оқшаулануға ұмтылады. Олар достарынан, сыныптастарынан, тіпті отбасыларынан да аластатылуы мүмкін. Бұл әлеуметтік оқшаулану адамның дамуындағы маңызды кезеңде теріс әсер етеді.

Жасөспірімдер өздерінің эмоциялық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды және бұл олардың психологиялық жағдайының нашарлауына әкеледі.

Суицидтік ойлар және әрекеттер

➤ Күшті буллингке ұшыраған жасөспірімдерде суицидтік ойлар немесе әрекеттер пайда болуы мүмкін. Бұл әсіресе, олардың психологиялық ауыртпалығы мен әлеуметтік оқшаулануының шыңы болған жағдайда орын алады. Олардың өмірге деген қызығушылығы төмендеп, өз-өзіне зиян келтіру немесе өлім туралы ойлар жиі пайда болуы мүмкін.

Жасөспірімдердің буллингке психологиялық әсерін зерттеген норвегиялық психолог, буллинг мәселесін зерттеген ең алғашқы ғалымдардың бірі Д.Олвеус. Ол 1970-1980 жылдары буллингтің мектептердегі таралуын зерттеп, балалардың арасындағы агрессия мен зорлық-зомбылықтың психологиялық себептері мен салдарын анықтады. Ғалым буллингті «қасақана агрессиялық әрекет» ретінде сипаттап, бұл құбылыстың ұзақ мерзімді психологиялық әсерін, әсіресе депрессия, мазасыздық және өзін-өзі бағалаудың төмендеуі сияқты нәтижелерін атап көрсетті. Сондай ақ, зерттеуші Д.Олвеус буллингтің келесідей рөлдік құрылымын сипаттаған:

- жәбірлеудің құрбаны болған оқушы («victims»);
- зорлық-зомбылықты жүзеге асыратын, буллинг процесінде көшбасшылық рөлдерді атқаратын оқушылар – «буллерлер» немесе қудалаушылар, агрессорлар («bullies»);
- басқаларды жәбірлеуді құптайтын және оған белсенді қатысатын, бірақ әдеттебастамашы емес, басты рөлді атқармайтын агрессордың ізбасарлары;
- пассивті «буллерлер» - күлкіге айналдыру немесе жағдаятқа назар аударатын, бірақ тікелей араласпайтын буллингті ашық қолдайтын оқушылар;
- потенциалды «буллерлер» - қорқытуды ұнататын, бірақ оны сырттай көрсетпейтін оқушылар;
- «бақылаушылар» (немқұрайлы куәгерлер);
- буллингке қатыспайтын және бұл олардың ісі емес деп санауы мүмкін, яғни жағдайға немқұрайлы қарайтын («bystanders») оқушылар;
- «потенциалды қорғаушылар» - зорлық-зомбылықты қауіпті әрекет деп қарайтын және жәбірленушіге көмектесу қажеттілігін түсінетін, бірақешқандай әрекет жасамайтын оқушылар;
- «қорғаушылар» - құбылысқа теріс көзқараспен қарайтын, жәбірленушіні қорғайтын немесе оған көмектесуге тырысатын оқушылар [3].

Ғалым О.Л.Глазман буллингке қатысушылардың тұлғалық психологиялық ерекшеліктерін жақсы түсіну үшін олардың қандай позицияларды иеленетінін және қандай рөлдерді атқаратынын түсіну керек, олай болса, «буллинг-құрылымын» анықтау маңызды дей келе, «буллингқұрылымын» мына тұрғыда ұсынады:

1. Бастамашылар (ренжітушілер) жалпы агрессивтіліктің жоғары әлеуеті бар адамдар ретінде сипатталады. Олар өз құрбандарына ғана емес, сонымен қатар мұғалімдер мен туыстарына да шабуыл жасайды.
2. Бастамашының көмекшілері «қорлаушыға» көмектесуге және оларға еліктеуге ұмтылуымен сипатталады. Олар тікелей буллингті пайдаланып жәбірленушіні күлкі етеді жәнеқол көтереді (ұрады).
3. «Жәбірленушінің» қорғаушылары, әдетте қорғаушылар сыныптастары арасында ең үлкен беделге ие. Олар құрдастарына қарсы буллингті көрсете бермейді және өзі де буллингке аз түседі.
4. Құрбандар. Мұндай балалар психологиялық зорлық-зомбылықты, оқшаулануды және жалғыздықты, қауіп пен мазасыздықты сезінеді. Буллингтің«құрбандары» депрессия белгілерімен, мазасыздықтың жоғары деңгейімен және басқа да жағымсыз эмоционалды көріністермен сипатталады.

5. Бақылаушылар (куәгерлер). Буллинг жағдайында куәгерлер рөлінде балалардың көпшілігі болады [4].

Буллингтің буллилерге әсеріне тоқталатын болсақ, буллингтің психологиялық салдары тек құрбандарға ғана емес, сонымен қатар оны жасайтын жасөспірімдерге де әсер етеді. Олар агрессиялық мінез-құлықты қалыптастырып, қоғамда өздерін жоғарылатуға тырысады, бірақ бұл олардың эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын дұрыс дамытпайды.

- **Агрессия мен мінез-құлық бұзылыстары**

Буллинг жасайтын жасөспірімдер агрессиялық мінез-құлықты қалыптастыруы мүмкін. Олар күш қолдану арқылы өздеріне үстемдік жасауға тырысады, бірақ бұл олардың өздерінің эмоциялық тұрақтылығына және қарым-қатынасына кері әсер етеді. Мұндай жасөспірімдер қоғамда агрессиялық, төзбеушілік және эмпатиясыз болып қалуы мүмкін.

- **Әлеуметтік жауапкершілік сезімінің төмендеуі**

Буллингпен айналысатын жасөспірімдер көбінесе өздерінің әрекеттерінің салдарын түсінбейді. Олардың әлеуметтік жауапкершілік сезімі төмендейді, олар қоғамда басқаларды қорлаудың дұрыс екенін қабылдайды. Бұл, өз кезегінде, олардың тұлғалық дамуына және қоғамдық тәртіпке қарсы әрекеттеріне әкелуі мүмкін.

Жасөспірімдер арасындағы буллингтің психологиялық салдарларын жеңілдету және болдырмау үшін түрлі шаралар қажет. Бұл шаралар мектептерде, отбасыларда және қоғамда бірлесіп жүзеге асырылуы тиіс.

- **Мектептегі бағдарламалар мен тренингтер**

Мектептерде буллингке қарсы бағдарламалар енгізу, оқушыларға қарым-қатынастың дұрыс үлгілерін үйрету, эмоциялық интеллекті дамыту өте маңызды. Буллингтің алдын алу үшін оқушылар арасында эмпатия, құрдастарды құрметтеу, өзара қолдау көрсету дағдыларын қалыптастыру қажет.

- **Психологиялық қолдау**

Буллингке ұшыраған жасөспірімдерге психологиялық көмек көрсету, олардың ішкі қорқыныштарын жеңуге көмектеседі. Мұғалімдер мен психологтар арнайы қолдау бағдарламаларын ұйымдастырып, құрбандардың эмоциялық күйін қалпына келтіруге тырысуы керек.

- **Ата-аналардың рөлі**

Ата-аналар балаларымен үнемі ашық сөйлесіп, олардың күнделікті өміріндегі қиындықтарды тыңдауы қажет. Егер ата-аналар балада буллингке қатысты белгілерді байқаса, олар мектеппен және психологтармен байланысып, тиісті шаралар қабылдауы тиіс.

- **Қоғамдық қолдау жүйелері**

Қоғамдық қолдау мен ақпараттық кампаниялар буллингке қарсы күресте маңызды рөл атқарады. Бұл арнайы бейнемазмұндар, плакаттар, әлеуметтік желілерде ақпараттық жарияланымдар арқылы жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына көмектесуге бағытталуы керек.

Қорытындылай келе, жасөспірімдер арасындағы буллинг психологиялық тұрғыдан теріс әсер етеді, оның салдары ұзақ уақытқа созылуы мүмкін. Буллинг құрбандары депрессия, мазасыздық, әлеуметтік оқшаулану және суицидтік ойларға ұшырауы мүмкін, ал буллилердің өзі агрессия мен моральдық жауапкершіліктің төмендеуіне ұшырайды. Бұл мәселені шешу үшін мектептер, қоғам және ата-аналар бірлесіп жұмыс істеп, жасөспірімдер арасында құрмет пен өзара түсіністік мәдениетін қалыптастыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы

[Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031180> (дата обращения: 28.03.2023).

2. Тоқсанбаева Н.Қ. Жасөспірімдік ортадағы буллинг – элеуметтік-психологиялық мәселе ретінде. // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Хабаршысы. Психология және социология сериясы. №2 (77). 2021. 58.-63б.

3. Гришина Т.Г. Социально-психологические факторы ролевого поведения подростков в ситуации буллинга. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата психологических наук. Специальность 19.00.05 -Социальная психология (психологические науки). Москва - 2021.

4. Глазман О.Л. Правовая сказка: в поисках эффективного средства профилактики буллинга в школьной среде // Педагогическое образование на Алтае. - 2020. - №1. - С. 170-174.

ӘОЖ 37.378

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЦИФРЛЫ ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Нуржигитова А.А.¹, Сәдуақас Г.Т.².

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты,
e-mail: aidana.nurzhigitva15@gmail.com

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің п.ғ.к.,
қауымдастырылған профессоры,
e-mail: gulbanu_sadvakasova@mail.ru
Қазақстан, Алматы қ.

***Аңдатпа.** Мақалада бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілі сабақтарында цифрлы платформаларды тиімді қолдану әдіс-тәсілдері туралы талдаулар беріледі. Бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілін меңгертудегі Quizizz, Kahoot, Quizlet, Socrative және т.б. цифрлық платформалары қарастырылады. Бұл платформаларды сабақта тиімді пайдалану ұсыныстары мен пайдасы жөнінде айтылады.*

***Тірек сөздер:** цифрлы платформалар, білім беру ресурстары, оқушылар, жан-жақты ойлау, дамыту.*

***Аннотация.** В статье дается анализ методов и приемов эффективного использования цифровых платформ в дисциплине казахский язык для учащихся начальных классов. Для учащихся начальных классов рассматриваются цифровые платформы Quizizz, Kahoot, Quizlet, Socrative и др. в освоении казахского языка. Рекомендации и преимущества эффективного использования этих платформ на уроке.*

***Ключевые слова:** цифровые платформы, творческая деятельность, образование, учащиеся, всестороннее мышление, геймификация, развитие.*

***Annotation.** The article analyzes the methods and techniques of effective use of digital platforms in the Kazakh language discipline for primary school students. Also, primary school students are shown the connection with gamification of a series of methods used in a daily lesson on mastering the Kazakh language. Several gamification needs are mentioned that drive student motivation. These will be such needs as: awareness of knowledge, success, development of creativity, control, social influence, elimination of impatience, curiosity, absence of losses. For primary school students, the digital platforms Quiz, Kahoot, Quizlet, Socrative, etc. are considered. in mastering the Kazakh language. Recommendations and advantages of effective use of these platforms in the lesson.*

***Keywords:** digital platforms, creative activity, education, students, comprehensive thinking, gamification, development.*

XXI жаһандану ғасырында цифрлы технологиялардың өмірімізге енгендігі айқын. Әсіресе білім беру саласында жаңа білім беру технологияларының қолданылуы оқытудың сапасын арттырып, оқушылардың білімге деген қызығушылығын күшейтеді. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бап 5-тармағында: «отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту»; 9-тармағында: «...оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану», – деген міндеттер көрсетілген. Мұндағы оқушыларды тиімді түрде оқытудың жаңа технологияларын қолдану, заман талабына сай, қоғам өзгерісіне лайықты құзыретті, өзгерістерге бейімделу деңгейі жоғары, ақпараттық технологияларды енгізуге қабілетті болуын көздейді [1].

Бастауышта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы бойынша құжатта білім алушылардың қазіргі таңда АКТ-ның өзектілігі қарастырылған [2]. Сонымен қатар, әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылына бастауыш сыныпқа «Қазақ тілі» пәнінен оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуға арналған ұсыныстар негізінде әдістемесі қарастырылған [3]. Өз кезегінде цифрлық білім арқылы жеткізу білім алушыларға өздерінің түсініктерін тереңдетіп, цифрлық білім ресурстарымен жұмыс жасау жолдарын және білімдік ақпаратты бір жүйеге түсіру заңдылықтарын, қазақ тілі арқылы өзіндік даму траекториясына сай дамуды басты құрал ретінде алға шығарды.

Болашақтың ұрпағы ойшыл, ақылды, жан-жақты, цифрлы технологияларды тез меңгере алатын ұрпақ болуы тиіс. Цифрлық жағдай арқылы бала тілдік төрт дағды бойынша (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) тез үйренеді. Заманауи технологиялар оқу үдерісінің құрамдас бөлігіне айналып, білім беру дағдыларын дамытудың жаңа перспективаларын ашуда.

Жаңа цифрлы сервистер арқылы мұғалімдер жаңа сабақты құрастырады. Білім беру үдерісінің негізгі міндеттерінің бірін шешуге көмектесетін оқу ресурсы ретінде оқушылардың ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Осы ресурстың көмегімен әр баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, интерактивті немесе баспа жаттығуларын құру арқылы оқытуды саралау мен дараландыруды ұйымдастыруға болады. Әртүрлі тапсырмаларды құрастыру арқылы мұғалім өзінің сабағын қызықты өткізеді. Викториналық сұрақтар, тест тапсырмалары, сәйкестендіру жаттығулары, ментальді карта, интеллект карта құрастыру үшін түрлі цифрлы платформаларды қолдануға болады. Сол арқылы білім алушының ізденуін, оқуға деген мотивациясын дамыта аламыз.

Цифрлы платформалар мен құралдардың дұрыс әрі тиімді қолданылуы қазақ тілін үйрету үдерісін жаңартып, оны заман талабына сай етіп, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыра алады. Мектептерде цифрлы құралдарды қолдану – мұғалімдер мен оқушылар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Платформалардың көмегімен құрастырылған тапсырмалар баланың логика, мәліметті қабылдау, есте сақтау, зейінін шоғырландыру қабілеттерін дамытатын жұмыс парақтарын құрастырады. Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалайтын, халықаралық мониторингтік салыстырмалы зерттеулерге әзірлік аясында білім беру ұйымдарындағы білім беру үдерісін жүзеге асыруға бағытталған. Оқытудың әр түрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесіне, мектеп өміріне енуде.

Цифрлы платформалар оқу үдерісін интерактивті етеді. Мұғалімдер мен оқушылар арасында шынайы уақыт режимінде қарым-қатынас орнатуға, тапсырмаларды орындауда

бәсекелестік тудыруға мүмкіндік береді. Мысалы, *Kahoot* немесе *Quizizz* сияқты платформалар арқылы оқушылар ойын түрінде сұрақтарға жауап бере отырып, тақырыпты тереңірек түсініп, білімдерін тексере алады. Мұндай тәсіл оқушыларды белсенділікке ынталандырып, олардың білімге деген қызығушылығын арттырады. Цифрлы платформалардың басты артықшылықтарының бірі – оқушылардың нәтижелерін автоматты түрде бағалау мүмкіндігі. Мысалы, *Quizlet* немесе *Socrative* сияқты платформалар оқушылардың білімін тест түрінде тексеруге және олардың жауаптарын жылдам бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер әр оқушының нәтижелерін бақылай отырып, оның қандай тақырыптарда қиналып жатқанын анықтап, уақытында түзету жұмыстарын жүргізе алады. Сонымен қатар, кері байланыс арқылы оқушының қай бағытта дамуы қажет екендігі туралы нақты ақпарат беруге болады [4].

Визуалды және аудио ресурстар қазақ тілін үйренуді жеңілдетеді анық. Мысалы, *"YouTube"* немесе *"Khan Academy"* сияқты платформаларда қазақ тіліндегі бейнемазмұнды көру, тыңдау арқылы тыңдалым дағдыларын дамытуға болады. Сонымен қатар, оқушылар қазақ тіліндегі әндер, қысқаметражды фильмдер немесе анимациялық видеоларды көріп, тілдік құрылымдарды табиғи түрде меңгеруі мүмкін.

YouTube – әлемдегі ең танымал видеохостинг қызметі, мұнда қазақ тілін үйретуге арналған түрлі бейнемазмұндар бар. Қазақ тілінде оқыту видеолары, әдебиеттік оқудағы көркем шығармалар мен сабақтар осы платформада кеңінен таралған. Оқушылар әртүрлі бейнемазмұнды көріп, тыңдалым дағдыларын дамытуға, сөздерді дұрыс айтуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, қазақ тіліне арналған мобильді қосымшалардың саны да көбейіп келеді. Мысалы, *"Qazaqsha-Online"*, *"Aitu"*, *"Qazaq Tilinde"*, *"Duolingo"* сияқты қосымшалар арқылы оқушылар кез келген уақытта қазақ тілінің негіздерін үйренуге мүмкіндік алады. Мұндай платформаларда ойындар, тапсырмалар мен қызықты видеолар арқылы оқу үдерісі жеңіл әрі қызықты болады [5].

Келесі кезекте бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілі сабағында қолдануға болатын цифрлы платформаларға тоқталатын болсақ, мұндай платформалар түрлі әдіс-тәсілдерді біріктіріп, балаларға қазақ тілін үйретуді жеңілдетеді. “Алматыкітап баспасы” бастамасымен *TopIQ.kz* электронды оқулықтар орналасқан платформасында интерактивті тапсырмалар мен бейне және аудио материалдар қоры көп. Платформаның артықшылығы кез келген гаджетке жүктемей-ақ жұмыс жасау мүмкіндігі қарастырылған. Бұл білім алушының тек мектепке қана емес, сонымен бірге, қашықтан оқу кезінде де пайдалануға қолайлы. Педагогтер мен білім алушыларға *TopIQ.kz* платформасына *Kundelik.kz* порталынан тікелей өте алатындығы ұтымды. Өз тәжірибемде үнемі қолданып отырамын. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушылары үшін пайдалы болатын бірнеше цифрлы платформаларды ұсынғым келеді.

BilimLand – білім беру платформасы, онда әртүрлі пәндер бойынша сан алуан видеосабақтар, тесттер және интерактивті тапсырмалар ұсынылады. Оқушылар үшін арнайы дайындалған мультимедиялық материалдар қазақ тілінің грамматикасын, лексикасын және орфографиясын игеруде көмектеседі. Бұл платформа балалардың ойын арқылы білім алуына мүмкіндік береді.

Мектер – бұл еліміздегі мектептерге арналған онлайн білім беру ресурсы. Мұнда қазақ тілінен түрлі сабақтар, әдістемелік ұсыныстар мен жаттығулар бар. Платформада оқушылардың деңгейіне сәйкес, қазақ тілін үйренуге арналған интерактивті тапсырмалар ұсынылады. Сонымен қатар, бұл ресурста оқушылар мен мұғалімдер арасындағы кері байланысты тиімді түрде ұйымдастыруға болады.

Smartbilim — бұл онлайн білім беру платформасы, онда қазақ тілі мен әдебиетік оқу бойынша дайындалған арнайы бағдарламалар мен видео-сабақтар бар. Платформада тапсырмаларды орындау, тесттерді шешу арқылы оқушылардың білімін бағалауға болады.

Балаларға қазақ тілінде оқытатын мультимедиялық материалдар мен интерактивті ойындар ұсынылады[6].

Қорытынды. Оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту үшін сөйлеудің дұрыс үлгісін көрсету керек. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдысын дамыту үшін: сөзді, сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйрету, мәтінді, өлең сөздерді айтқанда дауыстың анық болуын қадағалау, сұрақтарға жауап беру, дұрыс сөйлеуге үйрету, сұрақ қоя білу мен әңгімені бастау, жалғастыру, аяқтай білу қабілетін қалыптастыру сияқты жұмыстар қатар жүргізіледі. Сондай-ақ берілген мәтіннің мазмұнын айту мен сөйлеу үлгілерін сауатты түрде құрастыра білуге, диалог арқылы сұхбаттасу сияқты жұмыстар кеңінен жүргізіледі. Цифрлы платформаларды қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу ерекшелігі күннен күнге дамып, жан-жақты артып отырады. Цифрлық білім жағдайында бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілін меңгертудің білім беру үдерісінде еніп жатқан цифрлы платформаларды басшылыққа алып, практика жүзінде ауызша сөйлеуді іске асыруға болады. Балалар сөйлеу арқылы өз ойындағысын жеткізу үшін, ең біріншіден, оқушылардың сөздік қорын байытып, содан соң жаңа өткен сөздердің есте сақтап және де әр жағдайда қандай мағынаны беретінін түсіндіру қажет. Содан соң осы жаңа сөздері бар YouTube білім беру каналдарынан материалдар көрсету, өлеңдер тыңдату, диалог және монолог құрастыру арқылы жұмыстар жүргізуге мүмкіндік беретіндігі айқындалды.

Жоғарыдағы талдауларды қорыта келе, келесідей ұсыныстар беруге болады:

- цифрлы платформалар арқылы қазақ тілін меңгертудің әдістемесін 2-4 сыныптар аралығында жүйелі дайындау;
- цифрлы платформаларды бастауышта басқа да пәндерді оқытуда пайдалануды тәжірибеге кең талдаулармен енгізу.

Қазақ тілі сабағында цифрлы платформаларды қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының қазақша сөйлеуінің барлық мүмкіндіктерін теориялық және әдістемелік тұрғыда негіздеп, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында дәлелденді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар –ел өркендеуінің берік негізі» ҚР Президентінің Жолдауы 2020 жылғы 1 қыркүйек No700 Заңы («Егемен Қазақстан» 02.09.2021 ж., No165 (30144)). (қаралған күні 06.02.2024ж)

2. Қазақстан білім туралы заңы No319-III, 27 шілде 2007 жыл, ҚР 2018 жылғы 4 сәуірдегі No171-VI Заңын қараңыз (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген), (2011.10.24 No 487-IV).(қаралған күні 09.01.2024ж)

3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы No 348 бұйрығы

4. Кырбасова Э.А., Кеңесбаев С.М., Дюскалиева Г.У. ЖОО педагогикалық мамандықтарының бітіруші курс студенттерінің АКТ сауаттылығы //Вестник Казахского национального женского педагогического университета. –2019. –No. 1. –С. 7-11.

5. Баймұханов Б.Б., Барсай Б. Оқытудың жаңа технологияларының негізгі ерекшеліктері // Журнал «Бастауыш мектеп».–2000.–No8-9. –Б. 3-7.

6. Сардарова Ж.Ы. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы мен практикасы. пед. ғыл. док. ... дис.: 13.00.02. –Алматы, 2008. –34 б.

ӘОЖ 37.378
КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Темірхан Айдана
Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының 2
курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Амирова А.С.
E-mail: Temrkhan.96@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада мемлекеттік білім беруде жаңартылған мазмұн шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өлшем шарттық жүйесі қарастырылған және де ол өңірдің, мектептің орналасқан жеріне, оқыту тіліне қарамастан оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және тең бағалауды қамтамасыз етілетіні айтылған. Бұл ретте білім алушылардың бағалау жүйесі жетілдіруді қажет екендігі көрсетілген. Білім беру сапасы міндетті түрде оның мақсатымен тікелей байланысты болады, енді осы мақсатқа жетуде оқыту мен оқу үдерісін ұйымдастыруда инновациялық технологияларды саралап пайдалану қажет, - деген қорытынды жасауға болады. Бағалау негізінде меңгерген білім мазмұны бойынша бастауыш сынып оқушыларының кері байланыста берген жауаптарының нәтижесінде жеткен жетістігімен мадақталады, бағаланады.

Кілт сөздер: бастауыш сынып, білім беру, бағалау, критериалды бағалау, кронбах бағалау.

Аннотация. В этой статье обновленного содержания образования система оценки учебных достижений обучающихся в рамках государственного измерений, предусмотренных в договорных, так и региона, месторасположения школы, объективной оценки учебных достижений учащихся и сказано будет обеспечено на равных, независимо от языка обучения. При этом необходимо, что совершенствование системы оценки обучающихся. качество образования напрямую зависит от его обязательно с целью, теперь необходимо проанализировать использование инновационных технологий обучения и организации учебного процесса в достижении этой цели, - можно сделать вывод, что. Оценка ответов учащихся начальных классов, владеющих на основании обратной связи с достижением в результате отмечают достигнутые по содержанию образования, оцениваются.

Ключевые слова: начальных классов, образование, оценивание, критериальное оценивание, оценка кронбах.

Annotation. In this article, the updated content of education, the system for assessing the educational achievements of students within the framework of state measurements provided for in the contractual and region, location of the school, an objective assessment of the educational achievements of students and said will be provided on an equal footing, regardless of the language of instruction. At the same time, it is necessary that the improvement of the student assessment system. The quality of education directly depends on its obligatory purpose; now it is necessary to analyze the use of innovative teaching technologies and the organization of the educational process in achieving this goal - we can conclude that. Evaluation of the responses of primary school students who are proficient on the basis of feedback with achievement as a result, achieved in terms of the content of education, are evaluated.

Keywords: primary school, education, assessment, criteria-based assessment, Cronbach assessment.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: жаңартылған мазмұн шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемшарттық жүйесі енуде, ол өңірдің,

мектептің орналасқан жеріне және оқыту тіліне қарамастан оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және тең бағалауды қамтамасыз етеді. Бұл ретте білім алушылардың бағалау жүйесі жетілдіруді қажет етеді. Атап айтқанда, PIRLS, PISA, TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің құралдарына, сондай-ақ SAT тестілеріне ұқсас функционалдық сауаттылық пен құзыреттілікті өлшеуге бағытталған сұрақтарға қатысты ҰБТ, оқу жетістіктерін сырттай бағалау (бұдан әрі – ОЖСБ) мазмұнын қайта қарау қажет, – деп көрсетілген [1, 36.]. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде оқушылардың өзіндік дамуына және функционалды сауаттылық пен құзыреттіліктерінің оқу жетістіктерінің талаптарына сәйкес болуы, бұл дегеніміз жаратылыстану, математикалық, оқу сауаттылықтарының қажетті деңгейде болуын қамтамасыз етуі қажет болып табылады.

Ю.И.Ожеговтың сөздігінде: «бағалау» бір нәрсенің дәрежесін, деңгейін, сапасын анықтау, – деген анықтама берген [2, 646.]. Егер біз «бағалау» сөзінің мағынасын оқушылардың жетістіктерін өлшеу тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда бағалау – бұл бағдарламаны игеру дәрежесі, нақты материалды игеру көрсеткіші.

Критериалды бағалау алдын-ала ұжыммен бірге құрастырылған, білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына белгілі және түсінікті критерийлер бойынша оқушының білім жетістіктерін салыстыру үдерісі ретінде түсіндіріледі. Бұл критерийлер білім берудің мақсатына және мазмұнына сәйкес болуы керек және оқушының оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етуі керек.

М.Бондаренко критериалды бағалауды жүзеге асырудың қиындықтарына қарамастан, мұғалімдердің бірігіп, жаңа бірлескен жұмыс тәжірибесін құру арқылы, оқыту тәжірибесін белсенді оқытуға ауыстырып және мұғалімдердің рөлі оқушылардың оқуын жеңілдету үшін өзгертілгенін көрсетеді», – деп ой қорытады [3, 686.]. Бастауыш білім беру бағдарламасының енгізілуімен қатар, білім беру формасы да өзгергені белгілі. Бастауыш сынып мұғалімдері критериалды бағалаудың әдістемесін жетік меңгеру үшін жаңа бірлескен жұмыс тәжірибесін құрып, мұғалімнің рөлі оқушылардың білімді сапалы меңгеруіне жол көрсетуші, бағыт беруші ретінде айқындаған.

А.К.Жумыкбаева бағалау – одан арғы оқу туралы шешім қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылады. Себебі, бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бағалау түрлі мақсаттарды көздейтін түрлі формада өткізіледі. Дегенмен, бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән: бақылау; алынған мәліметтердің интерпретациясы; бұдан арғы іс-әрекетті анықтауға бағытталған қорытынды, – деп көрсеткен [4, 846.]. Бұдан шығатын қорытынды критериалды бағалау білім сапасын арттыруда өзіндік шешім қабылдауы, өзін өзі реттеуі мен өзін өзі бақылауына басымдық берілу қажет.

Б.Г.Ананьев бағалаудың білім алушының тұлғасына, оның зияткерлік және аффективті-еріктік қасиеттеріне әсерін көрсетеді. Зерттеу аясында бағалаудың бағыттаушы функциясы «кері байланыс», «нәтижелер туралы білім», «мадақтау мен жазалау» сияқты ұғым түсініктермен байланыстырыла қарастырылған [5, 856.]. Бұдан шығатын қорытынды бағалау дербестігінде меңгерген білім мазмұны бойынша бастауыш сынып оқушыларының кері байланыста берген жауаптарының нәтижесінде жеткен жетістігімен мадақталады, бағаланады.

Кронбах бағалау бұл – қорытынды жасау рәсімі. Қорытынды оқушының ағымдағы үлгерім деңгейіне немесе оның болашақ нәтижелеріне қатысты болса, бағалау жиынтықтау қызметін атқарады. Егер қорытынды алдағы оқуды барынша арттыра алатын оқыту жаттығуларына қатысты болса, бағалау қалыптастырушы қызметін атқарады деген пікірді ұстанады [6, 676.]. Автордың ойын түйіндейтін болсақ, жиынтық пен қалыптастырушы

арасындағы айырмашылық – бағалау түріне емес, бағалау барысында алынған ақпараттың негізінде жасалған қорытынды түріне байланысты болады. Бағалау барысында алынған бір ақпарат екі түрлі қорытынды жасауға жарауы мүмкін, яғни алдағы қадамдарды анықтаудан гөрі, оқушының оқудың қандай сатысында екенін анықтау әлдеқайда жеңіл бағаланады.

Скривен қалыптастырушы бағалаудың пайда болуына байланысты ғалымдардың «Білім беру бағдарламасын тұрақты жетілдіруде өзіндік орны бар» бағамдау үдерісін сипаттау үшін «қалыптастырушы» деген терминді алғашқы болып қолданған. Сондай-ақ, ол бағамдау «мектеп басшыларына бірыңғай білім беру бағдарламасын әзірлеп, бағамдау үдерісін өзінің бастапқы рөлінде қолдану арқылы оны қайта қарай отырып, мектеп жүйесі жұмсайтын шығындарды ақтау мақсатында басқа баламалармен салыстырғанда айтарлықтай артықшылығы бар ма екені туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді» деп атап өтті. Осы ретте «бағамдауды жіктеу үшін «қалыптастырушы» және «жиынтық» терминдерін ұсынған [7,3]. Бұдан шығатын қорытынды критериялды бағалаудың қазіргі қолданылып жүрген қалыптастырушы және жиынтық бағалау ұғымдарын енгізген ғалым деуге негіз бар.

Қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім оқу бағдарламасындағы барлық оқу мақсаттарын қамтуы тиіс. Мұғалім оқу мәнмәтінің, өз оқушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алады немесе құрастырады. Әр тапсырмаға дескрипторлар құрастырылады. Бағалау кезінде мұғалімнің шешімі анық болу үшін тапсырмалардың дескрипторлары дәл, нақты болуы қажет. Бұдан басқа дескрипторлар оқушыға тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындық туғызғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл оқушылар мен олардың ата-аналарына сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге жағдай жасайды.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы, білім беру деңгейі) аяқталғанда мұғалімдерге, оқушылар мен ата-аналарға оқушының ілгерілеуі туралы ақпаратты ұсыну үшін өткізіледі. Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді. Тіркеу үдерісі кезінде оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес оқушылардың білімін, дағдысын көрсететін дәлелдерді жинау жүзеге асырылады. Жиынтық бағалау тоқсан барысында (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау), тоқсан соңында (тоқсандық жиынтық бағалау) және білім беру деңгейін аяқтағанда (негізгі, жоғарғы) жүргізіледі. Жиынтық бағалау бойынша балл/деңгей/баға туралы шешімді мұғалім бағалау критерийлеріне сәйкес қолданады. Сонымен бірге мұғалімге әр оқушының жұмысы бойынша дұрыс шешім қабылдауы үшін дескрипторлар немесе балл қою кестелері көмектеседі.

Р.М.Қоянбаев педагогикалық сөздігінде: білім беру сапасы дегеніміз – оқытылатындырдың белгілі бір кезеңде жоспарланған мақсаттарға сәйкес жететін білімдері мен біліктерінің, ақыл-ойының, мінез-құлқының және күш қуатының дамуының нақты деңгейі; білім беру мекемелерінің көрсететін қызметінің білім беру барысына түрлі қатынасушылардың үмітін қанағаттандыру дәрежесі. Білім беру сапасы ең алдымен оның білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкестілігімен өлшенеді. Білім берудің сапасы қоғамдық білім берудің беделді дәрежесіне және мемлекеттік басымдық жүйелеріне білім беру мекемелерінің қаржылануы мен материалдық-техникалық жабдықталуына, оларды басқарудың қазіргі технологиясына тәуелді болады, - деген анықтамасын берген [8, 356.]. Бұдан шығатын қорытынды білім беру сапасы міндетті түрде оның мақсатымен тікелей байланысты болады, енді осы мақсатқа жетуде оқыту мен оқу үдерісін ұйымдастыруда инновациялық технологияларды саралап пайдалану қажет, - деген қорытынды жасауға болады.

А.Қ.Рысбаева табыстылық әрекетін зерттей отырып, мұғалімнің табысты әрекетінің өлшемі оның оқушысын табысты етеді. Мұғалімнің мақсатты бағытталған,

мазмұнды әрекеті оқушы әрекетінің нәтижесіне сәйкес келеді,- деп тұжырымдайды [9, 269б.]. Біздің зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан келетін болсақ, мұғалімнің табыстылық әрекетінің нәтижесінде оқушылардың сапалы білімін қамтамасыз етуге болады, - деп санаймыз.

И.П.Подласый келесідей анықтама береді: «Білім – оқытудың нәтижесі. Білім – бұл оқыған адамның жүйеленген, меңгерген біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, ойлау қабілетінің көлемі. Білімділіктің басты белгілері білімнің және қабілеттің жүйелілігі» [10,42б.]. Әрине автордың пікірінен берілетін білімнің жүйелілігі алдыңғы қатарға шығарылады. Жүйелі берілетін білім оқушының біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, ойлау қабілетін арттыратыны белгілі, - деген тұжырым жасаймыз.

Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруда психологиялық-педагогикалық төмендегідей ерекшеліктері айқындалды. Олар:

- бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануда барлық ережелерді сақтауы;
- критериялды бағалау жүйесі негізінде білім сапасын қамтамасыз етуді уақыт талабынан туындап отырған сұранысқа сәйкес іске асыру;
- бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын қамтамасыз ететін STEAM, 4К моделі, тұлғалық-бағдарлы, проблемалық-әрекеттік оқыту технологиясы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды орындайтын тапсырмаларға байланысты қолдануы;
- критериялды бағалау жүйесі негізінде бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндердің ерекшеліктеріне қарай, сапалы білімді меңгеруге ыпал ететіндігін ескеру қажеттігі;
- критериялды бағалау жүйесі негізінде оқушылардың білім сапасының көзі оқушылардың функционалдық сауаттылығы қамтамасыз етуге арналған тапсырмалар жүйесін құрастыру;
- критериялды бағалау жүйесі негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыру мақсатында проблемалық жағдаяттарды, алған білім өмірде кездескен жағдаятты шешу біліктілігі;
- бастауыш сыныптарда орындалатын жұптық және топтық тапсырмаларды, ғылыми жобаларды орындаудағы таңдау біліктілігі;
- білім сапасын қамтамасыз ететін қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды түрлендіру және жетілдіріп отыру;

Қорыта айтқанда, бүгінгі заманның талабы – жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін де оның бойында түрлі жағдаяттағы мәселені анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге, жалпы алғанда жеке адамның құзыреттіліктері қалыптасуы қажет. Критериялды бағалауды енгізудің мақсаты – жаңа үрдістегі оқытудың сапасын арттырады. Білім алушылардың білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру болып отыр. Бүгінгі білім алушының білім сапасын критериялды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көруімізге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің № 521 Жарлығы. – Астана.<http://adilet.zan.kz/2021.26.02>.
2. Ю.И.ОжеговСловарь русского языка / Гл. ред. С. П. Обнорский. — 50 000 слов. — М.: Гос. изд. иностр. и нац. словарей, 1949. — XVIII, 968 с. В сост. словаря принимали участие проф. Г. О. Винокур и В. А. Петросян
3. М.М. Бондаренко, Ревенко Л.В./ Энциклопедия Таганрога. - Таганрог: Антон,

1998С. 198.– ISBN 5-88040-017

4. Жұмыкбаева А.К., Сламбекова Т.С. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесіндегі бағалаудың халықаралық стандарттарға сәйкестігі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы 84-89 бб. №3(128)/2019

5. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. - Изд. 2-е. – СПб.: Питер, 2001. - 272 с.

6. Кузнецова М.И. Оценивание метапредметных результатов младших школьников // Начальное образование. 2014. № 1. С. 10-15.

7. Скривен М., Тайлер Р. У., Ганье Р. М. (ред.). 1967. Перспективы оценки учебных программ. Серия монографий Американской ассоциации исследований в области образования по оценке учебных программ, Vol. 1. Рэнд МакНалли.

8. Р. Қоянбаев Педагогикалық сөздік. – Түркістан, 2000.

9. А.Рысбаева Успешность – как педагогическая категория .- Алматы, 1999.

10. И.П. Подласый Педагогика начальной школы:-М.:Владос,2001.-400с

ӘОЖ 37.378

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қайратова А.Қ. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Амирова А.С.

E-mail: Sveta949572@mail.ru

***Аннотация.** Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының кітап оқу мәдениетін қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылады. Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру, кітапқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру және олардың мәдени-эстетикалық даму деңгейін көтеру мақсатында жүргізілетін әдіс-тәсілдер ұсынылады. Кітап оқу мәдениетін қалыптастыруда мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара іс-қимылдың маңыздылығы көрсетіліп, оқыту процесінде қолдануға болатын тиімді әдістер мен технологиялар айтылады.*

***Тірек сөздер:** мәдениет, кітап оқу мәдениеті, қызығушылықты арттыру, бастауыш сынып оқушылары*

***Аннотация.** В данной статье рассматриваются эффективные пути формирования у учащихся начальных классов культуры чтения. Предлагаются подходы, проводимые с целью повышения интереса детей к чтению, формирования их любви к книгам и повышения уровня их культурно-эстетического развития. Подчеркивается важность взаимодействия учителя и учащихся в формировании культуры чтения, излагаются эффективные методы и технологии, применяемые в процессе обучения.*

***Ключевые слова:** культура, культура чтения, повышение интереса, учащиеся начальных классов*

***Annotation.** This article discusses effective ways to form a reading culture among primary school students. Approaches are proposed to increase the interest of children in reading, to form their love for books and to increase the level of their cultural and aesthetic development. The importance of interaction between teacher and students in the formation of a reading culture is emphasized, effective methods and technologies that can be used in the learning process are outlined.*

***Keywords:** culture, reading culture, increasing interest, primary school students*

XXI ғасыр руханият, мәдениет, ақпарат ғасыры екені әлемдегі адамзатқа белгілі және оны мойындауда. Қай қоғам да кітап оқу мәдениетінің алар орны зор.

Қазіргі кезде адамдардың әртүрлі талаптарын қанағаттандыру, рухани байлығы мен қабілетін дамыту және эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда кітаптардың алатын орны ерекше.

Қазақстан республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының басты мақсаты: «Ұлттық мәдени бірегейлікті сақтау және мәдени өнімдерді ынталандыру, олардың сапасы мен әр алуандығын арттыру арқылы әрбір қазақстандықтың көркемдік-шығармашылық әлеуетін іске асыру, сондай-ақ жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру». Ұлттық жобаның бірінші міндеті бойынша - Қазақстандық бірегейлік пен зияткерлікті дамыту негізгі көрсеткіш «Оқитын ұлт» жобасы шеңберінде халықтың кітап оқу белсенділігін арттыру. Іске асыру мерзімі 2021-2025 жылдар,- деп белгіленген [1].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі жастардың кітап оқу арқылы білім мен ғылымға, қоршаған әлемге деген қызығушылықтары ең алдымен мектеп кезеңінен бастау алуы қажет екендігін тілге тиек еткен болатын.

Мәдениет (латын тілінен аударғанда «Cultura» – «өңдеу», «егу» деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген [2].

Мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат». Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол – өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына айдаланады.

Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады [2, с.199].

Ю.А.Жданов бойынша, мәдениет – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер енгізеді. Мәдениет – адам қызметінің ерекше түрі ретінде қарастырылады [3], Н.З.Чавчавадзенің пайымдауынша, аксиологиялық тәсілді ұстанушылар мәдениетті адамзаттың құндылық жиынтығы ретінде анықтайды [4]. Л.Н.Каганның көзқарасынша, «мәдениет» «Адамға тән барлық нәрсе мәдениет көрінісінде бейнеледі, оның өзі адам сияқты жан-жақты бай және қарама-қайшы мәнге ие» [5].

Әлеуметтанушылардың пікірінше, мәдениет – бұл кең мағынадағы адамның табиғатқа қарсы шыға алатын дүниесінің тілі, рәміздері арқылы бейнеленеді. Мәдениет – бұл белгілі бір аймақта өмір сүретін халық өмірінің бейнесі, мұнда осы аймақ пен халық тарихы да қамтылады [6].

Мәдениет мәселесін зерттей отырып, М.Шабаяваның пікірінше, зерттеушілерді мәдениет динамикасын талдауға итермелейтін басты себеп «мәдениет мазмұнының аса байлығында» екені көрсетіледі [7].

Кітап оқу мәдениеті – адамзат баласын парасат пен пайым әлеміне, мәдениет пен кемелділікке алып баратын киелі жол болып табылады. Себебі елінің ертеңін ойлаған ұлт ұрпақ тәрбиесінің бастауына халық ауыз әдебиеті мұраларын тектен текке қоймаған. Жазу білмеген халықтың өзі ауызша рухани құндылығын ұрпағына жеткізе білген. Кейін қағаз бетіне түсіріп, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдырып отырған. Бұның бәрі ұлт алдындағы ұлы мұратты іске асыру үшін қолданылғаны аян. [8]

Ұлы Абай: Білімнің сұлулығы – кітапта, оларды түсіну үшін кітап оқудан жалықпа деген. Қазіргі кезде оқуды және кітап мәдениетін, оның барлық көріністерінде насихаттауы жүргізіліп жатыр. Кітап – ғылымның қайнар көзі, білім мен мәдениеттің жоғары деңгейіне жетелейтін тәрбиелік құрал. Мағыналы сөздерден кітап оқудың кез келген тұлғаны дамытудың қайнар көзі екенін түсінесің. Оқыңыз және сезімтал болыңыз. Бәлкім, нақ осы оқылым адамнан нағыз адамды жасайтын шығар? Заманауи кітап адамның дамуында үлкен рөл атқарады. Ол әлемге көзқарасты қалыптастыруға, жақсылық пен жамандықты ажыратуға, сұлулық сезімін дамытуға көмектеседі. Кітап автордың өз жолдарына салғандарының бәрін өзінен өткізіп жіберуге мәжбүрлейді. Оның мақсаты – пайда әкелу, жақсылық пен жарыққа үйрету, нағыз өнерді түсінуге көмектесу және мінсіз дәмді қалыптастыруға ықпал ету. Бұл сөздер тағы да кітап оқудың адам дамуының негізгі факторы екендігінің дәлелі болып табылады [9].

Кітап оқу әрекетін үйрету - бұл оқырманның кітап оқуды дәйекті, қызықты, тұрақты және өз бетінше оқып шығуға үйретуді білдіреді. Баланың кітап оқу іс-әрекетін ұйымдастыру оның шығармашылық қиялы мен оның құштарлығына сүйенуді қажет ететінін ескеру керек [10]

Мектеп оқушыларының кітап оқу құзыреттіліктерін қалыптастыруда оқу әрекетін дамытудың әр түрлі формаларын қолдану тиімді болады. Сонымен қатар, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру де маңызды. Кітап оқу іс-әрекетінің нәтижесінде оқушылар мынадай білім мен білікті игеруі керек:

- әдеби-теориялық таным мен категорияны меңгеру;
- оқулықтың бір бөлігі болып табылатын әдебиетті өздігінен талдауға қабілетті болуы;
- оқу үрдісінде олардың қол жетімді әдеби-теориялық біліміне негізделген оңтайлы мүмкіндіктерін анықтау;
- әртүрлі оқу әдебиеттерін, мерзімді басылымдар мен басқа да ақпарат көздерін анықтай алу қабілеті.

Мектеп оқушысының кітап оқу дағдысы бастауыш сыныптан бастап қалыптасуы керек. Себебі оқушының ойы мен тілінің дамуы көркем шығармалар негізінде қалыптасатыны белгілі. Оқырман құзыреттілігі ерте жастан яғни балабақшадан бастап дамуы керек. Содан кейін басты, оның қалыптасу көзі мектеп болуы керек. Бірақ тек мектеп қана болмағаны жөн. Әдебиет мұғалімінің мақсаты оқушыны оқуға баулуға деген ұмтылысын, өз бетінше жұмыс істей алатын дағдыларын қалыптастыруы керек. Осы тұрғыдан келгенде, бастауыш мектеп мұғалімдеріне оқушылардың оқырмандық іс-әрекетін ұйымдастырудың жауапкершілігі жүктеледі. [11]

Бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы түсіну мүмкіндіктері әртүрлі болатындықтан балалардың жас және жеке-даралық ерекшеліктеріне қарай оқу материалдарын жеткізудің сан алуан тәсілдері қолданылады. Балалардың болмысында көркем бейнелі ойлауға қарағандан ақты ойлау жүйесі жақсы дамиды, сол себепті шығарманы түсіну үшін олар түсініп оқуға көбірек дағдыланатын болады, бастауыш сынып оқушысының шығарманы қабылдау психологиясындағы ерекшелік те осында. Көркем шығарманы шынайы қабылдау үшін бастауыш сынып оқушыларының бойында кітап оқуға деген қажеттілікті дамыту керек. Бұл өз кезегінде мотивация арқылы жүзеге асады. Оқуға деген мотивацияны арттыру – ол оқуға деген қажеттілікпен бірге мектеп оқушыларының идеалдарын, біздің қоғамымызда қалыптасып, қабылданған өмірге деген көзқарас құндылықтарын тәрбиелеу [12]. Яғни, бұл – оқушының белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

Оқушылардың кітапқа деген қызығушылықты арттырудың тағы бір жолы - сюжетті немесе шарықтау шегін қысқаша қайталап оқу, ерекше әдеби қаһарманмен танысу, кітап

мұқабасы, иллюстрациялары, жазушының тағдырына қатысты қызықты қысқаша әңгіме, кітаптан маңызды, өзекті, қызықты мәселеге аудару немесе шығарманың кейіпкері не кітап туралы әдебиет сыншыларының пікірлерін айту. [13]

Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру жолдары:

1. Кітап оқуға деген қызығушылығын ояту;
2. Кітаптың мазмұнына мән беріп оқу;
3. Кітаптың мазмұнының басты кейіпкерлеріне сипаттама бере білу;
4. Шығармадағы оқиға желісі бойынша баяндай білу;
5. Шығармадағы оқиғаның басталуы, шарықтау шегі, аяқталуын айта білуі;
6. Баланың өзін қызықтыратын кітапты алуына мүмкіндік туғызу;
7. Кітап оқуды өзіңіздің жақсы әдетке айналдыру;
8. Кітап оқудан жарыстарға қатысу;
9. Кітап оқуға уақыт бөлу;
10. Кітапханамен байланыс орнату.

Бастауыш сынып оқушыларының рухани байлығын дамыту және кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған түрлі байқауларға қатыстырудың пайдасы орасан зор. Мысал ретінде айта кетсек, тілдің қолданылу аясын кеңейту, оқушылардың рухани байлығын дамыту және кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырған көркемсөз оқу шеберлері байқауында оқушыларым поэзиялық шығармалардан үзінді оқу жағынан сынға түсті. Жетекшілік жасаған шәкірттерім жүлделі орындарға ие болды. Осындай байқаулар балалардың көркем шығармаларға деген қызығушылықтарын арттырып, рухани кемелденуіне мол мүмкіндік берері сөзсіз.

Қорыта келе, мақалада зерттеу тақырыбымыз бойынша, бастауыш сынып оқушыларының кітап оқу мәдениетін қалыптастыру-оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытудың, рухани дүниесін байытудың маңызды құралы екендігін көрсете білдік. Кітап оқу бағытындағы жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушылардың кітапты сүйіп оқитын, өз бетінше білім алуға қабілетті, мәдениетті тұлға тәрбиелеу мүмкіндігі артады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жоба, Қазақстан республикасының Үкіметінің қаулысы. – 2021, қазан - 15.
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедия / бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. – Т. 6. – Б. 124-125.
3. Жданов Ю. А. Проблемы теории и истории культуры. – Ростов н/Д.: Наука-пресс, 2005. – 428 с.
4. Каган М.С. Введение в историю мировой культуры. – СПб., 2000. – Книга 1. – СПб., 2001. – Книга 2. – 145 с.
5. Чавчавадзе Н.З. Культура и ценности. – Тбилиси: Мецниереба, 1984. – 171 с.
6. Каган Л.Н. Теория культуры. – Екатеринбург, 1994. – 133 с.
7. Жүсүпова А. Әлеуметтану негіздері: оқу құралы. – Алматы: Экономика баспасы, 2012. – 280 б.
8. Шабаева М. История педагогики. – М., 2001. – 198 с.
9. Тоқаев Қ-Ж.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Egemen Qazaqstan, 9 қаңтар 2020 жыл.
10. Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы ISSN 2707-9910, ISSN 2788-7979 (online) Филология сериясы. No 2, 2023
11. Киселева М.А. Развитие устойчивого читательского интереса старшеклассников в условиях личностно ориентированного обучения (Общепедагогический аспект) : Дис. канд. пед. наук : 13.00.01 : Саратов, 2000 190 с.

12. Тамаев А. Әдебиет сабақтарында жоғары класс оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1995. – Б. 170-174.

13. Байтұрсынов А. Мысалдар. https://adebiportal.kz/kz/books/view/mysaldar_875

ӘОЖ 37.378

МОБИЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Изгалиева Г. Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Амирова А.С.

E-mail: gulmira.19.75@mail.ru

***Аңдатпа.** Бұл мақалада мобильдік технологиялар арқылы оқушылардың оқу-танымдық әрекетін дамыту туралы айтылады. Белгілі бір теориялық базаны, ерекше әдістерді қамтитын біртұтас үдеріс болып табылады. Мобильді оқыту – оқушыларға көмек алудың, білімдерін толықтырудың және дағдыларын шыңдаудың ең оңай жолы екендігі көрсетілген. Мобильдік технологиялар оқушыларды ынталандырады және белсендіреді. Сондықтан, мобильдік технологиялар оқыту және оқу үдерісінде бірнеше қызметтерді орындайды: қарым-қатынас, проблемалық жағдайлар құруға, серіктес, құрал, ақпарат көзі қызметін атқарады, оқушының әрекетін бақылайды, оған жаңа танымдық мүмкіндіктер береді.*

***Кілт сөздер:** цифрлық білім беру, мобильді оқыту, технология, электронды ресурстар, ақпараттық-коммуникациялық технология.*

***Аннотация.** В данной статье говорится о развитии учебно-познавательной активности учащихся посредством мобильных технологий. Это единый процесс, включающий определенную теоретическую базу и специальные методы. Было показано, что мобильное обучение является самым простым способом для студентов получить помощь, обновить свои знания и улучшить свои навыки. Мобильные технологии мотивируют и активизируют учащихся. Поэтому мобильные технологии выполняют в учебно-воспитательном процессе несколько функций: коммуникативную, создание проблемных ситуаций, выступая партнером, инструментом, источником информации, контролируя активность учащегося, предоставляя ему новые познавательные возможности.*

***Ключевые слова:** цифровое образование, мобильное обучение, технологии, электронные ресурсы, информационно-коммуникационные технологии.*

***Annotation.** This article talks about the development of educational and cognitive activity of students through mobile technologies. This is a single process that includes a certain theoretical base and special methods. Mobile learning has been shown to be the easiest way for students to get help, update their knowledge and improve their skills. Mobile technology motivates and activates students. Therefore, mobile technologies perform several functions in the educational process: communicative, creating problem situations, acting as a partner, tool, source of information, controlling the student's activity, providing him with new cognitive opportunities.*

***Keywords:** digital education, mobile learning, technologies, electronic resources, information and communication technologies.*

Цифрлық білім беру үдерісі ақпаратты өндіруде ақпараттық ортада жүзеге асырылады. ХХІ ғасыр ақпараттық ғасыр болғандықтан цифрлық білім беру ортаның қажеттігімен сипатталады. Бұл әлем бойынша білім беру жүйесінде тәжірибеге енгізіліп отырған үдеріс. Бұл үдеріс Қазақстан білім беру жүйесінде өзінің орнын алып қалыптасуын, ақпараттық

қоғамға ену үшін елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылдануымен байланыстыра қарастырамыз.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында: цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) дегеніміз оқу мақсатына сай, цифрлық, электрондық, компьютерлік формада ұсынылған оқшауланған білім. Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) әрбір пайдаланушы адам үшін ыңғайлы да, жаңа форматтағы түсінікті ақпарат болуы тиіс. Цифрлық білім беру ресурстары сабақ беруде педагогтарға ыңғайлы болып, оқушылар өз бетінше жаңа ақпарат жинақтау мен ізденіс барысында оңай пайдалана алады. Цифрлық білім беру ресурстары, білім беру ұйымдарындағы оқытушылар үшін, түрлі мақсаттарды жүзеге асыру мен материалдарды жинақтауда таптырмас мүмкіндік болуы тиіс. Цифрлық білім беру ресурстары оқыту мазмұнын анықтайтын, электрондық оқыту жүйесінің негізгі компоненті болып табылады, - деп көрсетілген [1, 46.]. Білім беру саласында ХХІ ғасыр басталуын ақпараттық-қатысымдық технологиялардың табысты мәресінің дәуірі, «қашықтықтан және мобильді оқыту ғасыры» деп атауға да болады. Мобильді байланыс құралдарын барлық жерде пайдалану мен мобильді, тәулік бойы қолжетімділіктегі ғаламтор қосылысына қажеттілік қазіргі қоғамның айрықша белгісі болып табылады.

Савельев К.И. мобильдік («алдыңғы қатарлы», «ақылды», «SMART») технологиялар технологиялық дамудың заманауи кезеңінің өзегін құрайды және келешекте жетекші рөлді атқарады, - деп көрсеткен [2, 596.]. Қазіргі уақытта цифрлық жүйеге көшу – мобильдік технологиялардың материалдық және әлеуметтік-гуманитарлық технологиялармен және тәжірибелермен, соның ішінде білім беру технологияларымен тереңдеп тоғысуы, яғни конвергенцияға ұшырауы белсенді түрде жүргізілуде.

Мобильдік технологиялар туралы 2005 жылы Рафаэль Баллагас өзінің зерттеуін жариялады, онда ол Bring Your Own Device (BYOD) – қызметкер компанияның ақпараттық ресурстарына қол жеткізу үшін өзіне тиесілі құрылғыны пайдаланатын жұмыс процесін ұйымдастырудың тәсілін сипаттады. BYOD әлі күнге дейін екі ұштылықпен қабылданады (мысалы, тәсілдің қарсыластары қолдау мен қауіпсіздік шығындарының өсуін атап өтеді), бірақ ол білім беруде жиі қолданылады [3,956.].

А.А.Федосеев, А.В.Тимофеев білім берудегі мобильді технологияларды пайдалана отырып, заманауи коммуникациялық құрылғылардың мүмкіндіктері әралуан кәсіби салаларда – бизнесте, ғылым мен білім саласында толыққанды мобильді жұмыс жасау үшін толығымен жеткілікті екендігін атап өтеді; олар экранның кішігірім өлшемді болуы салдарынан оқу материалын қарастыру үшін коммуникаторларды пайдалану қиындық туғызатындығын, дегенмен бұл жерде де жоғары мүмкіндіктерге қол жеткізуге жол ашатын ұпай түріндегі ақпараттарды шығаруда арнайы құрылғыларды пайдалануға болатындығын байқай отырып, қашықтықтан оқыту технологиялары шеңберінде заманауи мобильді құрылғыларды пайдалану барынша перспективалы екендігін баса көрсетеді [4, 1236.]. Мобильді оқыту технологиялары білім алушылардың мүмкіндігіне қарай оқыту технологиясын бейімдеуге мүмкіндік береді, оқытуды оқушылар үшін барынша қолайлы етеді, оқытуды ұйымдастырудың сапалық жаңа мүмкіндіктеріне ие болады.

И.В.Гребенников «оқытуды ақпараттандыру – дербес компьютерлерді оқытудың барлық кезеңінде мұғалім мен оқушыға тиімді пайдалануға бағытталған білім берудегі ғылыми-техникалық прогресстің бағыттарының бірі» деп, оқыту үдерісінде электрондық ресурстардың барлық мүмкіндіктерін оқушылардың оқу-танымдық үдерістерінде, интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыру мақсатында қолдану арқылы оқыту тиімділігін арттыруды көздеген [5.786.]. Біз оны бастауыш сыныптарда оқыту үдерісінде басшылыққа алуға болады деген пікірді ұстанамыз.

С.Пейперт «компьютермен оқытуда бала – өзінің интеллектуалдық құрылымын құрушы құрылысшы ... бала қазіргі техниканы меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар

жаратылыстану, математика пәндерінен, басқа да интеллектуалдық дамуына қажетті ақпараттармен танысады» деген. Компьютермен жұмыс барысында оқушы өздігімен әртүрлі әуестігіне байланысты (сурет салу, өлең құрастыру, ән айту) оқу дағдыларын меңгеріп, өзі үшін жаңаны таниды, қоршаған әлемді зерттейді, білімді өздігімен ізденуге деген қызығушылығы, білуге құштарлығы пайда болып, интелектісіне байланысты тапсырмаларды орындай білуге дағдыландыруын оқушылардың оқу-танымдық үдерістерін жүзеге асырады [6,986.].

Е.И.Машбиц электрондық ресурстарды оқу үдерісінде қолдану тапсырмаға қойылатын талаптар мен оның мазмұнын кеңейтуге, оқушылардың оқуға түрткісін арттыруға, оқу үдерісіне белсенділігін дамытуға, оқушының әрекетіне жасалатын бақылаудың түрін өзгертуге, оқушыларда өз әрекетінің рефлексиясын жасауда интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыруға болады, - деп тұжырымдаған [7,1596.]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, барлық пәннен ұсынылатын тапсырмалар электрондық ресурстарды кеңінен пайдалануға мүмкіндік туғызып, соның негізінде оқушылардың интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыруға болады, - деп түйіндеме жасаймыз.

О.К.Тихомиров еңбегінде компьютермен жүзеге асырылатын адамның әртүрлі іс-әрекетін ұйымдастырудың қағидалары мен заңдылықтары, психикалық даму заңдылықтары, компьютер мен адам арасындағы қарым-қатынас, жеке тұлғаның дамуына ақпараттандырудың әсері қарастырылып, адамның ойлау әрекетін компьютерлер және басқа да ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы түрлендіруді қолдайды [8, 1466.].

А.Н.Занковский мұндай жағдайда компьютерді қолданудағы оқушылардың психикалық күйін диагностикалауға байланысты семантикалық саралау әдісін пайдалануды ұсынады да, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының оқушының әлеуметтік және когнитивтік дамуына кері әсері туралы психологиялық, физиологиялық, педагогикалық көзқарастар қалыптасқанына да тоқталады. Шынында да, компьютердің балаға әсер етуі жөнінде әртүрлі зерттеулердегі бастауыш мектепте компьютерді қолдану мәселесін талдау негізінде тек сауатты жоспарланған педагогикалық үдеріс жағдайында ғана электрондық ресурстарды бастауыш сыныптарға қойылған талаптарды орындағанда ғана олардың психикасы мен денсаулығына кері әсері болмайтындығы туралы қорытынды жасауға болады [9, 856.].

Бастауыш мектептің бірқатар пәндерін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды А.А.Кузнецовтың «бастауыш сынып жасынан бастап компьютердің мектепке енгізілуіне байланысты оны информатика пәнін оқытуда ғана емес, сонымен қатар барлық оқу пәндерін оқытуда да қолдану қажет», - деген пікірінен байқауға болады [10, 396.].

Ю.М.Васина математика пәнін оқытуда ақпараттық құралдарды қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін қалыптастыру ерекшеліктері анықталып, оның математикалық білімдерді ұтымды меңгеруге көмектесетіндігін дәлелдесе, математика сабағында аталған құралдарды жүйелі түрде қолдануға арналған эксперимент жұмысының нәтижелері талданған [11, 626.]. Авторлар бастауыш мектепке математика пәнін оқытуда программалық құралдарды әдістемелік тұрғыда енгізу оқу-танымдық үдерісті тиімді ұйымдастыруда маңызды фактор екенін көрсеткен. Біздің зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастырсақ, электрондық ресурстардың барлық түрлерін жеке пәндердің тақырыптары мен тапсырмаларына сәйкес пайдаланып, оқушылардың интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыру қажеттігіне тоқталамыз.

Энтони Маллан компьютерлер өзінің алғашқы қызметтік бағыттылығын жоғалтты, яғни тек есептеуіш техника ретінде қолданылмайды. Ол көп жағдайда оқыту құралдарының ешқайсысының күші жетпейтін дидактикалық міндеттерді шеше алатын дамыта оқытудың құралы есебінде қарастырылады, атап айтқанда:

➤ әрбір келесі тапсырмалардың алдыңғы тапсырма қорытындысымен байланыста болып, тапсырмалардың орындалуына түсінік беретін, оларды қиындық деңгейіне қарай реттейтін, үйренушінің үйрену деңгейіне, оның тапсырманы орындауындағы өзіндік қарқынына және жас ерекшеліктеріне т.б. бейімдейтін машинамен диалогке енуі;

➤ ұсынылатын программаға араласу, әр түрлі факторларды ескере отырып, түрлендіру, соның ішінде үйренушінің шығармашылық қабілеттерін ескеруі;

➤ алуан түрлі құбылыстарды өз бетімен түрлендіру, проблемаларды қою, оларды шешудің оңтайлы жолдарын іздестіруі;

➤ түрлі дидактикалық мақсаттағы алуан түрлі мәтіндерді редакторлау, құру, түзетілген нұсқаны қайта көшіру сияқты ескі еңбек әдістерінен босата отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар, олардың ана тілінде, шет тілінде сөйлеулерін, сауаттылықтарын дамыту;

білімнің әр түрлі салалары бойынша ақпарат банкіне жеңіл, еркін қатынас жасауға, оны өңдеуге және өз ақпаратын сақтауға мүмкіндік беру. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, әрине бұл ақпараттық сауаттылықты қажет етеді [12, 36.]. Бұл мәселені осы саланың мамандары ғана іске асыратыны белгілі. Сондықтан арнайы бағдарламалар құру, математикалық есептеулер жүргізу деңгейіне жету қажеттігін айтып отырғанын байқаймыз.

Соңғы жылдары болған және болашақта жоспарланған технологиялық өзгерістерді ескере отырып, мобильді технологиялар бүгінде білім берудің әртүрлі деңгейлерінде, әсіресе өзін-өзі тәрбиелеу, мектеп, ЖОО, қашықтықтан оқыту және корпоративтік оқыту сияқты деңгейлерде сәтті қолданыла алады. Стандартты коммуникативті функциялардан басқа, олар білім беру қызметінде табысты қолданыла алатын бірқатар артықшылықтарға ие. Бұған мыналарды жатқызуға болады:

- Интернет желісінің ресурстарына, анықтамалық және оқу құралдарына, бағдарламалық қамтамасыз етуге және БҚҚ (LMS) жүйелеріне жылдам қол жеткізу;

- Skype, вебинарлар және т.б. сияқты танымал сервистерге негізделген офлайн және онлайн режимдердегі оқу қауымдастығымен және оқытушымен тұрақты байланыс;

- таныс және жайлы ортада жұмыс істеу, оған жүгіну кезіндегі уәждемелеу;

- бұлтты сервистер, құжаттармен бірлескен жұмыс, жоба менеджерлері негізінде топтық қызметті ұйымдастыру;

- өзіндік жұмысты ұйымдастыру;

- оқу мазмұнын, соның ішінде мультимедианы, интерактивті оқыту бағдарламаларын және тренажерлерді жеткізу және қарау;

- білім алушылардың дербес ерекшеліктерін диагностикалау және есепке алу, жеке білім беру кеңістігін құру;

- толықтырылған шындық мүмкіндіктері мен ойынға негізделген білім беру жобаларын пайдалану;

- зерттеу және білім беру қызметі, жаңа интерфейс шешімдерін әзірлеу және виртуалды ортамен өзара әрекеттесу жолдары үшін әртүрлі сенсорлар сияқты құрылғылардың қосымша мүмкіндіктерін пайдалану;

- үздіксіз оқытуға құзыреттіліктерді дамыту;

- негізгі қызмет түрінен қол үзбей біліктілікті арттыру.

Қорыта келе, мобильдік технологиялар арқылы оқушылардың оқу-танымдық әрекетін дамыту өзінің тәсілдері мен мақсаттары бар, белгілі бір теориялық базаны, ерекше әдістерді қамтитын біртұтас үдеріс болып табылады. Мобильді оқыту – оқушыларға көмек арудың, білімдерін толықтырудың және дағдыларын шыңдаудың ең оңай жолы. Мобильді технологиялар оқушыларды ынталандырады және белсендіреді.

Сондықтан, мобильдік технологиялар оқыту және оқу үдерісінде бірнеше қызметтерді орындайды: қарым-қатынас, проблемалық жағдайлар құруға, серіктес, құрал, ақпарат көзі қызметін атқарады, оқушының әрекетін бақылайды, оған жаңа танымдық мүмкіндіктер береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана, 2010.
2. Савельев К.И., О.Л.Назарова., «Актуальность "мобильного обучения" в современном высшем образовании», Гуманитарный науки № 2, февраль 2018г.
3. Cattell R. "Description and measurement of personality" – Yonkers-on-Hudson, N.Y., World book company -1946.
4. А.А.Федосеев, А.В.Тимофеев. Мобильные технологии на занятии по иностранному языку. Лингвокультурное образование в системе вузовской подготовки специалиста. Учредители: Брестский государственный университет им. А.С. Пушкина. №4, 2019г.
5. И.В.Гребенников. Дистанционное восприятие живыми организмами информации // Всесоюзная научно-техническая конференция «Применение методов теории информации для повышения эффективности и качества сложных радиоэлектронных систем» (тезисы докладов) : сборник. М., 1984.
6. Пейперт С. The Children's Machine: Rethinking School in the Age of the Computer, 1992, ISBN 0-465-01063-6.
7. Машбиц Е.И. Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения / Е. И. Машбиц. - М., Педагогика, 1988. - 191,[1] с.; 21 см.; ISBN 5-7155-0170-9 : 90 к.
8. Тихомиров О.К. «Методология и история психологии». 2009. Том 4. Выпуск 4. Направления и школы в психологии. Школа О.К.Тихомирова - ISSN 1819-2653.
9. Занковский А.Н. Психология организационного лидерства: в поисках корпоративной синергии. Монография. – М., Изд-во Литера, 2015. – 360 с.
10. Кузнецов А.А. // Большая советская энциклопедия: в 30 т./ гл. ред. А. М. Прохоров. — 3-е изд. — М., Советская энциклопедия, 1969—1978.
11. Structural and informative basis for monitoring of emotional and personal, intellectual and physical development disabled children / Edited by Yu. M. Vasina., O. I. Kokoreva. Raleigh, North Carolina, USA: Open Science Publishing, 2018. 168 p. ISBN 978-0-244-14500-2.
12. <http://it-n.ru>.

ӘОЖ 37.378

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Жаназар Ф.О. Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық
институтының 2 курс магистранты**

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Амирова А.С.

E-mail: Fariza170220@icloud.com

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі функционалдық сауаттылық туралы айтылған. Ұлттық жоспарда қойылған міндет бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін бастауыш сыныпта қалыптастыру мәселесі талқыланады. Н.А.Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясын қолдану арқылы қалыптастырудың теориялық негіздері қарастырылған.

Кілт сөздер: функционалды сауаттылық, сатылай кешенді талдау, бастауыш сынып, оқушылар.

Аннотация. В данной статье рассматривается актуальная проблема сегодняшнего дня – функциональная грамотность. Развивать функциональную грамотность учеников главная задача поставленная в национальном плане. В статье говорится решение этой проблемы, то есть теоретические основы формирования функциональной грамотности учеников начальных классов с технологией Н.А.Оразахыновой уровнево-комплексной аналитической технологией.

Ключевые слова: функциональная грамотность, поэтапный комплексный анализ, начальный класс, учащихся.

Annotation. The current article considers one of the issues that becomes evident in forming functional literacy of the learners. According to the objectives brought of the mentioned skill is defined as a national technology's aims, objectives and stages of its organization.

Keywords: functional literacy, step-by-step comprehensive analysis, primary class, students.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспарында «қысқа, орта және ұзақ мерзімді болашақтағы» қағидатты өзгерістер ретінде дәстүрлі оқу бағдарламаларынан функционалды сауаттылықты дамыту, еңбек нарығы қажет ететін қазіргі заманғы дағдылар мен құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту» деп көрсетілген еді [1, 56.]. Осы қағидатты өзгерістерді жүзеге асыру үшін пән және болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығының басым компоненті – олардың функционалды сауаттылығын дамыту қажет. Бүгінгі жаһандану заманында білімді де құзыретті тұлға тәрбиелеу күн тәртібінен түспейтін негізгі мәселелердің қатарында. Бұл мәселенің шешімін табу білім беру сапасын арттыруға келіп тіреледі. Әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалды сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр.

«Функционалды сауаттылық» дегеннің не екенін тереңірек ұғыну үшін «функция» және «сауаттылық» ұғымдарының анықтамасына тоқталсақ, С.И.Ожеговтың сөздігінде «функция» сөзіне «Вызванный функционированием чего-нибудь, зависящий от деятельности, а не от структуры, строения чего-нибудь (книжн)» – деп анықтама берілген [2, 436.].

Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «функционалды ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады», - делінген [3, 176.].

Ал, сауаттылық – бұл оқу, жазу, есептеу және құжаттармен жұмыс жасау дағдылары деген мағынаны білдіреді. Демек, функционалды сауаттылық дегеніміз – адамның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға мүмкіндігінше жылдам бейімделе білуі мен әрекеттесе алу деңгейінің көрсеткіші.

«Функционалды сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» түсініктерімен қатар пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді.

Сауаттылық – бұл оқу, жазу, есептеу және құжаттармен жұмыс жасау дағдылары.

Минималды сауаттылық – қарапайым хабарламаларды оқи және жаза алу қабілеттілігі [4, 46.].

Функционалды сауаттылықты қалыптастыруды ғалымдар: П.И.Фролова, С.Г.Вершловский, М.Д.Матюшкина А.А.Штец, П.Терешкович, С.Крупник, О.Ю.Девятова,

Г.В.Яковкина, Н.В.Купцова, М.Бершадская, А.К.Рауандина т.б. ғалымдар әр қырынан зерттеген.

Дүние жүзінде функционалдық сауаттылықты әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде, халықтың және елдің әл-ауқатын тұтастай байланыстыра отырып қарастырады. Сондықтан 1990 жылды ЮНЕСКО Халықаралық сауаттылық жылы, ал БҰҰ 2003-2012 жылдарды сауаттылықтың онжылдығы деп жариялады.

Функционалдық сауаттылық – адамның оқығанын ұғынуы, қазіргі қоғамда сәтті қолдану мүмкіндігімен қамтамасыз ететіндей оқығанын түсіне алуы. Функционалдық сауаттылығы бар адамды функционалды сауатты тұлға дейміз. Функционалды сауатты адамның негізгі белгілері: өз бетінше әрекет ете алатын, адамдардың ортасында дүниені танытын және өмір сүре алатын, белгілі бір қасиеттері (жалпығылыми іскерліктер немесе кілттік құзырлылық) бар адам.

Кілттік құзырлылық – кез келген адамға тән, оның таңдаған кәсіби әрекетінің сферасына қарамастан, көптеген жалпы қабілеттіліктер мен іскерліктер, бұл қабілеттер адамға жағдайды түсінуге, нақты қоғам жағдайындағы жеке және кәсіби өмірінде нәтижеге жетуге әсер етеді[5, 36.].

Функционалдық сауаттылықтың мәні тұлғаның оқу әрекетін өздігінен іске асыру қабілетінен, сонымен қатар күнделікті өмірде білім, білік және дағдылардың өмірдің әртүрлі ортасында өмірлік тапсырмаларды шешуге қолданумен сипатталады.

Оқушылардың функционалдық дағдыларды қалыптастыруда бастауыш мектептің рөлі ерекше. Себебі, білімнің негізі бастауышта қаланады. Егер оқу нәтижесі құзіреттілік деп анықталса, онда тілді меңгеруден күтілетін нәтижелер оқушының өмірлік дағдыларымен сабақтастырылуы қажет болып саналады. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда қазақ тілі пәнінің орны ерекше. Сондықтан бастауыш мектептердегі қазақ тілі сабақтарындағы білім, білік, дағдылар функционалдық сауаттылық тұрғысынан саралануы басты бағыт етіп алынады. Бұл мақсатқа қол жеткізудің тиімді жолы оқыту үдерісінде педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану болып табылады. Педагогикалық технология жайында көптеген ғалымдар зерттеу жүргізіп, өз тұжырымдарын жасаған:

В.П.Беспалько: «педагогикалық технология дегеніміз – оқыту үдерісін жүзеге асыратын мазмұнды техника», - деген анықтама берсе, [6, 986.] И.П. Волков: «педагогикалық технология дегеніміз – оқытуды жоспарланған нәтижесіне жеткізетін қағазға жазылған барысы, – деген тұжырым жасаған.

В.М.Монаховтың пікірінше, «педагогикалық технология дегеніміз – оқушы мен мұғалім үшін барлық жағынан өте қолайлы жағдайлар жасай отырып, оқыту үдерісін жобалаудың, оны ұйымдастырудың және өткізудің бүге-шігесіне дейін ойластырылған, әрі бірлесіп жүзеге асырылатын педагогикалық қызметтің моделі» болып табылады [7, 67-696.].

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда Н.А.Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясының маңызы зор. Сатылай кешенді талдау технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді талдау оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Сатылай кешенді талдау технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту.

Сатылай кешенді талдау технологиясы – тек қана білімді белгілі көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі.

Сатылай кешенді талдауда баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып, оның оқуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Сатылай кешенді талдап оқыту технологиясында мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Атап айтар болсақ: ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттер. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – оқушыларды жақсы, жаман, орташа деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, жылдам, баяу қабылдауына байланысты тапсырманы он денгейге икемдеп, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады.

Сабақ барысында мына қағидаларды еске ұстау қажет: а) баланың бойындағы құштарлығын, қызығушылығын, ынтасын жойып алмай, оның алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру; ә) білімді өз бетінше іздену арқылы қолайлы жағдай жасау; б) өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптасыру [8, 396 б.].

Бұл технологияның ерекшелігі технологияның теориялық өзегі ретінде ұлтымыздың ұлы тұлғалары: Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Уәлихановтардың ағартушылық идеялары мен алаш арыстары: А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Шонановтардың педагогика, психология, әдістеме саласындағы ой-тұжырымдары алынған.

Сатылай кешенді талдау технологиясының басты ерекшелігі төмендегідей: - оқу материалының жүйелілігі, бірізділігі; - табиғилығы;

- дағдыға басым бағыт беруі; - білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі; - оқушыға өз деңгейін таңдауға ерік беруі; - оқушыларға берілетін білімнің саралануы; - оқушылардың өз мүмкіндіктеріне қарай тек міндетті деңгейден кем емес білім алуға еріктілігі; - оқыту мен тәрбиенің бірлігі; - ұлттық құндылыққа ерекше орын берілуі; - оқу үрдісінде пәнаралық байланыстың мақсатты енгізілуі.

Сатылай кешенді талдаудың өзегі – тірек сызбалар. Тіл білімінің барлық салаларынан өтілетін материалдардың негізгілері, ең басты теориялық мағлұматтар сызбаға жүйелеп орналастырылған. Әр саты бір-бірімен үндесіп, бір-біріне сілтеме жасап, бірін-бірі толықтырып, тұтас кешенді береді.

Жалпы кешенді оқыту жүйесі ХХ ғасырдың басында Германияның, Австрия мен Бельгия және Батыс Еуропадағы басқа да елдердің көптеген бастауыш мектептерінде қолданылған.

«Кешен» ұғымының мәнін ашуда Ж.Аймауытовтың мына пікіріне жүгінуді жөн көрдік: «Өмірдегі құбылыстарды, нәрселерді бір тақырыптың, бір пікірдің төңірегінде жинап, қосып, түйдектеп, біріктіріп оқытуды кешен,- деп атайды. Ж.Аймауытовтың: «Айқын қылып оқыту мен сатылы бір тегіс оқытудың байланысы бар. Оқыту бірте-бірте сатылап ілгері басып отырмаса, анық та, ұғымды да болмайды. Білім біржола күреп алатын нәрсе емес, аздан көбейетін нәрсе» - деген сөзінде сатылап оқыту технологиясының идеясы байқалады [9, 348б.].

«Сатылай кешенді талдау» технологиясының бастау көзі фонетикалық бірліктерді сатылап, кешенді талдай отырып, әр дыбыстың өзіндік ерекшелігін, олардың бір-бірінен айырмашылығын зерделеп меңгерумен қатар, олардың өзіндік табиғатын зерттеп, ұғынады. Ол үшін фонетикалық бірліктерді дәстүрлі оқыту жүйесімен емес сатылап, жүйелеп, бірізділікпен оқыту қажет.

А.Байтұрсынов айтқандай, дыбыспен жаттықтыра оқытуға болатындығын тәжірибе көрсетуде. Сатылай кешенді талдау технологиясы арқылы оқытқанда дыбыспен жаттықтыруды екі жолмен жүргізледі: бірінші, сөзсазындық (фонологиялық) талдау,

екіншісі, дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. Осылай талдау жасай отырып оқушы өзі өткен барлық ережелерді үнемі еске сақтап отырады.

“Сатылай кешенді талдау” технологиясында мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттерді ұстануға негізделеді. Осы тұрғыда М.Жұмабаевтың: «Тәрбиеші баланың қаһарлы қожасы болмасын, жұмсақ жолдасы болсын» деген пікіріне сүйене отырып, балаға білім берумен қатар адамгершілік, азаматтық жауапкершілікті бойына сіңіруді мақсат етеді [10, 426.].

Сатылай кешенді талдау технологиясының мақсаты: - барлық оқушыны табысты оқыту, білім – білік дағдысын қалыптастыру; - білім алуға деген ынтымақпен іскерлігін арттыру, оқу-танымдылық белсенділігімен оқытуды жеделдету; - шығармашылық қабілеттерін дамыту және ғылыми ізденіске жетелеу;

Қорыта айтқанда, бастауыш мектепте оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда бастауыш сынып мұғалімдерінің әрбір пәннің ерекшелігіне қарай оқытудың технологияларын саралап пайдалануы мен оның әдістемесін жетік меңгеруі, педагогикалық шеберлігіне, кәсіби құзыреттілігіне байланысты, - деген тұжырым жасаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. - Астана, 2018 жыл. - 137 б.
2. Ожегов Словарь русского языка. – М.: Русский язык. 1998 г. – 46 с.
3. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 10 том, – 17 б.
4. Рождественская Л., Логвина И. Формирование навыков функционального чтения. <http://www.narva.ut.ee/sites/default/files/nc/materjal.pdf>
5. Губанова М.И., Лебедева Е.П. Функциональная грамотность младших школьников: проблемы и перспективы формирования // Плюс до и после 12/09 . 1-4с
6. Беспалько В.П. «Слагаемые педагогической технологии» М.:1989.
7. Монахов В.М. Аксиоматический подход к проектированию педагогической технологии.//Педагогика. -1990 №3. –С.67-69
8. Оразақынова Н.А. Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы. -2007.
9. Ж.Аймауытов Бес томдық шығармалар жинағы, 4Т. – Алматы: Ғылым, 1998. – 436 б.
10. М.Жұмабаев, Педагогика, – Алматы, 1992. – 52 б.

ӘОЖ 37.378

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байғазина Г.

Арқалық қаласы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Амирова А.С.

E-mail: gokha_90@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыруда электрондық ресурстарды пайдаланудың ерекшеліктері қарастырылады. Интеллектуалдық мәдениетті дамыту білім беру үдерісіндегі маңызды бағыттардың бірі, электрондық ресурстарды тиімді қолдану бұл үдерісті жаңғыртуға мүмкіндік береді. Мақалада оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін электрондық білім беру

құралдарының педагогикалық әлеуеті талданып, оқыту процесінде қолдану ерекшеліктерін сипатталады. Сондай-ақ, электрондық ресурстарды қолданудың бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау, шығармашылық қабілет және ақпараттық сауаттылық сияқты маңызды дағдыларын дамытуға тигізетін ықпалы анықталды.

Кілттік сөздер: Интеллектуалдық мәдениет, электрондық ресурстар, оқушылардың танымдық даму, цифрлық білім беру, цифрлық ресурстарды интеграциялау, құзыреттілік, оқушылардың оқу мотивациясы.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности использования электронных ресурсов в формировании интеллектуальной культуры младших школьников. Развитие интеллектуальной культуры является одним из важных направлений в образовательном процессе, а эффективное использование электронных ресурсов позволяет обновить этот процесс. В статье анализируется педагогический потенциал электронных образовательных инструментов для развития интеллектуальных способностей учащихся и описываются особенности их применения в процессе обучения. Также определяется влияние использования электронных ресурсов на развитие таких важных навыков, как критическое мышление, творческие способности и информационная грамотность у младших школьников.

Ключевые слова: интеллектуальная культура, электронные ресурсы, познавательное развитие учащихся, цифровое образование, интеграция цифровых ресурсов, компетентность, мотивация к обучению учащихся.

Abstract. This article discusses the features of using electronic resources in the formation of intellectual culture in elementary school students. The development of intellectual culture is one of the key directions in the educational process, and the effective use of electronic resources allows for the revitalization of this process. The article analyzes the pedagogical potential of electronic educational tools in developing the intellectual abilities of students and describes the peculiarities of their application in the teaching process. Additionally, the impact of using electronic resources on the development of important skills, such as critical thinking, creative abilities, and information literacy in elementary school students, is identified.

Keywords: intellectual culture, electronic resources, cognitive development of students, digital education, integration of digital resources, competence, students' learning motivation.

Білім беру саласын цифрландырудың ең басты мақсаты – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық деңгейде әртүрлі зерттеу бағдарламаларында, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті болашақ ұрпақты дайындау. Қазіргі қоғамдағы ақпараттану жағдайында мектеп оқушысының жеке тұлғасын, интеллектуалды мәдениетін қалыптастыру үшін электронды ресурстарды пайдалану оның ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табуында маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: мектептер кезең-кезеңімен жаңартылған бағдарламаларға өтуде, ол кең спектрлі дағдыларға баса назар аударады: білімді функционалдық және шығармашылық тұрғыдан қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, АКТ пайдалану, коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау, - деп көрсетілген [1]. Бәсекеге қабілетті құзыретті тұлға мәселесін жоғарыда айтылғандарды іске асыру үшін бастауыш сыныптарда оқушылардың интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыруда электрондық ресурстарды пайдаланумен байланыстыра қарастырамыз.

Энциклопедиялық сөздікте: ақпараттық ресурстар дегеніміз – ғылыми теорияларымен, процестер мен құбылыстарды зерттеулерімен, өнер табыстарымен, машина жобаларымен,

ғимараттарымен, зауыттарымен, табиғат пен қоғам туралы мағлұматтарымен сипатталатын мемлекеттің рухани пәрмені (күш-қуаты); мекеме үшін құнды болып есептелетін және материалдық ресурс ретінде қабылданатын мәліметтер жиынтығы, - деген анықтама берілген [2]. Біздің зерттеу жұмысымыз тұрғысынан қарастырсақ, осы мәселеге қатысты ғылыми теориялық талдаулар жасау арқылы арқылы оқушылардың интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыруда электрондық ресурстарды пайдалану үдерістерін зерделеу болып табылады.

Интеллект (лат. *intellectus* – таным, ұғыну, аңдау) – жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Интеллектуалды мәдениет ойлау және сөйлеу мәдениеті ретінде әрекет етеді. Ол әлемнің әртүрлі аспектілері мен қатынастарының барабар (шындыққа сәйкес) көбеюін қамтиды [3]. Интеллектуалдық мәдениет бір жағынан шығармашылық үдерісінде жүзеге асады және оның мотивациялық-қажеттілік негізін көрсетеді, ал екінші жағынан оның ерекшеліктері мен өту шартына байланысты дамиды және қалыптасады.

Аристотель айтқан әрекетшіл интеллект дегеніміз - ешуақытта да материяда болмаған және онымен мүлдем байланысы жоқ абстракцияланған форма. Бұл интеллект қайсыбір жағынан қарағанда өзекті интеллект болып табылады және жүре келе дарыған интеллектіге өте жақын болып келеді. Ойшыл өз ой-пікірлерінде интеллектінің табиғатын және оның түрлерін атап көрсетуде құнды мәселелерді алға тартады [4]. Философ – ойшыл интеллект ұғымын оның түрлерін ажырата отырып түсіндіруге тырысты. Оның еңбектерінен интеллектінің қоршаған шындыққа қатысты туындауы мәселесі сөз болады. Осы орайда, Аристотельдің көзқарасы бойынша ақиқат дүниенің интеллект дамуындағы рөлі болып табылады.

Әл-Фараби «Философиялық трактаттарында» ұстазының интеллектіге қатысты пайымдауларын талдап, өз тарапынан да философиялық талдау жасаған: «Интеллект деген сөзді түрлі мағынада қолдануға болады. Біріншісі – қарапайым сөзде, адам жөнінде, парасатты адам жөнінде айтқан кезде қолданылады. Екінші, әркім оны өзінше түсініп, адамдар өзара үнемі айтысқа түскенде айтатын мағынасында қолданылған.

әл-Фараби «интеллект» ұғымына пәлсапалық тұжырым жасап, оның ішінара бөліктерге жіктеліп кету себептерін ашқан. Мысалы,

- әлеуетті интеллект – формаларды жүзеге асыратын субстанция;
- актуальды интеллект – тек осы форма жөнінде актуалды, қайшылықты шешу;
- әрекетшіл интеллект – іс-әрекеттегі интеллект;

- жүре келе дарыған интеллект бірінші материядан бірте-бірте өрлеп, нәрселердің (иерархиясы) аяқталатын шегі бірінші материя және материя болып табылады. Уақыт пен кеңістіктегі жиналған интеллект. Уақыт озған сайын интеллект өрлеу үстінде болады [5]. Ғұламаның интеллект ұғымына берген тұжырымдарының ішінде адамға және оның іс-әрекетіне қатысты пікірі біз үшін маңызды.

Қазақ философиясында өшпес із қалдырған дана Абайдың «Қара сөздерінде» адамның интеллектуалдық сипатына өзінше, қазақи таным негізінде талдау жасаған. Ол адамның ақылдылығын анықтау турасында: «Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім... есті адам орынды іске қызығып, құмарланып, іздейді екен-дағы, күнінде айтса, құлақ, ойласа көңіл сүйсінгендей болады екен», – деген ой айтады [6]. Жоғарыда айтылып өткендей, ұстаз интеллектіні адамның бойындағы қайырымдылық қасиетпен тығыз байланыстырғанын көреміз.

Шәкәрім рационалды әдісті адамның танымдық қасиеттеріне негізделгенін жақтады. Шәкәрімнің философиялық, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық ойлары ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы осы бір күрделі кезеңнің барлық күшті және осал жақтарын бейнеленген көрсеткіші және сол кездегі және осал жақтарын бейнеленген көрсеткіші және сол кездегі мәдениеттің, жалпы дүниежүзілік мәдениеттің синтезі болып табылады [7].

М.Дулатұлының дүниетанымдық ұғымдары негізінен нақты болмысты бейнелеуден бастау алады. Әрбір жазушы өз көргенінен нәр алып, оны тұжырымдап, әлеуметтік деңгейге жеткізгеннен кейін, оны ғылыми принциптерге негіздеп, жалпы ой қорытуы қажет. Ол өзінің ойын объективті шындыққа қол жеткізуге болады деп, - түйіндейді [8]. Табиғат пен өмірдің мағынасын сөз арқылы немесе графикалық тәсілдердің көмегімен жүйелі түрде айқындауға болады. Бұл идея танымның эмпирикалық және теориялық деңгейлерінің өзара қатынасын айқындап, қазақ философиясында тың жолды меңзеп берді.

Г.Г.Андреевтің пікірі бойынша, интеллект дегеніміз – мидың шағылдырғыш әрекеттерінің біртұтастығы мен үйлесімділігі, адамның ойлау қабілетінің жиынтығы, ал сана дегеніміз – интеллектің жоғары деңгей мағынасын сақтау қабілеттілігі. Адам интеллектісі – бөлшектелген біртұтас, ал ондағы негізгі компоненттер ретіндегі базалық қабілеттіліктер, ұйымдасудың әртүрлі деңгейлері иерархиялық тәртіппен орналасқан. Интеллект – ойлауға деген интегралды әрі жоғары сараланған қабілеттілік [9, 34 б]. Психологтардың пікірлерін тұжырымдайтын болсақ, интеллект әрекетті алдымен ойлау, одан кейін қабілетпен байланыстыра қарастығанын байқауға болады. Бастауыш сыныптарда оқушылардың оқу-тәрбие үдерісінде интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыруда әрқайсысының психологиялық ерекшелігін ескере отырып ұйымдастыру қажет,- деп есептейміз.

Қ.Б.Жарықбаев пен О.Сангилбаевтардың пікірлері бойынша, интеллект – ақыл-ой қабілеті, адамның ақыл-ой бастамасы. Интеллект (парасат, зият), (лат. intellectus – ақыл, парасат, ес) – индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің біршама орнықты құлылымы. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық процестер кіреді. Интеллект адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Интеллект ақпаратты мақсатты бағытты қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті. Интеллект функциялары: а) оқуға деген қабілеттілік; б) қоршаған болмыстың заңдылықтарын белсенді меңгеруге қабілеттілік, - деп психологиялық тұрғыдан анықтама берген [10, 255 б]. Шығармашылық зияткерліктің жоғары шыңы болғандықтан психологиялық тұрғыда оны тежейтін және оны жүзеге асыруға ықпал ететін факторларды білу біздің зерттеу жұмысымызда басшылыққа алу қажет,- деп санаймыз.

А.З.Зак бастауыш сыныптарда интеллектуалдық дайындығы әртүрлі оқушыға арнайы ізденімпаздыққа, шығармашылыққа құрылған жаттығулар арқылы пәнге қызығушылығын, ақыл-ойын жетілдіретінін көрсеткен [11]. Автор оқушылардың қорытындылай, құрастыра, ойлай және жоспарлай білу қабілеттерін дамытуға құрылған жүйелі жаттығулар жиынтығы жалпы интеллектуалдық қабілетін жетілдіреді, - деп қарастырған. Интеллектуалды мәдениетті дамыту білім алушылардың белсенді ойлау қызметінің дамуын, олардың сана-сезімінің сенімді және қажетті біліммен толығуын, ақыл-ой қабілеті мен білімге құмарлығын дамыту.

В.В.Гриншкун ұсынған анықтамада «электронды ресурс» ақпарат көздерінен алынып құрастырылып, жинақталынған мәтіндік, музыкалық, видео және тағы басқа ақпараттардың жиынтығы. «Электронды ресурс» ұғымына ғалымдар әр түрлі түсінеді: - ақпараттың өңделген жиынтығы; - электронды ақпаратты компьютерде жариялау құрылғысы; - аудио, видео, графикалық ақпарат көздері, - болып табылады [12]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, бастауыш сыныптарда электрондық ресурстардың әртүрлі платформалары мен серверлерін қолдану қажет, - деген пікірді ұстанамыз.

Е.И.Машбиц электрондық ресурстарды оқу үдерісінде қолдану тапсырмаға қойылатын талаптар мен оның мазмұнын кеңейтуге, оқушылардың оқуға түрткісін арттыруға, оқу үдерісіне белсенділігін дамытуға, оқушының әрекетіне жасалатын бақылаудың түрін өзгертуге, оқушыларда өз әрекетінің рефлексиясын жасауда интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыруға болады, - деп тұжырымдаған [13]. Біз автордың

пікіріне қосыла отырып, барлық пәннен ұсынылатын тапсырмалар электрондық ресурстарды кеңінен пайдалануға мүмкіндік туғызып, соның негізінде оқушылардың интеллектуалдық мәдениетін қалыптастырауға болады, - деп түйіндеме жасаймыз.

Жасалған зерттеулерге сүйеніп отырып, бастауыш сыныптарда оқыту үдерісінде қолданылатын электрондық ресурстардың негізгі түрлерін саралап ұсынамыз: - жалпы бағыттағы сервистік бағдарламалық құралдар; білім алушының білім, біліктілік және дағды деңгейін өлшеуге және бақылауға арналған бағдарламалық құралдар; - электрондық тренажерлар; - математикалық және имитациондық моделдеуге арналған бағдарламалық құралдар; - виртуалды лабораториялық бағдарламалық құралдар; - ақпараттық-іздеу анықтамалық жүйелері; - автоматтандырылған оқыту жүйелері; - электрондық оқулықтар; - эксперттік оқыту жүйелері; - интеллектуалдық оқыту жүйелері; - кәсіби қызметті автоматтандыру құралдары және т.б.

Білім беру электрондық ресурсы жоғарыда айтылған электрондық ресурстың білім беру саласында қолданылуының нақты бір шартына негізделеді. Негізінен, білім беру электрондық ресурсы білімнің ғылыми-практикалық саласына сәйкес жүйелендірілген материалдардан тұруы керек, білім алушының білімді игеруінің шығармашылық және белсенділік қасиеттерін, білім саласындағы іскерлігі мен дағдылығын қамтамасыз етуі керек.

Қорыта келгенде, интеллектуалды тұлғаны қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері ұлттың интеллектуалды мәдениетін қалыптастыру – мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтаудың және практикалық негіздерін іске асырудың бастапқы ұстанымы педагогикалық үдеріс және оған қатысушылардың өзара әрекеттестік жүйесі, жаңа іс-әрекеттің субъектісі ретінде білім алушылардың интеллектуалды тұлғасын қалыптастыру идеясы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Нұр –Сұлтан. – 2020
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. т. 6. – Алматы, 2004. – 451 б.
3. Педагогика большая современная энциклопедия. – Минск. – 2005.-720с.
4. Аристотель Сочинения.: в 4 т. – М., 1975. – Т 1. – 330 с
5. Әл-Фараби әл-Фараби Философиялық трактаттар. – Алматы, 1992. – 112 б.
6. А.Құнанбаев Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1995. – Т. 2. – 335 б.
7. Ш.Құдайбердиев Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1995. – 539 б.
8. М.Дулатов Шығармалары: мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1997 – 345 б.
9. В.И.Андреев Андреев В.И. Опыт компьютерной диагностики творческих способностей – Казань. 1989. – 155с.
10. Қ.Б.Жарықбаев пен О.Сангилбаев Психология энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2011. - 624 б.
11. А.З.Зак Развитие интеллектуальных способностей у детей 9 лет: учеб.метод.пособие для учителей. – М: Нов.шк,1996-408с
12. В.В.Гриншкун Развитие интегративных подходов к созданию средств информатизации образования. – Новосибирск. – 2004
13. Е.И.Машбиц Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения. – М., 1988. – 195 с.

ӘОЖ 37.378

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ**

**Әмірғазина А. Арқалық қаласы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық
педагогикалық институтыдың 2 курс магистранты**

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Амирова А.С.

E-mail: gabiziyatkyzy@mail.ru

***Аңдатпа.** Мақалада жаратылыстану сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық аспектілері қарастырылады. Зерттеушілік іс-әрекеттің мазмұндық құрылымы, оны бастауыш білім беру үдерісіне интеграциялаудың әдістемелік негіздері мен тиімді жолдары талданған. Мақала авторлары зерттеушілік дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмалар мен тәжірибелік жұмыстарды құрастырудың ерекшеліктеріне назар аударып, олардың оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудағы рөлін сипаттайды. Сондай-ақ, зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыруда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттырудың маңызы атап өтілді. Мақалада ұсынылған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жаратылыстану пәндеріндегі оқу процесін жетілдіруге, оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған.*

***Кілттік сөздер:** зерттеушілік іс-әрекет, педагогикалық аспект, зерттеу дағдылары, білім беру технологиялары, креативті ойлау, зерттеу дағдыларын дамыту.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются педагогические аспекты формирования исследовательской деятельности младших школьников на уроках естествознания. Проанализированы содержательная структура исследовательской деятельности, методические основы и эффективные пути интеграции её в процесс начального образования. Авторы статьи обращают внимание на особенности составления заданий и практических работ, направленных на развитие исследовательских навыков, а также описывают их роль в повышении познавательного интереса учащихся. Также подчеркивается важность повышения профессиональной компетенции учителя при формировании исследовательской деятельности. Научно-методические рекомендации, представленные в статье, направлены на улучшение учебного процесса по предметам естествознания и развитие исследовательского и творческого потенциала учащихся.*

***Ключевые слова:** исследовательская деятельность, педагогический аспект, исследовательские навыки, образовательные технологии, креативное мышление, развитие исследовательских навыков.*

***Abstract.** The article discusses the pedagogical aspects of developing the research activities of elementary school students in natural science lessons. It analyzes the content structure of research activities, the methodological foundations, and effective ways to integrate them into the process of primary education. The authors focus on the peculiarities of creating tasks and practical exercises aimed at developing research skills, as well as their role in enhancing students' cognitive interest. The importance of increasing teachers' professional competence in shaping research activities is also emphasized. The scientific and methodological recommendations presented in the article aim to improve the educational process in natural science subjects and develop students' research and creative potential.*

***Keywords:** research activity, pedagogical aspect, research skills, educational technologies, creative thinking, development of research skills.*

Бастауыш білім беру стандарты негізінде құрастырылған «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасында ғылыми зерттеу жүргізу дағдылары мен біз өмір сүретін әлем туралы білімге ерекше назар аударылады. Жаратылыстану бағытында білім беру кіші мектеп жасындағыларда табиғи білім құмарлықтың дамуына, әлем жайлы ой-өрістің кеңеюіне, ғылыми ұғынудың және қоршаған әлемді тұтастай қабылдаудың дамуына, қоршаған әлемді қорғау және бағалай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі [1]. Бұдан шығатын қорытынды жаратылыстану пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық тәсілдер оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне көбірек бағыттталатындықтан бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін жаратылыстану сабақтарында қалыптастыру қажет, – деп санаймыз.

Ә.Марғұлан Қазақстан жеріндегі ежелгі мәдениет орындарын, көне сауда жолдарын, археологиялық ескерткіштерді тауып, жан-жақты зерттей келе ғылыми әлемге танытты. Оның пікірінше, «Қазақстан өлкесі кейбір үстірт қарайтын адамдардың айтқанындай, тарихи мәдениеттің сілемі жоқ, тек қана жосын жүрген аңның мекені емес, не болмаса ешбір ел қоныс етпеген, тек қана шөл дала емес. Күрделі цивилизация, алтын, күмістен жасалған әдемі бұйымдар, әдемі көзелер, тас мүсіндер, тас жазулар, тас тұнжырлар, таулы жер мен өзен бойын сұлулыққа бөлейтін сәулетті күмбездер, тас сарайлар, шуы көп қалалар мұнда да болған. Бірақ, өзгергіш дүние бұларды бірде көркейтп, бірде жер бетінен сыпырып отырған», – деген пікірінің құндылығы келешек ұрпаққа өз халқының өткен тарихын ардақтап, болашағына үлгі боларлық із қалдыру идеясы екендігін зерттеуімізде оқушылардың туған өлкесіне құндылық бағдарын қалыптастыруда басшылыққа алатын негізгі тұжырым деп санаймыз [2, 265 б.].

А.Байтұрсынов адам кішкентай кезінен бастап-ақ өзін қоршаған ортаның неден тұратынын біліп танып, оқып үйренуі шарт екенін айтады. Ол өлкетану іс-әрекетінде құндылық бағдарын қалыптастыруды баланың қоршаған ортасын танып-білуден басталатыны туралы ой-пікірін тұжырымдайды: “Орман, теңіз, тау, өзен, бұлақ - бұлар табиғат ісінен жаралатын мәселелер” – дей келе, “... жасалынды нәрселерді жасауға адамның ақыл-ойы, білімі керек”, – деп ой түйеді [3, 72 б.]. Бұдан шығатын қорытынды автор жаратылыстану ғылымы туралы түсінікті бастауыш сыныптан бастау керектігін ескерткенін байқаймыз.

Ш.Құдайбердиев: “Қоршаған табиғаттың жұмбақ сырын, танып біл, оның өлшеусіз байлығын мұратыңа, қажетіңе жарат. Білу, тану, ұғыну – бәрі ақыл ісі, олар қорытылып, түсінік, ой, сезім болып шығады” – деп дұрыс тұжырым жасайды [4, 84 б.]. Қорыта келе, қоршаған табиғаттың сырын оқушылардың зерттеу жұмыстарында жүргізу «Жаратылыстану» пәні аясында іске асырылатындықтан, оны бастауыш сыныптан бастап іске асыру қажет, – деп санаймыз. Өйткені, бастауыш сыныптарда оқушылардың қоршаған әлемге деген қызығушылығының арттыруы, сол арқылы зерттеушілік іс-әрекеттерге бағыттау негізгі міндет болып саналады.

Қ.А.Аймағамбетова табиғат туралы білім негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру және қоршаған ортаны таныту мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеді. Бүгінгі мектеп алдындағы басты міндет - оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық игіліктер мен адамзаттың мәдени мұраларының сабақтастығын сақтай отырып, оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға жағдай туғызу болып отыр. Ал белгілі нысандар туралы оқушылардың білімін көтеріп тәжірибесін кеңейту дүниетану пәні бойынша ұйымдастырылатын өлкетану жұмыстары арқылы жүзеге асады. Оқушыларға берілетін ұғым оларды қоршаған дүние нысандарымен таныстыру, көріп сезіну, бақылау, тәжірибе жасау барысында олардың құндылық мәніне көз жеткізуге мүмкіндік тудырады. Белгілі әдіскер Қ.А.Аймағамбетова: «... оқушылардың жас ерекшеліктеріне лайықтай отырып берілетін білім нақты объектілерге дүниеде бар

заттармен құбылыстарға негізделіп, олардың ішкі-сыртқы байланыстарын ашатындай теориялық ұғымдар жүйесін меңгеруді көздейді» [5, 2 б.]. Бұдан шығатын қорытынды әр оқушының қоршаған әлемді танып білуі, олардың дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайтыны сөзсіз, – деген тұжырым жасаймыз.

С.И.Ожеговтың сөздігінде: «зерттеу (тура алғанда «іштей іздеу») – кең мағынасында – фактілерді анықтау мақсатындағы жаңа білім іздеу мен жүйелі тексеру. Тар мағынасында – қандай да бір нәрсені зерттеудегі ғылыми әдіс (үдеріс)» [6, 648], - деп көрсетілген.

Қазіргі кездегі қоғам өмірдегі маңызды проблемаларды шешуде зерттеушілік белсенділік пен шығармашылықты көрсетуге, өзін-өзі танымдық-әрекетті түрде жүзеге асыруға қабілетті, белсенді тұлғаға өте зәру. Мұндай тұлғаның түп негізін бастауыш сыныптардан қалау керектігін көптеген ғалымдар атап көрсетеді: (А.Н. Поддьяков, А.Л.Гогоберидзе, Б.Н. Герасимова, Н.Б. Шумакова, Н.Э. Куликовская) және т.б.

Бастауыш сыныптарда оқытылатын «Жаратылыстану» пәні «Дүниетану» пәнінен бөлініп шыққанын ескере отырып, жаратылыстану ғылымының әртүрлі саласынан проблеманы шешуде, оқушыларға адам, қоғам және табиғат туралы ғылым негіздерін меңгертуде қазақстандық ғалымдар: (Қ.Аймағамбетова, Ә.С.Бейсенова, Ж.Ж.Жатқанбаев, Н.М.Сарыбеков, К.Жүнісова, Р.Сәтімбеков, Е.А.Мәмбетқазиев, У.Танабаев, А.Болтаев, Н.Т.Торманов, Д.Жангелдина, Ұ.Есназарова, Р.Төлегенова, А.Манкеш, А.М.Текесбаева, Ш.А.Альдибекова, Н.С.Сайлауова, А.М.Жұбандықова) және т.б. зерттеу жұмыстарының орны ерекше атап өткен жөн деп санаймыз.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: «Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

- 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары» [7, 10], - деп айтылған. Осылардың

ішіндегі зерттеу жұмыстарын жүргізе білу дағдысы біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып табылады.

Бастауыш білім беру стандарты негізінде құрастырылған орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасында ғылыми зерттеу жүргізу дағдылары мен өмір сүретін әлем туралы, яғни қоршаған орта туралы білім алуға басымдық беріледі. Жаратылыстану пәнінде білім беру кіші мектеп жасындағыларда табиғи білімқұмарлыққа ынтасының артуы, яғни қоршаған орта туралы ой-өрістің кеңеюіне, оны тұтастай қабылдауға, қорғау және бағалай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі.

«Жаратылыстану» пәнінің маңыздылығы:

1) жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру кіші мектеп жасындағы оқушылардың табиғи білімқұмарлығының дамуына, әлем жайлы ой-өрісінің кеңеюіне, ғылымды түсінудің және қоршаған ортаны тұтастай қабылдауының дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білу біліктерінің дамуына көмектеседі.

Бастауыш мектепте оқушыларға «Жаратылыстану» пәнін оқу және меңгеру келесілерді түсінуге мүмкіндік береді:

1) қоршаған әлемнің күрделілігі мен көп қырлылығын, сондай-ақ табиғи құбылыстар мен үдерістердің өзара байланысын;

2) өлі және тірі табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен үдерістердің себептерін;

3) жаратылыстану ғылымы бойынша білімнің адамның көптеген іс-әрекет түрлері үшін маңыздылығын;

4) пәнді оқу қоршаған ортаның түрлі құбылыстары мен нысандары жайлы білімнің жинақталуына және күнделікті өмірде алуан түрлі практикалық және зерттеу әрекеттері арқылы алынған білімнің байланысын түсінудің қалыптасуына көмектеседі.

Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

1) гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперимент арқылы алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасау;

2) мәселені анықтау, сұрақтарды дұрыс құру, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және сипаттау, пайымдау, қорытынды шығару;

3) БАҚ хабарламалары мазмұнындағы, Интернет ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі ғылыми ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін айрықшалау және ақпараттың растығын бағалау;

4) өлі және тірі табиғаттағы үдерістердің сипатын, экожүйе компоненттерінің өзара байланысын, адам әрекетінің қоршаған тигізетін әсерін анықтауға көмектесетін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу;

5) өзіндік қарапайым зерттеулердің қорытындыларын түрлі формада ұсыну;

6) жаратылыстану ғылымы саласындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру.

Бастауыш сынып оқушыларын «Жаратылыстану» пәнін оқыту барысында өзін қоршаған, күнделікті көріп-біліп жүрген заттары мен құбылыстарына сүйене отырып, оларды ғылыми тұрғыда түсінуіне, зерттей қарауына, бақылау жүргізуіне жағдай жасау көзделеді. «Жаратылыстану» пәнінің бастауыш сыныптардың басталуы осы ғылымның негізін қалап қана қоймай, олардың ойлау қабілетін, ой қорыту, зерттеушілік қабілетінің әрекетке ұласуын қамтамасыз ету болып табылады. Дүниенің біртұтастығын түсінуге, әрбір табиғи құбылыс пен табиғи заттардың бір-бірімен байланысын білуге талпыныс жасату. Бастауыш сыныптарда оқушылардың қоршаған әлемге бақылау жүргізуіне, тәжірибе жасауына дағдыландыру мақсатында зерттеу жұмыстары ұйымдастырылады. Оқушының зияткер тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін зерттеу іс-әрекеттерін жүзеге асыруға жағдай жасау қажеттігі туындайды. Бастауыш сыныптан бастап-ақ оқушы қоршаған әлеммен танысып қана қоймай, олардың басты ерекшелігін, басқа заттармен байланысын, оның себебін білуге тырысады, ізденеді, ой қорыта бастайды.

Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр. Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы – жаратылыстану ғылымындағы білімін қолдана білу, қоршаған ортаны және адамзат енгізген өзгерістерді түсіну үшін, табиғи-ғылыми мәселелерге қатысты және ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтап тану және негізделген қорытынды жасай білу қабілеттері.

«Жаратылыстану» пәнінде оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін оқушылардың сабақтан немесе оқу құралынан дайын білімді алу ғана емес, сонымен қоса мұғалім басшылығымен оқушылардың өзіндік жұмыстарын, ізденіс-зерттеу әдістерін қамтиды. Сондықтан «Жаратылыстану» пәнінің ерекшелігі – оның мұғалімдер мен оқушыларды зерттеуші ретінде әрекетке түсіреді. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, тілін білетін, дүниеге дұрыс көзқарасы қалыптасқан шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеудің және «Жаратылыстану» пәнін оқытудың сапасын арттыруда зерттеушілік іс-әрекет маңызды, күшті құрал болып табылады. «Жаратылыстану» пәнінің мазмұнында қоршаған әлемнің шындық құбылыстарын, ғылыми ұғымдарды ашып, нақтылауға, түсінуге жағдай жасалады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында оқытылатын «Жаратылыстану» пәні бойынша оқушылар ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешу жөніндегі нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған оқу-танымдық әрекеттерді орындайды. Бастауыш сыныптарда орындалатын ғылыми жобалар оқушылардың маңызды мәселелерді шешуге деген қызығушылығынан, оқу-танымдық белсенділігінен, шығармашылық ізденісін қанағаттандыру мақсатында мұғалімнің басшылығымен орындалатылады. Жобалық жұмыстарды ұйымдастыру сабақпен ғана шектелмейді, сондықтан да сабақ-сабақтан тыс уақытта да жалғастырылып, белгілі нәтижеге қол жеткізу көзделеді.

Қорыта келе, жаратылыстану сабақтарында бастауыш сынып оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру үшін жасалған теориялық талдаулар негізінде «Жаратылыстану» пәнінің мазмұнында берілген материалдарды меңгерту барысында олардың ізденушілік қабілетіне қарай зерттеу жұмыстарын жүргізуге, бағыттау мұғалімнің өзінің аталған пән бойынша біліктілігі яғни кәсіби құзыреттілігін зерттеу іс-әрекетін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен кезеңдерін жетік білуі тиіс, - есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022ж. – 31 б.
2. Ә.Марғұлан Ежелгі мәдениет куәлері. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 367б.
3. А.Байтұрсынов Шығармалары– Алматы, 1989. – 320 б.
4. Ш. Құдайбердиев Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 380 б.
1. 5. Қ.А.Аймағамбетова Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі. – Алматы: Балауса, 2003. – 144 б.
5. С.И.Ожегов Словарь русского языка. – Москва: Русский язык. 1983 г. С. 816.
6. Жаратылыстану. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016. – 33б.

ӘОЖ 37.378

ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ

Кәрім А.Т. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Амирова А.С.

Email: aqbilekkarim2002@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада өлкетану материалдары, этномәдени құндылық, бастауыш сынып оқушыларының бойында қалыптастыра алатын құндылық негіздері қарастырылады.

Құндылық, этностық мәдениет ұғымдарына кеңінен түсініктер беріліп, оқушының бойында осы құндылықтардың болуы маңызды екені айтылады. Өлкетану материалдарын пайдалана отырып, нақты бала бойына сіңірілуі тиіс құндылықтар сөз болады. Осы өлкетану арқылы жүргізілетін жұмыс түрлеріне сипаттама беріледі.

Тірек сөздер: құндылық, этнос, этномәдени құндылықтарды қалыптастыру

Аннотация. В данной статье рассматриваются краеведческие материалы, этнокультурные ценности, ценностные основы, которые можно сформировать у учащихся начальных классов. Широко разъясняются понятия ценности и этнической культуры, и говорится, что важно иметь эти ценности в ученике. О ценностях, которые следует прививать ребенку, пойдет речь на материалах краеведения. Приведено описание видов работ, проведенных в рамках данного регионального исследования.

Ключевые слова: ценность, этнос, формирование ценностей, этнокультурные ценности.

Annotation. This article discusses local history materials, ethnocultural values, and value foundations that can be formed among primary school students. The concepts of values and ethnic culture are widely explained and it is said that it is important to have these values in a student. The values that should be instilled in a child will be discussed using local history materials. A description of the types of work carried out within the framework of this regional study is provided.

Keywords: value, ethnicity, formation of values, ethnocultural values.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау», - дейді [1,21 б.]. Әрбір баланың елінің рухани, ұлттық құндылықтарын бойына сіңіруі кішкентай мектеп жасынан басталады. Бастауыш сынып оқушыларының бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін өлкетану материалдарын қолдана аламыз. Өлкетану – бұл туған өлкенің (ауылдың, қаланың, облыстың немесе жалпы аймақтың) тарихын, табиғатын, мәдениетін, географиясын, экономикасын және тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін жан-жақты зерттейтін ғылым. Өлкетану адамдардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыруға, оның табиғаты мен мәдени байлығын құрметтеуге тәрбиелейді. Жаңарған заманда адамдар да, өркениет те күннен-күнге бірге жаңарып, дамып келеді. Осынау қарыштап өскен ортада әр адам өзінің өткенін ұмытпай, ұлықтай білуі керек. Ұлт өзінің тілін, дәстүрін, мәдениетін, жаратылысын, өлкесін, өркениетін білмей, тұлға болып қалыптастым дей алады ма?! Осы тұста балалардың этномәдени құндылықтарын байытуға өлкетану материалдары сөзсіз көмек бола алады.

Бастауыш сынып оқушыларының өлкетану материалын пайдалана отырып, этномәдени құндылықтарын дамытуы туралы көптеген басылым беттерінен, ғалымдардың еңбектерінен байқай аламыз. Осы өлкетану білімінің елімізде алғашқы негізін салушы - Ш.Уалиханов болды. Өлкетану материалдарын негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларының айнала туралы дүниетанымдарын, құндылықтарын қалыптастырудағы таным мәселесін өз еңбектерінде негіздеген ғалымның бірі – Қ.А.Аймағамбетова [2,143б.].

А.Байтұрсынов та өз кезегінде өлкетанудың ұлттық танымды танытуға әсерін былай жеткізеді: «Орман, теңіз, тау, өзен, бұлақ – табиғат ісінен жаратылатын мәселелер... Жасалынды нәрселерді жасауға адамның ақыл-ойы, білімі керек» [3,442б.]. Яғни, автор адамның адам болып қалыптасуы табиғаттан басталады дегісі келеді. Ал табиғатты, жерді таныту арқылы біз өлкетануды қолға ала аламыз.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «...білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру», - деген [1,45б.]. Осыны

негізге алатын болсақ, азаматтық жеке ұстанымы бар адамды қалыптастыру дегеніміз – елінің тарихы, тілі, дәстүрі, ұлттық ойындарын, көрнекті тұлғаларын, тарихи маңызды жерлерін білетін, ұлтын ұлықтайтын, өткенін ұмытпай, қазақи тәрбиені сіңіріп өскен, этномәдени құндылықтарды бойына дарытқан, ұлтының жанашыры болатын баланы мектептен тәрбиелеп жетілдіру.

Жалпы «құндылық» дегеніміз не? Адам құндылығын зерттейтін саланы аксиология деп атаймыз. Аксиология ғылымының ең басты ерекшелігі, оның философиялық сипаты басым келеді, өйткені философия ақиқат, шындықты іздейді [4,726].

В.Супредин «Құндылықтар - ... онда адамзаттық тарихи тәжірибесі жинақталып, белгілі бір этностың немесе адамзат мәдениетінің мәні жатыр» деген анықтама береді [5,1036].

Этностық-мәдени құндылық - қазақ халқының өзінің көнеден келе жатқан түбі терең тарихы, мәдениеті, өзінің болмысына ғана тән ұлттылығы. Ұлт жойылмасын десе, адамзат ұлтының толық болмысымен, мәдениетімен сусындап дамуы тиіс. С.Т.Иманбаева: «Қазақ халқының сан ғасыр бойы жасалған асыл мұралары – шешендік өнері, мәдениеті, имандылық тұжырымдары халықтық педагогика негізінде жастарды тәрбиелеуде қайталанбас қазына болып табылады» - дейді [4, 80б.].

«Ұлттық құндылықтар тек қана өткенге бағдарланған емес, ол сонымен бірге қазіргі кезеңге, болашаққа бағытталған, онда рухани байлығы, Жақсылық, Ақиқат, Әділеттілік және Сұлулық туралы түсініктер бейнеленген» [6,776.].

«Дәстүрлі құндылықтардан бас тарта отырып, бізбен байланысты өмір салтымыздан – киіз үйдегі өмірден, ауылда дәстүрлі шаруашылық жүргізуден, жүзге бөлу әдебінен, ұлттық сипаттағы басқа да сипаттардан бас тартамыз. ...өмір салтын өзгерте отырып, рухани құндылықтар мен дәстүрлерге деген сенімімізді сақтауға болады» [6, 269б.]. Демек, этномәдени құндылықтарды заман ағымына қарай бала санасына құюымыз керек. Өз өлкесін тани отырып, балалар бойларына осы аталған этномәдени құндылықтарды сіңіріп өседі.

Өлкетану материалдарына туған өлкедегі тарихи жерлер, қасиетті мекендер, театр, музейлерді, көрнекті тұлғалар, қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық ойындары, зергерлік бұйымдар, тілін, дінін, мәдениетін, ұлттық тағамдар, ұлттық киімдерді, аспаптар, ұлттық әндерді жатқыза аламыз. Өлкетану материалдарын кіріктіре және жеке оқытуға да болады. Бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтарын оята отырып, оларды құндылыққа дағдыландыра алу қажет.

«Этномәдени білім беру арқылы біз ұлттық рухымызды тіктеуіміз керек.» «Ұлттық дәстүрімізді қайта қалыптау әсіресе «ұлтшылдық» деп ұғынбауымыз керек. Керісінше, олар – жаңаруымызға күш қосатын, елдік санамыздың еңсесін биіктететін дүниеліктер», - дейді ғалым А.Т.Тайжанов [7,304б.]. Этномәдени білім беру арқылы ұлттық рухымызды көтере аламыз, рухы мықты, еңсесі биік ел бала ұрпақтан қалыптасатыны сөзсіз.

Өз өлкесінің мәдени-ағарту ісімен танысқан әр баланың бойында тұлғалық бағдар қалыптасып, этикалық тәрбие негіздері оянатынына сенімдімін.

Бұл бағытта мынандай қосымша жұмыстар қолданылуы мүмкін:

1. Тарихи орындарға саяхаттар – туған жердің тарихи және мәдени орындарына экскурсиялар ұйымдастыру арқылы оқушылар жергілікті тарих пен мәдениеттің маңызды тұстарымен таныса алады.

2. Туған өлке туралы жобалар – оқушыларға туған жері туралы деректер жинауға, белгілі тұлғалар, тарихи оқиғалар туралы жобалар жасауға мүмкіндік беретін тапсырмалар беру.

3. Халық ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерді үйрету – халық ертегілері, мақал-мәтелдер, жырлар мен аңыздар арқылы балаларға этномәдени білім беру.

4. Ұлттық мерекелерді атап өту – Наурыз мейрамы, Соғым немесе басқа ұлттық мерекелерді сыныптық деңгейде немесе мектеп аясында атап өту арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтармен таныстыру.

5. Жергілікті қолөнер шеберлігіне баулу – шеберлік сабақтарын ұйымдастыру арқылы балаларға қазақ халқының қолөнерімен (қолөнер бұйымдары, кілем тоқу, киіз басу) таныстыру.

6. Туған өлкесіндегі музей, фабрика, театрларға экскурсиялық саяхат жасауға болады. Балалардың бойында өнерге, еңбекке деген ұлттық көзқарас қалыптасады.

7. Мектеп қабырғасында шағын көрме өткізуге болады. Оқушылар өз қолдарымен жасаған зергерлік бұйымдарын, ұлттық тағамның түрлерін алып келе алады. Сонымен қатар, театрлық көрініс ұйымдастыруда балалардың ұлттық әдебиетке, мәдениетке деген қызығушылығын оятады деп ойлаймын.

8. Оқушылар ұлттың ұлылығы, ата-баба дәстүрі, қазақ халқы туралы мақал-мәтелдер айтып, жыр шумақтарын оқып өз білімдерін ортаға сала алады.

9. Балаларға қызық әрі жеңіл болуы үшін сахналық немесе шағын топта ұлттық ойындарды көрініс ретінде ойнату да өз пайдасын береді деп санаймын.

10. Оқушыларды өлкедегі тарихи, көне, қасиетті жерлерге, кесенелерге экскурсиялап апару да баланың этномәдени құндылығын жаңартады.

11. Ұлттық музыка туындыларын балалардың шырқап айтуы, жатқа білулері бала санасында ұлттық танымды жетілдіреді. Оқушылардың ұлттық аспаптармен де таныс болуы өзіндік орасан зор пайдасын алып келеді.

Өлкетану сабақтарында оқушылар жергілікті этномәдени құндылықтарды тану және бағалау арқылы өз болашақтарын ұлттық негізде құруға ұмтылады. Ұлтын ұлықтап таныған, тереңінен сабақтас болған әрбір баланың санасында өткеннің елесі жаңғырып, қазақ халқының ұлттық тынысы ашылатынына кәміл сенімдімін. Өлкетану арқылы бастауыш сынып оқушыларын этномәдени құндылықтарға баулу — олардың ұлттық дүниетанымын қалыптастырудағы маңызды бағыт. Бұл бағыт балаларға туған елдің тарихын, мәдениетін, табиғатын сүюді, құрметтеуді, бағалауды үйретіп, болашақта мәдени мұраны сақтау мен насихаттау жолында өз үлестерін қосуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, өлкетану – оқушыларды туған жерін сүюге, оның тарихы мен мәдениетін терең түсінуге баулып, олардың нағыз білімді, жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін маңызды оқу бағыты. Бұл пән оқушылардың бойында отансүйгіштік, рухани құндылықтар мен жауапкершілік сезімдерін дамытуға негізделеді. Қазіргі балалардың бойына мәдениет, адамгершілік, ізгілік қасиеттерін сіңіру, сондай-ақ мәдени мұраға және дәстүрлерге деген құрметті қалыптастыру – заманауи білім беру мен тәрбие жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Бұл құндылықтар жас ұрпақтың рухани дамуының негізін қалаумен қатар, олардың қоғамда өз орнын табуына және жауапты азамат болып өсуіне ықпал етеді. Себебі, әр ұлттың болашағы мен дамуының негізі – бастауыш сынып оқушыларының бүгінгі күнде алып жатқан білімінен бастау алады. Бастауыш сынып кезеңі баланың тұлғалық қасиеттері мен дүниетанымының қалыптасуындағы ең маңызды уақыт болып табылады. Бұл кезеңде алынған сапалы білім мен тәрбие баланың болашақта өз әлеуетін жүзеге асыруына, ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға және қоғамның белсенді мүшесі болуына ықпал етеді. Сондықтан бастауыш білім беруді ұлттық мәдениет пен дәстүрлер негізінде ұйымдастыру ерекше маңызға ие. Этномәдени құндылықтар – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен ұлттық құндылықтардың алтын қазығы. Олар жеке тұлғаның рухани және мәдени дамуының негізін қалыптастырады. Этномәдени құндылықтарды меңгеру арқылы бала өзінің ұлттық болмысын танып, рухани байиды және қоғамда өз орнын табуға қабілетті тұлға ретінде дамиды. Сондықтан білім беру мен тәрбие жүйесінде этномәдени мұраларды дәріптеу,

оларды ұрпаққа жеткізу – маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Халқымыздың рухани байлығын сақтап, ұлттың жарқын болашағына үлес қосатын саналы да білімді оқушыларымыздың өсіп келе жатқаны – қуанышты жайт. Олар ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, елінің мәдениеті мен дәстүрін құрметтейтін, заман талабына сай білім мен дағдыны меңгерген жас ұрпақ ретінде тәуелсіз еліміздің тірегі болмақ. Мұндай оқушыларымыз елдің өркендеуіне қызмет етіп, әлемдік қауымдастықта ұлтымыздың абыройын асқақтататынына кәміл сенімдімін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Астана, 2007.
2. Аймағамбетова Қ.А. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі. – Алматы, 2013.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Иманбаева С.Т. Ұлттық патриотизм негіздері. – Алматы, 2008.
5. Лапин Н.И. Модернизация базовых ценностей Россиян // Социологические исследования. М.1996. №5.
6. Сарсенбаевна С.Н. Этнос және құндылықтар. – Алматы, 2018.
7. Тайжанов А.Т. Тағылымды танымдар: көмекші оқу құралы – Орал: «Ағартушы» орталығы, 2007.

ӘӨЖ 37.00

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИ ОРТАСЫН ЖОБАЛАУ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Зарлыкова А.Б., магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail:zarlykova.aimeken@mail.ru

Аннотация: Мақалада бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдени ортасын сыныптан тыс жобалау әрекеті арқылы қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, экологиялық мәдени орта сыныптан тыс әрекетте, оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың табысты болуына ықпал ететін қажетті шарттар көрсетіледі.

Тірек сөздер: экологиялық мәдени орта, жобалау, сыныптан тыс жұмыс, жобалау іс-әрекеті, бастауыш сынып оқушылары, экология.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы формирования экологической культурной среды младших школьников посредством деятельности по внеклассному проектированию. Вместе с тем, экологическая культурная среда проявляется во внеклассной деятельности, в необходимых условиях, способствующих успешности формирования экологической культуры учащихся.

Ключевые слова: экологическая культурная среда, проектирование, внеклассная работа, проектная деятельность, учащиеся начальных классов, экология.

Annotation: The article discusses the issues of formation of the ecological cultural environment of younger schoolchildren through extracurricular design activities. At the same time, the ecological cultural environment manifests itself in extracurricular activities, in the necessary conditions that contribute to the success of the formation of the ecological culture of students.

Keywords: ecological cultural environment, design, extracurricular activities, project activities, primary school students, ecology.

Білім берудің жаңа мазмұны мен нәтижелері білім алушының қоғамдық ортадан өз орнын бағдарлауға, білім мазмұны мен пәндерді өзі таңдауына бағытталып отыр. Мектепте балаларды оқытудың жекелік сипаты мен оқушының мүмкіндіктерін дамыта отырып, өз бетімен білім алуын ұйымдастыру талаптары жаңа тұрпатты мұғалімдерді, олардың жаңаша ойлау әрекеттері мен зерттеушілік ұстанымдарын қалыптастыруды көздейді. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі атты президент жолдауында балаларды бала күнінен өзінің болашақ мамандығын таңдауға, айрықша көруге үйрету керектігін көрсеткен [1]. Бұл дегеніміз бастауыш буын деңгейінен әр баланың жеке мүмкіндігін, өзіндік бейінді ерекшелігін ескеру қажеттігі, сол арқылы баланы өмірде нақты өзіндік бағыт пен өзіндік мүмкіндіктерін дұрыс бағалауға үйрету, жалпы қоғам дамуына, еліміздің дамуына үлесі зор тұлға тәрбиелеу қажеттілігін, ұлттық рухты, өз елінің азаматын тәрбиелеу маңызын айтады. Адам үнемі өзін қоршаған әлем тірі табиғатпен үйлесімді өмір сүруі заңдылық, осы орайда бала бойында әлемді сүюге құштарлық, эстетикалық тәрбие мен экологиялық мәдениет негізін бастауыш буыннан қалау маңызы аса зор. Осыорайда мемлекет тарапынан басқарылатын ұйымдартабиғатты қорғау, қоршаған әлем ресурстарын дұрыс пайдалану бойынша ғылыми – зерттеу жұмыстары санын арттырып, оны тиімді түрде ұрпақ тәрбиелеу деңгейінде, білім беру мекемелері тәжірибесіне ендіру қажеттілігі бар екенін көрсетеді. Отбасы қоршаған әлемнің ең балаға жақын орналасқан ұяшығы деп таныған болсақ, баланың өз қоршаған әлеміне құрметпен қарау отбасы тәрбиесінен бастау алу қажеттілігі айқын. Бала алған мектеп табалдырығын аттаған күннен табиғатты құрайтын негізгі элементтермен ауа, су, топырақ, жануарлар, өсімдіктер, тірі және өлі табиғат туралы түсінікті басты пәндерінің аясында оқып таниды. Әр мектеп сатысы жоғарлауына сай, бұл білім терең түрде игеріледі, бала өз жасерекшелігіне сай білімін толық игеруі үшін жүйелі түрде құрылған білім беру ортасының болуы аса маңызды, өйткені барлық білім тек мұғалім, оқушы, ата – ана үйлесімді әрекетінің негізінде іске асады. Бастауыш деңгейде қоршаған орта білімін игеру дүниетану пәндерінен бастау алған болса, кейінірек олар биология, экология, география сынды жаратылыстану ғылымдары мазмұнына ұласады. Бастауыш буыннан экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру маңызды, ол баланың экологиялық білімі бар, өз қоршаған табиғатты қорғау мен аялауға бейінділігі бар, экологиялық мәдениеттің негізгі құрамдас бөліктері бойына қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу үдерісінен көрініс табады. Осы орайда экологиялық тәрбиені бастауыш буыннан бастап қалыптастыру мәселесі бойынша қажетті білімді игерту мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынып, білім берудің барлық деңгейлеріне толыққанды үдеріс ретінде көрініс табады. Осы орайда, білім беру жүйесінің басты міндеттемелерінің бірі жас ұрпақ бойында экологиялық білім мен тәрбие беруді үйлесімді түрде іске асыру, өз елін және жерін сүю қасиетін қалыптастыру, қоршаған әлемді қорғау, аялау және дамыту мүмкіндіктерін насихаттауды сапалы түрде жүруін қамтамасыз ету болып табылады. Бастауыш буында сыныптық және сыныптан тыс оқыту формасы аясында барынша экологиялық тәрбие негізін қалыптастыру үшін арнайы орта құру қажет.

Экологиялық мәдениетте дүние суреті өзінің жан-жақтылығымен, ұтымды да, рухани жағынан да көрінеді; дүниені көрсетуге тек ғылым ғана емес, барлық мәдени тілдер қатысады: миф пен дін, ғылым мен өнер, тәжірибе, дүниені тәжірибелік зерттеу, эзотерикалық және басқа да дәстүрлі емес әдістер білім мен рухани ізденіс пен ашылу тәжірибесі.

Экологиялық мәдениетті оқушылардың экологиялық білім жүйесін, табиғатты қорғау іс-әрекетін меңгеруінің жоғары деңгейі, жеке адамның экологиялық санасы мен тұлғалық мінез-құлқының даму дәрежесі, табиғатты қорғау іс-әрекеті деп анықтайтын пікірлері, оқушылардың қоршаған табиғатпен мақсатты қарым-қатынасының жетілу дәрежесі. Экологиялық мәдениет адамның табиғатты қорғау іс-әрекетін жүзеге асыру дағдыларының

жоғары деңгейін болжайды. Педагогикада орта көбінесе педагогикалық жүйенің қызмет етуінің тиімділігі тәуелді болатын факторлар, жағдайлар, шаралардан тұратын жүйелі кешен деп түсінеді. А.С. Белкин [2], Л.П. Качалова [3] және т.б. педагогикалық орта бір нәрсені ойдағыдай аяқтауға ықпал ететін нәрсе, педагогикалық қолайлы орта ретінде, оқу-тәрбие үдерісінде кәсіби- шығармашылық қызмет деңгейіне жетуді қамтамасыз ететін шаралар кешені ретінде қарастырады.

Экологиялық мәдени орта сыныптан тыс әрекетте, оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың табысты болуына ықпал ететін қажетті шарттар қажет. Осы негізде төмендегідей арнайы орта құру шарттарын сипаттап өтуге болады:

1. Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарт – оқушылардың іс- әрекетінің мақсаттарын, мазмұнын және формаларын біріктіру аспектісінде сыныптан тыс әрекет жүйесінде экологиялық тәрбие мен эстетикалық тәрбиенің интеграциясын қамтамасыз ету – мотивациялық саланы қалыптастыруға бағытталған, экологиялық жобаларды жүзеге асыру кезінде оқушының экологиялық мәдениетінің қалыптасуына жағдай жасау.

2. Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарты – экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы оқушылардың қызығушылығын арттыру жағдайын құру.

Тірі табиғат құбылыстарының күрделілігін тек нақты білу әдістерімен ашуға болмайды, оларды түсіну үшін ғылымнан тыс, көркем ойлау қажет. Эстетика заттардың табиғатын білу арқылы жеткен үйлесімділік ілімі мен сұлулық заңдарына сәйкес грек дамиды. Адамдарды әсемдік пен өнер жасауға үйреткен табиғат деп дұрыс сенген.

Қазіргі педагогикада оқу жобалық іс-әрекеті пәнді жүйелі оқытудың орнына емес, онымен қатар білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қолданылады.

И.Д. Чечелдің айтуынша [4], «Заманауи білім алушылар жобасы – бұл танымдық белсендірудің, шығармашылықты дамытудың және сонымен бірге белгілі бір тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың дидактикалық құралы. Жобалау әдісі – фактілік білімді біріктіруге емес, оны қолдануға және жаңаларын (кейде өзін-өзі тәрбиелеу арқылы) алуға бағытталған педагогикалық технология. Белгілі бір жобаларды жасауға мектеп оқушысының белсенді араласуы оның әлеуметтік-мәдени ортадағы адам әрекетінің жаңа тәсілдерін меңгеруіне мүмкіндік береді».

Е.С. Полат «жобалауға» әдіс ретінде және педагогикалық технология ретінде мынадай анықтама береді: «жобалау әдісі білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға, өз білімін өз бетінше құрастыра білуге, ақпараттық кеңістікте бағдарлай білуге негізделген, сондай ақ сын тұрғысынан ойлау жүйесін дамытуға әсер етеді. Педагогикалық технология ретінде жобалау әдісі, оның құрамындағы технология өзіндік мәні бар шығармашылық, зерттеу, ізденіс, мәселеге бағытталған әдістер жиынтығынан тұрады» [5].

Жобалау әрекеті оқушылардың практикалық жұмыстары сияқты өзіндік тәжірибе алуына негіз болады. Жоба өзінен-өзі тәжірибеге айналмайды. Жобалау тәжірибе алуға кепілдік бермейді, өйткені, ол рефлексия бола ма жоқ па, жобаға қатысушылар жобалық іс-әрекеттердің мән – маңызын жете түсініп те қамтамасыз ететіні белгісіз. Тәжірибе ретінде қалыптаспаған жоба өмірде болған оқиғаға ғана айналады.

Бастауыш мектепте оқушыларға қысқаша ғана тапсырмалар немесе шығармашылық тапсырмаға ұқсайтын *микро – жобалар* беріледі. Шығармашылық деп аталу себебі – жоба барысында оқушы қалыптасқан әдіспен орындауын қажет етпейтін, дәстүрден тыс, ой-қиялын қозғайтын жағдай туғызады. Бұл тапсырмалар жеке оқушыға, не шағын топтарға да берілуі мүмкін. Әрине микрожобалар оқу әрекетінде түгелдей өз бетіндік жұмысты әзірше қамтамасыз етпейді, бірақ оның пайда болуына, дамуына ықпал ете бастайтыны сөзсіз. Солай бола тұрса да, бұл жағдайда дәстүрлі оқытудағыдай оқушының жекелік ерекшелігі, ой – қиялы шектелмейді, бірін-бірі тыңдауға, бірлесіп оқуға, шешім қабылдауға мүмкіндік жасалады. Бастауыш мектепте қалыптасқан өзара қарым-қатынас, бірін-бірі тыңдау,

бірлесіп оқу, үйрену мәдениеті қалыптасуы, кейін негізгі мектепте жобалау әрекетін жүргізудің басты құралдары бола алады.

Бастауыш мектепте жобалау әрекеттерін пайдалану бала бойында жаңа сапаларды дамытып қана қоймай, осы жаста ойын үстінде дамитын еркін ойлау, ой белсенділігі, елестету – қиялдау қабілеттерінің сақталуына оң әсер етеді. Сондай-ақ, микрожоба барысында олардың мінез-құлқында пайда болатын өз әрекетін ұйымдастыру, өзін-өзі басқара білу, өзгелермен санасу сияқты дағдылары да қалыптасатыны сөзсіз.

Әдебиеттерді талдау жобалау әдіс жеткілікті түрде зерттелгенімен, бұл әдісті қолданудың жеке қолданбалы мәселелері жеткілікті түрде әзірленбегенін көрсетті. Көбінесе бұл балаларға арналған бастауыш білім беру жүйесінде оқушыларды экологиялық тәрбиелеу үдерісіне жобалық іс-әрекеттерді енгізуге қатысты.

Сонымен, балаларға арналған сыныптан тыс оқыту арқылы білім беру мекемелеріндегі жобалық іс-әрекетті оқушының экологиялық мәселелерді шешетін, субъективті маңызды мақсаттар қоятын және оған қол жеткізетін білім беру жағдайларын ұйымдастыру технологиясы, сонымен қатар оқушының өз бетімен табиғатты қорғау қызметін қолдау технологиясы деп түсінуге болады.

Сыныптан тыс жұмыстарды өткізуде мынадай талаптар басшылыққа алынады:

1. Сыныптан тыс жұмыстарға оқушыларды түгелдей қамту.
2. Әрбір оқушының талап-тілегін ескеру.
3. Балалардың жеке дара қасиетін білу.
4. Шығармашылық ізденістерін дамыту.
5. Қоғамдық істерді ұйымдастыру.

Сыныптан тыс жұмыстардың бірнеше түрлері бар. Сондай-ақ мектеп қабырғасында туындаған ой-пікірлер сыныптан тыс жұмысты өткізу, жүргізу түрлерінің одан әрі байып отыруына әсер етеді.

Барлық жинақталған түрлерді тәрбие мазмұны мен шешімдеріне байланысты үш топқа бөлуге болады.

1. Мектеп өміріндегі басқару және өзін-өзі басқару түрі (жиналыс, сынып сағаты, мектептердегі өзін-өзі басқару өкілдерінің отырысы және т.б.).
2. Танымдық түрі (саяхат, фестиваль, хабарлама, ауызша журналдар, секциялар, көрмелер т.б.).
3. Ойын-сауық түрі (мерекелік, кештер, шығармашылық кештер т.б.)

Сыныптан тыс жұмыстың басты құралы ұжымдық қарым-қатынасты қалыптастыру болып табылады.

Сыныптан тыс жұмыста мұғалімнің рөлі өте зор. Ең бірінші, ол – бақылаушы. Сыныптан тыс жұмыс кезінде мұғалім оқушыларды бақылай жүріп, ол балалардың күшті және әлсіз жағын анық байқауға мүмкіндік алады, олардың әрқайсысының жекелеген ерекшеліктерін анықтайды және сыныптан тыс жұмыстарды шебер ұйымдастыра отырып балалардың жан-жақты сұрақтарын қанағаттандырады, әрқайсысының таланты мен қабілеттерінің ашылуына көмек жасайды. Бұл жұмыс мұғалімнен үлкен шығармашылықты талап етеді. Сауатты ұйымдастырылған жұмыс қана балаға өзінің кемшіліктері мен қателерін жөндеуге, орынсыз ұялшақтық пен өзін-өзі қомсыну сезімінен арылуға мүмкіндік туғызады. Сыныптан тыс жұмыстар өз аумағында оқушылардан белсенділікті қажет етеді және олардың өз бетінше әрекет етуіне кеңшілік жасайды. Бастауыш білім беру жүйесінде сыныптан тыс жұмыста жобалық іс-әрекетті ұйымдастыруға көптеген мүмкіндіктер бар.

Осыған байланысты экологиялық жоба ұғымын енгізуге болады - жобалық іс-әрекет кезеңдері арқылы экологиялық мәселені (немесе оның бір бөлігін) шешуге бағытталған сыныптан тыс әрекетте оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілі (мақсат қою, жоспарлау, шешім қабылдау, жүзеге асыру, нәтижелерді бағалау, жобаны қорғау) белгілі

бір педагогикалық шарттарға байланысты, оның нәтижесі экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Қорытындылай келе, сабақтан тыс іс - әрекетте оқушылардың жобалық іс-әрекеті оқушыларды экологиялық мәселелерді зерттеуге және шешуге тартуға бағыттау өте маңызды. Ол пәнаралық сипатқа ие және бастауыш білім беру жүйесінде экологиялық білім беру мақсатына жетудің тиімді әдістерінің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>.
2. Белкин А.С. Основы возрастной педагогики [Текст]: учеб. пособие для студентов высш.пед.учеб.заведений /А.С.Белкин.-М.:Изд-воцентр «Академия»,2000.- 192с.
- 3 Качалова Л.П., Качалов Д.В. Личностно-ориентированный подход в образовании: педагогика личности [Текст] / Л.П.Качалова, Д.В.Качалов, А.В.Качалов. - Шадринск: Изд-во «Шадринский дом печати», 2007- 82 с.
- 4 Чечель И.Д. Метод проектов, или попытка избавить учителя от обязанностей всезнающего оракула [Текст] / И.Д.Чечель // Директор школы. - 1998. -№3.- С.11-16.
- 5 Е.С.Полат. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие. - Москва : Академия, 2001. - 272 с.

ӘӨЖ 37.00

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СӨЗ ӨНЕРІНЕ БАУЛУ

Мырзахметова А.Қ. магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
E-mail:aruka_myrzahmetova2103@mail.ru

Аннотация: Мақалада бастауыш сынып оқушыларын сөз өнеріне баулуға байланысты мәселелер қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналары мен мұғалімдері талқылайтын маңызды тақырыптардың бірі - байланыстырып сөйлеуді дамыту. Бұл мақалада қазіргі тілдік жағдайға тән негізгі белгілер, бастауыш сынып оқушыларын сөз өнеріне баулуға бағытталған жұмыс әдістері анықталған. Сөйлеу жағдайларын модельдеу олар үшін коммуникативті дағдыларды дамытудағы және қазіргі әдеби тілдің ережелерін меңгерудегі тиімді жаттығулардың бірі болып табылады.

Тірек сөздер: мақсат, баланыстырып сөйлеу, білім беру, педагогика, сөйлеу мәдениеті, сөз өнері, бастауыш мектеп, педагогикалық технологиялар.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы, связанные с приобщением учащихся начальных классов к искусству слова. Одна из важных тем, которую обсуждают родители и учителя младших школьников, - это развитие связной речи. В данной статье определены основные виды, характерные для современной языковой ситуации, методы работы, направленные на приобщение младших школьников к искусству слова. Моделирование речевых ситуаций является для них одним из эффективных упражнений в развитии коммуникативных навыков и усвоении правил современного литературного языка.

Ключевые слова: цель, связная речь, образование, педагогика, культура речи, искусство слово, начальная школа, педагогические технологии.

Annotation : *The article considers the problems associated with the formation and perfection of speech culture of primary school children. One of the most important topics discussed by parents and teachers of primary school pupils is the development of speech. In this paper identifies the main features characteristic of the modern linguistic situation, the working methods aimed at the formation speech culture of primary school children. Modeling speech situations is one of their effective exercise in the development of communication skills and mastery of the rules of modern literary language.*

Keywords: *goal, speech, education, pedagogy, speech culture, art of speech, primary school, pedagogical technology.*

Жалпы адамзаттық құндылыққа тән нәрсенің бірі – сөз өнері. Сөз өнері жалпы мағанасындағы жай әдебиет емес, көркем әдебиет екенін тектен-тек деуге болмайды. Оның барлық эстетикалық байлығы әдеби шығарманың көркемдігі арқылы ғана жасалады. Демек, әдебиеттің таным тарапындағы мәні де, тәрбие саласындағы мәні де, сайып келгенде, сөз өнерінің эстетикалық маңызына яки өнер туындысының көркемдік құнынына келіп тіреледі. Әйтпесе, өмірді ғылым арқылы да тануға болады, ал тәрбиенің ең үлкені оқу-білімде жатқаны тағы даусыз. Адам баласына әдеби туындыдағы образдар жүйесі арқылы, дәлірек айтқанда, өнерге айналған өмір яғни өмірге айналған өнер арқылы тәрбие беру, таным қалыптастыру өз алдына айрықша бөлек. Оны сондай етіп ғылым да, білім де жасай алмайды. Көркем әдебиеттің күллі құдірет күші дәл осы арада жатыр. Ендеше, сөз өнері – қоғамдық сананың әрі күрделі, әрі іргелі саласы.

Сөз – адам үшін тәрбие құралы, білім-білік, мәдениет, өнер бастауы. Сөз өнерін меңгеру барлық адамға суреткер болу үшін емес, ешкімге, еш нәрсеге тәуелді болмау үшін керек. Көркем сөйлей білу адамның парасаттылығы мен мәдениеттілігінің ерекше бір көрінісі. Халық қашан да адамды сөзіне қарап бағалаған. Аты әлемге әйгілі Сократ «Сөйлеп көріңіз, мен сіздің кім екеніңізді айтайын» деген сөзі бар.

Бүгінгі таңда зиялы адам ойын шашыратып жеткізе алмай жатса, ол оның сөйлеу мәдениетінің төмендігінен болады. Сондықтан дұрыс сөйлей алмау адам білімінің де, тәрбиесінің де үлкен кемшілігі деп есептеледі. Сол себепті қазіргі мектептерде бастауыш сыныптан бастап оқушының тек тілін дамыту мәселесіне ғана емес, оны көркем сөйлеуге баулу мәселесіне қажетті жағдайлар мен мүмкіндіктер жасау керек.

Сөз өнеріне баулуда оқу әрекетін ұйымдастырудың формаларын дұрыс таңдаудың да маңызы зор. Оқу әрекетін ұйымдастырудың жалпысыныптық, жеке, жұптық, топтық түрлері белгілі. Көркем сөзге баулуды оқыту тәжірибесінде оқу әрекетін мынадай бірізділікпен қолдану жақсы нәтиже береді: жеке – жұптық – топтық. Яғни кез келген тапсырманы орындау, мәселені шешу үрдісінде міндетті түрде әрбір баланың ойлануына, білетінін еске түсіруге, шешімдер мен идеяларды өзінше іздеп табуға мүмкіндік, яғни уақыт беріледі. Содан кейін ғана оқушылар жұпта жұмыс істеуге кіріседі. Белгілі бір уақыт ішінде жұптағы әр оқушы сөйлеп, ойымен бөлісуге мүмкіндік алады. Келесі кезеңде топтағы әрбір жұп өз пікірлерін ортаға салады. Сонда біріншіден әр оқушы осы үш кезеңнен өткен кезде өз білімі мен идеяларын басқалармен пікір алмаса отырып, біртіндеп байытады. Мұның барлығы сөйлеу әрекеті үстінде жүзеге асады. Екіншіден мұғалім әр баланың «жақыннан даму зонасында» жұмыс істейді.

Баланы сөз өнеріне баулу ерекше тарихи дәуірі бар қазақ зиялы қауымдарының еңбегінен бастау алады. Бұл тақырыпқа көркем сөздің төңірегінде жүрген классик жазушыларымыздан бастап, әдебиетші-тілші ғалымдардың да өзіндік үлес қоспағандары кемде-кем.

Қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ халқының ұлттық ерекшелігіне сәйкес әліпби құрып, қазақ әліппесін жазған Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» еңбегіне баланы сөз өнеріне баулитын құнды шығармаларын енгізді.

Ұлы педагог мұғалімнің сөзі балаға өнеге болуы керектігін айтып, Ильминскийге жазған хатында: «Ұстаз балаға сабырмен, салмақты қысқа сөйлеу керек, ол әрбір пәнді түсіндіргенде ықыласымен, қарапайым тілмен түсіндіруге тиіс» деп жазады [1]. «Қазақ хрестоматиясына» енгізілген көркем шығармаларының мазмұны тек қана танымдық, адамгершілік, өнегелік мәнімен ғана емес, ол сондай-ақ баланы сөз өнеріне баулуға, сөз сұлулығын сезінуге тәрбиелейтін ықпалымен құнды. Ы.Алтынсарин хрестоматияда көркемсөзге баулуға үлкен мән бере отырып, балаларды сол өнерді қадірлеуге, түсіне білуге үйрету, тұжырымды, нақты, бейнелі сөйлеуге машықтандыруды мақсат етеді. Мұны іске асыруда Жиренше шешен, Избасты шешен жайлы аңыз-әңгімелерден үзінділер келтіреді, олардың жағымды қасиеттері мен іс-әрекеттерін (әділдік, кішіпейілділік, тапқырлық, сөз саптауы т.б.) үлгі етеді, соған ұқсап бағуға шақырады.

Баланы көркемсөзге баулуда ауыз әдебиетінің мәні ерекше екенін ұлы ғұлама А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» кітабында дәлеледейді. Бұл оқу құралында А.Байтұрсынұлы көркемөнерді бес тарауға (сәулет өнері, сымбат өнері, суреттеп көрсету өнері, әуез өнері, сөз өнері) бөледі. Оқулықта сөз өнері туралы: «Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол – сөз өнері болады», – дейді [2].

Ғалым «Сөз өнері үш негізге – ақылға, қиялға, көңілге тірелетінін» айтады. «Ақыл ісі – аңдау, қиял ісі – меңзеу, көңіл ісі – түйю. ...Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарату», – деп тіл мәселесіне, тіл мен ой бірлігін дамытуға аса мән береді.

Ғалым сөз өнеріне, соның ішінде ауыз әдебиетінде тіл қисынына (логика) ерекше көңіл бөлген. «Тіл қисыны дегеніміз – сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас», – дейді [3].

Сөз өнерінің айшықты болуы сөздің дұрыстығына, тілдің анықтығына, дәлдігіне, көркемдігіне, тіл тазалығына байланысты екенін дәлелдеп, алмастыру, кейіптеу, бейнелеу (ұқсату) әсірелеу тәсілдерінің мәнін ашады.

Ғалым, зерттеушілердің тұжырымдары мен ой-пікірлері біздің қазақ халқының ұлттық болмысына, табиғи жаратылысына тән ерекше қасиет бар екенін дәлелдейді. Сол ерекше қасиетті өсіп келе жатқан ұрпаққа дарыту үшін қазіргі мектептерде, жоғарғы оқу орындарында тіл дамыту ғана емес, шешендіктану пән ретінде оқытыла бастады, яғни баланы ерте бастан сөз өнерін меңгертуге жаңа қадамдар жасала бастады деуге болады. Бұл жөнінде мына ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады: З.Қабдолов, Б.Адамбаев, Р.Сыздықова, Н.Төреқұлов, С.Негимов, Г.Қосымова т.б.

Сөз өнеріне қатысты З.Қабдолов былай дейді: "Өнердің көп салаларының ішіндегі ең бір қадірлісі әрі қасиеттісі - көркем әдебиет. Оның өнердің өзге түрлерімен әлгідей бірлігі бола тұра өзгешілігі де мол. Сөз өнері сурет пен музыка секілді жалпыға бірдей жетімді деу қиын: сөз - бояу немесе дыбыс емес, барлық халыққа бірдей түсінікті бола алмайды. Әр ұлттың өзгеден ерекше өз тілі бар; әдеби шығарма сол тілде ғана туады. Бұл-көркем әдебиеттің халықаралық өрісіне біраз бөгеу, біраз тұсау екені рас. Бірақ, мұның есесіне, әдебиеттің тілі музыка тілінен гөрі нақты, театр тілінен гөрі затты: симфонияны тыңдаушының бәрі нақты түсіне бермейді, театр сахнасына бүгін кеште жүріп жатқан спектакальдің ертеңгі ұрпаққа мұра болып қалғандай қолға ұстар затты дерегі бола бермейді, ал әдебиетте екеуі де - нақтылық та, заттылық та бар. Бейнелеу, сәулет, мүсін өнерлері затты, нақты болғанымен жансыз, қимылсыз, ал әдебиет кез келген шындықты қимыл, қозғалыс үстінде құбылта, құлпырта көрсете алады. Дәл осы тұрғыдан алғанда, сөз өнерін - бар

өнердің басы, "өнер атаулының ең қиыны және күрделісі (Бальзак), "ең жоғары түрі" (Белинский) десек, асырып айтқан болмаймыз. Қазақ халқының "өнер алды - қызыл тіл" деген білгір тұжырымы да тегіннен тегін тұмаған-ды"[4].

Адамзат баласының ақыл-ойының дамуына негізгі ықпал ететін күш – сөз. Ойдың өзі де сөзбен бейнеленіп сыртқа шығады. Сөз – адамның ішкі көңіл-күй толғанысы мен сезімін де жеткізудің басты құралы.

Сөз өнері оқушыларды әдебиеттануға, сөз маржандарының қыр-сырын игеруге жөн сілтеу ғана беріп қоймайды, сонымен қатар қоғамдық өмірдің барлық саласына белсене араласуына жағдай туғызады.

Көркем сөйлеуді меңгеру өмірмен, уақытпен байланыс жасау деген сөз. Көркем сөйлеу арқылы бала әлемді тануына, өмірге араласуына, танымдық қызметін белсендіріп, дүниенің сырын ашуына мүмкіндік алады. Өйткені «Тіл арқылы әрбір адам өзін-өзі ашады, өзінен хабар береді, өзінің жағдайын, көңіл-күйін білдіреді, ал сол арқылы өзінің әлемге деген қатынасын айқындайды» [5].

Түсіндірме сөздікте көркемсөзге «келісті қиыстырылған әдеби тіл» деген анықтама берілсе, ал көркемөнер деген сөзге «әуесқой ұжымның орындауындағы өнер шығармалары» деп түсіндіріледі [6].

Баланы сөз өнеріне баулу дегеніміз ол көркем шығармадағы әсемдікті, суреткердің ақиқатқа деген көзқарасын, жүрек қалауын білдіру үшін таңдап алған мазмұнды танып білуге жол салады. Көркем шығармалардағы көркемдік таным табиғат ақиқатының көркем бейнесінің адамзаттың сұлулық идеялының, әлеуметтік-қоғамдық көзқарастың және жеке суреткер қалауының түзілімі болып табылады. Олай болса, оқушы көркем шығарманы тану арқылы оқу үрдісінде көркем тілді түсіну кілттері мен сырларын талдай отырып, қарапайым сөздер мен тіркестердің поэтикалық сырын, эстетикалық әсерлілігінің күшін сезінуге, көркем сөздің жасалу механизмін үйренуге мүмкіндік алады. Сөз өнері баланың адамгершілік қатынасына, сеніміне, көзқарасының қалыптасуына игі ықпал етеді. Көркем шығарманы сезім, ақыл-ой, шығармашылық әрекет тәжірибесі синтезі арқылы оқыту – оқыту әдістерін өзара үйлесімді бірлікте қолдануды қарастырады.

А.Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы» мақаласында: «Нәрсені тұрған қалпында жалпы рухымен ойға тоқып сіңіріп алу – жалпы білімнің көздеген зор мақсаттарының бірі», – деп жазады.

Балалар мен жастарды әсемдікке, сұлулыққа, сөз қадірін түсінуге, сөз сұлулығын, көркемдігін сезінуге баулитын Абай өлеңдерінің де рөлі ерекше. «Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз» деп ұлы ақынның өзі айтқандай, оның ана тілі оқулығына енген «Жаз», «Күз», «Жазғытұрым», «Желсіз түнде жарық ай» т.б. өлеңдерінде адамның көңіл-күйі көркем сөздермен шебер суреттеледі. Бұл өлеңдер балалардың қиялына қанат бітіріп, оны эстетикалық тұрғыда қабылдай білуге үйретеді, сөз өнеріне деген сүйіспеншілікке баулиды. «Сөз өнері – дертпен тең» деп түйін жасаған ұлы ақын сөз, тіл өнерін жоғары бағалап, оны түсіну үшін өлеңге деген талап, талғам керек екенін атап көрсетеді [7].

Барлық танымдық үдерістердің дамып, жетілуі бір-бірімен өте тығыз байланысты. Баланың көркем сөйлеуге үйреніп, қалыптасуы тек білім және тәрбие берумен ғана өлшенбей, сонымен қатар қоршаған табиғи ортасына, өзінің ұлттық мінез бітістеріне байланысты қарастырылады.

Олай болса, қазақтың ұлттық болмысына тән ерекше қасиеті баланы жастайынан көркем сөйлеуге үйретуге негіз болары сөзсіз. Әр ұлттың тілінде өзіне тән танымдық-психологиялық ерекшелігі болатыны сияқты, қазақ халқының да сөз саптау өнерінде табиғатпен үндесіп жатқан ерекшелігі бар. Бұл өнер түрі адам өмірінің сыр, мұң тебіреністерін табиғат құбылыстарымен шебер өрнектей отырып байланыстырады.

«Әдебиеттік оқуды» оқыту әдістемесінде ата-баба мұрасындағы адамгершілікке тәрбиелеу жолында Әл-Фарабидің, Қорқыт Бабаның, А.Яссауидің, Абайдың, Ыбырайдың тәлімдерін молынан қолдану арқылы, қазақтың асыл сөздерін үйрету арқылы дүниежүзілік тәрбиелік мәнді мирастарға жол аша отырып, оқушыға көркемсөздің құдіретін түйсініп оқытуға мүмкіндік аламыз.

Сөз өнеріне баулу көркем шығарманы, мәтінді оқып, түсініп, талдаудың негізінде жүзеге асады. Әдіскер ғалым Т.Әбдікәрімнің зерттеу еңбегінде ана тілі сабағында мәтінмен жүргізілетін мынадай жұмыстар арқылы ауызша тіл дамытуға болатыны көрсетіледі: мәтінді оқыту арқылы тіл дамыту; мәтіннің мазмұнын әңгімелеу арқылы тіл дамыту; мәтінмен жүргізілетін шығармашылық жұмыс арқылы тіл дамыту; мақал-мәтел, жаңылтпаш оқыту арқылы тіл дамыту[8].

Бұл жұмыстарда бастауыш сыныпта балаларды сөз өнеріне баулуға мәтіннің үлкен мүмкіншілігі бар екендігін байқауға болады.

«Таза сөз» атты оқу-әдістемелік құралында ғалым баланы көркемсөзге баулу үшін мұғалім қандай іскерліктерге ерекше мән беруі қажет екендігін атап көрсетеді:

- сұрақты дұрыс қоя білу;
- оқушыны дұрыс тыңдай білу;
- оқушы сөзін дұрыс талдай білу;
- оқушыны қызықтыра алу;
- өз ойын, көзқарасын дұрыс жеткізе алу;
- сөз арқылы оқушыларды жетелей алу т.б.

Ғалым Е.Флеринаның «Мектепке дейінгі мекемелердегі шынайы сөз» еңбегіндегі: «сөз өнері – баланың шығармашылық қабілетін, шығармашылық ұмтылысын және мүмкіндігін дамытатын құрал;

- сөз өнері, өнердің басқа да түрлері сияқты балалардың қарым-қатынас және өзара түсінісу, олардың бірлескен іс-әрекет үстіндегі жақындасу және бірігу құралы, «көркемсөз – мазмұны және формасы бойынша, сондай-ақ берілу тәсілі бойынша нақ және дәл»;

- сөз арқылы тәрбиелей отырып, педагог мәнерлеп оқу өнерін меңгеруге мазмұн мен форманы қабылдау бірлігіне және эмоционалды танымдық бірлікке ұмтылуы тиіс» [9], – деген тұжырымы бастауыш сатыда жеке тұлғаның көркем сөйлеуін дамыту үшін, ең алдымен, оның құралдарын анықтау міндеті тұрғанын көрсетеді.

Бұл міндетті орындауда төмендегі қағидаларды басшылыққа алу қажет:

– актерлердің, ақын-жазушылардың мәнерлі оқуында таспаға жазылып алынған шығармаларды тыңдату, сурет, сызба, альбом т.б. көрнекі құралдар мен техникалық құралдарды жиі пайдалану арқылы әсер ету;

– мәтінді мәнерлеп оқу арқылы оқушы ойына қозғау салып, жүрек сезімін туғызу;

– мәтінді талдау үстінде түсіндірмелі сөздік жұмысын көбірек жүргізіп, әр сөз бен сөз тіркестерінің астарлы мағынасына тереңірек ой жүгіртуге көңіл бөлуді, сөздің мәнін аша отырып, баланың әдеби білімді қабылдау кезінде жүрек сезімін оятуға көңіл бөлу;

– әңгімені, өлеңді мазмұнына қарай рөлдерге бөле отырып, деген қағидаларға сүйене отырып, төмендегі жұмыс түрлерін басшылыққа алу қажет. Олар:

– көркем мәтіндегі бейнелеу құралдарын үйрету;

– қанатты, нақыл сөздермен жұмыс;

– мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақтар үйрету.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларын сөз өнеріне баулу – ол көркем шығарманы тану арқылы оқу үдерісінде қарапайым сөздер мен тіркестердің поэтикалық сырын, эстетикалық әсерлілігінің күшін сезінуге, көркем сөздің жасалу механизмін үйренуге мүмкіндік беретін, баланың адамгершілік қатынасына, сеніміне, көзқарасының

қалыптасуына игі ықпал ететін, оқыту әдістерін өзара үйлесімді бірлікте қолдануды қарастыратын тапсырмалар жүйесі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ильминский. Воспоминания об И.А.Алтынсарине. - Казань: Типо-литография, 2001. - 396 с.
2. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2009. – 319б.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол: Мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: "Өлке", 2014.-469 б.
5. Философия: жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық/Құрастырған Т. Ғабитов. – Алматы: Раритет, 2004. – 392 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, «Дайк –Пресс», 2008. – 968 б.
7. Құнанбаев А. Шығармалардың бір томдық толық жинағы. А,2001
1. Әбдікәрімова Т.М.Бастауыш мектепте мәтінмен жұмыс істеудің әдістемесі. Алматы, 2003. -128 бет
8. Флерина Е.А. Эстетическое воспитания дошкольника. – Москва, 2009. – 331 с.

ӘӨЖ 37.01

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛДАР ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

К.Р.Молдабаева

педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі

Аннотация. Зерттеу білім берудегі цифрлық технологияларды қолданудың заманауи аспектілерін және оларды оқушылар мен мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда пайдалану жолдарын қарастырады. Цифрлық құралдар білім беру үдерісінің тиімділігін арттырып, оқытудың сапасын жақсартуға және білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен тиімді тәсілдері ұсынылады.

Кілт сөздер: цифрлық технологиялар, білім беру, цифрлық құзыреттілік, заманауи құралдар, педагогикалық тәсілдер.

Аннотация. В исследовании рассматриваются современные аспекты использования цифровых технологий в образовании и способы их использования при формировании цифровой компетентности учащихся и учителей. Цифровые средства способствуют повышению эффективности образовательного процесса, улучшению качества обучения и развитию творческих способностей обучающихся. Предлагаются педагогические условия и эффективные подходы к формированию цифровой компетентности.

Ключевые слова: цифровые технологии, образование, цифровая компетентность, современные инструменты, педагогические подходы.

Annotation. The study examines modern aspects of the use of digital technologies in education and ways to use them in the formation of digital competence of students and teachers. Digital tools increase the effectiveness of the educational process, improve the quality of training and develop students ' creative abilities. Pedagogical conditions and effective approaches to the formation of digital competence are proposed.

Keywords: digital technologies, education, digital competence, modern tools, pedagogical approaches.

Қытайдың дана ойшылы Конфуций айтқандай, жаһандану кезеңіндегі технологиялық қарқынды даму, әлемдік өзгерістер жаңашылдықпен білім алуға бағыттайды.

Қазіргі кезде «цифрлық оқыту» деп аталатын ақпараттық-коммуникативтік технологияларды үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде кеңінен қолдану бүгінгі күннің шындығы болып табылады. Бұл ретте ақпаратты адам миымен және компьютермен қайта өңдеу тетіктері бірдей екенін растайтын когнитивтік ғылымдардың жетістіктері («компьютерлік метафора»); дербес компьютерлер индустриясының, әртүрлі цифрлық құрылғылардың және олардың жұмысына қажетті жабдықтардың пайда болуы; бизнестің қысымы: бұл өнімдердің бәрін сату керек, ал білім беру жүйесі - таусылмас нарық. Мектепте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) енгізу мектептерді ақпараттандырудан тұрады: оларды қазіргі заманғы компьютерлік жабдықтармен, бағдарламалармен және интернетке қолжетімділікпен жаратандыру.

Мектепте АКТ-ны пайдалану педагогтардың жұмысын жеңілдетуге, жалпы білім беру процесін оңтайландыруға, оқушыларды бақылау жүйесін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Мектептерде АКТ енгізу бағдарламасын іске асыру 2010 жылы Ресей Федерациясы үкіметінің қолдауымен басталды. Бағдарламаның басты міндеті білім беру процесі мен басқару процестерінің деңгейін арттыру, сондай-ақ өскелең ұрпақты ақпараттық қоғамдағы өмірге даярлау болып табылады. Бұл міндеттерді шешу үшін мектептерде АКТ-ны белсенді енгізу ғана емес, сонымен бірге мектепте АКТ-ны пайдалануды жүзеге асыратын адамдардың біліктілігін арттыру талап етіледі. Көптеген адамдар цифрлық оқытуды қашықтан оқытумен шатастырады, бірақ бұл әртүрлі ұғымдар.

Бастауыш және орта мектепте АКТ қолдану оқытушылардың оқушыларға білім беру жылдамдығын арттыруы тиіс. Мектепте АКТ-ны пайдалану ата-аналарға өз баласының үлгерімінен әрдайым хабардар болуға мүмкіндік беруі тиіс.

Мектепте АКТ-ны қолдану оқушыларға ақпараттық технологияларға тез бейімделуге және білім алуға мүмкіндік бере отырып, білім сапасын арттыруы тиіс. Мектептерде АКТ-ны пайдалану оқуды аяқтағаннан кейін оқушылардың қоғамға тез бейімделуін қамтамасыз етуі тиіс. Осылайша, мектепте АКТ-ны тиімді енгізу және қолдану - білім беру реформасының және ескірген жүйеден қазіргі жүйеге көшудің маңызды факторы. Компьютерді оқу мақсаттары үшін пайдалану үш нысанда жүзеге асырылады: машина тренажер ретінде; мұғалім үшін белгілі бір функцияларды орындайтын репетитор ретінде және машина адамға қарағанда жақсы орындайтын; белгілі бір ортаны және ондағы оқушылардың іс-әрекетін модельдейтін құрылғы ретінде. Алайда, олар білім берудегі ахуалдың сапалық өзгерістерін бермейді және принципті түрде бере алмайды, өйткені сол нәтижелерді, кейде тіпті уақыт, адам және қаржы ресурстарын аз шығындай отырып, оқытудың дәстүрлі нысандарын, әдістері мен құралдарын бере алады. Цифрландыру - бұл өмір мен өндірістің әртүрлі салаларына қазіргі заманғы цифрлық технологияларды енгізу. «Цифрлық трансформация» деген сөз тіркесі жиі айтыла бастады. Әлемдік ауқымда белсенді дамып келе жатқан жаңа цифрлық технологиялар жақын арада біздің ІТ мүмкіндіктері туралы түсінігімізді бұрып жібереді. Цифрлық ақпаратқа негізделген негізгі технологиялардың бірі - заттар интернеті. Көптеген тұрмыстық аспаптардың электр желісіне қосылғаны үйреншікті, бірақ біртіндеп физикалық әлемнің көптеген объектілері интернетке қосылуда, бұл ақпарат жинауды және тіпті осы объектілерді қашықтан басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Іс жүзінде интернетте объектінің және сыртқы әлемнің әртүрлі параметрлерін қамтитын және объектіні интернет арқылы басқаруға мүмкіндік беретін физикалық объектінің виртуалды көшірмесі пайда болады. Қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар ғылыми жобаларды есептеу

және жасау процесін едәуір жеңілдете отырып, ғылымның дамуына ықпал етеді. Ақпараттық технологияларды дамыту мектептерге оқытуды басқарудың жаңа жүйелерін әкеледі.

АКТ - ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, трансляциялау және пайдалану мақсатында біріктірілген өндірістік процестер, әдістер мен бағдарламалық-техникалық құралдар кешені. Бір кездері адамдар тек қолмен жазатын, содан кейін баспа машиналары, одан кейін мәтіндік бағдарламалары бар компьютерлер пайда болды. Бір кездері алыс қашықтықтағы басқа адаммен бірдеңені тек хаттарда ғана талқыланды, сосын телеграф пен телефон пайда болды, содан кейін оның көптеген мүмкіндіктері бар интернет пайда болды. Екінші жағынан, бастауыш мектепке (тіпті балабақшаға) баратын оқушылар цифрлық технологиялармен таныс. «Сандық аборигендердің» алдыңғы ұрпақтан айырмашылығы, жалпы алғанда, тым асыра көрсетілсе де (мысалы, бүкіл әлем бойынша жоғары оқу орындарының студенттері әлі күнге дейін қағаз кітаптарды электрондық кітаптарды таңдайды) - бұл факт болып қала береді, әрбір жаңа буын сандық ортаға тереңірек батып барады. Білім беру жүйелері қазірдің өзінде оқушылардың күнделікті дағдыларына бейімделуге тура келеді. Ал бұл әдеттердің көбі - сандық әдеттер. Цифрландыру оқушылар мен студенттер үшін білім беруді ыңғайлы етеді. Мәселен, оқушылардың бір бөлігі оқытушымен бірге аудиторияда болса, ал бір бөлігі үйден қашықтан қосылғанда, гибридтік оқыту мүмкіндігі оқушылар мен студенттерге физикалық тұрғыдан бара алмайтын (мысалы, ауруына байланысты) сабақтарды өткізіп алмауға мүмкіндік береді. Сабақтың әдеттегі форматымен қатар сыныпта сандық технологиялар пайдаланылатын аралас оқыту мүмкіндіктері оқытуды дараландыруға көмектеседі: оқушыларға күрделі тақырыптар мен сабақтарды беруге қабілетті, ал әлсіз - олар үшін ең қиын тақырыптарды пысықтауға көмектеседі. Толық онлайн-бағдарламаларда кез келген жерде физикалық тұрғыдан оқып, емтихан тапсыруға болады.

Неге цифрландыру қарсылықпен кездеседі

Білім беруді цифрландыруда нақты проблемалар жеткілікті. Мысалы, бұл саладағы кез келген жоба үшін екі сандық алшақтық кедергі болып отыр.

Біріншісі - халықтың басым бөлігінде онлайн-оқыту үшін қажетті компьютерлер немесе басқа да гаджеттер мен сапалы интернет-қосылулар жоқ.

Екіншісі - интернетті және сандық ресурстарды пайдалану тәжірибесі жеткіліксіз адамдарға онлайн оқыту қиын. Кейбіреулер цифрландырудың пайдалы мүмкіндіктері туралы білмейді және смартфонды ойын-сауық үшін ғана пайдаланады, ал кейбіреулер түрлі пайдалы мүмкіндіктерді білсе де, бөгде адамның көмегінсіз қосымшалармен және бағдарламалармен жұмыс істеуді үйрене алмайды. Көбі цифрландыруды даулы процесс деп санайды. Әрине, кез келген сандық құрал - оқыту үшін игілік емес және кейде технологияны енгізу үдерісіндегі сәтсіздіктер жақсы ниетті жоққа шығарады. Сөзсіз, қазіргі заманғы қосымша білім беруде техникалық және сәндік-қолданбалы балалар бірлестіктері мен студиялары сипаты. Елге және қоғамға шығармашыл және ойшыл адамдар қажет. Басқаша айтқанда, бұл болашақ тұлғаларының қалыптасуына әкеледі, олар жаңаларын модельдер, күрделі процестерді жеңілдету және күнделікті процестерді шешудің адамзаттың игілігі үшін кез келген қайта құрулар жаңа идеяларды, елдің дамуына оң әсер ететін. Бүгінгі таңда мектептегі, университеттегі немесе онлайн курстағы әрбір дерлік сабақ интерактивті элементтерді қамтиды: презентациялар, бейнелер, өзін-өзі тексеру тестілері. Мұның бәрі цифрландырудың арқасында мүмкін болды. Қашықтан жұмыс істегенде сандық құралдар әрқашан қажет емес. Мысалы, 10–15 жыл бұрын материалдар кәдімгі пошта арқылы жіберілетін. Ал цифрлық технологиялар өз кезегінде форматына қарамастан қолданылады. Педагогикалық әдістер өзгерді. Электрондық оқулықтар мен платформаларды белсенді пайдаланатын сыныптар дәстүрлі сабақтардан айтарлықтай ерекшеленеді. Осылайша, балалар сабақтың көп бөлігінде ақпаратты өз бетімен алады: мұғалім оларды тек бағыттайды. Қазіргі уақытта жалпы және

кәсіптік білім беру жүйесінде сандық оқытудың әртүрлі құралдарын қолдану практикалық мұғалімдердің ғана емес, көптеген зерттеушілер мен теоретиктердің де назарында.

Осылайша, білім беру жүйесін цифрландырудың әлеуеті зор, дегенмен ол ықтимал тәуекелдерді де алып келеді. Цифрлық білім беру жүйесінде мұғаліммен өзара әрекеттесу және ауызша қарым-қатынас минимумға дейін төмендейді. Көбінесе студент компьютерлік бағдарламамен немесе цифрлық оқытудың басқа нұсқасымен жалғыз қалады, бұл оның сөздік қорын айтарлықтай нашарлатып қана қоймайды, сонымен қатар ойлаудың дамуына әсер етеді, ал мәтінді эмотикондар мен эмодзилерге аудару біртіндеп дамиды. диалогтық және монологтық сөйлеу дағдыларын жоғалту. Мұғаліммен диалог барысында тек сұрақ-жауап процесі ғана емес, дамудың, алға жылжудың қозғаушы күші болып табылатын шындықты іздеу, қайшылықтарды шешу. Жасанды интеллект қазірдің өзінде оқу процесіне белсенді түрде енгізілуде. Мысалы, AI көмегімен кейбір платформалар жекелендірілген білім беру бағдарламаларын ұсына алады және оларды әрбір студенттің білім деңгейі мен қажеттіліктеріне бейімдей алады.

Қазақстан экономикасының дамуының негізгі факторы – өңдеуші кәсіпорындардың цифрлық трансформациясы, барлық шешімдер алынған деректер негізінде қабылданатындай бизнесті қайта құрылымдау үшін цифрлық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Цифрлық білім беру саласында не болып жатыр және сіз неге дайын болуыңыз керек?

Классикалық білім беруді жақтаушылар қандай дәлелдерді қолданса да, фактілер бір нәрсені айтады: «Қара тақта, мұғалім және аудитория» деген азапты формат өткеннің еншісінде.

1. Мұғалімнің рөлін қайта қарастыру

2. Ата-аналар оқулықтардың көбеюіне шағымданды, тіпті доңғалақтағы мектеп сөмкелері де сатылымға шықты.

3. Сапалы білім алуға тең қолжетімділік

4. Оқытуға инвестицияларды бақылау мүмкіндігі

Цифрлық білім беру технологияларын қолдану студенттердің іс-әрекетін белсендіруге мүмкіндік береді, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді және, әрине, мұғалімнің кәсіби деңгейін жоғарылатады және оқу үдерісіне қатысушылар арасындағы қарым-қатынас формаларын әртараптандырады. Z цифрлық ұрпақ өкілдерінің көпшілігіне мультитаскинг тән (көп тапсырмалылық). Олар үшін әртүрлі жұмыс түрлерін бір мезгілде орындаудың стандартты жағдайы: оқу, музыка тыңдау, әлеуметтік желіде сөйлесу - және барлығы қызметтің жекелеген түрлеріне нұқсан келтірмей. Кез келген түрдегі шектеулер бұл ұрпақ үшін ауыр, олар мүмкіндіктердің шексіздігін сезінуде өсті, оларға бағалаудың кез келген шеңбері мен тар жүйесі жат. Таңдау және өз бетінше шешу жағдайы олар үшін басым. Оларды шашыраңқы назар аудару, контентті кішігірім «порциялармен» тұтыну әдеті, онлайн режимінде жеңіл өзара әрекеттесу, визуалды қабылдау, клиптік ойлау, даралылық, «стандартты модельден» кету, өздігінен білім алудың құндылығы формальды білім беру құндылығынан жоғары, жеке бостандыққа ұмтылу сипаттайды. Оларға біз мынадай сипаттамалардың жиынтығын жатқызамыз: гуманистік дүниетаным, адамгершілік ұстаным, құқықтық, коммуникативтік, сандық мәдениет, өзін-өзі анықтау мәдениеті және т.б. Заманауи жағдайда мұғалімді даярлау жаңа технологиялар, бірыңғай цифрлық білім беру кеңістігін құру негізінде жаңғыртылуда.

Білім беруді цифрлық трансформациялау стратегиясы үйлесімді және әлеуметтік жауапты тұлғаны дамыту шарттарын белгілеуді және іске асыруды, оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігін арттыру үшін жаңа цифрлық технологияларды пайдалануды көздейді.

Білім беру процесін ұйымдастырудың мынадай нысандары пайдаланылады:

- оқытудың жеке траекториясына байланысты пәндердің мазмұнын өз бетінше игеруге мүмкіндік беретін қысқа дистанциялық курстар (бұл жағдайда біз жаңа материалды игеру орны мен уақытын шектеудің болмауы қағидатын іске асырамыз);

- бір тақырыпқа назар аударуға қол жеткізуге және жеткілікті жылдамдықпен игеруді бақылауға көшуге мүмкіндік беретін шағын сабақтар;

- «аударылған сынып», құрылған бейне-дәрістердің немесе қолданыстағы білім беру порталдарының (Coursera және т.б.) көмегімен пәннің мазмұнын өз бетінше меңгеруге бағытталған процесті ұйымдастыру нысаны.

Белсенді өзара іс-қимылды модельдейтін әдістер:

геймификация (ойын әдістерінің кешені) - сандық ұрпақ өскен, жарыс рухын жандандыруға, визуалды рецепторлар кешеніне әсер еткен кезде рейтинг құруға бағдарланған әдіс;

жобалық таргеттеу - дербестендірілген жобалық оқытудың бір түрі болып табылатын әдіс, оны іске асыру процесінде педагог білім алушының жеке білім беру қажеттіліктеріне қарай, оны магистральдық дербестендірілген міндетке қол жеткізуге нақты бағыттай отырып, оқыту міндетін қоюды саралайды;

«білім беру оқиғасы» - Z буынының дүниетанымдық ерекшеліктерінің кешенін шоғырландыруға мүмкіндік беретін әдіс: онда көп тапсырмаға қабілеттілік, даралық танытудың маңыздылығы жанданады, клиптік ойлау нәтижелерді ұсынудың оң аспектісінде пайдаланылады

Тиімді білім беру өзара іс-қимылын ұйымдастырудың цифрлық құралдары:

элеуметтік желілердегі топтар; дербес жасалған және желіде ашық қол жетімділікте бар бейнематериалдар; мобильді электрондық білім беру ресурстары, мамандандырылған сипаттағы және т.б. Мысалы, пәнді оқыту әдістемесі бойынша тапсырма мынадай болуы мүмкін: Ашық сабақты көріңіз (сайтқа сілтеме беріледі). Оны талдаңыз. Сабақтың мақсаттарын анықтаңыз. Білім алушылардың сабақтағы қызметін сипаттаңыз (белсенді-пассивті, репродуктивті-өнімді). Сіздің көзқарасыңызды дәлелдейтін сабақ сәттеріне мысал келтіріңіз. Сұрақтарға жауап беріңіз: Сіз үшін сабақта не пайдалы болды, Сіз басқаша не істер едіңіз. Жауапты эссе түрінде рәсімдеңіз. Цифрлық технологияларды пайдалану жемісті кәсіби қарым-қатынас бағыттарын кеңейтуге мүмкіндік береді: түрлі деңгейдегі ғылыми конференцияларды, ғылыми-әдістемелік семинарларды, гибридтік форматта студенттер мен педагогтар үшін дөңгелек үстелдер отырыстарын тұрақты түрде өткізу, онда қатысушылар білім беру саласында жүргізілген ғылыми-әдістемелік зерттеулердің нәтижелерімен, сондай-ақ педагогикалық қызмет тәжірибесімен бөліседі. Жұмыс істейтін мұғалімдермен бірге педагогикалық білім беру проблемалары айқындалады және оларды шешу перспективалары, оның ішінде желілік өзара іс-қимыл шеңберінде талқыланады. Осының бәрі ЖОО оқытушыларының, ғылыми қызметкерлердің және тәжірибелі мұғалімдердің кәсіби қарым-қатынасына ықпал етеді. Білім берудің өзекті мәселелерін талқылау мұғалімдердің біліктілігін арттырудың қажетті курстарын әзірлеуге ықпал етеді. Осы айырмашылықтарды негізге ала отырып, «цифрлық білім беру жүйесі» (цифрлық білім беру жүйесі емес) және «цифрлық оқыту» терминдерін ғана пайдалану заңды, өйткені компьютер білім алушыларды тәрбиелеумен «айналыспайды». Контекстік білім берудегі негізгі қағидаттар: білім алушының білім беру қызметіне тұлғалық қосылуын педагогикалық қамтамасыз ету; білім беру қызметінің бір ағымында білім алушының жеке басын оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі; оқыту мазмұнының және оны білім беру процесінде өрістету процесінің проблемалылығы.

«Цифрлық мектеп» жобасын оқыту керек, мұғалімдер әлемді шарлап компьютерлік технологияларды жүзеге асырады.

2. Оқу жұмысын тексеруді автоматтандыру мұғалімдерге түсетін салмақты жеңілдетеді, және сол арқылы оларға тікелей балалармен көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді..

3. Сандық технологиялар іздеуге көмектеседі қажетті ақпарат.

4. Айқын артықшылықтар, қашықтықтан оқыту курстары біліктілігін арттыру.

5. Кітаптарды электронды тасымалдағыштарда сақтау, кеңістіктің үлкен көлемін үнемдейді және бұдан былай кітапханаға арналған бөлме болуының қажеті болмайды
6. Электронды кітаптарды мына жерден тыңдауға болады сөйлеу синтезаторын пайдалану, бұл әсіресе көру қабілеті нашар адамдар үшін маңызды.
7. Проблемасы бар мұғалімдерге электрондық оқулықтың мәтінін визуалды түрде қаріпті үлкейтуге болады.
8. Қағаз өндірісі қоршаған ортаға зиянды. Қағаз кітаптарды электронды кітаптарға ауыстырсаңыз, бұл ағаштарды сақтайды және қоршаған ортаның ластануын болдырмадың бірден-бір жауабы.

Мұғалімдердің шеберлігі артқан сайын олардың білім беру және оқушыларға мазмұнды жеткізу қабілеті де арта түседі. Мысалы, цифрлық технологиялар материалды бейне, аудио және басқа форматтар мен қолданбаларды пайдалана отырып ұсынуға мүмкіндік береді, бұл сабақтарды түсіну мен есте сақтауды жақсартады. Цифрлық технологиялардың көмегімен мұғалімдер оқушылардың ата-аналарымен ыңғайлы және таныс түрде сөйлесіп, әріптестерімен тәжірибе алмаса алады. Мұғалімдердің 80%-дан астамы әлеуметтік желілер мен коммуникациялық қосымшаларды пайдаланушылар. Көптеген адамдар бұл таныс қарым-қатынас пішімін кәсіби мақсаттарда да пайдаланады. Цифрлық технологиялар тек оқу кезінде ғана емес, оларды қолданудың оң әсері мектепті бітіргеннен кейін де бірнеше жылдан кейін байқалады. Атап айтқанда, компьютерді пайдалану және онлайн сабақтарға қол жеткізу технологиямен мектепте оқығаннан кейін бірнеше жыл бойы оқушының білім траекториясына оң әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, компьютерлерді пайдалану ауыл мен қала арасындағы білім сапасының алшақтығын азайтудың тиімді жолы бола алады, өйткені технология жақсы білім беру ресурстарына, соның ішінде ауыл мектептеріндегі оқушыларға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Цифрлық технологиялар бүгінгі мектеп оқушыларын бастапқыда олардың қызығушылығын тудырмаған немесе олар үшін басым болып көрінген пәндерге де тарта алады. Бұл технологиялар оқытудың жаңа әдістерін енгізуге және мектеп оқушыларының талғамдарына назар аударуға мүмкіндік береді, бұл артта қалған оқушыларды тартуға көмектеседі және олардың оқу нәтижелерін жақсартады. Бейімделу және интерактивті оқыту материалды меңгерудің ең жоғары деңгейіне жетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мектептегі оқу процесінде гаджеттерді пайдалану оқушылардың кейінгі өмірінде табысқа жету үшін қажетті 21 ғасырдағы негізгі құзыреттердің бірі - цифрлық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді. Қазіргі мектеп оқушыларының болашағы технологиямен тығыз байланысты. Олардың көмегімен оқу оларға тез бейімделуге және әрі қарай оқуда, мансапта және ересек өмірде табысқа жетуге мүмкіндік береді. Сондықтан мектеп тәжірибесіне цифрлық құрылғылар мен қосымшаларды енгізудің маңыздылығы еш күмән тудырмайды. «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманына лайық қып шығару», - дейді М.Жұмабаев.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С. Оспанов, А. Айжарықова. “Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар”
Баспасы: “Фолиант” баспасы, Астана 2018-236
2. “Цифрлық экономика” Қазақ ұлттық университеті және Назарбаев Университетінің авторлар тобы Баспасы: “Эверо” баспасы, Алматы .Баспа жылы: 2020-186
3. Майк Риббл (Mike Ribble) International Society for Technology in Education (ISTE)
Баспа жылы: 2015 (3-ші басылым)

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Жаңбырбай О.Ж., 1 курс магистранты

Ғылыми кеңесші-Жамансариева Л.Д п.ғ.к., аға оқытушы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

E-mail: o_zhanbyrbay@mail.ru

E-mail: Lazzat231165@list.ru

Бастауыш мектеп жасы дамудың жаңа деңгейі болып табылғандықтан, оқушыдан ерекше іс-әрекетті яғни – оқу әрекетін талап етеді. Ал бастауыш сынып оқушыларының бұл әрекеттері нәтижелі болу үшін олардың оқу мотивациясын қалыптастыру қажет. Бұл бастауыш мектеп деңгейіндегі негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудегі ең негізгі міндеттердің бірі олардың өзін-өзі дамыту мотивациясын қалыптастыру[1].

Бастауыш мектеп жасы баланың оқу іс-әрекетіне алғашқы кірісуімен және оқу әрекетінің негізгі түрлерін меңгеруімен сипатталады. Бірақ бастауыш сынып оқушыларының оқу тапсырмаларын орындауы мен оның мектепке келу мотивінің арасында қайшылық туындайды. Яғни оқу тапсырмаларын орындауда әсіресе бастауыш сыныпта оқушылар енжарлық танытады. Сол себепті оқу үдерісінде ақпаратты меңгеру мотиві сол пәннің ішкі мазмұнымен құрылымдалған байланыста болуы қажет.

Оқу мотивациясы үнемі өзгеріп отыратын және жаңаға енуден тұрады мотивтер арасындағы қатынастарды құрайды. (оқушы үшін оқудың қажеттілігі мен мәні, оның мотивтері, мақсаттары, эмоциялары, қызығушылықтары) [2].

Оқу әрекетінің мотивіне оқу әрекетінің көрінісін анықтайтын барлық факторлар жатады: яғни оқушының түрлі қажеттіліктері, мақсаттары, көзқарастары, борыш сезімі, қызығушылықтары және т.б. Е.И. Головаха Оқу мотивациясының келесі факторларын анықтап көрсетеді:

- оқу іс-әрекетінен ләззат алмай немесе оқытылатын пәнге қызығушылық танытпай, білім алу үшін оқу;
- жеке қызығушылықтар мен пайдасыз оқу;
- әлеуметтік сәйкестікке тәрбиелеу;
- табысқа жету үшін немесе сәтсіздіктен қорқу үшін оқу;
- қысым немесе қысым астында оқу.
- ұғымдар мен моральдық міндеттерге немесе жалпы қабылданған нормаларға негізделген оқу;
- күнделікті өмірде мақсатқа жетуге тәрбиелеу негізінде оқу;
- әлеуметтік мақсаттарға, талаптарға және құндылықтарға негізделген оқу[3].

6-7 жастағы балалардың мектепке мотивациялық дайындығы олардың әлеуметтік маңызды іс-әрекет ретінде оқуға деген көзқарасымен, үлкендердің талаптарын орындауға эмоционалды бейімділігімен, қоршаған шындыққа танымдық қызығушылығымен, жаңа білім мен дағдыларды алуға ұмтылуымен дәлелденеді. Яғни бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивтері көп жағдайда белгілі бір адамдардың немесе әрекеттердің ықпалында ғана қалыптасады. Ал біздің міндетіміз оқу мотивтерін пәнге деген қызығушылықтарын ояту арқылы қалыптастыру болып табылады.


Ю.М. Жаворонкованың пікірінше, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру үшін пән бойынша сабақ жоспары оқушының оқуға деген мотивациясымен сәйкес келуі шарт. Яғни оқушының жас ерекшелігі мен қызығушылығы ескеріле отырып сабақ жоспары әзірленуі шарт. Осылайшы Ю.М. Жаворонкова мынандай ереже ұсынады: «Оқу іс-әрекеті нәтижелі болуы үшін оқу мотивациясын қалыптастыру қажет. Бұл – бастауыш мектеп жасындағы нақты міндет». Зерттеушілер мектеп оқушыларының оқу-танымдық мотивациясының қалыптасуы зейінін, білуге құмарлығын, байқағыштығын, есте сақтау қабілетін дамытумен

байланысты екенін атап көрсетеді. Сонымен, психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде тәрбиелік мотивацияны қалыптастыру тұлғалық процестердің күрделі жүйесінің құрамдас бөліктеріне интеграциялық әсер ететіндігін атап көрсетеді (Л.И.Божович, Н.Ц.Купарадзе, В.Г.Леонтьев және т.б.)[4]. Психология ғылымында оқу мотивациясын қалыптастырудың екі түрлі жолы қарастырылады:

Оқушылардың оқудың әлеуметтік мәнін меңгеруі арқылы оқу мотивациясын қалыптастыру.	Оқушыны бір нәрсеге қызықтыратын оқу әрекетінің өзі арқылы оқу мотивациясын қалыптастыру.
Бірінші бағыт бойынша мұғалімнің басты міндеті – балаға алдымен әлеуметтік маңызы жоқ, бірақ тиімді тетігі бар мотивтерді, мысалы, жақсы баға алуға деген ұмтылысты ашу. Мұғалім бағалаудан туындайтын мотивацияны бірте-бірте білім мен дағдының жоғары деңгейіне ие болуға ұмтылумен байланысты мотивацияға айналдыра отырып, бағалау мен игерілген білім деңгейі арасындағы объективті байланысты түсінуге көмектесуі керек.	Екінші жағынан, оқушылар маңызды деп таныған, бірақ олардың мінез-құлқына аз әсер ететін танымдық мотивтердің тиімділігін арттыру қажет. Оқу мотивациясын қалыптастырудың бұл жолы оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Яғни пән ерекшелігіне сәйкес оқушылардың оқу мотивацияларын геймификация элементтерін қолдану арқылы да қалыптастыруға болады.

Мотивация оқу процесінің сапасына айтарлықтай әсер етеді және оқу қызметінің қаншалықты табысты болатынын анықтайды. Оқу мотивациясының төмен деңгейі немесе оның болмауы сөзсіз оқу үлгерімінің төмендеуіне, ал ең нашар жағдайда тұлғаның деградациясына әкеледі. Сондықтан да мұғалімнің негізгі міндеті оқу мотивациясын қалыптастыру деп сеніммен айта аламыз. Оқу мотивациясын қалыптастыру үшін оқытушы оқушының барлық ерекшеліктерін атап айтқанда жасын, мінез-құлқын ескере білуі шарт. Егер дәл осы шарт орындалса, оқытушы баланың іс-әрекетін ғана емес, сонымен қатар оның ынтасын да бағыттай алу деңгейіне жете алады. Ал бастауыш сынып оқушысының мотивациялық сферасы өте күрделі ұғым екенін ескеретін болсақ, оны қалыптастыру және қажетті деңгейге жеткізу аса күрделі үдеріс болып табылады[5].

Бастауыш сынып оқушыларында оқу мотивациясын қалыптастыру үшін тек дайын мотивациялық нұсқаулар мен мақсаттарды белгілеп қана қоймай, сонымен қатар оқушыға өзінің белсенділігін және қалаған мотивтері мен мақсаттарын толық көрсете алатындай жағдай жасау қажет. Оқытудың тұрақты позитивті мотивациясын қалыптастыру үшін мынандай жұмыстар жүргізу қажет: оқушы іс-әрекетін сапалы талдау, жағымды жақтарына назар аудару, оқу материалын меңгерудегі прогресс және кемшіліктердің себептерін табу. Әрбір баланың іс-әрекетін сапалы талдау, ең алдымен оның жұмысын сыни тұрғыдан бағалауға және оқуға деген мотивациясын қалыптастырға әсерін тигізеді. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын қалыптастыру үшін ескерілу қажет мынандай жағдайларды атап көрсетуге болады:





Сурет 1 – оқу мотивациясын қалыптастыру жағдайлары

Оқу пәні бойынша материалдың мазмұны. Оқыту процесінің мазмұны әдетте оқушыларға ең алдымен мұғалімнен, оқу әдебиетінен, оқу телебағдарламаларынан және ақпарат берудің ұқсас құралдарынан алатын ақпарат түрінде көрінеді. Алайда ақпараттың өзі оқушыда пайда болуы мүмкін қажеттіліктерден тыс, ол үшін ешқандай құндылыққа ие емес, яғни оқушыда оқу материалына деген қызығушылық болмағандықтан оны меңгеруге деген мотиві де болмайды[1]. Сондықтан мұғалім оқу материалын ұсынғанда белгілі бір жастағы оқушылардың қажеттіліктерін ескере білуі қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының бұл қажеттіліктері:

- тұрақты белсенділік қажеттілігі;
- әртүрлі функцияларды, соның ішінде психикалық функцияларды - есте сақтау, ойлау, қиялды жаттықтыру қажеттілігі;
- жаңа нәрсеге деген қажеттілік;
- оқу процесін эмоционалды бояу қажеттілігі;
- өзін-өзі талдау қажеттілігі;
- өзін-өзі бағалау қажеттілігі және т.б.

Сондықтан оқу материалы оқушыларда эмоционалды әсер тудыратындай, олардың когнитивтік психикалық процестерді белсендіретіндей болуы шарт.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру. А.К. Маркова және басқа педагогтердің ұсынысы бойынша оқу материалдарының әрбір бөлімін және тақырыбын жеке зерттеу қажет[6]. Зерттеу нәтижесіне сүйене отырып оны 3 деңгейде бөліп қарастыруға болатындығын атап көрсетеді:



Сурет 2 – Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру деңгейлері

Топтық (ұжымдық) жұмыс формасы. Жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыстар барысында оқудың оң мотивациясы қалыптасатыны белгілі. Топтық форма тіпті енжар, қызығушылықтары төмен оқушыларды белсенді жұмысқа тартады.

Оқу іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау. Оқу қызметінің нәтижелерін бағалаудың ынталандырушы рөлі бұрыннан дәлелденген. Алайда, тым жиі бағалау, кейбір авторлардың пікірінше, жақсы баға алу оқушылар үшін басты мақсатқа айналады. Оқу мотивациясының әрекеттің өзінен, оның процесі мен нәтижесінен бағаға ауысуы байқалады. Бұл оқу іс-әрекетіне деген ынтасының төмендеуіне және оқушы тұлғасының дамуының бұрмалануына әкеледі. Сондықтан да бірқатар елдерде білім берудің алғашқы жылдарында бағалау жүргізілмейді, ал орта мектепте есеп пен бағалаудың тақырыптық формалары ғана қолданылады. Сондай-ақ бағалауға оқушылардың оқу іс-әрекетін сандық емес, сапалы талдауды, жағымды жақтарын, жаңа оқу материалын меңгерудегі өзгерістерді, бар кемшіліктердің себебін табуды, олардың бар-жоғын айтып қана қоймай, талдауды қосу маңызды болып табылады[7].

Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекет стилі. Оқу мотивациясының қалыптасуына мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің стилі үлкен әсер етеді, өйткені әрбір стиль өзіндік мотивті қалыптастырады:

- авторитарлық стиль оқуда оқушылардың бойында сәтсіздікке жол бермеу мотивін қалыптастырады, ал оқушының ішкі өзіндік мотивациясының қалыптасуын кешіктіреді.
- педагогикалық қызметтің демократиялық стилі оқушылардың бойында өзіндік ішкі мотивацияның қалыптасуына ықпал етеді.
- либералдық стиль оқу мотивациясын төмендетеді, өзіндік жетілуді тежейді.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып оқу үдерісі ұйымдастырылса, оқушылардың оқу мотивациясы қалыптасатын болады.

Бастауыш сынып оқушысында оқудың оң мотивациясын қалыптастырудың тағы бір маңызды шарты – мұғалімнің оқушының жеке тәжірибесіне назар аударуында болып табылады. Кез келген жаңа ақпарат, кез келген жаңа білім баланың жеке тәжірибесінен туындауы керек, ол оның қызығушылықтарына, ұмтылыстарына, қабілеттеріне, сондай-ақ маңызды құндылықтарына негізделген болуы шарт. Сабақ барысында мұғалім мен бала арасындағы қарым-қатынас процесінде мұғалім тарапынан оқушыға бір жақты әсер ету ғана емес, кері байланыс процесі де жүріп отыруы қажет. Осылайша тиімді берілген кері байланыстың арқасында оқушы әр ақпараттың мағынасын түсіне отырып, өзінің білім қорын барынша ұлғайтуға тырысатын болады[3].

Оқушылардың жеке тәжірибесінің бірнеше компоненттерін анықтауға болады:

Құндылық-семантикалық – ол оқушының дүниеге, қоршаған ортаға және өзіне деген қатынасын ашатын жалпы адамзаттық құндылықтарды қамтиды.

Оқиғалар өмірдегі ерекше маңызды оқиғалар, оларды жүзеге асыру және өмір сүру мүмкіндігі, бұл бала өмірінің өзіндік жоспары, оның өмір сүру ортасын қалай өзгертуге болатындығын қамтиды.

Мәдени – бұл оқушы өзін табатын әртүрлі орталар, мысалы, бос уақытты, ойын-сауықты, ойынды тиімді жоспарлау біліктіліктерін қалыптастырады.

Сурет 3 – Оқушылардың жеке тәжірибесін қалыптастыру компоненттері

Бастауыш сынып мұғалімінің оқу-тәрбие процесінде жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде оқушылардың оқу мотивациясын дамыту жұмысы келесі кезеңдерді қамтиды:

- 1) оқушыларды диагностикалау;
- 2) мұғалімдерге ұсыныстар әзірлеу;
- 3) оқушыларға арналған сабақ бағдарламасын жасау;
- 4) әзірленген шараларды іске асыру;
- 5) қайта диагностикалау.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын дамыту үшін мұғалімге:

- бір қарағанда маңызды болып көрінбегенімен, әрбір оқушының әрекетінің маңыздылығын есепке ала отырып оларды үнемі бақылау;
- оқушыны оқу-тәрбие жұмысының жеке аспектілерін көруге, тануға және оларды қалыптасқан танымдық қажеттілікпен байланыстыруға үйрету;
- оқу іс-әрекетінде оқушыларды өз алдына мақсат қоюға үйрету;
- оқушыны талдауға, шарттарды талқылауға және қойылған мақсатқа жету жолдарын табуға қатысуға ынталандыру;
- оқушылардың ізденімпаздық әрекетінің рөлін күшейтуге, зерттелетін құбылыстарды тереңдетіп зерттеуге, себеп-салдар байланысын орнатуға, шығармашылық белсенділікті жандандыруға бағыттау[5].

Оқушыларға арналған сабақ бағдарламасы оқудың оң мотивациясын дамытуға және соның нәтижесінде әрбір баланың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталуы керек. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін басқару, яғни оқуға деген құлшынысын арттырып, білім алуға, өз күштері мен мүмкіндіктеріне сенімін арттыра отырып, үнемі мақсатты оқуға баулу мұғалімнің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Оқу мотивация – нәтижені жақсартуға ұмтылу, алға қойған мақсатқа жетудегі табандылық, жетістікке жетуге ұмтылу – мектеп оқушыларының өміріне әсер ететін басты тұлғалық қасиеттердің бірі болып табылады.

Сонымен, зерттеу жұмыстарына сүйене отырып бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын қалыптастырудың педагогикалық шарттары ретінде мыналарды атауымызға болады:

- Бастауыш сынып оқушыларының жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу;
- Оқушылардың жеке тәжірибесіне сүйену;
- Оқу пәндерінің ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыру арқылы оқушылардың эмоционалдық сферасын белсендіру болып табылады.

"Ұстаз ізденгіш болуы, ойлай білуі, қандай істі болсын, бар ынтасымен атқара білуі керек",-деп В.Маяковский айтқандай оқытушы әрқашан кәсіби даму жағдайында болуы шарт. Бастауыш сынып – білім негізінің алғашқы баспалдағы екендігін ескере отырып оқушылардың оқу мотивациясын қалыптастыру заман талабына деген құрмет қана емес, мақсатқа сай қажеттілік деген қорытындыға келсек болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Александрова, Э.И. Реализация новых образовательных стандартов в начальной школе средствами образовательной системы Д. Б. Эльконина В. В. Давыдова / Э.И Александрова. - М.: Вита-Пресс, 2010. – 150 с.
2. Лаврентьев Г.В. Психологопедагогические условия подготовки преподавателей. Москва: Эдитус, 2017. - 225 с.
3. Вербицкий, А. А. Воспитание в современной образовательной парадигме/ А. А. Вербицкий // Педагогика. - 2016. - № 3. - 3-16 с.
4. Баранова Г.А. Формирование личностных универсальных учебных действий у учеников начальных классов средствами учебника // Известия Тульского государственного университета. 2018. № 4. С. 427-432.

5. Лысенкова С.Н. Когда легко учить и учиться: учебно-методическое пособие. М.: Школа понимания, 2019. 52 с.
6. Троицкая И.Ю. Влияние отметки на учебную мотивацию младших школьников // Молодой учёный. Серия «Психология». 2019. № 21. С. 132-134.
7. Шпика И.В. Учебная мотивация как показатель качества обучения младших школьников // Начальная школа. 2017. № 2. С. 18–19.

3-СЕКЦИЯ

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚИТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ ЗНАНИЙ

TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF PRESCHOOL EDUCATION IN THE CONTEXT OF DIGITAL KNOWLEDGE TRANSFORMATION

ӘОЖ 373.2

БАЛАНЫҢ БОЛАШАҚ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҮЛКЕНДЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ

Бакраденова А.Б., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)

Төлеубай А.А., "Мектепке дейінгі білім беру және балалар психологиясы" білім беру
бағдарламасы 1 курс магистранты

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: altyn.bakradenova@mail.ru, toreako@mail.ru

Аннотация. Мақалада бала тұлғасының өзін-өзі бағалауының қалыптасуына отбасы мүшелерінің, педагогтердің әсері туралы мәселе қарастырылған. Отбасы – адамның жеке дамуына әсер ететін бірінші орта. Авторлар мектеп жасына дейінгі баланың өзін-өзі бағалау деңгейіне ата-ана, педагогтер тәрбиес ықпал ететінін мысалдармен көрсетіп, үлкендердің әрекеті баланың өзін-өзі бағалау және бақылау деңгейін арттыруға көмектесетінін айқындаған.

Кілт сөздер: өзін-өзі бағалау, отбасылық тәрбие, бала тұлғасы, баланың әлеуметтенуі, психологиялық даму, авторитарлық стиль, демократиялық стиль, либералдық стиль, төмен бағалау, асыра бағалау.

Аннотация. В статье рассматривается проблема о значении роли членов семьи в формировании у ребенка самооценивания, как личность. Семья-это среда, действующая интеллектуальному развитию человека. Авторы, предоставляя примеры об самооценивании детьми дошкольного возраста, делают вывод, о том что, через правильного выбора типа воспитания родителей и педагогов, дети могут приобрести высокий уровень самоконтроля и самовоспитания.

Ключевые слова: самооценка, семейное воспитание, личность ребенка, социализация ребенка, психологическое развитие, авторитарный стиль, демократический стиль, либеральный стиль, заниженная оценка, завышенная оценка.

Annotation. The article examines the problem of the importance of the role of family members in the formation of a child's self-esteem as a person. Family is an environment that acts on the intellectual development of a person. The authors, providing examples of self-esteem by preschool children, conclude that, through the correct choice of the type of education of parents and teachers, children can acquire a high level of self-control and self-education.

Key words: self-esteem, family education, child personality, child socialization, psychological development, authoritarian style, democratic style, liberal style, underestimation, overestimation.

Кіріспе:

Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі. Тәрбие ананың ақ сүтінен, ана әлдінінен, атаның қасиетті сөздерінен бастау алады. Заманауи ұрпақ әке мейірімі мен ана сүтінен нәр алып, ата-әже тағылымын көріп өссе, туған жері мен халқын сүйетін, елінің

болашағын, халқының қамын ойлайтын, ой-өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан-жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып жетілуі керек.

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие педагогикалық өрісін жая алады. Бұны біз жайлы ұядан ұшып шығып, өз күшімен қанат жайып, ұшуға талпынған, тіпті біраз ұшып бастаған қарлығаш балапанына ұқсата аламыз. Балада да сондай сәттер болады. Өз қасығын өзі ұстап, дәмді ботқаны аузына апарған сәбидің алғаш рет өз талпынысына масаттанғанын қуанған жүзінен сезесің.

Баланың өзін-өзі бағалауы – оның қол жеткен табысының құндылығы мен маңыздылығын сезінуі және оған қуануы. Жеке басының біртіндеп қалыптасуында әртүрлі мотивациясының туындауына орай, баланың өзіне деген сенімділігі арта түседі. Баланың негізгі дағдыларын, құндылықтарын және мінез-құлық үлгілерін игерте бастайтын алғашқы әлеуметтік ортасы – оның отбасы. Солардың ішіндегі ең маңызды сезім – оның өзін-өзі бағалауы. Бала ерте сәбилік кезеңнен өз отбасында өзі туралы, өзінің күші және мүмкіндіктері туралы деректерге құлақ түріп, өзін-өзі бағалай бастайды, өзіне деген сенімділігі қалыптасады. Қазіргі кезде кейбір отбасыларында әлеуметтік жағдайдың күрделенуіне байланысты түрлі жағдаятта баланың өзін-өзі бағалау қабілеті қалыптаспай жатыр.

Баланың өзінің әрбір ісін бағалауына айналасындағы адамдардан қолдау тауып, мадақтаулар естуі әсер етпек. Оның біртіндеп сыртқы әлеммен қарым-қатынас құра бастауы өзіне деген сенім орныққанда жүзеге асады деп түйіндеуге болады.

Негізгі бөлім:

Отбасы – ежелден баланы жастайынан әлеуметтік ортаға бейімдеп, өз қатарластарынан озық болуға дайындайтын тәрбие ортасы. Зейінді, білімді, тапқыр бала халық пен оны байланыстырушы буын болып табылады. Бұған дәлел: данышпан хәкім Абай парасатты әжесі Зере мен ұлт жанашыры болған әкесі Құнанбайдың ақылымен тұлға болып қалыптасуы дей аламыз. Қазақ отбасының тәрбиесі ұлттың өмір сүру жағдаятына, әлеуметтенуіне байланысты өзгерістерге ұшырап, бүгіндері қайтадан жаңғыруда. Алдымен бала өз отбасындағы ерекше туысына еліктейді, ерекше мінез-құлықтың нақтылы кейпін жақындарынан кездестіреді. Аса маңызды үлгі берушілер – анасы мен әкесі, ағалары мен әпкелері, кейіннен тәрбиешілері мен құрбы-құрдастары.

«Отбасылық тәрбие стилі дегеніміз – ата-аналардың балаға әсер ету үшін қолданатын әдіс-тәсілдерінің және үлкендердің тәрбиелік ықпалдарының жиынтығы арқылы қалыптасатын отбасындағы қарым-қатынас тәсілі. Бұл стиль ата-аналардың вербалды және вербалды емес өзара әрекеттесу мәнерімен анықталады, сондай-ақ бақылау, қамқорлық деңгейі, ересектер мен балалар арасындағы психоэмоционалды байланыстар сапасы, ата-аналардың бала мінез-құлқына әсер ету сипаты, тыйымдардың саны және басқа да аспектілермен сипатталады» деп жазылған зерттеуде [1]. Бір отбасында балаға дәстүрлі имандылық тәрбие, екіншісінде баланы жеке субъект ретінде дамытуға, заманның өзгеруіне орай жаңартылған әлеуметтік тәрбие беру ерекшеліктері болады. Кейбір отбасында балаға назар аударылмауы да мүмкін, ондай жағдаятта бала ынжық, тұйық мінезді болып өсуі кездесіп жатады. Қарым-қатынас баланың рухани дамуының басты құралы болумен қатар баланың өзін-өзі жетілдіруге, өзін өзге ортада іштей бақылап, жан-жақты білімденуіне, жақсы мінез-құлыққа дағдылануына апаратын көпір іспеттес.

Түрліше жағдаяттағы қарым-қатынастар баланың жеке басына маңызды әсер етуі туралы бірнеше зерттеулер бар. Солардың бірі ХХғасырдың атақты философы, Америкада балаларды балабақшадан бастап еркін тәрбиелеу лабораториясын ашқан психолог әрі педагог Джон Дьюи (1859-1952, Dewey) мұғалім мен әдіскер ойластырып, жоспарлаған, бірыңғай оқу-тәрбие сабақтарын дайындау қажет емес деп есептеді. Ғалым баланың қоршаған әлеммен еркін әрекеттесуі және өзінің қажетті білімге сұраныс тудыруы ең жақсы нұсқа болатындығын айтқан. «Баланы болашаққа дайындау - бұл оны өзін-өзі ұстай білуге үйрету, яғни бұл оның бар қабілеттерін толық және тез пайдалана алатындай етіп жаттықтырылуы, оның көздері, қолдары мен құлақтары әрекет етуге дайын құралдарға

айналуы, оның ой-пікірі жұмыс істеуге тура келетін жағдайларды түсіне қабылдауы, және оған берілген міндеттерді орындауға бағытталған күштерін ақылға қонымды әрі үнемді пайдалана алуы», - деді Дьюи [2].

Балабақшадағы тәрбиеш тұлғасы, ал үйдегі оған ерекше көңіл бөлетін ең жақын адамының балаға жасаған ықпалды әрекеттері – баланың ішкі ой-армандарынан, сөздерінен туындайтын әрекеттер. «Баланы қалай сүйу керек?» деген еңбегінде поляк педагогы Януш Корчак баламен қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлген. Ата-аналарға мынандай ақыл-кеңестер берген:

1. «Адамның ең маңызды кездесулері – оның балалармен қауышуы екенін ұмытпа. Балаларға үлкен көңіл бөл. Біз ешқашан бала жанындағы кіммен кездесетінімізді білмейміз».

2. «Өз балаңды әр жағдайда сүйе біл – дарынсыз, жолы болмағыш, ересек сияқты кез келген күйінде жақсы көре біл. Онымен қарым-қатынас жасаған сайын қуан, себебі бала сенімен уақытша ғана болатын мереке».

3. «Мен бала неге кемелденген музыкант бола алатынын түсінемін. Біз оның суреттеріне жіті назар аударсақ ақынды, суретшіні, сезім шеберін көреміз».

4. Ұмытпа адамның ең маңызды кездесуі – оның баласымен кездесуі. Оларға көп назарынды салудан ерінбе. Баланың қандай болып өсетінін білмегендіктен, біз кіммен кездесетінімізді біле алмаймыз.

5. Балаңа жақсылық жасай алмасаң өзінді қинама, бірақ есінде болсын мүмкіндігін болып тұрса да балаға әйтеуір бірдеңе жетпейді.

6. Бала – сенің өміріңді тартып алатын тиран. Дәл осы мүмкіндік саған өмірде берілген ең үлкен сый – сен сол сыйдан от шығара алуың қажет. Бұл әке мен ананың махаббаты. Оның жанын ата – ана сақтауға алады»[3].

Үлкендермен қарым-қатынаста балалар олардың сөзіне тәуелді болады, яғни авторитарлық стиль баланы тек тыңдауға ғана бейімдейді, жас кезінен бала өзіне үлгі тұтатын қатарластарымен бірге ойнап өссе, тепе-тең коммуникативтік қарым-қатынаста түсу жағдайында бала көсбасшылық деңгейге дейін жете алады. Қатарластарының көздерінен оған деген сенімді сезгенде, қай жастағы бала болсын, өзін-өзі бағалайтын болады.

Баланың балаға әсері әсіресе өте жас шағында білінеді. Ата-ана көзқарасымен белгілі бір балаға деген арнайы қарым-қатынаста отбасында берілетін құндылықтар баланың өзі туралы негізгі түсініктерін құрайды. Сондықтан отбасы тәрбиесінің түрлері баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуына айтарлықтай әсер ететіні таңғаларлық емес. Оның отбасы шеңберінде ғана қалыптасқан қарым-қатынас қабілеті өз қатарластарымен араласа бастағанда өзгеріске түседі. Яғни, өз деңгейіндегі ортада бала өзінің артықшылықтары мен кемшіліктерін байқай бастайды. Ұдайы үлкендермен ғана араласудан құтқарылған бала қатарластармен өзін салыстыра алып, өзінің жаман әдеттерін түзей бастайды. Өзіне-өзі қызмет ету қабілетіне әдеттене түседі.

Практика жүзінде балабақшаларда жүргізген бақылау экспериментінде біз әртүрлі ата-аналық тәрбие түрлерінің (авторитарлық, либералдық, демократиялық) баланың өзін-өзі бағалауының түрлі деңгейде қалыптасуына көз жеткіздік. Яғни, авторитарлық тәртіптегі отбасында бала тұйықталып, өзін үлкендерден алыс ұстайтыны, олармен жиі сөйлеспейтіні байқалды. Өзіндік орны еркін либералдық отбасында баланың өзі дегбірсіздене, мазасыз әрекеттенетіні, қалыптасқан ереже-тәртіптері айқын демократиялық ортада әр баланың өзіндік қабілеті, өз білімі мен іскерлік дағдысы қалыптасатыны айқындалды. А.Л. Венгер отбасылық тәрбие түрлерін үлкендердің баламен қарым-қатынас ерекшеліктеріне қарай 3 түрге бөледі: либералды стиль (еркін), авторитарлық стиль (қатал) және беделді стиль (демократиялық) [4].

Қазіргі таңда балабақшаның жас ерекшеліктеріне байланысты топтарында авторитарлық үйде өскен балалар жиі кездеседі. Үйдегі үлкендердің баланың пікірін қабылдамауы, өздігінен жасаған әрекеттерін үнемі сынға алулары тәрбиеленушінің өз бетінше шешім қабылдауға қабілетсіз етеді, оның бойында өзін төмен санау және өз мүмкіндіктеріне сенімсіздік сезім тудырады. Балалар әрдайым билікке бағынуға үйренеді, өз көзқарасын

қорғауға тырыспайды, өз пікірін айтудан бас тартып, мәселеге араласпай, үнсіз қалып отырады. Либералдық стиль орныққан отбасында бала үлкендердің назарынан тыс хал-күй кешеді. Үйде бақылаудың жоқтығы, арнайы ереже-тәртіпті ұстанбау, режимдік әрекеттерсіз баланың немен айналысуына болсын өзін еркін жіберуі өзін ұйымдастыруға, мінез-құлқын бақылауға қабілетсіздігін тудырады. Яғни, авторитарлық стильде үлкендерге иек артып, әрекеттерін оларға сүйене атқарса, либералдық стильде бала еркінсіп, өзін тастап жібереді. Оған мысал ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тақырыптан тыс өз бетімен отыруы, серуен кезінде ортадан алшақ өз ісімен айналысуы т.б. Еркіндік рұқсат етілген ортада өскен балалар мектептегі және қоғамдағы қатаң ережелерге бейімделуде қиындықтарға тап болып жатады.

Демократиялық стильдің сипаттамасы: отбасында не балабақшада болсын, баланың жеке басына деген құрмет пен сүйіспеншілік болуын талап етіледі. Қыз балаға анасының қатты қызығатын ойыншықтарын, заттарын алып беруі, әкесінің ұл балаға өзі айналысатын жұмыс не демалыс орындарына апарып, қажетті құралдармен таныстыруы, спортқа бейімдеуі, ата-ананың балалармен жиі сөйлесулері, өзара түсіністікке келулерінен айқын байқалады. Үлкендермен қарым-қатынасқа түсу баланың өзіне деген сенімін қалыптастырып, оны тәуелсіздікке ынталандырады. Ата-аналар әрбір әрекетке тән дағдыларды қалыптастыру үшін нақты ережелерді түсіндіріп, балаларды келісімге келуге, кей жағдайда баланың өзіндік пікірін құптап, ескеруге дайын екендіктерін білдіруі керек. Мұндай өзара ынтымақтастағы байланыс баланың өзін-өзі бағалауына ықпал етеді. Бала өз бетінше шешім қабылдауға үйренеді, қателесуден қорықпайды, тәуекелге баруға және жаңа шешімдер іздеуге дайын.

Баланың өз іс-әрекеттері мен сөздеріне жауапты болуға үйренуі өздерін ешуақыт назардан қалдырмайтын, бірақ оны бұйыру арқылы емес, өздерінің үлгілі іс-әрекеттерімен көрсететін ата-ананың ықпалымен жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі шақта анасының тағамдарды қалай дайындағанын, дастарханға қалай орналастырғанын бақылап үйренген қыз бала өзінің қуыршағын дәл солай тамақтандырады, оны ұйықтатқанда, анасы салған әнді, анасы айтқан әдемі сөздерді айтады. Кейін бөлмесін жинап бастағанда, шкафтарға киімдерді, заттарды дәл анасындай етіп орналастарады. Демократиялық ортада ер бала өз ісімен ер адамша өзіне сенімді, өткір мінезді, өз айтқанын орындайтын, сөзінде тұратын тұлғалық қасиеттерін көрсете бастайды. Қыз бала тіл алғыш, әпкесіндей өздігінен жақынға көмек беруге әзір, анасындай шыдамды, еңбекқор және мейірімді болып өседі. Баланың әлеуметтену қабілеттері отбасында орыныққан дұрыс қарым-қатынас пен әрбір отбасы мүшелерінің пікірін құрметтеу және әрқайсымен ынтымақтастыққа келуден көрінеді. Өйткені ондай бала өз ісін, қарым-қатынасын өзі әрдайым бақылай білетін бала.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, отбасында ата-ана тарапынан әсер ететін позитивті құндылықтар (еңбекқорлық, адалдық, жанашырлық) өзін-өзі бағалауға ерекше ықпал етеді.

Баланың өзін-өзі бағалау туралы зерттеулерді қарастыру қазіргі кезде маңызды болып тұр. Өйткені, теріс, құнсыз әрекеттер орын алған отбасында бала бойына көрсеқызарлық (ақшаның құнын білмеушілік), ашкөздік (жылтыраққа, әсіреқызыл заттарға, киім-кешекке құмарлық), көреалмаушылық (біреудің жетістігін, өзінен артық қабілеттерін) сияқты жаман әдеттер байқалып тұрады. Баланың әлеуметтік ортада өз орнын бағалай білмеуі үлкен қасірет. Теориялық жақтан ата-аналар назарын аударуға ұсынылатын қағидаттар балаларда өзін-өзі бағалауды дамытуға бағытталып, олардың түрлі әлеумет өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасауына жағдайлар тудырылуы керек.

«Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы» заңы баланың отбасында оның тұлға ретінде қалыптасуына, жан-жақты дамуына жағдай жасауға ата-аналарды және қамқоршыларды міндеттейтіні мәлім. [5]. Сол сияқты Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңында баланың тұлғалық қалыптасуымен бірге құқықтық негіздері де қамтамасыз етілген. Заңда ата-аналардың тәрбие беру міндеттері және баланың дамуына қолайлы жағдай жасау талаптары нақты көрсетілген. Тәрбиенің балаға әсері – оның тұлғалық дамуы мен өзін-өзі бағалау деңгейінің маңызды көрсеткіші, ал отбасындағы қарым-қатынас бұл процестің шешуші элементі болып табылады [6].

Отбасындағы дұрыс тәрбие баланың өзін-өзі бағалауын қалыптастырудың басты факторларының бірі болып табылады.

Ата-аналардың қолдау көрсетуі, құрмет көрсетуі, эмоционалды байланыс баланың өзіне деген сенімділігін арттырады. Ата-аналар баланы кемсітуге немесе оған қиянат көрсетуге құқығы жоқ, бұл да баланың өзін-өзі бағалауына тікелей әсер етеді.

«Семья и ее роль в формировании самооценки у ребенка // Семья в современном мире» кітабының авторлары Поляков Д.В., Дорофеева С.Г., Конопля Е.Н. атп көрсеткендей, «Отбасы – «ата-ана-бала» қарым-қатынасына негізделген біртұтас әрекет, бірақ біртұтас отбасылық картинаны отбасындағы қарым-қатынастың барлық түрлері: «ата-ана-ата-ана», «ата-ана-бала», «бала-бала» жасайды. Қарым-қатынастың бұл түрлерінің бұзылуы баланың психикалық дамуының бұзылуымен көрінетін, кейіннен өзін-өзі бағалауға әсер ететін күрделі мәселелерге әкеледі» [7].

Отбасы дәстүрлі түрде ең маңызды білім беру мекемелерінің бірі болып саналады, оның маңыздылығы, ең алдымен, баланың отбасымен көп уақыт өткізуімен анықталады. Жеке тұлғаға әсер етуінің күші мен ұзақтығы бойынша ешбір тәрбие жүйесін отбасымен салыстыруға болмайды, өйткені баланың жеке басын дамытуға бағытталған процестер дәл онда қалыптасады. Отбасы өзіндік «қоғамның микромоделі» бола отырып, баланың әлеуметтік көзқарастары мен жеке қасиеттерінің жүйесін дамытуға белгілі бір дәрежеде әсер етеді [8].

Бала тұлғасының дамуына әсер ету дәрежесі көптеген факторларға байланысты, атап айтқанда: жасы, темпераменті, менталитеті, ұнатулары, қызығушылықтары, баланың ата-анасымен қарым-қатынасы және, әрине, отбасылық тәрбие стилі. Ол бала тұлғасының дамуына әсер етіп қана қоймай, оған белгілі бір қасиеттерді, сенімдерді, ұстанымдарды, көзқарастарды сіңіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне көмектеседі [9].

Баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуына отбасы тәрбиесінің ықпалы даусыз фактор болып табылады. Ата-ана тәрбиесінің әртүрлі стильдері балаларға өздері және әлем туралы әртүрлі идеялар береді, бұл олардың өзін-өзі бағалауына сөзсіз әсер етеді.

Жинақтап айтқанда, өзін-өзі бағалауға оң ықпал ететін негізгі факторлар эмоционалды қолдау, дұрыс сын айта білу және дұрыс мінез-құлық үлгісі болып табылады. Бұл процесте ата-аналар басты рөл атқарады және олардың ықпалын білу бізге, педагогтерге, балалардың салауатты эмоционалды дамуына ықпал ететін ортаны құруға мүмкіндік береді.

Балалардың өзін-өзі бағалауын зерттегенде олардың әр жас кезеңіндегі психикалық даму ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Себебі өзін-өзі бағалау когнитивтік, эмоциялық және әлеуметтік дағдылардың дамуымен тығыз байланысты. Әрбір жас кезеңінің өзіндік ерекшеліктері бар, және олар баланың өзін қалай қабылдайтынына әсер етеді:

1. Мектепке дейінгі жас (3-6 жас): Бұл кезеңде балалардың өзін-өзі бағалауы тұрақсыз және көбіне жоғары болып келеді. Олар өз мүмкіндіктерін асыра бағалап, жетістіктерін және үлкендердің мақтауларын ескеріп өзін бағалайды. Бұл жаста олардың когнитивтік қабілеттері әлі толық дамымағандықтан, олар өздерін объективті түрде бағалай алмайды.

2. Бастауыш мектеп жас (6-10 жас): Мектепке бару арқылы балалардың өзін-өзі бағалауы біршама шынайы бола бастайды. Олар өз жетістіктерін қатарластарының жетістіктерімен салыстырады, бұл өзін-өзі бағалауға оң немесе теріс әсер етуі мүмкін. Мектептегі жетістіктер мен мұғалімдердің пікірі өзін-өзі бағалауды қалыптастырудағы маңызды факторлар болып табылады.

3. Жасөспірімдік кезең (11-17 жас): Бұл кезеңде өзін-өзі тану процесі қарқынды дамиды. Жасөспірімдер өзін-өзі көрсетуге, қоғамдағы орнын табуға тырысады және бұл кезеңде эмоционалды тұрақсыздық болуы мүмкін, ол өзін-өзі бағалауға әсер етеді. Қатарластарының пікірі және айналасындағы адамдардың көзқарасы үлкен рөл атқарады. Жасөспірімдер өздеріне сыни көзқараспен қарап, бұл өзін-өзі бағалаудың тұрақсыздығына немесе сенімділіктің өсуіне әкелуі мүмкін.

Осылайша, әр кезеңдегі психикалық даму ерекшеліктерін түсіну балалардың дұрыс және сау өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға көмек береді.

«Өзін-өзі бағалау күрделі тұлғалық қалыптасу болып табылады. Ол баланың өзі туралы басқалардан не үйренетінін және оның іс-әрекеті мен жеке қасиеттерін жүзеге асыруға бағытталған өзінің белсенділігін көрсетеді» [1].

Өзін-өзі бағалау - бұл жеке адамның өзін, оның мүмкіндіктерін, қасиеттерін және басқа адамдар арасындағы орнын бағалау. Белгілі бір кезеңге дейін баланың өзін-өзі бағалауы ересектердің, әсіресе ата-аналардың оған деген көзқарасының көрінісі болып табылады.

Өзін-өзі бағалау жаһандық және жеке, тұрақты және тұрақсыз болуы мүмкін. Жаһандық өзін-өзі бағалау – адамның өзіне, оның сезімдері мен мүмкіндіктеріне деген сезімі, жеке өзін-өзі бағалау адамның сыртқы келбетінің кейбір бөлшектері, оларды мақұлдау немесе мақұлдамау туралы сезімдерін көрсетеді. Тұрақты өзін-өзі бағалау 2 фактормен көрсетіледі: адекваттылық (өзі туралы нақты ойлар) және адекватты емес (өзінің қасиеттерін, мүмкіндіктерін мен жетістіктерін бағаламау немесе асыра бағалау). Тұрақсыз өзін-өзі бағалау көбінесе жасөспірімдік шақта, өзін-өзі тану және сыртқы және ішкі табиғаттың өзгеруі кезеңінде көрінеді. Тұрақсыз өзін-өзі бағалау өзін-өзі бағалаудың күрт төмендеуімен және жоғарылауымен бірге жүреді.

Қазіргі психологияда өзін-өзі бағалаудың үш деңгейі көрсетіледі, олар, атап айтқанда, төмен бағаланған, адекватты және асыра бағаланған деңгейлер. Өзін-өзі бағалауы төмен адамдар өздерінің қабілеттерін басқалардың алдында кем санап, сұранысты лайықты бағалай алмайды. Адекватты өзін-өзі бағалау деңгейінде жеке адамға өзі, оның мүмкіндіктері мен әрекеттері туралы нақты түсінік береді. Өзін-өзі асыра бағалауы жоғары адам өзі туралы шектен тыс ой-пікірлер береді. Мектепке дейінгі тәрбиеде баланың мақтаншақтыққа үйір болуы өзін асыра бағалауға жол берілгендіктен. Сондықтан да баланы күшті, өзіне сенімді тұлға етіп тәрбиелеуде өзін бағалауға үйрететіндер – отбасы мүшелері, әлеуметтік ортадағы үлгілі, тәрбиелі балаға жақын тұлғалар деп ойлаймыз.

Қорытынды:

Қорытындылай келе, ата-ананың, балабақша педагогтерінің тәрбие стилін дұрыс таңдауы баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді деп айтуға болады. Отбасындағы ата-ана тәрбиесі мен айқын шекараларды қамтитын қоғамдық орындардағы нәтижелі тәрбие амалдарын қолдауды теңдестірілген тәсіл ретінде тиімді қолдансақ, бұл балалардың өзіне деген сенімділігін дамытуға және олардың жетістіктері мен кемшіліктерін өзі байқап, бағалай алуға көмектеседі деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Венгер А. Л. Психология развития. Психологический лексикон / А. Л. Венгер // Энциклопедический словарь в 6-ти томах. – М.: ПЕР СЭ, 2005. – 176с.
2. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Дьюи,_Джон#:~:text=Джон%20Дьюи%20\(англ.%20John%20Dewey%3B,над%20педагогикой%20в%20Третьем%20рейхе](https://ru.wikipedia.org/wiki/Дьюи,_Джон#:~:text=Джон%20Дьюи%20(англ.%20John%20Dewey%3B,над%20педагогикой%20в%20Третьем%20рейхе)
3. Как любит ребенка: Книга о воспитании: Я.Корчак. М.: Политиздат, 1990.
4. Орлова А.В. Влияние стиля семейного воспитания на развитие личности детей дошкольного возраста//Международный научно-исследовательский журнал. – 2017. – №8 (62), часть 2. – С. 111-114.
5. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
6. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
7. Поляков Д.В., Дорофеева С.Г., Конопля Е.Н. Семья и ее роль в формировании самооценки у ребенка // Семья в современном мире. – 2017. – С. 108-112.
8. Кузьмишина Т. Л., Амелина Е. С., Пермякова А. А., Хохлова Е. А. Стили семейного воспитания: отечественная и зарубежная классификация / Т. Л. Кузьмишина. – М., 2014. – С.16-25.
9. Столин В. В. Самосознание личности / В. В. Столин. – М.: «Педагогика», 2006. – 212с.

ӘОЖ 120.000

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

Махмутова Гульмейрам Болатбековна педагог-ұйымдастырушы

Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
«Алпамыс» бөбекжай бақшасы КМҚК

E-mail: gumi.mahmutova.84@gmail.com

Цифрлық технологиялар қазіргі заманғы адамның өміріне белсенді түрде еніп, қоғам мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналууда.

Балабақшада балалардың білімге деген құштарлығын арттыратын көптеген цифрлық мүмкіндіктер бар.

Цифрландырудағы негізгі мақсат-бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, педагогке, ата-аналарға, балаларға жүктемені азайту, ең бастысы - білім беру сапасын арттыру.

Цифрлық ресурстардың басты көзі: компьютер. Компьютер – заттық-дамытушы ортаны байытушы және түрлендіруші элемент. Ондағы ойындар интерактивтік пен іс-әрекеттік қағидаларды іске асыра отырып, баланың көру, есту, қабылдау, есте сақтау, коммуникативтік дағдыларды дамыту және тағы да басқа психикалық қызметтерін дамытуға бағытталады.

Сондай-ақ кіші топтағы балалар ересектерге қарағанда жаңа білімдерді көбірек жақсы сіңіреді. Компьютерлік технологияларды меңгерген мектеп жасына дейінгі бала «санада ойлауға» аса дайын болады да, мектепке баратын балалардың ойлауына қойылатын негізгі талаптардың бірі болып саналады. Қазіргі балалар медиа әлемімен ерте кездеседі.

Цифрлық трансформацияны дамыту нәтижесінде жүргізген ғылыми зерттеулерде ақпаратты берудің мультимедиялық тәсілінің арқасында мектеп жасына дейінгі балалар келесі нәтижелерге қол жеткізеді:

- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту ұғымдарын оңай ұғып алады;
- сандар мен жиын ұғымдарын терең түсінеді;
- жазықтық пен кеңістікте бағдарлау біліктілігі тез пайда болады;
- сөздік қоры белсенді түрде толықтырылады.
- ұсақ моторикасы дамиды, көз қозғалыстарының нәзік үйлесімі қалыптасады;
- талпынушылық пен жұмылдырушылық тәрбиеленеді;
- елестету мен шығармашылық қабілеттер дамиды;
- көрнекілік-бейнелік пен теориялық ойлау элементтері дамиды.

Демек, балабақшаның білім беру ортасына цифрлық трансформацияны қосу – баланың ойын кеңістігін байытуға бағытталған практикалық іс-әрекеттердің нәтижесі, педагогке қол жетімді әдістеме құру, цифрлық жабдықты енгізу болып табылады.

Цифрлық ресурстардың пайдалы және зиянды тұстары да бар, оны да ескеруіміз қажет.

Цифрлық ресурстарды барлық ұйымдастырылған ойын іс-әрекетінде сөйлеуді дамытуда, математика негіздерінде, музыкада, әртүрлі әрекеттерде қолдануға болады, Мысалы: таңертеңгілік жаттығуды педагогтың орнына мультфильм немесе ертегі кейіпкерлерінің арқылы өткізу.

Цифрлық технологиялар әртүрлі оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бейне, сурет және аудио сияқты әртүрлі мультимедиялық материалдарды пайдалануға мүмкіндік береді. Мультимедиялық материалдардың көмегімен балабақша тәрбиеленушілері қабылдау қиын болуы мүмкін ұғымдарды түсінуге көмектесетін визуалды және есту құралдарының әртүрлі түрлерімен таныса алады. Бұл материалдар олардың ойынға деген қызығушылығы мен қызығушылығын арттыра алады.

Заман талабына сай қазіргі таңда балаларға арналған негізгі экранның бірі – смартфон десекте болады.

Цифрлық ұрпақ балаларының цифрлық құрылғыларға тәуелді болып қалмауы мен олардың зиянды жақтарын бойына сіңіріп алмаулары үшін цифрлық сауаттылық ойын іс-әрекеттерін жүйелі және жоспарлы оқытуды қажет етеді.

Бірақ сол ойын түрлерімен кәзіргі замандағы өте гипербелсенді балаларды қалай жалықтырып алмауға болады? - деген сұрақты біз өзімізге қойдық та, өзіміздің іс-тәжірибемізде «Балабақша театры» жобасы аясында мектепалды топ балаларымен «Қызықты ертегілер» тақырыбында мультимедиа арқылы балалар түрлі мультфильм киіпкерлерін сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, рөлде кейіпкерлердің көңіл күйі мен мінезін, интонациясы мен мимикасын беру арқылы өзінің рөлін мәнерлі сомдап ойнай алуға мүмкіндік жасаймыз.

Мультимедиа - жаңа бағыт, бұл компьютердің ақпараттың көптеген түрімен жұмысы, оған жоғары рұқсатпен түсті графика, жүгіртпе және аққыш түстері бар динамикалық эффектілер, дыбыстардың дыбысталуы және синтезделген әуеннің дыбыстары, «мультяшкалар», толық түсті видеоклиптер және видеофильмдер кіреді. Сонымен қатар сол телефонмен түсірілген ертегіні Cap-cat, Videoleap, InShot видеоредакторлары арқылы жасап, видеофильм ертегіні балабақшаның Ютуб, Фейзбук, Инстаграм желісіне жүктеп отырамыз.

Интернетте балабақшаның жеке сайтының болуы ата-аналарға мектепке дейінгі білім беру мекемесінің өмірі туралы, барлық іс-шара, жетістіктер, хабарламалар ресми ақпараттарды жылдам алуға, нормативтік құжаттармен танысуға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялар балаларға білім беруді қызықты ететін интерактивті оқыту тәжірибесін ұсынады. Балабақша тәрбиеленушілері жаңа тұжырымдамалар мен дағдыларды қызықты үйрену үшін интерактивті қосымшалар мен ойындарды қолдана алады. Мысалы, олар математиканы фигуралар немесе сандар арқылы математикалық есептерді шешуді талап ететін ойындар арқылы үйрене алады. Интерактивті оқыту балаларға оқытудың практикалық тәсілін қолдануға мүмкіндік береді, бұл оларды жаңа нәрсені зерттеуге және ашуға итермелейді.

Кез-келген инновация-бұл дамушы ортаның сапалы өзгеруіне әкелетін жаңа, бұрындары қолданыста болмаған компонентті құру және қосу. Әр технологияның жеке сипатқа ие екендігіне сүйене отырып, бізде бөбекжай бақшамызда оларды қолданудың өзіндік жүйесі бар, соның арқасында балалармен өткізілетін ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті, іс-шаралар өте қызықты әрі нәтижелі өтеді.

Компьютер экранында, интерактивті тақтада әртүрлі презентацияларды, бейнелерді, мультфильмдерді ойын түрінде көрсету балалардың шексіз қызығушылығын тудырады: қозғалыс, дыбыс, мультфильм ұзақ уақыт бойы олардың назарын аударады.

АКТ-мен жұмыс істеу барысында ерекше жұмыс түрлерін қолдану, өмірлік жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. Интерактивті тақтаның түрлі құралдарының мүмкіндіктерін қолдану, әр тапсырмаға ерекшелік береді, әр баланың ұйымдастырылған ойын іс-әрекетіне деген қызығушылығын арттырады, оларға қажетті эмоционалды түс береді. Баланың шығармашылық, коммуникативті дағдысын дамытуда балабақшамызда «Балабақша театры» жобасын қолданамыз, өйткені сүйікті ертегі кейіпкерлерімен жағдайаттарды сахналау, ойнау балаларды дамыту мен тәрбиелеуде жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. «Балабақша театры» жобасын жүргізу кезінде біз театрлардың бірнеше түрін қолданамыз: үстел үсті, көлеңке, конус, саусақ, алжапқыш, марионетка, қуыршақ театрлары. Қуыршақ театрларын театрландыру және қою үшін біз аудио ертегілерді қолданамыз. Балалар ертегінің тыңдағаннан кейін, олар осы ертегіні сахналайды, бұл баланың шығармашылығына ықпал етеді. Ертегілермен жұмыс жасағанда біз жұмыстың бұл түрін мотив бойынша сурет салу сияқты қолданамын. Әр бала ертегіден ұнатқан кейіпкерінің суретін салып оны ноутбукта Microsoft Paint бағдарламасында бояп, жаңа өң береді, оның бойындағы қасиетін әңгімелеп береді. Бұл технологияларды қолданудағы ең маңызды нәрсе-баланы ойлауға, ойлануға,

сұрақтарға жауап іздеуге, нәтижеге риза болуға үйрету. Күн тәртібінде инновациялық технологияларды қолдану баланың мінезін көркем етіп, әртүрлі, бір-біріне ұқсамайтын жеке тұлға етіп тәрбиеленуіне жол ашады.

Интерактивті тақта көптеген демонстрациялық материалдарды біріктіреді, қағаз көрнекі құралдардың, кестелердің, репродукциялардың, аудио және бейне жабдықтардың үлкен көлемде ұсынып, ұсынылған танымдық материалдың мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді, баланың жаңа білімді игеруге деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді, материалды игеру тиімділігін арттырады, балаларды жақсы есте сақтау үшін ақпаратты қабылдау және өңдеу жылдамдығын арттырады. Интерактивті тақтаны білім беру процесінде дәстүрлі әдістермен бірге қолдану мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің тиімділігін едәуір жақсартады.

Интерактивті тақтаның арқасында балаларға ақпарат беру жылдамдығы артады, балалардың оны түсіну деңгейі жақсарады, бұл ойлаудың барлық түрлерінің дамуына ықпал етеді. Интерактивті тақтамен балаларға интеллектуалды ойын-сайыс түрлерін, іс-шараларды, ойын іс-әрекеттерін флипчарт әдісі арқылы да өткізіледі.

Мультимедиялық технологияларды (графика, түс, дыбыс, бейнематериалдар) қолдана отырып, интерактивті тақтаны қолдану әртүрлі проблемалық жағдайлар мен орталарды модельдеуге мүмкіндік береді, балаға өзін сырттан көруге, ойын серіктестерінің әрекеттерін бақылауға мүмкіндік береді. Балалар виртуалды әлемге компьютермен бір-бірден енбестен жағдайды бағалауға дағдыланады. Балалардың интерактивті тақтаға алғаш көргенде-ақ қызығушылықтары айқын байқалады. Қолды ұстаған кезде экран элементтерінің өзгеруі өте әсерлі көрінеді. Балаларға саусақпен заттарды «жылжыту», геометриялық фигуралар жиынтығынан ойындарға әртүрлі заттар мен схемалар салу, маркерлермен жазу, тақтадан сүрту ұнайды.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі мекеме қызметінде цифрлық жабдықтарды пайдалану мектепке дейінгі білім беруге инновациялық үдерістерді енгізуге, ақпараттық ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін кеңейтуге, білім беру саласындағы басқарудың барлық буындарын жетілдіруге мүмкіндік береді, компьютерде жұмыс істеу дағдыларын дамытуға және шығармашылық қиял мен қиялды арттыруға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда заманауи әдістер мен технологияларды қолданудың жаңа үрдістері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Астана, 2016
2. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. Алматы: Білім, 2008
3. «Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолдану» Педагогика, психология кафедрасының оқытушысы Калмурзина Р.С

УДК 541.13

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ МҰҒАЛІМ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жандилдина Роза Есентаевна

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Шора Ақжол Алмасұлы

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3 курс студенті

roza.zhandildina@mail.ru

Андатпа: Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық

менгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагог.

Кілт сөздер: Білім беру, кәсіби құзырлы маман, өз пәнін жетік білетін, оқушы, шығармашылық, дарындылық, тұлғалық, ізгілік, педагогикалық шеберлік, қабілетті, кәсіби, маман педагог.

Аннотация: Профессиональный компетентный специалист в сфере образования – это тот, кто хорошо знает свой предмет, может создать условия для творчества и таланта обучающегося, обладает высокой личностно-добродетельной направленностью, способен к педагогическому мастерству и систематическому выполнению своих действий, в полной мере владеет новыми отечественными технологиями обучения, Профессиональный педагог, умеющий творчески использовать зарубежный опыт.

Ключевые слова: образование, профессиональный компетентный специалист, магистр своего предмета, ученик, творчество, талант, личность, добродетель, педагогическое мастерство, способный, профессионал, педагог-эксперт.

Abstract: A professional competent specialist in the field of education is one who knows his subject well, can create conditions for the student's creativity and talent, has a high personal and virtuous orientation, is capable of pedagogical skill and systematic implementation of his actions to the fullest. Proficient in new domestic teaching technologies, a professional teacher who knows how to creatively use foreign experience

Key words: education, professional competent specialist, master of his subject, student, creativity, talent, personality, virtue, pedagogical skill, capable, professional, expert teacher.

Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі,

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру.

Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен менгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық – дамытушылық функцияны атқарады.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі – нәтижелі білім берудің негізі

Құзіреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі, оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім қабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы[1].

Маманның кәсіби құзіреттілік мәселесі күрделі де көп қырлы. Бұл ғылыми педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістерінде,

акмеологияда, андрогикада, гуманитарлық ғылымда әр қырынан қарастырылып жүр. Мәселе кешенді түрде зерттелуде.

Құзіреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді.

Н.С.Розов құзіреттіліктің екі жағы болатынын анықтайды да, бірінші жақты танымдық және практикалық жаңалық енгізуді (инновация) ассимиляциялау мүмкіндігімен, екінші жақты – білім беру жүйелерінің әр түрі, тип, профилі сатыларына қойылатын білім талаптарын анықтау мүмкіндігімен байланыстырады.

Н.С.Розовтың пікірінше, құзіреттіліктің мынадай қырлары бар:

— мәндік аспект, неғұрлым жалпы мәдени контекстегі ахуалды жете түсінудің бара-барлығын көрсетеді. Бұл контекстің аяғына осы сияқты ахуалды бағалау, ұғыну мен оған деген қарым-қатынас кіреді;

— проблемалық-практикалық аспект, бұл осы бір жағдайда ахуалды айқындай білудің мақсат, міндет, нормаларды алға қою мен орындау тиімділігінің бара-барлығын сипаттайды;

— коммуникативті аспект, бұл – осы тәріздес ахуалдағы қатысымның және адамның осындай жағдайда қатысын және өзара ықпал жасауға тиісті мәдени үлгісі, деңгейінің бара-барлығын қамтамасыз етеді.

Құзіреттілікті оның жалпы мәдени және кәсіби көріністерін сипаттау үшін былайша аспектилерге бөлу жасанды екенін көруге болады.

Қазіргі қоғамдық өзгерістердің қарқындылығы жаңа сипаттағы мамандарды қажет етіп отыр. Ондай мамандар дәйім өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық үрдістерді талдай білуге, нарықтық бәсеке жағдайына сай шешімдер қабылдап, жүзеге асыра білуге, өндіріс пен жеке адам арасындағы ықпалдастықтың ізгілікке бағытын стереотиптендіруден арылта білуге тиіс. Осы жағдайларға байланысты жоғары оқу орнының ең бір маңызды міндеті кәсіби жағынан білімдар да құзіретті маман даярлау болып отыр.

Педагогтың кәсіби құзіреттілігі туралы айтсақ, педагогикалық міндеттерді өз бетімен тиімді мұғалімнің, педагог-психологтың, тербиешінің тұлғалық шеше алу мүмкіндіктерін сөз етеміз.

Қай елде болсын, балаға білім беру ісі елеулі орын алып, онымен шұғылданатын мамандарды ізденіске итермелеп отырған. Себебі: еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы- жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ.. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, нағыз өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу- біздің басты парызымыз.

«Алдыңғы қатарлы мұғалімдер оқуды бітіргеннен кейін өз беттерінше дамымайды немесе мұғалім болып туыла алмайды. Керісінше, олар әрқашан даму үстінде болады.

Өз мамандықтарын алғаннан кейін мұғалімдер әріптестерімен әңгімелесіп, бірігіп жұмыс жасау арқылы жалғаспалы, тұрақты білім мен өз өнерлері жөнінде терең ойлану арқылы өздерінің кім екендігімен, не үшін қызмет жасайтындықтарын анықтауды қажет етеді», — деген екен бір белгілі педагог.

Олай болса, әріптестер, қандай пән болмасын, жас ұрпақ үшін қызмет жасап, қашанда даму үстінде жүретін шығармашыл ұстаз болайық.

Болашақ мұғалімнің кәсіби құзырлылық деңгейін көтеруде, Т.А.Горюнова және Н.Ш. Королева кәсіби құзырлылықтың 3 негізгі құрамдас бөлігін атап көрсеткен;

1. Адамның өз жұмысына қарым-қатынасы, оның еңбекке бағыты, еңбекке деген қызығушылығы, жігері.

2. Кәсіпке деген қабілеті (туа біткен қабілеті, бейімділігі).

3. Кәсіби қызметі үшін қажетті білімді меңгере білуі.

Құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Оқушылар ұстаздар қауымынан тек білімге

ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр, демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы; жедел шешім қабылдаушы; ерекше ұйымдастырушылық қабілетті; нақты бағыт – бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы.

Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезуіне үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады: бағдарлы құзыреттілік оқушының қоршаған ортаны бірдей қабылдайтын қабілеті, жоғары әдептілік құндылықтар негізінде жасампаз қоғам өмірінде өзінің рөлін таба білу біліктілігі, азаматтылығы мен елжандылығы.

Бұл құзыреттілік өмірдегі түрлі жағдайларда шешім қабылдай білу білігін қамтамасыз етеді, мәдениеттанымдық құзыреттілік жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізінде іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білу[2].

Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну; оқу- танымдық құзыреттілік; коммуникативтік құзыреттілік оқушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу-танымдық үрдісін қамтамасыз ететін кешенді құзырлылық.

Бұл құзырет өзінің білімділік қызметін ұйымдастыра білуді, тиімді жоспарлай білуді, сәйкес функционалдық сауаттылық талаптары негізіндегі білімді игеруде әлемнің ғылыми бағытын түсінуге ізденушілік, зерттеушілік әрекет дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін өзінің әрекетіне талдау және қорытынды жасау тәсілдерін қарастырады; ақпараттық-технологиялық құзыреттілік-бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай, тандай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу: әлеуметтік- еңбек құзыреттілігі-отбасылық, еңбек, экономикалық, саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық тәжірибе мен білімге ие болуды білдіреді; тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілігі. Бұл құзырет отбасылық, еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық қызмет білімі мен тәжірибесінің болуын білдіреді..

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттілігінің жан – жақты болуы талап етіледі.

Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады.

Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан – жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарында қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Қазіргі аса қарқынды өзгерістерге толы әлеуметтік – экономикалық жағдайда білім беру жүйесінде педагогке қойылатын талап та ерекше екендігі түсінікті. Бұл мынандай фактілерге байланысты: –оқытудың әр алуан түрлері мен әдістерін қолдану, –топтық жұмыс дағдыларын дамыту, –әрекеттерге үйрету, –нақты ситуацияларды талдау.

Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы

жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз[3].

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді.

Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. «Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Жас өркеннің жақсы азамат, білікті тұлға ретінде қалыптасуы мұғалімдердің білімі мен кәсіби шеберлігіне, мемлекет пен халық алдындағы азаматтық парызына деген жауапкершілігіне тікелей қатысты. «Мектептің жүрегі - жақсы мұғалім» деп ұлы даланың дана педагогы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, бүкіл мемлекеттің, тұтас ұлттың болашағы – ұстаздардың қолында.

Жеке тұлғаның танымдық үрдістерін дамытуда, сондай-ақ, білім, білік, дағдыны, жалпы дүниетанымын қалыптастыруда оқыту әдістерін, жаңа оқыту технологияларын оқыту үрдісінде тиімді пайдалана білу мұғалім шеберлігіне байланысты.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін – өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Оқушылар мұғалім қауымынан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр.

Демек, болашақ ұстаздарымыз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы.

Міне, құзіреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім – қазіргі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б.);
- мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзіреттілік(өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- әлеуметтік – еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік – қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);
- тұлғалық өзін – өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан – жақты болуы талап етіледі. Кәсіби құзыреттілік деп мұғалімнің жеке бас сапалары мен оның психологиялық - педагогикалық және теориялық білімнің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады.

Мұғалім өз ісінің шебері болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, жаңа технологияны меңгеріп әлемдік білім кеңістігінің өрісінен шыға алуға талпынуы керек. Ұстаз қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын ортамен, оқушылармен қарым-қатынасқа тез түсе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті мен адамгершілік қасиеттерді жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзыреттілігі анық байқалып тұрады[4].

Жақсы мұғалім — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі.

Мұғалім - ол қашанда ұлы еңбеккер.

Қорыта келе, жоғарыда аталған сандық, сапалық индикаторлар біліктілік арттыру жүйесіндегі мұғалімнің кәсіби дайындығы мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда білім берудің сапасын шешуге ықпал етеді деп ойлаймын.

Бүгінгі шәкірт – ертеңгі ел тізгінін ұстар, мемлекетіміздің болашағы. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жж дейінгі «Білім беруді дамыту бағдарламасы».
2. Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасы. Астана, 2007
3. Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Астана-2004
4. Андреева Г.М. Психология социального познания. М., 2000.
5. Зязюн И.А, Основы педагогического мастерства. Киев, 1987..
6. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе // Алматы. 2005. 174б.

УДК 541.13

БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Жандилдина Роза Есентаевна

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Журабай Айзада Абдураймқызы

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі

мамандығының 3 курс студенті

roza.zhandildina@mail.ru

Андатпа: Психологтар зерттеулерінде шығармашылық іс-әрекеттің қалыптасуы өздігінен тұйыққа тірелген процесс емес. Ол тек әлеуметтік орта қоршауымен, адамның өзіндік қызмет сипатымен ғана емес, жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекеті, танымдық

қажеттілігін оятуға ынталандыратын оқу және тәрбие үрдісі, сондай-ақ өзінің жеке басының белсенділігімен үндесе жүргізілетін күрделі үрдіс.

Кілт сөздер: Психологтар, шығармашылық іс-әрекет, қалыптасу, әлеуметтік орта, өзіндік қызмет, жеке тұлға, кәсіби іс-әрекеті, танымдық қажеттілік.

Аннотация: В исследованиях психологов формирование творческой деятельности не является само по себе тупиковым процессом. Оно окружено не только социальной средой, характером собственной деятельности, но и профессиональной деятельностью личности. процесс обучения и воспитания, способствующий пробуждению познавательных потребностей, а также развитию собственной личности. Это сложный процесс, осуществляемый в гармонии с деятельностью.

Ключевые слова: Психологи, творческая деятельность, формирование, социальная среда, самообслуживание, личность, профессиональная деятельность, познавательная потребность.

Abstract: In the research of psychologists, the formation of creative activity is not in itself a dead-end process. It is surrounded not only by the social environment, the nature of one's own activity, but also by the professional activity of the individual. a process of training and education that contributes to the awakening of cognitive needs, as well as the development of one's own personality. It is a complex process carried out in harmony with activity.

Key words: Psychologists, creative activity, formation, social environment, self-service, personality, professional activity, cognitive need.

Адамның ойлау процесі қандай да бір сұраққа жауап беру, белгілі бір тапсырманы орындау, іс-әрекеттің қандай да бір түрін табу және тағы басқа да қажеттіліетер туғанда активті қызмет жасауға көшеді. Мұның барлығы танымға объектілер мен шынайылық құбылыстарын бейнелеуден, ұғынудан көрініс табады.

Кез-келген тарихи кезеңде өмір сүріп отырған мемлекеттің өзіне тән білім беру жүйесі болады. Білім беру тұжырымдамасында ұсынылып отырған жүйенің қазіргі және белгіленген мерзімде жүзеге асатын, мүмкін болатын құрамалары айқын белгіленген.

Тұжырымдама – ғылыми–теориялық, әдіснамалық құжат. Онда Қазақстан Республикасының білім берудегі мақсаттары, міндеттері, құрылымы, мазмұны, дамуының негізгі стратегиялық бағыттары анықталған. Соған сәйкес құрылған бағдарламаның негізінде біз мектептегі сабақ процесін ұйымдастыруымыз керек. Өркениетті елдер қатарына қосылу үшін әлемдік деңгейдегі білім кеңістігінен орын алуға ұмтылыс жасау қажет. Ұлы ағартушы-педагог Ахмет Байтұрсынұлы «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай, әм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек» деп сара жол сілтеді.

Өсіп келе жатқан ұрпаққа шығармашылық тәрбие берудің тиімді нұсқаларын әр түрлі жас мөлшеріндегі балаларға мақсаттың қолайлы құрылысын анықтаудан бастау керек. Мұнсыз оқушылардың білімін жетілдіру жемісті бола бермейді. Затқа, объектіге көңіл аудару көп жағдайда оқушылардың оршаған ортаны тануда жетістікке жеткізеді, себебі, ол көзбен қабылдаудың толықтығын және тереңдігін қамтамасыз етеді, ойлаудың активтілігіне құбылыстардың қандай да бір нысанасын үйренуге бағытталған оқушының ерік – күшінің жиналуына жағдай жасайды[1].

Оқушының көру және есту қабілеттерін қалыптастыруда әр түрлі құбылыстар мен фактілерді байқау, шынайылық объектілерінің мағынасын, аз байқалатын жақтары мен белгілерін есепке алу қажет. Көз алдына елестету функциясының сөйлеуді дамытуға тәуелді екенін Л.С.Выготский тауып айтқан еді. Оның тұжырымында көз алдына елестету сөйлеу дамуына тәуелді, яғни балалардың қоршаған ортамен қарым-қатынасының негізі болып саналатын ұжымдық - әлеуметтік кепілі. Жоғарыда айтылған тұжырымнан көріп отырғандай, егер бала көркемөнермен байланысты болмаса, сурет салу, ән айту, өлең оқу дағдысы болмаса, оқуға, еңбек етуге ынтасы болмаса сөйлеу процесі тежеледі, көз алдына елестету қабілеті жойылады. Ал бұл жағдай баланың

шығармашылық әрекетін тоқтатады. Сократтың өзі-ақ оқыту барысында шәкірттің танымдық іс-әрекетін арнайы басқарудың маңыздылығын атап көрсеткенді.

Б.Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде, балалармен дұрыс тіл табыса білуінде. «Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа және айналасын, өз ортасын тануға, ой еңбегін үйретуге тиіс», - деп атап көрсетті.

Шығармашылық қабілетті дамытудың психологиялық, педагогикалық ережелерін басшылыққа алып қарастырғанда мұғалімнің дидактикалық дайындығына мына компоненттер кіруі керек:

- педогогикалық қызметті толық берілуі, оны дұрыс атқаруы;
- ақыл – ой әрекетін кезеңмен қалыптастыру теориясын білу;
- бала психологиясының жасқа байланысты ерекшеліктерін білу;
- шығармашылық процестің негізін меңгере білу;

Психологтардың зерттеуі бойынша әрбір жас кезеңінде шығармашылыққа баулуға өзек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен.

Қабілеттілік – оқушының жеке психологиялық ерекшелігі. Ол жалаң білім мен дағды емес, соны тез игеру жолындағы табандылығы. Ол адам бойындағы жақсы қасиеттер, яғни олардың жиынтығы.Өзбек ғұламасы Әлішер Науаи өзінің «Ғажайып мәжілістер» атты еңбегінде адам тек рухани қабілеттіліктен туады. Оның негізі еңбек деп тұжырымдады.

Көптеген психологтар оқушылардың жасы өскен сайын нерв жүйесінің мүмкіндіктері кеңейіп, қалыптасып отыратындығын, бірақ оқушының дамуы үшін ең қажетті, құнды қасиеттерінің біртіндеп жоғалып отыратындығымен түсіндіре келе, бала қабілетінің дамуы үшін ең қымбатты кезеңді ,тиімді пайдаланып қалуға асығу керектігін ескертеді. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай қабілет олардың белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі арқылы көрінеді.

Балалық кезде ерекше көзге түсетін бейімділіктің келешектегі олардың қабілетінің көрсеткіші екенін ескеріп, оқушының бейімділігін дер кезінде көре біліп, соған сәйкес келетін қабілеттерді дамыту біздің міндетті борышымыз екенін ұмытпауымыз керек.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттерін дамыту жөнінде И.П.Волковтың айтқан пікірі өте құнды. Оқушының шығармашылық қабілеттері олардың өз бетімен меңгерген білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын пайдалана отырып өзіне бұрыннан белгілі жаңадан бір нәтиже алуы.

Баланың жаңа нәтижеге қол жеткізуі жалпы білімдерімен қатар олардың осы нәтиже алу жолында пайдаланылатын әдіс-тәсілдердің тиімдісін таңдай алуына, тапқырлықтарына және жеке психологиялық қабілеттеріне байланысты.

Психологтардың зерттеулеріне қарағанда, шығармашылық іс-әрекеттің қалыптасуы өздігінен тұйыққа тірелген процесс емес. Ол тек әлеуметтік орта қоршауымен, адамның өзіндік қызмет сипатымен ғана емес, жеке тұлғаның кәсіби іс- әрекеті, танымдық қажеттілігін оятуға ынталандыратын оқу және тәрбие үрдісі, сондай-ақ өзінің жеке басының белсенділігімен үндесе жүргізілетін күрделі үрдіс. Бұл мәселе белгілі бір танымдық іс-әрекетке оларды бағыттаптын, тәрбиелейтін, жұмылдыратын, ынталандыратын адамдардың әсеріне де тікелей байланысты[2].

Сонымен қатар шәкірттің танымдық іс-әрекетте ілгері қарай басуына себепкер болатын негізгі күш – түрлі қайшылықтар. Бала білмеуден білуге қадам басқанда әртүрлі қайшылықтар мен қиындықтарға кездеседі, оларды шешу, жеңу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асады.

Оқу үрдісіндегі ең негізгі қайшылықтармен оқушының мүмкіндіктерінің (білімі, дағдысы, дамуының қазіргі деңгейі) арасындағы қайшылық. Бұдан тағы да оқушының

білімі мен біліктілігі арасындағы және шығармашылық ойлауы мен репродуктивті ойлау арасындағы т.б. қайшылықтар жатады. Осындай қайшылықтарды шешу оқушының саналы түрде көп күш-жігер жұмсауын керек етеді.

Оқытушы шәкірттің білім, білік деңгейлерін анықтап, олармен жеке дара жұмыстар жүйесін пайдалануы керек. Жүйелі, дұрыс ұйымдастырылған шығармашылық әрекет түрлері нәтижесінде шәкірттің білімі, біліктілігі кеңейіп, шығармашылық ізденімпаздығы қалыптасады.

Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, оны ұйымдастыра білуі, танымдық іс-әрекет түрлерін таңдап, оны жоспарлай білуі, ізденімпаздығын арттыру маңызды жұмыс. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерді жоспарлау және іске асыру біліктерінің қалыптасуына оқу-танымдақ тапсырмаларды шығармашылық тұрғыда шешудің маңызы зор.

И.Д.Левитовтың пікірінше, оқушылардың шығармашылық қабілеттері деп іс-әрекет қорытындысында жаңа бір нәрсені үйренулері және оқушылардың даралық бейімділіктерінің, қабілеттерінің, тәжірибелерінің көрінуі болып табылады. Бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, импульсивті, қабылдау мүмкіндіктері де әр түрлі болады. Баланың жасырын, тіпті тым тереңде жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау тек оқыту үрдісі кезінде үлкендердің басшылығымен жүзеге асады.

Оқушылардың жалпы шығармашылық қабілетінің құрамдас компоненттерін анықтауға бағытталған еңбектер де жеткілікті, атап айтсақ, И.Л.Лернердің, А.Н.Луктың, В.И.Андреевтің, А.Л.Яковлевтің, Д.Б.Богоявленскаяның еңбектері. А.Н.Лук шығармашылық қабілеттің компоненттерінің құрамына басқа көзқарас тұрғысынан келе отырып, шығармашылық қабілеттерді үш негізгі топқа бөліп қарастырады:

- 1) ынтамен байланысты қабілеттер (қызығушылық және икемділік)
- 2) темпераментпен байланысты қабілеттер (көңіл-күй) ақыл-ой қабілеттері.

А.Н.Луктың оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің компоненттері құрамына қатысты айтқан пікірі құнды және оны төмендегі себептерге сәйкес түсіндіруге болады:

- оқушы кез-келген іс-әрекет нәтижесінде жақсы нәтиже алу немесе белгілі бір қабілет түрін дамыту үшін алдымен осы іс-әрекетке, қабілетке деген оның қызығушылығы, ынтасы болмаса, оның нәтижесі де төмен болатыны сөзсіз.
- көңіл-күй бұл кез-келген істі орындауға негізгі, қажетті көрсеткіш деуге болады.

Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуда олардың осы бағыттағы іс-әрекетке деген көңіл-күй деңгейі маңызды, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижелілігіне әсер ететіні белгілі.

кез-келген іс-әрекетті біз ақыл-ой қабілеттері негізінде ғана іске асыра аламыз. Сондықтан да оқушылардың шығармашылық бағытта жұмыс істеулері де алдымен оны ақыл-ой қабілеттері арқылы жоспарлап алып, оны практика жүзінде іске асыруларын талап етеді.

Я.А.Пономарев «Знание, мышление, умственное развитие» атты еңбегінде кез-келген шығармашылық бағыттағы іс-әрекеттің негізгісі-шығармашылық ойлау дей отырып, оның даму критеріі ретінде іштей жоспарлау әрекетін немесе «ойша» әрекеттену қабілеттерін алады. Автор пікіріне қосылуға болады, себебі ешбір іс-әрекеттің, соның ішінде шығармашылық бағыттағы іс-әрекеттің «ойша» әрекеттенуінсіз іске аспайтыны анық.

Сондай-ақ балалардың «ойша» әрекеттенуі, яғни ойша санауы, талқылауы, жоспарлауы және т.б.- бұл адам интеллектісінің айрықша көрсеткіші болып табылады. Біріншіден, адам ойша әрекеттене отырып нәтижесінде не алатындығын, яғни болашақта алатын нәтижесінің бейнесін көз алдына елестете алады. Екіншіден, қойылған мақсатқа жету жолын жоспарлап, алынбақшы нәтижеге жету тәсілін ойша құрастыра алатындығын көреміз.

Психологиялық зерттеулерге қарағанда оқушылардың «ойша» әрекеттену қабілеттері әсіресе, бастауыш мектеп, яғни негізгі оқу іс-әрекетті, дағдылары қалыптасқанда үздіксіз дамиды және сондай-ақ олардың шығармашылықпен өзін-өзі көрсете білу қажеттігі басым. Бұл оның жеке тұлғасының анықтауына өз қабілетін жүзеге асыруға және оның қанағаттандырылуы оқушыға әрқашан қуаныш сезімін тудырады деп есептейді.

В.В.Давыдов оқушыларда осы кезеңде байқалатын психологиялық жаңа сапалық қасиеттерді сипаттай отырып былай дейді: «Оқушы өз әрекетінде барынша көп қадам жасаған сайын ол тапсырманың түрлі нұсқаларын салыстыра алады және есептің шешуін бақылай алады.»

Адамның жан-жақты дамуының әлеуметтік жағдайларға тәуелді екенін ХҮІ-ХҮІІ ғасырларда алғашқы рет байқаған гуманистер социал-қиялшылар Томас Мор және Томмазо Кампанелла. Мор жеке адамды дамытудың негізі- жалпыға бірдей және міндетті оқу, оқуды ана тілінде жүргізу, балаларға ғылымның әр түрлі салаларынан теориялық білім беру, оны еңбекпен ұштастыру болады деп өзінің бұл пікірін Утопия кітабында сипаттайды.

Ал Кампанелла адам баласының дамуы, жарасымды қалыптасуы, оның бақытты өмір сүруіне байланысты, сондықтан баланың ақыл-ойын, қабілетін дамыту үшін игілікті, қажетті жағдайлар жасау керек деді[3].

Оқыту және тәрбие жұмысының барлық жүйесі оқушыларды еңбекке психологиялық және практикалық тұрғыдан дайындау міндеттерін шешуге бағытталуы тиіс.Еңбек тәрбиесі үшін өте маңызды еңбек сабағы. Онда оқушылар еңбек дағдыларына үйренеді, техникалық білімді игереді. Еңбек сабақтары барысында оқушылар жалпы және техникалық білімге сүйенеді.

Оқу іс-әрекетінде қажетті бақылау, өзін-өзі бақылау, сондай-ақ есептің шешуін ауызша түсіндіруді талап ету, бағалау қажеттігі бастауыш сынып оқушыларында ішкі жоспар бойынша әрекеттенуге және ойша жоспар құруға жағдай туғызады. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері, әсіресе, ән-күйде, ойын үстінде, еңбек сабақтарында жаңа бір нәрсені ашумен, құрастырумен, білумен байланысты көрінеді.

Қазіргі мектепте әлеуметтік тапсырыс - терең ойлай білетін шығармашылық бағытта әрекет ететін адам даярлау. Заттық нәрселер мен іс жүзінде әрекет ету бастауыш мектеп оқушыларының шынайы болмысты сезім арқылы танып білуін қамтамасыз етеді.

Мұның өзі заттық нәрселермен әрекет ету барысында оларды оқушылардың өз қолдарымен ұстап, сипап көруі, қарап шығуы, тыңдап байқауы арқылы жүзеге асырылады. Бұл сезімдік таным ақыл-ой үшін нақты ақпарат болып табылады, яғни айнала қоршаған дүние туралы алғашқы білім түйсіктерін қалыптастырады. Мұның салдары - ойлау қабілеттерінің дамуы.

Баланың іс жүзінде өзгеріс енгізуші қызметі заттың өзін және оның бөлшектерін неғұрлым мұқияттылықпен терең зер сала қарап шығуға бағыт-бағдар береді, яғни заттың «неғұрлым мұқият әрі терең ой жүгірте қарап шығуын» қажет етеді.

Оқушының ойлау қызметі оның моторикалық іс жүзіндегі өзгеріс енгізуші қызметімен ұштасып бір-бірімен қосылған кезінде оңайлана түседі. Бұл жерде «өзгеріс енгізуші қызмет» деген ұғымға баса назар аудару керек[4].

Өйткені, таным дамуының алғашқы кезеңінде моторикалы, затты қолмен ұстап көру қызметі басым болып келеді. Егер оқушыларға берілетін тапсырмалар оларға ешқандай қиындық келтірмейтін болса, онда ойлану қажетсіз деген сөз. Мәселені шешу барысындағы сәтсіздіктер мен қиындықтар ойланып-толғануды тудырады, олар психикалық жаңа құрылымдардың қалыптасуына ықпал етеді(жаңа білімдер, ақылға салыпәрекет ету қабілеті, дәлел іздеу,сезіне орындалатын нысанға деген қабілет түрлері мен қатынас жасау тәсілдері пайда болады)

Психология ғылымындағы психологиялық деген ұғым оқушының практикалық іс-әрекетке деген қабілеті мен икемділігін айқындайды. Оның ойдағыдай дамуын жетілдіретіндер: талап, қызығу және бейімділік сияқты қасиеттер. Адам қабілетінің әр қилы болуын ұлы физиолог сигнал жүйелерінің өзіндік ерекшеліктерімен түсіндіреді. Әдетте ол адамда әр түрлі болып келеді.

Кейбір оқушының ойлау жүйесі мен зерделеу деңгейінің өзгеден жоғарырақ тұратыны шындық. Бірақ оның барлық пәндерден бірдей үздік болуы екіталай. Яғни, ол өзі ерекше қадір тұтатын пәніне ғана қабілет-қарымы ашылып, бүкіл болмысымен жарқырап көрінеді де, өзге пәндерге белсенділігі тежеліп қалады. Мұндай жағдайда мұғалім оқу-тәрбие жұмысын психологиялық ерекшеліктер мен педагогикалық ерекшеліктер мен педагогикалық заңдылықтарды үйлестіре, сабақтастыра атқаруы тиіс. Сонда ғана жұмыстың нәтижелі болары ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев “Педагогика” Алматы, 2002
2. Бастауыш білімнің міндетті мемлекеттік стандарты. Алматы, 1998
3. И.П.Волков. Педагогикалық ізденіс. Алматы, 1989.
4. Ұ.Жазықбаева. Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз тәрбиелейді. Шымкент, 2000.
5. Марьенко И.С. Оқушыларды тәрбиелеудің үлгі мазмұны, Алматы, 1978

УДҚ 372.881

БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕ МЕКТЕП ПЕН ЖАНУЯНЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жандилдина Роза Есентаевна

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Жұмағазы Мерей Бақытқызы

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3 курс студенті

roza.zhandildina@mail.ru

Андатпа: Бала туылғанда пәк болып, тек адамдық пен ізгілік қасиеттермен дүниеге келеді бұл ұлы заңдылық. Бірақ, пәктік ізгі ниеттілік балада өзімен - өзі ұзақ сақтала қоймайды. Балаға дұрыс тәрбие беру мақсаты - оған дұрыс білім беруге мүмкіндік туғызады. Ол үшін ата-аналар өз балаларының дүниеге келгенде белгілі бір мінез-құлықпен келетін, оны өзгерту мүмкін емес екенінің білулері қажет.

Кілт сөздер: Бала, ізгілік, қасиет, пәктік, ізгі ниеттілік, қоймайды, тәрбие, білім беру, мүмкіндік, ата-аналар, мінез-құлық

Аннотация: Не говорите: это великий закон, что ребенок рождается чистым, обладающим только человеческими и добродетельными качествами. Однако невинная доброжелательность остается с ребенком недолго. Цель правильного воспитания ребенка – создать ему возможность получить правильное образование. Для этого родителям необходимо знать, что их дети рождаются с определенным поведением, которое невозможно изменить.

Ключевые слова: Ребенок, добродетель, добродетель, девственность, доброжелательность, не ставит. воспитание, образование, возможности, родители, поведение

Abstract: Do not say: it is a great law that a child is born pure, possessing only human and virtuous qualities. However, innocent goodwill does not remain with the child for long. The goal of raising a child correctly is to create the opportunity for him to receive the right education. To do this, parents need to know that their children are born with certain behaviors that cannot be changed.

Key words: Child, virtue, virtue, virginity, benevolence, does not pose. upbringing, education, opportunities, parents, behavior

Өнегелі жанұяда ғана тәрбиелі ұрпақ өсіп жетілетіндіктен, бүгінгі қоғамның біршама қиындық туғызып отырған өтпелі кезеңінде бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық қасиеттерін дамытуда сң алдымен, жанұя жағдайының ықпалы үлкен екендігі белгілі. Бүгінгі таңда жанұя тәрбиесін жақсарту, ондағы бала мен ата-аналар қарым-қатынасын гуманитарландыру мәселесі мемлекеттік тұрғыда маңызды орынға көтеріліп отыр.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының Конституциясында: "Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың құқығы әрі парызы", - деп көрсетіледі. Ал, әлемдік деңгейде "Баланың құқығы туралы конвенция" қабылданып, бала дүниеге келмей жатып, қамқорлық жасаудың жолдары қарастырылуда. Бұның өзі бүгінгі бастауыш сынып оқушылар тәрбиесінің өте күрделі екендігін дәлелдейді.

Әрбір ұлттың басқа ұлттан айырмашылығы оның тілі мен ұлттық тәрбиесі арқылы ерекшеленбек. Сондықтан бүгінгі кіші жас оқушыларына ұлттық тәрбие беру және оларды бүгінгі заман талаптарына сай етіп тәрбиелеу қоғам алдында тұрған үлкен міндет. Қоғамның бір бөлігі болып табылатын жанұяның бұл тұстағы мүмкіндігі ерекше [1].

Жанұядағы кіші жас оқушыларының бүгінгі заман талабына сай жан-жақты қасиеттерін және тәрбие алуын қамтамасыз етуде ата-аналардың педагогикалық білімдерін жетілдіру қажет. Ол мектеп пен жанұяның ынтымақтастығын нығайтпайынша жүзеге асуы мүмкін емес.

Оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру жан-жақты тәрбиелеу, мектеп пен жанұяның ынтымақтастығын нығайта отырып, тәрбиелік іс-шаралар мазмұнын гуманитарландыру арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі мектеп тәжірибелерінде мұғалімдердің ата-аналар мен жанұя тәрбиесі бойынша жұмыс жүргізуінде арнайы бағдарламаның жоқтығынан өз бетінше әрекет етуі байқалса, бұл жас педагог - мамандары үшін аса бір қиыншылық туғызып отыр.

Соның салдарынан мұғалімдер жанұялармен тек ата-аналар жиналысы арқылы ғана байланысып келді. Осыдан кейін бізге мектеп пен жанұяның, дәлірек айтқанда, сынып жетекшілерінің ата-аналармен ынтымақтастықта әрекет етуінің нақты міндеттерін анықтау, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру мақсатында ата – аналардың жанұя тәрбиесі бойынша педагогикалық білімдерін жетілдірудің мазмұнын анықтау қажеттілігі туды. Зерттеу жұмысы барысында оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру ұлттық тәрбие тұрғысынан қарастырылды. Сонымен қатар, бүгінгі жанұя тәрбиесінің дамуына әсер етіп отырған нарық талаптары да назардан тыс қалған жоқ.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері мен тұлғалық қасиеттерінің мәнін ашуда Ресейдің Кеңес ғалым психологтары: А.В.Петровский, Р.С.Немов, Д.С.Мухина, С.Ф.Жустков, Д.Б.Эльконин және т.б. ал Қазақстандық ғалым - психологтар Қ.Жарықбаев, М.Мұханов және т.б. еңбектерін пайдалана отырып, осы жас кезеңнің көрініс беретін тұлғалық қасиеттерін жағымды және жағымсыз деп топтастырған. Олардың бойында кездесетін мейірімділік, кішіпейілділік, тәртіптілік, ақкөңілділік, сүйкімділік және т.б. жалпы адамзатқа тән тұлғалық қасиеттердің жиынтығы екендігін айқындаған.

Бүгінгі таңда ата – аналардың жанұя тәрбиесі жағдайында бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда дайындығын арттырудың бір жолы оларға жүйелі түрде білім беру болып отыр. Ол ата – аналар жиналысы, ата– аналар университеті, сұхбаттар мен әңгімелер және басқа да іс – шаралар мазмұнына ендірілу арқылы жүзеге асырылады.

Бастауыш сынын оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда ата -аналарды мектеп жұмысына тарту арқылы нәтижелі еңбек етіп жүрген ғалым педагогтар тәжірибесіне сүйенсек, Ш.Амонашвили ол мектепті балалардың үлкен өмірге даярлығын қалыптастыратын "өмір мектебіне" берген ата - аналар мектептің алдағы оқу тәрбие үрдісіндегі мақсатымен хабардар етілуі керектігін айтады. Кейбір жаңадан ендірілген

білімдермен, әрекеттермен (оқу құралдарының, сабақ өту дәстүрлерінің өзгеруі) ата-аналарға оқу бағдарламаларының мазмұны шектен тыс көп сияқты болып көрінуі мүмкін дейді.

Сондықтан, әсіресе, бірінші оқу жылдарында ата – аналармен шыдамдылықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Сонда біртіндеп, "өмір мектебі" ата-аналармен ынтымақтастық қарым - қатынаста бола алады.

Бұл процестің қарқынын, яғни мектептің жанұя тәрбиесіне ықпалын арттыру үшін "өмір мектебі" ата — аналарға есігін айқара ашады. Бұл ата - аналарға балалармен өткізілетін әртүрлі тәрбиелік іс-шаралар мен сабақтарға қатысуына мүмкіндік туғызады деген сөз. Тіпті кейде, ата - аналар арнайы дайындықты талап ететін үйірмелерді басқаруға, саяхаттар мен серуендерді ұйымдастыруға шақырылады. Оларға оқушылар тарапынан концерттер мен қойылымдар, көрмелер ұйымдастырылып, ынталандырылады[2].

Қажетті болғанда мұғалімдер мен сынып жетекшілері жанұяда оқушы арқылы баласының сабақтағы үлгерім жетістіктері мен ұнамды әрекеттері жайлы хабарлап, хаттар жолдайды. Жылына екі рет ата - аналар өз балаларының жетістіктері туралы толық баяндалған пакеттер алады. Пакетте баланың жеке басының рухани-адамгершілік дамуына педагогикалық мінездеме беріледі.

"Өмір мектебінің" ата-аналармен жүргізетін жұмысының негізгі мақсаты мыналардан тұрады:

Біріншіден, ата - аналар мектепті балалардың шын жүрегімен қабылдайтын үйі деп санап, өздері де мектеп жұмысына көмектесуге дайын болуын қамтамасыз ету;

Екіншіден, ата - аналарды жанұяда балаларымен өзара тұлғалық -гумандық қарым-қатынаста болуға үйрету.

Жанұя тәрбиесі жағдайында бастауыш сынып оқушыларын жеке тұлғасын қалыптастыру ата - аналардың педагогикалық білімін жетілдіру жұмыстарын жүргізу өте тиімді. Ол ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың мазмұнына жанұя тәрбиесі мәселелері жайлы білімдерді ендіру арқылы жүзеге асырылады.

Сондықтан, ең алдымен сынып жетекшілерінің білімін көтеру жолдарын іздеу ата – аналардың педагогикалық білімін көтеруде пайдаланылатын білімдер қорын ең алдымен сынып жетекшілерінің жетік меңгеруі тиіс.

Сынып жетекшілердің ата - аналармен жұмыс істеудің тағы бір әдісі - ата - аналар жиналысы. Бұл сынып жетекшінің отбасымен байланысының аса маңызды түрі. Ата - аналар әр мектепте, әр түрлі кездерде, әр түрлі жағдайларда болады.

Ата - аналар жиналысы біздің мектепте оқу жылының басында және әр тоқсанның аяғында, әр мерекенің, кештердің алдында өткізіледі.

Бұл жиналыста ата-ананың көңілін сынып жетекшісі өзіне аудару жөнінде кіріспе баяндамалар оқып кетеді. Сонан соң күн тәртібінде қаралатын мәселелерді ескертеді. Жақсы дайындалып, шебер өткізілген жиналыстар балалар мінез - құлқын дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі. Алғашқы жиналыста мұғалім ата-аналар комитетінің құрамын сайлайды. Бұл мәселені ата-аналардың өздері келісіп шешкен жөн.

"Сынып жетекшісінің жұмысы туралы" әдістемелік хатта былай делінген: "Ата-аналар жиналыстарында педагогикалық оқу-ағарту жұмыстарымен қатар мектеп пен отбасында бала тәрбиелеудің тәжірибесін алмасу жүзеге асырылады, ата-аналар қолданып жүрген тәрбие әдістерінің сәтті және сәтсіз жақтары талқыланады".

Сынып жетекшілері тақырыптық жиналыстарды да жиі өткізеді. Олардың мақсаты ата-аналарды нақтылы педагогикалық біліммен қаруландырып, отбасында бала тәрбиелеудің алдыңғы қатарлы тәжірибесімен таныстырып отыру болып табылады[3].

Жиналыстардың тақырыбы тәрбие жұмысын бүгінгі күннің талабына сай және ата-аналардың талаптарына байланысты алынады. Мысалы: "Баланың жақсы оқуына қалай көмектесуге болады?", "Балаларды отанды сүйуге тәрбиелеу", "Балаларды шындыққа және адалдыққа тәрбиелеу", "Отбасында баланы ынталандыру", "Ата-ананың беделі және жеке басының үлгісі" т.б.

Отбасы тәрбиесінде ата-аналар мен мектеп Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін қорғау жолында өз жанын аямайтын нағыз ұлтжанды, өз халқын, өз отанын шексіз сүйетін еліміздің нағыз қорғаны бола алатын азаматтарды шығару үшін ықпалы ерекше болады. Нағыз еліміздің азаматын тәрбиелеу, біріншіден, отбасымен байланысты. Тәрбиенің бастауы отбасынан басталады. Бала өз отбасында негізгі рол атқарады.

Отбасындағы баланың ең негізгі қасиеттерінің бірі оның адамгершілігін қалыптастыру, оған мектеп пен ата-ананың арасындағы байланыс тұрақты болу керек. Ата-ана мен мектептің бірлігі үлкен мақсат жолындағы тұтастығы, ұрпақ тәрбиесіндегі ең маңызды шарт екенін білуіміз керек. Оны қазіргі мұғалімдер мен ата-аналар жақсы түсінеді. Бұл ретте ата-аналардың да белгілі мөлшерде педагогикалық білім тәжірибесі болуы керек.

Ұрпақ тәрбиесінің түп негізі бастауыш сыныптарда екені анық. Осыны терең түсінген көптеген ата - аналар балаларының даңғыл жол ашатын, негіз болып қалатын сәтте мектеппен, ұстаздармен бірлесе орасан зор жұмыс атқарады. Бұл тұста, әрине, ұстаздардың белсенділігі ерекше.

Кіші жас оқушыларының жеке басының дамуы үшін қасиеттің алатын орны ерекше. Олай болса, олардың жағымды ізгі қасиеттерін дамытуда жанұя тәрбиесінің ролінің мәнін жан-жақты ашу үшін "жанұя" және "тәрбие" ұғымдарына педагогикалық анықтамалар келтірілген.

Соңғы жылдары қоғамдағы тәрбиенің мақсаты «Тұлғаны жан -жақты, үйлесімді етіп тәрбиелеу» деп көрсетілген. Демек бүгінде әрбір адамның жеке басын материалдық және рухани адамзаттық құндылықтармен молайту көзделіп отыр.

Бұл мақсат-міндеттер жанұя тәрбиесін жақсатудан бастау алып, ондағы тәрбиелер мен ата-аналардың педагогикалық білімдерін жетілдірумен шешілмек. Бүгінгі таңда ата-аналардың жанұя тәрбиесі бойынша педагогикалық білімдерін жетілдіруде ең негізгі ұйытқы болатын мектеп, соның ішінде сынып жетекшілері болып отыр.

Мектептің жанұя тәрбиесіне ықпалын арттыру үшін ата - аналарға мектеп есігін үнемі ашып, балалармен өткізілетін әртүрлі тәрбиелік іс -шаралар мен сабақтарға қатысуына мүмкіндік туғызу қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда мектептің ата-аналары мен жүргізілетін жұмысының негізгі мақсаты мыналардан тұрады. Біріншіден, ата - аналар мектепті балаларының шын жүрегімен қабылдайтын үйі деп санап өздеріде мектеп жұмысына көмектесуге дайын болуын қамтамасыз ету. Екіншіден, ата - аналарды жанұяда баламен өзара қарым - қатынаста болуға үйрету.

Осындай мақсатпен мектептің әдістемелік бірлестіктері жанұя тәрбиесі мәселелері бойынша ата - аналар семинарларын ұйымдастырады. Онда ата - аналар балалардың дамуға, есеюге, бостандыққа ұмтылуының табиғатын және баланың бойында рухани байлықты қалыптастырудың маңыздылығын ол үшін қоршаған ортадан сүйіспеншілік сезімінің, мейірімділікпен сыйластықтың қажеттілігіне біледі.

Мектептің ата - аналармен жүргізетін жұмысы баланың мектепте және жанұяда, тұтас білім берушілік ортада тәрбие алуына жағдай жасауға бағытталған[4].

Жанұя саналылық пен ынтымақтастықтың және болашақтың бастаулар негізі. Мұғалімдер жанұяның тәрбиелік мүмкіндігін толығымен аша отырып, ата –аналардың да гумандық педагогикалық мынандай идеясын мойындауына атсалысуда.

Бала туылғанда пәк болып, тек адамдық пен ізгілік қасиеттермен дүниеге келеді бұл ұлы заңдылық. Бірақ, пәктік ізгі ниеттілік балада өзімен - өзі ұзақ сақтала қоймайды. Балаға дұрыс тәрбие беру мақсаты - оған дұрыс білім беруге мүмкіндік туғызады. Ол үшін ата-аналар өз балаларының дүниеге келгенде белгілі бір құлықпен келетін, оны өзгерту мүмкін емес екенінің білулері қажет.

Баланың дара ерекшелігін біле отырып, оның дамуына жағдай туғызады. Ол үшін әрбір ата - ана жас кезеңдеріне сай өзгерістерін, оған дұрыс қатынас жасау жолдарын біліп отыру, мектеппен сынып жетекшісімен тығыз байланыста болуы керек. Осыған орай, бүгінгі таңда ата-аналармен жанұя құрамына байланысты келесі топтарға біріктіруге болады.

- Отбасында жалғыз баласы бар ата – аналар
- Көп балалы отбасылы ата – аналар
- Отбасындағы ата - әжелер
- Әкелер
- Аналар, т.б. түрге жұмыс жүргізуге болады.

Ұлы халқымыз - «Тәрбиеде ұсақ түйек болмауы тиіс» - деп, жанұя мүмкіндігін толық ата-аналармен бөлісе жұмысты ұйымдастырады. Оларға балалы жанұяда тәрбиелеуде кеңестер беріп, ой бөліседі. Тіпті жазғы демалыс кезінде де балалармен хат алысып, хабарласады. Олардың өз бетінше әрекет етіп, дамуны бағыт беріп отырады.

Сондай-ақ, жанұя -әлеуметтік орта ретінде оқушылардың жеке басының дамуына екі жақты әсер етеді және ол баланың тұлғалық қасиеттерін дамытудың негізгі факторы деп көрсеткен.

Жалпы кіші жас оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру үшін мектеп пен жанұя бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана оң нәтижелі мәнге ие болары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Айтмамбетова Б.,Бозжанова К. және т.б. Балаларды семьяда адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері.- А.,1985.
2. Әбенбаев С.Ш. Сынып жетекшісі.- А., Дарын, 2004
3. Сманов.,А.Оңғарбай. Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы. Оқу құралы. Шымкент. 2005
4. Қалиев С. Оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастырудың теориялық негіздері. А. 2002
5. Қазақстан Республикасының азаматтарының мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамасы. "Егемен Қазақстан", 1995.

УДК 541.13

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ МЕДИА – АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жандилдина Роза Есентаевна

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Саттар Таңшолпан Таңатқанқызы

педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Қайырбекова Салтанат Сансызбайқызы

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог

мамандығының 4курс студенті

roza.zhandildina@mail.ru

Аңдатпа: Мектепке дейінгі медиабілім беру – бұл мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты даму процесіне медиа-ойындарды, көркем, шығармашылық құралдарды қосу, соның нәтижесінде медиа сауаттылық, қазіргі жағдайда мектеп жасына дейінгі баланың қажетті сапасы қалыптасады.

Кілт сөздер: Мектепке дейінгі медиабілім беру, мектеп жасына дейінгі бала, жан-жақты даму, медиа-ойындар, көркем, шығармашылық құралдар медиа сауаттылық, сапа.

Аннотация: Дошкольное медиаобразование – это включение медиаигр, художественно-творческих средств в процесс всестороннего развития дошкольника, в результате чего формируется медиаграмотность – необходимое качество дошкольника в сложившейся ситуации.

Ключевые слова: Дошкольное медиаобразование, ребенок дошкольного возраста, всестороннее развитие, медиаигры, художественные, творческие средства, медиаграмотность, качество.

Abstract: Preschool media education is the inclusion of media games, artistic and creative means in the process of comprehensive development of a preschooler, as a result of which media literacy is formed - a necessary quality of a preschooler in the current situation.

Key words: Preschool media education, preschool child, comprehensive development, media games, artistic, creative means, media literacy, quality.

Қазіргі бала ерте жастан бастап "виртуализацияланған", киберкеңістікке енеді "Интернет тұрғындары", "сандық аборигендер" ұрпағының жоғары психикалық функцияларын қалыптастыру гибриді кеңістікте жүзеге асырылады, ол өзгеретін сипаттамалары бар (оң және теріс) мектеп жасына дейінгі баланың психологиялық портретін анықтайды.

Ғалымдар цифрландырудың психологиялық процестер мен жеке қасиеттерге әсер етуінің қандай жағымсыз салдарын анықтады?

И. П. Березовская "шашыраңқы назар синдромын" зерттей отырып, оны болашақ ұрпақ диагнозы деп атайды, бұл "сандық ұрпақтың" қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру жүйесін өзгерту қажеттілігін тудырады.

Жоғары технологиялық революция баланың назарын шоғырландыру және айналасындағы әлемді ойлау, оның сенсорлық стандарттарын дәл және мұқият тану қабілетін төмендетеді. Шамадан тыс көп тапсырма баланың күйзелісін күшейтеді, назардың жетіспеушілігін көрсетеді, мектеп жасына дейінгі баланың тиімділігін төмендетеді. Кішкентай интернет жадтың өзіндік "протезіне" айналатынын, ал цифрлық ортаға ену мидың ерекше шаршауын және техногендік сарқылуын тудыратынын атап өтті; жад қысқа мерзімді болады, іс жүзінде қолданылмайды.

А.Д.Еляков интернет-технологиялар әлемі ойлаудың нашарлауына әкелуі мүмкін дейді. Л. Ш. Крупенникова, В. И. Курбатов, Э. Тоффлер коммуникацияның жаңа түрін – ойлаудың жаңа түрін – желілік ойлауды, Интернет- пайдаланушылар психикасының жаңа түрін анықтайтын виртуалды коммуникацияны зерттеді, Интернет-коммуникациямен және оны жүзеге асыру формаларымен тығыз байланысын орнатты.

А.Д.Андреева виртуалды орта танымдық іс-әрекеттің сипатын өзгертетінін атап өтті: тақырыптық әрекеттердің, сенсорлық стандарттардың баяу қалыптасуы, жалпылау, талдау, себеп-салдарлық байланыстарды іздеу, шоғырлану қабілетін дамыту; аудио қабылдау мен есту жадының жеткіліксіз деңгейі; сөйлеу және танымдық дамудың сәйкес келмеуі, сенсорлық және мотор тәжірибесі. Балалардың сөйлеу әрекеті Балалардың пәндік және әлеуметтік әлемді игеруі пәндік, Әлеуметтік және виртуалды кеңістіктерде бір уақытта жүретіндігімен сипатталады (Е.В. Митягина, Н.С. Долгополова). Сандық құралдар ауызша интеллекттің қалыптасуын, сөйлеудің дамуын қиындатады, сөйлеу патологиясына әкеледі (Н.А. Горлова).

М.М. Безруких атап өткендей, балалар ерте жастан оқи бастайды және жаза бастайды, бірақ олардың функционалды сауатсыздығы артады, мәтінді семантикалық қабылдау қабілетінің дамуы төмендейді; дисграфиясы мен дислексиясы бар балалардың саны артады. Оқу әлеуметтік желілердегі коммуникациялармен алмастырылады, Үстірт болады, механикалық дағдымен; мәтінді оқу барысында ойларды, сезімдерді, қызығушылықтар мен тәжірибелерді жаңартпайды (В.П. Чудинова).

Балалар өз ойларын білдіру үшін сөздерді таңдауда, мәтіндік фрагменттер мен сөз тіркестерін есте сақтауда қиындық көреді. Балалар - "сандық аборигендер" мектепке технологиялық тұрғыдан дайын (оқу, жазу, санау), бірақ сауаттылықтың семантикалық негіздерін игеруге дайын емес; компьютермен манипуляциялар қолдың жазуға әлсіз дайындығына әкеледі. Баланың әлеуметтенуі.

Цифрландыру уақыты жеке қабілеттерді жеке құндылық ретінде жандандырды, бұл командалық рухтың (христиан дініндегі собор, кеңес мектебіндегі ұжымшылдық) екінші орынға ауысуын қамтамасыз етті. Бұл жанама және тікелей балалардың агрессивтілігі мен қатыгездігіне әкеледі[1].

0-6 жас аралығындағы балаларға ақпараттық білім беру

Заманауи мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне ақпараттық технологиялар, оқыту мен білімді игерудің қашықтан түрлері, жобалық іс-әрекеттер мен электронды өнерлер еніп жатыр. Мектеп жасына дейінгі балалар үнемі өсіп келе жатқан ақпарат ағынымен бетпе-бет келеді, олар іздену дағдыларын көрсету, алынған ақпаратты өз бетінше бағалау қажет болғанда айтарлықтай қиындықтарды бастан кешіреді.

Мектепке дейінгі медиабілім беру – бұл мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты даму процесіне медиа-ойындарды, көркем, шығармашылық құралдарды қосу, соның нәтижесінде медиа сауаттылық, қазіргі жағдайда мектеп жасына дейінгі баланың қажетті сапасы қалыптасады. Ақпараттық қоғамның заманауи дамуы жағдайында мектепке дейінгі медиа-білім беру қажет.

Медиабілім берудің жоғары мақсаты ретінде жеке тұлғаның медиа менталитетінің қалыптасуының негізі және балалардың ақпараттық, медиа және құқықтық мәдениетін қалыптастырудың, олардың ойлау дербестігін дамытудың негізгі жолы ретінде қарастырылады, бұл ең тиімді кепіл оларды жағымсыз медиа-контенттен қорғау.

Мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі ережесі – ол мектеп жасына дейінгі баланың дамуының психофизиологиялық ерекшеліктеріне зиян келтірмеуі керек. Л.С.Выготский бала өмірінің алғашқы екі жылын дамудың сөзге дейінгі кезеңі ретінде сипаттады. Екі жылдан кейін ойлау мен сөйлеу сызығы бірге дами бастайды, бұл процестердің синергиясы бар. Психологтардың көптеген зерттеулері ересектер тарапынан бақыланбайтын және мектеп жасына дейінгі балаларға арналған стандарттар талаптарына сәйкес келмейтін теледидарды, компьютерлік ойындарды және ойын-сауық бағдарламаларын белсенді пайдалану мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуына орны толмас зиян келтіруі мүмкін екенін дәлелдейді, әсіресе мектепке дейінгі кезеңде. - сөздік кезең. Төмен сапалы және жасына сәйкес келмейтін БАҚ ақпаратын бақылаусыз тұтыну сөйлеу мен артикуляцияның дұрыс қалыптасуына кедергі келтіреді, балаларға қажетті қозғалыс және сенсорлық дағдыларды дамытуға ынталандырмайды. Бұл ми функцияларын қалыптастырудың жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін.

Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларды қазіргі заманғы БАҚ ақпаратымен мөлшерленген және теңгерімді қарым-қатынасқа үйрету қажет. Өкінішке орай, біздің елде мектеп жасына дейінгі балалардың медиа сауаттылығына жеткіліксіз көңіл бөлінуде, мысалы, Британдық Колумбияда және Канаданың басқа төрт батыс провинциясында медиа-білім беру балабақшадағы оқу бағдарламасына біріктірілген[2].

Қазіргі жағдайда технологиялар мектеп жасына дейінгі балалар арасында тұтыну және танымал болу бойынша бірінші орындардың бірін алады. Бұқаралық ақпарат құралдары қоршаған әлемді меңгерудің күрделі құралы болып табылады, олар балаларды тәрбиелеуде, оқытуда және мәдени дамуда орасан зор рөл атқарады. Заманауи мектеп жасына дейінгі балалар теледидар мен компьютерлік технологияның даналығын белсенді түрде түсінеді, медиа инновацияларды оңай меңгереді, медиа тәжірибесі мен медиа қалауы бар: сүйікті мультфильмдер, компьютерлік ойындар, журналдар, телешоулар.

Балаларға арналған медиаконтентті жасаушылар атап өткендей, қазіргі мектеп жасына дейінгі балалар ерте есейеді. Бұл, әрине, қарама-қайшылықты тұжырым, қазіргі мектеп жасына дейінгі балалар техникалық жаңалықтардың барлық түрлерін бір жаста ата-аналарынан ертерек, кейде тіпті ата-аналарынан да ерте меңгереді. Бірақ олар ата-аналарынан бұрын барлық проблемаларымен шынайы өмірді таниды ма, бұл анық емес. Өйткені, виртуалды өмір шындыққа қаншалықты елес жақын болса да, шынайы өмірді алмастыруға қабілетсіз.

Қалай болғанда да, медиа-ақпараттық және интерактивті технологиялар, жобалық іс-әрекеттер, оқыту мен білімді игерудің қашықтан түрлері, электронды өнер заманауи мектепке дейінгі білім беру мекемелерін басып алуда. Мектеп жасына дейінгі балалар үнемі өсіп келе жатқан ақпарат ағынымен бетпе-бет келеді және іздеу дағдыларын көрсету,

алынған ақпаратты өз бетінше бағалау қажет болған кезде айтарлықтай қиындықтарды бастан кешіреді.

Бүгінгі күні мектеп жасына дейінгі балалар (0-6) үшін медиа білім беру әдістері аз әзірленген. Ең алдымен бұл мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мультфильмдер мен фильмдерді көру, содан кейін әңгімелесу. Киноматериалдарды оқыту мен тәрбиелеуге тарту жалпы балаларды оқытудың өте маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бірақ мектепке дейінгі білім беру тәжірибесінде оған азырақ көңіл бөлінді

Жеңіл-желпі, көрінетін «недидактизм». Бұл жерде анық бағаламау бар. Мысалы, бір кездері Ресейден (немесе КСРО-дан) басқа елдерге қоныс аударған адамдармен сұхбат жүргізгенде, олар бұрыннан басқа елде дүниеге келген балаларының ата-аналары көрген фильмдерді көрмейтініне алаңдайтыны белгілі болды.

Адам өзін басқа мәдени ортаға тапса, оған бұл ортаның нені құрайтыны және онда тұлғаның қалай қалыптасатыны айқынырақ болады. Ал бұл жерде балаларға арналған фильмдер, анимация өте маңызды рөл атқарады. Жақсылық пен жамандық, әдемі және ұсқынсыз ұғымдарды қалыптастыру – негізгі этикалық-эстетикалық категориялар, негізгі мінез-құлық үлгілерін, негізгі құндылықтарды, оның ішінде патриоттық сезімді, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру – мұның барлығын балалар жасырын түрде үйрете алады және үйретеді. кино және анимация. Әсіресе, әрине, уақыт сынынан өткен әлемдік және отандық жауһарлар.

Балалардың ұрпақтары осы фильмдерде өссе және бұл фильмдер ешқандай зиян келтірмесе, керісінше, қоғамға қажетті тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына ықпал етсе, онда олар заманауи экранда болуға лайықты, яғни қазіргі балалар оларға да қарау керек. Жалпы, ауызша да, көрнекі де көркем шығармалар, егер оларда жағымды кейіпкерлермен қатар жағымсыз кейіпкерлер болса, ешбір жағдайда ресми түрде бағаланбайды[3].

Дамудың кешігуі (әсіресе сөйлеу). Осының бәріне көптеген әдебиеттер, сондай-ақ балаларға арналған білім беру сайттары арналған. Интернетте балаларға арналған көптеген танымдық және ойын-сауық контенттерін табуға болады. Дегенмен, мектепке дейінгі медиа-білім берудің қазіргі жағдайын жалпы алғанда жеткіліксіз деп сипаттауға болады, сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларды медиа сауаттылыққа үйрету мемлекеттік білім беру саясатының маңызды бағытына айналуы тиіс[4].

Компьютерлік бағдарламалар баланың білімі мен жеке қасиеттерінің жоғары көрінісі ретінде ақпараттық мәдениеттің негіздерін қалыптастырудың негізгі құралы болып табылатын

Ақпараттық-білім беру ортасы – алуан түрлі ақпараттық білім беру ресурстары, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен педагогикалық технологиялар негізінде қалыптастырылған, шығармашылық, зияткерлік және табысты тұлғаны қалыптастыруға бағытталған ашық педагогикалық жүйе.

Мектепке дейінгі білім берудің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды ұйымдастыру жатыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану білім беру жүйесін дамытудың жаңа мүмкіндіктері мен перспективаларын ашады.

Білім беру жүйесінде АКТ қолдану даму мен тәрбиенің дидактикалық құралдарын, әдістері мен нысандарын өзгертеді, педагогикалық технологияларға әсер етеді, осылайша дәстүрлі білім беру ортасын сапалы жаңа ақпараттық — білім беру ортасына айналдырады.

Мектепке дейінгі ұйымда қамтиды:

а) ақпараттық білім беру ресурстарының кешені, оның ішінде цифрлық білім беру ресурстары;

б) акт технологиялық құралдарының жиынтығы: компьютерлер, өзге де АКТ-жабдықтар, коммуникациялық арналар; в) қазіргі ақпараттық - білім беру ортасында мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар жүйесі.

Мектепке дейінгі ұйымда:

➤ білім беру қызметін ақпараттық-әдістемелік қолдауды;

- білім беру қызметін жоспарлау және оны ресурстық қамтамасыз етуді;
- білім беру қызметінің барысы мен нәтижелерін мониторингтеуді және тіркеуді;
- тәрбиеленушілердің денсаулығын мониторингтеуді;
- ақпаратты жасаудың, іздеудің, жинаудың, талдаудың, өңдеудің, сақтаудың және ұсынудың заманауи рәсімдерін;
- Мектепке дейінгі ұйым мақсаты:
- педагогикалық құрамның жұмысын сапалы жақсарту үшін бірыңғай ақпараттық кеңістік құру; білім беру процесі барысында педагогтерінің тиімділігі мен құзыреттілігін арттыру үшін АКТ пайдалану;
- қағазсыз құжат айналымына көшу;
- балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) ББМДҰ сайтына және интернеттегі басқа да ақпараттық ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады.
- мектепке дейінгі ұйымның басқару және қызметін ұйымдастыруды және білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылын жақсарту;
- әдістемелік, педагогикалық, дидактикалық материалдарды сапалы дайындауға жағдай жасау;

Балаға деген сенім, оған деген сенім, өзін-өзі тануға және өзін-өзі растауға деген ұмтылыстарын қолдау шамадан тыс талап пен шектен тыс бақылауды алмастыруы керек. Сыртқы әсерлер емес, ішкі мотивация баланы оқыту мен тәрбиелеудің сәттілігін анықтайды.

Мектепке дейінгі білімнің жоғары сапасы мен қол жетімділігін қамтамасыз ететін заманауи және қауіпсіз сандық білім беру ортасының ерекшелігі сипатталған. Тәрбиеленушілердің ақпараттық-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру және ақпараттық мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктері анықталды.

Біздің ойымызша, киберәлеуметтену бақыланатын және қауіпсіз процесіне және мектеп жасына дейінгі баланың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал ететін тәсілдер, принциптер, психологиялық-педагогикалық және экологиялық жағдайлар ұсынылған[5].

Мектепке дейінгі білім беру жүйесі өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуға қойылатын жаңа талаптарға, дәстүрлі әдістерді алмастыруға емес, ақпараттық білім беру кеңістігін кеңейту арқылы олардың мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етуі тиіс жаңа тәсілдерді енгізуге бағдарланған.

Қазіргі заманғы тәжірибе тәрбиешілер балабақшаның оқу - тәрбие процесінде компьютерлік ойын құралдарын таңдау маңызды рөл атқаратынын айтады.

Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балаларға арналған компьютерлік ойын бағдарламаларын таңдау өте кең, бірақ, өкінішке орай, бұл ойындардың көпшілігі бағдарламалық тапсырмаларды орындауға арналмаған, сондықтан оларды тек ішінара, негізінен психикалық процестерді дамыту үшін қолдануға болады: назар, есте сақтау, ойлау.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының ақпараттық кеңістігінің өміршеңдігі мен өмірлік белсенділігін, барабарлығын, тиімділігі мен өзектілігін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мұғалімнің балалармен де, ата-аналармен де байланыс жұмысын алмастырмайды, бірақ тәрбиешіге көмектеседі, оның оң имиджін және балабақшаның портретін қалыптастыруға жұмыс істейді, педагогикалық қызметтің жақсы нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Балабақшада ақпараттық технологияларды қолдану, тиісті ақпараттық білім беру кеңістігін құру және дамыту - бұл оқу процесін едәуір байытуға, сапалы жаңартуға және оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Білім қоғамдарындағы медиа және ақпараттық сауаттылық / Құраст. Кузьмин Е.И., Паршакова А.В. - М.: МТсБС, 2013. - 384 б.

2. Медиа және ақпараттық сауаттылық: мұғалімдерді даярлау бағдарламасы» (ЮНЕСКО, 2012) [Электрондық ресурс]<https://iite.unesco.org/pics/publications/en/files/3214706.pdf>
3. Федоров А.В. Тұлғаның медиақұзырлығы: терминологиядан көрсеткіштерге дейін//Телекоммуникация және білім беруді ақпараттандыру. 2007 жылғы № 3
4. Федоров А.В. Медиа білім және медиа сауаттылық. - Таганрог: Кучма баспасы, 2004.- 340 б.
5. Цифрлық болашақ. БАҚ және ақпараттық сауаттылық дағдыларының каталогы. - М.: Кітапхана ынтымақтастығы халықаралық орталығы (ХҚКО), 2013. - 68 б.

ӘОЖ 796

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ШЫҢДАУДА ФУНКЦИОНАЛЬДЫ ҰҒЫМДАРДЫҢ ЖЕТІЛУІ

Қонысбаев Қанат Болатович

АрқПИИ профессоры,аға оқытушы

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Болат Мұрат Санатұлы

Дене шынықтыру және спорт мамандығының 4 курс студенті

Konuzbaiy@mail.ru

Андатпа: Спорттық дайындық – спортшының машықтануы, оның жарысқа қатысуын қамтитын, машықтану және жарыс жүйесін ғылыми әдстемелік және материалдық тәсілдік жағынан қамтамасыз ететін, оқу мен спортты, жарыс пен демалысты үйлестіру үшін қажетті жағдайлар жасайтын көп жақты жүйе.

Кілт сөздер: Спорттық дайындық, спортшы, машықтану, жарыс, қатысу, жарыс жүйесі,ғылыми, әдстемелік,материалдық, тәсілдік, спорттық, демалыс, үйлестіру, қажетті жағдайлар,көп жақты жүйе.

Аннотация: Спортивная подготовка – это многогранная система, включающая подготовку спортсмена и участие в соревнованиях, обеспечивающая систему тренировки и соревнований с точки зрения научной методологии и материального подхода, создающая необходимые условия для координации обучения и спорт, соревнования и отдых.

Ключевые слова: спортивная подготовка, спортсмен, тренировка, соревнование, участие, система соревнований, научный, методический, материал, подход, спорт, отдых, координация, необходимые условия, многосторонняя система.

Annotation: Sports training is a multifaceted system that includes the preparation of an athlete and participation in competitions, providing a system of training and competitions from the point of view of scientific methodology and material approach, creating the necessary conditions for the coordination of training and sports, competitions and recreation.conditions,

Keywords: sports preparation, athlete, training, competition, participation, competition system, scientific, methodical, material, approach, sport, rest, coordination, necessary conditions, multilateral system.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады[1].

Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс.

Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады.

Дене тәрбиесінің мәдениеті - жалпы қоғам мәдениетінің бір бөлігі.

Қоғамдағы адамдардың дене сапасының жан-жақты дайындығы мен өмірде әртүрлі жағдайда еңбек ету бағытында жасалатын күрделі жұмыстың бір түрі. *Қызметі* білім беруді, ғылым мен әдебиетті, техникалық құрал тәсілдерін, әдістерін пайдаланып дене дайындығына жан-жақты жағдай жасау.

Спорт дегеніміз – түрлі жақтан арнайы мамандандырылған және алдағы істерде жарысу арқылы өз мүмкіндіктерін жоғары дәрежеде көрсете білуге жан дүниесін дайындауды дене тәрбиесі ойындарында пайдалануға құрылатын материалдық, әрі рухани байлық.

Яғни спорт дегеніміз - әрбір жеке тұлғаның тандаған спорт түрінен жоғарғы нәтижеге жеткізу саласы. Яғни жарыс әрекетінің, спортшыларды жарыстарға қатысуға даярлаудың ерекше нысаны болып табылатын дене шынықтырудың бір түрі.

Қызмет - спорттық әрекет. жарыстырушылық. интернационалдық. жүйкені реттейтін. коммуникативтік. ақпараттық, жалпы мәдениеттік. денені жетілдіру, эвристикалық бейбітшілік қызметі. ойын-сауықтық іс-әрекет..

Бұқаралық спорт- тұрмыс пен еңбек қызметіне керек дене қасиеттері мен қозғалыс дағдыларын дамытып. жетілдіруге және бір қалыпта ұстауға көмектесетін, тұрғындардың әртүрлі әлеуметтік демографиялық тобының мұқтажына қанағаттандыратын спорт түрі болып табылады[2].

Жоғарғы жетістіктер спорты - жеке тұлғаның спорттағы мақсаты жоғарғы спорттық нәтижелерге қол жеткізуді рекордтар жасауды қамтамасыз ететін спорт саласы. Жоғарғы жетістікке жету жолы спартакиада, универсиада, чемпионат және олимпиадалық ойындар.

Қимыл-қозғалыс дайындығын мұғалім мектеп бағдарламасында кездесетін барлық жаттығуларды көрсете алуы керек. Сондықтан да мұғалім сабақта үйренетін жаттығуды қайталап өз мүмкіншілігін әрдайым тексеріп отыруы қажет. Теориялық және сөйлеу дайындығы мұғалім өтілетін сабақты жақсы білумен қатар-шешен сөйлей алуы да керек. (әңгімені дұрыс жүргізу, баяндау команда беру, таңдау жасау т.б.) Сабақты материалдық жағынан қамтамасыз ету. (керек құрал жабдықтарды дайындау және спорттық снарядтарды табу т.б.).

Функционады ұғымдарға спорттық дайындық, спорттық машықтану жүйесі жатады.

Спорттық дайындық – спортшының машықтануы, оның жарысқа қатысуын қамтитын, машықтану және жарыс жүйесін ғылыми әдстемелік және материалдық тәсілдік жағынан қамтамасыз ететін, оқу мен спортты, жарыс пен демалысты үйлестіру үшін қажетті жағдайлар жасайтын көп жақты жүйе. Бұл ұғыммен келіп спорттық дайындық жүйесі және мектебі ұғымдары туындайды. Спорттық дайындық жүйесі – спортшының спорттық жетістікке жету жолындағы дайындық дәрежесін қамтамасыз ететін, білімі, жабдығы әдісі ұғымдық формалары мен жағдайының жиынтығы.

Дене мәдениетінің күрделі құрылымында спорт айрықша орын алады, себебі оның өзіне ғана тән сипаты бар. Спорт ұйымдастыру нысанасы ретінде негізгі деңгейде көріне алады: көпшілік спорт, қосымша спорт: жоғарғы жетістіктер спорты.

Спорт ілімінің нысанасы - әлеуметтік құбылыс ретінде адам әрекетінің мүмкіндіктерін айқындайды. Ал оған жарыстарды ұйымдастыру және өткізу жүйесі, оқыту – жаттығу сабақтары енді және ол адам денсаулығының шыңдау, жалпы дене дамуын қамтамасыз етумен қатар, жоғарғы спорттық жетістіктерге жеуді мақсат етіп қояды. Спорт ілімінің қарастыратын пәні – көп салалы қоғамдық құбылыс, жастар жүйесі және соған байланысты дайындық жүйесі ретіндегі спорттың әр түрлі салалары.

Спорттық ойындар бойынша машықтану процесінде машықтану сабақтарын машықтанудың негізгі кезеңіндегі жолдастық және күнтізбелік ойындармен байланыстырудың ерекше маңызы бар. Машықтану сабақтарындағы техниканы қайталау мен жетілдіру жарыстарда байқалған техникадағы кемшіліктерді түзетумен және техниканы үйретудегі күшейтілген жұмыспен байланыстырылады.

Машықтану кезінде мұғалімнің алдында сол спорт түрінің техникасын үйренумен бірге таңдап алынған спорт түрінде жетістіктерге жету үшін қажетті күш, шапшаңдық, икемділік және төзімділік қабілеттерін қалыптастыру міндеттері тұрады. Осы қабілеттерді қалыптастыру әдетте кешенді түрде, бірге жүргізіледі. Бірақ мұғалім өткізетін сабағында сол қабілеттердің осы не басқа бір түрін қалыптастыруға баса назар аударуы мүмкін. Мысалы, 1000 м-ге жүгіруде оқушыда шапшаңдық жетіспейтінін байқағаннан кейін жылдамдықты немесе беріліп отырған шапшаңдыққа төзуді қалыптастыру мақсатында кейбір сабақтарды қайта құруы қажет.

Бұл үшін ол кейбір дайындық жаттығуларын (сөреден шығу, шапшаңдықты үдете жүгіріп өту), жаттығудың аралық әдісін, жеңіске (ылдиға) қарай жүгіруге жағдай туғызатын бұлшық еттер жүйесі мен органдардың қызмет дайындығын, дағдыларды, түсініктерді қалыптастыру үшін басқа да әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Машықтанудың барлық әдістерінде мұғалім оқушылардың жас мөлшерін есепке алуы керек.

Жеткіншектер мен жасөспірімдерді машықтандыруға белгіленген әдістерді орындау кезінде жаттығуларды орындау үдемелілігі мен денеге түсетін жүктеменің қайталануы кезінде аса мұқият болуы қажет. Сабақтарда оқушыларды жиі-жиі демалдыру керек.

Күшті арттыратын жаттығуларды жылдамдық пен икемділікті арттыратын жаттығулармен, төзімділікті қалыптастыратын жаттығуларды демалу кезеңдерімен, қалыпты ойындармен, теориялық білімдерді хабарлаумен ыңғайын тауып алмастырып отыру қажет.

Дене жаттығулары мен машықтануға үйрету кезінде қозғаушы рефлекснің қалыптасуын, жоқ болып кетуін, күйзеліске ұшырауын басқаратын заңдылықтарды есепке алу қажет. Қайсыбір қозғалыс дағдысын қалыптастыру сол жаттығуды жеткілікті қайталауды қажет етеді. Жаттығуды қайталауда бас миының қабығындағы қозғаушы мен басқа орталықтардың арасында байланыс орнайды, осы орталықтардың қозуы мен тежелуінің арасында дұрыс қатынас орнығады және жаттығуды орындау техникасы динамикалық көшірмеге (стереотипке) айналады.

Динамикалық стереотип берік орныққан жағдайда дене жаттығуы тұтас, түйінді сипатқа ие болады. Жаттығудың жеке бөліктері немқұрайдылықпен өзінен-өзі (автоматты түрде) орындалуы мүмкін, дегенмен, ол мидың үлкен жарты шарының бақылауында болады. Мысалы, жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйренгенде, үйретудің басында жаңадан үйренуші үшін бұл жаттығудың әрбір бөлігі барынша зейін қоюды және бақылауды қажет етеді: жүгіру, тақтайшадан серпілу, әуеде ұшу және жерге түсу бір-бірімен онша байланыссыз және тұтастығы жеткіліксіз күйде орындалады.

Ұзақ уақыт қайталау арқылы секіруді тұтастай орындау және оның жеке бөліктерін қайталау нәтижесінде тиісті байланыс, дәлдік, жылдамдық, қозғалыс күші орталық нерв жүйесінде «даңғыл жол» принципімен тұтастық ізін қалдырады[3].

Барлық жаттығулар жалпы біртас функционалды құрылым түріне енеді және әрбір келесі қимыл алдыңғы қимылдың дұрыс орындалуымен анықталатын тұтас бірыңғай жаттығатын қимыл есебінде қарастырыла бастайды.

Спорт ілімінің «Дене шынықтыру және спорт ілімі мен әдістемесі» атты ең басты ұғымдары \категориялары\ бар, олар шартты түрде үш топа бөлінеді: бастапқы, функционалды және қорытынды. Бастапқы ұғымдарға – спорт және спорттық жарыстар енеді.

Спорт \ағылшын тілінде – «ойын», «көңіл көтеру»\ -шынықтыру жаттығуларын қолдануға негізделген, әлеуметтік мәні бар тәрбиелік, ойындық, жарыстық әрекет. Басқаша сөзбен айтқанда, спорт дегеніміз өзіндік – жарыстық әрекет, оған арнайы дайындық, сонымен бірге осы әрекеттер негізінде қалыптасатын адамдар арасындағы ерекше қатынастар, мінез – құлық нормалары қажет. Спорттық жарыс – спорттық жетістіктердің көрсету, салыстыру және бағалау, спорт саласындағы бәсекені белгілі бір түрде реттеп отыру. Спорттық жарыстардың мақсаты үздіксіз спортшылар мен топтарды анықтау, жалпы спорттық шеберлікті жетілдіру, дене шынықтыру мен спорттық насихаттау. Бастапқы ұғымдардан келіп спорттық қозғалыс және әрекет ұғымдары туындайды.

Спорттық қозғалыс - әлеуметтік қозғалыстың ерекше бір түрі – спорт түрлерін құрау, дамыту, сақтау, алмасу және тұтыну жүйелерінің тарихи қозғалысы жеке адамды қалыптастыру құралдарының бірі. Тарихи спорттық қозғалыстар спорттың төмендегідей көпшілік \халықтық\, резервтегі \негізгі\, жоғарғы жетістіктер \үлкен\, әуесқой және кәсіпқой түрлерін дүниеге әкелді[4].

Спорттық қызмет – адам әрекетінің көп қырлы белсенді жүйесі ретіндегі қимыл – қозғалыс дамуының ең жоғарғы түрі. Осы жерде айта кетуге қажет, жарыстық әрекет спортшының жарыс ережесі мен амалдарына сәйкес спорттың барлық түрлерінде өз мүмкіндіктерін көрсетуін және бағалауын қарастырады.

Дене мәдениетінің күрделі құрылымында спорт айрықша орын алады, себебі оның өзіне ғана тән сипаты бар. Спорт ұйымдастыру нысанасы ретінде негізгі деңгейде көріне алады: көпшілік спорт, қосымша спорт: жоғарғы жетістіктер спорты.

Қорыта келгенде, білім беру адамға үздіксіз оқуға, білім алуға жан жақты білім қызметін ұсынатын, ақпараттық технологияны меңгерген көпсалалы болуы керек. Сондықтан ұстаздар үнемі ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеп білім деңгейін үнемі жоғарылатып отыруы қажет. Сонда ғана оқушылар әрбір пәннің мазмұнын жүйелі меңгеріп, құзіреттілігі қалыптасып, пәнге деген қызығушылығы арта түседі, өз бетінше оқып үйренуге дағдыланады.

Заманның жаһандануына орай білім беру ісінде де жаңа технологиялар молынан кездеседі, бірақ жаңа технологияны пайдаланып бірден нәтижеге жете қою қиын. Нәтижеге жету оқушылардың игерген білім деңгейі мен мұғалімнің біліктілігіне байланысты. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әр сабақты дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық шеберлікті ізденістермен жаңартып отыру әр мұғалімнің міндеті болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Б.А.Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе // Алматы. 2005.
2. Т.С.Сабыров. Оқыту технологиясының негіздері. Алматы Республикалық баспа кабинеті 1993ж.
3. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі- бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудың негізі Адилбекова Салиха-«Өрлеу» «БАҰО» АҚФ, ОҚО ПҚБАИ ДБО тренері
4. Е. Қ. Уанбаев «Дене тәрбиесінің негіздері» атты оқу құралы, 2006 ж.
5. Е.Қ. Уанбаев пен Ф. Ж. Уанбаеваның «Дене тәрбиесі және спорттың теориясы мен әдістемесі» атты оқу құралы Өскемен қаласы, 2008 ж.

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ОҚЫРМАН МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ
ТИІМДІ ТӘСІЛДЕР**

Оспанбекова Мейіргүл Несіпбековна PhD доктор

Жандилдина Роза Есентаевна

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Меңдікүл Нұрдана Сабыржанқызы

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3 курс студенті

roza.zhandildina@mail.ru

Аңдатпа: Оқырман мәдениеті тек білім жинау құралы емес, ол адамның рухани жан дүниесін байытатын, ой-санасын кеңейтетін мәдени құбылыс. Кітап оқыған адам өмірдің мәні, әділеттілік, адамгершілік, еркіндік, мейірімділік сияқты құндылықтар жайлы терең ойланып, өзін-өзі түсінуге ұмтылады. Әдеби шығармалар арқылы адам басқа адамдардың тағдырын, мәдениетін, тілін түсінеді, бұл – мәдениетаралық түсіністікті қалыптастырады.

Кілт сөздер: Оқырман мәдениеті, білім, құрал, рухани, жан дүние, мәдени құбылыс. әділеттілік, адамгершілік, еркіндік, мейірімділік, өзін-өзі түсіну, әдеби шығармалар, адам, мәдениетаралық түсіністік.

Аннотация: Культура чтения – это не только средство накопления знаний, это культурное явление, обогащающее духовную душу человека и расширяющее его кругозор. Человек, читающий книгу, глубоко задумывается о таких ценностях, как смысл жизни, справедливость, мораль, свобода, добро, и стремится понять самого себя. Через литературные произведения человек понимает судьбу, культуру и язык других людей, что формирует межкультурное взаимопонимание.

Ключевые слова: Читательская культура, знание, инструмент, духовность, душа, культурный феномен. справедливость, мораль, свобода, доброта, самопонимание, литературные произведения, человек, межкультурное взаимопонимание.

Abstract: The culture of reading is not only a means of accumulating knowledge, it is a cultural phenomenon that enriches a person's spiritual soul and broadens his horizons. A person reading a book thinks deeply about values such as the meaning of life, justice, morality, freedom, goodness, and strives to understand himself. Through literary works, a person understands the fate, culture and language of other people, which forms intercultural mutual understanding.

Key words: Reading culture, knowledge, tool, spirituality, soul, cultural phenomenon. justice, morality, freedom, kindness, self-understanding, literary works, man, intercultural understanding.

XXI ғасыр – технология ғасыры. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өміріміздің бөлінбес бір бөлшегіне айналып отыр. Бүгінгі қоғамды технологияларсыз елестету мүмкін емес. Алайда рухани құндылықтарды қалыптастыруда тек қана технологияларға сүйену біржақты болар еді. Рухани құндылықтарды технология алмастыра алмайды.

Бүгінгі қоғамда кітап оқу мен технологиялар арасында көрінбейтін тартыс жүріп жатыр. Жастардың басым көпшілігі электронды нұсқадағы ақпараттармен жұмыс істеуді қаласа, орта жастан асқан азаматтар кітаптың құнды екенін оны ешқандай құрылғының алмастыра алмайтындығын айтып дәлелдеп отыр.

Рухани құндылықтарды тек қана кітап оқу, өмірлік мәселелерді шешу тәжірибесі арқылы ғана қалыптастыруға болады[1].

Сондықтан да бүгінгі қоғамда рухани құндылықтарды кітап оқу арқылы қалыптастырудың маңызы артып отыр.

Қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері Ғабит Мүсірепов: «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» – деген еді. Кітапты тандап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіңе жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайды.

Кітап – ең керемет ғажайып зат. Кітапты оқыған сайын керемет ғажайып құбылыстарға тап боласыңдар. Көз алдарыңызға әр түрлі оқиғалар елестейді. Сендер білмейтін адамдар өздері туралы айтып, кітап тілімен сөйлеседі. Жер бетінде кітаптан қызық ғажайып нәрсе жоқ. Қазақ халқы кітапты киелі, қасиетті, құдіретті зат деп бағалаған[2].

Бірақ та осы заманға сай өміріміздің көз қарасы өзгерді. Қазіргі жастар мүлде кітапты алып оқымайды. Бұл мәселе бір жылда туындаған мәселелер емес. Мұндай мәселелер бірнеше жылда қордаланып қалыптасады. Әрине, бүгінгі қоғамда уақыт пен жаңа технологиялар маңызды рөл атақарады. Бұл тұтастай алып қарағанда, кітапханашының ғана емес, қоғамның өзекті мәселесіне айналып отыр.

Қазіргі уақытта ақпарат, ақпараттық үрдіс адам өмірінің құрамдас бөлігі болып табылады және ақпараттық қоғамның пайда болуына алып келеді. Жаңа ақпараттық тұрмыс қалпы қалыптасып, оның барлық жақтары адамның ақпараттық іс-әрекеті арқылы өтеді. Қазіргі ақпараттық технологияларға негізделіп, адамның бағалы құндылықтары, қызығушылықтары, қажеттіліктері өзгереді. ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін, білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарың оқу үрдісінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Әрине олардың бәрі жақсы, бірақ та біздің мақсатымыз – кітап неге оқылмайды деген сауалдың жауабын жан-жақты іздеу. Қазақ балаларын қазақ әдебиетінен алыстатып алмаудың амалын бірлесіп табу. Кітапқа деген баланың қызығушылығын арттыру. Менің ойымша, қазіргі кезде оқырман баланың қызығушылығын арттыру үшін «балабақша – мектеп – кітапхана – мұғалім – ата-ана» деген ара жігі ажырамайтын схемамен жұмыс жасау қажет. Бала балабақша табылдырығын аттаған күннен бастап, кітаптың құдіретін ұғындыру. Жыртпауға, сызбауға, боямауға, кірлетпеуге, бүктемеуге үйрету. Бірінші сыныпта өзінің алғаш бастап оқыған пән оқулығы туралы мағлұмат беру. Мысалы: мектепте бірінші сыныпта әліппе кезеңі оқып бітіргеннен кейін, мұғалімдер кітапханамен тығыз байланыста бағдарламаны жыл көлеміне ұйымдастырып өткізу.

Оқырман мәдениеті – адамның өз бетінше білім алып, рухани дамуы үшін әдебиет пен кітап оқуға деген қызығушылығын ояту мәдениеті. Ол адамның өмірін, дүниетанымын өзгертіп, ой-өрісін кеңейтеді, сондай-ақ өмірдің сан қырлы жақтарын түсінуге мүмкіндік береді. Бүгінгі заманда оқырман мәдениеті мәселесі өте өзекті, өйткені ақпарат тасқыны мен технологиялардың қарқынды дамуы адамның кітап оқу әдеттерін өзгертіп, кейде әдебиетке деген қызығушылықты төмендетіп жібереді. Сондықтан оқырман мәдениетін қалыптастыру мен дамыту – қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Оқырман мәдениетінің мәні мен маңызы. Оқырман мәдениеті тек білім жинау құралы емес, ол адамның рухани жан дүниесін байытатын, ой-санасын кеңейтетін мәдени құбылыс. Кітап оқыған адам өмірдің мәні, әділеттілік, адамгершілік, еркіндік, мейірімділік сияқты құндылықтар жайлы терең ойланып, өзін-өзі түсінуге ұмтылады. Әдеби шығармалар арқылы адам басқа адамдардың тағдырын, мәдениетін, тілін түсінеді, бұл – мәдениетаралық түсіністікті қалыптастырады.

Сонымен қатар, кітап оқу адамның логикалық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытады. Әр түрлі жанрдағы шығармаларды оқу барысында адам әр кейіпкердің мінез-құлқы, оқиғалардың өрбуі, шешімі жайлы ойлауға, талдауға, олардың өміріне өз көзімен қарауға үйренеді. Бұл адамның аналитикалық қабілетін күшейтіп, түрлі жағдайларға тереңнен қарауға мүмкіндік береді.

Мәселен, көркем әдебиет оқу арқылы оқырман адамгершілік, әділеттілік, өмір мен өлім сияқты мәңгілік тақырыптарға ой жүгіртіп, оларды талдап, өз өмірінде қолдана алады.

Оқырман мәдениетін дамытудағы негізгі аспектілер

Оқырман мәдениетін дамыту бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды:

Мектептегі әдебиет пәні және оқыту әдістері

Мектептегі әдебиет пәні оқушылардың оқырман мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әдебиет сабағында шығармаларды талдау, кейіпкерлердің іс-әрекетін түсіндіру, шығармалардағы ой-пікірлерді терең зерттеу арқылы оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын ояту мүмкін. Бұл орайда заманауи оқыту әдістерін, яғни интерактивті оқыту, проблемалық оқыту, топтық талқылау әдістерін қолдану маңызды. Мұндай әдістер оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың оқуға деген ынтасын оятады.

Сонымен бірге, мектеп бағдарламасына әр түрлі жанрлар мен жазушылардың шығармаларын енгізу де маңызды. Бір ғана классикалық шығармалармен шектелмей, қазіргі заманғы әдебиетке де назар аудару қажет. Оқушылар қазіргі қоғамдағы мәселелерді көтеретін шығармалар арқылы өздерін қызықтыратын тақырыптармен танысып, оларды тереңірек түсіне алады.

Кітапханалар—оқырман мәдениетін қалыптастыратын маңызды орталықтар. Кітапханалардағы оқырмандар клубтары, әдеби кештер, авторлармен кездесулер сияқты іс-шаралар оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттырады. Қазіргі кезде кітапханалар тек кітаптарды сақтау орны ғана емес, сонымен қатар әдеби-мәдени шаралар өткізетін орталықтарға айналды. Мұндай орталықтарда оқырмандар өздерін қызықтырған тақырыптар бойынша ақпарат алып қана қоймай, өзара пікір алмасып, тәжірибе бөліседі.

Осыған қоса, кітапханаларда цифрлық ресурстарды пайдалану, электронды кітаптарды, аудиокітаптарды жүктеу мүмкіндігі де оқырман мәдениетін дамытуға септігін тигізеді. Жаңа технологияларды қолдану арқылы кітапханалар қазіргі заман талабына сай бола отырып, жастарды кітап оқуға ынталандырады[3].

Отбасындағы тәрбие де оқырман мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Балаға кішкентай кезінен кітап оқудың маңыздылығын түсіндіріп, оны кітаптармен таныстыру қажет. Баланың кітапқа деген қызығушылығы ата-анасының кітап оқуға деген қатынасына байланысты болады. Егер ата-анасы балаларына өздері оқыған кітаптары туралы айтып берсе, бірге кітап оқып, оны талқылап отырса, балада да оқуға деген қызығушылық артады.

Сонымен қатар, балаға кітапты сыйлық ретінде ұсыну, оны кітап дүкендеріне бірге апару, балалар кітапханасына жазылуына көмек көрсету де тиімді әдістердің бірі. Отбасыдағы әрбір мүшенің кітап оқуы, кітапқа деген махаббаты баланың санасына сіңіп, болашақта оқырман мәдениетін қалыптастырады.

Әдебиетті талдау кезінде бірнеше негізгі қорытындыларды анықтауға болады:

Оқуға деген мотивация көптеген факторларға, соның ішінде тұлғаның ерекшеліктеріне, элеуметтік ортасына және әдебиеттің қолжетімділігіне байланысты. Оқушылардың мотивациясына ең күшті әсер – академиялық орта және мұғалімдер мен ата-аналардың қолдауы.

Элеуметтік медиа мен цифрлық орта оқуға ықпал етуі де, кедергі келтіруі де мүмкін. Әдеби қауымдастықтар мен блогтардың болуы жастарға өз әсерлерімен бөлісуге мүмкіндік береді, дегенмен, үнемі алаңдаушылық пен клипке негізделген ойлау мәтінді қабылдау сапасын төмендетуі мүмкін.

Оқуды насихаттауға бағытталған білім беру әдістері мен бағдарламалары әдеби пікірталастар, клубтар және оқу марафондары сияқты интерактивті және инновациялық тәсілдерді қамтуы керек.

Кітаптарды цифрландыру әдебиеттерге кеңірек қол жеткізу үшін жағдай жасайды, сонымен қатар студенттердің цифрлық ортада мұқият және сыни оқу дағдыларын дамыту үшін оқыту тәсілдерін қайта қарауды талап етеді. Оқырман мәдениетінің қазіргі замандағы мәселелері

Заманауи технологиялардың дамуы, интернет және әлеуметтік желілердің кең таралуы оқырман мәдениетіне өз әсерін тигізуде. Ақпарат тасқыны, қысқа мәтіндерге бейімделу, визуалды ақпаратқа деген сұраныс адамның ұзақ мәтіндер оқуға шыдамдылығын төмендетіп, кітап оқуды кейінге ығыстырып жібереді[4].

Сонымен қатар, электронды құрылғылардың көптігі, әсіресе смартфондар мен планшеттер, адамды шынайы кітаптан алыстатып, оның орнына электронды нұсқаларға жүгінуге мәжбүр етеді. Мұның салдарынан адам кітапты терең түсінуден гөрі, тек қажетті ақпаратты іздеп, үстіртін қарап шығуға үйренеді.

Тағы бір мәселе – бүгінгі жастардың әдебиетті қажеттіліктен гөрі, уақыт өткізу құралы ретінде қабылдауы. Әлеуметтік желілерде танымал, бірақ әдеби және мәдени құндылығы төмен мазмұндағы шығармалар кең таралып, классикалық әдебиетке деген қызығушылықты төмендетеді. Бұл жағдай оқырман мәдениетін төмендетіп, тек қана жеңіл ақпарат іздеуге деген әуестікті арттырады.

Оқырман мәдениетін дамыту жолдары. Оқырман мәдениетін дамыту үшін бірнеше тиімді тәсілдер қолдануға болады:

- Кітап оқу мәдениетін насихаттау: Әр түрлі әлеуметтік желілер, медиа, телебағдарламалар арқылы кітап оқудың маңыздылығын насихаттап, қоғамға қажетті құндылықтарды дәріптеу. Мәселен, әр түрлі танымал тұлғалардың, блогерлердің, өнер адамдарының оқыған кітаптары туралы айтып, өз пікірлерін бөлісуі жастардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруы мүмкін.

- Әдеби марафондар мен акциялар өткізу: Әр түрлі оқырман марафондарын, кітап оқу акцияларын ұйымдастыру арқылы қоғамның назарын кітапқа аударуға болады. Мәселен, #ЖылКітабы, #КітапАптальғы, #ӘдебиетЧелленджі сияқты акциялар адамдардың кітап оқуға деген ынтасын арттырады.

- Электронды ресурстарды дамыту: Электронды кітаптар, аудиокітаптар, арнайы әдеби платформалар қазіргі оқырмандар үшін өте ыңғайлы. Мұндай ресурстарды қолжетімді ету арқылы әрбір адамның өзіне ыңғайлы форматта оқуға мүмкіндігі болады. Аудиокітаптар арқылы оқырмандар жолда, спортпен айналысқанда да кітап тыңдай алады.

- Кітапханалардың қызметін жаңғырту: Кітапханаларда заманауи инфрақұрылым, цифрлық ресурстар, виртуалды кітапханалар құру арқылы оқырмандардың сұранысына сай қызмет көрсетуге болады. Жастарды кітапханаға тарту үшін заманауи жабдықтармен, жоғары жылдамдықтағы интернетпен қамтамасыз ету де маңызды. Кітапханаларда авторлармен кездесулер, кітап оқуды насихаттайтын іс-шаралар өткізу арқылы қоғамды кітап оқуға ынталандыруға болады.

Оқырман мәдениеті – қоғамның мәдени және рухани деңгейінің көрсеткіші.

Кітап оқу арқылы адам тек білім алып қана қоймайды, сонымен қатар өз өмірін, қоршаған ортаны, өзгелердің өмірін тереңірек түсіне бастайды. Оқырман мәдениетін дамыту – әрбір азаматтың рухани және мәдени тұрғыда өсуіне ықпал етеді, ал бұл қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. 2019–2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. — Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. - 384
2. Мектептегі кітапхана № 3 2015ж Кітапхана және Интернет А.А. Абенова, Д. Құрманбек
3. Мектептегі кітапхана № 6 2014 ж Кітап оқуды дамыту: жаңа мүмкіндіктері К.К. Жаксыбаева
4. Жайлауова, М. К. Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру тәсілдері / М. К. Жайлауова, Айнагуль Абуова. -Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2019. — № 39 (277). — С. 282-284. — URL: <https://moluch.ru/archive/277/62652>

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мажитова Айгуль Аскарвна

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
Орал қаласы білім беру бөлімінің №47 «Бәйтерек» бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының тәрбиешісі
mazhitovaaigyl@gmail.com

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесінде цифрлық трансформацияны дамыту-күрделі компьютерлік бағдарламалар нәтижесінде дайындалған цифрлық ресурстарды пайдалануды арттыру болып табылады. Цифрлық ресурстар баланың жаңа сөздер мен басқа тілді меңгеруіне, жаңа білім мен біліктерді меңгеруге ықпал етеді. Цифрлық ресурстар ретінде қазіргі таңда көптеген шетел порталдарында әр түрлі дамытушы және үйретуші балалар ойындары ұсынылады. Бұл ойындарды балалар үйде немесе көшеде өз бетімен немесе педагогтың бақылауымен ойнауға да болады. Осы ойындарды ойнай отырып, әуендік ырғаққа, жылдамдыққа және танымдық кеңістікті бағдарлай білуге, түстерді ажыратып санай білуге үйренеді. Білімдерін ойын арқылы толықтырып, ақыл-ой қабілеттерін дамыта алады. Компьютер арқылы балаларинтерактивтік пен іс-әрекеттік қағидаларын іске асыра отырып, көру, есту, қабылдау, есте сақтау және басқа да психикалық қызметтерін дамытады. Ерте жастағы балалар ересектерге қарағанда жаңа білімдерді көбірек жақсы сіңіреді. Ең бастысы оларға ұнамды және әрі жеңіл ету маңызды. Цифрлық трансформацияны дамыту нәтижесінде жүргізген ғылыми зерттеулерде ақпаратты берудің мультимедиялық тәсілінің арқасында мектеп жасына дейінгі балалар келесі нәтижелерге қол жеткізеді: форма, түсі және шама ұғымдарын оңай ұғып алады; сандар мен жиын ұғымдарын терең түсініп, жазықтық пен кеңістікте бағдарлау біліктілігі пайда болады; оқу мен жазуды ерте меңгереді, сөздік қорлары дамиды. Бір сөзбен айтқанда танымдық, коммуникативтік дағдылары дамиды. Демек, балабақшаның білім беру ортасына цифрлық трансформацияны қосу- баланың ойын кеңістігін байытуға бағытталған тәжірибелік іс-әрекеттердің нәтижесі, цифрлық жабдықты енгізу болып табылады. Цифрлық ресурстардың пайдалы және зиянды тұстары да бар, оны да ескеруіміз қажет. Цифрлық ресурстарды барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде сөйлеуді дамытуда, қарапайым математикада, музыкада, әртүрлі әрекеттерде қолдануға болады. Бірінші кезекте балаларды дамыту керек екенін ұмытпауымыз керек. Цифрлық трансформация- бұл тиімді техникалық құрал деп сеніммен айтуға болады, оның көмегімен мектепке дейінгі ұйымдағы жұмысты түрлендіруге болады. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерін цифрландыру екі негізгі мақсатты көздейді. Біріншісі - ақпараттық технологиялар арқылы білім беру сапасын жақсарту. Екіншісі-интеллектуалды, жан-жақты дамыған, креативті тұлға тәрбиелеу және мектеп жасына дейінгі баланы бүгінгі таңдағы шындығымыз сандық өмірге дайындау. Алғаш рет мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасайтын компьютер 1971 жылы АҚШ-та қолданылды (Мессачусет институты). Мектепке дейінгі цифрлық білім беру ортасын, цифрлық оқыту құралдары банкісін құру, педагогтрадың жұмыс орындарын компьютерлендіру, қашықтықтан оқыту курстары, конференциялар, вебинарлар арқылы педагогтардың біліктілігін және цифрлық сауаттылығын арттыру, білім беру процесінің мониторингі-мектепке дейінгі білім беру мекемелерін цифрландырудың негізгі бағыттары болып табылады. Грамматиканы дамытуға арналған ойындар мен оқу бағдарламалары, мысалы бала суретті белгілі бір сөзбен байланыстыратын, бала жазған сөздер компьютерде дыбысталып айтылатын немесе ұсынылған әріптерден бала жаңа сөз құрастыратын ойындар. Сонымен қатар, математикалық қабілеттерді дамытуға арналған тапсырмалары бар компьютерлік ойындар: пішіндерді өсу ретімен орналастыру, өлшемі бірдей пішіндерді бір түспен

баяу немесе суреттерді хронологиялық тәртіпте орналастыру сияқты ойындар жатады. Бұл ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың жоспарлау және басқару дағдыларын қалыптастыратын, алгоритмдік сауаттылықты дамытатын ойындар болып саналады. Интернетте мектеп жасына дейінгі балаларға арналған көптеген оқыту-дамыту бағдарламалары жетерлік. Олардың арасында есте сақтау, зейін, ойлау, қиялды дамытуға арналған ойындар; сөйлеуді дамытуға ықпал ететін бағдарламалар, жазуды, арифметиканы оқытуға арналған бағдарламалар; саяхат ойындары; балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын арт-студиялар, виртуалды экскурсиялар да жетіп артылады. Виртуалды экскурсиялар оқытудың жаңа сапалы формасы, онда нақты бар нысандар із жүзінде көрсетіледі, бұл нақты экскурсияға қатысу, танысу мүмкіндігі жоқ балаға ғылыми, көркем экспонаттармен, техникалық үлгілермен, қалалардың көрнекі жерлерімен, дәстүрлерімен, мәдени-өнер туындыларымен, әр түрлі халықтардың әдет-ғұрыптарымен танысуға мүмкіндік береді. Логикалық компьютерлік ойындар маңызды ақыл-ой компоненттерін: синтез, жіктеу, дамудың негізін құрайтын белгілер мен белгілерді түсіну қабілетін, абстрактілі-логикалық ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді. Динамикалық ойындар реакция жылдамдығын баулиды, кеңістікте бағдарлай білуді дамытады. Рөлдік ойындар- кейіпкерлердің мотивтері мен қажеттіліктерін, яғни олардың талаптары мен тілектерін түсінуге ықпал етеді. Шығармашылық ойындар балалардың қиялдау қабілеттерін қалыптастырып, эстетикалық талғамын дамытады. Басқару компьютерлік ойындары стратегиялық және баланың тактикалық ойлауын жоспарлауға үйретеді. Баланың жасына және жеке даму ерекшеліктеріне сай таңдап алынған компьютерлік оқыту ойындары- мектеп жасына дейінгі балалардың назарын, зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамытады. Мектеп жасына дейінгі балалар түрлі-түсті бейнелі оқиғаларғаназарын аударады және есінде сақтайды. Компьютерлік ойындар баланың психомоторлық дамуына ықпал етеді, өз әрекетін түзетуге, байқауға, жоспарлауға, «икемді танымдық шешімдер» қабылдауға көмектеседі. Қазіргі заманғы балабақшалар мультимедиа құралдарымен, интернет-ресурстармен, сандық проекторлар, интерактивті тақталармен белсенді жұмыс істейді. Тәрбиешілер өз жұмысында балалардың материалды ұғынуы мен көрнекілікті жақсартуда ақпаратты ұсыну үшін бейнефильмдерді, презентациялар, анимациялар, иллюстрациялар және басқа да көрнекі құралдарды сәтті пайдаланып жүр. Сандық және мультимедиялық құралдар материалды беру сапасын жақсартады, баламен кері байланыс орнатуды қамтамасыз етеді, жеке және топтық жұмысты ұйымдастыруға көмегін тигізеді.

Қазірдің өзінде компьютерлермен жабдықталған балабақшалар, тіпті компьютерлік сыныптар бар болғанымен, әлі күнге дейін мектепке дейінгі білім беруде сандық технологияларды пайдаланудың бірыңғай әдістемесі жоқтың қасы. Мектепке дейінгі балаларға арналған көптеген пайдалы дамыту материалдары электронды сайттардың мерзімді басылымдарында орналасқан. Көркем шығармашылыққа баулитын, дамыту ойындары бар, балаларға арналған өлеңдері, түрлі ертегілері бар, әндер, жұмбақтар, қызықты викториналары бар көптеген сайттарды кездестіруге болады. Тіпті тілдерді үйренуге арналған сайттар да жетерлік. Заманауи педагог дәстүрлі оқыту мен инновацияны классикалық әдістер мен жаңа педагогикалық трендтерді үйлестіре білуі тиіс. Мектепке дейінгі білім беру ортасының болашағы қандай болары белгісіз, бірақ қазірдің өзінде мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің -қазіргі қоғамның сандық өзгерістерінің белсенді қатысушылары екені белгілі. Мектепке дейінгі мекеме қызметінде цифрлық жабдықтарды пайдалану мектепке дейінгі білім беруге инновациялық үдерістерді енгізуге, ақпараттық ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін кеңейтуге, білім беру саласындағы басқарудың барлық буындарын жетілдіруге мүмкіндік береді, компьютерде жұмыс істеу дағдыларын дамытуға және шығармашылық қиял мен қиялды арттыруға көмектеседі. Елбасының сөзінен шығатын қорытынды Қазақстан цифрлы болашаққа қаршыты да нық қадам басуы керек. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының шешуші мақсаты инновациялық экономиканы қалыптастыру, 2050 жылға қарай бәсекеге

қабілетті 30 елдің қатарына қосылу және қоғам мен өндірісті жаңарту. Білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті Ел жастарын дайындау. Ал болашақ ел жастары- ол қазіргі балабақшаның бүлдіршіндері.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауы// Егемен Қазақстан.-2017, 31-қаңтар.
- 2.Уваров А.Ю., Ван С., Кан Ц. И др.Цифровая трансформация образования и искусственный интеллект // Проблемы и перспективы цифровой трансформации образования в России и Китае. II Российско-китайская конференция исследователей образования 26-27 сентября 2019 г Москва //Нац7 исслед7 ун-т «Высшая школа экономики»; Изд. Дом Высшей школы экономики,-М.: 2019.-155 б
- 3.Бревнова Ю.А. Использование компьютера в жизнедеятельности дошкольников //Педагогическая информатика.-2016.
- 4.Дмитриев Ю.А., Калинина Т. В., Кротова Т.В. Информационные и коммуникационные технологии в профессиональной деятельности педагога дошкольного образования.-М.: МПГУ, 2016.
- 5.Балдуева А.Н. Информационные технологии в дошкольном воспитании// Современная педагогика.-2016.-№2 (Электронный ресурс).

УДК 541.124

РАЗВИТИЕ МЕЛКОЙ МОТОРИКИ С ЦЕЛЬЮ СТИМУЛЯЦИИ ВЫСШИХ ПСИХИЧЕСКИХ ФУНКЦИЙ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Серикова Т.В. педагог-психолог
г. Караганда КГКП «Ясли-сад «Балауса»
serikova.t1972@mail.ru

***Аннотация .** В докладе рассматривается исследование взаимосвязи высших психических функций с совокупностью скоординированных действий ребенка, на выполнение точных мелких движений кистями и пальцами рук. Описываются обучающие задания, которые построены с учетом разного уровня сложности и целевой направленности, позволяют педагогу осуществлять анализ и оценку полученных данных, проводить исследования процессов и механизмов психофизиологических и психических функций, активизируют когнитивные процессы.*

***Ключевые слова:** Моторика рук и кисти, развитие мелкой моторики, ассоциативные связи, зрительный, слуховой и речедвигательный анализаторы, речевое развитие, связная речь, игровая и учебно-практическая деятельность.*

Уровень развития цивилизации прямо пропорционален снижению уровня развития моторики рук у детей. Появление футболок, ботинок на липучках, курток на молнии, шапок без завязок, книжек с наклейками исключает мелкие движения пальцев. В результате, то, что взрослому облегчает жизнь и экономит время, лишает ребенка возможности больше работать руками. Еще известный исследователь детской речи М.М. Кольцова писала, что «движения пальцев рук исторически, в ходе развития человечества, оказались тесно связанными с речевой функцией» [5, 23б].

Ребенок постоянно изучает, постигает окружающий мир. Основной метод накопления информации – прикосновения. Детям необходимо все хватать, трогать, гладить и пробовать на вкус! Если взрослые стараются поддерживать это стремление, предлагая малышу различные игрушки (мягкие, твердые, шершавые, гладкие, холодные и т.д.), тряпочки,

предметы для исследования, он получает необходимый стимул для развития. Доказано, что речь ребенка и его сенсорный («трогательный») опыт взаимосвязаны. Если движения пальцев рук соответствует возрасту, то и речевое развитие находится в пределах нормы; если движения пальцев отстает, то задерживается и речевое развитие, хотя общая моторика при этом может быть нормальной и даже выше нормы. Речь совершенствуется под влиянием кинетических импульсов от рук, точнее от пальцев. Поэтому, если вы хотите, чтобы ребенок хорошо говорил, развивайте его ручки!

Известному педагогу В.А. Сухомлинскому принадлежит высказывание: «Ум ребенка находится на кончиках его пальцев» [3, 456].

Вот почему, работа по развитию мелкой моторики и координации движений рук должна стать важной частью подготовки ребенка к овладению связной речи и письма.

Движения руки человека формируются в процессе воспитания и обучения как результат ассоциативных связей, возникающих при работе зрительного, слухового и речедвигательного анализаторов. В процессе игр и упражнений на развитие мелкой моторики у детей улучшаются внимание, память, слуховое и зрительное восприятие, воспитывается усидчивость, формируется игровая и учебно-практическая деятельность.

Простые движения рук помогают убрать напряжение не только с самих рук, но и расслабить мышцы всего тела. Они способны улучшить мышление и речь ребенка [4, 123-1246].

В общем, чем лучше работают пальцы, вся кисть, тем лучше ребенок говорит.

В соответствии с целью, с учетом возрастных и индивидуальных особенностей детей и для получения положительных результатов, ставлю перед собой следующие задачи:

1. Развивать и укреплять мелкую моторику;
2. Формировать самостоятельность в работе с нетрадиционными техниками изобразительной деятельности;
3. Создавать предметно-развивающую среду, благотворно влияющую на развитие мелкой моторики у дошкольников;
4. Познакомить родителей с нетрадиционными техниками изобразительной деятельности для детского творчества дома.

Что бы сформировать правильное и четкое произношение слов у детей, я стала искать более интересные и положительные моменты в форме игр.

Для развития мелкой моторики руки много интересных приемов, используется разнообразные стимулирующие материалы. К ним относятся:

1. Втыкание сухого гороха в коричневый брусок пластилина – «готовим шоколад с орехами».
2. Катаем шарики из пластилина, вставляем в них ватные палочки (предварительно сняв вату) – получаем «чупа-чупс».
3. «Сажаем грядки». Втыкаем в бруски пластилина различные крупы: горох – сажаем «репку»; фасоль – сажаем «картошку»; мозаику разных цветов – помидоры, морковку, огурцы и т.д.
4. «Бусы для мамы»: изготовление бус из макарон разной формы (нанизывать на толстую веревку).
5. «Пирамидки из сушек». Нанизывание сушек на карандаш.
6. «Пятнышки». На любое изображение с пятнышками (жираф, божья коровка, далматинец) ребенок приклеивает кусочки пластилина. В конце игры можно пересчитать приклеенные пятнышки.
7. Из общей тарелочки, в которую насыпаны макароны, фасоль разложить в два разных стаканчика. Погреметь и не рассыпать. Пересыпать в бутылочку, открутить крышку, закрутить. Погреметь тихо и громко, быстро и медленно. Постучать бутылочкой о поверхность стола.
8. Делать бутерброды из губок для мытья посуды.

9. Раскладывание по трем блюдам гороха (зеленого – на зеленое блюдо, желтого – на желтое), фасоли – красное и на белое блюдо соответственно.

10. Массаж рук грецким орехом. Расскажите ребенку сказку про орех, как он свалился с дерева от ветра (пусть ребенок подует, изображая ветер, тем самым тренируя долгий выдох). Потом орех встретил детишек, которые с удовольствием стали играть с ним. Они прятали орех в кулачке и находили его там (кулачок сжимается и разжимается), катали на карусели (одной ладонью с усилием движем по другой по кругу), спускали с горки (рука прижата к столу тыльной стороной ладони, образуя горку, другой рукой катим орех от кончиков пальцев к запястью и обратно). Потом орех катают по ковру ладошкой вперед и назад, как машинку. Прделаем все несколько раз одной рукой, потом другой. Орешку все эти игры очень нравятся, а в самом конце он решает нырнуть в «бассейн», который вместо воды наполнен горохом. Найти орешек в миске с горохом непросто, но такая игра в прятки хорошо массирует пальчики.

құрамдас бөлігі болып табылады. Алғаш рет 2002 жылы американдық бағдарламашы және өнертапқыш Ник Пеллинг қолданған “геймификация” (gamification) термині 2010 жылға қарай танымал болды және бүгінде адам өмірінің көптеген салаларында, соның ішінде білім беруде де сенімді естіледі және әртүрлі қиындық дәрежесіндегі әртүрлі есептерді шешудің ерекше әдісін көрсету үшін қолданылады. Геймификация (ағылш. gamification) - бұл ойын элементтері мен механиканы ойын емес процестер мен өмір салаларына енгізу. Геймификация саласындағы сарапшы және “Геймификация” кітабының авторы Ю. Чоу геймификацияны “ойындардан оларды қызықты ететін элементтерді алу және оларды шынайы өмірге қолдану өнері” деп анықтайды. Әр түрлі саланың мамандары геймификацияның пайдасы туралы айтады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, “білім берудегі геймификация” мақаласының авторы Т.Е. Дымова оны білім беру процесінде қолданудың келесі жағымды жақтарын атап көрсетеді:

1. Балалардың ойын процесінен ләззат алу. Дегенмен, мектеп жасына дейінгі бала гаджетті пайдаланып ойнайтын ойындар әрқашан пайдалы бола бермейді. Тәрбиеші ойынды саналы түрде таңдауы керек, сонда ол бар мәселелерді шеше алады.

2. Қателік жасаудан қорқу жоқ. Егер ойындағы бала қателік жіберсе, онда ол тапсырманың алдыңғы деңгейіне оралып, оны түзете алады, осылайша ол көбірек тәжірибе мен білім алады. Мүмкін, ойында жіберілген қателіктер балаға болашақта оларды нақты шындықта жасамауға көмектеседі [2].

Мектепке дейінгі білім берудің цифрлық трансформациясына шолу қорытындысында тиімді цифрландыруды қамтамасыз ету бойынша негізгі ұсыныстарды бөліп көрсетуге болады:

1. Цифрлық құзыреттілікті арттыру - бұл мектепке дейінгі ұйымның цифрлық трансформациясының ғана емес, сонымен бірге қазіргі уақытта ұйымның дамуының қажетті шарты. Талаптарға жауап беру және цифрландырудың барлық артықшылықтарын алу үшін заманауи жабдықтармен жұмыс істеудің, қолжетімді ресурстар мен қызметтерді, цифрлық білім беру мазмұнын іздеудің және іріктеудің практикалық дағдылары қажет.

2. Білім беру жүйесінде болып жатқан қарқынды өзгерістер жағдайында құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде бейімделу икемділігі мен сыни тұрғыдан маңызды. Бір жағынан, мектепке дейінгі ұйымдар мен педагогикалық қызметкерлерге әртүрлі жабдықтар мен білім беру әзірлемелері ұсынылады, екінші жағынан, олардың барлығы мектепке дейінгі жастағы білім беру стандарттарына сәйкес келмейді. Балаларға цифрлық білім берудің тиісті құралдары мен құралдарын таңдай білу маңызды.

Педагогтың цифрлық білім беру ортасын қалыптастыруға ақылға қонымды көзқарасы (талаптарды сақтау, жағдайларды қалыптастыру және барлық мүмкіндіктерді пайдалану) – мектепке дейінгі білім беруді тиімді цифрлық трансформациялаудың кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Солдатова Г. У. Особенности использования цифровых технологий в семьях с детьми дошкольного и младшего школьного возраста // Национальный психологический журнал. 2019. Т. 4. № 4 (36). С. 12–27

2. Пустовойтова Ольга Васильевна, Шепилова Наталья Анатольевна, Яковлева Лариса Анатольевна, Курникова Дарья Павловна ГОТОВНОСТЬ ДОШКОЛЬНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ К ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ // Концепт. 2022. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gotovnost-doshkolnoy-obrazovatelnoy-organizatsii-k-tsifrovoy-transformatsii> (дата обращения: 02.11.2024).

УДК 541.124
**МЕХАНИЗМЫ СТИМУЛИРОВАНИЯ НОВОВВЕДЕНИЙ И
ОРГАНИЗАЦИОННАЯ ГОТОВНОСТЬ КОЛЛЕКТИВА К ИННОВАЦИЯМ**

Казтаева З.А.

КГКП «Ясли сад «Балауса», г. Караганда

E-mail: zkaz1985@mail.ru

Аннотация: Мақала балалар бақшасындағы инновациялық қызметті ынталандыру және педагогикалық ұжымның инновацияларға ұйымдастырушылық дайындық механизмдерін талдауға арналған. Педагогтарды оқыту, жаңашылдарды қолдау, сондай-ақ олардың теориялық даярлығын және инновациялық іс-шараларға қатысу мотивациясын арттыру әдістері қарастырылады. Мақалада балалар бақшасында инновациялық процестің кезеңдері, оның ішінде шешім қабылдау, білім беру жүйесінің моделін әзірлеу, өзгерістерді жүзеге асыру және олардың тиімділігін бағалау сипатталады. Мақалада инновациялық жұмыс үшін жағдайлар жасаудың маңыздылығына ерекше назар аударылған, мысалы, әдістемелік жұмыстың жүйелілігі, педагогтардың жеке даму жоспарларының болуы, пікірталастарға ашықтық және жаңашылдарды қолдау. Мақалада сонымен қатар балалар бақшаларында инновацияларды енгізуге байланысты мәселелер және оларды шешу жолдары қарастырылады, соның ішінде инновациялық процестерді тиімді басқаруға қабілетті мамандарды даярлау.

Тірек сөздер: инновациялық қызмет, педагогикалық ұжым, балалар бақшасы, әдістемелік іс-шаралар, жаңашылдықты ынталандыру, мотивация, инновациялық процесс, жоспарлау, инноватор, білім беру жүйесі, тиімділікті бағалау.

Аннотация: Статья посвящена анализу механизмов стимулирования инновационной деятельности и организационной готовности педагогического коллектива к внедрению инноваций в дошкольном образовании. Рассматриваются различные подходы к обучению педагогов, поддержке новаторов, а также методы повышения их теоретической подготовки и мотивации для внедрения новшеств. Описываются этапы инновационного процесса в детском саду, включая принятие решения, разработку моделей образовательной системы, реализацию преобразований и оценку их эффективности. В статье акцентируется внимание на важности создания условий для инновационной работы, таких как системность в методической работе, наличие личных планов развития педагогов, открытость обсуждений и поддержка инноваторов. В статье также рассматриваются проблемы, связанные с внедрением инноваций в дошкольные учреждения, и предлагаются пути их решения, включая подготовку специалистов, способных эффективно управлять инновационными процессами.

Ключевые слова: инновационная деятельность, педагогический коллектив, дошкольное образование, методические мероприятия, стимулирование нововведений, мотивация, инновационный процесс, планирование, инноватор, образовательная система, оценка эффективности.

Annotation: The article focuses on analyzing the mechanisms of stimulating innovation and the organizational readiness of teaching staff for implementing innovations in preschool education. Different approaches to teacher training, supporting innovators, and methods for increasing their theoretical preparation and motivation for implementing innovations are discussed. The article outlines the stages of the innovation process in kindergartens, including decision-making, developing models of educational systems, implementing changes, and evaluating their effectiveness. The author emphasizes the importance of creating conditions for innovation work, such as systemic methodology in teacher development, the presence of personal development plans for teachers, openness to discussions, and support for innovators. The article also highlights issues related to the implementation of innovations in preschool institutions and suggests solutions, including the preparation of specialists capable of effectively managing innovative processes.

Keywords: *innovation activity, teaching staff, preschool education, methodological activities, stimulating innovations, motivation, innovation process, planning, innovator, educational system, evaluation of effectiveness.*

Подводя свой коллектив к инновационной деятельности я долго беседую с каждым педагогом, знакомя с целями и задачами инноваций, разъясняю преимущества, которые дает инновация детскому саду, конкретному члену педагогического коллектива.

При этом важна всемерная поддержка новаторов, если они есть в коллективе, их деятельности в дошкольном учреждении.

Но главное — это обучение воспитателей через разные формы:

- 1) проведение семинаров для педагогов;
- 2) организация «круглых столов» с приглашением известных ученых, специалистов, управленцев;
- 3) организация работы педагогических советов или творческих групп; практикумы;
- 5) самообразование отдельных педагогов по изучению литературы по теме.

Педагоги должны поверить, что достижение поставленных перед ними целей приведет к получению значимого для них результата, что они смогут выполнить задание, прилагая приемлемые для себя усилия.

Мы стараемся, что бы система методических мероприятий в нашем коллективе была направлена на решение главной цели — стимулированию педагогов, их теоретической подготовке к инновационной деятельности.

Инновационная и экспериментальная работа всегда приносит свои изменения в развитие педагога, руководителя и всего коллектива, так как способствует повышению уровня мотиваций.

Инновационная деятельность в детском саду характеризуют восемь основных действий:

- предварительное решение, которое возникает в процессе анализа ситуации и состояния образовательной системы, и определение предмета преобразования (что преобразуется и на основе какой научной информации);
- принятие решения об организации инновационного процесса;
- разработка новой модели образовательной системы (осуществляется на основе индивидуального и группового педагогического проектирования);
- определение показателей качества инновационного процесса и его эффективности;
- разработка программы преобразований;— реализация программы преобразований;
- определение качества результатов инновационного процесса (по завершении адаптационного периода);
- оценка эффективности инновационного процесса (определяются качество результатов, затраты времени, финансов на их получение).

Успешность и действенность инновационной работы, ее влияние на развитие дошкольного образовательного учреждения зависят от актуальности работы, заинтересованности и профессиональной компетентности участников, системы методических и организационных мероприятий.

Очень важно какие условия создает руководитель для организации и проведения инновационной деятельности в педагогическом коллективе. В нашем детском саду мы создали следующие условия эффективности инновационной деятельности:

- 1) системность в методической работе с пед.кадрами по развитию их профессиональных навыков и умений в педагогической деятельности;
- 2) наличие у педагога личного плана развития, который мобилизует его потенциальные способности;
- 3) создание творческой атмосферы и объединение усилий всего педагогического коллектива по построению образовательного пространства, где каждый ощущает свою значимость;

4) установление добрых, открытых отношений, при которых снимаются напряженность и страх быть не понятыми; приветствуется обсуждение, а не отрицание альтернативных взглядов на ту или иную проблему; конструктивная проработка конфликтов;

5) проведение открытых дискуссий по проблеме инновационной деятельности, где каждый высказывает собственную точку зрения, но решение принимается коллегиально.

И самое главное в запуске механизма инновационной деятельности выделить фигуру инноватора.

Опыт подсказывает, что:

инновационный процесс проходит с большей эффективностью, если его организатор является членом педагогического коллектива, осуществляющего инновацию.

Инноватором по нашему мнению должен быть педагог, пользующийся авторитетом в коллективе. Педагог имеющий соответствующий опыт и необходимые навыки работы такие как:

-умеющий выделять болевые точки организации,

-моделировать ожидаемые результаты работы,

- разрабатывать соответствующие программы. Если среди педагогов мы сможем найти такого педагога, сможем с подвигнуть его на преобразования, внедрение инновационной деятельности в процесс воспитания и обучения пойдет легко и быстро.

Теперь мы подошли к раскрытию третьего этапа внедрения инноваций-планированию.

Мы приступаем к разработке и проектированию новшества.

На этом этапе важно правильно сформулировать цель и, составить содержание инновационных преобразований. Составление опытно-экспериментальной работы.

И последнее, чтобы внедрить все эти нововведения, важно определить критерии оценки инновационной деятельности. В нашем детском саду одним из критериев было повышение заинтересованности и участия родителей в работе детского сада.

Так медленно и целенаправленно мы движемся в сторону развития и повышения качества образовательного процесса.

Пока мы еще работаем в режиме инноваций и стремимся многократно повторять нововведения в разных видах детской деятельности.

Анализ сложившейся практики в деятельности дошкольных учреждений и их руководителей, работающих в инновационном режиме, выявил ряд проблем:

-отсутствие системности и целостности внедряемых педагогических инноваций;

-недостаточность научно-методического обеспечения инновационных процессов;

- отсутствие должной экспертизы и мониторинга качества и эффективности их внедрения; - необходимость поиска принципиально новых форм взаимодействия научных центров и инновационных.

Перечисленные проблемы не могут быть решены в одночасье. Необходима подготовка педагогов, руководителей, способных грамотно осуществлять инновационную деятельность, управлять инновационными процессами в дошкольном образовании.

Руководитель должен определить перспективу развития своего учреждения с учетом социального заказа общества и четко сформулировать цель инновационной деятельности. Цель должна быть понятна и принята всеми участниками педагогического процесса. Поэтому важно определить конкретные задачи для каждого направления.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Каракровский В. А. Инновационная деятельность — основа целостного современного учебно-воспитательного процесса. — М.: Педагогика, 1993. — 80 с. Никандров Н. Д. Духовные ценности и воспитание человека // Педагогика. —1998. — № 4. — С. 3–8.
2. Каракровский В. А. Воспитательная система школы: педагогические идеи и опыт формирования. — М.: Педагогика, 1991. — 12 с.
3. Лебедева Н. Введение в инновационную деятельность . — М., 1999.

4. Основные понятие и сущность инновационной деятельности / К. У. Камбарова. // Молодой ученый. — 2021. — № 11 — URL:
5. Ценностные ориентации в американской системе воспитания// Вестник МГУ. Сер. 18. Социология и политология. — 1996. — № 2. Автореф. дис. канд. философ. наук. — Б., 2006.

БАЛАЛАРДЫҢ ЕРТЕ ЖАСТАН КІТАП ОҚУҒА СҮЙІСПЕНШІЛІГІН ОЯТУДА ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

**Умиралиева Молдир Балгабаевна - "Қызылорда облысының білім басқармасының,
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "Күнекей" бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі**

Аңдатпа: Бұл мақалада әдебиет деген үлкен сиқырлы әлемге баланың қызығушылығын қалай ояту керек, баланы кітап оқуға қалай үйретуге болады деген өзекті мәселелерді қарастырады. Баланың ерте жастан оқуға қажетті қабілеттерін дамыту, танымдық қызығушылығын жетілдірудегі көрнекті психологтар мен педагогтардың еңбектеріне шолу жасалынған. Кітаптың қоршаған шындықты білудің, әртүрлі білім мен дағдыларды игерудің ең жақын және табиғи тәсілі ретіндегі маңызын тәжірибемен байланыстыра отырып талдау жасалынған.

Түйін сөздер: Құндылық, дағды, танымдық белсенділік, ерте жас, тәрбие құралы.

Ерте жас - баланың психикалық дамуының өте маңызды және жауапты кезеңі. Себебі, бала бірінші рет сөйлеу, ойын, құрдастарымен қарым-қатынас, өзі туралы, басқалар туралы, әлем туралы алғашқы түсініктерге ие бола бастайды. Сонымен қатар ерте жас кезеңінде баланың ең маңызды және іргелі қабілеттері – танымдық белсенділігі, қызығушылығы, өзіне деген сенімділік, табандылық, қиялы, шығармашылық көзқарасы, ересектермен қарым-қатынасы мен ынтымақтастығы қалыптасады.

Ғалымдардың зерттеулерінде (Ж. Пиаже, Л. А. Венгер, С. Л. Новоселова, В. С. Мухина және т.б.) ерте балалық шақ-бұл барлық негізгі функциялардың жетіліп, тәрбие мен оқыту үшін ең қолайлы кезеңі ретінде болашақ тұлғаның физикалық, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуының алғышарттары қалыптасады деп тұжырым жасайды.

Бұл жастың маңыздылығы баланың үш негізгі өмірлік жетістіктерімен тікелей байланысты екендігімен түсіндіріледі: *тік жүру, сөйлеу қарым-қатынасы және пәндік іс-әрекет*. Тік жүру баланың кеңістікте кең бағдарлануын, оның дамуы үшін қажетті жаңа ақпараттың тұрақты ағынын қамтамасыз етеді. Сөйлеу қарым-қатынасы балаға білімді игеруге, қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға және оларды меңгеру арқылы жеке тұлғалық мәдениетке тезірек қосылуға мүмкіндік береді. Пәндік іс-әрекет баланың қабілеттерін, әсіресе оның аяқ, қол қимылдарын тікелей дамытады. Бұл факторлар кішкентай өсіп келе жатқан баланың жан-жақты, толыққанды психикалық мінез-құлық дамуы үшін өте қажет.

Сондықтан баланың 3 жасқа толғанында нені біліп-түсінуі керек деген мәселе әр ата-ананы толғандыруы керек. Әр баланың қабілеті әр түрлі келеді, осыған орай олардың дамып жетілуі де әркелкі болады. Дамуындағы бұл ерекшеліктері ата-ананың балаға көңіл бөлуіне, олардың баланы толыққанды дамытуға бөлген уақыттарының көлеміне де тікелей байланысты болады.

Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – саламатты, саналы, сапалы ұрпақ тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңында айқындалған, білім беру жүйесінің бірінші деңгейі отбасында немесе бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымда жүзеге асырылады- деп көрсетілген. **Олай болса**, балаларға ерте жастан саналы тәрбие, сапалы білім негіздерін қалыптастыру үшін біздер педагогтер мен ата-аналар не жасау керек?

Әрине, бала дамуына онымен бірге әрекет ететін, оған көрсететін, демеуші болатын ересек адамдардың ролі үлкен.

Бұл жастағы бала дамуындағы маңызды механизм **еліктеу** болып табылады (Т.И.Горбатенко). Ерте жас кезеңінен бала ересектің әрекет тәсілдеріне, сөйлеуіне, кейін бағалауына да еліктейді. Бұл баланың жан-жақты дамуына көптеген факторлардың әсер етуіне негіз болады. Сондай негізгі факторлардың бірі-кітап. Кітап баланың тұлғалық жетілуіне күш беретіп, ақыл-ойының қалыпты дамуына үлкен ықпал ететін бірден бір құрал. Кітап әртүрлі жастағы адамдарды біріктіре алады. Бала кітапты ересектердің қолында көріп, ерте жас кезінен бастап оған қызығушылық танытып **еліктей** бастайды. Бала кітапқа қызығушылық таныта бастағаннан бастап, баланы қолдау керек. Сондықтан кітаппен жұмысқа неғұрлым көп орын берілсе, баланың танымдық дамуы да соғұрлым жоғары болады.

Бірақ, тәрбиенің ең тиімді құралы – үлгі болу емес пе? Онда біз өзіміз кітап оқимыз ба? Оқығанымызбен балаларымызбен бөлісеміз бе, олармен талқылаймыз ба? Балаларымыздың арасында кітап оқу культін орнату үшін не істесек болады?. Балаларды кітап оқуға қалай ынталандыруға болады? Үйімізде кітап оқу мәдениетін қалыптастырдық па? –деген көптеген мәселелер біз үшін өзекті тақырыпқа айналды.

Осылайша балабақшамызда «Оқуға құштар балабақша» жобасына ата-аналарды да тартуды қолға аладық. Мақсатымыз балалардың шығармашылық дамуына сапалы жағдай жасау және рухани тәрбие беру, ата-аналардың осы жобаға белсенді қатысуына ықпал ету.

Өмірлік тәжірибе жинау үшін адамға оқу керек. Мұны баланың ата-анамен бірге орындағаны дұрыс. Себебі оқығанды бірге талқылайды, даулы жағдайларда бірге шешімін табады. Кейіпкер неге бұлай жасады екен? Оның орнында сен болсаң не істер едің? Кей жағдайда ертегінің аяқталуының баламасын яғни жаңаша форматын ойлап табады. Бұл баланы кітаппен достастырып қана қоймайды, сонымен қатар бала мен ата-аналар бірін-бірі жақсы білуге, жақынырақ болуға көмектесері айдан анық.

«Күнекей» бөбекжай бақшамыздың ата –аналарынан төмендегідей мазмұнда сауалнама алынды.

- Балаңызға кітап оқып бересіз бе?
- Неше жасынан бастап кітап оқып бере бастадыңыз?
- Кітапты қай уақытта (күндіз, кешке) оқыдыңыздар?
- Балаңызға ұйықтар алдында ертегі, әңгіме, өлең айтып бердіңіз бе?
- Балаңызды кітапханаға немесе кітаптар дүкеніне апардыңыз ба?

Сонымен бірге, сауалнама нәтижесіне қарап бірнеше ата-аналармен әңгімелесу де өткіздік. Төменде сол ата –аналардың пікірлерін ұсынамын.

Бірінші ата-ана пікірі. Мен қызым 4 айға толғанда бірінші кітапты оқыдым. Мен бұл үшін қандай да бір шұғыл қажеттілікті сезінгенім жоқ. Мен жай ғана баламды тыныштандыру үшін оқып бергім келді. Әрине, бірінші рет бұл әрекет, ерсілеу көрінуі мүмкін себебі, баламды суреттер тіпті де қызықтамайды. Бірақ, менің бұл әрекетім пайдасыз емес екенін аңғардым. Себебі бала дауысты естиді, сезінеді, кей жағдайда менің бұл әрекетім оны тыныштандыратын да болды.

Екінші ата-ана пікірі. Мен психолог ретінде де, ана ретінде де өз пікіріммен бөліскім келеді (менің үш балам бар, олардың екеуі жасөспірімдер — 14 және 12 жаста, ал ең кішісі-5 жаста). Олар белсенді оқырмандар. Мен отбасында оқу мәдениетін саналы және мақсатты түрде қалыптастырдым десем болады. Баланы кітап әлемімен таныстырудың көптеген жолдары бар, мен оларды үнемі қолдануға тырысамын. Менің ана ретіндегі оқуға деген құштарлығым соншалықты балалар мені үнемі кітаппен көріп өсті. Кейде мен оларға оқыған шығармаларымнан қызықты етіп айтып беретінмін. Өсе келе оларда кітап оқып өзара бөлісуді дәстүрге айналдырды. Бұл жағдай болашақ оқырмандарды тәрбиелеуге және отбасында оқу мәдениетін қалыптастыруға үлкен көмегін тигізді десем болады.

Үшінші ата-ана пікірі. Біз жолдасым екуміз мемлекеттік қызметкерміз. Екі баламыз бар. Бірақ біз оларға кітап оқып беруді дәстүрге айналдырмадық.

Жас ерекшеліктеріне байланысты балалар әлі оқи алмайды, дегенмен біз оларға кітаптар әпереміз балалар шығармалардың мағынасын түсінбегенмен ақтарып қарағанды жақсы көреді.

Бұл ата-аналармен өткен әңгімелесуден әр отбасында балалардың оқу мәдениетін қалыптастыру тәсілдерін байқауға болады. Қазіргі таңда көпшілік ата-аналар интерактивті бағдарламалары мен аудиокітаптары бар гаджеттер мен электронды кітаптарды қолданады, бірақ қағаз нұсқадағы кітаптарды мүлдем жоққа шығаруға болмайды (*әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар үшін*). Ешқандай гаджеттер кітапты қолында ұстағандағы физикалық сезімді алмастыра алмайды. Себебі, балалар кітаптың иісін сезініп, сыбдырын естіп, кітап парақтарына қол тигізу арқылы шығарма желісіндегі оқиғаларды тереңірек түсінеді.

Сондықтан әр бір отбасындағы кітаптарға деген көзқарас пен қарым-қатынас өте маңызды. Біріншіден, ата-аналар балаларға үлгі бола отырып, көп оқуды үйренеді. Екіншіден, бала мен ата-аналар арасында жылы қарым-қатынас орнығады. Мұндай үй оқулары психологиялық сүйіспеншілікті тудырып, болашақта ең керемет естеліктердің бірі болып, балалар есінде сақталады.

Сонымен бірге балалармен әртүрлі әдеби іс-шараларға бару, не баламен бірге шараларға қатысу да, өте жақсы дәстүрлердің бірі. Осы бағытта өзімнің кәсіби тәжірибеммен бөлісетін болсам, «Күнкей» бөбекжай бақшамызда Ә. Тәжібаев атындағы кітапхана ұжымымен бірлесе «Ертегілер әлемі», «Менің сүйікті кейіпкерім», «Балапандар шеруі» тақырыптарында балалармен әр түрлі форматта қызықты кездесулерді жиі өткіземіз, Осындай шаралардың негізінде бөбекжай бақшамызда **«Менің алғашқы кітабым»** атты авторлық бағдарлама әзірледім. Бағдарлама мазмұнында баланың таным-түсініктерін кеңейтетін әр түрлі ертегі кітаптар, газет, журналдар, көрнекі құралдар, ертегі кейіпкелері мен сюжеттік суреттер, ойыншық атрибуттар, үйрету тапсырмалары мен жаттығулары берілген. Бағдарлама 34 сағатқа құрылған (*апталық жүктеме 1 сағат*). Бұл бағдарлама балалардың оқылған әңгіме, ертегі мазмұнына сай бір оқиға төңірегінде сурет бойынша әңгіме құрап айтуға, сурет салуға, сахналық қойылымдарға қатысу арқылы қайырымдылық, шындық, адалдық, үлкендерді құрметтей білу сияқты асыл қасиеттерді бала бойына кітап арқылы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аталған тақырыптарды меңгертуде баланың жеке дамуының қуатты құралы ретінде, кітап оқуға қолайлы орта жасаудағы алғашқы жұмыс түрі кітапханаға экскурсия жасаудан басталып, балаларда *кітап, кітапхана туралы алғашқы түсінік қалыптастыру жұмысы жүргізіледі.*

Келесі қызықты жұмыс балабақшада топ бөлмесінде ұйымдастырылған кітап бұрышын таныстыру мақсатында, «Ертегіні аяқта» деген тақырыпта кітап мүйісіндегі балаларға таныс қызықты ертегі кітаптарынан үзінді оқылып, мазмұнын балалардың өздеріне аяқтауға мүмкіндік беріледі. «Кітап неге аурады» тақырыбы бойынша күтін ұсталмаған кітаптар туралы әңгімелеп, кітаптарды ұқыпты ұстау ережелерімен танысады.

"Мен және менің үй кітапханам" фотокөрмесі, Өз қолымен: Менің алғашқы кітабым" "Менің балалық шағымның кітаптары" тақырыбындағы ата-аналар көрмесінің мақсаты балабақша балаларының шығармашылық жұмыстарының нәтижелерін көрсету, кітапқа деген сүйіспеншілігін насихаттау және ата-аналар мен балалардың біріккен іс-тәжірибесін насихаттауды көздейді.

Сонымен бірге балалар жазушысы Рима Әбіқаева шығармашылығымен таныстыру арқылы мейірімділікке, отбасына деген махаббат пен табиғатты сүюге тәрбиеленсе, балаларға арналған Республикалық «Ертегілер елінде» журналының бас редакторы Әдина Жүсіптің Әдинаның ертегілерін тыңдауға, мазмұндауға үйренеді.

Бағдарламада мектепке дейінгі жастағы балаларды ертегілер жанры: қиял ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері, жануарлар туралы ертегілермен таныстыруда Пропс картасын пайдалануды жөн көрдім.

Әр бала өз картасы бойынша ертегі сюжетін ойлап табады, немесе ертегі желісін ретімен айтып беруге үйренеді. Осылай бала карталар арқылы ертегі құрастыра отырып, жазушыға айналады. Ал карталарға суреттерін салса, онда суретші болады. Ойлап тапқан ертегілерін, суреттерін қоса отырып, шағын кітапша шығарады.

Қорыта айтқанда осы авторлық бағдарламамен жұмыс жүргізу барысында әдеби шығарманы дұрыс қабылдау, мазмұнмен қатар көркемдік шығарма элементтерін түсіну қабілеті балаға өздігінен келмейді ол үшін ата-аналармен, жұртшылықпен жұмыс істеудің әртүрлі, соның ішінде дәстүрлі емес түрлерін (әдеби байқаулар, әдеби үйірменің жұмысы, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің кітапханасындағы жұмыс, театр кештері, жобалық іс-әрекет, ойын-сауық, зияткерлік ойындар, кітаптардың жазудың пайда болу тарихымен танысу т.б) жұмыс түрлерін жүйелі жүргізуде асқан жауапкершілікті талап етеді.

Бұл дағдылардың барлығын ерте жас кезінен бастап дамыту және тәрбиелеу керек демек, балаларда шығарманы белсенді тыңдау, көркем сөйлеуді тыңдау қабілетін қалыптастырудың өмірлік маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аралбаева Р. К. Мектепке дейінгі педагогика. Оқулық Алматы 2012 ж
2. С.А.Козлова, Т.А.Куликова Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы Мәскеу 2015 жыл
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы
6. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Астана қ. 2022 ж.
7. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Астана қ. 2022 ж.
8. Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ: ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІ АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІШТЕУ

Айтилесова Гульмира Шакизадаевна - "Қызылорда облысының білім басқармасының, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №3 Қарлығаш санаториялық бөбекжай - бақшасы коммуналдық мекемесінің меңгерушісі

Аңдатпа: Бұл мақалада туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы ұштағанының негізгі ережелеріне сүйене отырып, тәрбие парадигмасын жаңартуда педагогиканың өзекті мәселелері ретінде еңбек арқылы баланы тәрбиелеу мен дамытудың маңызын қарастырады.

Мектепке дейінгі балалар өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың негізгі факторы ретінде еңбек тәрбиесі арқылы құндылықтарды қалыптастырудағы көрнекті психологтар мен педагогтардың еңбектеріне шолу жасалынған. Еңбек тәрбиесі арқылы құндылықтарды, қоршаған шындықты білудің, әртүрлі білім мен дағдыларды игерудің ең

жақын және табиғи тәсілі ретіндегі маңызын ғалымдардың еңбегімен байланыстыра отырып талдау жасалынған.

Түйін сөздер: Біртұтас тәрбие, ұштаған, парадигма, еңбек тәрбиесі, құндылық

Аннотация: В данной статье рассматривается значение воспитания и развитие детей от рождения до 6 лет через труд как актуальная проблема педагогики в обновленной парадигме воспитания, исходя из основных положений программы «Единое воспитание».

Выдающиеся психологи и педагоги в своих работах раскрыли, что в формировании ценностей через трудовое воспитание является основным фактором организации жизни и деятельности детей дошкольного возраста. Связывая с трудами ученых проведен анализ, главным фактором в трудовом воспитании большое значение имеет овладении различными знаниями и умений детей дошкольного возраста естественным путем

Ключевые слова: Целостное воспитание, триединство, парадигма, трудовое воспитание, ценность

Annotation: This article addresses the importance of educating and developing children through labor in the context of "Holistic Education" principles, focusing on updating the educational paradigm for children from birth to six years old. It reviews the works of prominent psychologists and educators on the formation of values through labor education as a core factor in organizing the lives and activities of preschool children. The study analyzes how labor education, as the closest and most natural means, helps children understand surrounding realities, gain various skills, and acquire knowledge, linking it with the contributions of scholars.

Keywords: Holistic education, triad, paradigm, labor education, values

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырған болатын. [1] Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына соның ішінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына да енгізілді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында еліміздің болашағын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттаған болатын.[2]

Осы аталған талаптарды жүзеге асыру және мектепке дейінгі білім беру саласында сапалы тәрбие мен білім беруді жетілдіру мақсатында, №3 "Қарлығаш" санаториялық бөбекжай-бақшасында біршама жұмыстар қолға алынды.

Атап айтқанда, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру шеңберінде өз іс – тәжірибемде, балаларды адал еңбек арқылы оқыта отырып, табиғат туралы танымдық дағдысын дамытуда «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясындағы жұмыстарды ұсынуды жөн көрдім. Себебі, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы тәрбие мен білім беру процестерінде интеграциялауды мақсат етеді.[3] Бөбекжай-бақшамызда 2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылып келеді.

Қазіргі цифрландыру дәуірінде, ақпараттық технологиялық жүйенің дамуы ұлтымыздың тарихи, әдеби-мәдени кодын сақтап қалу қоғамдығы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Әлеуметтік-тарихи тәжірибеге сүйенсек, әрбір жаңа ұрпақ өз халқының өткен тарихи тәжірибесіне, ұлттық құндылықтары мен идеологиясына сәйкес, ұлттық сана-сезімі қалыптасатынын көрсетеді. Сондықтан бұл процесс ұлт тарихының аса күрделі, маңызды факторы болып табылады.

«Құндылық» ұғымы ХІХ ғасырдың ортасында ғылыми айналымға енгізілді. Ол философиялық және басқа да арнайы әдебиеттерде шындықтың белгілі бір құбылыстарының маңыздылығын көрсету үшін кеңінен қолданылды. Соның ішінде жалпыадамзаттық құндылық жөніндегі алғашқы пікірлер Сократ, Аристотель заманынан бері жалғасып келе жатырғанын

тарихтан білеміз. Ойшылдардың ізгілікке ұмтылу, шындықты бағалау сынды ой тұжырымдарының астарында жалпыадамзаттық құндылықтардың жатқандығы белгілі.

Философиялық сөздікте: ...Ұлттық құндылықтар – олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы деген түсінік береді.[4]

Педагогика ғылымында еңбек тәрбиесінің оқу үрдісінде алатын орны туралы зерттеліп жүрген еңбектер аз емес.

Зерттеушілер С. Л. Рубинштейн, И. Г. Песталоцци, Е. А. Плешанова А.Байтұрсынов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев балалардың қалыптасуында еңбек тәрбиесінің маңыздылығын атап өткен болатын. [5]

Ал зерттеуші Г.Нұрышева «Құндылықтар адамның сезімін оятып, іс-әрекеттің себеп-салдарын анықтап, адам мен қоршаған ортаны байланыстыратын буын, рухани болмыс» дейді.[6]

Сондықтан мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап қазақ халқының болмысына тән, тамыры терең құндылықтарын сақтау және оны бала бойына сіңіру балабақша ұжымының басты мақсаты болып белгіленді.

Демек, бала бойында табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға, табиғи ресурстарды үнемді қолдануға, еңбекқорлыққа баулу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр десек болады.

Әдістемелік тұрғыдан талдау жасап көрсек.

Балалардың бір нәрсені зерттеуге, білуге деген талпынысы биологиялық құбылыс болғандықтан олар үнемі қоршаған ортаны зерттеп, танып білгісі келіп тұрады. Сондықтан адам үшін, адамның өмір сүруі үшін негізгі қажеттілігі еңбек десек болады.

Автор А. И. Савенков еңбек әрекеті барысында мектеп жасына дейінгі бала өз зерттеулерін, бақылауларын, эксперименттерін жүргізсе, дайын білім алудан гөрі жаңа білімді түсінуі оңайырақ болатынын айтады.[7]

Еңбек әрекетін жүзеге асыру мәселелерін К.Д. Ушинский, А.С. Макаренко, Н. К. Крупская, В. А. Сухомлинский, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және басқа да бірқатар авторлар қарастырып, болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі еңбектің орасан зор рөлін атап өткен болатын.[8]

Осы орайда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы балалардың жан-жақты дамуына, әлеуметтік және эмоционалдық еңбек дағдыларын қалыптастыруда маңызды орын алады.

Себебі құндылықтарды бойына сіңірген бүлдіршіндер Отанына деген сүйіспеншілік, мемлекеттік рәміздері қазақ халқының дәстүрлі өзінің туған жері, табиғатына деген сезімге бай болып келеді. Әр баланың тұлғалық қабілеттері айтарлықтай ерте кезден біліне бастайды. Егер де ата-ана немесе педагог соны байқап, уақытында дамытуға көмек көрсететін болса, болашақта ол балада қандай да бір отаншыл тұлға қалыптасады. Баланың ерте кезден еңбекқорлық, шығармашылық қабілетін анықтау – баланың есте сақтау мен ойлау қабілетіне де әсер етеді. Табиғатқа қатысты ойындар мен тапсырмалар болашақта баланың мектеп бағдарламасын оңай қабылдауына да, септігін тигізеді. Себебі қазіргі таңда жиі кездесетін тежелулер балалардың қалыпты дамуында қиындықтар туғызуда. Олар:

- Есте сақтай алмау (әріптер мен сөздерді қалдырып немесе бұрмалап
- айту, қайта-қайта сұрай беру)
- Көріп, кеңістікті қабылдауы (графикалық кескінді сала алмауы, парақ бетін бағдарлай алмауы, теріс жазуы)
- Тактильді қабылдауы (қол, дене бұлшық етін сезінбеуі)

Бұл балалардың денсаулығына, танымдық жетілуіне, еңбек қағидаларын меңгеруіне, қарым-қатынас ортасының болмауына және тілдік дағдылардың төмендеуіне әкелуде. Сондықтан да, табиғаттағы еңбек үлкен білім беру мәніне ие.

Табиғаттағы әртүрлі жұмыс түрлері балаларға үлкен қуаныш сыйлайды және олардың жан-жақты дамуына ықпал ететіні белгілі. Бала еңбек процесінде табиғатқа деген сүйіспеншілікпен оған ұқыпты қарауға тәрбиеленеді. Балаларда еңбек қызметі барысында қызығушылық, саналы, жауапты көзқарас қалыптасады. Сондай-ақ ұжымда балалар бірлесіп

жұмыс істеуге, бір-біріне көмектесуге үйренеді. Ол балалардың ой-өрісін кеңейтіп, сенсорлық тәрбие мәселелерін шешуге қолайлы жағдай жасайды. Табиғатта еңбек ете отырып, балалар табиғат объектілерінің қасиеттерімен танысады. Педагог балаларды еңбек әрекетін орындау үшін табиғат объектілерінің ерекшеліктеріне назар аударуға үйретеді. Табиғаттағы еңбек процесінде балаларда өсімдіктер туралы білім қалыптасады (өсімдіктердің қасиеттері мен құрылымы, дамудың кезеңдері, өсіру әдістері, маусымдық өзгерістер), жануарлар туралы (сыртқы түрі, қозғалу әдістері, әдеттері, өмір салты, маусымдық өзгерістері). Балалар табиғаттағы жануардың жағдайлары, өмір салты және оны табиғат бұрышында күту тәсілдері арасында байланыс орнатып үйренеді.

Сондай-ақ табиғаттағы еңбек балалардың байқау мен қызығушылығын, дамытуға ықпал етеді, олардың табиғат объектілеріне, адам еңбегіне деген қызығушылығын, еңбек адамдарына деген құрметін тудырады. Еңбек процесінде өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың практикалық дағдылары қалыптасады, зияткерлік дағдылар дамиды: жұмысты жоспарлау, материалдар мен құралдарды таңдау, операциялардың реттілігін белгілеу, оларды уақыт бойынша және еңбекке қатысушылар арасында бөлу, нәтижелерді бағалау және т. б.

Сонымен қатар табиғаттағы еңбек балалардың физикалық дамуына қолайлы жағдай жасайды, өйткені көп жағдайда ол таза ауада өтеді, бұл дене қозғалысының дамуына, бала жүйке жүйесінің нығаюына ықпал етеді және еңбекке деген қызығушылықтары қаланады. Жоғарыда аталған жұмыстардың бірқатарына тоқталып өтсем.

«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы аясындағы жұмыс «Эко бум»

Мақсаты: Табиғат жөнінде қарапайым білім беріп, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде түсінік қалыптастыру.



Бұл жерде балалар туған табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, оның әсемдігін терең сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға тәрбиеленуде. Өсімдіктерге күтім жасаудың практикалық дағдылары қалыптасады.

«Жомарт күз» еңбек жәрмеңкесі

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күзгі өнімдермен таныстыру, олардың ағзаға пайдасы туралы түсінік беру.



«Жомарт күз» жәрмеңкесі аясында балалар табиғаттың мол байлықтары туралы түсінігін кеңейтеді. «Еңбек түбі береке», «Еңбектің наны тәтті» түйін сөздерінің мәнін ұғынады. Мерекелік көңіл-күйге бөленіп, еңбек дағдыларына тәрбиеленеді.

Енді осы табиғаттағы еңбекті ұйымдастыруға қандай педагогикалық талаптарға сүйенуге болады?

Табиғаттағы еңбек, егер оның ұйымдастырылуы мен мазмұны белгілі бір педагогикалық және гигиеналық талаптарға сай болса, тәрбиелік маңызы артады. Ең маңызды педагогикалық талап-еңбек мазмұны бойынша әр түрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыру: жануарларға (құстар, балықтар, сүтқоректілер), өсімдіктерге күтім жасау, табиғат бұрышында өсімдіктерді өсіру, бақшадағы еңбек. Осындай әртүрлі жұмыс балалардың қызығушылығын және оған қатысуға деген ұмтылысын арттырады. Еңбек ету процесінде біліммен қатар практикалық дағдыларды меңгереді. Мәселен, балаларды өсімдіктің құрылымымен таныстырады, өсімдіктердің тамыры, жапырағын зақымдамау қажеттігін түсіндіреді. Ал мектепке дайындық тобына гүл тұқымдарын отырғызу кезінде, түсін, мөлшерін, пішінін таныстыра отырып, өсімдіктің өсу процесіне назар аудартады. Еңбекті осылайша ұйымдастыруда бала тек дағдыларды ғана емес, сонымен бірге еңбек қызметінде қажетті білімді де алады. Сонымен қатар маңызды педагогикалық талап-бұл баланың алдын ала еңбек әрекетінің мақсаты, нәтижелері және оларға жету жолдарынан хабардар болуы. Бұл балаларда саналы көзқарасты дамыта бастайды, еңбек операцияларын орындау үшін белгілі бір еңбек процесін жүргізу қажеттілігін сезіну қабілеті қалыптасады.

Қазіргі таңда бөбекжай-бақшасында практикалық тұрғыдан **«Еңбек тәрбиесі арқылы құндылықтарды дәріптеу» тақырыбында жобасы** әзірленіп, балалармен жұмыс жүргізілу үстінде. Педагогикалық процесс бойынша әр жас топтарында еңбек орындары анықталып, жұмыс мазмұны әзірленді.

Бұл тақырыпты таңдауға негіз болған, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы құндылықтарына бағдарланған білім беруді, оқу бағдарламасына кіріктіру.

Жобаның мақсаты: Мектеп жасына дейінгі баланың қызығушылығын, мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды дамыту, Отанға сүйіспеншілікке, туған өлке табиғатын қастерлеуге, мәдени-әлеуметтік, еңбек нормаларына баулу, мектепке дейінгі ұйым мен отбасы күш-жігерін біріктіру.

«Еңбек тәрбиесі арқылы құндылықтарды дәріптеу» жобасында *«еңбек»*, *«құндылық»*, *«денсаулық»* деген ұғымдардың мәнін, баланың өзін қоршаған әлемге деген қызығушылығын қалай ояту керек, баланы еңбек арқылы құндылықтарға қалай үйретуге болады деген мәселелер зерделенген. Баланың еңбек дағдыларын, құндылықтарды меңгеруіне оның өмір сүріп жатқан ортасы тікелей байланысты. Сондықтан баланың кез келген бағытта дамуына жүрген ортасы, отбасының тәрбиесі, жақындарының қолдауының әсері мол.

Ол үшін, педагогтер мен ата-аналарға келесі ұстанымдар ұсынылды:

- қолайлы қоршаған орта жасау,
- педагогтың, ата-ананың мейірімі,
- балаға сын айтпау,
- қызықты идеяларды қолдап, жақсы баға беру,
- тәжірибелік жаттығуларды орындауға мүмкіндік беру,
- әр түрлі мәселені шешуде үлгі көрсету,
- баланың кез келген сұрағына жауап беру,
- оқу немесе ойнау барысына балаға өз ойын білдіруге мүмкіндік беру,
- бала қандай да бір істі орындай алмаған жағдайда мысқылдап күлмеу, түсінуге тырысу.

Барлық балаларда еңбек қабілеті бар деп айтуға болады. Мұндағы басты мәселе – дененің саулығы мен баланың қалыпты дамуы. Аталған тақырыптарды меңгертуде баланың жеке дамуының қуатты құралы ретінде, қолайлы орта жасаудағы алғашқы жұмыс түрі *«Көңілді сәлемдесу»*, *«Дені саудың, жаны сау»*, *«Бақшадағы көкөністі бақылау»*, *«Атыздарды тазарту»*, *«Көкөністерді жинау»*, атты тәрбиелік шаралар мен қызықтар әлеміне бақылау жасай отырып ұйымдастырылады.

Педагог баланың көзіне көрсете отырып, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге ауысу жолын үйретеді. Ол үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланды. Мысалы:

- Құмда сурет салу;
- Құмдағы іздер (жалаң аяқ жүру);
- Жаңбыр тамшылары нүктелер арқылы сурет салу;
- Әр түрлі жапырақтардан бейнелер жасау;
- Сия тамшысымен саусақпен табиғат құбылыстарын бейнелеу т.б

Табиғатты бақылау оны бейнелеу кезінде баланың тактильді сезімі дамып, қоршаған орта туралы түсінігі тереңдеп нығая түседі. Яғни, бір затты бейнелей отырып бала оның сюжетін жасайды, ол туралы өз сезімін көрсетеді. Бұл жерде Аристотельдің мына сөзін есте ұстау қажет: «Қоршаған ортамен байланыс баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайды» дейді.[9]

Сонымен бірге табиғаттағы еңбек балалардың физикалық дамуына қолайлы жағдай жасайды, өйткені көп жағдайда ол таза ауада өтеді, бұл дене қозғалысының дамуына, бала жүйке жүйесінің нығаяуына ықпал етеді және еңбекке деген қызығушылықтары қаланады. Мысалы: «Біз мықтымыз, ептіміз», «Маусымдық өзгерістер», «Қыс қызықтары», «Көктем келді», «Сиқырлы асықтар», «Көшет отырғызу», «Жеміс ағаштары» тақырыптарын ұйымдастыру барысында тәрбиеші педагогтер балаларда кездесетін түрлі кедергілерге қолдау жасай алуы керек. Мысалы үш жасқа дейінгі кезең немесе **бірінші кезең** – дамуы, баланың ойына алған әрекетті орындауға ұмтылу кезеңі. Бала жас болған сайын оның орындаушылық ықыласы тұрақсыз болады. Үш жастағы балалардың 30-40 пайызы ғана ойына алғандарын басқа затпен алмастырып, бейнелеп көрсете алады. Кейде балалар қолына еңбек құралын алған соң жасай алмайтынын біліп бас тартады. Дегенмен бала есейген сайын оның мінезі тұрақталып, тәжірибесі молайып дағдылана түседі.

Екінші кезең – еңбек процесінің пайда болуы. Балаға тапсырманы бергеннен соң іс-әрекет бағытын өзі табуына ықпал жасау керек. Бұл кезеңде бала қабілетін өзі басқаруға, жұмыс құралдарын пайдалана білуге ұмтылады.

Үшінші кезең – алдыңғы екі кезеңмен тығыз байланысты, яғни жалғастыру және аяқтай білу. Бала жұмысын талдау, қарау, оған өздерін қатыстыра отырып баға беру, сенімділік пен белсенділікті дамытады.[10] Міне осы үш кезең арқылы балалардың еңбекқорлық қабілетін дамытып отыру қажет деген шешімге келдік.

Балаларды табиғатпен таныстыруда серуендеудегі бақылауларға ерекше мән бердік. Мысалы, күзде бұтақтар арқылы аспанның түсіне назарын аудару. Балалар әртүрлі пішіндегі түсіп жатқан түрлі-түсті жапырақтарды жинағанды ұнатады. Баланың байқау қабілетін дамыту және балалардың таным аймағын кеңейту үшін, ойын барысында жапырақтардың сыбдырын тыңдауға, қолмен ұстауына мүмкіндік бердік. Балаларды жансыз табиғатпен таныстыруға да, көп көңіл бөлген орынды себебі, бала жер, су, ауа, құм, тас, жел сияқты ұғыммен, оның пайда болу себептері мен танысады. Сонымен қатар балалардың қызығушылығын тудырудың кейбір тәсілдерін де тәжірибемізде жиі қолдандық, олар:

- ✓ Қандай да бір талқыланған мәселе бойынша балалардың пікірін білу үшін олардың қол көтеріп, дауыс беруін сұраңыз (*жақтап немесе қарсы шығып*)
- ✓ Сұрақ қойыңыз, уәде беріңіз.
- ✓ Балаларды күлдіріңіз.
- ✓ Даулы немесе басқалардың көзқарасына қарама-қарсы пікір айтыңыз.
- ✓ Әдеттен тыс қызықты мәліметтерді ұсыныңыз.
- ✓ Материалдарды таратып өңдеуге немесе толықтыруға тапсырма беру.
- ✓ Ертегі желісінен қызықты бір оқиғаны сипаттап беру.
- ✓ Балалардың шешімін қажет ететін проблемалық ситуацияны суреттеу.

Мектепке дейінгі педагогика балаларды ересектердің жұмысына жақындатудың үш әдісін ұсынады олар: еңбекті бақылау, балаларға ішінара көмек көрсету және ересектер мен балалардың бірлескен қызметін ұйымдастыру (В. И. Глотова, Л. В. Загик, С. М. Котлярова, Г.

Н. Лескова, Е. И. Радина, Д. В. Сергеева және басқалар).[11] Осы аталған әдістерді әр жас ерекшеліктеріне сәйкес тәжірибеде қолданып келеміз.

Мысалы: екінші кіші топта балалар тәрбиешінің басшылығымен пиязды, үлкен гүл тұқымдарын отырғызу немесе бақылау, гүл жапырақтарын сүрту жұмыстарына қатысады. Бұл топта ұжымдық еңбек формаларына көбірек мән береміз.

3-4 жастағы балалар тәрбиешіге табиғат бұрышында және бақшада өсімдіктерге күтім жасауға көмектеседі. Балалар өсімдіктерді дұрыс суаруды, жапырақтарды дымқыл шүберекпен сүртуді үйренеді. Тұқымдарды тәрбиеші дайындаған жерге (қораптарға, шыныаяқтарға, топыраққа) отырғызуға, суаруға қатысады.

5-6 жастағы балалар тәрбиешінің жетекшілігімен өсімдіктерге күтім жасауды жалғастырып, суару, жерді қопсыту, өсімдіктерді қоректендіру, көбейту әдістерімен танысады, жерді қазуға, тұқым сеуіп, көшеттеуге көмектеседі. Дайындық тобының тәрбиеленушілері күтімді өз бетінше жүзеге асыра алады. [12] Сондықтан тәрбиеші бақылайды, қиындық туындаған кезде көмек көрсетеді.

Сонымен қатар осы бөлімде әдістемені қолдану артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталып өтсем:

Артықшылығы:

Күнделікті бала әртүрлі іс-шараларға қатысып отырады, себебі топтағы бақылаулар, серуендеу, ойындар, әдебиеттерді оқу және талқылау, сурет салу т.б әрекеттер балалардың алған білімдерін бекітуге мүмкіндік береді.

Еңбек әрекетін жоспарлау, жұмысты жасау барысында өзінің іс-әрекеттерін бақылау, бағалауға үйренді.

Заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренді.

Осы жоба аясында авторлық бағдарлама дайындауға әдістемелік негіз жасалды.

Кемшілігі:

- балалардың мақсаттарға жетеу табандылығын, ерік-күшін қалыптастыруда отбасы мен педагогикалық ұжымның ортақ жүйесінің болмауы;
- ұжымдық еңбек әрекетінде балалардың өзара тіл табысудағы қиындықтың болуы;
- еңбек құралдарын қолдануға жете мән берілмеуі;
- педагогикалық басшылықты тиімді ұйымдастыру тәсілдерінің жетіспеуі.

Педагогтерге әдістемені оқу процесіне сәтті енгізу бойынша ұсыныстар:

Табиғат туралы көркем әдебиет туындыларын қолдану, мектепке дейінгі ұйым мен отбасы күш-жігерін біріктіруге арналған шаралар өткізу, балалардаң табиғаттағы еңбек процесін, еңбекке икемділігін, өз денесін басқару қабілеттеріне диагностика жүргізу, еңбек құралдарын үнемі түрлендіріп отыру, еңбек тәрбиесіне қатысты оқу - дидактикалық база жасақтау.

Біз жоғарыдағы талдаулар нәтижесінде табиғаттағы әртүрлі еңбек түрлері балаларға үлкен қуаныш сыйлайтынын және олардың жан-жақты дамуына ықпал ететінін анықтадық. Балаларда еңбек қызметі барысында қызығушылық, саналы, жауапты көзқарас қалыптасады. Сондай-ақ ұжымда балалар бірлесіп жұмыс істеуге, бір-біріне көмектесуге үйренеді. Ол балалардың ой-өрісін кеңейтіп, сенсорлық тәрбие мәселелерін шешуге қолайлы жағдай жасайды.

Ал ұжымдық еңбек әрекеті кезінде балалар өзара тіл табысу тәсілдерін үйренеді.

Балалар өсімдіктер мен жануарларды тек арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де байқауға мүмкіндік алады. Балалар табиғатты бақылау, еңбек әрекеті үрдісінде бірқатар іскерліктер мен дағдыларды меңгеріп, заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренді. Бала ақыл-ой операцияларының негізінде өз жұмысының нәтижесін ойша елестетіп алып, содан кейін әрекет етуге үйрене бастайды. Олар іс-әрекетке кірісер алдында, оны жүзеге асыру әдістерін іздестіреді. Сол үшін бала бойындағы құндылықты дамытуда оған педагогикалық басшылықты қажет.

Балалардың табиғатқа дұрыс көзқарасын тәрбиелеу, тірі тіршілік иелеріне ұқыпты қарау қабілеті балабақшадағы жұмыс жүйесімен отбасындағы тәрбие жүйесі үйлессе ғана, оң

нәтиже береді. Сондықтан ата-аналар мен үнемі жеке әңгімелер өткізіп, қысқа кеңестер мен ұсыныстар беру жұмысы оң нәтиже береді. Әсіресе ата-аналарға балалардың назарын қоршаған табиғаттың сұлулығына аударуға, бақылаулар кезінде баланың танымын, қызығушылығын, зейіні мен ойлауын кеңейтудің маңызы туралы түсінік берген дұрыс.

Онымен қатар табиғат туралы көркем әдебиет туындылары балалардың сезімдеріне терең әсер етеді. Ең алдымен, балабақша бағдарламасы ұсынған әдебиеттерді пайдаланған дұрыс. Біз оларға табиғатты қабылдауға ғана емес, оған қамқорлық жасауға, оның байлығын қорғауға және көбейтуге үйретуіміз керек.

Қорыта айтқанда табиғаттағы еңбек әрекетіне қатысу арқылы балалар еңбек процесінің мазмұнын, еңбек құралдарының түрлері мен атауларын, табиғатты қорғау, өз-ара қарым – қатынас дағдыларын меңгереді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі 19.06.2023ж
2. Мемлекет басшысының III Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі 16.08.2024ж
3. Біртұтас тәрбие бағдарламасы 2023ж
4. Философиялық энциклопедиялық сөздік 2013ж Алматы
5. Дүйсенова, Г. Мектепке дейінгі тәрбие: теория мен практика. 2020 ж Алматы
6. Савенков А. И. Плешанова, Е. А. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесі / 2018ж
7. Омарғалиева Т.Ж. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру: оқу құралы / Т.Ж. Омарғалиева. – Алматы: 2020ж
8. Философиялық этика және моральдық құндылықтар туралы ғылым. Оқулық Алматы-2004ж
9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422
10. Алимов А.Қ Оқытудағы интербелсенді әдістер 2014ж
11. Иманбердиева, А. Педагогикалық инновациялар және мектепке дейінгі ұйымдар. 2019ж. Астана
12. Козлова С.А., Куликова Т.А. Мектепке дейінгі педагогика «Академия» баспа орталығы, 2015жыл

ӘОЖ 373.2

БАЛАНЫҢ БОЛАШАҚ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҮЛКЕНДЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ

Бакраденова А.Б., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)

Төлеубай А.А., "Мектепке дейінгі білім беру және балалар психологиясы" білім беру бағдарламасы 1 курс магистранты

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: altyn.bakradenova@mail.ru, toreako@mail.ru

***Аннотация:** Мақалада бала тұлғасының өзін-өзі бағалауының қалыптасуына отбасы мүшелерінің, педагогтердің әсері туралы мәселе қарастырылған. Отбасы – адамның жеке дамуына әсер ететін бірінші орта. Авторлар мектеп жасына дейінгі баланың өзін-өзі бағалау деңгейіне ата-ана, педагогтер тәрбиес ықпал ететінін мысалдармен көрсетіп, үлкендердің әрекеті баланың өзін-өзі бағалау және бақылау деңгейін арттыруға көмектесетінін айқындаған.*

Кілт сөздер: өзін-өзі бағалау, отбасылық тәрбие, бала тұлғасы, баланың әлеуметтенуі, психологиялық даму, авторитарлық стиль, демократиялық стиль, либералдық стиль, төмен бағалау, асыра бағалау.

Аннотация: В статье рассматривается проблема о значении роли членов семьи в формировании у ребенка самооценивания, как личность. Семья-это среда, действующая интеллектуальному развитию человека. Авторы, предоставляя примеры об самооценивании детьми дошкольного возраста, делают вывод, о том что, через правильного выбора типа воспитания родителей и педагогов, дети могут приобрести высокий уровень самоконтроля и самовоспитания.

Ключевые слова: самооценка, семейное воспитание, личность ребенка, социализация ребенка, психологическое развитие, авторитарный стиль, демократический стиль, либеральный стиль, заниженная оценка, завышенная оценка.

Annotation: The article examines the problem of the importance of the role of family members in the formation of a child's self-esteem as a person. Family is an environment that acts on the intellectual development of a person. The authors, providing examples of self-esteem by preschool children, conclude that, through the correct choice of the type of education of parents and teachers, children can acquire a high level of self-control and self-education.

Key words: self-esteem, family education, child personality, child socialization, psychological development, authoritarian style, democratic style, liberal style, underestimation, overestimation.

Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі. Тәрбие ананың ақ сүтінен, ана әлдиінен, атаның қасиетті сөздерінен бастау алады. Заманауи ұрпақ әке мейірімі мен ана сүтінен нәр алып, ата-әже тағылымын көріп өссе, туған жері мен халқын сүйетін, елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, ой-өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан-жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып жетілуі керек.

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие педагогикалық өрісін жая алады. Бұны біз жайлы ұядан ұшып шығып, өз күшімен қанат жайып, ұшуға талпынған, тіпті біраз ұшып бастаған қарлығаш балапанына ұқсата аламыз. Балада да сондай сәттер болады. Өз қасығын өзі ұстап, дәмді ботқаны аузына апарған сәбидің алғаш рет өз талпынысына масаттанғанын қуанған жүзінен сезесің.

Баланың өзін-өзі бағалауы – оның қол жеткен табысының құндылығы мен маңыздылығын сезінуі және оған қуануы. Жеке басының біртіндеп қалыптасуында әртүрлі мотивациясының туындауына орай, баланың өзіне деген сенімділігі арта түседі. Баланың негізгі дағдыларын, құндылықтарын және мінез-құлық үлгілерін игерте бастайтын алғашқы әлеуметтік ортасы – оның отбасы. Солардың ішіндегі ең маңызды сезім – оның өзін-өзі бағалауы. Бала ерте сәбилік кезеңнен өз отбасында өзі туралы, өзінің күші және мүмкіндіктері туралы деректерге құлақ түріп, өзін-өзі бағалай бастайды, өзіне деген сенімділігі қалыптасады. Қазіргі кезде кейбір отбасыларында әлеуметтік жағдайдың күрделенуіне байланысты түрлі жағдаятта баланың өзін-өзі бағалау қабілеті қалыптаспай жатыр.

Баланың өзінің әрбір ісін бағалауына айналасындағы адамдардан қолдау тауып, мадақтаулар естуі әсер етпек. Оның біртіндеп сыртқы әлеммен қарым-қатынас құра бастауы өзіне деген сенім орныққанда жүзеге асады деп түйіндеуге болады.

Отбасы – ежелден баланы жастайынан әлеуметтік ортаға бейімдеп, өз қатарластарынан озық болуға дайындайтын тәрбие ортасы. Зейінді, білімді, тапқыр бала халық пен оны байланыстырушы буын болып табылады. Бұған дәлел: данышпан хәкім Абай парасатты әжесі Зере мен ұлт жанашыры болған әкесі Құнанбайдың ақылымен тұлға болып қалыптасуы дей аламыз. Қазақ отбасының тәрбиесі ұлттың өмір сүру жағдаятына, әлеуметтенуіне байланысты өзгерістерге ұшырап, бүгіндері қайтадан жаңғыруда. Алдымен бала өз отбасындағы ерекше туысына еліктейді, ерекше мінез-құлықтың нақтылы кейпін

жақындарынан кездестіреді. Аса маңызды үлгі берушілер – анасы мен әкесі, ағалары мен әпкелері, кейіннен тәрбиешілері мен құрбы-құрдастары.

«Отбасылық тәрбие стилі дегеніміз – ата-аналардың балаға әсер ету үшін қолданатын әдіс-тәсілдерінің және үлкендердің тәрбиелік ықпалдарының жиынтығы арқылы қалыптасатын отбасындағы қарым-қатынас тәсілі. Бұл стиль ата-аналардың вербалды және вербалды емес өзара әрекеттесу мәнерімен анықталады, сондай-ақ бақылау, қамқорлық деңгейі, ересектер мен балалар арасындағы психоэмоционалды байланыстар сапасы, ата-аналардың бала мінез-құлқына әсер ету сипаты, тыйымдардың саны және басқа да аспектілермен сипатталады» деп жазылған зерттеуде [1]. Бір отбасында балаға дәстүрлі имандылық тәрбие, екіншісінде баланы жеке субъект ретінде дамытуға, заманның өзгеруіне орай жаңартылған әлеуметтік тәрбие беру ерекшеліктері болады. Кейбір отбасында балаға назар аударылмауы да мүмкін, ондай жағдаятта бала ынжық, тұйық мінезді болып өсуі кездесіп жатады. Қарым-қатынас баланың рухани дамуының басты құралы болумен қатар баланың өзін-өзі жетілдіруге, өзін өзге ортада іштей бақылап, жан-жақты білімденуіне, жақсы мінез-құлыққа дағдылануына апаратын көпір іспеттес.

Түрліше жағдаяттағы қарым-қатынастар баланың жеке басына маңызды әсер етуі туралы бірнеше зерттеулер бар. Солардың бірі ХХғасырдың атақты философы, Америкада балаларды балабақшадан бастап еркін тәрбиелеу лабораториясын ашқан психолог әрі педагог Джон Дьюи (1859-1952, Dewey) мұғалім мен әдіскер ойластырып, жоспарлаған, бірыңғай оқу-тәрбие сабақтарын дайындау қажет емес деп есептеді. Ғалым баланың қоршаған әлеммен еркін әрекеттесуі және өзінің қажетті білімге сұраныс тудыруы ең жақсы нұсқа болатындығын айтқан. «Баланы болашаққа дайындау - бұл оны өзін-өзі ұстай білуге үйрету, яғни бұл оның бар қабілеттерін толық және тез пайдалана алатындай етіп жаттықтырылуы, оның көздері, қолдары мен құлақтары әрекет етуге дайын құралдарға айналуы, оның ой-пікірі жұмыс істеуге тура келетін жағдайларды түсіне қабылдауы, және оған берілген міндеттерді орындауға бағытталған күштерін ақылға қонымды әрі үнемді пайдалана алуы», - деді Дьюи [2].

Балабақшадағы тәрбиеші тұлғасы, ал үйдегі оған ерекше көңіл бөлетін ең жақын адамының балаға жасаған ықпалды әрекеттері – баланың ішкі ой-армандарынан, сөздерінен туындайтын әрекеттер. «Баланы қалай сүю керек?» деген еңбегінде поляк педагогы Януш Корчак баламен қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлген. Ата-аналарға мынандай ақыл-кеңестер берген:

1. «Адамның ең маңызды кездесулері – оның балалармен қауышуы екенін ұмытпа. Балаларға үлкен көңіл бөл. Біз ешқашан бала жанындағы кіммен кездесетінімізді білмейміз».

2. «Өз балаңды әр жағдайда сүйе біл – дарынсыз, жолы болмағыш, ересек сияқты кез келген күйінде жақсы көре біл. Онымен қарым-қатынас жасаған сайын қуан, себебі бала сенімен уақытша ғана болатын мереке».

3. «Мен бала неге кемелденген музыкант бола алатынын түсінемін. Біз оның суреттеріне жіті назар аударсақ ақынды, суретшіні, сезім шеберін көреміз».

4. Ұмытпа адамның ең маңызды кездесуі – оның баласымен кездесуі. Оларға көп назарыңды салудан ерінбе. Баланың қандай болып өсетінін білмегендіктен, біз кіммен кездесетінімізді біле алмаймыз.

5. Балаңа жақсылық жасай алмасаң өзіңді қинама, бірақ есінде болсын мүмкіндігің болып тұрса да балаға әйтеуір бірдеңе жетпейді.

6. Бала – сенің өміріңді тартып алатын тиран. Дәл осы мүмкіндік саған өмірде берілген ең үлкен сый – сен сол сыйдан от шығара алуың қажет. Бұл әке мен ананың махаббаты. Оның жанын ата – ана сақтауға алады»[3].

Үлкендермен қарым-қатынаста балалар олардың сөзіне тәуелді болады, яғни авторитарлық стиль баланы тек тыңдауға ғана бейімдейді, жас кезінен бала өзіне үлгі тұтатын қатарластарымен бірге ойнап өссе, тепе-тең коммуникативтік қарым-қатынаста түсу жағдайында бала көсбасшылық деңгейге дейін жете алады. Қатарластарының көздерінен оған деген сенімді сезгенде, қай жастағы бала болсын, өзін-өзі бағалайтын болады.

Баланың балаға әсері әсіресе өте жас шағында білінеді. Ата-ана көзқарасымен белгілі бір балаға деген арнайы қарым-қатынаста отбасында берілетін құндылықтар баланың өзі туралы негізгі түсініктерін құрайды. Сондықтан отбасы тәрбиесінің түрлері баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуына айтарлықтай әсер ететіні таңғаларлық емес. Оның отбасы шеңберінде ғана қалыптасқан қарым-қатынас қабілеті өз қатарластарымен араласа бастағанда өзгеріске түседі. Яғни, өз деңгейіндегі ортада бала өзінің артықшылықтары мен кемшіліктерін байқай бастайды. Ұдайы үлкендермен ғана араласудан құтқарылған бала қатарластармен өзін салыстыра алып, өзінің жаман әдеттерін түзей бастайды. Өзіне-өзі қызмет ету қабілетіне әдеттене түседі.

Практика жүзінде балабақшаларда жүргізген бақылау экспериментінде біз әртүрлі ата-аналық тәрбие түрлерінің (авторитарлық, либералдық, демократиялық) баланың өзін-өзі бағалауының түрлі деңгейде қалыптасуына көз жеткіздік. Яғни, авторитарлық тәртіптегі отбасында бала тұйықталып, өзін үлкендерден алыс ұстайтыны, олармен жиі сөйлеспейтіні байқалды. Өзіндік орны еркін либералдық отбасында баланың өзі дегбірсіздене, мазасыз әрекеттенетіні, қалыптасқан ереже-тәртіптері айқын демократиялық ортада әр баланың өзіндік қабілеті, өз білімі мен іскерлік дағдысы қалыптасатыны айқындалды. А.Л. Венгер отбасылық тәрбие түрлерін үлкендердің баламен қарым-қатынас ерекшеліктеріне қарай 3 түрге бөледі: либералды стиль (еркін), авторитарлық стиль (қатал) және беделді стиль (демократиялық) [4].

Қазіргі таңда балабақшаның жас ерекшеліктеріне байланысты топтарында авторитарлық үйде өскен балалар жиі кездеседі. Үйдегі үлкендердің баланың пікірін қабылдамауы, өздігінен жасаған әрекеттерін үнемі сынға алулары тәрбиеленушінің өз бетінше шешім қабылдауға қабілетсіз етеді, оның бойында өзін төмен санау және өз мүмкіндіктеріне сенімсіздік сезім тудырады. Балалар әрдайым билікке бағынуға үйренеді, өз көзқарасын қорғауға тырыспайды, өз пікірін айтудан бас тартып, мәселеге араласпай, үнсіз қалып отырады. Либералдық стиль орныққан отбасында бала үлкендердің назарынан тыс хал-күй кешеді. Үйде бақылаудың жоқтығы, арнайы ереже-тәртіпті ұстанбау, режимдік әрекеттерсіз баланың немен айналысуына болсын өзін еркін жіберуі өзін ұйымдастыруға, мінез-құлқын бақылауға қабілетсіздігін тудырады. Яғни, авторитарлық стильде үлкендерге иек артып, әрекеттерін оларға сүйене атқарса, либералдық стильде бала еркінсіп, өзін тастап жібереді. Оған мысал ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тақырыптан тыс өз бетімен отыруы, серуен кезінде ортадан алшақ өз ісімен айналысуы т.б. Еркіндік рұқсат етілген ортада өскен балалар мектептегі және қоғамдағы қатаң ережелерге бейімделуде қиындықтарға тап болып жатады.

Демократиялық стильдің сипаттамасы: отбасында не балабақшада болсын, баланың жеке басына деген құрмет пен сүйіспеншілік болуын талап етіледі. Қыз балаға анасының қатты қызығатын ойыншықтарын, заттарын алып беруі, әкесінің ұл балаға өзі айналысатын жұмыс не демалыс орындарына апарып, қажетті құралдармен таныстыруы, спортқа бейімдеуі, ата-ананың балалармен жиі сөйлесулері, өзара түсіністікке келулерінен айқын байқалады. Үлкендермен қарым-қатынасқа түсу баланың өзіне деген сенімін қалыптастырып, оны тәуелсіздікке ынталандырады. Ата-аналар әрбір әрекетке тән дағдыларды қалыптастыру үшін нақты ережелерді түсіндіріп, балаларды келісімге келуге, кей жағдайда баланың өзіндік пікірін құптап, ескеруге дайын екендіктерін білдіруі керек. Мұндай өзара ынтымақтастағы байланыс баланың өзін-өзі бағалауына ықпал етеді. Бала өз бетінше шешім қабылдауға үйренеді, қателесуден қорықпайды, тәуекелге баруға және жаңа шешімдер іздеуге дайын.

Баланың өз іс-әрекеттері мен сөздеріне жауапты болуға үйренуі өздерін ешуақыт назардан қалдырмайтын, бірақ оны бұйыру арқылы емес, өздерінің үлгілі іс-әрекеттерімен көрсететін ата-ананың ықпалымен жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі шақта анасының тағамдарды қалай дайындағанын, дастарханға қалай орналастырғанын бақылап үйренген қыз бала өзінің қуыршағын дәл солай тамақтандырады, оны ұйықтатқанда, анасы салған әнді, анасы айтқан әдемі сөздерді айтады. Кейін бөлмесін жинап бастағанда, шкафтарға киімдерді, заттарды дәл анасындай етіп орналастарады. Демократиялық ортада ер бала өз

ісімен ер адамша өзіне сенімді, өткір мінезді, өз айтқанын орындайтын, сөзінде тұратын тұлғалық қасиеттерін көрсете бастайды. Қыз бала тіл алғыш, әпкесіндей өздігінен жақынға көмек беруге әзір, анасындай шыдамды, еңбекқор және мейірімді болып өседі. Баланың әлеуметтену қабілеттері отбасында орыныққан дұрыс қарым-қатынас пен әрбір отбасы мүшелерінің пікірін құрметтеу және әрқайсымен ынтымақтастыққа келуден көрінеді. Өйткені ондай бала өз ісін, қарым-қатынасын өзі әрдайым бақылай білетін бала.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, отбасында ата-ана тарапынан әсер ететін позитивті құндылықтар (еңбекқорлық, адалдық, жанашырлық) өзін-өзі бағалауға ерекше ықпал етеді.

Баланың өзін-өзі бағалау туралы зерттеулерді қарастыру қазіргі кезде маңызды болып тұр. Өйткені, теріс, құнсыз әрекеттер орын алған отбасында бала бойына көрсеқызарлық (ақшаның құнын білмеушілік), ашкөздік (жылтыраққа, әсіреқызыл заттарға, киім-кешекке құмарлық), көреалмаушылық (біреудің жетістігін, өзінен артық қабілеттерін) сияқты жаман әдеттер байқалып тұрады. Баланың әлеуметтік ортада өз орнын бағалай білмеуі үлкен қасірет. Теориялық жақтан ата-аналар назарын аударуға ұсынылатын қағидаттар балаларда өзін-өзі бағалауды дамытуға бағытталып, олардың түрлі әлеумет өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасауына жағдайлар тудырылуы керек.

«Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы» заңы баланың отбасында оның тұлға ретінде қалыптасуына, жан-жақты дамуына жағдай жасауға ата-аналарды және қамқоршыларды міндеттейтіні мәлім. [5]. Сол сияқты Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңында баланың тұлғалық қалыптасуымен бірге құқықтық негіздері де қамтамасыз етілген. Заңда ата-аналардың тәрбие беру міндеттері және баланың дамуына қолайлы жағдай жасау талаптары нақты көрсетілген. Тәрбиенің балаға әсері – оның тұлғалық дамуы мен өзін-өзі бағалау деңгейінің маңызды көрсеткіші, ал отбасындағы қарым-қатынас бұл процестің шешуші элементі болып табылады [6].

Отбасындағы дұрыс тәрбие баланың өзін-өзі бағалауын қалыптастырудың басты факторларының бірі болып табылады.

Ата-аналардың қолдау көрсетуі, құрмет көрсетуі, эмоционалды байланыс баланың өзіне деген сенімділігін арттырады. Ата-аналар баланы кемсітуге немесе оған қиянат көрсетуге құқығы жоқ, бұл да баланың өзін-өзі бағалауына тікелей әсер етеді.

«Семья и ее роль в формировании самооценки у ребенка // Семья в современном мире» кітабының авторлары Поляков Д.В., Дорофеева С.Г., Конопля Е.Н. атп көрсеткендей, «Отбасы – «ата-ана-бала» қарым-қатынасына негізделген біртұтас әрекет, бірақ біртұтас отбасылық картинаны отбасындағы қарым-қатынастың барлық түрлері: «ата-ана-ата-ана», «ата-ана-бала», «бала-бала» жасайды. Қарым-қатынастың бұл түрлерінің бұзылуы баланың психикалық дамуының бұзылуымен көрінетін, кейіннен өзін-өзі бағалауға әсер ететін күрделі мәселелерге әкеледі» [7].

Отбасы дәстүрлі түрде ең маңызды білім беру мекемелерінің бірі болып саналады, оның маңыздылығы, ең алдымен, баланың отбасымен көп уақыт өткізуімен анықталады. Жеке тұлғаға әсер етуінің күші мен ұзақтығы бойынша ешбір тәрбие жүйесін отбасымен салыстыруға болмайды, өйткені баланың жеке басын дамытуға бағытталған процестер дәл онда қалыптасады. Отбасы өзіндік «қоғамның микромоделі» бола отырып, баланың әлеуметтік көзқарастары мен жеке қасиеттерінің жүйесін дамытуға белгілі бір дәрежеде әсер етеді [8].

Бала тұлғасының дамуына әсер ету дәрежесі көптеген факторларға байланысты, атап айтқанда: жасы, темпераменті, менталитеті, ұнатулары, қызығушылықтары, баланың ата-анасымен қарым-қатынасы және, әрине, отбасылық тәрбие стилі. Ол бала тұлғасының дамуына әсер етіп қана қоймай, оған белгілі бір қасиеттерді, сенімдерді, ұстанымдарды, көзқарастарды сіңіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне көмектеседі [9].

Баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуына отбасы тәрбиесінің ықпалы даусыз фактор болып табылады. Ата-ана тәрбиесінің әртүрлі стильдері балаларға өздері және әлем туралы әртүрлі идеялар береді, бұл олардың өзін-өзі бағалауына сөзсіз әсер етеді.

Жинақтап айтқанда, өзін-өзі бағалауға оң ықпал ететін негізгі факторлар эмоционалдық қолдау, дұрыс сын айта білу және дұрыс мінез-құлық үлгісі болып табылады. Бұл процесте ата-аналар басты рөл атқарады және олардың ықпалын білу бізге, педагогтерге, балалардың салауатты эмоционалдық дамуына ықпал ететін ортаны құруға мүмкіндік береді.

Балалардың өзін-өзі бағалауын зерттегенде олардың әр жас кезеңіндегі психикалық даму ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Себебі өзін-өзі бағалау когнитивтік, эмоциялық және әлеуметтік дағдылардың дамуымен тығыз байланысты. Әрбір жас кезеңінің өзіндік ерекшеліктері бар, және олар баланың өзін қалай қабылдайтынына әсер етеді:

1. Мектепке дейінгі жас (3-6 жас): Бұл кезеңде балалардың өзін-өзі бағалауы тұрақсыз және көбіне жоғары болып келеді. Олар өз мүмкіндіктерін асыра бағалап, жетістіктерін және үлкендердің мақтауларын ескеріп өзін бағалайды. Бұл жаста олардың когнитивтік қабілеттері әлі толық дамымағандықтан, олар өздерін объективті түрде бағалай алмайды.

2. Бастауыш мектеп жас (6-10 жас): Мектепке бару арқылы балалардың өзін-өзі бағалауы біршама шынайы бола бастайды. Олар өз жетістіктерін қатарластарының жетістіктерімен салыстырады, бұл өзін-өзі бағалауға оң немесе теріс әсер етуі мүмкін. Мектептегі жетістіктер мен мұғалімдердің пікірі өзін-өзі бағалауды қалыптастырудағы маңызды факторлар болып табылады.

3. Жасөспірімдік кезең (11-17 жас): Бұл кезеңде өзін-өзі тану процесі қарқынды дамиды. Жасөспірімдер өзін-өзі көрсетуге, қоғамдағы орнын табуға тырысады және бұл кезеңде эмоционалдық тұрақсыздық болуы мүмкін, ол өзін-өзі бағалауға әсер етеді. Қатарластарының пікірі және айналасындағы адамдардың көзқарасы үлкен рөл атқарады. Жасөспірімдер өздеріне сыни көзқараспен қарап, бұл өзін-өзі бағалаудың тұрақсыздығына немесе сенімділіктің өсуіне әкелуі мүмкін.

Осылайша, әр кезеңдегі психикалық даму ерекшеліктерін түсіну балалардың дұрыс және сау өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға көмек береді.

«Өзін-өзі бағалау күрделі тұлғалық қалыптасу болып табылады. Ол баланың өзі туралы басқалардан не үйренетінін және оның іс-әрекеті мен жеке қасиеттерін жүзеге асыруға бағытталған өзінің белсенділігін көрсетеді» [1].

Өзін-өзі бағалау - бұл жеке адамның өзін, оның мүмкіндіктерін, қасиеттерін және басқа адамдар арасындағы орнын бағалау. Белгілі бір кезеңге дейін баланың өзін-өзі бағалауы ересектердің, әсіресе ата-аналардың оған деген көзқарасының көрінісі болып табылады.

Өзін-өзі бағалау жаһандық және жеке, тұрақты және тұрақсыз болуы мүмкін. Жаһандық өзін-өзі бағалау – адамның өзіне, оның сезімдері мен мүмкіндіктеріне деген сезімі, жеке өзін-өзі бағалау адамның сыртқы келбетінің кейбір бөлшектері, оларды мақұлдау немесе мақұлдамау туралы сезімдерін көрсетеді. Тұрақты өзін-өзі бағалау 2 фактормен көрсетіледі: адекваттылық (өзі туралы нақты ойлар) және адекватты емес (өзінің қасиеттерін, мүмкіндіктерін мен жетістіктерін бағаламау немесе асыра бағалау). Тұрақсыз өзін-өзі бағалау көбінесе жасөспірімдік шақта, өзін-өзі тану және сыртқы және ішкі табиғаттың өзгеруі кезеңінде көрінеді. Тұрақсыз өзін-өзі бағалау өзін-өзі бағалаудың күрт төмендеуімен және жоғарылауымен бірге жүреді.

Қазіргі психологияда өзін-өзі бағалаудың үш деңгейі көрсетіледі, олар, атап айтқанда, төмен бағаланған, адекватты және асыра бағаланған деңгейлер. Өзін-өзі бағалауы төмен адамдар өздерінің қабілеттерін басқалардың алдында кем санап, сұранысты лайықты бағалай алмайды. Адекватты өзін-өзі бағалау деңгейінде жеке адамға өзі, оның мүмкіндіктері мен әрекеттері туралы нақты түсінік береді. Өзін-өзі асыра бағалауы жоғары адам өзі туралы шектен тыс ой-пікірлер береді. Мектепке дейінгі тәрбиеде баланың мақтаншақтыққа үйір болуы өзін асыра бағалауға жол берілгендіктен. Сондықтан да баланы күшті, өзіне сенімді тұлға етіп тәрбиелеуде өзін бағалауға үйрететіндер – отбасы мүшелері, әлеуметтік ортадағы үлгілі, тәрбиелі балаға жақын тұлғалар деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, ата-ананың, балабақша педагогтерінің тәрбие стилін дұрыс таңдауы баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді деп айтуға

болады. Отбасындағы ата-ана тәрбиесі мен айқын шекараларды қамтитын қоғамдық орындардағы нәтижелі тәрбие амалдарын қолдауды теңдестірілген тәсіл ретінде тиімді қолдансақ, бұл балалардың өзіне деген сенімділігін дамытуға және олардың жетістіктері мен кемшіліктерін өзі байқап, бағалай алуға көмектеседі деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Венгер А. Л. Психология развития. Психологический лексикон / А. Л. Венгер // Энциклопедический словарь в 6-ти томах. – М.: ПЕР СЭ, 2005. – 176с.
2. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Дьюи,_Джон#:~:text=Джон%20Дьюи%20\(англ.%20John%20Dewey%3B,над%20педагогикой%20в%20Третьем%20рейхе](https://ru.wikipedia.org/wiki/Дьюи,_Джон#:~:text=Джон%20Дьюи%20(англ.%20John%20Dewey%3B,над%20педагогикой%20в%20Третьем%20рейхе)
3. Как любит ребенка: Книга о воспитании: Я.Корчак. М.: Политиздат, 1990.
4. Орлова А.В. Влияние стиля семейного воспитания на развитие личности детей дошкольного возраста//Международный научно-исследовательский журнал. – 2017. – №8 (62), часть 2. – С. 111-114.
5. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
6. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
7. Поляков Д.В., Дорофеева С.Г., Конопля Е.Н. Семья и ее роль в формировании самооценки у ребенка // Семья в современном мире. – 2017. – С. 108-112.
8. Кузьмишина Т. Л., Амелина Е. С., Пермькова А. А., Хохлова Е. А. Стили семейного воспитания: отечественная и зарубежная классификация / Т. Л. Кузьмишина. – М., 2014. – С.16-25.
9. Столин В. В. Самосознание личности / В. В. Столин. – М.: «Педагогика», 2006. – 212с.

ӘӨЖ 373.21:371.382

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ (ACTIVINSPIRE STUDIO) ОЙЫНДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Накыпова Гулнур Кабылтаевна, педагогика ғылымдарының магистрі
«Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

E-mail: gulnur_1220@mail.ru

Нурымбетова Сауле

«БВ01202- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 3-ші курс студенті

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Пралиева Мулдиір Кулбаевна

Қызылорда қаласы білім бөлімінің "Сыр шуағы" бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

***Аннотация.** Мақалада мектепке дейінгі білім беруде оқу қызметін ұйымдастыруда әрекеттерді ойын түйінде ұйымдастыру, жаңаша әдістер, жаңаша технологиялар қолдану арқылы жан-жақты дамыту мәселесі қарастырылады.*

***Тірек сөздер:** ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, активті экран, интерактивті әдістер, мектеп жасына дейінгі балалар, мультимедиялық құралдар.*

***Аннотация.** В статье рассматривается проблема организации деятельности в организации учебной деятельности в дошкольном образовании, всестороннего развития с применением новых методов, новых технологий.*

***Ключевые слова:** информационно-коммуникационные технологии, активный экран, интерактивные методы, дошкольники, мультимедийные средства*

Annotation. *The article deals with the problem of organizing activities in the organization of educational activities in preschool education, comprehensive development using new methods, new technologies.*

Keywords: *information and communication technologies, active screen, interactive methods, preschoolers, multimedia tools.*

Қазіргі білім балабақшадағы тәрбие және білім беру жұмысының процесіне жаңа көзқараспен қарауға мәжбүр етеді. Себебі, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану маңызды рөлге ие болып келеді. Заманауи компьютерлердің, соның ішінде сенсорлық экрандары бар немесе планшетті қолдана отырып, баланың өз бетінше әрекет ету мүмкіндігі бар: қандай зат дыбыс шығаратынын немесе қайсысын атамай көрсету т.б. Тәжірибе көрсеткендей, балалар мұндай ойындарды үлкен қуанышпен ойнайды, тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындай отырып, олар белгіленген нәтижені көреді, монитордан дұрыс суретті тапқанша суретті қайта таңдай алады. Оларды визуалды бейне мен дыбыс қатарының алуандығы қызықтырады. Интерактивті ойындарды қолдану мүмкіндігі шектеулі балалардың эмоционалды көтерілуіне себепші болады, материалды игерудің танымдық қызығушылығы мен тиімділігін едәуір арттырады.

ҚР Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» – деп көрсетілген [1]. Ал бұл заңның айқын нәтижесі – «Активті экран», яғни, ActivInspire бағдарламасы болып табылады.

АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологияларды) пайдалану білім берудің басымдықтарының бірі болып табылады. Білім беру жүйесін ақпараттандыру педагогке және оның кәсіби құзыреттілігіне жаңа талаптар қояды. Мұғалімнің коммуникативті құзыреттілігі әр түрлі форматтағы коммуникацияларды құру қабілетін болжайды: ауызша, жазбаша, пікірталас, визуалды, компьютерлік, электронды. Мұғалім компьютерді және заманауи мультимедиялық жабдықты қолдып қана қоймай, сонымен қатар өзінің білім беру ресурстарын құрып, оларды педагогикалық қызметінде кеңінен қолдануы керек. Сондықтан ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану біздің заманымызда өзекті деп санаймыз.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту процесінде түбегейлі өзгерістер жүргізілуде. Яғни балаламен жүргізілетін әрбір жұмыс бала келгеннен бастап, кешкі уақытқа дейінгі әрекеттерді ойын түйінде ұйымдастыру, жаңаша әдістер, жаңаша технологиялар қолдану арқылы жан-жақты дамыту.

Өмірге енді ғана аяқ басқан кішкентай балаға қоршаған әлемге таңқаларлық көздерімен қарауға қалай көмектесу керек деген сұрақ әрқашан тәрбиешіні алаңдатуы тиіс. Мұны қызықты және танымдық түрде жасауға болады, әр түрлі әрекеттерді біріктіру (ойын, саяхат, экскурсия, бақылау, эксперименттік, жобалық іс-шаралар).

Бүгінгі біздің уақытымыз - өзгеріс уақыты. Қазіргі білім бізді балабақшадағы тәрбие және білім беру жұмысының процесіне жаңа көзқараспен қарауға мәжбүр етті.

Мұнда заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану маңызды рөл атқара алады.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі тәрбие процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (акт) қатысуы — отандық мектепке дейінгі педагогикадағы жаңа және өзекті бағыттардың бірі.

Қоғамның қазіргі дамуы ақпараттық кеңістіктің кеңеюімен, ақпараттық ресурстардың маңыздылығын арттырумен тығыз байланысты. Компьютермен және интерактивті тақтамен жұмыс істеу қабілеті біртіндеп бастауыш мектепте ғана емес, мектепке дейінгі мекемеде де сұранысқа айналады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар балаларда ақпараттық ағында жүру қабілетін дамытады, ақпаратпен жұмыс істеуге үйретеді, заманауи техникалық құрылғылармен таныстырады. Бала оқытудың пассивті объектісі болуды тоқтатады және

білімді саналы түрде игеруге ықпал ететін педагогикалық процестің белсенді қатысушысы болады.

«Интерактивті» ұғымы бізге ағылшын тілінен келді. Бұл өзара әрекеттесу, сөйлесу, біреумен сөйлесу мүмкіндігін білдіреді.

«Интерактивті» ұғымы бізге ағылшын тілінен келді (interactive: INTER – арасында; active – акт-әрекет). Бұл дегеніміз біреумен қарым-қатынас жасау, әңгімелесу, диалог жүргізу мүмкіндігі. Белсенді әдістерден айырмашылығы интерактивті әдістер мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиешімен ғана емес, бір-бірімен де өзара әрекеттесуі және оқу процесінде мектеп жасына дейінгі балалардың белсенділігіне кеңірек бағытталған [2].

Интерактивтіклік – дегеніміз, өзара әрекет ету қабілеттілігін немесе әңгімелесу тәртібінде болуды, немен болса да (мысалы, компьютермен) немесе кіммен болса да (адаммен) сұхбатта болуды білдіреді.

Интерактивтік жабдықтар тәрбиелеу және оқыту барысында таптырмайтын, көп қырлы қызметтерімен: слайдтар және бейнелер көрсететін, қажетті жеріне белгі қою, сызбалар сызу, сурет қою, мүмкіндіктерімен ерекшеленеді, мазмұнын, түрін, түсін және нысан көлемін басқаруға, сонымен қатар, оқыту үдерісіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Интерактивтік жабдықтар озық технология жетістіктердің бірі болып табылады.

Интерактивті ойындағы тәрбиешінің рөлі іс жүзінде балалардың іс-әрекетін мақсатқа жетуге және сабақ жоспарын жасауға бағыттайды.

Мектеп жасына дейінгі балалармен интерактивті ойынды ұйымдастырудағы ең бастысы – олар үшін маңызды әлеуметтік мінез-құлық тәжірибесін алуға жағдай жасау. Интерактивті ойын арқылы біз мектеп жасына дейінгі балалардың бір-бірімен және мұғаліммен өзара әрекеттесуін ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік бағыттағы бірлескен ұйымдастырылған танымдық әрекетті де түсінеміз. Мұндай ойында балалар тек жаңа нәрселерді үйреніп, сонымен қатар өзін және басқаларды түсінуге үйренеді.

Интерактивті ойындардың көптеген нұсқалары бар, бірақ оларды өткізу тәсілі сан алуан. Сондықтан біз келесі нұсқада негіздей отырып ұсындық:

- мұғалімнің балалар тобына арналған тапсырмалар мен жаттығуларды таңдауы;
- мектеп жасына дейінгі балаларды шешуге тура келетін проблемамен таныстыруы.

Тапсырманың проблемасы мен мақсаты тәрбиеші нақты және қол жетімді түрде тұжырымдауы керек, сондықтан балаларда түсініксіз және қажетсіз нәрсе пайда болмайды;

- ойын барысында балалар қойылған мақсатқа жету үшін бір-бірімен өзара әрекеттеседі;

- ойын аяқталғаннан кейін (кішкене кідірістен кейін) нәтижелер талданады, қорытындылар шығарылады. Талдау эмоционалды аспектке – бастан кешкен сезімдерге назар аударудан тұрады. Мектеп жасына дейінгі балалар (не ұнады, не қиындық тудырды, жағдай қалай дамыды, қатысушылар қандай әрекеттер жасады, нәтижесі қандай) ажырата білуі керек. Балалардың ойыннан ләззат алуы маңызды, жаңа жағдайда өзін сынап көру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігі-бұл таным процесі. Бұл қалыптасудың ажырамас алғышарты тұлғаның ақыл-ой қасиеттері, дербестік және бастамашылық.

Мектепке дейінгі оқытуға интерактивті технологияларды қосу балалардың бастамасы үшін жағдай жасалуы мүмкін. Интерактивті технологияда оқушылар толыққанды қатысушылар ретінде әрекет етеді, олардың тәжірибесі де маңызды. Дайын білім беретін ересек адамның тәжірибесінен гөрі, ол балаларды барлық дерлік білім беру салаларына өз бетінше іздеуге, зерттеуге итермелейді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында интерактивті технологияларды қолдана отырып ұйымдастырылған білім беру және бірлескен іс шараларды ұйымдастыру және өткізу кезінде бірнеше әдістемелік және технологиялық ерекшеліктерді ұсынамыз:

1 кезең-баланы тікелей білім беру сюжетіне бейімдеу, ойын мотивациясын құру арқылы қызмет, дайындық кезеңі-арқылы тапсырманы жеңуге көмектесетін дамыту әңгімелері.

2 кезең – негізгі. Баладағы психикалық процестер белсенділікке енеді: қабылдау, есте сақтау, зейін, ойлау, сөйлеу, қиял.

3 кезең – қорытынды: көз кернеуін жеңілдету үшін қажет. Көзге арналған гимнастика, бұлшықет пен нервтерді жеңілдетуге арналған жаттығулар.

Іс-шараларды жоспарлау кезінде біз дидактикалық талаптарды сақтаймыз:

- білім беру процесінде мультимедиялық құралдарды немесе компьютерлік ойындарды қолданудың педагогикалық мақсатын нақты анықтаймыз;

- мультимедианы қай кезеңде қолдануға болатындығын нақтылаймыз;

- таңдалған құралды оқытудың басқа техникалық құралдарымен келісеміз;

- оқу материалының ерекшелігін, топтың ерекшеліктерін ескереміз, жаңа ақпаратты түсіндіру сипаты;

- біз балалармен зерттелетін материалдың негізгі, түйіндік мәселелерін талдаймыз және талқылаймыз.

Компьютерлік технологияның бірқатар артықшылықтары бар:

- компьютер экранында ақпаратты ойын түрінде көрсету.

- компьютер мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда жеке тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Әр бала өз деңгейіндегі тапсырмаларды орындайды.

Интерактивті ойындар-бұл тәрбиешінің тікелей басшылығымен мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекеті, оның барысында балалар жанжалсыз және мейірімді қарым-қатынасты үйренуге ерекше мүмкіндік алады. Балалармен мұндай қарым-қатынас олардың көңіл-күйіне, өзіне және басқаларға деген көзқарасына әсер етеді. Балалар өздерін, құндылықтары мен басымдықтарын жақсы білуге, толерантты, мұқият болуға, қорқыныштарын ішінара жеңуге, жалғыздықты сезінбеуге мүмкіндік алады. Ойнау кезінде олар қоғамда өмір сүрудің қарапайым ережелерін үйренді, қарым-қатынас дағдыларын үйренді. Бұл ойындарды сабақтың бір бөлігі ретінде таңертең, кешкі уақытта, бос уақытта қолданған жөн [3].

Олардың басты мақсаты-табысқа тәрбиелеу, әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балалармен интерактивті ойынды ұйымдастырудағы ең бастысы — олар үшін маңызды әлеуметтік мінез-құлық тәжірибесін алуға жағдай жасау. Интерактивті ойын арқылы біз мектеп жасына дейінгі балалардың бір-бірімен және мұғаліммен өзара әрекеттесуін ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік бағыттағы бірлескен ұйымдастырылған танымдық әрекетті де түсінеміз. Мұндай ойында балалар жаңа нәрселерді үйреніп қана қоймай, өздерін және басқаларды түсінуді үйренеді, өз тәжірибелеріне ие болады.

Интерактивті ойындағы тәрбиешінің рөлі іс жүзінде балалардың іс әрекетін мақсатқа жетуге және сабақ жоспарын жасауға бағыттайды

Интерактивті ойындардың көптеген нұсқалары бар, бірақ оларды өткізу тәсілі әмбебап және келесі алгоритмге негізделген:

Мұғалімнің балалар тобына арналған ойындарды таңдауы (дайындық сабағын өткізуге болады.)

Мектеп жасына дейінгі балалар қол жеткізілуі керек мақсатпен таныстырылады, оны тәрбиеші нақты және қол жетімді түрде тұжырымдауы керек, сондықтан балалар не істегісі келетіні туралы түсініксіз және қажетсіз сезімге ие болмайды. Балаларға ойын ережелері туралы хабарлайды, оларға нақты нұсқаулар береді.

Ойын барысында балалар бір-бірімен өзара әрекеттеседі және егер қандай да бір сәттер қиындық тудырса, мұғалім мектеп жасына дейінгі балалардың әрекеттерін реттейді.

Ойын аяқталғаннан кейін (шиеленісті жеңілдетуге арналған қысқа үзілістен кейін) нәтижелер талданады, қорытындылар шығарылады.

Талдау эмоционалды аспектке — мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдеріне назар аударудан және мазмұнды аспектіні талқылаудан тұрады (бұл ұнады, қиындық тудырды, жағдай қалай дамыды, қатысушылар қандай әрекеттер жасады, нәтижесі қандай).

Балалардың жаңа жағдайда өздерін сынап көру арқылы ойыннан ләззат алуы маңызды.

Балалармен интерактивті ойын ұйымдастыра отырып, бірлескен іс-әрекетке жағдай жасаудың маңызды сәті деп санаймыз. Мысалы, кілемде отырып, балалар өздерін жайлы сезінеді және бір-бірімен өзара әрекеттесу тәжірибесін алуға дайын. Интрузивті емес қарым-қатынас жағдайында олар өздерін және басқаларды оңай түсінеді, өзіндік мінез-құлық стиліне ие болады. Интерактивті ойындағы тәрбиешінің рөлі балалардың іс-әрекетін қойылған мақсаттарға жетуге бағыттайды.

Интерактивті ойынды рөлдік және іскерлік ойынмен шатастыруға болмайды. Рөлдік ойын рөлдер мен жағдайларды ойнауға, көрермендерді бағалауға бағытталған. Іскерлік ойында белгілі бір іскерлік дағдылар мен жеке қасиеттер қалыптасады. Интерактивті ойындар басқалармен сындарлы өзара әрекеттесу механизмін түсінуге, психологиялық кедергілерді жеңуге үйретеді.

Мұнда біз келесі схеманы қолданамыз: білім алу → басқа балалардың мінез-құлқын талдау → олардың мінез-құлқын жоспарлау → жоспарды жүзеге асыру.

Мысалы, "ыстық картоп" ойынын ұйымдастырған кезде балалар ыстық картоптың күйіп жатқанын түсінеді, бірақ бұл қайғы маңызды емес, жолдастар мұның қаншалықты ауыратынын түсініп, өкінетіні жақсы. Ал бүкіл топ бұл өзара қолдау "мәселені" шешуге көмектесетінін түсінеді. Қалыптасқан жағдай мектеп жасына дейінгі балаларға бір-бірімен әлеуметтік тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді, оны рухани жылулықпен, сезімталдықпен және құрметпен байытады. Ойыннан кейін біз балаларды алған тәжірибелерін талқылауға және талдауға шақырамыз, әр баланың тұжырымдарының құндылығын атап өтеміз. Интерактивті ойындар серіктестік өзара іс-қимыл қағидаттарына негізделеді, өзара сенім, еркін ашықтық ахуалын құру маңызды. Балалар мен ересектер бір-бірімен тірі қарым-қатынаста ынтымақтастық тәжірибесін алады.

Ойын аяқталғаннан кейін мектеп жасына дейінгі балалар мұғаліммен бірге жұмыс нәтижелерін талдайды (олар не болғанын, не болмағанын, бәрі тапсырманы орындады ма, кім қиын болды, неге).

Бұл жағдайда интерактивті ойын қоршаған шындықты танудың формасын айтарлықтай әртараптандыруға мүмкіндік беретін құрал ретінде әрекет етеді

Интерактивті ойындар тек компьютерлік қана емес, сонымен қатар дидактикалық болып табылады, оны орындау кезінде қарапайым иллюстрацияны да қолдануға болады, өйткені интерактивті ойын тек балалардың бір - бірімен және мұғаліммен өзара әрекеттесуі ғана емес, сонымен бірге ақпарат алу, қоршаған ортаны білудегі қажеттілігіне бағытталған бірлескен ұйымдастырылған танымдық іс-әрекет болып табылады.

Балаларға арналған интерактивтік жабдықтардың келесі түрлерін ажыраттық:

1. Интерактивтік тақта. Компьютерге қосылған сенсорлы экраны бар –интерактивтік жабдықтардың негізгі түрі болып табылады. Компьютердегі кескіндемелерді тақтадан көрсету үшін проектор қолданылады. Мәтіндермен, видеофайлдармен, аудиоматериалдармен жұмысты жүзеге асыру үшін арнайы бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Тәрбие және оқыту үдерісінде қолданылып жүрген интерактивтік тақта – оқу ақпараттарын айтарлықтай кеңейтуге, баланың ықыласын арттыруға мүмкіндік береді. Балабақшаларда интерактивтік тақта көмегімен кез келген суреттемелерді немесе бейнелерді көруге, музыкалық сабақтар өткізуге және ертегілер айтуға болады. Сенсорлы экранды пайдалану нәтижесінде балалар өздері заттардың кескіндерін жылжытады, сурет масштабын өзгерте алады, суреттер салады, таңдайды.

2. Интерактивтік панель. Ол монитор мен арнайы құрылғыдан тұрады, рұқсат етілген ақпараттар қаламұштың көмегімен енгізіледі. Панелдің шағын мөлшері мен ішкі көру жүйесі, оны кез келген жерде қолдануға мүмкіндік береді, ал мәліметтерді экранда қажетті

көлемде үлкейтіп көрсетуге болады. Панелді тігінен, жазықтыққа, тіпті еңкейтіп орналастыруға болады.

3. Интерактивтік үстел. Бұл көлденең қалыпта орналасқан компьютерге қосылған, сенсорлы басқару элементтері бар, шағын сенсорлы экран. Балаларға арналған интерактивтік үстел – бұл суреттер, ойындар, әріптер, сандар және басқа да көптеген ақпараттар. Көңіл көтеру және оқыту құралдары, мысалы, фотоальбом немесе интерактивтік карта, үстел ойындары немесе үйрету материалдары болып табылады.

Үстелде жұмыс істеу бала бір мезгілде бөліп, көрсететін немесе нысандарды өзі қозғалтатын, экранда сурет салатын немесе жазатын, сонымен қатар қойылған сұрақтарға жауап бере отырып басқа балалармен өзара әрекеттесетін баланың жеке қажеттілігіне бағдарлануымен ерекшеленеді.

4. Интерактивтік еден. Заманауи сандық және жобалық технологияларды пайдалана отырып кез келген үй-жайдың еденінде тамаша видео құруға, интерьерді түбегейлі жандандыруға болады. Балабақшалардағы интерактивтікеден тамаша сикырлы ойыншықтардың немесе балаларға арналған қызықты ойын-сауықтардың орнына қызмет етуі мүмкін.

5. Интерактивтік планшет. Балаларға және ересек адамдарға өте ыңғайлы планшет. Ол ықшамдылық пен жинақылыққа ие. Ақпараттарды қаламұштың көмегімен енгізуге арналған құрылғыдан тұрады.

6. Интерактивтік дауыс берудің жүйесі (дауыс беруге арналған пульттер). Бағдарламалық қамтылуы және аппаратуралар кешенінен тұрады. Бұл технология, радиожилікте жұмыс істейтіндіктен әрбір пультке жеке ат берілуі мүмкін. Тәрбиешінің сұрақтарына балалар жауап береді, тетікті басады, содан соң нәтижесін көреді. Сондықтан балалар үшін қызықты немесе түсініксіз нәрселерді білуге және аздаған уақыт ішінде білім деңгейін бақылауға мүмкіндік береді.

7. Интерактивтік сөйлейтін қалам. Бұл қалам көптеген қызметтер атқарады және балаларға тіл үйрету кезінде жақсы көмектеседі және оның көмегімен бала жазуды, оқуды, көлемді, түсті айыруды, заттарды, әртүрлі өсімдіктер мен жануарларды атауды үйренеді. Есту, көзбен шолу және түйсінуге ынталандыру балаларды үдеріске қызықтыруға жетелейді. Сөйлейтін қалам балалардың танымдық белсенділігін арттырады, оқытуға қажетті дағдылары мен біліктерін қалыптастырады. Демек балаларды ерте жастан дамытуға өте қолайлы.

8. «Даналық әліппесі» («Азбука мудрости») зияткерлік, интерактивтік оқу-әдістемелік кешені – нұсқаулықтан, он екі кітаптан және сөйлейтін қаламнан тұрады. Кітапқа халық әндері, қобыз, сыбызғы әуендері, бесік жыры, ертегілер, эпостар, салт-дәстүрлер, қара сөздер, сонымен қатар қазақ халқының балаларға арналған құнды мәдени мұралары енгізілген [4].

Инновациялық технологиялардың педагогикалық мәні – баланың танымдық қызметін нығайту, негізгі жеке қасиеттерін қалыптастыру, дербестігін көтермелеу. Инновациялық технологиялар мектепке дейінгі білім беруде ең алдымен өзекті мәселелерді шешу үшін, қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін, ата-аналардың өсекелең талаптарын іске асыру үшін пайдаланылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу және оқыту үдерісі интерактивтік жабдықтар негізінде инновациялық технологияларды пайдалану ұйымдастырылған іс-әрекеттерін ұйымдастырудың дәстүрлі формаларына қарағанда бірнеше артықшылықтары бар. Технологтар ұйымдастырылған іс-әрекеттерін ерекше ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерін, барынша мазмұнды және қызықты ұйымдастыруды, оқу материалдарын сапалы өңдеуді және баланың ынталану ортасын қосуды ұсынады. Инновациялық технологияларды пайдалану мен электронды дидактикалық ресурстарды құрудың әдістерін меңгеру, интерактивтік жабдықтарды пайдалана отырып ұйымдастырылған іс-әрекетін үлгілеу және жоспарлай білу педагогтарға тәрбиелеудің нақты міндеттерін шешуге көмектеседі, мектеп жасына дейінгілердің танымдық белсенділігін және ынтасын арттырады. Интерактивтік

құрылғылар үшін интерактивтік тапсырмалар қол жетімді болуы тиіс, педагогқа балалармен жұмыс істеуге арналған ресурстар— бір сөзбен айтқанда дамытушы ойындар қажет.

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы компьютерлік технологияларды пайдалану мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу және оқыту үдерісін жаңартуға және оның тиімділігін арттыруға, сапасын байытуға мүмкіндік береді.

Инновациялық технологиялардың, оның ішінде, интерактивті ойындарды әзірлеу үшін және кез келген ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен МДҰ тәрбиелеу-оқыту үдерісінде ең тиімді әдістеріне ActivInspire бағдарламалық жабдығы жатады.

ActivInspire – компьютер мен интерактивті тақталарды қолдану арқылы оқытуға арналған Promethean жаңа бағдарламасы. ActivInspire — ең жақсы, толық түрде біріктірілген интерактивті технология.

ActivInspire – заманауи оқыту және үйрену тәжірибесінің іргетасы. Білім беру мекемелерінде қолданылатын бағдарламаны балабақшада пайдаланудың негізгі тиімділігі - педагогтың оқу – тәрбие үрдісіндегі жұмысын жеңілдетеді. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында материалды жеңіл түсіндіру үшін түрлі қызықты, тартымды, балалардың ойлау қабілетін дамытатын мүмкіндіктерін қолдана алады. Жаңа білімді түсіндіру барысында тәрбиеші тақта алдында тұрып, бір мезетте суреттік, аудио, бейне құжаттарды DVD және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұнымен қоса, педагог «Флипчарт» аймағындағы дайын элементтерді пайдалана отырып, әртүрлі қызықты дидактикалық, логикалық, танымдық, дамытушы ойындарды әзірлей алады.

АКТ-ны ұйымдастырылған іс-әрекеттерде пайдаланудың тиімділігі:

1. Балалардың еркін ойлауына мүмкіндік береді
2. Ақыл ойын дамытады
3. Шығармашылық белсенділігін арттырады
4. Ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді
5. Тіл байлығын дамытады
6. Жан-жақты ізденушілігін арттырады.

ActivInspire бағдарламасының негізгі мүмкіндіктері:

- Алдын – ала дайындалған мазмұнды, оның ішінде дүниежүзінің жетекші білім жариялаушыларынан қор көздерді қарау және ойнату мүмкіндігі;

- Microsoft PowerPoint, Adobe және Smart Notebook сияқты басқа бағдарламалар түрлерінен файлдарды және мазмұнды импорттау;

Шырағдан, сиқырлы сия, сағат пен бояу құралын қоса арнайы құралдардың сан алуан түрлері;

- Ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен ойындар барысында қолданылатын «прожектор» және «лупа» әдістері;

- Ойындарға және көрнекі құралдарға арналған дайын геометриялық пішіндер, әртүрлі тақырыптық суреттер (балабақша, отбасы, ойын, тағамдар, ойыншықтар), сандар және тағы басқалары;

- Қос пайдаланушы режимі: екі пайдаланушының педагог және тәрбиеленушінің қаламдарын бөлек пайдалануына мүмкіндік береді;

- жазуға, сызуға, өшіруге, сызбалар жасауға болады;

- ActivBoard 500 Pro бағдарламасымен қалам және сенсор мүмкіндігін пайдаланған кезде тақтада жұмыс істеу табиғи және сезімтал сезіледі;

- Дыбысты жазу құралы мен бейнебетті жазу құралы сияқты бай мультимедиялық қолдау.

Жоғарыда атап өтілген жұмыстардың барлығы «Флипчарт» аймағында жүзеге асады. Ал «Флипчарт» дегеніміз не? Флипчарт деп блокнот қағидасы бойынша аударыстыратын парақ немесе қағаз блогына арналған магнитті маркерлік тақтаны айтады. Интерактивті тақта мен заманауи бағдарламалық жабдықтың пайда болуына байланысты интерактивті тақтаның бағдарламалық жабдықтама терезесіне (мысалы, ActivInspire), белгілер, суреттер, бейне,

дыбыс файлдар, анимациялар, интерактивті сабақтар және веб-сілтемелер қосуға болатын тіктөртбұрыш жұмыс кеңістігін флипчарт деп атайды.


Ойын технологиялары балалардың шығармашылық және іздеу деңгейінде ғана емес, сондай-ақ пәндерді оқып-үйренудің күнделікті қадамдарымен қызықты болатын оқудың бірегей нысандарының бірі болып табылады. Ойынның өзектілігі қазіргі заманғы балалардың ақпараттануы салдарынан артып келеді. Пәндік-ақпараттық орта бүкіл әлемде шексіз кеңейіп келеді. Мектептің өзекті міндеті — өзін-өзі бағалау және алынған ақпаратты таңдау. Ойын — бұл баланың және адамгершілік тәрбиенің табиғи түрі. Ойынның көмегімен әлемінің көңілділігін есте сақтау, қайталау, бекіту немесе ақпараттың оң және эмоциялық жағынан түстерін ассимиляциялауға мүмкіндік береді, ал ойынның эмоционалдылығы баланың барлық психикалық процестерін және функцияларын белсендіреді. Ойынның тағы бір оң жағы — бұл жаңа жағдайдағы білімнің қолданылуына ықпал ету, яғни, оқушылар оқып үйренген материалын практика түрінде өтеді, оқу үрдісіне әртүрлілік пен қызығушылық тудырады. Мұның бәрі зерттеу тақырыбының өзектілігіне әкелді. Осындай ойын бағдарламаларының бірі ActivInspire.

ActivInspire мүмкіндіктері:

- Сабақты әдеттегі тақтаға ұстай отырып, сабақтың қарқынын бақылап, жаттығуларды орындау.
- Жазу және сызу, жазылғандарды және қарапайым тақтаға салынғанды өшіру.
- Класс флипчарттарын кескіндермен, бейнеклиптермен және дыбыспен толтыру.
- Балалардың ойлау қабілетін дамыту үшін әр-түрлі ойындар құрастыру
- Сабақ жоспарына сәйкес сіздің сабақтарыңыздың мазмұнын және ақпараттың жылдамдығын тез құрастыру.
- Microsoft Word® сияқты мәтінді немесе тікелей Интернеттен қосыңыз. ActivInspire тіпті қолмен жазылғандарды тани алады және бұл жазуды мәтінге айналдырады.
- Сауалнаманы белсенді пайдалану –сыныпта қорытынды барысында туындайтын сұрақтарды қою және флипчарттарда алдын-ала дайындауды көрсету.
- Флипчартқа алынған жауаптарға немесе сабақ жоспарының талаптарына сәйкес тез өзгерістер енгізе алу.
- Қарапайым және бір мезгілде тиімді құралдарымен ойлау үдерісін ынталандырып, олардың назарын аудару.



Сурет 1.



Сурет 2.

Осы бағдарламаны бастау үшін, оны тек алғашқы іске қосу кезінде тексеруіңіз керек. Содан кейін, барлық құралдар мен терезелер қажет болған жағдайда көрсетілетін болады. Олардың біреуін таңдағанда, пайдаланушы ActivInspire әртүрлі функцияларының толық қуатын дереу иеленеді.

ActivInspire бағдарламасымен балаларға компьютер құрылғыларын таныстыру тақырыбында сабақ жүргізілді. Сабақтың барысында балалар екі топқа бөлініп өткізілді. Әр топта он екі баладан болды. Бірінші топқа ActivInspire бағдарламасымен сабақ түсіндірілсе, екінші топқа қарапайым тілмен түсіндірілді. ActivInspire бағдарламасымен балаларға компьютер құрылғыларының суреттерімен, әр-түрлі сәйкестендіру ойындарымен түсіндірілді және балалар өздерінің көргенін, тәрбиешінің түсіндіргенін қолдана отырып өздік жұмыстарын өткізді.

Қызықты әр түрлі анимациялық суреттер, бағдарламадағы ойындар оқушылардың қызығушылығын тудырды. Оқушылар компьютерлік құрылғыларды есте сақтап, анимациялық суреттерді экран беттеріне сәйкестендіру арқылы қандай функцияны орындайтынын түсінді. Ал екінші топ қарапайым тілмен түсіндіріліп, компьютерлік құрылғылардың суреттері арқылы ұсынылды. Өткізілген бір күндік сабақтың нәтижелерін білу мақсатында келесі сабақта екі топтан бірдей бақылау жұмысы жүргізілді. Бақылау жұмысының нәтижесінде бірінші топ жоғары балл жинады және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәніне қызығушылық артты. Екінші топ оқушылары төмен балл жинап, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәніне шаршап жақындағаны атап өтілді. Ойын барысында баланың күші әрдайым шектеулі және басқа оқушылардың күш-жігерімен реттеледі. Әрбір тапсырма ойынында ол өзінің ойын әрекетін басқалардың әрекеттерімен үйлестіре алады, басқа адамдарға белсенді бола алады, барлық балалардың жалпы санында кезекке шығу нәтижесін болжай алады. Мұндай ойын баланың жанды, әлеуметтік, ұжымдық тәжірибесін білдіреді және осы мағынада әлеуметтік дағдылар мен қабілеттерді оқытуда толыққанды құрал болып табылады.

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ ІС-
ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ МЕН
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ**

Мақала ЖТН АР23488199 «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін кәсіби қызметке даярлау» жоба аясында даярланған.

Майлыбаева Г.С. философия докторы (PhD)

Мамекова А.Т. философия докторы (PhD)

Кенбаева Қ.М. 1 курс магистранты

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

E-mail: kenbaeva0107@mail.ru

Аннотация: Цифрлық трансформацияның әсерімен балабақша тәрбиешілері мен ата-аналардың ынтымақтастығының рөлі, балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеті тиімділігінің арту мәселелері талданады. Балабақшада интерактивті құралдарды қолдану, ата-аналарды ақпараттандыру, кедергісіз орта құру және мамандар командасының рөлі туралы баяндалады. Нәтижесінде, инклюзивті ортада балалардың жан-жақты дамуы мен әлеуметтенуіне арналған жағдайлар жасау қажеттілігі анықталады.

Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, балабақша, отбасы, цифрлық трансформация, педагогтар, ата-аналар, кедергісіз орта, интерактивті құралдар, ерекше білім беру қажеттіліктері.

Инклюзивті білім беру жағдайында балабақша мен отбасының қызметі басты мәнге ие. Инклюзивті білім беру барлық балаларға олардың ерекшеліктеріне қарамастан тең мүмкіндіктер беруге ұмтылады. Әрбір баланың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оның дамуына қолайлы жағдай жасау маңызды. Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы ерекше қажеттіліктері бар балалардың сәтті бейімделуінде және оларға сапалы білім беруде шешуші рөл атқарады. Балабақша мен отбасыны инклюзивті білім беру жағдайында ұйымдастыру ерекше назар мен қамқорлықты қажет ететін күрделі де жауапты процесс. Мұндай ұйымның маңызды белгілері – олардың нақты қажеттіліктеріне қарамастан барлық балалар үшін кедергісіз орта құру, әр баланың жеке басын құрметтеу және тәрбие мен білім беру процесінде ата-аналармен ынтымақтастық.

Н.М. Латыпова Интеграция арнайы білім берудің дамуындағы негізгі үрдіс мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оң әлеуметтік-педагогикалық қыры қиындықтары бар тұлғаларға өмір тіршілігінің алуан түрлеріне қатысудың тең құқығын бере отырып, оларды қоғамның әлеуметтік өміріне енгізу үдерісі денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды әлеуметтік салада әлеуметтендіру құралдары дамуында мүмкіндігі шектеулі бала қоршаған орта 27 факторлар ретінде мемлекеттің демократиялық құрылысын құру, жалпыға қолжетімді мекемелерде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін арнайы жағдайлар қалыптастыру (кабинеттерді, баспалдақтарды және т.б. жабдықтау), мектеп базасында түзету қызметтерін таңдау мүмкіндігінің пайда болуы, педагогикалық құрамның біліктілігін арттыру және тағы басқаларын бөліп көрсетеді[1, 38-42б.].

Инклюзивті ортада табысты жұмыс істеу үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларының – педагогтардың, психологтардың, логопедтердің, медицина қызметкерлерінің, инклюзивті білім беру мамандарының және, әрине, ата-аналардың белсенді өзара әрекеттесуі қажет. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жеке қажеттіліктерін ескеру, олардың дамуы үшін ерекше жағдайлар жасау және оларға білім алудың барлық мүмкіндіктеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету маңызды.

Балалардың инклюзивті ортаға сәтті бейімделуінде және әлеуметтенуінде отбасы басты рөл атқарады. Ата-аналармен қолдау, түсіністік және өзара әрекеттесу әрбір баланың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Отбасылардың пікірлері мен тілектерін ескеріп, жеке консультациялар өткізіп, ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін бірлесіп жұмыс істеу маңызды. Т.А. Силантьева білім беру мекемелерінің денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмысының төмендегідей бесбелгісін бөліп көрсеткен. Олар: – мүгедек балаларға білікті түзетушілік көмек көрсету; – ерекше бейімделу қажеттіліктері бар баланың мәртебесін бөліп қарастыру; – педагогтерді мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу үшін қайта даярлау; – білім беру мекемелерін арнайы техникамен жарақтау; – қоғамдағы денсаулығында ақауы бар тұлғаларға деген төзімділікті насихаттау[2, 96-99б.]. Балабақша мен отбасын инклюзивті білім беру жағдайында ұйымдастыру педагогтар мен ата-аналар тарапынан ерекше көңіл бөлуді, төзімділікті және ынтымақтастыққа дайын болуды талап етеді. Әрбір баланың ерекшеліктеріне қарамастан дамуына ықпал ету табысты инклюзивті білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайында балабақша мен отбасының қызметін ұйымдастыру үшін бірнеше маңызды қадамдарды жүзеге асыру қажет. Алғашқы қадам инклюзивті білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу. Ерекше білім беруді қажет ететін әр бала үшін жеке білім беру бағдарламалары жасалуы тиіс. Осы бағдарламаларды тұрақты түрде түзетіп отыру, балалардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу бағдарламалары мен материалдарын өзгерту арқылы жалпы білім беру үдерісіне инклюзивті тәсілдерді кіріктіру қажет.

Қолжетімді ортаны қамтамасыз ету маңызды. Арнайы жабдықтар мен материалдар, мысалы, аудиовизуалды құралдар, мамандандырылған жиһаз және басқа да көмекші құрылғыларды пайдалану балалардың білім алуын жеңілдетеді.

Отбасымен өзара әрекеттесу де инклюзивті білім берудің маңызды аспектісі болып табылады. Тұрақты жиналыстар мен кеңестер өткізу арқылы ата-аналармен ақпарат алмасу, жеке консультациялар ұйымдастыру қажет. Ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету, яғни олар үшін психологиялық көмек пен консультациялардың қолжетімділігін қамтамасыз ету де маңызды.

Келесі маңызды қадам – цифрлық құралдар. Цифрлық құралдар балалардың білім алу процесін өзгертуде маңызды рөл атқарады. Мысалы, интерактивті оқу құралдары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін бейімделген бағдарламалар мен қолданбалар ұсынып, оқу материалын меңгеруді жеңілдетеді. Онлайн консультациялар педагогтар мен ата-аналар арасында өзара байланысты нығайтады, бұл отбасының білім беру процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Балалардың даму деңгейін бағалау үшін цифрлық платформаларды пайдалану тәрбиешілер мен ата-аналарға прогресті жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік береді.

Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады. Инклюзивті білім беру саласындағы зерттеулерді шолу және талдау барысында Қазақстанда инклюзивті білім беру кеңістігін құрудың ең жиі аталатын және белгілі бір мөлшерде тұрақты болып келе жатқан қиындықтарын анықтауға мүмкіндік болды. Оларға мыналар жатады: мекемелердің материалдық-техникалық жарақталуының жеткіліксіздігі (кітаптар мен әдістемелік әдебиет, арнайы жабдықтар, техника); топтағы балалар санының көптігі (инклюзияны қиындатады, денсаулығында ақауы бар балаларға ерекше көңіл бөлуге мүмкіндік жоқ); мүмкіндігі шектеулі балалардың бойында өзіне деген сенімсіздіктің қалыптасуы [3, 326.]. Кедергісіз орта құру, яғни физикалық, ақпараттық және әлеуметтік кедергілерді жою, балаларға тең мүмкіндік беру үшін маңызды. Тәрбие мен білім берудің интеграциясы ата-аналар мен педагогтардың бірлескен жұмысын ұйымдастыруды талап етеді, бұл балалардың дамуына оң әсер етеді.

Н.А. Першина инклюзивті білім берудің басты артықшылығы деп қарым-қатынас жасау және тұлғааралық өзара әрекеттестікті қалыптастыру мүмкіндігін ерекше атайды. Оның пікірінше, оқытудың бұл үлгісі коммуникациялық дағдыларды игеретін мүмкіндіктері

шектеулі балаларға да, қалыпты дамып жатқан балаларға да оң ықпал етеді. Қалыпты дамып келе жатқан балалар мүгедектерді қоғамның толыққанды қатысушылары ретінде қабылдауды үйренеді. Инклюзивті оқытуда бейімделу қажеттіліктері бар балалар отбасылық тәрбие үдерісінен ажырамайды, өйткені олар тұрғылықты мекен-жайы орналасқан жерінде білім алады[4, 68-75б.]. Ата-аналардың инклюзивті білім беру процессіне белсенді қатысуы – табысты инклюзия үшін қажетті элемент. Ата-аналарды ақпараттандыру, яғни инклюзивті білім беру принциптері мен тәжірибелері туралы жүйелі ақпарат беру маңызды. Ата-аналармен тұрақты пікір алмасу, олардың тәжірибелерін тыңдау, проблемалары мен ұсыныстарын ескеру, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету ата-аналардың белсенділігін арттырады.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру процесінің мониторингі де маңызды. З.А. Мовкебаева тиімді инклюзивті білім берудің жолындағы басты кедергі – білім беру мекемелері педагогтерінің осы үдеріске білікті дайындығының төмендігі деген ұстанымда болған[5, 165б.]. Мамандардың біліктілігін арттыра отырып балалардың даму динамикасын, оқу үлгерімін, ата-аналар мен педагогтардың кері байланысын жүйелі түрде талдау арқылы білім беру бағдарламаларын жетілдіру, ата-аналар мен педагогтардың ынтымақтастығын нығайту қажет.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамытуда балабақша мен отбасының бірлескен қызметінің маңызы зор. Бұл жүйенің табысты болуы үшін барлық қатысушылардың өзара үйлесімді әрекет етуі, бір-біріне сенім артып, бірге жұмыс істеуі қажет. Балабақша мен отбасының ықпалды ынтымақтастығы балалардың дамуына, оқуына және әлеуметтенуіне тиімді әсер етеді. Ал бұл үдерісті жетілдіру үшін жаңа технологияларды пайдалану, оның ішінде цифрлық трансформация маңызды рөл атқарады.

Цифрлық трансформация – бұл білім беру процесін заманауи технологиялармен жаңарту мен жетілдіруді білдіреді. Мұнда балабақша мен отбасы арасындағы байланыс тек дәстүрлі жолдармен шектелмей, жаңа цифрлық құралдар мен платформаларды пайдалану арқылы кеңейеді. Бұл балалардың дамуын бақылау, ұйымдастырылған іс-әрекетке икемді түрде ұйымдастыру және ата-аналармен тұрақты қарым-қатынас орнату үшін маңызды.

Цифрлық технологиялардың білім беру жүйесіндегі қолданылуы инклюзивті білім беру үшін ерекше қажеттіліктері бар балалардың дамуына үлкен мүмкіндіктер ашады. «Ерекше» балаларға арналған білім беру жүйесінің пәндік-дамытушы, материалдық-техникалық және білім берушілік деп аталатын құраушы компоненттері және олардың өзара байланысы назарда ұсталынып қалыптасуы тиіс екендігін Е.А. Екжанова атап көрсетеді [6, 23-25б.]. Мысалы, әртүрлі дидактикалық материалдарды цифрландыру, арнайы бағдарламаларды қолдану балалардың оқу материалдарын меңгеруін жеңілдетеді. Сонымен қатар, арнайы жабдықтар мен бағдарламалар (мысалы, көрнекі немесе аудио құралдар) балаларға білімді өздеріне ыңғайлы түрде алуға мүмкіндік береді. Интерактивті оқу құралдары мен қосымшалар балаларды қызықтырып, ұйымдастырылған іс-әрекеті жеңіл әрі тиімді етеді.

Ата-аналар үшін цифрлық платформа арқылы балаларының даму динамикасын бақылау мүмкіндігі жасалады. Мұндай платформалар арқылы баланың білім алу прогресі, әлеуметтік және эмоциялық жағдайы туралы ақпарат алу, мұғалімдермен және басқа мамандармен байланыс орнату жеңілдейді. Ата-аналар өз баласының дамуын өз көзқарастарынан қадағалап, оны жақсарту мақсатында ұсыныстар мен пікірлерін білдіре алады. Балабақша мен отбасы арасындағы бұл тығыз байланыс балалардың дамуын тиімді қадағалауға мүмкіндік береді. С.В. Алехинаның айтуынша, инклюзивті білім беру қоғамның толыққанды мүшесін қалыптастырудың өмірлік маңызды үдерісі[7, 20-22б.].

Бұл үдеріс тек балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығын күшейтіп қана қоймай, ұйымдастырылған іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Цифрлық құралдар тәрбиешілер үшін де аса маңызды болып табылады, өйткені олар өз жұмысының тиімділігін арттырып, жеке балаларға бағытталған оқыту әдістерін тиімді қолдана алады. Мұндай құралдар арқылы тәрбиешілер инклюзивті білім беру әдістемелерін

менгеріп, балалардың әртүрлі даму ерекшеліктеріне сәйкес оқыту бағдарламаларын жүзеге асыра алады.

Цифрлық құралдар ата-аналардың білім беру үдерісіне қатысуын күшейтеді. Мысалы, онлайн кеңес беру, ата-аналармен бейнемазмұндар немесе вебинарлар ұйымдастыру балалардың дамуы туралы түсінік алуға және білім беру процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Бұл да балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетіне оң әсерін тигізеді.

Оның үстіне, цифрлық технологиялар арқылы ата-аналар үшін арнайы кеңес беру қызметтерін ұсынуға болады. Психологиялық көмек, арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған бағдарлама немесе ата-аналардың оқу-тәрбиелік процесінде кездесетін қиындықтар туралы ақпараттық материалдар да цифрлық құралдар арқылы таратылады. Тәрбиешілер мен психологтар ата-аналарға бала тәрбиесіндегі дұрыс әдістерді түсіндіру үшін арнайы онлайн платформалар мен қолданбаларды пайдалана алады.

Бұл процесс инклюзивті білім беру жүйесінің интеграциясын жеңілдетеді. Цифрлық трансформация тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы байланыс үрдісін айтарлықтай жеңілдетіп, білім беру процесінің тиімділігін арттырады. Қазіргі заманда бала тәрбиесіне жаңа технологиялардың ықпалы артып келеді, сондықтан бұл үдерісті қабылдап, оны тиімді пайдалану балабақша мен отбасы үшін аса маңызды. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық негізінде балалардың даму деңгейін тиімді бақылау мен бағалау мүмкіндігі артады. Бұл балалардың нақты қажеттіліктеріне сәйкес, дер кезінде түзету шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформация арқылы әрбір балаға жеке оқыту әдістемесін қолдану, оқу құралдарын оның қажеттіліктеріне сай бейімдеу тәрбиешілерге балалардың дамуын бақылау мен бағалауда үлкен көмек көрсетеді. Баланың даму деңгейін бақылап, ұйымдастырылған іс-әрекетін түзетуде цифрлық құралдар нақты әрі нәтижелі шешімдер ұсынады. Цифрлық құралдар балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға да мүмкіндік береді. Ойындар, бейнемазмұндар мен қосымшалар арқылы балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті жеңіл әрі қызықты болады.

Инклюзивті білім беру жағдайында балабақша мен отбасының қызметін тиімді ұйымдастыру – күрделі, бірақ маңызды процесс. Цифрлық трансформация мен заманауи технологияларды пайдалану, ата-аналармен тұрақты ынтымақтастық, тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін арттыру арқылы біз ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жан-жақты дамуына мүмкіндік жасай аламыз. Инклюзивті ортада әрбір баланың әлеуметтенуіне, тәрбиелеу және дамуына қолайлы жағдай жасау – біздің ортақ жауапкершілігіміз.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру жағдайында балабақша мен отбасының қызметін ұйымдастырудың тиімділігі тек тәрбиешілер мен ата-аналардың ынтымақтастығына байланысты емес, сондай-ақ цифрлық трансформацияның мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы жүзеге асады. Цифрлық құралдар білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына өзара әрекеттесуді жеңілдетіп, балалардың дамуына оң әсерін тигізеді. Инклюзивті білім беру үшін қажетті жағдай жасау, жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу және балалардың даму деңгейін бақылау – бұл барлық қызметтерді біріктіру, бірлескен жұмыс және инновациялық технологияларды қолдану арқылы ғана жүзеге аса алады. Тек осындай кешенді және үйлесімді тәсілдер арқылы инклюзивті білім беру жүйесі тиімді жұмыс істейді және әрбір баланың дамуына мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Латыпова Н.М. Формирование инклюзии как социального и педагогического феномена // История и педагогика естествознания. - 2016. - №2. - С. 38 - 42.

2. Силантьева Т.А. Инклюзивное образование как способ изменения общества // Сборник материалов III Международной научно-практической конференции - М.: МГППУ, 2015. - С. 96 - 99.

3. Инклюзивное образование в Республике Казахстан. - Астана: Министерство науки и образования Республики Казахстан, 2016. - 32 с.
4. Першина Н.А. Сближение общего и специального образования // Психология образования в поликультурном пространстве. - 2017. - №1. - С. 68 - 75.
5. Мовкебаева З.А., Денисова З.А., Оралканова И.А., Жакупова Д.С. Методические рекомендации по подготовке педагогов к внедрению инклюзивного образования. - Алматы: Дайкпресс, 2013. - 165 с.
6. Екжанова Е.А. Двухкомпонентная инклюзивная модель обеспечения прав на образование детей с различным уровнем психофизического развития // Сборник материалов Междунар. науч.-практ. конференции. - М.: МГППУ, 2012. - С. 23 - 25.
7. АLEXИНА С. Инклюзивные процессы в образовании // Специальная педагогика. - 2016. - №3. - С. 20 - 22.

ӘОЖ 371.13

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ПЕДАГОГ ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Е.Ә.Қалыбекқызы^{1*}, Н.С. Жұмашева²

«Білім берудегі менеджмент» 2-курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы *Атырау* университеті

Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы

*e-mail: Yermash18@bk.ru

Аңдатпа. Мектепке дейінгі тәрбиешілерде кәсіби құзыреттерді дамыту білім беру сапасын арттыру және ерте бала кезінде дамудың оңтайлы нәтижелеріне жәрдемдесу үшін шешуші мәнге ие. Бұл бап білім беру психологиясын, педагогикасын және даму теориясын қамтитын пәнаралық тәсілді ықпалдастыра отырып, мектепке дейінгі мұғалімдер арасында кәсіби құзыреттіліктің дамуын айқындайтын теориялық негіздерге тереңдетіледі. Онда мектепке дейінгі педагогтар үшін қажетті негізгі құзыреттіліктер, соның ішінде педагогикалық білім, эмоциялық интеллект, оқыту әдістеріне шығармашылық көзқарас және оқытудың инклюзивті ортасын құру қабілеті баяндалған. Бұдан басқа, мақалада осы шеңберде цифрлық құралдарды кіші жастағы балаларға білім беруге ықпалдастыру, тұрақты кәсіби даму қажеттілігі және әртүрлі және өзгермелі білім беру ландшафтарына бейімделуде педагогтарды қолдау стратегиясы сияқты қазіргі заманғы проблемалар мен мүмкіндіктер қарастырылады. Теориялық перспективалар мен эмпирикалық зерттеулерді синтездеу арқылы бұл мақала мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға бейім саясаткерлер, білім беру көшбасшылары мен практиктер үшін идеялар ұсына отырып, кәсіби құзыреттерді дамытуды талқылауға өз үлесін қосуға арналған.

Тірек сөздер: құзыреттілік, мектепке дейінгі білім беру, инклюзивті оқыту, тәрбиеші-педагог, жүйелілік, тұтастылық.

Аннотация. Развитие профессиональных компетенций у дошкольных воспитателей имеет решающее значение для повышения качества образования и содействия оптимальным результатам развития в раннем детстве. В данной статье углубляются теоретические основы, определяющие развитие профессиональных компетенций у педагогов дошкольных учреждений, интегрируя междисциплинарный подход, включающий психологию, педагогику и теорию развития образования. В нем изложены основные компетенции, необходимые для дошкольных педагогов, включая педагогические знания, эмоциональный интеллект, креативность в методах обучения и способность создавать инклюзивную среду обучения. Кроме того, эта структура решает текущие проблемы и возможности, такие как интеграция цифровых инструментов в образование детей младшего возраста, необходимость устойчивого профессионального развития и стратегия поддержки педагогов в адаптации к разнообразным и изменчивым образовательным ландшафтам. Эта статья призвана внести

вклад в обсуждение развития профессиональных компетенций путем синтеза теоретических перспектив и эмпирических исследований, предлагая идеи для политиков, лидеров образования и практиков, склонных улучшить качество образования в раннем детстве.

Ключевые слова: компетентность, дошкольное образование, инклюзивное обучение, педагог-педагог, системность, добросовестность.

Abstract. The development of professional competencies in preschool educators is critical to improving the quality of education and promoting optimal development outcomes in early childhood. This article delves into the theoretical foundations that determine the development of professional competencies among preschool teachers, integrating an interdisciplinary approach that includes psychology, pedagogy and the theory of educational development. It outlines the core competencies required for preschool educators, including pedagogical knowledge, emotional intelligence, creativity in teaching methods, and the ability to create an inclusive learning environment. In addition, this framework addresses current challenges and opportunities, such as the integration of digital tools into early childhood education, the need for sustainable professional development, and a strategy to support educators in adapting to diverse and fluid educational landscapes. This article is intended to contribute to the discussion of the development of professional competencies by synthesizing theoretical perspectives and empirical research, offering ideas for policymakers, education leaders and practitioners inclined to improve the quality of early childhood education.

Key words: competence, preschool education, inclusive training, educator-teacher, consistency, integrity.

Қазіргі таңда дүниежүзілік өркениеттілікке жету мақсатында білім беру жүйесін оңтайландыру қажет. Ондай азаматтық міндеттерді жүзеге асыру үшін білім беру мен тәрбие мәселесін нағыз гуманистік дәрежеге көтеруге бүкіл ғаламдық мәдени құндылықтарға қол жеткізу керек. Мұны атқаратын, сөз жоқ, педагог.

Педагогикалық әдебиеттерде тәрбиешінің арнайы білімі, біліктілігі, дағдылары мен сапалары «кәсіби құзіреттілік» ұғымымен біріктірілген. Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешінің құзіреттілігі бұл оның кәсіби міндеттерді тиімді атқара білуі, педагогикалық әрекетке эмоционалдық құнды қатынас пен ғылыми білімнің негізі болатын міндеттерді анықтайтын талаптар. Үздіксіз педагогикалық білім беруге байланысты жаңа әлеуметтік тапсырыстар, мектепке дейінгі жастағы балаларға білім беру саласындағы инновацияда өзінен дамуға қабілеті бар педагогтардың квалификацияларына қойылатын талаптар түрінде көрінеді.

Тәрбиешілердің құзырлықтарының сапалы болып қалыптасуына арнайы білім, біліктілік, қабілеттер қажет.

Қазіргі кезде білім беру ұйымдарындағы жаңару процесі тәрбиешілердің санасын қайта бағдарлау мен құндылықтардың кәсіби деңгейін талап етуде. Соған орай мектепке дейінгі ұйымдардың даму механизмі тәрбиешілердің шығармашылығы екені белгілі болды. Мектепке дейінгі ұйымдарды заман талабына сай жаңарту «тәрбиешінің кәсіби құзіреттілігі» ұғымына толықтырулар енгізумен қатар жаңа міндеттер жүктеуде. Бұған дейін «Кәсіби құзіреттілік» ұғымы тұлғаның кәсіби ортада табысты әрекетін қамтамасыз ететін жалпы және жеке білімдерінің бірігуі мен тәжірибелік біліктілік пен негізгі кәсіби сапалары болды. Жаңа жағдайлар «кәсіби құзіреттілік» ұғымына түзетулер енгізуді талап етуде. Тәжірибеде көріп отырғанымыздай тәрбиешінің білікті маман болып қалыптасып дамуы, қоғам талабына, ата-аналардың әлеуметтік тапсырыстарына және тәрбиешілердің кәсіби құзіреттіліктерінің деңгейіне сай келмейді. Осыған орай тәрбиешілердің кәсіби құзырлықтарының қалыптасуы өзекті мәселе болып отыр. Осы мәселелерді шешу үшін алдымен мына ушыққан мәселелердің шешімін табу қажет: мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілердің толық және шығармашылық дамуына әлі жағдай жасалмаған (еңбекақылары, оқу-тәрбие үрдісін материалдық-техникалық жабдықтау, әлеуметтік-психологиялық климат, және т.б.). Көптеген тәрбиешілерде күнделікті өмірде кездесетін жеке басының

қиындықтарынан, жұмыстан шаршап-шалдығудан жүйке жүйесінің қозуы байқалады. Бұндай жағдайлар тәрбиешілердің өзін-өзі жетілдіруге, кәсіби деңгейлерін көтеруге кері әсерін тигізеді анық. Бірақ та объективтік жағдайлардың қиындығына қарамай, тәрбиешілердің өзіне байланысты субъективтік себептер үлкен рөл атқарады. Көптеген тәрбиешілердің пікірі бойынша оларға кәсіби-педагогикалық мәдениетті көтеру үшін табандылық пен байсалдылық жетіспейді. Тәрбиешілердің өзін-өзі жетілдіруге деген дағдылары жеткіліксіз, ақпараттарды саралауға деген қабілеттері жетіспейді. Уақыт өте келе біз тәрбиешілердің айналасындағы ортаны тамырымен өзгертуге мүлдем шамамыз келмей, мұғалімдердің әлеуметтік-психологиялық ресурстары мен тұлғалық-кәсіби потенциалдарын толығырақ қолдануымыз керек болады. Себебі тәрбиешілердің кәсіби тәжірибелері артқан сайын, олардың кәсіби қызығушылықтары азайып, негізгі жұмыс әрекетіне ғана бағытталады. Тәрбиешілердің ғылымның жаңа салаларын танып білуге бағытталған білім беру салалары азаюда. Тәрбиешінің қызығушылық ортасы тарылған сайын, ол өз ісінің шебері болудан қалады. Осыдан бәріне белгілі жағдай туындайды: жас мамандар өздеріне теориялық және әдістемелік білімдерді әлі керек деп санамаса, тәжірибелі тәрбиешілер оларды керек етпейді. Сондықтан тәрбиешілердің кәсіби қажеттіліктеріне өзгертулер енгізе отырып, тұлғаның өзін-өзі дамытуға жағдай жасаумен, еңбекке, кәсіби дамуға, өзін-өзі жетілдіруге деген қатынасын өзгертуге болады.

Әдебиеттік шолу. Педагогтың кәсіби құзіреттілігінің дамуын психолого-педагогикалық әдебиеттерден де көруге болады. Олардың кәсіби құзіреттілігінің жоғарылауының теориялық негіздерін зерттеу (В.А. Адольф, В.П. Бездухов, И.О. Котлярова және т.б.) оның кәсіби құзіреттілігінің тиімді шарттарын (Л.А. Башарина, Н.Е. Костылева, Е.В. Прозорова, С.С. Татарченкова және т.б.) педагогикалық шеберлік пен кәсіби құзіреттіліктің диагностикалық проблемаларын зерттеу (Л.А. Башарина, М.И. Лукьянова) кәсіби құзіреттіліктің жеке компоненттерінің құрылымын анықтау: тәрбиешінің коммуникативтік және әлеуметтік-перцептивтік құзырлықтарының дамуын (Н.Н. Ершова, Е.В. Прозорова) аталған ғалымдардың еңбектерінде кездестіруге болады. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыратын құралдарды да анықтау (Г.И. Захарова, Ю.А. Конев, Г.М. Соломина, В.И. Юдин) көзделеді. Кәсіби құзіреттілік мәселесі жоғарғы оқу орындары қызметкерлерінің біліктілігін көтермелеу үрдісіне әзірленулері кезінде кеңінен қарастырылады (О.М. Атласова, Л.И. Дудина, Е.В. Прозорова, И.А. Чемерилова және т.б.). Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогтардың кәсіби құзіреттілігін анықтау үшін зерттеу жұмыстары жүргізілген (И.В. Бичева), балабақша тәрбиешілерінің негізгі жеке басының кәсіби сапалары (Н.В. Шурова), мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие үрдісі аумағында педагогтардың кәсіби құзіреттілігінің дамуы қарастырылған. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілердің кәсіби құзіреттіліктерін көтеру үшін дифференциялық жолдың критерилері ретінде педагогтардың кәсіби ойларының ерекшеліктері оның ішінде белгілі бір деңгейдегі педагогикалық тапсырмаларды қою және оларды орындау біліктіліктері ұсынылуда (стратегиялық, тактикалық немесе шұғыл) [1; 316].

Тәрбиешінің оқу-әдістемелік әрекеті құзіреттіліктің мына ұстанымдарын қамтиды: оқу-тәрбие үрдісін жоспарлау; алынған нәтижелерді сараптай отырып, соның негізінде өзінің әрекетін жобалау. Айтылған ұстанымдар тәрбиешінің келесі құзырлықтарын қамтиды: балаларды дамытудың әр түрлі әдістері мен білім беру бағдарламасын білу; педагогикалық мониторингті, зерттеу технологиясын білу; педагогикалық процессті жоспарлау және жүзеге асыра білу; балаларды тәрбиелеу және оқыта білу.

Тәрбиешінің әлеуметтік-педагогикалық әрекеті құзіреттіліктің мына ұстанымдарын қамтиды: ата-аналарға кеңес бере білу; балаларды әлеуметтендіруге жағдай жасау; баланың құқығы мен қызығушылықтарын қорғау.

Аталған ұстанымдар келесі құзырлықтардың негізі болады: баланың құқығын қорғайтын негізгі құжаттарды және үлкендердің балаларға деген қатынасының міндеттерін, ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен талқылау жұмыстарын жүргізе білуі қажет.

Кәсіби білім беру бағдарламаларының құрылымы мен жүзеге асуының өзгеруі түзету мақсаттарына, ең бастысы әлеуметтік-экономикалық факторлармен түсіндіріледі. Бірақ та ол олардың құрылымын анықтамайды. Білім берудің жаңа мақсатты ұстанымдары анықталғаннан кейін, ол өзінің білім беру мәдениетін қалыптастыру заңымен жүзеге аса бастайды. Кәсіби құзіреттілік деңгейін иемдену маңызды жайт. Педагогикалық кадрлардың жаңа кәсіби әлемді тануы, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда да, өз ісінің, өз мамандығының шебері әлеуметтік құнды тұлға болатыны сөзсіз. Ал кәсібилік – әлеуметтік құбылыс.

Тәрбиешілердің кәсіби құзіреттіліктерінің даму мәселесі үшін жүргізілген ретроспективті анализдердің көрсеткіштері бойынша, тәрбиешілердің құзіреттіліктері білім беру мекемесінің басшыларының ұйымдасқан әкімшілік міндеттерін шешуге бағытталған сапалық әрекеті негізінде қарастырылады. Бірақ білім беру мамандарының кәсіби құзіреттілігі – ол жеке де қасиет, себебі оның ішінде белгісіз формада (кәсібиліктің дамуына байланысты) кәсіби негізгі сапалар да көрінеді.

Білім беру мекемелеріндегі педагогикалық кадрлардың кәсіби даму процессі жеке қабілеттерден бөлінбейді: екеуінің негізінде де өзін-өзі жетілдіру принципі жатыр. Бұл принциптер тұлғаны өзінің өмірлік әрекетінен түрлендіретін тәжірибелік пән ретіндегі, өмірлік әрекетінің жоғарғы сатысы – шығармашылықты жүзеге асыратын детерминистік қасиеттері. Тұлғаның осыған сәйкес кәсіби дамуы педагогтардың кәсіби дамуына қажетті принциптердің өзгеруімен түсіндіріледі. Сондай-ақ бұл мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық кадырларға да қатысты [2; 216].

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтарды оқыту мен олардың дамуы – бұл уақытқа байланысты процесс, соның нәтижесінде әр тәрбиешінің жеке-кәсіби сапалары өзгереді. Бұл үрдіс дамудың нәтижесіндегі жаңа қасиеттердің қалыптасуын сипаттайды.

Оқыту барысындағы бірінші өзгеріс ол мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілердің ұдайы кәсіби өзгеруге дайындық пен өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктер.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтарының кәсіби құзіреттіліктерінің дамуының жаңа моделі екі деңгейінің өзара шарттасуымен сипатталады: олар: а) мектепке дейінгі ұйымның басшысы; ә) әдіскерлер, тәрбиешілер.

Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтардың үздіксіз дамуын қамтамасыз ететін, тұлғаның бағдарлы білім беру принципіне негізделген жаңа типтік жүйені жасау керек.

Білім беру мекемелерінде педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерінің даму проблемасы қоғамдық жарғылардың өзгеріп, нарықты экономикаға ауысу кезінде өзекті болған. Оны көптеген ғалымдар атап өткен. Олардың ішінде: Б.С. Гершунский, М.К. Гмучин, В.С. Леднев, Ф. Роджерс, А.Г. Соколов, Е.В. Ткаченко, М.А. Шамин, А.В. Юсушкин, М.С. Archet, DreyfusEdward A, Т. Okato және т.б. [3; 43-45].

Қазіргі кезде білім беру аумағындағы мемлекеттік саясат тұлғалық кәсіби қызығушылыққа бағынып құрылмайды, керісінше тұлғаның қоғамдық сұрасына байланысты кәсіби әрекетке деген қызығушылығының дамуынан пайда болады.

Оны біз Қазақстан Республикасының білім беру заңдарынан, М.С. Алкина, К.М. Левитан, В.С. Леднева, А.Н. Леонтьева, А.Я. Найман, А.М. Новикова, Р. Штайнердің және т.б. еңбектерінде кездестіруге болады [4; 416].

Кәсіби білім беру мекемелеріндегі жаңа білім берудің теориялық негіздері В.Я. Дымерскийдің, В.И. Загвазинскийдің, Н.Д. Никандрованың, П.С. Хейфецонның, Р.Х. Шакурованың және т.б. еңбектерінде бар[5; 367].

Білім беру мекемелеріндегі педагог мамандардың кәсіби құзіреттіліктерінің дамуы мәселелерімен айналысатын ғалымдардың бір-бірімен келіспеушіліктері болатынын атап өтпеге болмайды. Олар білім беру жүйесіндегі демократиялық бастаудың құрылымдары (Д.А. Белухин, М.Н. Берулова, Е.В. Бондареская, Ю. А. Коноржевский, Н.Н. Ляменко, Л.В. Поздняк, Ю.А. Тихомирова) немесе оқыту үрдісіндегі инновацияда (И.В. БестужевЛада, А.Я. Найн, Е.Н. Отвагина, Н.М. Паланчуг) кездеседі [6; 14]. Мүмкіндігінше педагог

мамандардың кәсіби күзіреттілігінің даму мәселесін барынша дұрыс қарастырып, көздің қырымен инновациялық құралдарды білім беру үрдісіндегі жаңа бастамалар ретінде дамытқан дұрыс.

Бұл дамыған тенденцияның интеграциясы жүйелілік принципін жүзеге асырудың жүйелі жолында болуы мүмкін. Ол оның бөліктерінің ішіндегі ең негізгі қасиеті болып отыр. (В.Г. Афанасьев, И.В. Блауберг, А.М. Дрыгин, М.Е. Дуранов, Н.И. Папин, Г.П. Щедровицкий, Э.Г. Юдин) [7; 250].

Теориялық негіздеме. Жүйелілік принципін мазмұнына элементтерінің байланысы мен қатынасы, мақсаттарының субординациясы енеді. Бұл принцип басқару объектілерін белгілі бір жүйені жасайтын байланыс ретінде, олардың иерархияларын ұйымдастырушылық деңгейінде қарастырады. Соған сәйкес жүйелілік принципі гносиологиялық функцияларымен, танымның жалпы әдіснамасымен, санадағы құнды бағдарлармен, зерттеудегі жалпы тәсілдермен байланысты. Жалпының жеке бөліктерінің байланыс, қатынас иерархиялары жүйелілік принципін ең негізгі белгілері. Бұл принципті проблеманы шешудің ең негізгі жолы принциптердің сабақтастығын, жүйенің дамуы мен функциялардың заңдылықтарын түсіндіретін жүйелі тәсілге жетудің айласы ретінде қарастырады. Мұнымен ғылыми танымдағы жүйелі тәсілдердің ролі мен оған деген көзқарастардың сан алуандылығы түсіндіріледі.

Жүйелі тәсілдердің төңірегінде оқыту тәсілдердің классикалық принциптерін қолдануға мүмкіндік болса, сол сияқты оқыту үрдісіндегі кішігірім кәсіби оқытудың қиын жағдайларын, саналы түрде көрсететін жаңа тәсілдерді қолдануға болады. Жүйелілік тәсілдердің мазмұны тек жай ғана сүйікті құрылымдарды сипаттау біліктілігінен ғана тұрмайды, ол белгіленген мақсатқа жетуді жүзеге асырудың соңғы айлаларын көрсетуден құралады.

Жүйелілік тәсіліне жүйелі анализ тән. Жүйелі анализ – ол әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-техникалық қиын проблемаларды шешу үшін қолданылатын методологиялық амалдардың жиынтығы. Жүйелі анализ Отандық ғылыми педагогикада педагогикалық үрдісті басқарудың негізгі функциясы ретінде зерттелген.

Г.Н. Сериковтың ойынша, жүйелі анализ педагогикаға мыналар үшін қажет [8; 192]:

- 1) оқу-тәрбие үрдісі тек қана жүйелі амалдардың басқаруына болатын ең қиын жүйе;
- 2) жүйелі анализсіз оқу-тәрбие үрдісін басқарудың педагогикалық теориясын жасау мүмкін емес. (педагогикалық құбылыстарды түсіндіру, олардың арасындағы байланыстарды білу)
- 3) оқыту әрекеті зерттеу құрылымына қатысты әдістерді қолдануды талап етеді. Педагогикалық үрдіске жүйелі әдістер мен тәсілдер сай болуы қажет.
- 5) жүйелі анализ және жүйелілік тәсілі – ол тек қана таным емес, сондай-ақ функционалдауды ұйымдастыру.

Оқыту үрдісінде қолданылатын жүйелі анализ В.Е. Хруцкийдың пікірінше келесі принциптердің негізінде жүзеге асуы мүмкін:

- объективтік, яғни оқыту үрдісінің мағынасын түсіндіретін ғылымилық, басқару функцияларының құрылымы мен қозғалмалы күштері;
- танымдық, танымдық ғылыми әдістерді таңдаумен байланысты, оларды оқу-тәрбие үрдісінде іске асыру;
- детерминизм, жүйе элементтерінің байланыстарының шартталуының себебі, білім беру жүйесіне басшылық ету, оның әлеуметтік ортамен әрекеттесуі;
- даму, оқыту жүйесі мен оның элементтерінің дамуы ғана емес, сонымен қатар оның басқарылуы;
- тарихи, қоғамның дамуына қажетті нақты тарихи жағдайларда жүйелерді басқаруды қарастырумен байланысты [9; 343].

Жүйелілік принципі, жүйелі тәсілдер, жүйелі анализдер, И.Г. Герасимованың пікірі бойынша, өзінің функциясын атқаруда көрінегін спецификалары бар. Біздің зерттеуімізге мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтардың кәсіби күзіреттіліктерінің дамуының

процессуалдық элементтері маңызды. Біз жүйелі тәсілдерге мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілердің кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыратын, күрделі ұйымдасқан теориялық зерттеулердің әдістері мен тәсілдері жасалатын жалпы ғылыми бағыт ретінде сүйенеміз. Жүйелі тәсілдер біріншіден, жеке тұлға ретінде, екіншіден, кәсіби мәдениетті тасымалдаушы ретінде. Жүйелі тәсілдердің қажеттілігі туынды принцип ретінде тәрбиешілерді кәсіби жетілдірудің қиындықтарын, ішкі бірлестік пен осы бірлестікті қамтамасыз ететін тура және кері байланыстар мен түсіндіріледі [10; 36].

Ғылыми әдебиеттерді зерттей отыра, жүйелі зерттеудің бес негізгі типін атап өтуге болады. Олардың қатарында: біздің зерттеуімізде тәрбиеші мамандарды дайындауда қолданылатын кәсіби әрекеттердің теориялық зерттеулері мен тәжірибелік аспектілері мына жүйелерді түсіну үшін:

- бір-бірімен түсінісіп байланысқан көптеген элементтердің құрылымын;
- оқыту үрдісінің тұтастығын ұйымдастыратын, іс-әрекеттердің мақсатқа бағытталған бірлестігін орындайтын функциялардың құрылымдарын;
- тұтас ортада жалпы ешкімді, берілген жүйенің үрдісі қарастырылатын және педагогикалық-психологиялық тілмен сипатталатын шынайы ортада. Бұл жағдайды педагогикалық үрдістегі субъект-объект пен субъект-субъект қатынасында жүзеге асыру қиын;
- жүйеліліктің негізгі белгілерін сақтайтын және тұтастылықтың функционалдық спецификасына ие иерархиялар;

Осы жүйенің қолданылатын уақытқа байланысты өзгертетін бірліктер. Олар білім беру мекемелеріндегі педагог мамандардың кәсіби қабілеттерін қалыптастыратын жүйенің негізгі қасиеттері.

Жүйенің жалпы теориясы көп емес ауыспалы себепті мүмкіндіктерді орнатудың орнына әр түрлі байланыстар мен қарым-қатынастардың, зерттелетін объекттің ішінде және оның басқа объектілермен қарым-қатынасы тәуелділігінің себептерін анықтайды.

Педагогтардың кәсіби құзіреттілігі дамуының теориялық моделін жасау - олардың кәсіби дайындығын арттыру кезіндегі қажеттіліктерге бағытталуы керек. Педагог кадрлардың кәсіби құзіреттіліктері – ол білім беру мекемелеріндегі педагогтардың танымдық қажеттіліктерін дамытудың негізгі құралы және жоғары кәсіби сапалардың жоғары деңгейде жүзеге асуы.

Ол үшін – даму ортасының себептерін сипаттайтын, әр түрлі белгілердің көрінуін идентификациялайтын ақырғы сынақ (тестілеу) арқылы педагог кадрлардың біліктілігі мен білім деңгейін анықтауға көмектесетін біріңғай тәсілдерді жасау:

- А) интеллектуалдық (логикалық-сөздік);
- Ә) бейнелік-эмоционалдық;
- Б) тәжірибелік-әрекеттік.

Педагогтың жеке басының тәжірибелік-әрекеттік, бейнелік-эмоционалдық және интеллектуалдық ортасы дамуының құралдары мен әдістерін анықтау (А.К. Маркова, М.И. Махмутова, С.Л. Рубинштейн).

Білім беру мекемесінің педагогикалық ұжымы мыналармен қамтамасыз етілуі тиіс:

- педагогикалық білім деңгейіне қойылатын талаптарды сипаттау;
- Педагогтың тұлғалық-интеллектуалдық, бейнелік-эмоционалдық және тәжірибелік-әрекеттік ортаның жеке өлшемдерін көрсететін нақты әдістерді;
- «Өнімді» алгоритмдердің мемлекеттік стандартқа сай келуі;
- Педагогтардың қорытынды аттестациясын мақсатты тұрғыда тәуелсіз экспертиза жүйесінде өткізу.

Қазіргі кезде кәсіби білім беру ортасында педагогтардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жасалған инновациялық жобалар қоғамда жоғары сұранысқа ие (Б. С. Гершунский, М.В. Клорин, А.Я. Найн) [11; 3-4].

Педагогикалық кәсіби құзіреттілікті дамытуға арналған жаңа тәсілдердің жоғары сұранысқа ие болуына байланысты біз тұлғаның шығармашылығы өздігінен дамуына қажетті жағдайларды теориялық модельге енгіздік.

Білім берудің жаңа моделін жасау үшін, біздің ойымызша мына принциптер керек:

- а) демократизация;
- ә) ізгілендіру (гуманизация);
- б) вариативтілік;
- в) баламалылық (альтернативность).

Әдіснамалық тұрғыдан білім беру моделін оқыту олардың орындалатын қоғамдық-оқыту мен заттық ортадағы өзгерісін қарастырған жөн. Әр түрлі жаңартулар мен жаңалықтар қоғамдық, білім беру мен әдістемелік-ұйымдасқан қатынастырдың кең спектріне әсер етіп, жаңа нәтиже туғызады. Бұның бәрін мектепке дейінгі педагогикалық кадрлардың қазіргі кезде білім беру үрдісін моделдеуде ескеру қажет.

Кәсіби құзіреттіліктің дамуын моделдеу кезінде педагогтың шығармашылық қабілетіне сүйену керек. Педагог шығармашылық қызметті оқу барысында да, оқудан тыс кезде де орындайды, шығармашылық жұмыстармен айналысады:

- қиын жағдайлардың шешімін таба білу;
- қалыпсыз өмірде және педагогикалық жағдайларды шешуде өзі білетін тәсілдерді ұстану, өзінің көзқарасын сақтап қалу.
- кәсіби ортада әрқашан өзін-өзі ұйымдастырудың дәстүрден тыс тәсілдерін білу.

Педагогикалық қызметтің құрылымы оның өзіне тән барлық ерекшеліктері, дүниетанымдық және мәдени құндылықтардың бағдарларынан, білім берудің дамуы тенденцияларынан өзгеріп отырады.

Жоғарыда көрсетілген талаптар мен инновациялық тәсілдерде белгіленген сәйкестіктер арқылы педагогикалық қызметте бірталай жаңа тараптарды бөліп көрсетуге болады. Ол тараптар білім алушылардың мотивациялық қажеттілік ортасының қызметін жеделдетіп қана қоймай, педагогикалық үрдістің қызметін жоғарылатады. Қоғамдағы өзгерістердің саналы құрылымына байланысты, білім беру мекемелеріндегі сонымен қатар мектепке дейінгі мекемелердің де педагогикалық қызметінің мазмұнын жаңарту қажет. Ол ұзақ уақыт бойы елеулі түрде таптық нұсқалардан шектелген, біржақты болған. Енді оны педагогикалық ортада адамның қоғамдық-мәдени қызметінің әлемдік тәжірибесімен, білім берудегі жаңа құндылықтармен ағзаның қордағы мүмкіншіліктерін көрсету және дамытуға мүмкіндік беретін жоғары жетістіктер секілді маңызды элементтермен толықтыруға болады.

Педагогикалық қызметтің мазмұнына байланысты инновациялық тәсілдері сияқты педагогтың кәсіби қызметін жандандыру үшін қазіргі кездегі білім беру мекемелері жаңа тәсілдерді талап етеді. Кәсіби білім беру жүйесі белгілі бір сыртқы жағдайлардың ерекшелігінен жетіледі және қызмет көрсетеді. Реформалау кезінде пайда болған өзгерістер, оның мақсатында, мазмұнында көрініс табады. Ол С.Я. Батылева, Ю.В. Васильева, Ю.Н. Кулюткина, А.М. Новикова, В.В. Шапкина, А.В. Юсушкина, Г.А. Ягодиналардың еңбектерінде айқын көрсетілген. Кәсіби қызметте педагогтардың шешетін тәсілдердің күрделілігі, саналы композициялық дайындыққа талаптардың жоғарылауын, оқу материалдардың құрылымын, қорытынды-бақылау комплекстерінің қызметі мен құрылымын, педагогикалық үрдістің нәтижесі көрсететін, өлшемдерді ұсынады [11; 4].

Қорытынды. Білім берудегі болып жатқан модернизация, демократизация және ізгілендіру сияқты үрдістер, мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі педагогтардың кәсіби құзіреттіктерінің дамуын қажет етеді. Педагогтың кәсіби әрекетін жаңа жаңа теориялық жобаларды және прогрессивті технологияларды керек қылады.

Біз мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтардың кәсіби құзіреттілін дамытатын моделді жасадық. Ол модель жүйелік-әрекеттік принциптен, тұтас-бағдарламалық тәсілдерден, жеке бағдарламалық оқытудан тұрады және меңгерушінің, әдіскердің, тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде жоғарылатуды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтардың кәсіби күзiреттiлiгiнiң дамытуды әдiснамалық қамту моделдiк оқу жоспарын, авторлық бағдарламадан, жағдаяттардан, терминологиялық сөздiктен, диагностикалық әдiстерден тұрады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ардақ Н.П. Мектепке дейiнгi бiлiм беруде оңтайлы жағдайларды iздеу кезiнде эксперименттi жоспарлау.- М.: 2016. – 316 б.
2. Алексеев А.Н. Личностно ориентированное обучение вопросы теории и практики – Тюмен: ТГУ, 2019 – 216 б.
3. Амкин М.С. Басқару бiлiгi мен дағдылары: оларды қалай қалыптастыру керек? // Соц. Труд, 2013 - №6. –43-45 б
4. Социальная психология.- М.: МГУ, 2020 – 416 б.
5. Асмолов А.Г. Психология личности. – М.: Мәскеу университетi баспасы, 2016 – 367 б.
6. Атутов Р.П. Технология в современном образовании // педагогика, 2016. - № 2 -146.
7. Афанасьева В.Г. Общество: системность, познание, управление. – М.: Политиздат, 2021. – 250 б.
8. Бабанский Ю.К. Проблема повышения эффективности педагогических исследований.- М.: Педагогика, 2019. – 192 б
9. Батышев С.Я. Кәсiптiк мектептi реформалау: тәжiрибе, iздеу, iске асыру мiндеттерi.- М.: Жоғар. мект., 2017.- 343 б.
10. Безруков В.С. Основные категории теории воспитания и функции в развитии педагогической науки. Автореф. дис...пед. ғыл. док. – Казань: НИИ ИТП АПН, 2017. – 36 б.
11. Конырова Г.Г., Туленова У.Т., Мұғалiмдердiң кәсiби шеберлiгiн қалыптастырудың бағыттары// Университет хабаршысы. – Атырау: -2021. – 3-4б.

ӘОЖ 51-7

ТIЛДЕРДI YЙРЕНУГЕ КӨМЕКТЕСУ YШIН БIЛIМ БЕРУ ЧАТ-БОТЫН ҚУРУ

Ильяшева Г.И. , Айдарханова А.Қ. , Жетпiсбай А.Б.

Ш.Уалиханов ат.Көкшетау университетi

E-mail: arlan.zhetpisbai@mail.ru

Аннотация :

Бұл мақалада тiл үйренуге көмектесетiн бiлiм беру чат-ботын жасау қарастырылады. Чат-бот оқу процесiн жеңiлдету үшiн интерактивтi диалогтарды, ойын элементтерiн және бағдарламалау тiлдерiн тиiмдi қолдануды пайдаланады. Мақаланың мақсаты – бағдарламалаудың бiлiм беру платформаларының тиiмдiлiгiн қалай арттыратынын көрсету және чат-боттың тиiмдiлiгiн бағалау мен оны бiлiм беру жүйесiне енгiзудiң маңыздылығын талқылау.

Тiрек сөздер: чат-бот, тiл үйрену, бiлiм беру технологиялары, программалау, интерактивтi оқыту, ойын элементтерi, тиiмдiлiк.

Аннотация: В данной статье рассматривается разработка образовательного чат-бота для помощи в изучении языков. Чат-бот создается с использованием интерактивных диалогов, игровых элементов и эффективного применения языков программирования для облегчения процесса обучения. Цель статьи – показать, как программирование может повысить эффективность образовательных платформ, а также обсудить оценку эффективности чат-бота и его значимость для внедрения в систему образования.

Ключевые слова: чат-бот, языковое обучение, образовательные технологии, программирование, интерактивное обучение, игровые элементы, эффективность.

Annotation: This article discusses the development of an educational chatbot designed to assist with language learning. The chatbot utilizes interactive dialogues, game elements, and programming languages effectively to ease the learning process. The article aims to illustrate how

programming can enhance educational platform effectiveness and discusses evaluating the chatbot's effectiveness and relevance for integration into the educational system.

Key words: chatbot, language learning, educational technology, programming, interactive learning, game elements, effectiveness.

Кіріспе

Заманауи білім цифрлық технологияларға көбірек көшуде, мұнда бағдарламалау мен интерактивті платформаларды пайдалану оқыту сапасын арттырудың негізгі факторына айналууда. Осындай жаңалықтардың бірі-студенттерге тіл үйренуге көмектесетін білім беру чат-боты. Чат-боттар студенттердің жеке қажеттіліктері мен оқу стильдеріне бейімделу арқылы жеке оқу тәжірибесін құрудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Білім беру чат-ботын әзірлеу және енгізу білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға және тілдерді оқыту процесін жеделдетуге ықпал ететін құралдарды құру қажеттілігі жағдайында өзекті болып табылады.

Мақалада қарастырылған чат-бот оқу процесін қызықты әрі нәтижелі ететін интерактивті элементтер мен ойын мүмкіндіктерін қамтиды. Бағдарламалаудың заманауи әдістерін қолдана отырып, чатбот нақты уақыт режимінде пайдаланушылармен өзара әрекеттесе алады, олардың қажеттіліктері мен тілді меңгеру деңгейіне бейімделеді. Бұл әр пайдаланушыға жеке көзқарас беретін бейімделгіш және икемді білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. *Әдеби шолу*

Соңғы жылдары көптеген зерттеулер білім беру саласында чат-боттарды қолдануға бағытталған. Мысалы, кейбір зерттеулер чат-боттар интерактивті оқу мүмкіндіктері мен дереу кері байланыс беру арқылы оқушылардың мотивациясын арттырып, нәтижелерін жақсартып алатынын көрсетеді. Олар чат-боттар студенттерге материалды өздеріне ыңғайлы қарқынмен игеруге, сондай-ақ тілдік дағдыларды қолдану үшін ерекше жағдайлар жасауға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді.

Чат-боттарды пайдалану студенттердің оқу процесіне көбірек қатысуына ықпал ететінін атап өтті. Бейімделетін диалогтық мүмкіндіктер мен жекелендірілген оқыту мүмкіндіктері арқылы чатботтар студенттердің дайындық деңгейі мен қызығушылықтарына бейімделе алады. Олар дәстүрлі білім беру бағдарламаларына біріктіруге болатын тиімді және икемді оқыту әдістерін ұсына отырып, білім беру платформалары үшін қосымша құралға айналады. Чат-боттар білім беру процесін құрылымдауға көмектесетін интерактивті тәсілдің маңыздылығын көрсетеді. Оларды дәстүрлі оқытуға қосымша ретінде пайдалануға болады, бұл студенттерге өздеріне ыңғайлы уақытта және қарқынмен оқуға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар оқу үлгерімін жақсартуға ғана емес, сонымен қатар әртүрлі деңгейдегі оқушылар үшін оқуды икемді және қолжетімді етуге көмектеседі.

Негізгі бөлім

Білім беру чат-ботының даму кезеңдеріне мыналар жатады:

1. Талаптарды талдау: бұл кезеңде мақсатты аудитория, оқытылатын тілдер және оқу ерекшеліктері анықталады. Бұл талдау чат-бот мазмұнын пайдаланушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуге және материалдардың өзектілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
2. Архитектураны жобалау: пайдаланушының чат-ботпен өзара әрекеттесу құрылымы жасалуда. Бұл мессенджерлермен және әлеуметтік желілермен интеграцияны қолдайтын платформалар мен технологияларды таңдауды қамтиды. Платформаларға Telegram және Whatsapp кіруі мүмкін, бұл пайдаланушыларға оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді.
3. Әзірлеу: бұл кезең өзара әрекеттесу сценарийлерін бағдарламалауды, табиғи тілді өңдеуді, ойын және интерактивті элементтерді енгізуді қамтиды. Чат-бот пайдаланушылардың тілдік дағдыларын үйренуге және сөздік қорын кеңейтуге көмектесу арқылы түсінуі және жауап беруі керек.
4. Тестілеу: бұл кезеңде нақты пайдаланушы сценарийлері негізінде чат-бот жұмысын бағалау жүргізіледі. Кері байланыс жинау қателерді анықтауға және сапалы жұмыс істеуді

және пайдаланушылардың үміттерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін функционалдылықты жақсартуға мүмкіндік береді.

5. Іске асыру: тестілеуден кейін чатбот таңдалған платформада іске қосылады. Сондай-ақ, проблемаларды анықтау және қажет болған жағдайда жақсартулар енгізу үшін бот жұмысына мониторинг жүргізіледі. *Технологияны таңдау*

Чат-ботты дамытудың негізгі аспектісі-технологияны таңдау. Ең көп таралған құралдарға мыналар жатады:

- Бағдарламалау тілі: Python, икемділігі мен қол жетімділігі арқасында чатботтарды құрудың танымал таңдауы.

- Кітапханалар: ботқа сұрауларды өңдеуге және мағыналы жауаптар беруге мүмкіндік беретін табиғи тілді өңдеуге арналған NLTK және SpaCy. Flask немесе Django вебқосымшаларды құру үшін пайдаланылуы мүмкін, егер чатбот өз серверінде болса.

- Интерактивті элементтер: викториналар, ойындар және диалогтық сценарийлер. Мысалы, 'pygame' кітапханасы пайдаланушыларға зерттелетін материалды бекітуге көмектесетін ойын тапсырмаларын жасауға мүмкіндік береді.

Интерактивті элементтер

Чат-бот келесі интерактивті элементтерді қамтуы мүмкін:

- Викториналар мен тесттер: пайдаланушыларға Оқытылатын тіл туралы білімдерін тексеруге және кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

- Ойын тапсырмалары: жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдарды жаттықтыру үшін әртүрлі шағын ойындарды қамтуы мүмкін.

- Диалогтық сценарийлер: пайдаланушыларға зерттелетін тілде тірі диалогты үйренуге көмектесу арқылы сөйлесу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Оқытуды жекелендіру

Чатбот пайдаланушының жеке қажеттіліктеріне бейімделе алады:

- Жеке тапсырмалар: тілді меңгеру деңгейіне және қызығушылықтарына байланысты.

- Адаптивті оқыту: жүйе пайдаланушының үлгерімін бақылайды және күрделі тақырыптар бойынша қосымша материалдар ұсынады.

Қорытынды

Тілдік оқыту үшін білім беру чат-ботын әзірлеу білім беру сапасын арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Мақалада заманауи технологияларды, ойын әдістерін және интерактивті элементтерді қолдана отырып, осындай ботты құрудың негізгі аспектілері қарастырылады. Чатботтар тілді оқыту тәсілін түбегейлі өзгерте алады, бұл оны студенттерге қол жетімді және қызықты етеді. Әрі қарайғы зерттеулердің болашағы нақты білім беру мекемелеріндегі чатботтардың тиімділігін бағалаумен, сондай-ақ оларды білімнің басқа салаларында қолдануды кеңейтумен байланысты. Зерттеулер тек тілдік оқытуды ғана емес, сонымен қатар студенттерді ынталандыру, материалды меңгеру және оқу процесінде өзара әрекеттесу сияқты аспектілерді де қамтуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. https://www.researchgate.net/publication/354885708_Chatbots_applications_in_education_A_systematic_review
2. https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/82473/1/978-80-88327-04-2_017.pdf
3. <https://cyberleninka.ru/article/n/lingvodidakticheskiy-potentsial-chat-botov/viewer>
4. <https://www.engati.com/blog/chatbot-applications-in-education>
5. <https://educationaltechnologyjournal.springeropen.com/articles/10.1186/s41239-023-00426-1>

Оспанбаева А.Р. магистр

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің» аға оқытушысы

Ospanbayeva@bk.ru

Әшірәлі А.С.

Тараз қ. №2 «Айсұлу» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Аннотация: В этой статье рассмотрено раздвижные-игры которые играют в детском саду формирование его принципиальности в развитии ребенка

Annotation: In this article, the formation of ego principle in the development of the child is considered.

Key words: Sports games, folk games, preschool games

Ключевые слова: Раздвижные игры, народные игры, дошкольники

Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың орны ерекше. Ата бабамыздан келе жатқан мұра. Осы ойындарға әр заманға сай, оң өзгерістер мен жаңашылдықтар енгізіп отырса, балалардың ұлттық ойындарға деген қызығушылығы артады. Сол арқылы тәрбиеленіп, өнеге үйренеді. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Балалар ұлттық ойындардан «үлкенге ізет, кішіге құрмет», достық, шыншылдық, қайырымдылық деген көптеген қазақы мінезге сай жақсы қасиеттерді бойына жинайды. Осы жақсы қасиеттердің арқасында бұл ойындар ұрпақтан ұрпаққа жалғасын табуда. Сонымен қатар отан сүйгіштікке тәрбиелейді, ұлттық салт дәстүрлерімізді кішкене кезінен бастап бойына сіңіріп өскен балалар, ертеңгі болашағымыздың кепілі.

Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың мына пікірін ескеала кетейік : «Біздің заманымыздың өмір кешкен ұзақ жолында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу — бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын — балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі.

Қазақ халқының дәстүрлік танымында адамның балалық шағы - ойын баласы деп аталады. Бұл — заңды құбылыс. Өйткені баланың өсіп, өркендеуі, дүниені танып білуі ойынмен байланысты. Қай заманда да қай халықтың өмірінде болсын баланың мектепке дейінгі кезеңінде ойынның атқаратын қызметінің мәні орасан зор. Ойын өмір қажетінен туған балалық шақтың ажырамас шарты. Бала үшін ойын-іс әрекет, еңбекке бастайтын қимыл-қозғалыстың жебеуші шарты болумен қатар дүниені танып білу, түсіну, ұғынудың кілті. Сондықтан ойын туралы ғылыми зерттеу жүргізген ғалымдар да, тәлім-тәрбие ісімен шұғылданушы педагогтер де ересек адамдар үшін жұмыс, қызмет, еңбектің мәні қандай болса, бала үшін ойынның да мәні сондай деген орынды тұжырым жасайды.[1, 576.].

Халық даналығында — «ойнай білмеген, ойлай да білмейді, ойында озған өмірде де озады» — деген аталы сөзінің сырына жүгінсек мектепке дейінгі кезеңдегі баланың ойынға деген құлқы, қарым-қатынасы олар өсіп өркендеп, есейгенде де өміріне жалғаса кететіндігін дәлелдерлік дәйекті деректер жетерлік. Оны біздің де күнделікті тәжірибеміз жан-жақты айқындап отыр. Біз бақылау жасап, тәжірибе жүргізген мектепке дейінгі қоғамдық мекемелеріндегі және бірнеше жылдар бойы жинақталған деректерге зейін аударғанда жасаған пайымдауларымыз — бала ойында қандай болса, кейін ер жетіп, есейіп еңбекке араласқанда да, оқуда да, қызмет бабында да, атқаратын жұмысының барысында да көбіне сондай болатындығына көзіміз жетуде. Өйткені бала өзінің іс-әрекетін, күш-жігерін ойын арқылы машықтандырып, өзі қарым-қатынаста болған заттар мен құбылыстардың сыр

сипатын ойын барысында ұғынады. Болашаққа тән болмыс нышандары айқындала түседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше.

Жас ұрпақты жан –жақты дамыған, ой-өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені, болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне осы мектепке дейінгі кезеңде көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады.

Қазақтың кеменгер ақыны, ұлтының бақыты үшін өз бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дене тәрбиесіне зор көңіл бөлген Мағжан Жұмабаев: «Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса, ішіндегі заты берік болмақ. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесіде мықты.

Сау жан – сау денеде ғана болады» - деген. Сондықтан да балалар ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру – міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу балабақшалардың алға қойған негізгі мақсаттарының бірі. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуі мен жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады.[2, 56.].

Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуге тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т.б. көптеген ерекшеліктері болады.

Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады.) Түрлі психологиялық сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегіндей қуаныш пен реніш сезімінде болады.

Балаға таңдалған білім баланың ақылына лайықтап, талабын шабыттандыратындай, ойын оятарлық іскерлігін дамытарлықтай, бастаған істің нәтижесіне жетуге тырысарлықтай нәрлі болуы керек.

Халық өзінің қоршаған дүниенің қыры мен сыры егжей-тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы жастайынан сіңіре білуді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес. Мектепалды даярлық тобында балаларға ойын арқылы сабақтың сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар.

Ойын – баланың мектепке барғанға дейінгі ең басты жұмысы. Түрлі ойын баланың рухани және дене күші жағынан, танымдық үрдістері, эстетикалық талғамы жағынан жетілдіреді, тәртіптілікке шақырады, айналасын тануға көмектеседі. Бала ойында күштілік, шапшаңдық, төзімділік, айлакерлік сияқты дене қасиеттеріне дағдыланады, денсаулығы нығаяды.[3, 46.].

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл- әрекеті-ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

Ойын үстінде ақыл-ой міндеттерін шеше отырып, бала өз еркімен есте сақтауға және қайталап айтып шығуға, жалпы белгілері бойынша заттарды немесе құбылыстарды жіктеуге,

заттардың қасиеттері мен сапаларын бөліп көрсетуге, жекелеген белгілеріне қарай оларды анықтауға жаттығады, ойлау қызметінде арттырады.

Баланың ақыл ойын дамытудағы дидактикалық ойынның орталығы ойыншықтар мен ойындар болып табылады. Осы мақсатпен ойыншықтар, суреттер, түрлі заттар таңдап алынады. Осы заттардың барлығы түрлі түсті және сапасы түрлі материалдардан жасалған, бала қолының шамасы келетіндей болуы тиіс.

Ойынның дамуын көп жағынан, балалардың ақыл-ой белсенділігінің қарқыны, олардың ойын әрекеттерін азды көпті ойдағыдай орындауы, ережелерді игеру дәрежесі, олардың эмоциялық әсерленуі, ойынға еліктеу дәрежесі шешеді. «Балаға ең керегі ойын. Ең мағыналы мектебі, бар қызығы мол ойын.

Ойында бала көргенін, білгенін екшелейді, үйренгенін нығайтып бекітеді. Тек ойын кезінде ғана бала еркін сөйлейді. Не айту керек дегенге мән беріп жатпайды, өзінің көкейіндегісін ғана айтады. Бала ойында сызбалар мен арнайы үлгілер болмайды. Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білутәсілі.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез - құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Қазір бізге жеткен ойындарымыз: тоғызқұмалық, қуыршақ, асық ойындары.

Балалар ойынында кейде өлең-тақпақтар жиі кездеседі. Ол өлең-тақпақтардың негізгі мақсаты тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп, ойын ұштау, өз бетімен іскерлікке, қысылған жерде дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Бұған қоса кез-келген ойынның аяғында жеңу бар да, жеңілу бар. Жеңгендер әрі қарай өз биігінде қалуға тырысса, жеңілгендер айып тартады. Ол көбінесе тақпақ айту, ән салу, би билеу түрінде болады. Бұдан қай ойынның да түпкі нысанасы - балалардың бойында өнердің, білімнің, тәрбиенің нұрын себу, өлең, тақпақ айтуға төселдіру екенін аңғару қиын емес.

Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан- ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. [4,5,6,7, ,57 б,60 б,1 б,б.].

Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас өндіріс бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін! Ойнау арқылы балалар айналасындағыларды, қоршаған ортаны танып-біліп, есте сақтау қабілетін арттырады, ойындағысын толық жеткізуді үйренеді.

Сондай-ақ ойын олардың қиялына қанат бітіріп, алға жетелейді. Демек, ойын – жай ғана ермек не уақыт өткізу амалы емес, балалардың дұрыс өсіп-дамуында ерекше рөл атқаратын тәрбие құралы.

Бала тәрбиесі қиын да , жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның , заманның бағыт-бағдармен, тыныс- тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез келген бүлдіршін үшін бала тәрбиесі ата-анасына берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғап жандыратыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика (педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық). – Нұр-Сұлтан, 2014, - 358 б.
2. Аралбаева Р. К. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы, 2012ж.
3. Мухина В.С. Балалар психологиясы психология . – Алматы: Мектеп, 1986-230
4. Ф.Фребель. Избранные педагогические труды-М: Педагогика, 2014.
5. Ушинский К.Д. Таңдамалы шығармалары – Алматы: Жазушы, 2014

6. Занков Л.В. Игровые ситуации как средство повышения эффективности обучения дошкольников по математике. М.-1993-220
7. Елубаева С. Дидактикалық ойын-оқыту әдістелерінің бірі /Отбасы және балабақша, 2014 - № 2. 7-13.

ӘОЖ 397.1

SMART ОЙЫНШЫҚТАРЫНЫҢ БАЛАБАҚШАДАҒЫ ОРНЫ

Оспанбаева Айман Рахметиллаевна

Ospanbayeva@bk.ru

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің» аға оқытушысы

Ералиева Г.А.

№2 «Айсұлу» бөбекжай бақшасы

Тараз, Қазақстан

Аннотация: В этой статье рассмотрено усвоение наших национальных ценностей - задача каждого родителя, детского сада.

Annotation: This article examines the assimilation of our national values - the task of every parent, kindergarten.

Key words: National games, folk games, preschoolers

Ключевые слова: Национальные игры, народные игры, дошкольники

SMART ойыншықтардың шығу тарихы

SMART ойыншықтар – бұл балалардың білімін, шығармашылық қабілеттерін және когнитивтік дағдыларын дамытуға бағытталған интерактивті, технологиялық тұрғыдан жетілдірілген ойыншықтар. Олар тек ойын-сауық үшін ғана емес, сонымен қатар оқыту мен дамытудың маңызды құралы болып табылады. Бұл ойыншықтар көбінесе STEM (ғылым, технология, инженерия, математика) бағытында немесе басқа білім беру салаларында қолданылады.

SMART ойыншықтардың шығу тарихы заманауи технологиялардың дамуына және оларды білім беру мен ойын саласына қолдануға байланысты. SMART ойыншықтардың идеясы 20-шы ғасырдың соңында, ақпараттық технологиялар мен цифрлық құрылғылардың дамуына қарай қалыптаса бастады. Алайда, олардың нақты түрде кеңінен танымал болуы 2000-шы жылдардан басталады.

Балабақшадағы смарт ойыншықтарының тарихы соңғы бірнеше онжылдықта ақпараттық технологиялардың дамуы және балаларды тәрбиелеу мен оқыту әдістерінің эволюциясымен тығыз байланысты.

Смарт ойыншықтар – бұл интерактивті, технологиялық тұрғыдан дамыған ойыншықтар, олар балаларға ойын арқылы білімді, шығармашылықты және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі.[1,2, 46.106].

Смарт ойыншықтары, яғни "ақылды" ойыншықтар, технология мен ойыншықтарды біріктіретін өнімдер болып табылады. Олардың тарихы 20-шы ғасырдың ортасына, яғни компьютерлік технологиялардың даму кезеңіне дейін жетеді, бірақ соңғы жылдары бұл салада ерекше өзгерістер орын алды.

Ерте тарихы

- **1960-1970 жылдары:** Ойыншықтарда алғашқы электроника элементтері пайда болады. Мысалы, автоматтандырылған қуыршақтар мен машиналар.

- **1980 жылдары:** Видео платформалардың танымал болуымен ойыншықтар мен ойындардың арасындағы байланыс күшейеді. Nintendo және Atari сияқты компаниялар ойын консольдарының үлгілерін шығара бастады.

1990-2000 жылдары

- **Технологиялық даму:** Дисплейлер, дыбыс және интернет-технологиялардың енгізілуі ойыншықтардың функционалдық мүмкіндіктерін арттырды.

- Бірінші смарт ойыншықтар: Tamagotchi секілді цифрлы питомецтер балаға жауапкершілікті үйрету мақсатында пайда болды.

2010-жылдардан бастап

- **Интернет заттары (IoT):** Смарт ойыншықтар интернетпен қосылып, пайдаланушының тәжірибесін жақсартатын функцияларға ие болды. Мысалы, Wi-Fi немесе Bluetooth арқылы байланыс орната алады.

- **Кең көлемдегі ойыншықтар:** Сипаттамалары айқын делік, мысалы, LEGO Mindstorms — бағдарламалау және робототехника элементтерін біріктірген ойыншық.

- **Ойыншықтар мен мобильді қосымшалар:** Смарт ойыншықтар жиі мобильді қосымшалармен бірге қолданылады, бұл балаларға ойын тәжірибесін дәріптеуге мүмкіндік береді. Балабақшадағы смарт ойыншықтарының тарихы соңғы бірнеше онжылдықта ақпараттық технологиялардың дамуы және балаларды тәрбиелеу мен оқыту әдістерінің эволюциясымен тығыз байланысты. Смарт ойыншықтар – бұл интерактивті, технологиялық тұрғыдан дамыған ойыншықтар, олар балаларға ойын арқылы білімді, шығармашылықты және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі. Смарт ойыншықтары, яғни "ақылды" ойыншықтар, технология мен ойыншықтарды біріктіретін өнімдер болып табылады. Олардың тарихы 20-шы ғасырдың ортасына, яғни компьютерлік технологиялардың даму кезеңіне дейін жетеді, бірақ соңғы жылдары бұл салада ерекше өзгерістер орын алды.

Смарт ойыншықтары — бұл балалардың ойын барысында дамуына ықпал ететін заманауи технологиялармен жабдықталған ойыншықтар.

Олар әдетте сенсорлар, микропроцессорлар, Wi-Fi немесе Bluetooth сияқты мүмкіндіктерге ие, сондықтан бала мен ойыншық арасында интерактивті өзара әрекеттестік орнайды.

Смарт ойыншықтары дыбыстық командаларды қабылдай алады, жауап қайтарады, білім беру бағдарламаларын орындайды немесе ойын арқылы оқыту процесстерін жеңілдетеді.[3,4, 4б.10б].

- **Интерактивті қуыршақтар немесе роботтар** — балалармен сөйлеседі, сұрақтарға жауап береді немесе әрекеттерді үйретеді.
- **VR/AR негізіндегі ойыншықтар** — виртуалды шындықты қолдана отырып, ойын мен оқуды біріктіреді.
- **Конструкторлар немесе роботтар жинағы** — балаларды инженерлік және бағдарламалау дағдыларына баулиды.

Смарт ойыншықтары баланың когнитивті, физикалық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі, оларды зерттеу мен танымдық қабілеттерін арттыру үшін қолданылады.

Смарт ойыншықтар – бұл технологиялық элементтерді қамтитын ойыншықтар, балалардың когнитивті, моторлық және әлеуметтік дағдыларын дамытуды көздейтін құралдар. Олар балабақшада балалардың дамуында бірнеше артықшылықтар ұсынады:

1. Оқыту мен ойынды үйлестіру:

Смарт ойыншықтар ойын арқылы білім беруді қызықты әрі тиімді етеді. Мысалы, балаларға әріптерді, сандарды немесе пішіндерді үйрететін интерактивті ойыншықтар арқылы олардың оқу қабілеті артады.

2. Креативті ойлауды дамыту:

Балаларға проблемаларды шешуге, шығармашылық ойлауға мүмкіндік беретін ойыншықтар олардың логикалық және креативті қабілеттерін дамытады. Кейбір смарт ойыншықтар балаларға әртүрлі сценарийлер ойлап табуға, құрылыс жасауға және өз идеяларын іске асыруға көмектеседі.

3. Қозғалыс дағдыларын жетілдіру:

Смарт ойыншықтар балалардың ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған. Мысалы, құрылыс блоктары, робототехника элементтері, не болмаса виртуалды кеңістікте түрлі тапсырмаларды орындауға арналған ойындар олардың қолмен жұмыс істеу дағдыларын жақсартады.

4. Әлеуметтік дағдыларды дамыту:

Кейбір смарт ойыншықтар көпбалалы ойынға немесе топтық жұмысқа бағытталған. Балалар бірлесіп жұмыс істеу, келісу және басқалармен байланыс орнатуды үйренеді.

5. Қауіпсіздік пен бақылау:

Көптеген смарт ойыншықтар ата-аналар мен тәрбиешілерге балалардың дамуын бақылауға және оқу үдерісіне араласуға мүмкіндік береді.

Ойыншықтарда қолданылатын қосымшалар арқылы ата-аналар баланың қандай жетістіктерге жеткенін көре алады.

6. Тіл үйренуді қолдау:

Смарт ойыншықтар әртүрлі тілдерде жұмыс істей алады, бұл балаларға жаңа тілдерді меңгеруді оңайлатады.

Балабақшада шет тілін үйрену процесін жеңілдететін ойыншықтар қолданыста болуы мүмкін.

Смарт ойыншықтарды қолданғанда, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуын және технологияның мөлшерін дұрыс үйлестіруді қамтамасыз ету маңызды.

SMART ойыншықтардың даму тарихы технологияның білім беруге деген әсерімен тығыз байланысты. Олар балалардың оқуға, зерттеуге және шығармашылыққа деген ынтасын арттыратын құралдарға айналды.

Smart оқыту — оқытудың жаңа түрі, қарқынды дамып келе жатқан бірегей үдеріс. Бұл әлеуметтік желілер арқылы білім алу, алмасу, жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту қызметі, балаға бағытталған, бағдарланған, орталықтандырылған оқыту ортасы, ең соңында Smart құрылғыларды пайдалана отырып оқыту деген тұжырымдарды қамтиды.

Smart оқытудың негізгі тұжырымдамасы өздігінен оқуға бағдарланған, ынталандыратын, тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес бейімделген, еркін оқу көзін ұсынатын, технологиялар кешенінде қол жеткізуге мүмкіндік беруді қарастырады. Smart оқыту тек қана технологиялық құрылғымен қолдау көрсетілген оқыту түрі емес, ол — білім берудің, біліктілік арттырудың жаңа басымдығы, жаңа ғасырдың жаңалығы.

Smart, технология ретінде танылып дамыды.

Біз ең бірінші, мобильді құрылғы мен Smart технологияның ара жігін ашып алайық.

Mobile –ағылшын сөзі, қозғалмалы, икемді деген мағынан береді.

Мәселен, бұл сөз автомобиль, аэромобиль, мобильді телефон деген сөздерде жиі кездеседі.

Сонымен мобиль – адам әрекетін жеделдететін, қандай да бір затқа шапшаң қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрылғы.

Қазір біз өмірімізді осы мобильдік құрылғыларсыз мүлдем елестете алмаймыз. Ақпараттың мобильдік құрылғылар арқылы дамуы ақпараттық ортаның қарқынды дамуына, сол арқылы мобильдік құрылғыны пайдаланушылар санының бірнеше есе артуына алып келді.

Соған байланысты интернет дамыды, сымсыз интернет пайда болды, әрине, осыған орай мобильдік құрылғының қосымшаларын үлкен қарқынмен дамытып отырған әлемдік нарық қалыптасты.

Материалды SMART Boards бағдарламасының көмегімен жаңа түрде беру кез келген жастағы пайдаланушыларға арналған қазір және осы жерде көрсетуден тұрады және білім берудің үздіксіз тиімді үдерісінің сүйемелдеуге мүмкіндік береді.

Жаңа технологиялардың пайда болу үдерісі соңғы онжылдықта едәуір артып отыр. Педагогикалық іс-тәжірибеде Macro Media Flash немесе Power Point бағдарламалық пакеттерін қолдану қалыпты жағдайға айналып отыр. Дағдылы және дәстүрге айналған бағдарламалармен қатар қазіргі кезде интерактивтік тақта кеңінен қолданылады, бұл сабақты түрлендіруге, оларды ашық және қызықты етіп өткізуге көмектеседі.

Материалды SMART Boards бағдарламасының көмегімен жаңа түрде беру кез келген жастағы пайдаланушыларға арналған қазір және осы жерде көрсетуден тұрады және білім берудің үздіксіз тиімді үдерісінің сүйемелдеуге мүмкіндік береді.

Мультимедиялық технологияларды (графика, түс, дыбыс, бейне материалдар) пайдалана отырып интерактивтік тақтаны қолдану, сабақтарда түрлі жағдаяттарды модельдеуге мүмкіндік береді.

Мультимедиялық бағдарламаға енгізілген ойындық компоненттер балалардың танымдық іс-қимылдарын белсендіреді және материалды меңгерудің тиімділігін күшейтеді.

SMART Boards интерактивтік тақталарында арнайы электрондық маркермен, бутафорлық маркермен немесе тіпті балалардың саусағымен де жазуға (тақтаның түріне қарай), оқу материалын көрсетуге, экрандағы бейнеге жазбалар жазып, суреттер салуға болады.

Смарт ойыншықтары — бұл заманауи балалардың ойын және білім беру қажеттіліктеріне жауап беретін маңызды құрал. Дегенмен, ата-аналар мен тәрбиешілер баланың ойын уақытына шектеулер қоюы, дәстүрлі ойыншықтармен араласуын қамтамасыз етуі, және технологияның әсерін бақылауы маңызды.

Смарт ойыншықтарды дұрыс пайдалану балалардың дамуында үлкен рөл атқара алады

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика (педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық). – Нұр-Сұлтан, 2014, - 358 б.
2. Аралбаева Р. К. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы, 2012ж.
3. Мухина В.С. Балалар психологиясы психология . – Алматы: Мектеп, 1986-230
4. Ф.Фребель. Избранные педагогические труды-М: Педагогика, 2014.

ӘОЖ 389.1

БАЛА СӨЙЛЕУІНІҢ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Оспанбаева А.Р. магистр

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің» аға оқытушысы

Ospanbayeva@bk.ru

Набикулова Ф

Тараз қ. №2 «Айсұлу» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Аннотация: В статье представлены различные подходы к подготовке педагогов общеобразовательных школ к инклюзивному образованию. Раскрывается понятие «психологическая готовность педагогов к работе в условиях инклюзивного образования» как целенаправленный, творческий и непрерывный процесс развития профессиональной компетентности и показаны возможные результаты психологической подготовки специалистов.

Ключевые слова: Ключевые слова: инклюзивное образование, психологическая готовность педагогов, профессиональная

компетентность педагога, компоненты психологической готовности педагога.

Annotation: The article presents various approaches to the preparation of teachers of secondary schools for inclusive education. The concept of "psychological readiness of teachers to work in inclusive education" as a purposeful, creative and continuous process of professional competence development is revealed and possible results of psychological training of specialists are shown.

Key words: Keywords: inclusive education, psychological readiness of teachers, professional

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін алу жағдайында қоғамды жаңарту демократиялау процесі болды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл деген статуска ие болу ол рухани мәдени- тарихтың өткен мұрагерін жаңғырту ең маңызды мәселердің бірі.

Адамды адам қылған, ары қарай дамытып әрқашан жетілу үстінде құбылыс ретінде ең алдымен тілді атауға болады. Тіл- адам ойын жетілдіру үшін, әлемді қоғамды танытушы.

Тіл арқылы әр адам өз ойын, өз пікірін жеткізе алады, қоршаған ортамен қарым- қатынысқа түседі. Тілді тиімді әрі дұрыс пайдалану адамның сөздік қорының және оны орынды қолдануына байланысты. Қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің негізгі бағыты оқушының сөздік қорларын дамыту, жетілдіру, қалыптастыру болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы сөйлеуі жетілмеуінің күрделі формаларын тоқтату үшін сөйлеу дамуының алғашқы диагностикасының және медициналық педагогикалық көмегінің ерекше мәні бар. Қауіп тобына 2 жасқа дейінгі балалар жатады, олар логопедиялық, медициналық жәрдемді қажет етеді. Ондай балаларды уақытымен айқындап, қажетті әрекеттің жасалуы баланың ой, сөйлеу қаблетінің дамуын тездетеді жалпы сөйлеуі жетілмеуінің күрделі формалары орталық жүйке жүйесінің зақымдалуынан пайда болғаннан кейін тек күрделі формаларды ғана емес сонымен қатар жай формаларында зерттеу қажет.[1, 576.].

Бала сөйлеуінің зерттеуінен айқындалатын баланың ана тілін меңгеру жолдарын салыстыра келе олардың белгілі бір ұқсастығын байқамау тиісті емес: бала сөйлеуінің қандайда бір жетілмеуі болса да, бала Н.Н. Гвоздевтің «Вопросы изучения детской речи» кітабында зерттелген негізгі үш периодтан асып бара алмайды. Мысалы логопедияда «сөйлеудің жалпы қолданылатын әсердің жоқтығы» деп сипатталатын сөйлеу дамуының бірінші деңгейі Гвоздевтің «бір сөздік жаттығу, екі сөз түбірден ұсынлған» деп аталатын бірінші периодымен салыстыруға болады.

Белгілі бір уақытқа дейін бала сөйлеуі көптеген түсініспеушіліктермен белгіленіп, морфологиялық элементтерді пайдаланумен сипатталады. Бірте- бірте араласқан сөз элементтері жақ, шақ, басқада грамматикалық категорияларына бөлініп, сирек кездесетін формалары жиі қолданылады. Морфологиялық элементтерді қолдану бірте-бірте сиреп сөздердің қолдануы тұрақты болып, лексикализация пайда болады.

Мектеп жасына дейінгі баланың тамаша сезімінің дамуын тек қана дыбыс үндестігін дұрыс айтуды пайдалана білуімен шектестіріп қоймай, ол өзінің тілін, оның әрі бейнелі түрде мәнерлеп оқуға немесе мәнерлеп сөйлеуге үйретіп, тырысуында.

Сөйлеу тілі – ауызша тілдің ең қарапайым түрі. Ол жағдайлық, эмоциялық сипатқа ие әрі қарапайым болып келеді, өйткені арнайы дайындықты қажет етпейді. Байланыстыра сөйлеуге үйрету эстетикалық тәрбиеге де әсер етеді: әдеби шығармаларды қайта әңгімелеп айту, балалардың дербес шығармалары тілдің бейнелігі мен мәнерлілігін дамытады, балалардың көркем-сөйлеу тәжірибесін байытады. Өз тілінің даму барысында балалардың тілі олардың әрекет және қарым-қатынас сипатымен байланысты. Мектепке дейінгі жастың соңына қарай тәрбиенің белгілі бір жағдайында бала тілді пайдаланып қана қоймай, сонымен қатар оның құрылысын түсіне бастайды, мұның өзі кейіннен сауат ашуды меңгеруде ерекше маңызға ие.

Соңғы жылдары көптеген мемлекеттерде ерте жастағы балалардың толыққанды дамуын, жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету медицина, білім беру және әлеуметтік қорғау салаларының басты назардағы мәселесі болып отыр. Себебі дәл осы ерте жастағы кезеңде баланың физиологиялық, психологиялық тұрғыдан және тұлға ретінде қалыптасуының алғы шарттары қаланады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте жастағы көмек көрсетудің маңызын келесі факторлармен түсіндіруге болады: баланың дамуы белсенді динамикалық үдеріс, яғни дамуында кездесетін ауытқулар мен тежелістер арнайы жағдай жасау арқылы баланың орын толтыру мүмкіндігін жүзеге асырады; баланың орталық жүйке жүйесі өте бейімделгіш болғандықтан, олар жаңа ақпарат пен дағдыларды бойларына жылдам сіңіреді; өмірінің алғашқы жылдары бала ағзасының психикалық және моторлық қызметтері қарқынды дамиды. Осы факторлардың барлығы ерте жастағы кезеңнің дамыту мен түзетудегі маңызы зор екендігін дәлелдейді.

Арнайы әдебиеттер мәліметтерін қарастырып талдайтын болсақ, сөйлеу тілінің дамуы тежелген ерте жастағы балалардың саны артып келе жатқандығын көреміз. Әсіресе тұрақты түрде мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленетін балдырғандар арасында сөйлеу тілінің дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптаспағандығы анық байқалады. Осы балалардың сөйлеу

тілін бағытты түрде түзету, олардың жалпы дамуының да бірде бір шарты болып табылады және екіншілік кемістіктердің пайда болуының алдын алады. Сөйлеу тілі тежелген ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуға едәуір үлес қосатын бағдарлама дайындау бүгінгі таңда көкейкесті мәселелердің бірі деп санаймыз.

Қазіргі уақытта статистикалық көрсеткіштерге жүгінсек, жылдан жылға сөйлеу тіл кемістігі бар балалар саны және логопедиялық көмекті қажет ететін балалардың пайызы өсуде. Кез келген жаста сөйлеу тілінің бұзылуы танымдық іс-әрекеттің және адамның әлеуметтік бейімделу мүмкіншелігін шектейді. Бұл баланың жалпы жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді. Оның зияткерлік дамуы және мінез құлқының сипаттамасы жас шамасына жиі сай келмейді, ұжымдағы құрбы құрдастарымен қарым қатынасы қиындайды. Екі категориядағы балалардың сөйлем түрлерін, сөйлемдегі сөз байланысу әдістерін, сөздің буын құрылысын меңгеру кезегі жалпы заңдылықтармен өтіп, нормадағы сонымен қатар бұзылу жайында бала сөйлеуінің процесін жүйелік процесс ретінде қалыптасуын сипаттайды.

Фонетиканы меңгеру процесін екі категориядағы балаларда салыстыратын болса, артикуляциялық аппарат жұмысының күрделі барысында дыбыстардың меңгерілуі айқын көрсетіледі. Фонетиканы меңгеру ана тілінің лексикалық-граматикалық құрылысының жалпы қалыптасуымен байланысты.[3, 50б.].

Сөйлеуі жетілмеген балалардың алғашқы айтылған сөздері нормадан қатты айрылмайды. Бірақ балалардың жеке сөздерді қолданып сөйлеу кезеңдері өзекті болып табылады. Баланың 2-3,4-6 жасында да толық сөйлемді жеткізе алмайтын кезеңдері болады. Бала сөздерді толық айтып немесе сөздердің бір бөлігі айтылмасада «сөйлей алмайтын» балаларды біреудің айтылған сөзінің түсіну деңгейімен ажырату қажет. Кейбір балалардың сөйлеген сөзді түсіну деңгейінің «Яғни импрессивті сөйлеу) сөз қоры өте үлкен және сөздің мәнін түсіну қаблеті жоғары болып келеді. Мұндай баланың ата-анасы, ол сөйлемді, бірақ сөзбен жеткізе алмайды дейді. Бірақ логопедиялық зерттеу барысында импрессивті сөйлеудің кемшіліктері айқындалады. Басқа балалар өздеріне қатысты материалдармен жұмыс істей алмайды.

Сөйлеу тілі – психиканың қызметіне кіріп, адамзатты жануарлар қатарынан ажырататын ерекшеліктердің бірі. Сөйлеу тілі баланың барлық қабілетінің: қарым-қатынасқа түсу, тану, білу, меңгеру, танымдық-зерделеу және ойын әрекетінің дамуының негізі болып табылады. Бұл байланысты орнатуда баланың сөйлеу тілінің дамуының өзекті мәселесін шешуде мектепке дейінгі ұйым педагогының әрекеті маңызды.

Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытудың негізгі міндеті – әр жас кезеңіне сәйкес қалыпты жағдайдағы сөйлеу тілінің дамуы мен ерекшелігін және коммуникативті қабілетін білу керек. Ерте жас кезеңі – баланың барлық психикалық процестерінің дамуының маңызды кезеңі болып табылады, әсіресе сөйлеу қабілеті дамуында. Баланың сөйлеу тілін дамыту ересектермен тығыз байланыс орнатудың нәтижесінде жүзеге асады. Айта кететін жағдай баланың сөйлеу тілі туа салысымен орындалатын құбылыс емес. Ол баланың физикалық-дене және ақыл-ой дамуы процесімен бірге дамиды және жалпы дамудың көрсеткіші болады.

Баламен үнемі сөйлесу керек. Сөйлесудің, сөйлеу арқылы қатынасқа түсудің болмауы баланы шаршатып, мазасыз күйге әкеледі. Бала ашуланшақ болып, өзінің көңіл-күйін айқайлау, жылау арқылы білдіреді.

Дизонтогенездің айқын ерекшелігі сөйлеудің тұрақты және ұзақ жаңадан сөздерге ұқсастығы болып табылады. Бұл жағдайда бала тек алғашқы меңгерген сөздерді пайдаланып, өзінің сөз қорындағы жиі кездеспейтін сөздерді мүлдем пайдаланбайды. Сөйлемейтін балалармен логопедиялық зерттеу жұмыстарының барысында баланың үлкен кісіге қарап, сөйлеуі жетіліп оның артынша сөз қайталау қажеттілігінің жауапты кезеңі болып табылғаны анықталады. Бұл қажеттіліктің пайда болуы баланың «Сөйлемейтін» категориясынан нашар сөйлейтін категорияға ауыстыруын көрсетеді.

Баланың аномальды сөйлеуінің алғашқы сөздерін төмендегіден жіктеуге болады:
а. дұрыс айтылған сөздер:мама, папа, бер, жоқ, т.б.
б.фрагмент сөздері, яғни белгілі бір бөлігі ғана сақталып айтылатын сөздер.Мысалы:
«мако» (монолог), «дек» (девочка), «яби» (яблоко), «сима» (машина) және т.б. в.дыбыс елестету сөздері бұл сөздермен бала затты оның іс-әрекетін білдіріп сөйлемді мысалы: «би-би» (машина), «мяу-мяу» (мысық), «му» (сиыр), «бух» (құлады) және т.б. г.контурлы сөздер «абристер» бұл сөздердегі буын элементтері буын саны пайда болады д.ана тіліндегі сөздерге немесе олардың элементтеріне мүлдем ұқсамайтын сөздер

Сөйлеу жетілмеуінің диагностикалық көрсеткіші болып күрделі сөздердің буын құрылысы, дыбыс буындарының орнын ауыстырып, алмастыру,сөздегі дауыссыздардың кездесу кезіндегі қысқарылуы кезінде көптеген қателер табылады.

Лексикалық қателердің кең таралған түрі сөйлеу контактісінде сөздердің дұрыс қолданбауы, затың көп бөліктерін атын білмей бала заттың атымен атап,сонымен қатар сол затқа мазмұны жақын түрі ұқсайтын заттың атауымен атайды.

Логопедиялық сабақтардың барысында баланың өз бетімен әңгіме құру үшін жағдай жасау қажет.Сонда баланың қоршауында жақсы эмоционалды ортаны жасау керек. Басқаша айтқанда баланың сөйлеуі негізінде тікелей сөйлеу мотиві болу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Л.П. Федеренко, Г.А.Фомичева, В.К. Лотарев, Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. А., «Мектеп», 1981, 244
2. Мұқанов М. Ақыл -ой өрісі. Алматы, «Қазақстан» баспасы. 1980 жыл
3. Баймұратова Б «Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету» Алматы, «Мектеп» 1981 ж

ӘОЖ389.1

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Оспанбаева Айман Рахметиллаевна

Ospanbayeva@bk.ru

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің» аға оқытушысы

Тойымбетова Ж.Т.

№2 «Айсұлу» бөбекжай бақшасы

Тараз,Қазақстан

Аннотация: В этой статье рассмотрено перспективы в детском саду формирование его принципиальности в развитии ребенка

Annotation: This article discusses the prospects in kindergarten for the formation of its principles in the development of the child.

Key words: Sports games, folk games, preschool games

Ключевые слова: Раздвижные игры заңдар, дошкольники

Біз Қазақстан Республикасының болашақ ұрпағын, жеке тұлға ретінде қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, ұрпақ тәрбиелеп шығаруға міндеттіміз. Егеменді еліміздің ертеңгі үміті, болашағы, өскелең жас ұрпақ.

Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Бала тәрбиесінде білімді, денсаулығы мықты, жан- жақты дамыған, жас ұрпақты тәрбиелеп шығуда, отбасынан кейінгі, бала өміріндегі бірінші баспалдақ мектепке дейінгі білім беру ұйымдары болып табылады. Баланы заман талабына сай, жеке тұлға ретінде қалыптастыру, ұжымда бірлесе жұмыс істей алатын, құрдастарымен қарым- қатынас орнатуға қабілетті, жауапкершілікті сезіне білетін және өзіне сенімді тұлға тәрбиелеу үшін не істеу керек деген қатты мазалайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бабында: «Жеке адамның шығармашылық, рухани дене мүмкіндіктерін дамыту адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасауы арқылы интеллектілігін байыту- қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі», - делінген.

Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі жағдайы.[1,2. 4-8б.].

Мектепке дейінгі білім беру жүйесі – баланың алғашқы әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыратын және оның тұлғалық дамуына үлкен әсер ететін маңызды кезең. Соңғы жылдары көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстанда да, мектепке дейінгі білім беру саласына ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл саладағы өзгерістер мен реформалар балалардың сапалы білім алуына және олардың әлеуетін дамытуға бағытталған. Соңғы жылдары білім беруді жаңаландырудың негізгі тенденциялары оқытудың гуманизация, гуманитаризация, демократизация, децентрализация, дифференциация, индивидуализациясымен сипатталады.

Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің перспективалары мемлекеттегі білім беру реформаларының ажырамас бөлігі ретінде ерекше маңызға ие.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру және қолжетімділігін кеңейту маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Болашақта бұл саладағы басты перспективалар төмендегідей бағыттарды қамтиды:

Мектепке дейінгі білім беру – баланың тұлғалық, әлеуметтік, эмоционалдық және интеллектуалдық дамуының негізін қалайды.

Бұл кезеңдегі білім беру жүйесі баланың оқу қабілетін, қызығушылығын дамытып, өмірге бейімделуіне ықпал етеді.

Қазіргі қоғамда мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру және оның қолжетімділігін кеңейту өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі жағдайы. Бүгінгі таңда Қазақстанда мектепке дейінгі білім беру жүйесі қарқынды дамуда.

Мемлекет балабақшалар санын арттырып, олардың материалдық-техникалық базасын жақсартуға көңіл бөлуде. Соңғы жылдары мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің санын көбейту, педагогтардың біліктілігін арттыру, заманауи әдістемелерді енгізу бағытында бірқатар реформалар жүргізілді.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуы – олардың өмірінің ең қарқынды кезеңі. Бұл уақытта балалардың миы тез дамып, сөйлеу, ойлау, әлеуметтік дағдылары қалыптасады. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, мектепке дейінгі білім балалардың болашақта оқуға бейімделуіне, әлеуметтік ортада өзін-өзі табуына және жалпы өмірде табысты болуына оң әсер етеді.

Қазіргі кездегі проблемалар. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру саласында бірнеше маңызды мәселелер туындауда, олар балалардың толыққанды дамуына кедергі келтіріп, сапалы білім алуға ықпал ететін факторлар ретінде қарастырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру кезеңі баланың интеллектуалдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы үшін өте маңызды болғандықтан, бұл проблемаларды шешу қоғам мен мемлекет үшін басымдыққа айналуы тиіс.

- Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жеткіліксіздігі. Қазақстанда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына деген сұраныс жоғары. Алайда көптеген аймақтарда балабақша орындарының жетіспеушілігі байқалады. Бұл үлкен қалаларда да, әсіресе ауылдық жерлерде өткір проблема болып отыр.
- Қала және ауыл арасындағы теңсіздік балабақшалар санының аздығы мен сапасына да әсер етеді, нәтижесінде көптеген балалар мектепке дейінгі қажетті білім мен тәрбиені толық ала алмайды.

Мамандар тапшылығы және олардың кәсіби деңгейі

- Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде білікті мамандардың жетіспеушілігі бар. Көптеген тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін арттыру қажеттілігі бар, себебі қазіргі заманауи талаптарға сай әдістемелер мен бағдарламаларды меңгеру талап етіледі. Сонымен қатар,

мамандардың еңбекақысы төмен болғандықтан, бұл салаға жаңа, жас мамандарды тарту қиынға соғуда.

Оқыту бағдарламаларының ескілігі

- Кейбір мектепке дейінгі мекемелерде қолданылып жүрген оқыту бағдарламалары ескірген және бүгінгі күннің талабына сай келмейді. Балаға заманауи талаптарға сай білім беру үшін жаңа инновациялық әдістемелерді енгізу қажет.

- Балалардың дамуына әсер ететін ақпараттық технологиялар мен ойын элементтерін тиімді пайдалану әлі де кеңінен қолданылмай келеді.

Әлеуметтік теңсіздік және инклюзия мәселесі

- Әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалардың мектепке дейінгі білім алу мүмкіндіктері шектеулі болуы мүмкін. Бұл жағдайда тегін балабақшалар немесе жеңілдіктер жүйесін кеңейту қажет. Сонымен қатар, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті білім берудің дамуы жеткілікті деңгейде емес. Көптеген мектепке дейінгі мекемелер арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдау және олармен жұмыс істеуге дайын емес.

Ата-аналармен жұмыс және олардың белсенділігі

- Баланың дамуы тек мектепке дейінгі мекемелерге ғана емес, сондай-ақ ата-аналармен тығыз қарым-қатынасқа да байланысты.

- Ата-аналардың педагогикалық білімінің жетіспеушілігі, олардың мектепке дейінгі білімге жеткіліксіз назар аударуы балаға кері әсерін тигізуі мүмкін. Осы орайда, ата-аналарға арналған тренингтер, семинарлар және ақпараттық жұмыстар жүргізу қажет.

Қазақстандағы мектепке дейінгі білім берудің болашағы зор.

Үкіметтің қолдауымен және саладағы жаңартулармен мектепке дейінгі білім жүйесі дамып, балалардың жан-жақты және үйлесімді дамуына ықпал ететін ортаны құруға бағытталған.

Алдағы жылдары бұл жүйе одан әрі жетіліп, елдің білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеретініне сенім мол.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Әділетті мемлекет. біртұтас ұлт. берекелі қоғам». – 2022, наурыз 16.

2 "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы, №726 қаулысы.

3 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137_14.08.22.

4 Құнанбаев А. Шығармаларының 2 томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 254 б.

5 Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991. – 210 б. 6

ӘОЖ 394.1

БАЛА СӨЙЛЕУІНІҢ ДАМУ ЗАНДЫЛЫҚТАРЫ

Оспанбаева А.Р. магистр

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің» аға оқытушысы

Ospanbayeva@bk.ru

Толбаева А.

Тараз қ. №2 «Айсұлу» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Аннотация: В статье представлены различные подходы теоретико-методическое обоснование и методика воспитания у дошкольников патриотизма посредством сказки.

Annotation: The article presents various approaches to theoretical and methodological substantiation and methods of teaching patriotism in preschoolers through fairy tales.

Ключевые слова: Сказки, народные , психологическая готовность педагогов, профессиональная.

Key words: Fairy tales, folk, psychological readiness of teachers, professional.

«Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек.

Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істейбілуге басты назар аударылуда». Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру, балалардың танымдық қабілетін дамыту, саналы деңгейге көтеру – бүгінгі күнгі күрделі мәселе. Білімді жеке тұлғаға бағыттау, баланың өзін-өзі тануы, өзін-өзі тәрбиелеуі, ақыл-ойын дамытуы, яғни, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу педагогтардың алдына тың міндеттерді жүктеп, жаңашыл іс-әрекетке жетелейді.

Бәсекеге қабілетті технологиялар инновациялық экономиканың өзегі ретінде өздігінен пайда бола қоймайды. Бұл ұзақ үдеріс, ғылыми зерттеулердің, күрделі де шығынды эксперименттердің және ақыр аяғында, ғалымдардың идеялық нұрлануының қиындықпен келетін жемісі...» деген пікірлерін басшылыққа ала отырып, білім беру технологияларын білім беру ұйымдарына мақсатты түрде енгізуге міндеттіміз.

Ортаңғы және ересек топқа арналған таңдау курс бағдарламасы «Ертегілер елінде» деп аталады. Ертегілер балалардың ойын, қиялын, сөйлеу тілін дамытуда үлкен роль атқарады. Сондықтан ортаңғы және ересек топ тәрбиенушілері үшін ертегілерді оқытудың маңызы зор.[1,2, 5б.186].

«Ертегілер елінде» таңдау курсына қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар жайындағы ертегілер қамтылған. Балалардың қабылдануына жеңіл, оқиғасы қызықты ертегілер таңдап алынды.

Балалар ертегілерді рөлдерге бөліп, сахналайды.

Ертегіні қою барысында балалар әр түрлі құралдарды пайдаланады, басқа да ойыншылармен қарым-қатынасқа түседі. Рөлін іс-әрекетпен, сөйлеумен, мимикамен, пантомимикамен білдіреді.

Ертегі адам даналығының ғажайып туындысы. Ол жас бүлдіршіндерді асқақ сезімге бөлеп, қуанышқа кеңелтеді. Өз күшіне, болашағына деген сенімін ұштап, әсте қол жетпеске қол жеткізуіне болатындығына үндейді. Оның ішінде ұлттық жағдайларға құрылған тұрмыс-салт ертегілерінің орны ерекше. Аңыз әңгімелер мен жануарлар туралы ертегілердің қиялына қанат бітіріп, өмір мен етене екендігі еліктіре түсетіндігі және шындық.

Ертегілер төмендегідей түрлерге бөлінеді.

1 Қиял – ғажайып ертегілер.

2 Хайуанаттар жайлы ертегілер.

3 Салт (шыншыл) ертегілер.

Қиял – ғажайып ертегілері – оқиға орны және оған қатысушылары, кейіпкерлері де ерекше, уақыт өлшемі басқаша ертегілер. Ертегіде Қыдыр ата, Таусоғар, Желаяк, Жалмауыз кемпір секілді адам қиялына сыймаскейіпкерлер жер астында, жер бетінде, жеті қат көкте жүреді. Тек қиялға ғана сиятын, ақылмен түсіну қиын. Оқиғалар жүзеге асып жатады.

Қиял – ғажайып ертегілерінің тағы бір ерекшелігі бұндағы кейіпкерлердің заттары құрал-саймандары, т.б. мүлдем бөлек. Мысалы, «Ыста тас» деген кішкене ғана тас тілдің астында жатады. Атын айтса, «Ләббай» деп жауап береді. Нені қаласа, соны жасайды. Ханды жеті дарияның арғы жағына апарып тастайды, немесе ордасымен көшіріп әкеледі. Осының бәрін әп-сәтте, көзді ашып-жұмғанша істейді.

Қиял – ғажайып ертегілері бір қарағанда шындықтан алыс көрінгенімен, ұшқыш кілем, жүйрік тұлпардың орнын басар автомобиль, ұшақ, зымыран секілді көліктер өмірімізден орын алады.

Хайуанаттар жайлы ертегілер – адамзаттың қоршаған табиғатпен жаңа араласып, аңшылық, бақташылық өмірі басталған кезде туған ертегілер.

Мұндай ертегілерде адамдармен бірге жан-жануарлар басындағы оқиғалар, тұспалдар, мысалдар айтылады. Әрі белгілі бір жануарлар не олардың әрекеттері адамдардың немесе олардың қылықтарының, мінездерінің көрінісі болып ұсынылады. Мысалы, түлкі- қулық, арыстан- қара күш, түйе-аңқаулықтың символы болып көрінеді.

Ертегінің түрінде де халық өз кейіпкерлерінің аман болғандығын, жамандықты жеңіп, үстем шыққандығын қалаған, сол арқылы балаларын, ұрпағын мол жігерге, орасан оптимистік сенімге баулыған.

Қазақ ертегілерінің тағы бір мол түрі – шыншыл ертегілер. Қазақтың дүниетанымдығы, өміріндегі, көзқарасындағы барлық ісін, мұң-мүддесін, тартыс-таласын тек осы шыншыл ертегілерден табуға болады. Мұнда жауыздыққа, топастыққа қарсылық айқын байқалады, яғни халық өзінің нені ұнатып, нені жек көретінін анық танытты. Шыншыл ертегі қазақтың жан дүниесіндегі мұңынан, қайғысынан хабар береді.

Халық әлсізге, нашарға көмектескенді жақсы көреді. Салт-шыншыл ертегілерде қазақтың малшылық-бақташылық тұрмыс- тіршіліктері көрініс береді. Бұнда жылқышы, қойшы, түйеші, тазша, құл, бай, би, хандар образы арқылы сол кездегі тұрмыс-салт, күйеуін сыйлар әйел, ағаның алдын кеспес қыз, әке тұрып сөйлемес ұл қылығын, жорасын көреміз. Халықтың тұрмысы, тіршілігі ертегінің бір бөлігінде көрінсе, екінші бөлігінде дала танымы, елдің салтын, қазақтың жазылмаған, бірақ бұлжымайтын заңдары сипатталады.[3, 5б.].

Жалпы алғанда қиялсыз ертегі болмайды, ал көп ретте оның өз тағылымы айтарлықтай болады. Жас бүлдіршіндер шынында да одан өз өміріне үлгі тұтар өнеге алуы – адамгершілік, ізгілік, адалдық, ақыл-парасат, кейде тосын жағдайлардан сытылып шығар ептілікті де үйрену мүмкін.

Егемен еліміздің бүгінгі жас бүлдіршіндеріміздің болашағы біздерге аманат.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ертегілер арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеуді теориялық-әдістемелік тұрғыда негіздеу және әдістемесін жасау.

Баланы ертегілер арқылы адамгершілікке, мейірімділікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу және ойлауға, қиялдауға үйрету арқылы шығармашылық қабілетін, тіл байлығын дамыту.

Ертегінің желісін түсіндіріп, сөздік қорларын, ой-санасын және көз алдарына елестету қабілеттерін дамыту, ертегіні рөлге бөліп орындауға тәрбиелеу. Кейіпкерлерге енгізе отырып, пәнге деген қызығушылықтарын нығайту.

Ертегілер – мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын, адамгершілік қасиеттерін, сана-сезімін қалыптастырушы құрал болып табылады. К.Д.Ушинскийдің сөзімен айтқанда, ертегі баланы халық қазынасына ендіреді, халық рухымен араластырады.

Ауыз әдебиетінің қай үлгісін алсақ та, онда болашақ ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік мәні бар рухани қазына жатыр. Сондықтан да біз сол бай мұраны пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың бойына әдемілік пен әсемдік қасиеттерін дарыта білуіміз қажет. Мейірім мен махаббатты, сұлулық пен әсемдікті адам бойына ұялататын осы ертегілер екенін ешқашан естен шығармауымыз керек.

Қазақ халық ертегілері – қазақ халық ауыз әдебиеті ішінде атадан балаға мұра ретінде беріліп, ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу, толығу үстінде келе жатқан асыл мұра. Ертегілер халқымыздың тарихын, дүниетанымын, тұрмысы мен салтын, әдет-ғұрпын сенімін білдіреді. Ертегілер қоғам дамыған сайын адамның да ой-санасын өскен, өмірге деген көзқарасы өзгереді. «Бала естігенін айтады, көргенін істейді» – деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата – анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс – тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуғатырысады.

Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт – дәстүр, мақал мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата ана мен тәрбиешілердің басты міндеті. Демек, жас баланың ойлау, есту, сөйлеу, көру, есте сақтау қабілеттерін дамытуда халық ауыз әдебиетінің үлгілерінің алатын орын ерекше. Солардың ішінде көп тараған үлгілерінің бірі «ертегілер».[4,5,6, 5б.].

Балаға бесік жыры қандай маңызды болса, ертегі де дәл солай маңызды. Бүлдіршіндер өте әсершіл келеді. Естіген ертегі мазмұнын есте сақтап, әділдікке сену, біреуге жақсылық жасау, көмектесу сияқты қасиеттерге ие.

Балаға күнделікті жылы дауыспен айтқан ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, күлдіргі әңгімелер сәбидің жан дүниесіне әсер етіп, ізгі қасиеттерін дамытып, ақыл – ойын жетілдіреді. Ертегі арқылы еңбекке, шыншыл болуға, туған жерін сүйуге, батыр да батыл болуға тәрбиелеу біздің басты міндетіміз. Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала ақылды, зерек, терең ойлы, зейінді болып өседі. Ертегі жаңа өскін балауса буынның сана – сезімін оятып, ақыл – есін дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика (педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық). – Нұр-Сұлтан, 2014, - 358 б.
2. Аралбаева Р. К. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы, 2012ж.
3. Мухина В.С. Балалар психологиясы психология . – Алматы: Мектеп, 1986-230
4. Ф.Фребель. Избранные педагогические труды-М: Педагогика, 2014.
5. Ушинский К.Д. Таңдамалы шығармалары – Алматы: Жазушы, 2014
6. Занков Л.В. Игровые ситуации как средство повышения эффективности обучения дошкольников по математике. М.-1993-220

ӘОЖ 397.1

БЕСТЕМШЕ ОЙЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСİNДЕГІ ОРНЫ

Оспанбаева А.Р. магистр

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің» аға оқытушысы

Ospanbayeva@bk.ru

Тургаева А. И.

Тараз қ. №28 бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Аннотация: В этой статье рассмотрено раздвижные-игры которые играют в детском саду формирование его принципиальности в развитии ребенка

Annotation: In this article, the formation of ego principle in the development of the child is considered.

Key words: Sports games, folk games, preschool games

Ключевые слова: Раздвижные игры, народные игры, дошкольники

Еліміз тәуелсіздік алып, рухани жаңғыру жолына түсті. Ата-бабадан бүгінгі ұрпаққа мұра болып жеткен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, оларды терең зерттеп, кеңінен насихаттауға мүмкіндік туды.

Бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі басты міндеттердің бірі – ұлтжанды, елін сүйетін, халық дәстүрін құрметтейтін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өскен азамат тәрбиелеу болып табылатыны анық. Ал, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңірудің бір жолы – халқымыздың бай ұлттық мұрасын, оның ішінде ұлттық ойындарды насихаттау болып табылады.

Қазіргі таңда көп ұлттық ойындар ойналмай ұмытылып қалды. Қазақ халқының ұлттық зияткерлік ойындарының бастысы да, үзіліссіз ойналып келген түрі - тоғызқұмалақ

Бестемше ойынын тоғызқұмалақ ойынын үйренудің алғашқы сатысы деп таныстырсақ та болады.

Ойынның пайда болу мерзімі 4 мың жылдық мерзімді қамтиды. Бұл ойынға ұқсас ойындар Қырғызстан, Индонезия, Вьетнам, Малазия, Марокко және Түркияда кездеседі. Ойындарының тарихы 4 мыңжылдық кезеңді қамтығанымен, нақты жазба деректерінің болмауы кесірінен ойынның хронологиялық кезеңдері бірізді емес. Ауыз әдебиеті үлгілері мен аңыз-эпсаналарда ғана тоғызқұмалақ туралы мәліметтер бар, бестемше туралы жоқ. Ең

алғашқы жазба әдебиет үлгісі ретінде Махмуд Қашғаридің Диани Луғатит-ат-турк шығармасын айтуға болады. Шығарма XI ғасырда жазылған. Осы еңбекте Бестемше ойынына ұқсас ойын – «көшүрме» деген атпен ұшырайды. Бестемше туралы мәліметтер өте аз[1,2, 46].

Ойын туралы «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігінде былай делінеді: «Тоғызқұмалақ ойынының бірнеше түрі бар. Оның балаларға арналған қарапайым, түрлерін «қоздату», «б е с т е м ш е» деп атайды (Ө.Жолымбетов, Айгөлек, 46). Қазақ ұлттық энциклопедиясында «Бестемше тоғызқұмалақтың шағын түрі» - деп сипаттама берілген.

Бұл халықтық ойын. Бестем немесе бестемше аталатын ойынның қазақ халқында барын іздеп тауып, ережесін қалпына келтірген зияткерлік ойындарды зерттеуші, ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушы, спорт шебері, математик Серікбай Тілеубаев екенін атаған абзал. Аталған ойын туралы, тарихы, ережелері, сондай-ақ тоғызқұмалақ ойыны жайында толығырақ Серік Ерғалидың «Қазақы зияткерлік ойындарды жасөспірім логикасын дамытуға пайдалану» атты кітабынан оқи аласыздар.

Қазіргі таңда қолданылып жүрген бестемшенің тақтасының дизайнын жақын жылдары осы ойынды зерттеуші ғалымдар киіз үйдің сұлбасына салып жасап шыққан, негізінде бестемше ойыны әуелде таста ойналған.

Қазіргі қолданыстағы тақта шағын, ағаштан жасалғандықтан еш зияны жоқ, табиғи, бояусыз, өзіңмен алып жүруге өте ыңғайлы түрде ұсынылып отыр.

Ойынның ережелері өте қарапайым, ережелердің барлығы біздің көшпенді ата-бабаларымыздың болмысын саралап, пайымдап өздерінің көзқарастарын осы ережелерге сыйдырып берген. Мысалы жүріс тек солдан оңға қарай жүреді, біздің халқымызда ісің оңға басын деген сөз бар, тіпті атқа оң жағынан келіп мінетін болған, сыйырды оң жағынан отырып сауған, тамақтанғанда оң қолымен ас ішуі секілді менталитетіміздің элементтері бар, жүріс барысында құмалақтың біреуін орнына қалдырамыз, қалған құмалақтарды жүреміз, бұл жерде біздің «Қара шаңырақ» ережесі көрініс табады. Ол дегеніміз біздің дәстүрімізде отауда, қара шаңырақта ата-анасына қарап бір баласы сол отауға ие болып қалатын болған, сол дәстүрдің көрінісі бар. Тағы жүріс барысында соңғы түскен ұяшықтағы құмалақ саны жұп болса оны өз қазанымызға саламыз, себебі жұп болған жағдайда ғана біз өсеміз, өнеміз деген мағынаға сыйдырған.

Бестемше ойыны – математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын-ала ойлау, есептеу, қиялдау – оның негізгі өзегі. Сондықтан ойыншы ойынды үйрену барысында оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Бұл кез-келген салада болашақта керек, себебі алдын-ала жоспарлау, алдын-ала ойлау, ойлаған мақсатқа жетудің басты әрі алғашқы қадамы. Сонымен қатар, бұл ойын ойыншыны дербестікке, өзі шешім қабылдауға машықтандырады. Жеңіске жету үшін ойыншы алдын ала стратегия, жоспар құруды үйреніп, жоспар құру барысында егер дұрыс емес деп санаса сол жоспардан бас тартуды, жаңадан басқа жол іздеуді үйренеді. Егер шешімді қабылдау барысында қателескен жағдайда, ойыннан жеңіліс тапса жеңілісті мойындауға, дұрыс қабылдауға тәрбиеленеді.

Жоспарды жүзеге асыру үшін ойыншыға жүрістерді есте сақтау қажет болады, ойыншының біздің жағдайымызда баланың назарын шоғырландыру арқылы зейіні дамыйды, есте сақтау қабілеті артады, алдындағы ақпаратпен дұрыс жұмыс жасау машығы қалыптасады. Кейіннен балада жеңіске деген құштарлық пайда болады, осы арқылы бәсекелестікке қабілеті артады.

Қол моторикасы дамыйды. В.А.Сухомлинский «Бала қабілетінің қайнар көзі – оның саусақтарының ұшында» - екендігін жазған. Ұсақ моториканы дамытудың баланың жалпы дамуында алатын орны ерекше.

Баланың ұсақ моторикасын дамыту арқылы барлық таным процестерінің қызметін жақсартуға болады.

Бестемше ойынында ұсақ шарларды ұстау кезінде қол қозғалысы арқылы ми және жүйке талшықтарына әсер етіп, мол пайдасын тигізеді.

Уақытты тиімді пайдалану. Ойынды үйреніп, жарыстарға қатысып, жеңістің дәмін сезген ойыншы бұдан әрі гаджеттерде отырудан гөрі осы ойынға деген қызығушылығы артып, өзінің айналасына өзі секілді зияткер, талғампаз, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, бәсекеге қабілетті, есте сақтау қабілеті едәуір дамыған, қажетті ақпаратқа зейінін тез аудара алатын, дербес шешім қабылдап сол шешімінің нәтежесін дұрыс қабылдай алатын, кез-келген жағдайды алдын-ала жоспарлай білетін, өзіне сенімді, өз ойын еркін білдіре алатын, жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиеленіп шығады.

Бұл зияткерлік ойынды тарату мен дамытудың мүмкіндігі де, маңызы да зор. Бестемше әсіресе балабақшалар мен бастауыш сыныптарға кеңінен таратып ойнату арқасында баланың арифметикалық қабілетін ашып, зердесін шыңдауға мүмкіндік береді.

Бестемше — қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойын көбіне балалар арасында ойналады, бірақ үлкендер де қатыса алады. Ойын қарапайым ережелерге ие және арнайы құрал-жабдықтарды қажет етпейді, сондықтан оны кез келген жерде ойнауға болады.

Ойынның ережелері:

Бестемше ойыны үшін бес асық немесе бес тас қажет. Ойынға бірнеше адам қатыса алады.

Ойыншылар кезекпен бір-біріне сұрақтар қойып, бес тастың біреуін алға тастайды. Тастың қалай түскеніне байланысты әртүрлі тапсырмалар беріледі, және оны дұрыс орындау арқылы ұпай жинауға болады.

Бестемше ойынының негізгі мақсаты — ойыншылардың ептілігін, шапшандығын, дәлдігін және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Бұл ойын балалардың ұжымдық жұмысты үйренуіне, достық қарым-қатынас орнатуына көмектеседі.

Ойын барысында ойыншылар бір-бірімен жарыса отырып, өздерінің шеберліктерін көрсетеді.



Ойынның бірнеше ерекшеліктері бар:

1. Қатысушылар саны: Ойында әдетте 2-ден 5-ке дейін қатысушы ойнайды, бірақ кейде одан да көп адам қатысуы мүмкін.
2. Құрал-жабдықтар: Ойын үшін қажетті зат – асық (қой немесе ешкінің сирақ сүйегі). Асықтар саны ойыншылардың санына байланысты болады, бірақ әдетте әр ойыншының бір-бір асығы болуы керек.

Бестемше ойынының психологиялық-педагогикалық негіздері

Бестемше – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойын негізінен балалар арасында танымал болған және ойын барысында түрлі дағдыларды дамытуға бағытталған.

Бестемше ойынының психологиялық және педагогикалық негіздерін қарастыру арқылы балалардың дамуына қалай әсер ететінін түсінуге болады.

Психологиялық негіздері:

Қиял мен шығармашылық дамуы: Бестемше ойыны балалардың қиялын дамытып, шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Ойын кезінде балалар жаңа рөлдерді ойнап, әртүрлі сценарийлерді құрастырады.

Эмоционалдық интеллект: Ойын барысында балалар өз эмоцияларын басқаруды, бір-біріне қолдау көрсетуді және достық қатынастарды нығайтуды үйренеді. Бұл олардың эмоционалдық интеллектісін дамытуға көмектеседі.

Шоғырлану және зейін: Бестемше ойыны зейін қоюды талап етеді, себебі балалар әртүрлі қозғалыстарды орындап, ойынның шарттарын орындауы қажет. Бұл олардың шоғырлану қабілетін арттырады.

Педагогикалық негіздері:

Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Ойын топтық түрде өткізілетіндіктен, балалар арасында ынтымақтастық, бір-біріне қолдау көрсету және достық қатынастарды орнату дағдылары дамиды.

Физикалық даму: Бестемше ойыны физикалық белсенділікпен байланысты, сондықтан ол балалардың дене шынықтыруына ықпал етеді. Қозғалыс дағдыларын дамыту, дененің үйлесімділігін арттыру маңызды педагогикалық аспектілердің бірі болып табылады.

Тәртіп пен жауапкершілік: Ойынның белгілі бір ережелері бар және оларды сақтау қажет. Бұл балаларды тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді.

Танымдық даму: Ойын барысында балалар жаңа ақпаратты қабылдап, оны қолдану арқылы өздерінің танымдық дағдыларын дамытады. Бестемше ойыны арқылы балалар логикалық ойлауды, стратегиялық шешімдер қабылдауды үйренеді.

Бестемше ойыны балалардың жан-жақты дамуына әсер ететін тиімді құрал болып табылады.[3, 46].

Ол балалардың физикалық, эмоционалдық және когнитивтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ойын балаларды қоғамға бейімдеуге, олардың әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді.

Бұл ойын қазіргі уақытта да балалар арасында танымал болып келеді және қазақтың ұлттық мәдениетінің бір бөлігі ретінде құндылығын сақтап отыр.

Бестемше ойыны — қазақ халқының ұлттық ойындарының бір.[4,5, 46].

Бұл ойын әсіресе балалар арасында кеңінен таралған және дене шынықтыру, шапшаңдық, дәлдік сияқты қабілеттерді дамытады. Бестемше ойынының қазақ мәдениеті мен дәстүрлеріндегі алатын орны ерекше.

Ойынның мәні бірнеше ағаш таяқшаларды бір-біріне лақтырып, олардың белгілі бір тәртіппен жерге түсуіне қарай ұпай жинау болып табылады. Әдетте, бұл ойын далада, топ болып ойналады, және балалардың арасында достық қарым-қатынас, бірлік сезімін нығайтуға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Ақшораев Ә., Жүнісбаев Н. Тоғызқұмалақ. – Алматы: «Мектеп», 1980.
- 2.Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ. – Алматы, 1983.
- 3.Ақшораев Ә.60 сабақтық тоғызқұмалақ ойынның оқулығы. Оқулық. -Тараз, 2014.
- 4.Балғамбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. – Алматы,1985.
- 5.Жалымбетов Ә. Айгөлек. – Алматы: «Қазақстан», 1975. – 34 б.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ – БАЛАБАҚШАДА

Оспанбаева Айман Рахметиллаевна

Ospanbayeva@bk.ru

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің» аға оқытушысы

СарсенбаеваГ.Б.

№2 «Айсұлу» бөбекжай бақшасы

Тараз,Қазақстан

Аннотация: В этой статье рассмотрено усвоение наших национальных ценностей- задача каждого родителя, детского сада.

Annotation: This article examines the assimilation of our national values - the task of every parent, kindergarten.

Key words: National games, folk games, preschoolers

Ключевые слова: Национальные игры, народные игры, дошкольники

Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт –дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық салт-дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі.

Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт –дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық салт-дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі.

Бала көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ т.б ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Балабақшадағы сәбилерге жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, отансүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастырады. Балабақшадағы ұлттық тәрбие берудің мақсаты: Ұлтжандыққа отансүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қилыстыру.

Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт –дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады.[1.2, 4б.8б].

Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге –құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп,тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу.

Қайырымдылықты–халықтан, пайымдылықты- қариядан үйрен деген ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет ғұрыпты оқу қызметін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Серғазы Қалиев этнопедагог, профессор:

– Ұлттық тәрбиені балабақшадан бастауымыз керек. «Не ексең, соның орасың» демекші, балаларымызды қандай жолға бастасақ, олардың сол бағытты алатыны белгілі. Ал біздің ата-

бабаларымыздан қалған асыл мұрамыз – тәрбиеміз қазақтан басқа ешкімде жоқ үлгі.



Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

– белсенді қарым-қатынас: баламен тәрбиешінің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

– индивидтік: тәрбиешінің әр жеке баланың ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

– өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;

– шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені беруде, ұйымдастырылған оқу қызметінің мәні неде?

1. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу әрекеті – адамның қалыптасуы, тұлғаның өз мәдениетінің субъектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету.

2. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті сырттан келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу, оны қолдау және дамыту негізінде өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге әкеледі. Сол арқылы өзіндік болмысы, санасы бар тұлғалық бейне қалыптасады.

Сондықтан оның мазмұны баланың өзін тұлға ретінде дамыту үшін, өз өмірінің субъектісі болу үшін жағдай туғызуға негізделеді.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады.

Сондықтан да қазіргі кезде халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт дәстүрі мен әдет ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап балабақшадағы тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру жағына көңіл бөлуіміз қажет. [3, 4, 456.486.].

Бала тәрбиесінде халықтық, тұрмыстық салт-дәстүрдің туу себептерін, даму ерекшеліктерін ашып көрсетудің тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата –баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы

басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет.[5,6, 4б.].

Адам баласы дүниеге келген күннен бастап үнемі салт-дәстүр аясында өседі . Бала тәрбиесінде халықтық, тұрмыстық салт-дәстүрдің туу себептерін, даму ерекшеліктерін ашып көрсетудің тәрбиелік мәні зор.

Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата –баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қисымова А. Қ. Қазақтың халықтық педагогикасы арқылы оқушыларға адамгершілік тәрбие беру. Пед.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1994. – 150б
2. Сәдірмекова Ж. Б. Жеткіншектерді халықтық педагогика арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Пед.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1994. – 150 б.
3. Сқақова Р. Ә. Тұрмыс-салт жырлары негізінде оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу. – Пед.ғыл.канд. дисс. автореф. – Алматы, 2002. – 29 б
4. Төлеубекова Р. К. Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану. Пед.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1993. – 150 б.
5. Төлєнова Ұ. Т. Балабақшадағы аралас топ балаларын ұлттық ойындар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. – Пед.ғыл.канд. дисс. автореф. – Атырау, 2002. – 28б
6. Жарықбаев Қ. Әдеп және жантану. Ұлттық тәлім-тәрбие хрестоматиясы. Алматы, 1996. – 225 б.

ӘОЖ 373.2

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ОРНЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Мақсотова Т.Т. оқытушы магистр

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қаласы

Койбогарова У.Т. тәрбиеші

№42 «Түймедақ» бөбекжайы, Ақтау қаласы

E-mail:maksotova9292@mail.ru

Аннотация Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдардың цифрлық даму келешегі, оның артықшылықтары мен орны сондай-ақ, болашағы қарастырылады.

Тірек сөздер: Цифрлық технологиялар, интерактивті тақталар, планшеттер, виртуалды технологиялар.

Аннотация В этой статье рассматриваются перспективы цифрового развития дошкольных учреждений, их преимущества и значимость, а также будущее цифровых технологий в данной сфере.

Ключевые слова: Цифровые технологии, интерактивные доски, планшеты, виртуальные технологии.

Annotation This article discusses the prospects of digital development in preschool institutions, their advantages and significance, as well as the future of digital technologies in this field.

Key words: Digital technologies, interactive whiteboards, tablets, virtual technologies.

Цифрлық технологиялар қазіргі таңда мектепке дейінгі білім ұйымдарына жаңа мүмкіндіктер мен құралдар әкелуде. Мектепке дейінгі ұйымдардың цифрлық даму келешегі де осы үрдістерден тыс қалмайды. Заманауи технологиялар білім беру мазмұнын жаңартып қана қоймай, оқу мен тәрбиелеу процестерін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Сандық құралдар мен платформалар балабақшалардағы оқыту процесін жетілдіріп қана

қоймай, балалардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын ерте жастан дамытуға көмектеседі. Цифрлық трансформация кезеңінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мақсаты — балаларды заманауи цифрлық ортаға бейімдеу және жаңа құралдарды педагогикалық мақсаттарға тиімді пайдалану.

Цифрлық технологиялар мектепке дейінгі ұйымдарда маңызды рөл атқарады, себебі олар білім беру үдерісін тиімді, қолжетімді және заманауи етеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда цифрлық технологияларды енгізу болашақ ұрпақтың шығармашылық қабілетін, логикалық ойлауын және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда цифрлық құралдар мен технологиялар балабақшалардағы оқыту процестерін айтарлықтай өзгертуде. Олардың мақсаты — балалардың танымдық, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін арнайы дайындалған цифрлық құралдар, мобильді қосымшалар, интерактивті тақталар мен планшеттер арқылы оқыту материалдары балаларға қызықты және қолжетімді болады.

Мұндай технологиялармен қамтамасыз ету балалардың ерте жастан цифрлық сауаттылығын арттыруға, ақпаратты қабылдау және өңдеу дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл жаңа құралдар арқылы балалар виртуалды ойындар, мультимедиалық оқыту құралдары және интерактивті материалдар арқылы оқу процесіне белсенді қатыса алады [1, 52б.].

Цифрлық технологиялар балабақшадағы тәрбие мен оқыту процесіне бірнеше маңызды артықшылықтар алып келеді:

- **Танымдық қызығушылықты арттыру.** Балалар ойын арқылы білім алады, ал цифрлық құралдар бұл процеске интерактивті және қызықты элементтер қосады. Мысалы, анимациялар, ойындар, виртуалды шындық элементтері балалардың танымдық қызығушылығын арттырады.

- **Жекелеген қажеттіліктерді ескеру мүмкіндігі.** Цифрлық құралдар арқылы әр баланың оқу және даму қажеттіліктеріне бейімделген материалдарды таңдауға болады. Әртүрлі тапсырмалар мен ойындар баланың даму деңгейіне сәйкес етіп реттеледі.

- **Оқу мазмұнының қолжетімділігі.** Қазіргі кезде интернет пен білім беру қосымшалары арқылы көптеген білім беру материалдары қолжетімді, бұл әсіресе шалғай аймақтардағы мектепке дейінгі мекемелер үшін маңызды.

- **Балалардың ерте жастан цифрлық дағдыларын қалыптастыру.** Болашақта балалар цифрлық ортада өмір сүретіндіктен, ерте жастан цифрлық құралдармен жұмыс істей білу олардың келешекте сәтті өмір сүруіне ықпал етеді [2, 2б.].

Дегенмен, цифрлық технологияларды мектепке дейінгі ұйымдарға енгізу бірқатар қиындықтармен қатар келеді:

- **Технологиялық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі.** Кейбір балабақшалар цифрлық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілмеген, бұл құралдардың қолданылуын шектейді.

- **Педагогтардың біліктілігін арттыру қажеттілігі.** Балабақша тәрбиешілері үшін цифрлық технологияларды тиімді қолдану бойынша арнайы дайындықтан өту қажет. Кейбір тәрбиешілер жаңа технологияларға үйренгенімен, оны білім беру процесіне үйлестіріп енгізуге дайын болмауы мүмкін.

- **Балалардың психологиялық және физиологиялық денсаулығына әсері.** Цифрлық құралдардың шамадан тыс пайдаланылуы балалардың денсаулығына, әсіресе көру қабілетіне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан экран уақытын шектеу және саналы пайдалану маңызды.

Цифрлық технологиялардың мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі орнына тоқталсақ:

Оқытуды жекелеу мүмкіндігі. Цифрлық технологиялар әр баланың даму деңгейіне сәйкес бейімделген оқу бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді. Ойын түрінде жасалған цифрлық тапсырмалар балаларға білімді қызықты әрі ойын арқылы қабылдауға жағдай жасайды. Арнайы білім беру қосымшалары арқылы балалардың жеке қажеттіліктеріне

сәйкес білім беру элементтерін қолдануға болады. Мысалы, дамытушы ойындар, аудиовизуалды материалдар баланың танымдық қызығушылығын арттырып, оның белсенділігін көтереді.

Интерактивті оқыту әдістері. Интерактивті тақталар, планшеттер және білім беру қосымшалары арқылы балалар оқуға белсенді түрде қатысып, тапсырмаларды орындау барысында сандық әлемді таниды. Әрбір бала интерактивті ойындар арқылы оқу процесіне қосылып, өз бетінше зерттеуге мүмкіндік алады. Бұл балалардың жаңа технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Коммуникациялық және әлеуметтік дағдыларды дамыту. Цифрлық технологиялар әлеуметтік қарым-қатынасты жетілдіруде де маңызды рөл атқарады. Балалар топтық тапсырмалар мен ойындар арқылы бірге әрекет етіп, бір-бірімен пікір алмасады. Сонымен қатар, қашықтан оқыту форматтары арқылы балалар мен педагогтар арасында үздіксіз байланыс орнайды.

Педагогикалық және ата-аналармен өзара әрекеттестікті жақсарту. Цифрлық технологиялар педагогтардың және ата-аналардың балалардың оқу процесін бақылауына мүмкіндік береді. Мысалы, баланың күнделікті іс-әрекеті мен оқу нәтижелерін ата-аналарға электронды күнделіктер арқылы хабарлап отыру — оқу процесін қадағалауды жеңілдетеді. Бұл технологиялар баланың даму процесін бірлесе бақылауға және қажетті түзетулерді дер кезінде енгізуге мүмкіндік береді [3, 85б.].

Мектепке дейінгі ұйымдардағы цифрлық технологиялардың болашағына тоқтала өтсек:

Жасанды интеллект және деректерді талдау. Болашақта жасанды интеллект технологиялары мен үлкен деректерді талдау жүйелері арқылы әр баланың оқу үрдісі туралы мәліметтер жинақталып, оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқыту бағдарламалары құрылуы мүмкін. Бұл әр баланың үлгерімін, қызығушылығын және қабілеттерін ескеріп, оқу әдістемелерін жекелеген балаға бейімдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект тәрбиешілерге балалардың дамуын бақылап, нәтижелерін талдауға көмектеседі.

Виртуалды және кеңейтілген шындық технологиялары. Виртуалды шындық (VR) және кеңейтілген шындық (AR) технологиялары мектепке дейінгі білім беруге жаңа көкжиектер ашады. Мұндай технологиялар балаларды қызықтыра отырып, оларды табиғат құбылыстарымен, жануарлар әлемімен, тарихи оқиғалармен таныстырады. Мысалы, арнайы виртуалды сабақтар арқылы балалар әлемнің түрлі мәдениеттерімен және табиғи құбылыстарымен таныса алады.

Қашықтан оқыту және гибридті оқыту модельдері. Болашақта мектепке дейінгі ұйымдарда қашықтан және гибридті оқыту модельдері де кеңінен қолданылуы мүмкін. Әсіресе, карантин сияқты төтенше жағдайларда қашықтан оқыту форматы балалардың білім алуына үздіксіздік береді. Гибридті модельдер балалардың бетпе-бет және онлайн форматта оқуын үйлестіруге мүмкіндік береді.

Онлайн қауіпсіздік және сандық мәдениет. Сандық мәдениет пен онлайн қауіпсіздік мәселелері де болашақта өзекті болып қалады. Балалардың интернетті қауіпсіз пайдалануы үшін арнайы бағдарламалар мен платформалар әзірленіп, олар саналы пайдалануды үйренеді. Сандық сауаттылық пен киберқауіпсіздік ережелерін ерте жастан үйрету балалардың сандық ортада қауіпсіз әрекет етуіне көмектеседі.

Ата-аналар мен педагогтардың цифрлық сауаттылығын арттыру. Цифрлық құралдарды тиімді пайдалану үшін педагогтар мен ата-аналардың цифрлық сауаттылығын дамыту да болашақта маңызды болмақ. Педагогтар жаңа құралдармен жұмыс істеуді, оқыту әдістемелерін жаңартуды үйренсе, ата-аналар цифрлық ортаны саналы түрде пайдаланып, балаларына қолдау көрсетеді. Цифрлық сауаттылықты арттыру мақсатында арнайы курстар, тренингтер ұйымдастыру цифрлық трансформацияны жеңілдетеді [4, 26б.].

Цифрлық технологиялар мектепке дейінгі ұйымдарда терең ықпал етуде және оның болашағын жаңа деңгейге көтеруде. Цифрлық технологиялардың мектепке дейінгі ұйымдарда орны зор, себебі олар білім беру процесін жақсартады. Цифрлық құралдар оқу

процесін қызықты, тиімді және жекелеуге мүмкіндік беріп, балалардың сандық сауаттылығын дамытады. Балалардың танымдық қабілеттерін арттыруға, ой-өрісін кеңейтуге, шығармашылық және аналитикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, цифрлық құралдар арқылы оқу үдерісін қызықты әрі әсерлі етуге болады, бұл балалардың білімге деген қызығушылығын оятады. Дегенмен, цифрлық құралдарды пайдаланғанда балалардың денсаулығын, физиологиялық және психологиялық дамуын ескере отырып енгізілуі қажет. Сонымен қатар, педагогтар мен ата-аналардың цифрлық сауаттылығын арттыру, онлайн қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды. Цифрлық технологиялармен байытылған мектепке дейінгі ұйымдардың сапалары артатыны сөзсіз. Болашақта саналы, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда цифрлық технологиялардың маңызы айрықша.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Белая К.Ю. «Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі инновациялық қызмет: Әдістемелік құрал». - М.: «Сфера» СО, 2005.
2. Топчиенко А.Д. «Мектепке дейінгі білім берудегі ақпараттық технологиялар» мақаласы. <https://nsportal.ru> сайты. 2020 ж.
3. Комарова Т.С., Комарова И.И., Туликов А.В. Информационно-коммуникативные технологии в дошкольном образовании - Мозаика-Синтез М., 2017.
4. Төлеубекова Р.К., Маусумбаев Р.С. Білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды пайдалану әдістері // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2021. – №2(102).

ӘОЖ 373.2:004

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жумадилова А.С. п.ғ.магистрі¹, Шералиева М.А. инновация әдіскері²

М.Х.Дуллати атындағы Тараз университеті¹

Тараз қаласы, №28 бөбекжай-бақшасы²

E-mail: as.zhumadilova@dulaty.kz, moldir.sheralieva.87@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың мақсаты мен ерекшеліктері талданған. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы оқытуда баланың шығармашылық белсенділігі артып, тіл байлығы жетіліп, ақыл-ойы дамып, жан-жақты ізденушілігі мен еркін ойлауына мүмкіндік беретіндігі баяндалған. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қолдануға арналған флипчарт ойындардың мысалдары көрсетілген.

Тірек сөздер: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, флипчарт, бала, мектепке дейінгі ұйым.

Аннотация. В данной статье анализируются цель и особенности применения информационно-коммуникационных технологий в дошкольных организациях. Указывается, что обучение с использованием информационно-коммуникационных технологий способствует повышению творческой активности ребенка, развитию его словарного запаса, умственного развития, а также созданию условий для всестороннего поиска и свободного мышления. Приведены примеры флипчарт-игр, предназначенных для использования в организованной деятельности.

Ключевые слова: Информационно-коммуникационные технологии, флипчарт, ребенок, дошкольная организация.

Annotation. This article analyzes the purpose and features of the application of information and communication technologies in preschool organizations. It is noted that teaching using information and communication technologies enhances the child's creative activity, develops their

vocabulary, stimulates intellectual growth, and creates conditions for comprehensive inquiry and free thinking. Examples of flipchart games intended for use in organized activities are provided.

Key words: *Information and communication technologies, flipchart, child, preschool organization.*

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбие мен оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолдану – отандық мектепке дейінгі педагогикадағы жаңа және өзекті бағыттардың бірі. Қоғамның қазіргі дамуы ақпараттық кеңістіктің кеңеюімен, ақпараттық ресурстардың маңыздылығының артуымен тығыз байланысты. Компьютермен және интерактивті тақтамен жұмыс істеу қабілеті біртіндеп мектепке дейінгі мекемеде де сұранысқа айналды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар балаларда ақпараттық ағында жүру қабілетін дамытады, ақпаратпен жұмыс істеуге үйретеді, заманауи техникалық құрылғылармен таныстырады. Бала оқытудың пассивті объектісі болуды тоқтатады және білімді саналы түрде игеруге ықпал ететін педагогикалық процестің белсенді қатысушысы болады. Жаңа ақпараттық технологиялар визуалды (графика, анимация, мәтін, есту, дыбыс, бейне, тактильді (пернетақта, интерактивті тақта) қабылдау арқылы оқу процесін жоғары деңгейде құруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекетті ұйымдастыруға көптеген жаңа мүмкіндіктер береді және материалды ұсынудың анықтығын және оны меңгеру сапасын айтарлықтай арттырады. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірқатар артықшылықтары бар:

- мектеп жасына дейінгі балаларға бейнелі ақпарат түсінікті болады;
- жарқын сурет, қозғалыс, дыбыс балалардың назарын аударады;
- компьютерде, интерактивті тақтаның жанында өз іс-әрекеті барысында бала өзіне деген сенімділікке ие болады, ол көп нәрсені жасай алады.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеу кезінде шешілетін міндеттер:

- баланың танымдық және шығармашылық белсенділігін, қиялын, бейнелі ойлауын дамыту;
- баланың мектепке дайындығын қалыптастыру;
- балаларды компьютерлік технологияның мүмкіндіктерімен таныстыру, интерактивті тақтамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру [1].

Оқу барысында балалар интерактивті оқытудың толық қатысушылары болады: олар үлкен жарқын суреттерді қолданады, әріптер мен сандарды жылжытады, сөздер мен сөйлемдер құрайды, геометриялық фигуралар мен әртүрлі заттарды саусақтармен жылжытады. Мектеп жасына дейінгі балалар ақпаратты көзбен және кинестетикалық түрде қабылдайды, осылайша ұсынылған материалды түсіну және игеру суреттерді көрнекі қабылдау мен танымал қайталау әдісіне қарағанда әлдеқайда тиімді [2].

Интерактивті тақтада жұмыс істеу үшін педагогтер компьютерлік сауаттылық элементтеріне ие болуы керек:

- компьютер құрылғысын білу;
- Word, PowerPoint, SMART Notebook бағдарламаларында жұмыс істей білу;
- интернетте жұмыс істеу тәжірибесі (суреттер мен оқу бағдарламаларын іздеу үшін) болуы.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ақпараттық коммуникациялық технология құралдарын қолданудағы мақсаты – баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың ұйымдастырылған іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Заман талаптарына сай мектепке дейінгі ұйымдарда АКТ оқыту процесінде кеңінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың жас ерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы болуы мүмкін.

Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға арналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар: олар көру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау, т.б. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда.

Осындай құралдардың бірі – «Флипчарт». Флипчарт деп блокнот қағидасы бойынша аударыстыратын парақ немесе қағаз блогына арналған магнитті маркерлік тақтаны айтады. Интерактивті тақта мен заманауи бағдарламалық жабдықтың пайда болуына байланысты интерактивті тақтаның бағдарламалық жабдықтама терезесіне (мысалы, ActivInspire), белгілер, суреттер, бейне, дыбыс файлдар, анимациялар, интерактивті сабақтар және веб-сілтемелер қосуға болатын тіктөртбұрыш жұмыс кеңістігін флипчарт деп атайды. Флипчарт – бұл интерактивті, мультимедиа сияқты қасиеттерді сипаттайтын электронды көрнекілік. Флипчарт – бұл материалдарды құруға және көрсетуге болатын жұмыс саласы. Флипчарт – ActivInspire бағдарламалық қосымшада құрылымы жасалған ұйымдастырылған іс-әрекет, бағдарламалық қосымша орнатылмаған жағдайда флипчарт құру мүмкін емес. Сондықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адам өмірінің барлық саласында берік енеді. Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану педагогтің шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге, балалардың психологиялық дамуының сан алуан жақтарына оң әсерін тигізуге ықпал етеді. Компьютерлік техникаларды іске асыру ұйымдастырылған іс-әрекетті тартымды және заманауи етуге, көрнекіліктерді қолдана отырып танымдық және шығармашылық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеуге арналған материалды педагогтер балалардың жасына сәйкес мұқият таңдайды және перспективалық тақырыптық жоспарға сәйкес құрады. Интернетте еркін пайдалануға болатын дайын интерактивті ойындар мен жаттығулар бар, бірақ қажет болған жағдайда жеке өнімді жасауға немесе бар материалды өңдеуге болады.

Интерактивті тақтамен жұмыс оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындар мен жаттығуларды, коммуникативті ойындарды, шығармашылық тапсырмаларды жаңаша пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада интерактивті тақтаны қолдану балалардың айналасындағы әлемнің ақпараттық ағымдарын шарлау, ақпаратпен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын игеруге, жан-жақты дағдыларды дамытуға, мектеп жасына дейінгі балалардың білімді саналы түрде игеруіне ықпал етеді және баланың мектепке дайындық деңгейін арттырады.

«Интерактивті» ұғымы бізге ағылшын тілінен келді. Бұл өзара әрекеттесу, сөйлесу, біреумен сөйлесу мүмкіндігін білдіреді. Интерактивті ойындар тек компьютерлік қана емес, сонымен қатар дидактикалық болып табылады, оны орындау кезінде қарапайым иллюстрацияны да қолдануға болады, өйткені интерактивті ойын тек балалардың бір-бірімен және педагогпен өзара әрекеттесуі ғана емес, сонымен бірге ақпарат алу, қоршаған ортаны білудегі қажеттілігіне бағытталған бірлескен ұйымдастырылған танымдық іс-әрекет [3].

Интерактивті ойындар: оқыту ойындары, бақылау, жалпылау. Яғни:

- егер мектеп жасына дейінгі балалар оған қатыса отырып, жаңа білім, дағдылар алса білімді игерудің нәтижесі жақсырақ болады. Танымдық іс-әрекеттің мотиві тек ойында ғана емес, сонымен қатар материалдың мазмұнында да айқын болады;
- дидактикалық мақсаты бұрын алынған білімді қайталау, бекіту, тексеру болып табылатын ойын бақылаушы болады. Оған қатысу үшін әр балаға белгілі бір дайындық қажет;
- жалпылама ойындар білімді біріктіруді талап етеді. Олар әртүрлі жағдайларда әрекет ету қабілетін игеруге бағытталған пәнаралық байланыстарды орнатуға ықпал етеді.

Күнделікті оқу-тәрбие процесінде балалар жас ерекшеліктеріне сәйкес бекітілген стандарт талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық ақпараттық

коммуникациялық технологияларды енгізу педагогикалық процесті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілді пайдалануға мүмкіндік береді. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы балалардың жан-жақты дамуына ықпалын тигізеді. Мектепке дейінгі білім беру стандартына сүйене отырып әр баланың жас ерекшеліктеріне сай ойын технологиясын ұйымдастыру әр тәрбиешінің міндеті.


Ұйымдастырылған іс-әрекетте ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы ойын түрлерін қолданудың тиімділігі балалардың зерттеушілік қабілеттерін, танымдық белсенділіктерін, дағдылары мен таланттарын дамытуға, слайд-шоулар мен бейнефильмдер, гүлдің өсуі, толқынның қозғалысы, жаңбырдың жаууы сияқты мезеттерді көруіне мүмкіндік береді. Материалды көп мөлшерде жүктемей, қозғалысымен, дауысымен және мультипликациясымен балалардың назарын өзіне аударады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымда сапалы білім беруде жаңа міндеттер жүктеліп отыр. Осы міндеттердің бірі – білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру. Әрбір технологияның өзіндік ерекшелігі бар. Ақпараттық технологияны қолдану барысында ойын арқылы білім беру мазмұнын толықтырып, жаңа бағытта, жаңаша көзқараста, жаңа технология бағытында жұмыс жүргізіп, ұйымдастырылған іс-әрекетті жаңа бағытта ойын әрекетімен ұйымдастыру маңызды болып табылады. Күнделікті оқу-тәрбие процесінде әр түрлі интерактивті танымдық жаттығулар мен шығармашылық тапсырмаларды балалар орындау арқылы ақпараттық коммуникациялық технологиялық құралдарымен жұмыс жасауға дағдыланып машықтанады [4].

Инновациялық процесте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып қана қоймай, сонымен қатар кешенді кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізуге болады. Дәстүрлі және заманауи инновациялық технологиялармен түрлі мультимедиялық ойын тапсырмалары: ActivInspire бағдарламасымен әзірленген флипчарт ойын тапсырмасы, PowerPoint бағдарламасымен «Дамыту ойындары», «Ақылды ойындар», «Танымдық ойындар» және балалардың бос уақыты мен үйірме жұмысын ұйымдастыруға арналған «Ұлттық ойындар» флипчарт тапсырмалары жинақталып қолданылуда.

Мысалы: Флипчарт - ойын «Ғ дыбысы бар сөздерді жина».

Ойынның шарты: тақтадағы суреттердің атауларында ғ дыбысы болса, сөздерді сандыққа салады. Сиқырлы шынымен сөзде ғ дыбысы бар ма жоқ па тексереді.




Ойын: «Пайдалы тамақтарды жина».

Ойын шарты: себетке тек денсаулыққа пайдалы тамақтарды жинай.



Ойын: «Жасырылған сыйлықты тап»



Біздің достарымыз жануарлар да сыйлық алғанды жақсы көреді екен. Бірақ олар қай жерде кімнің сыйлығы екенін білмей жатыр. Сыйлықтың сырты бірдей. Біз сиқырлы лупаның көмегімен сыйлық кімге арналғанын тауып берейік.

-Мына қораптың ішінде тауықтың еті бар екен. Тауықтың етін не жақсы көреді? Әрине, түлкі. Түлкінің сыйлығын өзіне берейік.

-Мына қорапта бал бар екен. Балды не жақсы көреді?

-Дұрыс айтасыздар аю, бұл аюдың сыйлығы.

-Мына қорапта қырыққабат, оны ешкі жақсы көреді.

-Мына қорапта сәбіз екен, сәбізді қоян жақсы көреді.

-Барлығы өз сыйлықтарын алды, сендерге рахмет айтты.

Ұйымдастырылған ойын әрекетінде ақпараттық технологияны қолдану әр түрлі иллюстрациялық және ақпараттық материалдарды пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар балалардың қабілеттерін дамытатын электронды «Дамыту ойындары», «Ақылды ойындар» және «Танымдық ойындар» тиімді пайдалану арқылы негізгі тапсырманы білуді жеңілдетіп, тәрбиеші мен бала арасында тығыз байланыс орнайды, тәрбиеші өзінің көздеген мақсатына жетеді, баланың ақыл ойын дамытуға, ғылыми білімді игеруге, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, тұлға болып қалыптасуына ықпалын тигізеді. Оқыту мен тәрбие жұмыстарын тиімділігін арттыру үшін: «Сиқырлы шарлар», «Не артық», «Үкі апайдың

қызықты тапсырмалары» атты PowerPoint бағдарламасымен әзірленген түрлі дамыту тапсырмаларын қолдануға болады.

Қорыта айтқанда ақпараттық технологияны қолдану арқылы баланың ойлау мен сөйлеу дағдыларының қалыптасуына, уақытты үнемдеуге, оқытуды қызықты әрі әсерлі етуіне ықпалын тигізеді. Ойын арқылы дәстүрден тыс оқытуды ұйымдастыруда ақпараттық технологиялар білім беру процесінің қол жетімді және ашық болуына мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балалармен күнделікті ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесінде ақпараттық технологиялардың түрлі ресурстары кеңінен қолданылса, онда балаларды оқу-танымдық қабілеті жетіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жиенбаева С.Н., Бекмағамбетова Р.К., Сыздықбаева А.Ж., Бөлшекбаева Ә.И. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. – Алматы, 2019. -257 б.
2. Коджаспирова Г. М. Педагогика: учебник для вузов / Г. М. Коджаспирова. 4-е изд., перераб. и доп. – Москва : Издательство Юрайт, 2024. 711 с.
3. Емельянова Т.В., Медяник Г.А. Игровые технологии в образовании: электронное учебно-методическое пособие. –Тольятти: Изд-во ТГУ, 2015. -1 оптический диск.
4. М.Х.Ахмедова, Н.С.Аполлонова, Е.В.Бондяева. // Вопросы дошкольной педагогики, 2020. -№1 (28).

ӘОЖ 371.132

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТИҢ РӨЛІ

Ләзи Ақерке Батырбекқызы

«ORDA» жоғары колледжі арнайы пән оқытушысы

E-mail: Bbatyrbekovna1@mail.ru

Білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі тәрбие ұйымы болғандықтан тәрбиешілерге мәдениетті, білімді, белсенді жеке тұлға тәрбиелеу міндеті жүктеледі. Бала тәрбиесі отбасынан басталады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілдермен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Осыған орай кез келген бүлдіршін үшін балабақша тәрбиесі ата-анадан берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғастырып, жандандыруы сөзсіз. Ал, бүлдіршіннің тілге, білімге деген қызығушылығы оның ойлау қабілеті, танымдық қажеттіліктері балабақшада қалыптасады. Әсіресе, балабақшадағы тәрбие бала табиғатына өшпестей із қадырады.

Балабақшаның ең басты мақсаты: «Мемлекеттік білім беру бағдарламасына сай мектеп жасына дейінгі бүлдіршіннің жан-жақты эстетикалық дамуын қамтамасыз ету». Жаңа технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологияларды күнделікті ұйымдастырылған оқу әрекетінде пайдалану үшін әр тәрбиеші бүлдіршіндердің жас ерекшеліктерін ескеріп, педагогтың мақсат мүддесіне орай таңдап алады. Балабақшада тәрбиеші - бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Балаларды тәрбиелеуде тиімді жағдайлар жасау көбіне тәрбиешіге тікелей байланысты. Сол себепті де, мектепке дейінгі білім берудің - баланың жасын және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейін құру талабы әрбір балабақша алдында тұрған басты міндет.

Болашақ ұрпаққа жан-жақты, терең де жарасымды тәрбие берудегі басты тұлға – тәрбиеші-педагогтар мен ата-аналар. Қазіргі заман талабы ата-ана мен тәрбиешіден баланың жеке басын қалыптастыруды, оның көкірек көзін оятып, ата-бабадан қалған халқымыздың асыл мұрасын бойына сіңіруді, адамгершілік, ізеттілік қасиеттерге баулуды талап етеді. Ол

үшін, ең алдымен, тәрбиешінің өзі жан-жақты білімді, ізденгіш, озық тәжірибені бойына жинақтаған, сезімтал, балаға жүрек жылуын бере білетін, оның ішкі дүниесін, жан сезімін аңғара алатын маман болуы керек. Себебі, бала өмірге қажетті дағдыны әуелі отбасында алғанымен, оны әрі қарай тереңдететін, білім мен тәрбиеге баулитын - тәрбиешілер.

Жаңа заман тәрбиешісі – бұл сауатты маман, бағдарламаны және әдістемелік шараларды анықтай алатын білімді адам. Бұл бала және оның ата-анасымен тіл табыса білетін, қиын ситуациядан шыға білетін жақсы психолог. Бұл бірлесіп еңбек етуге, ұжымдас жолдасына кез келген кезде көмек беруге даяр тұратын маман. Жаңа заман педагогі дегеніміз үнемі ізденіс үстінде өз білімін жетілдіріп отыратын, жаңа әдіс жолдарын пайдалануға құштар және жақсы жетілген педагогикалық тәжірибені өз ісіне еңгізе білетін шебер маманды айтамыз. Атақты ұлы педагог Амонашвили «Тәрбиеші бұл- өзге адамның дамып жетілуін өз жауапкершілігіне алатын кәсіби адам» - деп атап өткен. [1]

Сондықтан тәрбиеші ата-ана алдына талап қоя білетін, баланы ұйымдастырылатын оқу әрекетінде сауатты жүргізетін жақсы маман екенін дәлелдей білу керек. Тәрбиеші тек балаға белгілі бір дағдыларды қарапайым үйретуші, білім элементтерінен түсінік беруші ғана емес, ол баланы сүйеді, олар қуанса бірге қуанады, мұңайса себебін таба білетін маман. Бұның бәрі ата-анамен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарда ата-аналар жиналысында, жеке пікір алысуда, консультацияларда т.б. әр ата-ана баласының сабақтағы жетістіктерімен мінезі ғана емес ол бала қандай ойында кім болып ойнайды, құрдастарымен қарым-қатынасы, мінезіндегі ерешеліктері, жеке даму саласындағы жетістіктерімен кемшіліктері т.б. жөнінде айтылу керек.

Тәрбиеші оқу-тәрбие үрдісіндегі негізгі тұлға. Жас ұрпақ бойына тәрбиенің алғашқы негізін қалыптастыратын тәрбиеші адамгершілігі жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағдарлай алатын әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін, оны түсіндіре алатын болуы керек.

Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші - әдептілігі, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін, ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртібі, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы. Ондай тәрбиешіні балалар жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, оған жақын жүргісі келеді, оның балалар арасында беделі де зор болады.

Тәрбиешінің жеке басының үлгісі - жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістерінің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себептен де ол үнемі жинақы, таза, ұқыпты жүруге, сөйлеген сөзі мәнді, әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлейді.

Мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі балаларға тәрбие беру және оларды мектепте ойдағыдай оқытуға дайындау ісін жүзеге асырады. Жоғары білімді тәрбиешіге тән қасиет педагогикалық шеберлік, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысу болып табылады.

Тәрбиешінің мақсаты: Әр баланың болмысы мен туа біткен қасиетін айқындау және дамыту. Осы бір қасиетті байқап уақытында ашу. Сондай-ақ, оның ашылмай жатып өшіп қалмауына жол бермеу, тәрбиешінің ерекше дарыны болып табылады.

Заманауи тәрбиешінің міндеті: өз нәтижелерін болжай алатын, дербестігін дамытатын және ортаға ой тастай білетін көпшіл, өнерлі де, тапқыр тұлға қалыптастыру. Әр баланың жеке мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасау.

Тәрбиеші – әрдайым үздік тәжірибелер мен педагогикалық ғылыми жетістіктерді қолдана жүріп, өз іскерлігін дамытып тұруы керек. Тек алға ұмтылып, жаңа технологиялар мен дәстүрлі емес әдістерді меңгере отырып, халық ауыз әдеби шығармаларын да ұмытпағанымыз жөн. Қазіргі заман балаларының қоршаған ортаны тануды көмектесуге, танымдық қызығушылығын қанағаттандыру үшін, тәрбиешіге білімі мен шеберлігін түрлендіріп отыруы тиіс. Технология қарқынды дамып жатқан қазіргі біздің заманда, педагог заман талабына сай сөзсіз техникалық құралдарды меңгере білуі керек.

Заманауи тәрбиеші – тәлімгер, дос, психолог және әртіс қасиеттері бір өзінің бойынан табылған адам. Тәрбиеші күні бойына бірнеше образға кіреді. Неғұрлым шынайы көрінсе,

еңбегінің соғұрлым нәтижелі болары анық. Баланың шығармашылық әлеуіті, тәрбиешінің шығармашылық әлеуетіне байланысты. Сол себепті, баланың шығармашылық қиялының дамуына ерекше көңіл бөлген дұрыс. Заманауи тәрбиеші – ол, соңғы заманауи әдістемелерді қолдана отырып салауатты өмір салтына жетелеуші, өз ісінің маманы болып табылатын шығармашылық адам. Тәрбиеші – ол Отан сүйгіш адам. Отаны оған өзінің асыл қазынасы – ел келешегін сеніп тапсырады. Тәрбиеші үшін шыдамдық пен мейірімділік аса қажет қасиеттердің бірі, себебі, тәрбиеші балалармен бірге ата-аналармен де тығыз байланыста болады. Тәрбиеші, педагогика туралы жеке танымына қарамастан, пікірлері сәйкеспесе де ата-аналарды сыйлай білуі керек.

Менің пікірімше, қазіргі заманғы жаңашыл педагог – ғылыми-теориялық терең ілімімен, технологиялық сауаттылығымен, пікір айырбас ортада жанжақтылығымен жаңа әдістемелік қалыптарды жандандыра түседі.

Кәсіби мүмкіндіктерін дамыту – ол, педагогтың шығармашылық тұлғасын қалыптастыра отырып жаңадан пайда болып жатқан педагогикалық инновацияларды қабылдау мен жүйелей білуге дайындайды. [2]

Біз өмір сүріп отырған бүгінгі дәуір жаңаша көзқарасты, жаңашылдықты талап етеді. Білімнің дамуы – адамзат өркениетінің өлшемі. Білімі күшті ел озады, білімі әлсіз ел оған қызмет етеді. Олай болса, білім саласы үнемі жетілдіруді қажет етеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты,- » деп атап көрсеткен болатын. Білім берудегі басты тұлға мұғалім мен тәрбиеші екендігі даусыз. Тіпті қазіргі технологиялар ерекше дамыған заманның өзінде білім мен тәрбие сапасын қамтамасыз етудегі мұғалім мен тәрбиешінің рөлін еш нәрсемен ауыстыруға болмайтынын халықаралық тәжірибелер көрсетіп отыр. Демек, педагог біліктілігі – еліміздің бүкіл білім беру жүйесін алға бастырып, оны заман талабына сай етіп құрудың негізгі алғышарты, басты кепілдігі болып табылады. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды білімді мұғалімдер, жан-жақты кемел тәрбиешілер ғана тәрбиелеп шығара алады.

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өткізілетін сабақ барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді. Бұл орайда баланы жалықтырып алмаудың жолдарын қарастырып, төмендегі тәсілдерді тиімді қолдану қажет:

-Бала қабілетін ашуда тіл шеберлігіне көңіл бөлу;

-Білімін қосымша әдебиеттермен толықтыру;

-Жылы сөздер арқылы үнемі балаға шабыт беріп отыру.

Яғни әр тәрбиешінің алдындағы сәулелі мұрат - шәкіртіне білім, тәрбие беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу. Сол «менді» шығармашылық тұлғаға айналдыру. «Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы - тәрбиеленген адам» екені белгілі. Сәбиді жоғары деңгейдегі білім мен адамгершілікке баулитын тәрбиешінің бойында барлық асыл қасиеттердің табылуы тиіс. Өйткені тәрбиеші жаңашыл, білімді, іскер, қабілетті, жауапкершілік сезімді, жаңа технологияны толық меңгерген өз ісінің шебері болуы керек.

Бала қабілеті ашылуы үшін:

1.Тәрбиеші білімнің ұдайы жетілдіріп, кәсіби шеберлігін шыңдауы тиіс.

2.Бала білімі мен қабілетіне сеніммен қарау керек.

3.Баланы ақпарат, жаңалықпен қамтамасыз етіп отыру қажет.

4.Ата-анамен тығыз байланыс орнаған жөн.

5.Баланы өмірге бейімдеуде дәл, дұрыс бағыт беріп, жеке ерекшелігіне көңіл бөлінуі керек.

Оқу мен тәрбиенің егіз екенін бір сәт те естен шығармаған жөн, соның нәтижесінде ғана сапалы білім мен саналы тәрбиеге қол жеткізуге болады.

Жаңа Қазақстандағы педагогке қойылатын талаптар күннен-күнге жауапкершілікпен қоса өркендеп, алға қарай дамып келеді. Нақтырақ айтқанда, мұғалім тәуекелшіл, психолог, білікті педагог, көшбасшы, заманауи технологияны жан-жақты игеруші болуы басты назарда тұрады деген сөз. Заманымыз алға жылжып, дамыған сайын мұғалімнің әдістемелік әлемі де өзгеруде. Бүгінгі күннің баласына білім беру көптеген тың идеяларды қажет етеді.

Жекелеген балалардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, олардың тапсырма орындау барысындағы түсінігін жетілдіру өзекті болады.

Сондай-ақ, жаңа әдіс-тәсілдердің практикалық қолданысын кеңейту мен оны қолдана білу де маңызды рөл атқарады. Ол үшін педагог өзіндік ұшқырлық қабілеттерін жетілдіре отырып, әр баланың жас ерекшелігіне мән беруі де қажет дүние екендігі анық. Осы тұрғыда әріптестермен тәжірибе алмасу, ой-сананы кеңейту, заманауи технологияны қоса білуі шарт. Білімді және тәрбиелі, дүние танымы мен ой-өрісі кең, саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін осы қажеттіліктерді орындау өте маңызды дүние екендігі мәлім.

Қазіргі таңда балаға нақты білім беруді көздеген тәрбиеші өз сабағына әрдайым көрегенділік танытып, баланың өзіндік идеясы мен біліктілігін дамытуға ықпал жасай алуы білім берудегі негізгі қаруы болып табылады. Ол тәрбиешінің кәсібилігімен тікелей байланысты жүйе екендігі даусыз. Оның барлығы тәрбиешінің жан-жақты білімінен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен және сол әдістерді тиімді пайдалануымен өлшенеді.

Білім берудің негізгі басты мақсаты мен нәтижелілігі білім алумен бірге, біліктілік дағдыларына қол жеткізе отырып, заман талабына сай ұлттық құндылықтарды бойына дарытқан, өз Отанының патриоты, жан -жақты дамыған білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға беретін, функционалдық сауаттылығы қалыптасқан жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Заманауи педагог жеткен жетістігінде тоқтап қалмай, алға жылжуы қажет, себебі мұғалімнің жұмысы шығармашылықтың қайнар көзі болып табылады. Шығармашыл мұғалім балабақшаның жүрегі, тәрбиеленушілеріне әрдайым шамшырақ. [3]

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Меңжанова А. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы. «Рауан», 1992ж.
2. Ф.Н.Жұмабекова.Мектепке дейінгі педагогика.-Астана. Фолиант,2008ж.
3. Сейталиев К.Б. Педагогика тарихы - Атырау, 2007ж.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ТҮЗЕТЕ-ДАМУЫ

Ақдәулетова Ақмарал Көрегенқызы - "Қызылорда облысының білім басқармасының, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Бегім ана» бөбекжай - бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің логопед маманы

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде «Жасанды интеллект» технологиясының негізгі ережелеріне сүйене отырып, тәрбие парадигмасын жаңартуда, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, педагогиканың өзекті мәселелері ретінде заманауи әдіс-тәсілдер, технологиялар арқылы баланы тәрбиелеу мен дамытудың маңызын қарастырады.

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі тәрбие беруде ерекше білім беруді қажет ететін, соның ішінде жалпы сөйлеу тілі кешеуілдеген балаларды жан-жақты дамыту барысында ЖИ технологиясын ойын іс-әрекетінде қолданудың пайдасы зор. Ұстаздардың табысқа жету жолы үнемі кәсіби және тұлғалық даму, заманауи технологияларды тиімді қолдану жағдайында мүмкін болады. Жоғары кәсіби құзыреттіліктерді, жаңашылдықты, эмпатияны, коммуникативті дағдыларды және өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысты қамтитын кешенді тәсіл маманның өз миссиясын нәтижелі орындауға және болашақ ұрпақтың қалыптасуына елеулі үлес қосуға мүмкіндік бере

Түйін сөздер Тәрбие, заманауи қолжетімді технология, жасанды интеллект, ұлттық құндылық, жалпы сөйлеу тілі.

Аннотация В данной статье рассматривается значение воспитания и развития ребенка с помощью современных методик, технологий, как актуальных проблем педагогики,

популяризации национальных ценностей, обновления парадигмы воспитания, опираясь на основные положения технологии «искусственный интеллект» в воспитании детей дошкольного возраста.

В современном дошкольном воспитании, при всестороннем развитии детей с особыми образовательными потребностями, в том числе с задержкой общей речи, применение технологии ИИ в игровой деятельности имеет большое значение. Путь к успеху педагогов возможен в условиях постоянного профессионального и личностного развития, эффективного применения современных технологий. Комплексный подход, включающий высокие профессиональные компетенции, новаторство, эмпатию, коммуникативные навыки и стремление к саморазвитию, позволяет специалисту продуктивно выполнять свою миссию и вносить значительный вклад в становление будущих поколений.

Ключевые слова Воспитание, современные доступные технологии, искусственный интеллект, национальная ценность, общий разговор

Annotation This article considers the importance of raising and developing a child through modern methods and technologies, based on the basic provisions of "artificial intelligence" technology in the education of preschool children, updating the educational paradigm, popularizing national values, as topical problems of pedagogy.

In modern preschool education, the use of AI technology in game activities is of great benefit in the comprehensive development of children with special educational needs, including those with General speech delays. The path to success for teachers is possible under the condition of constant professional and personal development, effective use of modern technologies. An integrated approach, which includes high professional competencies, innovation, empathy, communication skills and the desire for self-development, allows a specialist to effectively fulfill his mission and make a significant contribution to the formation of future generations.

Keywords Education, modern accessible technologies, artificial intelligence, national value, common spoken language.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 5-отырысында инклюзивті білім беру мәселесін көтерді. Осы бағыттағы жұмысты күшейту керек екендігін атап өтті. **Қазақстанға білім беру саласында түбегейлі жаңа тәсілдер қажет екенін айтты.**

Президент тапсырмасы аясында елімізде «2024-2029 жылдарға арналған жасанды интеллектті дамыту» тұжырымдамасында жасанды интеллектті енгізудің қазіргі жағдайы мен бағыттары егжей-тегжейлі сипатталған жоба бекітілмек. «Ашық НҚА» порталында жарияланған ғылым және жоғары білім министрлігінің деректері бойынша еліміздегі 24 жоғары оқу орны мен ғылыми орталық жасанды интеллект саласындағы қандай да бір зерттеулермен немесе әзірлемелермен айналысады деп жоспарлануда.

"Жаңа дәуірде білім беру ұйымдарының жағдайы мемлекеттің дамуына тікелей ықпал етеді. Ал білім және тәрбие беру ошағы қандай болмағы ұстазға байланысты. Бүгінде педагогика саласы ғылымның ең маңызды тармағының біріне айналды. Сондықтан, бұл салаға түбегейлі жаңа көзқарас қажет. Заманауи технологияның көмегімен білім беру жүйесін жедел әрі тиімді жаңғыртуға болады. Біз білім саласын ең үздік халықаралық стандарттарға сай дамытуымыз керек", — деп атап өтті.

Осы бағытта біз мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымында жан-жақты әдіс-тәсілдер, заманауи технологиялар қолданамыз. Соның бірі-жасанды интеллект.

Жасанды интеллект (ЖИ, [ағылш. artificial intelligence, AI](#)) — [интеллектуалды компьютерлік бағдарламалар](#) мен машиналар жасау технологиясы әрі ғылым деген мағына білдіреді.

Жасанды интеллект- белгілі бір интеллектуалды технологиялық жүйелердің адамның танымдық функцияларын имитациялауға мүмкіндік беретініс-әрекеттерді жүзеге асыру қабілеті, ол өздігінен немесе ұстаз көмегімен білім алуды, шешімдерді іздеуді қамтиды, алдын-ала анықталған іс-әрекеттер алгоритмі.

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты заманауи мұғалім баланың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, зерттеушілік, белсенді ізденушілік, баланың жан-жақты дамуына, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ортаға қалыптасып, өздеріне қызықты ойындарды таңдап, дамуына көп жұмыстар жүргізуіміз керек. Заманауи технология – ол бала қызығушылығын дамытатын басты құрал. Ақпараттық технологиялар баланың өміріне ерте жастан бастап еніп, оның жеке басының қалыптасуына оң және теріс әсер ететінін бәріміз білеміз. Балалар психикасына әсер ету күші бойынша қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар басқа құралдармен салыстыруға келмейді. Біз көтеретін мәселеге қалай қарасақ та, қоғамды ақпараттандыру мектеп жасына дейінгі педагогтардың алдына уақытпен бірге жүру, бала үшін жаңа технологиялар әлеміне жолсерік болу, баланың жеке басының ақпараттық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру міндеті қойылған. «Балалық шаққа зиян келтірмеңіз» педагогикасының негізгі қағидатына сүйене отырып, бүгінде мектеп жасына дейінгі педагогтардың АКТ саласындағы кәсібилігі мен құзыреттілігі және ақпараттық технологияларды білім беру процесіне қауіпсіз енгізу саясаты туралы айтуды қажет деп санаймын. Балабақшадағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, оның ішінде жасанды интеллект технологиясы — қазіргі мектепке дейінгі тәрбиенің өзекті мәселесі. Бір жағынан, елбасымыздың жолдауында мемлекеттің білім саласында қарқынды дамуын арттыру мақсатында әр білім беруші ұйымның алдына міндет қойды: баланың денсаулығына қауіп төндірмейтін жүйе құра отырып электронды өкілдігі бар, бағдарламалауға, робототехникаға, жобалауға, зерттеу жұмыстарына қызығушылығы бейім саналы да сапалы ұрпақ тәрбиелеу. Соңғы бес жылда мектепке дейінгі мекемелерде АКТ қарқынды дамып келе жатқанын көреміз. Оның себебі:

1. Мемлекеттік деңгейде ақпараттық қоғамды дамыту стратегиясын қабылдау;
2. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму Тұжырымдамасын қабылдау;
3. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру;
4. «Жаңа Қазақстан» бағдарламасы;
5. Ұлттық мектеп жобасы аясында интернетке қосылу;
6. «Білім туралы» Заңға түзетулер қабылдау;
7. Әлеуметтік желілерді қалыптастыру және т. б. бағдарламалардың қабылданып, жүзеге асырылуынан байқауға болады. Осы оқиғалардың барлығы бүкіл білім беру жүйесінің мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушылық формаларын, демек, балабақшалардың жұмысын, олардың жоғары тұрған ұйымдармен және ата-аналармен қарым-қатынас жұмыстарын өзгертуге әкелді.

Білім беру процесіне жасанды интеллект технологияларын енгізудің басты мақсаты білім беру ұйымының бірыңғай ақпараттық кеңістігін, оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушылары: әкімшілік, педагогтар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары арасында ақпараттық деңгейде байланыс жүйесін құру болып табылады.

Интеллектуал технологияларын меңгеру арнайы маманға, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің маманына жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда өзін жайлы сезінуге, ал білім беру мекемесіне – ашық білім беру жүйесі ретінде жұмыс істеу және даму режиміне өтуге көмектеседі. Интернетке қосылған компьютерлер, мультимедиялық проекторды қолдана отырып ойын қызметін жүргізетін маманның дәстүрлі технологиялар аясында ғана жұмыс істейтін әріптесінен білім беру тұрғысынан сапалы артықшылығы бар екені анық.

Жасанды интеллекті меңгерген маман IT саласында құзыретті педагогтар қатарында және келесі дағдыларды меңгереді:

*олар графикалық және мәтіндік құжаттарды жасай алады (топтық құжаттаманы, диагностиканы және т. б. дербес ресімдейді);

*білім беру процесінде ақпараттық технологияларды белсенді қолданады;


*интернетте ақпарат іздеу дағдыларына ие, тапсырыс пен жазылымды жүзеге асыра алады, электрондық дидактикалық және педагогикалық бағдарламалық құралдарды қолдана алады;

*электрондық білім беру өнімдерінің негізгі педагогикалық қасиеттерін бағалай алады, оларды оқу процесінде қолданудың педагогикалық орындылығын анықтай алады, презентациялар жасауға арналған PowerPoint бағдарламасының мультимедиялық технологияларын (фото — бейне және аудио, интеллект QR коды әртүрлі материалдарды көрсетеді, бала оны көреді, естиді және кері байланысқа түсіп сөйлейді, сақтау және іздеу әдістері) меңгереді.

IT технологияларының алғашқы әліпбиін біздің балабақша педагогтарының құрамы жоғарғы деңгейде меңгергендігін мақтанышпен айта аламын. Балабақша әкімшілігінің цифрлік ортамен барлық топты, жеке арнайы кабинеттерді ұйымдастырып ашуы, педагогтарды біліктілікті арттыру курстарына жіберіп, түрлі байқауларға қатысуға жағдай жасауының арқасында IT технологиясын бастамасы білім беру мен тәрбиелеу жүйемізге сіңісіп кетті. Мемлекеттік білім беру стандартының мақсаты мен міндетін сапалы іске асыруда заманауи технологияларды ұлттық құндылықтарымызды дәріптеумен сабақтастықта қолданудамыз. Ойын іс-әрекетінде жасанды интеллект технологиясын қолданып баланың коммуникациялық дағдыларын дамытып, оларға арналған түрлі дамытушы ойындарды жан-жақты қолданамыз.

Осылайша, логопед маманының қызметінде IT технологиялары, соның ішінде жасанды интеллектті қолдану мектепке дейінгі білім беруде инновациялық процестерді енгізуге мүмкіндік береді. Балабақшада логопед маманы ретінде әртүрлі диагноздармен түзете-дамыту жұмыстарын жүргіземін. Соның ішінде жалпы сөйлеу тілі кешеуілдеген немесе мүлде дыбыстары жоқ ПМПК қорытындысы бар балалармен түзете-дамыту барысында жасанды интеллектті тиімді пайдаланамын, яғни **objectViewer программасы** арқылы қг дыбыс шақырушы ойындарын әзірлеймін, ал, **cospaces программасы** арқылы әртүрлі анимация құрастыру арқылы бала тілін дамытатын әртүрлі ертегілер және мультфильмдер құрастырамын. Түзете-дамыту ойын іс-әрекетінде жасанды интеллектті пайдалану арқылы ерекше баланың ең алдымен қызығушылығын арттырып, танымдық қабілеттерін дамытамыз, көз көру гнозисін жақсартамыз, дыбыстарға еліктеу қабілетін жандандырып, ұсақ моторика яғни саусақтармен жұмыс жасау арқылы, мидың сөйлеу функциясына ақпарат беріп, жалпы сөйлеу тілін жетілдіреміз және түзетеміз.

Жасанды интеллект- білім беру процесінің сапасын арттыруға ықпал етеді, ақпараттық технологиялар мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту саласындағы тәрбиешілер мен мамандардың мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді. Заманауи компьютерді, смартфон, планшет, панельдерді пайдалану мүмкіндіктері баланың қабілеттерін дамытуды барынша толық және сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Балалармен жұмыс кезінде ЭОР (электрондық білім беру ресурстарын) пайдалану балалардың танымдық мотивациясын арттыруға қызмет етеді, сәйкесінше олардың жетістіктері мен негізгі құзыреттіліктерінің өсуі байқалады. Балалардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына деген қызығушылығын атап өткен ата-аналар тәрбиешілерге құрметпен қарай бастады, олардың кеңестерін тыңдайды, топтық жобаларға белсенді қатысады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде компьютерді пайдаланып әртүрлі заманауи IT әдістерін қолдану өте тиімді және мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының барлық қабілеттерін дамытуға, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен қарым-қатынас орнатуға үлкен қолдау көрсетеді.



Қорытынды

Жалпы, жасанды интеллект білім беруде өте пайдалы, өйткені жасанды интеллект әрбір тәрбиеленушінің қабілеті мен қызығушылығына сай көмектесе отырып, қолдау көрсетеді. Сондай-ақ ұстаздардың жүктемесін азайту арқылы күнделікті түзете-дамыту барысында ойындарды ойнатуға және балалардың даму барысы туралы нақты мәлімет беруге қабілетті. Жасанды интеллект балалардың түрлі қажеттіліктеріне сай ойын материалдарын бейімдей алады, бұл білім беруді одан сайын қолжетімді және тиімді етеді.

Соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін менің тәрбиеленушіліреме өте тиімді дамытушы технология, ойындар барысында қолдану арқылы олардың шынайы эмоциясын, қызығушылығын және процесс барысында жалпы сөйлеуге ынталанатындығын атап айтқым келеді. Менің жұмысым басқа ұстаздарға ойын іс-әрекеттерге инновациялық әдістерді енгізуге шабыттандырып, жақын болашақта мұндай тәсілдер бүкіл облыс пен республика білім беру ұйымдары үшін қалыпты жағдайға айналады деп сенемін. Демек, жасанды интеллект Қазақстанның білім беру жүйесін түбегейлі өзгерте алатын, оны икемді, тиімді және қолжетімді ете алатын қуатты құрал. Дегенмен бұл әлеуетті жүзеге асыру үшін жасанды интеллектіні білім беру саласына енгізудің технологиялық және әлеуметтік аспектілерін де ескеретін кешенді стратегияларды әзірлеу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауы, https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/tubegeyl-jana-kozkaras-kajet-tokaev-kazakstandagyiblm-beru-354564/
2. https://www.instagram.com/ayaulym_makhan?igsh=cHV0YjljMG91cmNI
3. https://www.instagram.com/reel/DCN7SK4tQgRTEIYC0Q97_v3PACB_Elt-

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ: ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІ АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІШТЕУ

Айтилесова Гульмира Шакизадаевна - "Қызылорда облысының білім басқармасының, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №3 Қарлығаш санаториялық бөбекжай - бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі

Аңдатпа: Бұл мақалада туганнан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы ұштағанының негізгі ережелеріне сүйене отырып, тәрбие парадигмасын жаңартуда педагогиканың өзекті мәселелері ретінде еңбек арқылы баланы тәрбиелеу мен дамытудың маңызын қарастырады.

Мектепке дейінгі балалар өмірі мен іс- әрекетін ұйымдастырудың негізгі факторы ретінде еңбек тәрбиесі арқылы құндылықтарды қалыптастырудағы көрнекті психологтар мен педагогтардың еңбектеріне шолу жасалынған. Еңбек тәрбиесі арқылы құндылықтарды, қоршаған шындықты білудің, әртүрлі білім мен дағдыларды игерудің ең жақын және табиғи тәсілі ретіндегі маңызын ғалымдардың еңбегімен байланыстыра отырып талдау жасалынған.

Түйін сөздер: Біртұтас тәрбие, ұштаған, парадигма, еңбек тәрбиесі, құндылық

Аннотация: В данной статье рассматривается значение воспитания и развитие детей от рождения до 6 лет через труд как актуальная проблема педагогики в обновленной парадигме воспитания, исходя из основных положений программы «Единое воспитание».

Выдающиеся психологи и педагоги в своих работах раскрыли, что в формировании ценностей через трудовое воспитание является основным фактором организации жизни и деятельности детей дошкольного возраста. Связывая с трудами ученых проведен анализ, главным фактором в трудовом воспитании большое значение имеет овладении различными знаниями и умений детей дошкольного возраста естественным путем

Ключевые слова: Целостное воспитание, триединство, парадигма, трудовое воспитание, ценность

Annotation: This article addresses the importance of educating and developing children through labor in the context of "Holistic Education" principles, focusing on updating the educational paradigm for children from birth to six years old. It reviews the works of prominent psychologists and educators on the formation of values through labor education as a core factor in organizing the lives and activities of preschool children. The study analyzes how labor education, as the closest

and most natural means, helps children understand surrounding realities, gain various skills, and acquire knowledge, linking it with the contributions of scholars.

Keywords: *Holistic education, triad, paradigm, labor education, values*

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырған болатын. [1] Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына соның ішінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына да енгізілді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында еліміздің болашағын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттаған болатын.[2]

Осы аталған талаптарды жүзеге асыру және мектепке дейінгі білім беру саласында сапалы тәрбие мен білім беруді жетілдіру мақсатында, №3 "Қарлығаш" санаториялық бөбекжай-бақшасында біршама жұмыстар қолға алынды.

Атап айтқанда, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру шеңберінде өз іс – тәжірибемде, балаларды адал еңбек арқылы оқыта отырып, табиғат туралы танымдық дағдысын дамытуда «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясындағы жұмыстарды ұсынуды жөн көрдім. Себебі, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы тәрбие мен білім беру процестерінде интеграциялауды мақсат етеді.[3] Бөбекжай-бақшамызда 2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылып келеді.

Қазіргі цифрландыру дәуірінде, ақпараттық технологиялық жүйенің дамуы ұлтымыздың тарихи, әдеби-мәдени кодын сақтап қалу қоғамдығы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Әлеуметтік-тарихи тәжірибеге сүйенсек, әрбір жаңа ұрпақ өз халқының өткен тарихи тәжірибесіне, ұлттық құндылықтары мен идеологиясына сәйкес, ұлттық сана-сезімі қалыптасатынын көрсетеді. Сондықтан бұл процесс ұлт тарихының аса күрделі, маңызды факторы болып табылады.

«Құндылық» ұғымы XIX ғасырдың ортасында ғылыми айналымға енгізілді. Ол философиялық және басқа да арнайы әдебиеттерде шындықтың белгілі бір құбылыстарының маңыздылығын көрсету үшін кеңінен қолданылды. Соның ішінде жалпыадамзаттық құндылық жөніндегі алғашқы пікірлер Сократ, Аристотель заманынан бері жалғасып келе жатырғанын тарихтан білеміз. Ойшылдардың ізгілікке ұмтылу, шындықты бағалау сынды ой тұжырымдарының астарында жалпыадамзаттық құндылықтардың жатқандығы белгілі.

Философиялық сөздікте: ...Ұлттық құндылықтар – олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы деген түсінік береді.[4]

Педагогика ғылымында еңбек тәрбиесінің оқу үрдісінде алатын орны туралы зерттеліп жүрген еңбектер аз емес.

Зерттеушілер С. Л. Рубинштейн, И. Г. Песталоцци, Е. А. Плешанова А.Байтұрсынов, Б.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев балалардың қалыптасуында еңбек тәрбиесінің маңыздылығын атап өткен болатын. [5]

Ал зерттеуші Г.Нұрышева «Құндылықтар адамның сезімін оятып, іс-әрекеттің себеп-салдарын анықтап, адам мен қоршаған ортаны байланыстыратын буын, рухани болмыс» дейді.[6]

Сондықтан мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап қазақ халқының болмысына тән, тамыры терең құндылықтарын сақтау және оны бала бойына сіңіру балабақша ұжымының басты мақсаты болып белгіленді.

Демек, бала бойында табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға, табиғи ресурстарды үнемді қолдануға, еңбекқорлыққа баулу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр десек болады.

Әдістемелік тұрғыдан талдау жасап көрсек.

Балалардың бір нәрсені зерттеуге, білуге деген талпынысы биологиялық құбылыс болғандықтан олар үнемі қоршаған ортаны зерттеп, танып білгісі келіп тұрады. Сондықтан адам үшін, адамның өмір сүруі үшін негізгі қажеттілігі еңбек десек болады.

Автор А. И. Савенков еңбек әрекеті барысында мектеп жасына дейінгі бала өз зерттеулерін, бақылауларын, эксперименттерін жүргізсе, дайын білім алудан гөрі жаңа білімді түсінуі оңайырақ болатынын айтады.[7]

Еңбек әрекетін жүзеге асыру мәселелерін К.Д. Ушинский, А.С. Макаренко, Н. К. Крупская, В. А. Сухомлинский, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және басқа да бірқатар авторлар қарастырып, болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі еңбектің орасан зор рөлін атап өткен болатын.[8]

Осы орайда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы балалардың жан-жақты дамуына, әлеуметтік және эмоционалдық, еңбек дағдыларын қалыптастыруда маңызды орын алады.

Себебі құндылықтарды бойына сіңірген бүлдіршіндер Отанына деген сүйіспеншілік, мемлекеттік рәміздері қазақ халқының дәстүрлі өзінің туған жері, табиғатына деген сезімге бай болып келеді. Әр баланың тұлғалық қабілеттері айтарлықтай ерте кезден біліне бастайды. Егер де ата-ана немесе педагог соны байқап, уақытында дамытуға көмек көрсететін болса, болашақта ол балада қандай да бір отаншыл тұлға қалыптасады. Баланың ерте кезден еңбекқорлық, шығармашылық қабілетін анықтау – баланың есте сақтау мен ойлау қабілетіне де әсер етеді. Табиғатқа қатысты ойындар мен тапсырмалар болашақта баланың мектеп бағдарламасын оңай қабылдауына да, септігін тигізеді. Себебі қазіргі таңда жиі кездесетін тежелулер балалардың қалыпты дамуында қиындықтар туғызуда. Олар:

- Есте сақтай алмау (әріптер мен сөздерді қалдырып немесе бұрмалап
- айту, қайта-қайта сұрай беру)
- Көріп, кеңістікті қабылдауы (графикалық кескінді сала алмауы, парақ бетін бағдарлай алмауы, теріс жазуы)
- Тактильді қабылдауы (қол, дене бұлшық етін сезінбеуі)

Бұл балалардың денсаулығына, танымдық жетілуіне, еңбек қағидаларын меңгеруіне, қарым-қатынас ортасының болмауына және тілдік дағдылардың төмендеуіне әкелуде. Сондықтан да, табиғаттағы еңбек үлкен білім беру мәніне ие.

Табиғаттағы әртүрлі жұмыс түрлері балаларға үлкен қуаныш сыйлайды және олардың жан-жақты дамуына ықпал ететіні белгілі. Бала еңбек процесінде табиғатқа деген сүйіспеншілікпен оған ұқыпты қарауға тәрбиеленеді. Балаларда еңбек қызметі барысында қызығушылық, саналы, жауапты көзқарас қалыптасады. Сондай-ақ ұжымда балалар бірлесіп жұмыс істеуге, бір-біріне көмектесуге үйренеді. Ол балалардың ой-өрісін кеңейтіп, сенсорлық тәрбие мәселелерін шешуге қолайлы жағдай жасайды. Табиғатта еңбек ете отырып, балалар табиғат объектілерінің қасиеттерімен танысады. Педагог балаларды еңбек әрекетін орындау үшін табиғат объектілерінің ерекшеліктеріне назар аударуға үйретеді. Табиғаттағы еңбек процесінде балаларда өсімдіктер туралы білім қалыптасады (өсімдіктердің қасиеттері мен құрылымы, дамудың кезеңдері, өсіру әдістері, маусымдық өзгерістер), жануарлар туралы (сыртқы түрі, қозғалу әдістері, әдеттері, өмір салты, маусымдық өзгерістері). Балалар табиғаттағы жануардың жағдайлары, өмір салты және оны табиғат бұрышында күту тәсілдері арасында байланыс орнатып үйренеді.

Сондай-ақ табиғаттағы еңбек балалардың байқау мен қызығушылығын, дамытуға ықпал етеді, олардың табиғат объектілеріне, адам еңбегіне деген қызығушылығын, еңбек адамдарына деген құрметін тудырады. Еңбек процесінде өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың практикалық дағдылары қалыптасады, зияткерлік дағдылар дамиды: жұмысты жоспарлау, материалдар мен құралдарды таңдау, операциялардың реттілігін белгілеу, оларды уақыт бойынша және еңбекке қатысушылар арасында бөлу, нәтижелерді бағалау және т. б.

Сонымен қатар табиғаттағы еңбек балалардың физикалық дамуына қолайлы жағдай жасайды, өйткені көп жағдайда ол таза ауада өтеді, бұл дене қозғалысының дамуына, бала

жүйке жүйесінің нығаюына ықпал етеді және еңбекке деген қызығушылықтары қаланады. Жоғарыда аталған жұмыстардың бірқатарына тоқталып өтсем.

«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы аясындағы жұмыс «Эко бум»

Мақсаты: Табиғат жөнінде қарапайым білім беріп, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде түсінік қалыптастыру.



Бұл жерде балалар туған табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, оның әсемдігін терең сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға тәрбиеленуде. Өсімдіктерге күтім жасаудың практикалық дағдылары қалыптасады.

«Жомарт күз» еңбек жәрмеңкесі

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күзгі өнімдермен таныстыру, олардың ағзаға пайдасы туралы түсінік беру.



«Жомарт күз» жәрмеңкесі аясында балалар табиғаттың мол байлықтары туралы түсінігін кеңейтеді. «Еңбек түбі береке», «Еңбектің наны тәтті» түйін сөздерінің мәнін ұғынады. Мерекелік көңіл-күйге бөленіп, еңбек дағдыларына тәрбиеленеді.

Енді осы табиғаттағы еңбекті ұйымдастыруға қандай педагогикалық талаптарға сүйенуге болады?

Табиғаттағы еңбек, егер оның ұйымдастырылуы мен мазмұны белгілі бір педагогикалық және гигиеналық талаптарға сай болса, тәрбиелік маңызы артады. Ең маңызды педагогикалық талап-еңбек мазмұны бойынша әр түрлі жұмыс түрлерін ұйымдастыру: жануарларға (күстар, балықтар, сүтқоректілер), өсімдіктерге күтім жасау, табиғат бұрышында өсімдіктерді өсіру, бақшадағы еңбек. Осындай әртүрлі жұмыс балалардың қызығушылығын және оған қатысуға деген ұмтылысын арттырады. Еңбек ету процесінде біліммен қатар практикалық дағдыларды меңгереді. Мәселен, балаларды өсімдіктің құрылымымен таныстырады, өсімдіктердің тамыры, жапырағын зақымдамау қажеттігін түсіндіреді. Ал мектепке дайындық тобына гүл тұқымдарын отырғызу кезінде, түсін, мөлшерін, пішінін таныстыра отырып, өсімдіктің өсу процесіне назар аудартады. Еңбекті осылайша ұйымдастыруда бала тек дағдыларды ғана емес, сонымен бірге еңбек қызметінде қажетті білімді де алады. Сонымен қатар маңызды педагогикалық талап-бұл баланың алдын ала еңбек әрекетінің мақсаты, нәтижелері және оларға жету жолдарынан хабардар болуы. Бұл балаларда саналы көзқарасты дамыта бастайды, еңбек операцияларын орындау үшін белгілі бір еңбек процесін жүргізу қажеттілігін сезіну қабілеті қалыптасады.

Қазіргі таңда бөбекжай-бақшасында практикалық тұрғыдан **«Еңбек тәрбиесі арқылы құндылықтарды дәріптеу» тақырыбында жобасы** әзірленіп, балалармен жұмыс жүргізілу үстінде. Педагогикалық процесс бойынша әр жас топтарында еңбек орындары анықталып, жұмыс мазмұны әзірленді.

Бұл тақырыпты таңдауға негіз болған, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы құндылықтарына бағдарланған білім беруді, оқу бағдарламасына кіріктіру.

Жобаның мақсаты: Мектеп жасына дейінгі баланың қызығушылығын, мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды дамыту, Отанға сүйіспеншілікке, туған өлке табиғатын қастерлеуге, мәдени-әлеуметтік, еңбек нормаларына баулу, мектепке дейінгі ұйым мен отбасы күш-жігерін біріктіру.

«Еңбек тәрбиесі арқылы құндылықтарды дәріптеу» жобасында *«еңбек», «құндылық», «денсаулық»* деген ұғымдардың мәнін, баланың өзін қоршаған әлемге деген қызығушылығын қалай ояту керек, баланы еңбек арқылы құндылықтарға қалай үйретуге болады деген мәселелер зерделенген. Баланың еңбек дағдыларын, құндылықтарды меңгеруіне оның өмір сүріп жатқан ортасы тікелей байланысты. Сондықтан баланың кез келген бағытта дамуына жүрген ортасы, отбасының тәрбиесі, жақындарының қолдауының әсері мол.

Ол үшін, педагогтер мен ата-аналарға келесі ұстанымдар ұсынылды:

- қолайлы қоршаған орта жасау,
- педагогтың, ата-ананың мейірімі,
- балаға сын айтпау,
- қызықты идеяларды қолдап, жақсы баға беру,
- тәжірибелік жаттығуларды орындауға мүмкіндік беру,
- әр түрлі мәселені шешуде үлгі көрсету,
- баланың кез келген сұрағына жауап беру,
- оқу немесе ойнау барысына балаға өз ойын білдіруге мүмкіндік беру,
- бала қандай да бір істі орындай алмаған жағдайда мысқылдап күлмеу, түсінуге тырысу.

Барлық балаларда еңбек қабілеті бар деп айтуға болады. Мұндағы басты мәселе – дененің саулығы мен баланың қалыпты дамуы. Аталған тақырыптарды меңгертуде баланың жеке дамуының қуатты құралы ретінде, қолайлы орта жасаудағы алғашқы жұмыс түрі *«Көңілді сәлемдесу», «Дені саудың, жаны сау», «Бақшадағы көкөністі бақылау», «Атыздарды тазарту», «Көкөністерді жинау», атты тәрбиелік шаралар мен қызықтар* әлеміне бақылау жасай отырып *ұйымдастырылады*.

Педагог баланың көзіне көрсете отырып, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге ауысу жолын үйретеді. Ол үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланды. Мысалы:

- Құмда сурет салу;
- Құмдағы іздер (жалаң аяқ жүру);
- Жаңбыр тамшылары нүктелер арқылы сурет салу;
- Әр түрлі жапырақтардан бейнелер жасау;
- Сия тамшысымен саусақпен табиғат құбылыстарын бейнелеу т.б

Табиғатты бақылау оны бейнелеу кезінде баланың тактильді сезімі дамып, қоршаған орта туралы түсінігі тереңдеп нығая түседі. Яғни, бір затты бейнелей отырып бала оның сюжетін жасайды, ол туралы өз сезімін көрсетеді. Бұл жерде Аристотельдің мына сөзін есте ұстау қажет: *«Қоршаған ортамен байланыс баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайды»* дейді.[9]

Сонымен бірге табиғаттағы еңбек балалардың физикалық дамуына қолайлы жағдай жасайды, өйткені көп жағдайда ол таза ауада өтеді, бұл дене қозғалысының дамуына, бала жүйке жүйесінің нығаяуына ықпал етеді және еңбекке деген қызығушылықтары қаланады. Мысалы: *«Біз мықтымыз, ептіміз», «Маусымдық өзгерістер», «Қыс қызықтары», «Көктем келді», «Сиқырлы асықтар», «Көшет отырғызу», «Жеміс ағаштары»* тақырыптарын ұйымдастыру барысында тәрбиеші педагогтер балаларда кездесетін түрлі кедергілерге

қолдау жасай алуы керек. Мысалы үш жасқа дейінгі кезең немесе **бірінші кезең** – дамуы, баланың ойына алған әрекетті орындауға ұмтылу кезеңі. Бала жас болған сайын оның орындаушылық ықыласы тұрақсыз болады. Үш жастағы балалардың 30-40 пайызы ғана ойына алғандарын басқа затпен алмастырып, бейнелеп көрсете алады. Кейде балалар қолына еңбек құралын алған соң жасай алмайтынын біліп бас тартады. Дегенмен бала есейген сайын оның мінезі тұрақталып, тәжірибесі молайып дағдылана түседі.

Екінші кезең – еңбек процесінің пайда болуы. Балаға тапсырманы бергеннен соң іс-әрекет бағытын өзі табуына ықпал жасау керек. Бұл кезеңде бала қабілетін өзі басқаруға, жұмыс құралдарын пайдалана білуге ұмтылады.

Үшінші кезең – алдыңғы екі кезеңмен тығыз байланысты, яғни жалғастыру және аяқтай білу. Бала жұмысын талдау, қарау, оған өздерін қатыстыра отырып баға беру, сенімділік пен белсенділікті дамытады.[10] Міне осы үш кезең арқылы балалардың еңбекқорлық қабілетін дамытып отыру қажет деген шешімге келдік.

Балаларды табиғатпен таныстыруда серуендеудегі бақылауларға ерекше мән бердік. Мысалы, күзде бұтақтар арқылы аспанның түсіне назарын аудару. Балалар әртүрлі пішіндегі түсіп жатқан түрлі-түсті жапырақтарды жинағанды ұнатады. Баланың байқау қабілетін дамыту және балалардың таным аймағын кеңейту үшін, ойын барысында жапырақтардың сыбдырын тыңдауға, қолмен ұстауына мүмкіндік бердік. Балаларды жансыз табиғатпен таныстыруға да, көп көңіл бөлген орынды себебі, бала жер, су, ауа, құм, тас, жел сияқты ұғыммен, оның пайда болу себептері мен танысады. Сонымен қатар балалардың қызығушылығын тудырудың кейбір тәсілдерін де тәжірибемізде жиі қолдандық, олар:

- ✓ Қандай да бір талқыланған мәселе бойынша балалардың пікірін білу үшін олардың қол көтеріп, дауыс беруін сұраңыз (*жақтап немесе қарсы шығып*)
- ✓ Сұрақ қойыңыз, уәде беріңіз.
- ✓ Балаларды күлдіріңіз.
- ✓ Даулы немесе басқалардың көзқарасына қарама-қарсы пікір айтыңыз.
- ✓ Әдеттен тыс қызықты мәліметтерді ұсыныңыз.
- ✓ Материалдарды таратып өңдеуге немесе толықтыруға тапсырма беру.
- ✓ Ертегі желісінен қызықты бір оқиғаны сипаттап беру.
- ✓ Балалардың шешімін қажет ететін проблемалық ситуацияны суреттеу.

Мектепке дейінгі педагогика балаларды ересектердің жұмысына жақындатудың үш әдісін ұсынады олар: еңбекті бақылау, балаларға ішінара көмек көрсету және ересектер мен балалардың бірлескен қызметін ұйымдастыру (В. И. Глотова, Л. В. Загик, С. М. Котлярова, Г. Н. Лескова, Е. И. Радина, Д. В. Сергеева және басқалар).[11] Осы аталған әдістерді әр жас ерекшеліктеріне сәйкес тәжірибеде қолданып келеміз.

Мысалы: екінші кіші топта балалар тәрбиешінің басшылығымен пиязды, үлкен гүл тұқымдарын отырғызу немесе бақылау, гүл жапырақтарын сүрту жұмыстарына қатысады. Бұл топта ұжымдық еңбек формаларына көбірек мән береміз.

3-4 жастағы балалар тәрбиешіге табиғат бұрышында және бақшада өсімдіктерге күтім жасауға көмектеседі. Балалар өсімдіктерді дұрыс суаруды, жапырақтарды дымқыл шүберекпен сүртуді үйренеді. Тұқымдарды тәрбиеші дайындаған жерге (қораптарға, шыныаяқтарға, топыраққа) отырғызуға, суаруға қатысады.

5-6 жастағы балалар тәрбиешінің жетекшілігімен өсімдіктерге күтім жасауды жалғастырып, суару, жерді қопсыту, өсімдіктерді қоректендіру, көбейту әдістерімен танысады, жерді қазуға, тұқым сеуіп, көшеттеуге көмектеседі. Дайындық тобының тәрбиеленушілері күтімді өз бетінше жүзеге асыра алады. [12] Сондықтан тәрбиеші бақылайды, қиындық туындаған кезде көмек көрсетеді.

Сонымен қатар осы бөлімде әдістемені қолдану артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталып өтсем:

Артықшылығы:

Күнделікті бала әртүрлі іс-шараларға қатысып отырады, себебі топтағы бақылаулар, серуендеу, ойындар, әдебиеттерді оқу және талқылау, сурет салу.т.б әрекеттер балалардың алған білімдерін бекітуге мүмкіндік береді.

Еңбек әрекетін жоспарлау, жұмысты жасау барысында өзінің іс-әрекеттерін бақылау, бағалауға үйренді.

Заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренді.

Осы жоба аясында авторлық бағдарлама дайындауға әдістемелік негіз жасалды.

Кемшілігі:

- балалардың мақсаттарға жетеу табандылығын, ерік-күшін қалыптастыруда отбасы мен педагогикалық ұжымның ортақ жүйесінің болмауы;

- ұжымдық еңбек әрекетінде балалардың өзара тіл табысудағы қиындықтың болуы;

- еңбек құралдарын қолдануға жете мән берілмеуі;

- педагогикалық басшылықты тиімді ұйымдастыру тәсілдерінің жетіспеуі.

Педагогтерге әдістемені оқу процесіне сәтті енгізу бойынша ұсыныстар:

Табиғат туралы көркем әдебиет туындыларын қолдану, мектепке дейінгі ұйым мен отбасы күш-жігерін біріктіруге арналған шаралар өткізу, балалардан табиғаттағы еңбек процесін, еңбекке икемділігін, өз денесін басқару қабілеттеріне диагностика жүргізу, еңбек құралдарын үнемі түрлендіріп отыру, еңбек тәрбиесіне қатысты оқу -дидактикалық база жасақтау.

Біз жоғарыдағы талдаулар нәтижесінде табиғаттағы әртүрлі еңбек түрлері балаларға үлкен қуаныш сыйлайтынын және олардың жан-жақты дамуына ықпал ететінін анықтадық. Балаларда еңбек қызметі барысында қызығушылық, саналы, жауапты көзқарас қалыптасады. Сондай-ақ ұжымда балалар бірлесіп жұмыс істеуге, бір-біріне көмектесуге үйренеді. Ол балалардың ой-өрісін кеңейтіп, сенсорлық тәрбие мәселелерін шешуге қолайлы жағдай жасайды.

Ал ұжымдық еңбек әрекеті кезінде балалар өзара тіл табысу тәсілдерін үйренеді.

Балалар өсімдіктер мен жануарларды тек арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де байқауға мүмкіндік алады. Балалар табиғатты бақылау, еңбек әрекеті үрдісінде бірқатар іскерліктер мен дағдыларды меңгеріп, заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренді. Бала ақыл-ой операцияларының негізінде өз жұмысының нәтижесін ойша елестетіп алып, содан кейін әрекет етуге үйрене бастайды. Олар іс-әрекетке кірісер алдында, оны жүзеге асыру әдістерін іздестіреді. Сол үшінде бала бойындағы құндылықты дамытуда оған педагогикалық басшылықты қажет.

Балалардың табиғатқа дұрыс көзқарасын тәрбиелеу, тірі тіршілік иелеріне ұқыпты қарау қабілеті балабақшадағы жұмыс жүйесімен отбасындағы тәрбие жүйесі үйлессе ғана, оң нәтиже береді. Сондықтан ата-аналар мен үнемі жеке әңгімелер өткізіп, қысқа кеңестер мен ұсыныстар беру жұмысы оң нәтиже береді. Әсіресе ата-аналарға балалардың назарын қоршаған табиғаттың сұлулығына аударуға, бақылаулар кезінде баланың танымын, қызығушылығын, зейіні мен ойлауын кеңейтудің маңызы туралы түсінік берген дұрыс.

Онымен қатар табиғат туралы көркем әдебиет туындылары балалардың сезімдеріне терең әсер етеді. Ең алдымен, балабақша бағдарламасы ұсынған әдебиеттерді пайдаланған дұрыс. Біз оларға табиғатты қабылдауға ғана емес, оған қамқорлық жасауға, оның байлығын қорғауға және көбейтуге үйретуіміз керек.

Қорыта айтқанда табиғаттағы еңбек әрекетіне қатысу арқылы балалар еңбек процесінің мазмұнын, еңбек құралдарының түрлері мен атауларын, табиғатты қорғау, өз-ара қарым –қатынас дағдыларын меңгереді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі 19.06.2023ж
2. Мемлекет басшысының III Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі 16.08.2024ж

3. Біртұтас тәрбие бағдарламасы 2023ж
4. Философиялық энциклопедиялық сөздік 2013ж Алматы
5. Дүйсенова, Г. Мектепке дейінгі тәрбие: теория мен практика. 2020 ж Алматы
6. Савенков А. И. Плешанова, Е. А. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесі / 2018ж
7. Омарғалиева Т.Ж. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру: оқу құралы / Т.Ж. Омарғалиева. – Алматы: 2020ж
8. Философиялық этика және моральдық құндылықтар туралы ғылым. Оқулық Алматы-2004ж
9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422
10. Алимов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдістер 2014ж
11. Иманбердиева, А. Педагогикалық инновациялар және мектепке дейінгі ұйымдар. 2019ж. Астана
12. Козлова С.А., Куликова Т.А. Мектепке дейінгі педагогика «Академия» баспа орталығы, 2015 жыл.

ӘОЖ 37.01

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ҚҰЗІРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫН ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУ – САПАНЫ АРТТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

Мұханбетқалиева Жанат

Қызылорда облысының білім басқармасының қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің кмқк «Бегім ана» бөбекжай-бақшасы» меңгерушісі

***Аңдатпа:** Бұл мақалада тәрбиеленушілердің эмоционалдық және физикалық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың әрекетін түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы ортаның тиімділігімен түрлерін ұйымдастыру.*

***Түйінді сөздер:** Дамытушы орта, құндылық, STEAM дамытушы, Мульт Time, SENSORIUM.*

***Аннотация:** В данной статье представлена организация видов развивающей среды с эффективностью для обеспечения эмоционального и физического комфорта воспитанников, всестороннего и полноценного развития, видов деятельности детей и возможности выбора участников совместной деятельности, насыщенности, доступности, вариативности и безопасности игровых зон.*

***Ключевые слова:** Развивающая среда, ценность, STEAM Developer, Мульт Time, SENSORIUM.*

***Annotation:** This article presents the organization of types of educational environment with effectiveness to ensure the emotional and physical comfort of pupils, comprehensive and full-fledged development, types of children's activities and the possibility of choosing participants in joint activities, saturation, accessibility, variability and safety of play areas.*

***Keywords:** Developing environment, Value, STEAM Developer, Cartoon Time, SENSORIUM.*

Бүгінгі күні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға үлкен мән берілгені бәрімізге аян. Өздеріңізге белгілі, 2021 жылы ең алғаш рет мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі бекітілді. Осы дамыту моделінде сапаны арттыру, яғни, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасын арттыру үшін бізге негізгі бағыттарды айқындап берді, ол трансформацияланатын ойын аймақтарын құру, тақырыптық ойын аймақтарын құру, ойынға баланың көңілін бөлу, оның күнделікті өміріне қажетті

дағдыларды ойын арқылы менгертип, бала табиғатының калауы- ойын болып табылатынына баса мән беру қажеттілігі туындады. Осы орайда модельде айқындалған баланың даралығын қолдауға бағытталған тақырыптық ойын аймақтарын және инклюзивті арнайы ойын орталарын жасақтау қажеттілігі туындады. Міне, осыған байланысты, шығармашыл топ құрылып, не істеуіміз керек модельде берілген талаптарды орындау үшін, неден бастауымыз керек? деген ой туындады. Сонымен, педагогтар озық ойларды ортаға салып, балаларға арналған ең алғаш ойын қалашығын жасауға бірауыздан келістік.

Бұл ойын қалашығы - бір топтың барлық балалары бірден бір уақытта кіріп кетіп, ойнауға мүмкіндік береді. Атап айтсам, дәріхана, шеберхана, дүкендер, құрылыс аймағы, шаштараз, ер балаларға арналған ұстахана, түрлі бизбордтар, машина автотурактары, т.б. ойын түрлерімен қамтылған. Бұл ойын қалашықты ұйымдастыруымыз - біздің жұмысымыздың ең ұтымды жағы болды. Өйткені, балабақшадағы барлық 12 топтың балаларын қамти алады. Олар кезекпен-кезек осы ойын аймақтарда еркін ойындармен ойнай алады және дамытушы сипаттағы ойындармен ойнайды. Ойын арқылы тәрбиелеу, дамытуды ұсынып отырғаннан кейін, біздің тәрбиеші, педагогтарға да ойын арқылы түрлі ұйымдастырған іс-әрекеттерін осы қалашықта өткізуге де өте ыңғайлы болды.

Жалпы жаңа мазмұн бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына өзгерістер енгізген кезде, балаларды ерте дамыту институтымен бірге жұмыс тобында болдым.

Осы кезде өзіміздің ұлттық құндылықтарға, ұлттық тұрмыстық заттарымызға үлкен мән беру қажеттігі туындағаны бәріңізге де белгілі. Яғни біз баланы кішкентайынан ұлт құндылығын, дәстүрімізді бала бойына сіңіріп тәрбиелеуіміз қажет. Міне осыған байланысты Бегім ана балабақшада "Ұлттық мұрам-қазынам" атты орталық ашылды. Бұл орталықты **ерекше** деп айта аламын, себебі бұл жерде қазақ халқының барлық тұрмыстық заттары, балалар күнделікті өздері ұстап-жасап көру үшін қолжетімділігі, бағдарламада айтылған заттық кеңістіктік дамытушы ортаның қолжетімділігі, осылардың барлығы қамтылған орталық болды. Бала қолмен ұстап көреді, көзбен көреді. Яғни танертеннен кешке дейін балалар белгілі бір әрекет түрімен айналысуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар бес дағдының да кіріктіріліп өтілуіне, яғни, қимылдық ұлттық ойындарды ойнайды, түрлі танымдық әрекеттермен айналысады, жүнді сабайды, шиді тоқиды, бағдарламадағы қамтылатын барлық дағдыларды менгереді. Сонымен бірге осы орталықта Әжелер мектебі, аналар мектебі, әкелер мектебі жұмысын жүргізуге үлкен көмегін тигізіп тұр. Әжелер өздері әдемі ұлттық киімдер мен келіп ертегі айтуға, тыңдауға түрлі әрекеттермен айналысады., бұйымдар жасауға қыздарымыз бен ұлдарымызға үйретеді. Бұл ұлттық кабинетіміздің балабақшада бала үшін, педагог үшін де алар орны ерекше.

Бағдарламада айқындалған заттық дамытушы орта барлық топта жас ерекшеліктеріне сәйкес жасақталған. Балалар үшін барлық қабырғалар сөйлеп тұрады. Топ қабырғалары, дәліз қабырғалары да, бала дәлізде келе жатқанында тобына барам дегенше емін-еркін ойнап, жақсы көніл күймен барады. Топтағы барлық сөрелер төмен түсірілді. Барлығы балаға қолжетімді.

Сонымен қатар, біздің балабақшада **STEAM дамытушы** орталығы жасақталды. Бұл орталықта ғылым, зертхана, құрылыс-инженерия ойындары және мультстудия орталығы педагогтар мен балалардың жаңа формацияда жаңа технология ойындарымен ойнап, машықтануға өте ыңғайлы орталық болып отыр. Мультстудияда дайындалған өнімдері, яғни тусирилим аланында тусирилген мультфильмдер балалар мобильді кітапханасы қорына жинақталады.

Мобильді кітапханада түрлі жанрдағы «Қиял ғажайып ертегілері», «Хайуанаттар ертегілері» «халық ауыз», «Мультстудия» түрлері бойынша педагогтар мен балалардың өз дауыстарымен дыбысталған ертегілерді балалар мен қатар ата-аналарда QR-код арқылы тамашалай алады.

Қазіргі уақытта қазақ отбасында дүниеге келіп, өз ұлтының тілімен тәрбиеленіп өскен баланың өзі орыс, ағылшын тілдерін түсінеді, сөйлейді. Мұның себебі, сол тілде

анимациялық мультфильмдерді көп көргеннен екенін біз айна қатесіз білеміз. Яғни, мультфильм-бала санасына оңай, қарқынды әсер етеді.

Қазақтың әрбір баласы таза қазақ тілінде еркін, таза сөйлеуі қажет деп білемін. Сондықтан, уақытпен жарыса дамып жатқан техникалар әлемінде балалар тәрбиелік мәні бар мультфильмдер мен теріс әсер ететін мультфильмдерді ажырата білуге үйрету - өскелең ұрпақтың сана-сезіміне әсер ететін негіздердің бірі деп ойлаймын. Осыған орай, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ұлттық тәрбиелік бағыттағы қазақ ертегілері арқылы балаларды Отан сүйгіштікке, еңбексүйгіштікке, мейірімділікке, тәрбиелеп, сонымен қатар салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты насихаттау мақсатында "Мульт Time" мультиплекс залы ашылды.

«**SENSORIUM**» дамытушы орталығы заманауи үлгіде жабдықталып, балалар игілігі үшін жұмыс жасалуда. Бұл орталықтағы ойындар арқылы балалар қоршаған ортаға бейімделеді, еңбекке араласады, достарымен еркін қарым-қатынас орнатады, ойлау қиялдау қабілеттері, сөздік қорлары дамиды.

Мектепке дейінгі ұйымда баланың танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеріп, қол жетімді заттық дамытушы арнайы ойын орталарын, аймақтарын жабдықтау арқылы білуге құмар, дербес, жаңа нәрсені қызығушылықпен қабылдайтын, әлемді танып білуге құштар тұлға қалыптастырамыз.

Сөзімді қорытындылай келе осы жұмыстарды іске асыру арқылы шығармашыл ұжым, білім-білікті бала, ғажайып балабақшаға айналдық. Нәтижесінде, осындай ізденіс пен үздіксіз еңбектің арқасында қала, облыс, республика бойынша «Үздік балабақша-2022» номинациясын қанжығамызға байладық. Құрметті әріптестер, сөзімнің соңында дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге толағай табыс, шығармашылық шабыт тілеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422
2. Дүйсенова, Г. Мектепке дейінгі тәрбие: теория мен практика. 2020 ж Алматы
3. Савенков А. И. Плешанова, Е. А. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесі / 2018ж.

БАЛАЛАРДЫҢ ЕРТЕ ЖАСТАН КІТАП ОҚУҒА СҮЙІСПЕНШІЛІГІН ОЯТУДА ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Умиралиева Молдир Балгабаевна - "Қызылорда облысының білім басқармасының, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "Күнекей" бөбекжай-бақшасының меңгерушісі

***Аңдатпа:** Бұл мақалада әдебиет деген үлкен сиқырлы әлемге баланың қызығушылығын қалай ояту керек, баланы кітап оқуға қалай үйретуге болады деген өзекті мәселелерді қарастырады. Баланың ерте жастан оқуға қажетті қабілеттерін дамыту, танымдық қызығушылығын жетілдірудегі көрнекті психологтар мен педагогтардың еңбектеріне шолу жасалынған. Кітаптың қоршаған шындықты білудің, әртүрлі білім мен дағдыларды игерудің ең жақын және табиғи тәсілі ретіндегі маңызын тәжірибемен байланыстыра отырып талдау жасалынған.*

***Түйін сөздер :** Құндылық, дағды, танымдық белсенділік, ерте жас, тәрбие құралы.*

Ерте жас - баланың психикалық дамуының өте маңызды және жауапты кезеңі. Себебі, бала бірінші рет сөйлеу, ойын, құрдастарымен қарым-қатынас, өзі туралы, басқалар туралы, әлем туралы алғашқы түсініктерге ие бола бастайды. Сонымен қатар ерте жас кезеңінде баланың ең маңызды және іргелі қабілеттері – танымдық белсенділігі, қызығушылығы, өзіне деген сенімділік, табандылық, қиялы, шығармашылық көзқарасы, ересектермен қарым-қатынасы мен ынтымақтастығы қалыптасады.

Ғалымдардың зерттеулерінде (Ж. Пиаже, Л. А. Венгер, С. Л. Новоселова, В. С. Мухина және т.б.) ерте балалық шақ-бұл барлық негізгі функциялардың жетіліп, тәрбие мен оқыту үшін ең қолайлы кезеңі ретінде болашақ тұлғаның физикалық, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуының алғышарттары қалыптасады деп тұжырым жасайды.

Бұл жастың маңыздылығы баланың үш негізгі өмірлік жетістіктерімен тікелей байланысты екендігімен түсіндіріледі: *тік жүру, сөйлеу қарым-қатынасы және пәндік іс-әрекет*. Тік жүру баланың кеңістікте кең бағдарлануын, оның дамуы үшін қажетті жаңа ақпараттың тұрақты ағынын қамтамасыз етеді. Сөйлеу қарым-қатынасы балаға білімді игеруге, қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға және оларды меңгеру арқылы жеке тұлғалық мәдениетке тезірек қосылуға мүмкіндік береді. Пәндік іс-әрекет баланың қабілеттерін, әсіресе оның аяқ, қол қимылдарын тікелей дамытады. Бұл факторлар кішкентай өсіп келе жатқан баланың жан-жақты, толыққанды психикалық мінез-құлық дамуы үшін өте қажет.

Сондықтан баланың 3 жасқа толғанында нені біліп-түсінуі керек деген мәселе әр ата-ананы толғандыруы керек. Әр баланың қабілеті әр түрлі келеді, осыған орай олардың дамып жетілуі де әркелкі болады. Дамуындағы бұл ерекшеліктері ата-ананың балаға көңіл бөлуіне, олардың баланы толыққанды дамытуға бөлген уақыттарының көлеміне де тікелей байланысты болады.

Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – саламатты, саналы, сапалы ұрпақ тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңында айқындалған, білім беру жүйесінің бірінші деңгейі отбасында немесе бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымда жүзеге асырылады- деп көрсетілген. **Олай болса**, балаларға ерте жастан саналы тәрбие, сапалы білім негіздерін қалыптастыру үшін біздер педагогтер мен ата-аналар не жасау керек? Әрине, бала дамуына онымен бірге әрекет ететін, оған көрсететін, демеуші болатын ересек адамдардың ролі үлкен.

Бұл жастағы бала дамуындағы маңызды механизм **еліктеу** болып табылады (Т.И.Горбатенко). Ерте жас кезеңінен бала ересектің әрекет тәсілдеріне, сөйлеуіне, кейін бағалауына да еліктейді. Бұл баланың жан-жақты дамуына көптеген факторлардың әсер етуіне негіз болады. Сондай негізгі факторлардың бірі-кітап. Кітап баланың тұлғалық жетілуіне күш беретіп, ақыл-ойының қалыпты дамуына үлкен ықпал ететін бірден бір құрал. Кітап әртүрлі жастағы адамдарды біріктіре алады. Бала кітапты ересектердің қолында көріп, ерте жас кезінен бастап оған қызығушылық танытып **еліктей** бастайды. Бала кітапқа қызығушылық таныта бастағаннан бастап, баланы қолдау керек. Сондықтан кітаппен жұмысқа неғұрлым көп орын берілсе, баланың танымдық дамуы да соғұрлым жоғары болады.

Осылайша балабақшамызда «Оқуға құштар балабақша» жобасына ата-аналарды да тартуды қолға аладық. Мақсатымыз балалардың шығармашылық дамуына сапалы жағдай жасау және рухани тәрбие беру, ата-аналардың осы жобаға белсенді қатысуына ықпал ету.

Өмірлік тәжірибе жинау үшін адамға оқу керек. Мұны баланың ата-анамен бірге орындағаны дұрыс. Себебі оқығанды бірге талқылайды, даулы жағдайларда бірге шешімін табады. Кейіпкер неге бұлай жасады екен? Оның орнында сен болсаң не істер едің? Кей жағдайда ертегінің аяқталуының баламасын яғни жаңаша форматын ойлап табады. Бұл баланы кітаппен достастырып қана қоймайды, сонымен қатар бала мен ата-аналар бірін-бірі жақсы білуге, жақынырақ болуға көмектесері айдан анық.

«Күнекей» бөбекжай бақшамыздың ата –аналарынан төмендегідей мазмұнда сауалнама алынды.

- Балаңызға кітап оқып бересіз бе?
- Неше жасынан бастап кітап оқып бере бастадыңыз?
- Кітапты қай уақытта (күндіз, кешке) оқыдыңыздар?
- Балаңызға ұйықтар алдында ертегі, әңгіме, өлең айтып бердіңіз бе?
- Балаңызды кітапханаға немесе кітаптар дүкеніне апардыңыз ба?

Сонымен бірге, сауалнама нәтижесіне қарап бірнеше ата-аналармен әңгімелесу де өткіздік. Төменде сол ата-аналардың пікірлерін ұсынамын.

Бірінші ата-ана пікірі. Мен қызым 4 айға толғанда бірінші кітапты оқыдым. Мен бұл үшін қандай да бір шұғыл қажеттілікті сезінгенім жоқ. Мен жай ғана баламды тыныштандыру үшін оқып бергім келді. Әрине, бірінші рет бұл әрекет, ерсілеу көрінуі мүмкін себебі, баламды суреттер тіпті де қызықтамайды. Бірақ, менің бұл әрекетім пайдасыз емес екенін аңғардым. Себебі бала дауысты естиді, сезінеді, кей жағдайда менің бұл әрекетім оны тыныштандыратын да болды.

Екінші ата-ана пікірі. Мен психолог ретінде де, ана ретінде де өз пікіріммен бөліскім келеді (менің үш балам бар, олардың екеуі жасөспірімдер — 14 және 12 жаста, ал ең кішісі-5 жаста). Олар белсенді оқырмандар. Мен отбасында оқу мәдениетін саналы және мақсатты түрде қалыптастырдым десем болады. Баланы кітап әлемімен таныстырудың көптеген жолдары бар, мен оларды үнемі қолдануға тырысамын. Менің ана ретіндегі оқуға деген құштарлығым соншалықты балалар мені үнемі кітаппен көріп өсті. Кейде мен оларға оқыған шығармаларымнан қызықты етіп айтып беретінмін. Өсе келе оларда кітап оқып өзара бөлісуді дәстүрге айналдырды. Бұл жағдай болашақ оқырмандарды тәрбиелеуге және отбасында оқу мәдениетін қалыптастыруға үлкен көмегін тигізді десем болады.

Үшінші ата-ана пікірі. Біз жолдасым екуміз мемлекеттік қызметкерміз. Екі баламыз бар. Бірақ біз оларға кітап оқып беруді дәстүрге айналдырмадық.

Жас ерекшеліктеріне байланысты балалар әлі оқи алмайды, дегенмен біз оларға кітаптар әпереміз балалар шығармалардың мағынасын түсінбегенмен ақтарып қарағанды жақсы көреді.

Бұл ата-аналармен өткен әңгімелесуден әр отбасында балалардың оқу мәдениетін қалыптастыру тәсілдерін байқауға болады. Қазіргі таңда көпшілік ата-аналар интерактивті бағдарламалары мен аудиокітаптары бар гаджеттер мен электронды кітаптарды қолданады, бірақ қағаз нұсқадағы кітаптарды мүлдем жоққа шығаруға болмайды (*әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар үшін*). Ешқандай гаджеттер кітапты қолында ұстағандағы физикалық сезімді алмастыра алмайды. Себебі, балалар кітаптың иісін сезініп, сыбдырын естіп, кітап парақтарына қол тигізу арқылы шығарма желісіндегі оқиғаларды тереңірек түсінеді.

Сондықтан әр бір отбасындағы кітаптарға деген көзқарас пен қарым-қатынас өте маңызды. Біріншіден, ата-аналар балаларға үлгі бола отырып, көп оқуды үйренеді. Екіншіден, бала мен ата-аналар арасында жылы қарым-қатынас орнығады. Мұндай үй оқулары психологиялық сүйіспеншілікті тудырып, болашақта ең керемет естеліктердің бірі болып, балалар есінде сақталады.

Сонымен бірге балалармен әртүрлі әдеби іс-шараларға бару, не баламен бірге шараларға қатысу да, өте жақсы дәстүрлердің бірі. Осы бағытта өзімнің кәсіби тәжірибеммен бөлісетін болсам, «Күнкей» бөбекжай бақшамызда Ә. Тәжібаев атындағы кітапхана ұжымымен бірлесе «Ертегілер әлемі», «Менің сүйікті кейіпкерім», «Балапандар шеруі» тақырыптарында балалармен әр түрлі форматта қызықты кездесулерді жиі өткіземіз. Осындай шаралардың негізінде бөбекжай бақшамызда **«Менің алғашқы кітабым»** атты авторлық бағдарлама әзірледім. Бағдарлама мазмұнында баланың таным-түсініктерін кеңейтетін әр түрлі ертегі кітаптар, газет, журналдар, көрнекі құралдар, ертегі кейіпкелері мен сюжеттік суреттер, ойыншық атрибуттар, үйрету тапсырмалары мен жаттығулары берілген. Бағдарлама 34 сағатқа құрылған (*апталық жүктеме 1 сағат*). Бұл бағдарлама балалардың оқылған әңгіме, ертегі мазмұнына сай бір оқиға төңірегінде сурет бойынша әңгіме құрап айтуға, сурет салуға, сахналық қойылымдарға қатысу арқылы қайырымдылық, шындық, адалдық, үлкендерді құрметтей білу сияқты асыл қасиеттерді бала бойына кітап арқылы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аталған тақырыптарды меңгертуде баланың жеке дамуының қуатты құралы ретінде, кітап оқуға қолайлы орта жасаудағы алғашқы жұмыс түрі кітапханаға экскурсия жасаудан

басталып, балаларда *кітап, кітапхана туралы алғашқы түсінік қалыптастыру жұмысы жүргізіледі.*

Келесі қызықты жұмыс балабақшада топ бөлмесінде ұйымдастырылған кітап бұрышын таныстыру мақсатында, «Ертегіні аяқта» деген тақырыпта кітап мүйісіндегі балаларға таныс қызықты ертегі кітаптарынан үзінді оқылып, мазмұнын балалардың өздеріне аяқтауға мүмкіндік беріледі. «Кітап неге аурады» тақырыбы бойынша күнін ұсталмаған кітаптар туралы әңгімелеп, кітаптарды ұқыпты ұстау ережелерімен танысады.

"Мен және менің үй кітапханам" фотокөрмесі, Өз қолымен: Менің алғашқы кітабым" "Менің балалық шағымның кітаптары" тақырыбындағы ата-аналар көрмесінің мақсаты балабақша балаларының шығармашылық жұмыстарының нәтижелерін көрсету, кітапқа деген сүйіспеншілігін насихаттау және ата-аналар мен балалардың біріккен іс-тәжірибесін насихаттауды көздейді.

Бағдарламада мектепке дейінгі жастағы балаларды ертегілер жанры: қиял ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері, жануарлар туралы ертегілермен таныстыруда Пропп картасын пайдалануды жөн көрдім.

Әр бала өз картасы бойынша ертегі сюжетін ойлап табады, немесе ертегі желісін ретімен айтып беруге үйренеді. Осылай бала карталар арқылы ертегі құрастыра отырып, жазушыға айналады. Ал карталарға суреттерін салса, онда суретші болады. Ойлап тапқан ертегілерін, суреттерін қоса отырып, шағын кітапша шығарады.

Қорыта айтқанда осы авторлық бағдарламамен жұмыс жүргізу барысында әдеби шығарманы дұрыс қабылдау, мазмұнмен қатар көркемдік шығарма элементтерін түсіну қабілеті балаға өздігінен келмейді ол үшін ата-аналармен, жұртшылықпен жұмыс істеудің әртүрлі, соның ішінде дәстүрлі емес түрлерін (әдеби байқаулар, әдеби үйірменің жұмысы, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің кітапханасындағы жұмыс, театр кештері, жобалық іс-әрекет, ойын-сауық, зияткерлік ойындар, кітаптардың жазудың пайда болу тарихымен танысу т.б) жұмыс түрлерін жүйелі жүргізуде асқан жауапкершілікті талап етеді.

Бұл дағдылардың барлығын ерте жас кезінен бастап дамыту және тәрбиелеу керек демек, балаларда шығарманы белсенді тыңдау, көркем сөйлеуді тыңдау қабілетін қалыптастырудың өмірлік маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аралбаева Р. К. Мектепке дейінгі педагогика. Оқулық Алматы 2012 ж
2. С.А.Козлова, Т.А.Куликова Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы Мәскеу 2015 жыл
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы
6. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Астана қ. 2022 ж.
7. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Астана қ. 2022ж
8. Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Алиева Самал Асылбекқызы
Қызылорда қаласы, «Бегім ана» бөбекжай бақшасы
Әдіскер

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістандағы екінші Ұлттық құрылтайда ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу керегін айтқан болатын. Дәл осы салмақты ойды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қалай сәтті әрі тиімді іске асыруға болады? Кеңінен тарқатып көрелік.

Ең әуелі ұлттық құндылықтар дегеннің не екенін анықтап алсақ. Ұлттық құндылықтар – әр ұлттық өзіне тән, сан мыңдаған ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары, яғни ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, өнері, әдеби мұрасы, ұлттық ойындары, ұлттық идеологиясы.

Міне, дәл осы аталған құндылықтарымыз мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде қалай көрініс тауып отырғанына тоқталайық. Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарауы «Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар» деп аталады. Аталмыш тарауда: «Тәрбиелеу-білім беру процесінде: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады» деген сөйлем бар. Бәріміз білетіндей, бұл мемлекеттік стандарт – біздің, яғни мектепке дейінгі ұйымдарда қызмет етіп жүрген барлық педагогтің жұмыс барысында басшылыққа алатын ең негізгі құжаты.

Осыдан кейінгі тәрбие-білім процесінде тәрбиешілер мен балабақша педагогтері сүйенетіні – Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы Үлгілік оқу жоспары мен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Ерте дамыту институты балабақша қызметкерлері үшін өте мазмұнды әдістемелік бағыт беріп, көмек көрсетіп отыр. Соның бір дәлелі болсын, аталған институт сайтында кез келген ізденуші педагог алып қолдана алатын Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық жүктелген. Нұсқаулықта халықаралық тәжірибелерді зерделей келе, қазақ халқының педагогика өкілдерінен бала тәрбиесіннің негізіне тереңдеген. Сөзімізді дәйектей кетсек, аталған нұсқаулықта қазақ педагогикасының құзар шыңында тұрған тұлға, педагог, психолоғалым, қарымды қаламгер Жүсіпбек Аймауытовтың «Баланы тәрбиелеу үшін тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек» деген салмақты ойын келтірген. Осы ойға мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы, ғалым, педагог, журналист Нәзипа Құлжанованың тәрбиелеу ісіндегі нақты әрекетке қатысты: «баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды» деген өміршең кеңесін қосқан. Шындап келгенде мұның бәрі – әр педагогтің кәсіби ұстанымына айналуға тұрарлық тәлімді сөз.

Осы нұсқаулықта қазақ педагогикасының қаймақтарынан қанатты ой келтірумен қатар, қазақ халқының ұлттық ойындары берілген. Міне, сөз басындағы сұраққа нақ сол тұстан жауап таба аламыз. Президенттің балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттау туралы тапсырмасын тиімді орындауға арналған нұсқаулық аталған тараудан толық табылады. Қараңызшы, сол нұсқаулықтың «Қазақ халқының ұлттық ойындары» деп аталатын бөлімінде бір ғана асықпен ойналатын бірнеше ойынның түрлерін ұсынған. Мысалы, ойыншылар тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түскен асықты өз асығымен дәл тигізіп, сызықтан шығарып, көндегі асықты түгел алуға асығатын «Омпы» ойыны; өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салатын «Ханталапай» ойыны; кіл сақамен ойналатын «Алшы» ойыны; «Қызыл» асықпентізілген асықтарды көздеп, құлатуға барын салатын «Хан алшы» ойыны; ептілікті қажет ететін «Бес тас» ойыны, кеней асықтарды бір-біріне тіркестіріп ойнайтын «Алтыатар» ойыны; бір-бірін арқалайтын тұсы

бар «Атбақыл» немесе «Көтеріспек»деп аталатын ойын; топтасып, қазанға көбірек асық салуға таласатын «Қазан» ойыны бар. Осы ойындардың шарттары мен талаптары туралы толыққанды ақпарат алуға болады. Асық жинаған балалар осыншама көп ойынның түрін ойнай алады әрі асықтың түрлерімен, оның қай қайдан алынатынын білу арқылы танымы кеңейіп, салт-дәстүрімізге тереңдей түседі. Осыған қоса «Жаяу көкпар», «Жапалақтар мен қарлығаштар», «Шүлдік», «Жүйріктер жеңеді», «Үш орындық», Кім жылдам», «Сақ құлақ», «Шалма», «Білектесу», «Жаңылма», «Көрші», «Тымпи», Арқан тартыс», Сиқырлы таяқ», «Ақсүйек», «Ақшамшық (сакина салу)», «Қара құлақ», «Әуе таяқ», «Теңге ілу», «Аударыспақ», «Қуыр-қуыр қуырмаш», «Ошақ», «Ақсерек-көксерек», «Қара сиыр», «Білектесу», «Көтермек», «Қара құлақ», «Түйілген орамал», «Соқыр теке», «Үш табан» секілді балаларды ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелейтін, артық энергиясын шығаруға көмектесетін, физикалық қуатын арттыратын қимылды ойындар да көп берілген. Балалар жай ойнап қоймай, әр ұлттық ойынның тарихын, қазір қолданыстан шығып қалған, көнерген немесе сирек кездесетін сөздердің мағынасын біліп, ата-бабаларымыздың даналығынан, фольклордан тәлім-өнеге алады.

Көрдіңіз бе? Балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге, оны баланың танымына, қарым-қабілетіне, жас ерекшелігіне сай ойындармен беруге стандарт, бағдарлама, әдістемелік құрал – бәрі-бәрі «жол сілтеп, жөн сілтеп» тұр, нұсқаулықта тәтпіштеп түсіндірілген. Шынтуайтында, барлығы педагогтің, тәрбиешінің кәсіби шеберлігіне байланысты. Кез келген ұйымдастырылған іс-әрекетіне ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ойындарды кіріктіріп жіберуге болады. Бұл бүгінгідей техника мен технологияның тілі ұрпақ санасын жаулап алып жатқан заманда балалардың жан дүниесін ұлттық кодынан ажыратпай, ұлттың тамырынан нәр алуына жағдай жасайды.

Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ маңызды іс. Сол себепті, қоғам бұл жұмысқа парасаттылық танытып, байсалдылықпен жұмылуы керек. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағылымдарын, мәдениетін, тарихын, бұрынғы-соңғы ұлыұстаздардың еңбектерін оқып, жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып, келер буынға дұрыс тәрбие сіңіру мүмкін емес. Жас ұрпаққа ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, оларды мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – қазіргі таңдағы өмір талабы және қоғам қажеттілігі екені хақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Коджаспирова Г. М. Педагогика: учебник для вузов / Г. М. Коджаспирова. 4-е изд., перераб. и доп. – Москва : Издательство Юрайт, 2024. 711 с.
2. ЕмельяноваТ.В., Медяник Г.А. Игровые технологии в образовании: электронное учебно-методическое пособие. –Тольятти: Изд-во ТГУ, 2015. - 1 оптический диск.
3. М.Х.Ахмедова, Н.С.Аполлонова, Е.В.Бондяева. // Вопросы дошкольной педагогики, 2020. -№1 (28).

ӘОЖ 372.3:004

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ӘСЕРІ

Шынтаева Н. А. п.ғ.магистр

Оразбек Г.С. 2 курс студенті

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті

Аккулиева Г. М. тәрбиеші педагог-шебер

Жуалы ауданы, «Аягүл бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

nshyntaeva83@mail.ru

***Аннотация:** Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметіне цифрлық технологияларды енгізудің әсерінің әртүрлі аспектілері қарастырылады.*

Тірек сөздер: Цифрлық трансформация, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын цифрландыру.

Аннотация: В статье рассматриваются различные аспекты влияния внедрения цифровых технологий на работу дошкольных образовательных организаций.

Ключевые слова: Цифровая трансформация, цифровизация дошкольных образовательных организаций.

Annotation: The article discusses various aspects of the impact of the introduction of digital technologies on the work of preschool educational organizations

Key words: Digital transformation, digitalization of preschool educational organizations.

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен цифрлық трансформация қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды цифрлық трансформация бағытты дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды деп дана халқымыз бекерден бекер айтпаса керек.

Цифрлық трансформация – бұл қоғамның әр түрлі салаларында әр түрлі цифрлық және ақпараттық компьютерлік технологияларды енгізу, бұл өз кезегінде төртінші өнеркәсіптік революцияның салдары болып табылады [2, 96б.].

Қоғамда болып жатқан өзгерістер жаһандық сипатқа ие және мектепке дейінгі білім беру жүйесіне де әсер етпей қоймайды. Балаларды әлеуметтендіру процесіндегі маңызды жаңалықтардың бірі олардың цифрлық технологиялармен белсенді танысуы. Олардың көпшілігі үшін сандық құрылғылар үлкен қызығушылық тудырады және қоршаған әлем туралы білімнің бір түрі болып табылады. Әрине, мектепке дейінгі білім беру ұйымына түсетін балалардың дағдылары, қызығушылықтары мен мінез-құлық тәжірибесіндегі сапалы өзгерістер оның ақпараттық қоғамның жаңа жағдайларына бейімделуін талап етеді.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогикалық іс-әрекетті цифрлық түрлендірудің маңызды аспектісі әр түрлі жұмыс процестерін электронды форматқа көшіру болды. Бөбекжай – бақшаларының ресми сайттарында мекеменің білім беру бағдарламалары мен қызметі туралы ақпаратты қамтиды, ата-аналарды балалары қатысатын іс-шаралар туралы хабардар етуге мүмкіндік береді, бұл олардың оқу-тәрбие процесіне қатысуын арттырады және педагогикалық құраммен өзара іс-қимыл деңгейін жақсартады. Тұтастай алғанда, цифрлық трансформация ата-аналардың мектепке дейінгі мекемелерге бұрынғыдан да көбірек қатысуына мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформация тәрбиешілердің өзін-өзі тәрбиелеу жұмысының бөліктеріне айтарлықтай әсер етті. Электрондық ресурстар әртүрлі қалалардағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметкерлері арасында байланыс орнатуға мүмкіндік береді, осы салада білім алмасудың айтарлықтай өсуіне әкелді. Жетекші мамандардың әдістемелік әзірлемелері еліміздің әр өңірінен келген мұғалімдерге еркін қол жетімді болды. Кәсіби қайта даярлау және қосымша дағдыларды игеру бойынша әртүрлі интернет-курстар кеңінен қолданыла бастады. Жалпы, қазіргі заманғы мектепке дейінгі тәрбиеші цифрландырудан гөрі өз жұмысын сәтті орындау үшін көбірек білім алып, біліктілігін арттыруы қажет.

Цифрлық трансформация мектепке дейінгі білім беру мекемесі мұғалімінің балалармен қарым-қатынасына айтарлықтай әсер етті. Бүгінгі күні компьютерлік технологияларды ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қолдану кең таралды [3, 96.].

Көптеген балабақшаларда АКТ-ны қолдана отырып, интерактивті оқыту ойындарын өткізу әдеттегі тәжірибе болып табылады. Проектор сияқты әртүрлі мультимедиялық құралдар пайдаланылады, оның көмегімен балаларға оқу презентациялары көрсетіледі, ал мұғалім өз кезегінде Canva, PowerPoint және т.б. бағдарламаларды пайдалана отырып, өз бетінше дайындайды. Интерактивті цифрлық технологияларды қолдану, әдетте, дәстүрлі

әдістерге қарағанда балалардағы процеске деген қызығушылық пен қызығушылықты арттыруға мүмкіндік береді, алайда электронды құрылғыларды шамадан тыс пайдаланудан болатын денсаулыққа зиянды ескеру қажет, сондықтан мұғалімдер өз жұмыстарында SanPin стандарттарын қатаң сақтауы және цифрлық құралдарды қолдануды шектеуі керек. Ақпараттық технологияларды қолданбай қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында білім беру үдерісін жүзеге асырудың мүмкін еместігі Федералды мемлекеттік білім беру стандартында да атап өтілді [1], онда мектепке дейінгі мекемелерді әр түрлі техникалық құралдармен қамтамасыз ету қажеттілігі бекітілді, компьютерлік бағдарламалар, білім беру қызметтеріне жазылымдар және интернетке еркін қол жетімділік. Шынында да, модернизация, техникалық құралдарды сатып алу мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қызметіндегі маңызды бағыттардың біріне айналды.

Сондықтан оқыту процесінде цифрлық трансформацияны пайдалану әрбір ұстаздың міндеті. Міне, жаңа технологияның тиімділігі баланың жан-жақты күзіреттілігін дамытып, білімді ұрпақ тәрбиелейді. Әрбір цифрлық трансформацияның өзіндік ерекшелігі бар. Бала толыққанды жетіліп, ата-анамен байланыс күшейеді. Жаңа технологиялар бала бойына білімге әуестік, білімқұмарлыққа баулуы тиіс. Білім беру үрдісіндегі алға қойылған басты мақсат баланың білім беру мазмұнын толықтырып, жаңаша көзқараста, жаңа технология бағытында жұмыс жүргізіп, баланың өмірін жаңаша ортада, жаңа бағытпен ұйымдастыру.

Қорытындылай келе, бала өміріне немқұрайлы қарамай, балаға қазіргі заман талабына сай, мағыналы білім берсек қана, біздің бүлдіршіндеріміздің болашағы жарқан болмақ. Бала отбасында дұрыс тәрбие алса, тәрбиелеудің нәтижесі жоғары болмақ. Біздің басты мақсатымыз отбасымен ынтымақтастық орнатып, баланы жан-жақты тұлға ретінде тәрбиелеу.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысы, 2021 жыл 15 наурыз
2. Тимофеева, Л.Л., Майер, А.А. Повышение профессиональной компетентности педагога дошкольного образования. Выпуск 2. -М., 2013. -96с.
3. Кораблева, С.В., Мифтахова, О.А. Организация работы старшего воспитателя с педагогами ДОО в режиме инновационной деятельности / С.В. Кораблева, О.А. Мифтахова // Народное образование. Педагогика. -2015.

ӘОЖ 373.24

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН КВЕСТ-ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ДАМУ

Дәуірбаева Дана Сәбитқызы, докторант

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

e-mail: daurbaeva95@bk.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада автор квест-технологиясының балалар бақшасында қолданылуы балалардың маңызды тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал ететінін атап өтеді.

Тірек сөздер: квест-технологиясы, тұлғалық қасиеттер, мектепке дейінгі балалардың дамуы.

Аннотация: В этой статье автор пишет о том, что применение квест-технологии в детском саду способствует развитию важнейших личностных качеств у дошкольников.

Ключевые слова: квест-технология, личностные качества, развитие дошкольников.

Abstract: In this article, the author writes that the use of quest technology in kindergarten contributes to the development of the most important personal qualities in preschoolers.

Keywords: quest technology, personal qualities, development of preschool children.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру саласында балалардың тұлғалық қасиеттерін дамыту маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Мектепке дейінгі балалардың тұлғалық қасиеттері:

- Әртүрлі іс-әрекеттерде бастамашылық және дербестік.
- Өз күшіне сенімділік, сыртқы әлемге ашықтық, өзіне және басқаларға жағымды қатынас.
- Достарымен және үлкендермен белсенді өзара әрекеттесу, бірлескен іс-әрекетке қатысу.
- Келіссөздер жүргізу, құрдастарының қызығушылықтары мен сезімдерін ескеру, сәтсіздіктермен бөлісу және басқалардың табыстарына қуану.
- Әртүрлі ережелер мен әлеуметтік нормаларға бағыну.
- Әртүрлі іс-әрекет салаларында ерік-жігер көрсету қабілеті.

Бұл сипаттамалар мектепке сәтті бейімделу мен қоғамда әлеуметтену үшін негіз болып табылады. Тұлғалық дамыған бала белсенді, қызығушылығы жоғары, бастамашыл, дербес, жаңа білім алуға ұмтылады. Оның ерікті мінез-құлқы дамиды, айналасындағы әлемді белсенді танып, үлкендермен және құрдастарымен байланыс орнату жеңілдейді. Педагогтың міндеті - балалардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға жағдай жасау.

Баланың ересектердің жетекшілігімен құнды әлеуметтік тәжірибені жинақтауы және әлеуметтік дағдыларын дамытуы - бұл, біріншіден, мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктерінің әлеуетін ашуға, екіншіден, ересек өмірге сәтті енуіне көмектесетін жол. Қазіргі әлемде сәттіліктің шарттарының бірі - командалық жұмыста өнімді еңбек ету, адамдармен өзара әрекеттесу мен түсіністікті табу қабілеті.

Бұл квест-технологиясы мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамудың тиімді құралы болып табылады. Бұл технология балаға кешенді әсер етіп, шығармашылық қабілеттер мен коммуникациялық дағдыларды дамытуға, алынған білімді синтездеуге мүмкіндік береді, теория мен практиканы байланыстырады.

Квест (ағылш. Quest — «іздеу, ізденіс, шытырман») — бұл жоспарланған мақсатқа жету үшін бірқатар проблемаларды, қиыншылықтарды жеңуден өтетін сюжет түрі (әдеби, компьютерлік, ойын).

Квест - қызықты шытырман ойын. Ойынның идеясы қарапайым: команда, нүктелер бойынша қозғалып, әртүрлі тапсырмаларды орындайды. Бірақ осындай ойын ұйымдастырудың дәмі - балалар бір тапсырманы орындағаннан кейін, келесі тапсырманы орындау үшін нұсқаулық алады, бұл қозғалыс белсенділігін және білім алуға деген мотивациялық дайындықты арттырудың тиімді құралы. Квест-технологияны қолдану педагог пен балалардың өзара әрекеттесу формаларын байытуға мүмкіндік береді. Квест-технологияда нақты дидактикалық міндет, ойын концепциясы, жетекші (наставник), нақты ережелер болады, және балалардың білімдері мен дағдыларын арттыру мақсатын көздейді.

Мектепке дейінгі кезең — балалардың тұлғалық қасиеттері мен дағдыларын қалыптастырудың маңызды кезеңі. Білім беру үдерісінде жаңа, тиімді технологияларды қолдану балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға көмектеседі. Квест технологиясы — осындай инновациялық әдістердің бірі.

Квест технологиясының артықшылықтары:

1. **Танымдық қызығушылық:** Балалар квест барысында түрлі тақырыптарды зерттеп, жаңа ақпарат алады.

2. **Коммуникациялық дағдылар:** Квест барысында балалар топта жұмыс істеп, өзара қарым-қатынас орнатады, бұл олардың коммуникативтік дағдыларын дамытады.

3. **Шығармашылық қабілеттер:** Квесттер балалардың шығармашылық ойлауын, мәселені шешу қабілетін дамытады.

4. **Мотивация:** Ойын элементтері арқылы балалардың білім алу мотивациясы артады.

Квест технологиясын іске асыру:

Квест технологиясын тиімді іске асыру үшін:

- **Тақырыпты таңдау:** Квесттің тақырыбы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек.

• **Тапсырмаларды дайындау:** Тапсырмалар қызықты, қолжетімді және логикалық түрде байланыстырылған болуы тиіс.

• **Команда құру:** Балаларды топтарға бөліп, олардың бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіндік беру.

Білім беру міндеттері әрдайым проблемалық-іздеу сипатында болады, ал квестте балалардың барлық әрекет түрлері: ойын, танымдық-іздігі, қозғалыс, өнімділік және т.б. біріктірілуі мүмкін. Квесттерді мектепке дейінгі балалардың даму салалары бойынша әзірлеуге болады: сөйлеу, танымдық, әлеуметтік-коммуникативтік, көркем-эстетикалық және физикалық.

Квест технологиясын пайдалану барысында балалардың тұлғалық қасиеттерін дамыту бойынша жалпы міндеттер:

- Білім беру (қатысушылар жаңа білім алады және бар білімдерін бекітеді);
- Дамыту (ойын барысында балалардың білім беру мотивациясы артып, бастамашылығы мен дербестігі, шығармашылық қабілеттері мен жеке оң психологиялық қасиеттері дамиды, зерттеу дағдылары қалыптасады, балалардың өзін-өзі жүзеге асыруы);
- Тәрбиелеу (құрдастарымен өзара әрекеттесу дағдылары, жағымды қарым-қатынас, өзара көмек, ұжымда жұмыс істеу қабілеті қалыптасады).

Осы міндеттерді ең тиімді шешу және әрбір баланың тұлғалық қасиеттерін толық ашу үшін квест технологиясын әзірлеу кезінде келесі принциптерді сақтау қажет:

1. Қолжетімділік - тапсырмалар баланың үшін тым қиын болмауы керек.
2. Жүйелілік - тапсырмалар бір-бірімен логикалық байланысты болуы тиіс.
3. Эмоционалдық бояу.
4. Уақытты тиімді пайдалану. Тапсырмаларды орындауға уақытты так жоспарлау қажет, сонда бала шаршамайды және қызығушылығын сақтайды.
5. Квест технологиясын пайдалану барысында балалардың әртүрлі іс-әрекет түрлерін пайдалану.
6. Көрінетін соңғы нәтижеге және кері байланысқа ие болу.

Квест технологиясының мазмұны бір тақырып немесе сюжетпен біріктіріледі: шытырман, көмек, бір нәрсені іздеу, табиғат әлемі, саяхат және т.б. Квестте түрлі ойындар: дидактикалық ойындар, тапсырма ойындары, ойын ситуациялары, викторина ойындары, жарыс ойындары басым болады. Жаңа материал да дидактикалық ойындар, ойын ситуациялары, ойын драматизациясы арқылы енгізіледі. Түрлі ойындарды қолдану балалардың қызығушылығын және мотивациясын квест технологиясын пайдалану барысында сақтауға мүмкіндік береді. Ойындардың арқасында балалар өздерінің бар білімдерін тиімді пайдаланады, сенімділік пен дербестік дамиды.

Квест технологиялық негізі тұлғалық-бағытталған және белсенділік тәсілдері болуы керек. Олар балалардың еркіндігі, шығармашылық дербестігі мен белсенділігін ынталандырады. Осылайша, олар табыс жағдайын туғызып, эмоционалдық қатысуды қамтамасыз етеді, жағымды атмосфера мен еркін орта жасайды.

Сонымен қатар, квест барысында балалар ақпаратты жылдам қабылдап, есте сақтайды, олар білім алу процесіне белсенді қатысады. Квесттердің тақырыптары әртүрлі болуы мүмкін:

1. Қазыналарды іздеу (пираты кештері, шытырман іздеу).
2. Кейіпкерлерге немесе кейіпкерге көмек көрсету (ертегілер, мультфильмдер, фильмдер). Мысалы, «Ақшақарға қолғап табуға көмектесіңіз», «Шырша үшін ойыншықтарды табыңыз», «Винни-Пухқа бал жинауға көмектесейік».
3. Танымдық (жыл мезгілдері, жануарлар, өсімдіктер, құстар, балықтар туралы білу және бекіту). Мысалы, «Орманға саяхатқа шығамыз», «Су астындағы патшалықта қазына іздейміз», «Теңіз патшасының қонағы».
4. Түрлі тәжірибелер мен эксперименттер «Бимнің фокустары».

5. Әдеби квесттер (автордың шығармалары бойынша немесе нақты тақырыптағы шығармалар бойынша). «Ертегідегі қонақ», «Ертегілердегі жануарлар», «Ғажайыпстанға саяхат».

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, квест-ойын балаларды тұлғалық, шығармашылық, физикалық тұрғыдан сау, белсенді танымдық позицияда дамытуға бағытталған қызықты құралдардың бірі болып табылатынын айтуға болады. Бұл ҚР Білім беру стандартының негізгі талаптарының бірі. Осылайша, квест-технологиясын пайдалану педагог пен балалар арасындағы инновациялық өзара әрекеттесу формасы болып табылады және тәрбиеленушілердің тұлғалық қасиеттерін дамыту үшін білім беру кеңістігінің аясын едәуір кеңейтеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дружные ребята: Воспитание гуманных чувств и отношений у дошкольников: Пособие для воспитателей дошкольного образовательного учреждения и родителей / Р.С. Буре, М.В. Воробьева, В.Н. Давидович және т.б. – М.: Просвещение, 2004. – 141 с.
2. Истоки: Примерная основная общеобразовательная программа дошкольного образования. – 4-е издание, переработанное и дополненное / Под ред. Л.А. Парамоновой. – М.: ТЦ Сфера, 2011. – 320 с.

ӘОЖ: 372.1

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ СТАНДАРТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІК ДАМУШЫ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Каримова Р.Е. - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
білім беру бағдарламасының докторанты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
E-mail: raziya.1966@mail.ru

Алимбекова Анар Аймолдановна,
Философия докторы (PhD), қауымд. проф. м.а.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
E-mail: aaalimbekova@mail.ru
Алматы қ., Қазақстан

***Аннотация.** Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда заттық - кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру мәселелері Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (МЖМБС) талаптарына сәйкес қарастырылады. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін әлеуметтік өмір сүру жағдайларының маңыздылығы атап өтілген. Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартында заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның білім беру процесінің негізгі шарттарының бірі екені ерекше көрсетілген. Заттық- дамытушы ортаның білім беру ортасының құрылымдық компоненті ретіндегі рөлі ұсынылған. Ортаның тұлғаның қалыптасуы мен дамуына қозғаушы күш ретіндегі маңыздылығы атап көрсетілген.*

***Тірек сөздер:** орта, дамытушы орта, заттық-кеңістіктік орта, заттық қоршаған орта.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы организации предметно - пространственной развивающей среды в дошкольных организациях в соответствии с требованиями государственных общеобязательных стандартов образования (ГОСО). Подчеркивается важность социальных условий жизни детей дошкольного возраста. В государственном стандарте дошкольного образования особо подчеркивается, что предметно-пространственная развивающая среда является одним из основных условий образовательного процесса. Представлена роль предметно - развивающей среды как*

структурного компонента образовательной среды. Подчеркивается важность среды как движущей силы в становлении и развитии личности.

Ключевые слова: *среда, развивающая среда, предметно-пространственная среда, предметное окружение.*

Annotation. *The issues of organizing the spatial and material developing environment in preschool organizations are considered in accordance with the requirements of the State Mandatory Educational Standards (SMES). The importance of social living conditions for preschool children is emphasized. The state standard for preschool education specifically highlights that the material-spatial developing environment is one of the key conditions for the educational process. The role of the material-developing environment as a structural component of the educational environment is presented. The significance of the environment as a driving force in the formation and development of a person's personality is also emphasized.*

Key words: *environment, developing environment, material-spatial environment, material surrounding environment*

ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «МТО-ның МЖС білім беру саласындағы міндеттері қазіргі уақытта өзіне қызықты іс-әрекеті түрлерін өздігінен таңдай алатын қолжетімді заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы іске асырылуға тиіс», - деп нақты көрсетілген [1].

Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық-дамытушы ортаны дамыту мәселесі бірнеше рет әртүрлі саладағы мамандардың зерттеу нысанына айналған. Дұрыс ұйымдастырылған заттық-кеңістік орта баланың шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамытуда үлкен әлеуетке ие.

Педагогика мен психологияда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін заттық-дамытушы ортаны құру негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың бай тәжірибесі бар. Н.А. Ветлугин, В.С. Мухин, Г.Н. Пантелеев, Р.Б. Стеркин және басқа да ғалымдар өз зерттеулерінде баланың жеке тұлға болып қалыптасуында дамытушы ортаның ерекше рөлін атап көрсеткен.

Соңғы жылдардағы зерттеулер мектеп жасына дейінгі балалар үшін әлеуметтік өмір сүру жағдайларының ерекше маңыздылығын көрсетті. Бұл жағдайлар қарым-қатынас, оқыту ойындары, қоршаған ортаның заттық-дамытушы әсері сияқты тәрбие мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын барлық элементтерден құралады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үрдістің материалдық-техникалық базасын заттық - дамытушы орта құру қағидаттары негізінде өзгерту мәселесімен Н.А. Виноградова, С.Л. Новоселова, В.А. Петровский, Н.А. Рыжова, Л.П. Стрелкова [2, 123б.] және басқа да ғалымдар айналысқан.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы интерьер мен ішкі бөлмелердің дизайны, соның ішінде жабдықтар, жиһаз, ойыншықтар, балаларға арналған оқу құралдары заттық-кеңістік дамытушы ортаның қажетті құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады.

Білім беру жүйесін жаңғырту қажеттілігіне және жас ұрпақтың дамуына ерте инвестициялау қажеттіліктеріне байланысты, қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру жүйесінің трансформациясы жүріп жатыр.

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандарты балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттеріне сәйкес дамуы үшін қолайлы жағдай жасауды көздейді. Стандарт әрбір баланың қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін дамытуға, баланың өзімен, басқа балалармен, ересек адамдармен және ортамен қарым-қатынас субъектісі ретінде дамуына қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, бұл стандарт мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде балалардың жеке ерекшеліктеріне бағдарлануды талап етеді.

Стандарт талаптарында заттық-кеңістік дамытушы орта білім беру процесінің сәттілігінің негізгі шарттарының бірі ретінде белгіленген. Ал мектепке дейінгі ұйымдардың

талаптарына сәйкес келетін заттық-кеңістік дамытушы ортаны құру мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеті болып табылады [7]. Заттық-кеңістік дамытушы орта балаларды әртүрлі іс-әрекет түрлеріне ынталандырып, олардың қабілеттерін дамытуы керек. Мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-кеңістік дамытушы ортасы баланың дамуының маңызды компоненті болып табылады. Баланың әрекеті оның өміріндегі заттық-ойын ортасының қалай ұйымдастырылғанына байланысты.

Мектепке дейінгі ұйымның визуалды сипаттамалары, яғни баланың айналасында көретін барлық нәрсесі, оның эмоционалдық тәрбиесінің маңызды шарты болып табылады. Баланы қоршаған заттар оның көңіл-күйін айқындап, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастырады. Барлық заттар, жиһаз, жабдықтар біртұтас үйлесімділікте болып, түсі, стилі және жасалған материалы бойынша сәйкестендірілген болуы тиіс. Сондықтан баланы қоршаған орта тек ақыл-ой қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар сезім мүшелерін дамытып, оған қажетті психологиялық жайлылықты қамтамасыз етуі қажет.

Соңғы жылдардағы зерттеулер мектеп жасына дейінгі балалар үшін қарым-қатынастан, білім беру ойындарынан, қоршаған ортаның дамушы әсерінен қалыптасатын әлеуметтік жағдайлардың-тәрбие мәдениеті деп саналатын барлық нәрселердің ерекше маңыздылығын көрсетті [4, 98 б.].

Сонымен қатар, қазіргі заманғы интерьер мен ішкі бөлмелердің дизайны, яғни жабдықтар, жиһаз, ойыншықтар мен балаларға арналған оқу құралдары, заттық-кеңістік дамытушы ортаның қажетті құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Бұл элементтер балалардың шығармашылық дамуына және оқу үдерісіне елеулі әсер етеді, өйткені олар балалардың іс-әрекетін ұйымдастыру мен ынталандыруда маңызды рөл атқарады. Заттық-кеңістік дамытушы орта мектеп жасына дейінгі балалардың білім алуға, қарым-қатынас жасауға және өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шығармашылық және ынталандырушы фактор болып табылады.

Қоршаған орта көп компонентті құбылыс ретінде философтардың, мұғалімдердің, психологтардың, экологтардың және басқа мамандардың зерттеу пәні болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие саласына қатысты "даму ортасы"термині жиі қолданылады.

Орта – баланың әртүрлі іс-әрекетін қамтамасыз ететін әлеуметтік және заттық құралдардың бірлігі.

Дамытушы орта балаларға шығармашылық, танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін түрлі тәжірибелер мен әрекеттерді ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Бұл орта балалардың қоршаған ортамен қарым-қатынасына, олардың өзін-өзі танытуына және әлеуметтік дағдыларды дамытуына ықпал етеді, сондықтан оның ұйымдастырылуы мен құрылымы ерекше маңызды.

Орта – балалардың өзіндік шығармашылық қызметін ұйымдастыруға арналған ойындармен, ойыншықтармен, құралдармен, жабдықтармен және материалдармен қаныққан заттық орта жүйесі.

Орта – баланың рухани және физикалық дамуының мазмұнын функционалды түрде модельдейтін іс-әрекетінің материалдық объектілерінің жүйесі.

Бұл түсінік балалардың өздігінен шығармашылық қызмет атқаруына мүмкіндік беретін, қызықты және қолжетімді материалдармен қамтамасыз етілген орта құрудың маңыздылығын көрсетеді. Заттық орта балалардың қызығушылығын оятып, шығармашылық ойлауын, әлеуметтік өзара әрекеттесуін және жалпы дамуын ынталандырады.

С.Л. Новоселова, Н.А. Ветлугина, А.И. Леонтьев, Е.А. Флерина және басқа ғалымдардың тұжырымдары бойынша, мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-кеңістік дамытушы ортаның тәрбиелік рөлін растайтын негізгі бастапқы ұстанымдар шығады:

- Ортаның мазмұны мен эстетикалық маңыздылығы;
- Балалардың интерьердің эстетикалық қасиеттерімен мақсатты және жүйелі қарым-қатынасы, мұнда тәрбиешінің рөлі баланың қабылдауы мен қызметін ұйымдастырады;

- Балаларды эстетикалық тұрғыдан маңызды интерьерді жасауға, сондай-ақ өзінің шығармашылық қызметінің өнімдерімен толтыруға белсенді тарту [5, 76 б.].

Осы аспектілер мектепке дейінгі тәрбиенің мазмұнын байыту мен балалардың шығармашылық дамуына ықпал ету үшін заттық-кеңістік дамытушы ортаны тиімді ұйымдастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Ғалымдар білім беру ортасының құрылымдық компоненті ретінде заттық - дамытушы ортаны ажыратады

Петровский В.А., Кларина Л.М., Смывина Л.А. және басқа ғалымдар өз зерттеулерінде тұлғаның дамуын барынша ынталандыратын осындай ортаны сипаттау үшін "дамытушы орта" терминінің енгізілгенін атап өтеді. Бұл орта баланың жеке басының барлық қырларын қамтиды – оның эмоциялары, сезімдері, еркі, сонымен қатар ойлау және қиял жұмысын талап етеді. Яғни, ол баланың дамуы үшін белсенді өзара әрекеттесуге енетін ортаға айналады [6, 143 б.].

Заттық - дамытушы орта – мектепке дейінгі балалық шақтың дамытушы ортасының құрамдас бөлігі. Қазіргі заманғы философиялық көзқарас бойынша заттық-дамытушы орта – бұл мәдениеттің көзге көрінетін формасын білдіретін заттардың жиынтығы. Затта көптеген ұрпақтардың тәжірибесі, білімдері, талғамдары, қабілеттері мен қажеттіліктері сақталған. Зат арқылы адам өзін, өзінің даралығын таниды. Бала екінші өмірін мәдениет нысандарында, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы түрінде табады.

Авторлардың пікірінше, заттық-дамытушы орта – бұл ұйымдасқан өмір кеңістігі, ол мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-мәдени қалыптасуын қамтамасыз етуге, баланың шығармашылық даму қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оның қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Ортаға қойылатын ең маңызды талаптардың бірі – балалардың барлық іс-әрекет түрлерінің даму ерекшеліктерін ескеру. Заттық - дамытушы орта ақпаратты болуы тиіс, балалардың жаңашылдыққа, өзгерістерге және тәжірибе жасауға деген қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, шығармашылық гипотезаларды жүзеге асырудың құралы болуы керек. Баланың ортаға қатысуы, оны белсенді зерттеуі мен тануы ересектің дайындығы мен біліктілігіне тікелей байланысты.

Бала мен ересек адам бірге әрекет етеді және оларға осы заттық ортада қолайлы болуы керек. Заттық ортаның функционалдық жайлылығы психофизикалық әл-ауқатты қамтамасыз етеді [6, 98 б.].

Волосовец Т.В. дамытушы заттық-кеңістік ортаның компоненттерінің сипаттамаларын анықтап, бөліп көрсетеді және жіктейді, оларды жоспарлау кезінде ескеру қажет.

Бірінші санат – бұл негізінен, бұрыннан қалыптасқан ортаға қатысты сипаттамалар: қанықтылық, түрлендіру, көпфункционалдылық, қол жетімділік, қауіпсіздік.

Екінші санат – бұл оның әр құрамдас бөлігіне, мысалы, әрбір жеке ойыншыққа қатысты сипаттамалар. Бұл балалардың іс-әрекетінің түрлері: білім беру салалары, баланың даму деңгейі.

Үшінші санат – бұл нақты білім беру бағдарламасының ықпалымен байқалатын сипаттамалар [3].

Білім беру ортасының маңызды көрсеткіштері ретінде келесі сипаттамалар анықталады:

- Әр жастың ерекшеліктеріне сәйкес келетін психологиялық жаңарулар;
- Оқыту жетекші іс-әрекет негізінде ұйымдастырылған;
- Басқа іс-әрекет түрлерімен өзара байланыстар мұқият ойластырылған, құрылымдалған және жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі педагогикада «дамытушы орта» термині «балалар мен ересектердің өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, эргономикалық, эстетикалық, психологиялық-педагогикалық жағдайлардың кешені» деп түсініледі.

Мектепке дейінгі ұйымда заттық - дамытушы ортасын құрудың мақсаты - дамып келе жатқан тұлғаның өмірлік, әлеуметтік, рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

Дамытушы ортаның жан-жақтылығы, күрделілігі және ішкі процестердің әртүрлілігі заттық және кеңістіктік құрамдас бөліктерді бөліп көрсету қажеттілігін туындатады.

Осылайша, қоршаған орта жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуының қозғаушы күші, сондай-ақ оған тән қызмет түрлері ретінде әрекет етеді.

Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты қабілеттерін, субъективті қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді, оның даралығын білдіреді, әр түрлі белсенді түрлерін ынталандырады, топта қолайлы психологиялық климат жасайды «мен» концепциясын белсендіреді, оның көрінісі үшін нақты және әртүрлі жағдайлар жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1.ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

2.Виноградова Н.А. Интерактивная предметно-развивающая среда детского сада: учебное пособие / Н.А. Виноградова, Н.В. Микляева. – М.: Перспектива, 2011. – 384 с.

3.Волосовец Т.В. Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның спецификацияларын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірлеу.

4.Красношлык З.П. Психолого-педагогические основы организации предметно-развивающей среды в дошкольном образовательном учреждении / З.П. Красношлык // Актуальные задачи педагогики: материалы III междунар. науч. конф. (г. Чита, февраль 2013 г.). – Чита: Издательство Молодой ученый, 2013. – С. 32-34.

5.Новоселова С. Л. Развивающая предметная среда: методические рекомендации по проектированию вариативных дизайн-проектов развивающей предметной среды в детских садах и учебно-воспитательных комплексах / С.Л. Новоселова. – М.: Центр инноваций в педагогике, 2010. – 342 с.

6.Петровский В.А. Построение развивающей среды в дошкольном уч-реждении / В.А. Петровский, Л.М. Кларина, Л.А. Смывина, Л.Т. Стрелкова. – М.: Новая школа, 2009. – 427 с.

7.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.)

ӘОЖ 37.013.2

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Темирханова К.Ш. педагогика ғылымдарының магистрі

Студент: Ыдырыс Зарина

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

E-mail: Kimbat.Sh@mail.ru

Аннотация. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дағдыларын қалыптастырудың зерттелуі, жолдары ерекшеліктері қарастырылған. Сондай-ақ баланың әлеуметтік ортада өз мінез-құлқын еркін басқара білуінің көрінісі сипатталған.

Тірек сөздер: Коммуникация, білім, білік, дағды, тәрбие, даму

Аннотация. В статье рассмотрены особенности изучения, пути формирования коммуникативных навыков дошкольников. Также описывается проявление способности ребенка свободно управлять своим поведением в социальной среде.

Ключевые слова: Коммуникации, знания, умения, навыки, воспитание, развитие

Annotation. *The article discusses the features of studying, ways of forming communication skills of preschoolers. It also describes the manifestation of the child's ability to freely control his behavior in a social environment.*

Key words: *Communication, knowledge, skills, education, development*

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беруді дамытудың негізгі бағыты баланың дамуы үшін қажетті кеңістікті құрумен және баланың тұлғалық дамуын кешенді басқару үшін жағдай жасаумен байланысты. Баланың өзі өмір сүретін әлеуметтік ортада өзін-өзі тану мен дамытуға, осы ортада мәдени қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстың алғашқы қадамы мектепке дейінгі кезеңнен басталуы керек екені белгілі. Мектепке дейінгі кезеңде баланың психикалық және жеке қасиеттері қалыптасады, ол кең ауқымды іс-әрекеттерді белсенді түрде игере бастайды. Осы сәтте балада өзін-өзі тану және өз іс-әрекетін бағалау қабілеті қалыптасады, әлеуметтенудің бірінші кезеңіне есік ашылады, бала мәдениет әлемімен, жалпыадамзаттық құндылықтармен, адам әлемімен, заттармен қарапайым қарым-қатынастар орнатады. Белгілі бір іс-әрекет түрлеріне қатыса отырып, мектеп жасына дейінгі бала өз жасына сәйкес білім, білік, дағдыларды меңгереді, мінезінің өзіндік ерекшелігін көрсетеді, психикасы мен мінез-құлқының белгілі бір жақтарын дамытады[1,214б.].

Мектепке дейінгі жас – дамудың мүлде басқа кезеңі. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуы мен қалыптасуындағы бірінші тәрбиешісі ол ата-анасы, балабақшаға келгеннен кейін тәрбиеші болып, кейіннен отбасылық тәрбие негіздерін меңгереді. Ол баланың психикалық дамуына оң әсер ететін, қарым-қатынас процесін басқаратын және бақылайтын, шәкірттеріне қолайлы әлеуметтік жағдай туғызатын бірден-бір орта. Адамның әлеуметтік болмысы оның мәдени ортамен және басқа адамдармен тікелей және жанама байланыста болуын талап етеді. Коммуникативтік біліктілікті маңызды компоненттерінің бірі - сөздік біліктілік болып табылады. Тілдік біліктілік деп тілдің көмегімен ойды құрастыру және жеткізе білу және сөзді қабылдау және тудыру үдерісінде осындай әдістерді қолдана білу дағдысы түсіндіріледі.

Балалардың үлкендермен қатынасы олардың өзара достық байланыстарын қалыптастырумен шарттас келеді. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік іс-әрекеттерін қалыптастыру бала дамуының темпіне тікелей әсер береді. Баланың жағдайдан тыс қатынас жасау формасын дамыту нәтижесінде балаларды қоғамдық нормативтік және адамгершілік құндылықтарына баулуға болатындығын да ерекше атауға болады. Аталмыш құндылықтар балалардың пікір таластыра білу қабілеттеріне ауысып, балалардың мектепте білім алуға деген қызығушылықтарын, зияткерлік және коммуникативтік дайындығын қалыптастырады. Мектепке дейінгі кезеңде қатынастың екі түрі жүзеге асырылады: үлкендермен, құрдастарымен және айнала қоршаған ортамен.

Мектеп жасына дейінгі баланың коммуникативтік іс-әрекетін қалыптастыру мәселесін қарастырғанда балалардың үлкендермен ғана емес, құрдастарымен де белсенді қатынасқа түсетіндігін атауға болады.

М.И. Лисинаның жетекшілігімен баланың әлеуметтік байланыс аумағының дамып қалыптасуына зерттеу жүргізілген. Зерттеу барысында баланың құрдастарымен қатынас жасауға деген қажеттілігі балалық шақтың ерте кезеңінде қалыптаса бастайтындығын көрсетті. Мектеп жасына дейінгі шақта бұл қажеттілік негізгі рөлге ие болады. Құрдастарымен өзара іс-әрекет баланың айнала қоршаған ортамен байланыс жасауының екінші бір аумағын құрайды. Аталмыш аумақ балалар үшін өте маңызды болып табылады және балалар оны жақсы қабылдайды. Ойынға серіктес болуды ұсынған анасына баласы «маған үлкен адамның керемі жоқ, менімен бірге ойнайтын бала керек» – деп жауап берген екен[2,456б.].

.Балалардың құрдастарына деген өзіндік қажеттіліктері мынадай көрсеткіштер арқылы анықталған:

- басқа балаларға көңіл бөлу;

- олардың әрекеттеріне эмоционалдық сезіммен қарай білу;
- құрдастарының назарын өзіне аударуға талпынысы;
- олардың ашулану, абыржу сияқты әртүрлі қатынастарына сезіммен қарай білу.

Осы аталған көрсеткіштер арқылы бір уақытта балалардың өзін-өзі тануға, басқа балалар арқылы өзін бағалауға деген тілектерін байқауға болады. Аталмыш көрсеткіштер зерттеушілерге балалардың құрдастарымен қатынас жасаудың 4 кезеңін анықтап берді.

Бірінші кезең – баланың құрдастарына деген қажеттілігі өз бетінше байқалмайды. Бұл кезең баланың алғашқы өмір сүру жылын (1 жасқа дейін) қамтиды. Балаларда құрдастарымен қатынас жасауға деген қажеттіліктің 2 ғана көрсеткіші байқалады. Олар зейін мен мазасыздықтың (желігу, ашулану, абыржу) үндесуі. Бірінші кезеңдегі балалардың құрдастарымен байланысын қажеттіліктен туған деп айтуға келе бермейді.

Келесі кезең баланың 1 мен 2 жас аралығын қамтиды. Бұл кезеңде бала сәл де болса құрдастарымен қатынасқа түсудің қажеттілігіне тән нышандарды байқата бастайды. Екінші кезеңде құрдастарымен қатынас жасау жалпы қажеттілік иерархиясында үлкен орынға ие.

Үшінші кезең 3-4 жасқа тән. Бұл жастағы балалардың мінез-құлқында бір-бірімен қатынас жасауға қажеттіліктің барлық көрсеткіші де байқалады. Қанша дегенмен балалар үлкендерге қарай бағдарланып, олардың көмегінсіз өзара іс-әрекетке түсіп, өзара келісімге келе алмайды.

Төртінші кезең 4-7 жастағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес келеді. Баланың құрдастарымен қатынасы үлкендермен болатын қатынасына қарағанда белсендірек келеді, бала өзінің тартымдылығымен ұнамды келеді. Құрдастарымен қатынас жасаудың нәтижесінде бала өзінің тәжірибелік біліктерін бағалап, өз білімі туралы алғашқы түсініктерге ие болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың құрдастарымен қатынас жасауының үлкендермен қатынасқа түсуіне қарағанда кейбір ерекшеліктерін атауға болады:

- коммуникативтік іс-әрекеттің әртүрлілігі мен кең ауқымдығы;
- құрдастарымен байланысқа түсудегі ашық, әрі нақты қатынас;
- құрдастарымен өзара қатынасындағы қалыптан тыс, уақыты шектеусіз қатынастар;
- коммуникативтік әрекеттің басымдықтағы қатынастан басымдылығы.

Аталған ерекшеліктердің мектепке дейінгі балалардың жасына тән екендігін балалардың қатынасы барысында байқадық, оны жүзеге асыру үшін қажетті педагогикалық жағдаяттар керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың құрдастарымен қатынасын дамытудың үш формасын атауға болады:

- бірінші формасы – құрдастарымен эмоционалдық-тәжірибелік қатынас (2-4 жас аралығы). Бұл қатынас туындаған жағдайға сәйкес келеді, ол белгілі бір өзара іс-әрекет жүріп жатқан ортаға және серіктесінің тәжірибелік әрекетіне тәуелді. Қатынастың негізгі құралы – шұғыл – мәнерлі қимыл-қозғалыс;

- екінші формасы – жағдаятты-біліктік (4-6 жас). Бұл кезеңдегі қатынастың басты мазмұны – біліктілікпен бірлескен іс-әрекет (желілі-рөлді ойын). Балалар бұл жерде ортақ іске шоғырланады да, бірлесіп жұмыс істеуге деген қажеттілік туындайды. Бұл осы жастағы балалардың қатынас жасауының ең бастысы болып табылады. Осы кезеңде балалардың құрдастарын бағалап, оларды сыйлауға деген қажеттіліктері анық байқалады. Тілдік қатынас басым, қатынас негізінен жағдаятты болып келеді;

- үшінші форма – жағдайдан тыс біліктілік. Бұл форма көптеген балаларда мектепке дейінгі шақтың аяққы кезеңінде пайда болады (балалардың бәрінде бірдей бола бермейді). Ол екі бағытта дамиды:

- жағдайға тәуелсіз тілдік байланыстың саны артқанда;
- құрдастарының бейнесі неғұрлым тұрақталып, нақтылы бір жағдайға байланысты өзара іс-әрекетке тәуелді болмағанда.

6-7 жастағы бала өзге адамның бейнесін ерекшелеп, олардың өзіне деген қатынасын сезіне бастайды. Мектепке дейінгі ересек жасқа жақындаған баланың өзге балаға деген ерекше қатынасы қалыптаса бастайды. Ол қатынасты тұлғалық деп атауға болады. Баланың

құрдасы өзімен салыстырудың пәніне, өзін-өзі бекітудің және өзін тұлға ретінде бағалаудың құралына айналады. Осы салыстыру іштей бағалауға ұласып, неғұрлым терең тұлғааралық қатынастардың жүзеге асу мүмкіндігін туғызады.

Адамгершілік тәрбиесінің құрамдас бөлігінің бірі ретінде балалардың құрдастарымен қатынасы, құрдастарымен бірге ойнауға деген талпыныстары ерте кезден-ақ басталады.

6-7 жастағы балалардың адамгершілік бағытындағы педагогикалық құралдармен қамтамасыз етілген қатынасының белгілі бір формасы ретінде балалардың өзара достық қатынастары қалыптасады. Олардың өзара көмегі және оның тәрбиелік маңызы арнайы педагогикалық жағдайлар арқылы анықталады. Бұдан мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие және оқыту үдерісі барысында балалардың өзара қатынастарының белгілі нормаларын игертетінін көруге болады. Соған сәйкес балалардың мінез-құлықтары қалыптасып, ол тұлғаның неғұрлым тұрақты қасиеттеріне айналады.

Педагогикалық әдебиеттерде педагогтың балалармен өзара қатынасына қойылатын талаптар жеткілікті деңгейде. Педагогикалық ықпалдың нәтижелілігі педагогтың балалармен қатынасының дұрыс жүзеге асуына байланысты болып келетіні белгілі. Бүгінде баламен қатынас жасаудың ізгілік жолдары ұсынылып жатса да, мектепке дейінгі мекемедегі педагог пен балалардың қатынасы шиеленіскен жағдайлардағы мәселелерді шешуге ғана бағыттталып отыр. Егер бала тып-тыныш, өзбетінше бір нәрсемен айналысып отыратын болса, онда оған педагогтардың араласа қоймайтындығы анықталуда. Педагогтың зейіні келіспеушілікті жоюға ғана бағытталады, ал оның не себепті болғандығын анықтауға педагог терең мән бере бермейді. Шиеленіс кезінде педагогтың араласуы тәртіпке шақыру, жазалау (ойыншығын алып қою, ойнауға тыйым салу, басқа топқа ауыстырып жіберумен, қорқыту және т.б.); талап қою («кедергі жасама», «ары тұр», «ұрсықанды қой», «басқа ойыншықты ал»), ескертетін сұрақтар қою («сен неге жаман болып тұрсың», «кім саған рұқсат берді») тәсілдерімен, кейде баланы дәрекі бағалау арқылы («жамансың», сүйкімсіз баласың») жүзеге асып жатады [3, 555б.].

Талдау барысында педагогикалық үдерістің ізгілік сипатта жүруі сирек кездеседі.

Педагогикалық зерттеулер нәтижесінде педагог пен баланың өзара қатынасының мынадай үлгілері анықталды:

- бала өміріне «араласпаушылық» (көбінесе балаларымен қатынас жасауға уақыты жоқ отбасыларында кездеседі);

- негізгі мақсаттың білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға бағыттталуы (педагогтың әрекеті басқарушылардың талаптарын қанағаттандыруға бағыттталады);

- баланың психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етілгенін сезіну, айналасына сеніммен қарау, жеке дамуына мүмкіндік беретін бағдарлау. Бұл үлгіде педагог баланың қызығушылығын ескере отырып, баланы өзінің серіктесі ретінде қабылдауы тиіс. Бірақ бұл үлгі тәжірибеде сирек кездескенімен, баламен жұмыс істейтін әрбір педагог осы үлгіні қолдануға талпынуы қажет.

Ал педагогтардың балалармен қатынасын ізгілендіруге ерекше көңіл бөлген С.А. Ажмуратов педагогтардың балалармен қатынас жасауда төмендегі ережелерді пайдалануды ұсынады:

1. *Ереже.* Балалар мен педагог арасында «Біз» сезімін қалыптастыру. Бұл ереже топ ішіндегі бірлескен іс-әрекеттегі кедергілердің жойылуына септігін тигізеді. Тәрбиеші баланың жеке тұлғалық және өзіндік кеңістігіне кірмеуі және жоғарыдан қарап басқармауы тиіс. Өзара іс-әрекеттегі балалардың өзіндік сезімдеріне лайықты әсер ететін қатынастың тиімді және қажетті ара-қашықтығын ұстануы тиіс.

2. *Ереже.* Міндетті түрде балалармен жеке тұлғалық байланысты орнату. Әрбір балаға жеке дара қарау: бір балаға педагогтың келіп, қолынан ұстап, басынан сыйпағаны ұнаса, екінші бір балаға сөзбен жақын тартқаны ұнайды (соған қатысты жағымды сөздер айту), ал үшінші балаға тек көзбен ғана демеп, визуалды байланыс ұстанған жеткілікті.

3. *Ереже*. Балалар жанында педагогтың өзін-өзі ұстауы. Қалай күледі (ашық, әрен, сынай), қалай сөйлейді (достық, авторитарлы, либералды және т.б.), қимыл қозғалысы қандай (ұстамды, немқұрайлы, сасқалақты-мазасыз және т.б.).

4. *Ереже*. Бірлескен іс-әрекеттің мақсатын ашық айту немесе біріккен іс-әрекетке ынталандыру. Бүгінгі не болмаса ертеңгі саяхатқа (зообақ, саябақ, мұражай және т.б.) бару үшін бүгінгі ойын-сабақ арқылы біз ол туралы түгелдей біліп алуымыз керек. Ол үшін бір-бірімізге көмектесуіміз қажет.

5. *Ереже*. Балаларға үнемі қызығушылық таныту. Балалардың айтқанын ести де, тыңдай да білу керек. Оларға сұрақ қойып, олардың ойымен санасып, оны түсінуге тырысып, көңіліне ұнамды сөздер айтып отыру қажет. Бірақ сонымен қатар ешбір бала назардан тыс қалмауы тиіс.

6. *Ереже*. Көмек сұрау және көмекке келе білу. Бұл ереже тәрбие жағынан алғанда бала үшін оның жетістікке жете білуіне үлкен әсер береді. Ол үшін баланың іс-әрекеті барысында оңтайлы психологиялық жағдай туғызылып отыруы тиіс, яғни көңілдендіру және қолдау көрсету жағдайлары, баланы қорқыныш сезімінен шығару[13].

Баланың үлкендермен қатынасы мектепке дейінгі мекемемен шектеліп қана қоймайды. Ол ең алдымен отбасында басталып, қалыптасады. Отбасы - баланың адамгершілік сезімдері мен әлеуметтік мінез-құлқын тәрбиелеуші алғашқы мектебі. Өкінішке орай ата-аналар әрдайым балаларымен дұрыс қатынас жасауды ескере бермейді. Бүгінде қиын балалардың 92% - отбасында дұрыс қатынас болмаған балалар.

Әрбір баламен кез-келген үлкен адам емес, нақтылы қатынасқа сол баламен белгілі бір мерзімде, өмір сүріп отырған елде, белгілі бір қоғамдық әлеуметтік деңгейде баламен бірге өмір сүріп, ата-бабасынан мұра болып қалған білім мен мәдениеттің, коммуникативтік біліктің белгілі бір деңгейін иелеген адамдар ғана түсе алады. Сол нақтылы үлкен адам дегеніміз баланың әкесі мен шешесі, атасы мен әжесі, ағасы, әпкесі болуы мүмкін. Олар балаға қатынас жасаудың мәнерін, қимыл-әрекетін, жүріс-тұрысын үлгі етуші адамдар болып табылады.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге талдау мектеп жасына дейінгі ересек балалардың коммуникативтік біліктерін дамытуға қажетті алғы шарттарын топтауға мүмкіндік берді.

Зерттеуші ғалымдар мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік біліктерінің ерекшеліктерін төмендегідей сипаттаған.

Теориялық жағдайды дәлелдейтін коммуникативтік іс-әрекет ерекшеліктері:

1. Баланың үлкендермен және құрдастарымен байланыс құруға деген қызығушылық білігі, оның танымдық және тұлғалық түрлері оянады.

2. Үлкендермен және құрдастарымен қатынас барысында бірізді шұғыл – мимикалық, заттық әрекеттік тілдік құралдар анықталады. Тіл – негізгі құралға айнала бастайды (М.И.Лисина, Т.А.РепинаА., Г.Русская).

3. Алты жасқа қараған шақта мектеп жасына дейінгі балада жағдайдан тыс байланысқа түсу қабілеті арта түседі (барлық байланыстардың жартысынан көбі - М.И.Лисина, Т.А.Репина, А.Г.Русская).

4. Бала өзгемен өзін салыстырып қана қарайды. Серіктесіне тіл қатуда сезімталдық танытады. Алты-жеті жасқа қараған шақта қатынастың жағдайдан тыс біліктік түрі қалыптаса бастайды. Балаларды өзара байланысқа түсуге қызықтыратын негізгі бағыт – бірлесіп жұмыс істеуге деген талпыныс.

Баланың әлеуметтік ортада өз мінез-құлқын еркін басқара білуінің көрінісі:

1. Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда айналасындағылармен қатынасқа түсуде қажетті мінез-құлықтың негізі болып табылатын еріктілік үдерісі пайда бола бастайды.

2. Баланың өзін өзі жалпы бағалауы жоғарылайды, ол еш нәрсеге тәуелділік танытпаушылықпен, тұрақтылыққа қатыстылықпен сипатталады. Дегенмен, мектеп жасына

дейінгі ересек балалардың алдын ала болжауы негізінде әділ бағалауға талпынысы байқала бастайды.

3. Мектепке дейінгі ересек шақта балалардың қызығушылығында өзін-өзі тексеру қабілеті пайда болып, бала игерген ережелері мен адамгершілік нормалары негізінде өзін-өзі бағалауға ұмтылады.

4. Мектепке дейінгі ересек шақта бала өзін ұжымдық іс-әрекеттің және ұжымдық өзара қатынастың субъектісі екендігін жетік түсінеді.

5. Мектепке дейінгі кезеңнің соңына қарай қатынас емін-еркіндікке ауыса бастайды. Қатынастың мазмұны мен құрылымы саналы түрде қабылданған міндеттерге, ережелерге, талаптарға сай сипаттала бастайды.

6. Алты жастағы балалардың тілдік құралдарды саналы қолдануы және оларды таңдау деңгейлерінің жоғарлауы байқалады.

7. Мектепке дейінгі ересек жаста әлеуметтік эмоциялардың дамуы жүзеге аса бастайды. Баланың маңызды қызығушылыққа бағдарлануының дамуы алдымен еркін қабылданған жоспарлар негізінде жүзеге асса, содан соң қиялда жүзеге асады. Эмоционалдық қиялдың дамуы қиялдан туған іс-әрекеттердің әртүрлі варианттарының айналасындағы адамдар үшін қажетті екенін сезіне отырып, алдын ала жоспарсыз әрекет ету барысында байқалады.

Сонымен, коммуникация дара және қоғамдық жетілген ақпараттар арасындағы делдалдық құрал қызметін атқарады. Оның атқаратын қызметінің басымдықтағы маңыздылығы ақпаратты жеке үдерістен, дараға және көпшілікке әсер ететін әлеуметтік маңызды үдеріске аудару механизмі болып табылады. Бұл механизм адамдардың тілдік әрекетінде қаланған және ол арқылы әлеуметтік шарттас нормалар мен қатынас ережелері жүзеге асады.

Ал «білік» жалпы психология ілімінде «адамның іс-әрекетті орындау тәсілін игеруі» ретінде түсіндіріледі немесе субъектінің алған білімі мен дағдысының қосындысымен қамтамасыз етелетін әрекетті орындау тәсілін игеруі.

Біздер ғылыми-зерттеу жұмысы барысында психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге, жүргізілген зерттеу қорытындыларына талдау жасай келе, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастыру жайын былайша түйіндедік:

- біріншіден, қатынас екі немесе одан да көп адамдардың өзара іс-әрекетке түсу үдерісі ретінде қарастырылған;

- екіншіден, мектепке дейінгі ересек жас қатынасты дамытудың, яғни коммуникативтік біліктерді мақсатты түрде қалыптастыруды қамтамасыз етудің тиімді кезеңі болып табылатыны анықталған;

- үшіншіден, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалар коммуникативтік іс-әрекеттің субъектісі және оның белсенді тасымалдаушысы, сондай-ақ, қатынас барысында мінез-құлқын және тәртібін еркін басқаруға және әділ бағалауға талпынысы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететіндігі айқындалған;

- төртіншіден, мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастыруға ықпал етушілердің үлкендер (тәрбиеші педагогтар мен ата-аналар) және өздерінің құрдастары болатыны тұжырымдалған.

Келесі бөлімде мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктері ұғымының теориялық тұрғыдан зерделенуін және оның балалардың өзара қатынасындағы мәніне тереңірек тоқталайық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Агеева Л.Е. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік күзінеттілігін қалыптастыру мәселелері. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Хабаршы 2019. №1. 214 б.

2. Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство-М.; Академия, 2003.-456 б
3. Тунгатова Н.А. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдылары мен қабілеті - Алматы, 2022. №16 -555 б.

ӘОЖ 372.051

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Шыниева Р.Т. аға оқытушы

М.Х.Дулата атындағы Тараз университеті

e-mail: sh_rosa65@mail.ru

Сартай Ә.Б.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандарын даярлау» мамандығының
4 курс студенті

***Аннотация.** Мақалада мектепке дейінгі білім беруде цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі зерделеніп, ақпараттық технологияларды қолданудың ерекшеліктері айқындалды.*

***Тірек сөздер:** цифрландыру, мультимедиа, интерактивті ойындар, компьютер, коммуникативті ойындар, шығармашылық тапсырмалар.*

***Аннотация.** В статье изучена эффективность использования цифровых технологий в дошкольном образовании, определены особенности использования информационных технологий.*

***Ключевые слова:** оцифровка, мультимедиа, интерактивные игры, компьютер, коммуникативные игры, творческие задания.*

***Annotation.** The article examines the effectiveness of the use of digital technologies in preschool education, identifies the features of the use of information technology.*

***Key words:** digitization, multimedia, interactive games, computer, communication games, creative tasks.*

Білім беруді цифрландыру жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бұрынғысынан да түрленіп, интерактивтілігі арта түсті. Мектепке дейінгі мекемелерге цифрлық технологияларды енгізу балалар үшін қызықты және тиімді білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс.

Қазіргі өмір талабына сай компьютерлік сауаттылықты дамыту балалар үшін де аса қажет дүние болып табылады. Ақпараттық технологияның басты тиімділігі – пәнаралық байланысты күшейте отырып, балалардың дүниетанымын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасалады. Ұйымдастырылған іс-әрекетте интерактивті мультимедиялық презентацияларды қолдану, мультимедиа мәтін, дыбыс, видео және графикалық сурет және анимация секілді технологияларды біріктіреді. Мұндай түрдегі оқу материалы көз, есту, маторлы үш түрлі анализаторларды іске қосады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық іс-әрекеттің мақсаты – білім беру үдерісін заманауи тиімділігі жоғары технологиялармен және балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытатын әдістемелермен қамтамасыз ету. Ақпараттық технологияларды қолдану балалардың оқуға қызығушылығын қамтамасыз етеді,

баланы ерте дамыту оның танымдық қызығушылығы мен қабілеттерін дамытады, тілдік құзыреттілігінің негізін қалайды.

Мектепке дейінгі ұйымды цифрландыру осы үрдіске қатысатын барлық объектілерге: балаларға, олардың ата-аналарына, тәрбиешілеріне, білім беру жүйесінің әкімшіліктеріне ыңғайлы және тиімді құралдарды жасауды білдіреді. Сонымен қатар, оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны маңызды.

Компьютердің екі негізгі артықшылығы бар – балалардың іс-әрекетіне жауап ретінде белгілі бір әрекеттерді орындау мүмкіндігі және мультимедиялық, яғни мәтіндерді де, кескіндерді де «ұсыну» мүмкіндігі. сондай-ақ дыбыс пен музыка ойнау. Мультимедиа есте сақтау процесін жеңілдетеді, сабақты қызықты және серпінді өткізуге, баланы белгілі бір ортаға (мейлі ол ертегі сюжеті немесе географиялық орын болсын: «орман тазалау», «су асты әлемі» және т.б. бірге болу, эмпатия иллюзиясын құру, балаларда көлемді және жарқын идеялардың қалыптасуына ықпал етеді [1,43 б.].

Компьютер, мультимедиялық жабдықтар - ақпаратты өңдеуге арналған құралдар, бұл оқытудың жаңа күшті техникалық құралы, тәрбиешілер, ата-аналар мен мектеп жасына дейінгі балалар арасындағы өзара қарым-қатынас құралы. Балабақшада компьютерлер, интерактивті тақталар дамушы заттық ортаның ұйытқысы болып табылады. Ол жеке ойындық оқыту құралы емес, ол білім беру үрдісінің жан-жақты бағыттарын біріктіруші, оларды байытушы және балабақшаның дамушы ортасын өзгертуші әмбебап ақпаратты жүйе ретінде қабылданады.

Балалардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына деген қызығушылығын атап өткен ата-аналар тәрбиешілерге құрметпен қарай бастады, олардың кеңестерін тыңдады, топтық жобаларға белсенді қатысты.

Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық – коммуникативтік технологияларды қолдану педагогтың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашып, мектепке дейінгі жастағы балалардың психикалық дамуының әртүрлі жақтарының дамуына оң әсерін тигізеді. Оқу іс-әрекетінің жоғарғы динамикасы балалардың материалды тиімді меңгеруіне, есте сақтауларын, қиялдауын және шығармашылығының дамуына септігін тигізеді.

Мектепке дейінгі білім беруде технологияны қолдану сауаттылық, санау және проблемаларды шешу дағдылары сияқты салаларда балалардың дамуын қолдауға көмектеседі. Сонымен қатар, технология балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қолдауға көмектеседі, басқа адамдармен қарым-қатынас пен ынтымақтастық мүмкіндіктерін ұсынады.

Мультимедиялық презентациялар балалардың шаршауын болдырмайды, балалардың танымдық белсенділігін дамытады. Интерактивті ойындарды пайдалану дидактикалық ойындар мен жаттығуларды, коммуникативті ойындарды, проблемалық жағдаяттарды, шығармашылық тапсырмаларды оқу іс-әрекетінде жаңаша қолдануға мүмкіндік береді. Балабақшада ақпараттық технологияларды қолданудың тағы бір артықшылығы – виртуалды саяхат жасау, интеграцияланған сабақтар өткізу мүмкіндігі [2, 376.].

Ақпараттық технологияларды қолдану оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындар мен жаттығуларды, коммуникативті ойындарды, шығармашылық тапсырмаларды жаңаша пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада интерактивті тақтаны қолдану балалардың айналасындағы әлемнің ақпараттық ағымдарын шарлау, ақпаратпен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын игеруге, жан-жақты дағдыларды дамытуға, мектеп жасына дейінгі балалардың білімді саналы түрде игеруіне ықпал етеді және баланың мектепке дайындық деңгейін арттырады.

Т.С.Комарова: «білім беруде ақпараттық технологияларды енгізу педагогтарға педагогикалық практикаға білім беру және түзету процестерінің инновациялық идеяларын іске асыруға бағытталған жаңа әдістемелік әзірлемелерді кеңінен енгізу үшін жаңа мүмкіндіктер ашуға мүмкіндік береді. Соңғы уақытта ақпараттық-коммуникативтік

технологиялар - тәрбие-білім беру және түзету жұмыстарын ұйымдастыруда педагогтарға жақсы көмекші» [3, 816.].

Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында бүлдіршіндердің қажеттіліктері мен мүмкіншіліктерін ескере отырып, оқытудың нысандары мен әдістерін таңдау тұрғысынан неғұрлым икемді және бейімделген, сонымен қатар, білім берудің жаңартылған мазмұнының бағдарламалары саралау және дараландыру принциптерін ұстануға жеткілікті жеңіл түрде мүмкіндік береді.

Заманауи және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жаттықтыру арқылы мынадай жетістіктерге қол жеткізеді. Әр бала өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады, әр баланың жеке қабілеті анықталады; бір-бірімен бәсекеге түсе алады, өзін-өзі бағалай біледі, қорытынды жасай алады.

Қорыта келгенде, балабақшада ақпараттық технологияны пайдалану - бала құзыреттілігін жан-жақты аса маңызды құралы. Ақпараттық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Полат, Е.С. Білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар: оқу құралы. Мәскеу –Академия, 2001.
2. Белая К.Ю. «Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі инновациялық қызмет: Әдістемелік құрал». - М.: «Сфера» СО, 2005.
3. Комарова Т.С. Информационно – коммуникативные технологии в дошкольном образовании. Москва 2011.

ӘОЖ 372..048

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ЖАҢАШЫЛ ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Шыниева Р.Т. аға оқытушы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті

e-mail: sh_rosa65@mail.ru

Шынеева Г.Т.

№39 «Балдәурен» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Оразбек Г.С.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандарын даярлау» мамандығының
2 курс студенті

***Аннотация.** Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда жаңашыл әдістерді пайдалануға негізделіп, инновациялық технологияларды қолданудың ерекшеліктері анықталады.*

***Тірек сөздер:** инновация, компьютер, интерактивті әдістер, интернет, мультимедиялық құрал, бейне презентация.*

***Аннотация.** В статье определяются особенности применения инновационных технологий, основанные на использовании новых методов обучения детей дошкольного возраста.*

***Ключевые слова:** инновации, компьютер, интерактивные методы, интернет, мультимедийный инструмент, видео презентация.*

***Annotation.** The article defines the features of the application of innovative technologies based on the use of new methods of teaching preschool children. The article defines the features of the application of innovative technologies based on the use of new methods of teaching preschool children.*

***Key words:** innovations, computer, interactive methods, Internet, multimedia tool, video presentation.*

Заман талабына сай жаңа тәсілдер баланың бойында өзгешілікті ойлап табуға қазіргі озық технологиялар арқылы заманында тың дүниелер ойлап табуға, ізденімпаздыққа, іскерлігін, мақтанш сезімін ұялатуға, жетістікке жетуге септігін тигізетін негізгі құрал болып табылады. Инновациялық білім беру құралдары уақытты тиімді және ұтымды пайдалануға мүмкіндік туғызады: яғни біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар, түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді.

Заманауи ақпараттық технологияларды сауатты пайдалану балалардың оқуға деген ынтасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Бұл нақты заттарды немесе құбылыстарды түстерде, қозғалыстарда және дыбыстарда қайта құруға мүмкіндік береді, бұл олардың қабілеттерін кең ашуға, ақыл-ой белсенділігін арттыруға көмектеседі.

АКТ құралдары педагогтерге оқу-тәрбие процесін қолдау формаларын әртараптандыруға, педагогтер ата-аналарымен жұмыс сапасын арттыруға көмектеседі, ал бұл технологияларды білу педагогке жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда өзін жайлы сезінуге әсерін тигізеді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты, міндеттері және бала тұлғасын дамытатын бағыттары: физикалық дамыту, коммуникативтік дағдысын, танымдық зияткерлік, шығармашылық-зерттеушілік, әлеуметтік-эмоциональдық дағдысы деп қарастырылады [1, 34б.]. Осы бағыттарды жүзеге асыруда педагогтердің басшылыққа алатын ойын арқылы оқыту, балалардың түрлі әрекетін кіріктіре отырып ұйымдастыру қағидалары ұсынылды. Балалардың қызығуы, қажеттілігін ескере отырып, қабілетін дамытуда өзінің таңдауымен әрекет етуге мүмкіндік беріледі.

Қазіргі кезде бар бағдарламалар балалардың ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Заманауи ақпараттық технологиялардың дамуына орай, «бала мен компьютер» жүйесі барлық қоғам мүшелеріне қатысты болып келетін үлкен мәселеге айналууда. Компьютермен, ақпараттық түрде балаға әсер ету мектепке дейінгі білім ордасымен қамсыздандырылуы тиіс.

Балалардың шығармашылық және жаңа технологияларға деген интеллектуалдық қабілеттерін дамыту М.Монтессори әдісі балалардың бойына жауапкершілікті сезіне білуге, қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтуге, еңбекке деген қызығушылықтарын дамытуға, белсенділігін арттырудағы басты құрал болып табылады.

Инновациялық білім беру құралдарына ІТ видео құралдары, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар жатады. Мектепке дейінгі ұйымда баланың негізгі іс-әрекеті ойын болса, осы кезеңде бала белгілі бір әлеуметтік рөлді қабылдайды. Баланы оқыту мен тәрбиелеуде күштеусіз бедел мен ықтиярсыз ойын түрлерін жүргізу арқылы балаға таным қалыптастыра аламыз.

Қазіргі таңда компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету нарығында үш жастан бастап мектеп жасына дейінгі балаларға арналған білім беру және дамытушы цифрлық білім беру ресурстарының үлкен таңдауы бар. Мысалы, интерактивті үстел, «Стабиломер» даму кешені, акустикалық түтіктер, сөйлеу синтезаторлары, видеоойндар, компьютерлі жылжымалы кешендер т.б.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде қолдануға болатын бірнеше әдістер бар?

Білім беру қолданбалары мен ойындары: кішкентай балаларға санау, сәйкестендіру және мәселелерді шешу сияқты әртүрлі дағдыларды үйренуге және қолдануға көмектесу үшін арнайы әзірленген көптеген қолданбалар мен ойындар бар.

Интерактивті тақталар мен проекторлар: бұл құралдарды балаларға қатысуға және оқуға ынталандыруға көмектесетін бейне, анимация және викториналар сияқты интерактивті білім беру мазмұнын көрсету үшін пайдалануға болады.

Онлайн ресурстар мен платформалар: бейне, ән және интерактивті әрекеттер сияқты мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру мазмұнын ұсынатын әртүрлі онлайн ресурстар

мен платформалар бар. Сандық баяндау: балалар өздерінің шығармашылық қабілеттері мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектесетін цифрлық әңгімелер жасау үшін технологияны қолдана алады [2, 436.].

Тәрбиешінің маңызды мақсаттарының бірі - балабақша жағдайында олар оңай бейімделуі үшін балаларының болашақ перспективаларын анықтауға көмектесу. Компьютердің және ойын түріндегі және білім берудегі басқа да арнайы компьютерлік құралдардың көмегімен тәрбиешілер балаларға абстрактілі ұғымдарды түсінуге және сыни ойлауды дамытуға көмектесуі керек. Тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі кезеңдегі білім сапасы балалардың мектептегі, жұмыстағы және жеке өміріндегі жетістігі мен сәтсіздігіне әсер ететінін есте ұстауы керек.

Мектепке дейінгі тәрбиеге сапалы жаңа талаптар қояды - үздіксіз білім берудің бірінші буыны, оның басты міндеттерінің бірі - баланың жеке басының байытылған даму әлеуетін құру. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізу қажет. Мектепке дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетке деген қызығушылығы едәуір артады, танымдық мүмкіндіктер деңгейі артады. Түсіндіру мен бекітудің жаңа ерекше әдістерін қолдану, әсіресе ойын түрінде, балалардың еріксіз назарын арттырады және ерікті зейінді дамытуға көмектеседі. ІТ технологиялар тұлғаға бағытталған тәсілді қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі балалармен ұйымдастырылатын әртүрлі іс-әрекеттің түрлеріне: жаңа материалды түсіндіру, қайталау кезінде, көрнекі гимнастика, жаттығулар кешендерін үйретуде, виртуалды саяхат жасауда, квест ойындарында, интеграцияланған іс-әрекеттерін өткізуде, дамытушы сипаттағы тапсырмалар орындауда, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізгенде әртүрлі анимация әсерін қолданып, балалардың назарын аудартып, қызығушылықтарын арттырып, жаңа материалды жақсы игеруге ықпал етеді.

Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға арналған ақпараттық құралдарда: олар көру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлауға өз бетімен ізденуге үйретіп қана қоймай, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Дегенмен, бұл құралдарды пайдаланудың түпкі мақсаты – техникалық сауаттылықты арттыру екенін естен шығармауымыз қажет.

АКТ келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі дарынды, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашуына тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Бала өміріне немқұрайлы қарамай, балаға қазіргі заман талабына сай, мағыналы білім берсек қана, біздің бүлдіршіндеріміздің болашағы жарқан болмақ [3, 526.].

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану мақсатқа сай. Тікелей оқу іс-әрекетіне бөлінген қысқа уақыт ішінде материалды толығырақ қарастыруға, оны қолжетімді, кеңірек, өзекті етіп көрсетуге мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялар қызығушылықты арттыруға, балалардың ақыл-ой әрекетін белсендіруге, ой өрісін кеңейтуге, эмоционалды реакцияны тудыруға ықпал етеді.

Компьютерді мектепке дейінгі оқытуда қолдану мүмкін және қажет, бұл оқуға деген қызығушылықты арттыруға, оның тиімділігіне және мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Компьютерлік бағдарламалар балаларды дамытушылық қызметке тартады, мәдени маңызды дағдылар мен білімдерді қалыптастырады. Бүгінгі таңда компьютерлік технологияны балаға қызығушылықпен оқуға мүмкіндік беретін, жаңа білім алу кезінде тәуелсіздік пен жауапкершілікке тәрбиелейтін, интеллектуалды іс-әрекет пәнін дамытатын және баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін білім берудің жаңа әдісі деп санауға болады.

Мультимедиялық технологияларды әр ұйымдастырылған іс-әрекетте қолдану мүмкін емес, өйткені мұндай сабақтарды дайындау мен ұйымдастыруда тәрбиешіден де, балалардан да қарапайым оқытуға қарағанда көбірек интеллектуалдық және эмоционалдық күш-жігер қажет. Сонымен қатар, АКТ-ны жиі қолданғанда балалардың мұндай іс-әрекеттерге деген ерекше қызығушылығы жоғалады. Сондай-ақ баланың денсаулығын сақтау өте маңызды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды жаңа ақпараттық технологиялармен таныстыру үшін балалармен көп жұмыс жасау керек. Ендігі басты міндет – педагогтардың компьютерлік сауаттылығын арттыру, бағдарламалық оқу кешендерімен, ғаламдық компьютерлік желінің қайнар көздерімен жұмыс істеуді меңгеру. Мультимедиялық проекторды, компьютерді пайдалана отырып ұйымдастырылған іс-әрекетте жүргізетін, ғаламторға қосылған тәрбиешінің тек дәстүрлі технологиялар аясында жұмыс істейтін әріптесінен сапалық жағынан басым болатыны анық. Педагог жыл өткен сайын ақпараттық мобильді және сауатты болуы керек, себебі, жаңа технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды жылдамырақ меңгеру қажеттілігі күннен күнге артып келеді.

Баланың бойында адамгершілік-патриоттық тәрбиені қалыптастыруда ақпараттық технологиялардың маңызы зор. Компьютерді неғұрлым қызықты және танымдық іс шараларға пайдаланудың бір нұсқасы - ол бейнепрезентация көрсету. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бейнепрезентацияның өзіндік ерекшелігі бар. Балалардың оқу шеберлігі қалыптаспағандықтан немесе нашар қалыптасқандықтан, презентация ең аз мәтіндік ақпаратты қамтып, мәтіндік материал слайд атаулары немесе слайдқа қысқа сұрақтар түрінде ұсынылуы мүмкін. Слайдтардың негізгі мазмұны, ең алдымен, аудиожазбадан, бейнелерден, фотосуреттер жиынтығынан немесе мектеп жасына дейінгі балалардың визуалды-бейнелі ойлауына жақсы жауап беретін тақырыптық суреттер сериясынан тұрады.

Дұрыс таңдалған тапсырмалар мен мультимедиялық технологияның көмегімен көрсетілген бейнематериалдар балалардың оқуға деген ынтасын арттыруға көмектеседі. Дербес компьютермен қарым-қатынас балаларда алдымен ойын әрекеті, содан кейін оқу әрекеті ретінде үлкен қызығушылықты оятады. Бұл қызығушылық танымдық мотивация, ерікті есте сақтау және зейін, логикалық ойлауды дамытудың алғышарттары сияқты маңызды құрылымдардың қалыптасуының негізінде жатыр.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің атқаратын маңызы орасан зор. Ол тек кішкентай бүлдіршіндердің қызықты уақыт өткізетін кезеңдері ғана емес, сонымен қатар білімнің алғашқы іргетасы қаланатын орта. Тағылымды тәрбие мен танымдық ғылымға деген көзқарас, зерттеушіліктің ең бірінші кірпіші қаланатын сәт. Олай болса, болашақтың іргесін қалауда ат салысатын тұлғаларды тәрбиелеу барысында барынша жан-жақты әдіс-тәсілдерді жүзеге асырғанымыз абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы 2022-2023 ж.
2. Ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқулық / С.А. Козлова, А.Ш. Шахманова, Е.О. Полосухина [и др.]. – М.: Инфра М, 2019. – 237 с.
3. Ембергенова Ә.С. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық құзіреттілігін дамытуға ықпал ететін ойындар.

ӘОЖ 372.055

ЦИФРАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Шыниева Р.Т. аға оқытушы
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
e-mail: sh_rosa65@mail.ru

Женисова М.Н.

«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандарын даярлау» мамандығының
4 курс студенті

Аннотация. Мақалада мектепке дейінгі білім беру ортасында сандық технологияларды қолданудың өзектілігі негізделіп, сандық технологияларды пайдаланудың ерекшеліктері сипатталады.

Тірек сөздер: білім беруді цифрландыру, сандық технологиялар, мультимедиа, ақпараттық технология, баланың интеллектуалды дамуы.

Аннотация. В статье обоснована актуальность применения цифровых технологий в образовательной среде дошкольного образования и описаны особенности их использования.

Ключевые слова: цифровизация образования, цифровые технологии, мультимедиа, информационные технологии, интеллектуальное развитие ребенка.

Annotation. The article substantiates the relevance of the use of digital technologies in the educational environment of preschool education and describes the features of their use.

Key words: digitalization of education, digital technologies, multimedia, information technology, intellectual development of the child.

Бүгінгі таңда осындай өзекті өзгерістердің бірі білім берудің цифрлық трансформациясы. Цифрландыру бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс сапасын жаңа деңгейге көтеруді мақсат тұтқан әлем мемлекеттері жаппай ұстанып отырған тренд.

Білім беруді цифрландыру арқылы білім беру базасында сандық технологияларды қолдануда, жасанды интеллект, виртуалды шындық құралдары, сондай-ақ интернет желісіне кең қол жетімділікті қамтамасыз етуге және дербес оқытуда цифрлық білім беру ортасын құруда жоғары білім беру көрсеткіштеріне қол жеткізуге болады [1, 10б.].

Мектепке дейінгі білім беруде сандық технологияларды қолдану қазіргі заманның инновациялық өзекті мәселелердің бірі. Балабақшалар да қазіргі цифрлық қоғам тенденцияларынан тыс қалмауы керек. Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық сандық технологияларды пәндік – дамытушы ортаны қалыптастыру құралы ретінде қолдануға болады.

Сандық технология – мектепке дейінгі орындарда тек информатика негіздерін оқыту дегенді білдірмейді, оның ғылыми негізделген міндеті – балалардың таным мүмкіндіктерін кеңейту мен оларды қоршаған ортамен таныстыру. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, мектепке дейінгі білім беру мекемелерін цифрландыру екі негізгі мақсатты көздейді. Біріншісі - ақпараттық технологиялар арқылы білім беру сапасын жақсарту. Екіншісі – интеллектуалды, жан-жақты дамыған, креативті тұлға тәрбиелеу және мектеп жасына дейінгі баланы бүгінгі таңдағы шындығымыз сандық өмірге дайындау.

Мектепке дейінгі цифрлық білім беру ортасын, цифрлық оқыту құралдары банкісін құру, педагогтардың жұмыс орындарын компьютерлендіру, қашықтықтан оқыту курстары, конференциялар, вебинарлар арқылы педагогтардың біліктілігін және цифрлық сауаттылығын арттыру, білім беру процесінің мониторингі – мектепке дейінгі білім беру мекемелерін цифрландырудың негізгі бағыттары болып табылады.

Баланың жасына және жеке даму ерекшеліктеріне сай таңдап алынған компьютерлік оқыту ойындары – мектеп жасына дейінгі балалардың назарын, зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамытады. Мектеп жасына дейінгі балалар түрлі – түсті бейнелі оқиғаларға назарын аударады және есінде сақтайды. Осыған байланысты цифрлық құралдар бейнелі, түрлі-түсті ақпарат беруде таптырмайтын құрал болып табылады.

Компьютерлік ойындардың тиімділігі – кәдімгі ойын әрекетіне тән заңдылықтар компьютерлік ойында да байқалады, яғни мақсаты, мотивтері, құралдары мен қойылған міндеттерді шешу тәсілдері бар. Балалар өз алдарына міндеттер қойып, оларды шешудің оңтайлы жолдарын қарастырады. Нәтижесінде балалардың өз алдына мақсат қоя білуіне, логикалықойлау қабілеттерінің дамуына ықпалын тигізеді.

Заманауи педагог дәстүрлі оқыту мен инновацияны классикалық әдістер мен жаңа педагогикалық трендтерді үйлестіре білуі тиіс. Мектепке дейінгі білім беру ортасының болашағы қандай болары белгісіз, бірақ қазірдің өзінде мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің – қазіргі қоғамның сандық өзгерістерінің белсенді қатысушылары екені белгілі.

Мектепке дейінгі мекемелерде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсаты – баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Интерактивті тақта ақпаратты кеңінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиалық бағдарламаларды пайдалану арқылы түрлі жағдайлар мен ортаны моделдеуге болады. Мультимедиалық бағдарламаларға еңгізілген ойын компоненттері үйренушінің танымдық әрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді.

Интерактивті тақтаны пайдалануда қандай дағдылар болу қажет: – Компьютерді қолдана білудің бастапқы білімі – Word, Power Point бағдарламаларын қолдану. – Интернет жүйесіндегі дайын материалдарды қолдану.

Компьютерлік технологияларды қолдану тәрбиешіге бірқатар артықшылықтар береді:

- 1) ұйымдастырылған іс-әрекет барысында баланың мотивациялық компонентін, танымдық, сөйлеу және оқу іс-әрекетінің деңгейін айтарлықтай арттырады;
- 2) ақпараттық технология интерактивтілікті толықтай қамтамасыз етеді;
- 3) әрбір оқу іс-әрекетінің қойылған мақсаттарға жету және түзету міндеттерін шешу біршама оңай әрі тиімді жолмен жүзеге асады [2, 94б.].

Мектеп жасына дейінгі балаларды компьютерлік бағдарламалар қызықтырады, онда ойын міндеттері олардың әрекеттерін анықтайды. Ойнау кезінде мектеп жасына дейінгі бала компьютерлік басқару ережелерімен байланысты белгілі бір дағдыларды, оқу материалын игереді.

Тәрбиеші әр нақты жағдайда компьютерлік ойындарды, әсіресе дамытушылық, сюжеттік бағытталған ойындарды бір-бірін өзара байыта отырып, дәстүрлі сюжеттік-рөлдік ойындармен және басқа да қызмет түрлерімен (сурет салу) үйлестіру туралы ойлануы керек. Компьютерлік ойындар басқа ойындар мен іс-шаралардан айырмашылығы қиялыңыз бен өз ойыңыздың өнімін көруге, процесті, шығармашылық динамикасын қалпына келтіруге, дәстүрлі жағдайларда өзін көрсете алмайтын әлеуетті мүмкіндіктеріңізді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тәрбиешілер өз жұмысында балалардың материалды ұғынуы мен көрнекілікті жақсартуда ақпаратты ұсыну үшін бейнефильмдерді, презентациялар, анимациялар, иллюстрациялар және басқа да көрнекі құралдарды сәтті пайдаланып жүр. Сандық және мультимедиялық құралдар материалды беру сапасын жақсартады, баламен кері байланыс орнатуды қамтамасыз етеді, жеке және топтық жұмысты ұйымдастыруға көмегін тигізеді. Тәрбиешімен және ата-анасымен бірлесіп зерттеу жұмыстарымен айналысуға ынтасын оятады. Сандық орта мектепке дейінгі білім беру процесін көрнекілендіріп, баланың ақпараттық мәдениетін қалыптастырады, ойлау аналитикалық, зерттеу қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың дәстүрлі формаларымен салыстырғанда компьютердің бірқатар артықшылықтары бар:

- ақпаратты компьютер экранында ойын түрінде ұсыну балаларға үлкен қызығушылық тудырады;
- компьютер мектеп жасына дейінгі балаларға түсінікті болатын бейнелі түрдегі ақпаратты жеткізеді;
- қимыл, дыбыс, анимация баланың назарын ұзақ уақытқа аударады;
- баланы компьютердің дұрыс шешімімен мадақтайтын проблемалық тапсырмалар – балалардың танымдық белсенділігі үшін стимул;
- баланың өзі қарқын мен ойынның шешілетін тапсырмаларының санын реттейді;
- күнделікті өмірде көрінбейтін осындай өмірлік жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді [3, 9б.].

АКТ-ны қолдануда тәрбиеші мен баланың өзара бірігіп орындайтын әрекетінің нәтижелі болуы, көп жағдайда, балалардың ақпаратты қабылдауға зейінін қоюға және соны біраз уақыт ұстап тұруға байланысты болып келеді.

Ақпараттық технологияны қолдана отырып өткізілген әр іс-әрекет, балалардың белсенділігін артып, өз бетінше жұмыс істеу қабілеті, монологты, диалогты сөйлеу іскерліктері артады. Ж. Аймауытовтың: «Баланың ынтасын арттыру үшін, оқытатын нәрседе бір жаңалық болу керек» деп айтқанын ескерсек, іс-әрекеттердің қозғаушы күші, қызығушылықты тудыратын компьютердің, электронды оқулықтың, компьютерлік бағдарлама мен ойындар, ақпараттық тақтаның ролі балалар үшін ерекше екені белгілі [4, 183б.]. Сабақ барысында балалар тәрбиешінің көмегімен әр сабақ бойынша орынбасар ретіндегі жобаларды құруды үйренеді.

Қорыта келе, мектепке дейінгі білім беру мекемесінде компьютерді қолдану мүмкін және қажет, ол оқуға деген қызығушылықты арттыруға көмектеседі, баланы жан-жақты дамытады. Компьютерлік бағдарламалар балаларды дамытушылық қызметке тартады, мәдени маңызды білім мен дағдыларды қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Белошистая А.В. Мектеп жасына дейінгі балаларда логикалық ойлауды дамыту: оқу құралы / А.В. Белошистая. – М.: Инфра-М, 2019. – 300 с.
2. Бұзаубакова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология.– Алматы: Ғылым, 2015.
3. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «STEM білім берудің артықшылықтары мен болашағы». «Білімді ел» журналы №41. 2018 ж.
4. Ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқулық / С.А. Козлова, А.Ш. Шахманова, Е.О. Полосухина [и др.]. – М.: Инфра М, 2019. – 237 с.

ӘОЖ 372.056

ПЕДАГОГ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шыниева Р.Т. аға оқытушы

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті

e-mail: sh_rosa65@mail.ru

Шынеева Г.Т.

№39 «Балдәурен» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

Рахманқұл С.Ғ.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандарын даярлау» мамандығының

4 курс студенті

***Аннотация.** Мақалада мектепке дейінгі білім беруде жаңашыл тәсілдерді пайдаланудың өзектілігі негізделіп, инновациялық технологияларды пайдаланудың ерекшеліктері айқындалады.*

***Тірек сөздер:** инновациялық әдістер, мультимедия, интерактивті ойындар, ақпараттық технология.*

***Аннотация.** В статье обоснована актуальность использования инновационных подходов в дошкольном образовании, определены особенности использования инновационных технологий.*

***Ключевые слова:** инновационные методы, мультимедиа, интерактивные игры, информационные технологии.*

***Annotation .**The article substantiates the relevance of the use of innovative approaches in preschool education, identifies the features of the use of innovative technologies.*

***Key words:** innovative methods, multimedia, interactive games, information technology.*

Қазіргі жағдайда мемлекеттердің даму деңгейі табиғи ресурстардың байлығымен ғана емес, сонымен қатар интеллектуалдық және шығармашылық әлеуметімен, ғылым мен өндірісте жаңа технологияларды игеру мен енгізу табыстарымен анықталады.

